

"Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 15 желтоқсандағы № 1206 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 814 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 260 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2022 жылғы 30 қарашадағы № 102 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 30 қарашада № 30847 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бірлескен бұйрық 01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі.

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 15 желтоқсандағы № 1206 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 814 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12687 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және берілген рұқсаттар бойынша рұқсат беру талаптарына сәйкестігіне тексерулер жүргізу үшін қолданылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парақтарын бекіту туралы";

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 5-тармағына, 143-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ:";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мына:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және берілген рұқсаттар бойынша рұқсат беру талаптарына сәйкестігіне тексерулер жүргізу үшін қолданылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес қауіпті өндірістік объектілерге қатысты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау аясындағы тексеру парағы;

3) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес уранды геологиялық барлау, өндіру және қайта өңдеу кезінде қауіпті өндірістік объектілерге қатысты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау аясындағы тексеру парағы;

4) осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес берилий, оның қосылыстарын және олардан жасалған бұйымдарды өндіру кезінде қауіпті өндірістік объектілерге қатысты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау аясындағы тексеру парағы;

5) осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес иондаушы сәулелену көздерімен жұмыс істеген кездегі қауіпті өндірістік объектілерге қатысты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау аясындағы тексеру парағы;

6) осы бірлескен бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес фторлы-сутекті қышқылдарды өндіру кезінде қауіпті өндірістік объектілерге қатысты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау аясындағы тексеру парағы;

7) осы бірлескен бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде қауіпті өндірістік объектілерге қатысты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау аясындағы тексеру парағы;

8) осы бірлескен бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес қысыммен жұмыс істейтін жабдықты пайдалану кезінде қауіпті өндірістік объектілерге қатысты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау аясындағы тексеру парағы;

9) осы бірлескен бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес компрессорлық станцияларды пайдалану кезінде қауіпті өндірістік объектілерге қатысты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау аясындағы тексеру парағы;

10) осы бірлескен бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес газбен жабдықтау жөніндегі қауіпті өндірістік объектілерге қатысты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау аясындағы тексеру парағы;

11) осы бірлескен бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес қатты пайдалы қазбаларды қайта өңдеу жұмыстарын жүргізетін қауіпті өндірістік объектілерге қатысты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау аясындағы тексеру парағы;

12) осы бірлескен бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес қауіпті өндірістік объектілердің қалдық және шлам шаруашылықтарына қатысты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау аясындағы тексеру парағы;

13) осы бірлескен бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес көмір шахталарының қауіпті өндірістік объектілеріне қатысты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау аясындағы тексеру парағы;

14) осы бірлескен бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес қара, түсті, асыл металдардың балқымаларын және осы металдардың негізіндегі қорытпаларды өндіретін қауіпті өндірістік объектілерге қатысты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау аясындағы тексеру парағы;

15) осы бірлескен бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес тау-кен жұмыстарын жерасты тәсілімен жүргізетін қауіпті өндірістік объектілерге қатысты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау аясындағы тексеру парағы;

16) осы бірлескен бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес тау-кен жұмыстарын ашық тәсілмен жүргізетін қауіпті өндірістік объектілерге қатысты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау аясындағы тексеру парағы;

17) осы бірлескен бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес геологиялық барлау жұмыстарын жүргізетін қауіпті өндірістік объектілерге қатысты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау аясындағы тексеру парағы;

18) осы бірлескен бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес өсімдік шикізатын сақтайтын және қайта өңдейтін қауіпті өндірістік объектілерге қатысты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау аясындағы тексеру парағы;

19) осы бірлескен бұйрыққа 19-қосымшаға сәйкес өнеркәсіптің химия саласындағы қауіпті өндірістік объектілерге қатысты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау аясындағы тексеру парағы;

20) осы бірлескен бұйрыққа 20-қосымшаға сәйкес жару жұмыстарын жүргізетін қауіпті өндірістік объектілерге қатысты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау аясындағы тексеру парағы;

21) осы бірлескен бұйрыққа 21-қосымшаға сәйкес мұнай-химия, мұнайды қайта өңдеу салаларының қауіпті өндірістік объектілеріне қатысты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау аясындағы тексеру парағы;

22) осы бірлескен бұйрыққа 22-қосымшаға сәйкес мұнай базалары және жанармай құю станцияларының қауіпті өндірістік объектілеріне қатысты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау аясындағы тексеру парағы;

23) осы бірлескен бұйрыққа 23-қосымшаға сәйкес өнеркәсіптің мұнай және газ салаларының қауіпті өндірістік объектілеріне қатысты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау аясындағы тексеру парағы;

24) осы бірлескен бұйрыққа 24-қосымшаға сәйкес магистральдық құбырларды пайдалану кезінде қауіпті өндірістік объектілерге қатысты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау аясындағы тексеру парағы;

25) осы бірлескен бұйрыққа 25-қосымшаға сәйкес газдарды даярлайтын және қайта өңдейтін қауіпті өндірістік объектілерге қатысты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау аясындағы тексеру парағы;

26) осы бірлескен бұйрыққа 26-қосымшаға сәйкес теңізде мұнай операцияларын жүргізуді жүзеге асыратын қауіпті өндірістік объектілерге қатысты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау аясындағы тексеру парағы;

27) осы бірлескен бұйрыққа 27-қосымшаға сәйкес мұнай және мұнай өнімдеріне арналған резервуарларды пайдалану және жөндеу кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау аясындағы тексеру парағы;

28) осы бірлескен 28-қосымшаға сәйкес технологиялық құбыржолдарды пайдалану кезінде қауіпті өндірістік объектілерге қатысты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау аясындағы тексеру парағы;

29) осы бірлескен бұйрыққа 29-қосымшаға сәйкес кара металлургия кәсіпорындарының газ шаруашылығындағы қауіпті өндірістік объектілеріне қатысты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау аясындағы тексеру парағы;

30) осы бірлескен бұйрыққа 30-қосымшаға сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби (объектілік) авариялық-құтқару қызметтеріне қатысты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау аясындағы тексеру парағы;

31) осы бірлескен бұйрыққа 31-қосымшаға сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестатталған заңды тұлғаларға қатысты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау аясындағы тексеру парағы бекітілсін.";

көрсетілген бірлескен бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28 және 29-қосымшалар осы бірлескен бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28 және 29-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бірлескен бұйрыққа 30 және 31-қосымшаларға сәйкес 30 және 31-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің м.а.

_____ Т. Жаксылыков

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрі

_____ Ю. Ильин

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасы
Құқықтық статистика және арнайы
есепке алу жөніндегі комитеті

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің м.а.
2022 жылғы 30 қарашадағы № 102 мен
Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрі
2022 жылғы 30 қарашадағы
№ 260 бірлескен бұйрығына
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2015 жылғы 15 желтоқсандағы
№ 1206
және Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 814 бірлескен бұйрығына
1-қосымша

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және берілген рұқсаттар бойынша рұқсат беру талаптарына сәйкестігіне тексерулер жүргізу үшін қолданылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және берілген рұқсаттар бойынша рұқсат беру талаптарына сәйкестігіне тексерулер жүргізу үшін қолданылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі - өлшемшарттар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексіне (бұдан әрі - Кодекс), "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен (бұдан әрі - Заң), Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 22 маусымдағы № 48 бұйрығымен бекітілген Реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28577 болып тіркелген), "Тексеру парағының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) сәйкес әзірленді.

2. Өлшемшарттарда келесі ұғымдар қолданылады:

1) болмашы бұзушылықтар – өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында мемлекеттік бақылау және қадағалау аясында нормативтік құқықтық актілермен белгіленген, қауіпті өндірістік объектілерде авариялардың, оқыс оқиғалардың пайда болуына апарып соқпайтын құқық бұзушылықтар;

2) елеулі бұзушылықтар – өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында мемлекеттік бақылау және қадағалау аясында нормативтік құқықтық актілермен белгіленген, қауіпті өндірістік объектілерде оқыс оқиғалардың пайда болуына апарып соғатын құқық бұзушылықтар;

3) өрескел бұзушылық – өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында мемлекеттік бақылау және қадағалау аясында нормативтік құқықтық актілермен белгіленген, қауіпті өндірістік объектілерде авариялардың пайда болуына апарып соғатын құқық бұзушылықтар;

4) тәуекел – бақылау және қадағалау субъектісінің қызметі нәтижесінде адам өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүлктік мүдделеріне салдарларының ауырлық дәрежесін ескере отырып зиян келтіру ықтималдығы;

5) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары – бақылау және қадағалау субъектісінің тікелей қызметімен, салалық даму ерекшеліктерімен және осы дамуға әсер ететін факторлармен байланысты, бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің әртүрлі дәрежелеріне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығы;

6) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – белгілі бір қызмет саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жеке бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) тікелей байланыссыз бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

7) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) қызметі нәтижелеріне байланысты бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

8) тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі – тиісті қызмет салаларында тәуекелдің жол берілетін деңгейін қамтамасыз ете отырып, кәсіпкерлік еркіндігін

шектеудің ең төменгі ықтимал дәрежесі мақсатында бақылау және қадағалау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексерулерді кейіннен жүзеге асыру үшін бақылау және қадағалау субъектілерін тәуекел дәрежелері бойынша бөлу арқылы қолайсыз факторлардың туындау ықтималдығын азайтуға бағытталған, сондай-ақ нақты бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі) үшін тәуекел деңгейін өзгертуге бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау және (немесе) осындай бақылау және қадағалау субъектісін (объектісін) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеруден босату процесі;

9) тексеру парағы – бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын, олардың сақталмауы адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қатер төндіруге алып келетін талаптар тізбесі.

3. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және берілген рұқсаттар бойынша рұқсат беру талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін өлшемшарттар объективті және субъективті өлшемшарттар арқылы қалыптастырылады.

2 тарау. Объективті өлшемшарттар

4. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы тәуекелдер:

1) қауіпті өндірістік объектілердің және қауіпті техникалық құрылғыларды пайдаланатын ұйымдардың өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақталмаған;

2) қауіпті өндірістік объектілердің техникалық құрылғыларына, қауіпті техникалық құрылғыларға техникалық куәландыру уақтылы жүргізілмеген;

3) қауіпті өндірістік объектілердің және қауіпті техникалық құрылғыларды пайдаланатын ұйымдардың авариялар мен олардың салдарларын жою және оқшаулау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге әзір болмаған;

4) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы аттестатталатын жұмыс түрлерін тиісінше жүргізбеу;

5) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің қауіпті өндірістік объектілерде тау-кен құтқару, газдан құтқару, бұрқаққа қарсы жұмыстарды орындауға әзірлігінің болмауы.

5. Объективті өлшемшарттар тексерілетін бақылау және қадағалау субъектілерді (объектілерді) тәуекел дәрежелері бойынша (жоғары, орта және төмен) бөлу мақсатында әзірленді.

6. Жоғары тәуекел дәрежесіне Заңға сәйкес міндетті декларациялауға жататын, бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) жатады, оларда:

1) қауіпті заттар (Заңның 70-бабының 1) тармақшасында белгіленген белгілері бар) өндіріледі, пайдаланылады, қайта өңделеді, түзіледі, сақталады, тасымалданады (құбыржолдар арқылы), жойылады;

2) кара, түсті, бағалы металдар мен қорытпалардың балқымалары осы металдардың негізінде өндіріледі (Заңның 70-бабының 2) тармақшасында белгіленген белгілері бар);

3) тау-кен, геологиялық барлау, бұрғылау, жару жұмыстары, пайдалы қазбаларды өндіру және минералдық шикізатты қайта өңдеу жөніндегі жұмыстар, жер асты жағдайындағы жұмыстар (Заңның 70-бабының 3) тармақшасында белгіленген белгілері бар) жүргізіледі.;

Сондай-ақ тәуекелдің жоғары дәрежесіне субъектілер (объектілер) жатады:

1) дайындаушы зауыт белгілеген нормативтік қызмет мерзімін өтеген қауіпті техникалық құрылғыларды пайдаланатын (Заңның 71-бабының 2-тармағында белгіленген белгілері бар);

2) қауіпті өндірістік объектіде тау-кен құтқару, газдан құтқару, бұрқаққа қарсы жұмыстарды жүзеге асыратын;

3) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында аттестатталатын жұмыс түрлерін жүзеге асыратын.

7. Тәуекелдің орташа дәрежесіне міндетті декларациялауға жатпайтын, технологиялық процесі тоқтатылған және өндірістік персоналдың өмірі мен денсаулығына зиян келтіретін авария, инцидент туындауы мүмкін бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) жатады:

1) қауіпті заттар (Заңның 70-бабының 1) тармақшасында белгіленген белгілері бар) өндіріледі, пайдаланылады, қайта өңделеді, түзіледі, сақталады, тасымалданады (құбыржолдар арқылы), жойылады;

2) кара, түсті, бағалы металдар мен қорытпалардың балқымалары осы металдардың негізінде өндіріледі (Заңның 70-бабының 2) тармақшасында белгіленген белгілері бар);

3) тау-кен, геологиялық барлау, бұрғылау, жару жұмыстары, пайдалы қазбаларды өндіру және минералдық шикізатты қайта өңдеу жөніндегі жұмыстар, жер асты жағдайындағы жұмыстар (Заңның 70-бабының 3) тармақшасында белгіленген белгілері бар) жүргізіледі.

Сондай-ақ тәуекелдің орташа дәрежесіне қауіпті техникалық құрылғыларды пайдаланатын (Заңның 71-бабының 2-тармағында белгіленген белгілері бар), дайындаушы зауыт белгілеген нормативтік қызмет мерзімін өтемеген бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) жатады.

8. Тәуекелдің төмен дәрежесіне бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) жатады:

1) кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру және қайта өңдеу бұрғылау-жару жұмыстарын жүргізбей жүргізіледі;

2) бұрғылау-жару жұмыстарын жүргізбей геологиялық барлау жұмыстары жүргізіледі.

9. Жоғары және орташа тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты берілген рұқсаттар бойынша рұқсат беру талаптарына сәйкестігіне тексеру, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексерулер жүргізіледі.

Тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылған бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты берілген рұқсаттар бойынша рұқсат беру талаптарына сәйкестігіне тексеру және жоспардан тыс тексерулер жүргізіледі.

3 тарау. Субъективті өлшемшарттар

10. Субъективті өлшемшарттарды айқындау мынадай кезеңдерді қолдана отырып жүзеге асырылады:

- 1) деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау;
- 2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау.

11. Деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) анықтау үшін қажет.

12. Тәуекел дәрежесін бағалау үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

- 1) бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) алдыңғы тексерулер мен бару арқылы профилактикалық бақылаудың нәтижелері;
- 2) бақылау және қадағалау субъектісі кінәсінен туындаған қолайсыз жағдайлардың болуы (оқыс оқиғалар, авариялар және жазатайым оқиғалар);
- 3) расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны;
- 4) мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері;
- 5) Кодекстің 144-4-бабында көзделген негіздерге сәйкес, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының тергеп-тексеру жүргізу нәтижелері.

Кәсіпкерлік субъектілерін берілген рұқсаттар бойынша рұқсат беру талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу кезінде іріктеу үшін қосымша ақпарат көзі бақылау және қадағалау субъектілері қызметкерлерінің аттестаттау, емтихан нәтижелері болып табылады.

13. Қолда бар ақпарат көздерінің негізінде бағалауға жататын субъективті өлшемшарттарды қалыптастырылады.

Талдау және бағалау кезінде нақты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері не Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес талап қою мерзімі өткен деректер қолданылмайды.

14. Үқтимал тәуекелге және проблеманың маңыздылығына, бұзушылықтың бірлігіне немесе жүйелілігіне, әрбір ақпарат көзі бойынша бұрын қабылданған

шешімдерді талдауға байланысты бұзушылықтың дәрежесіне сәйкес келетін субъективті өлшемшарттар анықталады – өрескел, елеулі және болмашы.

Бұзушылық дәрежелері мен ақпарат көздері бойынша бөле отырып, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу кезінде бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін субъективті өлшемшарттары осы өлшемшарттарға 1-қосымшада келтірілген.

Бұзушылық дәрежелері мен ақпарат көздері бойынша бөле отырып, берілген рұқсаттар бойынша рұқсат беру талаптарына сәйкестігіне жүргізілетін тексерулерді жүргізу кезінде бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін субъективті өлшемшарттары осы өлшемшарттарға 2-қосымшада келтірілген.

15. Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығына сүйене отырып, субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткішін есептеу тәртібіне сәйкес, 0-ден 100-ге дейінгі деңгей бойынша субъективті өлшемшарттардың тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші есептеледі.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі):

1) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 71-ден 100-ге дейін қоса алғанда – жоғары тәуекел дәрежесіне;

2) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 41-ден 70-ке дейін қоса алғанда – орташа тәуекел дәрежесіне;

3) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 40-ға дейін қоса алғанда – төмен тәуекел дәрежесіне жатады.

16. Бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) 100 тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау немесе берілген рұқсаттар бойынша рұқсат беру талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізіледі.

Егер өрескел бұзушылықтар анықталмаса, онда тәуекел дәрежесінің көрсеткішін анықтау үшін елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткіш есептеледі.

17. Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_3 = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,7,$$

мұнда:

SP₃ – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP₁ - елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP₂ - анықталған елеулі бұзушылықтардың саны;

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде

0,4 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_n = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,4,$$

мұнда:

SP_n – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP_1 – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP_2 – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны;

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы айқындалады:

$$SP = SP_3 + SP_n,$$

мұнда:

SP – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

SP_3 – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP_n – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

18. Тәуекелдің жоғары және орташа дәрежесіне жатқызылған бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің еселігі субъективті өлшемшарттар бойынша алынатын мәліметтерді талдау мен бағалау нәтижелері бойынша айқындалады, бірақ ең көбі жылына екі рет.

Тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызылған берілген рұқсаттар бойынша рұқсат беру талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізудің еселігі субъективті өлшемшарттар бойынша алынатын мәліметтерді талдау және бағалау нәтижелері бойынша айқындалады, бірақ ең көбі бір жылына бір рет.

19. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау Кодекстің 144-2-бабының 4-тармағына сәйкес қалыптастырылатын бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың жартыжылдық тізімдері негізінде жүргізіледі.

Берілген рұқсаттар бойынша рұқсат беру талаптарына сәйкестігін тексеру Кодекстің 144-бабының 2-тармағына сәйкес қалыптастырылатын талаптарға сәйкестігін тексеру кестесі негізінде жүргізіледі.

4-тарау. Тәуекелдерді басқару

20. Бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) тәуекел дәрежесі ақпараттық жүйені қолдана отырып, мынадай жағдайларда тәуекелдің орташа дәрежесіне ауыстырылады:

1) дайындаушы зауыт белгілеген нормативтік қызмет мерзімін өтеген қауіпті техникалық құрылғыларды дайындаушы зауыт белгілеген нормативтік қызмет мерзімін өтемеген қауіпті техникалық құрылғыларға толық ауыстыруы;

2) қауіпті өндірістік объектіде қолданылатын қауіпті затты қауіпті емес затқа ауыстыруы;

3) бұрғылау-жару жұмыстарын жүргізуімен кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру технологиясын бұрғылау-жару жұмыстарын жүргізбей-ақ кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру технологиясына ауыстыруы (механикалық соғу).

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және берілген рұқсаттар бойынша рұқсат беру талаптарына сәйкестігіне тексерулер жүргізу үшін қолданылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына I-қосымша

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу кезінде бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін субъективті өлшемшарттары

№ р/с	Өлшемшарттар (ауырлық дәрежесі төменде келтірілген талаптар сақталмаған жағдайда белгіленеді)	Бұзушылық дәрежесі
Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) алдыңғы тексерулер мен бару арқылы профилактикалық бақылаудың нәтижелері		
I-бөлім. Қауіпті өндірістік объектілері үшін өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы талаптар		
1.	Ұйым басшысының бұйрығымен бекітілген өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы өндірістік бақылау туралы нормативтік актінің болуы , өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының сақталуын өндірістік бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру үшін қажетті шарттардың орындалуы	елеулі
2.	Өндірістік ғимараттарды, технологиялық құрылыстарды тексеру және диагностикалау нәтижелерінің болуы және ұсынымдарының орындалуы	елеулі
3.	Қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын техникалық құрылғыларды, қауіпті техникалық құрылғыларды	елеулі

	техникалық куәландыру нәтижелері бойынша есептердің болуы	
4.	Нормативтік қызмет ету мерзімі өткен техникалық құрылғылар сараптамасының нәтижелерінің болуы және ұсынымдарының орындалуы	елеулі
5.	Лауазымды адамдар мен қызметкерлердің қауіпті өндірістік объектілердегі жұмысқа рұқсатының болуы	елеулі
6.	Авариялардың туындау себептерін талдау нәтижелерінің болуы, авариялардың салдарын жоюға және осындай авариялардың алдын алуға бағытталған іс-шаралар жоспарын орындау, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне олардың орындалуы жөнінде ақпарат беру	өрескел
7.	Аварияларды, оқыс оқиғаларды есепке алу журналының болуы және оны жүргізу, оның толық және дұрыс ақпаратпен толтырылуын қамтамасыз ету	болмашы
8.	Паспортта немесе пайдалану жөніндегі нұсқаулықта белгіленген нормативтік қызмет мерзімін өтеген техникалық құрылғыларды уақтылы жаңарту жөніндегі норманы сақтау	өрескел
9.	Қауіпті өндірістік объектінің қызметкерлер штатының жасақталуының болуы	елеулі
10.	Заңды тұлғалардың басшыларын, тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссиялары мүшелерін, мамандарды, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыскерлерді даярлауды, қайта даярлауды және білімін тексеруді қамтамасыз ету бойынша талаптарды сақтау (оқыту және білімін тексеру кестесі, оқу жоспары және оқыту бағдарламалары, емтихан билеттері және (немесе) тестілеудің электрондық бағдарламалары; ұйым жұмыскерлерінің білімін	елеулі

	тексерудің хаттамалары, сертификаттары және куәліктері)	
11.	Қауіпті өндірістік объектілерде профилактикалық және тау-кен құтқару, газдан құтқару, бұрқакқа қарсы жұмыстарды жүргізуге өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерімен (бұдан әрі - КАҚК) шарттың болуы немесе өзінің өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби объектілік авариялық-құтқару қызметтерін құру	өрескел
12.	Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде қауіпті өндірістік объектілерді есепке қою , есептен шығару туралы акпараттың болуы	болмашы
13.	Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі берген және жүргізген қауіпті техникалық құрылғының паспортында оны есепке қою, есептен шығару туралы хабарламаның және жазбаның болуы	болмашы
14.	Қауіпті өндірістік объектіні салуға , кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және жоюға арналған өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында бекітілген және келісілген жобалау құжаттамасының болуы	өрескел
15.	Қауіпті өндірістік объектілерді пайдалануға беру кезінде мемлекеттік инспектордың қатысуымен өткізілетін қабылдау сынақтарының, техникалық куәландыру актілерінің болуы	елеулі
16.	Ұйым басшысымен бекітілген және КАҚК келісілген аварияларды жою жоспарының (бұдан әрі - АЖЖ) болуы, АЖЖ-ның қауіпті өндірістік объектідегі нақты жағдайға сәйкестігі	өрескел
17.	АЖЖ сәйкес жұмыстарды жүргізуге материалдық ресурстар қорының болуы	өрескел

18.	Қауіпті өндірістік объектілерде авария, оқыс оқиға туындаған жағдайда жергілікті құлақтандыру жүйелерінің тұрақты әзірлігінде мониторинг, байланыс және қолдау жүйелерінің болуы және олардың орнықты жұмыс істеуін қамтамасыз ету	өрескел
19.	Оқу дабылдарын және аварияға қарсы жаттығуларды өткізу жоспарлары мен актілерінің болуы, уәкілетті органның аумақтық бөлімшесін оқу дабылдарын жүргізу туралы жазбаша хабардар ету, қызметкерлерді қауіпті өндірістік объектілерде авария, оқыс оқиға болған жағдайда іс-қимыл жасауға үйретуді қамтамасыз ету	елеулі
20.	Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында жұмыстарды жүргізу құқығына қолданыстағы аттестаттың болуы	елеулі
21.	Қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологияларды, қауіпті техникалық құрылғыларды қолдануға рұқсаттардың болуы	елеулі
22.	Жарылғыш заттар мен олардың негізінде жасалған бұйымдарды тұрақты қолдануға рұқсаттаманың болуы	өрескел
23.	Жару жұмыстарын жүргізу құқығына рұқсаттаманың болуы	өрескел
24.	Әзірлеу, өндіру, сатып алу, іске асыру, сақтау және өткізу жарылғыш және пиротехникалық (қоспағанда азаматтық) заттар мен олар қолдана отырып жасалған бұйымдар жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия болуы	өрескел
25.	Бекітілген және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органда тіркелген қауіпті өндірістік объектінің өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясының және декларацияға енгізілген өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге әсер ететін шарттарының өзгерістері болуы (декларацияға өзгерістер енгізілген	елеулі

	кезде ол өзгерістер енгізілгеннен кейін үш айдан кешіктірілмейтін мерзімде қайта тіркелуге жатады)	
26.	Болған авариялар, оқыс оқиғалар және жазатайым оқиғалар туралы ақпаратты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне беру	елеулі
27.	Қауіпті өндірістік объект қауіптілігінің жалпы деңгейі бойынша, қауіпті өндірістік объектілерді сәйкестендіру бойынша толық және дұрыс ақпаратты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне беру	елеулі
2-бөлім. Уранды геологиялық барлау, өндіру және қайта өңдеу кезінде қауіпті өндірістік объектілері үшін өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы талаптар		
28.	Жобалық құжаттамадан ақаулары немесе олқылықтары бар жаңа және қайта реконструкцияланған объектілерді пайдалануға қабылдауға жол бермеу	өрескел
29.	Әр түрлі сұйықтарға және шашылған заттарға бейтараптандыру жүргізу және алып тастау (мұнай өнімдеру, реагенттер, технологиялық ерітінділер)	елеулі
30.	Едендердің 2 пайыздан кем емес, негізгі өткелдерде –4 пайыздан көп емес және қызметтікте – 10 пайыздан көп емес көлбеудің болуы	өрескел
31.	Құбыр жолдарының уақытша ашық тұрған монтаждау ойықтарының, люктердің, құдықтардың, орлардың, науалардың, арналардың, камералардың және учаскелердің биіктігі 1,1 метр орташа білте тақтайшалы, ернеуі 0,15 м кем емес тақтайлы қоршауларының немесе қараңғы кезде инвентарлы қалқандарды жарықтандыру үшін ілінген жол белгілерінің болуы	өрескел
32.	Сорғы станциясының тереңдетілген бөлмелерінде сыртқа шығатын шығыстың болуы	өрескел

33.	Ыдыстарға және өзге жабдыққа қызмет көрсету үшін алаңдардың болуы	елеулі
34.	Едендері бірінші қабаттың едендерімен салықтырғанда 1,8 метрден көп тереңдетілген, ұзындығы 18 метрден асатын бөлмеде екі эвакуациялау шығыстарының болуы	өрескел
35.	Биіктігі 1,1 метрден кем емес сүйеніштермен қоршаулардың, тұндырғыштардың, тоғаншалардың және ашық сыйымды құрылыстардың болуы	өрескел
36.	Жұмыс орындарын, өтетін жерлерді, бөлмеден шығыстарды, өртке қарсы жабдыққа, өрт сөндіру және байланыс құралдарына баратын жолдарды үйіп тастауға жол бермеу	өрескел
37.	Адамдар өтетін есіктерде және кіретін қақпаларда шығырандардың жұмыс істеп тұрғаны жайлы ескертетін жарық белгісі мен қауіпсіздік белгілерінің болуы	елеулі
38.	Ғимараттар мен құрылыстарда найзағайдан қорғау құрылғыларының болуы, олардың жағдайын ұйымның басшылығы тағайындаған комиссия мүшелері қол қойылған тексеру нәтижелері актісінің болуы	өрескел
39.	Агрессияшық ортаның әсеріндегі ғимараттар мен құрылыстардың барлық құрылыс конструкцияларының тот басудан қорғанысының болуы	өрескел
40.	Ғимараттар мен құрылыстардың қалыпты жағдайына және қауіпсіз пайдаланылуына жауапты тұлғаларды тағайындау туралы бұйрықтың болуы	елеулі
41.	Құрамында уытты заттары бар қатты қалдықтарды жинауға, сондай-ақ өнеркәсіптік алаңдарда шлам үйінділері мен шлам жинақтағыштарын орналастыруға жол бермеу	өрескел

42.	Жабдықты техникалық пайдалану бұзушылықтарын белгілеу үшін ауысым журналының болуы	елеулі
43.	Технологиялық жабдықтар мен аппараттарда технологиялық сызбаның сәйкес нөмірлерінің болуы	елеулі
44.	Агрессияшыл сұйықтарды ағызуда жұмыс істейтін тығыздамалы сорғыларда, құбырлардың фланецті жалғамаларында тот басуға қарсы материалдан әзірленген қорғаныс құрылғыларының (қаптамалардың), сондай-ақ адамдар жүретін жерлердің үстіне құюырларды төсеу кезіндегі астаушалардың болуы	өрескел
45.	Бекіткіш тетіктер мен қақпақшалар механикалық беріктікке тексеру және саңылаусыздыққа гидравликалық сынау нәтижелері журналында жазбаның болуы	өрескел
46.	Құбырларда және бекіту арматурасында нақты маркалаудың және ерекшелейтін бояуының болуы	елеулі
47.	Жабдықтардың, машиналар мен механизмдердің, аппаратуралардың және бақылау-өлшеу құралдарының қалыпты жағдайына және қауіпсіз пайдаланылуына жауапты тұлғаны тағайындау туралы бұйрықтың болуы	елеулі
48.	Істен шыққан жабдықты, аппаратураны, құралды және жеке қорғаныс құралдарын қолдануға, сондай-ақ оларды мақсатына сай емес пайдалануға жол бермеу	өрескел
49.	Төлқұжат бойынша рұқсат етілген мөлшерден асатын жүктемелер және қысымдар кезінде жабдықты, механизмдерді және құралдарды пайдалануға жол бермеу	өрескел
50.	Бақылау-өлшеу құралдарында бітеменің немесе тексеру таңбасының болуы	өрескел

51.	Манометр шәкілінде шекті рұқсат етілген қысымға сәйкес келетін қызыл түсті белгінің болуы	елеулі
52.	Жабдыққа ай сайынғы қарау жүргізу. Жабдықтың жағдайын қарау журналының болуы. Жоспарлы-алдын алу жөндеулері кестесінің болуы. Жөндеу нәтижелерімен жабдықтың жөндеу-пайдалану журналының (ЖПЖ) болуы	өрескел
53.	Мұнараның (дінгектің)бұрғылау жабдықтарын мерзімді тексеру журналының болуы	өрескел
54.	Механизмдерді іске қосу, аппаратуралар мен құралдарды қосу кезіндегі ескерту белгілерінің (дыбықтық және жарық) болуы	өрескел
55.	Қозғалтқыштары сөндірілген жабдықтар мен механизмдерді қарау, жөндеу және тазалау кезінде "Қосуға болмайды – адамдар жұмыс істеуде" ескерту белгілерінің болуы	елеулі
56.	Жабдықтың техникалық төлқұжатының болуы	елеулі
57.	Жұмыс кезінде шаң пайда болатын жабдықта шаңға қарсы құралдың болуы	елеулі
58.	Жердің бетінен сымдарды төсеуге жол бермеу	өрескел
59.	1) істен шыққан қорғаныс және блоктау құрылғылары болған (қорғаныс және жұмыс жермен жанасу, нөлдік, шекті тоқты және шектен тыс тоқтан қорғаныс, блоктау); 2) оқшаулау бұзылған, сыртқы қабаты бүлінген (электр қозғалтқышының, іске қосқыштың), байланыстар істен шыққан; 3) сыртқы қабатында тұтанатын материалдар болған; 4) ол өздігінен қосылған және өшірілген; 5) электр қозғалтқыштарының орамдарының сенімді қоршаулары болмаған; 6) сымдарды электр сайманына және өзге де жылжымалы (өрескел

	<p>қозғалмалы) электр жабдығына енгізу кезінде сенімді бекітпе болмаған;</p> <p>7) электр жабдығының құрылымымен көзделген жағдайда сенімді бекітпенің (іргетасқа, жақтауларға және өзгелерге) болмаған жағдайларда электр жабдығын пайдалануға жол бермеу</p>	
60.	Геологиялық барлау жұмыстарының партия немесе экспедиция базасымен тәулік бойы байланысының болуы	өрескел
61.	Бұрғылау жұмыстары учаскесіне, аумақтарға, жұмыс бөлмелерге, жұмыс орындарына радиациялық бақылауды қоса отырып, техникалық басшы бекіткен тәртіппен радиоэкологиялық зерттеулер жүргізуді жүзеге асыру, бұрғылау шламында радионуклидтердің құрамын айқындау	өрескел
62.	Химиялық реагенттермен жұмыс істеу кезінде оларды қолдану кезінде адамдар мен қоршаған ортаны қорғау шаралары көрсетіліп, әзірленген технологиялық регламенттердің болуы	елеулі
63.	Ауысым журналында жазбаның (бұрғылау, вахталық, көтергіш қондырғы машинистерімен ауысымды беру және қабылдау және басқалары) және ауысымды қабылдаушы тұлғаны жабдықтың, аппаратураның, құралдың, қоршаулардың істен шығушылықтары туралы ескерту туралы жазбаның болуы	елеулі
64.	Техникалық басшымен бекітілген, ұнғымаларды тұрғызуға жұмысты ұйымдастыру жобасының болуы	өрескел
65.	Келетін жолдардың сызбасының болуы	елеулі
66.	Бұрғылау қондырғысында жұмыс түрлері бойынша техникалық регламенттердің болуы	елеулі
67.	Тік бөктерлерде оның іргесінің шетінен бөктер жиегіне дейін 3 метрден аса қашықтықпен өздігінен жүретін бұрғылау	өрескел

	кондырғыларын орналастыруға жол бермеу	
68.	Бұрғылау кондырғыларын құрастыруды бастағанға дейін құрылыс алаңдарын жоспарлауды және тазалауды жүзеге асыру	елеулі
69.	Күші 5 және одан да жоғары балл жел кезінде, жаңбыр, жауын және қатты қар жауу, мұз тайғақ және 100 метрден кем көрініс кезіндегі тұман кезінде құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуге жол бермеу	өрескел
70.	Бұрғылау кондырғыларын, мұнараларды және дінгектерді құрастыру кезінде істен шыққан бөлшектерді (бөліктерді) және бекіту желілерін пайдалануға жол бермеу	өрескел
71.	Қабырғалау тұтас қапталған бұрғылау кондырғысында есігі сыртқа ашылатын, бір-бірінен неғұрлым алыс қашықтықта орналасқан екі шығыстың болуы	өрескел
72.	Бұрғылау ғимаратының құрылымында түсіру-көтеру операцияларын жүргізу үшін люктің болуы	өрескел
73.	Жұмыс (негізгі) шығысы жағынан бұрғылау кондырғысында қабылдау көпірінің болуы	өрескел
74.	Бұрғылау станогын, механикаландыру құралдарын, қосымша құрылғыларды қоректендіруді, ішкі жану қозғалтқышынан әкелетін бұрғылау кондырғыларының жұмыс орындарын жарықтандыруды және жылытуды қамтамасыз ететін қуат генераторының болуы	елеулі
75.	Бұрғылау ғимаратының ішінде көміртегі қышқылының бір литрге 0,02 миллиграммнан асатын құрамына жол бермеу	өрескел
76.	Қозғалтқыштың пайдаланылған газы шығатын құбырларда ұшқын басқыштардың және бәсеңдеткіштердің болуы және оларды бұрғылау ғимараты аясынан тыс жерге шығару	өрескел

77.	Қозғалтқыш майларын жинау үшін тұғырлықтың болуы	өрескел
78.	Мұнаралардың (дінгектердің) бұранда біріктірулерінің құрылымында еркін шешілуін болдырмау	өрескел
79.	Мұнаралардың (дінгектердің) қорапты және құбырлы металл құрылымдарында ылғалдық түсуіне және жиналуына жол бермеу	елеулі
80.	Биіктігі 14 метр және одан жоғары бұрғылау мұнаралары (дінгектерінде) пайдалану кезінде болат арқаннан кергінің болуы	өрескел
81.	Кергілерді диаметрлі жазықтықта олар жолдарды, әуе электр беру желілері және өтетін аландарды кесіп өтпейтіндей етін орналастыру	өрескел
82.	Кергілер санының, арқанның диаметрінің және бекіту орындарының бұрғылау қондырғысының төлқұжатына және пайдалану бойынша нұсқаулыққа сәйкес болуы	өрескел
83.	Кергілердің соңғы ұштарын қысатын жалғастырғыш арқылы зәкірлерге бекітуді кем дегенде үш қысқышпен жүзеге асыру	өрескел
84.	Созу үшін жалғанған арқандарды қолдануға жол бермеу	өрескел
85.	Бұзылған жағдайда аралық бекіткіш, біріктірілген құбырларды (май шам) орнатқыш және біріктірілген құбырларды (май шам) қабылдағыш доғалардың құлауынан сақтандырғыштың болуы	өрескел
86.	Мұнаралардың (дінгектердің) металл құрылымдарының қозғалмалы элементтеріне жөндеуді дәнекерлеу қолдану арқылы мамандандырылған ұйыммен жүргізілген туралы нәтижелердің болуы	өрескел
87.	Бұрғылау сорғыларында шаятын сұйықты ағызу үшін ағызатын желілердің болуы	елеулі

88.	Ағызатын желілердің берік бекітпелерінің болуы және қатты қиғаштардың болмауы	елеулі
89.	Бұрғылау сорғысында қорғаныс қақпақтарының болуы	өрескел
90.	Қысымды жеңде мұнарада (діңгекте) бекітілген ілмекті реттейтін құрылғының болуы	өрескел
91.	Бұрғылау қондырғысының көтергішінің механизмдерінде қолданылатын болат арқандарды сынау туралы дайындаушының сертификатының көшірмесінің болуы	өрескел
92.	Түсіру-көтеру операциялары кезінде шығыр даңғырасында білікті арқанның ұзындығын кем дегенде үш орам болатындай қамтамасыз ету	өрескел
93.	Білікті арқанның қозғалмайтын ұшын бекіту үшін арнайы құрылғылардың болуы	елеулі
94.	Барлық жүк көтергіш құралдарында жүк көтерімділігі, шекті жүктемесі туралы нақты көрсетілген жазбаларының болуы	елеулі
95.	Мұнара табаның кіндік темірмен біріктіру кезінде кронблок (ілінген блок) үшін саңылаусыз металл шығыршықтың болуы	өрескел
96.	Сорғы төлкұжатында тығыздау нәтижелерінің болуы	елеулі
97.	Қозғалмалы және бұрғылау қондырғыларының мұнараларын түсіру және көтеру үшін автомашиналарды қолдануға жол бермеу. Көтерілетін (түсірілетін) мұнарада сақтандыру созғышының болуы	өрескел
98.	Бұрғылау кезінде бұрғылау қондырғыларының дөңгелектерін бекітуді жүзеге асыру	өрескел
99.	Персоналдың көтерілетін жүктерде немесе олардың астында болуына жол бермеу	өрескел
100.	Түсіру-көтеру операциялары үшін істен шыққан арқандарды қолдануға жол бермеу	өрескел
101.	Арқанды дәнекерлеу қолданумен біріктіруге жол бермеу	өрескел

102.	<p>Түсіру-көтеру операциялары кезінде:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тежегіші істен шыққан шығырдан жұмыс істеуге; 2) тежеу тегершіктерінің ысқыланатын беткейлерін сумен, топырақты ерітіндімен суытуға; 3) түсірілетін (көтерілетін) құбырлар мен элеватордан тікелей жақында тұруға; 4) бұрандалы қосындылары толығымен бұралмаған құбырларды түсіруге; 5) ұңғымаға барлық түсетін жерлерде және ауысымдарда дереу түсуге; 6) тежегіш тұтқасына қойылған жүк көмегімен, немесе тұтқаны сыналау арқылы жүктемеде немесе онсыз білікті жүйені салмақта ұстауға; 7) бұрандалы құрамаларды ашық қолмен тексеруге немесе тазалауға ; 8) істен шыққан бекіту құралдарымен немесе оларсыз элеваторларды, ілмектерді, ұршықты шығыршықтарды қолдануға жол бермеу 	өрескел
103.	Жабық ысырмалар (вентильдер) кезінде сорғыларды іске қосуға жол бермеу	елеулі
104.	<p>Бұрғылау қондырғылары жұмыс істеп тұрған кезде:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жетекші құбырдың айналымын өлшеуге; 2) жұмыс алаңына (капитан көпіршесіне) көтерілуге; 3) шығыр және айналым жылдамдығын қайта қосуға, сондай-ақ толық тоқтағанға дейін айналымды шығырдан айналдырғышқа және кері қарай қайта қосуға; 4) машиналар мен механизмдердің тұтқыштарын бекітуге; 5) қоршаулары (шпиндель, жетекші құбырдың табаны, шығыр даңғырасы, жетек ауыстырғышы) алынған немесе істен шыққан бұрғылау станоктарында жұмыс істеуге; 	өрескел

	<p>6) шамдарды мұнара (дiңгек) сұққысына қоспай қалдыру;</p> <p>7) қабылдау көпірінен бұрғылау, бағаналы және обсадты құбырларды қабылдауға және оларды элекватордың секундына 1,5 метрден асатын жылдамдығында түсіруге;</p> <p>8) шпиндельдің қозғалысы және берудің қосылған тұтқасы кезінде шпиндельде бұрғылау құбырларын ауыстыруға;</p> <p>9) шпиндельдің айналымы кезінде құбырларды бұрау және шешуге жол бермеу</p>	
105.	Мұнарада немесе дiңгекте қайта көтеру (көтеріп кіргізуге қарсы) белгісінің болуы	өрескел
106.	Бекітетін және ұңғымаға түсірген кезде снаряд шығатын кезде автоматты түрде ашылатын ілгешектері жоқ ысырмаларымен элеваторларды қолдануға жол бермеу	өрескел
107.	<p>1) түсіру-көтеру операциялары кезінде элеваторды түсіргенде басындағыларды бекітуге;</p> <p>2) ұңғымада бұрғылау снаряды кенеттен тоқтаған кезде снарядты төсеніш айырына немесе топсалы қамытқа орнатқанға дейін элеваторды түзетуге, шешуге және кигізуге жол бермеу</p>	өрескел
108.	Құбырды бұруды басқару тетігінің көлденең орналасқан ұңғымасының ортасынан кем дегенде 2 метрдің болуы	елеулі
109.	Жұмыс аяқталған соң құбырды бұрудың электр қозғалтқышын автоматты өшіруді жүзеге асыру	өрескел
	<p>Иінтіректі және сараланған жеткізуімен станоктарды бұрғылау кезінде:</p> <p>1) станокта иінтірекпен соққыдан қорғаныс доғалары болмаған немесе кремальер айырларын қолданбастан, сондай-ақ иінтіректі ажырату үшін стопорлы құрылғыларсыз жұмыс істеуге;</p> <p>2) ұңғыманы кеңесту, оны қоқыстан тазалау және ұңғымада құлаған және шашылған кернді</p>	

110.	<p>тығыздау кезінде, сондай-ақ бұрғылау кезінде иінтіректің қозғалыс кеңістігінде станокқа жақын жерде болуға;</p> <p>3) құбырларды шығарумен бұрғылау кезінде бұрғылау құбырларын қолмен түсіру және көтеру кезінде, тұтқада бұрандамен бекітілмеген, тұтқаны түтікшемен ұзартуға;</p> <p>4) станок шпинделі толығымен тоқтағанға дейін тік және көлденең қораптардың құрама бұрандаларын бекіту немесе ажырату бойынша кез келген операциялар жүргізуге;</p> <p>5) жұмыс жағдайы талап етпеген жағдайларда, және снарядтың забойда тұрғандығына сенімділік болмаса беру тұтқасын қосылған қалыпта қалдыруға;</p> <p>6) тартпа тегершіктерінің, тісті даңғалақтардың, бекіту дөңгелектерінің сақиналары, біздері, табандарында жарықтар, қуыстар және өзге де бүлінулер болғанда жұмыс істеуге;</p> <p>7) беру тұтқасы ажыратылған жағдайда станок шпинделі арқылы бұрғылау құбырларын ысырмамен көтеруге;</p> <p>8) "кремальер немесе байланған" бекітпелерінің астына беру тұтқасына кез келген жүктер қоюға, станокқа жинақта қарастырылғаннан басқа;</p> <p>9) ұңғыма сағасын аршу кезінде станоктың тік қоратын бекітусіз ашылған жағдайда қалдыруға;</p> <p>10) бекітілмеген сақтандыру арқанымен тией отырып бұрғылау кезінде шығыр теңестіргішін қалдыруға жол бермеу</p>	өрескел
111.	<p>Ұңғыма сағасын жабдықтау кезінде бұрғылау қондырғысына шаңдалған ауаның және ауаланған сұйықтың кіру мүмкіндігін болдырмау</p>	өрескел
112.	<p>Қоқысты және ауаланған сұйықты әкету үшін ұзындығы ең кемі 15 метр болатын құбырдың болуы</p>	елеулі
	<p>Бұрғылау қондырғысы тұрғылықты мекен-жай шегінде</p>	

113.	орналасқан жағдайда және кез-келген өзге жұмыстарды тұрақты жүргізу орындарында ауаға қоқыспен ластанған ауаның шығуына жол бермеу	елеулі
114.	Ауамен үрлей отырып құрғақ жыныстарда ұңғымаларды бұрғылау (кондуктормен бұрғылау) кезінде саңылаусыздандыру құрылғысының болуы	елеулі
115.	Ауа тасымалдағыш құбырды бір жарым есе жұмысшы қысымына тексеру нәтижесінің болуы	өрескел
116.	Ауаның, ұңғымаға ауа беруді реттейтін бұранданың қысымын, және бұрғылау қондырғысы аясында ауа өткізу құбырларында қауіпсіз жаққа әкетумен қорғаныс қақпағын көрсететін, орнатылған манометрлердің бақылауға ыңғайлы орналасуы	елеулі
117.	Тығыздау желісінде ауаның артық қысымы болған жағдайда: 1) сальникте тығыздаманы бұрауға немесе бекіту материалын себу үшін араластырғышта тесікті ашуға; 2) бұрғылау снарядын үлкейтуге; 3) әуе өткізгіші, арматураны, сальникті жөндеуге жол бермеу	өрескел
118.	1) құбыршекті бұрау немесе байлау арқылы ауаны беруді тоқтатуға; 2) қатып қалған құбыршектерді ашық отпен жылытуға жол бермеу	өрескел
119.	Ротор, шпиндель қоршауы, жетекші құбырдың асты, шығыр даңғырасы, жетек ауысымдары және өзге де қорғалған қоршаулары алынған немесе бұзылған бұрғылау қондырғысында жұмыстар жүргізуге жол бермеу	өрескел
120.	Көлденең ұңғымаларды бұрғылау кезінде жетекші құбырлардың барлық ұзындында қоршаулардың болуы	өрескел
	1) мұнара (дiңгек) саусағына тұтанбаған шамдарды қалдыруға;	

121.	<p>2) элеватордың жылдамдығы секундына 1,5 метрден асқан жағдайда қабылдау көпірінен бұрғылау, бағаналы және обсадты құбырларды көтеруге және оларды оған түсіруге;</p> <p>3) шпиндель толық тоқтатылғанға дейін шпиндельдің механикалық патрондарын қайта бекітуге, айналманы қосу және ажырату тұтқаларын бейтарап жаңдайға қайта бекітуге жол бермеу</p>	өрескел
122.	<p>Ұңғымаға түсіру кезінде қабыршық пен бұрғылау снарядын бағыттау үшін, сондай-ақ жакқа тербелтуден және әкетуден ұстап қалу үшін әкету ілмектерінің немесе арқандарының болуы</p>	елеулі
689.	Арматура 1,8 метр биіктікте орналасқан жағдайда алаңдардың және сатылардың болуы	елеулі

690.	Құбыржолдарында тасымалданатын ортаға төзімді тұмшаланған бекіту арматурасының болуы	өрескел
691.	Тасымалданатын ортаның жұмыс қысымы, температурасы және физикалық-химиялық қасиеттері ескеріле отырып, құбыржолдарының ернемекті қосылыстарның беткейлерінде нығыздағыштардың болуы	өрескел
692.	Қышқылдар мен агрессивті сұйықтықтардың құбыржолдарының ернемектерінде қабықшалардың, адамдар жүретін жерлерде технологиялық және бу құбыр жолдарының астында құрамалардың болуы	өрескел
693.	Арматураны, компенсаторларды, дренаждық құрылыстарды, ернемекті және бұрандалы қосылыстарды теміржол және автомобиль жолдарының, есіктің ойықтарында, терезелер мен балкондардың үсті мен астына, жұмыс алаңдарының үстіне, қызмет көрсетуші персоналдың негізгі өткелдеріне, цех ішіндегі жүру жолдары мен және ұйымның аумағында құбыржолдарының қиылысу орындарына орналастыруға жол бермеу	елеулі
694.	Көміртекті болаттан жасалған басқа құбыржолдарының үстінгі жағынан қышқылды өткізу жолдарын төсеуге жол бермеу	өрескел
695.	Цех ғимараттарында құбыржолдарының кіре берістерінде реттеуші арматураның болуы	өрескел
696.	Арматураның сермерінде (шұралар, шүмектер, ысырмалар) олардың жабу бағытын белгілейтін, не ашылу жағдайы "А" және жабылу жағдайы "Ж" деп белгіленетін меңзерлердің болуы. Технологиялық схемадағы позицияға сәйкес келетін барлық арматураның реттік нөмірінің болуы	елеулі

697.	Салмағы елу килограмм тиекті немесе реттеуші арматураны орнату орындарында стационарлық немесе тасымалданатын көтергіш құрылғыларының болуы	елеулі
698.	Қолданыстағы құбыржолдарын блоктарды, көпір астын, баспалдақтар мен басқа да заттарды бекіту үшін пайдалауға, қысымда тұрған құбыржолдарына қандай да бір жөндеу жұмыстарын жүргізуге жол бермеу	өрескел
699.	Құбыржолдарында тану бояуларының, ескерту белгілері мен таңбалау қалқандарының болуы	елеулі
700.	Пульпа құбырларында арақашықтығы ұзындық бойынша жобалық құжаттамада айқындалғандай оларды жуу үшін құрылғының болуы	елеулі
701.	Ұйымның аумағынан тыс төселетін зауытаралық қышқылды құбыржолдары үшін әрбір жағынан күзет аймағының болуы, оның шегінде жұмысты жүзеге асыруға құбыржолдарын пайдаланушы ұйым өкілі тарапының келісімі бойынша және бақылауы бойынша жол беріледі	өрескел
702.	Қышқыл тасымалдайтын құбыржолдарына басқа құбыржолдарын (жылу серіктерін дәнекерлеусіз бекітілетіндерінен басқа) бекітуге жол бермеу	өрескел
703.	Қышқыл құбыржолдарында барлық құбыржолдарын, сондай-ақ олардың жекелеген учаскелерін жұмыс істеп тұрған технологиялық жүйелерінен ажыратуға, тығынды орнатуға және босату, жуу, үрлеу және құбыржолдарын беріктілікке және тұмшалануын сынауға мүмкіндік беретін тиекті арматураның болуы	өрескел
704.	Қышқыл үшін құбыржолдары мен арматураларды тексеру жөніндегі актінің болуы	өрескел
705.	Қазандықты әрдайым қышқылмен толтырудың алдында оның	өрескел

	техникалық жай-күйін карау жөніндегі актінің болуы	
706.	Ішке тарту-сыртқа сору желдеткіштерімен жабдықталмаған бөлмелерде ішкі жану қозғалытқыштарымен көлік құралдарын пайдалануға жол бермеу	өрескел
707.	Жабдықтың еден деңгейімен қоса 2,5 метрге дейінгі биіктікте орналасқан немесе жұмыс алаңына кездейсоқ жанасу үшін қол жетімді барлық ашық қозғалатын бөліктерінің, ұяшық мөлшері 20x20 миллиметр тегіс немесе торлы болып жасалған қоршаулардың болуы	елеулі
708.	Қоршалуы мүмкін емес адам үшін қауіпті туындататын жабдықтар үшін машинаны жұмысқа қосу туралы ескертетін дабыл белгісінің болуы	өрескел
709.	Тісті, белбеулі және шынжырлы берілістер үшін олардың орналасу биіктігіне және айналу жылдамдығына қарамастан, тұтас қоршаудың болуы, қоршаулар алынбалы, мықты және коррозияға және механикалық әсерлерге төзімді	елеулі
710.	Жабдықтың іске қосу құрылғылары бар қоршауларда орнатылатын есіктерді автоматты бұғаттаудың болуы. Қоршауы ақаулы немесе ол болмаған кезде жабдықтар мен механизмдердің жұмыс істеуіне жол бермеу.	өрескел
711.	Еден деңгейінен 0,6 метр және одан жоғары биіктікте орналасқан алаңдардың, өтпелі көпірлердің, сатылардың биіктігі кемінде 1 метр, түбі бойынша тұтас борты бар, биіктігі он бес сантиметр таяныштармен қоршау. Өндірістік бөлмеде жұмыс жағдайлары бойынша ашық ойықтардың, зумпфтардың, люктердің, құдықтардың және дренаждық арықтардың қоршауларының немесе жабылатын қақпақтарының болуы	елеулі

712.	Резервуарға апаратын сатыдан әр жаққа қарай кемінде 1,8 метр қашықтықта резервуар шатырының шеті бойынша биіктігі кемінде 1 метр таяныштардың болуы. Сұйықтық деңгейін өлшеуге арналған люкті, өлшеу құрылғысын және арматураны шатырдың қоршалған алаңына орналастыру	елеулі
713.	Жергілікті сорып алу желдету ажыратылған жағдайда жергілікті сору үшін резервті желдеткіштердің болуы	өрескел
714.	Егер аспирациялық құрылғылар технологиялық жабдықтармен бірге блокталған болса, тікелей аспирациялық жабдық жанында, қосымша іске қосатын құрылғылардың болуы	өрескел
715.	Ұйымның техникалық басшысы бекіткен тозаң тұтқыш аппараттар мен коллекторлардан тозаңды жою кестелерінің болуы	елеулі
716.	Бұзылған немесе тексеру мерзімі өтіп кеткен бақылау-өлшеу аспаптарын пайдалануға жол бермеу	елеулі
717.	Электр аспаптары мен қалқандарды жерге тұйықтаудың болуы	өрескел
718.	Өзара байланысты учаскілер арасында қатты дауысты немесе телефон байланысының, жарық дабыл белгілерінің болуы	өрескел
719.	Аспаптарға, автоматтандыру, сигнал беру, қашықтықтан басқару құралдарына және олардың дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қорғау бұғаттауларының құрылғыларына тұрақты бақылауды жүзеге асыру	өрескел
720.	Қышқылдарға арналған резервуарларда қышқылдардың асып-төгілуін болдырмайтын, асып-төгілу келте құбырының болуы	өрескел
721.	Резервуардың периметрі бойынша сыртқы жағын айналдыра баспалдақтары бар, резервуардың периметрі бойынша жабдықтарға,	өрескел

	люк пен асып-төгілу құбырына қызмет көрсетуге арналған алаңдардың болуы	
722.	Барлық қауіпті орындардың қышқылмен күйіп қалу мүмкіндігі бар жерлерінде су құбыры мен су атқылар, ағын суы бар ыдыстар және су себізгілердің болуы	өрескел
723.	Қышқылдар мен сілтілерді сақтауға арналған резервуарларды толтыру мен босатудың шекті нормасына жеткен кезде басқару бөлмесінде және орны бойынша дыбыстық және жарық сигналдарын автоматты түрде қосатын деңгейді өлшеу мен бақылаудың екі тәуелсіз жүйесімен жарақтандыру. Резервуарлардың кез келгенін резервтік ретінде пайдалану және қышқылдарды авариялық ыдыстан эвакуациялауды қамтамасыз ету мүмкіндігінің болуы.	өрескел
724.	Қышқылдардың резервуарларының құю және төгу желілерінің екі бекіткіш тетіктерінің болуы	өрескел
725.	Резервуарларды оларда жиналған тұнбалардан мезгіл сайын тазалап тұратын арнайы құрылғылардың болуы	өрескел
726.	Резервуардан шыққан лас тұнбаларды, кәріз жүйелеріне төгу немесе осы мақсатқа пайдаланатын арнайы орындарға лақтыру алдында қабылдау және бейтараптандыру үшін ыдыстар мен зумпфилардың болуы	өрескел
727.	Авария кезінде қышқылды жоғарғы жағынан сорып алу мүмкіндігі болуы үшін, қышқыл сақталатын резервуарда сифон құрылғысының болуы	өрескел
728.	Технологиялық процестерді қауіпсіз жүргізуді қамтамасыз ететін аспаптарының жарықты дыбысты дабыл белгісінің, басқару пульттері мен аспапбеттерінің болуы	өрескел
	Әрбір электр қондырғысы үшін қалыпты және авариялық жұмыс режимдерінің пайдалану	

729.	схемаларының болуы. Электр қосылыстарының схемаларына өзгерістер енгізу, осы немесе өзге де өзгерістерді кім, қашан және қандай себеппен енгізгенін міндетті түрде көрсете отырып, схемалардағы белгілері бар жерге тұйықтау қондырғыларын орнату орындарына өзгерістер енгізу. Ұйымның электр шаруашылығына жауапты тұлғамен схемаға енгізілетін өзгерістерді бекіту	өрескел
730.	Электр аспабын, тасымалды электр шамдарын, төмендететін трансформаторлар мен ток жиілігін түрлендіргіштерді оларды қолданар алдында тексеру нәтижелері туралы жазбалары болу. Тасымалданатын электр аспабын қоймада (аспаптық) сақтау. Кернеуі 42 Вольттан жоғары электр аспабымен жұмыс істеуге арналған жеке қорғанышқұралдарының болуы	өрескел
731.	Ұйымның техникалық басшысы бекіткен пайдаланудағы жабдықты тексеру, тексеру және жүйелі жоспарлы-алдын ала жөндеу кестесінің болуы	елеулі
732.	Пайдаланудағы жабдықтарды қараудың, ревизия жүргізудің және жүйелі жоспарлы-ескерту жөндеудің бекітілген кестесінің болуы	елеулі
733.	Жұмыстар жүргізу аймағында қолданыстағы жабдықтар мен коммуникациялардан қоршаулардың, қауіпсіздік белгілерінің, тақтайшалардың, дабылдау құралдарының және жарықтандырудың болуы	өрескел
734.	Жөндеу, тексеру немесе тазалау жұмыстары жүргізіліп жатқан жабдықтар мен құбыржолдарында ескерту тақтайшаларының болуы.	елеулі
735.	Ұйым аумағындағы материалдарды, бұйымдарды және басқа да жүктерді арнайы орындардың (бөлімшелердің), жүктерді тиеу және жинау бойынша бекітілген регламенттің болуы	елеулі

736.	Шикізатты қабылдауға және оны өндіріске беруге арналған тиісті пневматикалық тасымалдау құрылғыларымен жабдықталған, шикізатты (еріткіш-шпатты концентратты) сақтау үшін жабық ыдыстардың (сүрлемдер, бункерлер) болуы	өрескел
737.	Еріткіш-шпатты концентраттың орнын ауыстыратын пневматикалық тасымалдау жүйелерінде шаң тазалағыш құрылғыларының болуы	өрескел
738.	Ұнтақ, шаңданатын материалдарды сүрлемдерге салу және оларды түсіру үшін тұмшаланған тасымалдау құрылғыларының болуы	өрескел
739.	Шаңданатын материалдарды грейферлік кранмен тиейтін (түсіретін) жұмыс орындарында жалпыламай ауа ауыстыратын желдеткіштерінің болуы	өрескел
740.	Қышқыл қоймаларынан жарылу қауіпі бар объектілерге дейінгі ара қашықтықтың жарылыс толқыны соққысы және жылулық сәуле шығарудың интенсивті әсер ету радиусы ескеріле отырып минималды рұқсат етілген қашықтықтың болуы	өрескел
741.	Қоймалардың аумағында бастапқы бұлт түзуге қабілетті қышқылдардың, қойма аумағының кез келген нүктесінен көрінетін жел бағытының белгіленген көрсеткішінің болуы және авариялық ағулар туралы сигнал берумен газдану деңгейін автоматты бақылауды қамтамасыз (сериялық шығарылатын бақылау аспаптары болған кезде) етуііс	елеулі
742.	Қанықтырылған қышқылды сақтауға арналған болат шығыс қойма ыдыстарында оларға ылғалды ауа және (немесе) ылғалдың түсуін болдырмайтын құралдардың (құрылғылардың) болуы	өрескел
	Іргетастарда және (немесе) жабындарда орнатылатын қойма сыйымдылықтары орналасқан,	

743.	сыйымдылығы бір сыйымдылықтағы ең үлкен көлемнен кем емес (борттардың биіктігі тұғырықты толтыру мүмкіндігінен 0,2 м жоғары көзделеді) борттары бар су өткізбейтін және тоттануға төзімді тұғырықтардың болуы	өрескел
744.	Борттары бар тұғырлар мен алаңдарды авариялық төгілулерді жою және оларды одан әрі бейтараптандыру үшін стационарлық немесе жылжымалы құрылғылармен жарактандыру. Арнайы кәрізге төгусіз ашық қоймаларға арналған тұғырларды атмосфералық жауын-шашыннан қорғауды қамтамасыз ету не олардан босату жүйесімен жабдықтау.	елеулі
745.	Сұйық қышқылдарды сақтауға арналған сыйымды жабдықтарда (сыйымдылығы 1 метр куб және одан да жоғары жинағыштар, резервуарлар), төменнен құйып алатын құбыржолдарында екі тиекті құрылғылардың болуы, оның біреуі тікелей ыдыстың штуцеріне қосылады	өрескел
746.	Қышқылға арналған сыйымдылық жабдықтарында тартып соратын желдетудің болуы	өрескел
747.	Желдеткіш және газдан тазалау қондырғыларын дұрыс пайдалану, мезгілімен және сапалы жөндеу үшін желдеткіштік қызметінің болуы	өрескел
748.	Желдеткішті жүйелер мен газдан тазарту құрылымдарын пайдалану кезінде төменде көрсетілген құжаттардың болуы: 1) пайдалану және жөндеу туралы технологиялық регламенттің; 2) желдеткішті жүйелерді және шаңнан, газдан тазартқыш қондырғыларды пайдалану және жөндеу кітапшасының; 3) ауа арналарын, сүзгілеуші элементтер регенерацияларын тазалау, аппараттардағы сулы газ тазалау ерітінділерін ауыстыру жұмыстарының кестелерінің;	елеулі

	<p>4) жоспарлы-алдын-алу жөндеулер кестелерінің;</p> <p>5) барлық желдеткішті жүйелердің ауа арналарының таралу сызбаларымен және орналасқан орнын көрсететін құжаттарының. Желдету жүйелерінің қондырғы жұмысының нақты параметрлерінің жобалық параметрлерге сәйкестігін жылына кемінде бір рет тексеруді жүзеге асыру.</p>	
749.	Апаратты жөндеуге тоқтату кезінде бекітпе қою үшін, технологиялық аппараттардың кәріздік сулар құбыржолдарының гидравликалық ауа бекітпелері мен ернемекті қосылуларының болуы	өрескел
750.	<p>Өндірісте жарықтандырудың келесі түрлерінің болуы:</p> <p>1) жұмыстық;</p> <p>2) авариялық қауіпсіз жарықтандыру;</p> <p>3) авариялы эвакуациялық жарықтандыру</p>	өрескел
751.	Жұмыс орындарының аспалы крандармен көлеңкеленуін болдырмау үшін крандардың темір құрылымдарына ілініп қойылатын қосымша кран астындағы жарықтандырудың болуы	елеулі
6-бөлім Жүк көтергіш механизмдерді (барлық типтегі жүк көтергіш крандар, жүк және жолаушы лифттер, көтергіштер (мұнаралар) пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптар		
Жүккөтергіш крандар		
752.	Дайындаушымен ұсынылған құжаттардың (паспорт, пайдалану бойынша нұсқаулық) болуы. Паспорттардың нысаны қойылған талаптарға сәйкес келуі	өрескел
753.	Дайындаушының атауы немесе оның тауарлық белгісі, жүк көтергіштігі, шығарылған күні, зауыттық (сәйкестендірілген) нөмірі, нормативтік техникалық құжаттамаға сәйкес басқа да мәліметтер көрсетілген тактаның, анық есепке алынған (тіркеу) нөмірі, жүк көтергіштігі және	елеулі

	келесі жартылай немесе толық техникалық куәландыру күні көрсетілген тақтаның болуы	
754.	Нормативті қызмет мерзімі өткен жүккөтергіш механизмдерді (крандар, лифттер, көтергіштер) уақытылы одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды жүргізу	өрескел
755.	Жүккөтергіштер механизмдердің металл құрылымын коррозиядан қорғау	елеулі
756.	Тіркелмейтін жүк көтергіш механизмдерді есепке алу журналының болуы	елеулі
757.	Жүккөтергіш механизмдерді, алмалы-салмалы жүк қармау құрылғылары мен ыдыстарды қауіпсіз пайдалануды қадағалайтын инженерлік-техникалық жұмыскерді, жүккөтергіш механизмдерді, ақаусыз күйде ұстауға жауапты инженерлік-техникалық жұмыскерді, жүктерді тасымалдау бойынша кранның қауіпсіз жұмыс істеуіне жауапты адамды (адамдарды) тағайындау, краншыларды, олардың көмекшілерін, слесарларды, электромонтерларды, қауіпсіздік құралдарын баптаушыларды және ілмектеушілерді жұмысқа жіберу туралы бұйрықтардың болуы	елеулі
758.	Жүк көтергіш крандардың бұранды, кілтек және оймакілтек қосылыстары өздігінен босаудан немесе ажыратылудан сақтандырылуының болуы	елеулі
759.	Алмалы-салмалы жүк қармау құрылғыларын есепке алу журналының болуы. Алмалы-салмалы жүк қармау құрылғыларында таңбамен немесе берік бекітілген металды биркамен жабдықталуы, ыдыста оның қолданылуы, нөмірі, өз салмағы және жүк көтергіштігінің көрсетілуі. Алмалы-салмалы жүк қармау құрылғыларын уақытылы	елеулі

	тексеру, тексеру нәтижесін рәсімдеу. Арқан және ыдыстарды тексерудің әдісі мен ретін, арқанның жарамсыздығының критерияларын, кездескен ақауларды жою әдісін анықтайтын технологиялық регламенттің болуы	
760.	Жүк көтергіштігі 5 тонна және одан астам ілгектің шанышқылары сомынның өздігіне ағытылуын болдырмайтын тоқтатқыш тетікпен бекітілуі	елеулі
761.	Крандардың жүк көтергіш және электрталдар ілгектерінде сақтандырғыш құлпының болуы	өрескел
762.	Арнайы орындалған жүк ілгектерінің паспорты, Грейферге дайындаушы кәсіпорын, нөмірлері, көлемі, өзіндік салмағы, оған үйілетін материал түрі мен көсіп алынған материалдың неғұрлым рұқсат етілген салмағы көрсетілген тақтайшаның болуы	өрескел
763.	Арқандар мен шынжырларды таңдау. Арқанды орнатардан бұрын есеппен тексерілу, сертификат болуы. Арқандарды уақытылы жарамсыздығын анықтауды жүзеге асыру	өрескел
764.	Жүк қармауыш мәрмнің ең төменгі болуы мүмкін қалпында барабанда арқанның немесе шынжырдың кемінде бір жарым орамы оралған күйде болуы. Барабан қалқандары оралған арқанның жоғарғы қатпарынан жоғары тұруы	елеулі
765.	Жебе және жүк полиспастардың блоктарынан арқанды шығыр жылғасынан шығармайтын құрылғылардың болуы. Қабатталған полиспасты қолданғанда теңдестіретін блок немесе теңгергіштің болуы	елеулі емес
766.	Жүк көтеру механизмдерінің, жылжу, бұрылыс механизмдерінің тежегіштерінің болуы және ақаусыз болуы. Тежегіш құрылғысының тежегіш тегершігінің бетіне ылғалдың немесе майдың тікелей тиюінен	елеулі

	қорғанысы болуы. Ашық ауада рельс жолдары арқылы қозғалатын жүк көтергіш крандар айдап әкетуге қарсы құрылғылармен жабдықталуы	
767.	Рельс жолдарының соңдарында тұйық тіреулер мен буферлік құрылғылар болуы	елеулі
768.	Түгенделген таңбаланған жүктер (қарсы салмақ пен балласт) болуы	елеулі
769.	Қауіпсіздік аспаптары мен құралдары болуы мен ақаусыз болуы (соңғы ажыратқаштар, бұғаттағыштар, жүккөтергіштің шектегіші, кілт-марка, креномер, анемометрлер, жүк көтергіштік көрсеткіші, дыбысты дабыл беру аспабы, жарықтандыру)	өрескел
770.	Басты троллей жетегіне немесе иілгіш кабельге кернеу беретін ажыратқыш құрылғысында оны ажыратылған күйде бекітуге арналған аспаптың болуы	елеулі
771.	Жүк көтергіш механизміне басқару аппараттарын ілудің сәйкестігі. Аппараттардағы қозғалысты туындататын бағыттардың шартты белгіленуі	елеулі
772.	Электр жетегі бар жүк көтергіш крандардың кабиналарындағы резеңке диэлектрлік кілемшенің болуы	елеулі
773.	Жүк көтергіш кранның қозғалыста болатын оңай қолжетімді бөлігінің қоршауларының болуы	елеулі
774.	Крандардың және тірек арбалардың қозғалыс дөңгелектерінің қалқандары болуы және сәйкес келуі	елеулі
775.	Басты троллей сымдары және олардың тоқ қабылдағыштарына кран көпірінен, сатылардан, тиеу алаңдарынан және басқа да адамдар болуы мүмкін жерлерден кездейсоқ тиіп кету мүмкіндігін болдырмау. Негізгі немесе көмекші троллей сымдарымен жүк арқандарының соқтығысуы мүмкін орындарда сәйкесінше қорғаныстың болуы	өрескел

776.	Көпірлі, жылжымалы, консольді кранның стационарлық сатысы бар, отырғызу алаңының қойылған талаптарға сәйкестігі	өрескел
777.	Жүк көтергіш крандарда көпір типті крандардың қызмет көрсетуге арналған алаңдары мен галереялары, шеткі бөренелерінде тұтас қоршау және аралық байланысы бар таяныштармен қоршалуы	өрескел
778.	Еңіс баспалдақтарда таяныштар мен тік баспалдақтарда доға түрінде қоршаулар болуы және сәйкес келуі	өрескел
779.	Жүккөтергіш механизмдердің шығып тұратын тіреулерінің астындағы төсеніштер болуы мен жағдайы	елеулі
780.	Жүккөтергіш механизмдердің крандық рельс жолының (теміржол крандары жолдарын қоспағанда) жобасының, крандық рельс жолының нивелирлеу нәтижелері мен тапсыру-қабылдау актісінің болуы	өрескел
781.	Жүккөтергіш механизмдерінің ішінара, толық және кезектен тыс техникалық куәландыруларын (динамикалық және статикалық сынақтар) уақытылы өткізу	өрескел
782.	Жүккөтергіш механизмдерінің паспорттарында жұмысқа қосу туралы жазбалардың болуы	елеулі
783.	Жүккөтергіш механизмдерін жоспарлы-алдын ала жөндеу кестесінің болуы мен оның орындалуы. Крандарға мерзімдік тексерулер және техникалық қызмет көрсету нәтижелері журналының болуы және жүргізілуі	елеулі
784.	Вахта журналының болуы мен жүргізілуі	елеулі
785.	Жүктеме-рұқсат беру тәртібінің сақталуы	елеулі
	Құрылыс-монтаж жұмыс өндірісі, жүктерді жинау, жылжымалы құрамды арту және түсіруге технологиялық регламенттерінің болуы. Технологиялық	

786.	регламенттермен кранмен қауіпсіз жұмыс өндірісіне жауапты тұлғаны , крандардың машинистерін және стропалшыларды таныстыру (қол қою арқылы)	елеулі
787.	Жұмыс өндірісінің орындарына строптау және ілу әдісінің графикалық бейнесі мен кранмен ауыстырылатын негізгі жүктердің тізімі, олардың салмағын көрсетумен ілінуі	елеулі
788.	Кранмен жүктерді ауыстыру бойынша жұмыстарды қауіпсіз орындау (жат тұлғалардың болмауы, кранды орнату, жылжымалы құрамды арту мен түсіру) талаптарының сақталуы. Жүктерді ауыстыру бойынша жұмыс өндірісінің жобасының болуы	өрескел
789.	Рельс жолдарының жобалау күйінен шекті ауытқу шамаларының сәйкестігі	елеулі
790.	Крандар мен арбалардың жүріс доңғалақтары, блоктар, дабылдар, ілгектер, тегершіктер мен тежеуіш жапсырмаларды уақытылы жарамсыздығын анықтау	өрескел
Лифтілер		
791.	Лифтілерді пайдалану жөніндегі басшылық (нұсқаулық) пен паспорттардың болуы. Паспорттардың нысанының қойылған талаптарға сәйкес келуі	өрескел
792.	Лифттерді қабылдау актысы, лифттің техникалық дайындығының актысы, жабдықтың жерге қосу (нөлдеу) элементтерінің кедергісі өлшемін қарау және өлшеу және қуатты электр жабдығы, басқару және дабыл тізбектері, қуатты және жарық электр сымдары оқшауларының кедергісі өлшемін өлшеу хаттамалары, жасырын жұмыстарға актылар, лифттің мерзімдік техникалық куәландыру актысы	өрескел
	Лифтіге техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша жұмыстарды ұйымдастыруға	

793.	жауапты тұлғаны тағайындау және бекіту туралы, лифтіні пайдалануды ұйымдастыруға жауапты тұлғаны тағайындау туралы, лифтінің ақаусыз күйіне жауапты электрмеханикті тағайындау және бекіту туралы, медициналық куәландыру мен білім тексеруінен өткен лифтшілер мен операторлар туралы бұйрықтардың (өкімдердің) болуы.	елеулі
794.	Лифтіге техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша жұмыстарды ұйымдастыруға жауапты тұлғаның (IV төмен емес), электромеханиктердің (III төмен емес), лифтшілер мен операторлардың (II төмен емес) электрқауіпсіздік бойынша біліктілік топтарының болуы	өрескел
795.	Лифтіні ауысымдық тексеру журналы мен лифтіге техникалық қызмет көрсету журналының болуы мен толтырылуы	елеулі
796.	Лифтіге техникалық қызмет көрсету жұмыс өндірісінің технологиялық регламенті болуы	елеулі
797.	Иесі немесе пайдаланушы ұйым әзірлеген лифтіні қолдану қағидаларының болуы мен сақталуы. лифті атауы (қолданылуы бойынша), жүк көтергіштігі (жолаушылардың шекті рұқсат етілетін санын көрсете отырып), есептік (тіркелу) нөмірі, қызмет көрсететін персоналмен немесе апаттық қызметпен байланысту телефонының нөмірі көрсетілген тақтайшаның болуы. Машиналық (блоктық) үй-жайының есігінде "Лифтінің машиналық (блоктық) үй-жайы. Бөтен адамдарға кіруге болмайды" жазуының болуы	елеулі
798.	Лифт кабиналардың автоматты түрде тоқтау нақтылығын қамтамасыз ету: ± 15 мм – жүк лифтілерінде, толық көлікпен толтырылған және аурухана лифтілері; ± 5 мм – басқа лифтілерде	елеулі

799.	Шахтаның есігі автоматты түрде ашылатын лифтілердің лифт шахтасына бөтен адам кіргенде басқару жүйесі ажыратылатын құрылғысының болуы және ақаусыз болуы	өрескел
800.	Лифт шахтасы жан жағынан барлық биіктігіне қоршалуы (болаттан жасалған табақ, металл табақтар, әйнектер, арматуралы әйнектер, сымнан жасалған металл сым торлар және бұрғылап тесілген болат табақтар), жоғарғы жабу және едені болуы. Жалпы бір шахтада бірнеше лифтілердің орналасуы кезінде олар бір бірінен шахтаны қоршауға арналған материалдардан шахтаның биіктік бойына бөлінуінің болуы	өрескел
801.	Машина және блокты бөлменің еденімен арқанды жіберу үшін жиек тесігінің арасындағы саңылау және оны арқанмен жиекке тым жақындатқан кезде 15 мм ден 50 мм сай келуі. Саңылаудың жан жағында биіктігі 50 мм кемес емес борттың бар болуы	өрескел
802.	Қиякестердің көлденеңге 600 кем емес болуы	елеулі
803.	Кабиналардың (теңсалмақтың): жылдамдығы 0,5 м/с дейін қоса алғанда жүк таситын кіші лифтілерде $(0,1 + 0,065 \times V^2)$ м, басқа барлық лифтілерде $(0,2 + 0,035 \times V^2)$ м, (мұндағы V лифтінің орташа салмағы м/с) кем болмайтындай арақашықтықта, жоғары жеңіл кіру мүмкіндігін қамтамасыз ету; бос кабинаның (теңсалмақтың) қосылған соңғы ажыратқыштан тоқтағаннан кейін, шахтаның жоғарғы бөлігі, үстінен 200 мм кем емес, жаяу жол лифтісінде – 150 мм кем емес ара қашықтықтан жеңіл кіру мүмкіндігін қамтамасыз ету	елеулі
	Кабина төбесіндегі қызмет жасайтындар үшін алаңшалардағы және шахта жабынның төменгі	

804.	жағында немесе жабдықтың орналасқан деңгей арасындағы саңылау (осы алаңдардың астында), 750 мм кем болмайтын (кіші жүк лифтілерінен басқа) қашықтық қамтамасыз ету	елеулі
805.	Кабиналар тежегіште немесе шұңқыр еденінен кабинаның төменгі шығыңқы бөлігіне дейін толық қысылған буферде болғанда – 750 мм кем емес, кіші жүк таситын лифтілерде бұл ара қашықтық – 50 мм кем болмауын қамтамасыз ету	елеулі
806.	Тереңдігі 2000 мм дейін шұңқырға түсетін және одан шығатын (қапсырма, табандар) құрылғы болуы. Шұңқыр тереңдігі 2000 мм көп болған жағдайда сыртқа ашылатын кіретін, көлемі 500*1800 мм (ені * биіктігі), кілтке жабылатын және оның жабылуын бақылайтын ажыратқышпен жабдықталған есіктің болуы. Шұңқырдың жер асты суларынан және ағынды сулардың жиналуынан қорғалуы	елеулі
807.	Шұңқырда тірегіштер мен буферлердің (оның ішінде гидравликалық) болуы және ақаусыз болуы	елеулі
808.	Лифт шахтасын, машиналық және блоктық үй-жайларды, және оларға кіре берістерді, лифт кабинасын жарықтандыру	елеулі
809.	Лифт шахтасында лифтке қатысы жоқ жабдықтарды орнатуға және коммуникацияларды, бу құбырларын және газ құбырларын өткізуге жол бермеу	өрескел
810.	Машина бөлмесінің екі және одан да көп лифтілерді жүкшығырға орнатқан кезде, төмен вольтті трансформаторды басқаратын жиынтық құрылғыға, алғашқы құрылғыларға белгілі лифтілерге арналғандығы туралы белгі қойылуы. Кіріспе құрылғыларын машина бөлмесіне кіретін есікке жақын және төмен вольтті	өрескел

	трансформаторды басқаратын жиынтық құрылғыдан бөлек орнату	
811.	Люк арқылы машина бөлмесіне кіруге, лифтіге қатысы жоқ, басқа бөлмелерге немесе солар арқылы шатырға өту үшін машина және блокты бөлмелерді қолдануға жол бермеу	өрескел
812.	Лифттің машиналық үй-жайында өтетін жолдар енін қамтамасыз ету	елеулі
813.	Лифттің машиналық үй-жайында жөндеу жұмыстарын жүргізуге арналған жүк көтеру құрылғысын асып қоюға жабдықтар болуы	өрескел
814.	Шахтаның есігі, отырғызу (тиеу) алаңынан 150 мм аралыққа кеткенге дейін автоматты кілтке жабылатын құралмен жабықталуы. Қолмен жабылатын шахтаның есігі, автоматты кілеттен басқа, есік автоматты емес кілтпен немесе жабық күйде есікті ұстайтын құралмен жабықталуы	өрескел
815.	Жаяужол лифтісінде люктің қақпағы (жарма) кабинаның шахтадан шыққан кезде автоматты түрде ашылып және шахтаға қайта оралған кезде жабылуының болуы	өрескел
816.	Бағыттаушының соңғы жапсарлас бөлігі жапсармен бірге әрекеттесіп жапсарласудан ауытқуынан қорғалуы	елеулі
817.	Жүкшығырдың тісті және шынжырлы беру, электрлі қозғалтқышының соңғы бос белдігі және редуктор кенеттен тиіп кеттуден қоршалуы. Жұмыс істемейтін қоршалмаған үстіңгі айналмалы бөлігінің сары түске боялуы	елеулі
818.	Жүкшығыр кабинаны қолмен ауыстыруға болатын құралмен жабықталуы	елеулі
819.	Жүкшығырдың редукторы май деңгейін көрсеткішінің болуы	елеулі
	Жүкшығырдың дұрыс-бекітілген түрлі автоматты жұмыс істейтін	

820.	тежегіш жабдықталуы және ақаусыз болуы	өрескел
821.	Жүкшығырға жүкшығырды дайындаушы – кәсіпорынның атауы немесе тауар белгісі, жүкшығырдың зауыттық нөмірі және оның шығарылған жылы, белдікке шығатын орташа айналмалы кезі көрсетілген тақтайша болуы. Ұстағыштар дайындаушының атауы немесе оның тауарлық белгісі, зауыттық нөмірі, дайындалған жылы, ұстаушының түрі (бірден тоқтау, жоспарлы тежеу, құрастырылған) оларға арналған лифтінің орташа жылдамдығы, бірден тоқтау ұстағыштары және құрастырылған ұстағыштар үшін – ең үлкен ұсталатын есептік масса, жоспарлы тежегішті ұстағыштар үшін – таралған тежегіш күші жазылған тақтайша болуы. Жылдамдықты тежегіште дайындаушының атауы немесе оның тауар белгісі, зауыттық нөмірі және дайындалған жылы, лифтінің орташа жылдамдығы, жылдамдықты тежегішті іске қосу жылдамдығы, арқанның диаметрі немес шынжыр қадамының жазылған тақтайша болуы. Гидроцилиндрде тақтайша болуы	елеулі
822.	Лифтінің кабинасы ұстағыштармен жабдықталуы мен оның ақаусыздығы	өрескел
823.	Кабинаның отырғызу (тиеу) алаңының арасында болуы кезінде автоматты түрде ашылатын кабинаның есігін қолмен ашылуына жол бермеу	өрескел
824.	Жаппай қоршалған және жаппай есіктері бар лифт кабинасында желдеткіш тесіктерінің болуы	өрескел
825.	Люкті, кабинада орнатылған тура басқару постының үстіна орнатуға жол бермеу	өрескел
826.	Лифт кабинасы мен теңсалмақтың табандықпен жабдықталуы	елеулі
827.	Қарсы салмақ жүктерін тік ауыстыруды болдырмау үшін бекіту	елеулі

828.	Жылдамдықты шектегіштің болуы мен ақаусыздығы. Жылдамдықты тежегіштің, жұмыс жылдамдығында кабинаның (қарсы салмақ) қозғалысы кезінде іске қосылуын тексеру құрылғысының болуы	өрескел
829.	Шынжырларда дайындаушымен жүргізілген қабылдау-өткізу хаттамасы, арқандардың сертификатының болуы	елеулі
830.	Лифтте қолданылатын арқандарды тұтастандыруға жол берілмеуі	өрескел
831.	Жүк арқандары мен шынжырлардың орнату кезіндегі есептелуі	елеулі
832.	Электрлік құрылғының техникалық сипаттамасы, электрлік желі және олардың орындалуы лифт қысымының көлемі бойынша параметріне және қуат беретін желінің жиілігіне, тоқ қысымына, оны пайдалану, сақтау және тасымалдау талаптарының беріктігіне сәйкес болуы	елеулі
833.	Кіріспе құрылғысының болуы мен ақаусыздығы	өрескел
834.	Иінтіректі басқаруда кабинаның ақырғы отырғызу алаңдарында тоқтауы автоматты түрде жүзеге асырылуы	өрескел
835.	Лифтті басқару жүйесінің ақаусыздығын тексеру	өрескел
836.	Соңғы ажыратқышты, кабина есігі мен шахта есігін жабу ажыратқыштарын, арқанның керіп созылған құрылғысының, кабина люгының құлпын ақаусыздыққа тексеру	өрескел
837.	Гидроагрегат және гидроцилиндрдың ауа жіберуге арналған құрылғымен, гидроцилиндрдегі жұмыс сұйықтығы қысымының шамасын бақылауға арналған манометрмен жабдықталуы. Жұмыс сұйықтығының жүйесіне арналған бакта минималды берілген деңгейін белгілеумен жұмыс сұйықтығы деңгейін көрсетушінің орнатылуы	елеулі

838.	Лифттің статикалық және динамикалық сынақтан өтуі, гидравликалық буферлар мен ұстағыштарды, жылдамдықты шектегішті сынау	өрескел
839.	Лифттің жұмысына диспетчерлік бақылау жүйесінің болуы	елеулі
840.	Лифт шаруашылығы болат арқандарын уақытылы жарамсыздығын анықтау	өрескел
Көтергіштер		
841.	Көтергіштерді қауіпсіз пайдалануды қадағалауға жауапты инженер – техникалық қызметкерді тағайындау, жөндеу қызметін жасау, көтергішті ақаусыз қалыпта ұстау үшін оны ақаусыз қалыпта техникалық күтіп ұстауға жауапты инженер-техникалық қызметкерді тағайындау, көтергіштің машинистерін жұмысқа жіберу	елеулі
842.	Көтергіштің люлькаларында таяныштары, қаптамалар, қосымша жұқа тақтайшалар болуы	өрескел
843.	Телескоптық секцияда немесе шығанақты көтеру механизмінде қолданылатын болат арқандардың беріктілігінің есебі	өрескел
844.	Қауіпсіздік жүйелері мен құралдар жұмысын тексеру: 1) мөлшерлі жүкті шектегіші; 2) тігінен орналасқан жағдайда люльканың бағытын қадағалау жүйесі; 3) қызмет көрсету аймағын шектейтін соңғы ажыратқыштары; 4) көтергіштің шығару тіректеріне (аутригерлер) орнату кезіндегі жебенің бұрылысы және көтергіш механизмнің бұғаттау жүйесі; 5) жебенің жұмыс істеп тұрған кезінде шығару тіректерінің көтеру жүйесін бұғаттау құрылысы; 6) гидравликалық жүйе, гидросорғы немесе электрлі қозғалтқыш тоқтап қалған кезде люльканы апаттық түсіру жүйесі; 7) көтергіштің қозғалуы кезінде шығару тіректерінің өздігінен жылжуынан сақтайтын құрылғы;	өрескел

	<p>8) көтергіштің еңіс бұрышының көрсеткіші;</p> <p>9) люлькадағыдай және төменгі басқару пультіндегідей басқару пультімен қозғалтқыштың апаттық тоқтау жүйесі;</p> <p>10) анемометр (көтеру биіктігі 22 метрден асатын көтергіштер үшін)</p> <p>.</p>	
845.	Екі басқару пультімен көтергіште көтергішті бір уақытта екі пультпен басқару мүмкіндігін болдырмайтын бұғаттау жүйесінің болуы	өрескел
846.	Көтергіштің басқару пультінде дыбыстық дабыл мен қозғалтқышты апаттық тоқтату	өрескел
847.	Құбырлар мен оның ішінде түтік құбырларды байланыстыру, құрылғыларды байланыстыратын орындардың герметикалық болуы	елеулі
848.	Гидробакте жұмыс сұйықтығының максималды және минималды деңгейі көрсетілуі. Жұмыс сұйықтығының деңгейін анықтауға қуыс бұрғыны пайдалануын болдырмау	елеулі
849.	Гидрокөтергіштің машинистінің жұмыс орнына жақын жерде орналасқан иілгіш түтік құбырлар, сақтандырғыш қаптама немесе экранмен қорғалған болуы	елеулі
850.	Гидрожетек тоқтап қалған жағдайда люльканы апатты түрде түсіруін қамтамасыз ету	өрескел
851.	Өткізгіштердің механикалық бүлінуі мүмкін жерлерде оларды сақтандыру шараларының болуы	елеулі
852.	Көтергіштің жерге тұйықтау немесе нөлге қоюын қамтамасыз ету	өрескел
853.	Көтергіштің паспортында жұмысқа қосу туралы жазбаның болуы. Көтергіштің үлгісі, зауыт нөмірі, есептік (тіркелу) нөмірі, жүккөтергіштігі және кезекті техникалық Ккуәландыру жүргізу күні көрсетілген тақтайшамен жабдықталуы	елеулі
	Мөлшерлі жүкті шектегішті бақылау жүгімен сынау,	

854.	статикалық және динамикалық сынақтардан өткізу, нәтижесін рәсімдеу	өрескел
855.	Көтергішті жоспарлы-алды ала жөндеу кестесінің болуы және оның орындалуы	елеулі
856.	Шекті – жүктелім беру тәртібі	елеулі
7-бөлім. Қауіпті өндірістік объектілер үшін қысыммен жұмыс істейтін жабдықтарды пайдалану кезінде қойылатын талаптар		
1-кіші бөлім. Қысыммен жұмыс істейтін ыдыстарға қойылатын талаптар		
857.	Техникалық куәландыру, тазалау, жуу, толық босату, үрлеу, жөндеу, металл мен қосылыстарды пайдалану бақылауын жүргізуді қамтамасыз ететін және қадағалайтын есептік қызмет мерзімі ішінде пайдалануды қамтамасыз ететін жағдайлардың болуы	өрескел
858.	Бекіту немесе бекіту-реттеу арматурасының, қысымды өлшеуге арналған аспаптардың, Температураны өлшеуге арналған аспаптардың, сақтандыру құрылғыларының, сұйықтық деңгейін нұсқағыштардың болуы.	өрескел
859.	Болуы: - арматураның ашылу және жабылу бағытын көрсететін бекіту арматурасының арматурасы мен маховиктерінде таңбалау; - шартты өтуі 20 мм-ден асатын арматураға арналған паспорт.	елеулі
860.	Жарылыс қауіпті, өрт қауіпті заттарға арналған ыдыстарда сорғыдан немесе компрессордан шығатын желілерді отпен немесе газбен жылытатын 1 және 2-сыныпты заттар, ыдыстан келетін қысыммен автоматты түрде жабылатын кері клапандар, сорғы (компрессор) мен ыдыстың тиек арматурасы арасындағы кері клапандардың болуы.	өрескел
861.	Болуы: - оны ортаның, температураның тікелей әсерінен қорғайтын және манометрдің жұмысын қамтамасыз ететін; - манометрлер мен құбырларды қатып қалудан қорғау;	өрескел

	<ul style="list-style-type: none"> - манометрлерге тексеру жүргізу туралы белгісі бар таңба, тексерудің кешіктірілуінің болмауы, шынының жай-күйі; - қысымнан аз қысымға есептелген бұрғыш құбырларда. 	
862.	<p>Болуы:</p> <ul style="list-style-type: none"> - бақылау манометрімен мерзімді тексеру үшін манометр мен ыдыс арасында орнатылатын үш жүрісті крандар; - май буферінің немесе басқа құрылғылардың сифон түтігі; - сақтандыру клапандарының саны және есептеу бойынша таңдалған олардың өткізу қабілеті; - қысымның рұқсат етілген мәннен жоғары көтерілуінен сақтандыру құрылғылары; - жұмыс кезінде оны мәжбүрлеп ашу арқылы клапандардың жарамдылығын тексеруге арналған құрылғылар; - оны қоректендіретін көздің қысымынан аз қысымға есептелген бұрғыш құбыр жолдарында манометрі және сақтандырғыш клапаны бар автоматты редуциялайтын құрылғы; - бір қысымда жұмыс істейтін ыдыстардың топтарында, ыдыстардың біріне бірінші тармақталғанға дейін жалпы жеткізуші құбырда манометрі және сақтандырғыш клапаны бар редуциялайтын құрылғы - қабырғалардың температурасы өзгерген кезде жұмыс істейтін ыдыстарда, ыдыстың ұзындығы мен биіктігі бойынша қыздыру жылдамдығы мен біркелкілігін бақылауға арналған аспаптар және жылу ауысуларын бақылауға арналған реперлер. 	өрескел
863.	<p>Болуы:</p> <ul style="list-style-type: none"> - сақтандырғыш клапандардың паспорттары және пайдалану жөніндегі Нұсқаулық; - сақтандыру клапандарын баптау және реттеу нәтижелері туралы журналдағы жазбалар; 	елеулі

	- бақылау манометрімен жұмыс манометрлерін тексеру журналы.	
864.	Мембраналық сақтандыру құрылғыларын орнату кезінде дайындаушының талаптарын сақтау. Іске қосу қысымы мен пайдаланудың рұқсат етілетін жұмыс температурасы көрсетілген мембраналарда зауыттық таңбаның және бір типті мембраналардың барлық партиясының паспортының болуы .	елеулі
865.	<p>Болуы:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ыдысқа тікелей қосылған келте құбырлардағы немесе құбырлардағы сақтандыру клапандары; - олардағы жұмыс ортасының қатып қалуынан қорғайтын құрылғылар; - бұрғыш құбырларда, сақтандырғыш клапандарда және импульстік желілерде конденсатты жою үшін дренаждық құрылғылардың конденсаты жиналуы мүмкін орындарда; - ыдыс пен сақтандыру клапанының арасындағы, сақтандыру клапанының артындағы бекіту және реттеу арматурасы; - ыдыстардағы сұйықтық деңгейін бақылау көрсеткіштері; - жұмыс ортасының деңгейі бойынша дыбыстық және басқа да сигнализаторлар мен бұғаттауларда; - рұқсат етілген жоғарғы және төменгі шектер деңгейінің көрсеткіштері; - персоналды жарақаттанудан қорғау үшін жұмыс ортасы деңгейінің көрсеткіштеріндегі қорғау құрылғылары 	өрескел
866.	Сақтандыру клапандарын пайдалану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген технологиялық процестің шарттарына байланысты клапандардың жарамдылығын тексеру туралы журналда жазбалардың болуы.	елеулі

867.	Бдыстардың қауіпсіздік аспаптарына қызмет көрсетуге арналған ыдыстарға ыңғайлы қызмет көрсетуге арналған қоршаулар мен сатылардың болуы .	елеулі
868.	Есептік қызмет мерзімін өтеген ыдысты одан әрі пайдалану мүмкіндігі туралы аттестатталған ұйымның актілері мен сараптамалық қорытындысының болуы және ыдыстарды техникалық куәландыру нәтижелері туралы паспортта белгілердің болуы.	өрескел
869.	Техникалық куәландыруды жүргізу туралы паспорттардың және Паспорттардағы жазбалардың және ыдыстарды техникалық куәландыру мерзімдерінің болуы.	елеулі
870.	Баллондарды дайындаушы ұсынған баллондарды техникалық куәландыруды жүргізу әдістемесінің болуы.	елеулі
871.	<p>Мынадай жұмыс түрлерін жүргізу бойынша технологиялық регламенттердің болуы және сақталуы:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ортаның әсері металдың химиялық құрамы мен механикалық қасиеттерінің нашарлауына әкелетін ыдыстарды, жұмыс кезінде қабырға температурасы 450 Цельсий градустан асатын ыдыстарды техникалық куәландыру; - жұмыс қысымына тең қысыммен ауамен немесе инертті газбен қауіптілігі 1, 2, 3, 4-кластағы зиянды заттардың (Сұйықтықтар мен газдар) қысымымен жұмыс істейтін ыдыстарды техникалық куәландыру; - қауіптілігі 1 және 2-сыныпты зиянды заттармен жұмыс істейтін ыдыстарды ішкі тексеру кезінде; - пайдаланудағы ыдыстарды кезектен тыс куәландыру кезінде; - қысыммен жұмыс істейтін ыдысты қауіпсіз пайдалану және 	елеулі

	<p>оған техникалық қызмет көрсету бойынша;</p> <p>- ыдысты авариялық тоқтату және кейіннен жұмысқа қосу.</p>	
872.	<p>Қысыммен жұмыс істейтін ыдыстарды пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өндірістік бақылау және қадағалау құру жөніндегі іс-шараларды орындау.</p> <p>Сауыттардың жарамды жай-күйі мен қауіпсіз іс-әрекеті үшін, сауыттардың техникалық жай-күйін және пайдаланылуын қадағалау бойынша жауапты тұлғаларға бұйрықтардың болуы.</p>	елеулі
873.	<p>Болуы:</p> <p>- ыдыс паспортында, есепке қою және есептен шығару туралы хабарлама,</p> <p>сондай-ақ дайындаушы ұсынған монтаждау, жөндеу және тексеру жөніндегі нұсқаулықтар;</p> <p>- ыдысты пайдаланудың рұқсат етілген параметрлерін және келесі куәландыру мерзімдерін көрсете отырып, куәландыруға қатысқан адамдардың ыдыстарды техникалық куәландыру нәтижелері туралы, сондай-ақ мәліметтердің дұрыстығы мен дұрыстығы туралы техникалық куәландыру актісі және ыдыстар паспорттарындағы жазбалар;</p> <p>- ыдыстардағы зауыттық тақтайшалар.</p>	елеулі
874.	<p>Болуы:</p> <p>- Толтыру күні, цистерналар мен бөшкелерді дайындаушының атауы, зауыт нөмірі, толтыруды жүргізген адамның қолы көрсетілген журналдың толтыру станцияларында;</p> <p>- цистерналарды, бөшкелерді қарау нәтижелері журналы және толтыру туралы мәліметтер;</p> <p>- бояу немесе жазулар.</p>	елеулі
	<p>Ақаулы цистерналарды немесе бөшкелерді газбен толтыруға жол бермеу:</p> <p>- егер куәландыру мерзімі өтіп кетсе;</p>	

875.	<p>-арматура мен бақылау-өлшеу аспаптары жоқ немесе ақаулы болса;</p> <p>- - цистерналарда немесе бөшкелерде олар арналған басқа газ болады.</p>	өрескел
876.	<p>Болуы:</p> <p>- сыйымдылығы 100 литрден астам Сығылған, сұйытылған және ерітілген газдарға арналған Баллондарға арналған паспорттар;</p> <p>- сутегімен және басқа да жанғыш газдармен толтырылған Баллондарға арналған вентильдердің бүйір штуцерлерінде - сол бұранда, ал оттегімен және басқа да жанбайтын газдармен толтырылған баллондарда-оң бұранда;</p> <p>- жарылыс қауіпті жанғыш заттарға, бітеуіштер қауіптілігінің 1 және 2-сыныптарындағы зиянды заттарға арналған баллон желдеткіштерінде;</p> <p>- әрбір баллонның жоғарғы сфералық бөлігіндегі мәліметтер, дайындаушының тауар белгісі, баллонның нөмірі, Бос баллонның нақты салмағы, (килограмм);</p> <p>- баллондардың сыртқы бетіндегі тиісті бояу мен жазуларды;</p> <p>- толтыру станциялары мен сынақ пункттерінде баллондарды куәландыруға арналған шарттар;</p> <p>- ұйымға берілген тиісті қаріппен таңба;</p> <p>- цистерналар мен бөшкелерді газдармен толтыру және цистерналар мен бөшкелерді босату жөніндегі технологиялық регламент;</p> <p>- баллондарды пайдалану, сақтау және тасымалдау бойынша;</p> <p>- баллондарды сұйытылған газдармен толтыру бойынша;</p> <p>- баллонның нөмірі, күні, баллонның массасы, сыйымдылығы, жұмыс және сынама қысымы.</p> <p>- ацетиленге арналған баллондарды қоспағанда, баллондарды куәландыру</p>	елеулі

	<p>нәтижелері туралы жазбалар журналында жазылады;</p> <ul style="list-style-type: none"> - ацетилен толтыру станцияларында ацетиленге арналған баллондарды куәландыру мерзімдері; - ацетиленге арналған баллондарды куәландыру нәтижелері бойынша журналдар; - тасымалдау және сақтау кезінде баллондардағы сақтандыру қалпақтары; - газ толтыру және тұтыну пункттерінде баллондарды жылжытуға арналған құрылғылар. 	
877.	<p>Газы бар баллондарды сақтау жөніндегі талаптарды және оттегі мен жанғыш газдары бар баллондарды үй-жайларда сақтау шарттарын және газы бар баллондарды үй-жайларда, жылыту радиаторларынан, басқа да жылыту аспаптары мен пештерінен және ашық отты жылу көздерінен орнату қашықтығын сақтау.</p>	өрескел
878.	<p>Баллондарды толтыруға жол бермеу:</p> <ul style="list-style-type: none"> - куәландыру мерзімі өткен, кеуекті массаны тексеру мерзімі бар; - егер баллонның корпусы зақымдалған болса, вентильдері ақаулы болса; - тиісті бояу мен жазулар жоқ; - артық газ қысымы жоқ; - орнатылған таңбалар жоқ. 	өрескел
2-кіші бөлім. Қазандықтардың конструкцияларына қойылатын талаптар		
879.	<p>Қазандықтардың жұмыс барысында есептік параметрлерде қазандықтарды қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету бойынша жағдайлардың болуы, металды техникалық куәландыру, тазалау, жуу, жөндеу және пайдалану бақылауын жүргізу мүмкіндігі:</p> <p>Тексеру және дефектоскопия жүргізу үшін;</p> <ul style="list-style-type: none"> - қысым астындағы элементтердің қабырғалары; 	өрескел

	- элементтердің біркелкі қызуы, жеке элементтердің еркін кеңеюі.	
880.	<p>Болуы:</p> <ul style="list-style-type: none"> - жылумен кеңейту кезінде қазандық элементтерінің орнын ауыстыру көрсеткіштері (реперлер); - жылу оқшаулау бетінің жоғары температурасы бар қазандықтар мен құбыржолдар элементтерінің учаскелерінде; - қазандық элементтерінің қабырғаларын салқындатуды тудырмайтын қорғаныс құрылғылары, қоректік суды енгізу, қазандыққа химикаттарды беру және рециркуляция құбырларын қосу, барабанда қоректік суды бөлу кезінде; Газ құбырларында газдардың жарылыс қаупі бар жиналуын бақылау және жану өнімдерінің шөгінділерінен газ жолдарын тазарту үшін жағдайларды қамтамасыз ету; Газ құбырлы (жаротрубты) қазандықтардағы су деңгейін бақылау. 	елеулі
881.	<p>Жарылғыш сақтандырғыш құрылғылардың болуы</p> <ul style="list-style-type: none"> - отынды камералық жағатын (шаң тәріздес, газ тәріздес, сұйық) немесе шымтезекті, үгінділерді, жоңқаларды немесе басқа да ұсақ Өндірістік қалдықтарды жағуға арналған шахта оттығы бар қазандықтарда; - қазандықтың оттығында, газ құбырларында, олар ашылған кезде газдардың сыртқа ағуын болдырмайтын құрылғыларда. 	өрескел
882.	Кәдеге Жаратушы қазандыққа апаратын технологиялық желіде қазанды негізгі технологиялық желіден ажырататын құрылғылардың болуы.	өрескел
883.	Шойын экономайзерлерді қосу схемасының монтаждау және пайдалану бойынша дайындаушының талаптарына	елеулі

	сәйкестігі, шойын экономайзерден шығудағы судың температурасын бақылауды жүзеге асыру.	
884.	<p>Қазандықта мынадай құрылғылар болуы тиіс::</p> <ul style="list-style-type: none"> - қоректік немесе желілік суды жеткізу, қазандықты тоқтату кезінде қазандықты үрлеу және суды ағызу, қазандықтан суды толтыру және жағу кезінде ауаны шығару, бу қыздырғыш пен бу құбырын үрлеу, су мен бу сынамаларын алу, қазандықты химиялық тазарту кезінде пайдалану кезеңінде түзету реагенттерін және жуу реагенттерін қазандық суға енгізу, қазандықты химиялық тазарту кезінде суды немесе буды бұру жағу кезінде барабандарды жағу және тоқтату, қыздыру. 	өрескел
885.	Конденсатты бұруды қамтамасыз ететін бекіту органдарымен ажыратылатын бу құбырының барлық учаскелерінде дренаждар орнату.	өрескел
886.	<p>Болуы:</p> <ul style="list-style-type: none"> - қазандықтар мен олардың элементтерін монтаждау және жөндеу жөніндегі технологиялық регламенттер, оларды орындайтын ұйым (дайындаушы, жөндеу немесе монтаждау ұйымы, жөндеу қызметі) әзірлеген - қазандыққа төлқұжаттар, жоғары температуралы органикалық жылу тасымалдағыштармен жұмыс істейтін қазандыққа арналған дербес бу қыздырғыш және экономайзер; - есептік қызмет мерзімі кезеңінде монтаждау және пайдалану кезінде металды жөндеуге және бақылауға қойылатын талаптарды қамтитын монтаждау және пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар; - автономды бу қыздырғыштағы және экономайзердегі зауыттық тақтайшалар; - бу және су жылыту қазандықтарының сақтандыру 	елеулі

	құрылғыларының өткізу қабілетін есептеу.	
887.	Қазандықтарда қауіпсіз жағдайларды және қазандарды пайдаланудың есептік режимдерін қамтамасыз ететін құрылғылардың болуы: - қысымның жоғарылауынан сақтандыратын құрылғылар (сақтандыру құрылғылары), су деңгейінің көрсеткіштері, манометрлер, орта температурасын өлшеуге арналған аспаптар, бекіту және реттеу арматурасы, қауіпсіздік құралдары, коректік құрылғылар.	өрескел
888.	Қысымы 4 мегапаскальдан (шаршы сантиметрге 40 килограмм) жоғары бу қазандықтарында (жылжымалы қазандықтарды қоспағанда) импульсті сақтандырғыш клапандарды орнату	өрескел
889.	Сақтандыру құрылғыларының болуы: - бу қыздырғышсыз табиғи айналымдағы бу қазандықтарында тікелей ағынды бу қазандықтарында, аралық бу қыздырғыштардағы су жылыту қазандықтарында мәжбүрлі айналымдағы қазандықтарда.	өрескел
890.	Сақтандыру құрылғыларын қорғалатын элементпен жалғайтын келте құбырдан немесе құбырдан ортаның іріктелуіне жол бермеуді бақылауды жүзеге асыру.	өрескел
891.	Буды клапандарға жеткізу кезінде және импульстік сақтандырғыш құрылғылардың импульсті және бас клапаны арасындағы құбырларда тиек органдарының болуы.	өрескел
	Болуы: - жүк немесе серіппелі клапанда қазандық жұмыс істеп тұрған кезде оны мәжбүрлеп ашу арқылы клапанның жарамдылығын тексеруге арналған құрылғы; - олар іске қосылған кезде персоналды күйіктен сақтайтын	

892.	<p>сақтандыру клапандарынан бұратын құрылғылар;</p> <ul style="list-style-type: none"> - су жылыту қазандығының, экономайзердің сақтандыру клапандарынан су бұру құбырларындағы бекіту органдары; - бу қазандығында, тікелей әсер ететін су деңгейінің көрсеткіштерінде; - мөлдір пластиналардың бу қазандықтарының тікелей әсер ету деңгейінің көрсеткіштерінде; - су деңгейінің көрсеткіштерінде оларды қазандықтан ажырату және үрлеу үшін бекіту арматурасымен (крандармен немесе вентильдермен) ; - қазандық барабанының жоғарғы бөлігінде орнатылған сынақ кранының су жылыту қазандықтарында, ал барабан болмаған кезде-судың қазаннан магистральдық құбырға шығуында бекіту құрылғысына дейін; - бірнеше жеке су көрсеткіш пластиналардан тұратын су деңгейінің көрсеткіштері; - көру қабілеті нашар болған кезде деңгейдің төмендетілген қашықтық көрсеткіштері. 	өрескел
893.	<p>Орнату:</p> <ul style="list-style-type: none"> - су арқылы ажыратылатын экономайзердегі манометрлер, судың кіруінде бекіту органына және сақтандыру клапанына дейін , судың шығуында-бекіту органына және сақтандыру клапанына дейін; - қазандыққа кіретін су жылытатын қазандықтардағы манометрлер және қазандықтан тиек органына дейін қыздырылған судың шығуында, циркуляциялық сорғылардың сору және айдау желілерінде биіктігі бойынша бір деңгейде орналасқан, сондай-ақ қазандықты қоректендіру немесе жылу желісін қоректендіру желілерінде. 	өрескел
	Болуы:	

894.	<p>- пайдалану шарттарына сәйкес келетін жұмыс қысымының шамасын бөлудегі қызыл сызық манометр шкаласында;</p> <p>- әрбір манометрдің алдындағы үш жүрісті крандар немесе Манометрді үрлеуге, тексеруге және ажыратуға арналған басқа ұқсас құрылғы.</p>	елеулі
895.	<p>Манометрлерді орнату орындарын оның көрсеткіштері Қызмет көрсетуші персоналға анық көрінуі үшін тексеру. Бақылау алаңы деңгейінің биіктігінде орнату кезінде манометрлер диаметрлерінің сәйкестігі. Манометрлердің дәлдік класына сәйкестігі.</p>	елеулі
896.	<p>Егер тексеру жүргізілгені туралы белгісі бар таңба болмаса, Манометрді тексеру мерзімі өтіп кетсе, манометрдің бағыттамасы оны ажырату кезінде шкаланың нөлдік белгісіне осы манометр үшін жол берілетін қателіктің жартысынан асатын мәнге оралмайды, шыны сынған немесе оның көрсеткіштерінің дұрыстығына әсер етуі мүмкін манометрдің басқа да зақымданулары бар болса, манометрлерді қолдануға жол берілмейді.</p>	өрескел
	<p>Болуы:</p> <p>- бу қыздырғышы бар қазандарда, әрбір бу құбырында қыздырылған будың температурасын өлшеуге арналған аспаптың басты ысырмасына дейін;</p> <p>- бу өнімділігі сағатына 20 тоннадан астам табиғи айналымы бар қазандықтарда, бу өнімділігі сағатына 1 тоннадан астам тура ағатын қазандарда қызып кеткен бу температурасын үздіксіз тіркейтін аспаптар мен аспаптарды көрсететін;</p> <p>- қыздырылған будың жалпы бу құбырларында Орнатылатын бу температурасын өлшеуге арналған бірнеше параллель секциялары бар бу қыздырғыштарда, әрбір секциядан шыға берісте бу</p>	

1035.	<p>Машиналар мен механизмдердің барлық қозғалыстағы және айналмалы бөліктерінде, өткізгіш пен берілістің барлық элементтерінде сенімді бекітілген қоршаулар болуы тиіс, бұл жұмыс істеп тұрғанда оларға кіруге жол бермейді.</p> <p>Еден деңгейінен 2,5 метр (қоса алғанда) биіктікте орналасқан немесе жұмыс алаңдарынан кездейсоқ жанау мүмкіндігі бар қондырғылардың барлық ашық қозғалыстағы бөліктері қоршалады, тек функционалдық тағайындамасы бойынша рұқсат етілмейтін бөліктер ғана қоршалмайды. Қоршау тұтас немесе торкөзінің өлшемдері 20x20 миллиметрлік торлардан жасалады.</p> <p>Егер машиналардың атқарушы органдары адамдар үшін қауіп тудырса және қоршалмаса, онда машиналардың іске қосылғандығын ескертетін дабыл және энергия көзінен ажырататын және тоқтататын құралдар қарастырылады.</p> <p>Машиналар мен механизмдерді энергия көздерінен ажырататын және тоқтататын құралдар технологиялық талаптарға сай болуы тиіс және машиналарды,</p>	өрескел

	<p>механизмдерді және агрегаттарды апаттық ажырату қажет болған жағдайда персонал мен басқа тұлғаларға қол жетімді орындарда орналасуы тиіс.</p>	
1036.	<p>Орналасу биіктігіне және айналу жылдамдығына қарамастан тісті, таспалы және тізбекті берілістерде тұтас қоршаулардың болуы. Қоршаулар алынбалы, берік және тот басуға және механикалық әсерлерге төзімді болуы тиіс. Қиын орындарда орналасқан агрегаттардың қозғалмалы бөліктері құлыпталатын құралы бар жалпы қоршалады</p>	өрескел
1037.	<p>Монтаждаудан немесе жөндеуден кейін қондырғыны жұмысқа қосу жауапты тұлға тарапынан қауіпті аумақта адамдар болмауын тексергеннен кейін ғана іске асырылады</p>	елеулі
1038.	<p>Қондырғыны жұмысқа қосар алдында ескертетін жарық немесе дыбыстық дабылды беру. Көрінетін аумақтан тыс орналасқан қондырғыны жұмысқа қауіпсіз қосу тәртібін қамтамасыз ету: ескертетін жарық дабылын беру, ұзақтығы 10 секундтан кем болмауы тиіс, іске қосылатын барлық механизмдерге естілуі тиіс . Бірінші дабылдан кейін 30 секундтан кем емес уақыт тосу қажет, содан кейін қондырғыны іске қосар алдында ұзақтығы 30 секундтық екінші дабыл беріледі. Механизмдер мен қондырғыларды іске қосу жоғарыда аталған іске қосу алдындағы дабылды қамтамасыз ететін құралмен блокталады. Қондырғыларды іске қосу іске қосылатын қондырғының атауын және технологиялық нөмірленуін көрсету арқылы дыбыс күшейткіш байланыспен хабарланады. Аса қатты шулы орындарда қайталағыш жарық дабылы қарастырылады. Дабылдарды беру тәртібі іске қосылатын қондырғыларды пайдаланатын және қызмет көрсететін барлық</p>	елеулі

	жұмысшылардың мәліметіне алдын ала жеткізіледі. Берілетін дабылдардың шартты белгіленуі жұмыс орындарында ілінеді	
1039.	Технологиялық регламентті қадағалау арқылы қондырғылардың пайдаланылуын қамтамасыз ету	өрескел
1040.	Техникалық құралдардың ақаусыздығын және жинақтылығын тұрақты тексеру: ауысым сайын машинист (оператор) тарапынан, күнделікті – учаске механигі, энергетигі тарапынан және ай сайын – объектінің бас механигімен, бас энергетигімен немесе тағайындалған тұлғамен. Тексеру нәтижелерін ауысымды қабылдау-тапсыру журналында көрсету қажет. Ақаулы техникалық құралдарды пайдалануға жол бермеу	елеулі
1041.	Қозғалмалы бөліктерді және қоршауларды жөндеуге және қызмет көрсетуге жол бермеу, жұмыс істеп тұрған машиналар мен механизмдерді қолмен майлауға және төгінділерді қолмен жинауға жол бермеу	өрескел
1042.	Зауыт шығарушының пайдалану жетекшілігіне, техникалық төлқұжатына, нормативтік құжаттарына сәйкес техникалық қондырғылардың пайдаланылуын, қызмет көрсетілуін, олардың монтаждалуын, демонтаждалуын қамтамасыз ету. Зауыт шығарушымен нормаланған техникалық сипаттамаларды қамтамасыз ету, қондырғыны пайдаланудың барлық кезеңінде қадағалау	елеулі
1043.	Сұрыптау-қораптау автоматтары машинисінің және қораптау желісінің жұмыс аумағында пакеттерге, жәшіктерге немесе қаптарға салынған дайын өнімдерді қоймалау технологиялық регламентке сәйкес жүргізіледі	елеулі

1044.	Қораптау машинасына арналған жай тауарлық өнім қоймасынан қабырғалармен бөлініп, арасына конвейерлік таспа өтетін саңылау қалдырылады. Саңылаулар өнімнің конвейер арқылы өтуіне кедергі келтірмейтін арнайы алжапқыштар немесе перделер түрінде нығыздалып жабылады	елеулі
1045.	Қораптау машинасы машинисінің жұмыс орнына ыдыстарды механизациялық тәсілмен тасымалдау. Пресс-конвейер алдында дайын өнімдері бар қаптарды бағыттау үшін арнайы бағыттағыш құралын орнату	елеулі
1046.	Қызмет көрсететін персонал еркін кіретін жайларда орналасқан шнекті тиегіштердің түсіру саңылауларын жауып тұратын жылжымалы құрал орнату. Шнекті тиегіштерге арбаның жүрісін шектейтін құрал орнату	өрескел
1047.	Кен қабылдайтын корпустың (бөлімшенің) алдына шанаптар алаңында құрамдардың (автосамосвалдардың, төңгершектердің, канаты жолдардың, механизмдердің) кіруіне рұқсат ететін немесе тыйым салатын бағдаршам орнату . Кейбір жағдайларда түсіру жұмыстары шлагбаумнан блокталатын және шанап алдында орнатылған бағдаршамның рұқсат ететін дабылы бойынша іске асырылады. Қабылдау және түсіру құралдарының және шанаптарының жұмыс алаңдарында теміржол құрамдарының келгендігі туралы қызмет көрсететін персоналға хабарлауға арналған дыбыстық және жарық дабылдары орнатылады. Дабылдар құрамдар келіп жеткенге дейін және төңгершекті көтергіштер мен канатты жолдардың жұмысы басталғанға дейін 1,5-2,0 минут қалғанда беріледі	өрескел
	Жұмыс алаңдарында қабылдау құралдарының болуы, теміржол	

1048.	рельстері басының деңгейінде жылжымалы құрамға қызмет көрсетуге арналған өтпелер қарастырылады. Осы мақсаттар үшін рельстердің арасына рельс бастарының деңгейімен бірге төсемелер жабдыкталады	елеулі
1049.	Теміржолдардың габариттеріне кеннің төгілуіне және бөгде заттардың шашылуына жол бермеу	елеулі
1050.	Қабылдау құралдарына апаратын шанаптардың қабылдағыш ойықтарында жөндеу жұмыстары жүргізілген кезде көлік персоналына бұл туралы хабарлау арқылы шлагбаумдардың жолын жабу. Поезд құрамдары қабылдау құралдарының ауданынан шығарылады. Екі немесе одан да көп қабылдау шанаптары болған кезде, олардың бірінде жөндеу жұмыстарын қамтамасыз ету үшін басшымен бекітілетін жұмыстарды ұйымдастыру жобасы әзірленеді	елеулі
1051.	Шанаптың қабылдау алаңы мен нәрлендіргіш алаңдарының және ірі ұсату ұсатқышының арасында байланыстың (телефон, дыбыс күшейткіш, жарық) болуы	елеулі
1052.	Қабылдау құралдарының бүйірлерінде және түсіретін жаққа қарама қарсы жағында тиеу саңылауларында берік жақтаулары бар қоршаудың болуы . Екі жақты түсіру кезінде бүйірлік жағынан қоршаулардың болуы	өрескел
1053.	Шаң түзілген жағдайда шанаптардың қабылдау алаңдарында және өнімдерді тиеу алаңдарында шаң басудың (шаң тұту) болуы	елеулі
1054.	Шанаптардағы кен күмбездерін, іліктастарын жою үшін арнайы аспаптар мен құралдардың (электровибратор, пневматикалық құрал, гидрожую) болуы. Бұл мақсаттар үшін адамдардың шанапқа түсуіне жол бермеу. Түсіру қақпақтары ашық болған жағдайда қабылдау	елеулі

	шанаптарының түсірілуіне жол бермеу	
1055.	Егер аралық шанаптар өздігінен түсірілетін арбалармен толтырылмаса, онда оларды төсемелермен жабдықтау. Өздігінен түсірілетін арбаларды немесе реверсивтік конвейерлерді қолданған кезде түсіру саңылаулары торкөз ені 200x200 миллиметрден артық емес торлармен жабылады немесе биіктігі 1 метрден кем емес қоршаулармен жабдыкталады. Шанаптарға мұндай қоршауларды немесе торларды конвейерлік көлікті қайта тиеу орындарында орнату	өрескел
1056.	Жөндеу жұмыстарын орындау немесе қарау үшін адамдарды қабылдау оймаларына (шанаптарына) түсірумен байланысты жұмыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жұмыстарды ұйымдастыру жобасын құрастыру, бұл кезде келесі талаптар міндетті қадағалануы тиіс: 1) жұмыстар наряд-рұқсат бойынша орындалады; 2) шанапты, оның құрылымдарын, шанап үстіндегі алаңдарды және теміржолдарды осы учаскедегі материалдардан толық тазалау, шанаптың ауа ортасын желдету және жағдайын бақылау; 3) аралық шанаптардың қабылдау және көлік құралдарының жұмыс алаңдарында және шанаптық ысырмалардың механизмдерінде шанаптың ішінде жүргізілетін жұмыстарды көрсететін ескерту дабылдары орнатылады; 4) жұмысшыларды шанапқа түсірер алдында тиеу және түсіру нәрлендіргіштері тоқтатылып, ажыратылады, "Қосуға болмайды! Адамдар жұмыс істеуде!" плакаттары ілінеді, бұрынғы және кейінгі қондырғылардың электрлік сызбалары бөлшектеліп, сымдары токтан ажыратылады;	елеулі

	<p>5) заттардың жұмыс істеп тұрған шанапқа түсіп кетуінің алдын ала алмайтындай жағдай болса, шанаптағы жұмыс істеп жатқан адамдардың зақымдануына жол бермейтіндей сенімді жабындылар қойылады;</p> <p>6) шанаптағы жұмыстар кезінде бригада үш адамнан тұрады, оның екеуі шанап үстіндегі бөлікте орналасады;</p> <p>7) жөндеу жұмыстарын жүргізетін жұмысшылар сақтандыру белдіктерін киіп, берік тіреулерге байланады. Жұмыс кезінде тросты немесе канатты шанап үстіндегі бөлікте тұрған бақылаушы адам ұстап тұрады;</p> <p>8) жарықтандыру үшін шанаптың ішінде кернеуі 12 Вольттан артық емес жылжымалы шамдар қолданылады</p>	
1057.	Кенді автокөлікпен берген кезде қабылдау шанабының түсіру алаңында тіреулер орнату, ол автокөліктердің шанапқа сырғуына жол бермейді	елеулі
1058.	<p>Ұсатқыштың жұмыс кеңістігінде кеннің ірі кесектері тұрып қалған кезде оларды ұсатқыштан көтергіш құралдардың көмегімен немесе жару арқылы алу қажет.</p> <p>Ұсатқышта тұрып қалған кен кесектерін қолмен алуға жол бермеу.</p> <p>Ұсатқыштың жұмыс кеңістігінде тұрып қалған ірі кен кесектерін балғамен немесе шой балғамен ұсатуға жол бермеу</p>	елеулі
1059.	Ұсатқыштың жұмыс кеңістігіне адамдарды түсірген кезде сақтандыру белдіктерін қолдану, ұсатқыштың тиеу саңылауларының үстіне уақытша төсемелерді қолдану, ол жұмыс жүргізу жобасына сәйкес бөгде заттардың құлап кетуінен адамдарды сақтандырады, жұмыстарды наряд рұксат бойынша жүргізу	өрескел
	Електердің түсіру және тиеу оймаларының барлық ені бойынша қызмет көрсететін	

1060.	персоналды кен кесектерінің лақтырылуынан қорғайтын қорғаныс аспаптарының болуы	елеулі
1061.	Електерді іске қосар алдында жүктердің барлық бекітпелерін, әсіресе теңсіз дебаланстық жүктердің бекітпелерін мұқият қарау	елеулі
1062.	<p>Ұсатқыштардан кен кесектерінің лақтырылуының алдын алу мақсатында тиеу саңылауларына келесілерді орнату қарастырылады :</p> <p>1) конусты ұсатқыштар үшін – тұйық алынбалы қоршаулар, " үйінді" астында жұмыс істейтін I кезеңнің ірі ұсату ұсатқыштарынан басқасы.</p> <p>2) жақты ұсатқыштар үшін – ұсатқыштың жұмыс кеңістігінен жайларға қарай кен кесектерінің лақтырылуына жол бермейтін қалқаншалары бар биіктігі 1 метрден кем емес бүйірлік тұйық қоршаулар</p>	өрескел
1063.	Нәрлендіргіштердің кенді електерге, тиеу және түсіру оймаларына беретін шығару саңылауларында жүргізу жұмыс істеп тұрған нәрлендіргіштер мен електер кезінде тек арнайы жүргізу саңылаулары бар болғанда ғана рұқсат етіледі	елеулі
1064.	Осы Ережелерді қадағалаған кезде түсіру електерін қолмен тазалауға және түсіру оймаларына адамдарды түсіруге болады. Електердегі электр двигательдерін ажыратқан кезде іске қосу құралдарына "Жұмыс істеуге болмайды! Адамдар жұмыс істеуде!" ескерту плакаттары ілінеді	өрескел
1065.	Жұмыс кезінде электр дірілді нәрлендіргіштердің науаларын тазалау кезінде нәрлендіргіштің беткейіне тұруға, оларға қол тигізуге, дірілді сымдардың саңылауын тазалауға жол бермеу	өрескел
	Корпус қақпағы ашық қалғанда ұсатқыштың іске қосылуына жол бермейтіндей жұдырықты,	

1066.	көлденең және тік балғалы ұсатқыштарға блоктағыш құралдарды орнату	өрескел
1067.	Қақпағының салмағы 50 килограммнан артық жұдырықты және көлденең балғалы ұсатқыштардың корпустарын ашып-жабуды механизациялық тәсілмен жүргізу	өрескел
1068.	Жарылысқа қауіпті шаң түзілетіндей ұсату кезінде шаң жарылысына жол бермейтін шараларды орындау арқылы кенді ұсату	елеулі
1069.	Жергілікті басқару кезінде диірмендер мен классификаторлардың іске қосу құралдары қондырғыны іске қосқан адамның беті осы қондырғылардың жұмысын бақылайтындай орналасуы тиіс	елеулі
1070.	Диірменнің қақпағы төмен қараған кезде қақпақтың бұрандаларын бұрауға немесе босатуға жол бермеу, диірменнің жүрісі кезінде ұйықты нәрлендіргіштің қабық бұрандаларын бекіту	өрескел
1071.	Шарларды контейнерлерге тиеу орындарын қоршау, "Қауіпті!" плакатын ілу. Контейнерді көтерген кезде адамдардың қауіпсіз қашықтықта болуы. Контейнерлерге шарларды беткейлерден төмен 100 миллиметрден төмен деңгейге дейін тиеу	елеулі
1072.	Технологиялық регламентке сәйкес өзектерді тиеу бойынша шарлы нәрлендіргіштерді, механизмдерді пайдалану	елеулі
	Классификаторларға қызмет көрсету үшін жұмыс алаңдарын классификатор ваннасының беткейінен төмен 600 миллиметрден кем емес деңгейде орналастыру қажет. Классификатор ваннасына қарама қарсы жағынан жұмыс алаңдары биіктігі 1000 миллиметрлік металл жақтаулармен жабдықталады.	

1073.	<p>Классификаторға айналу механизмдеріне қауіпсіз қызмет көрсету және спираль мен рейкаларды қауіпсіз көтеру үшін жақтаулары бар көпіршелер (алаңдар) жабдықтау қажет, сымдардың элементтері қоршалады.</p> <p>Классификаторға айналу механизмдеріне қауіпсіз қызмет көрсету және спираль мен рейкаларды қауіпсіз көтеру үшін жақтаулары бар көпіршелер (алаңдар) орнату</p>	өрескел
1074.	<p>Орта және ұсақ ұсату ұсатқыштарында, оларды кенмен нәрлендіретін таспалы конвейерлерге металдың түсіп кетпеуіне жол бермес үшін металл іздестіргіштерді, алғыштарды, магниттік шайбаларды, арнайы құралдарды орнату. Жұмыс аумағынан шығарылмаған магниттік алғыштан және конвейер таспасынан металды алуды тек конвейер тоқтатылғаннан кейін және магниттік жүйе ажыратылғаннан кейін ғана жүргізу</p>	елеулі
1075.	<p>Шығыс алаңдарындағы аралық бөшкелерге және нәрлендіргіштерге сұйық реагенттерді және реагенттердің ерітінділерін сорғылардың көмегімен құбырлар арқылы беру. Цианид пен күкіртті натрийді құрғақ түрінде нәрлендіру үрдісінің тікелей нүктесіне беруге жол бермеу. Флотациялық бөлімшелер бойынша реагенттердің шағын мөлшерін арнайы жабық сауыттармен тасымалдауға рұқсат етіледі</p>	елеулі
1076.	<p>Реагенттерден сынаманы механизациялық аспаптардың көмегімен алу. Жұмысшы реагенттерден сынаманы қолмен алған кезде сабының ұзындығы 200 миллиметрден кем емес сынама алғыштарды қолдану</p>	елеулі
1077.	<p>Цианидтердің шығыс бөшкесінің реагент алаңдарындағы жергілікті желдеткішпен жабдықталған және</p>	елеулі

	құлыпқа жабылатын оқшауланған жайларда орналасуы	
1078.	Беру нүктесіне цианидтердің реагент құбырын енгізу цианид ерітіндісіне еркін қол жеткізу мүмкіндігіне жол бермейтіндей жүргізілуі тиіс. Реагенттерді беру нүктелерінде реагенттердің мөлшерін өлшеуге рұқсат етілмейді	елеулі
1079.	Реагенттердің аралық, шығыс бөшкелерінің астауларын және олармен байланысты коммуникацияларды апаттық ыдыстармен жабдықтау, оларға қажет болған кезде реагенттер толық ағызылады	өрескел
1080.	Флотациялық бөлімшенің дренаждық құралынан тысқары арнайы құбыр арқылы реагент алаңдарындағы ағынды суларды жою	елеулі
1081.	Қышқылдардың цианид және ксантогенат, аэрофлот, күкіртті натрий және гидросульфид ерітінділерімен араласуына жол бермеу. Мыс, мырыш және темір купоросы, хлорлы мырыш және хлорлы кальций ерітінділерінің күкіртті натрий, гидросульфид және цианид ерітінділерімен араласуына жол бермеу, себебі бұл кезде аса улы газдар (күкіртті сутек және синил қышқылы) бөлініп, құбырларды бітеп тастайтын ерімейтін тұнбалардың түзілуі ықтимал	елеулі
1082.	Жинамалы ағаш белдеулі пеногон тоқтатылған кезде камералар шламдалған кезде флотациялық машинаның импеллер блогының шпинделін қолмен бұрау. Двигательді іске қосу тек жұмысшылар белдеуден кеткеннен кейін ғана жүргізіледі	елеулі
1083.	Флотация машиналарын авариялық түсіру және шайылған суларды жинау үшін сорғылары бар зумпфтар (жертөлелер) орнату	елеулі
	Қойыртпақтың технологиялық сынамаларын жұмыс істеп тұрған	

1084.	флотокамералардан тікелей алу пеногон міндетті тоқтатылған кезде бұл мақсаттарға арнайы арналған сынамаалғыштармен жүргізу	елеулі
1085.	Ауаны пневмамеханикалық және пневматикалық флотамашиналардың камераларына беретін ауаүрлегіштерді дыбысты окшаулау және шу жұту бойынша іс-шараларды орындай отырып жеке үй-жайларда орналастыру	елеулі
1086.	Жұмысшылардың флотореагенттермен байланысы мүмкін бөлімдерде суық және ыстық су беретін қолжуғыштар орнату, теріге тиген заттарды ағынды сумен шая отырып, дереу алып тастайтын құрылғылар, көзді шаюға арналған фонтандар орнату	елеулі
1087.	Электрмагнитті және магнитті сепараторларды пайдалану кезінде магнитті жүйеге металдан жасалған заттарды жақындатуға жол бермеу. Электрмагнитті сепараторларды тоқтатқан кезде магнитті жүйенің орамынан кернеу өшіріледі	елеулі
1088.	Құрғақ магнитті және электрмагнитті сепарация кезінде аппаратура тартпа желдету жүйесіне қосылу үшін арналған келте құбыры бар герметикалық қаптамаларға орналастырылады. Жарамсыз және өшірілген желдету кезінде сепараторларды пайдалануға жол бермеу	елеулі
1089.	Науашалар мен сепараторлардың қарау және көсеу люктары жұмыс кезінде жабық тұрады. Қоректендіргіш науасынан жаңқаны және заттарды қолмен алуға жол бермеу. Саңылауды және сепаратор таспасы жүрісінің дұрыстығын реттеуді оның астыңғы жағына бөгде заттарды төсеу арқылы жүргізуге жол бермеу	өрескел
	Электрсепараторы корпусының тозаң ылғалды өткізуіне жол бермеу. Корпус герметикасы және	

1090.	барлық люктар болмаған кезде (байқау саңылаулары) оның тігісінде және қалыңдауларда сепараторды қосуға жол бермеу	өрескел
1091.	Сепаратордың ішкі электрбөлшектеріне қол жеткізуді қамтамасыз ететін есіктер сепаратор жұмысы кезінде оның ашылу мүмкіндігіне жол бермейтін электр бұғаттау орнату. Жоғары кернеу желісінен өшірілген электрсепараторлардың ток жеткізетін бөлшектеріне оларды токтан ажыратуға және индикатормен тексеруге дейін жанасуға жол бермеу. Екінші адамның қатысуынсыз электрсепаратор қаптамасындағы есікті ашуға және жабдыққа, қорғағыштарды ауыстыру, кернеуі төмен аппаратурасы жағында байланыстарды тарту және сүрту сияқты жұмыстар түрлерін қоспағанда ағымдағы жөндеу жүргізуге жол бермеу. Мұндай жағдайда алдын ала кернеу осы аппараттан алынып тасталады	өрескел
1092.	Электрсепаратор машинисі мен түзеткіш құрылғылар операторының жұмыс орындары арнайы диэлектрлі окшаулаулағыштарды пайдалана отырып жабдықтау	өрескел
1093.	Жарылысқауіпті немесе улы булар мен газдардың көп мөлшерде бөлінуі мүмкін өндірістік үй-жайлар үшін, ұсақтағыштардағы шаңның жарылуы кезінде күкіртті газдың бөлінуі мүмкін балғалы ұсақтағыштар бөлімдері үшін авариялық тартпа желдету құрылғысын қарастыру	өрескел
	Балғалы ұсақтағыштардың жұмыс кеңістігінде күкіртті кен шаңы жарылуының алдын алу үшін мыналар қамтамасыз етіледі: 1) жұмыс істеп тұрған ұсақтағыштардың ұсақтау аймағына өңделген буды немесе ұсақшашыранды суды (тұманқалыптастырғыштармен, форсункалармен) тұрақты беру;	

1094.	2) ұсақтау бөліміндегі барлық электртехникалық жабдықтарды, құбыржолдарды, металл ауа үрлегіштерін, конвейерлер жақтауларын, металл құрылымдарын жерге қосу тізбегінің үздіксіздігін қамтамасыз ету жолымен ұсатқыштарда статикалық электр жиналудан қорғау	өрескел
1095.	Жылытылатын ұсақтау бөлімдерінде және конвейерлік галереяларында (құрғақ ұсақтауда) кендегі күкірттің немесе күкіртті тозаң ошағын өшіру үшін өрт сөндіру крандары бар өртке қарсы су құбырлары, ал жылытылмайтын бөлімдер мен галереяларда өртсөндіргіштер қарастыру	елеулі
1096.	Күкірттік кенді орташа ұсақтау үшін ұсақтағыштарды беттің нөлдік белгісінен төмен орналастыруға жол бермеу	елеулі
1097.	Балғалы ұсақтағыштар бөлімінде жұмысшыларға ұсақтағыштың жақтауында "жарылыс" кезінде қалыптасатын күкіртті газдан қорғау үшін оқшаулау газқағарларымен қамтамасыз ету	елеулі
1098.	Сәулелену көздері пайдаланатын және оларды пайдалануға негізделген сепарация, бақылау және талдау әдістері қолданылатын жұмыстар мен процестерді технологиялық регламентпен сәйкестікте жүзеге асыру	елеулі
1099.	Сәулелену көздерін пайдаланатын фабрикалар шекті рұқсат етілетін дозалардан аспайтын деңгейлерге дейін сәулеленудің жиынтық дозасын төмендетуді қамтамасыз ету	елеулі
1100.	Радиоактивті препараттарды төсеу орындарынан радиоактивті сәулелену тиісті дозиметрлік құралдармен өлшеу	елеулі
	Аппараттардың ішкі беттерін шөгіндерден және қалған материалдан тазарту және оларды тексеру, жөндеу мақсатында жуу	

1101.	атанақтарының, ауыр суспензиядағы байыту аппараттарының және гравитациялық байыту аппаратының жұмыстары ішіндегі жұмыстарды жүктелім-рұқсатнама бойынша жүзеге асыру	өрескел
1102.	Гравитациялық байыту аппараттарының жұмыс істеуі кезінде оның қозғалмалы және айналмалы бөліктерімен жанасуға, мойынтіректерді майлауға, аппараттан бөгде заттарды алуға жол бермеу	өрескел
1103.	Жуылған кен және гравитациялық байыту өнімдерінің сынамасын қолмен алуды бұл мақсатар үшін арнайы белгіленген орындарда жүргізу. Байыту өнімдерінің сынамасын тікелей қозғалмалы тетіктерден қолмен алуға жол бермеу	өрескел
1104.	Ротор үлгісіндегі реттығынды құрылғыларын пайдалану кезінде ауаны атмосфераға шығаруға арналған терезелерді металл торларымен жабу	өрескел
1105.	Шиберлі құрылғының илеуішін жөндеу немесе ауыстыру, шөктіру машинасының ішкі корпусын тазарту және жөндеу бойынша жұмысты сусыздандыру элеваторының башмағын жөндеу немесе тазарту жұмыстарымен бір уақытта жүргізуге жол бермеу. Машина корпусында көрсетілген жұмыстарды жүргізу кезінде элеватордың электрлік сызбасы бүлініп, ескерту плакаты ілінеді	өрескел
1106.	Материалды аппаратқа жеткізетін және байыту өнімдерін алып кететін науашалар еңісі 45 градустан астам болғанда кен мен қойыртпақтың лақтырындысына жол бермес үшін жоғарғы жағынан жабу	өрескел
	Радиалды қойылтқыштар, пирамида тәрізді және астаулы тұндырғыштар, егер бортының үстінгі жақтауы жұмыс алаңының	

1107.	деңгейінен кемінде 1000 миллиметр биіктікте тұрғанда, қоршалады. Борт маңындағы үстінен жабылған пирамида тәрізді тұндырғыштар, егер барлық саңылаулары, жөндеу лазалары мен люктері металл қақпақтарымен жабылса, қоршалмайды	өрескел
1108.	Радиалды қойылтқыштардың, пирамида тәрізді және астаулы тұндырғыштардың борты бойынша жүруге жол бермеу	өрескел
1109.	Сақиналы науашаға тұруға және қойыртпақ қалыңдығын өлшеу кезінде және сынамаларды сұрыптауда ферманың қоршалған алаңына өтуге жол берілмейді. Қызмет көрсетілетін (өтетін) алаңдарға сақиналы науаша сыртына қойылтқыштардың жылжымалы фермасының жүк артын шығаруға жол бермеу. Қойылтқыш жетегінің қызмет көрсетілетін алаңдарының ылғалды әрі тайғанақ бетімен жүруге жол бермеу, қойылтқыштың қозғалмалы фермасына көтерілу таяныштары бар арнайы баспалдақтармен жүзеге асырылады. Қойылтқыштың сақиналы науашасын тазарту жылжымалы жақтаудың жетегін өшіргеннен кейін жүзеге асыру	өрескел
1110.	Материалдың сусыздандыру електерінің ені бойынша біркелкі бөлінуін қамтамасыз ететін құрылғылардың құрылымы сусыздандырылатын материалдың лақтырындысына және қойыртпақтың шашырауына жол бермеу	өрескел
1111.	Лабиринттерді шөгінділерден тазарту бойынша жұмыстарды жүргізу кезінде елек тоқтатылады, електі немесе доғалық елеуішті қоректендіру өшіріледі, іске қосу құрылғыларында: "Қосуға болмайды! Адамдар жұмыс істеп жатыр!" атты плакат ілінеді	өрескел

1112.	Атанақты және дискілі вакуум-сүзгілермен жұмыс істеу кезінде секторларды тартуға жол бермеу	өрескел
1113.	Кектен жақтауларды және төсемдерді тазарту үшін сүзу аппараттарын пайдалану кезінде арнайы күрекшелерді пайдалану	өрескел
1114.	Сүзгі-престің қысу құрылғысының жұмыс істеуі кезінде жақтауларды , плиталарды және сүзгі майлықтарын қолдануға жол бермеу	өрескел
1115.	Кектен сүзгі-престі түсірмес бұрын, ол сұйықтықты барынша жоюға дейін сығылған ауамен үрлеу. Түсіру бойынша жұмысты бір уақытта кемінде екі жұмысшымен жүргізу. Үрлеу кезінде ерітіндінің шашырауына жол бермес үшін сүзгі-пресс матамен жабылады	елеулі
1116.	Вакуум-сүзгінің атанағы қосылып тұрған кезде тартқыш сымның үзілген жерін қалпына келтіруге жол бермеу	өрескел
1117.	Зиянды бөлінділері бар сүзгі аппараттарының жұмысы кезінде тартпа желдету үздіксіз жүргізіледі, нутч-сүзгілер қақпақтармен жабылады	өрескел
1118.	Атанақты сүзгілерде тұнбаны шаю үшін құрылғылар бар болғанда, оларды қызмет көрсететін персоналдың шашырандыларынан қорғау үшін қоршау. Жылжымалы жақтаулары бар жайма сүзгілері тұнбаны шаюға қолайлы стационарлық алаңдармен жабдықтау	өрескел
1119.	Центрифуга ашық қақпақ, жоғары діріл, асыра жүктелім және тұрақсыз коректендіру кезінде оның жұмысына жол бермейтін бұғаттаумен жабдықтау	өрескел
	Жарамсыз бекітпе арматурасы, қорғағыш клапандары мен монометрлері бар буландыру аппаратында өшірілген тартпа желдету, ашық аппарат кезінде	

1120.	<p>қорғау көзілдірігінсіз және ақаулы қарау шыныларымен жұмыс істеуге жол бермеу.</p> <p>Буландыру аппараттары жұмыс істеген кезде тығыздықтардың деңгейін өлшеуді және сынамаларды алуды қамтамасыз ететін буландыру аппараттары осы операцияларды орындаудың қауіпсіз жүйесімен жабдықталады және оларды жүзеге асыру үшін сөндіріледі</p>	өрескел
1121.	<p>Буландыру аппараттарындағы люктерді тура желдетуді қамтамасыз ететіндей етіп орналастыру, ал қорғаныш клапандардан шығарылатын құбырлар сыртқа шығарылады</p>	елеулі
1122.	<p>Буландыру аппаратын жұмыс істеу кезінде қарауға қарау шынысы арқылы ғана қамтамасыз ету. Аппараттардың дәнекерленген тігістерін тексеру үшін қозғалмалы құрылғыны қарастыру</p>	елеулі
1123.	<p>Қызметкерлер құрамын кіргізу үшін қоректендіретін магистральдарды (булы және сұйық) буландыру аппараттарынан сенімді өшіруді, аппараттағы қысымды атмосфералықпен теңестіруді және ондағы температураны плюс 40 градус Цельсия дейін төмендетуді қарастыру.</p> <p>Буландыру аппаратындағы жұмыстар жауапты тұлғаның қатысуымен жүргізіледі</p>	елеулі
1124.	<p>Пештерді тазарту және жөндеу кезінде пеш ішіндегі температура 60оградус Цельсия артық болғанда адамдардың болуына жол бермеу.</p> <p>Пеш қосылып тұрған кезде пештің аузын ашуға, еденді тазартып, кектерді алуға жол бермеу</p>	өрескел
1125.	<p>Пештің маңында төгілген мазут құммен себіліп, алынып тасталады</p> <p>Шығын күбіршігіндегі сұйық отынның тұтануы кезінде сұйық отынды дереу авариялық баққа</p>	елеулі

	шығару және өрт сөндіру бойынша шаралар қабылдау	
1126.	<p>Реакторлар мен сілтісіздендіргіштер оларды сұйықтықтармен толтырудың деңгейін бақылайтын техникалық құралдармен, белгі берумен және белгіленген деңгейден артуына жол бермейтін бұғаттаумен жабдықталады.</p> <p>Компоненттерді, ерітінділерді мөлшерлеу және оларды араластыру газдардың бөлінуі мен қоспалардың шығуы арқылы жүретін қарқынды реакцияларға жол бермейтін автоматтандырылған тәсілмен жүзеге асыру</p>	елеулі
1127.	<p>Реактордың түсіру штуцерлерін тазалау реакторда сұйықтық болмаған кезде және қоректендіретін құбырөткізгіштер жабылған кезде араластырғыштың толық тоқтауы кезінде ғана жүзеге асыру.</p> <p>Ерітінділердің реактор құрылымына авариялық төгілуі үшін тиісті коммуникациялары немесе сыйымдылықтары бар арнайы шығарудың болуы</p>	елеулі
1128.	<p>Реакторлармен жұмыс істеу кезінде олардың қақпақтары тығыз жабылып бекітілуі тиіс.</p> <p>Реакторды жұмысқа қоспас бұрын тартпа және жалпы айналымдық желдетуді қосу. Желдету жүйесі қосылғанға дейін реакторды іске қосу мүмкіндігіне тиісті бұғаттаумен және белгі берумен жол бермеу</p>	өрескел
1129.	<p>Жоғары қысымдағы барлық аппараттарды рұқсат етілген мөлшерлерден аппарат жұмысы режимінің (қысым, температура) ауытқу мүмкіндігіне жол бермейтін бақылау-өлшеу құралдарымен және қорғағыш құрылғыларымен жабдықтау</p>	өрескел
	<p>Жоғары қысымды аппараттарды тиеу және түсіру кезінде оларда механикаландырудың болуы.</p> <p>Жоғары қысымдағы аппараттарды</p>	

1130.	қолмен түсіруге авариялық жағдайларда ғана жол беру және оны кемінде екі жұмысшы түсірілетін өнімдерге сәйкес келетін құбыржолдар магистраліне жүргізу	елеулі
1131.	Атмосферасында адамдардың денсаулығы үшін зиян газдардың, аэрозольдардың, қоспалардың болуы мүмкін барлық үй-жайларды тартпа желдетумен жабдықтау, зиян заттардың шекті рұқсат етілетін шоғырлануы артылғаны туралы белгі жүйелері бар тиісті бакылау-өлшеу құралдарымен жабдықтау. Адамдардың өзін-өзі ұстау, соның ішінде зиян заттардың авариялық лақтырындысы жағдайында олардың жеке қорғаныс құралдарын пайдалану тәртібі технологиялық регламентке сәйкес	елеулі
1132.	Алтын шығару ұйымдарында амальгамация процесін пайдалануға жол бермеу	өрескел
1133.	Жоғары улы реагенттер пайдаланылатын алтын шығару ұйымдары цехтары мен бөлімдерінің едендері, қабырғалары, төбелері және құрылыс құрылымдары тығыз, майда болып орындау және ерітінділерді сіңірмейтін, тез жуылатын гидрофобты жабындылармен жабылады. Таяныштардан басқа тұтас емес қабатаралық аражабындылардың бос шеттеріне биіктігі кемінде 20 сантиметр ылғал өткізбейтін бөгеттер орнату	елеулі
1134.	Алтын шығаратын ұйымдардың (оның ішінде сыйымдылықтар мен жабдықтар астындағы) едендері ерітінділер мен қойыртпақтың жиналуына жол бермейтін дренажды каналдар мен зумпфтарды жағына қарай еңкіш қылып орнату. Алаңдар мен қабатаралық аражабындыларда орнатылатын жабдық астында төмен орналасқан зумпфтарға немесе сыйымдылықтарға	елеулі

	ағызындылары бар дренаж жүйесінің құрылғысын міндетті түрде қарастыру. Сорғылары бар каналдар мен зумпфтардан тұратын едендердің дренаж жүйесі барлық ағынды сулардың жиналуын және олардың технологиялық процеске қайтарылуын қамтамасыз ету	
1135.	Екі процес бірыңғай технологиялық тізбекті құрайтын жағдайларды қоспағанда, бір үй-жайда циандауды қышқыл ортада өтетін процестермен біріктіруге жол бермеу. Бұл жағдайларда ерекше сақтандыру шаралары қабылданады (барлық аппараттардың вакууммен жұмыс істеуі, жұмыс орындарында ауа құрамына үздіксіз бақылау	елеулі
1136.	Технологиялық процестер қышқыл ортада өтетін бөлімдерде жекеленген дренаж жүйелері орнатылады: қышқыл дренажды сулар шығарылмас бұрын бейтараптандырылады. Бұл бөлімдердің едендері, қабырғалары, құрылыс құрылымдары мен жабдықтары қышқылға төзімді жабындыдан тұрады	елеулі
1137.	Ауаны жергілікті сору: 1) ұйымның ұсақтау бөлімінде - ұсақталу цианисты ортада жүзеге асырылатын, диірмендердің тиеу және түсіру мойындарынан; 2) концентратты кептіру бөлімінде - кептіру пештерінің (атанактардың) тиеу және түсіру тесіктерінен; 3) мырыш тұнбаларын кептіру бөлімінде – кептіру шкафтарының (пештерінің) тиеу люктерінен; 4) реагент бөлімінде – улы реагенттер бар ыдысты ашу және босату камерасынан, реагенттер қоректенгіштерінен араластырғыштар мен жинау күбірлерінен; 5) өндірістік ағындыларды зиянсыз ету бөлімінде – зиянсыз ету аппаратураларынан;	елеулі

	<p>6) сорбция бөлімінде – шайырды бөлу үшін пачуктар мен електерден;</p> <p>7) регенерация бөлімінде – регенерация колонкаларынан және реагенттер сыйымдылықтарынан;</p> <p>8) электролиз бөлімінде - электролизерлерден және графиттелген ватинді жағу үшін пештерден көзделеді</p>	
1138.	Қалдық газдардың шығарылу жағдайлары жобалау құжаттамасымен белгілеу	елеулі
1139.	Жоғары концентрациялы жарылыс қауіпі бар және өрт қауіпі бар заттардың бөлінуі мүмкін болатын аппараттардың тартпа желдетіс жүйелерін жарылысқауіпсіз орындау	елеулі
1140.	<p>Қызмет көрсететін персоналдың цианисті ерітінділермен (қойыртпақпен) тікелей байланысына жол бермес үшін және жұмыс аймағына улы бөлінулерді төмендету үшін, циандау бөлімінің жабдығы және сыйымдылықтары барынша тығыздалады немесе жергілікті соруы бар жабындармен жабдықталады.</p> <p>Технологиялық процесті бақылау және жабдықтарды басқару толығымен автоматтандырылып немесе қашықтықтан жүзеге асыру</p>	елеулі
1141.	Цианисті процестің жабдығы мен сыйымдылықтары ерітіндінің (қойыртпақтың) кездейсоқ құйылу мүмкіндігін ескертетін автоматты құрылғылармен және қайта құю құбырөткізгіштермен жабдықтау	елеулі
1142.	Цианисті ерітінділермен (қойыртпақпен) немесе олардың буларымен жанасатын жабдықтың бөлшектері, құбырөткізгіштер, арматура және құрылғылар цианисті төзімді материалдардан дайындау, түсті металдан және олардың қорытпаларынан жасау, ал электржетек пен бөлшектер цианидпен байланысудан оқшауланады	елеулі

1143.	Жабылмаған және аспирацияланбайтын жабдықтар мен сыйымдылықтардағы цианисті ерітінділердегі (қойыртпақтағы) қорғау сілтісінің шоғырлануын СаО бойынша 0,01-0,025 %-дан төмен емес деңгейде тұрақты ұстау	елеулі
1144.	Циандау және цианисті ерітінділерді дайындау бөлімдерінде ауа үй-жайлардың жоғарғы аймағынан тартпа желдетумен жою. Ауа сору желдету жүйелерінің ауасы жұмыс аймағындағы белгіленген жұмыс орындарына және өту жолдарына беру	елеулі
1145.	Вакуум-сорғылармен сорылатын газ-ауа қоспасы атмосфераға шығарылмас бұрын зиянды компоненттер мен майлардан тазарту; оның ауа сору желдету жүйелерінің ауа жинау құрылғыларына түсуіне жол бермеу	елеулі
1146.	Тазарту сүзгілерінен және тұндыру қондырғыларынан алынбас бұрын сүзгілеу қаптары (төсемдері) цианидтерді толық жойылғанға дейін сумен шаю	елеулі
1147.	Сүзгі матасын регенерациялау бойынша барлық жұмыстарды (қышқылмен өңдеу, жуу, кептіру) механикаландыру. Тікелей сүзгіде сүзгілеу матасын қышқылды жууға сүзгіні қойыртпақтан босатқаннан және оны цианидтарды толық жойғанға дейін сумен егжей-тегжейлі шайғаннан кейін ғана ерекше жағдайларда жол беріледі	елеулі
1148.	Мырыш тұнбаларын кептіруге, ұнтақтауға, сынауға және орауға арналған үй-жайларды циандау бөлімінен оқшаулау және лақтырындыларды технологиялық , санитарлық тазарта отырып, жалпы айналымдық желдетумен жабдықтау. Мырыш тұнбаларын ашық пештерде кептіруге жол бермеу; кептіру вакуум астындағы	елеулі

	тығыздалған кептіру шкафтарында (пештерінде) жүзеге асырылады	
1149.	Кептірілген мырыш тұнбалары бар қаңылтыр табаларды салқындатуды вакуум астындағы тығыздалған кептіру шкафтарында жүргізу қажет	елеулі
1150.	Құрамында цианидтер бар өнеркәсіптік ағындарды зиянсыз етуге арналған үй-жайларды басқа үй-жайлардан оқшаулау және қашықтықтан басқарылатын жалпы айналымдық, авариялық желдетумен жабдықтау	елеулі
1151.	Құрамында цианидтер бар өнеркәсіптік ағындарды хлор өнімдерін, реагенттерді пайдалана отырып, зиянсыз етуді ауасорғыштар мен бақылау және арақашықтықтан басқару құралдарымен жабдықталған, тығыз жабылған жабдықтау ғана жүзеге асыру	елеулі
1152.	Ұйым аумағынан улы заттардан тазартылмаған арнайы киімді алып шығуға және оның шеңберінен тыс жерге арнайы киіммен шығуға жол бермеу. Арнайы киім алдын ала зиянсыз етуден кейін орталықтандырылған күйде жуылып жөнделеді. Цианисті ерітінділермен (қойыртпақпен) жұмыс істеу тек қана резеңке қолғаптарды, алжапқыштарды және етіктерді пайдалана отырып жүргізіледі; шалбарлар етік сыртына шығарылады. Цианисті ерітінділермен жұмыс істеу орындарын жергілікті тартпа желдеткішімен жабдықтау	өрескел
1153.	Циандаудың барлық бөлімдерінде жедел көмек көрсету үшін профилактикалық пункттер орнату. Пунктерді барлық жұмыс алаңдарында олардан кез келген құрамында цианидтері бар жабдықтарға дейінгі қашықтық 25 метр аспайтындай есеппен орналастыру.	елеулі

	<p>Пунктерге өту жолдары жабдықтармен және коммуникациялармен қоршалуына жол берілмейтін жарықтандырылған, қолжетімді болып орындалады</p>	
1154.	<p>Профилактикалық пункт у қайтарғыш жинағы, қажетті ыдысы, у қайтарғышты пайдалану бойынша нұсқаулықтары, дәрі-дәрмектері мен тану құралдары бар алғашқы көмек дәрі қорабымен жабдықтау.</p> <p>Профилактикалық пунктіге еденнен 2 метр деңгейде орнатылған араластырғыш арқылы шығын келте құбырына берілетін суық және жылы су тартылады.</p> <p>Шығын келте құбырларында шашыратқышты орнатуға жол бермеу</p>	өрескел
1155.	<p>Жұмыс үй-жайларының атмосферасына жоғары улы заттардың түсуінің алдын алу үшін бөлім жабдығы (пачуктар, колонкалар, електер) толық герметизициаланады, ал газдарды сороды тікелей жабындардан жүзеге асыру</p>	елеулі
1156.	<p>Десорбция және регенерация процестерін автоматтандырылған бақылаудың және басқарудың болуы.</p> <p>Сорбция, десорбция, регенерация, реагенттерді сақтау және дайындау үй-жайлары жұмыс орындарында синиль қышқылы буларының шекті рұқсат етілетін шоғырлануы артылғаны туралы құлақтандырытын белгі жүйесімен (дыбыс, жарық) бұғатталған ауа ортасын үздіксіз қолданыстағы автоматтандырылған бақылау құралдарымен жабдыкталады</p>	өрескел
	<p>Десорбция, регенерация және электролиз үй-жайындағы жұмыс үздіксіз жұмыс істейтін жалпы айналымдық желдету кезінде ғана жүзеге асырылады. Желдету жүйесі істен шыққан жағдайда қызмет көрсететін қызметкерлер</p>	

1157.	құрамы дереу үй-жайды босатады. Үй-жайға кіру жалпы айналымдық желдету жүйесін жаңартылғаннан және үй-жайлардың атмосферасындағы зиян қоспалардың құрамын шекті рұқсат етілетін шоғырлануға дейін төмендеткеннен кейін жүзеге асырылады	елеулі
1158.	Шайырды колонкалар бойынша тасымалдау кезінде колонкалардың қарау терезелері мен қақпақтары қатты жабылады. Шайырлы ортаның (сілтілі ортадан қышқыл ортаға және кері) өзге құрамы бар колонкаға тасымалдау процесінде ерітінділер толық бөлінеді. Ерітінділерді шайырмен бірге тасымалдауға жол бермеу	елеулі
1159.	Колонкалардан шайыр мен ерітінділердің сынамалары қақпақтардағы люктер арқылы немесе колонкалар бүйіріндегі есіктер арқылы ғана алынады. Колонкалар қақпақтарын сынама алу үшін ашуға жол бермеу	елеулі
1160.	Цианисті процеске десорбция және регенерациялаудың қышқыл жуу ерітінділерін қайтаруға оларды алдын ала сілтілермен (әктас, ащы натриймен) бейтараптандырылғаннан кейін ғана жол беріледі	елеулі
1161.	Тауар регенератының электролиз үй-жайын жалпы айналымдық және авариялық желдету жүйелерімен және ауада қышқыл мен сутек буларының құрамы шекті рұқсат етілетін шоғырланудан артылғаны туралы белгі беретін құралдармен жабдықтау	өрескел
1162.	Конвейерлік-скрубберлік жуу аспаптарында жұмыс істеу кезінде қызмет көрсететін қызметкерлер құрамын (оператор, бункерші және сорғы станцияның машинисі) арасында екіжақты және қайталынатын байланыспен қамтамасыз ету	өрескел

1163.	<p>Жуу құралы конвейерлік таспасынан қойтастарды лақтыру үшін арнайы науашалардың болуы</p> <p>Қойтастарды жинайтын орынды коршау</p>	елеулі
1164.	<p>Өндірістік құрал шанаптарындағы кептелулерді түзетуді арынды су ағысымен немесе арнайы құрылғылармен жүргізу қажет.</p> <p>Шанаптан қойтастарды жинауды кран немесе арнайы құрылғылардың көмегімен, тек қана қоректендіргіш пен конвейер тоқтатылғаннан кейін ғана жүзеге асыру қажет</p>	елеулі
1165.	<p>Гидромониторшының жұмыс орны құмды дезинтеграциялау орнын, гидровашгердті науашаны, малта тас үйіндісі мен гидроэлеваторға жақын орналасқан жабдықты жақсы шолуды қамтамасыз етілетіндей етіп орналасады</p>	өрескел
1166.	<p>Қысқы жағдайлардағы жұмысқа арналған жылытылған өндірістік аспаптар үшін, олардың пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ететін әрбір жеке жағдайда іс-шаралар көзделеді</p>	елеулі
1167.	<p>Реагенттерді сақтау жүргізілетін немесе олармен жұмыс істелінетін үй-жайлар, осы үй-жай атмосферасында зиян заттарды рұқсат етілетін шекті мөлшерден артпайтын деңгейде ұстауды қамтамасыз ететін желдеткішпен жабдықталады. Реагент үй-жайынан жойылатын ауаны атмосфераға шығармас бұрын тазартуға және бейтараптандыруға тартылу қажет</p>	елеулі
	<p>Реагенттік бөлімде желдеткіш жұмысының тоқтатылғандығы туралы хабарлайтыншы жарықты және дыбыстық белгі беру орнатылады.</p> <p>Желдеткіш қондырғысы тоқтап қалғанда немесе ауа ортасындағы зиян заттардың құрамы шекті рұқсат етілген мөлшерден жоғары болғанда, үй-жайлардағы жұмыс</p>	

1168.	<p>дереу тоқтатылады, ал жұмыскерлерді таза ауаға шығару қажет.</p> <p>Үй-жайға кіру жалпыауыстырғыш желдету жұмысын қайта қалпына келтіргеннен және жұмыс аймағы ауасындағы зиянды заттардың құрамын шекті рұқсат етілетін мөлшер деңгейіне дейін төмендетілгеннен кейін ғана жол беріледі</p>	елеулі
1169.	<p>Реагенттерді түсіру орны үй-жайлары жалпы желдетуден басқа ыдыстар мен шөлмектердің ашылуы (сұйықтық електері, тұндырғыштар және басқалар) тығыз және сорғыштармен жабындылары бар жергілікті сорғыш қондырғылармен жабдықталады</p>	елеулі
1170.	<p>Реагенттермен жұмыс істеу кезінде олардың шашырау, тоздандану және топыраққа, еденге, жабдыққа, ыдысқа және киімге төгілу мүмкіндігін ескертетін шаралар қабылданады.</p> <p>Еденге немесе аппаратқа тиіп кеткен реагенттер технологиялық регламентпен сәйкестікте дереу жиналады және сумен әбден жуылады.</p> <p>Реагенттерді сақтау, тиеу және түсіру орындарында төгілген немесе шашылған реагенттерді зарарсыздандыру үшін жеткілікті көлемде қажетті құралдардың міндетті түрде болуы қажет.</p> <p>Реагентті бөлімшелерде терінің бетінен химикаттарды тез арада жою үшін авариялық душ немесе суы бар астауларды орнату көзделген, көзді жууға арналған кіші фонтандармен жабдықталады . Көрсетілген қондырғылар тек тікелей мақсаты бойынша пайдаланылады</p>	елеулі
1171.	<p>Жөндеу жұмыстарын жүргізуді, желдету жүйелерін және реагент құбыржолдарын және реагент бөлімшелері мен қоймалардағы сыйымдылықтарды қарауды, тазалауды және зарарсыздандыруды</p>	елеулі

	<p>жүктелім-рұқсатнама бойынша орындау қажет.</p> <p>Реагенттер сақталатын және олармен жұмыс жасалатын үй-жайларда бөтен адамдардың болуына жол бермеу</p>	
1172.	<p>Орындарда пайдаланылған сүрту материалдарын қалдырмау.</p> <p>Барлық пайдаланылған сүрту материалдарды жинау, жою</p>	елеулі
1173.	<p>Пайдалануға жарамсыз, реагенттер мен реагенттік бөлімше ағындарының ластанған қалдықтарын химиялық тазалауды немесе зарарсыздандыруды басқа технологиялық цикл жайларынан оңаша тұрған жайларда жүзеге асыру қажет. Бұл үй-жайларға бөтен адамдарды кіргізуге жол берілмейді.</p> <p>Олар әсерлескенде улы заттар немесе құбыржолдарды ластайтын ерімейтін тұнбалар пайда болатын ағындардың қосылуына жол бермеу</p>	елеулі
1174.	<p>Реагенттерді арнайы нұсқаулықтарға сәйкес жабық қойма тәрізді үй-жайларда немесе қалқалар астында сақтау қажет. Аэрофлоттарды, майларды, тұз қышқылын, натрий сульфогидратын, керосинді, оксальды (Т-80) қоршалған реагентті қойма аумағында металл резервуарларда және тікелей күн сәулесінен және атмосфералық жауын-шашыннан қорғайтын қалқа астындағы цистерналарда сақтауға рұқсат етіледі.</p> <p>Ашық қоймаларда тұз қышқылын бөтелкелерде және сұйық шынының силикат-үйінділерінде сақтауға рұқсат етіледі.</p> <p>Бір қоймада бір-бірімен әрекетке түсетін реагенттерді бірге сақтауға жол бермеу.</p> <p>Қоймаларда зақымданған ыдыста реагенттерді сақтауға жол берілмейді. Реагенттерді қайта орауды, қабылдауды және беруді арнайы бөлінген алаңдарда жүргізу</p>	елеулі

1175.	<p>Сұйық реагенттерді сақтауға арналған ыдыстар және олармен байланысты коммуникациялар реагенттерді толық алып тастау үшін құрылғылармен жабдықталады.</p> <p>Жұмыс өткелдерінің астына және жұмыс орындарына агрессивті (қышқылдар, сілтілер) және улағыш реагенттерді тасымалдауға арналған коммуникацияларды орналастыруға жол бермеу</p>	елеулі
1176.	<p>Ксантогенат, күкіртті натрий және цианид қоймаларына арналған үй-жайларда 25 градус Цельсия жоғары болмайтын температура сақталады. Қатты әсер ететін улы заттар арнайы үй-жайларда жеке сақталады. Улы реагенттер мен сөндірілмеген әктасты басқа реагенттермен бірге сақтауға жол бермеу. Сөндірілмеген әктасты сақтау үшін әктас пен судың қосылуын болдырмайтын үй-жай бөлінеді</p>	өрескел
1177.	<p>Жарылу қаупі бар газдар мен буларды бөлетін, улағыш әсері немесе жағымсыз иісі бар реагенттерді сақтауға арналған үй-жайларда тұрып қалу аймақтарын болдырмау мақсатында сору үй-жайдың төменгі және жоғарғы аймақтарында жүргізіледі</p>	өрескел
1178.	<p>Реагенттер қоймалары мен реагенттік шаруашылықтың барлық үй-жайларының едендері, қабырғалары және салмақ түсетін құрылыс конструкциялары тиісті химиялық қорғауды жағуға жатады.</p> <p>Қабырғалар мен төбелерді әрлеуде шаңдар мен булардың жиналуын және сіңуін болдырмайды және олардың беткі қабаттарын тазалау және жуу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Еденде жырашық құрылғылары және оған бейтараптандыратын ерітінділерді жеткізе отырып, дренажды зумпфқа суды ағызу және бұру үшін еңіс көзделеді</p>	елеулі

1179.	<p>Аэрофлоттарды, натрий сульфогидраттарды, аммиакты және басқа да қатты иісі шығатын реагенттерді тек қана металл тығындармен тығыз жабылатын жарамды цистерналарда немесе металл бөшекелерде тасымалдау және сақтау қажет.</p> <p>Ұйым аумағы бойынша сұйық, агрессивті және улылығы жоғары реагенттерді тасымалдау арнайы жабдықталған көлікте және химикаттардың жойылу мүмкіндігін болдырмайтын ыдыстарда жүргізілуі тиіс.</p> <p>Бөтелкелер сақталатын сабан, жаңқа және ағаш ыдысқа хлорлы мырышты немесе күкірт қышқылды натрий ерітіндісі сіңірілуі тиіс. Сұйық реагенті бар бөтелкелерді тығындау қажет, бірақ бітеу емес</p>	елеулі
1180.	<p>Реагенттер қоймасына сору желдеткіші 10 минут ішінде алдын ала үздіксіз жұмыс істегеннен кейін ғана кіруге жол беріледі. Желдеткіш тоқтағанда жабық қоймаларда реагенттердің жұмыс жасауына жол бермеу. Желдеткіштің қосқыш құрылғысы қойманың сыртқы есігінде орналастырылады.</p> <p>Желдеткіштің ақауы болған жағдайда қоймаға оны жөндеу үшін газқағар киген кемінде екі адам бір уақытта кіреді</p>	елеулі
1181.	<p>Әрбір реагентті қоймалау орны сақталатын реагент атауы бар жазумен анықталады. Реагенттерді сұрыпталмаған күйінде сақтауға жол бермеу</p>	елеулі
1182.	<p>Қышқылдарды, аммиакты суды, аэрофлоттарды, натрий сульфогидратын және басқа сұйық флотореагенттерді цистерналардан түсіру механикаландырылған тәсілмен жүргізіледі.</p> <p>Цистерналардан сұйық реагенттер ағызылғаннан кейін олардың қалдықтары ажыратылатын және сумен шайылатын шлангіден жойылады.</p>	өрескел

	<p>Цистерналардан жанатын реагенттерді ағызған кезде құбырлар мен цистерналар жерге тұйықталады.</p> <p>Сұйық флотореагенттерді және химикаттарды ауыстырып құю алдында ыдыстың толу деңгейін бақылау жүйесінің сенімділігі тексеріледі</p>	
1183.	<p>Қоймадағы және жарылу қаупі бар реагенттер қоймасы маңындағы, сорғылар үй-жайындағы дәнекерлеу жұмыстарын рұқсат беру наряды бойынша жүргізу қажет. Бұл ретте барлық тез ұшатын химикаттар алдын ала қоймадан жойылады</p>	елеулі
1184.	<p>Реагенттер қоймаларын мыналармен:</p> <p>1) жалпы алмастырғыш және жергілікті сорғыш желдеткіш жұмысының тоқтатылғаны туралы хабар беретін дыбыс және жарық белгімен. Мұндай белгі улы емес реагенттер мен жарылу қаупі бар булардың қоймалары үшін міндетті емес;</p> <p>2) ұйым басшылығымен, өрт сөндіру күзетімен және медициналық пунктпен немесе ұйым операторы (диспетчері) арқылы тікелей телефон байланысымен;</p> <p>3) сұйық реагенттерді сақтауға арналған стационарлық ыдыстарда деңгей өлшеуіштермен жарақтау қажет.</p> <p>Цианидтермен бөшкелерді ашу процестері механикаландырылады</p> <p>Қатты әсер ететін улы заттармен байланысты барлық жұмыстар, оның ішінде ерітінділерді дайындау қол еңбегін қолданусыз жүргізіледі</p>	елеулі
1185.	<p>Суда немесе еріткіштерде сұйық және қатты химиялық өнімдерді еріту, шығыс банкаларына әзірленген ерітінділерді тұндыру және беру жүргізілетін реагентті бөлімшелер ұйымның басқа барлық объектілерінен (бөлімшелерінен) окшауланады</p>	елеулі

1186.	Реагенттерді дайындау бөлімшелеріндегі және олардың жекелеген үй-жайларындағы температуралық режим реагенттердің физикалық-химиялық қасиеттерін ескере отырып орнатылады	елеулі
1187.	Зиянды газдар елеулі көлемде кенеттен бөлініп шығуы мүмкін реагентті бөлімшелерде авариялық сору желдеткіші орнатылады және ауысымдағы ең жоғары тізімдік жұмыскерлер құрамынан 50 процент жоғары санды құрайтын газқағар қорын сақтау қамтамасыз етіледі	елеулі
1188.	Ерітінділі күбілер мен тұндырғылар, олармен байланысты коммуникациялар реагентті бөлімшелерде көзделген авариялық ыдыстарға олардың құрамында бар реагенттерді толық жоюға болатындай етіп орналастырылады. Реагенттік бөлімшелерде дыбыс немесе жарық белгімен ерітуші күбілердің толу деңгейін автоматты түрде бақылау орнатылады	елеулі
1189.	Органикалық, өрт қаупі бар, жарылу қаупі бар заттарды ерітуге арналған аппаратура ұшқынның пайда болуын тудырмайтын орындауда пайдалануға жатады	елеулі
1190.	Цианид ерітінділерін дайындауға арналған үй-жай реагентті бөлімшенің басқа үй-жайларынан окшауланады және үнемі жабық күйінде болады, ал олардан шығатын ағынды сулар мен қалдықтардың дренажы басқа реагенттер бөлімшелерінің дренаждарынан оңаша жабдыкталады	елеулі
1191.	Цианид бар бөшкелерді ашуға, бункерге тиеу және ерітуші күбілерді, дайын ерітінділерді ерітуге және сақтауға арналған барлық аппаратура мен қондырғылар мұқият жабылады және тығыздалады, оның резервті	өрескел

	желдеткіш кондырғысымен бұғатталған сору желдеткішінің жергілікті сорғылары орнатылады	
1192.	Әрбір реагентке арналған күбілер мен тұндырғылар реагент атауы бар нақты жазуды көрсетумен, құятын құбырлармен және деңгей өлшеуіштермен жабдыкталады	елеулі
1193.	Барабандарды ашу, ірі кесектерді майдалау, оларды ерітуші бактарға тиеу кезіндегі қауіпсіздік шаралары технологиялық регламентпен айқындалады	елеулі
1194.	Флотореагенттер ерітінділерін дайындау кезінде жергілікті жарықтандыру үшін кернеуі 12 Вольттан аспайтын жылжымалы шамдарды қолдану	елеулі
1195.	Реагентті бөлімшенің жұмыс үй-жайларында ыдыстарды сақтауға жол бермеу. Ыдыстарды зарарсыздандыру және қоймаға тапсыру технологиялық регламентпен белгіленеді. Цианид қосылыстарына арналған ыдыстар дереу зарарсыздандырылады және баска ыдыстардан бөлек қоймаға тапсырылады	елеулі
1196.	Бастапқы шикізат бункерлері, шихта, кері қайтару мен төсеніш, тиеу орындары шаң бөлінуін, бу бөлінуін және газдың бөлінуін болдырмайтын аспирациялық кондырғылармен жабдыкталады. Бункерлердің ойықтарын көлемі 200x200 миллиметр ұяшықтары бар торлармен жабу және биіктігі 1,0 метр кем емес қоршаумен жабдықтау қажет	елеулі
1197.	Шаңды тұндыру құрылғыларынан шаңды тазалау гидро-пневмокөлікпен жүргізілу қажет. Шаңды тұндыру құрылғыларынан гидро немесе пневмокөлік жүйесіне жіберу тәсілі оны қағып жіберу және қоршаған кеңістікке оның таралу мүмкіндігінің болмауын қарастырады	елеулі
	Адамдарды араластырғыш барабандарға және оларды тазалау	

1198.	<p>және жөндеу кезінде салқындатқыш барабандарға жеткізуге арналған люк есіктері барабанның ашық есікпен (жергілікті немесе қашықтықтан басқару кезінде) жұмысты бастауын болдырмайтын бұғаттағышпен жабдықталады.</p> <p>Араластырғыш жұмыс істеп тұрған кезеңде барабаннан тікелей сынамаларды іріктеуге жол бермеу. Сынамаларды іріктеу барабаннан кейін шихта ағынынан автоматты сынама іріктегіштердің көмегімен, ал жекелеген жағдайларда қолмен жүргізіледі</p>	өрескел
1199.	<p>Көріктердің газды оттығын жағу және сөндіру тәртібі, бақылаудың орындары мен параметрлері, қауіпсіздіктің қажетті шаралары технологиялық регламентте келтіріледі</p>	өрескел
1200.	<p>Кесектеу машиналарын (агломерациялау машиналары мен күйдіру шекемтас машинасы) шұғыл және жоспарлы тоқтатқан кезде шихтаны, газды және ауаны беру тоқтатылады. Бұл ретте газ оттықтары газдың келіп түсуін болдырмайтын автоматты бұғаттағышпен қамтамасыз етіледі.</p> <p>Тартып үрлейтін машиналарды (экспаустерлерді, желдеткіштерді, түтін сорғыштарды) тоқтату машинада отын толығымен жанып болғаннан кейін жүргізіледі</p>	өрескел
1201.	<p>Коллекторлар мен оттықтардың тиектеріне қызмет көрсету үшін оларға ыңғайлы қолжетімділік қамтамасыз етіледі. Магистральді сұқпа жапқыштарды басқару оператор орнынан қашықта жүргізіледі, сондай-ақ ыңғайлы қолмен басқару мүмкіндігі де қарастырылады</p>	өрескел
	<p>Күйдіргіш машиналардың тұтандырғыш ошақтарының қабырғалары мен жинақтары жылуды оқшаулағышпен жарактандырылады. Сыртқы жабын температурасы 45 градус Цельсия жоғары көріктер астында</p>	

1202.	ғимараттың ең биік бөлігінен 1-2 метр биік шығарылған және дефлекторлармен жабдықталған керме құбырлары бар қолшатырлар орналастырылады. Тұтандырғыш көрікке тығыз жалғасқан агломерациялық машинаның маңында жабын болмаған жағдайда шихтаның қызған бетін толық экранға түсіруді қамтамасыз ететін салқындатқыш перделермен жабдыкталады	елеулі
1203.	Ұйымның газ шаруашылығына қызмет көрсетететін адамдарды арнайы бөлінген орындарда сақталатын және жүйелі тексеруден өтетін қажетті газдан қорғайтын аппаратурамен қамтамасыз ету	елеулі
1204.	Төсеніш пен шихталарды арбаларға тиеу орындарындағы агломерациялық және күйдіргіш машиналардың жұмыс алаңының аймағы, шығыршықты қалаушының шығыршықтар жетектері мен машиналардың бөренеленген бөлігі жұмыс істеп тұрған машинада оттықтарды ауыстыру үшін жұмыс тармағына арбаның шығатын ауданына қызмет көрсететін персоналдың қолжетімділігін болдырмау үшін қоршалады. Бұл орындарға қолжетімділік күйдіргіш машина тоқтағаннан кейін және тиісті бұғаттағыш қосылғаннан кейін қамтамасыз ету	өрескел
1205.	Ұйымдардың барлық кесектеу жұмыс орындары жарықты-дыбыстық белгімен және телефон байланысымен жабдыкталады	елеулі
1206.	Шихтаны қыздыру үшін ыстықты кері қайтаруды пайдалануға жол бермеу	елеулі
	Агломератты біріктіру технологиясы кері қайтару бункерінде тоқтап қалуды болдырмайтын кері қайтаруды қамтамасыз етеді.	

1207.	<p>Бункерде ыстықты кері қайтару тоқтап қалған жағдайда, оның құлатылуы арнайы құралдармен жүргізіледі. Кері қайтару материалын бункерде салқындатуға жол бермеу.</p> <p>Бункер конструкцияларын және электі сумен салқындату қажет болғанда кері қайтарудан босатылған бункер болғанда ғана және қосымша қауіпсіздік шараларын қолданған кезде ғана жүргізіледі. Ыстықты кері қайтару бункерлерін жылумен окшаулау</p>	өрескел
1208.	Ыстықты қайтаруды тасымалдау үшін галереяның бу шығаруын төмендету мақсатында ағызу-сору желдеткішімен жабдықтау, ал суық кездерде берілетін ауа алдын ала қыздырылады	өрескел
1209.	Тиеу орындарында және кері қайтаруды салқындату кезінде будың пайда болуын болдырмау үшін материалды түсіру орындарында салқындатқыш барабанды аспирациялық жүйелермен жабдықтау	өрескел
1210.	Кері қайтару машинасы бункерінің астынан науашаны тазалау тек керек-жарақтар көмегімен арнайы алаңдарда жүргізуге жол беріледі	елеулі
1211.	Ыстықты кері қайтаруды таспалы конвейермен тасымалдаған кезде оны беру алдын ала конвейер таспасына салынған шихтаның қабатына жүргізіледі. Кері қайтаруды беру және конвейерде суық шихтаның болуы автоматиканың арнайы жүйесімен қамтамасыз етіледі	елеулі
1212.	Вагондарға шекемтастарды (агломераттарды) тиеуге арналған темір жолдар шатырмен (қолшатырмен) жабылады, оның астынан шығарындыларды шаңнан тазарта отырып, шаң болған ауаны желдеткішпен сору қамтамасыз етіледі	өрескел
1213.	Шекемтастарды (агломераттарды) тиеу орындарындағы темір	өрескел

	жолдар механизацияланған тазалаумен қамтамасыз етіледі	
1214.	Шекемтастар сынамаcын іріктеу арнайы орындарда автоматты сынама іріктегіштермен, ал шекемтастарды конвейермен беру болмаған жағдайда теміржол вагондарынан көпір кранының грейферімен жүргізіледі	өрескел
1215.	Шекемтастарды (агломераттарды) салқындату процесі 140 градус Цельсиядан төмен болмайтын олардың калориметрлі тәсілмен анықталатын температурасының төмендеуін қамтамасыз етеді	өрескел
1216.	Дайын шекемтастарды електеу үй-жайлары күйдіру корпусынан ғимараттың барлық биіктігі бойынша қабырғамен бөлінеді. Електеу бөлімшесіне және түсіру алаңына кіруге арналған есіктер тығыз жабылады	өрескел
1217.	Шекемтастарды (агломераттарды) ұйымның күкіртті кенінен өндіру кезінде кесектеу күкіртті ұстайтын қондырғылармен жабдықталады	елеулі
1218.	Шығып жатқан газ бен рециркуляция және рекуперация жүйелерінің газды-әуе коллекторлары, үй-жайларда орналасқан шанды жинауға арналған оның бункерлері жылудан оқшауланады. Жылуды оқшаулау бетінің шаңнан кезеңді тазалануы көзделеді	елеулі
1219.	Күйдіру корпустарында күйдіру машиналарының тартып үрлеу қондырғылары жеке корпуста (аралықта) немесе күйдіру корпусының құрамына кіретін тұтас қабырғалармен оқшауланған үй-жайда орналастырылады. Тартып үрлейтін қондырғылардың үй-жайы дыбысты естіртпейтін кабинада орнатылған телефон байланысымен және жарықты-дыбыстық белгімен күйдіру бөлімшесімен хабарласады	елеулі
	Тартып үрлейтін жабдыққа дейінгі немесе одан кейінгі шығып жатқан газдар мен рекуперация	

1220.	газдарының коллекторларында орнатылған тиектерді басқару механикаландырылады және электрленеді	елеулі
1221.	Күйдіру машиналарының конструкциясымен пайдалану процесінде газдарды қағуды және үй-жайға шекемтастардың қыздырылған қабатымен жылудың сәулеленуін болдырмау мақсатында "керіктер – күйдіргіш арбалар" торабында тиімді тығыздау қамтамасыз етілуі қажет	елеулі
1222.	Күйдіру машинасы желдеткішінің түтін сорғышы авариялық тоқтаған жағдайда мыналар: 1) отынды беру және білте тиегін ашуды дереу автоматты түрде тоқтату; 2) күйдіру машинасын автоматты түрде тоқтату жүзеге асырылады. Жұмыс істеп тұрған тартып үрлейтін қондырғылар отын толығымен жанып біткенге дейін жұмыс істеуін жалғастырады	елеулі
1223.	Әктасты күйдіру және агломерациялық шихтаны әзірлеудің қондырғыларында шаңды басу құралдарының болуы	елеулі
1224.	Әктасты тасымалдау оның шаңдануын болдырмаған жағдайларда жүргізіледі. Жеткіліксіз немесе бүлінген желдеткіште әктасты күйдіру бөлімшелерінде жұмыс жасауға жол бермеу	елеулі
1225.	Жоғары температураға дейін қыздырылатын кептіру қондырғысының барлық беттері жылудан оқшауланады немесе қоршалады, ал жұмыс орындары әуе душтарымен жабдықталады	елеулі
1226.	Олар бойынша материал кептіру пештеріне берілетін науалар мен құбырлар шаңның пайда болуын болдырмау үшін тығыз жабылады	елеулі
1227.	Кептіру қондырғылары мен пештер газды шаңнан және зиянды қоспалардан тазалауды қамтамасыз ететін құрылғылары бар газды сору жүйесімен жабдықталады	өрескел

1228.	Тартып үрлейтін жүйе тоқтаған кезде кептіру қондырғысының (пештің) жұмыс істеуіне жол берілмейді. Тартып үрлейтін қондырғылардың жұмысы жұмыс үй-жайына газдың кіру мүмкіндігін болдырмауын көздейді	елеулі
1229.	Мазутты ағызуға арналған ыдыс бүлінген немесе авариялық толған жағдайда от құрылғыларының жұмыс жасауына жол бермеу	елеулі
1230.	Өндірістік үй-жайларда кептіру қондырғысын жағуға арналған мазут қоры бір тәулікке қажет мазут көлемінен артық болмауы тиіс. Бұл мақсаттар үшін мазутты сақтау орны жобалау құжаттамасымен белгіленеді	елеулі
1231.	Қабатты галереялар жылыту жүйесімен, шаңды ұстайтын дренажды және аспирациялық жүйелермен жабдықталады	елеулі
1232.	Қатар қалаушылардың көмегімен жоталы қоймаларды қалыптастыру кезінде рельс жолының және су жүретін арықтардың жағдайына бақылаужүзеге асырылады: оларды себуге және жұмыс алаңдарын, басқыштарын, баспалдақтарын мұз басуға жол берілмейді. Тәуліктің қараңғы уақытында қатар қалаушының іс-қимыл ауданы жарықтандырылады. Тәуліктің қараңғы уақытында қоймадағы теміржол жолдары жарықтандырылады, жарықтандырылмаған жолдарда жұмыс істеуге жол берілмейді	елеулі
1233.	Құбырлар бойынша қоймаға ұсақ сусымалы материалдарды тасымалдау кезінде олардың қосылыстарының саңылаусыз болуы және тасымалдау орындарының тығыз жабылуы қамтамасыз етіледі. Технология шарттары бойынша тығыз жабу мүмкін болмайтын орындарда аспирация жүйесінің сору қондырғысы қарастырылады	елеулі

1234.	Тауарлы каолинді - шикі және талькті кенді көмірі, цементі және әктасы бар қоймалар маңына қоймалауға жол бермеу. Талькті, каолинді және графитті төгіп тиегенде шаңды басу құралдарын қолдану	елеулі
1235.	Қараңғы уақытта темір жолдарды, экскаваторлардың кенжарларын және қоймалардағы автокөлікке арналған айналма алаңдарды жарықтандырудың болуы. Жарықсыз жұмыс жасауға жол бермеу	елеулі
1236.	Экскаватор жұмыс істеп тұрған кезде экскаватор шөміші, арқан, блоктар, жер қазғыштар бар аймақта адамдардың (қызмет көрсететін персоналды қоса алғанда) болмауы тиіс. Шөмішті (роторды) тазалау экскаватор тоқтағанда және экскаватор машинисінің рұқсатымен ғана жүргізіледі. Шөміш (ротор) бұл жағдайда жерге түсірілуі қажет. Материалдарды экскаваторлармен немесе көпірлі жүк тиеушілермен теміржол вагондарына тиеген кезде экскаватордың машинисті немесе жүк тиеушінің белгі арқылы берілетін талаптары сақталады. Жұмыстан тыс уақытта экскаватордың шөміші (тиеушінің роторы) жерге түсіріледі, кабинасы жабылады, электр энергиясы сөндіріледі	елеулі
1237.	Көп күректі экскаватордың және көпірлі жүк тиеушілердің жұмыс істеп тұрған кезінде тиейтін, түсіретін люктердің, конвейерлердің және жүк тиеу құрылғыларының астындағы тиелетін вагондарда адамдардың болуына жол бермеу	елеулі
1238.	Материалдарды тиеу және түсіру кезінде жұмыс аймағында ауаның шаң басуын төмендетуді қамтамасыз ететін шаңды басу немесе шаңды жұту бойынша шаралар қабылданады. Ауаның шаңдануын қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайда	елеулі

	жұмыскерлер респираторларды пайдаланады	
1239.	Бульдозерді қозғалтқышы жұмыс істеп тұрғанда және күрегі көтеріліп тұрғанда қараусыз қалдыруға, ал жұмыс уақытында – арқанды бағыттауға, аспалы жактауға және күрекке тұруға жол бермеу. Беріліс қорабы қосылып тұрған кезде немесе кабинадан қозғалтқышты қосуға арналған құрылғы болмаған жағдайда қозғалтқышты қосуды болдырмайтын бұғаттаусыз бульдозерде жұмыс жасауға жол бермеу	өрескел
1240.	Қоймаға салынған материалдың қиябетіндегі ең үлкен бұрыштар бульдозер жұмыс істеп тұрғанда 25 градус, еңісте жұмыс жасағанда (жүкпен төмен түсу) – 30 градустан аспайды, ал материалды тиеу кезінде бункерлерге кіреберіс жолдардың еңісі 6 градустан жоғары болмауы тиіс	елеулі
1241.	Жаяу жүргіншілер жолы мен тас жолдар кесекті кендердің қоймалары жағынан бруствермен немесе қоршаумен қоршалады	елеулі
1242.	Ленталы конвейерлер, өзі жүретін бункерлер немесе роторлы экскаваторлар арқылы тиелетін қоймаларда олар арқылы материал қоймаға тасталатын жоғарғы галереяның бойлық саңылаулары тұрақты шарбақтармен қоршалады немесе 200х200 миллиметрден аспайтын мөлшердегі тесіктері бар торлармен жабылады	өрескел
1243.	Экскаватор мен көпірлі жүк тиейтіндердің жұмысы кезінде шөміш пен ротордың жұмыс аймағында, сондай-ақ тиелетін вагондар аймағында болуға жол бермеу	елеулі
1244.	Тиеу-түсіру учаскесіндегі вагондарды беру және тазалау механизациясы құрылғысының жабдықтары мен құрылыстарына қозғалатын немесе айналатын бөліктерін немесе қауіпсіз жұмыс жасауды қамтамасыз ететін	елеулі

	олардың іс-қимылы аймақтарын қоршау және жабу орнатылады	
1245.	<p>Теміржол маңында орналасқан үй-жайлардан шығатын орындар жолдарға параллель орналасады. Егер шығатын орындар ұйымның теміржол көлігінің полотно жағына тікелей бағытталса, рельс жолы ғимараттың бар ұзындығына жаяу жүргіншілерді жақын жолға немесе жадбықталған өткелге сүйеніштермен қоршалады. Қоршайтын тосқауылдар жақындап келе жатқан поездың жақсы көрінуіне кедергі келтіретін ғимараттар мен құрылыстардан теміржолға шығатын орындарда орнатылады.</p> <p>Ұйымдардағы теміржол арқылы өту орындарында жаяу жүргіншілер көпірлері мен тоннельдер салу қарастырылады. Аталғандарды салу мүмкін болмаған жағдайда, өту орындары қозғалмалы құрамның жақындап келе жатқандығы туралы хабар беретін жарықт және дыбыс белгімен жаратқандырылады</p>	елеулі
1246.	<p>Механизмдерді қосу алдында және машиналардың, теміржол құрамдарының немесе автомобильдердің қозғалысы алдында тағайындалуын инженерлік-техникалық жұмыскерлер барлық жұмысшыларға таныстырған, дыбыс және жарық белгілерін беру талап етіледі. Бұл ретте белгілер машиналар, механизмдер жұмыс істеп тұрған ауданда барлық жұмыскерлерге естілуі (көрінуі) тиіс.</p> <p>Әрбір қате берілген немесе түсініксіз белгі "тоқта" белгісі ретінде қабылдануға жатады.</p> <p>Машина, механизмдердің жұмысы немесе қозғалысы басталмас бұрын машинист бригада мүшелерінің және жақын жерде тұрған адамдардың қауіпсіздігіне көз жеткізеді.</p>	елеулі

	Белгі кестесінің жұмыс істеп тұрған механизмге немесе оған жақын жерде болуы	
1247.	Ұйым корпусына оларды түсіру үшін теміржол вагондарын беру корпусының қызмет көрсетуші персоналының рұқсат беретін түсті белгісін (бағдаршам) қосқаннан кейін жүзеге асырылады	елеулі
1248.	Қабылдау құрылғыларының (бункерлері) маңайында құрамдар жақындап келе жатқанда адамдардың қауіпсіз жүруін қамтамасыз ету үшін орындар қарастырылады. Беру және түсіру сәтінде қабылдау бункерінің түсіру жағында адамдардың болуына жол бермеу. Вагондарды босату тек кенді қабылдаушының нұсқауларымен және белгімен ғана жүргізіледі. Түсіру жұмыстары кезінде бункердің қажетті толтырылу деңгейін бақылау жүзеге асырылады	елеулі
1249.	Теміржол бойында бункерлердің қабылдау алаңдарында кенді жартылай вагондарда беру кезінде төгінділерден уақтылы тазартылатын, адамдардың ыңғайлы және қауіпсіз қозғалысы үшін жүру алаңдары қарастырылады. Жартылай вагондардың люктерін ашу үшін рельстердің бүршіктерінен жоғарыда вагондардың қауіпсіз босатылуын қамтамасыз ететін басқыштар орнатылуы тиіс	елеулі
1250.	Қабылдау құрылғыларының жұмыс алаңдарында орнатылған вагон аударғыштар ұяшықтарының ені 10 миллиметрден артық емес торлары бар биіктігі 2 метрден кем емес берік сүйеніштермен қоршалады; алаңдар мен вагон аударғыш роторы бүйірлерінің араларындағы саңылаулар 60 ммиллиметрден артық емес. Вагонаударғыштың басқарылуы түсіру алаңы анық көрінетін осы	елеулі

	мақсатта арнайы жабдықталған үй-жайда жүзеге асырылады	
1251.	<p>Кенді байланысу электровоздарымен жеткізу кезінде түсіру орындарында электр тогымен зақымдану қауіптілігі туралы ескертуші плакаттар ілінеді.</p> <p>Байланысу желісінде кернеу сөндірілмеген кезде вагондарға кіруге жол бермеу.</p> <p>Бункер үстіндегі үй-жайда тұрған байланысу желісіндегі кернеу алынбаған кезде вагондарды босатуға жол берілмейді.</p> <p>Байланысу желісінде кернеудің болмауы жарық белгімен расталады</p>	елеулі
1252.	Бункер үстіндегі үй-жайға енетін электровоз жолының байланысу өткізгіштерін жерге тұйықтау пышақтары бар секциялық ажыратқыштармен жабдықтау	елеулі
1253.	<p>Жөнделмеген вагондарды босатуға, қабылдау құрылғыларының босату алаңында оларды жөндеу жұмыстарын жүргізуге жол бермеу.</p> <p>Вагондарды жүктерден, жабысып қалған кеннен, материалдардан босату және тазалау әдеттегідей механикаландырылған тәсілмен (төңкерумен, жонғымен, гидрошаюмен) немесе жүктердің құлау аймағында адамдардың болуына жол бермейтін және осы жұмыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін керек-жарақтар мен құрылғылардың көмегімен жүргізіледі</p>	елеулі
1254.	Теміржолды, қабылдау құрылғыларын тазалау кезінде жұмыстарды жүргізу орны көлік құралын тежеу жолынан кем емес қашықтықта қоршалады және тоқтау белгімен жаракталады, ал станция бойынша кезекші алдын ала жүргізілетін жұмыстар туралы ескертіледі. Токтап тұрған құрамның вагондарын босату кезінде жолдарды тазалауға жол бермеу	елеулі

1255.	Металлургиялық қайта бөлулердің қалдықтары ұйымға арнайы өздігінен түсіретін вагондармен немесе автосамосвалдармен жеткізіледі	елеулі
1256.	Шаңданатын өнімдерді түсіру жіне тиеу кезінде шаңды басу бойынша шаралар қолданылады, ал жұмысшылар үшін шаңнан жеке қорғау құралдарын пайдалану көзделеді	елеулі
1257.	Автомобильдердің қозғалысы қозғалыс қауіпсіздігінің белгілерімен реттелінеді	елеулі
1258.	Өз аумағында автомашиналар мен поездардың жүру жылдамдығы мен тәртібін ұйым жергілікті жағдайларды ескере отырып белгілейді және тиісті нұсқаулықпен реттелінеді	елеулі
1259.	Кенді автокөлікпен берген кезде қабылдау бункерінің түсіру алаңшасында мыналар көзделеді: 1) автомашиналардың бункерге сырғанап кетуіне жол бермейтін тіреулерді орнату; 2) түсіру орнына артқы жүріспен жүру үшін қашықтық қағидаға сәйкес 30 метр астам емес; 3) техникалық ақау салдарынан автомобиль өрлеуде немесе еңісте тоқтағанда оның өздігінен жүруін болдырмайтын және ақауды жоюға дейін учаскеде қауіпсіздікті қамтамасыз ететін шаралар. Барлық жағдайларда көтерілген шаңақпен түсіргеннен кейін және артқы жүріспен жүргенде үздіксіз дыбыс белгі бермей автосамосвалдардың жүруіне жол бермеу	елеулі
1260.	Кенді аспалы жолдармен жеткізген кезде қабылдау бункерлерінің түсіру шұңқырлары 400х400 ммиллиметрден астам емес ұяшықтары бар тормен жабылады	елеулі
	Аспалардың станциядан шығу аймағында түсіру шұңқырларының маңында тарту аспасынан вагонетканы өздігінен ажыратқан жағдайда	

1261.	жұмыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жұмыс орындарын қоршау көзделеді. Контржүктер астындағы орындар кемінде 2 метр биіктікпен қоршалады, ал контржүктердің құдықтары төсемдермен жабылады	елеулі
1262.	Түсіру шұңқырлары мен аспалы жолдар станциясының маңындағы жұмыс алаңшалары өзара тікелей телефон байланысымен, белгімен және машиниске белгі бере отырып, аспалы жол жетегін авариялық тоқтату мүмкіндігімен қамтамасыз ету. Аспалы жол кенет тоқтап калғанда тоқтау себебі анықталғанға дейін және олқылықтар жойылғанға дейін оны іске қосуға жол бермеу	елеулі
1263.	Таспалы конвейерлерде таспа мен барабандарды жабысып қалған материалдан механикалық тазарту үшін таспа үзілген және тайғанақтаған, түсіру шұңқырлары мен науашалар бітелген кезде жетекті өшіретін құрылғылармен жабдықтау	елеулі
1264.	Конвейерлерде түсіру арбашалар үшін соңынан ажыратқыштар, ал рельс жолдарында арнайы тіреулер көзделеді. Түсіру арбашалары олардың өздігінен қозғалуына жол бермейтін құрылғылармен жабдықталады	өрескел
1265.	Автоматты түрде түсіргіш арбашалар мен жылжымалы (қайық) конвейерлердің электр қозғалтқыштарға қоректендіруді беру аспалы шлангі кабельдермен жүзеге асырылады. Автоматты түрде түсіргіш арбашалар мен жылжымалы қайық конвейерлердің электр қозғалтқыштарын еденнен немесе қызмет көрсететін алаңшалардан кемінде 3,5 метр биіктікте орналасқан байланысқан сымдар бойынша қоректендіруге жол беріледі. Троллей өткізгіші төмен	елеулі

	биіктікте ілінген кезде (3,5-тен 2,2 метрге дейін шекте) арнайы қоршау орнатылады	
1266.	Таспалы конвейерлердің астынан шашылған материалдарды жинау механикалық түрде жүзеге асырылады. Бас, қалдық және ауытқу барабандары астынан материалдарды қолмен жинауға жетегінің электр схемасы бөлшектенген, тоқтатылған конвейер кезінде ғана жол беріледі, ал іске қосу құрылғыларында "Қосуға болмайды! Адамдар жұмыс істеп жатыр!" деген ескерту плакаттарын іліп қою қажет. Конвейер қозғалтқышын іске қосу жүйесі бас және қалдық барабандарының қоршауы алынған кезде қозғалтқыш жұмысына жол бермейтін бұғаттауды көздейді	өрескел
1267.	Қозғалыс кезінде конвейердің таспасы барабандар мен шығыршық тіреу шеттерінің шегінен тыс ығыспайды. Конвейер таспа қозғалысының бағытын реттеу үшін арнайы орталықтандырылған құрылғылармен және керек-жарақтармен жабдықталады. Таспа қозғалысын онымен жұмыс істейтіндермен тікелей байланысу жолымен бағыттауға, жұмыс істеп тұрған конвейер кезінде борттық тығыздауларды түзетуге жол бермеу. Конвейердің ұзындығы бойынша торлы алмалы-салмалы қоршауларды орнату. Жұмыс істеп тұрған конвейер кезінде қоршауларды алып тастауға жол бермеу	елеулі
	Конвейер таспасының тайғанақтауы барабандар мен таспаны тазарту, таспаны арнайы құрылғылармен керу жолымен жойылады. Қозғалатын және айналдыру бөлшектеріне (таспа, барабандар, шығыршықтар) тасымалданатын материалдар	

1268.	<p>шашылған конвейерлерді қосуға және тасымалдауға жол бермеу.</p> <p>Конвейерлердің жетекті барабандарының осьтері еден деңгейінен 1,5 метр астам биіктікте орналасқан кезде жетектерге қызмет көрсету үшін сүйеніштермен және баспалдақтармен жабдықталған алаңшалар орнатылады</p>	елеулі
1269.	<p>Еден деңгейінен галереялар мен эстакадалар конструкцияларының төменгі жағына дейін кемінде 2 метр биіктік көзделеді. Галереялар мен эстакадалардың ені мынадай өту жолдарын қамтамасыз етеді: конвейердің бір жағынан кемінде 800 миллиметр (адамдар өту үшін) , екінші жағынан таспа ені 1400 миллиметр дейін болғанда кемінде 700 миллиметр және конвейердің екі жағынан таспа ені 1400 миллиметр астам болғанда кемінде 800 миллиметр; екі немесе одан да көп қатар тұрған конвейерлер арасында кемінде 1000 миллиметр, ал галереяның қабырғасы мен конвейердің тұғыры арасында таспа ені 1400 миллиметр дейін болғанда кемінде 700 миллиметр және таспа ені 1400 миллиметр астам болғанда кемінде 800 миллиметр</p>	елеулі
1270.	<p>Қатпарлы конвейерлерді орнату оларға екі жақтан қызмет көрсету мүмкіндігін көздейді.</p> <p>Конвейерлер арасындағы еркін өту жолдарының ені кемінде 1,2 метр, ал ғимарат пен конвейерлер арасында кемінде 1 метр етіп қабылданады</p>	елеулі
1271.	<p>Қиғаш күйде орнатылған қатпарлы және ысырмалы конвейерлер төсемнің үзілуі кезінде оның жүріп кетуінің алдын алатын көлік буындарының аулағыштарымен жабдықталады</p>	елеулі
	<p>Иірліктер мен ысырмалы конвейерлерді орнатқан кезде оларға еркін өту жолының ені кемінде 0,8 м біржақты қызмет көрсетуге жол беріледі.</p>	

1272.	Қаптамалардың, иірліктер мен ысырмалы конвейерлердің қақпақтары (арнайы байқап қарау терезелері мен люктерінен басқа) иірліктер мен ысырмалы конвейерлер жұмыс істеп тұрған кезде олардың айналмалы және жылжымалы бөлшектеріне қол жеткізуге жол бермейтін бұғаттаумен жабдыкталады	өрескел
1273.	Таспалы конвейерде барабанды түсіру арбашасын немесе жылжымалы коректендіргішті орнату кезінде конвейердің екі жағынан өту жолдары көзделеді	елеулі
1274.	Үстіңгі қабатқа жер асты-жер үсті конвейерлік галереялар шыққанда оларда сыртқы кіру мен конвейер арқылы өту жолдары көзделеді. Галереялар мен эстакадалардан эвакуациялық шығу және конвейерлер үстіндегі өту көпірлері кем дегенде 100 метр сайын орналастырылады. Көпірлердің ені 0,8 метр болуы тиіс, тұғас төсеніштер 0,14 метр биіктікке төменгі жағынан ернеулеумен биіктігі кемінде 1 метр сүйеніштермен қоршалады	елеулі
1275.	Көлбеуі 7 градус астам конвейер галереяларының өту жолдарында сатылар немесе ағаш баспалдақтар орнатылады	елеулі
1276.	Шаң-газ бөлінуі бар материалды тасымалдау жүзеге асырылатын конвейер галереяларының ғимараттарға жанасу орындарында өздігінен жабылатын есіктері бар арақабырғалар қойылады	елеулі
1277.	Көлбеуі 6 градустан астам барлық таспалы және қатпарлы конвейерлер конвейер тоқтаған кезде тиелген таспа тармағының кері бағытта жылжуына кедергі келтіретін бөгейтін құрылғылармен жабдыкталады	елеулі
1278.	Қолмен кенді бөлшектеу кезінде 0,5 метр секундадан астам конвейер таспасының қозғалу	өрескел

	жылдамдығына жол беріледі. Кенді бөлшектеу орындарындағы таспа қоршалады	
1279.	Конвейерлер өту жолдарының және жабдықтардың үстінде орналастырылған кезде олардың төменгі тармағы шашылған материалдың құлау мүмкіндігіне жол бермейтін тұтас қаптамамен қоршалады	елеулі
1280.	Таспалы конвейермен құрғақ және шаңданатын материалдарды, жоғары температуралы және бу бөлетін материалдарды тасымалдау кезінде оларды тиеу және түсіру орындары қоршалады және аспирация, су бүріккіштер құрылғысы, еденді жуу, ауадағы зиян қоспалардың құрамын төмендетуді қамтамасыз ететін қосымша іс-шаралар көзделеді. Құрғақ ұнтақ тәрізді шаңданатын материалдарды тасымалдау кезінде оларды тасымалдау аймағы герметизацияланады	елеулі
1281.	Құрғақ және шаңданатын материалдарды тасымалдайтын элеваторлар, ысырмалы конвейерлер мен иірліктер барлық ұзындықтары бойынша тығыз қаптамалармен жабылады, тиеу және түсіру орындары тығыз жабындылармен жабдықталады. Қаптамадағы механизмдердің жұмыс органдарының жай-күйін бақылауды жүзеге асыру үшін көзбен шолу бақылауын жүргізуге мүмкіндік беретін тығыз жабылатын есіктері бар байқап қарау терезелері (люктер) орнатылады	елеулі
1282.	Дымқыл өнімдерді тасымалдайтын элеваторлар қойыртпақтың барлық ұзындығы бойынша шашырауына жол бермеу үшін сақтандыру клапандарымен немесе қаптамалармен жабылады. Элеватордың авариялық ажыратқыштары тиеу және түсіру орындарында орналастырылады	өрескел
	Материалдарды бірізді тасымалдайтын бірнеше	

1283.	<p>конвейерлердің және технологиялық секцияның (тізбегінің) басқа да жабдығының бір уақытта жұмыс істеуі кезінде жеке аппараттар мен машиналардың электр жетектері бұғатталып орындалады. Бұл ретте:</p> <p>1) іске қосу және тоқтату аппараттар тізбегінің схемасына және өндіріс технологиясына сәйкес белгілі бір бірізділікпен жүзеге асырылады;</p> <p>2) осының алдындағы қандай да бір жабдық немесе конвейер кенет тоқтап қалған жағдайда схема бойынша жабдық және конвейерлер автоматты түрде сөндіріледі;</p> <p>3) конвейерді немесе машинаны басқару пультінен қашықтықтан іске қосудың алдын алатын жергілікті бұғаттау қойылады</p>	өрескел
1284.	<p>Барлық конвейерлер негізгі өту жолдары жағынан конвейердің ұзындығы бойынша кез келген нүктеден жетектің авариялық тоқтатылуын қамтамасыз ететін құрылғылармен жабдыкталады. Механизмдерде оларды іске қосуды басқару аппараттары ретінде бұғаттау және авариялық тоқтату құрылғыларын пайдалануға жол бермеу</p>	өрескел
1285.	<p>Барлық элеваторларда шөмішті тізбектің кері жүрісіне жол бермейтін тежеуіш құрылғылардың және ол үзілген кезде аулағыштардың болуы</p>	елеулі
1286.	<p>Жұмыс тарамынан материалдың сырғанауы мүмкін болатын конвейерлерде сақтандыру тығыздамаларын орнату</p>	елеулі
1287.	<p>Өздігінен түсіретін арбашалар мен өзі жүретін конвейерлердің сырғытқыларында қоршаудың болуы. Қоршау мен рельс бастиегінің арасындағы саңылау 10 ммиллиметрден аспауы тиіс</p>	елеулі
	<p>Керме барабандары мен конвейерлердің керме құрылғыларының жүктері таспа</p>	

1288.	немесе аспа үзілген жағдайда жүктің немесе барабанның адамдарға немесе төмен қабаттарда орналасқан жабдыққа құлау мүмкіндігі орын алмайтындай етіп қоршалады және орналастырылады	өрескел
1289.	Ұйымдарда жабдықты жүйелі профилактикалық тексеру мен жөндеу басшы бекіткен кестелерде көзделген мерзімдерде жүргізіледі	елеулі
1290.	Негізгі жабдықты күрделі және ағымдағы жөндеулер жұмыстарды ұйымдастырудың әзірленген және бекітілген жобалары бойынша жүргізіледі. Жұмыстарды ұйымдастыру жобаларында өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының сақталуына жауапты тұлғалар, жөндеу жүргізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде шаралар, жөндеу жұмыстарын орындау тәртібі мен бірізділігі көрсетілуі тиіс. Әрбір ұйымда жөндеу жұмыстарды ұйымдастыру жобасын ресімдеумен рұқсат беру наряды бойынша жүргізілетін объектілер мен жабдықтар тізбесі жасалады және оны ұйым басшысы бекітеді	елеулі
1291.	Жөндеу жұмыстарын механикаландыру үшін ауыр жабдықты, тораптар мен бөлшектерді көтеруге және алуға мүмкіндік беретін қажетті жүккөтергіш құралдар мен керек-жарақтар қамтамасыз етіледі	елеулі
1292.	Ішкі тексеру, тазарту немесе жөндеу үшін тоқтатылған жабдық, агрегаттар, аппараттар мен коммуникациялар бу, су және технологиялық құбырлардан, газ арналарынан және электр энергиясымен жабдықтау көздерінен өшіріледі; барлық құбырларда бітеуіштер орнатылады; агрегаттар, аппараттар мен коммуникациялар технологиялық материалдардан босатылады.	өрескел

	<p>Аппараттардың жұмыс режимінде улы немесе жарылу қаупі бар газдар, булар немесе шаңдар анықталған кезде аппараттарды құрамында зиянды және қауіпті заттардың бар болуына ауа ортасына кейіннен талдау жүргізе отырып үрлеу қажет. Ауаны бақылау талдаулары жөндеу процесінде кезеңділікпен жүргізіледі</p>	
1293.	<p>Жетектердің электр схемалары бөлшектенеді, іске қосу құрылғыларында "Қосуға болмайды! Адамдар жұмыс істеп жатыр!" деген плакаттар ілінеді, құрылғының қате немесе өздігінен қосылуына жол бермейтін шаралар қосымша қабылданады</p>	елеулі
1294.	<p>Жөндеу жұмыстарын жүргізу аймағы жұмыс істеп тұрған жабдық пен коммуникацияларда қоршаудың болуы, қауіпсіздік белгілерімен, плакаттармен, белгі құралдарымен қамтамасыз етілуі</p>	елеулі
1295.	<p>Жөндеу-монтаждау алаңшаларының көлемі оларға машиналардың ірі тораптары мен бөлшектерінің, керек-жарақтар мен құрал-саймандардың, жөндеу жұмыстарын орындау үшін қажетті материалдардың орналасуына жол беруі тиіс. Машиналардың тораптары мен бөлшектерін орналастырып қою кезінде олардың арасында өту жолдары көзделеді. Алаңшада орналастырылатын жүктің массасы есеп бойынша рұқсат етілетін массадан аспайды</p>	елеулі
1296.	<p>Жүктерді тасымалдау бойынша барлық жұмыстар жұмыстарды қауіпсіз жүргізуге және жүктерді тасымалдауға жауапты тұлғалардың нұсқауы мен рұқсаты бойынша жүргізіледі. Ірі салмақты және ауыр жүктерді көтеру, тасымалдау және түсіру жөндеу жүргізуге жауапты тұлғаның қатысуымен жүргізіледі</p>	елеулі
	<p>1,3 метр астам биіктікте баспалдақтардан жұмыстарды орындау кезінде төсемдер мен</p>	

1297.	төсеніштерді орнату мүмкіндігі болмаған жағдайда жұмысшылар сақтандыру канаттары бар сақтандыру белдіктерін пайдаланады. Биіктікте жұмыстарды орындау кезінде сақтандыру белдіктерін бекіту орындарын конструкцияларда белгіленеді және нарядта көрсетіледі	елеулі
1298.	Екі ярус немесе одан да көп биіктікте жөндеу жұмыстарын орындау кезінде олардың арасында материалдардың немесе заттардың жұмысшыларға құлап кетуіне жол бермейтін берік жабындылар жабдықталады немесе торлар ілінеді	елеулі
1299.	Мердігер ұйым жөндеуді жүргізген кезде жұмыстар рұқсат беру наряды немесе жұмысты орындау үшін учаскені беру актісі бойынша жұмыстарды ұйымдастыру жобасына сәйкес жүргізіледі	елеулі
1300.	Ұсатқыштарда жөндеу жұмыстарын орындау кезінде адамдарды көтеру және түсіру баспалдақтарды пайдалана отырып жүзеге асырылады; Жұмыс аймағына адамдардың сақтандыру белдігінсіз және сақтандыру аспасынсыз түсуіне жол бермеу	елеулі
1301.	Айналымды және қозғалмалы роторлары мен бөлшектері бар жабдықтың ішінде қандай да бір жұмыстарды (жөндеу және тексеріп қарау) орындауға механизмдердің қозғалмалы бөлшектерін, жабдық корпустарының (қаптамаларының) ашық қақпақтарын олардың күштеп және өздігінен қозғалу мүмкіндігіне жол бермейтін күйде сенімді бекіткеннен кейін, сондай-ақ рұқсат беру нарядын ресімдегеннен кейін ғана жол беріледі	елеулі
	Футерлерді балқытылған мырышпен құюды осындай жұмысты арнайы оқытылған және орындау тәжірибесі бар, арнайы	

1302.	киіммен және жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етілген адамдар орындауы тиіс. Құю бақылау тұлғасының қатысуымен жүргізіледі	елеулі
1303.	Бункерлерде футерлерді жөндеу және ауыстыру үшін бункердің көлбеу қабырғаларында жұмыстың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін керек-жарақтар қолданылады	елеулі
1304.	Жөндеу жұмыстары аймағында бункерлерді тиеуге жол бермеу. Жөнделетін учаскенің үстінде орналасқан сыртқы тиеу саңылаулары жөндеу жұмыстарының қауіпсіздігіне кепілдік беретін алаңда жабылады	елеулі
1305.	Элеватор тізбектерінің шеттерін ауыстыру, біріктіру және конвейер таспаларын вулкандау технологиялық регламенттің талаптарын сақтай отырып тиісті жүк көтергіштігімен такелаж құрылғыларының көмегімен жүргізіледі	елеулі
1306.	Диірмендерді шарлармен және өзектермен тиеу процестері және диірмендерден шарларды түсіруді механикаландырылған күйде жүзеге асыру	елеулі
1307.	Диірменді бұру, футерлеу бұрандамаларын қағу, жаңа футерлерді төсеу кезінде диірменнің барабанында адамдардың болуына жол бермеу	елеулі
1308.	Улы реагенттері бар ортада жұмыс істейтін жабдық жөндеу алдында осы реагенттерден егжей-тегжейлі тазартылады және зиянсыз етіледі	елеулі
1309.	Күйдіру қондырғыларының жұмыс істеуі кезінде газ коммуникацияларында және бақылау-өлшеу аппаратурасында жөндеу жұмыстарын жүргізбеу	елеулі
	Күйдіру машинасының көрігін қалауды жөндеу машинаны табиғи жолмен салқындатқаннан кейін және жетектер мен тартып үрлеу құралдарының электр схемасын бөлшектегеннен кейін суық ауаны	

1310.	<p>беру үшін тасымалды желдеткішті орнатқаннан кейін рұқсат беру наряды бойынша жүргізу.</p> <p>Күйдіру машинасының көрігінде жұмыс істеу кезінде сақтандыру торы бар кернеуі 12 Вольт жоғары емес жарамды тасымалды электр шырағын пайдалану қажет</p>	елеулі
1311.	<p>Барлық тұтанатын материалдарды дәнекерлеу және от жұмыстарын жүргізу орнынан кемінде 10 метр қашықтықта орналастыру қажет.</p> <p>Дәнекерлеу бөлімшесінде тез тұтанатын жанғыш заттарды сақтауға жол бермеу</p>	елеулі
1312.	<p>Дәнекерлеу орнынан кемінде 2 метр қашықтықта тұрған құрылыстардың барлық ағаш немесе жанғыш бөліктері дәнекерлеу кезінде таскендір немесе болат табақтармен жабылады</p>	елеулі
1313.	<p>Дәнекерлеу және газ жалынды жұмыстарын жүргізу орындарының маңында отсөндіргішті, жақын арадағы өрт сөндіру құбырына қосылған жеңі бар өрт сөндіру оқпанын немесе 0,2 кубалық метрден кем емес судың қоры бар бөшкені, құмы бар жәшікті орналастырады</p>	елеулі
1314.	<p>Газ жалынды жұмыстар жүргізуге арналған оттықтар мен кескіштерді кері клапандармен жабдықтау</p>	елеулі
1315.	<p>Ұйымдар объектілерін желдетудің , газ тазартудың, шаңтұтқыштың және ауаны салқындатудың тиімді жүйелерімен жабдықтау</p>	елеулі
1316.	<p>Адамдар ұзақ немесе тұрақты болатын (2 сағатан астам) байыту ұйымдарының барлық өндірістік үй-жайларындағы ауа ортасының параметрлері тексеруге жатады.</p> <p>Желдету және аспирация қондырғыларымен жойылатын ауа атмосфераға шығарылмас бұрын шаңнан шекті рұқсат етілген шоғырлануға дейін тазартуға ұшырайды.</p>	өрескел

	Тазарту құрылғылары шаңның физикалық-химиялық қасиеттерін ескере отырып орналастырылады	
1317.	Үлкен ашық су беті бар жабдық орналасқан үй-жайларда конденсаттың ұйымдастырылған ағып кетуін қамтамасыз ететін құрылғыларды орнату	елеулі
1318.	Ғимараттардың қабырғалары, төбелері мен ішкі конструкциялары жеңіл жинауды қамтамасыз ететін және цианидтердің, заттардың жұтылуына, жиналуына жол бермейтін әрлеумен орындалады	елеулі
1319.	Ұйымның барлық үй-жайларында шаңды жинау сору пневматикалық құрылғыларының немесе гидрожуудың көмегімен механикаландырылған тәсілмен жүргізіледі	елеулі
1320.	Едендерді дымқылдап жинау көзделген цехтарда және дымқыл технологиялық процесі бар цехтарда едендер су өткізбейтін жабындымен жаракталады. Судың ағып кетуі үшін еден еңісі кемінде 0,02 (1,8 градус) болуы көзделеді. Негізгі өту жолдарында еден еңісі 0,04 (2,6 градус), қызметтік өту жолдарында – 0,1 (6 градус) аспауы тиіс	елеулі
1321.	Хлор өнімдерін, реагенттерді қолдана отырып құрамында циан бар өнеркәсіп ағындыларын зиянсыз ету аспирациямен, бақылау аспаптарымен және қашықтықтан басқарумен қамтамасыз етілген герметизацияланған жабдықта ғана жүзеге асырылады	елеулі
1322.	Едәуір жылу бөлінетін үй-жайларда шатырдың құрылғысы ластанған ауаның кері ағысының пайда болуына жол бермеуді көздейді. Көп жылу бөлінген кезде (20 килокалория кубалық метрден астам) корпустарда желден қорғайтын панельдері бар жарық аэрациялық қол шамдар жобаланады	елеулі

1323.	Өндірістік үй-жайларда жөндеу бойынша жұмыстарды ыңғайлы және қауіпсіз орындау, әйнектерді шынылау және екі жақты тазалау, аэрациялық қол шамдарға және жарық беретін арматураға қызмет көрсету үшін өту жолдары, алаңшалар, арнайы құрылғылар мен керек-жарақтар көзделеді	елеулі
1324.	Едәуір жылу бөлінудің көзі болып табылатын өндірістік жабдықтың беті термооқшаулаумен жабылады	елеулі
1325.	Құрғақ өнімдер мен концентраттарды, дайын концентраттардың орамаларын және шихтовкасын тиеу және түсіру операциялары механикаландырылады және герметизацияланады	елеулі
1326.	Кенді қабылдау бункерлері кеннің басылуының, майысуының, қатуының алдын алатын құрылғылармен жабдықталады. Жұмыс аймағына шаң түсуінің алдын алу мақсатында бункерлерді түсіру және тиеу үшін материалдың біркелкі емес болып келуіне жол бермейтін мөлшерлеу құрылғылары қолданылады. Құрғақ кенге арналған бункерлер-жинақтағыштар мен ыдыстар олардың толып кетуіне және толық түсірілуіне жол бермейтін автоматты құрылғылармен жабдықталады. Бункердегі материалдың қалдық қабаты кемінде 1 метр биіктікпен орнатылады	елеулі
1327.	Кенді және аралық өнімдерді беруге арналған ұсатқыштар, тасымалдау таспалары, оларды жабдыққа қайта төгу және тиеу орындары жұмысы өндірістік жабдықпен бұғатталған аспирациялық жүйелермен немесе гидрошаңсыздану жүйелері бар жабындылармен жабдықталады. Жүйенің құрылғыларын бұғаттау жұмыс басталмас бұрын 3-5 минуттың ішінде олардың қосылуын және жабдық немесе жүктемесіз жұмыс	өрескел

	тоқтатылғаннан кейін кемінде 5 минуттың ішінде өшірілуін қамтамасыз етеді	
1328.	Реагент бөлімшесінің, флотация, регенерация, сорбция, қойырту, кептіру бөлімшесінің және қалдықтарды зиянсыз ету бөлімшесінің үй-жайларында ауада қауіптілігі I және II класс улы заттардың шекті рұқсат етілетін концентрацияларының артуы туралы белгі беретін газ талдағыштар орнатылады	өрескел
1329.	Дірілді генерациялайтын жабдық үшін дірілдің азаюын қамтамасыз ететін құрылыс, технологиялық және санитариялық-техникалық іс-шаралар кешені пайдаланылады	елеулі
1330.	Шудың көзі болып табылатын жабдық орналасқан аралықтар басқа учаскелерден дыбыстан оқшаулайтын арақабырғалармен бөлінеді. Деңгейлері жоғары шуды қалыптастыратын негізгі технологиялық жабдық дыбыстан оқшаулайтын қоршаулармен жабдыкталады	елеулі
1331.	Мөлшерлеу алаңшаларында орналасқан шығыс сыйымдылықтарынан реагенттерді байланыс күбілеріне, флотациялық машиналарға, агрегаттарға беру жабық коммуникациялар бойынша автоматты герметизацияланған мөлшерлегіштер көмегімен жүзеге асырылады	елеулі
1332.	Жұмысшылардың флотореагенттермен байланысы мүмкін болатын бөлімшелерде ыстық және суық суды беретін жуғыштармен, көзді жууға арналған фонтанмен және теріге тиген заттарды тез жою үшін су ағысымен жуу құрылғыларымен жабдыкталады	елеулі
	Концентратты кептіру және түйіршіктеу, оны тиеуге беру процестерін, желдету және газ бен шаңнан тазарту жүйелерінің жұмысын басқару оператор	

1333.	бөлмесінде орнатылған пульттерден жүзеге асырылады. Кептіру агрегаттарына қызмет көрсету орындарында берілетін ауаның температурасын автоматты түрде реттейтін душ қондырғылары көзделеді	елеулі
1334.	Жаңадан жөнделген және реконструкцияланған желдету қондырғыларын ұйым басшысы тағайындаған комиссия пайдалануға қабылдайды. Желдету қондырғыларында шикілік бар болса және жұмысы тиімді болмаса оларды пайдалануға қабылдауға жол берілмейді	елеулі
1335.	Технологиялық жабдықтың жұмыс істеуі кезінде барлық негізгі ауа сору-тартпа желдету және аспирациялық қондырғылары үздіксіз жұмыспен қамтамасыз етіледі. Желдетудің жарамсыз жүйелері кезінде жұмысы шаң мен газдың бөлінуімен жүргізілетін технологиялық жабдықты пайдалануға жол бермеу. Желдету қондырғысы тоқтап қалғанда және зиянды заттардың шоғырлануы жоғарылағанда үй-жайдағы жұмыс тоқтатылады, адамдар таза ауаға шығарылады	елеулі
1336.	Негізгі және қосалқы жабдығы бар желдету және аспирация қондырғыларының жұмысы бұғатталған кезде желдету немесе аспирация жабдығының маңында тікелей қосымша іске қосу құрылғылары көзделеді. Технологиялық жабдықты онымен бұғатталған желдету жүйесін іске қосуға дейін қосуға жол бермеу	өрескел
1337.	Желдету қондырғылары алмасатын ауаның көлемін реттеу үшін ауа арналары мен құрылғыларға келетін ауаның жылдамдығын, қысымы мен температураларын бақылау және өлшеу үшін керек-жарақтармен (люктер, штуцер) жабдықталады	елеулі

1338.	<p>Ауадағы шаңның құрамын анықтау үшін сынама алу, жұмыс орындарында ауа температурасын, ылғалдылығын, қозғалысының жылдамдығын тексеру желдету және аспирация қондырғыларын реконструкциялағаннан және күрделі жөндеуден кейін қалыпты пайдалану және технологиялық режимнің өзгеруі жағдайында жүйелі түрде жүргізіледі.</p> <p>Ауа сынамасын алу орны мен кезеңділігі басшы бекіткен жоспармен немесе кестемен белгіленеді</p>	елеулі
1339.	<p>Радиациялық-қауіптілерге жатқызылған кәсіпорындар радиациялық бақылауды жүзеге асырады.</p> <p>Радиациялық фонды тексеруді бақылау нәтижелерін арнайы журналда тіркей отырып, ұйым басшысы бекіткен тізбе бойынша жұмыс орындарында және аймақтарда жүргізіледі</p>	елеулі
1340.	<p>Радиациялық бақылау мыналарды белгілейді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жұмыс аймағында және онымен аралас жұмыстарды жүргізу аймағындағы радиациялық-қауіпті факторлардың деңгейін; 2) радиациялық жағдайдың радиациялық қауіпсіздіктің рұқсат етілген нормаларына сәйкес келуін; 3) жоғары радиациялық қауіптіліктің негізгі көздерін айқындауды және бағалауды; 4) радиациялық-қауіпті факторлар кешенінің жұмысшыларға әсер ету дәрежесін; 5) сыртқы ортаның радиоактивті заттармен ластану деңгейін және персоналға, кенді қайта өңдеу ұйымы орналасқан ауданда тұратын халыққа радиациялық факторлардың әсер ету деңгейін бағалауды 	елеулі
	<p>Радиациялық жағдайы жоғары кенді қайта өңдеу кәсіпорындарын жобалау және пайдалану кезінде жұмысшыларды иондау сәулеленудің әсерінен қорғау,</p>	

1341.	<p>ұйымның өнеркәсіптік ағынды суларды және ауа шығарындыларын радиоактивті, зиянды заттардан тазарту жөнінде қосымша шаралар көзделеді</p>	елеулі
1342.	<p>Ұйымның өнеркәсіптік алаңдарының айналасында мөлшері жобалық құжаттамамен анықталатын санитариялық-қорғау аймағы орнатылады.</p> <p>Ұйымның санитариялық-қорғау аймағында қосалқы және қосымша объектілерді орнатуға, магистральдық автомобиль жолдарын төсеуге жол беріледі. Көрсетілген объектілер шығарындылардың негізгі көздерінен немесе радиоактивті аэрозольдардың ұйымдастырылмаған түсімдерінен қауіпсіз қашықтықта орналасады</p>	елеулі
1343.	<p>Кенді ұзақ мерзімді сақтауға арналған қоймаларды аумағы қоршалуы тиіс жеке алаңдарға орналастыру қажет. Кен қоймаларын орналастыру желдетудің ең қолайлы жағдайларын құру қажеттілігін ескере отырып көзделеді. Жекелеген қоймалық үй-жайлардың арасындағы саңылаулар ені кемінде 20-25 метр құрайды.</p> <p>Өнеркәсіптік алаңдағы кеннің шығыс қоймалары негізгі цехтардың ғимараттарынан кемінде 50 метр және әкімшілік-шаруашылық және қосалқы ғимараттар мен құрылыстардан кемінде 100 метр қашықтықта орналастырылады</p>	елеулі
1344.	<p>Технологиялық процесті басқаруды механикаландыру жабдықты реттеу және баптау кезінде иондаушы сәулеленудің немесе үстіңгі қабаттың және ауаның радиоактивті ластануының деңгейі жоғары орындарда қызмет көрсететін персоналдың болуы талап етілмейтіндей етіп орындалады</p>	елеулі

1345.	Өзінің сипаты бойынша толық герметизацияланбайтын және оның салдарынан өндірістік үй-жайлардың радиоактивті газдармен және аэрозольдармен ластануының себебі болып табылатын технологиялық операцияларды жеке тұрған үй-жайларға шығарылады	елеулі
1346.	Сүзу процестері үшін тұнбаларды алу және тазарту бойынша кеніш операцияларына жол бермейтін үздіксіз іс-қимылды аппараттар қолданылады	елеулі
1347.	Шаң мен радонның (торон) бөліну көздері болып табылатын барлық аппараттар жұмыс тесіктері ең төменгі қажетті мөлшерлерден тұратын паналармен жабдықталады	елеулі
1348.	Радиоактивті заттардың құрамы жоғары тұздарды кептіру және қыздыру бөлімшелерінде механикаландырылған және автоматтандырылған тиеуі мен түсіруі бар үздіксіз жұмыс істейтін пештер пайдаланылады. Кептіру және қыздыру бөлімшелерінің барлық аппараттары одан әрі шанды процеске кері қайтара отырып дайын өнімнен шанды тұту жүйесімен жабдықталады	елеулі
1349.	Кенді қайта өңдеу ұйымдарының негізгі технологиясының мақсаттары үшін ураны жоқ кеніштердің шахталық (карьерлік) суларын егер олар техникалық шарттарды қанағаттандыратын болса, пайдалануға жол беріледі. Шахталық сулар жиынтық ұзақ өмір сүретін альфа-активтілік бойынша литрге 3·10 ⁻⁹ кюри орташа жылдық шоғырлануды сақтағанда бақыланатын аймақта жұмыс істейтін көлікті жуу үшін пайдалануы мүмкін	елеулі
	Шаруашылық-ауыз су су құбырының трассасын сұйық радиоактивті қалдықтарды тасымалдау және сақтау үшін арналған коммуникацияларға қатысы бойынша орналастыру	

1350.	және кез келген жағдайларда құбырларды төсеу жүйесі су құбырына радиоактивті заттардың түсу мүмкіндігіне жол бермеуге тиесілі	елеулі
1351.	Трассада арнайы кәріздің желілері ұйым аумағының шеңберінен тыс өтуі және айыру белгілері көзделуі тиіс. Бұл трассаларда топырақтың бұзылуымен байланысты қандай да бір құрылыс жұмыстарын жүргізуге жол бермеу	елеулі
1352.	Құрамында радиоактивті изотоптары бар ағынды сулар технологиялық процеске қайтарылады, оларды ашық су айдынына жіберген жағдайда - суға арналған рұқсат етілген шоғырлану деңгейіне дейін алдын ала тазартылады. Технологиялық процесте ластанбайтын ағынды сулар техникалық сумен қамту жүйелерінде пайдаланылады. Өнеркәсіп объектілерінің сұйық технологиялық радиоактивті қалдықтары кәріздің (арнайы кәріз) жеке жүйесі бойынша қалдық қоймасында жойылады	өрескел
1353.	Кенді қайта өңдеу объектілерінің барлық корпустары механикалық қосылумен ауаны сору-тартпа желдетумен жабдықталады. Зиян бөлінулер жоқ болған кезде жеке үй-жайларды табиғи желдетуге жол беріледі. Радиоактивті ластануы жоғары кендерді бункерлерде сақтаған жағдайда сиретуді тудыру үшін оларда тартпа механикалық желдету құрылғысы көзделеді. Ашық люктерде сору жылдамдығы секундына 1 метр құрайды. Шаңданатын жабдықтың паналарынан сорылатын ауаның көлемі есеппен белгіленеді, осылайша ауаны сору жылдамдығы секундына 1,5-2,0 метр деп қабылданады	елеулі
	Өндірістік үй-жайларды желдету үшін ауаның қажетті көлемін зиянды бөлінулерді рұқсат етілген шоғырлану деңгейіне дейін	

1354.	радиоактивті заттар бойынша және шекті рұқсат етілген шоғырлану деңгейіне дейін жалпы улы заттар бойынша сұйылту және өзге параметрлер бойынша (ауа температурасы, ылғалдылығы) талап етілетін нормативтерді қамтамасыз ету жағдайларына сүйене отырып есеппен анықтау қажет	елеулі
1355.	Тартпа желдету жүйелері үшін ауаны алуды атмосфералық ауада радиоактивті және улы заттардың құрамы 0,1 рұқсат етілген шоғырланудан жоғары емес және жұмыс үй-жайлары үшін 0,3 шекті рұқсат етілген шоғырлануды құрайтын аймақтан жүзеге асыру қажет. Көрсетілген мөлшерлер артқан жағдайда алмасатын ауа міндетті тазартуға жатады	елеулі
1356.	Жергілікті сорғылармен жойылатын және құрамында шаң, радиоактивті, химиялық және жағымсыз иісті заттар бар ауа атмосфераға шығарылмас бұрын тазартуға жатады	елеулі
1357.	Барлық технологиялық жабдық металл сынығына өткізілер алдында оның ластануын сағатына 0,50 микроЗивертке тең гамма-сәулеленудің экспозициондық мөлшерлемесі қуатының деңгейіне дейін төмендетуді қамтамасыз ететін тазартуға және зарарсыздандыруға ұшырауы тиіс. Жөндеуге жіберілген жабдық гамма-сәулеленудің сол мөлшеріне және беттік ластануға ие болады. Шекті рұқсат етілген концентрацияларға дейін тазартуға келмейтін жабдықты радиоактивті қалдық ретінде қарау керек	елеулі
1358.	Кенді қайта өңдеу объектілерін пайдалану кезінде радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жұмыс істейтіндердің жеке қорғанысы мен жеке гигиенасы жөнінде іс-шаралар көзделеді.	елеулі

	Аэрозольдардың бөлінуі орын алатын үй-жайлардағы жұмысшылар жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етіледі	
1359.	Санитариялық-қорғау аймағының аумағына іргелес жатқан тұрғын үй массивтері жағынан қалдық қоймасының бөгетінен шамамен 200 метр қашықтықта ені 15-20 метр орманды қорғау алабын отырғызу қажет	елеулі
1360.	Гидрометаллургия өндірісінің қалдықтарын беру болат құбырлары немесе жабық темір-бетон лотоктары бойынша гидрокөлікпен жүзеге асырылады	елеулі
1361.	Шаңның түзілуіне және радиоактивті аэрозольдардың таратылуына жол бермеу үшін жуу құламасының беті жуылуы бойынша жобалық белгілерге дейін таза топырақпен жабылады. Жабылу қабатының қалыңдығы кемінде 0,5 метр құрайды. Жабылған бетке шөп егу қажет	елеулі
1362.	Жер асты суларының радиоактивтілік деңгейін бақылау үшін қалдық қоймасының периметрі бойынша және жер асты сулары ағысының бағыты бойынша сынама іріктегіштер (бақылау) ұңғымаларынан су сынамасын іріктеу жүргізіледі. Ұңғымалардың орналасқан жері және саны ұңғымалардың арасындағы қашықтық кемінде 300 метр құрайтындай есеппен гидрогеологиялық жағдайларға байланысты анықталады. Бұл ретте бір-екі ұңғыма санитариялық-қорғау аймағының шегінен тыс жерде орналастырылады	өрескел
11-бөлім. Қауіпті өндірістік объектілердің қалдық және шлам шаруашылықтары үшін өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы талаптар		
1363.	Қалдықты және шөгінді шаруашылықтарының қауіпті өндірістік объектілерін жобалау, салу, пайдалану, кеңейту, қайта жаңарту, жаңғырту,	өрескел

	консервациялау және жою кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету	
1364.	Қалдық қоймаларын пайдаланушы ұйымның техникалық басшысы әзірлеген және бекіткен технологиялық регламенттің болуы	елеулі
1365.	Шөгіндер мен қойылтқыштарды қол еңбегін пайдалануға және құрастырылымдардың бұзылуына жол бермейтін, шөгінген жағдайда оларды тазалауға, жууға арналған құрылғылармен немесе механизмдермен жабдықтау	елеулі
1366.	Шөгінге және нығыздалуына жол бермейтін еңістері бар қойылтылған қоймалжыңды қойылтқыштардан қоймалжыңды сорғылау станциясына бұратын өздігінен ағатын қойыртпақ жүргізгіштердің (астаушалар) көзделуі	елеулі
1367.	Қойыртпақ жүргізгіштер төселейтін туннельдерді желдеткішпен, авариялық жарықпен және қызмет көрсетуші персонал құрамына арналған өту жолдарымен жабдықтау	елеулі
1368.	Барлық пайдалану мерзімі ішінде тасқынды ағудың қабылдауын қамтамасыз етпейтін жинақтауыштардың қалдық қоймалары үшін оны жинақтауыштың шеңберінен тыс қабылдау және бұру бойынша құрылыстардың көзделуі	елеулі
1369.	Қалдық қоймалардың қалдықтары мен ағынды суларының жинақтауышында жерасты суларының деңгейі мен құрамын бақылау үшін қадағалау ұңғымаларының желілерін құру	елеулі
1370.	Қоршайтын және су жинау құрылыстарының бұзылу салдарлары, аумақты ықтимал су басу аймағының, жерасты және жер бетіндегі сулардың ластану шекараларын анықтау, ықтимал су басу аймағында орналасқан өзге	елеулі

	объектілерді қорғау немесе қауіпсіз орынға шығару бойынша іс-шаралардың орындалуы	
1371.	Қалдық қоймасының аварияға қарсы қорғау жүйесінің болуы	елеулі
1372.	Жобалау құжаттамасына сәйкес құрылысы аяқталмаған қалдық қойманы пайдалануға енгізуге жол бермеу	өрескел
1373.	<p>Пайдалану режимінде кешенді сынақтан өткізілген дабыл беру, бұғаттау, артық жүктемелерден қорғау құрылғылары, бақылау-өлшеу аспаптары, байланыс және жарық құралдарының және қабылдау комиссиясының актісінің болуы. Бақылау-өлшеу аспаптарының барлық металл бөліктерін тоттанудан қорғау. Жер бетіне шығып тұратын құдықтардың қорғаныш қапқатарына немесе қапқатарына жуылмайтын бояумен бақылау-өлшеу аспаптарының нөмірленуінің болуы.</p> <p>Пьезометрлерді ластанып қалудан сақтау үшін жабылатын қапқатармен, ал бұзылудан - жерге қазып орнатылған диаметрі үлкен металл немесе темірбетон құбырлармен қорғалуын қамтамасыз ету</p>	елеулі
1374.	<p>Қалдық қоймалардың барлық объектілеріне жылдың кез келген уақытында автокөлік құралдары мен механизмдердің кіруін қамтамасыз ету.</p> <p>Жол белгілерінің болуы және жарамды күйде ұсталуы.</p> <p>Қалдық қоймасына қызмет көрсететін бөлімшеде ілінетін, кіреберіс жолдардың, адамдар мен көліктің қозғалу сызбанұсқаларының болуы. Сызбанұсқамен объектідегі жұмысқа қосылған барлық автокөлік құралдарының жүргізушілері таныстыру. Бөгде автокөліктің қалдық қойманың аумағына кіруіне жол бермеу</p>	елеулі

1375.	Қалдық қойманың паспортының болуы	елеулі
1376.	АЖЖ көзделген орындарда тұратын, адамдарды құтқару және аварияларды жою жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру үшін байланыс құралдарының, техникалық және материалдық құралдардың жарамды болуы	елеулі
1377.	Өндіріске өзгерістер енгізгенге дейін технологиялық процестер, коммуникациялар сызбанұсқалары өзгерген, жабдық ауыстырылған жағдайда АЖЖ және технологиялық регламенттерге тиісті түзетулердің енгізілуін қамтамасыз ету	елеулі
1378.	Жыл сайын ұйымның техникалық басшысы бекітетін алдын ала жоспарлы жөндеу кестесі бойынша құрылыстарға, желілерге және жабдықтарға жөндеу жүргізуді ұйымдастыру	елеулі
1379.	Қалдық қойманың құрылыстары мен ғимараттарын өртке қарсы қорғанышпен қамтамасыз ету	елеулі
1380.	Қалдық қойманы пайдалану кезінде техникалық құжаттаманы жүргізу: 1) технологиялық регламенттер; 2) қалдық қоймасын пайдалану жобасы; 3) құрылыстарға аспапты бақылау және геотехникалық бақылау материалдары; 4) када белгілерді, маркаларды, пьезометрлерді төсеу бойынша қабылдаудың атқарушы актілері; 5) жобаны, жұмыс құжаттамасын құрастыру үшін орындалған инженерлік іздестірулер туралы есептер; 6) ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы есептер; 7) құрылыстарды пайдалануға қабылдау актілері; 8) дайындаушының техникалық құрылғыларды пайдалану жөніндегі паспорттары және нұсқауы;	елеулі

	<p>9) қалдық қойманың паспорты, құрылыстардың техникалық паспорттары;</p> <p>10) қалдық қойманың қауіпсіздігі мониторингісінің жобалық құжаттамасы</p>	
1381.	<p>Шайып жинақтауыштарда пайдаланудың алғашқы бес жылынан кейін және тіреуіш призмасының жобалық ұзындығы шеңберінде өсірудің кемінде әрбір 10 метр сайын тіреуіш призмасына шайылған қалдықтардың физикалық-механикалық сипаттамаларының сәйкестігін растау мақсатында инженерлік-геологиялық зерттеу жүргізу.</p> <p>Жобалау ұйымы өкілдерінің қатысуымен шайып жинауыш бөгеттерінің орнықтылығын тексеру, шайып жинауыштар бөгеттерінің орнықтылығын кезектен тыс тексеру жүргізілуін ұйымдастыру</p>	елеулі
1382.	<p>Ұйымның техникалық басшысы бекіткен, әрбір жыл басталғанға дейін қалдықты шайып сақтау қоймасын толтыру жоспары мен кестесінің, құрылыстар мен жабдықтарды жоспарлы алдын ала жөндеу кестесінің болуы</p>	елеулі
	<p>Қалдық қоймаларды қауіпсіз пайдалануыңамтамасыз ету:</p> <p>1) қалдықтардың жыл сайын бекітілетін жоспар мен кестеге сәйкес төселуін қамтамасыз ету, жобалау құжаттамасында қабылданған толтыру сызбасының, қойыртпақты шығару тәсілдерінің, қалдықтарды төсеу технологиясы мен шаю қарқындылығының сақталуы. Рұқсат етілмеген және ұйымдастырылмаған қалдықтарды төсеуге жол бермеу;</p> <p>2) қалдық қоймасында жобалау құжаттамасында көзделген су көлемін ұстап тұру, қалдық қоймасына келіп түсетін және одан алынатын су мөлшерінің (әсіресе, су айналымы 100 пайыз</p>	

1383.	<p>болғанда) тәулік сайынғы есебін жүргізу. Жобалау құжаттамасында су көлемінің берілгеннен ең төменгі шегінен азаюына және көлемнің ең жоғарғы шегінен астам артуына жол бермеу;</p> <p>3) құрылыстардың жай-күйін бақылауды жүзеге асыру және құрылыстарды қауіпсіз пайдаланудың жобалау құжаттамасында берілген өлшемдерінен асуына жол бермеу;</p> <p>4) қалдық қойма мен оның құрылыстары жұмысының режимінде туындаған бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шараларды және жөндеу жұмыстарын уақтылы жүргізілуі;</p> <p>5) жобада көзделген барлық табиғатты қорғау іс-шараларын және қалдықтардың тозаңдануының алдын алу жөніндегі шаралардың орындалуы ;</p> <p>6) Қағидалардың, жобалау құжаттамасы мен технологиялық регламенттің талаптарын сақтау</p>	өрескел
1384.	<p>Қалдық қойманы пайдалануға беру кезінде оның ішінде жиналған судың көлемі өндірісті алғашқы іске қосу кешенінің айналымдық сумен жабдықтау үшін жеткілікті көлемінен артық болмауы керек</p>	өрескел
1385.	<p>Қалдық қойманың шөгін тоғанында, бақылау үшін ыңғайлы орында қалдық қоймадағы судың деңгейін бақылауға арналған сантиметрлік бөліктері бар өзгеріске ұшырамайтын материалдан жасалған су өлшеу тақтайшасының болуы. Тақтайшаның нөлі тіреуіш реперге байланады. Су өлшеу тақтайшасына тоғандағы су деңгейі белгіленеді. Тақтайша су деңгейін қашықтықтан бақылау аспабының бар болуына карамастан орнатылады</p>	өрескел
1386.	<p>Шаятын қалдық қоймалары бөгеті қырының белгісі немесе шаятын қалдық қоймалары құлама бөгетінің жоғарғы еңісі</p>	өрескел

	маңындағы су бетіндегі жағажай белгісінің жобалау құжаттамасына сәйкестігі	
1387.	Шаятын қалдық қоймасын пайдаланудың барлық мерзімі ішіндегі су бетіндегі жағажай ұзындығының бөгеттің төменгі еңісінің жалпы және сүзу орнықтылығын негізге ала отырып , шаятын әрбір қабаты үшін жобалау құжаттамасында берілгенге сәйкестігі. Жобалау құжаттамасында су бетіндегі жағажайдың бақыланатын ұзындығы болмаған жағдайда, ол жергілікті жағдайларға байланысты 20-50 метр шегінде белгіленеді	өрескел
1388.	Қойыртпақты жағажайға шығару кезінде бөгеттің қыры мен төменгі еңісіне ағып төгілуге жол бермеу	өрескел
1389.	Қалдық қоймаға жобада қарастырылмаған ағынды суды жіберуге, материалдарды қоймалауға, жобалау құжаттамасында көрсетілгенмен салыстырғанда артық су көлемінің жиналуына жол бермеу. Суды жинауыштан залалсыздандырып тазаламай, табиғи су айдындарына жіберуге жол бермеу	өрескел
1390.	Топырақты кесуге, төменгі бьефте және бөгеттің төменгі еңісінде, қалдық қойманың жырасында жобалық толтыру белгісі шегінде қазбалар мен қазаншұңқырларды орналастыруға жол бермеу	елеулі
1391.	Қалдық қойма орналасқан ауданда жарылыс жұмыстарын жүргізу жобалау құжаттамасында белгіленеді	елеулі
1392.	Кіреберіс жолдарда және қалдық қоймаларға ықтимал өту жолдарында "Қауіпті аймақ. Бөгде адамдардың өтуіне және кіруіне тыйым салынады!" деген плакаттардың болуы	елеулі
1393.	Қалдық қойманың бермалары мен бөгет қырына кем дегенде екі өту жолдарының болуы	елеулі

1394.	Көлік құралдарының өтуі мен адамдардың жағажайда жүруіне технологиялық регламенттің болуы	елеулі
1395.	Қоршау бөгеттерінде, дамбаларда, арналарда, дренаждарда, туннельдер мен тарату қойыртпақтарында құрылыстардың ұзындығын, олардың жер астына немесе су астына жасырынған коммуникациялармен қиылысу орындарын пикет бойынша белгілейтін белгілерінің болуы	елеулі
1396.	Қысымды қойыртпақтар өтетін дамбалардың (бөгеттер) жасанды жарықпен қамтамасыз етілуі	елеулі
1397.	Қалқыма құралдардың жүккөтергіші көрсетілген жазбасының, құтқару құралдарының (құтқару дөңгелектері немесе шарлар, кендір арқан) және суды сарқуға арналған шөміштерінің болуы. Судағы жұмыстарды ұйымдастыру наряды-рұқсат беру бойынша жүргізіледі	елеулі
	<p>Персоналдың жылжуына және қалдық қойманың мұзы бойынша өткелдерді ұйымдастыруға мұздың келесі қалыңдығы кезінде жол беріледі.</p> <p>1) салмағы 0,1 тонна құрал-саймандарымен адам; мұзды қабатының қалыңдығы 10 сантиметр, ауаның температурасы минус 1 градус Цельсия суықтан минус 2 градус Цельсия суыққа дейін болғанда қауіпсіз; көлік арасындағы минималды қашықтық 5 метр;</p> <p>2) жүк көтерімділігі 1,5 тонна автокөлік салмағы 3,5 тонна жүгімен; мұзды қабатының қалыңдығы 25 сантиметр, ауаның температурасы минус 1 градус Цельсиядан минус 2 градус Цельсияға дейін болғанда қауіпсіз; көлік арасындағы минималды қашықтық 20 метр;</p> <p>4) салмағы 8,5 тонна, жүгі бар автосамосвал немесе бульдозер; мұзды қабатының қалыңдығы 40</p>	

1398.	<p>сантиметр, ауаның температурасы минус 1 градус Цельсия суықтан минус 2 градус Цельсия суыққа дейін болғанда қауіпсіз; көлік арасындағы минималды қашықтық 25 метр;</p> <p>5) салмағы 10 тонна автотартқыш жүгімен немесе трактор; мұзды қабатының қалыңдығы 40 сантиметр, ауаның температурасы минус 1 градус Цельсия суықтан минус 2 градус Цельсия суыққа дейін болғанда қауіпсіз; көлік арасындағы минималды қашықтық 30 метр;</p> <p>6) салмағы 20 тонна, жүгі бар шынжыртабанды шығыран; мұзды қабатының қалыңдығы 60 сантиметр, ауаның температурасы минус 1 градус Цельсия суықтан минус 2 градус Цельсия суыққа дейін болғанда қауіпсіз.</p> <p>Көктемде мұздың беріктігі екі есе кемиді. Есептеу кезінде мұздың тек берік қабатының қалыңдығы ғана алынады.</p> <p>Мұздың көрсетілген қалыңдықтары бір литрге 1000 миллиграммға дейін минералданған суға жатады.</p> <p>Мұздың шекті қалыңдығының мәнін соңғы үш тәуліктегі ауаның орташа температурасы минус 5 градус Цельсия болған кезде 1,1 есеге; температура 0 градус Цельсия болғанда 1,4 есеге; температура 0 градус Цельсиядан жоғары болған кезде 1,5 есеге ұлғаяды</p>	елеулі
1399.	Мұздағы жұмыстар жұмыстарды ұйымдастыру жобасы бойынша жүргізіледі	елеулі
1400.	Қалдық қоймалардағы кезекші персонал үшін саны мен орналасатын жері жобалау құжаттамасында анықталатын, жылытылатын, электр тогы жүргізілген және телефон қойылған қызметтік үй-жайлар	елеулі
1401.	Алғашқы дамбалар мен қалдық қойманың құлама дамбаларын салу жобалау құжаттамасына сәйкес жүргізіледі	елеулі

1402.	<p>Екі және одан астам бөліктерден тұратын сел ағындарын қалыптастыратын қалдық қоймаларды салу және қайта жанарту кезінде қоршау бөгеттері тік ядро немесе жоғарғы еңіс бойынша көлбеу қалқа түріндегі сүзуге қарсы элементтердің құрылғысы бар ірі түйіршікті топырақтардан немесе тау тасты массасынан төселінеді және өсіріледі. Мұндай қалдық қоймалардың бөгеттерін арттыру төменгі еңіс жағына қарай жүргізіледі.</p> <p>Тас аршылым болмаған жағдайда, каскадтағы дамба биіктігін ұзарту экранды бірлесіп кеңейте отырып, тек төменгі еңіске қарай жүргізіледі.</p> <p>Каскадты қалыптастыратын бөліктердің жоғары орналасқан бөліктердің дамбалары бұзылған кезде түзілетін сел ағысын құю үшін жеткілікті резервтік көлемдері немесе сел ағысының өтуін және қауіпсіз орынға бұрылуын қамтамасыз ететін авариялық су жинағышы (арнасы) болады</p>	елеулі
1403.	<p>Алғашқы дамбалармен құлама дамбаларды тұрғызу кезінде еңістердің жобалық құламаларын ұлғайтуға және берманың ені бойынша ауытқушылықтарды арттыруға жол бермеу</p>	елеулі
1404.	<p>Қойманы толтыру кестесімен және технологиясымен ұштастырылатын, дамба кескінінің әртүрлі аймақтарына аршылған жыныстарды салу ретін және жүйелілігін қамтамасыз ету. Төгу жобалау құжаттамасын сақтай отырып жүргізіледі</p>	елеулі
1405.	<p>Аршу жыныстарынан дамбаларды үйінді түзу әдісімен орнату кезінде</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) топырақты бөгетке төсеу технологиясын; 2) жобалау құжаттамасында берілген қабаттар биіктігі мен еңістердің тіктігінің сақталуын; 	елеулі

	3) жобалау құжаттамасында берілген бөгеттерді қалыңдату және қалдық қоймадағы су деңгейін арттыру қарқынын бақылауды қамтамасыз ету	
1406.	<p>Дамбаны қалыңдатудың немесе шаю қабатының әрбір кезегіне:</p> <p>1) дамбаның жобалық және нақты өлшемдерін, оның элементтері мен белгілерін түсіре отырып түсірілімді;</p> <p>2) дамбаның өзіндік көлденең қималарының сипаттамаларын;</p> <p>3) дамбаны төгу немесе шаю және тірек призмасын шаю кезіндегі геотехникалық бақылау нәтижелерін;</p> <p>4) жасырын жұмыстарға жасалған актілерді қамтитын орындаушылық құжаттамасының болуы</p>	өрескел
1407.	Дамба бөлігінде қысымды қойыртпақ жүргізгіштерді және су жолдарын төсеуге жол бермеу	өрескел
1408.	<p>Дамба бөлігінің тұтастығы бұзылған жағдайда, қалдық қоймадан су мен қалдықтың жарылу және ағу қаупін тудыратын еңістердің едәуір көшкіні немесе орын алған өзгерістер кезінде оған қойыртпақты жіберуді тоқтату, судың деңгейі ең төменгі белгіге дейін төмендетіледі және АЖЖ сәйкес іс-шаралар орындалады. Қалдықтарды одан әрі төсеуге жөндеу жұмыстары толық аяқталғаннан кейін және оларды жобалау ұйымы өкілдерінің қатысуымен комиссия қабылдағаннан кейін жол беріледі</p>	өрескел
1409.	Қойыртпақтың дамба қырына және төменгі еңісіне ағуына жол бермеу. Дамба бойымен төселген үйлестіру қойыртпақ жүргізгіштерден ағулар дереу жойылады.	өрескел
1410.	Қойыртпақ жүргізгіштерді шаю және босату кезінде қойыртпақ пен суды дамбаның (бөгеттің) төменгі еңісіне шығаруға жол бермеу	өрескел

1411.	Берма мен дамба қырында жобада берілген шамадан астам шөгінділер, бойлық немесе көлденең жарықтар пайда болған, еңістер ішінара жылжыған кезде, осы учаскеде қойыртпақты тастауды тоқтату, бөгет бөлігін қалпына келтіру бойынша шараларды қолдану	өрескел
1412.	Қыры арқылы судың ағу қаупіне әкелетін дамбаның жергілікті шөгуі бөгетке салынған топырақпен бітеп жабылады. Бітегіштегі топырақтың тығыздығы дамба бөлігі үшін жобалау құжаттамасында берілгеннен төмен болмайды	өрескел
1413.	Шөгін тоғаны ауданындағы жоғарғы еңістің бұзылған бекітуі қысқа мерзім ішінде жобалау ұйымының келісімі бойынша суға төзімді және мұзға төзімді тастан жасалған тас бойымен қалпына келтіріледі.	өрескел
1414.	Пьезометрдегі су деңгейінің көтерілуі жобалау құжаттамасында белгіленген белгіден асқан жағдайда, дамбаны одан әрі пайдалану мүмкіндігі мен жағдайлары туралы жобалау ұйымының қорытындысы беріледі	өрескел
1415.	Дамба еңісіне сүзу суымен топырақтың ұсақ бөліктерін шығару (механикалық диффузия) кезінде, оның алдын алу және осы учаскедегі судың сүзілуін үздіксіз бақылауды ұйымдастыру іс-шаралары орындалады	өрескел
1416.	Дамбаның төменгі еңісінде сүзгі суымен топырақ бөлігінің шығарылуы (тау жынысын еріту) айқындалған жағдайда, бұл учаскеде шаю жұмыстары дереу тоқтатылады және тау жынысын еріту себептерін жою және еңісті қалпына келтіру шаралары қабылданады	өрескел
	Судың тіреу байқалатын жабық түтікті құрғату учаскелеріне тексеру жүргізу. Егер тексеріспен құбыр мен дренаждың шығынқы бөлігі бөгде заттармен	

1417.	толтырылмағаны анықталса, жобалау ұйымымен келісе отырып жобалық құжаттамаға тиісті өзгерістер енгізе отырып, қолданыстағы дренажды қайта жанарту немесе қосымша дренаж салу жүргізіледі.	өрескел
1418.	Сүзілген судың дамбаның төменгі еңісіне түсуі байқалатын болса, жобалау ұйымы жобалау құжаттамасына түзетулер енгізеді	өрескел
1419.	Қалдықтарды жағажайға шаюды қойыртпақтың жағажай бойымен бөгет осіне қалыпты ағуын, шаю аймағының ұзындығы бойымен біркелкі учаскелермен жүргізуді қамтамасыз ету. Қойыртпақтың жобалау құжаттамасында көзделмеген жағдайлардан басқа, жоғарғы еңіс бойымен немесе дамба осіне параллель шығуы мен ағуына жол бермеу. Қабаттардың қалыңдығы мен рұқсат етілетін шаю қарқындылығы жобалау құжаттамасында анықталады.	елеулі
1420.	Қойыртпақ шығарғыш ұзындығы құлама дамбаларды су шайып кету қаупін болдырмайтын, ал олардың арасындағы арақашықтық құлама дамбаларды маңында іркілген аймақтардың түзілу мүмкіндігіне жол бермеуді қамтамасыз ету	елеулі
1421.	Қойыртпақтың қалдық шығынын түсіру үшін шығару құралдарының ұзындығын жобалау құжаттамасында берілген су бетіндегі жаға ұзындығының шегінде ұсақ майда қалдықтардың шөгу мүмкіндігіне жол бермейтіндей қамтамасыз ету	өрескел
1422.	Жобалау ұйымының келісімінсіз авариялық сыйымдылықтан тірек призмасының бөлігіне айдап қотарылатын қалдықтарды төсеуге жол бермеу	елеулі
1423.	Дамбаларды екі жақты шаю және біржақты кескінді шаю кезінде шөгін тоғаны жобалау құжаттамасында берілген шекараларда ұсталады	өрескел

1424.	Дамбаға ірілігі жобалау құжаттамасында көзделгеннен кем болатын қалдықтарды шаюға жол бермеу	өрескел
1425.	Егер геотехникалық бақылаумен тірек призмасына шайылатын қалдықтардың физикалық-механикалық сипаттамалары мәндерінің жобалау мөлшерлерінен (ұсақ екшемдер құрамының жоғары болуы, жеткіліксіз тығыздық, сұйытылған топырақтың болуы) ауытқушылығы байқалғанда, белгіленгенде жуылған шөгіндердің нақты қасиеттерін ескере отырып, бөгет орнықтылығын тексеру есептерін орындайтын жобалау құжаттамасын әзірлеген ұйым хабардар етіледі, және шаюды жалғастыру мүмкіндігі немесе шаю технологиясын түзету туралы қорытынды беріледі	өрескел
1426.	Дамбалар мен тірек призмаларын шаюға ауа температурасы минус 5 градус Цельсиядан төмен болған кезде, жобалау құжаттамасына сәйкес жүргізіледі. Тірек призмаларына қалдықтарды қысқы төсеу қажеттілігі жобалау сатысында айқындалған жағдайда, қысқы шаю жобасы белгіленген нысан бойынша әзірленетін қалдық қоймасының жалпы жобалау құжаттамасының бөлімі болып табылады	өрескел
1427.	Қойыртпақты шөгін тоғанының мұз бетіне шығаруға, мұз бен қарды тірек призмасына жіберуге жол бермеу	елеулі
1428.	Қалдық қойманы қысқы жағдайда жұмыс істеуге дайындау кезінде жыл сайын қалдықтарды қыста жинауды қамтамасыз етуге арналған тоған көлемінің есебі және оның нақты бар-жоғына тексеру жүргізіледі	елеулі
1429.	Шаятын қалдық қоймаларындағы шаю учаскесінде тұрақты кезекшілік қамтамасыз ету	өрескел

1430.	<p>Жағажай аймағындағы қалдықтарды қазумен байланысты кез келген жұмыстарды жобада белгіленген шектер мен тереңдікте жүргізу. Жағажайда шұңқырлар мен бөгетке қарай кері еңісі бар учаскелердің пайда болуына жол бермеу.</p> <p>Жер асты қуыстарын қалдықтарды төсеуге пайдалану, құрылыс жұмыстары және олардың құрамында пайдалы бөліктер мен улы заттардың болуына химиялық талдаусыз өзге мақсаттар үшін қалдықтарды жобалау ұйымның келісімінсіз алуға жол бермеу</p>	елеулі
1431.	<p>Бөгеттер мен қалдық қоймаларды күрделі жөндеу жобалау құжаттамасына сәйкес орындалады. Қалдық қоймаларда жөндеу жүргізу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру жобасы қалдық қоймасын пайдаланатын ұйымның техникалық басшысымен бекітіледі. Жөндеу жұмыстарын қабылдау қалдық қоймаларды пайдаланушы ұйымның бұйрығымен тағайындалған комиссиямен жүргізіледі, актімен ресімделеді және алдық қоймасының паспортында көрсетіледі</p>	елеулі
1432.	<p>Жаңа төгілген тығыздалмаған топыраққа, еңісі кранның паспортында көрсетілгеннен үлкен алаңда крандарды орнатуға жол бермеу</p>	елеулі
1433.	<p>Бөгеттер мен дамбалардың еңістерінде жұмыс істеу кезінде адамдардың тайғанауына және құлауына қарсы қауіпсіздік шаралары қабылданады, персоналдың орнықтылығын қамтамасыз ететін басқыштар, сақтандырғыш белдіктер мен құралдары қолданылады</p>	елеулі
1434.	<p>Еңістерге дамба қырынан тастарды, бөренелерді, буылған бір топ шыбықтарды беру кезінде материалдардың ықтимал құлау аймағында адамдардың болуына жол бермеу</p>	елеулі

1435.	Қысқы уақытта бөгетте жұмыс бастар алдында жұмыс орындары қар мен мұздан тазартылады	елеулі
1436.	Қойыртпақтың гидрокөлік жүйесін (сұйық қалдықтардың немесе шөгінділердің) пайдалану кезінде технологиялық бақылауды жүзеге асыру: 1) тасымалданатын қойыртпақтың сипаттамаларын анықтау; 2) жүйенің жұмыс режимінің өлшемдерін анықтау және талдау; 3) жүйенің жұмысындағы (тозудың, батпақ басудың, гидросокқының алдын алу) бұзушылықтардың алдын алу бойынша алдын алу іс-шараларды уақтылы орындау; 4) құрылыстар мен жабдықты жоспарлы алдын ала жөндеуді дер кезінде жүргізу	елеулі
1437.	Қойыртпақ сорғы станциясының үй-жайында барлық агрегаттар мен бекітпе-реттеу арқауының стационарлық нөмірлерін көрсете отырып, станциядағы сорғы, энергетикалық жабдықтың, құбыржолдарының және олардың іске қосқыштарының жалпы сызбанұсқалары ілінеді. Барлық өзгерістер сызбаға дереу енгізіледі	елеулі
1438.	Қабат аралық аралық жабындары бар машина залында аралық жабындардың кейбір аймақтарына арналған шекті жүктемелерді көрсете отырып, сызбанұсқалар ілінеді. Ауыр жүктерге арналған алаңдардың шекаралары бояулармен немесе металл белгілерімен белгіленеді	елеулі
1439.	Жөндеу алаңдарының шеңберіндегі қабырғаларда негізгі жабдық пен жүктердің ілгектеу сызбанұсқасы ілінеді. Қойыртпақ сорғы станциясы жағдайларында жөндеу жұмыстары жұмыстарды ұйымдастыру жобасына, технологиялық регламенттерге сәйкес жүргізіледі	елеулі
	Қойыртпақ сорғы станциясының үй-жайындағы жұмыс орындарында:	

1440.	<p>1) белгіленген механикалық, гидромеханикалық, электрлік, көтеріп-тасымалдағыш жабдықты пайдалану жөнінде технологиялық регламенттің;</p> <p>2) қойыртпақ сорғы станциясы бойынша АЖЖ үзінді және қойыртпақ сорғы станциясымен технологиялық байланысқан объектілерде авариялар орын алған кездегі персоналдың іс-қимыл тәртібінің;</p> <p>3) жабдықтың жұмысын есепке алу және бақылау журналының болуы</p>	елеулі
1441.	<p>Монтаждау мен күрделі жөндеуден кейін пайдалануға берілмес бұрын магистральдық қысымды қойыртпақ жүргізгіштері, гидромеханикалық жабдық сынау актісі дайындала отырып беріктігі мен саңылаусыздығына сыналады.</p> <p>Жабдықты пайдалануға беру қауіпті аймақтан адамдар мен бөгде заттар шығарылғаннан кейін жұмыстың жауапты басшысының қатысуымен жүргізіледі</p>	елеулі
1442.	<p>Машина мен жабдықтың барлық қозғалатын бөлшектері қоршалады. Қоршаулар алынған және жарамсыз болған кезде механизмдерде жұмыс жүргізуге және жұмыс істейтін механизмдерде қандай да болмасын операциялар жүргізуге жол бермеу</p>	өрескел
1443.	<p>Сорғылардың авариялық өшірілгені, қалдық және дренажды зумпфтардың және астаулардың асып толғаны туралы хабардар етуге арналған дабыл жұмысы күн сайын журналға жазыла отырып бақыланады. Анықталған ақаулықтар жойылады</p>	елеулі
1444.	<p>Қойыртпақ сорғы станциясының құрғату жүйесін (астаулар, зумпфтар, авариялық шығу) тексеру және тазалау үшін қолжетімді болуы және жұмыс жағдайында ұсталуын қамтамасыз ету. Оның ішінде бөгде заттар мен</p>	өрескел

	қатты шөгіндердің жиналуына жол бермеу	
1445.	Авариялық және буферлік сыйымдылықтар мен оларды тазалауға арналған жабдық техникалық жарамды күйде ұсталады. Оларды сумен және қалдықтармен толтыру деңгейі жобада көрсетілген белгіден аспайды	өрескел
1446.	Авариялық және буферлік сыйымдылықтарды ең жоғарғы белгіге дейін толтыруға жол бермеу	өрескел
1447.	Авариялық сыйымдылыққа қойыртпақ сорғы станциясына келіп түсетін қойыртпақ шығынының бөлігін тастауға жол бермеу	өрескел
1448.	Гидрокөлік жүйесіне гидрокөлік жүйесінің өту жарамдылығынан асатын және авариялық сыйымдылыққа үнемі технологиялық төгілуге әкелетін шығыны бар қойыртпақты беруге жол бермеу	өрескел
	<p>Қойыртпақ жүргізгіштерді пайдалану кезінде:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) қойыртпақ жүргізгіштегі қысымды бақылауды жүзеге асыру; 2) қысқы уақытта қойыртпақтың температурасын фабрикадан шығатын кезде, ал бөгеттерді шаю кезінде қалдық қоймадан шығатын кезде бақылау; 3) астауларда жобада берілген қойыртпақ ағысы деңгейінің артуына жол бермеу; 4) қойыртпақтың қойыртпақ жүргізгіштерден ағып кетуінің алдын алу шараларын қабылдау; 5) қойыртпақ жүргізгіштер эстакадаларын, сорғыларын жүйелі түрде қардан, мұздан тазалау; 6) трассаның төсемін жөндеуді және негіздер, жолдар мен қойыртпақ жүргізгіштерге кіретін жолдардың өзгерген орындарында қойыртпақ жүргізгіштерді тегістеуді дер кезінде жүргізу; 	

1449.	<p>7) қойыртпақ жүргізгіштердің жобалау құжаттамасында белгіленген лай қабатының қалыңдығынан астам лайлануына және мұз тығындарының түзілуіне жол бермеу;</p> <p>8) тоқсанына бір реттен сирек емес құбыржолды арқауға, соққыға қарсы құралдарға және кері қақпақтарға тексеру жүргізу. Тексеріс нәтижелерін журналға жазу;</p> <p>9) қойыртпақ жүргізгіштердің трассасы бойымен орнын толтырғыштар мен жылжымайтын тіректердің жай-күйін бақылау, оларға жөндеу жүргізуді дер кезінде орындау;</p> <p>10) таратқыш қойыртпақ жүргізгіштерді шығару жолдарында қыспалы бекіткіш, ысырмалар, ернемек бітеуіштер, сұқпа жапқыш түрінде бекіту арқауын орнату. Тығындарды пайдалануға жол бермеу;</p> <p>11) қалдық зумпфтары мен астаушаларды қойыртпақ жүргізгіштерге бөгде заттардың түсуіне жол бермейтін торлармен жабдықтау</p>	өрескел
1450.	Қысыммен жұмыс істейтін қойыртпақ жүргізгіштерді және арматураны жөндеу кезінде дәнекермен, бұрғылаумен және сол сияқтылармен байланысты жұмыстарды жүргізуге жол бермеу	елеулі
1451.	Резервтік қойыртпақ жүргізгіштерді мақсатқа сай емес пайдалануға жол бермеу. Резервтік қойыртпақ жүргізгіш ай сайын оның пайдалану жарамдылығына тексерілуге жатады	елеулі
1452.	Бекіту арматурасын және соққыға қарсы құрылғыларды пайдалану қалдық қоймасы құрылыстарын пайдаланудың жобалау құжаттамасына және технологиялық регламентіне сәйкес жүзеге асырылады	өрескел
	Қойыртпақ жүргізгіштерді трасса бойымен босатуға арналған	

1453.	<p>шықпалар мен олардың бекіту арматурасының жарамды күйде болуы, қойыртпақ жүргізгіштерді босату кезінде қойыртпақты қабылдауға арналған сыйымдылықтың оған босатылатын қойыртпақ жүргізгіштердің екі еселік көлемінен кем емес көлемінің бос болуы.</p> <p>Қойыртпақ жүргізгіштерді босатуға арналған сыйымдылықтың орналасқан жері мен құрастырылымы, оларды босатуға арналған тәсілдер мен құралдар жобалау құжаттамасында анықталады.</p>	өрескел
1454.	<p>Қойыртпақ жүргізгіш қабырғасының жарылуына жол бермеу үшін, сыртқы ауа температурасы минус 10 градус Цельсиядан төмен болғанда қойыртпақ беруді қойыртпақ жүргізгіштен келесісіне ауыстырып-қосуға жол бермеу. Авариялық ауыстырып-қосу кезінде қосылатын қойыртпақ жүргізгіштің арматурасы мен жабдығы тексеріледі. Өшірілген қойыртпақ жүргізгіш босатылады</p>	елеулі
1455.	<p>Құбыржол арматурасы мен соққыға қарсы құрылғысы бар қойыртпақ жүргізгішті пайдалану кезінде:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ақаулы ысырмалар мен кері қақпақтар жөнделуге немесе ауыстырылуға жатады; 2) соңғы учаскелердегі ысырмалардың тез жабылуына жол бермеу; 3) соққыға қарсы құрылғыларға уақтылы тексеру және жөндеу жүргізіледі 	елеулі
1456.	<p>Топырақ сорғысын іске қосуға барлық жабдық толық істеп тұрған кезде және қойыртпақ жүргізгіштер трассасында жөндеу жұмыстары болмаған кезде жол беріледі</p>	елеулі
1457.	<p>Қысымы жоқ қойыртпақ жүргізгіштерді пайдалану кезінде қабырғалар кеңейтіледі және лотоктарға жөндеу жүргізіледі</p>	елеулі

1458.	Қойыртпақ жүргізгіштердің жарылуына әкелуі мүмкін, қойыртпақ жүргізгіштердің астындағы негіздердің түрленуі айқындалған жағдайда, (көшкіндер, шөгінділер) оларды жою бойынша шаралар қабылданады	елеулі
1459.	Қабырғаларының қалыңдығы қауіпті белгілерге жеткен қойыртпақ жүргізгіштердің учаскелері (қысымды қойыртпақ жүргізгіште құбырларды профилактикалық бұруды ескере отырып) ауыстырылады. Қабырғалардың қауіпті қалыңдығы жобалау құжаттамасымен анықталады және қалдық қойманың құрылыстарын пайдалану жөніндегі технологиялық регламентпен реттеледі	елеулі
1460.	Қойыртпақ жүргізгіштер қабырғаларының тозу дәрежесі бүлдірмейтін бақылау әдістерімен анықталады	елеулі
1461.	Қойыртпақ жүргізгішті жұмысқа қосқаннан кейін техникалық персонал оны трасса бойымен тексереді және тексеру нәтижелерін құрылыстарды көзбен шолып тексеру журналына жазады	болмашы
1462.	Қойыртпақ жүргізгіш трассасы қызмет көрсету үшін қолжетімді болады. Автожолдар мен трассаға кіреберіс жолдар жылдың кез келген уақытында жүруге дайын күйде ұсталады	елеулі
1463.	Құбырлар мен астаушалардың көрінетін жерлерінде трассаны жобалық ажыратуға сәйкес пикетаж қойылады	елеулі
1464.	Эстакадалар мен галереялар бойымен төселетін қойыртпақ жүргізгіштер бойымен оларға қауіпсіз қызмет көрсету үшін ені кемінде 1 метр қоршаулары бар өту жолдары орнатылады	елеулі
	Дамбаға төселетін диаметрі 600 миллиметрден асатын таратқыш қойыртпақ жүргізгіштерде ені	

1465.	кемінде 1 метр сатылары мен биіктігі 1 метр екіжақты төсеніштері бар өтпелі көпіршелер орнатылады. Таратқыш қойыртпақ жүргізгіштердің ұзындығы бойынша көпіршелер арасындағы арақашықтық 500 метрден артық емес, магистралдық қойыртпақ жүргізгіштікі 1000 метр болып орнатылады	өрескел
1466.	Қойыртпақ жүргізгіштер төселетін туннельдер желдеткішпен, авариялық жарықтандырумен және қызмет көрсететін персоналға арналған өту жолымен жабдықталады. Туннельдердің аэрациялық және желдету ойықтары үнемі жұмыс күйінде болады	елеулі
1467.	Жер снарядында және қалқыма қойыртпақ жүргізгіштерде сыртқы клапандар мен соққыға қарсы құралдарды жобалық құжаттамасыз орнатуға жол бермеу	өрескел
1468.	Жер снарядын қысқы жағдайдағы жұмысқа дайындау кезінде: 1) барлық тораптардың майлары қысқысымен ауыстырылады; 2) машина залы мен жер снарядының палуба құрылысы жылытылады, қосалқы сорғылар мен құбыржолдарды жылыту қамтамасыз етіледі, машина залында термометрлер орнатылады; 3) жер снаряды мен қалқыма қойыртпақ жүргізгіш айналасында ойық жасалады және ұсталады; 4) қалқыма қойыртпақ жүргізгіштердің сал қайықтарының жай-күйіне бақылау жүргізіледі; 5) қалқыма қойыртпақ өткізгіштерді босатуға арналған шығарулар жұмыстық күйінде ұсталады; 6) сал қайықтың үстіңгі палубасы жүктесіктерінің судан қорғау ернеулері қамтамасыз етіледі; 7) жер снарядының палубасы, басқыштары, көпіршелері, өтпелері мен сатылары таза күйде	болмашы

	ұсталынады. Палубадан қар мен мұз тазартылады	
1469.	Жүктесігі ашық, сал қайығында сызаты бар жер снарядын пайдалануға жол бермеу	елеулі
1470.	Жер снарядының көрінетін жерлерінде құтқару құралдары (дөңгелектер, құтқару кеудешелері) орнатылады	елеулі
1471.	Жер снарядын жағадағы операторымен (диспетчермен), қойыртпақ сорғы станциясымен тұрақты радиобайланыспен қамтамасыз ету	елеулі
1472.	Жер снарядын жұмысқа жарамды күйде болатын өртке қарсы жабдықпен, аспаптармен қамтамасыз ету. Өртке қарсы жабдықтар тізбесі жобалық құжаттамамен белгіленеді.	елеулі
1473.	<p>Жер снарядтарын технологиялық орналастыруды жүзеге асыруға арналған ойықтың ең кішкентай аудандары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) земснарядының судағы өнімділігі сағатына 1000-1200 метр куб, мұз ойықтың алаңы 600-800 шаршы метр; 2) земснарядының судағы өнімділігі сағатына 1600-2400 метр куб, мұз ойықтың алаңы 1000-1200 шаршы метр; 3) земснарядының судағы өнімділігі сағатына 2400-3600 метр куб, мұз ойықтың алаңы 1400-1600 шаршы метр; 4) земснарядының судағы өнімділігі сағатына 4000 метр куб, мұз ойықтың алаңы 1800-2000 шаршы метр; 5) земснарядының судағы өнімділігі сағатына 5000 метр куб, мұз ойықтың алаңы 2500-3000 шаршы метр; 6) земснарядының судағы өнімділігі сағатына 10000 метр куб, мұз ойықтың алаңы 3500-4000 шаршы метр. <p>Жоғарыда көрсетілгенмен салыстырғанда ойық ауданын 20 пайыздан аспайтын мөлшерге және ауа райы күрт төмендеген</p>	елеулі

	<p>жағдайда тек қысқа мерзімге азайтуға жол беріледі.</p> <p>Ойықтың өлшемдерін жоғарыда көрсетілгенмен салыстырғанда энергияның өнімсіз шығындарының артуынан және тазартылатын сыйымдылық жылуының табиғи қорының кемуінен арттыру мақсатқа сай емес</p>	
1474.	Қойыртпақты қойылту торабын пайдалану технологиялық регламентке сәйкес жүргізіледі	өрескел
1475.	Қойылту тораптарының аумағына кіреберісте "Бөгде адамдарға кіруге тыйым салынады!", "Сыйымдылық құрылыстары мен құбыржолдарының ернеулері бойынша жүруге тыйым салынады!" деген плакаттар ілінеді	елеулі
1476.	Қалдықтарды (шөгінділер мен өндірістер қалдықтарын) бөлу камераларының құрастырылымына қарамастан, оларды қойыртпақ қабылдау және қойыртпақты бұру терезелері мен тесіктеріне көтеру және түсіру үшін арналған ысырмалар мен механизмдер үнемі жұмыстық күйінде болуы тиіс	өрескел
1477.	<p>Қойыртпақты авариялық лақтыру астауына бұруға арналған терезе жабық түрде ұсталуға жатады, терезе тек авариялық лақтыру кезінде ғана ашылады. Егер бұл жобалау құжаттамасында көзделмесе авариялық лақтыру астауына үнемі құя отырып бөлу камераларын пайдалануға жол бермеу.</p> <p>Қойыртпақты қабылдау терезелерінде алмалы-салмалы қоқысты ұстап қалатын торлар орнатылады, олардың жай-күйіне ауысым сайын бақылау, уақтылы тазалау және жөндеу жүргізілуге тиіс.</p> <p>Жұмыс торларын алып тастағанға дейін екінші ойықтарға тазалау үшін резервтік торлар, ал камераны жөндеу мерзімінде жөндеу ысырмалары орнатылады</p>	елеулі

1478.	<p>Гидроциклондарды коректендіру желілерінен тастарды, бөгде заттарды кармап алуға және алып тастауға арналған құрылғылардың болуы.</p> <p>Гидроциклондарды жеткізу желілеріне гидроциклонға қойыртпақтың берілуін тоқтататын және реттейтін жапқышты орнату</p>	елеулі
1479.	<p>Қойылтқыштың жұмыс істеу уақытында қойылтқышта көбік түзілуді төмендету үшін қойыртпақты бөлу камерасынан жеткізу қойыртпақ жүргізгішіне қайта іске қосу кезінде оның ауамен ауалануына жол бермеу.</p> <p>Бөгде заттардың қойылтқышқа түсуіне; қойыртпақты беру көлемі бойынша едәуір тербелістерге және қойылтылған өнімді ағызуда, өнімді аққыштығын жоғалтатын тығыздыққа дейін қойылтуда жол бермеу.</p> <p>Ағызуда жүзгіндердің бар болуына бақылауды жүзеге асыру және қойылтқыштың жұмысын қалыпқа келтіру үшін жедел шаралар қолдану қажет</p>	елеулі
1480.	<p>Реагенттерді көлік құралдарынан түсіруге, қоймаға беруге, аппараттар мен араластырғыштарға тиеуге, қалыптық және жұмыс ерітінділерін дайындауға арналған жабдықтар және механизмдер үнемі жұмысқа жарамды күйде ұсталуға жатады.</p> <p>Қойылтуды процесіне беру кезінде жұмыс ерітінділерін мөлшерлеу автоматтандырылуға жатады</p>	елеулі
1481.	<p>Ірілендіргілер мен іріткілердің ұсақ ұнтақтарымен және олардың концентрациясы 0,2 пайыздан астам ерітінділерімен жұмыс істеу құрамы кемінде екі адамнан тұратын топпен жүргізіледі.</p> <p>Жұмысшылар жұмысты арнайы киіммен, қорғаныш көзілдірігімен және шаңтұтқыштармен орындауы қажет. Жұмыс уақытында сорып және тартып желдету жүйесі қосылуға тиіс</p>	өрескел

1482.	Теріге, еденге және жабдыққа тиген іріткілердің ерітінділері кептіру құбыржолына бұл мақсаттар үшін жабдықталған қондырғылардан сумен шайылады	елеулі
1483.	Металл сыйымдылықтары, құбыржолдары және іріткілердің ерітінділерімен түйісетін жабдықтың бөлшектері пісіру жұмыстарын жүргізу алдында сумен шайылады	өрескел
1484.	<p>Су жинау және су бұру құрылыстарын қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету үшін :</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) шөгін тоғанындағы су деңгейінің көрсеткіші күн сайын, ал су тасыған кезде ауысым сайын бақыланады; 2) құдықта жобалық құжаттамамен берілген судың тереңдігі және су құю шегінен жоғары қысым ұсталып тұрады; 3) құдықтар мен камералардың су қабылдау терезелеріндегі су құю шегін кеңейту дер кезінде жүргізіледі, оларға бөгде заттар мен қойыртпақтың түсуіне жол бермеу; 4) су жинау және су бұру нүктелерінде оның сапасына (лайлануы) ауысым сайын бақылау жүзеге асырылады; 5) жобалау құжаттамасында көзделген тұрмыстық және тасқын су шығынының өтуін қамтамасыз ету; 6) құрылыстарды техникалық жарамды күйде ұстау; 7) кезекші бөлмесіне шығарылған авариялық дабылы бар тоғандағы судың деңгейін автоматты түрде өлшеуді жүзеге асыру 	елеулі
1485.	Құдықтардың, камералардың су қабылдау терезелері мен сифонды су қабылдағыштардың сорғылары оларға бөгде заттардың, мұз бен қиыршықтардың түсуінен қорғалады	елеулі
	Құдықтардың су қабылдау ойықтарын жабу жапсарлар мен жіктерді бір мезгілде саңылаусыз	

1486.	жауып, әрбір сорғыларды жұмыстық күйінде ретімен орнату арқылы жүргізіледі. Бір мезгілде бірнеше сорғыларды бірге орнатуға жол бермеу	өрескел
1487.	Су жинау және су бұру құдықтарын пайдалану процесінде сорғыш арасындағы кеңістікті бетонмен толтыру алаңдардан немесе құрылғылардан жүргізілу кезінде жұмыстың қауіпсіз жүргізілуін қамтамасыз ету	елеулі
1488.	Су қабылдау ойықтарын сорғылармен жабу және сорғыш арасындағы кеңістікті бетондау атқарушы сызбаны, сорғылар мен бетон паспорттарын қоса тіркей отырып, жасырын жұмысты аяқтау актісімен ресімделеді	өрескел
1489.	Тікелей су бұру құдығының (астауының) жанында атмосфералық әсерлерден қорғауды қамтамасыз ете отырып, қалдық қоймасындағы судың деңгейінен кемінде 0,5 метр жоғары әрбір тесіктің жабындысына қажетті мөлшердегі сорғылардың авариялық қоры көзделеді	елеулі
1490.	Құдықтар қызметтік көпір жағасымен қосылмаған қалдық қоймаларында жобалау құжаттамасымен жылдың кез келген уақытында адамдардың құдыққа баруын, сорғылар мен жөндеу материалдарының жеткізілуін қамтамасыз ететін құралдар көзделеді. Құдықтардың су қабылдау тесіктерін ақауы бар сорғылармен жабуға және оларды дайындау және орнату тәсілінде жобалау құжаттамасынан ауытқуға жол бермеу	елеулі
1491.	Сорғыларды қалқыма құралдардан жұмыс күйінде орнату кезінде жұмысшылар (кемінде екеу) байланатын сақтандырғыш белдіктермен және құтқару кеудешелерімен жабдықталады. Су жинау және су бұру құдықтарын мұздың әсерінен сақтау үшін, олардың айналасына	елеулі

	ені кемінде 1,5 метр ойықтар орнатылады. Оларды дайындау бойынша жұмыстар технологиялық регламентке сәйкес жүргізіледі	
1492.	Сорғылардың неомон бөлігінің биіктігі және су құю табанындағы қысым жобалау құжаттамасында белгіленген мөлшерден артық болған кезде құдықтар мен астауларды пайдалануға жол бермеу	елеулі
1493.	Су жинау құдығын жағамен қосатын қызмет көпіріне кіру жолы жабылатын қақпалары немесе кішкене есіктері бар қоршаулармен жабдықталады. Адамдардың жағадан сал қайыққа және жүзу құрылыстарына баруы үшін арналған көпіршелер мен басқыштардың ені кемінде 1 метр екі жағынан төсеніштері салынып орындалады	елеулі
1494.	Су жинау және су бұру құрылыстарын тексеру және жөндеу рұқсат беру наряды бойынша жүзеге асырылады. Ішкі диаметрі кемінде 1 метр коллекторларда тексеру және жөндеу үшін адамдардың болуына жол бермеу	елеулі
1495.	Коллекторларды тексеру мен жөндеу саны кемінде екі адамнан тұратын топпен орындалады. Коллектордағы немесе тереңдігі 5 метр құдықтағы адамдар шамдармен, коллекторға және құдыққа кіреберіс жолындағы адамдармен екіжақты сым байланысымен немесе радиобайланыспен жабдықталады	өрескел
1496.	Құдықтарды тексеру, техникалық қызмет көрсету және жөндеу кезінде пайдаланушы персоналдың диспетчермен тұрақты байланысын, ал жағадан алыс орналасқан және бөгетпен немесе көпір жағасымен қосылмаған құдықтарда радиобайланысты қамтамасыз ету	елеулі
	Су жинау және су бұру құрылыстарын тазарту	

1497.	жұмыстары жұмыстардың жауапты басшысының қатысуымен жүргізіледі	елеулі
1498.	Мөлдірленген су коллекторының су бұру құдықтарында баспалдақтар орнатылады және оларға бөгде заттардың түсуінен қорғау үшін және шандорларды орнату бойынша жұмыстарды қамтамасыз ету үшін торлармен және қалқыма сал қайықтармен қоршалады. Сал қайықтардың алаңдары таяныштармен қоршалады	елеулі
1499.	Зиянды газдардың жиналуы мүмкін құдыққа немесе коллекторға адамдар түспес бұрын ауаның құрамы газталдағышпен тексеріледі. Құдықтағы немесе коллектордағы адамдар туралы көрнекті орынға ілінген плакаттар хабардар етеді. Ауадағы зиянды заттардың қоспалары рұқсат етілген нормадан артық болған кезде коллекторда жұмыс істеуге жол бермеу	елеулі
1500.	Жұмысшыны су алу және құрғату құдықтарына түсіруге құдықтың беткі жағында екі адам болған, сақтандыру белбеуі және ұшы түсіру ілмегіне немесе құдықтың тірегіне бекітілген негізгі арқан пайдаланған жағдайда жол беріледі	елеулі
1501.	Су бұру арналары олардың ішіне бөгде заттар мен топырақтың түсуінен қорғалады. Беткейге жанасқан арналардың бермалары шашырандыдан тазартылады	елеулі
1502.	Су қоршау астауының бойымен сатыны орнату, ал астаудың ені 2 метр болған кезде екі жағынан саты орнату	елеулі
1503.	Қайықтан өлшеу жұмыстары құрамы кемінде екі адамнан тұратын құтқару кеудешелерін киген бригадамен жүргізіледі. Астаушамен тереңдікті қолмен өлшеу кезінде қайықтың ернеуіне немесе орындығына тұруға және ернеудің келесі бетіне еңкеюге, қолға лотлиннің бос ұшын	елеулі

	байлауға жол бермеу. Тереңдікті салмағы 10 килограммнан аспайтын лотты пайдаланып қолмен өлшеуге жол беріледі	
1504.	Қысымы жоқ туннельдер жүйелі түрде қоқыстардан тазартылады. Бүлінген қаптау орындары қалпына келтіріледі, ал қапталмаған туннельдердегі құлаған тастар жиналады	елеулі
1505.	Арналардағы, туннельдердегі, жүрдек токтардағы қиыршық тығындарды "өзіне қарай" саға жағынан жүргізуге жол бермеу	елеулі
1506.	Гидротехникалық туннельдерді әрбір тасқын өткеннен кейін, бірақ жылына екі реттен сирек емес жүргізіледі. Тексеру нәтижелері көзбен шолып бақылау журналында жазылады	өрескел
1507.	Ұйым су басу немесе нөсерлі тасқындар басталғанға дейін алдын ала бір айдан кешіктірмей, қалдық қоймасын пайдалануды қамтамасыз ететін адамның басшылығымен тасқын комиссиясын құрады және тасқынды қауіпсіз өткізу шараларын дайындайды, олар болжамды тасқынға дейінгі 15 күнтізбелік күн бұрын кешіктірілмей орындалады. Қалдық қойманың тасқынды қабылдауға және өткізуге дайындығы туралы комиссия ұйымның техникалық басшысы бекіткен акті дайындайды	елеулі
1508.	Авариялық бригаданың барлық мамандары мен жұмысшылары тасқын өткізу кезінде пайда болуы мүмкін жұмыс өндірісі бойынша оқудан өтеді, ол жөнінде іс-шаралар жоспарында жазба көрсетіледі	елеулі
1509.	Тасқын өткізу барысында қалдық қоймасындағы судың деңгейі мен судың су бұру және су қабылдау құрылыстары арқылы өтуін, құрылыстар мен бөгеттің жай-күйін тәулік бойы бақылау белгіленеді	елеулі

1510.	Тасқын өткеннен кейін барлық қалдық қоймалары тексерілуге жатады. Анықталған ақаулықтары қысқа мерзімде жойылуы тиіс. Авариялық су бұру арнасы қалдық қоймасынан су өткізбейтін далдамен қоршалады, ал аккумуляторлық сыйымдылықтар жобалау құжаттамасында көрсетілген мерзімде босатылады	елеулі
1511.	Пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін су қабылдау құдықтары, астаулар, түпкі су шығарғыштар мен су бұру коллекторлары тампондалады, орындалған жұмыстар актімен ресімделеді	елеулі
1512.	Сорғы агрегаттарын іске қосу және токтату айналымдық сумен жабдықтауды пайдалану бойынша технологиялық регламентке сәйкес жүргізіледі	елеулі
1513.	Әрбір сорғы агрегатында мойынтіректердің температурасын бақылау және қозғалтқыш құрастырылымында қарастырылған электр қозғалтқыштардың статорын орау үшін манометрі, вакуумметрі (толтырылмайтын сорғылар үшін) термодобылдағышы орнатылады. Агрегаттар (негізгі және қосалқы), ысырмалар мен бекіткіштер сырланып нөмірленеді, жабдық пен құбырларда тілшемен су тоғының бағыты мен штурвалдарды, қолсаптар, басқарушы органдарды (ысырмаларды, бекіткіштерді) айналдыру бағыты көрсетіледі	елеулі
1514.	Айналымдық сумен жабдықтау цехында (учаскесінде) құбырларды салу материалы, диаметрі, ұзындығы, тереңдігі, желі құрылыстарының, бекіткіш, реттеуші және қорғағыш арматуралардың, трассаның айналу бұрыштарының орналасу орны (пикеті), өзге жерасты және әуе желілерімен қиылысу орындары көрсетілетін және барлық атқарушы құрылыс құжаттамасы болатын жоспар-сызбанұсқа ілінеді.	елеулі

1515.	Біріктірілген үлгідегі сорғы станциясындағы су алу камераларының су қабылдау терезелерінің бекіткіштері авариялық жағдайларда терезелердің шұғыл жабылуын қамтамасыз етіледі	елеулі
1516.	Есептік қысымы 1 мегаПаскальдан жоғары (1 шаршы сантиметрге 10 килограмм-күш) құбыржолдарындағы сорғы станциясының машина залында болат ысырмалар орнатылады	елеулі
1517.	Сорғы агрегаттарын іске қосу және тоқтату айналымдық сумен жабдықтауды пайдалану жөніндегі технологиялық регламенттің және жобалау құжаттамасының нұсқауларына сәйкес жүргізіледі. Агрегаттар жұмыс істеп тұрған кезде қорғағыш құрылғыларды бұруға, жөндеу жүргізуге және қозғалып тұрған бөлікті қолмен тежеуге жол бермеу	елеулі
1518.	Автоматтық режимде жұмыс істеп тұрмаған сорғыларды оларға қызмет көрсетуге рұқсаты бар қызмет көрсететін персоналдың қадағалауынсыз қалдыруға жол бермеу. Автоматтық режимде жұмыс істеп тұрған сорғыларды тексеру мерзімділігі айналымдық сумен жабдықтауды пайдалану жөніндегі технологиялық регламентпен белгіленеді	елеулі
1519.	Жұмыстың берілген режимінен барлық ауытқушылықтар, сорғы станциясындағы ақаулар мен авариялар туралы ауысым бойынша аға жұмыскер бақылаушы адамға хабардар етеді	елеулі
1520.	Автоматты сорғы станцияларына қызмет көрсету өзінің аралап көруін және ескертулерін журналға тіркей отырып, станция жабдығының жұмысын тексеретін персоналмен тәулігіне кемінде бір рет (әрбір ауысымда) жүргізіледі	елеулі

1521.	Сорғы станциясы қосалқы бөлшектермен, қосалқы пайдалану материалдарымен жабдыкталады	елеулі
1522.	Айналымдық сумен жабдықтаудың сорғы станциясының жабдығын жөндеу кезінде жетектердің электрлік сызбанұсқалары бөлшектенеді және іске қосу құрылғыларында "Қосуға болмайды! Адамдар жұмыс істеп жатыр!" деген плакаттар ілінеді	елеулі
1523.	Қалқыма сорғы станциясын суға түсіру жұмысты ұйымдастыру жобасы бойынша жүргізіледі	елеулі
1524.	Орнату орнында қалқыма сорғы станциясы бекітіледі және оны пайдалануды қамтамасыз ететін бөлімшемен екіжақты сым байланысы немесе радиобайланысы болады.	елеулі
1525.	Қалқыма сорғы станциясы мен жаға арасындағы хабарлама қызмет көпіршесі арқылы жүзеге асырылады. Көпірше болмаған жағдайда жүзу құралдары болады	елеулі
1526.	Қалқыма сорғы станциясының сал қайықтары ағып кету жағдайына авариялық дыбыс және жарық дабылымен жарақталады. Сал қайықта креномер орнатылады. Сал қайықтың жынысөзегі сорғы агрегатының паспортында көрсетілген шамадан аспауы керек . Шамадан асқан жыныөзек пен ағыс жойылуға жатады	елеулі
1527.	Қалқыма сорғы станциясына қызмет көрсететін персоналды құтқару кеудешелерімен қамтамасыз ету. Сорғы станциясының ернеуінде кем дегенде екі құтқару дөңгелегі орнатылады	елеулі
1528.	Қалқыма сорғы қондырғысын пайдалану кезінде қысқы уақытта оны мұздың қысымы әсерінен қорғау үшін оның қаңқасының айналасында майна құрылады және әрдайым орындалып отырылады. Ойықты орындау	елеулі

	тәсілі немесе ойықсыз жұмыс істеу мүмкіндігі технологиялық регламентпен белгіленеді	
1529.	Құдықтарға орнатылатын желі арқауы (өрт сөндіру крандары, вантуздар, ысырмалар) қатып қалудан сақтау мақсатында қысқы уақытта жылытылады	елеулі
1530.	Қалқыма сорғы станциялары, сал қайықтар кемінде үш жылда бір рет тексеріледі, оларға жөндеу және сырлау жүргізіледі	елеулі
1531.	Жер бетіндегі төсемнің суқұбырын пайдалану процесінде мыналарға қадағалау жүргізіледі: 1) су құбыры тұнбалары мен өзгерістеріне және тірек құрылғыларының жай-күйіне; 2) қабықшаның жай-күйіне (окшаулау немесе тоттануға қарсы сырлау); 3) жапсарлардың, жіктердің, ернемек қосқыштардың саңылаусыздығына; 4) компенсаторлардың, құбыржолы арматурасының, вакуумның кедергі клапандарының жай-күйі мен жұмысына	елеулі
1532.	Жер асты құбырының бұзылуларын айқындау үшін: 1) құбыр трассасындағы және оның айналасындағы топырақ төсеміне; 2) әдеттегі құрғақ қадағалау құдықтарында, кюветтерде және трассаға жақын орларда судың пайда болуына; 3) қысқы уақытта трассада немесе оған жақын маңайда мұз қабаттарының пайда болуына; 4) қадағалау құдықтарында орнатылған манометр бойынша аралас учаскелердегі қысымның әртүрлілігіне қадағалау жүргізу қажет	елеулі
1533.	Суқұбыры желілерінің, құрылыстардың және олардағы жабдықтардың жай-күйін бақылау және оларға техникалық қызмет	елеулі

	көрсету технологиялық регламентпен белгіленген мерзімде жүргізіледі	
1534.	<p>Металл және темір бетонды суқұбырларының кезбе токтардан тоттануын бақылау жобалау құжаттамасында көрсетілген мерзімдерде және тәсілдермен жүргізіледі. Электрлік тоттану анықталған жағдайда құбыржолдарды қорғау жөнінде техникалық шешім беру үшін жобалау ұйымын немесе өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында жұмыстар жүргізу құқығына ие аттестатталған ұйымды шақыру және қысқа мерзім ішінде қорғау іс-шараларын орындау қажет.</p> <p>Төселген құбыржолдардың маңында тұрақты ток электр желілерін жобалау ұйымының келісімінсіз салуға жол бермеу</p>	елеулі
1535.	Барлық анықталған ақаулықтар мен оларды жою бойынша қабылданған шаралар туралы айналымдық сумен жабдықтау жүйесінің құрылыстарын тексеру журналына жазбалар жазылады	елеулі
1536.	Тексеру учаскесі жақын орналасқан телефоннан 1,5 километрден алыс арақашықтықта орналасқан жағдайда, персоналды тасымалдау рациясымен немесе радиотелефонмен қамтамасыз ету	елеулі
1537.	Сорғы жабдығына және қысымды суқұбырына күрделі жөндеуден кейін пайдалануға енгізуге дейін беріктік пен тығыздығына сыналады	елеулі
1538.	Қалдық қоймалары технологиялық процестерді басқаруды, бақылауды және жұмысты қауіпсіз жүргізуді қамтамасыз ететін техникалық байланыс құралдарымен және дабылмен жабдықталады	елеулі
	Операторлар (шаюды реттеушілер) және қалдық қоймасының құрылыстарын аралап тексерушілер телефон, радиотелефон және радиобайланыспен жаракталады.	

1539.	Тасымал (жылжымалы) радиостанциялардың қызмет көрсету радиусы қалдық қоймасының кез келген нүктесінен диспетчермен тұрақты байланысты қамтамасыз етуді қажет етеді	елеулі
1540.	Құрылыстардағы байланыс және дабыл жүйесінің жай-күйі барлық объектілерде авариялық жағдайлар туралы шұғыл хабарландыру мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс	елеулі
1541.	Тәулік бойы қызмет көрсетуді қажет ететін барлық объектілер стационарлық электрлік жарықтандырылуға жатады. Тәуліктің қараңғы мезгілінде жұмыс істейтін кезекші персонал электрмен жабдықталу ажыратылған жағдайда аккумуляторлық шамдармен қамтамасыз етіледі	елеулі
1542.	Аумақтарды, жолдарды, өту жолдарын және ашық аландардағы жұмыс орындарын тәуліктің қараңғы мезгілінде жарықтандыру көрсеткіштері	елеулі
1543.	Қалдық қойманың авариясыз пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін қауіпсіздік өлшемшарттары әзірленеді, олардың жай-күйінің көрсеткіштеріне мониторинг ұйымдастырылады. Қалдық қойманың жай-күйін өндірістік бақылау және жағдайын қадағалау олар тұрғызылған сәттен бастап ұйымдастырылады және барлық пайдалану мерзімі ішінде жалғасады	елеулі
1544.	Қоршау дамбалары мен бөгеттердің жай-күйін заттың өзіне қарап бақылау оларға орнатылған бақылау-өлшеу аспаптарын пайдалана отырып, аспаппен бақылауды қамтиды. Өндірістік бақылау дайындықтан өткен және қалдық қоймасының жинағышында жұмыс жүргізуге рұқсат алған бақылаушы тұлғаларға жүктеледі	елеулі

1545.

Заттың өзіне қарап қадағалаулар жүргізу үшін (мониторинг) мониторинг қызметімен заттың өзіне қарап бақылау тобы ұйымдастырылады, ол айқындалған кемшіліктер туралы бақылау тұлғаларын хабардар ететін және оларды жою жөнінде шаралар қабылданбаған жағдайда ұйымның басшылығын хабардар етеді.

Топтың құрамы мен саны қадағалау құрамына, көлеміне және мерзімділігіне байланысты болады және жобалау құжаттамасында белгіленеді.

Заттың өзіне қарап қадағалау арқылы құрылыстардың көрсеткіштері мен жай-күйінің қауіпсіздік өлшемшарттарына сәйкестік жағдайы бақыланады. Қадағалау нәтижелері қадағалау журналына енгізіледі

елеулі

Заттың өзіне қарап қадағалау:

- 1) бақыланатын көрсеткіштердің олардың шекті рұқсат етілетін мәндеріне сәйкестігіне тексеруді;
- 2) бөгеттің шайылуының тоқсандық бақылау журналына толтыра отырып, толтырылу және шайылу технологиясының сақталуын бақылауды;
- 3) шаюға берілетін қойыртпақтардың сипаттамасына қадағалау жүргізу журналына толтыра отырып, шайылатын қалдықтардың сапасын геотехникалық бақылауды;
- 4) қалдық қоймасындағы шайылған қалдықтардың сапасын бақылау журналына толтыра отырып, қалдық қоймасына келіп түсетін тазартылған, дренажды судың және қалдықтардың сапасын бақылауды;
- 5) пьезометрлердегі судың деңгейін қадағалау журналына толтыра отырып, қалдық қоймадағы судың және қалдықтардың деңгейін бақылауды;
- 6) көзбен шолу арқылы қадағалау журналына толтыра отырып,

1546.

барлық құрылыс жүйелерінің жай-күйін бақылауды;

7) тігінен алмастыруды бақылау журналына және Көлденеңінен алмастыруды бақылау журналын толтыра отырып, қоршайтын құрылыстардың тік және көлденең ақауларына бақылауды;

8) қойыртпақ жүргізгіш қабырғаларының қалыңдығын өлшеу журналына толтыра отырып, қойыртпақ жүргізгіш қабырғаларының тозу дәрежесі мен шегендеудің жай-күйін бақылауды;

9) сүзбе су шығынының журналына толтыра отырып, сүзгіш режимін бақылауды;

10) қалдық қоймасындағы судың деңгейін бақылау журналына толтыра отырып, қалдық қоймадағы су теңгерімін бақылауды;

11) қойыртпақ шығарғыштардың жұмысын есепке алу журналына толтыра отырып, негізгі қойыртпақтың сипаттамаларын бақылауды;

12) қалдық қоймасының қоршаған ортаға әсерін бақылауды қамтиды. Заттың өзіне қарап қадағалау көзбен шолу және аспаптық әдістермен жүргізіледі

елеулі

Көзбен шолу қадағалауларымен:

1) қалдық қойманың негізі мен қалпын дайындау, пайдаланушы персоналының күшімен орындалатын дамбалар мен бөгеттерді салу жөніндегі жұмыстың жобалау құжаттамасына сәйкестігі;

2) дамбалардың (бөгет) баурайының, бермаларының және жоталардың және олардың жағадағы қабысу нүктелерінің (тұнбалардың, сызаттардың, жылжулардың, шөгіндердің, қалқымалардың, тау жынысын еріту және теріс құбылыстардың болуы) жай-күйі;

3) дренаж құрылғылардың жай-күйі (қысымның, лайланудың, тұнбалар мен дренаж трассасы

1547.	<p>бойынша топырақ ойылуының және судың шығуының болуы, батпақтану, құдық астауларының бұзылуы, құрғатқыш немесе дренаж шығарғыштардың катуы);</p> <p>4) су қабылдау және су бұру құрылыстарының жай-күйі (кұрылыс қабырғаларында сызаттар мен қуыс қаяулардың болуы, құрылыс қабырғаларының жапсарларының ағуы, металл құрылымдарының тоттануы, тасқын суларын түсіруге құрылыстың дайындығы, су шығарғыштардың, қайта іске-қосқыштардың, құбыржолдардың жай-күйі);</p> <p>5) еңіс бекіткіштерінің, бермалар мен арна қаптамаларының жай-күйі (қаптамалардың бүлінуі, олардың астынан шайындының болуы, жіктердің ажырауы, бітелуі және лайлануы);</p> <p>6) бақылау-өлшеу аспаптарының қолжетімді бөліктерінің жай-күйін тексеру үшін – қақпақтардың, нөмірленудің, бастиектердің майысуының болуы;</p> <p>7) қалдық қоймадағы су мен қалдық деңгейі;</p> <p>8) аумақтың санитариялық жай-күйі бақыланады</p>	елеулі
1548.	<p>Көзбен шолып қадағалау журналына құрылыстарды қарау және тексеру кезінде анықталған кемшіліктер туралы мәліметтер жазылады.</p> <p>Журналға қалдық қоймасының жоспары коса беріледі, онда бұзушылық сипаты мен уақыты көрсетіле отырып, пайдалану кезінде құрылыстың техникалық жағдайында бүлінулер орын алған учаскелер белгіленеді.</p> <p>Анықталған ақауы бар орындар оларды оңай тауып алуға болатын белгілермен белгіленеді</p>	елеулі
	<p>Көлденең дренаждарды қарау кезінде:</p> <p>1) қаралатын құдықтар мен құбыр дренажы трассасының (құдықтарда қақпақтардың болуы, қабырғалардың бұзылуы,</p>	

1549.	<p>құдықтардың айналасына және дренаж трассасы бойымен топырақ төсеу, құдықта бөгде заттар мен су қысымының болуы, сүзбе судың жер бетіне шығуы) жай-күйі;</p> <p>2) бетонның, жапсарлардың жай-күйі мен ашық дренаж астауларының тесілуі, олардың бітелуі;</p> <p>3) автоматты дренажды сорғы станциясының жұмыстық күйі (құдықтарда қысымның болуы, сорғы жабдығының жай-күйі) бақыланады</p>	елеулі
1550.	<p>Көзбен шолып қадағалау кезінде қауіпті сипаты жоқ көзге көрінетін өзгерістер анықталған жағдайда (шөгіндер, сызаттардың білінуі, дененің жекеленген учаскелерінің немесе бөгет негізінің бөлінуі), түрлену учаскесінде қосымша қабаттық таңбалар орнатылады және анықталған түрлену тұрақталғанға дейін немесе толығымен басылғанға дейін өткізілетін уақытша аспаппен қадағалау ұйымдастырылады. Бөгеттің қауіпті өзгерістері анықталған жағдайда оларды жою бойынша шаралар қолданылады</p>	елеулі
1551.	<p>Аспаппен қадағалау кезінде:</p> <p>1) су өлшеу тақтайшасы нөлінің байламын ай сайын тексеру;</p> <p>2) шөгіндерді және құрылыстар мен олардың негіздерінің бірігуін, сондай-ақ құрылыстардың геометриялық өлшемдерін мерзім сайын геодезиялық (маркшейдерлік) бақылау;</p> <p>3) денедегі сүзбе судың деңгейі мен құрылыс негізіндегі жерасты суының деңгейін өлшеу жүргізіледі.</p>	елеулі
1552.	<p>Өлшенген шамаларды жобада берілген өлшемдермен және құрылыстарды қауіпсіз пайдалану өлшемдерімен салыстыратын ұйымның мамандандырылған қызметтері аспаппен қадағалау жүргізуге жіберіледі. Қадағалау</p>	елеулі

	нәтижелері бойынша жобадан анықталған ауытқушылықтар жойылады	
1553.	<p>Геодезиялық (маркшейдерлік) бақылау:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) бақылау-өлшеу аспаптарымен белгіленген жоспарлы және биік қалпын геодезиялық өлшеуді; 2) шөгіндерді және құрылыстар мен олардың негіздерінің ығысуын, құрылыстардың геометриялық өлшемдерін мерзімді түрде өлшеуді; 3) қалдық қоймасының мерзімді топографиялық түсірілімін қамтиды 	елеулі
1554.	<p>Геодезиялық (маркшейдерлік) өлшеулер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) геодезиялық (маркшейдерлік) тірек желілеріне қатысты бөгеттер мен дамбаларды бақылау-өлшеу аспаптары жоспарлы және биік қалпын геодезиялық өлшеуді (үш жылда кемінде бір рет); 2) тірек қада белгісіне қатысты су өлшеу тақтайшасының нөлін жыл сайын тексеруді; 3) үш жылда кемінде бір рет мемлекеттік геодезиялық желілерден тірек қадабелгілерін тексеруді; 4) жобалық құжаттаманың талаптарына сәйкес шөгіндерді және құрылыстар мен олардың негіздерінің ығысуын өлшеуді; 5) жобалық құжаттаманың талаптарына сәйкес қалдық қоймасының топографиялық түсірілімін орындау кезеңділігін қамтиды. <p>Геодезиялық түсірілімдерді жылына екі рет (күз, көктем) жүргізу қажет</p>	елеулі
	<p>Жобалық құжаттамамен көзделген кезде, құрылыстардың сүзбе режиміне және бу қысымын қадағалауымен:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) бөлігінде және құрылысты қоршау негіздеріндегі және олардың жағамен қабысуындағы су деңгейінің жағдайы; 	

1555.	<p>2) құрылыс негіздеріндегі, жағамен және іргелес құрылыстармен жанасатын жерлеріндегі пьезометрлік қысымдар;</p> <p>3) дренаждау желілердегі, құрғатқыш және дренаждау коллекторларынан шығару жолдарындағы сүзінді шығынының шамасы;</p> <p>4) сүзінді ағысының дренаждау құрылғысына кіру немесе оның қоршалған дамбалардың баурайларына шығу биіктігі;</p> <p>5) ағыс жылдамдығы және топырақты сүзінді ағысымен шығару;</p> <p>6) белгіленген нысан бойынша Гидрорежим желісінің ұңғымасындағы жерасты суларының деңгейін бақылау журналына, Судың жалпы химиялық талдауын тіркеу журналына, Объекті бойынша судың сынамасын химиялық талдау тізімдемесі журналына және Судағы микроқұрауыштардың құрамы тізімдемесі журналына толтыра отырып сүзінді судың химиялық құрамы мен лайлануы;</p> <p>7) топырақ суының деңгейі және қалдық қоймасы аумағына жанасқан химиялық құрамы;</p> <p>8) бөгеттердің суға орнықты элементтеріндегі, олардың сазды негіздеріндегі және тірек призмасы бөлігіндегі бу қысымының шамасы белгіленеді</p>	елеулі
1556.	<p>Дамбалар мен бөгеттердің және олардың негіздерінің жекеленген учаскелерінің қалыңдайтын немесе өшпейтін өзгерістері аспаптық қадағалау арқылы анықталған жағдайда, себебін анықтау және құрылыстың авариясыз жұмыс істеуін қамтамасыз ететін шараларды әзірлеу үшін жобалау ұйымының өкілдері шақырылады</p>	елеулі
	<p>Қалдық шаю қоймаларында алғашқы пайдаланған бес жылдан кейін және жылына кемінде бір</p>	

1557.	<p>рет тірек призмасының жобадағы шегінде 10 метр сайын кеңейткеннен кейін тірек призмасына шайылған қалдықтардың (шығарылымдардың) физикалық-механикалық сипатының жобалық құжаттама талаптарына сәйкестігін куәландыру мақсатында инженерлік-геологиялық тексеріс жүргізіледі.</p> <p>Егер алынған сипаттардың мәні жобалау құжаттамасында берілгеннен төмен болса, онда жобалық ұйыммен келісіле отырып қалдық қоймасын одан әрі пайдалану мүмкіндігі туралы шешім қабылданады.</p> <p>Қалдық қоймасының дамбаларының орнықтылығын тексеру қажеттілігі жобалау ұйымының өкілдерінің қатысуымен комиссиямен белгіленеді</p>	елеулі
1558.	<p>Қалдық қойманың су астындағы бөлшектерінің құрамы, тексеру тәртібі мен мерзімділігі жобамен анықталады және технологиялық регламентте көрсетіледі. Өзен мен су қоймасының жағасында орналасқан сорғы станциясын пайдалану кезінде су астындағы бөлшектерді тексеру жылына бір рет жүргізіледі.</p> <p>Жаңа су жинау және су бұру құрылыстарын қайта жаңарту немесе салу кезінде тиісті шарттың негізінде жүргізілетін авторлық қадағалау жүзеге асырылады</p>	елеулі
1559.	<p>Қалдық қоймасының сыйымдылығын пайдалануды жылына кемінде бір рет тексеру үшін су бетіндегі және су астындағы қалдық қабаттарын геодезиялық түсіру және қалдық қоймасында жиналған қалдық пен судың көлемін анықтау жүргізіледі.</p> <p>Қалдық қойманы толтырудың жобалау кестесі артқан жағдайда жобалау ұйымымен қалдық</p>	елеулі

	қойманы пайдалану мерзіміне немесе қосымша сыйымдылықты дер кезінде дайындау үшін оның кезегіне түзету енгізіледі	
1560.	Қалдық құю қоймаларында тек қалдық қоймасын толтыру біркелкілігі, тұнба тоғанындағы судың деңгейі мен көлемі ғана бақыланады	елеулі
1561.	Заттың өзіне қарап қадағалау мен құрылыста болатын процестердің нәтижелерін талдау негізінде аспаппен қадағалау құрамы немесе мерзімділігін жобалау ұйымымен келісе отырып қалдық қоймаларды пайдаланушы ұйыммен өзгертіледі	елеулі
1562.	Аспаппен өлшеу, геотехникалық бақылау, құрылыстарды тексеру мен қарау, авторлық қадағалау деректерінің, бақылау органының тексеру материалдары мен сараптау қорытындылары негізінде пайдалану қызметі жыл сайын қалдық қойманың жай-күйі туралы техникалық есеп дайындайды	елеулі
1563.	Жер асты суының ықтимал лайлануын және қалдық қоймаға жанаса орналасқан аумақты су басуды бағалау үшін кестеге сәйкес қадағалау желісі ұнғымасындағы судың деңгейін өлшеу және химиялық құрамына сынама алу жүргізіледі	елеулі
1564.	Шаюдың жобалық технологиясын сақтау: 1) негізгі және қатты құрамдас қойыртпақтың сипатын бақылауды; 2) қойыртпақ шығару диаметрі мен ұзындығының және олардың арасындағы адымның жобалау құжаттамасына сәйкестігін бақылауды; 3) қойыртпақты шаю картасына дұрыс беруді және жуылатын материалдың карта бетіне бөлінуін бақылауды; 4) жобалау құжаттамасында қабылданған шаю қарқынының, жуылатын қабаттың қалыңдығы	елеулі

	<p>мен жағада дем алу уақытын бақылауды;</p> <p>5) шайылған жерде қазынды шұңқырлардың немесе ұсақ екшемдердің жиналуы мүмкін тұрып қалған аймақтардың түзілуіне жол берілмеуін бақылауды қамтиды</p>	
1565.	<p>Шаюға берілетін қойыртпақ мен қалдықтардың сипатын бақылау шығындарды өлшеу, бір мезгілде жұмыс істеп тұрған барлық қойыртпақ шығарғыштардан сынама алу және талдау арқылы жүргізіледі</p>	елеулі
1566.	<p>Шайылған жағадағы қойыртпақтан, қалдықтардан сынама алу, сондай-ақ дренажды коллектордан судың сынамасын алуға тек тобында кемінде екі адам болған жағдайда жол беріледі</p>	елеулі
1567.	<p>Қалдық қоймада бақылау қадағалауын және шаю кезінде өлшеу жүргізу үшін орналасу орны жобалау құжаттамасында анықталатын көлденең қақпақтар бекітіледі</p>	елеулі
1568.	<p>Тірек призмасында шайылған қалдықтардың мынадай сипаттамалары анықталуға жатады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) электік өлшемдік құрамы; 2) құрғақ қалдықтардың тығыздығы; 3) табиғи ылғалдылығы; 4) қалдық бөлшектерінің тығыздығы. <p>Қандай да бір сипаттамаларды анықтау қажеттілігі, сынау жиілігі жобалау құжаттамасымен анықталады</p>	өрескел
1569.	<p>Жобалау құжаттамасымен қарастырылған қадағалаулардан басқа қалдық қоймалары жылына кемінде екі рет комиссиялық тексерулерге ұшырайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) көктемде, тасқын уақытында пайдалануға дайындығын тексеру мақсатында, тасқын өтпес бұрын; 2) күзде, жай-күйін тексеру және күзгі-қысқы маусымда қалыпты 	өрескел

	<p>пайдалануға дайындау мақсатында.</p> <p>Комиссия ұйымның бұйрығымен құрылады.</p> <p>Қалдық қоймаларын тексеру нәтижелері бойынша комиссия ұсынылған іс-шараларды орындау мерзімі анықталатын шешімді қабылдайды</p>	
1570.	<p>Техникалық есеп келесі жылдың бірінші тоқсанынан кешіктірілмей жобалау ұйымына жіберіледі, ол бір айлық мерзімде қалдық қойманың жай-күйі туралы қорытындыны және оны одан әрі пайдалану туралы ұсынымдарды береді</p>	елеулі
1571.	<p>Құрылыс объектілерін пайдалануға қабылдау кезінде құрылыс процесінде мердігер құрылыс ұйымымен орындалған журналдар мен қадағалау материалдары бақылау-өлшеу аспаптарының атқару құжаттамасымен бірге акті бойынша пайдаланушы персоналға беріледі</p>	елеулі
1572.	<p>Құрылыстарға ауысым сайын тексеру жүргізу жүктелген пайдаланушы персонал оның ұзындығы 3 километрден артық болған жағдайда көлік құралымен қамтамасыз етіледі</p>	өрескел
	<p>Қалдық қойманы пайдалануды жүзеге асыратын бөлімшеде (цехта, учаскеде) мынадай құжаттардың болуы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) қалдық қоймасының, қалдық қойма орналасқан аймақта жерасты жұмыстарын жүргізетін, қолданыстағы және өңдеу үшін жоспарланып отырған кеніш (шахта) басшылығымен келісілген, жерасты тау-кен қазбаларының тереңдігін көрсете отырып, олардың бірлескен жоспары; 2) қатпарлардың созылым қиысының тіліктері; 3) су өткізу сызаттарының түзілген және түзілуі мүмкін аймақтарының, сынықтар мен 	

1573.	<p>жарылу, ықтимал топырақ және тасқын су басу аймақтарының шектері бар карта;</p> <p>4) қалдық қойма құрылыстарынан соңғы белгіге дейін оны толтыру кезіндегі жүктемені ескере отырып, жер бетінің өзгеруін болжау және қазылған кеңістікке сүзінді ағысын болжау;</p> <p>5) қазба үстіндегі қабат шөккен кезде құрылыстарды қорғау бойынша шаралары;</p> <p>6) үстемелеп қазылатын аумақтарда орналасқан, қалдық қойма орналасқан жерде жерасты жұмыстарын жүргізетін кеніш (шахта) басшылығымен және авариялық-құтқару қызметімен келісілген, қалдық қоймасының АЖЖ</p>	елеулі
1574.	<p>Қойыртпақты түсіру және су жинаудың тұрақты шамасы кезінде су деңгейінің төмендеуі жағдайларында тау-кен қазбаларына су ағысының деңгейін бақылауды күшейту үшін кеніштің басшысы хабардар етіледі</p>	елеулі
1575.	<p>Қалдық қоймадағы су деңгейі күрт төмендеген жағдайда, оған қойыртпақты түсіру тоқтатылады, содан кейін тоғаннан суды ұйымдастырылған түрде бұру және түсіру үшін шаралар қолданылады</p>	елеулі
1576.	<p>Қазба үстіне немесе оған жақын жерлерде төселген жерасты төсемдерінің су тартқыларында, сынықтар, сызатты жыныстар немесе су өткізгіштігі жоғары жыныстар аймағында, трассаның басында және соңында шығын өлшегіштер орнатылады, олар арқылы жүйелі түрде алынатын және келіп түсетін судың көлемі бақыланады. Трассадағы судың азаюын анықтаған жағдайда резервтік су тартқыға көшіп, бүлінген орындарды анықтау және ағып кетуге жол бермеу шаралары қолданылады</p>	елеулі
	<p>Оқпа аумағында орналасқан қалдық қоймалары үшін:</p>	

1577.	<p>1) анықталған оқпа шұңқырлары мен сызаттарды баяу түсетін топырақпен бітеу;</p> <p>2) тоғандағы қойыртпақты тазарту және сыртқы сумен жабдықтау жағдайларынан қажетті судың көлемін ұстап тұру, оның асыра толып кетуіне жол бермеу;</p> <p>3) сүзу үшін су шығынын азайту мақсатында қалдықтардан (шығарылымдардан) қалқаны алдын ала жағаға жуу және жыраның едәуір өтетін учаскелерін жағаға және бағытталған шаю көзделеді; қалқаның су бетіндегі қабатының желден жарылмауы үшін қорғағышы болады;</p> <p>4) шайынды су шығатын орындарда, жер бетіндегі су ағысына жақын орналасқан су мен су айдындарында, су алу және су азайту ұңғымаларында коспалардың құрамы бақыланады;</p> <p>5) АЖЖ жабық оқпа қуысы арқылы оның үстіндегі жабынның бұзылу нәтижесінде судың авариялы түрде ағу жағдайы көзделеді</p>	елеулі
1578.	<p>Шөгін қоймаларын пайдалану кезінде жобалау құжаттамасында көзделген:</p> <p>1) шөгіндерді сорғыту үшін бөліктерді немесе алаңдарды толтыру кезегі;</p> <p>2) шөгін қоймасы бөліктерінде дренажтрады қосудың тәртібі мен мерзімдері;</p> <p>3) шөгінді сусыздандыруға және дайындауға берілген уақыт сақталуға тиіс</p>	елеулі
1579.	<p>Шөгіндерді оларды сорғытусыз құрғақ қазу техникасымен шөгін қоймасында дайындауға және дайындауға әзірленген бөлікті немесе шаю картасын инженерлік-техникалық тексеруге жол бермеу</p>	елеулі
1580.	<p>Шөгіндер қоймасын тазалау үшін олардың түбі мен бөктерлерін бекіту мен қаптаудың бұзылуына</p>	өрескел

	әкеп соғатын тәсілдер мен механизмдерді пайдалануға жол бермеу	
1581.	Құлама дамбалары шайылған топырақтан қаланады. Құлама бөгеттерді жағажайдан шұңқырлар мен траншеялер жасау арқылы топырақты қазып алу арқылы салуға жол бермеу	елеулі
1582.	Құлама дамбаларды және гидроүйіндінің тірек призмасын су шайып кетудің алдын-алу үшін, аса төмен консистенциялы және жобада берілгенмен салыстырғанда көбейтілген шығынмен қойыртпақты беруге жол бермеу. Қойыртпақ жүргізгіштерді жуу кезінде үйінді бөгетін шайып кетудің алдын алатын шаралар қабылданады	елеулі
1583.	Кран арқылы құбырды салу кезінде бөлгіш қойыртпақ жүргізгіш жібінің түзу сызықты жағдайы және шаю қабатының қалыңдығы белгілер бойынша және Т сипатты күзету үйлері бойынша орнатылады	елеулі
1584.	Бөлгіш қойыртпақ жүргізгіш жібінің кран шынжыр табанының шетінен қолайлы арақашықтығы және шынжыр табанның алдыңғы шаю жүргізілетін құбырдың шет жағынан арақашықтығы жұмысты ұйымдастыру жоспарында белгіленеді	елеулі
1585.	Шаюшы-жұмысшының ілгектеуші куәлігінің болуы	елеулі
1586.	Арттырылатын және бұзылатын құбырларды тасымалдау үшін құрал-саймандарды қолдану	елеулі
1587.	Шаю картасы жұмысты ұйымдастыру жоспарында көзделген жарықтандыруға жатады	елеулі
1588.	Кран жұмыс жасайтын және құбырларды салу (бұзу) аймағына бөтен адамдарды, жерді сору снарядының кешенді бригадасының, мүшелерін кіргізуге жол бермеу. Аймақта шаюшы-жұмысшының ғана жүруіне жол беріледі	елеулі

1589.	Құрылыстарды, аумақтарды және үйінділерді шаю кезінде топырақты салу орындары қауіп-қатер туралы ескертетін және жұмыс орнына бөтен адамдардың келуіне тыйым салатын ескерту белгілерімен тұрақты қоршалады	елеулі
1590.	Топырақтың ұсақ бөліктерінен жасалған құрылысты шаю кезінде құлама бөгетін бульдозермен құру топырағының сулылығын және тығыздығын (жобада берілген мөлшерлерге сәйкес) тексергеннен кейін ғана жүргізіледі, бұл ретте техника мен адамдардың қауіпсіз жүруі қамтамасыз етіледі	елеулі
1591.	Шаю кезінде ұсақ тұнбалы және батпақ бөлшектер салынуы мүмкін құбырдың бүйір жағын шаюсыз және жергілікті төмендетулерсіз картаның барлық ұзындығы бойынша салынатын топырақтың көлденең қалыңдығын салу қамтамасыз етілуі қажет	өрескел
1592.	Су төгу құдықтарының қабырғалары мен өзегі бар (орталық бөлігімен) құрылыстарды шаю кезіндегі ішкі тік тұрақ арасындағы кеңістік уақыт өте келе шайылады	өрескел
1593.	Жұмыс істеп тұрған құдықтарға қызмет көрсету қоршайтын таяныштары бар көпірден немесе өткел ағаштан ғана жол беріледі	өрескел
1594.	Уақытша жұмыс істемейтін құдықтарды ағаш қақпақпен жабу қажет	өрескел
1595.	Жұмыста ұзақ уақыт үзіліс алдында жуылатын құрылыстардың беттері судың тұрып қалуын болдырмайтындай жағдайға келтірілу керек	өрескел
	Жұмысты ұйымдастыру жоспарында қабылданған кескінмен салыстырғанда, құрылыстарды биіктігі және бөктерлері бойынша толығымен шайылмауына жол бермеу. Еңіске норма бойынша қайта шаю орташа өнімділігі су бойынша	

1596.	сағатына 2500 метрге дейінгі жерді сору снарядтары үшін 0,2 метр және 0,4 метр – жоғары өнімділігі бар жерді сору снарядтары үшін жол беріледі. Белгіленген рұқсаттар шегіндегі шайылған топырақтың көлемі және оны жоспарланатын жұмыстар кезінде келесі кесу жұмысты ұйымдастыру жоспарында құрылысты шаю кезінде ескеріледі	елеулі
1597.	<p>Ашылған қабатта көп шаң көтерілуі байқалатын қалдық қоймаларында шаңды басу шаралары қабылдануы қажет.</p> <p>Шаң концентрациясы белгіленген шектегі рұқсат етілетін концентрациядан жоғары жұмыс орындарында қызмет көрсететін персонал тыныс алу мүшелерін қорғайтын жеке құралдармен қамтамасыз етіледі.</p> <p>Шаң көп бөлінетін орындарда оны басу жөніндегі шаралар жалпы пайдалану және қалдық қоймаларының консервациясы (қалпына келтіру) жобалау құжаттамасымен анықталады</p>	елеулі
1598.	<p>Қалдық қоймаларында радиациялық қауіпті заттар анықталған жағдайда, радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар кешені жүзеге асырылады.</p> <p>Қалдық қоймаларын радиациялық қауіпті нысандарға жатқызуды, іс-шараларды әзірлеу және бекітуді аттестаттаудан өткен сарапшы ұйымдар қатыстырылған ұйымның әкімшілігі жүзеге асырылады.</p> <p>Қалдық қойманың радиоактивті ластану деңгейін анықтау үшін, технологиялық регламентпен белгіленген мерзімдерде, бірақ үш жылда бір реттен жиі емес мерзімде радиациялық жағдайға тексеру жүргізіледі</p>	елеулі
	Радиоактивті ластанған қалдық қоймаларға қызмет көрсететін	

1599.	жұмысшылар радиациялық қауіпсіздік бойынша оқудан өтеді	елеулі
1600.	Радиациялық қауіпсіздік нормаларын сақтауды бақылаушы - ұйымның басшылығына жүктеледі	елеулі
1601.	Шаңның пайда болу мүмкіндігін жою және қалдық қоймаларын пайдалану кезінде жуылатын бөктерлер бетінен радиоактивті ауақірнелерді тарату үшін оны жобалау құжаттамасымен анықталған қабат қалыңдығымен жобалық белгілерге дейін шаю мөлшері бойынша таза топырақпен жабу жүргізіледі	елеулі
1602.	Радиоактивті қауіп бар қалдық қоймаларын консервациялау жобалау құжаттамасына сәйкес және жуылған материалдарды табиғи нығыздағаннан кейін ғана орындалады. Бұл ретте радиоактивті ластануы бар бөлшектенетін барлық жабдықтар рұқсат етілген деңгейлерге дейін зарарсыздандырылуға жатады	елеулі
1603.	<p>Қызмет көрсететін персоналдың кезекшілігі тұрақты қарастырылған қалдық қоймалардың құрылыстарында қысқы мерзімде жылыту үшін және жаңбырдан қорғау үшін жұмыс орнынан (сорғы станцияларынан) 300 метрден алыс болмайтын жерде орналасқан тұрмыстық үй-жайлар орнатылады.</p> <p>Көрсетілген жайлар жедел байланыс құралдарымен, үстелдермен, отыруға арналған орындықтармен, жуынатын жерлермен, ауыз су құйылған ыдыстармен, сыртқы киімге арналған ілгіштермен жабдықталады.</p> <p>Жылытуға арналған үй-жайлардағы ауаның температурасы 20 градус цельсиядан төмен болмай белгіленеді.</p> <p>Санитариялық-тұрмыстық жайлар тұрақты жұмыс орнынан 1 километрден асатын</p>	елеулі

	арақашықтықта орналасқан жағдайда, жұмыскерлер жұмыс орнына және жұмыс орнынан көлікпен жеткізіледі	
1604.	Құрылыстарға қызмет көрсететін жұмысшылар арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және жеке қорғаныш құралдармен қамтамасыз етіледі. Ұйым арнайы киімдерді жууды, аяқ киімдерді және арнайы киімдерді жөндеуді қамтамасыз етеді	елеулі
1605.	Қалдық қоймасы мен жинақтауыш оны жобалық белгіге дейін толтырғаннан кейін және оны толтыру бойынша жұмыстар тоқтаған соң жобалық құжаттамаға сәйкес консервациялануға немесе жойылуға жатады	елеулі
1606.	Құрамында улы ағыстары бар қалдық қоймасын жою мынадай жағдайларда жүзеге асырылады: 1) адамдар денсаулығына қауіп төнгенде оны елді мекендерде орналастыру; 2) сүзгілеуге қарсы құрылғылар жерасты және жерүсті суларының оларда улы ағыстардың өтуінен сақтауды қамтамасыз етпегенде, оны су қорғайтын аймақтар шегінде орналастыру	елеулі
	Қалдық қоймасында консервациялау (жою) жобасы: 1) жұмысты аяқтау мерзіміне құрылыс жоспарын және кескінін; 2) ұзақ уақыт мықты ұстауды қамтамасыз ететін қоршайтын бөгеттер параметрлері туралы қорытындыны; 3) табиғи бақылау құрамынан және қалдық қоймасын пайдаланудан шығарғаннан кейінгі бақыланатын параметрлерді; 4) су төгуден жоғары орналасқан алаңнан беткі ағынды алу (өткізу) және қалдық қойманың алаңына түсетін атмосфералық жауын-шашынды бұру жөніндегі іс-шараларды;	

1607.	<p>5) құрылыстарды су және жел эрозиясынан қорғау жөніндегі іс-шараларды;</p> <p>6) су төгетін, дренаж және су бұру құрылыстарының жұмысқа жарамдылық жағдайын немесе оларды пайдаланудан шығару тәртібін қолдау негіздемесін;</p> <p>7) көлік коммуникациялары мен жабдықтарды (қойыртпақ жүргізгіштер, автожолдар, съездер) бөлшектеу тәртібін;</p> <p>8) қалдық қоймасын қалпына келтіру жөніндегі техникалық шешімін;</p> <p>9) консервациялау бойынша жұмыстарды атқарғаннан кейін қалдық қойманың қоршаған ортаға әсерін бағалауды;</p> <p>10) консервациялау (жою) бойынша жұмыстарды аяқтау мерзімін қамтиды</p>	елеулі
1608.	Барлық атқарушылық құжаттамалары мен жұмыстың аяқталу мерзіміне қалдық қоймасын консервациялау бойынша жұмысты өндіру кезеңінде өткізілетін қадағалау бақылау материалдары белгіленген тәртіпте сақтауға өткізіледі	елеулі
1609.	Консевациялау (жою) туралы актіге қол қойылғаннан кейін қалдық қойманы консервациялау (жою) аяқталған болып саналады	елеулі
1610.	Консевациялауға (жоюға) жататын қалдық қойманың қауіпсіздігін қамтамасыз ету қалдық қоймаларын пайдаланушы-ұйыммен жүзеге асырылады	өрескел
1611.	Пайдаланудың барлық мерзімі ішінде есептеу ыдысының су басу ағынын қауіпсіз қабылдауды қамтамасыз етпейтін қалдық қоймаларында авариялық су бұру көзделеді	өрескел
	Шоғырландырғыш ыдыстар мен қалдық қоймаларының, жинақтауыштардың айналасына өзендер ағынын қабылдау және бұруға арналған суды бұру	

1612.	құрылыстары жоғарғы пайызды қамтамасыз етілудің судың есептік шығынын қабылдауды және өткізуді қамтамасыз етуге жатады	өрескел
1613.	Қойыртпақ жүргізгіштер салынған жерасты камералары мен галереяларда өтетін орын, желдетуге арналған қондырғылар, авариялық жарықтандыру, жабындарда құрастыру есіктері және қойыртпақ жүргізгіштерді жөндеуді және ауыстыруды қамтамасыз ететін көтеру-көлік құралдары орнатылады	өрескел
1614.	Камералар мен галереялардан қойыртпақ сорғы станцияның дренаж жүйесіне авариялық жіберу қамтамасыз етілуі тиіс немесе олардың аса төмен нүктелерінде жөндеу орнатылады және қойыртпақ жүргізгіш жарылғанда қойыртпақты сору үшін сорғы қарастырылады	өрескел
1615.	Қойыртпақты сору станцияларында соратын келтеқұбырлар мен қойыртпақ жүргізгіштерді шаю үшін су беру қамтамасыз етіледі	өрескел
1616.	Қойыртпақты сору станциясының шекарасындағы қойыртпақ жүргізгіштерде кері клапандар орнатылады	өрескел
1617.	Қазылған сорғы станцияларында машина залынан шығатын авариялық шығу көзделеді	өрескел
1618.	Дренажды және авариялық сорғылардың электр қозғалтқыштары негізгі және резервтік қуат алумен қамтамасыз етіледі	өрескел
1619.	Қойыртпақ жүргізгіштерде қайта қосу камералары қарастырылмаған шаятын қалдық қоймалары үшін қойыртпақ сору станцияларының технологиялық шешімдері соңғы құрамдағы қойыртпақтарды оларда орнатылған әрбір топырақты сорғыға қойыртпақтың келуін қамтамасыз етілуге жатады	өрескел

1620.	Жабдықтарды құрастыру және сорғы станцияларындағы желілерді ажырату, топырақты сорғылардың электр қозғалтқыштарының және қысымды су тартқыштар мен қойыртпақ жүргізгіштер үзілген кезде басқару қалқандарының желіден шығуын болдырмауын ескеріп жүргізіледі	өрескел
1621.	Сорғы және тереңдетілген машиналы залдары бар қойыртпақ сору станцияларында су тартқыштар (қойыртпақ жүргізгіштер) мен тетіктер ішінен және құрылыстан тікелей жақын маңда үзілген жағдайда оларды су басудан қорғау қарастырылады. Авариялық шығару болмаған жағдайда, су баспаған белгіде машиналы залды су басу қаупі кезінде суды соруды қамтамасыз ететін авариялық сорғылар орнатылады, машина залын су өтпейтін өткел құрылғысымен саралау көзделеді.	өрескел
1622.	Сорғыларды авариялық өшіру, қалдық және дренаж науаларды және зумпфтардың толуы, сорғы станциясын су басуының, кернеуді түсіру туралы хабар беру үшін дыбыстық және жарықтық дабыл көзделеді	елеулі
1623.	Қалдық қоймасын пайдалану учаскесінің операторлық пунктін басқару қалқанында персоналсыз автоматты режимде жұмыс жасайтын сорғы агрегаттарын авариялық өшіру дабылының тақтасы көзделеді. Сумен қамтудың қойыртпақ сору және сорғы станцияларының оператор-машинистерінде орнатылған диспетчер байланысының телефондары машина залында орнатылған шақыру дабылын қайталау тіреуішімен тұйықталады	елеулі
1624.	Электр энергиясы өшірілген кезде үй-жайлар мен қойыртпақ сору станцияларының аумақтарын	өрескел

	жарыктандыру жүйесі электрмен қамтудың авариялық көзіне қосылады	
1625.	Биіктігі 1 м-ден биік эстакада бойынша салынған қойыртпақ жүргізгіштерді тексеру және оларға қызмет көрсету үшін таяныштары бар жүру көпірлері көзделеді. Жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарының қиылысу орындарында қойыртпақ жүргізгіштер астында сақтандырғыш таратушы тор орнатылады	елеулі
1626.	Қойыртпақ жүргізгіштер трассасы маңында пайдаланушы автожол орнатылады. Ұзындығы бойынша 500 метр арқылы бір жақты жолдарда және бұрылыс бұрыштарында айналу алаңдары көзделеді	өрескел
1627.	Қойыртпақ жүргізгіштер трассасында оларды босату үшін қойыртпақты қабылдауға арналған шығарулар мен сыймдылықтар (апандар) көзделеді. Толтыру мөлшеріне қарай ыдыстар уақытында тазалануы тиіс. Бірінші өнім қойыртпақ сору станциясынан қойыртпақта және қойыртпақты сору станциясында орналасқан кері клапан артындағы қойыртпақ жүргізгіш жарылған кезде оның су басу мүмкіндігін болдырмайтын арақашықтықта орналастырылады	өрескел
1628.	I-III санатты автомобиль және теміржолдар астында қойыртпақ жүргізгіштер қорғаныш қораптарға салынады. Қораптар жолдың жиегінің шетінен кемінде 0,3 метрге шығып тұруға жатады	өрескел
1629.	Қойыртпақты шығарғыш ұзындықтары үйінді бөгетінің су шаю қаупін болдырмайды	өрескел
1630.	Қойыртпақтың қалдық шығынын түсіру үшін өнім ұзындығы суасты жағажайының жобамен берілген ені шегінде ұсақ ыдырағыш қалдықтарды қалдыру мүмкіндігін жоққа шығаруға жатады	елеулі

1631.	Қойыртпақ өнімдер арасындағы ұзындық шаю жағажайындағы су тұрып қалу аумақтарының пайда болу мүмкіндігін болдырмайтындай етіп орнатылады	елеулі
1632.	Авариялық ыдыстан қайта айдалатын қалдық қоймаларындағы қалдықтарды түсіру нүктесі жобалық құжаттамалда көрсетіледі	өрескел
1633.	Қойыртпақ жүргізгіштерге қатысты пайдалану жолының орналасуы айналу мүмкіндігін және көтеру-көлік құралдарымен жобада осы мақсаттар үшін қарастырылған олардың кез келгенін қайта салуды қамтамасыз етуге жатады	елеулі
1634.	<p>Қойыртпақ жүргізгіштер мен электр берудің ол параллель жүргендегі желінің соңғы сымы арасындағы арақашықтық электр құрылғылары қондырғысының талаптарына сәйкес орнатылады.</p> <p>Қойыртпақ жүргізгіштердің электр беру желісімен қиысу аралығында мынадай талаптар белгіленеді:</p> <p>1) электр беру желісін қуыс пайда болғанда немесе құбыр жарылғанда қойыртпақ ағысымен қысқа тұйықталудан қорғау үшін қойыртпақ жүргізгішке қорғаныс күнқағар салынады;</p> <p>2) сым үзілген жағдайда қойыртпақ жүргізгіштердің астында онымен электрлік байланыссыз торлы қоршау көзделеді. Торлы қоршау жерге тұйықталады. Жерге тұйықталудың кедергісі 10 Омнан артық емес.</p> <p>Қорғаныш күнқағардың ұзындығы , электр берудің қолданыстағы желілеріндегі торлы қоршаудың ені мен ұзындығы электр беру желілерін пайдаланушы ұйыммен келісіле отырып қабылдана</p>	елеулі
	Жобалық құжаттамада қойыртпақ жүргізгіштерді токтан сөндірген жағдайда босату мәселесі шешіледі. Қойыртпақ	

1635.	жүргізіштерді босату жүйесі жергілікті орынды, жер беті су қоймасын және судың жерасты көздерін ластамайтындай жобаланады	елеулі
1636.	Қалдық қоймасы орналасқан аумақта қазбалар немесе бұқаралық жарылыстар жүргізілетін басқа нысандар болған жағдайда, су құбыры құрылыстарының жармаларында техногендік сейсмикалық параметрлері анықталады және ескеріледі	елеулі
1637.	Қалдық қоймалардың қызмет ету мерзімінің шегінде қалдықтарды қайта өңдеу немесе оларды халық шаруашылығының басқа салаларында пайдалану көзделетін ұйымдарда қалдық қоймасының құрылымы дамбаларды қуаттылығын бұзбастан және екінші шикізатты жоғалтпай қалдықтарды дайындауды қамтамасыз етілуге жатады	елеулі
1638.	Дамбадағы жылыжымалы телефонды қосу нүктелерінің арасындағы арақашықтық 1 километрден аспайтындай орнатылады. Жылжымалы радиостанциялардың қолданылу радиусы цехтың, бөлімшенің, дамбаның кез келген нүктесінің учаскесінен оператормен (диспетчермен) тұрақты байланысты қамтамасыз ету ескеріле отырып орнатылады	елеулі
1639.	Топырақ аз өтетін алғашқы дамбалары бар шаятын қалдық қоймаларда үйінді бөгетінің бірінші белдеуінің дренажы қарастырылады	елеулі
1640.	Беткі ағын келетін және оларда су төгу құрылысы қарастырылмаған қалдық қоймаларда тоғанда судың қалыпты тірек деңгейін қолдау үшін тұрақты су құю баспалдағы бар су бөгетінің құрылысына жол берілмейді	елеулі
	Су дамбаны шахталы құдықтың құрылымы қалдық қоймаға су көкжиегінен жоғары су құю	

1641.	<p>баспалдағын арттыру кезінде, оған судың келуін болдырмайтындай және су түбіндегі өнімдердің авариялық жабу мүмкіндігі қамтамасыз етілетіндей орнатылады. Су бұру коллекторларының құдықпен қосылысы негіздеменің және температуралық байланыстардың шөгуі кезінде олардың пішін өзгерісінің тәуелсіздігін қамтамасыз етуге жатады</p>	елеулі
1642.	<p>Шаю массивінде, бөлікте немесе бөгет негіздемесінде салынатын су бұру коллекторлары үшін кең қосылыстары бар құбырларды қолдануға жол бермеу</p>	елеулі
1643.	<p>Шаю массивінде, бөлікте немесе дамба табанында салынатын су бұру коллекторлары үшін барлық құрастыру пісіру жіктерін және орнықтылығына, саңылаусыздығын сынауға радиографиялық бақылау қарастырылады. Осындай бақылауды жүргізу мүмкін болмаған жағдайда қйылыстарды бандаждау қамтамасыз етіледі</p>	елеулі
1644.	<p>Су жинау және су бұру құдықтарынан су бұру коллекторларында және айналымдық сумен қамту сорғы станциясының сорғыш коллекторында құдықты соңғы пайдалануды белгілеу кезінде пайда болатын қысымға есептелген тетіктер орнатылады</p>	елеулі
1645.	<p>Құрылыста орнатылатын барлық бақылау-өлшеу аспаптары екіжақты қадағалау қақпақтарында, оларға қызмет көрсету, жөндеу және қалдық қоймасын пайдалану және кеңейту барысында құрылыс машиналары мен көлік құралдарымен бүлдіру мүмкіндігіне жол бермейтін орындарда орнатылады</p>	елеулі
	<p>Дамба мен оның табанында орнатылатын бақылау-өлшеу аспаптарының нөмірленуі бақылау өлшеу аспаптары шартты белгіленген екіжақты қадағалау қақпағының нөмірі мен екіжақты</p>	

1646.	<p>қақпақтағы аспаптың нөмірінен тұрады. Екіжақты қақпақтағы аспаптардың нөмірі саға баурайының төменгі жиегінен басталады. Төменгі бьефте орнатылатын аспаптар үшін аспаптың реттік нөмірінің алдында "нөл" цифрі жазылады. Мысалы, 1 ПМ-4 – (</p> <p>бақылау-өлшеу аспаптары бірінші жарма қақпағында орнатылған саға баурайының биіктігі бойынша төртінші қабаттың таңба); 2 МГС-1 – (бақылау- өлшеу аспаптары екінші жарма қақпағында орнатылған баурайдың биіктігі бойынша бірінші көлденең қиысқан таңба); 5 П-01 – (бөгеттің төменгі бьефінде орнатылған бақылау-өлшеу аспаптары бесінші жарма қақпағындағы бірінші пьезометр)</p>	елеулі
1647.	<p>Жобалау құжаттамасында су жинау және су бұру құрылыстарын пайдаланудан шығару бойынша құрастырылымдық шешімдер қамтамасыз етіледі</p>	елеулі
1648.	<p>Сорғы станциясы шегіндегі қысымы 1 мегаПаскальдан артық суқұбырында болат ысырмалар көзделеді</p>	өрескел
1649.	<p>Қалдық қоймасының айналасына санитариялық аймақ салу және қоршаған табиғи ортаны қалдық қоймасының зиянды әсер факторынан қорғау шаралары оны толтырудың әрбір кезегінде қарастырылады</p>	елеулі
	<p>Құрылыстың қауіпсіз жай-күйін және пайдалануды бақылауды қамтамасыз ету үшін жобалау құжаттамасында:</p> <p>1) гидротехникалық станциялар жоспары және дамбалар мен бөгеттердің ең жоғарғы жобалық биіктігіндегі көлденең қималары және жобада белгіленген құрылыстардың класы, тоғандағы ең жоғарғы су деңгейі мен ең жоғарғы толтыру жиегі;</p>	

1650.

2) есептік қамтамасыз етудің тастық ағысының көлемі, атмосфералық жауын-шашын және су бетінен, әр түрлі қамтамасыз етілетін дамба мен жаға бетінен булану бойынша деректер;

3) алаңдар мен көлемдердің жобалық қисықтары;

4) пайдалану жылдары бойынша су теңгерімі мен сыйымдылықтарды толтыру кестесі;

5) қалдық қоймасын толтыру сызбалары және мен жазғы және қысқы маусымда қалдықтарды төсеу технологиясы бойынша нұсқаулар;

6) құрылысты тұрғызу мен пайдаланудың әртүрлі кезеңдеріне , бөгет бойының температуралық режимін, қабысулардың, ложалар мен құрылыс орындарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуді болжау;

7) қауіпті аймақ шекаралары және оның шегінде орналасқан халық шаруашылығы объектілерін қорғау бойынша іс-шаралар;

8) (пикеттердің) қиылыстарын, негіз топырағы мен құрылыс бойының қабылданған физикалық-механикалық сипаттарын көрсете отырып, есептік қисық құламаларды, депрессиялық қисық және құрылыс салу кезегі баурайлардың немесе қалдық қоймасын толтыру қабаттарының алынған тұрақтылық коэффициентін енгізе отырып, дамбаларды (бөгеттерді) есептік сызбалары.

Егер дамбаның (бөгеттің) көлденең қимасы мен құрылымы ұқсастық бойынша немесе есептерді орындамай құрылымдық түрде қабылданса, бұл жөнінде сызбада көрсетіледі;

9) бақылау-өлшеу аспаптарын орналастыру және орнату жобасы (мониторинг жобасы), заттың өзіне қарап қадағалау

елеулі

	<p>бағдарламасы және бөгеттер мен олардың негіздері жай-күйінің қауіпсіздік өлшемдері;</p> <p>10) қауіпті аймақ шектері және қалдық қоймасының қауіпті аймағында орналасқан халық-шаруашылық объектілерін қорғау бойынша іс-шаралар көрсетіледі</p>	
1651.	<p>Гидротехникалық станциялар жоспары мен сызбаларында:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) қоршау дамбаларын, олардың дренаждық және сүзбеге қарсы құрылғыларын орнату үшін топыраққа қойылатын талаптар; 2) дамба жобасының су деңгейінен ең төменгі артуы; 3) жуу қабаты бойынша су бетіндегі жағажайдың ұзындығы; 4) шекті жуу қарқыны мен жекелеген қабаттарды жуу арасында жағада демалу уақыты; 5) жоспарды және сынама алу орындары мен бақыланатын өлшемдердің мәндерін көрсете отырып, қиылыстарды қамтитын құрылысты салуды геотехникалық бақылау паспорты; 6) қалдық қоймасын толтыру қабаты (кезегі) бойынша бөгет бойындағы шекті депрессиялық сызық қалпы мен пьезометрлердегі судың деңгейін белгілеу кестесі; 7) дренаждың қабаты мен тармақтары бойынша судың шығыны; 8) жұмыс істеп тұрған су алу құдығындағы судың ең тайыз тереңдігі, су құю орнындағы қысым; екі қатарлы шандорлары бар құдықтар үшін – шандор арасындағы кеңістікті пайдалануға мүмкіндік беретін құдықтың биіктігі бойынша шандорлардың саны; 9) суәкеткі құдықтары мен су бұру коллекторларын тексеру мерзімділігі мен тәртібі көрсетіледі 	елеулі
	<p>Қысқы жуу жобасында:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) температураның өзгеруі мен байыту фабрикасынан жинағышқа 	

түсіру нүктесіне дейінгі қойыртпақ өткізгіштің ұзындығы бойымен қойыртпақ құрамында жылудың болуын болжау;

2) қойыртпақты қажетті оң температурада картаға беруді қамтамасыз ететін іс-шаралары;

3) қысқы уақытта жуылатын қабаттардың ең үлкен қалыңдығы;

4) қысқы жуу шарттарының жылу физикалық негіздемелері, олар мыналарды:

жаға бойымен қойыртпақтың бастапқы температурасын және өлшемдеріне, ауаның температурасына байланысты және мынадай:

тірек призма шегінде қойыртпақ легінің қатуын болдырмау;

қалдық қоймасы сыйымдылығының шығынына әкелетін шайылған көп жылғы жота мұзы түріндегі ауыспалы (тоған аралық) судың немесе көктемгі еру маусымында тұнба тоғанының авариялық асыра толуына әкелетін көлемдегі жағаға қатқан мұз түріндегі судың шоғырлануын болдырмау өлшемдерін сақтау негізінде жүру жолы ұзындығымен қойыртпақ сипатының өзгеруін ескере отырып, қойыртпақ легінің жүру жолының ұзындығын бағалауды; қалдықтарды картаға жуу инфильтрациясы мен қарқындылығы факторларын ескере отырып, қойыртпақ өткізгіштердің жұмыс режиміне байланысты жуу картасының беткі қабатында қату – еру процестерінің серпінін. Карта беті мен тұйық учаскелердегі қатқан қабаттардың (қалдықтар мен мұздардың) толық еру уақытын болжау;

қалдық қоймасы бойында (оның әр түрлі аймақтарында) қатқан топырақ пен мұздың болу мүмкіндіктері мен жағдайларын бағалауды;

қысқы уақытта құрылыста жуылған топырақтың құрамы мен

геотехникалық сипатына қойылатын талаптарды қамтиды;

5) қысқы жуу технологиясы салдарларының қоршау бөгеттерінің тұрақтылығы мен сүзбе беріктігіне әсерін бағалау;

6) ауаның қолайсыз температурасының шамасына байланысты қысқы жуудың технологиялық кестесін, омыналарды:

қалдық қоймасының жуу жүргізілетін аймақтарын;

шоғырландырылған және шоғырландырылмаған жуу тәсілдерін; жуу технологиясын сипаттауды;

қойыртпақ өткізгіштер мен қойыртпақ шығарғыштардың техникалық сипаттарын (қойыртпақтың диаметрі, ұзындығы, лайлануы, оны шығару ерекшелігі, жылыту және соған ұқсастары);

қысқы (мүмкін жазғы) жуу маусымы барысында қойыртпақ шығарғыштардың жұмыс кестесін ;

қойыртпақ картасына берілетін өлшемдерді: жуылатын топырақтардың (қалдықтардың) температурасын, үлестік жылу сыйымдылығын, үлестік шығынын, консистенциясын, түйіршік өлшеу құрамын, олардың орташа диаметрін, минералдық бөліктің тығыздығын;

қысқы жудың теріс салдарларын бейтараптандыруды қамтамасыз ететін жазғы технологияны қажетті түзетуді;

жуу картасының өлшемдерін: жуу орны, өлшемдері, құлауы, еңістері , ретін (кестесі) қамтиды;

7) бақылау-өлшеу аспаптарының сипаттамасын, бақыланатын өлшемдердің тізбесі мен шекті мәндерін, мерзімділігін, өлшеу нәтижелерін өңдеу әдістері қарастырылады

Қалдық қоймасының гидротехникалық станциясының қауіпсіздігін мониторингілеудің

1653.	<p>жобалау құжаттамасы мынадай негізгі бөлімдерді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) қалдық қоймасына мониторинг енгізу және мониторинг объектілерін бөлу көрсеткіштерін; 2) мониторинг объектілерінің тізбесі мен қысқаша сипаттамасын ; 3) әрбір мониторинг объектісінде заттың өзіне қарап, аспаптық және көзбен шолып қадағалау құрамының негіздемесі мен көлемін; 4) мониторинг объектілері жай-күйінің диагностикаланатын көрсеткіштерін белгілеуді; 5) әрбір мониторинг объектісі бойынша қауіпсіздік өлшемдерін әзірлеуді; 6) барлық мониторинг объектілері бойынша заттың өзіне қарап қадағалау жүргізу әдістерін; 7) мониторинг қызметі мен оның функцияларын сипаттау, міндеттерді бөлу мен есеп беру тәртібін қамтитын мониторингті ұйымдастыру кестесін; 8) пайдаланушы персоналды дайындау және оқыту тәртібін; 9) ұйымда мониторингті әдістемелік қамтамасыз етуді; 10) мониторинг жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасын қамтиды 	елеулі
12-бөлім. Көмір шахталарының қауіпті өндірістік объектілері үшін өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы талаптар		
1654.	<p>ЖҚТ учаскесінің шахталарындағы ұйымдастыру жер қойнауын пайдаланушы ұйымның басшысы бекітетін осы учаскелерге арналған өндірістік бақылау туралы ережемен белгіленеді. ЖҚТ учаскесі құрамында ЖҚТ учаскесіндегі автоматтандырылған жұмыс орны (бұдан әрі – ЖҚТ АЖО) жүйесінде желдету құжаттамасын жүргізу және желдетуді басқару бойынша топтың болуы, топ ЖҚТ учаскесінің орынбасары немесе көмекшісінің біреуі болатын жетекшіден және тау-кен шеберлерінен құралады. ЖҚТ АЖО тобының санын ЖҚТ</p>	өрескел

	учаскесінің бастығымен анықталады, техникалық жетекшімен келісімделеді және шахта жетекшісімен бекітіледі. Топтың ең аз саны кем дегенде үш адамнан кем болмауы тиіс	
1655.	Көмір шахталарының қауіпті өндірістік объектілерін жобалаумен, салумен, пайдаланумен, кеңейтумен, қайта құрумен, жанартумен, уақытша тоқтатып қоюмен және жоюмен байланысты жұмыстар қатаң түрде жоба құжаттамаларына сәйкес жүргізілуі қажет.	өрескел
1656.	Кен-геологиялық жағдайларға, қабылданған көмір алудың технологиясы мен механизациясына байланысты көмір кентрексіз схема бойынша қазу учаскелерін (блоктарды, панельдерді) дайындау қазу учаскелері арасынан көмір кентіректерін қалдырумен де, сондай-ақ кен қазбаларын тұрақты желдетуді қамтамасыз ету, көмір мен газдың оқыс лақтырылысының және көмірдің өздігінен жануының алдын алу, қазбаның тазарту кенжарына жанаса жатқан жобалық қималарын сақтау ережелерін қамтамасыз ету талаптарының болуы. Кен алу учаскелерінде көмірді алу, кен қазбаларын жүргізу және күрделі жөндеу бойынша паспорттардың болуы7	өрескел
1657.	Салынып жатқан, қайта құрылатын және жұмыс істеп тұрған шахталардың ең алыстағы кен қазбаларына дейінгі қашықтығы, егер апат болған жағдайда, аварияларды жою жоспарымен анықталған адамдардың осы қазбалардан қауіпсіз жерге шығу уақыты өзін құтқарғыштардың әсері уақытынан аспауы және ол бір сағаттан артық болмауы қажет	өрескел
	Жерасты тау-кен жұмыстарын жүргізетін көмір шахталары персоналды бақылау, авария туралы хабарлау, персоналдың	

1658.	тұрған орындарын білу және іздеу жүйелерімен, объектіге қызмет көрсететін АҚҚ-мен тікелей телефон және оған балама байланыспен жабдыкталады	өрескел
1659.	Шахтада барлық оған түскендердің және көтерілгендердің (шыққандардың) , сондай-ақ цехтар мен жер беті кешені учаскелерінің барлық қызметкерлерінің табельдік есебінің жүргізілуін қамтамасыз ету. Оны ұйымдастыруға жауапкершілік шахтаның басшысына жүктеледі, ол шахтадан өз уақытында көтерілмегендерді (шықпағандарды) анықтау тәртібін белгілейді және оларды іздеу бойынша шаралар қабылдайды.	елеулі
1660.	Шахтаның әр жер асты жұмысшысына жеке оқшаулағыш өзін-өзі құтқарғыш бектіледі. Шахтадағы оқшаулағыш өзін-өзі құтқарғыштардың саны жерасты жұмыстарымен айналысушы жұмысшылардың тізімдік құрамынан 10 пайыздан артық болуы керек. Алыс орналасқан, авария кезінде ол орындардан қауіпсіз орынға шығу өзін-өзі құтқарғыштың қорғаныс әсері уақытымен қамтамасыз етілмейтін, жұмыс орындары бар шахталарда ауыстырып қосу (жүру жолында біреуден артық емес) пункттері немесе топтық жылжымалы немесе тұрақты өзін-өзі құтқару құралдары орнатылады, олардың тұрған орындары ААҚ-мен келісіледі	өрескел
1661.	Жарамсыз аккумуляторлы шаммен және қажетті жеке қорғаныс құралдарынсыз шахтаға түсіруге, адамдардың қазбалар бойынша қозғалуына, сондай-ақ жұмыс жүргізуге жол берілмеуі. Шамханадағы жарамды аккумуляторлы шамдардың, метанның кіріктіріме сигнализаторлары бар шамдарды қоса алғанда саны жерасты	өрескел

	жұмысшыларының тізімдік санынан 10 пайыздан артық болуы қажет.	
1662.	Машиналардың, жабдықтардың, аспаптардың, басқару және қорғау схемаларының, бағдарламалық өнімдер мен технологиялардың зауыттық құрылысын жасап шығарушының (әзірлеушінің) келісімінсіз өзгертуге рұқсат етпеу	өрескел
1663.	Жабдықтың қозғалыстағы бөліктері, егер олар қауіптілік көзі болып табылатын болса, қоршау негізгі жұмыс атқару мақсаты бойынша болмайтын бөліктерден басқасында қоршаулардың болуы. Іске қосу алдындағы дыбыстық ескерту белгісі адамдарға қауіпті барлық аймақта естілетін болуы қажет	елеулі
1664.	Көмір мен газдың оқыс лықтырысы қауіпті шахталардың техникалық басшылары – бас инженерлері лауазымына қойылатын талаптар жерасты жұмыстарында басшылық және инженерлік лауазымдарда жұмыс тәжірибесі 5 жылдан кем емес, оның ішінде көмір және газ лақтырысы қауіпті шахталардағы тәжірибесі үш жылдан кем емес мамандар тағайындалады.	елеулі
1665.	Шахтаның қауіпсіздікті және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты басшылары мен мамандарына қойылатын талаптар : жоғары кәсіби білімі бар және қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы лауазымдардағы мамандығы бойынша еңбек өтілі 3 жылдан кем болмайтын тұлғалар тағайындалады	елеулі
	Жерасты қазбаларында, шахта үстіндегі ғимараттарда, шамхана жайларында, желдеткіштердің диффузорларынан және газсыздандыру қондырғыларының ғимараттарынан 30 метр жақын жерде, жер бетіне шығатын қазбалардың ауыздарында темекі шегуге және ашық отты пайдалануға жол бермеу.	

1666.	Шахтыларда демалыс күндері және жөндеу ауысымдарында, жұмыс күндері және ауысымдарда тек апатты немесе оның салдарын жою үшін, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органмен келісіліп, ұйыммен бекітілген нұсқаулыққа сәйкес, шахта басшысының жазбаша рұқсаты бойынша от жұмыстарын жүргізілуі	елеулі
1667.	Жұмыс күндері тұйық және жұмыс орындарынан алыс орналасқан қазбаларға (тізбесін аварияларды жою жоспарын жасау кезеңінде шахтаның техникалық басшысы анықтайды), ал шахтаның жұмыс істемейтін күндері және ауысымдарында кез келген қазбаларға кәсіби мамандығы бойынша жұмыс өтілі 6 айдан асатын, үздіксіз әсерлі дыбысты белгісі бар газанықтауыштары бар екеуден кем емес тәжирибелі жұмысшыларды жіберуге рұқсат етіледі	елеулі
1668.	Шахтаның қызметін қамтамасыз ету объектілерін (электр қосалқы станцияларын, желдеткіштерді, көтергіштер, сутөкпелерді, газсыздандыру, газ сорып алу, қазандық, калорифер қондырыларын) тоқтатуға тек қана шахтаның техникалық басшысының жазбаша өкімімен рұқсат ету (авариялық жағдайлардан басқа)	елеулі
1669.	Әрбір жұмыс істеп тұрған шахта екеуден кем емес, бөлек орналасқан, адамдардың жүруіне (адамдарды тасуға) бейімделген, жоғарыға шығу есіктерімен жабдықталады, ал шахтаның әр деңгейжиегі, адамдардың жүріп шығуына (тасымалдауға) бейімделген, жоғары жатқан (төмен жатқан) деңгейжиекке немесе жер бетіне шығуға екеуден кем емес есіктердің болуы. Шахтадан қосалқы есіктерге апаратын барлық қазбаларда, сондай-ақ ол қазбалардың	елеулі

	тармақтарында әрбір 200 метрде қазба және жоғарыға шығатын бағыт көрсетілген жарық шағылатын бояулары бар сілтеме белгілердің болуы	
1670.	<p>Оқпандардың жақын орналасу жағдайында (бір аралық алаңда), оларды жобалық деңгейіне қазғаннан (тереңдеткеннен) кейін бірінші кезекте оқпандарды өзара түйісімдеу жұмыстары жүргізілу және одан кейін тұрақты клетті көтергішті жабдықтау жұмыстары орындалуын қамтамасыз ету.</p> <p>Жаңа деңгейжиекті бір оқпанмен ашу жағдайында немесе оны еңістермен дайындауға бірінші кезекте деңгейжиекті екі есікпен және жалпы шахталық депрессия есебінен желдетуді қамтамасыз ететін қазбалар жүргізіледі.</p> <p>Оқпанның алысырақ (қанатта) орналасқан жағдайда, екінші есікті қамтамасыз ететін қазбаларды жүргізгенде дейін оны тұрақты немесе клетті көтергімен және сутөкпемен жабдықтау жұмыстары жүргізіледі.</p>	елеулі
1671.	<p>Жоғарыға шығу есіктері ретіндегі қызметтегі тік оқпандар біреуі клетті және сатылы бөлімдері бар көтергі қондырғылармен жабдықталады. Егер оқпандардың біруінде жеке-жеке өзара байланыссыз энергия көздері бар екі көтергі қондырғы болса, сатылы бөлім болмауы мүмкін. Екі оқпанда олардың әрбіреуі арқылы барлық адамдар жербетіне көтеріле алатын (шығатын) етіп жабдықталады. Оқпандар мен шурфтардың сатылы бөлімдері басқа бөлімдерден берік қалқамен окшаулау</p>	елеулі
	<p>Көтергі қондырғылармен жабдықталған жұмыс істеп тұрған және үңгілеудегі тік және көлбеу қазбалардың (оқпандардың, шурфтардың) ауыздары жұмысқа пайдаланбайтын жақтарынан биіктігі 2,5 метрден кем емес қабырғалармен немесе металл тораппен қоршалады, ал жұмысқа</p>	

1988.	<p>Дизельді локомотивте жедел, аялдау және авариялық тежеу жүйелері болады. Авариялық тежеу жүйесі қолмен әсер еткенде іске қосылады, сондай-ақ қозғалыстың үлкен жылдамдығынан (секундына 2 метр) 25 пайыздан асқан кезде немесе поезд құрамы үзілген кезде автоматты түрде қосылады және поездің есептік массасын жіберілімді еңісте 10 метрден артық емес жолында жылдамдықты секундына 35 метр түсірумен поезды тоқтатуды қамтамасыз етеді</p>	елеулі
1989.	<p>Қолданудағы машиналардың қозғалғыштарын реттеуді осы мақсаттағы жұмыстарға арнайы бөлінген қазбаларда жүргізу талаптары. Жанармай аппаратурасын реттеу құрылғыларына, машинаны пайдалануға жіберетін тұлға қоятын, пломбалар орнатылды. Қозғалтқышты жоспарлы жөндеу және тексеру біткеннен кейін жанармай аппаратурасының пломбалары мен белгілері орындарына қайта қойылады</p>	елеулі
	<p>Жүк және адам мен жүктердің табандағы монорельсті жолдары материалдарды, жабдықтарды</p>	

1990.	және адамдарды платформалармен және вагонеткалар және жазық және көлбеу (25 градусқа дейін), соның ішінде көлденең және тік жазықтықтарда бұрмаланған жерасты қазбалары бойынша тасымалдауға арналған	өрескел
1991.	Кен қазбаларын жолдармен жабдықтау бойынша шахтаның техникалық басшысы бекіткен төлқұжаттың болуы	елеулі
1992.	<p>Жинақталған парашютті жүйесі бар (бір тежегіш арбасы бар) жол құрамдарын қалыптастыруға қойылатын талаптар:</p> <p>1) бір жақты еңісі бар қазбаларда жолаушылар кабиналары тежеу арбашаларынан жоғары орнатылады;</p> <p>2) саласы таңбасы ауыспалы қазбаларда жолаушылар кабиналары тежеу арбашаларымен , сондай-ақ өзара жалғастыру екеуден кем емес элементтерімен жалғастырылады, жалғастыру элементтері зауытта жасалған және адамдарды тасымалдау режимінде ең үлкен статикалық жүктемеге қатысты 10 еседен кем емес және жүктерді тасымалдау режимінде 6 еседен кем беріктік қоры болады;</p> <p>3) саласы таңбасы ауыспалы қазбаларда пайдалану үдерісінде құрамның жолаушылар элементтерін тежеу арбасынан ағытуға рұқсат етілмейді;</p> <p>4) құрамның жүкті бөлігі вагоншалардың өздігінен сырғанап кетуіне кедергі болатын құралдармен шеттік арқанмен тасымалдау қауіпсіздігі талаптарына сәйкес жабдыкталады;</p> <p>5) тіркеу және қарсы тіркеу ілінгеннен кейін бес жылдан кем емес уақытта жаңаларымен алмастырылады.</p>	елеулі
	Жолдардың парашютті жүйесіне қойылатын талаптар, мұнда қозғалыстың жылдамдығы жіберілімді жылдамдықтан 25	

1993.	<p>пайыздан артық жоғарылаған кезде автоматты түрде және жолды басқарушы тұлғаның отырған жерінен (құрамда) қолменен қосылады. Жұмыс жылдамдығы секундына 1 метрден аспайтын жүк тасымалдау жолдарына, секундына 2 метр жылдамдықта парашюттерді қосуды жүргізуге рұқсат етіледі. Құрамды парашюттермен тоқтату 10 метрден артық емес жолда орындалады.</p> <p>Жолдың апатты тежеу (парашютты) жүйесінің құрылымы ажыратылған (екі немесе бірнеше тежеу арбашаларында орналасқан) болуы мүмкін, тежеу арбашаларының қызметтерін сүйремеу арбашалары және парашюттері бар жолаушылар вагондары атқара алады</p>	елеулі
1994.	<p>Жолды басқаруға арнайы оқытудан өткен, берілген жолды басқаруға құқық беретін куәлігі бар және шахта бойынша бұйрықпен тағайындалған тұлғалар жіберіледі</p>	елеулі
1995.	<p>Жолмен тасымалданатын адамдар, оның ішінде жолды басқарушылар да және жүкке еріп жүрушілер, арнайы жолаушы кабиналарында отырады, оның құрамда орналасуы және жүк алып келе жатқан арбаларда орнату әдісі пайдалану құжаттамасымен және жолды орнатудың төлқұжатымен анықталады</p>	елеулі
1996.	<p>Отырғызу алаңшалары және жүк пен адамдар жолдарына жабдықталған қазбалар жарықтандырылу қажет</p>	елеулі
1997.	<p>Жолды құрамнан немесе жетектен дабыл беру бойынша басқаруға рұқсат ету талаптары, бұл кезде жолды басқарушы адам немесе құрамнан сигнал беруші жолаушы кабинасының қозғалысы бағыты бойынша поездың алдыңғы бөлігінің біріншісінде болады. Жүк тасу жолын тасымалдың шеткі пункттерінен сигналдар</p>	елеулі

	бойынша жетектен басқаруға рұқсат етіледі	
1998.	Адам мен жүк жолының жүк тасымалдау режиміндегі жұмысы кезінде құрамда болатын адамдардың санына қойылатын талаптар – үш адамнан артық болмайды. Жүк тасымалдау жолындағы құрамдағы адамдардың саны екі адамнан аспайды	елеулі
1999.	Конвейерленген қазбаларда адамдар мен жүк жұмысы уақытында, қазбаның көлбеу бұрышы 10 градустан аспағанда, конвейерді таспаны ұстағыштармен жабдықтаған жағдайда немесе тростардың (резина тросты таспалар үшін) бүтіндігін бақылау құрылғыларымен жабдықтаған жағдайда рұқсат етіледі. Жүктерді көлбеу бұрышы 18 градусқа дейінгі жұмыс істеп тұрған қазбаларда тасымалдауға рұқсат етіледі	елеулі
2000.	Адамдарды конвейермен тасымалдау кезінде, сондай-ақ конвейерге қызмет көрсету және жөндеу кезінде онымен қатар тұрған жолды тоқтатуға қойылатын талаптар, ал оны басқару желісі – блокталады	елеулі
2001.	Жүкадам жолдарына қойылатын талаптар, оларың отырғызу алаңшаларында қабылданған сигналдардың кодтары, құрамдағы отырғызу орындарының жалпы саны, адамдарды тасымалдауға жауапты тұлғаның тегі көрсетілген хабарландыру ілінеді	елеулі
	Мыналарға: 1) жүгі бар құрамда, жолды басқарушы мен жүкке еріп жүрушілерден басқа, адамдарды тасымалдау; 2) жолды, белгіленген тұлғалардан басқа, адамдардың басқаруы; 3) жүк арбашаларына (вагонетка) адамдардың мініп жүруі; 4) бекітпелері бұзылған қазбалардағы және қазбаның	

2002.	<p>қимасы бойынша керекті саңылаулар болмаған кезде, сондай-ақ жолдың, қозғалмалы құрамның, тежеу жүйелерінің, басқару аппаратурасының, дабылдаманың және байланыс құралдары бұзылған кезде жолды пайдалануға;</p> <p>5) ірікөлемді жабдықты бақылау тұлғасының қатысуынсыз тасымалдауға;</p> <p>6) платформаны ұзын өлшемді материалдармен немесе ішінде адамдар бар кабина артына немесе алдында үлкен көлемді жабдықпен тіркеуге;</p> <p>7) табан жұмыстарын жүргізу кезінде көлбеу қазбамен адамдардың қозғалуына жол берілмейді</p>	елеулі
2003.	<p>Трасса бойында тарту арқанын бағыттау үшін ұстап тұрушы және бағыттаушы құрылғыларға қойылатын талаптар, олардың араларындағы қашықтық пайдалану құжаттамасы және жолды салудың төлқұжатымен айқындалады, бұл кезде арқанның блоктарда және ұстап тұрушы роликтердегі және бағыттаушы құрылғылардағы иілу бұрышы 6 градустан аспайды</p>	елеулі
2004.	<p>Қалып немесе дөңгелек түріндегі сақтандыру тежегішінің жүк немесе серіппелі жетегі болады және арқан тартатын (жетектік) доңғалаққа әсер етеді</p>	өрескел
	<p>Жолдарды басқару және сигнал беру үшін оларға арналған арнайы аппаратура қолданылады, ол:</p> <p>1) кондуктордың трассаның кез келген нүктесінен құрамнан жол жетегін ара қашықтықтан басқаруын;</p> <p>2) жетекті станцияның орнатылған жерінен кондуктордың сигналдары бойынша жол жетегін жергілікті басқаруды;</p> <p>3) жол трассасынан және жергілікті басқару постынан жетекті ағытумен және</p>	

2005.	<p>тежеуіштерді салумен, түсірумен кез келген тұлғаның жетекті шұғыл тоқтауын;</p> <p>4) трассанының кез келген нүктесінен кодты сигналдар берудің мүмкіндігін;</p> <p>5) құрам тасымалдың шеткі пункттерден өткен, тарту жүгін жіберілімді деңгейден төмен түскен, тарту арқанының жылдамдығы белгіленген шамадан 25 пайызға артқан, тарту арқанының жылдамдығы жетектеу доңғалағына қарағанда 25 пайызға төмендеген, басқару тізбегінің немесе шұғыл тоқтатудың бұзылуы, тежеу құрылғылары іске қосылуы кезінде жетекті автоматты тоқтатуды қамтамасыз етеді.</p>	елеулі
2006.	<p>Басқару аппаратурасы жұмыс істеген кезінде:</p> <p>1) жол жетегін бір мезгілде ара қашықтықтан және жергілікті басқарудың;</p> <p>2) іске қосу алдындағы ескерту сигналын берусіз жол жетегін қосудың;</p> <p>3) арқан жылдамдығының төмендеуінен немесе жоғарлауынан қорғаныстың қосылу кезінде жетекті қайта қосылуын;</p> <p>4) шұғыл сөндіру кезінде жолды тоқтатудың орнынан "Тоқта" сигналы алынғанға дейін, жетекті қайта қосуды;</p> <p>5) тасымалдаудың шеткі пункттеріне құрамның шеткі ажыратқышқа соғылуы кезінде жолдың көтерілу бағытында жетекті қайта қосудың мүмкіндігі болдырмауы қажет</p>	елеулі
2007.	<p>Жолдың жетекті станциясын және тарту құрылғысын орнатқан жерлерде қоршаудың болуы</p>	елеулі
	<p>Жетекті станцияда екі: жұмыс және сақтандыру тежегіштері болады. Жетекті станциядағы бұрымдық берілістің болуы тежегішті алмастыра алмайды. Сақтандыру тежегішінің жетектің тежелген жағдайы кезінде даму</p>	

2008.	<p>кезеңі статикалық кезеңге қатынасы көлбеу бұрышы 15 градус кезінде 1,8 кем емес, 20 градус кезінде 2 кем емес, 25 градус кезінде 2,6 кем емес, 35 градус кезінде 3,0 кем емес болып белгіленеді.</p> <p>Жылдамдықтың төмендеуі, жұмыс және сақтандыру тежеулерін кезінде тарту органының доңғалағы бойынша арқанның сырғанап кету мүмкіншілігіне байланысты шамадан аспайды</p>	елеулі
2009.	<p>Жүк пен адам жолдарында адамдарды жылжымалы құрамға отырғызу жерлерінде отырғызу жағынан екі 1 метрден кем емес өтімі бар отырғызу алаңшаларына қойылатын талаптар. Пайдалану үдерісінде кезеңмен орын ауыстырылатын отырғызу алаңшаларында өтімнің енін 0,7 метрге кішірейтуге рұқсат беріледі</p>	елеулі
2010.	<p>Жолға қызмет көрсететін персонал ауысым сайын жұмыс басталардың алдында қозғалмалы құрамды, жетекті станцияны, керу құрылғысын тіркеу және сигнал беру құрылғыларын қарап тексеру кезеңділігі, ал парашютті құрылғылар қолмен қосылып көріледі. Қазбаны, жетекті, парашютті құрылғыларды және электр жабдығын тәулігіне бір реттен кем емес жиілікте шахта бойынша бұйрықпен тағайындалған жауапты тұлға қарап тексереді. Жолдағы жабдықтың жағдайын бақылауды апта сайын, қарауында осы жол бар, механик, ал жүкадамдық жолды әр тоқсан сайын шахтаның бас (аға) механигі немесе ол тағайындаған тұлға жүргізеді. Қараудың нәтижелері жасаушының жолды пайдалану бойынша нұсқаулығына сәйкес арнайы журналға жазылады</p>	елеулі
	<p>Көлбеу бұрышы 6 градустан артық қазбаларда жасалған жолдарда ай сайын учаске механигінің басшылығымен жасап</p>	

2011.	шығарушының құжаттамасына сәйкес авариялық тежеу (парашюттік) жүйесінің жылдамдығын шектегішті сынау жүргізілуін тексеру	елеулі
2012.	<p>Ұзындығы 500 метрден артық жолдары үшін арқанды қарауды кезеңмен, бірнеше ауысым бойына , белгіленген кезеңділіктен асырмай жүргізуге рұқсат етіледі. Секундына 0,3 метрге дейінгі арнайы қарау жылдамдығы жоқ жүктасымалдау жолдарында және көлбеу бұрыштары 10 градустан кем қазбаларда арқандарды қарау тоқтатылған арқанда оны қарап өту жолымен жүргізіледі. Үзілген сымдарының саны сымдардың жалпы санының өру адымының ұзындығында 2 пайыздан аспайтын, қозғалыс жылдамдығы секундына 1 метрге дейінгі жағдайда, арқанды тәулік сайын қарауды жүргізуге болады.</p> <p>Арқанды шұғыл жүктеген кезде жолдың жұмысы дереу арқанды қарау үшін тоқтатылады. Жүк тасымалдау жолының арқанын апта сайын қарауды электрслесарь , ал жолдардың барлық түрлерінде арқанды ай сайын қарауды учаске механигінің қатысуымен электрслесарь жүргізеді. Қараулардың нәтижелері Арқандардың қараудың және олардың шығындары журналына жазылады</p>	өрескел
2013.	Жеке қазбаларда да немесе конвейерлі қазбаларда орналасқан табандағы жолдарға қойылатын талаптар. Жолдарды параллель орнату тек қана еңістері 0,050 – ге дейін қазбаларда ғана рұқсат етіледі	өрескел
2014.	Табандағы жолдармен жабдықталған қазбалардағы саңылаулар рельсті көлікке арналған өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкес қабылданады, бұл кезде конвейерлі қазбаларда адамдарға арналған өтімдер қозғалмалы құрам мен қазба бекітпесінің арасында жасалады.	елеулі

	Тарту арқанын адамдардың жүруіне арналған өтімде орналастыруға рұқсат берілмейді	
2015.	Қазбалардың екі жолды учаскелерінде, сондай-ақ қайта тиеу пункттерін жабдықтау кезінде табандағы жолдардың өзара жанасу немесе тасымалдың басқа құралдарымен жанасу түйіндерінде адамдардың өту жолдары қазбаның екі жағында жасалады	өрескел
2016.	Жолдың еңістері 0,005-тан қазбаларда тек қана парашютті жүйемен жабдықталған жолдар пайдаланылады. Кері еңісті учаскелері бар, созылмалығы құрамның екі ұзындығынан артық саласы таңбасы ауыспалы қазбаларда екі жақты әсерлі парашют жүйесімен жабдықталған жолдар қолданылады.	өрескел
2017.	Табандағы жолдардың парашютты жүйесіне сәйкес табандағы жолмен жабдықталған қазбалардағы рельстердің түрлеріне және рельстерді салу тәсілдеріне қойылатын талаптар	өрескел
2018.	Тарту арқанының зақымдануына жол бермейтін табандағы жолдарға арналған бұрма құрылымына қойылатын талаптар	өрескел
2019.	Табандағы жолдардың жұмыстағы ең үлкен жылдамдығына қойылатын талаптар, егер жетек жылдамдықты бірқалыпты реттеуді қамтамасыз етпесе, секундына 1,0 метрден аспайды	өрескел
2020.	Бір көлбеу қазбада монорельсті және рельсті көлік құралдарын орналастыруға рұқсат етпеу	өрескел
2021.	Екі монорельсті жолдардың қозғалмалы құрамның аумағы арасындағы саңылаудың болуы (екі жолды және монорельсті көлікті қазбаларда) – 0,4 метрден кем емес	өрескел
2022.	Монорельсті жолдардың өзара және көліктің басқа түрлерімен жанасу түйіндерінде қайта тиеу	өрескел

	пункттерінде жабдықтаған кезде адамдардың өту жолдары қазбаның екі жағынан жасалады.	
2023.	Қазбалардың дөңгеленген бұрылыстарында және оларға жалғасқан қазбалардың түзу учаскелерінде саңылаудың шамасы, сондай-ақ түзу учаскелерінің дөңгеленгеніне жалғасқан қосымшаның ұзындығы қазбалардың дөңгелену радиусына байланысты	өрескел
2024.	Қозғалмалы құрам табандары мен қазба табанының арасы немесе табанда жатқан жабдықтың арасы – 0,4 метрден кем Ірі көлемді жабдықты тасымалдау кезінде шахтаның техникалық басшысының жазбаша рұқсатымен тасымалдау жүгінің төменгі жиегі мен қазба табаны немесе табанда жатқан жабдық арасы 0,2 метрге дейін кішіреюі мынадай шарттарды орындағанда болады: 1) бақылау тұлғасының жүкке еріп жүруі; 2) конвейерді ағыту және конвейерлі қазбалармен тасымалдау кезінде оның жібергішін механикалық жолмен блокадалау	өрескел
2025.	Монорельсті жолдардың қозғалмалы құрамына адамдарды отырғызу орындарында отырғызу жағынан ені 1 метрден кем болмайтын өту жолының болуы	өрескел
2026.	Монорельсті жолдардың кабельдермен, құбырлармен қиылысқан жерлеріне қойылатын талаптар, олар өзара жанасу болмайтын етіп, жолды орнатудың төлқұжатына сәйкес орындалады	өрескел
2027.	Монорельсті жолдың қозғалмалы құрамы жазық және көлбеу қазбалардағы жұмыстарда тіркеу қауіпсіздігін, сондай-ақ өздігінен ағытылу мүмкіндігін болдырмауды қамтамасыз ететін қатты, берік тіркемелердің болуы	елеулі
	Монорельсті жолдар құрамдарының жылдамдығына	

2028.	қойылатын талаптар, ол жолдың құрылысы және төлқұжатымен айқындалады. Ұзын өлшемді және ірі көлемді жүктерді тасымалдау секундына 1 метрден артық емес жылдамдықта жүргізіледі	өрескел
2029.	Монорельсті жолдардың құрамдарын қалыптастыру пайдалану бойынша басшылық құжатқа немесе нұсқаулыққа қатаң сәйкестікте жүргізіледі. Егер құрамның жүктік бөлігі авариялық тежегіш (парашютты) жүйесімен жабдықталмаған болса, онда жүк арбашалары құрамның (парашюттермен жабдықталған) ұстап алынатын бөлігімен, сондай-ақ өзара тіркеуден басқа, қарсы тіркеумен жалғасады	өрескел
2030.	Монорельсті жол құрамы құрамдағы көршілес арбашалардың жүктерінің арасы жолдың дөңгеленген бұрылыстарында және ойыс, көтеріңкі жерлерінде құрамның өтуін қамтамасыз ететін болуы керек, алайда 0,3 метрден кем болмайды. Сонымен бірге жолдың барлық трассасының бойында тасымалданатын жүктің жоғарғы жиегімен монорельсті жолдың төменгі жиегі арасыдағы саңылау 50 миллиметрден кем болмайды. Тасымалданатын жүктердің жүру үдерісінде бүйірге ауытқуы 0,2 метрден аспайды	өрескел
2031.	Монорельсті жолдарды: 1) жөнделмеген бекітпелері бар қазбаларда және қазба қимасы бойынша жолды орнатудың саңылаулары болмаған кезде; 2) монорельсті жолдың, қозғалмалы құрамның, тежеу жүйесінің, басқару аппаратының, дабылдаманың және байланыс құралдарының бұзылыстары болған кезде пайдалануға болмайды	өрескел
	Монорельсті жолдың көтеруші органы (монорельсті жол) зауытта жасалған стандартты бөліктерден жинастырылады. Зауытта жасалған монорельсті жолды ілу	

2032.	<p>құрылғылары қазба бекітпесінің түріне сәйкес келеді.</p> <p>Монорельсті жолдың құрылысы қазбаның көлдең қимасында монорельсті жолдың шайқалуын болдырмайтын арнайы құрылғыларды қарастырады</p>	
2033.	<p>Монорельсті жолды ілу құрылғыларының ең үлкен статистикалық жүктемеге қатысты 3 еседен кем емес беріктік қоры болады, биіктік бойынша монорельстің орынын реттеу мүмкіндігін қамтамасыз етеді және қазбаны бекітпесінің тиісті түрлеріне ілуге оңтайландырылған . Монорельсті ілуге шынжырларды қолданған кезде олардың беріктік қоры ең үлкен статистикалық жүктемеге қарағанда 5-еседен кем болмайды</p>	өрескел
2034.	<p>Қисайған учаскелерде немесе тау қазбаларының қосылу орындарында монорельсті жол бүгілу радиусы мен ұзындығы жолды орнату тәлқұжатымен анықталған, алдын ала тік немесе көлденең жазықтықта бүгілген монорельс секцияларынан құралады</p>	елеулі
2035.	<p>Тартпалы жетегі бар монорельсті жол жетегінің тарту арқаны қарау үшін жылдамдығы төмен болады</p>	елеулі
2036.	<p>Монорельсті жолдарда тарту арқаны ретінде дөңгелек иірілген диаметрі 15 миллиметрден емес жүкадамдық болат арқандар қолданылады</p>	өрескел
2037.	<p>Қызмет көрсететін персонал (жол кондукторлары немесе жол машинисі) ауысым сайын жұмыстың алдында қозғалмалы құрамды, жетектеу станциясын, тарту құрылғысын, локомотивті, тіркемелерді және дабыл құрылғыларын тексереді, ал авариялық тежеу құрылғыларын (парашюттерді) қолмен қосып көреді. Монорельсті жол жағдайын бақылауды апта сайын, осы жол қарамығына қарайтын,</p>	елеулі

	учаске механигі және тоқсан сайын шахтаның бас (аға) механигі жүргізеді	
2038.	Адамдар мен жүктерді тік және көлбеу қазбалар бойынша көтеру және түсіру кезіндегі көтергіш машиналарының ең үлкен жылдамдықтарына қойылатын талаптар, ол шығарушы зауыттың төлқұжатымен айқындалады	өрескел
2039.	Жобалау кезінде қозғалып келе жатқан ыдыстың жылдамдығының орташа баялау мәні сақтандыру тежеуі кезінде, сондай-ақ шұғыл жағдайларда жұмыс тежеулер кезінде көлбеу бұрышы 5 градус – шаршы секундта 0,8 метр, 10 градус – шаршы секундта 1,2 метр, 15 градус – шаршы секундта 1,8 метр, 20 градус – шаршы секундта 2,5 метр, 25 градус – шаршы секундта 3,0 метр, 30 градус – шаршы секундта 3,5 метр, 40 градус – шаршы секундта 4,0 метр, 50 градус және одан да көп – шаршы секундта 5,0 метр мөндерден аспайды	өрескел
2040.	Артық көтеруден және жылдамдықтың жоғырылауынан сақтандыру үшін шахталық көтерме қондырғысы мынадай сақтандыру құрылғыларымен: 1) әрбір көтергіш ыдыс (керісалмақ) – қазба немесе коперде орнатылған және көтергіш ыдыс жоғарғы қабылдау алаңшасы деңгейінен (жүк түсірудегі қалыпты жағдайдан) 0,5 метрге жоғары, тереңдік көрсеткішінің қосалқы шеттік ағытқышында – шеттік ағытқышпен жабдықталған.	елеулі
2041.	2) Көлбеу қазбаларда шеттік ағытқыштар жоғарғы қабылдау алаңшаларында, жұмыс процесіне байланысты қалыпты жағдайдан 0,5 метр жерде орнатылған	елеулі
	3) Аудармалы клеттері бар көтергіш қондырғылар, коперде адамдарды клетке отырғызуға арналған алаңшадан 0,5 метрден жоғары коперде орнатылған қосымша шеттік ағытқыштары	

2042.	<p>болады. Бұл шеттік ағытқыштардың жұмысы тереңдікті көрсеткіште қойылған (жүрісті беру және бақылау апаттарында) қойылған шетті ағытқыштармен қосарлана жұмыс істейді. Аудармалы клеттері бар қондырғыларда қосымша шеттік ағытқыштар (негізгі және қосарланған) берілген "жүк" немесе "адамдар" режиміне байланысты қорғаныс тізбегіне еңгізіледі</p>	елеулі
2043.	<p>4) сақтандыру тежегішін іске қосуға келтіретін, жылдамдықты тектеуіш мына жағдайда: қорғаныс тахограммасының жылдамдығы азайған мезгілде артуы, оның шамасы жолдың әрбір баяулау нүктесінде, скиптер мен клеттерді апатты артық көтермеу шартынан анықталады; бірқалыпты жүріс жылдамдығының 15 пайызға артуы; ыдыстың жоғарғы, төменгі және аралық алаңшаларына, сондай-ақ оқпанды арқанмен арқаулау кезінде қатты бағыттаушыларға, жақындағанда, секундына 1 метрден артық жылдамдықпен адамдарды түсіру-көтеру кезінде және секундына 1,5 метр жылдамдықпен жүкті түсіру-көтеру кезінде жақындауы.</p>	елеулі
2044.	<p>Жерасты қазбаларындағы жүк және көлбеу қазбаларда жұмыс істеп тұрған адамдар көтергілерінің шығырлары жылдамдықты шектеуіштермен жабдықтағанға дейін бірқалыпты жүрісінің жылдамдығы 15 пайызға артық жағдайда сақтандыру тежегішін қосатын аппаратпен және баяулау бөлшектерінің 1-2 нүктелерінде жылдамдықты бақылаумен жабдыкталады</p>	елеулі
2045.	<p>Шахтаның көтеру қондырғылары мынадай қорғаныс және блоктау құрылғыларымен жабдықтау</p>	елеулі
	<p>Құйылған немесе штампталған шеңберлері бар тежегіштердің шеңберлері, оларды шегендеу</p>	

2046.	қарастырылмаған кезде, тоғандары бастапқы қалыңдығынан 50 пайызға тозған және шыбықтарының шеттері ашылған кезде жаңа түрімен ауыстырылады. Тегергіш науаларының тереңдігі бастапқы қалыңдығынан 50 пайыздан көп тозғанда, тегер науасын құюға рұқсат етіледі	елеулі
2047.	Оқпандарды үңгілеу және тереңдету кезінде көтермедегі авария бола қалған жағдайға, ауысымдағы жұмысшылардың ең көп санын бірмезгілде орналастыруды қамтамасыз ететін , ілмелі авариялық-құтқару баспалдағы болады. Баспалдақ тежегіштермен жабдықталған және аралас жетегі бар (механикалық және қолменен) шығыр арқанына бекітіледі. Тереңдігі 100 метрге дейін оқпандарды үңгілеу кезінде авариялық-құтқару баспалдағының тек қана қол жетегі бола алады, және тежегіштер мен тіреуіш тоқтатпалары болады	елеулі
2048.	Шахтаның барлық деңгейжектерінде оқпандар алдында, адамдардың көтерме бөлімдер арқылы өтпеуін ескерту үшін сақтандыру торлары орнатылады. Жұмыс істеп тұрған шахталарда жоғарғы қабылдау алаңшасында гильотин түріндегі есіктерді клеттің тоқтауының соңына дейін, оқпанға адамдардың өтуіне кедергі болатын қосымша қоршаулар болады	елеулі
2049.	Адамдарды түсіру және көтеру қарастырылмаған оқпандардағы көтерме қондырғыларына қойылатын талаптар. Адамдарды түсіру және көтеру қарастырылмаған оқпандарда көтерме қондырғыларын пайдалануға тек қана осы оқпанды қарау және жөндеу жұмыстарын атқаратын тұлғаларға ғана рұқсат етіледі	елеулі

2050.	Жүктерді вагоншаларда жүргізетін тік оқпандардың барлық аралық, төменгі және жоғарғы алаңшалары, сондай-ақ төңкергіштер алдындағы алаңшалар, бір-бірлеп өткізуді қамтамасыз ететін және өздігінен сырғанап кетуді болдырмайтын тоқтатқыш құрылғылармен жабдықталған	елеулі
2051.	Барлық жаңадан жасалатын қорғаныс және сақтандыру құрылғыларын (тежегіш, парашютты және ілмелі құрылғылар), қорғаныс және сақтандыру аппаратурасын (жылдамдықты шектегіштер және қысым реттегіштер), адамдық және жүкадамдық қондырғыларын басқару және автоматтандыру схемаларын шахталарда қолдануға рұқсат беру	елеулі
2052.	<p>Көтерме ыдыстың бағыттаушы сырғанау табандары мен бағыттаушыларды арасындағы оларды орнату кезіндегі жинақтық саңылауына қойылатын талаптар:</p> <p>1) базалық белгіде: рельсті бағыттауыштар үшін – 10 миллиметр, ағаш бағыттауыштар үшін – 20 миллиметр;</p> <p>2) оқпан тереңдігі бойынша: рельсті бағыттауыштар үшін – 10 ± 8 миллиметр, ағаш бағыттауыштар үшін – 20 ± 10 миллиметр.</p> <p>Көтерме ыдыстарда серіппелі жұмысшы бағыттауыш құрылғыларды пайдаланған кезде сырғанаудың сақтандыру табандарының жанасу беттері мен бағыттаушылар арасындағы оларды орнатқан кездегі жинақтық саңылау базалық белгіде құрайды: рельсті бағыттауыштар үшін – 20 миллиметр, қорабты бағыттауыштар үшін 30 миллиметр.</p>	елеулі
	Бағыттауыштардың тозуын аспаптармен тексеру әбзелдеудің әр қабаттарында: металл бағыттауыштар – 1 жылдан кейін,	

2053.	ал ағаш бағыттауыштар үшін, сондай-ақ металл бағыттауыштардың жұмыс мерзімі 5 жылдан кем оқпандарда, – 6 айдан кейін жүргізіледі. Шахтаның бас механигі тексеруге жауапты болып табылады	елеулі
2054.	Тұрақты көтерме қондырғыларының көтеру ыдыстарының аса шығып тұрған бөліктері мен бекітпенің және тік оқпандардағы кергіштердің арасындағы пайдалану саңылауларына қойылатын талаптар. Үңгілеу көтерме кезінде ортадағы бағыттауышы арқандардың арасындағы саңылаудың шамасы 300 миллиметрден кем емес. Оқпанның тереңдігі 400 метрден артық болған кезде қауғалардың соқтығысуын болдырмау үшін босатқыш арқандар немесе басқа құрылғылар қойылады.	елеулі
2055.	Адам және жүк пен адамдар көтерме қондырғыларының электрлік жетегі болады. Көлбеу және тік қазбалармен адамдарды вагоншаларда түсіру және көтеру үшін қолданатын шығырлар көтерме машиналарға қойылатын барлық талаптарға жауап береді	елеулі
2056.	Көтерме машиналар мен шығырлар оқпандағы ыдыстардың орнын машинистке көрсететін аппаратпен (индикатормен) жабдықталуы, ал көтерме машиналар оқпанды үңгілеу немесе тереңдету жұмысы кезінде барабан дөңгелегінің қырында үңгілеу ілмелі сөресінің қысқа құбыр жоғарғы қимасының белгісі түседі. Әрбір көтерме машинада дұрыс жұмыс істейтін: 1) өзі жазатын жылдамдық өлшеуіш (жоғарыда орнатылған жылдамдығы секундына 3метрден артық машиналар үшін); 2) вольтметр және амперметр; 3) тежеу жүйесіндегі қысымдалған ауаның немесе майдың қысымын көрсететін манометрлер болады	елеулі

2057.	<p>Әрбір көтерме машинаның (шығыр) жетекті тәуелсіз қосатын жұмыс және сақтаныру тежегіші болады. Ұңғымалық шығырларда және құтқару баспалдақтарына арналған шығырларда (шектік жүктердің қозғалу жылдамдықтары тиісінше секундына 0,2 және 0,35 метрге сәйкес) мыналар: қозғағыш білігінде немесе аралық білікте маневрлік тежегіш, сақтандыру тежегіші, барабанда тоқтатқыш құрылғысы (тежеп тоқтату), қосылып тұрған сақтандыру кедергісі және тоқтату құрылғысы кезінде жүкті түсіру бағытында электр қозғағыштың қосылуын болдырмайтын блокировка болады</p>	өрескел
2058.	<p>Көтерме машина (шығыр) тоқтаған (қозғалмайтын) жағдайда, сақтандыру тежегішімен жасалатын мезеттердің ең үлкен статистикалық мезетке қатынасы көлбеу бұрышы 20 градусқа дейін 2,1 кем емес, 25 градус кезінде – 2,6 кем емес, 30 және одан да көп градус кезінде – 3,0 кем емес мәнді құрайды. Ұңғымалық шығырларында және құтқару баспалдақтарына арналған шығырларда (шектік жүктердің қозғалу жылдамдықтары тиісінше секундына 0,2 және 0,35 метр сәйкес), жеке оңтайландыру және сақтандыру тежегішімен жасалатын тежеу мезеті жүктеменің ең үлкен статистикалық мезетінен 2 еседен кем болмауы керек. Мұнда сақтандыру тежегішін іске қосу оңтайландыру тежегіштің автоматты іске қосылуымен қатар жүреді</p>	өрескел
	<p>Жер бетіндегі жүк пен адам және адам көтермелерінде машиналар барабанының орамына қойылатын талаптар – 1 қабатты.</p> <p>Жүк және авариялық тік көтермелердің, көлбеу бұрышы 30 градустан 60 градусқа дейінгі жерасты қазбаларының адам және жүкпенадам көтермелерінің</p>	

2059.	<p>көтерме машиналарында арқандарды барабандарға екіқабатты орауға рұқсат етіледі. Үш қабатты орама басқа қалған пайдалау көтермелерінде және тік және көлбеу қазбаларды үнгілеуде рұқсат етіледі. Авариялық-жөндеу және қосалқы жүк көтерме қондырғыларда (жыныс оқпандары, жүктерді эстакаларға көтеру, жүктерді және қосымша материалдарды тік және көлбеу қазбалармен ауысымда 10-нан артық цикл санында түсіру және көтеру), сондай-ақ үнгілеу жылдамдығы секундына 0,4 метр артық емес шығырларда және құтқару баспалдақтары шығырларында (жылдамдығы секундына 0,35 метрге дейін) көп қабатты орама рұқсат етіл</p>	өрескел
2060.	<p>Барабандардың шегендеуі, арқан орамы қабаттарының санына байланыссыз болады. Шегендердің және жонылған қарықшалардың үнгілеу шығырлары барабандарында (жылдамдығы секундына 0,2 метрден артық емес) және құтқару баспалдақтарының шығырларында (жылдамдығы секундына 0,35 метр) болуы міндетті емес</p>	өрескел
2061.	<p>Көтергі ыдыстарды, парашюттерді, тоқтатқыштарды, ілмелі құрылғыларды, бағыттаушы табандарды, тиеу және түсіру құрылғыларын, бағыттаушы және қисайту шкивтерін, оларды астарын оларды шегендеуді және сойынтіректерін, тежеу жүйесін, көтергі машинаның басқа элементтерін, қорғаныс аппаратурасын және басқару жүйесін тәулік сайын көтергі механигі немесе тиісті мамандығы бар және шахта бойынша осы мақсатқа тағайындалған тұлға қарайды және тексереді. Осы тұлғалар ыдыстардың секундына 1 метрге дейінгі жылдамдығы кезінде тәулік сайын және секундына 0,3 метр жылдамдық кезінде жетісіне бір реттен кем</p>	елеулі

	емес жиілікте әбзелдеуді тексереді . Оқпандардың жөндеуде тұрған бөліктері тәулік сайын қаралады	
2062.	Жаңа арқанды ілудің алдында және одан әрі тоқсанда бір реттен кем емес жиілікте шахтаның аға механигі шкивтерді қарауды жүргізеді. Бұл ретте шкив науасының қимасы және оның денесінің қалыңдығы өлшенеді. Шахтаның бас немесе аға механикті әр күнтізбелік 15 күнде бір реттен кем емес жиілікте сақтандыру тежегіші және қорғаныс құралдары жұмыстары дұрыстығын тексеруді, айына бір реттен кем емес - көтергі қондырғысының барлық жоғарыда көрсетілген элементтерінің дұрыстығын тексереді. Қараулардың нәтижелері Көтергі қондырғысын қарау журналына жазылады	елеулі
2063.	Діндерді шахтаның техникалық басшысы төрағалық ететін комиссия қарайды. Металл және темірбетон діндерін қарау жылына бір рет, ал ағаш және өту діндерін – жылына екі рет жүргізіледі.	елеулі
2064.	Ұңғымалық шығырларды қарауды ауысым сайын және әрбір түсіру-көтеру операциялары алдында электрослесарь, жетісіне бір рет ұңғыма (учаске) механигі, айына бір рет – шахтаны ұңғылау (шахтасалу) ұйымының бас механигі жүргізеді	елеулі
2065.	Көтерме машиналардың машинисттеріне шахта бойынша бұйрықпен 1 жылдан кем емес өтілі бар, арнайы оқытудан өткен, тиісті куәлік алған және екі айлық сынақ мерзімінен өткен тұлға тағайындалады. Адамдарды және адам мен жүк көтергілері машинисттеріне жүк көтергі машиналарында 1 жылдан кем емес жұмыс істеген тұлғалар тағайындалады	елеулі
2066.	Оқпандарды ұңғылау және тереңдету кезінде көтергі машинисттеріне, арнайы оқудан өткен, тиісті куәлік алған және үш	елеулі

	айлық окпандарды ұңғылау көтергісінде сынақтан өткен тұлғалар тағайындала алады	
2067.	Басқа машинаны басқаруға өткен кезде, сондай-ақ жұмыста 1 айдан артық үзіліс болған кезде сынақтан өту міндетті. Жылына бір реттен аз емес уақытта шахтаның бас механигінің төрағалығымен комиссия машинисттердің білімдерін тексеруді жүргізеді	елеулі
2068.	Жұмысшылар ауысымдарға түсу және көтерілу сағаттарында, ауысым машинистінен басқа, оның қасында осы машинаны басқаруға құқығы бар екінші машинист болады	елеулі
2069.	Ауысымды қабылдайтын машинист, жұмысты бастаудан бұрын машинаның дұрыстығын тексереді. Адамдарды түсіру және көтеруді жүргізу қос көтергі ыдыстарды жоғары – төмен бос, алдын ала жүргізгеннен кейін рұқсат етіледі. Тексерудің нәтижелерін машинист Ауысымдарды қабылдау және тапсыру журналына енгізеді	елеулі
2070.	Егер де көпқабатты клеттің бірнеше қабатына адамдарды отырғызу (шығару) бір уақытта жүргізілетін болса, онда әр қабылдау алаңшаларында тұтқашы, ал ақпан албарында – окпаншы тұрады. Жүктерді қабылдау және сыртқа жіберу жүргізілетін аралық деңгейжиектерде машинист пен тұтқашыға жұмыс сигнализациясы (дабылдама) болады, сондай-ақ олармен тікелей телефон байланысы болады, адамдарды түсіруге (көтеруге), окпаншылар болмаған кезде мынадай жағдайларда рұқсат етіледі: 1) клетте тұтқашы мен машинистке тікелей сигнал беру, телефон байланысы немесе сымсыз құрылғы байланысы болады; 2) клетте лифтші (окпаншы) тұрады.	елеулі

2071.	<p>Барлық отырғызу пункттерінде және машиналы бөлімде хабарландырулар ілінген, оларда мыналар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) адамдарды түсіру және көтеруді қауіпсіз ұйымдастыруға жауапты адамдардың тегі; 2) адамдарды көтеру және түсіру кестелері; 3) қолданатын сигналдар; 4) біруақытта әр қабаттан клетте, қауғада немесе адамдар вагоншасында көтерілетін адамдардың саны көрсетілген. <p>Адамдарды түсіру және көтеруге арналған көтергі қондырғыны пайдалануға салынған тыйымдар және шектеулер туралы отырғызу пункттерінде хабарландырулар ілінеді</p>	өрескел
2072.	<p>Барлық қабылдау алаңшаларында клеттердің жіберілімді жүктемесі көрсетілген кестенің болуы. Оқпаншылар мен тұтқашыларды тоқсанында бір реттен сирек емес клетті жүктеу ережесі және нормалары бойынша нұсқамадан өткізу</p>	өрескел
2073.	<p>Пайдалануға енгізуден бұрын және бұдан әрі жылына бір рет маманданған жөндеу ұйымы шахтаның энергомеханикалық қызметі өкілінің қатысуымен көтергі қондырғысын тексеру және жөндеуді жүргізеді. Автоматтандырылған көтергі қондырғыларының электрлік бөлімі және аппаратурасы әрбір 6 айдан кейін тексеру және жетілдіруге жатады. Шахтаның маркшейдерлік қызметі жылына бір реттен кем емес маршейдерлік жұмыстарды жүргізу бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкес шахтаның көтергі мен коперінің геометриялық байланысын толық тексеруді орындайды. Тексерудің нәтижелері бойынша акт жасалады, оны шахтаның техникалық басшысы бекітеді. Көтергі қондырғысын тексергеннен және жөндеуден</p>	өрескел

	<p>кейін шахтаның бас механигі және жөндеу ұйымының өкілі бақылау сынауын жүргізеді. Бақылау сынағын жүргізгендігі туралы хаттама толтырылады, оны шахтаның техникалық басшысы бекітеді.</p> <p>Тексеру мен жөндеуден 6 айдан кейін әрбір пайдаланымдағы және ұнғымалық көтергі қондырғысы шахтаның (шахта салу ұйымы) бас механигінің басшылығымен комиссия техникалық қарауды және сынауды жүргізеді. Жүргізілген қарау және сынау туралы акт жасалады</p>	
2074.	<p>Қолдану мерзімі өткен көтерме машиналарын әрбір 5 жыл сайын жоғары тұрған ұйымның бас механигі басшылығымен комиссия жөндеу ұйымы өкілінің қатысумен тексереді. Машинаны одан әрі пайдалану мүмкіндігі туралы шешімді жөндеу ревизиясы нәтижесі негізінде және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында жұмыс жүргізу құқығына аттасетаттаудан өткен ұйымның сараптамалық шешімі болған кезде комиссия қабылдайды</p>	өрескел
2075.	<p>Әрбір көтергі қондырғыда:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) шахтаның техникалық басшысы бекіткен көтергі қондырғының элементтерін тәулік сайын қарауларды жүргізуге қажетті уақыт көрсетілген көтергі жұмысы кестесі; 2) көтерме машинаның және редуктордың төлқұжаты; 3) негізгі мөлшерлер көрсетілген тежеу құрылғысының нақты схемасы; 4) орындау электрлік схемлар (принциптік және құрастыру); 5) бақыланатын мөлшерлерімен парашюттік құрылғылар схемасы (олар қолданатын жерлерде); 6) көтергі қондырғыларының машинисттеріне арналған нұсқау; 7) Көтергі қондырғыны қарау журналы, Аркандарды және 	өрескел

	олардың шығының қарау журналы , Ауысымдарды қабылдау және тапсыру журналы болуы қажет	
2076.	Әрбір көтергі қондырғы оқпаншыдан тұтқашыға және тұтқашыдан машинистке дабыл беру құрылғысымен, сондай-ақ оқпанды, көтергі ыдыстарын және және дің станогының элементтерін қарау және жөндеу кезінде қолданылатын жөндеу дабылымен жабдыкталады. Тереңдігі 500 метрден көп оқпандарда жөндеу сигнализациясы үшін сымсыз байланыс құралдары пайдаланылады. Адамдарды көтеруге және түсіруге арналған клеттер машина бөлімімен байланыс құралдарымен жабдыкталады	өрескел
2077.	Адамдардың және жүкпен адамдардың тік және көлбеу көтергі қондырғыларында (қазбаның көлбеу бұрышы 50 градустан артық), жұмыс және жөндеу дабылынан басқа жеке желімен немесе жұмыс дабылының кез келген бұзылуы кезінде, дабылдың жұмыс қабілеттігін қамтамасыз ететін канал арқылы жұмыс істейтін резервтегі дабылы болады. Бір оқпанда екі көтергі қондырғы болған кезде олардың әр қайсысы барлық деңгейжиектерден адамдарды түсіруді және көтеруді қамтамасыз етеді, қордағы дабылдың болмауына болады	өрескел
2078.	Аварияларды жою жоспарында көзделген авариялық жағдайларда адамдарды шахтадан скиптермен көтерген кезде, отырғызу алаңынан жоғарғы қабылдау алаңына және жоғарғы қабылдау алаңынан көтергі машинисіне дабыл беру мүмкіндігін қамтамасыз ету	өрескел
2079.	Егер көтергі қондырғы бірнеше деңгейжиектерге қызмет көрсететін болса, онда қай деңгейжиектен дабыл берілгенін көрсететін құрылғы, сондай-ақ	елеулі

	дабылдың бір мезгілде әртүрлі пункттерден түсуін болдырмайтын құрылғы болады	
2080.	Клеттен сигнализация берумен жабдықталған бір клетті адамдар көтергі қондырғыларында клеттен машинистке дабыл беруді тек қана арнайы оқытудан өткен және шахта бойынша бұйрықпен тағайындалған лифтші жүргізеді. Клеттен сигнализация берумен жабдықталған жүк-адамдық бір арқанды көтергі қондырғыларында қабылдау алаңшасын берілетін сигнализациясы, сондай-ақ дабылдарды бір мезгілде клеттен және қабылдау алаңшаларынан беруді болдырмайтын құрылғысы болады	елеулі
2081.	Көлбеу қазбалармен адамдарды тасымалдауға арналған вагоншалар локомотив машинистіне "тоқта" дабыл беруге арналған құрылғылармен жабдыкталады. Жолаушы вагондары бар адамдар көтергілерінде көлбеу бұрышы 50 градусқа дейінгі қазбаларда машинистке дабылды кен жұмысшы (кондуктор) поездан беру қарастырылған. Бұл сигнализацияны қазбаларды және рельс жолдарын қарау және жөндеу кезінде, сондай-ақ авариялық жағдайларда "тоқта" сигналын беруге пайдалануға болады. Егер адамдарды тасымалдау поезда үш вагоншадан артық құрамда болса, кен жұмысшысы (кондуктор) вагоншада отырған барлық жолаушыларға жететін дабыл беру көзделеді. Барлық қабылдау алаңшалары көтергі машинисімен телефон немесе өндірістік дауыс зорайтқыш байланыспен жабдыкталады	елеулі
2082.	Оқпанды ұнғылау және тереңдету кезінде пайдаланатын әрбір көтергі қондырғыда екеуден кем емес тәуелсіз дабыл құрылғылары болуы қажет, олардың біреуі	елеулі

	жұмыс, ал екіншісі – резервтегі және жөндеу сигнализация функциясын атқарады	
2083.	Көтергі машинаның машинисті мен тұтқашының, сондай-ақ тұтқашы мен оқпаншының арасында тікелей телефон байланысының болуы	елеулі
2084.	Адам және жүк-адам көтергілері клеттерінің жеке қос – жұмыс және сақтандыру аспасы болады	өрескел
2085.	Ілінген кезінде аспалы құрылғылардың беріктік қорлары (есептелген статистикалық жүктемеге қарағанда) – мыналардан: 13-еседен – адамдар көтергі қондырғыларының аспалы және тіркемелі құрылғылары, сондай-ақ ұңғылау қауғаларының тіркемелі құрылғылары мен тұтқасы үшін беріктік қорын қамтамасыз етеді	елеулі
2086.	Қауғаның тұтқасы, оның тесігі немесе ауыстырмалы төлкесі білік диаметріннен 5 пайызға артық тозған кезде, ауыстыруға немесе жөндеуге жатады. Тұтқаның және оны қауғамен жалғастыратын білігінің тесігі немесе ауыстырмалы төлкесінің жинақтық тозуы білік диаметрінің 10 пайыздан аспауы қажет. Қауғалардың тіркеме құрылғылары қауға қозғалыста болған уақытта ілгек ауызын сенімді жауып тұратын және оның өздігінен ағытылып кетуін болдырмайтын құралы болады. Барлық түрдегі аспалы және тіркемелі құрылғылардың зауыттық нөмірін және жасап шығарылған уақыты көрсетілген таңбалауы болады. Сақтандыру аспалары ретінде ұсталық дәнекерлеу немесе қолмен электрдәнекерлеу әдісімен жасалған шынжырларды қолдануға болмайды. Панцирленген тіркемелі құрылғылар көлбеу қазбалармен шетті арқанмен тасымалдау кезінде әрбір панцирлеу кезінде ең үлкен жүкті түсіру және көтеру	елеулі

	жолымен сыналады. Сынаудың нәтижелері көтергі қондырғыны қарау журналына жазылады	
2087.	Ұңғылама жабдығының аспалы құрылғылары және оқпандағы арқандардың барлық бекіту түйіндерін апта сайын кезекші слесарь, айына екі рет ұңғыма (учаске) механигі және айына бір рет – шахта салу ұйымының бас механигі қарап тексереді	өрескел
2088.	Адам және жүк-адам көтерме-тасымалдау қондырғыларының көтерме және тартқыш арқандары ретінде жүк-адам ВК және В маркалы, қалғандары - 1 маркадан төмен емес арқандар қолданылады	елеулі
2089.	Шахтаның көтерме қондырғыларының арқандарында ілу кезінде келесі шамаларға беріктік қорына қойылатын талаптар: 1) парашютпен жабдықталмаған, барабан типті машиналары бар адам тасымалдау және апаттық жөндеу қондырғыларының басты арқандары – 9,0; 2) оқпанда және үңгілеу арбасындағы адам және жүк тасымалдайтын қондырғылардың бас арқандары, жүкшілерді (грейферлерді) ілуге арналған арқандар - 7,5; 3) жүк қондырғыларының бас арқандары - 6,5; 4) жылжымалы апаттық қондырғылардың бас арқандары, қолданыстағы шахталардың оқпандарындағы арқанды сымдар, оқпандарды үңгілеу кезінде сөрелерді ілуге арналған арқандар, құтқару сатыларын, сорғыларды, сутөкпе құбырларын, үңгілеу агрегаттарын ілуге арналған арқандар – 6,0; 5) арқанды сымдары бар қондырғылардың соққылық арқандары, үңгілегіш көтергі қондырғылардың арқанды сымдары, үңгілеу қондырғыларын ілуге арналған арқандар, соның ішінде тереңдігі 900 м артық	елеулі

	<p>окпандарда, 2) және 4) тармақшаларда көрсетілгеннен басқа окпандардағы окпан үнгілегіш комбайндарды ілуге арналған арқандар, көтергі ыдысымен ауыр салмақты немесе олардың астындағы ірі көлемді жүктерді бір реттік түсіру кезіндегі жаңа көтергі арқандары – 5,0;</p> <p>6) динамикалық күшке қатысты торлардың парашюттік тежегіш және амортизациялық арқандары – 3,0;</p> <p>7) көтергі ыдысының астындағы ірі және ұзын жүктерді түсіру кезінде көп қолданылатын ілмектер, адам және жүк, адам тасымалдайтын қондырғылардың дабылдық тростары – 10,0</p>	
2090.	<p>Ұңғыма жабдықтарын ілу үшін қима сымдардан бір қабат етіп есілген арқандарды, сол сияқты көтерме қауға көтергіштері ретінде жабық арқандарды пайдалануға рұқсат етпеу</p>	елеулі
2091.	<p>Арқанды бағыттауыштары бар бір арқанды көтерме қондырғыларындағы көтерме сауыттардың екеуінде де диаметрі, құрылымдары және есілу бағыттары да бірдей бас арқандар ілінеді</p>	елеулі
2092.	<p>Шахтылардың қосалқы көлік жолдары арқандарының беріктік қоры ілінген кезде төмендегі мәндерден төмен болмауы керек:</p> <p>6 – жерасты жолаушыларының арқан жолдары, адамдар санына есептелетін дара рельсті және топырақ үстілік рельс жолдары, жолаушыларға арналған жерасты керілмелі ілмелі арқан жолдары үшін тарту арқандарына;</p> <p>5 – жүк бойынша есептеу кезінде монорельсті және жерүстілік рельсті жолдар, көлбеу қазбалардағы қосалқы шығырлар үшін тарту арқандарына;</p> <p>4 – сырмалар, өзгергіштік және қосалқы (жазық қазбалар бойынша) шығырлары үшін тарту арқандары</p>	елеулі

2093.	<p>Шахта арқандары өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органмен келісіле отырып ұйыммен әзірленген және бекітілген Нұсқаулыққа сәйкес сынақтан өткізіледі.</p> <p>Сынақтан өткен қордағы арқан, егер оның сақталу мерзімі 12 айдан аспаса ілінер алдында екінші рет сыналмауы мүмкін</p>	өрескел
2094.	<p>Сөрелерді ілуге арналған арқандардан басқа іліну алдында сыналған көтерме қондырғыларының арқандары келесідей мерзімде екінші рет сынақтан өтуі керек:</p> <p>1) адам және жүк-адам көтерме бас арқандары, сол сияқты ұңғылау ілмелі бесіктері үшін әрбір 6 ай сайын;</p> <p>2) жүктік, апаттық – жөндеу және жылжымалы көтерме қондырғылар, сондай-ақ құқару сатылары үшін бас арқандары ілінгеннен бастап 12 айдан кейін, ал содан соң әрбір 6 ай сайын;</p> <p>Қатты отырғызу құрылғыларымен жабдықталатын оқпандар ішінде орналасқан көтеру арқандары тіркеме қондырғылары тұсында 6 айдан кем болмайтын сиректікпен қайтадан қапталуға жатады</p>	өрескел
2095.	<p>Жерасты жолаушылық арқан жолдарының тартпа және керме арқандары, дара рельсті және топырақты жолдардың тартпа арқандары ілінер алдында сынақтан өтеді. 6 ай сайын қайталанып тек дара рельсті және топырақты жолдардың тартпа арқандары сынақтан өткізу керек</p>	елеулі
2096.	<p>Егер ұзу мен иілу сынақтарынан өте алмаған сымдар көлденең қималарының жиынтық ауданы барлық арқан сымдары көлденең қимасы жалпы ауданының 25 пайызды құраса, онда қайта сынақтан өту қорытындысы бойынша арқан орнынан алынып, басқамен ауыстырылуға тиісті</p>	елеулі
	<p>Иірімдері үзіліп-қопсыған немесе ішіне кіріп кеткен, түйінделген " қоңызданған" және басқада</p>	

2097.	<p>бүлінушіліктерге ұшыраған, сол сияқты нақтылы диаметрі 10 пайыз артығырақ шамаға кішірейген болат арқандарды асуға немесе қолдануға рұқсат етілмейді. Тіркес пайдаланылатын арқандарды қолдануға тек көлбеу бұрышы 30 градусқа дейінгі жазық және көлбеу қазбалардағы жүкті ұшсыз арқанмен тасымалдағанда, сол сияқты жерасты жолаушылық ілмелі арқанды дара рельсті және топырақты жолдарда ғана рұқсат етіледі. Оқпандарды ұңғымалау кезіндегі ілмелі жабдықтар үшін ұзындығы 1000 метрден асатын арқандар қолданылатын жағдайда, оларды сынақ өткізу мекемелері қорытындысы бойынша пайдалануға ұсынылған құрылғылармен жалғауға рұқсат беріледі. Арқандар жалғауға арналған құрылғыны жұмасына бір рет бақылап отыру керек. Қысқышты сына бекітпе қолданылған жағдайда жалғау сенімділігі гайкаларды тарту арқылы үш айда бір рет тексерілуге тиісті</p>	өрескел
2098.	<p>Шахта көтерме қондырғыларының арқандары шахты бойынша берілетін бұйрықпен арнайы бөлініп тағайындалған адамдардың келесідей мерзім ішіндегі бақылауларына жатады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тәулік сайын - тік және көлбеу көтерме қондырғылары сауыттары мен қарсы салмақ көтерме арқандары, үйкеліс шкивті көтерме қондырғыларының теңестіру арқандары, оқпан өткізу кезінде механикалық жүк тиегіштерді (грейферлерді) асу үшін пайдаланылатын арқандар; 2) жұма сайын көтерме механигі қатысуымен теңгерме арқандар, тежеуіш және бағыттауыш арқандар, сөрелерді, кабельдер мен ұңғыма жабдықтарын ілу үшін пайдаланылатын арқандар; 3) ай сайын шахты бас механигі немесе аға механигі қатысуымен - амортизациялық және уатпа 	елеулі

	арқандар; ұңғыма механигі немесе аға механик қатысуымен окпандарда тұрақты болатын арқандар	
2099.	<p>Шахта көтерме қондырғыларындағы есілген арқандарды пайдалануға тыйым салынады, егер қандайда бір учаскелерде сымдар үзілісі болған кезде, олардың бір адым есудегі саны арқандағы жалпы санның келесідей пайызын құраса:</p> <p>1) сауыттар мен қарсы салмақ бас арқандар үшін, сөрелер мен механикалық жүк тиегіштерді (грейферлерді) ілу үшін - 5 пайыз;</p> <p>2) көлбеу бұрышы 30 градусқа дейінгі көлбеу қазбалары арқылы аяққы жүк таситын арқандар, теңгерме, тежеуіш, амортизациялау, бағыттауыш, уатпа арқандары үшін - 10 пайыз.</p> <p>Арқандарды қарау және олардың шығыны журналында үзілген сымдар саны жалпы арқан сымдары санының 2 пайыздан асатын өте бүлінген учаскелері (адым) белгіленеді</p>	елеулі
2100.	<p>Жабық құрылмалы көтеру арқандарын пайдалануға тыйым салынады:</p> <p>1) сыртқы қабаттағы сымдар биіктігінің жартысынан аса тозғанда;</p> <p>2) сыртқы сымдардың үлгі профильді құлпы бүлінгенде (сымдардың тарамдануы);</p> <p>3) сымның құлыптан арқан бетіне шыққан кезінде, егер ол арқанға бітелуге немесе дәнекерленуге берілмесе;</p> <p>4) арқанның бүкіл жұмыстық ұзындығы бойында оларды есудің бес немесе он екі адымына тең, учаске ұзындығындағы сыртқы қабаты үлгі профилді дәнекерленгендерін қоса есептегенде 3 үзілген сым болған кезде.</p> <p>Сыртқы сымдарының құлпы бүлінбеген, толқын тәрізді учаскелері бар және сыртқы сымдарының құлпы (шарбыланған</p>	елеулі

	<p>) нақтылы бүлінгенге дейін беті тегіс сақталатын немесе айтылған учаскеде құлыптан бір сымы шығып тұратын арқандарды пайдалануға рұқсат етіледі</p>	
2101.	<p>Қосалқы көлік арқандары келесі мерзімдерде бақылануға жатады:</p> <p>1) тәулік сайын арнайы бөлінген адам-жолаушылық ілмелі арқаны мен дара рельсті жүк-адам және топырақты жолдар арқандарын, көлбеу қазбалардағы қосалқы шығырлар арқандары;</p> <p>2) апта сайын учаске механигі-жолаушылық ілмелі арқан жолдарының, шексіз тасымалар, дара рельсті және топырақты жолдар арқандарын, сырма, орамдылық және қосалқы шығырлар арқандары;</p> <p>3) жарты жылда бір рет ағамеханиктің қатысуымен-жолаушылық аспалы жолдар, дара рельсті және топырақты жолдар арқандары.</p> <p>Жазық және көлбеу қазбалардағы шығырлар мен жолдар арқандары қозғалыс жылдамдығы секундына 0,3 метрден аспайтын кезде бүкіл ұзындығы бойынша бақылануға тиісті.</p> <p>Істеп тұрған жылдамдығы секундына 0,3 метр болмайтын арқандарды, сол сияқты жылдамдығы реттелмейтін шығырлар арқандарын тоқтатылған кезінде оларды тексеру арқылы бақылау керек</p>	елеулі
2102.	<p>Қосалқы көліктің арқандарын пайдалануға рұқсат етілмейді, егер олардың қандай да болсын бір учаскесінде есілу адымы саны арқанның жалпы санының келесідей пайызын құрайтын сымдар үзілісі болғанда:</p> <p>1) 5 пайыз - жерасты жолаушылық ілмелі арқанды, дара рельсті және топырақты жолдардың арқандары үшін;</p> <p>2) 15 пайыз - көлбеу қазбалардағы жүк шығырлары арқандары үшін;</p> <p>3) 25 пайыз - көлбеу қазбалардағы ұшсыз тасыма арқандары,</p>	елеулі

	скреперлі, орамдылық және қосалқы (жазық қазбалар бойынша) шығырлар арқандары үшін	
2103.	Тік оқпандар мен көлбеу қазбалардағы адам және жұкадам көтермелерінде пайдаланылатын иірімді көтерме арқандарын, сол сияқты ілетін оқпандар жүргізу кезінде сөрелерді және оқпан ұңғыма комбайндарын ілу үшін қолданылатын арқандарды олардың бүкіл ұзындығы бойында болат сым қималарын тозуын анықтау мақсатында арнайы мекеме қызметкерлері аспаптық тексерістен өткізулері керек	елеулі
2104.	Шахталық арқандарды аспаптық бақылау жүргізу мерзімі (кезеңділігі): бірінші тексеріске дейін, қазбалардың еңістік бұрышы 90 градус кезінде: 1) басты мырышталған – 12 ай; 2) жабындысыз басты – 6 ай; 3) құтқару сатыларын және үңгілеу сөрелерін ілу үшін - 6 ай; 4) оқпан үңгілегіш комбайндарды (грейфер) ілу үшін; оқпандарды үңгілеу және тереңдету кезінде сөрелерді ілу үшін; тежегіш парашюттер үшін; сымды, талшықты; үңгілеу қондырғыларын (құбыр, кабель) ілу үшін - 12 ай	елеулі
2105.	Болат сымдар қимасын тозуы келесі пайыздарға жеткен кезде, арқандар ағытылып алынып, жаңалармен алмастырылуы керек: 1) 10 пайыз - парашюттердің тежеуіш арқандары үшін; 2) 15 пайыз – басы үш қырланып ширатылған және металл өзектері бар дөңгелек иірімді арқандар үшін; 3) 18 пайыз – бас дөңгелек иірімді органикалық өзекшесі бар арқандар үшін, бағыттаушы арқандар үшін, сондай-ақ сөрелерді және үңгілеу жабдығын ілу үшін; 4) 20 пайыз – бас дөңгелек иірімді органикалық өзектері бар	өрескел

	арқандар жүк көтергілерінде және уатпа арқандары үшін	
2106.	<p>Экстремальды жүктеме деп, мына жағдайларда:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) көтергі ыдысқа ауыр нәрселер құлаған кезде; 2) жоғары көтеріліп келе жатқан көтергі ыдыс сынап қалған кезде; 3) оқпанның арқауы зақымданған кезде; 4) парашюттің керексіз іске қосылуы кезінде; 5) ыдыстың жоғары жылдамдықпен қозғалу уақытында жұмыс тежегішін қауырт түсірген кезде; 6) жүйенің тепе-теңсіздігі кенет пайда болған кезде пайда болатын жүктемені есептейді. Нәтижелері Арқандарды бақылау және олардың шығындары журналына енгізіледі 	өрескел
2107.	Шахталарда қолданылатын электр құралдары, кабельдер мен электр жабдықтау жүйелері шахты қызметкерлерінің электр қауіпсіздігін, сондай-ақ жарылыс және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуі керек	өрескел
2108.	Шахталарды электрмен қамтамасыздандыру шахта үстінде бөлек трансформаторлар орнату арқылы жерасты электрқабылдағышты оқшауланған қуаттандыру сұлба бойынша жүзеге асады	өрескел
2109.	Шахтыларда токарба тасымалының түйіспе тораптардың өзгерткіш құрылғыларына ток беруге арналған трансформаторлары бар тораптардан басқа трансформаторларының жерлестірілген неітралі бар тораптарды қолдануға рұқсат етілмейді. мұндай трансформаторларға және оларға ток беретін тораптарға басқа тұтынушылар мен құрылғыларды қосуға рұқсат етілмейді	елеулі
	Электр тогымен зақымданудан адамдарды қорғау қорғаныш	

2110.	<p>жерлендіруді қолдану арқылы, ал жер асты электр қондырғыларында бүлінген торапты автоматты түрде ажыратумен токтың кемуінен қорғайтын аппараттарды пайдалану арқылы іске асырылуы керек. Жарылыстан қауіпсіз жасалынған кернеуі 1.2 килоВольт жоғары тораптар үшін токтың кемуінен қорғайтын аппараттардың шығарылуын өнеркәсіпте игергенге дейін уақытша жерге бір фазалық тұйықталудан қорғануды қолдануға болады. Кернеуі 380, 660 Вольт бүлінген торапты және түйіспе тораптарды ажыратудың жалпы уақыты 0,2 секунд, ал кернеуі 1200 Вольт болса - 0,12 секунд артық болмауға тиісті. Кернеуі 127 және 220 Вольт тораптар үшін, сондай-ақ зарядтау тораптары үшін токтың кемуінен қорғайтын аппараттардың іске қосылу өндіруші нұсқаунамасымен белгіленеді</p>	өрескел
2111.	<p>Жер бетінде тұрған және токтың кемуінен сақтайтын қорғанышпен жабдықталған жерасты электр тораптарына ток беретін трансформаторларда тесілме сақтандырғыштарды қойылмауға болады</p>	елеулі
2112.	<p>Кернеуі 1200 Вольттан жоғары электр қабылдағыштарды дистанциялық, телемеханикалық және автоматтық басқару, тек максимальді ток қорғанышы немесе жерге тұйықталудан қорғаныш әрекет еткеннен кейін іске қосылуды блокадейтын құрылғылары бар болса ғана рұқсат етіледі. Жер бетіндегі басты қосалқы станцияда (бұдан әрі - ЖБП) оперативтік қызметшілер жоқ болса, тау-кен диспетчерінің пультіне тұйықталудан қорғаныштың іске қосылу сигналы берілуі керек</p>	өрескел
	<p>Әр шахтада электр энергетикасы саласындағы талаптарға сәйкес құрылған жерасты электрмен</p>	

2113.	жабдықтау сызбалары. Мердігерлік ұйымдардың қарамағындағы жер асты электр қондырғыларының электрмен жабдықтау сызбалары шахтаның бас энергетигімен келісіледі және мердігер ұйымның басшысымен бекітіледі	елеулі
2114.	Газдан қауіпті шахталарда электр құралдарын құрастыру және жөндеу кезінде жұмыстарды жүргізетін жерлерде метанның мөлшерін бақылау талаптары. Кабельді сынау жұмыстарында ол орнатылған қазбаларда метанның мөлшерін бақылап отыру керек және ол 1 пайыздан аспайды	өрескел
2115.	Әр коммутациялық ақпарат, жинақты таратқыш құрылғысы (бұдан әрі - ЖТҚ), басқару станцияның күш беретін өткізгіші, іске қосылатын қондырғы немесе учаске, сондай-ақ максимальді ток қорғанышы іске қосылатын белгілеменің есептік шамасын көрсететін, анық жазумен белгіленуі керек	өрескел
	<p>Рұқсат етілмейді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Электр құралдарын және тораптарын арнаулы аспаптарсыз және құрал-саймандарсыз күтуге және жөндеуге; 2) кернеуі 1200 Вольттан жоғары электр қондырғыларында қорғаныш құралдарсыз (диэлектрикалық қолқаптарсыз, ботыларсыз немесе окшауламалаушы тұғырықсыз) жедел қызмет көрсетуге; 3) кернеуі 42 Вольт және төмен электр құралдарынан, сондай-ақ ұшқыннан қауіпсіз тізбекті электр құралдарынан және телефон байланысы аппаратурасынан басқа электр қондырғыларында диэлектрикалық қолқаптарсыз жедел қызмет көрсетуге және басқаруға; 4) кернеу астындағы электр қондырғыларын және кабелдерді жөндеуге, кернеу астындағы ұшқыннан қауіпті электр қондырғылары мен электр 	

2116.	<p>өлшеуіш аспаптарды қосуға және ажыратуға;</p> <p>5) жарылыстан қорғану құралдарында, тосқауылдарда, жерлестіруде, қорғаныш аппараттарда бүлініс болғанда, басқару желісі бұзылғанда және кабельдер бүлінгенде электр құралдарын пайдалануға;</p> <p>6) резервтегіден басқа пайдаланылмайтын электр тораптарын кернеу астында ұстауға;</p> <p>7) қауіпсіз электр құралдары қабықтарының қақпақтарын алдын-ала қабықтың ашылатын бөлігінен кернеуді алмай және метанның мөлшерін өлшемей ашуға;</p> <p>8) электр құралдарының зауыттық құрылмасы мен желісін; басқару, қорғау және бақылау аппаратурасының желілерін, сондай-ақ қорғаныш құрылғылардың градуировкасын жасаушы зауыттың келісімісіз өзгертуге;</p> <p>9) аппараттардан белгілерді, жазбаларды және пломбаларды құқығы жоқ адамдардың алып тастауына;</p> <p>10) шлангты қабығы жарылған және кабельдер сымдарының окшауламасы бүлінген электр торабын іске қосуға;</p> <p>11) патронсыз сақтандырғыштарды және калибрленбеген балқығыш ендірмелерді қолдануға;</p> <p>12) электр жабдығы сұлбаланған тұйық қазбаларға 10 метрден жақынырақ орнатылсын</p>	елеулі
2117.	<p>Газдан немесе шаңнан қауіпті шахтылардың жерасты қазбаларында, сол шахталардың шықпа ауа ағысы бар окпандарында және оларға жанасқан шахты үстіндегі ғимараттарда, сондай-ақ көмірдің, жыныстың және газдың кенеттен лақтырылысынан қауіпті шахтылардың таза ауа ағысы бар окпандарында және оларға</p>	елеулі

	жанасқан шахты үстіндегі ғимараттарында, егер шахты ауасы сол ғимараттардың ішіне кіруі мүмкін болса, жарылыстан қорғану дәрежесі (бұдан әрі - РВ) төмен емес электр құралдары және жарылыстан қорғану дәрежесі РВ төмен емес жеке пайдаланылатын аккумуляторлық шырақтар қолданылады	
2118.	Көмір мен газдың кенеттен лақтырылысынан қауіпті тақталарда үңгубет машиналар мен кешендердің электр жабдығының желілері осы машиналарды басқару пультінен электр қабылдағыштардың және лава кабельдерінің дистанциялық ажыратылуын қамтамасыз етеді. Электр құралдары да метанның мөлшерін бақылайтын тұрақты автоматтық аспаптармен ажыратылады	елеулі
2119.	Газдан қауіпті шахталардың ЖЖЖ-мен желденетін тұйық қазбаларында электр құралдарын қолданғанда қосымша іс-шаралардың болуы	елеулі
2120.	Көмір мен газдың оқыс лақтырындыларынан қауіпті жоғары категориялы шахталардың ЖЖЖ-мен желдетілетін тұйық қазбаларында жұмыс және электрмен жабдықтау екі секциялы шиналардың әр түрлі тығындамалары ТТҚ жеке жылжымалы учаскелік жерасты қосалқы станцияларымен (бұдан әрі- ЖУТП) іске асырылады. Резервті желдеткіші және ЖУТП жұмыс электрқұрылғыларының әрбірі ешқайсысына қосылмайды. Әр түрлі үңгубеттің жергілікті желдету ЖУТП біреуіне қосылуға рұқсат етілмейді	елеулі
2121.	ТТҚ қосылған жұмыс көзі, жеке ЖУТП механизм үңгібетін электржабдықтау электржетегімен жүзеге асырылады	елеулі
	РП жарылыстан қорғану дәрежедегі аккумуляторлық токарбаларды:	

2122.	<p>1) газ бойынша I және II санатты немесе шаңнан қауіпті шахтылардың тасымалдау қазбаларында, сондай-ақ газ бойынша III санатты, жоғары санатты шахталардың таза ағысы бар тасымалдау қазбаларында және оқыс лақтырыс қауіпсіз тақталардың, лақтырыс қауіпті шахтылардың осындай қазбаларында;</p> <p>2) көмір мен газдың кенеттен лақтырылысынан қауіпті және газдың кенеттен бөлінісі болатын шахтылардың таза ауа ағысы бар қазбаларында, олар тазалау үнгубетіне 50 метрге дейін жақындаған жағдайда қолдануға рұқсат етіледі.</p> <p>Аталған шахталарда қорғаныс деңгейі РП токарбалардың тұйық қазбаларға жүріп кіруіне рұқсат етілмейді</p>	өрескел
2123.	<p>Газдан немесе шаңнан қауіпті шахтылардың жерасты қазбаларында РП жарылыстан қорғану дәрежедегі мезгіл-мезгіл қолданылатын тасымалды электр аспаптарын, сондай-ақ кеніштік нормальді I (әрі қарай – РН I) дәрежеде орындалған нормалы ұшқын шығаратын бөлшектері жоқ немесе жалпы арнаулы аспаптарды, егер олар кеніштік түрде орындалып шығарылмайтын болса, пайдалануға болады</p>	елеулі
2124.	<p>Газ бойынша I және II санатты немесе шаңнан қауіпті шахтылардың таза ауа ағысы бар тасымалдау қазбаларында РП жарылыстан қорғау дәрежедегі электр құралдарына рұқсат етіледі</p>	елеулі
2125.	<p>Газдан немесе шаңнан қауіпті, оның ішінде кенеттен лақтырылыстан қауіпті шахтылардың бөлек желденетін зарядтау камераларында РП төмен емес жарылыстан қорғану дәрежедегі электр құралдары қолданылуы керек</p>	елеулі
	<p>Газдан немесе шаңнан қауіпті шахтылардың оқпандарында, таза</p>	

2126.	<p>ауа ағысымен желдетілетін оқпаніргелік қазбаларда және жалпы шахтылық депрессия арқылы таза ауа ағысымен желдетілетін тұрақты қондырғылардың камераларында, таза ауаның ағысын өткізетін осы және оларға жанасқан қазбаларда газдың кенеттен бөлінісі бар немесе шахты кенеттен лақтырылысынан қауіптілерге жататын жағдайларды қоспағанда, кеніштік нормалы жасалынған электр құралдарын қолдануға рұқсат етіледі</p>	елеулі
2127.	<p>Газ немесе шаң бойынша қауіпті шахталарда жарылыстан қорғалмаған электр жабдығын қолданудың мынадай тәртібі тағайындалады:</p> <p>1) кеніштік қалыпты жағдайда орындалған және жалпы мақсаттарға арналған электр жабдығын қолдануға әрбір жекелеген жағдайда шахтаның техникалық басшысының рұқсатымен өнеркәсіп қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығы бар аттестацияланған ұйымдарының сараптама шешімі болған жағдайда рұқсат етіледі.</p> <p>2) кеніштік қалыпта орындалған электр жабдығын және жалпы мақсаттағы жабдықты құрастыру—орнату және қолдану шахтаның техникалық басшысы бекіткен төлқұжатқа сәйкес іске асырылады.</p> <p>3) электр жабдығын орнатқан жерлерде әр ауыспа сайын метан мөлшері өлшенеді, газ бойынша III санатты және санаттан жоғары шахталарда, метанды бақылаудың стационарлы автоматты аспаптары орнатылады.</p> <p>4) электр жабдығы метан мөлшері 0,5 пайыздан жоғары болғанда ағытылады. Электр жабдығын іске қосу желдетудің қалыпты режімі орнына келгеннен және электр жабдығы орнатылған жердегі метан мөлшерін және барлық жалғасқан қазбаларда 20 метрден кем емес қашықтықта</p>	елеулі

	<p>өлшенгеннен кейін іске қосуға рұқсат етіледі</p> <p>5) электр жабдығы қойылған жерде қолдану бойынша қысқа нұсқау, сондай-ақ электрмен жабдықтаудың желдету схемалары түсірілген схемалар ілінеді</p>	
2128.	<p>Газдан немес шаңнан қауіпсіз шахтылардың барлық қазбаларында кеніштік түрде жасалынған электр құралдары қолданылады. Мұндай шахталардың барлық қазбаларында жалпы пайдаланымдағы өлшеуіш аспаптарды қолдануға рұқсат етіледі. Шахтының бас инженерінің рұқсатымен жалпы арнаулы электр құралдарын уақытша қолдануға болады. Жалпы арнаулы шырақтарды, сондай-ақ үңгубеті жарықтандыратын арматурасыз шамдарды тек 24 Вольт жоғары емес кернеуде ғана қолдануға болады</p>	елеулі
2129.	<p>Күрделі және негізгі тік және көлбеу бұрышпен жүргізілген 45 градустан жоғары қазбалармен және шегенделген ұңғымалармен тұрақты етіп салу үшін жер асты қазбаларында электр энергиясын беру немесе бөлу жануын таратпайтын шахта кабельдеріне қойылатын талаптар – поливинилхлорид, резеңке не аз сіңдірілген қағаз оқшауламасымен қорғасын немесе поливинилхлорид қабықта сым сауыты бар сауытталған кабельдер</p>	елеулі
2130.	<p>Күштік кабельдердің қосымша талсымдарын басқару, байланыс, сигнал беру және жергілікті жарық тізбектері үшін пайдалануға болады. Ұшқыннан қауіпсіз тізбектер үшін күш беретін кабельдің көмекші талсымдарын пайдалану тек экранданған кабельдерде рұқсат ету. Ұшқыннан қауіпсіз емес және қауіпсіз тізбектер үшін бір кабельдің көмекші талсымдарын</p>	елеулі

	егер осы талсымдар экрандармен бөлінбеген болса пайдалануға рұқсат етілмейді	
2131.	Шахталардың жерасты қазбалары мен оқпандарында, сондай-ақ шахтылардың жер бетіндегі жарылыс қауіпті бөлмелерінде алюминий талсымдары бар немесе алюминий қабықта барлығына арналған кабельдерді (күш беретін , бақылау) қолдануға рұқсат етпеу	елеулі
2132.	Таза ауа ағысын жіберетін және шахтылық жүк вагонеткалары бар рельс көлігімен құралдандырылған көлбеу оқпандарда, бремсбергтерде және еңістерде сол көлікті тек құралдар мен материалдарды жеткізуге және жөндеу жұмыстарын жүргізуге пайдаланудан басқа жағдайларда, күш беретін кабельдерді салуға рұқсат етпеу	елеулі
2133.	Иілгіш кабельдердің әрбір 100 метріне 4-тен артық емес вулканизациямен жалғанымы болуына рұқсат ету	елеулі
2134.	Күштік тізбекте сауытталған кабельді иілгішпен жалғау қыспақ аппараты (іске қосқыштың, автоматтың) арқылы жүргізіледі. Шиналық қораптардың немесе зауытта жасалған қосылыс муфттарының көмегімен қосуға рұқсат етіледі	елеулі
2135.	Қабылдағыштар жүктемесінің жалпы тоғын өткізетін кернеуі 1200 Вольтқа дейін ток беретін кабель желілері үшін, әдеттегідей, қимасы біркелкі кабельдерге қойылатын талаптар. Осындай желілер үшін желінің барлық учаскелері токтың қысқа тұйықталуынан қорғалуын қамтамасыз еткен жағдайда, желілердің талсым қимасы әртүрлі кабельдерді қолдануға болады. Магистральды ток беретін желінің тармақтарында кабель тарамдарының қимасы кішірейген жерлерінде, тармақтың қысқа тұйықталу токтарынан қорғайтын аппарат орнатылуға тиісті. Ток беретін желіден ұзындығы 20	елеулі

	<p>метрге дейін тармақтар болуы мүмкін, егер қысқа тұйықталу токтарынан қорғану магистральды желінің аппаратымен қамтамасыз етілетін болса</p>	
2136.	<p>Кабельдер кабель құрылғыларымен жүргізу және көлік құралдары бүлдірмейтін биіктікте жүргізу талаптары, бұл ретте кабельді құрылымнан жұлып әкету мүмкіндігі болмайды . Жекелеген кабельдерді жүргізгенде оларды қапсырмаларда ілуге, ағаш қазықшаларда, брезент таспаларда , бекітпенің металл еметтерінде ілуге болады. Кабельді ілу нүктелерінің арасы – 3 метрден артық емес, кабельдердің арасы – 5 сантиметрден кем емес</p>	елеулі
2137.	<p>Қазбалардың жекелеген бөліктерінде кабельді табанда жатқызу қажеттілігі болғанда, кабель механикалық зақымданулардан жанбайтын материалдардан жасалған қоршаулардың болуы. Кабельді далдалар, желдету және өртке қарсы есіктер арқылы өткізу, электр машиналары камераларына және қосалқы станцияларға еңгізу және олардың шығарымдары құбырлардың (металл және бетон) көмегімен іске асырылады. Кабельдері бар құбырлардың тесіктері сазбен нығыздалады. Бір құбырда екі және одан артық кабельдерді өткізуге рұқсат етілмейді</p>	өрескел
2138.	<p>Лаваларда салынатын кабельдерді кешеннің құрамына кіретін құрылғылардан болатын механикалық бүлінулерден қорғаныстың болуы.</p> <p>Жылжымалы машиналарға ток беретін иілгіш кабельдің машинаға жақын 30 метрден аспайтын бөлігін жерге салуға болады. Кабель жинағыш немесе сол сықылды құрылғысы бар машиналар үшін иілгіш кабельді қазбаның табанына төсеуге рұқсат етіледі. Қуаты 1,5 метрге дейін</p>	елеулі

	тақталарда істейтін комбайндар мен үңгілеу машиналарында, егер олардың құрылымында кабель төсеуші қарастырылмаса, иілгіш кабельді тазалау қазбасының табанына төсеуге болады	
2139.	Газдан қауіпті шахталарда кабельдер, метанның қабатты жинақтарының пайда болуы екі талай биіктікте орнату талаптары. Байланыс және сигнал беру кабельдерін, сондай-ақ қазбаларда жекеленбеген сымдарды, күш беретін кабельдерден 0,2 метрден кем емес аралықта жүргізу керек. Жекеленбеген сымдар оқшаулағыштарға орнатылуға тиісті. Күш беретін кабельдер әр түрлі металл құбырларынан 0,5 метрден кем емес аралықта салынуы керек. Электр кабельдері мен желдеткіш құбырларды қазбаның бір жағында бірге орнатуға рұқсат етілмейді	елеулі
2140.	Электр машиналары мен аппараттарды қоректендіру үшін мынадай кернеу қолданылады: 1) электр энергиясының тұрақты қабылдағыштарында, жылжымалы қосалқы станциялар мен трансформаторларда, сондай-ақ окпандарды жүргізуде – 10000 Вольттан жоғары емес; 2) жылжымалы электр қабылдағыштары үшін 1200 Вольттен артық емес. Жекелеген жағдайларда өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аймақтық бөлімшесімен келісе отырып 3300, 6000 немесе 10000 Вольт кернеуді қолдануға жол беріледі; 3) Қол машиналары мен құрал-саймандарында – 220 Вольттан жоғары емес; 4) Дистанциялық басқару және сигнал беретін ЖТҚ тізбектерінде – 60 Вольттан жоғары емес, егер осы тізбектің бір де сымы жерлестіруге қосылмаса; 5) Тұрақты және жылжымалы машиналар мен механизмдерді дистанциялық басқару	өрескел

	тізбектерінде – 42 Вольттан жоғары емес.	
2141.	Шахтаның жерасты торабында қысқа тұйықталудың қуаты шахтыда орнатылған электр құралдарының нақтылы сипаттамасына және кабельдердің қимасына сәйкес шамамен шектелуі керек, бірақ 100 мегаВольтxАмперден аспауға тиісті. Жалпы арналған ЖТҚ ажыратқыштарының ағыту қуаты, оларды шахтыларда орнатқанда тораптың қысқа тұйықталуының қуатынан екі есе жоғары болуы қажет	елеулі
2142.	Электр құралдарына кабельдердің кіріс жалғанысының беріктігіне қойылатын талаптар. Кабельдердің пайдаланылмаған кіріс жалғанысы электр құралдарының жарылыстан қорғану дәрежесіне сәйкес бұқтырмалары болуға тиісті	өрескел
2143.	Электр құралдарының қысқыштарына кабельдердің талсымдар қосу ұштықтар, арнайы шайбалар немесе оларға тең кабель талсымдарын қысқыштан тыс қалуын болдырмайтын басқа тетіктер арқылы орындалуы керек. Кабельдердің бірнеше тарамдарын бір қысқышқа жалғауға рұқсат етілмейді, егер бұл қысқыш құрылымында қарастырылмаған болса	өрескел
2144.	Жерасты қазбаларында майы немесе басқа жанғыш сұйығы бар коммутациялық және іске қосу аппараттары мен күш беретін трансформаторларды қолдануға рұқсат етпеу. Бұл талап бекітпесінің жоғары дәрежелі отқа төзімділігі бар камераларда орнатылған ЖТҚ-на қатысты болмайды. Қатарлас қазбалардың арасында май құйылған ЖТҚ үшін камераларды жасауға рұқсат етілмейді	елеулі
	Май құйылған электр құралдары орнатылған барлық камераларда өртке қарсы торлы және тұтас есіктердің болуы. Басқа	

2145.	<p>камераларда – бекіту тиегі бар торлы есіктер. Тұрақты қызмет етушілері жоқ камералардың есіктері жабық болу керек. Камераға кіре берісте жазу ілінуі керек "Бөтен адамдарға кіруге рұқсат жоқ", ал камера ішінде көрінетін жерде тиісті сақтық белгілері қойылуға тиісті.</p> <p>Май құйылған электр құралдары орнатылған камераларда биіктігі 100 миллиметрден кем емес табалдырық салынуы керек. Ұзындығы 10 метрден артық қосалқы станциялар мен электр машиналарының камераларында бірінен-бірі барынша аулақтанған бөліктерінде орнатылған екі шығыс есігі болуға тиісті</p>	елеулі
2146.	<p>Камераларда машиналар мен аппараттардың аралығында оларда жөндегенде немесе ауыстырғанда тасымалдау үшін жеткілікті, алайда 0,8 метрден кем емес, өтетін жолдың болуы.</p> <p>Камералардың қабырға жағында ені 0,5 метрден кем емес монтаж үшін өтетін жер болуы қажет. Аппараттың жоғарғы бөлігінен төбеге дейінгі аралық 0,5 метрден кем болмауы қажет. Электр құралдарынан жылжымалы құрамға немесе конвейерге дейінгі аралық 0,8 метрден кем болмауы керек, қазбаның қабырғаларына және төбеге дейінгі саңлау 0,5 метрден кем болмауы қажет.</p> <p>Бөгеулермен және ұстағыштармен жабдықталған оймалар мен бұрылмалардан басқа рельстік еністерде қосалқы станцияларды орнатуға рұқсат етілмейді. Бұл жағдайда электр құралдары мен төбенің аралығындағы саңлау қызмет көрсету үшін жеткілікті, алайда 0,5 метрден кем емес, ал конвейердің жиегі мен сөренің аралығы 0,4 метрден кем болмауы керек. Төбеде бұл жерлерде метанның жергілікті (қабаттық) жинақтарының пайда болуына мүмкіндік туғызатын қуыстар және басқа факторлар болмауы керек</p>	елеулі

2147.	<p>Кернеуі 1200 Вольттан жоғары жерасты тораптарында желілерді, трансформаторларды (жылжымалы қосалқы станциялардың) және электр қозғалтқыштарының қысқа тұйықталу токтарынан және токтың жерге кетуінен (тұйықталуынан) қорғау жүргізіледі.</p> <p>Салынып жатқан және жаңғыртылатын шахтыларда жерге тұйықталудан қорғану қондырғысы (бұдан әрі - ОЖП) ток беретін желілерде де болуы керек. ОЖП-сы мен ТЖП-ден шығатын желілерде қысқа тұйықталу токтарынан және токтың жерге кетуінен (тұйықталуынан) қорғаныш жедел әрекетті (уақыт үзіліссіз) болуы керек. ОЖП-ға ток беретін желілерде әрекет ету аймағы және ОЖП құрама шиналарының, шекті-тәуелді уақыт мерзімімен және шапшаң әрекетті бөлісі бар, сондай-ақ 0,7 секундқа дейін жерге тұйықталудан қорғанышы бар шекті ток қорғанысын қолдануға жол беріледі. ОЖП, АЖП және ПУЖП қоректендіретін желілер 10 секундқа дейінгі уақытымен нөлдік және минималды қорғаныспен жабдықталады</p>	елеулі
2148.	<p>Электр қозғалтқыштары үшін де токтың артық жүктемесінен қорғанудың және нөлдік қорғаныштың болуы. Барлық жағдайларда торапты қорғанышпен ажыратуға бір рет әрекетті автоматтық қайта қосылуды (максималды токты қорғаудан басқа, бұдан әрі МТЗ) (бұдан әрі - АҚҚ) қолдануға болады, сондай-ақ жерге қатысты оқшаулауы бүлінгенде және қысқа тұйықталғанда желі мен электр қондырғыларына кернеу берілуіне қарсы тосқауылы (блокировкасы) бар резервтік автоматтық қосылу (бұдан әрі - РАҚ) құрылғысын қолдануға болады. Ажыратқыш аппараттарды, релелік қорғаныш</p>	елеулі

	<p>құрылғыларды, АҚҚ және РАҚ таңдап алу, сондай-ақ осы құрылғылардың іске қосылу көрсеткіштерін есептеу және тексеру</p>	
<p>2149.</p>	<p>Кернеу 1200 Вольтке дейін болғанда қорғанысты іске асыру:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) трансформаторларда және олардан шыққан әр қосындыда токтың қысқа тұйықталуынан - максимальды ток қорғанышы бар автоматтық ажыратқыштармен - шапшаң және селекциялық, 0,2 секундқа дейін уақыт ішінде; 2) электр қозғалтқыштарды және қоректендіретін кабельдерді; 3) аппаратқа қондырылған төмендеткіш трансформатордың екінші орамынан шыққан ұшқыннан қауіпті тізбектерде қысқа тұйықталу токтарынан; 4) электр торабында токтың кему қауіптілігінен - бір немесе қатарласа жұмыс істейтін трансформаторлар тобына жалғанған электрлі байланысқан бүкіл торапқа токтың кемуінен бір аппарат арқылы қорғанышы бар кешенде автоматтық ажыратқыштармен немесе бір ажыратқыш аппаратпен, токтың кемуінен қорғау аппараты іске қосылғанда трансформаторды жалпы тораптық автоматты ажыратқышқа қосатын ұзындығы 10 метрден артық емес кабельдің бөлігінен басқа көрсетілген трансформаторға жалғанған бүкіл торап ажыратылуы керек. Бір немесе қатарласа жұмыс істейтін трансформаторлар тобына жалғанған кабельдердің жалпы ұзындығы бір фазаға фазаға 1 микрофарада артық емес шамада жерге қатысты сыйымдылықпен шектелінуге тиісті 	<p>елеулі</p>
	<p>Жер бетінен ұнғымалар арқылы жерасты электр қабылдағыштарға ток беруде ұнғыма астына одан 10 метрден артық емес қашықтықта токтың кемуінен қорғайтын аппараты бар автоматты ажыратқышты орнатуға болады.</p>	

2150.	<p>Кернеуі 42 Вольттан артық емес тізбектерде, ЖТҚ дистанциялық басқару және блокадалау тізбектерінде, сондай-ақ ішіне қондырылған жарық беретін трансформаторлардан ток алатын жылжымалы қосалқы станциялардың жергілікті жарығының тізбектерінде, егер сол трансформаторлар қосалқы станция қорабына металлмен берік немесе иілгіш болып сырттай қосылса, жарық тізбегінде сөндіргіш болып, шырақтарда "Тораптан ажыратып, ашу керек" деген жазуы бар жағдайда, токтың кемуінен қорғануды қолданбауға да болады. Токтың кемуінен қорғану талабы ұшқыннан қауіпсіз жүйелерге қатысты болмайды. Қорғаныш ажыратудың барлық жағдайларында желіге немесе электр қондырғыларына олар іске кіргеннен кейін кернеу беруге қарсы тосқауылдары бар ЖТҚ-да (МТЗ басқа) максимальды ток қорғанышы және токтың жерге кетуінен (тұйықталуынан) қорғаныш бар болған жағдайда бір реттік АҚҚ-ды қолдануға болады</p>	елеулі
2151.	<p>Автоматтық ажыратқыштардың, магниттік жүргізгіштердің және басқару станцияларының максимальды ток релесінің іске қосылу ток белгілемесінің шамасын, сондай-ақ сақтандырғыштардың ерігіш ендімесінің номинальды тоғы кернеуін таңдау. Патронсыз сақтандырғыштарды және калибрленбеген ерігіш ендірмелерді қолдануға рұқсат етілмейді</p>	елеулі
	<p>Учаскені электрмен жабдықтауға қойылатын талаптар. ол жылжымалы трансформатор қосалқы станцияларынан, ЖТҚ-ның көмегімен тарату тармағына қосылумен іске асырылады. Бір тазартпа немесе даярлау үңгубетін және олармен технологиялық байланыстырылған бір-біріне</p>	

2152.	<p>жақын (50 метрге дейін) орналасқан құрылғыларды электр энергиясымен жабдықтайтын бірнеше жылжымалы қосалқы станцияларды ЖТҚ-дан 6 килоВольт бір-бір кабелден шығаруға болады. Осының өзінде сызба бойынша барлық қосалқы станцияларды дистанциялы бір уақытта өшіруге болатыны қарастырылған. Бір ЖТҚ-ға бірнеше жылжымалы қосалқы станцияларды немесе трансформаторларды, электр энергиясымен технологиялы байланысқан учаске машиналарын қоректендіруге болады. Қосалқы станцияларды орналастырған жерлер метанның шоғырлануы жіберілімді мөлшерден асканда қоректендіруші тармақты ағытатын аппаратурамен жабдықталған</p>	өрескел
2153.	<p>III және одан жоғары санатты шахталардың ауаның шықпа ағысы бар қазбаларында орнатылатын жылжымалы қосалқы станциялардың және трансформаторлардың торабына қосу үшін жерге қатысты тораптың оқшауламасын алдын ала бақылайтын аппараттары (бұдан әрі - КБР) және ұшқыннан қауіпсіз тізбектермен дистанциялық басқаруы бар ЖТҚ-да телемеханикалық басқаруды қолдану. Учаскенің ТЖП-ін және ауа шықпа ағысы бар қазбаларда орналасқан басқа электр құралдарын іске қосу үшін қорғаныш ажыратуды және жерлестіру тізбегі кедергісінің қауіпсіз мөлшерін автоматтық бақылауды қамтамасыз ететін КБР-і бар коммутациялық аппараттар қолданылуы керек</p>	елеулі
2154.	<p>Барлық үңгубеттік машиналар торапқа дистанциялы басқарылатын магниттік жүргізгіштердің немесе арнайы магниттік станциялардың (басқару станциялары) көмегімен қосылады . Жеке электр қозғалтқыштарын басқару үшін магниттік</p>	өрескел

	станциялар немесе қол ажыратқыштар орнатылған машиналар да торапқа дистанциялық басқарылатын жүргізгіштердің көмегімен қосылады	
2155.	Лақтырыстан қауіпті тақталарда немесе қатерлі тақталардың лақтырыстан қауіпті аймақтарында қолданылатын, лаваларында көмір қазу, дайындау қазбаларын жүргізу, жүк түсіретін ойықтарды (тесіктерді) кесу және көмір арқылы диаметрі 80 миллиметрден артық ұңғымаларды бұрғылау қауіпсіз қашықтықтан дистанциялық басқарылу қабілеттілігінің болуы	елеулі
2156.	Газдан немесе шаңнан қауіпті шахтыларда үңгубеттік машиналарға кернеу беру үшін ұшқыннан қауіпсіз басқару сұлбалары бар іске қосқыштар (магнитті станцияларда) қолданылады	елеулі
2157.	Үңгубеттік машиналарды және механизмдерді басқару сұлбасы қамтамасыз етеді: 1) нөлдік қорғанысты; 2) аппараттардың өздігінен іске қосылуынан сақтауды; 3) басқарудың сыртқы тізбектерін де тұйықталу болғанда; 4) басқарудың сыртқы тізбектерінің ұшқын қауіпсіздігі. Магниттік қосқыштарды басқару үшін бір батырмалы бекеттерді, оларды тек ажырату үшін қолданудан басқа жағдайларда, қолдануға рұқсат етілмейді	елеулі
2158.	Бір мезгілде екі не одан көп басқару пульттарынан машиналарды жүргізетін немесе оларға кернеу беретін сұлбаларды қолдануға рұқсат етпеу. Бұл талап ЖЖЖ-ді басқару басқару сұлбаларына жүрмейді	елеулі
2159.	Машиналарда жөндеу және қосалқы жұмыстарды жүргізу алдында кернеуді алуға және машиналардың кенеттен жүріп кетуін болдырмайтын шаралардың	елеулі

	қолданылуына қойылатын талаптар	
2160.	Комбайнды басқару пультінен және лаваларда орнатылған арнайы пульттерден конвейерді лаваларда тоқтату мүмкіншілігінің болуы	өрескел
2161.	Машиналарда гидромұфталарды пайдалану тек температуралық релемен немесе арнайы калибрленген ерігіш сақтық тығындармен орындалатын түзу қорғаныш болса ғана қолданылады. Температуралық реле пломбаланады. Гидромұфталарға жанбайтын сұйықтар құйылады	өрескел
2162.	Әрбір шахта байланыс пен сигнал берудің мына түрлерімен: 1) телефонды байланыс жүйесімен ; 2) жалпы шахталық авариялық хабарландырудың жергілікті жүйесімен; 3) технологиялық учаскелердегі (көтергідегі, көліктегі, тазалау кежарларында) жедел және ескерту сигнал берудің жергілікті жүйелерімен жабдықталады. Байланыс пен сигнал берудің аталған түрлері, әдетте құрылымды түрде бірге жүргізіледі. Шахталардағы жерасты телефон тізбектері екі сымды. Жерді сымдардың біреуі ретінде пайдалануға рұқсат етілмейді	елеулі
2163.	Телефон аппараттары төлқұжатқа сәйкес орнатылады, мұнда барлық пайдалану учаскелерінде, тасымалдау жүктері және тасымалдаудың негізгі жерлерінде , көліктік құралдарға адамдарды отырғызудың барлық пункттерінде, барлық электрмашиналы камераларда, ОЖ, кернеуі 1200 Вольттан жоғары қуатымен тарту пункттерінде, оқпандарда, ЖЗ қоймаларында, денсаулық пункттерінде, дайындау деңгейжиектерінің қазбаларында, АЖЖ қарастырылған орындар	елеулі

	мен дайындау учаскелерінің қазбаларында	
2164.	<p>Тау-кен қазбаларындағы авариялық жоғары дауысты хабарлаудың жалпы шахталық жүйесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жер астындағы адамдарға авария туралы хабарлауды қамтамасыз етеді; 2) шахтадан берілген авария туралы хабарды жер бетінде қабылдауды қамтамасыз етеді; 3) аварияны жоюмен байланысты нұсқауларды магнитофонға автоматты түрде жазумен беру және сөйлесулер жүргізуді қамтамасыз етеді 	елеулі
2165.	<p>Авариялық байланыс пен хабарлаудың аппаратурасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) АЖЖ сәйкес және шахтының техникалық басшысының нұсқауы бойынша абоненттерде - шахтада орнатылады; 2) шахтының техникалық басшысының және диспечерде – жер бетінде орнатылады 	елеулі
2166.	<p>Жалпы шахталық телефон жүйесінің барлық телефон аппараттарында жеңіл есте сақтайтын арнайы нөмірді теру жолымен авария туралы хабар беру мүмкіндігі қарастырылған. Аварияны хабарлау мен байланыстың арнайы аппаратурасынан басқа авария туралы хабарды беру үшін, жергілікті технологиялық байланыстың құралдары пайдаланылады. Жайпақ және көлбеу қабаттардағы тазалалу кенжарлары, комбайн машинистының пульты мен ұзынкенжарда қойылған қатты сөйлейтін байланыспен жабдықталады. Қоректендіру желісімен байланыс құрылғысы 3 сағаттан кем емес уақытқа жұмысты қамтамасыз ететін резервті автономды көзбен жабдықталады</p>	елеулі
	Электротехникалық құрылғылардың металл бөліктері, қалыпты жағдайда кернеусіз	

2167.	<p>тұратын, бірақ оқшаулау қабыршығы зақымдалған жағдайда кернеулі болатын құбырлар, сондай-ақ электрлік құрылғылар мен сымдары бар қазбаларда орналасқан сигнал беру арқаншалары жерге қосуға жатады. Газ немесе шаң бойынша қауіпті шахталарда статикалық электрдің жинақталуынан қорғану үшін жекелеген металл ауақұбырлары және пневматикалық желдеткіштер жерге қосылады</p>	елеулі
2168.	<p>Шахталардың жер асты қазбаларында жергеқосудың ортақ тізбек жүйесін жасау талаптары, оған жерге қосылуға тиісті барлық нысандар қосылады</p>	елеулі
2169.	<p>Басты жергеқосқыштарды шахтадағы зумпфтарда немесе су қоймаларда орналастыру талаптары. Шахтаның электр жабдықтау скважиналармен жүргізілген кабельдердің көмегі орындалса, басты жергеқосқыштарды жербетінде немесе шахтаның сужығыларында орналастыруға болады. Бұл жағдайда бас жергеқосқыштардың сапасында ұңғымаларға іштей отырғызылған құбырлар, скважиналардың бекітпе құбырлары пайдаланылады. Барлық жағдайларда, олардың біреуінің тазалау немесе жөндеу кезінде бір-бірін резервуарлайтын әртүрлі орындарда орналасқан екіден кем емес басты жерге қосулар орналастырылады. Блоктарды жекелеп электрмен жабдықтағанда және басты сутөкпе болмағанда басты жергеқосқыштар сумен толтырылған арнайы құдықтар мен зумфтарда орналасады</p>	елеулі
2170.	<p>Жергілікті жергеқосулар үшін, қуақаздағы су әкету арықтарында немесе бұл үшін жарамды жерлерде жасанды жерге қосуларды орнату. Жергілікті жергеқосулар үшін рамалы металл бекітпені пайдалануға болады</p>	елеулі

2171.	<p>Метал корпусы бар әрбір кабель муфта, жылжымалы машиналарды коректендіретін иілгіш кабельдердегі қуатты қосудан басқа жергілікті жерге қосу болады, және шахтының жалпы жерге қосу желісімен қосылады.</p> <p>Тұрақты жарықтандыру желілері үшін жергілікті жерге қосуды әрбір муфта немесе шам үшін емес, кабель желісінің әрбір 100 метрден кейін орналастыруға болады.</p> <p>Телефон байланысының аппаратурасы мен кабельдік муфталары үшін желі кабельдерінің бронсыз бөлігінде жергілікті жерге қосуды жалпы жерге қосу тармағына жалғамай-ақ орындауға болады</p>	елеулі
2172.	<p>Жылжымалы машиналардың корпустарын, кенжар науаларының, кенжар кеңістігінде орнатылған аппараттардың және иілгіш сымдармен желілерге қосылған шамдардың, сондай-ақ рельстермен қозғалатын (жылжымалы подстанциялардан басқа) платформаларда орнатылған электр жабдықтары сымдардың қоректенетін жерге қосу тармақтарының көмегімен оларды жалпы жерге қосу желісімен қосу арқылы іске асырылады. Жылжымалы машиналар және кенжар науалары үшін жерге қосуды үздіксіз бақылау қарастырылады. Газ немесе шаң бойынша қауіпті шахталарда жерге қосуды үздіксіз бақылау сұлбаларының ұшқын қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі</p>	елеулі
2173.	<p>Жерге қосу тармағының жалпы өтпелі кедергісі, кез-келген жерге қосуларда өлшенген, 2 Омнан аспауы керек</p>	елеулі
2174.	<p>Шахтаның өндіріс алаңында жұмыстардың барлық орындарын, оқпанның қабылдау алаңын, баспалдақтарды, адамдар өтетін жолдарды, электромеханикалық қондырғылар бөлмелерін, автокөліктік және теміржолдар жарықтануға қойылатын талаптар</p>	өрескел

2175.	<p>Көтергі машина ғимараттарында, басты желдету қондырғысының, компрессорлық, оқпандардың шахта үстіндегі ғимараттарында, жыныс үйінділері шығырларының және арқанды жолдардың ғимарттарында, газсыздандыру қондырғыларының, қазандықтардың ғимарттарында, көмір бункерлерінің ғимараттарында, әкімшілік–тұрмыстық комбинаттарда қоректендіру көзіне қарамастан авариялық жарықтандырудың қарастырылу талаптары</p>	елеулі
2176.	<p>Электр желілерінен қоректенетін шамдармен (нормаланған жарықтылықты қамтамасыз етумен) жерасты жағдайларында:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) электр машиналы, шығырлы және диспетчерлік камералар, орталық жерасты подстанциялар, локомотив гараждары, денсаулық пункттері, ЖЗ тарау камералары, жерасты жөндеу шеберханалары; 2) оқпан алаңының шегінде көліктік қазбалар; 3) еңістер мен бремсбергтердің, айрықтар оқпан маңы және учаскелік тасымал қазбалары шегінде, қазбалардың көмірді қайта тиеу бөліктері, адамдарды көлік құралдарына отырғызу пункттері және оларға келу жолдары; 4) кенжар маңайындағы оқпанда, ұңғымалауда жанасулар және камералар, ұңғымалық ілмелі сөрелер; 5) механизацияланған кешендермен және жоңғымалық құрылғылармен жабдықталған (кешен немесе құрылғының құрамына кіретін шамдармен) жайпақ және көлбеу қаттардағы тазалау қазбалары; 6) арнайы камералар шегінен тыс тарату пункттері және жылжымалы подстанциалар, тұрақты қызмет көрсететін электр машиналы құрылғылар; 	өрескел

	<p>7) адамдарды тасымалдауға арналған ілмелі креслолы жолдары бар және таспалы науалармен жабдықталған қазбалар;</p> <p>8) механизацияланған адамдарды тасымалдаумен жабдықталған адам жүрістіктері.</p> <p>Ұңғымалық кешендердің немесе комбайндардың қолданылуымен өткізілетін дайындау қазбаларының кенжар маңындағы кеңістік, кешенге немесе комбайнға қосарланған шамдармен жарықтандырылады</p>	
2177.	<p>Жерасты қондырғыларын қоректендіру үшін 220 Вольттан артық емес қуат қолданылады. Ұшқын қауіпсіз көздерден қоректенетін тасымалы қол шамдары үшін 42 Вольттан артық емес қуатқа рұқсат етіледі</p>	елеулі
2178.	<p>Әр шахтадағы дұрыс аккумуляторлы шамдардың саны, қосарланған метан сигнализаторлары бар шамдарды қоса алғанда, жерасты жұмыстарындағы қызметкерлердің тізбегінің санын – 10 пайызға артық болуы керек</p>	өрескел
2179.	<p>Аккумуляторлы шамдар дұрыс күйде сақталады, сақина түрінде дәнекерленген сыммен сенімді пломбаланған және үздіксіз қалыпты жануды 10 сағаттан кем емес уақыт бойында қамтамасыз етеді. Шамдар екіжіпті немесе екі диодты шамдармен жабдықталады. Шамдарды шахтада ашуға рұқсат етілмейді. Шамдар және зарядтау станцияларын айына бір реттен сирек емес шахтаның бас механигі немесе ол тағайындаған тұлға бақылау тексеруін жүргізеді</p>	өрескел
2180.	<p>Шамдар лампалар бөлмесінің қызметкерлері күтеді, олардың дұрыс жұмыс күйін қамтамасыз етеді. Аккумуляторлы батареяларды зарядтау үшін жаңадан құрылатын шамдарда, батарея немесе фара корпусының сыртқы беткейінде орналасқан токөткізгіш зарядтау</p>	өрескел

	<p>контактілерінің шаңмен ластануы немесе ақауланғанында шахтының жағдайында қауіпті потенциалды алу мүмкіндігін болдырмайтындай орындалады</p>	
2181.	<p>Шам бөлмесі автоматты зарядтау станциялармен жабдықталады, олар герметикалы, қосымша құйылатын аккумуляторлық батереяларға арналған жаттығу зарядтау станциясы. Шам бөлмесіндегі зарядтау станциялары тоқ келтіруші бөліктері оқшауланған немесе қоршалған етіп орнатылады. Зарядтау құрылғысына қосқанда, оларда кернеу 24 Вольттен аспайтын болса, аккумуляторлы шамдарды қосу үшін арналған ашық контактiлер болуына рұқсат етіледі. Электролит ертіндісін дайындау және аккумуляторларға оларды құю үшін электролиттің шашырауынан немесе төгілуінен сақтандыратын арнайы құралдардың, қорғаныс көзілдіріктерінің, резеңке саусақты қолғаптардың және алжапқыштардың болуы</p>	елеулі
2182.	<p>Электржабдығын ашу және жөндеуге, тек қана мұндай жұмыстарды орындауға сәйкес біліктілігі және рұқсаты бар тұлғаларға рұқсат ету талаптары</p>	өрескел
2183.	<p>Барлық электр машиналары, аппараттар, трансформаторлар және электржабдықтар, олардың жарылысқауіпсіз қабықтары, кабельдер жергеқосылыстары кезеңді қаралып отырады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) машиналар мен механизмдерде жұмыс істейтін тұлғалар, сондай-ақ, учаскенің кезекші электр слесірлерімен – ауысым сайын; 2) учаске механигі немесе оның орынбасары – апта сайын учаскенің жедел журналына нәтижелерді жазумен; 3) шахтаның бас энергетигі (бас механигі) немесе олармен тағайындалған тұлғалары – 3 айда бір реттен сирек емес кезеңде 	өрескел

	<p>Электр жабдығының және жерге тұйықтаудың жағдайын тіркеу журналына жазу арқылы қаралып отырады</p>	
2184.	<p>Электрқондырғыларын құрастыру, жөндеу, реттеу, сынақтау, жөндеу, түгендеу және жүргізу бойынша жұмыстар тәртібі. Қуаты 1200 Вольттан жоғары орталық жер асты подстанцияларында және тарату пункттерінде олары қоректендіру тізбектерінде жөндеу және жетілдіру жұмыстарын жүргізуде негізгі қайта қосу жұмыстарының белгіленген тәртібі</p>	өрескел
2185.	<p>Жетілдіру және басқа арнайы жұмыстар, оларды орындауда қуатты түсірумен жүргізудің мүмкіндігі болмаған жағдайда, қуатта тұрған бөліктердің маңында және өздерінде жұмыс істеуге бас энергетиктің рұқсатымен мына жағдайларда рұқсат етіледі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жұмыстарды жүргізуге жүктеме болғанда, қауіпсіздік шараларын көрсетумен, оның ішінде кернеуі 42 Вольттан жоғары ұшқын қауіпті тізбектердің тоқ өткізетін бөліктерімен тікелей жанасуды болдырмайтын; 2) жұмыс істеушілерді үздіксіз бақылауды қамтамасыз ету; 3) жұмысты жүргізіп жатқан адамдардың куәліктерінде мамандық тобы бойынша арнайы жұмыстарды жүргізуге рұқсаты бар жазудың болуы 	өрескел
	<p>Газ бойынша қауіпті шахталарда жұмыс жүргізу талаптар, олар тек қана жалпы шахталық депрессия есебінен желдетілетін, ауаның таза ағысы бар қазбаларда ғана рұқсат етіледі. Бұл ретте метан шоғырлануын үздіксіз бақылау қамтамасыз етіледі, ал наряд-ЖҚТ учаскесі бастығымен келісіледі. Көмір мен газдың оқыс лақтырыстарында қауіпті қабаттардағы қазбаларда, ОЖП – нан және оқпан алабы қазбаларынан басқа, аталған</p>	

2186.	<p>жұмыстарды жүргізуде, қосыша мынадай шарттар орындалады:</p> <p>1) жұмыстарды жүргізу орындары, көмір мен газдың оқыс лақтырыстарынан қауіпті қабаттардағы жұмыс істеп тұрған кенжарлардан 600 метрден жақын болмайды;</p> <p>2) жұмыстар, көмір қазу жүргізілмейтін, кен қазбаларын ұңғымалау жүргізілмейтін, сондай-ақ лақтырылысқа қарсы шаралар жүргізілмейтін ауысымдарда жүргізілмейді, сонымен бірге селкілдетілетін жарылыстардан кейін 4 сағаттан ерте емес уақытта жүргізіледі;</p> <p>3) метан шоғырлануын үздіксіз бақылау ЖҚТ учаскесінің тұлғалары жүргізеді. Метан мөлшері 0,5 пайыздан артық болғанда жұмыстар тоқтатылады, ал кернеу түсіріледі.</p> <p>Жетілдіру және басқа арнайы жұмыстарды жүргізудің жауапты басшысының қауіпсіздік техникасы бойынша V – біліктілік тобы, бригада мүшелері IV – топтан төмен емес болуы керек</p>	өрескел
2187.	Пайдалануда және оларды желіге қосуға дейін барлық аппараттарда максимальды тоқтық қорғанысты тексеру талаптары	өрескел
2188.	<p>Тоқтың кемуінен қорғаныс аппараты әр ауысым алдында бақылау учаскесінің тұлғаларымен немесе оның нұсқауы бойынша электрлесірімен тексеріледі.</p> <p>Тоқтың кемуінен қорғаныс аппаратурасын дистанциядан тексеру, егер ағыту аппаратының окшаулауды алдын-ала тексеру құрылғысы болса және тексеруден кейін қорғалатын тізбекті автоматты түрде қайта қосуға жараса, рұқсат етіледі. Тексерудің нәтижелері қорғаныс аппаратының орнатылған жерлерінде арнайы Журналдарға жазылады. Тоқтың кемуінен қорғау аппаратының жұмыс істеуімен 380, 660 және 1200 Вольт қуатпен желіден жалпы</p>	өрескел

	сөндіру уақыты 6 айда бір реттен кем емес тексеріледі. Аппаратты тексеру нәтижелері Электр жабдығының және жерге тұйықтаудың жағдайын тіркеу журналына енгізіледі	
2189.	<p>Ш а х т а д а</p> <p>электрқондырғыларының және жерге қатысты ауыспалы тоқтың 127-1200 Вольт номиналды қауындағы сымдардың окшаулау қарсыластығы төмендегі нормадан төмен емес:</p> <p>1) көмірқазатын электрқозғалтқыштар және ұңғымалау машиналары - 0,5 мегаОм;</p> <p>2) басқа шахтылық машиналардың электрқозғалтқыштары, жарық беру трансформаторлары, түсіру агрегаттары және қол электр бұрғылары - 1 мегаОм;</p> <p>3) түсіру және тарату аппаратурасы, кез-келген ұзындықтағы бронирленген және иілгіш сымдар – фазаға 1 мегаОм</p>	өрескел
2190.	<p>Электржабдықтарының және сымдарды қосар алдында окшаулау қарсыластығын өлшеу, монтаждау және тасымалдаудан соң, ұзақ мерзімде әрекетсіз болған соң қорғанысты авариялық сөндіруден соң жүргізіледі, егер тоқтың кемуін қорғау аппаратын желіге қосуға мүмкін болмаса, ал с т а ц и о н а р л ы</p> <p>электржабдықтары-жылына бір реттен кем емес осылай кезеңді жүргізіледі</p>	өрескел
2191.	<p>Бөлшектердің жарылысқауіпсіздігін қамтамасыз ететін шахтыларда өткізілетін ағымдағы және алдын алу жөндеулерінде толығымен сым муфталарының, сым кірмелерінің тығындарының және басу құрылғыларының, тығыздайтын сақиналардың, окшаулау науаларының, штепсельдік контактілердің, өту қысқыштарының, сонымен бірге</p>	өрескел

	электржабдықтарының бекітпе бұрандаларын ауыстыру талаптары	
2192.	3 айдан кем емес бір рет шахтының оқытылған жұмыскерлері әр жерге қосылудың жалпы жерге қосылу қарсыластығының желісін өлшеу кезеңділігі. Электр жабдығының және жерге тұйықтаудың жағдайын тіркеу журналының болуы және жүргізілуі	өрескел
2193.	Шахтаның техникалық басшысымен бекітілетін жылжымалы компрессор станциясын шахтада орнату төлқұжатының болуы. Жерасты жылжымалы компрессорлардың қорғанысы болуы керек, ол құрғақ қысу компрессорын қысымдалған ауаның температурасы 182 градус Цельсиядан артық болғанда компрессорды ағытады, май толтырып компрессорды – 125 градус Цельсиядан жоғары температурада ағытады. Бұл компрессорлардың қысымдалған ауа қысымы қолдану бойынша нұсқауға сәйкес келеді, бірақ 0,6 мегаПаскаль (6 килограмм-күш/ шаршы сантиметрге) аспауы керек , ал сақтандыру клапаны 0,66 мегаПаскаль (6,6 килограмм-күш/ шаршы сантиметрге) қысымына тағайындалған компрессорлардың майдың тұтану мүмкіндігін болдырмайтын қорғанысы болады . Маймен толықтырылған компрессорларда майдың жануын болдырмайтын қорғаныс болу керек	өрескел
	Жерасты жылжымалы компрессор қондырғысын орнату талаптары – ол горизонталь алаңда ауаның таза ағысы бар, отқа жанбайтын бекітпесі бар жерлерде орнатылады. Жанбайтын бекітпенің ұзындығы компрессор станциясынан екі жаққа – 10 метрден кем болмайды. Көмір тиеу орындарынан қашықтығы – 30 метрден кем болмайды, қазба бекітпесіне және басқа машиналар	

2194.	<p>мен механизмдерге дейін қондырғыдан – 0,5 метрден кем болмайды (техникалық күту үшін) . Күтуші персоналдың тұрған жерінен компрессор тікелей көрінетін алапта орнатылады, бірақ 100 метрден артық емес. Орнату орыны жарықтанған. Қондырғы орнатылған жерлерде күштік кабельдер және байланыс сымдары қазбаның қарсы жағында жүргізіледі, олардың өрт салдарынан немесе жарылыстан (кұбырлар, экрандар). Қондырғының екі жағынан, іштерінде құм және инертті шаңы 0,4 метр кубтан кем емес және сыйымдылығы 10 литрден кем емес бес-бестен ұнтақты өртсөндіргіштер орналасады. Телефон аппараты жұмыс істеп тұрған компрессор кезінде сөйлесуге мүмкін болатын қашықтықта орналасқан</p>	өрескел
2195.	<p>Жылжымалы компрессор қондырғыларын газ бен шаң бойынша қауіпті шахталардың тұйық қазбаларында жоғары тұрған ұйымның техникалық басшысының рұқсатымен мына талаптарды орындағанда пайдалануға рұқсат етіледі: компрессор қондырғысы қорғаныспен жабдықталады, ол ұңғымалау комбайнының жұмысында оның сөнуін қамтамасыз ететін тиеу машинасымен жабдықталған</p>	өрескел
2196.	<p>Жерасты жылжымалы компрессор қондырғысы оның пайдалануына жауапты тұлғамен ай сайын тексеру кезеңділігі, аптасына 1 реттен кем емес – шахтының учаске механигімен және тоқсанына 1 реттен кем емес – бас механикпен (аға механикпен) тексеріледі. Пневмоөткізгіштің тез ажырайтын бөлігін күйіктен тазарту апта сайын жүргізіледі. Қондырғыны қараудың, пневмоөткізгіштің тез ажырайтын бөлігін тазалаудың, және май және ауа сүзгісін алмастырудың нәтижелері компрессор</p>	өрескел

	қондырғысы жұмысын есепке алу журналында жазылады	
2197.	<p>Жерасты жылжымалы компрессор қондырғысын іске қосу және оның жұмысына мындай жағдайда рұқсат етпеу:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) қондырғының орналасқан жерінде метан мөлшері таза ағыста 0,5 пайыздан артық және шығу ағынында 1,0 пайыздан артық болғанда; 2) жылу қорғанысының жоқ болуы немесе ақаулығы; 3) қолдану бойынша нұсқаумен көзделген өнімділік реттеушінің, сақтандыру клапандарының манометрлердің, термометрлердің және блокировкакілеулердің ақаулар болғанда; 4) майдың ағуы; 5) компрессор бұрандаларының кері айналуында; 6) ауа және май сүзгісінің ластануында; 7) қондырғы орнында жарықтану болмағанда 	өрескел
2198.	<p>Ауаөткізгіштің фланецті қосылыстарында төсемдер үшін паронит, асбест және түтіндеу температурасы 350 градус Цельсиядан төмен емес материалдарды қолдану талаптары . Ауаөткізгіштің ақаулы бөліктері жаңаларымен алмастырылады. Бұл бөліктерді жөндегенде металл штуцерлер және қамыттар пайдаланылады</p>	өрескел
	<p>Жаңадан салынатын, қайта құрылатын және істеп тұрған шахталардың жобаларының өртке қарсы қорғаныс бөлімдерінде, сондай-ақ кен-шахталық жабдықтарды әзірлеу мен жетілдіру кезінде өрттердің алдын алу және өрт пайда бола қалған жағдайда материалды құндылықтарды сақтау, өрттің қауіпті әсерлерінің адамдарға әсерін бейтараптандыру, жою бойынша мына шаралардың болуы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жарылыс, өрт қауіпті ортаны болдырмауды қамтамасыз ететін 	

желдетудің схемалары мен тәсілдерін қолдану, авариялық жағдайларда желдету ағыстарын сенімді басқару және адамдарды шахтадан немесе таза ауа ағысына қауіпсіз шығару;

2) шахта алабтарын ашудың және дайындаудың, өздігінен жануға икемді көмірлері бар қаттарды қазудың жүйелерін, оларды өңдегеннен кейін кеналу учаскелерін оқшалауды қамтамасыз ету мүмкіншілігін (тазалау қазбаларының), сондай-ақ өртті жедел оқшалау мүмкіншілігін және белсенді түрде сөндірудің тәсілдерін қолдану;

3) өздігінен жануға икемді көмір қабаттарын өндірудің жобаларына эндогендік өрттерден сақтандыру шаралары бойынша бөлімдерді енгізу;

4) көмірдің химиялық белсенділігін төмендету, өңделген кеңістікке ауа өтімділігін төмендету, оқшаулау имараттардың тығыздығын жоғарлату, өздігінен жануға икемді көмір қабаттарын өңдеген кезде өрт белгілерін бақылаудың сенімділігін қамтамасыз ету тәсілдері мен құралдарын қолдану ;

5) өртке қатысты қауіпсіз машиналар мен механизмдерді, жабдықтарды, бекітпелерді, құрылғыларды және электрмен қамтамасыз етудің схемаларын қолдану;

6) отқа жанбайтын және өте қиын жанатын заттар мен материалдарды, соның ішінде жұмыс сұйықтарын қолдану;

7) өртке қарсы сумен қамтамасыз етудің, жер асты өрттерінің бастапқы сатыларында анықтаудың автоматты құралдарын, таспалы конвейерлер түйіндерінің температурасын бақылау құралдарын, басты жетекші, аралық тарту станцияларында, жеңілдету және шеткі секцияларында, оның

	<p>ішінде таспалы конвейерлердің, өрттік құбырдағы судың қысымы өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмеген жағдайда жұмыс істеуін болдырмайтын блокировканы, орталықтан бақылауды және өртке қарсы суқолданудың басшылығын қолдану;</p> <p>8) өрт уақытында адамдардың шахтадан шығуы немесе шығуды күтіп тұрғанда адамдарды көшіру кезенді ұжымдық және жеке қорғаныс құралдарын қолдану</p>	
2200.	<p>АЖЖ әзірлеген кезде өрт туындаған жағдайда, желдету ағысының өздігінен бағыт өзгертуінің, адамдар бар қазбаларға жанудың газтәрізді өнімдерінің таралуының алдын алуға, өрттің қарқындылығын төмендетуге, оны сөндіруге қолайлы жағдайлар туғызуға және жанғыш газдардың жарылыстарының алдын алуға ықпал ететін желдету режимі қабылдаған кезде өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары</p>	өрескел
2201.	<p>Шахта бетіндегі әр ғимараттар мен имараттар үшін жанғыштық тобына қойылатын талаптар, олардың негізгі құрылыс конструкцияларының отқа төзімділігінің ең аз шегі белгіленеді және бастапқы өртті сөндіру құралдарын орналастыру жүргізіледі</p>	өрескел
2202.	<p>Әр шахтада судың қоры, су қорын тазалауға және сақтауға арналған құрылғылар, сорғы станциялар тиекті арматурасымен өрт сөндіру құбырлары кіретін өрт сөндіру жүйесіне қойылатын талаптар. Шахталарды сумен қамтамасыз ету бір-біріне тәуелсіз екі көзден жүргізілуі қажет. Шахта үстінде, ғимараттарда және имараттарда өрт қауіптілігі санатына, судың шығынына байланысты өрт сөндіру құбырларын тарту, суды жинау және тазарту құрылғылары, сорғы станцияларының құрылымы 159 миллиметрден кем емес</p>	өрескел

	<p>диаметрде болуы және өртті сөндіруге қажетгі мөлшерде суды беруді қамтамасыз етуі қажет. Жер бетіндегі барлық өрт сөндіру құбырлары қатып калудан сақталынады</p>	
2203.	<p>Өрт сөндіру су қоймалары маңында сапасы жағынан екінші классқа жатқызылған сорғы станциялары орнату талаптары. Сорғылар (қолданылымдағы және резервтегі) екі бір-біріне тәуелсіз көздерден немесе екі бөлек фидерлерден электр қуатынан қуат алады. Сорғы станциялары жайлары қысқы уақытта жылытылады. Өрт сөндіру сорғыларының өнімділігі жерастындағы өртті сөндіруге есептелген су шығынына сәйкес келуі қажет, алайда секундына 0,022 метр куб (сағатына 80 метр куб) кем болмайды</p>	өрескел
2204.	<p>Оқпандар мен шахта үстіндегі ғимараттардың қабылдау алаңшаларында өртке қарсы қорғаныс орнату талаптары, ол үшін шаруашылық-ауыз су құбырынан су беру қарастырылған үшеуден кем емес өрт сөндіру крандары орнатылады. Өрт сөндіру крандарында оқпаннан өрт жеңдері орналасады</p>	өрескел
2205.	<p>Барлық тік оқпандардың және шыңыраулардың ауыздарында жер үсті суқұбырымен қосылған дөңгелек су бүрікіштері (сақиналы су шымылдығы) бар құбырдың болуы. Дөңгелек су шымылдығына су беруге арналған ысырмалар шахтада және шахта үстіндегі ғимараттардағы өрт кезінде (реверсивтік жайғасымдарды қоса алғанда) жану өнімдері таралуы мүмкін жайлардан тысқары орналастырылады. Дөңгелек су шымылдықтары мына су шығынын қамтамасыз етуі қажет:</p> <p>1) оқпанның отқа жанбайтын бекітпесінде – секундына 0,00055 метр куб (сағатына 2 метр куб) 1 шаршы метр көлденең қимаға;</p>	өрескел

	2) окпанның отқа жанатын бекітпесінде – секундына 0,00166 метр куб (сағатына 6 метр куб) 1 шаршы метр көлденең қиманың	
2206.	Шахтаға су беру, әртүрлі ауа беруші оқпандар бойынша жүргізілген, өзара байланыссыз екі құбырмен - жұмыс және қордағы қарастырылуы қажет. Қордағы құбыр ретінде нормаланатын қысымдық-шығындық сипаттамалармен өртті сөндіруге су беруді қамтамасыз ететін магистральдық сутөкпе құбырларының біреуін қолдануға болады. Сутөкпе құбырын өрттік-су шашу құбырына жедел және тез қайта қосу үшін аварияларды жою жоспарына тығын тетіктері (тиек), сондай-ақ оларды ауыстыру реттілігі көрсетілген ауыстыру схемасы қоса беріледі. Егер су шахтаға көлбеу ауа жіберетін оқпанмен берілетін болса, онда резервті құбырды жүргізу міндетті емес. Сонымен бірге өрттік-су шашу құбыры әрбір 200 метр сайын жалғастырғыш бастары бар өрт сөндіру крандарымен жабдықталады және оқпанның барлық ұзындығы бойы судың қажетті шығыны және қысымы қамтамасыз етіледі. Әрбір жұмыс деңгейжиекке су беру бөлек қазбаларда жүргізілген өзара шығыршықталған екі құбыр бойынша жүргізіледі	өрескел
2207.	Өрттік-су шашу құбырларында редуциялық түйіндердің болуы. Редуциялық құрылғылардың түрлері және оларды орналастыру жобамен айқындалады. Редуциялық түйіндерді және өрт сөндіру крандарын тік оқпандарда (шыңырауда) жүргізілген магистральдық құбырларда орнатуға рұқсат етілмейді	өрескел
	Шахтада судың қысымын бақылау құбырдың аса алыстағы нүктелерінде жүргізіледі.Таспалы конвейерлерді басқару жүйесі	

2208.	өрттік-сулау құбырында су қысымы түскен кезде таспалы конвейердің қосылуын және жұмыс істеуін жібермейтін блокадалаумен қамтамасыз етіледі	өрескел
2209.	Өрттік-сулау құбырының тармағы магистральдық және учаскелік тізбектерден тұрады, олардың диаметрлері өткізгіштіку мүмкіндіктерімен анықталады, алайда 150 және 100 миллиметрден (тиісінше) кем болмайды. Сонымен бірге желілердің жібергіштік мүмкіндігінің есебі бірдей учаскелерде әртүрлі диаметрлі құбырларды қолдануға рұқсат етілмейді. Магистральды тізбектер тік және көлбеу окпандарда (шыңырауда), окпан аулаларында, бас және топтық тасымал қуақаздарында және квершлагтарында, шалпы шахталаық мақсаттағы еңістерінде және өрлейқаздарда салынады. Аса жақын орналасқан екі және одан да көп көлбеу қазбалар болған кезде өрттік-су шашу құбыры таспалы конвейермен жабдықталған қазбада жүргізіледі, ал өрт сөндіру крандары түйісімдер немесе ұңғымалар арқылы параллель орналасқан қазбаларға шығарылады	өрескел
2210.	Жекелеген жағдайларда, АҚК-мен келісім бойынша, жерасты өртін сөндіруге арналған судың өрттік қоры ретінде деңгейжиектердің сутөкпе қондырғыларының сужифыларын пайдалануға болады . Егер жобамен сутөкпе қондырғыларының сорғыларын өрттік-су шашу желісіне су беру үшін пайдалану көзделген болса, онда олардың гидравликалық сипаттамалары осы желілердің параметрлеріне сәйкес келуі қажет	елеулі
	Жобада қолданымдағы сутөгу магистральдарын, ауа жүргізгіштерді, қойыртпақ құбырларды өрт сөндіру мақсатында пайдаланудың қарастырылуы. Резервтегі	

2211.	<p>құбырларды пайдалану есептеулермен негізделеді. Бұл жағдайда резервтегі құбырларға қосу үшін пломбаланған ысырмаларымен арнайы құрылғылар қарастырылады. Резервтегі құбырларды өрт сөндіру крандарымен жабдықтамауға болады. Өрт уақытында газсыздандыру құбырларын су беру үшін пайдалануға болмайды</p>	елеулі
2212.	<p>Өрттік-су шашу құбырының тотанудан және жылжымалы тоқтардан қорғаныс бойынша талаптар</p>	елеулі
2213.	<p>Өрттік-су шашу құбырларының шеттері дайындау қазбаларының кенжарларынан 20 метрден артық емес жерде орналасу және өрт сөндіру кранымен жабдықталу талаптары. Өрттік-су шашу құбыры танымды - қызыл түске боялады. Бояу 1,5-2,0 метрден кейін салынатын ені 50 миллиметр жолақ немесе ені 50 миллиметр дөңгелек түрінде орындалады</p>	өрескел
2214.	<p>Өрттік-су шашу құбырының кейбір учаскелерін ұзақтығы бір ауысым уақыт жөндеу жұмыстарын орындау үшін сөндіру шахтаның техникалық басшысының жазбаша рұқсатымен жүргізіледі. Ұзақтығы бір ауысымнан артық жөндеу жұмыстары АҚҚ-нің келісімі бойынша шахтаның техникалық басшысының жазбаша рұқсатымен және АЖЖ іс-шараларына түзету енгізумен жүргізіледі. Әрбір сөндіру туралы кен диспетчері хабардар етіледі</p>	өрескел
2215.	<p>Өрттік-су шашу құбырын қалыпты түрде пайдалану үшін есептелген гидравликалық параметрлеріне сәйкес таңдап алынған суды тоқтату арматурасы қойылады. Суды тоқтату арматурасы ретімен нөмірленеді және сумен жабдықтау схемасына, оны пайдалану тәртібі көрсетіле отырып, түсіріледі. Арматураның маңында арматураның жұмыстағы</p>	өрескел

	жағдайы және оны пайдалану тәртібі туралы нұсқау ілінеді	
2216.	Өрттік-су шашу құбырын біріктіру ұштарымен бір типті өрт крандарымен жабдыкталады, олар : таспалы конвейерлері бар қазбаларда – 50 метрден кейін және қосымша конвейердің жетек бөлігінің екі жағынан қосымша одан 10 метр қашықтықта орнатылады. Өрт краны жанында арнайы жәшік орнатылады, онда диаметрі 19 миллиметр шашыратқышы бар оқпан және екі жағынан құрама ұштарымен жабдыкталған, ұзындығы 20 метр өрт қолжеңі сақталады	өрескел
2217.	Шіру және істен шығуды болдырмау үшін өрттік жеңдер арнайы жәшік- контейнерлерде сақталады немесе шірімейтін материалдан немесе антисептиктермен өңделген құрамнан жасалады	елеулі
2218.	Өртті сөндіруге судың үлкейтілген көлемін беру үшін немесе жөндеу кезінде өрттік-су шашу құбырының кейбір учаскелерін сөндіру үшін оларда жылжытпалардың болуы және олар мына жерлерде қойылады: 1) құбырлық желінің барлық тарамақтарында	өрескел
2219.	Магистральдық құбырдың параметрлері оқпан және оқпан маңындағы аулалардағы қазбалар бойынша квершлагқа қарай құбырдың бас қазбаларға тармақтану нүктесіне дейін өрттің таралуын бөгеуге арналған сушымылдығының құрылысына және қондырмасының диаметрі 19 миллиметр бір өрт сөндіру оқпанынан өртті тікелей сөндіруге (бір оқпанға судың шығыны – секундына 0,0083 метр куб (сағатына 30 метр куб) және технологиялық мұқтаждықтарға (есептелген шығынның жартысы) қажетті судың жиынтық шығыны бойынша есептеледі	өрескел
	Бас және топтық тасымалдау қуақаздармен, еңістермен және	

2220.	<p>өрлейқаздар жүргізілген магистральды құбырдың болуы және олардың параметрлері тек қана су шымылдыған құруға және бір өрт сөндіру окпанынан өртті тікелейсөндіруге (технологиялық мұқтаждықтарға суды шығынын есепке алмағанда) қажетті су шығыны бойынша есептеледі. Сонымен бірге өрт сөндіруге судың жалпы шығыны есептеуге байланыссыз – секундына 0,022 метр куб (сағатына 80 метр куб) кем емес. Учаскелік құбырдың параметрлері су шымылдығын жасауға қажетті су шығыны бойынша есептеледі, бұл жағдайда шығын – секундына 0,014 метр куб (сағатына 50 метр куб) кем болмайды. Таспалы конвейерлермен жабдықталған қазбалар үшін өрттік-су шашу құбырларының параметрлерінің есебі кезінде өртті сөндірумен бір уақытта сулы өрт сөндіру автоматты қондырғыларының жұмысына судың қосымша шығыны көзделеді</p>	өрескел
2221.	<p>Үш жылда бір рет шахта АҚҚ қатысуымен өрттік-су шашу құбырларының және өрт сөндіруге су беру үшін жобамен көзделген құбырларының төзімділігіне және бітеулігіне гидравликалық сынау бойынша талаптар. Сынау қысымының шамасы жұмыс қысымының 1,25 шамасында болуы қажет.</p>	өрескел
2222.	<p>Өртті оның пайда болуының бастапқы сатысында негізгі өрт сөндіру құралдарының болуы: Қол өртсөндіргіштері (көлемі 10 литр) + құм немесе инерттік шаң (куб метр): - шахтаүстілік ғимараттар – 7+0,4</p>	өрескел
	<p>Өрт сөндірудің алғашқы құралдары сақталатын жерлерге қойылатын талаптар, олардың түрлері мен сандары көрсетілген кестелері ілінеді. Өртсөндіргіштер , құм толтырылған жәшіктер, өртсөндіру аспаптарының тұтқалары қызыл белгі түсімен</p>	

2223.	<p>боялады. Тұрақты қызмет көрсететін персоналы жерасты камераларында өрт сөндірудің алғашқы құралдары, камерадан тыс ауаның таза ағысы түсетін жағынан, камераға кіреберістен 10 метрден алыс емес жерде; тұрақты кезекшісі бар камералар үшін кезекші тұлғаның жұмыс орнында орналасады. Шахта үстіндегі ғимараттарда және теріс таңбалы температурасы бар қазбаларда тек қана ұнтақты өртсөндіргіштер қолданылады. Қазу және камералардан тыс орналасқан өзге де агрегаттардың жылжымалы сорғы май станциялары көлемдері 10 литр 6 қол өртсөндіргіштермен жабдықталады</p>	өрескел
2224.	<p>Автоматты түрде іске қосылатын тұрақты өрт сөндіру қондырғыларының әрбір таспалы конвейерде болуы және оны қайта тиеу пунттерінде, тартпалы және жетекші станцияларда қорғайды. Орналасу орындары, қондырғылар арасындағы қашықтық және олардың құбырлы бөлігін ажырату схемалары әрбір нақты жағдайда жобамен айқындалады.</p> <p>Өртті су шымылдығымен оқшаулауға арналған автоматты түрде іске қосылатын қолданбалы қондырғылар желдету ағысы шығатын қазбаларда тазалау кенжарынан 50-100 метр жерде орналасады. Өртті су шымылдықтарымен оқшаулау тұрақты қондырғыларымен желдету окпандарына (бас желдету түйіспелеріне) жалғасатын желдету қазбалары жабдықталады. Егер окпанға (түйіспе) жанасқан желдету қазбасы одан 100 метр бойы отқа жанбайтын бекітпемен бекітілсе, қондырғыны қолданбауға болады</p>	өрескел
2225.	<p>Автоматты өрт сөндіру құралдарын пайдалануға қабылдау, жетілдіру, жөндеу және жөндеу тәртібі, осылардан кейін тексеруді шахта жетекшісінің бұйрығымен тағайындалған, арнайы оқудан өткен қызметкерлер жүргізеді.</p>	өрескел

	<p>Автоматты өрт сөндіру құралдарының дұрыстығын тексеру нәтижелері Автоматты өрт сөндіру құралдарын тексеру журналына жазылады</p>	
<p>2226.</p>	<p>Кен қазбаларында өртті окшаулау үшін қойылатын өртке қарсы есіктерге (қақпақтар) қойылатын талаптар, олар жанбайтын материалдардан жасалады. Олардың екі жағынан 5 метр жерде жанбайтын материалдардан үзілістер жасалады. Өртке қарсы есіктер (қақпақтар) бір адамның күшімен жабылады, қазбаның көлденең қимасын нығыздап жабады және екі жағынан ашылатын тиектері болады). Көлбеу бұрышы 35 градустан артық қазбаларда, сондай-ақ қысымы көп қазбаларда орнатылған өртке қарсы есіктерді (қақпақтарды) ашып (жабу) үшін арнайы құралдар (терезелер, рычагтар, шығырлар) қарастырылады. Көлбеу және тіке құламалы қазбаларда орнатылған өртке қарсы есіктерді (қақпақтарды) ашуға (жабуға) арналған қондырғылар таза ауа ағысы жағына қазбаның деңгейжиегіне, АЖЖ осы жайғасымдарына арналып қабылданған желдету бағыты ескеріле отырып, шығарылады</p>	<p>өрескел</p>
	<p>Кен қазбалары бекітпелерінің жаңғыштығы мен отқа төзімділігіне қойылатын талаптар. Жаңғыштық тобы мен отқа төзімділік деңгейі бойынша: 1) штольнялардың барлық тік және еңістік оқпандарының ауыздарын, сонымен қатар шахтаға таза ауа беретін шурфтардың ауыздарын жер бетінен 10 метрге алыс орнату; тік және еңістік оқпандардың, шахтаға таза ауа беретін, оқпан жанындағы аулалардың деңгейжиек қазбаларымен бірге штольнялардың немесе шурфтардың түйісімдері; басты квершлагтар, басты топтық</p>	

2227.

тасылымдық қуақаздар; жер бетінен 5 метр қашықтықта сорғыш желдеткіштермен жабдықталған жаңа енгізілген шурфтардың ауыздары; шахтаға таза ауа беретін еңістік оқпандар және штольнялар; әрбір жағына 10 метрден кем емес ұзындықта қазбалармен жанындағы еңістердің, бремсбергтер мен жүргілердің түйісімдері; оқпан жанындағы аулалардың жаңадан үңгіленген және қайта бекітілетін қазбалары; электромашиналық камералар (қызмет мерзімі 1 жыл және одан да көп), аралық станциялардың камералары және жоғары кернеудің тарату пункттері, мұнда майлы толтырғыштары бар эл.қондырғылар, қызмет көрсету мерзімі бір және одан да көп жыл болатын орталық жерасты эл.аралық станциялар орнатылған; таспалы конвейерлердің сымдық станцияларын, монорельстік және топырақ үсті жолдарын орнату орындарындағы қазбалардың учаскелері; параллель еңістік немесе күрделі көлденең қазбалар арасындағы түйісімдер; әрбір жағынан 5 метр қашықтықта жоғарыда көрсетілген камераларға және қондырғылар орнатылған орындарға түйісетін қазба учаскелері; барлық басты және желдетіс қондырғылардың калориферлік және желдетіс каналдары; осы каналдардың әрбір жағынан 10 метр қашықтықта оқпандары, шурфтары, штольнялары бар түйісімдері; жанар-жағармай материалдарын сақтауға және таратуға арналған камералар, ауа компрессорларын және майлы толтырғыштары бар гидрофицаланған қондырғыларды орнату камералары – жоғары және

өрескел

2) таспалы конвейерлермен жабдықталған қазбалар; күрделі еңістер, бремсбергтер мен олардың жанындағы жүргілер;

	<p>желдетіс еңістік оқпандар; еңістік қазбалар және оқпандар – орташа және жанбайтын;</p> <p>3) қызмет көрсету мерзімі бір жылға дейінгі, майлы толтырғышы бар электр қондырғылары жоқ немесе кейбір желілерінде майлы толтырғыштары бар РВ орындалған электр қондырғылары бар электромашиналық камералар – минималды және қиын жанатын</p>	
2228.	<p>Шахтаның жер бетінде, шахтаға материалдар мен қондырғылар түсірілетін қапталдық оқпандардың алаңдарында және әрбір қолданыстағы қабатта өрт сөндіру жабдығы мен материалдарының қоймасының болуына қойылатын талаптар</p>	елеулі
2229.	<p>Өртке қарсы қорғануды қолдау мақсатында, шахта басшысымен бекітілетін және әзірленетін, әрбір шахтада шахтаның бақылау тұлғалары мен жұмысшыларының бақылау-алдын алу жұмыстарын жүргізу тәртібінің болуы</p>	өрескел
2230.	<p>АЖЖ әрбір келісу алдында, жоғары тұрған ұйым өкілінің төрағалығымен шахтаның өртке қарсы қорғаныс жағдайын тексеру талаптары. Тексерулер АҚҚ өкілінің қатысуымен жүргізіледі</p>	өрескел
2231.	<p>Өздігінен жануға икемді көмір қабатын өңдеу кезінде өртке қарсы-алдын алу шараларды іске асыру тәртібі, тәсілі және мезгілдері, олар жоғары тұрған мекеменің техникалық басшысы бекіткен нормативтік құжатпен белгіленеді</p>	өрескел
2232.	<p>Жыл сайын өздігінен жануға икемді көмір қабатының тізімі жасалады, ол тізім жер қойнауын пайдаланушы жоғары тұрған мекеменің бас инженерімен бекітіледі, шахталар мен мүдделі мекемелерге таратылады. Көмірдің шахта-қабаттарын өздігінен жануға икемділігі өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында жұмыс жүргізуге құқық беретін аттестаттаудан өткен кәсіпорын</p>	өрескел

	<p>белгілейді. Қажеттілік болған кезде, алайда 5 жылда бір реттен кем емес, өңделетін көмірдің шахта-қабаттарының өздігінен жануға икемділігі қайта нақтытыланады</p>	
2233.	<p>Өздігінен жануға икемді көмір қабатын қазба алқабы арқылы ашуға, дайындауға және игеруге қойылатын талаптар</p>	елеулі
2234.	<p>Қызмет ету мерзімі 1 жылдан жоғары, басты және учаскелік квершлагтар, өздігінен жануға икемді көмір қабатымен қиылысқан жерлерде және бұл қиылыстан екі жаққа да 5 метр қашықтықта өртенбейтін бекітпемен бекітуге қойылатын талаптар</p>	елеулі
2235.	<p>Жоғарғы деңгейжиектің тасу қуақызының мен төменгі деңгейжиектің желдеткіш қуақызы арасындағы қалың тақтаны дайындаудың қабаттық схемасы кезінде, ал кез келген қалыңдықтағы тақталарды панельді және қалыңдығы әр түрлі жазықтық бойынша дайындау кезінде қабаттар мен дінгектері арасында көмір дінгектері қалдырады немесе жанбайтын қатаятын материалдардан ауа жібермейтін оқшалау аралықтары жасалады. Екеуден артық емес оймалы дінгекті (лава) төменге түсу тәртібімен, дінгек қалдырмау сұлбасы бойынша өңдеген кезде, қалың жайдақ және қөлбеу қабаттарында кейін өңделетін кедергілі дінгек (лава) қалдырылады</p>	елеулі
2236.	<p>Өздігінен жануға икемді қабаттың оймалы учаскелерінің ауасын желдетуге қойылатын талаптар, желдету ауаның тіке соғуы немесе кері соғуы арқылы іске асырылады. Оймалы учаскелерін желдету схемалары шахтада жоғары газдалу, лақтырыс қауіпті және өртқауіпті қабатқа дайындалған және өңделген технологиялық схемаларға сәйкес қабылданады</p>	елеулі

2237.	<p>Өздігінен жануға икемді көмір қабаттарын өңдеу кезінде, өнделген кеңістікте төлқұжатта қарастырылмаған дінгек немесе көмір бұмаларын, сондай-ақ сындырылған және үгітілген көмір қалдыруға болмайды. Геологиялық бұзушылық орындарында және төлқұжатпен қарастырылған жерлерде амалсыздан дінгек қалдырылған жағдайда, аталған көмір дінгектері антипирогенмен өңделеді. Тактаның төбесінде (топырақта) және қабат арасында көмір бұмалары қалдырылған жағдайда, жерастылық эндогендік өрттерді сөндіру және алдын алу жөніндегі нормативтік құжаттарға сәйкес, төлқұжатта көмірдің өздігімен тұтануының алдын алу шаралары қарастырылады</p>	елеулі
2238.	<p>Тасыма (конвейерлік) және желдету қуақаздарында (жүру жолдары) немесе өздігінен жануға икемді көмір қабаттарының аралық квершлагтарында тазалау жұмыстары басталар алдында өртке қарсы қақпалардың болуы</p>	елеулі
2239.	<p>Барлық тұрақты далдаларға, сондай-ақ өрт сөндіру кезінде орнатылғандарға қойылатын талаптар, оларға шахта бойынша реттік нөмір тағайындалады және оларды кен қазбалары жоспарына енгізеді. Орнатылған далда акт бойынша қабылданады және жүйелі түрде қадағаланады. Актілер ЖКТ учаскесінде сақталады. Далда, рубашка, өртке қарсы қақпалар құрылыстары және тығыз бекітілуін бақылау әдістері шахтада өнделген учаскелерін, уақытша тоқтатылған және қолданбайтын кен қазбаларын окшалау жөніндегі талаптарға сәйкес жүргізіледі</p>	елеулі
2240.	<p>Өздігінен жануға икемді көмір қабатының барлық өнделген учаскелері өздігінен жану кезеңінің инкубациялық</p>	елеулі

	мерзімінен аспайтын уақытқа оқшалануға және тұмбалануға қойылатын талаптар	
2241.	Өздігінен жануға икемді көмір қабатын өндеу шахталарда үздіксіз автоматтық түрде (арнайы аппаратура көмегімен) көмірдің өздігінен қызуының (жануының) алғашқы белгілерін бақылауды ұйымдастыруға қойылатын талаптар	елеулі
2242.	Лайықты аппаратура болмаған жағдайда бақылау ЖҚТ учаскесінің күштерімен ауық-ауық көміртегі, сутегі және басқа өртке бейімді индикаторлық газдардың, ауаның сынамасын алу, сондайақ ауа температурасын өлшеу арқылы іске асырылады. Сынаманы талдау қолданбалы газсараптағыш пайдалану арқылы жедел-әдіспен, сондай-ақ және АҚҚ зертханаларында жүргізіледі	елеулі
2243.	Өздігінен жанудың (өздігінен қызудың) алғашқы кезеңінде жедел-әдіспен және сынама алумен бақылаудың мерзімі мен орнын АҚҚ келісімі бойынша шахтаның техникалық басшысы белгілейді	елеулі
2244.	Өрт орын алған учаскелерде газ температурасы мен құрамын, оқшалау далда жағдайын бақылау. Өртке қарсы учаскелерін қадағалау және оқшалау далда жағдайын тексеру журналын жүргізу	елеулі
2245.	Орын алған өрт пен арасындағы оқшалау далдалаын қадағалау тәулік бойы жүргізіледі, ал ерекше жағдайда, мысалы: жерастылық қарқынды өрт кезінде, далданың жарамсыз жағдайында немесе атмосфералық құрамның күрт өзгеруі кезінде – далданы бақылауды АҚҚ келісімімен шахтаның техникалық басшысы белгілейді	елеулі
	Пайдаланып болған кеңістіктерді әрекеттегі өздігінен жануға икемді көмір тақталарындағы қазбалардан оқшалау далдаларын	

2246.	учаскелерді бақылау үшін бекітілген тұлғалар айына кеміне бір рет тексереді. Қажет болған жағдайда жөндеу жұмыстары жүргізіледі	елеулі
2247.	ЖҚТ учаскесінің бақылаушы тұлғаларының оқшаулау имараттарын ай сайынғы тексеру нәтижелері, сондай-ақ анықталған бұзушылықтарды жою бойынша жүргізілген жұмыстардың тізімі Өртке қарсы учаскелерді бақылау және оқшаулау далдасының жағдайын тексеру журналына жазылады. Өрт болған учаске ауасының құрамын АҚҚ қызметкерлері тексереді, тексеру уақыты мен орнын және тексеру санын АҚҚ келісімімен шахтаның техникалық басшысы бекітеді	елеулі
2248.	Жерастылық қазбалар мен шахта үстіндегі ғимараттарда отты жұмыстарға қойылатын талаптар	елеулі
2249.	Таспалы конвейер, желдеткіш құбырлар, электр кабельдерінің сыртқы қабаты мен кен қазбаларында және шахта үстіндегі ғимараттарда қолданылатын басқа бұйымдар өртенуді таратпайтын материалдарға қойылатын талаптар. Жанғыштық деңгейі мен жанғанда бөлінетін улы заттардың мөлшері нормативтік талаптарға сәйкес келеді. Желдеткіш құбырлар мен таспалы конвейер сыртқы материалдарының электрлік кедергісінің шамасы 3x10 ⁸ Ом-нан аспайды. Барабандар мен конвейер роликтерін шегендеу, таспалы конвейерлердің жетекші және тарту секцияларын бекіту, конвейер таспаларының бүйірге шығып кетуін болдырмайтын құрылғыларды, конвейер таспасы астындағы төсемді, конвейер үстіндегі көпірше үшін ағаш және басқа жанғыш материалдарды қолдануға болмайды	елеулі
	Таспалы конвейерлерді пайдалану кезінде:	

2250.	<p>1) өртке қарсы қорғаныс құралдары болмаған немесе құралдың ақаулығы болған кезде конвейердің жұмыс істеуіне;</p> <p>2) ұнтақтың тығылып қалуынан, кіруінен қорғаныстың бұзылуы, таспаның бүйірге түсіп кетуі және жылдамдықтың төмендеуі, таспаның конвейердің құрылымына және қазба бекітпесіне қажалуы кезінде конвейердің жұмыс істеуіне;</p> <p>3) автоматты конвейер жүйесін екі және одан да көп жерлерден (пульттерден) бір уақытта басқаруға, сондай-ақ аппаратураның жылжымалы элементтерін жасап шығарушының құжаттарында көрсетілмеген тәсілдер және құралдармен тоқтатуға;</p> <p>4) таспаның тартылыс күшінің кемуінен жетекші барабанда оның тұрып қалуы;</p> <p>5) ақаулы роликтерде немесе олар болмаған кезде конвейердің жұмыс істеуіне;</p> <p>6) таспалардың жұмыс беттерінің сырты 50 пайызға дейін тозған кезінде резинаарқанды пайдалануға рұқсат етілмейді.</p> <p>Таспалы конвейерлермен жабдықталған қазбалар өртті оның басталу сатысында байқаудың автоматты жүйесімен қамтамасыз етіледі</p>	өрескел
2251.	<p>Таспалы конвейерді басқару жүйесі өздігінен қосылуын болдырмайтын және өрт сөндіру құбырындағы қысым нормативтік шамадан төмендеген кезде конвейер жетегін ағытуды қамтамасыз ететін су қысымының датчиктерінің болуы. Конвейердің ағытылғаны туралы белгі кен диспечері пультіне беріледі. Таспалы конвейерлер тұрақты автоматты өрт сөндіру қондырғылармен жабдыкталады</p>	өрескел
	<p>Жұмыс істеп тұрған кен қазбаларында судың нормативтік шығынын қамтамасыз ететін өрттік-су шашу құбыры</p>	

2252.	<p>жүргізіледі. Өрт сөндіру құбырлары шахтаның кен қазбаларының кез-келген нүктесінен өртті сөндіруге су беруді қамтамасыз ететіндей болып жүргізіледі. Құбырдың диаметрі есептеумен анықталады және 100 миллиметрден кем емес шамада қабылданады. Құбыр үнемі суға толып тұрады және кез-келген нүктеге өртті сөндіруге қажетті көлемі мен қысымды қамтамасыз етеді. Өрт сөндіру құбырын шаңмен күрестен басқа жағдайларға өзінің мақсатынан тысқары (суды сору) пайдалануға рұқсат етілмейді</p>	өрескел
2253.	<p>Өрт белгілері байқалған кезде АЖЖ қолданысқа енгізіледі. Аварияны жою шахтаның техникалық басшысы АҚҚ командирімен бірге әзірлеген жедел жоспар бойынша жүргізіледі. Қажет болған жағдайда өртті жоюға өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында жұмыс жүргізу құқығына аттестаттаудан өткен ұйымның тиісті саласының мамандар тобын өртті жоюдың аса тиімді және қауіпсіз тәсілдері бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін тартуға болады. Эндогендік өрттерді сөндіру шахталарда эндогендік өрттерден сақтандыру және сөндіру бойынша талаптарына сәйкес іске асырылады. Өртті жедел жоспарға сәйкес жою мүмкін болмаған және ол ұзақ мерзімге созылған жағдайда шахтаның техникалық басшысы АҚҚ-нің командирімен бірлесе отырып, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында жұмыс жүргізу құқығына аттестаттаудан өткен ұйымды тарта отырып өртті жоюдың және сөндірудің арнайы жобасын әзірлейді</p>	өрескел
	<p>Өрт пайда болған мезеттен бастап сөнгенге дейін шахта ауасының құрамын тексеру және тау-кен құтқару жұмыстары жүргізіліп жатқан жердің температурасын бақылау жүргізіледі. Өрт сөндіру кезінде метанның қауіпті</p>	

2254.	<p>шоғырлануы болған кезде, оның жарылыс қауіпті деңгейде жиналуының алдын алу бойынша шаралар қабылданады. Егер қабылданған шаралардан кейін метан мөлшерінің өсуі жалғасса және 2 пайызға жетсе, барлық адамдар, соның ішінде тау-кен құтқарушылары қауіпті аймақтан шығарылады, және жұмыстың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін өрт сөндіру әдісі қолданылады. Өртті сөндіру кезінде кен қазбаларында ауа құрамын тексерудің және температураны өлшеу орындары мен кезектілігін аварияны жою жұмыстарына жауапты басшы АҚҚ командирінің келісімі бойынша белгілейді. Ауа құрамын тексерулердің нәтижелері өрт жойылғанға дейін сақталады</p>	
2255.	<p>Жерасты өртінің әрбір жағдайы Заңмен белгіленген тәртіпте арнайы комиссиямен тексеріледі. Өрт ошағы мен өрт учаскесінің шекаралары шахтаның тау-кен жұмыстары жоспарына түсіріледі. Әрбір өртке, шахтада байқалған кезегіне байланысты реттік нөмір беріледі. Белсенді әдіспен сөндірілмеген өрт жанбайтын материалдардан жасалған далдалармен, газды шахталарда – жарылысқа тұрақты бекітпелермен оқшауланады</p>	елеулі
2256.	<p>Шахтаның техникалық басшысы тарапынан әрбір оқшауланған өртке оқшауланған қазбалардың көлемін азайтатын, өртті сөндіруді жылдамдатын, көмір қорларын іске қосу шараларын қарастыратын, АҚҚ-мен келісілген, өрт сөндіру төлқұжатының жасалуы</p>	өрескел
	<p>Барлық оқшауланған эндогендік және экзогендік өрттерді өшіруге және есептен шығаруға қойылатын талаптар. Өрт учаскелерін қалпына келтіру және пайдалану жұмыстарын жүргізуді бастау, арнайы комиссия өртті есептен шығарған соң ғана рұқсат</p>	

2257.	етіледі. Комиссия құрамы, және оқшауланған өртті есептен шығару үшін ұсынылған қажетті құжаттар тізімі, өрт учаскелерінде өртті сөндіру бойынша жұмыстардың аяқталуынан және оны есептен шығарғанға дейінгі уақыт пен жағдайын бақылау тәсілдері, жерасты эндогендік өрттердің алдын алу және сөндіру талаптарымен айқындалады	елеулі
2258.	Сөндірілген және есептен шығарылған өрттерді барлау және учаскені ашу жоспарын шахтаның техникалық жетекшісі АҚҚ командирімен бірлесе отырып жасайды. Жоспарда: 1) учаскені ашу алында оны зерттеу тәртібі; 2) ашу кезіндегі сақтық шаралары; 3) учаскені ашу тәсілі; 4) учаскені желдету режимі; 5) АҚҚ бөлімшелерінің қозғалу бағдарлары; 6) ауа құрамын тексеру және температураны өлшеу орындары қарастырылады. Учаскені ашу, барлау және алғашқы желдетулерді АҚҚ қызметкерлері жүргізеді	елеулі
2259.	Ашылушы учаскеден шығатын ауа ағымы қозғалысы жолында қалып қалған адамар, алдын-ала шығарылады. Өрт сөндірілген учаскеде желдету қалыпты режимге келген соң, шахталарда эндогендік өрттің алдын алу бойынша және сөндіру талаптарына сәйкес, уақыт аралығында, шығатын ағымнан: көміртегі қышқылы, метан, сутегі, этилен және ацетилен құрамдарын анықталады. Шығатын ағымда сол учаскі үшін көміртегі қышқылы, сутегі, этилен және ацетилен құрамы шамадан немесе фоннан жоғары болуы анықталған жағдайда, учаскеде желдету тоқтатып, бөгеулердегі жарықтар жабылуы керек	өрескел
	Сөнбеген өрт шекараларында тау-кен жұмыстарын жүргізуге	

2260.	<p>тыйым салынады. Өрт учаскесінен тысқара шекараларда, жану өнімдері өтіп кетуі және өрт факторларының басқа қауіптері әсер етуі мүмкін аймақтарда, тазалау жұмыстары көмір тосқауыл кентіректерін немесе жанбайтын материалдардан ауа өткізбейтін жолақтарды қалтырумен және жұмыстарды жүргізуге қауіпсіздікті қамтамасыз ететін арнайы шараларды қолдану арқылы жүргізіледі. Бұл шаралар шахтаның техникалық жетекшісімен бекітіледі</p>	елеулі
2261.	<p>Сөнбеген өрттерге жанасқан қабаттар учаскелерінде тау-кен жұмыстарын жүргізуге жол бермеу</p>	елеулі
2262.	<p>Сөнбеген өрт астындағы қабат бойынша төмен жатқан деңгейжиек ұңғымаға негізгі және желдету қуақызылар рұқсат етеледі, және де жанасқан қабаттардың төменгі деңгейжиегінде, өрт ошағы бар қабаттарда жұмыстарды жүргізу, өндірістік қауіпсіздік аймағында жұмыс жүргізу құқығына аттестаты бар ұйымның сараптама қорытындысы бар болған жағдайда ғана рұқсат етіледі</p>	өрескел
2263.	<p>Өрекеттегі қазбаларда максималды судың ағымын тартып шығару үшін шахталар сутөкпе қондырғыларымен жабдықталады. Бас және учаскелік сутөкпе қондырғыларының екі немесе одан көп, бір-бірінен оқшауланған тармақтардан тұратын су жиғыштары бар. Учаскелік сутөкпе қондырғылары үшін бір қазбадан тұратын су жиғыштар рұқсат етіледі. Бас сутөкпе су жиғыштарының сыйымдылығы қалыпты лайсыз ағыста 4 сағаттан кем емес, ал учаскелілерде 2 сағаттық ағыс. Су жинағыштар жұмыс қалпында ұсталады, ал олардың лайлығы 30 пайыз көлемнен аспауға тиісті</p>	өрескел

2264.	<p>Бас сутөкпенің сорғы камерасы қосылады:</p> <p>1) шахтаның оқпанымен – көлбеу жүріспен, оқпанға шығарылған жері оның сорғы камерасы еденнен 7 метр деңгейден төмен емес орналасқан;</p> <p>2) оқпан маңы ауласымен–герметикалық есіктен жүріп өтеді;</p> <p>3) су жинағыштармен – келген суды реттеуге мүмкіндік беретін және сорғы камерасын герметикалайтын қондырғылар арқылы.</p> <p>Бас сутөкпенің сорғы камерасы жүк көтергіш механизмдермен жабдықталған. Сорғы камерасының едені оқпан маңы аулысының топырағынан 0,5 метр биіктікте орналасқан.</p> <p>Сағатына 50 метр кубтан кем ағыс кезінде учаскелік сутөкпе қондырғыларына арнайы емес камералы қондырғыларды пайдалануға рұқсат беріледі</p>	өрескел
2265.	<p>Ұңғыма оқпандар кезінде аралық сорғы камералары оқпандарға ені 2,5 метрден кем емес және биіктігі 2,2 метрден кем оқпан шығыстары болу керек. Камера кірісі мықты торлы қоршаумен жабылады</p>	өрескел
2266.	<p>Бас және учаскелік сутөкпелік қондырғылар жұмыс және резервтағы агрегаттардан тұрады. Бас сутөкпе қондырғыларына және сағатына 50 метр куб артық су ағымы бар қондырғылар үшін үштен кем емес сорғы агрегаттары орнатылады. Әр агрегаттың немесе жұмыс агрегаттары тобының берісі, резервті есептемегенде, 20 сағаттан аспайтын уақыт ішінде тәулігіктегі қалыпты су ағымын тартып шығуды қамтамасыз етуге тиісті. Ұңғыма кезінде немесе оқпанынды тереңдікте су ағысына тәуелсіз, бір аспалы сорғы қолдануға рұқсат етіледі, бірақ оқпан қасында міндетті түрде резерв болу керек. Бас сутөкпе қондырғысы кем дегенде екі арынды, олардың біреуі резервте</p>	өрескел

	<p>тұратын құбырлармен жабдықталады. Егер жұмыс құбырының саны үштен кем болса, біреуі, ал үштен көп болса екеуі резервте тұрады. Учаскелік сутөкпе қондырғылары үшін бір құбыр рұқсат етіледі. Сорғы камерасындағы арынды құбырлар коммутациясы, олардың кез келген элементтерін жөндеу кезінде тәуліктегі су ағымын тартып шығаруды қамтамасыз етеді</p>	
2267.	<p>Көтерменің тік жақтарына қарама-қарсы жобаланатын және қайта салынушы оқпандар арқылы өтетін құбырлардың қысымы 6,4 мегаПаскаль (64 киллограмм/ шаршы сантиметр) жоғары болуына рұқсат берілмейді. Көтерменің тік жақтарына қарама-қарсы орналасқан қысымы 6,4 мегаПаскаль (64 киллограмм/ шаршы сантиметр) жоғары құбырларды пайдалану үшін, оның барлық ұзындығы бойынша жоғары қысымды жалпы жақтау қорған орнатылу кезінде ғана рұқсат етіледі. Бас сутөкпе қондырғыларының арынды құбырлары жөндеуден өткен соң, жұмыс қысымы 1,25 тұратын, гидравликалық қысым сынағынан өтеді</p>	елеулі
2268.	<p>Барлық автоматтандырылған сутөкпе қондырғылары шахта бойынша бұйрықпен тағайындалған, тұлғалармен тәулік бойы тексеріледі. Бас сутөкпе қондырғысын аға механик аптасына бір реттен, ал шахтаның бас механигі тоқсанда бір реттен кем емес тексереді. Тексеріс нәтижелері Сутөкпе қондырғыларын қарау және жұмысын есепке алу журналында белгіленеді. Жылына бір рет бас сутөкпе қондырғыларына ревизия және жөндеу жүргізіледі. Ревизия мен жөндеу актісі шахтаның техникалық жетекшісімен бекітіледі</p>	елеулі

2269.	Тосқауыл кентрегіне қойылатын талаптар. Су басқан қазбалардың қабаттарының үстінен және астынан жанасқан қабаттарда, аяқ астынан судың жарылуы бойынша қауіпті аймақтарға сақтандыру кентіректері жатады. Тосқауыл және сақтандыру кентіректері шектерінде, су басқан қазбалардан суды ағызғаннан кейін тазалау жұмыстарын жүргізуге рұқсат беріледі	өрескел
2270.	Су жарылуы бойынша қауіпті аймақтарда бекітілген төлқұжатқа сәйкес тау-кен жұмыстары жүргізіледі, және онда істегі қазбаларда судың және зиянды газдардың жарылуын болдырмайтын шаралар қарастырылады. Судың көлемі 200 метр куб көп, қысымы 0,1 мегаПаскаль (шаршы сантиметрге 1 киллограмм) кем емес нақты контуры бар су басқан зумпфтардың, су жинағыштардың және басқа да пайда болған суаттардың қауіпті аймақтарының шекараларының төлқұжаттарын шахтаның техникалық жетекшісі бекітеді. Барлық басқа жағдайларда қауіпті аймақтар шекараларының төлқұжаттарын жоғары тұрған жер қойнауын пайдаланушы ұйымының техникалық жетекшісі бекітеді	өрескел
2271.	Шахта аралық шектердің тосқауыл кентірегінде қазбаларды дайындауды, жартылай немесе толық өңдеуді, қосымша өңдеуді және қайта өңдеуді шахталардың біріккен жобасы бойынша өткізуге рұқсат етіледі	өрескел
	Суды қабаттан немесе жыныс бойынша қауіпті аймақ шегімен ағызып жіберу үшін алдын ала даярлау қазбаларын жүргізу талаптары, ол келесі шарттарды ұстанған кезде ғана мүмкін: 1) Қазбалар тар кенжарларда озық ұңғыларды бұрғылаумен жүргізіледі;	

2272.	<p>2) Құлау бұрыштары 25 градус және одан артық қабаттарда қазбалар жүппен жүргізіледі; 3) Озық ұңғылардың диаметрлері 100 миллиметрден аспайды. Жоғарғы деңгейжиектен істегі қазбалардың сутөкпе жүйесіне суды қайта жіберу, шахтаның техникалық жетекшісімен бекітілген арнайы төлқұжат бойынша іске асырылады</p>	өрескел
2273.	<p>Бұрғылау ұңғыларын жою кезінде сулы деңгейжиектерді берік окшаулаумен оларды тығындау қамтамасыз етіледі. Ұңғыларды тығындау туралы қорытындыны геологиялық барлау немесе ұңғыманы бұрғылаған (тампондаған) мамандандырылған ұйым береді. Тау-кен қазбаларымен қоршалған техникалық ұңғымаларды ашу және жанасуын бөлуді жүргізу, ұңғымадан өткен ұйыммен келісілген, және шахтаның техникалық жетекшісімен бекітілген төлқұжат бойынша жүргізіледі</p>	өрескел
2274.	<p>Шахтаның бас маркшейдері тау-кен жұмыстары жоспарына бекітілген қауіпті аймақтар шекараларын енгізеді және бір ай бұрын шахтаның техникалық жетекшісіне және учаске жетекшісіне тау кен қазбаларының бұл аймақтарға жақындауы туралы, сондай-ақ қауіпті аймақта тау кен жұмыстарының басталуы және аяқталуы туралы жазбаша түрде хабар береді</p>	өрескел
2275.	<p>Қауіпті аймақтарда тау-кен жұмыстарын жүргізу туралы бекітілген төлқұжатпен таныстырудың болуы</p>	өрескел
2276.	<p>Су басқан қазбалардан суды тартып шығару, шахтаның техникалық жетекшісі бекіткен төлқұжат бойынша жүргізіледі. Суды тартып шығару кезінде ерекше көңіл су беті айнасынан жоғары тұрған ауа құрамын тексеруге, адамдар және электрлі</p>	өрескел

	<p>жабдықтар орналасқан жерлерде, газдың жарылуының болдырмауының алдын алу бойынша шараларға бөлінеді. Ауа құрамын CO, CO₂, CH₄, H₂S және O₂ тексеруді АҚК қызметкерлері жүргізеді</p>	
2277.	<p>Тау-кен қазбаларын жоспар бойынша суға толтыру ерекше жағдайларда, жер қойнауын пайдаланушы ұйымның жоғары тұрған техникалық жетекшісі бекіткен төлқұжатқа сәйкес жүргізіледі</p>	елеулі
2278.	<p>Су ағынынан, суаттардан, сулы деңгейжиектерден және белгіленген аймақтардан көмірді қауіпсіз алу мүмкіндігі, имараттарды және табиғат нысандарын көмір кені шығатын жерлерден жерасты тау кен қазбаларының зиянды әсерлерінен сақтау бойынша талаптарына сәйкес қарастыру мүмкіншілігі. Тау-кен қазбаларын жүргізден пайда болған, жер бетінің өзек, сайларындағы опырылыс шұқырлар, сазбен толтырылады, нығыздап тапталады және су ағу мүмкін арна бойынша төселген науалармен жабдыкталады. Құрғап қалған өзен арналарынан нөсер сулар ағып кетпеу үшін, өзендерге теңестіріледі</p>	елеулі
2279.	<p>Шахтаның тік және көлбеу окпандарының, шурфтардың, штольялардың және техникалық ұңғылардың ауздары арқылы үстіңгі жақтағы сулар тау-кен қазбаларына ағып кетпейтіндей етіп жабдықтау талаптары. Судан қорғайтын дамбалар тұрғызу немесе өңделген қазбалар арқылы қолданыстағы қазбаларға судың кіруіне мүмкіндік бермейтін, басқа іс-шаралар қабылдау талаптары</p>	өрескел
	<p>Лайланған учаскелерде су немесе қойыртпақ байқалса, суға толтырылған қазбаларға теңеледі. Сол немесе жоғары жатқан қабатта орналасқан, нормал бойынша 0,5 m кем емес</p>	

2280.	<p>қашықтықта жатқан, мұндағы т – төмен жатқан қабаттың қуаттылығы, лайланған учаскелер астында тазалау жұмыстарын жүргізу алдында, шахтаның техникалық жетешісі өңделетін лайланған учаскеде, қосымша осы учаскені оқшаулайтын далдаларды тексеруге, және оның үстіндегі жер беті учаскесін суға толуын және шұңқырларды өңдеу салдарынан пайда болған су мөлшері дәрежесін анықтау үшін барлауды жүргізуді қамтамасыз етеді. Барлау өңделетін учаскеде немесе көрші қабаттарда желдеткіш деңгейжиек қазбаларынан 75-100 миллиметр диаметрлі ұңғыма бұрғылау арқылы жүзеге асырылады. барлау қорытындысы актімен рәсімделеді . Өңделетін учаскені барлау, оқшаулайтын бөгендерді ашумен бірге, шахтаның техникалық жетекшісімен бекітілген және АҚҚ-мен келісілген төлқұжат бойынша жүргізіледі</p>	өрескел
2281.	<p>Саз жарып кету бойынша қауіпті, өңделген қуатты қабат учаскелерінде қайта жұмыс жүргізу кезінде, төбесінің құлауымен өңделетін, төмен жатқан қабаттың орта қуатты соңғысынан тазалап алу учаскелерінен, егер қабаттар арасысында төменгі қабат 5 – еселенген қуаттан аз болса, саздың жарылуы бойынша қауіпті деп есептеледі</p>	елеулі
	<p>Дайындалатын учаскелерді саз жарылып кетуі бойынша қауіптілерге қайта жатқызу, арнайы мамандармен шахтаның техникалық жетекшісінің төрағалығымен, геологиялық – маркшейдерлік құжаттардың негізінде бақылаушы ұйымдардың қатысуымен жүргізіледі, ол құжаттар: сорғылардың қуаттылығы, лайланған жұмыс көлемі, жақ жыныстардың беріктігі, сорғылардағы саз жынысының ылғалдығы, және қазаланған кеңістікте беткі және</p>	

2282.	жерасты суларының ағуы есебінен жыныстардың ылғалданған орындары туралы, және жоғары жатқан деңгейжиекте саздың жарылуының болуы немесе сөндірілген эндогендік өрттер орындары туралы ақпарат береді. Саздың жарылып кетуі бойынша қауіпті учаскелерді өңдеу, бұл учаскелерді төмен жатқан қабаттарын өңдеу, сондай-ақ камералық және ұңғымалық зарядтарды саздың жарылуын болдырмау шаралары ретінде жару, шахта учаскесінің техникалық жетекшісімен бекітілген төлқұжаттар бойынша жүргізіледі	елеулі
2283.	Тазалау қазбасында немесе оған жақын жатқан қазбаларда саз жарылып кету мүмкін болуы белгілері пайда болғанда (су тамшылау, тау кен қысымының аса күшеюі, окшаулау бөгендердің деформациялануы, барлау кезінде бөгендердің артында саздың байқалуы) сондай-ақ әрекеттегі кенжарға саздың тікелей өтуі болған жағдайда звеношы (бригадир), бақылаушы тұлға немесе шахтаның маманының міндеттері	өрескел
2284.	Шахталарда тау-кен жұмыстарын жүргізу кезінде су бассейндерін және жергілікті рельефті сақтап қалу бойынша арнайы шаралар қолданылады. Жыныстық үйінділерді жаңадан қалау және әрекеттегіні пайдалану, оны өшіру, өңдеу арнайы жобалармен немесе шахталарды және байыту фабрикаларының құрылыс (қайта құру) жобаларының бөлімдеріне сәйкес жүргізіледі. Қолданыстағы жыныстық үйінділерді жанудан және жел эрозиясын ұшыраудың алдын алу бойынша шаралар қолданылады	өрескел
	Жыныстық үйінділер үшін биіктігі 10 метрден асатын қорғаныс аймақтарын жасау талаптары. Механикалық қорғаныс аймағының контуры бойынша	

2285.	<p>аймаққа кіруге тыйым салатын белгілер қойылады. Тұрғын, өндірістік және басқа ғимараттарды және имараттарды, механикалық қорғаныс аймағының шегінде адамдардың тұрақты немесе уақытша болуына (үйіндіні пайдалануға байланысты ғимараттар мен имараттардан басқа) тыйым салынады. Механикалық қорғаныс аймағының шегінде, үйіндінің жобалық шегінен 50 метрден жақын емес үйінді контурына (тоқтатылған – нақты), тек инженерлік байланыстар орнатуға рұқсат етіледі</p>	өрескел
2286.	<p>Жыныстық үйінділердің ең жоғары биіктігі үйіндінің қырларына орнықтылығы мен табанының көтергіш қабілеттілігіне байланысты, бірақ 100 метрден аспауы керек</p>	өрескел
2287.	<p>Жазық пішінді жыныстық үйінділерді толтыру талаптары. Жаңа жыныстық үйінділер ені 500 метрден кем емес санитарлық-қорғаныс аймағын қамтамасыз етумен салынады. Жыныстық үйінділерден оқпандарға (шыңырау) дейінгі ара қашықтық 200 метрден кем емес. Жынысты үйінділерді көмір қабаттарының сорғы қуаттылығы 5 метрге дейінгі шығыстарда, және де өңдеу кезінде жоғары қабаты опырылуды туғызуы мүмкін алаңдарда орналастыруға тыйым салынады. Тау-кен жұмыстарын жүргізуден болған шұңқырларда тау-кен жыныстарын орналастыру үшін пайдалануға, шұңқырлар бортталып және ашылған байырғы жыныстар қабатты қалыңдығы 5 метрден кем емес, сазды сорғылармен толтырылып, шұңқырлар арқылы тау-кен қазбаларына ауаның ағуы және маркшейдерлік болжам негізінде анықталатын, толтыру үрдісінде</p>	өрескел

	кенеттен шұңқырлардың отыру қауіпі болмаған жағдайда рұқсат беріледі	
2288.	Пайдалану үдерісінде деформациялану белгілері анықталса, жыныстық үйінділерді сөндіру және сұрыптау жұмыстары ары қарай қауіпсіз жұмыс жүргізу бойынша шаралар жасалғанға дейін тоқтатылады	өрескел
2289.	Жанып жатқан жыныстық үйінділерді сөндіру кезінде әр ауысым алдында жұмыс орындарында көмір қышқылы және күкірт ангидридiнiң концентратын өлшеу жүргізіледі. Егер улы газдар құрамының мөлшері рұқсат етілген нормадан асып кетсе, қауіпсіз жұмысты қамтамасыз ететін шаралар қолданылады. Жанып жатқан жыныс үйінділерін пайдалануға рұқсат етілмейді	өрескел
2290.	Мыналарға: 1) жыныстық үйінділерге (террикони́ктер) қазандық қондырғыларының ыстық күлін және жылдам тұтанатын материалдарды (ағаштарды, ағаш ұнтақтарын қағаздарды, сұрту материалын) қаттап тастауға; 2) баспалдақтармен жабдықталмаған террикони́ктерді пайдалануға; 3) үйінділерді сөндіру және сұрыптау жұмыстары түнгі уақытта төлқұжатпен қарастырылған сәйкес арнайы жарықсыз жүргізуге; 4) нөсерлі жауын-шашын және назағай кезінде, жыныстық үйінділерде адамдардың қатынасуымен байланысты қандай бір жұмыстарды жүргізуге; 5) жыныстық үйінділерде шлак жинағыштарды орналастыруға; 6) үйінділердегі жарықтарға және күйіп кеткен қуыстарға қосымша қауіпсіздік шараларынсыз су ағызуга; 7) бір жұмысшының жанып жатқан үйіндіні сөндіру бойынша	өрескел

	жұмысты жүргізуіне тыйым салынады	
2291.	Жанып жатқан жыныстық үйінділерді пайдалануға рұқсат етпеу. Жанып жатқан жыныстық үйінділер жоба бойынша міндетті түрде сөндірілуі қажет	өрескел
2292.	Шахталарда жыныстық үйінділердің өздігінен жануының және жел эрозиясының алдын алу үшін тиімді шаралар қолдану	елеулі
13-бөлім. Қара, түсті, асыл металдардың балқымаларын және осы металдардың негізіндегі қорытпаларды өндіретін қауіпті өндірістік объектілері үшін өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы талаптар		
1-кіші бөлім. Жалпы ережелер		
2293.	Жобалық құжаттамаға сәйкес өндірістік ғимараттар мен құрылғыларды пайдалану, орналастыру, сондай-ақ технологиялық процестерді жүргізу	елеулі
2294.	Бас инженермен (техникалық жетекшімен) әзірленген және бекітілген технологиялық регламенттің болуы және оның нақты іске асырылуы	елеулі
2295.	Жыл сайын еңбек қауіпсіздігі қызметімен құрастырылатын, келісілетін және директормен бекітілетін наряд-рұқсат бойынша жүргізілетін аса қауіпті жағдайдағы жұмыстар тізімінің болуы, сондай-ақ өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайларда оны бір апта мерзімде қайта қарау	елеулі
2-кіші бөлім. Технологиялық процестерді жүргізу талаптары		
2296.	Балқыту агрегаттарының жұмыс алаңдарында және балқытылған металдың және (немесе) қождың түсуі мүмкін басқа жерлерде, сондай-ақ балқыту агрегаттарының ойықтарында балқымалармен өзара іс-қимыл жасауға қабілетті ылғалдың, оңай ыдырайтын материалдар мен заттардың болуына жол бермеу	өрескел
2297.	Технологиялық регламентте балқыту агрегатына тиелетін шихтадағы ылғалдың шекті құрамы көрсеткіштерінің болуы	елеулі

2298.	Аталған агрегаттардың сулы салқындату жүйесін қымтау кезінде балқыту агрегаттарын пайдалануға жол бермеу	өрескел
2299.	Шөміштер мен миксерлерден қожды жүктеу процесі үшін механикаландырылған тәсілдің болуы	елеулі
2300.	Ақаулы шөміштерді пайдалануға жол бермеу	өрескел
2301.	Шөміштерді балқымалармен толтыру деңгейі төгу тұмсығынан төмен, ал ол жоқ болған жағдайда кемінде 200 миллиметрдегі шөміш ергенектерінен төмен болуы тиіс	өрескел
2302.	Шөміштерді орнату үшін беті тегіс құрғақ алаңның болуы	елеулі
2303.	Пештердің маңындағы жұмыс алаңында балқыту кезінде пайдаланылатын материалдардың екі-үш ауысымнан аспайтын қорын сақтау	елеулі
2304.	Техникалық құрылғылардың, қоршаулардың, қорғаныс блоктарының, сигнализацияның, бақылау - өлшеу аспаптарының, жерге тұйықтаудың, жарық беру және желдету (аспирация) жүйелерінің анықталған ақауларын дереу жоюды жүргізе отырып, тексеру нәтижелерін ауысымды қабылдау және тапсыру журналына тіркеу	өрескел
2305.	Техникалық құрылғыларға төлқұжаттардың болуы	елеулі
2306.	Техникалық құрылғыларға ағымдағы жөндеу және қызмет көрсету туралы енгізілген деректері бар агрегаттық журналдардың болуы	елеулі
2307.	Агрегаттардың немесе қызмет көрсететін қызметкерлер құрамы тұрған орындардың маңында тікелей агрегаттар мен құбыржолдардың орналасу және технологиялық байланысының анық орындалған сұлбаларының болуы	елеулі
2308.	Техникалық құрылғыда дыбыстық және жарық дабылының болуы, оның түйіндері немесе бүкіл	елеулі

	құрылғы жұмыс барысында қозғалады	
2309.	Құрал-саймандар мен айлабұйымдарды бұл үшін арнайы бөлінген орындарда немесе аспап шкафтарында сақтау	елеулі
2310.	Механикаландырылған құрал-саймандар мен айлабұйымдарға арналған дайындаушы зауыттың пайдалану жөніндегі нұсқаулығының болуы және оның нақты орындалуы	елеулі
2311.	Қауіптілігі жоғары орындарда ескерту плакаттарының, қауіпсіздік белгілерінің немесе жарық, дыбыс дабылының болуы	елеулі
2312.	Мазут құбырларын жылуокшаулаумен және оларды босатуды жағына қарай еңісі кемінде 0,003 градус болатындай қамтамасыз ету	елеулі
2313.	Ғимараттан жерде тыс жерде мазут құбырларын босату кезінде мазутты төгуге арналған ыдыстар орнату	елеулі
2314.	Мазут құбырын пештің үстіне төсеуге жол бермеу	өрескел
2315.	Мазуты бар шығын бактарды пештен кемінде 5 метр қашықтықта орнату және жылуокшаулаумен қыздырылудан экрандармен қорғау	елеулі
2316.	Шығын бактарын өрт болған жағдайда жабық құбыржолдар арқылы мазутты түсіру үшін резервтік ыдыстармен қамтамасыз ету	өрескел
2317.	Авария немесе өрт болған жағдайда мазутты беруді тез ажырату үшін мазут құбырларында қызмет көрсету үшін қолжетімді орындарда орналасқан бекіту арматурасы орнату	өрескел
2318.	Технологиялық регламентте белгіленген мерзімдерде олардың қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ететін тұлға дайындағаннан және жөндегеннен кейін технологиялық ыдыстар мен траверстерді тексеру нәтижелерін	елеулі

	ыдыстар мен жүк қармау құрылғыларын мерзімді тексеру журналында тіркеу	
2319.	Ыдыста оның міндетін, нөмірін, өз массасын және жүккөтергішін көрсету	елеулі
2320.	Жұмыстар аймағындағы көрінетін орындарда ыдысты строповкалау сұлбаларының бар болуы	елеулі
2321.	Пештегі жұмыс және қарау терезелері, өзге де технологиялық тесіктер құрылымдары олардың өздігінен ашылуына және жанғыш газдар мен шаңның лақтырындысына жол бермейтін тығыз жабылатын есіктермен (қақпақтармен) жабдықтау	елеулі
2322.	Шаң жинағыштарды түсіру кезінде шаңның бөлінуіне жол бермейтін бекітпелермен немесе өзге құрылғылармен жабдықтау	елеулі
2323.	Басқару жүйесі пештің жұмысын қолмен, сондай-ақ автоматты режимде қамтамасыз ету	елеулі
2324.	Бақылау-өлшеу аспаптары жеке үй-жайда орналасқан басқарудың жалпы пультіне шығарылады, олардың көрсеткіштері бойынша пеш жұмысын автоматты және қолмен басқару жүргізу	елеулі
2325.	Пешті басқару жүйесінде пештің авариялық тоқтап қалуы туралы ескертетін жарық және дыбыс дабылы, сондай-ақ технологиялық жабдықтың немесе сықағыштардың тоқтап қалуы кезінде пештің жұмыс істеуіне жол бермейтін бұғаттаулардың болуы	елеулі
2326.	Газдарды пештерден сору үшін резервті эксгаустердің (газбен үрлеу) болуы	елеулі
2327.	Шихта материалдарын вагондардан механикаландырылған түсіруді қолдану	елеулі
2328.	Аспирациялық жүйеге, сусымалы материалдарды беру трактісінің қайта тиеу желілерін қосуды және оқшаулануды қамтамасыз ету	елеулі

2329.	Күрекшелерді тасымалдауға арналған арбашалар күрекшелердің арбашалардан ығысуына кедергі келтіретін тежеу құрылғылары мен тіреулердің болуы	өрескел
2330.	Ұсақтау және ұнақтау машиналарының іске қосу құрылғылары коректендіргіштердің іске қосу құрылғыларымен бұғатталуы немесе тәуелсіз басқару құрылғысының болуы	елеулі
2331.	Ұсақтау, ұнтақтау және елеу жабдығының тиеу және түсіру құрылғылары (құйғыштар, бекітпелер) шаңды басу (шаңтұту) – шаңтуындату материалын өңдеу жағдайында аспирация немесе гидрошаңсыздандыру құрылғыларымен жабдықталуы	елеулі
2332.	Тостаған периметрі бойынша дымқыл ұнтақ жүгірткілері биіктігі кемінде 1,5 метр тұтас металл қоршаулардың болуы, қоршауда жүгірткілердің іске қосқыш құрылғыларымен бұғатталған есіктер орнатылған	өрескел
2333.	Құрғақ ұнтақ жүгірткілер аспирациялық қондырғыға қосылған және қаптамасы алынған кезде жүгірткілерді іске қосылуын болдырмайтын бұғаттағышы бар тұтас герметикалық қаптамамен жабдықтау. Жүгірткілердің жұмысын бақылау үшін терезелерінің қаптамасы болуы	елеулі
2334.	Жүгірткі іске қосу құрылғысымен бұғатталған герметикалық тиеу есіктерінің болуы	елеулі
2335.	Електердің тиеу және түсіру құйғыштарында олардың барлық ені бойынша қызмет көрсететін қызметкерлер құрамын материал кесектерінің кездейсоқ лақтырындысынан қорғайтын қорғау айлабұйымдардың болуы	өрескел
2336.	Индукциялық пештерге қызмет көрсету кезінде қолданылатын металл құралдардың тұтқаларын электрден оқшауландырып жабдықтау	елеулі

2337.	Сызаттары бар астауларды пайдалануға жол бермеу	өрескел
3-кіші бөлім. Өндірістік алаңдарды, ғимараттарды, имараттар мен үй-жайларды пайдалануға қойылатын талаптар		
2338.	Алаңда агрегат пен жүргізілетін жұмыстардың көрінісін қамтамасыз ете отырып, қауіпсіз орында агрегаттарды басқару пульттерін орнату	елеулі
2339.	Қауіпті аймақтағы үй-жайлар үшін қарама-қарсы жақтарда орналасқан кемінде екі кіру-шығу есіктерін орнату	елеулі
2340.	Жұмыс алаңдарының едендері сырғанамайтын беті бар тозуға төзімді материалдардан тегіс етіп, орындау	елеулі
2341.	Жылу әсеріне ұшырайтын ғимараттар мен имараттар арқалықтары, ұстындары, құрылымдары жылумен окшауланады	өрескел
2342.	Судың жиналуы мүмкін цехтар ғимараттарындағы едендер телімдерінде оны бұру үшін құрылғылардың болуы	елеулі
2343.	Үй-жайларда параметрлерді сақтау: 1) Басқару қалқандарына қызмет көрсету фронты бойынша ені 2,0 метрден кем емес алаңдар (тұрақты жұмыс орындары болған кезде); 2) ені кемінде 1,0 метр жабдыққа тұрақты қызмет көрсетуге арналған алаңдар; 3) ені кемінде 0,8 метр жабдыққа мерзімді қызмет көрсетуге арналған алаңдар	елеулі
2344.	Теміржол құрамдарына және жүгі үлкен автомобильдерге кіру үшін цехтар ғимараттарындағы ойықтар көлік құралдарының кіруіне және шығуына рұқсат алу немесе тыйым салу үшін жарық дабылымен, көліктің қозғалуы туралы құлақтандыру үшін дыбыс дабылымен жабдықтау	өрескел
2345.	Өрт жарылыс қауіпті және қауіпті заттектер тасымалданатын галереяларды ауаны тірей отырып,	елеулі

	ауаны ағынды-сорғылы желдетіспен жабдықтау	
2346.	Ғимараттар мен имараттардың құрылыс құрылымдарының жай-күйін, оларды ұстау мен жөндеуді техникалық қадағалау қызметінің құрылымы мен санының болуы	елеулі
2347.	Барлық өндірістік ғимараттар мен имараттар немесе олардың бөліктері (аралық, қабат) ұйым басшысының бұйрығымен көрсеткен алаңдарды басатын цехтарға, бөлімдерге және ұйымның өзге де бөлімшелеріне бекітілуі	елеулі
2348.	Ғимараттар мен имараттарды тексеру жөнінде ұйым басшысы тағайындайтын комиссия құрамының болуы	елеулі
	1140 Вольтқа дейінгі кернеулік кезінде: 1) трансформаторларды және олардан кететін әрбір қосылуларды қысқа тұйықталу тоқтарынан максималды тоқ қорғанысы бар автоматты ажыратқыштармен орындау; 2) электр қозғалтқыштарды және оларды қоректендіретін	

3395.	<p>шоғырсымдарды: қысқа тұйықталу тоқтарынан дереу немесе 0,2 секундқа дейінгі шектегі селективті; шамадан артық жүктеме немесе қатты қызу тоқтарынан; нөлдік орындау;</p> <p>3) жерге қатысты оқшаулаудың төмендетілген кедергісі кезінде кернеулікті қосудан орындау;</p> <p>4) электр желілерін - қауіпті тоқтың жерге қарай жылыстауынан электрмен байланысқан барлық желілерге (бір немесе параллель жұмыс істейтін трансформаторлар тобына қосылған) қорғаныс бір қорғаныс аппараты кешенімен автоматты ажыратқышпен іске асырылады; тоқтың жылыстауынан қорғау аппараты жұмыс істеген кезде жалпы желілік автоматты ажыратқышпен қосатын ұзындығы 10 метрден артық емес шоғырсымның бөлігінен басқа көрсетілген трансформаторға қосылған барлық желі ажыратылады;</p>	елеулі
3396.	<p>Патрондар мен калибрлі емес балқыту қоспаларынсыз сақтандырғыштарды қолдануға жол бермеу</p>	елеулі
3397.	<p>Барлық кенжардағы машиналар желіге магниттік іске қосушылар немесе магниттік станциялар (басқару станциялар) арқылы қосылады.</p> <p>Іске қосушылармен және магниттік станцияларды басқару машиналарда немесе оларға жақын орналасқан тетіктер арқылы қашықтықтан іске асырылады</p> <p>Жекелеген электр қозғалтқыштарды басқару үшін магнитті станциялар немесе қолмен ажыратушылар орнатылған көп қозғалтқышты көтермелермен машиналары желіге қашықтықтан басқаруы бар іске қосушылар арқылы қосылады</p>	елеулі
3398.	<p>Магниттік іске қосушылармен басқару үшін бір батырмалы постарды бұл посттар ажырату</p>	елеулі

	үшін қолданылатын жағдайды қоспағанда, қолдануға жол бермеу	
3399.	Машиналарды немесе оларға кернеулікті бір мезетте екі және одан көп басқару тетігінен кернеулік беретін сызбаларды қолдануға жол бермеу	елеулі
3400.	Шахтаның өндірістік алаңында барлық жұмыс орындары, оқпан маңындағы қабылау аумағы, сатылар, адамдар жүретін жерлер, электромеханикалық қондырғылар, автокөліктер, теміржол жарықтандыруға жатады	елеулі
3401.	Көтергіш машина, бас желжеткіш қондырғы, компрессорлық ғимараттар, оқпандардың шахта үстіндегі ғимараттары, қазандықтар ғимараттарында, әкімшілік-тұрмыстық ғимараттарда тәуелсіз қоректену көзінен авариялық жарықтандыру көзделеді	елеулі
3402.	Шахталарда кен орындарында жасалған шырақтар пайдаланылады	болмашы
3403.	Жер асты жарықтандыру құрылғыларын қоректендіру үшін 220 Вольттан артық емес желілі кернеулік қолданылады	елеулі
3404.	Жер асты қазбаларында шырақтарды қоректендіру үшін кеніштік емес орындалған трансформаторларды қолдануға жол бермеу	елеулі
3405.	Аккумуляторлық шырақтарсыз адамдардың шахтаға түсуіне, олардың өндіру бойынша қозғалуына, қосылмаған жеке шырақсыз жұмыс жасауға болмайды	өрескел
3406.	Әрбір шахтадағы дұрыс жұмыс істейтін шырақтардың санын жер асты жұмыстарындағы тұлғалардың тізімдік санынан 10 пайыздан артық қамтамасыз ету. Шахтадағы барлық шырақтар нөмірлермен жабдықталады және әрбір жұмыскерге бекітіледі. Жұмыскерлерге берілетін аккумуляторлық шырақтар 10 сағаттан кем емес үздіксіз	өрескел

	қалыпты жану ұзақтығын қамтамасыз етеді. Шырақтар мен оларды зарядтау станцияларын ай сайын тексеру актісі болуы тиіс.	
3407.	Әрбір шахтада немесе кіші шахта топтарында жанбайтын материалдардан жасалған ғимаратта орналасатын лампалық бөлме болады, лампалық бөлмелер әкімшілік - тұрмыстық комбинаттар ішінде ғимараттың басқа бөлігінен металл есік қоюға болатын жанбайтын материалдан жасалған қабырғамен бөлінеді, барлық лампалық бөлмелер таза ұсталады және оларда жалпы және жергілікті желдеткіштер болады	өрескел
3408.	Лампа бөлмелерінде өзіндік құтқару құралдарын, ал силикоз қауіпті шахталарда респираторларды сақтау, тексеру және беру орындары көзделеді	өрескел
3409.	Шахта телефон байланысымен жаракталады. Телефон аппараттары барлық пайдалану және дайындау учаскелері мен деңгейжиектерінде, жүктерді тасып шығарудың және тасымалдаудың негізгі пункттерінде, барлық электромашина камераларында, орталық кіші станцияларда, адамдарды көлік құралдарына отырғызу пункттерінде, оқпан маңында, жарылыс материалдары қоймасында, медициналық пункте, ал диспечерлік телефондық байланыспен жабдықталған кезде – шахтаны диспетчерлендіру жобасы сәйкес, АЖЖ көзделген жерлерде орнатылады Бас су төккіштің сорғыш камерасында, медициналық пункте жер асты және жер асты орталық кіші станцияларда, желдеткіш ғимараттарында жер үстіндегі жалпы шахталық телефон станциясымен тікелей байланысы бар телефон орнатылады	өрескел
	Жалпы шахта коммутатор және диспечер тетігі жағынан қосылатын телефон желісі мен	

3410.	транзиттік абоненттер желісі максимальді тоқ қорғанысымен жабдықтау Шахталардағы барлық жер асты телефон желілері екі сымды	өрескел
3411.	Қатты сөйлейтін жер асты байланысы тізбегін ескерту дабылын қоректендіру 60 Вольттан жоғары емес кернеулік көзінен іске асырылады	өрескел
3412.	Электр құрылғылары мен сымдары бар қазбалардағы электр техникалық құрылғылар мен кондырғылардың кернеулігі дұрыс берілмейтін, бірақ оқшаулау зақымданған кезде кернеулікте болатын (трубалар, сигналды тростар, металл скреперлік полкілер және тағы басқалар) металл бөлігі жерге қосуға жатады	өрескел
3413.	Шахталардың жер асты қазбаларында барлық жерге қосуға жататын объектілер, бас және жергілікті жерге қосушылар қосылатын жерге қосудың жалпы желісі орнатылады	өрескел
3414.	Шахтада бірнеше горизонт болған жағдайда әрбір горизонттың жерге қосу құрылғысы жерге қосушымен зумпта және су жинағышта қосылады	өрескел
3415.	Шахталарда бас жерге қосу құрылғылары үшін зумплар мен су жинағыштарда жасанды жерге қосушылар жасалынады Жергілікті жерге тұйықтау құрылғысы үшін қуақаздық сутартқыш арналары мен осы мақсатта пайдалануға болатын орындарда жасанды жерге тұйықтаулар жасалынады.	өрескел
3416.	Шахтада жөндеу, біреуін тазартқан кезде бір - бірін алмастыратын екіден кем емес жерге қосу (зумпфада және су жинағышта) орнату	өрескел
3417.	Құрылғының бірнеше жерге қосылатын бөлігін жерге қосу өткізгіштеріне тізбектей қосуға болмайды	өрескел
	Шахтаның барлық жерге қосу желісін және олардың	

3418.	кедергілерін өлшеу (3 айда бір реттен кем емес) нәтижелері жазылған Жерге қосылуды қарау және өлшеу журналының болуы	өрескел
3419.	Барлық шахталардың (жаңа, жаңғыртылған, әрекеттегі) жобаларында "Өртке қарсы қорғаныс" бөлімдері болуы керек	өрескел
3420.	Шахталық көтергіш құрылғылардың мұнаралық копрлары сыртқы жағынан копрдың әрбір белгісінен шахтаның бетіне адамдардың қауіпсіз шығуын қамтамасыз ететін металл сатылармен жабдықталады	өрескел
3421.	Оқпан, штольня, шурф маңындағы копрлар мен шахта үстіндегі ғимараттар, таза ауа өтетін көтергіш машинаның камерасы бар тұйық оқпанның копрлы бөлігі жанбайтын материалдардан жасалынады Барлық тіке және еңкіш ауызын, штольня және шурфтардың аузын жер бетінен 10 метрден кем емес қашықтықта жанбайтын материалдармен бекіту Көлденең және еңкіш қазбалармен қиылысатын жанасушы қабарғалардан әр жаққа 10 метрден кем емес қашықтықта тіке және еңкіш оқпандар қиылысын, штольня және шурфтар, горизонттар мен оқпан маңындағы ауламен және шахта оқпандары бойынша – оқпан маңындағы ауланың бөлігінің биіктігін жанбайтын материалдармен бекіту Негізгі ауыздың, арбалар мен еңкіштер түйіскен жерлерін қиылысатын қазбалардың жанасушы қабырғаларынан әр жаққа 10 метрден кем емес қашықтықта тасып шығару және желдеткіш қуақаздарын жанбайтын материалдармен бекіту	өрескел
	Шахта оқпандарының таза ауа беретін ауыздары мен шурфтарының металл науалары, ал штольня ауызында металл есіктер болады, бұл құрылғылар	

3422.	<p>қазбалар қимасын жеңіл және тығыз жабады және дұрыс жағдайда болады</p> <p>Металл қақпақтарды басқару екі жерден іске асырылады: копердан тікелей және шахта үстіндегі ғимараттың сыртынан</p>	өрескел
3423.	<p>Бас желдеткіш құрылғылары мен ұлғайтуға жұмыс істейтін қосымша желдеткіш құрылғылардың барлық ғимараттары мен желдеткіш арналары, барлық калориферлі арналар мен олардың 10 метр қашықтықтағы қазбалармен түйскен жері жанбайтын материалдардан жасалады</p> <p>Желдеткіш арналарда шахтаға сырттан ауа келуін жабу кезінде кедергі келтіретін өзіндік сымдары бар екі металл қақпақ (жапқыш) орнатылады.</p> <p>Шахталардың таза ауа беруге арналған көтергіш оқпандары, терезесіне тор орнатылған және ішіне қарай оңай ашылатын, металл есіктері бар жанбайтын материалдан жасалған аузы жеке ғимаратқа шығатын желдеткіш арнамен жабдықталады.</p>	өрескел
3424.	<p>Шахтаның жер асты қоймасында сақталатын отын мөлшері алты тәулікті, ал майлаушы материалдар екі апталық қордан аспайды. Шахта құрылысы кезінде (немесе жұмыс істейтін шахтада жаңа деңгейжиекті ашуда) жанар-жағар май қоймасын жабдықтағанға дейін жанатын сұйықтарды қазбаларға (деңгейжиекке) жұмыс істейтін машиналарды бір рет толтыруға қажетті мөлшерден аспайтындай мөлшерде жеткізуге жол беріледі. Бұл ретте жанатын сұйықтар толықтыруға жедел қолданылады</p>	өрескел
	<p>Жанар-жағар май материалдар қоймасынан және гараждан шахта оқпанына, оқпан маңындағы қазбаларға, камераларға (электр кіші станциялары, жарылғыш материалдар қоймасы және тағы басқа.) дейінгі, жарылыстардан</p>	

3425.	шахтаға таза ауа ағынын немесе оның едәуір бөлігін тоқтатуы мүмкін, желдеткіш есіктерге дейінгі арақашықтық 100 метрден кем емес. Дизельді машиналарға қызмет көрсететін басқа да пункттер көрсетілген қазбалар мен құрылғылардан 50 метрден кем емес қашықтықта орналасады	өрескел
3426.	Гараждар, жанар-жағар май материалдар қоймалары, бөлшектерді жуу пунктері, оларға бару жолдары тіреуіштері мен қабырғалары ұзындығы 25 метр жанбайтын материалдардан жасалады	өрескел
3427.	<p>Машиналарға қызмет көрсету пункттері өрт сөндіру құралдарымен, материалдарымен және бұйымдармен келесі мөлшерде жинақталады: бес көмірқышқыл (ұнтақ) өрт сөндіруші; 0,4 метр құм; екі күрек; екі шелек және лом; жанбайтын құраммен қаныққан мөлшері 2x2 метр брезент; өртке қарсы гайкасы бар өртке қарсы су магистраль және ұзындығы 20 метр брондспойты бар өрт құбіршегі</p> <p>Өрт сөндіру құралдары қуыстағы таза ағын жағынан пунктке кіре берістен 10-15 метр қашықтықта орналасады</p> <p>Жанар-жағар май материалдар қоймаларында өрт сөндіретін автоматты қондырғы, АЖЖ анықталған орындарға сигнал бере отырып, өрттің пайда болғаны туралы хабарлайтын автоматты дабыл белгісі орнатылады</p>	елеулі
3428.	Жанар-жағар май материалдар қоймалары мен гараждардың жанасқан қазбаларға екі шығу жолы болады, әрбір шығу жолында екі металл есігі бар өртке қарсы белдікпен жабдықталады.	елеулі
3429.	Жанар-жағар май материалдар қоймалары мен жанатын сұйықтармен бөлшектерді жуу пункттерінде жерді тереңдету немесе жанатын сұйықтардың	елеулі

	сыртқа ағу мүмкіндігін болдырмайтын құрылғы білігі көзделеді	
3430.	Камерадан тыс орналасқан жанар-жағар май материалдар қоймалары мен гараждар телефонмен жабдықтау, мұнда жанатын сұйықтары бар резервуарлар тұрады, бірақ қоймадан 20 метрден алыс емес	елеулі
3431.	Жанар-жағар май материалдар қоймасында және осыған апаратын қазбалардан 5 метр қашықтықта қандай да бір электр техникалық (шоғырсымдар, троллей) жарықтандырушы және телефон желісінен, сонымен қатар қоймада жанатын сұйықтарды құюға қызмет көрсеттін сорғыға электр қуатын беретін шоғырсымнан (брондалған немесе бензинге берік оқшауланған) басқа қондырғылар орнатуға болмайды	өрескел
3432.	Жанар-жағар май материалдар қоймаларын және оларға баратын жолдарды 20 метр қашықтықта жарылуға қауіпсіз электрмен жарықтандыруға болады Ажыратқыштар мен сақтандырғыш қалқандар жанатын сұйықтарды сақтайтын камералардан тыс және одан 10 метрден жақын емес (камераға кіретін ауа ағыны) қашықтықта орналастырылады	өрескел
3433.	Жанатын сұйықтары бар камерадағы резервуарлар, құбырлар және аппаратуралар жерге қосылады	елеулі
3434.	Жанар-жағар май материалдар қоймасынан 30 метр қашықтықта аттыру жұмыстарын жүргізуге болмайды. 100 метрден кем қашықтықта бір уақытта аттырылатын зарядтардың максимальды салмағы 20 килограммнан аспауы керек	елеулі
	Өртке қарсы материалдарды, қондырғылар мен құралдарды сақтау үшін шахта үстіндегі ғимараттан, штольня және	

3435.	автокөлік еңкіштері ауыздарынан 100 метр қашықтықта орналасқан және соңғы рельстік жолмен немесе автожолмен байланысты шахталардың өндірістік аумақтарында қоймалар ұйымдастырылады	елеулі
3436.	Өртті және апатты жою кезінде шығындалған материалдар тәулік бойында толықтырылады	өрескел
3437.	Өртке қарсы барлық қоймалар құлыппен жабылады және пломбланады	елеулі
3438.	Сыртқы өрт су ағыны жоқ шахталар үстінде жылытылған өртке қарсы су айдындары ыдыстары жасалынады және толтырылады, оның сыйымдылығы жобаның "Өртке қарсы қорғаныс" бөлімшесімен анықталады Су айдыны маңында өнімділігі мен қысымы жобаның "Өртке қарсы қорғаныс" бөлімімен белгіленетін, қыс кезінде жылытылатын ғимаратта орналастырылған сорғылар (жұмыс және резервті) орнатылады	елеулі
3439.	Ұңғыма аузындағы кіріс ағыны бар қазбаларда және оқпан маңындағы аулаға жақын деңгейжиектердің барлығында жанбайтын материалдан жасалған ауа ағынына қарай жеңіл жабылатын екі қабат есік орнатылады, есіктерді орнату орны жобамен анықталады, есіктер арасындағы арақашықтық 10 метрден кем емес	елеулі
3440.	Өзіндік жануға бейім кендері немесе сыйымды жыныстары бар кен орындарын өңдейтін шахталарда барлық жұмысшылар өзінше жанатын кендер мен сыйымды жыныстарын анықтау әдістерімен, өздігінен тұтану өрттерімен күресу және өрт кезінде өзін құтқару әдістерімен таныстырылады	болмашы
	Жер асты өрттерін сөндіру үшін судың өрт қоры ретінде	

3441.	деңгейжиектердің су төгетін қондырғыларының су жинағыштары пайдаланылады, бұл сужинағыштарда шахтаның техникалық жетекшісі анықтайтын мөлшерде бақыланып отыратын, су қоры болады	өрескел
3442.	Шахта үстіндегі оқпандарды өртке қарсы сақтау үшін шахта үстіндегі ғимаратта диаметрі 70 миллиметр үштен кем емес өрт бұрандалары орнатылады	өрескел
3443.	Барлық тіке және еңкіш оқпандар мен шурфтар сағаларында суарғыштары бар айналмалы құбыр жолдары орнатылады	өрескел
3444.	Шахталық копрлар өрт кезінде шкифтар мен шкиф маңындағы алаңдарды суару үшін су беруге арналған құбыр жолдармен жабдықтау	елеулі
3445.	Мұнаралы копрлардың барынша өрт қауіпті ғимараттарын (кіші станциялар, трансформаторлық кіші станциялар, май толтырылған қондырғылар болған жағдайда және соған ұқсас қондырғылар болған жағдайда таратушы құрылғылар) автоматты өрт сөндіру қондырғыларымен жабдықтау	өрескел
3446.	Жер асты қазбаларында өрт және шаңмен күресу үшін бірлескен өрт - суару құбыр жолдары көзделеді, өрт-суару құбыржолдарының желісі су ағының астында болады	өрескел
3447.	Қазбаларда іштен жану қозғалтқышы жоқ өзі жүретін қондырғы, электр кабелі, ағаш тіреуіші болмаған жағдайда, газ немесе шаң бойынша қауіпті емес, және өзі жанатын кен шахталарда өрт қауіпсіздігі құбыржолдарының қажетті еместігі туралы АҚҚБ-мен келісімделген, шахтаның техникалық басшысының шешімі болуы.	өрескел
	Жер астындағы қазбаларда өрт-суару құбыр жолдары желісі магистральді және учаскелік желілерден тұрады, магистральді	

3448.	желілер диаметрі өткізу мүмкіншілігінің есебіне байланыссыз 100 миллиметрден кем емес, ал учаскелік 50 миллиметрден кем емес	өрескел
3449.	Өрт-суару құбыр желілері ұштары дайындау қазбалардың кенжарынан 50 метрден кем емес орналасады және өрт сөндірудің екі жеңі мен өрт оқпаны салынған өрт бұрандаларымен жабдықталады	өрескел
3450.	<p>Өрт-суару құбыр жолдары нөмірленіп, орналастырылатын бір типтегі өрт бұрандаларымен жабдықталады:</p> <p>1) таспалық конвейерлерімен қазбаларда - әрбір 50 метр сайын; бұл жағдайда конвейердің көтерме ұшының екі жағынан қосымша одан 10 метр қашықтықта екі өрт бұрандасы орнатылады. Өрт бұрандаларының жанында екі шетінен қосылатын ұшымен қамтмасыз етілген диаметрі 19 миллиметр шашыратқышы бар оқпан және диаметрі 66 метр, ұзындығы 20 метр жең сақталатын жәшік орнатылады;</p> <p>2) барлық камераларда ауа кіретін жақтан өрт бұрандаларының жанынан 10 метр қашықтықта. Өрт бұрандасының жанында ұзындығы 20 метр жең және өрт оқпаны орналастырылады;</p> <p>3) әрбір жүрістің жанында жарылғыш материалдар қоймасына 10 метр қашықтықта. Өрт бұрандасының жанында ұзындығы 20 метр жең болатын және өрт оқпаны орнатылады;</p> <p>4) жер асты қазбалардың қиылысы мен ажыратылуында;</p> <p>5) қиылысулары мен ажыратылушылары жоқ көлденең қазбаларда, еңкіш оқпандар мен штольняларда - 200 метр сайын (тік орналасқан оқпандардың құлайтын трубақұбырларында өрт бұрандаларын орнатуға болмайды);</p>	өрескел

	<p>6) қиылысулары мен тарамдары жоқ еңкіш қазбаларда әрбір 100 метр сайын;</p> <p>7) камералары жоқ оқпан маңындағы аулаларды - әрбір 100 метр сайын;</p> <p>8) оқпандарның оқпан маңындағы алаңмен қиылысатын жерінде оның екі жағынан. Өрт бұрандасымен қатар ұзындығы 20 метр бір жең болатын және өрт оқпаны орнатылады;</p> <p>9) ұзындығы 50 метрден артық тұйық қазбаларда әрбір 50 метр сайын. Өрт бұрандасының жанында сағада және кенжарда ұзындығы 20 метр екі жең болатын және өрт оқпаны орнатылады</p>	
3451.	Өрт-сөндіру құбыр жолдары бірізді нөмірленетін және оларды қолдану тәртібі көрсетіле отырып, сызбаға салынатын қысымды таратушы және реттеуші құрылғылармен жабдықталады	өрескел
3452.	Барлық құбыр жолдары жер үстінде қатып қалудан сақталады	өрескел
3453.	Шахтаның тұтастай өрт - сөндіру құбыр жолдары танушы қызыл түске боялады	өрескел
3454.	Автоматты өрт сөндіру құрылғысына, тұрақты қызмет көрсететін адам болмайтын камералар үшін қорғалатын қондырғының қасында камераға енетін орыннан 10 метрден кем емес таза ауа кіретін жақтан камераның сыртынан өрт сөндіруші, құм орналастырылады. Тұрақты кезекшілігі бар камералар үшін кезекші персоналдың жұмыс орнында. Теріс температуралы қазбаларда тек ұнтақты өртсөндіргіштер қолданылады.	өрескел
3455.	Тау қазбаларда өртті оқшаулау үшін жанбайтын материалдардан жасалған өрт сөндіру есіктері (лядалар) орнатылады. Олардың екі жағынан 5 метрден кем емес ұзындықта жанбайтын тіреуіш салынады	болмашы

3456.	<p>Предусмотрение для закрывания (открывания) пожарных дверей (ляд), установленных в выработках с углом наклона более 35 градусов , в выработках со значительной депрессией приспособления (окна, рычаги, лебедки)</p>	өрескел
3457.	<p>Таза ауа берілетін тіке оқпандар мен шурфтар сағаларын, желдеткіш және калорифер арналарын өрт сөндіру науаларымен, ал еңкіш оқпандар мен штольнялардың сағаларын - өрт сөндіру есіктерімен жабдықтау.</p> <p>Конвейерлермен жабдықталған еңкіш қазбаларда өрт сөндіру есіктері конвейерді жергілікті бөлшектеусіз жармалардың жабылуы үшін фигуралы ойындылармен жасалады. Қазбалар қимасының бөлігін жабылмаған есікпен герметизациялау үшін есік маңында арнайы қуыста материалдың (саз және құм) қажетті қоры сақталады.</p>	елеулі
3458.	<p>Таза ауа беретін оқпан маңындағы аулалар мен штольня жанындағы барлық деңгейжиектерде таза желдеткіш ағын қозғалысының бағытында жабылатын екі қабат есік орнату. Есіктер арасындағы қашықтық 10 метрден көп емес</p>	елеулі
3459.	<p>Таза ауа беретін тұтқасы бар барлық жер асты камераларының әрбір шығатын жерінде өрт сөндіру есіктері және желдеткіш терезелерде металл науалар болады. Өрт сөндіру есіктері жүріс камерасының іргелес орналасқан қазбалармен қиылысуында 3 метрден артық емес қашықтықта орналастырылады немесе авариялық жабылуға арналған автоматты құрылғылармен жабдықталады. Есіктер сыртқа ашылады және ашық түрде қазбаларға кедергі жасамайды. Конвейер көтермесі, шығырлар, төгу және итергіш камераларында, сонымен қатар тез тұтанатын</p>	болмашы

	материалдар (күту залы, диспечер пункті және тағы басқалар) болмайтын камераларда өрт сөндіру есіктері орнатылмайды.	
3460.	Майлау материалдары сақталатын және қолданылатын конвейер желісінің көтермелері камераларын автоматты өрт сөндіру құралдармен жабдықтау	елеулі
3461.	Су басып қалған шахталарда, сонымен қатар улы және жанатын газдар жиналып қалуы мүмкін қазбаларда су және газ жарып өтуі бойынша қауіпті аумақтардың шекаралары анықтау	болмашы
3462.	Қауіпті аумақтардың шекараларын айқындау жобалық құжаттамасының болуы	болмашы
3463.	Су сақтағыш және су басып (қорқас, су әкелетін карстар) кеткен кен орындары жобалық құжаттама бойынша жүргізу	елеулі
3464.	Сорғы камераларының еденін су төккіш жолдардың деңгейінен 0,5 метрден кем емес биіктікте жоғары орнату	болмашы
3465.	Негізгі және учаскелік су төккіш қондырғыларында екі немесе одан көп қазбалардан тұратын су жинағыштар болады	елеулі
3466.	Негізгі су төккіштің су жинағыштар сыйымдылығы 4 сағаттан кем емес қалыпты су ағынына, ал учаскелік 2 сағаттық су ағынына есептеледі. Дренажды шахтаның су төккіш су жинағыш қондырғылары 2 сағаттық су ағынына есептеледі	елеулі
3467.	Негізгі су төккіштің сорғы камерасы сорғы камерасының еденінен оқпанға 7 метрден төмен емес биіктікке шығарылатын шахта оқпанының жүргіштерімен және герметикалық жабылатын оқпан маңындағы ауламен-жүргішпен қосылады	елеулі
3468.	Су жинағыштар жиі - жиі тазартылып тұрады, су жинағыштардың оның көлемінен 30 пайызға артық ластануына жол берілмейді	елеулі

3469.	<p>Су ағыны сағатына 50 метрден артық болатын шахталардың бас су төккіш қондырғылары үштен кем емес сорғы агрегаттарымен жабдыкталады. Су ағыны бір сорғы агрегатының өнімділігінен артық болатын шахталар үшін резервті және жөндеу агрегаттарының саны:</p> <p>1) 4 сорғы агрегатында – 2 (жұмыста), 1 (қорда), 1 (жөндеуде);</p> <p>2) 5 сорғы агрегатында – 3 (жұмыста), 1 (қорда), 1 (жөндеуде);</p> <p>3) 7 сорғы агрегатында – 4 (жұмыста), 2 (қорда), 1 (жөндеуде);</p> <p>4) 8 сорғы агрегатында – 5 (жұмыста), 2 (қорда), 1 (жөндеуде);</p> <p>5) 9 сорғы агрегатында – 6 (жұмыста), 2 (қорда), 1 (жөндеуде);</p> <p>6) 11 сорғы агрегатында – 7 (жұмыста), 3 (қорда), 1 (жөндеуде)</p>	елеулі
3470.	<p>Жұмыс істейтін су төккіш қондырғылар өнімділігі 20 сағаттан артық тәуліктік қалыпты ағынды айдап шығаруды қамтамасыз етеді. Оқпандарды бұрғылау кезінде сорғылар мен олардың өнімділігі жобада анықталады</p>	елеулі
3471.	<p>Бас су төккіш қондырғылар екіден кем емес су төккіш қондырғылар құбыр жолдарымен жабдыкталады , олардың біреуі резервте болады</p>	елеулі
3472.	<p>Бас су төккіш қондырғылар судың деңгейін көрсететін, белгісі кезекші қызметкердің тұрақты болу пунктіне шығатын апатты дабылмен жабдыкталады. Автоматтандырылмаған су төккіш қондырғыларды тұтыну кезінде қызмет көрсететін қызметкер тәулік бойы кезекшілік етеді.</p>	елеулі
3473.	<p>Негізгі су төккіш камерасында жұмысшы және апатты жарық көзі , өрт сөндіру құралдары қарастырылып, вентильдер, жапқыштар және электрмен қамтамасыз ету нобайы көрсетілген сызбасы ілінуі қажет</p>	елеулі
	<p>Сорғы камерасындағы айдамалы құбыржолдары сақиналанады және сорғы агрегаттарды</p>	

3474.	кез-келген құбыржолдарына ауыстыруға мүмкіндік беретін бұрандалармен қамтамасыз етіледі	елеулі
3475.	Негізгі су төккіш қондырғыларды тексеру нәтижелері жазылған Су төккіш қондырғыларды қарау журналының болуы	елеулі
3476.	Таукен жұмыстарын депрессиялық түтікшеден төмен жүргізуге жол берілмейді. Жекелеген жағдайларда жұмыстарды қауіпсіздік шаралары қарастырылған арнайы жобалар бойынша жүргізуге жол беріледі.	елеулі
3477.	Қазбалардың кенжарларынан су қосымша сорғы қондырғыларының су жинағыштарына арналар, су ағызатын науалар немесе құбырлар арқылы өткізіледі	елеулі
3478.	Шахта оқпанының зумпфаларын тазарту немесе онда жұмыстар жүргізу кезінде оқпан бойынша көтеруші ыдыстардың қозғалысы толық тоқтатылады, ал зумпфадағы жұмыс істеушілер жоғарыдан заттардың түсуінен қорғалады. Қазбаның табанын су басып қалуға жол берілмейді.	елеулі
3479.	Құрал-саймандармен бақылау жасау және оны Жер бетінің қозғалуын, ғимараттар мен жер асты құрылғыларының бүлінуіне бақылау жасауды есепке алу журналының болуы	елеулі
3480.	Тау-кен кәсіпорнының құрылысы, пайдалану және жою бойынша жұмыстарды жүргізетін ұйымда Маркшейдерлік, геомеханикалық және геологиялық қызмет нұсқамалары журналының (электронды журнал) болуы, бұл журналға жоба бойынша анықталған ауытқуларды, қауіпті аумақтардың болуын, олардың құзыретіне енетін басқа ескертпелерді жазады	болмашы
3481.	Геодезиялық және маркшейдерлік жұмыстар жүргізу жобасы	елеулі
	Жер бетінде қауіпті аумақ шегінде және көліктің тынымсыз	

3482.	қозғаласы орындарында, тиеу-түсіру жұмыстары жүргізілетін орындарда, материалдар, конструкциялар жинау орындарында, электр берілуінің жоғары вольтты желілері аумағында және осыған ұқсас жерлерде геодезиялық желінің тіреуіш пунктін салуға болмайды	елеулі
3483.	Шахта оқпандарының көтеру кешенін тексеру кезінде көтеру машинасының машинисті мен түсіру жүргізушілер арасында тұрақты телефон немесе радио байланысын қамтамасыз ету	өрескел
15-бөлім. Тау-кен жұмыстарын ашық тәсілмен жүргізетін қауіпті өндірістік объектілері үшін өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы талаптар		
3484.	Ашық тау-кен жұмыстарын жобаның негізінде жүргізу	өрескел
3485.	Ұйымның техникалық басшысымен әзірленген және бекітілген технологиялық регламенттердің болуы	елеулі
3486.	Объектінің штатында емес бөгде тұлғалар объектіге кіру кезінде қауіпсіздік шаралары бойынша нұсқаулықтан өтеді және жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз етіледі	елеулі
3487.	Қауіптілікті жою, мүмкін болатын авариялардың, өрттің алдын алу және адамдарды құтқару жағдайларынан басқа, қауіпті орындарда персоналдың болуына жол берілмейді	елеулі
3488.	Ойық жерлер, зумпфтар, шұңқырлар, пайдаланылмайтын шыңыраулар, дренаждық ұңғымалар, тік қазбалар жабылып қоршалады	өрескел
3489.	Аумақ бойынша адамдардың жүргінші жолы немесе автокөлік қозғалысы бағытына қарама-қарсы автожолдардың жағасымен жүруіне болады	елеулі
	Кез келген кернеуліктегі электр беру әуе желілерінің астынан машиналар мен механизмдердің, қондырғылар, конструкциялар және басқа да жүктерді	

3490.	<p>тасымалдауға олардың көлемдері жол немесе трасса белгісінен 4,5 метрден артық емес биіктікте болса рұқсат етіледі. Электр желісінің төменгі қашықтығынан тасымалданатын қондырғыға дейінгі арақашықтыққа қарамастан көрсетілген көлемдерден асқан жағдайда осы электр желісіне ие ұйымның жазбаша рұқсаты алынады, тасымалдау рұқсатта көрсетілген қауіпсіздік шараларын сақтай отырып іске асырылады</p>	елеулі
3491.	<p>Кен орындарын бір мезгілде ашық және жерасты тәсілдерімен қатар қазу кезінде, жерасты дренаждық қазбаларын өткізу және пайдалану кезінде, ашық және жер асты таукен учаскелерінде жұмыс істейтіндердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша бірлескен іс-шаралар жүзеге асырылуы тиіс, соның ішінде:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тау-кен және жару жұмыстарын жүргізу жоспарлары мен кестелерін келісу; 2) жерасты кеніштерін желдетудің ауаны қысып топтау кестесін қолдану; 3) апаттық құтқару қызметі өкілдерінің ашық тау-кен жұмыстары объектісінде жаппай жару жұмысынан кейін жерасты қазбаларындағы атмосфераның жай-күйін тексеруді; 4) ашық тау-кен жұмыстары объектісінен жерасты тау-кен қазбаларына судың өту қаупін болдырмауды; 5) атмосферада улы жарылыс өнімінің болуын ауысым сайын бақылауды қамтамасыз етеді 	елеулі
3492.	<p>Кен орындарын аралас тәсілмен қазу кезінде тау-кен жұмыстары өзара келісілген ашық және жер асты таукен жұмыстарын жүргізу жобалары бойынша жүргізілуі тиіс</p>	елеулі
	<p>Кен орындарын аралас қазу кезінде мыналар қамтамасыз етілуі тиіс:</p>	

3493.	<p>1) жыныстар мен жер бетінің сырғу және өзгеру ерекшеліктерін зерттеу, тау-кен қазбаларының әсер ету саласын болжау;</p> <p>2) карьер мен жерасты тау-кен жұмыстары арасындағы сақтандырғыш (табиғи немесе жасанды) кентіректің өлшемдерін анықтау;</p> <p>3) қазылған кеңістіктің кейбір учаскелері (камералар) үстіндегі төбенің қалыңдығын анықтау;</p> <p>4) тірек кентіректердің параметрлерін есептеу;</p> <p>5) тазартылатын кеңістіктің төбесінің ашылған шектік ауданын анықтау;</p> <p>6) карьер ернеуіне қорларды шығару кезінде оның тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін төсем беріктігін есептеу;</p> <p>7) қазылған кеңістікті толтыру толықтығын қамтамасыз ету</p>	елеулі
3494.	Кен орындарын аралас қазу кезінде тау-кен жұмыстарын жүргізу фронты ашық жұмыстарда жерасты тазарту жұмыстарын дамыту фронтына қарсы бағытта орналасуы тиіс	елеулі
3495.	Кен орындарын ашық және жерасты тәсілдерімен аралас қазу жұмыстарын жүргізуші ұйымдар апаттық құтқару қызметімен бірге газдың өтуі, судың жаруы, тау-кен қазындысының өзгеруі ықтимал, қауіпті аймақтар шегіндегі тау-кен жұмыстарының учаскелерін анықтайды және көрсетілген учаскелердегі жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын әзірлейді	өрескел
3496.	Беткейлердің немесе карсттардың болуы салдарынан ықтимал құлау немесе қирау аймақтарында жұмыс істеген кезде карьердің ернеулері мен топырағының жай-күйін аспаппен маркшейдерлік бақылау жүргізіледі. Жыныстардың сырғу белгілері байқалған кезде жұмыс тоқтатылады	өрескел

3497.	Тау-кен жұмыстарын карьерде және жерасты кенішінде бір тік жазықтықта бір мезгілде жүргізген кезде қазынды мен карьер ернеуінің тұрақтылығын қамтамасыз ететін сақтандырғыш кентіректі қалдыру қажет	өрескел
3498.	Карьерде жаппай жару жұмысын жүргізу кезінде адамдарды жерасты қазбаларынан шығару	өрескел
3499.	Ашық және жерасты тау-кен жұмыстары арасында сақтандырғыш кентіректерді қазу кентірек пен карьердің ернеулерінің бұзылуын болдырмайтын және жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін шараларды орындаған кезде жоба бойынша жүзеге асырылады	өрескел
3500.	Ескі су басқан қазбалар мен беткі су айдындары тау-кен жұмыстарының жоспарларында көрсетіледі	елеулі
3501.	Қондырғылар, аппаратуралар және құралдарды дайындаушының қолдану басшылығына сәйкес пайдалану	өрескел
3502.	Қондырғыларды, механизмдерді, аппаратураларды және бақылау-өлшеу құралдарын пайдаланушы ұйымдардың оларды пайдалану және жөндеу туралы мәліметтері енгізілетін құжаттары болады	өрескел
3503.	Қондырғыларда орнатылған бақылау өлшеу аспаптарының тексеру таңбалары болуы тиіс	өрескел
3504.	Белгіленген мерзімдерге сәйкес қарау нәтижелері жазылған Қондырғыларды қарау журналының болуы	өрескел
3505.	Механизмдерді іске қосу, аппаратураларды, құралдарды қосу алдында олардың дұрыс жұмыс істеуіне, қауіпті аймақта адамдардың болмауына көзі жетіп, ескерту белгісін береді	өрескел
3506.	Механизмдерді қарау және ағымдағы жөндеу кезінде олардың сымдары сөндірілген болуы, олардың қате қосылуына немесе	өрескел

	өздігінен қосылуына жол бермейтін шаралар қабылдануы	
3507.	Құжат бойынша рұқсат етілген артық жүктемелер (қысым, ток күші, кернеулік, және тағы басқа) кезінде қондырғылар, аппаратуралар және құралдарды пайдалануға жол бермеу	өрескел
3508.	Жұмыс істеп тұрған механизмдерге шығуға немесе жұмыс істеп тұрған механизмдерде тұрып қандай-да бір жұмыс істеуге жол бермеу	өрескел
3509.	Қондырғылар мен аппаратураларының конструкциясына өзгерістер енгізуге ұйым-әзірлеуші, зауыт-дайындаушы келісімі бойынша жол беріледі. Модернизацияланған техниканы, ұйымдар әзірленген іске қосу оны сынақтан өткізгеннен кейін және акті бойынша қолдануға рұқсат етілгеннен кейін жүргізіледі	болмашы
3510.	Ашық тау-кен жұмыстары объектілерінде жолдың ұзындығы жұмыс орнына дейін 2,5 километрден астам және жұмыстың тереңдігі 100 метрден астам болған кезде жұмысшыларды жұмыс орнына жабдықталған көлікпен жеткізу ұйымдастырылады. Адамдарды тасымалдау маршруттары мен жылдамдығы ұйымның техникалық басшысымен (көлік мердігер ұйымға тиесілі болған жағдайда қосымша мердігер ұйымның басшысымен келісіледі) келісіледі. Адамдарды отырғызу алаңдары көлденең орналасады. Отырғызу алаңдарын жолдың өтетін бөлігіне орнатуға жол берілмейді	өрескел
3511.	Өздігінен түсіретін вагондарда, шанақты автосамосвалдарда, аспалы жолдар мен осы мақсатқа арналмаған көлік құралдарының жүк вагоншаларында адамдарды тасымалдауға жол бермеу	елеулі
	Кемерлер арасындағы тау-кен жұмыстарын байланыстыру үшін	

3512.	<p>екі жағында тұтқасы бар және көлбеуі 60 градустан аспайтын берік сатылар немесе көлбеуі 20 градустан аспайтын құламалар орнатылады. Биіктігі 10 метрден аспайтын, ені кемінде 0,8 метр көлденең алаңдары бар саты белдіктері биіктігі бойынша бір-бірінен 15 метрден аспайтын қашықтықта орналасады. Кемердің ұзындығы бойымен сатыларды орнату қашықтығы мен орны тау-кен жұмыстарын дамыту жоспарымен анықталады. Кемердің ұзындығы бойымен сатылар арасындағы қашықтық 500 метрден аспауы керек</p>	елеулі
3513.	<p>Адамдардың жұмыс істеп тұрған тетіктердің қауіпті аймағында, кемерлердегі бұзылуы мүмкін призманың айналасында және кемер еңісінің төменгі сағасына өте жақын болуына жол бермеу</p>	болмашы
3514.	<p>Орлар қазу, кемерлер, драже полигондарын қазымдау, үйінділерді салу бойынша тау-кен жұмыстарын ұйымның техникалық басшысымен бекітілген жергілікті жобаларына (бұдан әрі - паспорттарына) сәйкес жүргізу</p>	елеулі
3515.	<p>Биіктігі 30 метрге дейінгі кемерлерді қабат сайын қазуға жол беріледі, бұл ретте кенжардың биіктігі экскаватордың ең жоғарғы көсіп алу биіктігінен аспауы тиіс</p>	елеулі
3516.	<p>Жұмыс істейтін кемер сағаларының жобамен белгіленген бұрыштарын және олар мынадай мөлшерден асырмай қадағалау: механикалық күрек, драгалайн, роторлық экскаваторлар түріндегі экскаваторлармен жұмыс істеген және тастақ жыныстарды қолмен қазған кезде - 80о; көп шөмішті шынжырлы экскаваторлармен төмен көсіп алып жұмыс істеген және борпылдақ және сусымалы жыныстарды қолмен қазу кезінде осы жыныстардың табиғи еңісінің бұрышынан;</p>	болмашы

	<p>қолмен игеру кезінде: жұмсақ, бірақ тұрақты жыныстарды қазу кезінде 50 градустан, тастақ жыныстарды қазу кезінде 80 градустан аспауы тиіс</p>	
3517.	Жұмыс алаңдарының енін жобаға сай қадағалау	болмашы
3518.	Теміржолдар немесе конвейерлер болған жағдайда үйіндінің төменгі сағасынан бастап теміржол шүлдігіне немесе конвейер шүлдігіне дейінгі қашықтық 4 метрден кем болмауы тиіс	елеулі
3519.	Кемерлерді қазып алу және оларды шекті қалыпқа қою кезінде аралас бермалар арасындағы қашықтық, сақтандыру бермаларының ені, құрылымы мен қызмет көрсету тәртібі жобамен анықталады	елеулі
3520.	Сақтандыру бермаларының кесе-көлденең кескіні көлденеңінен немесе карьер ернеуіне қарай көлбей орнатылады	елеулі
3521.	Ернеулердің, сағалардың, кемерлер мен үйінділердің өзгеруін тексеру мен аспаптық бақылау мерзімділігін белгілейтін технологиялық регламенттің болуы	елеулі
3522.	Бұрышы 35 градустан астам кемер сағаларында жұмысты ұйымдастырудың жеке жобасымен жүргізу	елеулі
3523.	Көлденеңінен жұмыс орындары немесе тігінен екі аралас кемерлерде орналасқан тетіктер арасындағы қашықтық қолмен қазу кезінде 10 метрден кем емес және экскаватормен қазу кезінде ең үлкен көсіп алу радиусының бір жарым сомасынан кем болмауы тиіс	елеулі
3524.	Жерасты қазбаларының немесе карстарының болуы салдарынан құлауы немесе бұзылуы ықтимал аймақтарда беткейлердің және алаңдардың жағдайына маркшейдерлік қадағалау жүргізу	елеулі

3525.	Көшкінге қауіп және сел қауіп бар аймақтарда жұмыс жүргізу кезінде жергілікті жағдайларды ескере отырып, ұйымның техникалық басшысы бекітетін көшкінге қарсы және селге қарсы қорғау бойынша іс-шаралар жоспары әзірленеді	елеулі
3526.	Бұрғылау жұмыстарын жүргізуге арналған жұмыс орны: 1) дайындалған жұмыс фронтымен (тазартылған және жоспарланған алаңымен); 2) ақауы жоқ бұрғылау аспабы жинағымен; 3) бұрғылау паспортымен қамтамасыз етіледі	елеулі
3527.	Бұрғылау станогы есеппен немесе жобамен анықталатын, кемердің жоғарғы сағасынан қауіпсіз қашықтықта жоспарланған алаңда, бірақ сағадан бастап станоктың жақын орналасқан тірек нүктесіне дейін 2 метрден кем емес орнатылады, ал ұңғыманың бірінші қатарын бұрғылау кезінде оның бойлық шұлдігі кемер сағасына перпендикуляр болады. Айналдыра бұрғылайтын бұрғылау станоктарын орнату кезінде еңістен ұңғыманың бірінші қатарына станоктарды басқару қашықтықтан жүзеге асырылады	елеулі
3528.	Бұрғылау станогын жылжыту және айдау кезінде қойылатын талаптарды қадағалау: 1) кемер бойымен дінгегі көтерілген бұрғылау станогының орнын жоспарлаған көлденең алаңда ауыстыру; 2) бұрғылау станогын кемерден кемерге немесе жоғарғы вольтты желімен көшіру кезінде дінгек көлік қалпына төселеді, бұрғылау аспабы ажыратылады немесе бекітіледі	елеулі
3529.	Ұңғымаларды бұрғылауды паспортына және әрбір бұрғылау тәсілі үшін технологиялық регламентке сәйкес жүргізу	елеулі

3530.	Диаметрі 250 миллиметрден астам әрбір ұңғыма бұрғылау аяқталғаннан кейін жабылады. Бұрғыланған ұңғымалардың учаскелері ескерту белгілерімен қоршалады. Бұрғыланған ұңғымалардың аймақтарын қоршау және оларды жабу тәртібі технологиялық регламентте анықталады	елеулі
3531.	Бұрғылау қондырғысының механикаландырылмаған жинағыш-бөлшектегіші мен ұңғыма сағасын тазалағышы бар айналдыра бұрғылау станоктары иірліктерінің айналдырғыш қозғалтқышына электр қорегін берумен бұғатталған қоршаулары болады	елеулі
3532.	Шығыршық тежегіші мен тозаң басу жүйесінің ақауы болған жағдайда ақаулы бұрғылау жарағын көтеруді шектегіші бар бұрғылау станоктарында жұмыс істеуге жол бермеу	елеулі
3533.	Бұрғылау станогының көтеру арқанына қойылатын талаптарды орындау: 1) ең жоғарғы жүктемені ескере отырып, бес еселік төзімділік қорының болуы; 2) зауыттың акт-сертификаты	елеулі
3534.	Шөгу құбылыстарының белгілері байқалған жағдайда үйінді түзу жұмыстары қазғанға және қауіпсіздік шараларын қолданғанға дейін тоқтатылады. Үйінді түзу бойынша технологиялық регламентпен реттелген үйінділердің өзгеру жылдамдығы артық болған жағдайда жұмыс тоқтатылады. Үйіндідегі жұмыстар үйінділердің өзгеру жылдамдығының оң бақылау өлшемдерінен кейін карьердің техникалық басшысының жазбаша рұқсатымен қайта жаңғыртылады	елеулі
	Теміржол шүлдігінен бастап түрен үйіндісінің сағасына дейінгі қашықтық әрбір жол қозғалысынан кейін үйінді	

3535.	сағасының тұрақтылығына байланысты белгіленеді және думпкаардың жүк көтергіші 60 тоннаға дейін болғанда кемінде 1600 миллиметр және жүк көтергіші 60 тоннадан астам болғанда 1800 миллиметрді құрайды	елеулі
3536.	Бір шөмішті экскаваторлармен жабдықталған үйінділерде, думпкаарларды түсіру орындарында теміржол шүлдігінен бастап жоғарғы сағаға дейінгі қашықтық қалыпты соқпақ үшін кемінде 1600 миллиметр және 900 миллиметр соқпақтар үшін кемінде 1300 миллиметрді құрайды	өрескел
3537.	Түсіру жолының сыртқы рельсінің ішкісіне қатысты айырмасынан 100-150 миллиметрге артықшылығы болуы тиіс	өрескел
3538.	Тиеу бекетінде сақтандыру білігін салу тиеу бекетінің паспортына сәйкес жүргізіледі, бұл ретте бульдозердің қозғалысы алдына қарай жүргізіледі	елеулі
3539.	Жүк түсіретін тұйықтар соңында жоба бойынша орындалатын, жол бөгеттерінің ақаусыз көрсеткіштері бар, түнгі тәулік мезгілінде жарықтандырылатын немесе жарық беруші материалдармен төселген тіреулер орнатылады. Жол бөгеттерін көрсеткіштер локомотив машинисі жағынан орналастырылады және жолдың шүлдігінен кемінде 2,5 метр қашықтықта және 1,5 метр биіктікке шығарылады. Жүк түсіру тұйығында түсіру орнынан құрамның ең үлкен ұзындығы қашықтығында "Локомотив аядамасы" деген сигналдық белгі қойылады	өрескел
3540.	Үйінділерде автомобильдер мен көлік құралдарының қозғалыс кестесі орнатылады. Түсіру аймағы екі жағынан түсіру бағытының көрсеткіштері бар,	елеулі

	шанағы көтерілген автосамосвалдың бейнесі түріндегі белгілермен белгіленеді	
3541.	Машиналардың артқы қозғалысын шектеу үшін түсіру алаңдарының жүк көтергіштігі 10 тоннаға дейін автомобильдер үшін биіктігі кемінде 0,7 метр және жүк көтергіші 10 тоннадан астам автомобильдер үшін кемінде 1 метр сақтандыру қабырғасы (білігі) болуы тиіс. Сақтандыру қабырғасы болмаған жағдайда жүк көтергіші 10 тоннаға дейін машиналарға 3 метр жақын және жүк көтергіші 10 тоннадан астам машиналарға 5 метр жақын түсіру алаңының сағасына өтуіне болмайды. Сақтандыру білігі жүргізушіге бағыт көрсетуші қызметін атқарады. Түсіру кезінде сақтандыру білігінен өтуге болмайды	болмашы
3542.	Ұйым үйіндідегі жыныстардың тұрақтылығы мониторингін және үйіндінің барлық алаңының өзгеруін аспап арқылы бақылауды жүзеге асырады	елеулі
3543.	Ұ й ы м н ы ң геологиялық-маркшейдерлік қызметі үйіндідегі жыныстардың тұрақтылығын бақылауды, ал үйінділерді беткейлерде орналастырған жағдайда үйіндінің барлық алаңының өзгеруін аспап арқылы бақылауды жүзеге асырады	өрескел
3544.	Пайдаланудағы тау-кен, көлік және құрылыс-жол машиналары сигнал құрылғыларымен, тежеуіштермен, тетіктер мен жұмыс алаңдарының қол жетімді қозғалмалы бөлшегінің қоршауларымен, өртке қарсы құралдармен жабдықталады, жарықтандырғышы, ақаусыз аспаптар жинағы, құрал-саймандары, электр тогымен зақымданудан қорғау құралдары және бақылау-өлшеу аппаратурасы, шамадан тыс жүктеме мен асыра көтеруден ақаусыз қорғағышы болады	өрескел

3545.	Монтаждау мен күрделі жөндеуден кейін тау-кен, көлік, құрылыс-жол машиналарын пайдалануға қабылдауды комиссия акт құра отырып жүргізеді	өрескел
3546.	Тау-кен жабдығының әрбір бірлігіне ауысымды қабылдау-тапсыру журналы жүргізілуі тиіс	өрескел
3547.	Технологиялық жабдықты, техникалық құрылғыларды пайдалану, қызмет көрсету, оларды монтаждау және бөлшектеу дайындаушы зауыттың қолдану бойынша нұсқауына сәйкес жүргізіледі	өрескел
3548.	Электр қондырғыларын жедел қосумен және ажыратумен байланысты басқарылатын тау-кен және көлік машиналары машинистері мен машинист көмекшілерін оқыту, аттестаттау және жұмыс істеуге рұқсат беру электр қауіпсіздігі бойынша біліктілік топтарын беру арқылы жүзеге асырылады	өрескел
3549.	Жұмыстан тыс уақытта тау-кен, көлік және жол-құрылыс машиналары кенжардан қауіпсіз жерге шығарылып, жұмыс органы жерге түсіріледі, кабина жабылады, қоректендіруші шоғырсымнан кернеу алынады	өрескел
3550.	Көп орынды автомобиль кабиналарында, теміржол құралдары мен локомотив кабиналарында құрамдарға ілесіп жүретін тұлғаларға, ұйымның техникалық басшысының жазбаша рұқсаты болған жағдайда тұлғаларға жүруге болады. Жүріп-тұратын адамдардың санын ұйымның техникалық басшысы белгілейді	өрескел
3551.	Ашық тау-кен жұмыстары объектісіндегі теміржол арқылы бульдозермен, автомашинамен, дөңгелекті, шынжыр табанды немесе адымдаушы	өрескел

	машиналармен жабдықталған және көрсеткіштер орнатылған орындардан өтуге болады	
3552.	Электр энергиясын беру кенет тоқтаған жағдайда тетіктерге қызмет көрсетуші тұлға электр қозғалтқыштарының іске қосу құрылғылары мен басқару тұтқышы "Тоқта" деген (нөлдік) қалыпқа ауыстырылады	елеулі
3553.	Экскаватор мен бұрғылау станогының кабинасы мен сыртқы алаңдарында, олар жұмыс істеп тұрған кезде өзінің тікелей міндеттерін атқаратын мамандардан, іске қосу персоналынан, ауысымның техникалық басшысынан және ұйымның техникалық басшысының рұқсаты бар тұлғалардан басқа, бөгде тұлғалардың болуына жол бермеу	елеулі
3554.	Машиналар мен жабдықты майлау кезінде дайындаушының техникалық құжаттамасын қадағалау	өрескел
3555.	Майлау және сүрту материалдары жабық металл жәшікте сақталады	өрескел
3556.	Экскаватор оның техникалық паспорттың рұқсат берілгеннен аспайтын еңісі бар тегістелген негіздегі кемерде немесе үйіндіде орналасады	өрескел
3557.	Экскаватор жұмыс істеп тұрған кезде шөміштің жұмыс аймағында адамдардың (қызмет көрсетуші персоналды қоса алғанда) болуына жол бермеу	елеулі
3558.	Экскаваторларда пайдаланылатын арқандардың паспортқа сәйкес болуы және дайындаушы зауыттың сертификатына сәйкес болуы	елеулі
3559.	Экскаватор жұмыс істеп тұрған уақытта кемердің бұзылу немесе шөгу қаупі болған жағдайда немесе жарылғыш материалдардың зарядтарының ақауы анықталған кезде экскаватор машинисі жұмысты тоқтатып, экскаваторды қауіпсіз жерге шығарады	өрескел

3560.	Электрлендірілген көліктің байланыс желілері бар кенжарда тау-кен қазындысын шөмішпен байланыс жетегіне жанасудан қорғануды қоса алғанда, жұмыстың қауіпсіз әдістері бойынша іс-шараларды жүзеге асырған жағдайда экскаватормен тиеуге болады, іс-шараларды ұйымның техникалық басшысы бекітеді	елеулі
3561.	Көлік-үйінді көпірлері мен консольді үйінді түзгіштер желдің жылдамдығы мен бағытын үздіксіз автоматты өлшеу аспаптарымен жабдықталады, авариялық сигналмен және жүріс тетіктерімен басқару жүйесімен, бақылау-өлшеу аспаптарымен, соңғы ажыратқыштармен, сигналдық және сөйлесу құрылғыларымен бұғатталады. Автоматты әсер ететін тежеуіш құрылғыларынан басқа көпірдің жүріс арбаларының ақауы жоқ қолмен басқарылатын тежегіші болуы тиіс	елеулі
3562.	Көлік-үйінді көпірін жөндеу кезінде қолмен басқарылатын және автоматты тежегіш құрылғыларын бір мезгілде бөлшектеуге болмайды	елеулі
3563.	Жолдар мен өткелдерге жақын орналасқан барлық контржүктер адамдарға әсер ететін аймаққа өтуін болдырмас үшін қоршалады	елеулі
3564.	Көлік-үйінді көпірлері мен үйінді түзгіштердің барлық конвейерлік желілерінің конвейерлерге қызмет көрсету үшін екі жағынан қоршалған алаңдары болады	елеулі
3565.	Конвейерлер бойымен өту жолының ені 700 миллиметрден кем болмауы тиіс	елеулі
3566.	Көлік-үйінді көпірінің үйінді консолінің соңы мен үйінді жотасының арасындағы қашықтық кемінде 3 метр, ал консолді таспалық үйінді түзгіштерде мерзімді ауыстыру арқылы бұл шама кемінде 1,5 метр болуы тиіс	елеулі

3567.	Үйіндінің жылжу белгілері байқалған кезде көлік-үйінді көпірді қауіпті аймақтан шығару	елеулі
3568.	Көлік-үйінді көпірінің үйінді тірегіннің дренаждық штрек арқылы өткізу паспортқа сәйкес орындау	елеулі
3569.	Арқанды ысырма қондырғыларды пайдалану кезінде кемер еңісінің бұрышы 35 градустан аспайтындай орнатылады	елеулі
3570.	Ысырма арқан қондырғысын ескерту сигналысыз қосуға, ол жұмыс істеп тұрған уақытта қандай да бір жөндеу жұмыстарын жүргізуге, арқанның жұмыс аумағында болуға және арқанды қолмен бағыттауға болмайды	елеулі
3571.	Барлық өздігінен жүретін техниканың, олардың негізгі техникалық және пайдалану сипаттамаларын қамтитын техникалық паспорты болуы тиіс, өрт сөндіру құралдарымен, авариялық тоқтату белгілерімен, медициналық сөмкелермен, дөңгелектің астына төсеу үшін (дөңгелек техника үшін) тіреуіштермен (башмақтармен), артқа қарай қозғалған кезде үзік дыбыс сигналымен, кабинаның үстіне орналасқан сары түсті жалтылдайтын шамдармен, артқы жақты көрсетіп тұратын екі айнамен, дайындаушы зауыт қарастырған жөндеу аспабымен жинақталады	елеулі
3572.	Трактормен тартып, дөңгелекті ысырмаларды пайдалану кезінде жүк бағытындағы құламалардың еңісін 15 градустан, бос вагон өткен кезде 25 градустан аспайтындай орнату	елеулі
3573.	Бульдозерді, ысырманы немесе жүк тиегішті жөндеу, майлау және реттеу үшін оларды жазық алаңда орнатылады, қозғалтқыш ажыратылады да, табан немесе шөміш жерге немесе тіреуішке түсіріледі	елеулі
	Өздігінен жүретін техниканың көтеріліп тұрған табанының	

3574.	немесе шөмішінің астында жүруге болмайды. Табанды немесе шөмішті тексеру үшін оның астынан төсем төселеді, ал қозғалтқыш ажыратылады	елеулі
3575.	Технологиялық жабдықты жөндеу бекітілген жоспарлы алдын ала жөндеу кестелеріне сәйкес жүргізіледі	Елеулі
3576.	Негізгі технологиялық жабдықты жөндеудің барлық түрлеріне технологиялық регламенттердің болуы	елеулі
3577.	Тетіктердің бөлшектерін жөндеуді және ауыстыруды машина әбден тоқтағаннан, гидравликалық және пневматикалық жүйелердегі қысым алынғаннан, жөндеу жүргізілетін тетіктердің қозғалуына әкелетін іске қосу аппараттарын бұғаттағаннан кейін жүргізуге болады. Жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде электр энергиясын жұмысты ұйымдастыру жобасында қарастырған жағдайда рұқсат наряды бойынша беруге болады	болмашы
3578.	Жөндеу жұмыстарын ашық қозғалып тұрған механикалық қондырғылардың бөлшектеріне тікелей жақын, электр жетектері мен кернеумен жұмыс істейтін ток өткізу бөлшектерінің жанында тиісті түрде қоршалмаған жағдайда жүргізуге болмайды	елеулі
3579.	Негізгі технологиялық жабдықтың көтергіш металл құрылымдарын қайта қалпына келтірумен немесе өзгертумен байланысты жөндеулер дайындаушы зауыттың келісімімен, атқарылған жұмыс актісін құрып, жоба бойынша жүргізіледі	болмашы
3580.	Драгалар мен балшық сорғыштарды монтаждау және қайта жаңғырту, ашық тау-кен жұмыстарының объектілерінің құрылыстарын салу, жуу картасын ұйымдастыру, тау-кен дайындық жұмыстарын жоба бойынша жүргізу	елеулі

3581.	Драгалар мен балшық сорғыш жұмысының әрбір полигонында (драже тілігінде) ұйымның техникалық басшысы бекітетін тізбе бойынша қажетті аварияға қарсы жабдықтың, материалдардың, керек-жарақ пен құрал-саймандардың қорын құру	елеулі
3582.	Қауіпті аймақтың өлшемдерін драга (балшық сорғыш) бастығы белгілейді	елеулі
3583.	Пайдалы қазбаларды драгамен (балшық сорғышпен) қазуды кенжар паспортына сәйкес жүргізу	елеулі
3584.	Понтон түбі мен тілік негізіндегі қашықтығы жобамен анықталған драже тілігінің су үстіндегі ернеудің шекті рұқсат етілген биіктігінен ауытқушылығы бар драганы немесе балшық сорғышты пайдалануға болмайды	елеулі
3585.	Понтонның жоғарғы палубасының барлық люктерінің герметикалық жабылатын қақпақтары бар биіктігі кемінде 400 миллиметр судан қорғағыш ернеулері болады	елеулі
3586.	Ашық люктері немесе тесілген жерлері, понтонда сызаттары бар драгалардың (балшық сорғыштардың) понтонды мұздатып қатырған жағдайдан басқа, жұмыс істеуіне жол бермеу	елеулі
3587.	Палуба, басқыштар, көпіршелер, өту жолдары мен драганың (балшық сорғыштың) сатылары риф темірінен немесе балқытылған жолақты темірден орнатылып, қоршаулары болады және таза күйде ұсталады	елеулі
3588.	Драгалардағы (балшық сорғыштардағы) бу өткізгіштер окшауланады және қоршалады	елеулі
3589.	Драгада (балшық сорғышта) қолданылатын арқандар драганың (балшық сорғыштың) паспортына сәйкес болады	елеулі
3590.	Шөмішті раманың ажыратылған арқанын, ширатылған жіптері үзілген арқанды пайдалануға болмайды	болмашы

3591.	<p>Драганың (балшық сорғыштың) палубадан жоғары бөлігінің жұмыс орындарын жарықтандыру үшін 220 Вольттан аспайтын, понтонды (ішінен) жарықтандыру үшін 12 Вольттан аспайтын кернеу пайдаланылады.</p> <p>Понтонның барлық бөліктерінің электрлік жарықтандырғышы болуы қажет. Шамдар понтон түбінен кемінде 2,5 метр биіктікте ілінген жағдайда 127 Вольт кернеуді пайдалануға болады</p>	болмашы
3592.	Тасымал шамдар мен электрлік қол аспапты қоректендіру үшін кернеу 36 Вольттан аспауы тиіс	елеулі
3593.	Драгаларда (балшық сорғыштарда) авариялық жарықтандырғышты (электрлік шамдар, аккумуляторлар және басқалары) қарастыру	елеулі
3594.	Үйінді люгінде жұмыс технологиялық регламентке сәйкес жүзеге асырылады	елеулі
3595.	Жұмыс істеп тұрған драгалар мен балшық сорғыштардың полигондарындағы жолдар мен сүрлемдер жабылады, ал жұмыс арқандарының қауіпті аймағындағы сұлба бойымен ескерту белгілері қойылады	елеулі
3596.	Понтонда адамдар қайыққа өтетін жерде қанаты бар қайырмалы көпіршелер мен шынжыр қоршауы бар ойықтар қамтамасыз етіледі	елеулі
3813.	Геофизикалық қондырғыларды электр желісімен қосатын кабельдер жерден 0,5 метрден кем емес биіктікте ілінеді. Геофизикалық қондырғыларды қоректендіру көздеріне қосу станцияның электр сызбасын жинауды аяқтағаннан және тексергеннен кейін жүргізіледі	елеулі
3814.	Салмағы 40 килограммнан артық ұңғыма құралдарын арнайы құралдар (тасушы, белдіктер, шеңгелді қапсырғыштар) арқылы тасымалдауға жол беріледі. Осындай және ұзын өлшемді құралдарды (салмағына қарамастан 2 метрден артық) ұңғымаға түсіру және көтеру механика-ландырылған әдіспен жүргізіледі	елеулі
3815.	Каротажды көтергіш тұрақты тежеуішпен орнату орнында тіреуіш башмақпен (қадақтармен, якорьмен) кабельді керу кезінде шығырдың максималды жүк	елеулі

	көтеруіне тең ауысуы болмайтындай етіп белгіленеді	
3816.	Жарылғыш және радиобелсенді заттары бар ұңғыма аспаптарын түсіру алдында бақылау шаблондау жүргізіледі: шаблон диаметрі ұңғыма жабдықтарының тиісті мөлшері мен салмағынан кем емес, ал ұзындығы мен салмағы – артық емес	елеулі
3817.	Бұрғылау ерітіндісіне (перфорациялық сұйық) әрбір ұңғымаға арналған қабаттар үшін тиісті ашу шарттарына сәйкес келетін көрсеткіштерге геологтың және бұрғылау шеберінің қолы қойылған акт жасалады	елеулі
3818.	Қауіпсіздік шараларын қабылдаған жағдайда кернеулігі 36 Вольт артық электр құрылғыларын жансыздандыру аумағында пайдалануға (блоктау құрылғысын қолдану, электрлік қорғаныс класының артуы, сезімталдығы төмендеген жарылыс құралдарын қолдану) жол беріледі	елеулі
3819.	Геофизикалық жұмыстар жетекшісі аттыру-жарылыс аппаратурасының іліп кетуін жоюға тартылатын бұрғылау бригадасының персоналына қауіпсіздік шаралары бойынша нұсқаулық жүргізеді	елеулі
3820.	Тікұшаққа тросты немесе кабель тросты ілгіште ілінетін шығу гондолында геофизикалық аппаратураларды (гравиметрлер мәліметтерін қолданған кезде) орналастыру кезінде арнайы трос кесушілер қолданылады	елеулі
3821.	Қазбалардағы тасылымдарды бақылау кезінде ескерту белгілерінің болуы	елеулі
3822.	Өрлеме ұңғымаларда геофизикалық зерттеулер жүргізгенде, ұңғымалардан жыныстар бөліктерінің құлау жағдайында қауіпсіздікті қамтамасыз ететін қондырғылардың болуы	елеулі
3823.	Жұмыс орындары жарықтандыру	өрескел

3824.	Бакылау-өлшеу құралдарына ыңғайлы бару қамтамасыз етіледі. Өлшеулерді алу үшін алаңдар жабдықталған: алаңдардың 1 метр артық биіктікте орналасқан кезін-де оның 1,25 метр қоршауы болады және қоршауы бар сатылармен жабдықталған	елеулі
3825.	Эрлифті және жүктеме су тартуы кезінде қолданылатын ұңғымалар арматураларын, қондырғыларын пресстеу нәтижелері бойынша актінің болуы	болмашы
3826.	Ұңғымадағы су труба құбыры немесе шлангі арқылы жұмыс алаңынан тыс шығарылады	елеулі
3827.	Бекітпесі ескірген құдықтардан, ұңғымалардан, ауыздары бекітілмеген шурфтар мен шахталардан тәжірибелік су тартуға жол бермеу	елеулі
3828.	Ұңғыма тереңдігі 5 метр, сүзгі диаметрі 75 миллиметрден артық болғанда сүзгілерді орнату, түсіру және көтеру жүккөтергіш механизмдер арқылы іске асырылады	елеулі
3829.	Электр сымдары бар жүктемелі насоспен су тарту кезінде сорғының су көтеру колоннасын құбырларға арналған тиісті құрылғылар мен қамыттарсыз орналастыруға жол бермеу	елеулі
3830.	Қоректендіруші кабель су көтеру колонналарына бір-бірінен 1,5 метрден артық емес қашықтықта қапсырмалар арқылы бекітіледі; электрмен жүктелген сорғыларды іске қосу механизмдері құлыпқа жабылатын үйшіктерде немесе жайларда орналастырылады	елеулі
3831.	Сорғы агрегаттарына қоректендіру желісінде (тәжірибелік құрылғының жұмыс алаңымен қатар) қажет болған жағдайда электр қондырғылардан кернеулік алынатын ортақ ажыратқыш орнатылады	елеулі
3832.	Төменгі жақтағы, шурфтағы және газдың жиналуы мүмкіндігі бар орындарда газдалған ұңғымалардың ауыздары	елеулі

	жабдықталады; газдалатын ұңғымаларда қауіпсіздіктің ескерту белгілері қойылады	
3833.	Шығыр және кран-балка қолданбай борттан тыс қандай да бір құралдарды тастауға және ұстауға жол бермеу	болмашы
3834.	Ауада шығырларда бос бекітілген гидрометриялық құралдары бар қайық-тарда ауысулар орындауға жол бермеу	елеулі
3835.	Гидрометриялық жұмыстар жүргізуге арналған понтондар, көпірлер биіктігі 1,25 метр қоршаулармен жабдықталған	болмашы
3836.	Жер асты қазбаларында тәжірибелік жұмыстар жүргізу кезінде тәжірибелік камераның төбесіндегі тіреу бетон жастықтар 0,4 метрден кем емес тереңдікте салынатын анкерлік якорьлармен бекітіледі	елеулі
3837.	Тәжірибелер жүргізуге арналған жұмыс жүктемесінде орнатылған гидравликалық домкраттар жұмыс жүктемесі 25 пайыздан артық болатын жүктеме кезінде сыналады. Домкраттарды сынау оларды жөндеуден кейін жүргізіледі, бірақ жылына 1 реттен жиі болмайды	елеулі
3838.	Гидроқұрылғының екі жарамды манометрі болады: біреуі насоста, ал екіншісі-жастықта немесе домкратта	елеулі
3839.	Байқау бекеті және гидравликалық құрылғының авариялық жарықтандыруы болады	елеулі
3840.	Тау қазбаларындағы жыныстардың қозғалу параметрлерін анықтау жөніндегі тәжірибелер жүргізу кезінде құрылғы кемінде екі бұранды домкратпен бекітіледі	елеулі
3841.	Бұрандалы домкраттарды қолдана отырып, компрессионды, жылжымалы жер асты қасиеттерін анықтауға статикалық зондирлеуге жол бермеу	елеулі
	Бұрғылау құрылғысынан тұрғын үй және өндірістік ғимараттарға,	

3842.	темір және шоссе жолдарының күзет аумақтарына, инженерлік коммуникацияларға, әуе жолдарына дейінгі қашықтығы мұнара биіктігінен кем емес және оған 10 м қосылады, ал магистральды мұнай және газ құбырларына дейін қауіпсіз аумақ қашықтығынан кем болмайды	елеулі
3843.	Бұрғылау мұнаралары болат арқандарды тартпалармен бекітіледі. Тартпалар бекітулерінің саны, диаметрі және орны дайындаушының техникалық құжатына сәйкес келеді	елеулі
3844.	Тартпалар диагональды жазықтықта жолдармен, әуе электр желілерімен, маршты сатылармен және өтпелі алаңдармен қиылыспайтындай болып орнатылады	елеулі
3845.	Тартпалардың төменгі жақтары тарпа муфталар арқылы якорьға бекітіледі	болмашы
3846.	Екі тартпаның бір зәкірге бекітілуіне және жалғасқан арқаннан тартпаларды орнатуға жол бермеу	елеулі
3847.	Саусақтар, білте орналастыру және білте қабылдау доғасы олар сынған жағдайда құлаудан сақтандыру	болмашы
3848.	Мұнара немесе діңгек биіктігімен өлшенетін ұшақтар (тікұшақтар) биіктікте ұшу мүмкіндігі бар аудандарда бұрғылау құрылғысының мұнарасы мен діңгектерде сигналды оттар болады	елеулі
3849.	Бұрғылау насостарының сақтандырғыш құрылғылары сақтандыру қалқаншасы кенеттен іске қосылған кезде қабылдау ыдысына жуу сұйығы тасталатын төгу желісімен жабдықталады	елеулі
3850.	Бұрғылау насостары сақтандыру қалқаншасы дайындаушының техника-лық паспортына сәйкес жинақталады	елеулі

3851.	Жинақталған бұрғылау мұнарасын көтеру және түсіру мұнарадан оның биіктігінен 10 метр қоса алғанда қашықтықта орналасқан көтеру шығыры, крандар немесе тракторлар арқылы жүргізіледі. Мұнараның тіреу аяқтарының негізі оларды көтеру кезінде жылжуын болдырмау үшін мықты бекітіледі. Көтеру шығырларының фрикциалық және храпты тежеуіштері болады	елеулі
3852.	Көтерілетін мұнара мұнараның құлап кетуіне кепілдік беретін сақтандыру трапымен жабдықталады	елеулі
3853.	Бұрғылау мұнарасын жинау, бөлшектеу және жөндеу жүргізілетін белдеуде қалыңдығы 70 миллиметрден кем емес тақтайшадан тұтас жабулар орнатылады	елеулі
3854.	Таль жүйесін жабдықтау және кронблотты алаңы жоқ мачтаның кронблоттарын жөндеу саты-баспалдақ қолдана отырып, мачта түсірілген жағдайда немесе арнайы алаңдарда жүргізіледі	елеулі
3855.	Өздігінен жүретін және жылжымалы бұрғылау құрылғыларының мачталары жұмыс жағдайында бекітіледі: бұрғылау процесінде оның дөңгелектерінің жылжуын болдырмау үшін мықты бекітіледі	елеулі
3856.	Ұңғымаларды бұрғылау жөніндегі жұмыстар жоба, геологиялық-техникалық наряд болған кезде бұрғылау құрылғысын монтаждау аяқталған және бұрғылау құрылғысын пайдалануға қабылдау туралы актіні рәсімдеуден кейін басталады	елеулі
3857.	Бұрғылау станогының (құрылғысының) паспортына сәйкес келетін арқандар қолданылады. Талий жүйесін жабдықтағаннан кейін бақылау тұлғасы талий жүйесінің конструкциясын, арқан ұзындығын және диаметрін,	елеулі

	сертификат номерін, дайындалу күнін және арқанның іліну күнін қарау Журналына жазады	
3858.	Таль арқаны шығыр барабанынан барабан конструкциясымен көзделген құрылғы арқылы бекітіледі	елеулі
3859.	Арқанды көтеру құралдарымен косу сынабекітпе арқылы және кемінде үш бұранда қысқыштар немесе арқанды құлып арқылы жүргізіледі	елеулі
3860.	Арқандарды түсіру көтеру операцияларында арқанның бір тармағы үзілгенде арқанды қолдануға жол бермеу	елеулі
3861.	Түсіру-көтеру операцияларын жүргізу үшін завод дайындаушылардың салалық стандарттарын қанағаттандыратын заводтарда сериялық шығарылатын жүк көтеру құрылғылары мен құралдар (элеваторлар, фарштулдар, жартылай автоматты элеваторлар, ұршықтас-тығындар, құрылғылар мен құралдар) қолданылады	елеулі
3862.	Сорғыларды тығыздау және байламдау нәтижежелері актісінің болуы	елеулі
3863.	Құбыршектерді сорғымен, тығыздамамен және өзара сымдар, істіктер және қапсырмалар арқылы косуға болмайды	елеулі
3864.	Мұнара саусақтарына орнатылмаған білтелерді қалдыруға болмайды	елеулі
3865.	Қабылдау көпірінен бұрғылау, бағаналы және орама құбырларды көтеруге және оларды секундына 1,5 метрден артық болатын элеватор қозғалысының жылдамдығында түсіру	елеулі
3866.	Көлденең ұңғымаларды бұрғылау кезінде жетекші құбыр барлық ұзындығы бойынша қоршалады	елеулі
3867.	Бұрғылау құбырларын сазды ерітінділерден тазарту құралдармен көтеру кезінде жүргізіледі	елеулі

3868.	Бұрғылау құбырларының білтелері ұзындығындағы айырмашылық 0,5 метрден артық емес жол беріледі, бұл жағдайда білтелердің минимальды ұзындығы жұмыс алаңының едені деңгейінен 1,2 метрге кем емес, ал білтелердің максимальды ұзындығы-1,7 метрден артық болмайды	елеулі
3869.	Жартылай автоматты элеваторларды пайдалану кезінде: 1) элеваторды ұршықтас-амортизаторға ілу; 2) периметрі бойынша металл борттары бар биіктігі 350 миллиметрден кем емес білте қоятын тұғырларды қолдану; 3) элеваторды білте бойынша көтеру кезінде машинист білті тұғырынан 1 метрден кем емес қашықтықта болады	елеулі
3870.	Құбыр бұруды басқару батырмасы айырмен басқару батырмасының бір уақытта жұмыс істеу мүмкіндігі болмайтындай етіп орнатылады	елеулі
3871.	Алынбалы керн қабылдаушымен бұрғылауға арналған труба ұстаушымен жұмыс істеу кезінде: 1) бұрғылау трубаларын қысу үшін құбыр диаметріне тең желкендер қолданылады; 2) құбыр бағаналарын қысу ол толық тоқтағаннан кейін іске асырылады; 3) бұрғылау бағанасының қозғалысы ашық құбыр ұстаушы кезінде іске асырылады; 4) бағаналы бытырасын ұңғымадан көтеру алдында және бұрғылау алдында желкендер қалқаншасы алынады. Құбыр ұстау тепкішегін аяқпен ұстауға болмайды және бұрғылау бағанасы қозғалу кезінде ұңғыма аузынан тікелей жақын жерде тұруға болмайды	елеулі
3872.	Ауа құбырларында бұрғылау құрылғысының шегінде ауа қысымын көрсететін манометр, ұңғымаға ауа берілуін реттейтін	болмашы

	бұранда және қауіпсіз аумаққа ауа жіберетін сақтандырғыш қалқанша орнатылады	
3873.	Ұңғымаларды көбік қолдану арқылы бұрғылау кезінде бұрғылау трубаларының колонналары сыртқы жағына қарағанда муфты мен құлыпты қосулардан оңай ажыратылатын кері қалқаншалармен жабдықталады	елеулі
3874.	Кері қалқаншалар құралдар арқылы бұрап алуға дейін түсіру көтеру операцияларын жүргізу уақытында колоннадағы қысым төмендетіледі	елеулі
3875.	Қоқыстар мен азирленген сұйықтарды шығаруға арналған трубалар желдетілген жағынан орналастырылады және ұзындығы 15 метрден кем болмайды. Қоқысталған ауаны атмосфераға тікелей шығаруға жол берілмейді	елеулі
3876.	Ауа құбыры 10 минут ұстала отырып, бір жарым қысымда тығыздалады	елеулі
3877.	Науашық пен бұрғылау снарядын ұңғымаға түсу кезінде бағыттау үшін, тербелістен ұстау үшін және басқа жакқа қарай тасымалдау үшін тасталатын тастама ілмектер қолданылады	елеулі
3878.	Шаю жүйесін, механикалық ақаулары бар жеңдерді пайдалануға немесе оқ тізерлерге қатысты жеңдердің жасалу учаскелерінің қозғалуына жол бермеу	елеулі
3879.	Станоктарды ауыстыру кезінде, мачталарды көтеру және түсіру кезінде айналдырғыш төменгі соңғы жағдайда бекітіледі	елеулі
3880.	Ұңғымаларды бұрғылау жүргізіледі: 1) бағыттаушы құрылғыларды пайдалана отырып; 2) шнек пен шпиндельдің осі бойынша тексерілуінен кейін	елеулі
3881.	Көтеру кезінде немесе бұрғылау процесінде өсіру кезінде шнектерді ажырату оларды	елеулі

	вилкаға немесе кілт-қапсырмаға отырғызғаннан кейін жүргізіледі	
3882.	Дірілдеткіш электр двигателі жеке рубильник арқылы қосылады	елеулі
3883.	Дірілдеткішті ілмекпен және көтеру жүйесінің элеваторымен қосылуының мықты жабылатын құрылғысы болады	елеулі
3884.	Дірілді құрылғы бағыттаушы құрылғымен жабдықталған	елеулі
3885.	Бұрғылау ұштарын көтергеннен кейін оны жыныстардан тазарту үшін шурф ауызы мықты щитпен жабылады	елеулі
3886.	Жобалық диаметр бойынша шурфты алғашқы рет тереңдеткеннен кейін ауыздардың құлауынан сақтау үшін тіреу плитасы орнатылады	елеулі
3887.	Бұрғылау жұмыстары аяқталғаннан кейін жұмыстағы үзілістер кезінде шурф ауыздары тіреу плитасына бекітілген щитпен жабылады	елеулі
3888.	Шурф алаңы таза ұсталады және рифленген қатты жабуы болады	елеулі
3889.	Қазбалар қабырғалары мен қондырғылар арасындағы өтетін орындардың қауіпсіз енін жобаға сәйкес қамтамасыз етуі тиіс және мыналардан кем емес құрайды: 1) қозғалмайтын детальдар жағынан 0,7 метрден; 2) қозғалатын детальдар жағынан 1 метрден; 3) бұрғылау бригадасының орналасу жағынан 1,8 метрден	елеулі
3890.	Бұрғылау механизмдері және қондырғыларды олар камерадан және қуыстан шықпайтындай етіп қолданыс-тағы тау-кен қазбаларына орнату	елеулі
3891.	Камерадан (қуыстан) шығатын жерден екі жағынан бірдей 40 метр қашықтықта бұрғылау агрегаты орнатылған орында механикалық көлігі қазбаларға жолда адамдардың болуы туралы ескерту белгілері орнатылады. Камерадан (қуыс) шығу жолдары жарықтандырылады	елеулі

3892.	<p>Мұнаралардағы сатылар 80 градустан артық емес еңіспен орнатылады және сөрелерде саңылаулар үстінен орнатылмайды; сатылар ұштары сөрелерге мықты бекітіледі. Бұл жағдайда:</p> <p>1) люктердің еркін мөлшерлері 0,6x0,7 метр;</p> <p>2) сатылар негізінен тіке қазбалар біреуіне дейінгі ең кіші қашықтық 0,6 метрді құрайды;</p> <p>3) сатылық сөрелер арасындағы қашықтық 6 м артық, сатылар ені 0,6 метрден кем және баспалдақтар арасындағы қашықтық 0,3 метрден артық болмайды</p>	елеулі
3893.	<p>Жоғарыға бағытталған ұңғымаларды, су ағыны едәуір келетін ұңғымаларды бұрғылау кезінде ұңғыма ауыздарын су ағынын су төгу арналарына бағыттайтын герметизацияланған құрылғымен жабдықтау</p>	елеулі
3894.	<p>Ұңғымаларды бұрғылау үшін камераның жұмыс алаңдарын бөгде заттармен толтыруға жол бермеу</p>	елеулі
3895.	<p>Ауа тазалығын қамтамасыз ететін ауамен үрлеу арқылы бұрғылау кезінде бұрғылау құрылғысында тозаң аулау және тозаң салудың қажетті құралдарының болуы</p>	елеулі
3896.	<p>Жүзбелі құрылғыларды ұңғымаларды бұрғылау кезінде келесі талаптарды қадағалау:</p> <p>1) жағалауға шығуға арналған арқандардың 6 еселіктен кем емес мықтылық қоры болады;</p> <p>2) құрылғыларды шығыр арқылы жылжыту кезінде тартылғын тізбектер және арқандар оқпанында шығыр барабанынан 1 метр жақын жерде болуға жол берілмейді;</p> <p>3) құрылғылар жағаға шығарылады, тізбектерде құрылғының тиісті жүк көтеру зәкірлері болады. Жағаға шығару зәкірінің жүк салу орнында қалтқылар орнатылады;</p>	елеулі

	<p>4) жүзу негіздерінің жүк көтергіштігі қондырғыларға қолданылатын жұмыстар шарттарына сай келеді;</p> <p>5) жүзу құралдарынан бұрғылау кезінде жем немесе мұрынында мөлшері 2,5x2,5 метрден кем емес жұмыс алаңы орнатылады</p>	
3897.	<p>Табан жанындағы қозғалмайтын құрылғылардан ұңғымаларды бұрғылау кезінде:</p> <p>1) құрылғының жұмыс алаңы мүмкін толқынның биіктігінен 0,5 метрден кем емес биіктікте артық биіктікте су үстінде орнатылады;</p> <p>2) тіреу құрылғысынан бұрғылау кезінде негіздің биіктігі мен ені (ұзындығы) арасындағы арақатынас 1:1 кем болмайды. 2 метр артық тереңдікте олардың негіздеріне жүктеме беріле отырып, тіреулер орнатылады. Ағын жылдамдығы секундына 2,5 метр артық өзендерде, теңіздермен үлкен көлдерде тіреулер якорлармен, ал жағалауға жақын жерде жағалаудағы арқандармен тербеледі. Тіреулердің жұмсақ жер астына батып кетуінің алдын алу үшін жастықтарды немесе тіреуіш айқыш-ұйқыш бекітіледі;</p> <p>3) тіреуіш гидротехникалық ғимараттарды су деңгейі күрт өзгертін (су ағып келуі немесе штормдық ауа райы салдары) су айдындарында тіреуіш құрылғыларын орнату кезінде олар якорларды тартпалармен бекітіледі;</p> <p>4) бағандардан бұрғылау кезінде соңғылары су айдынының табанына толық кусталармен салады және оларды өзара мықты бекітеді</p>	елеулі
3898.	<p>Дірілдетуге қарсы майлау және майлау құрамына енгізілетін жанар-жағар материалдарды бұрғылау құрылғысынан 50 метрден кем емес қашықтықта және дайындау орындарында және майларды қыздыру орындарында сақтау</p>	елеулі

3899.	Жуу ерітіндісін дайындауға арналған алаңда өз көлемі жағынан қондырғыларға ыңғайлы қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін, қалыңдығы 40 миллиметр тақтайдан жасалған еңісті мықты төсеменің болуы	елеулі
3900.	Саз араластырғыштың 1,0 метр биіктікте орналасқан люк маңында ені 1 метрден кем емес қоршауы және оларға баратын траптары бар көпіршелер орнатылады. Траптардың ені 1,5 метрден кем емес болады, көлденең планкалар бір-бірінен 0,25 метр қашықтықта және еңіс орналасуы 30 градустан артық емес сырғанауға қарсы орналасады	елеулі
3901.	Саз араластырғыштың люктері тіреуішті торлармен жабылады. Торлар ұяшықтарының көлемдері 0,15x0,15 метрден артық болмайды	елеулі
3902.	Сыйымдылығы 2 метр куб және одан да жоғары саз араластырғыштарды пайдалану, өнімділігі тәулігіне 25 метр кубтан артық жуу ерітінділерін дайындауға арналған құрылғыларды пайдалану кезінде бастапқы материалдарды тиеу механизацияланған	елеулі
3903.	Саз араластырғышты жөндеуге тоқтату кезінде саз араластырғыш шкифінен беру белдіктерін шешіп, ал іске қосу құрылғыларында: "Қоспа-адамдар жұмыс істеуде" плакаты ілінеді	елеулі
3904.	Саз ерітіндісі мен судың жер қоймалары (амбарлар) барлық периметр бойынша биіктігі 1 метрден кем емес қоршалады немесе төсеулермен жабылады	елеулі
3905.	Цементтеу жөніндегі жұмыстарды бастауға дейін цементтеу агрегаттарын, құю бастарын, манифольды опрессовкалау максимальды қысымда жобаға және ЖҰЖ сәйкес жүргізіледі, сақтандыру қалқаншалары мен манометрлер жарамдылығы	елеулі

	тексеріледі. Құю бастары бұрандамен және манометрмен жабдыкталады	
3906.	Бұрғылау құрылғысы немесе көтергіш ұңғыма өзегі бойынша ортаға бағытталады	елеулі
3907.	Қиябет бұрышы 30 градустан артық беткейлерде борт бекітуі беткей шыңына қарық (ор) деңгейінен 0,5 метрден кем емес шығарылады	елеулі
3908.	Жыныстары ауысатын қазбаларды тереңдігі 2,5 метр артық үңгілеу кезінде ені 0,5 метр кем емес берма қалады	елеулі
3909.	Жыныстары ауысатын қазбаларды үңгілеу кезінде сөрелер орнату орындарындағы бекіту күшейтіліп , сөрелердің өзі биіктігі 0,15 метрден кем емес тактайлардан жасалған борттармен қоршалады	болмашы
3910.	Адамдарды тереңдігі 1,5 метрден артық тау-кен қазбаларына сатылар, қоршаулары траптар немесе сусымалы түсірім арқылы түсіруге жол беріледі	елеулі
3911.	Қиябет шетінен тау-кен үңгілеу, бұрғылау және жер қазу-көлік қондырғыларының дөңгелегіне дейінгі ең аз шекті қашықтық ЖҰЖ және технологиялық регламенте болады	елеулі
3912.	Сынамаларды 2 метрден артық биіктікте таңдау сатылармен және қоршаулармен жабдыкталған көпірлерден жүргізіледі. Ілмелі люлкалар тежеуіш құрылғысымен жабдыкталған шығыр арқанына бекітіледі	елеулі
3913.	Үлкен жарлардан өткен қазбаларда сынамалар алу кезінде қазбалардың беткейлері мен борттарынан жыныстар бөліктерінің түсуінен қорғану жөніндегі шаралар (қорғаныс барьерлер, қорғау щиттері) қабылданады	елеулі
3914.	Тас құлау, жар және қар кәріздері, жар үйінділерімен, қабырғалары әлсіз тұрақты тар шатқалдар мен ілініп қалған	елеулі

	шойтастармен зақымданған учаскелерден сынама алуға жол бермеу	
3915.	Су кемерінен төмен сынама алу дистанциялық сынамалау және сынама жинауды қамтамасыз ететін құрал-жабдықтар, инструменттер немесе механизмдерді қолдана отырып жүргізіледі	елеулі
3916.	Тіке қазбалардан сынамалар алу кезінде жол берілмейді: 1) қабырғалар мен кенжарларды бір уақытта сынамалауға; 2) қауғаларды түсіру және көтеруге; 3) сынама алу орнынынан төмен орында адамдардың болуына	елеулі
3917.	Кен түсіру люктері немесе окпан маңынан сынама алу кезінде соңғысы щиттермен немесе тақтайлармен жабылады	елеулі
3918.	Төбеде сынама алу кезінде сынама алушыдан 2 метрге жақындықта болуға жол берілмейді	елеулі
3919.	Үңгілеу циклінің (бұрғылау және шпурларды зарядтау, жыныстарды жинау), негізгі операцияларымен бірге қазбалар кенжарларында сынама алуға жол берілмейді	елеулі
3920.	Улы газдар бөлетін байыту фабрикалары мен үйінділердің эфельді өрістерін сынамалау бойынша жобаның болуы	елеулі
3921.	Құлау қаупі бар үйінділер беткейлерінде сынама алу жөнінде жұмыс істеушілер үстінен ілініп қалған жыныстар бөлшектері мен шойтастары алынып тасталады	елеулі
3922.	Егер үздіксіз алу қолданылатын қондырғының конструкциясы бойынша көзделмеген жағдайда, станоктың жұмыс істеу кезінде колонкалы бұрғылауда сынама алушыны орнату және алуға жол берілмейді	елеулі
3923.	Сынамаларды механикалық өңдеуге арналған ғимараттар қиылысқан тартпалы желдеткіштермен қамтамасыз етіледі	елеулі

3924.	Сынамаларды кептіру желдеткішпен жабдықталған жекелеген ғимараттарда жүргізіледі.	елеулі
3925.	Тозаң пайда болу ошақтарының нақ үстінде жеке тартпа немесе тозаң жұтатын құрылғылар орнатылады	елеулі
3926.	Сынамаларды өңдеуге арналған орындар жергілікті бүйірлі тозаң сорғыштармен жабдықталады	елеулі
3927.	Токсикалық заттары бар сынамалармен жұмыс істеу және токсикалық заттар сынамаларын өңдеу кезінде тартпа желдеткішімен жабдықталған мөлдір бокстар пайдаланылады	елеулі
3928.	Сынамаларды өңдеуге арналған ғимараттарда құрамында зиянды заттары бар сынамаларды сақтауға жол берілмейді	елеулі
3929.	Ұсату-үгіту қондырғыларында жұмыс бөлшектерін тазарту, түсіру саңылауларының енін реттеу және алынған тозаң аулаушы құрылғылар кезінде қосылу мүмкіндігін болдырмайтын блокировкаушы құрылғы көзделеді	елеулі
3930.	Тас кесуші (көрн кесуші) станоктар қызмет көрсетуші құрамды өңделетін жыныстардың су пульпасынан және ұшындыларынан қорғайтын мөлдір экранмен жабдықталады	елеулі
3931.	Салмағы бірнеше тонна болатын сынамаларды ірі бөлшектермен бірге өңдеу қорғаныс борттарымен қоршалған алаңдарда жүргізіледі	елеулі
3932.	Сынамаларды қолмен ұсату және сүрту жабық орындарда жүргізіледі	елеулі
3933.	Ұсатылған сынамаларды қолмен себелеу қақпақтармен тығыз жабылатын илеуіштермен жүргізіледі	елеулі
	Құрамында минералдар бар, қыздыру кезінде зиянды заттар және сынапты амальгамдар (арсенопирит, галенит, пирит)	

3934.	бөлетін сынамаларды өңдеу концентраттары мен өнімдерін кептіру жеке ғимаратта кептіру жәшіктерінде, пештерде және тартпа желдеткіштермен жабдықталған құрылғылармен жүргізіледі	елеулі
3935.	Ауамен жарылыс қауіпті қосындылар құрайтын жанатын сұйықтармен, жанатын тозаңдар және газдармен жұмыс істеу кезінде зертхана ғимараттарында электр қондырғылары жарылыс қауіпті орындауда қолданылады	елеулі
3936.	Химиялық заттары бар ыдыстардың тиісті этикеткалары болады. Улы заттары бар банкілерге "У" жазуы жазылады	елеулі
3937.	Қорытпаларды құймақалыптарға құю орындары қосымша сорғыштармен жабдыкталады, ал мырышты қорытпаларды қорғасынсыздау тартпа желдеткіштері қосылған жағдайда жүргізіледі	елеулі
3938.	Жұмыс орындарында қышқылдар, сілтілер және ыстық сұйықтарды ауысымдағы нормадан артық сақтауға жол берілмейді	елеулі
3939.	Өңдеу станогында сорғы желдеткіштің болуы	елеулі
3940.	Өңдеуіштерді дайындау кезінде жыныстарды цементтеу, бальзамдарды қайнату тетіктері жабық тартпа жәшіктерде жүргізіледі	елеулі
3941.	Зиянды және улы газдар мен булар шығарумен байланысты жұмыстар тартпа жәшіктерінде жүргізіледі	елеулі
3942.	Зиянды заттар салынатын ғимараттар үздіксіз жұмыс істейтін қиылысқан-тартпа желдеткішпен қамтамасыз етіледі	елеулі
3943.	Сынамаларды өңдеу қиылысқан тартпа желдеткішпен, 16-18 градус Цельсиядан артық емес температурада тартпа жәшіктерімен қамтамасыз етілген жабдықталған ғимараттарда жүргізіледі	елеулі

3944.	Ғимараттардың қабырғалары, төбелері, терезелері, есіктері табиғи олифтегі ашық түсті майлы сырлармен сырланған, едені жағулар арқылы желімделетін тегіс линолеуммен жабылады, тігістері мұқият бекітіледі	елеулі
3945.	Ғимараттардағы едендерде, қабырғаларда, есіктерде, терезелерде сынап тамшылары қалып қоятын саңылаулардың болмауы	елеулі
3946.	Жұмыс үстелдері, жәшіктер, орындардың беттері тегіс, майлы сырмен боялған және еденнен 20 сантиметрден төмен емес бос кеңістікті сақтай отырып, олардың астындағы едендерді жинау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін аяқтарымен орналастырылады	елеулі
3947.	Үстелдердің және тартпа жәшіктерінің жұмыс беттері шамалы көтерілген борттары болады, шамалы көтерілген борттарды көтере отырып, бетті төменгі жақтарына бекітілетін, линолеуммен жабады. Төгілген сынап ағыны үшін сынапқа арналған құрылғы үшін құрал жабдықтар орнатылатын патрубкалары бар саңылаулары көзделеді	болмашы
3948.	Технологиялық, кәріздік және су трубақұбырлары максимальды жасырылған және мүмкіндігіне қарай ғимараттан тыс орналасқан; кабельдер трубаларда салынған, жарықтандыру сымдары жасырын немесе роликтердегі немесе оқшаулардағы винилді жабудағы сымдарды қолдана отырып орындалады	елеулі
3949.	Сынамаларды өңдеуге арналған ғимараттарда қиылысқан тартпа желдеткіштері жұмыстар жүргізуге дейін 30 минут бұрын қосылады және олар аяқталғаннан кейін осы уақыт аралығында сөндірілмейді	елеулі
3950.	Жылына 2 реттен жиі емес мерзімде ғимараттағы ауада	елеулі

	сынаптың болуын талдау актілерінің болуы	
3951.	Сынап қоры қоймаларда және өндірістік ғимараттарда амортизацияланған қорапта металл табандарда орнатылған аузы бұралып тығындалатын болат баллондарда немесе вакуумды жабылған герметикалық тығынды темір ыдыстарда сақталады	елеулі
3952.	Төменгі жағында бұранда орналасқан баллонға сынап салынады. Егер көрсетілген конструкциядағы баллондар болмаған жағдайда, сынапты басқа ыдысқа құюға ыңғайлы еңісті қамтамасыз ететін құрылғыға салынған және бекітілген ыдысқа құйылады	елеулі
3953.	Сынап тартпа жәшігінде сейфте, сынбайтын ыдыста немесе металл табанды амортизацияланған қорапта орнатылған жұмыс жүргізуге қажетті мөлшерде шыны ыдыста сақталады	елеулі
3954.	Сынапты шағын көлемде (20-30 миллилитр) зертханалық жәшіктерде сақтауға болады.	елеулі
3955.	Сынапты қайнату (булау) ауа қозғалысының жылдамдығы секундына 1 метрден кем емес кезінде тартпа жәшіктерінде жүргізіледі және құмды моншада 50 пайыз азот қышқылы ерітіндісінде шыны ыдыста аздап қыздыра отырып жүргізіледі	елеулі
3956.	Буға ұқсас сынаптар бөлетін технологиялық қондырғылар сынап буларын олардың пайда болған жерінде аулау жөніндегі сорғыштармен және агрегаттармен қамтамасыз етіледі	елеулі
3957.	Құбырлардың еңісі, ал фланцты қосулардың тысы болады	елеулі
3958.	Құрамында сынабы бар ерітінділерді немесе қоспаларды беретін орталықты сальниктер астынан сынапқа және ауыстырылатын материалдар	елеулі

	ерітінділеріне төзімді материалдардан жасалған табандар орнату	
3959.	Сынап буы бөлінуі мүмкін ғимараттарда орнатылатын электр двигателдер нитроэмальды құраммен өңделген тығыз жабысқан металл тыстармен жабылады	елеулі
3960.	Сынап-майлы насостардан шығатын орындарды фильтр-жұтушыларды тазартады	елеулі
3961.	Оңтүстікке немесе оңтүстік-шығысқа бағытталған есіктер, өтетін орындар, терезе оймалары маңында, эмальданған табандарда бекітілген сынаппен толтырылған приборларды жылыту приборлары мен қыздыру беттері маңында орналастыруға жол берілмейді	елеулі
3962.	Сынаппен жұмыс істеу кезінде жуан химиялық ыдыстарды немесе сынбайтын шыныдан жасалған ыдыстар қолданылады	елеулі
3963.	Спектрлі зертханада спектрлерді (доға, ұшқын, жалын) қоздыратын әрбір көздері жану өнімдерінің толық жойылуын қамтамасыз ететін сорғыш құрылғылармен жабдықталады	елеулі
3964.	Электродтарды қайрау үшін станоктарды тозақ жұтушы құрылғылармен жабдықтау	болмашы
3965.	Спектральды прибор таяныш астындағы стол қақпағы табақшалы әкпен немесе отқа төзімді материалмен тігіледі	елеулі
3966.	Рентген құрылғылары жеке ғимараттарда орналастырылады	елеулі
3967.	Арнайы бөлінген ғимараттарда құрылғыларды орналастыру: 1) құрылғылар арасындағы өтетін орындар ені 1,5 метрден кем емес; 2) ғимараттар көлемдері құрылғылардан бос аумақтар жалпы алаңның жартысынан кем емес құрамын құрайды	елеулі
3968.	Едендер оқшауланған материалдардан (ағаш, линолеум немесе ағаш төселім бойынша	елеулі

	полихлоридті жабулар) орындалады	
3969.	Рентген лабораториялары құрылғының қоректендіру желісінен бөлек электр жарықтарымен қамтамасыз етіледі	елеулі
3970.	Жоғары вольтты сымдар сымдарға және клеммаларға тиюі толық жойылатындай етіп орналастырады. Блокировкалау құрылғылары аптасына бір реттен жиі емес тексеріледі	елеулі
3971.	Рентген камераларын орнату немесе рентген спектрометрлерінде кассеталарды орнату кезінде қызмет көрсетуші қызметкер тікелей шағылысу әсері трубкасының алдында тұруға жол берілмейді	елеулі
3972.	Түтікшелерді тексеру кезінде жұмыс режимі құрылғысының барлық түтікшелері мырышпен жабылады. 50 килоВольтқа дейінгі жұмыс кернеулігі кезінде мырыш табақшалары 1 миллиметрден кем емес; 100 килоВольт-2 миллиметр; 150 килоВольт-3 миллиметр болады	елеулі
3973.	Ағын іздеуіштің торын және электронографты суыту үшін сұйық азот қолданылады. Сұйық оттегін қолдануға жол берілмейді	елеулі
3974.	Барлық формалы вакуумды сорғылардың дауысы окшауланады	елеулі
3975.	Сынап буларын жою үшін форвакуумды насостарда шығарғыш келте құбырлардың болуы	елеулі
3976.	Дардың шыны ыдыстары шүберектен немесе жұмсақ сым сеткалардан жасалған тыстарға салынады	елеулі
3977.	Масс-спектрометрдің барлық бағандары жерге қосылады	елеулі
3978.	Шлихоминералогиялық және петрографиялық анализдерге (ауыр сұйықтармен жұмыс істеу, сынамаларды алдын ала химиялық өңдеу, механикалық анализ)	елеулі

	дайындалу операциялары қиылысқан тартпа желдеткіштерімен жабдықталған жеке ғимараттарда орындалады.	
3979.	Органикалық сұйықтар (эфир, спирт, бензин, бензол) жабық металл жәшіктерде сақталады. Олармен жұмыс істеу жанып тұрған газ оттықтары мен қыздыру приборларынан алыс орында тартпа жәшіктерінде жүргізіледі	елеулі
3980.	Ерітінділер тығындалатын шыны бөтелкелерде сақталады. Химикаттар ерітінділері бар ыдыстардың тиісті этикеткалары болады.	елеулі
3981.	Шыныларды қышқылдармен жуу, аммиак қара түрімен қаралануы, сульфат ерітіндісіне күкірт қышқылын қосу, дақтарды күкіртті натрий ерітіндісіндегі түр сериясына бояу, күшті қышқылдар мен сілтілердің суда еруі, фиксаждың таңдалған күміс ерітінділерімен отырғызу тартпа жәшіктерде орындалады	елеулі
3982.	Ұсату, үгіту, соққылау және классификациялау, гравитациялау, магнитті және электр сепарациялау, флотациялау бөлімшелері жалпы алмасу қиылысқан тартпа желдеткішімен және тозаңданушы агрегаттардың жергілікті сорғыштармен жабдықталған әртүрлі ғимараттарында орналастырылады	елеулі
3983.	Ұсату және гравитация бөлімшелеріндегі едендердің 4-5 градус еңісі болады	елеулі
3984.	Қондырғылар жанындағы сырғанаудың алдын алу үшін рифленген резина жолдары немесе ағаш төселімдер салынады	елеулі
3985.	Магниттік сепаратор жұмыс істеу кезінде оған металл заттарды жақындатуға және оның параметрлерін өлшеуге жол берілмейді	болмашы
3986.	Автоклавтарда қысыммен жұмыс істеуді тартпа желдеткішімен	елеулі

	жарактандырылған жабдықталған ғимаратта жүргізу	
3987.	Сынамалы зертхана ғимараты максималды сорғышты және қалыпты ауа алмасуды қамтамасыз ететін қиылысқан тартпа желдеткішпен жабдыкталады	елеулі
3988.	Жыныстарды соққыға сынау кезінде қорғаныс қоршаулары қолданылады	елеулі
3989.	Қоймалар ғимараттарының жекелеген қабырғалары, едендері және төбелері химиялық әсерлерге төзімді және жууға ыңғайлы	елеулі
17-бөлім. Өсімдік шикізатын сақтайтын және қайта өңдейтін қауіпті өндірістік объектілерге қатысты талаптар		
1-кіші бөлім. Жалпы ережелер		
3990.	Өндірістік жайларды әрлеу мен оларды жабдықтаудың түсті қаптамасы (бояуы) ақшыл реңдермен жүргізіледі	елеулі
2-кіші бөлім. Автомобиль жолдарына қойылатын талаптар		
3991.	Астық зауыттары мен макарон фабрикаларының аумағында кемінде екі кіру жолы (шығу жолы) көзделеді, олардың біреуі қосалқы болып табылады	елеулі
3992.	Кіру жолына (шығу жолына) арналған қақпа механикаландырылған, олардың өздігінен ашылу және жабылу мүмкіндігін реттейтін тиек құрылғылары болады, көліктің қозғалысы туралы ескертетін дыбыстық дабылмен жаракталады. Ұйым аумағына кіретін автомобиль жолдары қақпаларының ені автомобилдердің ең үлкен ені бойынша плюс 1,5 метр, бірақ 4,5 метрден кем емес, ал теміржол өту жолдарына арналған қақпалардың ені 4,9 метрден кем емес	елеулі
3993.	Автомобиль көлігінің кәсіпорын аумағына өтуі үшін қатты жабынды жолдар болуы тиіс. Өту жолдарының ені бір жақты қозғалыс кезінде - 3,5 метрден, екі жақты қозғалыс кезінде - 6 метрден кем емес. Рельс	елеулі

	бастарының деңгейімен төселген автомобиль жолдарының қиылысы мен жолдарына тұтас төсемдер орнатылуы. Жүргінші жолдарының ені 1 метрден кем емес.	
3994.	Ауыр жүк таситын көліктерге арналған айналып шығатын жолдар немесе айналым алаңдары болуы тиіс. Ыдыстағы жүкті түсіру үшін қойма үй-жайларының еденімен бір деңгейде биіктігі 1,2 метрлік рампа құрылғысы қарастырылады	елеулі
3995.	Сұйық қосалқы шикізатты қоймаға қабылдауға арналған қабылдау келте құбырлары жабық және аспалы күйде орнатылады	елеулі
3-кіші бөлім. Аумақты ұстауға қойылатын талаптар		
3996.	Осыған ұқсас құрылғылар теміржол және автомобиль көлігінен бидайды, ұнды, құрама жемдер мен ұн шикізатының басқа да түрлері мен дайын өнімді қабылдау және жөнелту кезінде көзделеді	елеулі
4-кіші бөлім. Өндірістік және қойма ғимараттарында өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын талаптар: жалпы тәртібі		
3997.	Өндірістік үй-жайлардың қабырғаларының, төбелерінің, көтергіш құрылымдарының, есіктерінің, едендерінің ішкі қабаты, өндірістік ғимараттарға жапсарлас сүрлемдер мен бункерлердің қабырғаларының ішкі қабаттары шығыңқы бөліктерсіз, ойыссыз болып және оларды оңай тазалауға мүмкіндік беру керек	елеулі
3998.	Терезе орындарының құрылғылары терезелерді тікелей үй-жайдан сүрту және сыртқы қабатын жөндеу мүмкіндігін қамтамасыз етеді	елеулі
3999.	Дайын өнімді қаптауға арналған үй-жайлар басқа өндірістік және қойма үй-жайлардан оқшау болады	елеулі
	Микроэлементтерді, витаминдерді, ферменттерді және басқа да коспаларды сақтауға арналған	

4000.	орындар негізгі өндірістік үй-жайлардан оқшауланады. Байыту коспалары дайындалатын үй-жайларда ағынды-сору желдеткіші болады, қабырғалары суға төзімді материалмен қапталады. Суспензиялар дайындауға арналған, жүгері тұқымдарын ыдысқа салуға арналған үй-жайлар қалған үй-жайлардан оқшауланады және ағынды-сору желдеткіші болады	елеулі
4001.	Тұқымдарды ыдысқа салуға арналған химикаттар бөлек оқшауланған үй-жайда сақталады	елеулі
4002.	Жертөле және жартылай жертөле үй-жайларында негізгі өндірістерді орналастыруға болмайды	елеулі
4003.	Едендердің жабыны тегіс, төзімді болады. Бұл ретте тозанды өндіріс үй-жайларында жабынды оңай жинау түрі қарастырылады	елеулі
4004.	Ылғалды үрдістер жүргізілетін өндірістік үй-жайлардың едендері суға төзімді болады	елеулі
4005.	Қышқылдар, сілтілер немесе басқа да агрессивті сұйықтықтар қолданылатын үй-жайлар едендері (ашытқы бөлімшесі, ыдыстарды, қалыптарды жууға, жуатын ерітінділерді дайындауға арналған үй-жайлар, зарядтау станциясы және т.б.) осы заттардың әсер етуіне төзімді материалдардан жасалады және ағысқа арналған ылдиы болады	елеулі
5-кіші бөлім. Көлденең және көлбеу едендері бар және аэро науалармен жабдықталған еденде сақтау қоймаларына қойылатын талаптар		
4006.	Қоймаларды астықпен толтыру биіктігі қойма қабырғаларында қойманың тұтас периметрі бойынша ескерту жазулары бар тұтас сызықпен көрсетіледі	елеулі
4007.	Ыдыспен жүк тиеу қоймасының ғимаратында сыртқы жағынан бірінші қабатта аккумуляторлық тиегіштерге арналған зарядтау станциясын орналастыруға рұқсат етіледі	елеулі

4008.	Сыртқы қабырғаларда терезелерді орналастыруға және зарядтау станциясының үй-жайының үстінен желдету үшін сыртқы ауа алуға рұқсат етілмейді	елеулі
4009.	Едендері тегіс, оның ішінде аэро науалармен жабдықталған механикаландырылған астық қоймаларында олардың ортасы бойымен конвейерге шығыңқы тесіктерінің үстінен жұмысшыларды шүмекті керуден сақтандыратын тігінен бағандар орнатылады	елеулі
4010.	Астық өздігінен ағып шығатын әрбір механикаландырылған қоймада қойманың сыртынан "тоқта" деген кемінде екі түйме орнатылады	елеулі
4011.	Ұн салынған қаптар тігінен орналастыру тәртібін сақтаған кезде стеллаждарға немесе тұғырларға салынуы қажет	елеулі
4012.	Жәшіктер қатарлап орналастырылады. Бөшкелер әр қатардың арасында тактайлар төсеп, кесілген пирамида түрінде орналастырылады. Қатарлардың сырғуын болдырмау үшін шеткі бөшкелер сыналанады.	елеулі
4013.	Өнімді ыдыста сақтау кезінде қатарлардың арасында ені 1,25 метрден кем болмайтын өту жолдары қарастырылады, қатарлардан бастап қабырғаларға дейінгі қашықтық - 0,7 метрден аз емес. Қатарлардың үстінен бастап далдаларға немесе тұрақты құрылымдардың шығыңқы бөліктерінің астына дейінгі қашықтық 0,5 метрден кем емес	елеулі
4014.	Қышқылдарды, сілтілерді және өзге де агрессивті заттарды сақтауға арналған қойма үй-жайларында сақталатын заттар көрсетілген ескерту жазулары ілінеді. Қоймада төгілген қышқылдар мен сілтілерді бейтараптандыруға арналған құралдардың қоры болады	елеулі
6-кіші бөлім. Сүрлемдер мен бункерлерге қойылатын талаптар		

4015.	Сүрлемдер мен бункерлер құлыпқа салынатын сақтандыру торлары бар, тығыз жабылатын тиеу және тар люктерді орнатып, тұтас далдамен жабылады	елеулі
4016.	Сүрлемдердің ішкі қабаттарын қаптау сусымалы материалдың жақсылап ағуына ықпал етеді	елеулі
4017.	Астық пен өзге де өнім сақталатын сүрлемдер мен бункерлердің температурасын тексеру тұрақты немесе жылжымалы қондырғылармен жүзеге асырылады. Осы мақсатта адамдарды сүрлемдер мен бункерлерге түсіруге болмайды	елеулі
4018.	Ыдыссыз сақтауға арналған жапсарлас бункерлер мен ғимараттардың қабырғаларының арасы 0,7 метрден кем болмауы керек	елеулі
4019.	Сүрлемдердің, бункерлердің және басқа да құрылғылардың барлық лаз және тиеу люктері олардың орналасу орнына қарамастан, қақпақтардан басқа ұяшық өлшемі 250x75 миллиметрден аспайтын металл торлары болады. Люктердің торларын үй-жайдың еден қабатынан 60 миллиметр астам тереңдетуге болады	елеулі
7-кіші бөлім. Жертөле үй-жайлары, тоннельдер, галереялар мен алаңдарға қойылатын талаптар		
4020.	Ғимараттардың жертөле қабаттары мен жер асты галереяларын орнату оған топырақ суының өтуін болдырмайды	елеулі
4021.	Жертөле және жартылай жертөле қабаттарында орналастырылған өндірістік үй-жайлар мен көлік тоннельдері желдеткішпен қамтамасыз етіледі және жертөле үй-жайының немесе тоннельдің басында және соңында орналастырылған кемінде екі кіру және шығу жолдары болады	елеулі
4022.	Дербес тұтас емес далдаларда, тұғырларда және тетіктерге қызмет көрсетуге арналған галереяларда, қоймалардың жоғарғы конвейерлік галереяларында, ауыспалы	елеулі

	көпіршелерде төмен қарай 0,15 метрге тұтас жігі бар, биіктігі 1 метрден кем болмайтын қоршаулары болады	
4023.	Ұзындығы 20 метрден астам және жер мен үй-жайдың еденінің деңгейінен 2 метрден жоғары биіктікте орналасқан галереялар мен алаңдарда біреуі басында және екіншісі галереяның немесе алаңның соңында орналасқан кемінде екі кіру және шығу жолдары болады	елеулі
8-кіші бөлім. Табиғи және электрлік жарық беруге қойылатын талаптар		
4024.	Барлық технологиялық үрдістерді жүргізумен байланысты өндірістік , қосалқы үй-жайларда жабық күйдегі шамдар қарастырылады	елеулі
4025.	Плафондарды төбеге орнату кезінде ол оқшауланған материалдан жасалған розеткаға бекітіледі	елеулі
4026.	Нан пісіру және макорон өнеркәсібі кәсіпорындарына жарық беру: 1) өндірістік пештердің оттықтары мен газ жүрістеріне жарық беру үшін кернеуі 12 Вольтты тасымал шамдар қолданылады, шамның шынылы басы металл тормен қорғалады. 2) жұмыс қабаттарында қамтамасыз етілетін, авариялық режимде жарық беруді қажет ететін авариялық жарық беру жарығы жұмыс істейтін жарық беру нормасынан 0,05 кем емес, бірақ ғимарат ішінде 2 люкс кем емес және кәсіпорын аумағы үшін 1 люкс кем емес. 3) эвакуациялық жарық беру үй-жайларда негізгі өту жолдары желісінің еденіне 0,5 люкс кем емес жарықты қамтамасыз етеді. 4) авариялық және эвакуациялық жарық берудің жарық беру арматурасында ажырату белгілері болады	елеулі
9-кіші бөлім. Желдетуге және жылу беруге қойылатын жалпы талаптар		
	Барлық өндірістік және қосалқы үй-жайларда олардағы ауаның ластану дәрежесіне қарамастан,	

4027.	шаңның жарылуы және өртенуі пайда болуы мүмкіндігін жоққа шығаруды құамтамасыз ететін табиғи, механикалық немесе аралас желдеткіші болу керек	елеулі
4028.	Өндірістік үй-жайлардың жұмыс аймағына жұмыс істеу кезінде өтуі ықтимал тозаң түзетін барлық машиналар мен тетіктер аспирацияланады	өрескел
4029.	Циклондардың пайдаланылған құбырлары олар орнатылған ғимараттың төбесінен жоғары шығарылады	елеулі
4030.	Өндіріс үй-жайларына ауамен жылу беру және желдету жүйелерінде егер ауаға қайта келетін ауа (оны тозаңнан тазартқаннан кейін) су беті немесе өзге де от өткізбейтін заттар арқылы өткізілетін жағдайда ауаны рециркуляциялауды қарастыруға болады	елеулі
4031.	Аспирациялық желілер айына бір реттен кешіктірілмей аспирациялық қондырғылардың ауа өткізгіштерінің көлденең учаскелерінің ішінде жиналған тозаңның бар-жоғына тексеріледі, тазаланады	елеулі
4032.	Барлық аспирациялық қондырғылар технологиялық және көлік жабдығымен бұғатталады.	өрескел
4033.	Ұн және қант тозаңы бар үй-жайларда қамыр ашытуға арналған камераларда жылу беру аспаптары ретінде тегіс құбырлар, ал қалған өндірістік және қойма үй-жайларында беті тегіс радиаторлар қолданылады	елеулі
4034.	Саты торларында жылу беру аспаптары тереңдікте немесе алаң еденінен 2,2 метрге жоғары орналастырылады	елеулі
4035.	Тұрақты жұмыс істейтін орындарға (қатарланған шкафтарда, нан пісіру пештерінде, кептіргіштерде, циркуляциялық окпандарда) өңдейтін келте құбырлар арқылы ауа беру жүргізіледі	елеулі

4036.	Жарылу, өрт шығу қауіптілігі әр түрлі санаттағы үй-жайларда желдету әр түрлі ауа өткізгіштермен жүзеге асырылады . Жарылу, өрт шығу қауіп бар үй-жайлар үшін ауа өткізгіштерін ортақ магистралдық ауа өткізгіштермен біріктіруге болмайды	өрескел
4037.	Тоңазытқыш қондырғыларының үй-жайларында жасанды түрткі салатын жалпы алмасу желдеткішті қарастыру қажет: 11, 12, 22, 500 және 502 хладондарды қолдану кезінде үш еселі, ал авария кезінде 1 сағатта бес еселі ауа алмастырғышпен; аммиак қолдану кезінде есеп бойынша, бірақ төрт еселі ауа алмастырғыштан кем емес, ал апат кезінде 1 сағатта он бір еселі ауа алмастырғышпен қосалқы тетікті жалпы алмастырғыш желдеткіш қарастырылады	елеулі
4038.	Шу мен дірілді азайту мақсатында желдеткіштер мен электр қозғалтқыштары діріл окшаулайтын негіздерге орнатылады және ауа өткізгіштермен жұмсақ ендірмелер арқылы қосылады	елеулі
4039.	Тозаң, бу және газ бөлу көздері болып табылатын барлық машиналар мен тетіктер жабылады және жергілікті сорғылармен, аспирациялық және тозаң аулау құрылғыларымен қамтамасыз етіледі	өрескел
4040.	Аспирациялау жүйесі ауаны бір технологиялық желіден тазартуды жүзеге асырады	өрескел
4041.	Аспирациялау жүйелерінде ауа үрлеу машиналары мен желдеткіштері тозаң ұстағыштардан кейін орнатылады	өрескел
4042.	Аспирациялау жүйесінің ауа өткізгіштері тігінен немесе көкжиекке 60 градус бұрышпен орнатылады. Көлденең учаскелердің ұзақтығы ең қысқа	өрескел
10-кіші бөлім. Көтергіштерге (лифттерге) қойылатын талаптар		

4043.	Қауіпті өндірістік объектілерде шикізатты сақтау мен қайта өндеу 15 метрден артық өзгешелік болған кезде жолаушы және жүк лифттері қарастырылады	елеулі
4044.	Барлық қабаттарда жарылу қаупі бар өндіріс, жертөле қабатында өрт шығу қаупі бар үй-жайларда лифттерден шығу жолдары 20 паскаль тұрақты ауа беретін тамбур-шлюздер арқылы көзделеді	өрескел
11-кіші бөлім. Өндірістік және қойма үй-жайларын ұстауға қойылатын талаптар		
4045.	Өндірістік цехтарда тозаң жинау үшін пневматикалық немесе механикалық әдіспен орталықтандырылған тозаң жинау қондырғысын қолдану ұсынылады, өндірістік үй-жайларды жинау кезінде жанғыш сұйықтықтарды пайдалануға рұқсат етілмейді	елеулі
12-кіші бөлім. Тиеу-түсіру және қойма жұмыстары		
4046.	Жүкті 3 метрден астам биіктікте ауыстыру кезінде оны көтеру механикаландырылады	елеулі
4047.	Тиеу-түсіру жұмыстары кезінде қолданылатын жолдар (басқыштар) мынадай талаптарды қанағаттандырады: ені бір жақты қозғалыс кезінде 0,8 метрден, екі жақты қозғалыс кезінде 1,5 метрден кем болмайтын жүкпен өту үшін қызмет ететін жолдар қалыңдығы 50-60 миллиметр металдан немесе тақтайдан дайындалады; жолдардың әрбір 0,3-0,4 метр сайын аяқпен басуға арналған аспақтары болады. Аспақтардың қимасы 20x40 миллиметр; жолдар мен көпіршелер ұзын (3 метрден астам) болған кезде діріл мен олардың астына майысуынан алдын алу үшін ағаш тіректер-айырлар орнатылады. Өнім салынған қаптарды айыр орнына қоюға болмайды. есептік жүктеме ең жоғары болғанда төсем иілгіші 20 миллиметрден аспайды; ығысуынан сақтандыруға арналған жолдарда бір ұшында	елеулі

	вагонның есік рейкасына немесе түсірілетін объектінің өзге де тұрақты элементіне ілу үшін металл ілмектері болады	
4048.	1,5 метрден астам биіктікте орнатылатын жолдар мен көпірлерде баржадан баржаға, жағадан баржаға, кемеге өту үшін қанаттың төменгі бөлігінде 150 миллиметрден кем емес көмкермесі (жиегі) бар биіктігі 1 метрден кем емес қанаттар орнатылады. Қанат бағандары арасындағы қашықтық 2 метрден астам болмау керек. Бағандардың биіктігі бойымен бір аралық бойлық элемент болады	елеулі
4049.	Жолдардың көрнекі орындарында шекті жүктемелері көрсетіледі	елеулі
4050.	Тиеу-түсіру машиналарын басқару пульті жұмысты бақылау үшін ыңғайлы орынға орнатылады, дыбыс дабылымен жаракталады	елеулі
13-кіші бөлім. Жылжымалы тетік машиналарға қойылатын талаптар		
4051.	Өздігінен жүретін және көлік машиналарын орнату олардың және өзге де машиналардың және ғимараттардың қабырғалары, қақпалар мен басқа да орнату орындары арасында ені 1 метрден кем емес өту жолы болатындай етіп жүргізіледі	елеулі
4052.	Көтергіш рамалары бар барлық жылжымалы тетіктер "Раманы көтеру кезінде оның астында болуға болмайды" деген раманың екі жағынан бекітілген жазуы болады	елеулі
4053.	Қыстырғыш қоректердің (өздігінен бергіштердің) жоғарғы жүріс тармақтары қоршалады	елеулі
4054.	Өздігінен бергіштердің жүкшығырларында өзекше ілмегін аудармай, қыстырғыш бөлікті түсіруге мүмкіндік беретін тұтқасы болады	елеулі
4055.	Ыдыстағы жүктерге арналған жылжымалы конвейерлерде таспа бүйірлерінен биіктігі 0,2 метр бойлық борттар бекітіледі;	елеулі

	транспорттерден қаптарды қабылдау үшін қабылдау үстелі орнатылады	
4056.	Жүріс бөлігінде ақау болған, көтергіш рамада шектегіш бұранда болмаған кезде жылжымалы конвейерлердің жұмыс істеуіне рұқсат етілмейді	елеулі
4057.	Көлбеу орнатылған конвейерлерде жетек ажыратылған кезде жүгі бар жүк тасымалдаушы элементтің өздігінен орнын ауыстыру мүмкіндігі болмауы керек	елеулі
14-кіші бөлім. Автомобиль жүк түсіргіштерге қойылатын талаптар		
4058.	Автомобиль жүк түсіргішінің жүк көтергіштігі автомобилдің (автопойыздың және автомобилдің өзінің массасына) жүк көтергіштігіне сәйкес болу қажет. Автомобиль жүк түсіргішінің ұзындығы оған автомобилдің (автопойыздың) дөңгелек базасын еркін орнатуды қамтамасыз ету қажет	елеулі
4059.	Қызмет көрсету алаңының ені 0,7 метрден кем емес болады және биіктігі 1 метр тұтқыштармен жаракталады. Автомобилдің ашық борты борт ашқышта тіреледі	елеулі
4060.	Платформаның серіппелі тіректері автомобилдердің өздігінен сырғуын болдырмайды; автомобилден артқы борт арқылы жүк түсіру кезінде жүргізуші сақтандыру шынжырын немесе арқан орнатады. Арқанмен сақтандыру бұйымы диаметрі 25 миллиметрден кем емес (жұмыс тармағының ортасымен) сынақ туралы куәлігі бар арқаннан жасалады. Арқанмен жүк асатын орындарда арқан олардың арасындағы қашықтықпен кемінде үш қысқышпен және кемінде алты диаметр бос арқанмен қосылады. Қысқыштардың орнына созылмалы темірден жасалған дөңгелектерді пайдалануға болмайды.	елеулі

	Шынжырлы сақтандыру құрылғысының әрбір тармағында 29 шынжыр буыны болады	
15-кіші бөлім. Электр тиегіштерге қойылатын талаптар		
4061.	Барлық түрдегі тиегіштердің құрылымдарында жүргізуші басының үстінен кабина немесе қоршау орнату мүмкіндігі қарастырылады	елеулі
4062.	Қоймалар мен көлбеу жолдардағы қабат аралық далдалар мен едендер жарамды болу қажет, майыспаған және жүріс бойы жүгі бар электр тиегіштің массасынан жүктемені ұстап тұруы керек	елеулі
4063.	Қоймаға оған жапсарлас алаңдардан электр тиегіштердің немесе автожолдардың (және кері бағытта) өтуі үшін көлбеу жолдар (пандустар) көкжиекке 6 градустан аспайтын бұрышпен орындалады. Электр тиегіштің құлауын болдырмас үшін қоймалардағы рампалар мен платформада берік бөрене орнатылады	өрескел
4064.	Өнім салынған қап қатарлардың құлау мүмкіндігін болдырмайтындай етіп байланып, қатарларға (тұғырға) қойылады	елеулі
4065.	Электр тиегіштердің жабық теміржол вагондарына кіруі және одан қоймаға (немесе рампаға) шығуы үшін ені 1200 миллиметрден, қалыңдығы 7-8 миллиметрден кем емес болат бұдырлы қаңылтыр түріндегі көпіршелер қолданылады. Қаңылтырдың астынан вагонның есік рамасына көпіршені бекіту үшін екі ілгек дәнекерлейді	елеулі
4066.	Автопойыздың астынан электр тиегіштің автомобиль (тіркеменің) шанағына өтуі және одан шығуы үшін ұзындығы 2-3 метрдей жапсарлас тегістегіш көпіршелер болады	елеулі
16-кіші бөлім. Теміржол көлігінде астық және өзге де сусымалы өнімдерді тиеу-түсіру жұмыстарына қойылатын талаптар		
	Маневрлі жүкшығырларының маневрлі шығырды қауіпсіз	

4067.	пайдалану үшін жауапты тұлға, сынаудан өту датасы, келесі сынаудың датасы, тарту күші көрсетілген паспорты мен кестелері бар	елеулі
4068.	Вагонға жүк тиеу және жүк түсіру оны тиеу-түсіру нүктесіне орнатқаннан және теміржол жолдарына тежегіш табандықтарын бекіткеннен кейін бастауы қажет; осы мақсатта бөгде заттарды-тақтайларды, сомындарды, тастарды және басқаларын пайдалануға және вагондардың дөңгелектерінің астына төсеуге болмайды. Тежегіш табандықтарда бояуы, таңбасы, қосымша мәлімет орны болады және техникалық-өкімші актіде көзделген орындарда сақталады. Ақауы бар тежегіш табандықтарды пайдалануға болмайды	өрескел
4069.	Астық қалқандарын оларды жинау орнына тасымалдау механикаландырылған тәсілмен жүргізіледі	елеулі
4070.	Көлік тетіктерін жүргізу, көтеру және орнату жүкшығырлардың көмегімен немесе қызмет көрсетуші персоналдың өтуі үшін әр жағынан ені 0,75 метрден кем емес көлбеу жолмен қолмен жүргізілуі тиіс	елеулі
4071.	Кішкене қанатша орнатылған вагон тиегіш конвейерде оның өздігінен аударылуын болдырмайтын тірегі болады	елеулі
4072.	Механикалық күрек қалқандарының массасы 5 килограмнан аспауы тиіс	елеулі
4073.	Механикалық күрек арқандарында күрек қалқаны вагонның ақырғы бұрышында болған жағдайда жүкшығыр барабанында 2-3 қосалқы айыр болады. Арқанды күректің артынан қолмен жеткізуге болмайды	елеулі
4074.	Арқандар шекті нормадан артық тозған кезде механикалық	елеулі

	күректің жұмыс істеуіне рұқсат етілмейді	
4075.	Жүктерді реттейтін күректің жетек тетігінің қозғалатын бөлшектері, вагоннан тыс өтетін жұмыс арқанының тік және көлденең тармақтар қоршалады	елеулі
4076.	Инерциялық вагоннан жүк түсіргіштің теңгеру жетегін іске қосу алдында дыбыс белгісі беріледі	елеулі
4077.	Инерциялық машинаның екі жағынан бағдаршамдар орнатылады. Машиналарды бағдаршамдарсыз пайдалануға болмайды. Вагонды тек оператордың рұқсатымен жасыл бағдаршам жанған кезде вагоннан жүк түсіргіштің платформасына орнатуға болады	елеулі
4078.	Шротты вагондардан жүк түсіру кезінде жұмыстарды жүргізу зертханасымен келісу керек. Шроттың құрамында 0,1 пайыздан астам бензин болған кезде ұйымның әкімшілігіне хабарлап, желдету үшін вагондардың люктері мен есіктерін ашу қажет. Жүк түсіру бензин қосылымы 0,1 пайызға төмендеген кезде жүргізіледі	елеулі
4079.	Қоршайтын канаттарсыз және жұмысшылардың монтаждау белдігін арқан аспасына бекітпей, вагонның төбесінде жұмыс істеуге болмайды	елеулі
17-кіші бөлім. Жүзгіш көлік құралдарынан тиеу және түсіру жұмыстаына қойылатын талаптар		
4080.	Кемелер мен баржаларға сусымалы жүктерді тиеу және түсіру механикаландырылған немесе пневматикалық тәсілмен жүргізіледі	елеулі
4081.	Пневматикалық қондырғылар мен циклондарға биіктігі 1 метр кем емес қанаттармен қоршалған аландардан қызмет көрсетіледі	елеулі
4082.	Қоймадағы, бунттағы сияқты кеме трюмінде де сынама алу кезінде ағаш төсем арқылы астық үстімен өту жүзеге асырылады. Төсемнің ені 0,4 метрден кем емес, 0,3 метр	өрескел

	сайын кесе көлденең аспақтары бар, ұзындығы 2,5 метрден, жалпы массасы 30 килограмнан аспайды.	
4083.	Кемелер мен баржаларға толтырылған қаптарды тиеу және түсіру тұрақты және жылжымалы көтергіштер мен конвейерлердің, қаптар мен өзге механикаландыру құралдарын тиеуге арналған машиналардың көмегімен жүргізіледі. Қаптардың пакеттері байланады	елеулі
4084.	Кемелер мен баржалардың трюмдеріне жүкті тиеу және түсіру кезінде прожектормен жарық беріледі. Желідегі кернеу 12 Вольттан аспаған кезде жарылысқа қауіпсіз күйде тасымал шамдарды қолдануға болады	өрескел
18-кіші бөлім. Ыдыстағы өнімдерімен тиеу-түсіру жұмыстарына қойылатын талаптар		
4085.	Ыдыста дайын өнімі бар қоймаларда өнім, шикізат салынған қаптар біркелкі қатарда механикаландырылған тәсілмен үшеуден және бесеуден оралып, тігінен қойылады	өрескел
4086.	Өнім салынған қаптар биіктігі 14 қатарға дейін (массасы 50 килограмм қаптар үшін - 16 қатардан аспайды) қатарлап қойылады. 11 қатардан бастап әрбір келесі қатардың ені қатарды конус бойымен сала отырып, 0,25 метрге қысқартылады	өрескел
4087.	Қоймаларда қатарлардың арасында және қабырғалардың жанында өнімді қабылдаудың, жөнелтудің және сапасы мен жай-күйін қадағалаудың қалыпты шарттарын қамтамасыз ететін өту жолдары мен өткелдер қалдырылады Өту жолының ені: қап арқалаған жұмысшы үшін - 1,25 метрден кем емес; электр тиегіштердің өтуі үшін - 2,2 метрден кем емес; ауаны алмастыру және қабырға мен қатарлардың арасындағы	елеулі

	өнімнің жай-күйін бақылау үшін - 0,7 метрден кем емес сәйкес келеді	
4088.	Қатарларды қолмен немесе көлік құралдарын пайдалана отырып, қалыптастырған кезде 6 қатарды салғаннан кейін жолдар салынады	елеулі
4089.	Конвейерден және құламалардан қаптардың құлауын болдырмас үшін олар биіктігі 200 миллиметр ернеулермен жабдықталады. Құламаларда тежеуіш құрылғылары болады. Қаптарды конвейерлерден қабылдау үшін қабылдау үстелі орнатылады	елеулі
4090.	Конвейерлер мен құламалар өтетін ойықтар астыңғы жағынан биіктігі 150 миллиметр ернеу тақтайшасы бар, биіктігі 1 метр канаттармен қоршалыады	елеулі
19-кіші бөлім. Электр қауіпсіздігіне қойылатын талаптар		
4091.	Қолданыстағы электр қондырғыларын орнату және пайдалану, нан өнімдері саласының кәсіпорындарындағы жаңадан құрастырылған немесе қайта құрастырылған электр қондырғыларын пайдалануға қабылдау электр энергетика саласындағы талаптарына сәйкес жүзеге асырылады	өрескел
4092.	Аккумулятор батареяларын зарядтау үшін қолданылатын тегістегіш қондырғыларда ауыспалы ток жағында ажыратқыш трансформатор мен қорғағыш аппарат болады	өрескел
4093.	Аккумулятор батареясы зарядын басқару және автоматика сызбасында ағынды желдеткішінің жұмысы тоқтаған кезде заряд тогын ажырату үшін бұғаттағыш қарастырылады. Ағынды желдеткіштің жұмысы тоқтаған жағдайда дабыл қаққыш құрылғылары жұмыс істеу керек	өрескел
	Әрбір аккумуляторлық үй-жай: дөрекі жүннен жасалған костюммен, резеңке алжапқышпен , резеңке қолғаппен және етікпен, қорғағыш көзілдірікпен, электрлік құйғышты түзу және оны	

4094.	ыдыстарға толтыру үшін сыйымдылығы 1,5-2 литр шыны және фарфор сапты аякпен (кұмырамен), қышқыл батареялар мен бор қышқылы немесе сірке су эссенциясы (эссенцияның бір бөлігі судың сегіз бөлігіне) үшін-сілті батареялары үшін бейтараптаушы сода ерітіндісімен (5 пайызға) қамтамасыз етіледі. Барлық ыдыстарда ішіндегі заттың атауы көрсетілген айқын жазулары болады	өрескел
20-кіші бөлім. Электрлік жарық беруге қойылатын талаптар		
4095.	Астық өнімдері саласы кәсіпорындарының өндірістік және өндірістік емес үй-жайларына жарық беру үшін жалпы жарық беру жүйесі қолданылады және аралас, авариялық және эвакуациялық жарық беру жүйесін қолдану қарастырылады	өрескел
4096.	Галереялар мен тоннельдерде шамдарды егер арматураның бекіткіші қызмет көрсетуші персоналдың қалыпты қозғалысына келтірмеген жағдайда, бұл ретте лампа мен ток өткізу бөліктеріне аспаптың көмегімен ғана қол жеткізуге мүмкін болатын шамдар қолданылса, 1,7 метрден кем емес биіктікте ілуге рұқсат етіледі 2,5 метр биіктікте орналасқан шамдар қорғағыш торлармен жабдықталынады	өрескел
4097.	Қолмен тасымалданатын шамдардың қорек кернеуі қауіптілігі жоғары үй-жайларда - 36 Вольт, аса қауіпті үй-жайларда, үй-жайлардан тыс және қазандықтарда, цистерналарда және басқаларында жұмыс істеген кезде-12 Вольт шамасынан артық болмауы керек	өрескел
4098.	Жұмысты жалғастыру үшін авариялық жарық беру авариялық режимде қызмет көрсетуді қажет ететін жұмыс қабаттарында жалпы жарық жүйесінде жұмыс істеу үшін жарық беру нормасынан 5 пайыз кем емес, бірақ ғимарат	елеулі

	ішінде 2 люкс кем емес және кәсіпорын аумағы үшін 1 люкс жарықты қамтамасыз ету керек	
4099.	Эвакуациялық жарық беру едендегі негізгі қозғалысқа 0,5 люкс кем емес үй-жайлардағы жарықты қамтамасыз ету қажет	елеулі
4100.	Авариялық және эвакуациялық жарық бергіштің жарық беретін арматурасында айырым белгісі болады	елеулі
4101.	Жиналмалы басқыштардан және қосымша сатылардан қызмет көрсетілетін шамдар еден деңгейінен 4,5 метрден аспайтын биіктікте ілінеді. Бұл шамдарды жабдықтың, ашық конвейер таспаларының үстінен, сатыларды орнату қиынға соғатын басқа жерлерде орналастыруға жол берілмейді	елеулі
21-кіші бөлім. Тасымал электр қабылдағыштар (электрлендірілген аспап пен шамдар)		
4102.	Электрлендірілген аспаппен жұмыс істеуге электр қауіпсіздігі бойынша екінші топтан төмен емес топтағы персонал жіберіледі	елеулі
4103.	Тасымал электрлендірілген аспап (тескіштер, сомын бұрауыштар, дәнекерлеу құралы, тегістейтін машиналар, аралар) мынадай талаптарды қанағаттандыру: электр желісінен тез ажыратылуы; жұмыста қауіпсіз болу және ашық ток өткізу бөліктерінің кенет жанасуына болмауы тиіс	өрескел
4104.	Электр аспабының кернеуі қауіптілігі жоғары емес үй-жайларда 380\220 Вольттан жоғары болмауы тиіс. Қауіптілігі жоғары үй-жайларда II және III сыныпты, ал аса қауіпті үй-жайларда, сондай-ақ қолайсыз жағдайларда III сыныптан төмен тасымал электр аспабы қолданылады	өрескел
4105.	Сүрлемдердің, қамбалардың, бункерлердің, барабандардың, қазандықтардың, металл резервуарлардың және	өрескел

	басқаларының ішіне төмендететін ажыратқыш трансформаторларды кіргізуге жол берілмейді	
22-кіші бөлім. Өндірістік жабдық және жұмыс орындарын ұстау. Жабдықтың өнеркәсіптік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жалпы тәртібі		
4106.	Шикізатты тазалауға, кептіруге, қайта өңдеуге және тасымалдауға арналған жабдықта машинаның жекелеген бөлшектерінің бір-бірімен және бөгде қоспалармен шикізатта және өнімде үйкелуі немесе соқтығысуы салдарынан ұшқын түзуді болдырмайтын құрылғысы болу керек	өрескел
4107.	Өндірістік жабдықтың конструкциясы статикалық ток зарядтарының жинақталуын болдырмайды және жерге тұйықталатын контурға қосу үшін құрылғы көзделеді	өрескел
4108.	Астық кептіргіштердің, желдеткіштердің, оттық қабырғаларының, нан пісіру пештерінің, кептіру қондырғыларының, май еріткіштердің, буландыру және қайнату машиналарының, кептіру қондырғыларының ыстық құрылымдық бөліктері, колориферлер, бу және ыстық құбырлар жылу оқшаулағышпен қапталады, ал радиаторлар қоршалады. Сыртқы қабаттардың қызуы 45 градус Цельсийден артық болмауы керек	елеулі
4109.	Басқару пультінің құрылымы мен орналасуы (іске қосу түймелері, тұтқалар, басқыштар, магнитті іске қосқыштар және басқалары) жабдықтың бұрыс немесе өздігінен іске қосылуын және ажыратылуын болдырмайды. Басқару органдарында оларды тағайындау туралы жазбасы және қызмет көрсететін персонал үшін қол жетімді болуы тиіс. Авариялық ажырататын басқару органдары қызыл түске боялады, тікелей көрінетін аймақта	елеулі

	орналастырылады және тұрған орнын көрсететін нұсқағышы болады	
4110.	Қауіптілік көзі болып табылатын жабдықтың қозғалатын бөлшектері, біліктердің шығыңқы бөліктері, ашық бергіштер (шкивтер, белдіктер), конвейерлердің керме айналыс барабандары мен өзге де элементтер қоршалады. Тістері бар бергіштер станинаға немесе машинаның өзге де жылжымайтын бөлігіне бекітілген тұйық қаптармен жабылады	өрескел
4111.	Мақсаты мен қолданылу жиілігіне байланысты қоршаулар ашылатын немесе алынатын қабықтар түрінде жасалады. Алынатын қоршауларда тұтқалары, қысқыштары және алу және орнату кезінде оларды ыңғайлы және қауіпсіз ұстау үшін өзге де құрылғылары болады. Алынатын, серіппелі және жылжымалы қоршауларда, ашылатын қақпақтарда, кішкене люктер мен қалқандарда осы қоршауларда олардың кенет алынуын немесе ашылуын болдырмайтын құрылғылары болады. Жоғарыға қарай ашылатын қоршаулар ашық күйде бекітіледі. Қоршауларда жабдықтың тек қоршаулар қорғалған күйде жұмыс істеуін қамтамасыз ететін бұғаттағышы болады. Жұмыс үрдісінде реттелетін және бапталатын тетіктердің қоршаулары электр жетегімен бұғатталады	өрескел
4112.	Қызмет көрсету аймағы еден деңгейінен 1,5 метрден астам биіктікте орналасқан жабдық сатылары бар тұрақты алаңдармен жабдықталады	өрескел
	Жетек белбеулері мен тұтас белдікті бергіштердің ұштарын қосу берік, тегіс, иілгіш болып және қызмет көрсетуші	

4113.	<p>персоналдың қолының немесе киімінің ілініп қалу мүмкіндігін болдырмау тиіс.</p> <p>Белбеулердің ұштарын өсіру желімдеу немесе тігіс арқылы жүргізіледі.</p> <p>Жетек белбеулердің ұштарын темір қосылғыштармен қосуға болмайды</p>	өрескел
4114.	<p>Машиналардың құрылымында бекіткіш бөлшектердің өздігінен бұралуын болдырмайтын шаралар қолданылады, ал тігінен орналасқан бұрандалар бастиегі жоғары қаратылып орнатылады және кескіш орамынан 2-2,5 аспайтын бұранданың шығыңқы кескіш бөлігі болады</p>	елеулі
4115.	<p>Қорек құрылғыларында (бункерлер мен шүмектерде) тиелетін материалдардың бір орында тұрып қалу немесе үйме түзу мүмкіндігін болдырмайтын бұйымдары болады</p>	елеулі
4116.	<p>Аспирацияланатын жабдық герметикалы болу қажет. Жабдықтың жұмысын жедел бақылауға арналған есіктер, қақпақтар мен люктер қауіпсіз қызмет көрсету үшін қол жеткілікті орындарға орнатылады, үй-жайға тозаң өткізбеу үшін мықтап жабылады</p>	өрескел
4117.	<p>Машиналардың аспирациялық камералары тозаң өткізбеу тиіс, ал олардың клапандары бөгде ауаның тозаңданусыз және сорғышсыз қалдықтардың еркін шығуын қамтамасыз ету қажет</p>	өрескел
4118.	<p>Аспирациялық құрылғылардың жіктерінде, ендіріме және сыртқа шығатын келте құбырлардың машиналармен қосылатын орындарында өнімнің тозаңдануын және шашылуын болдырмайтын тығыздайтын төсемдері болады</p>	өрескел
4119.	<p>Пневмокөлік және аспирациялық қондырғылардың ауа жолдарында, өздігінен ағатын құбыр өткізгіштерде олардың герметикалығын бұзатын</p>	өрескел

	майысқан жерлері, сызаттары мен саңылаулары болмауы тиіс	
23-кіші бөлім. Жабдықты орналастыру		
4120.	Тұрақты жабдықты орналастыру кезінде оған қызмет көрсету және жөндеу үшін еркін өту жолдары қарастырылады. Өту жолдарының ені шығыңқы құрылыс (күрылымдарынан коммуникациялық жүйелерден) бастап жабдықтың едәуір шығыңқы бөлігіне дейінгі қашықтық ретінде анықтау керек	елеулі
4121.	Тікелей эвакуациялық жолдармен байланысты саты торларына немесе аралас үй-жайларға баратын көлденең және бойлық жолдардың, машиналар мен станок топтарының арасындағы өту жолдарының ені 1 метрден кем болмауы керек, ал жекелеген машиналар мен станоктар арасындағы ені 0,8 метр. Нан зауыттары мен макарон фабрикаларында жабдықты үй-жайға орналастыру кезінде мыналар қарастырылады: тұрақты жұмыс орындары болғанда ені 1,5 метрден кем емес негізгі жолдар; қызмет көрсету және жөндеу үшін жекелеген жабдық түрлері арасындағы өту жолдары, сондай-ақ ені 0,8 метрден кем емес жабдық пен қабырғалар арасындағы өту жолдары; өрт шығу қаупі бар үй-жайлардағы аппараттар арасындағы өту жолдары ені 1,5 метрден кем емес; параллель орналасқан өндірістік пештер, кептіргіштер арасындағы өту жолдары 2 метрден кем емес; өндірістік пештердің оттықтарынан бастап карама-қарсы пештерге дейінгі қашықтық: қатты отынды жағу кезінде 3 метрден кем емес; сұйық отынды немесе газ жағу кезінде 2 метр (оттық құрылғысы мен қабырғаға арасындағы қашықтық 1 метрден кем емес) қарастырылады. Қазандық	елеулі

	оттықтары нан пісіру пештерінің оттықтарына қарама-қарсы орналасқан кезде оларды арасындағы қашықтық қатты отынды жағу кезінде 5 метрден кем емес, сұйық отын мен газды жағу кезінде 4 метрден кем емес (жанарғы құрылғылары арасындағы қашықтық 2 метр) болады	
4122.	Ғимарат қабырғалары мен електер арасында ені 1,25 метрден кем емес өту жолдары, електердің ұзын жағымен олардың арасындағы 1,15 метрден кем емес өту жолдары, қысқа жағымен 1 метрден кем емес өту жолдары қарастырылады. Електерді бір қатарға орналастырғанда, електерді екі қатарға бойлай орналастырғанда өту жолдарының ені олардың қысқа және ұзын жақтары бойынша 1,15 метрден кем емес болу керек	елеулі
4123.	Електен өткізу машиналарының бүйір жағынан аспирациялық құбырлардан еркін, 0,8 метрден кем емес өту жолдары қарастырылады	елеулі
4124.	Таразы карусель құрылғысындағы ұнды қаптауға және орауға арналған өту жолдары барлық жағынан 2 метрден кем емес	елеулі
4125.	Түйіршіктеу шнегінің жетегінен жөндеу кезінде қызмет көрсетуге жағдай жасау үшін салқындатқыштан қабырғаға дейінгі қашықтық 1,7 метр, жүк түсіру құрылғысы жетегі жағынан қабырғаға дейін 1,6 метрден кем емес	елеулі
4126.	Қатты отынмен жұмыс істейтін оттығы бар тұрақты астық кептіргіштердің оттық үй-жайларында күл салғыш жағынан өту жолы 0,8 метрден кем емес, ал оттық алдындағы өту жолы 2,5 метрден кем емес. Сұйық немесе газ тәріздес отынды қолдану кезінде форсункалардың, газ шілдерінің немесе оттық арматурасының шығыңқы бөліктерінен бастап ғимараттың,	елеулі

	<p>астық кептіргіштегі жабдықтың қабырғасына немесе өзге де бөліктеріне дейінгі қашықтық оттық алдындағы үй-жайдың ені 1,5 метрден кем емес</p>	
4127.	<p>Екі сепаратор, сепаратор мен ғимараттардың құрылымдық элементтері арасындағы өту жолдары:</p> <p>торлардың бүйір қазбалары бар сепараторлар үшін: жетек білігі жағынан кемінде 1 метр, ал бүйір жақтарынан 1,2 метрден кем емес;</p> <p>торлары шеңбер бойымен айналатын сепараторлар үшін: жетек білігі мен тор қазбасы жағынан 1,4 метр кем емес, бүйір жағынан 1 метр кем емес. Өнімділігі сағатына 50 тонна қалған сепараторлар үшін (элеватор тазалауға есептегенде) қайта түсетін айналым торларымен және торларды алып, жетек білігі, сепараторлар жағынан 1 метрден кем емес, ал бүйір жағынан 0,8 метрден кем емес болуы тиіс.</p> <p>Барлық сепараторлар үшін астық шығару жағынан өту жолы 0,7 метрден кем емес.</p> <p>Сепараторлардың астық шығаратын жағынан сепаратордың астық шығатын жерінде магнитті қорғағыш құрылғысы болмаған жағдайда сепаратордың габарит жағынан кемінде 0,15 метр қашықтықта норий құбырларын орнатуға рұқсат етілмейді</p>	елеулі
4128.	<p>Шахталарда кабелдерді төсеу үшін норийлерді, өздігінен ағу жолдары мен аспирациялық құбырларды орнатуға, өзге де көлік жабдығын немесе технологиялық жабдықты орнатуға рұқсат етілмейді</p>	өрескел
4129.	<p>Галереяларда орналасқан, еденнен көкжиекке 6-дан 12 градусқа дейін ендік орналасқан конвейерлер трассасының бойымен өту жолының енінде көлденеңінен</p>	елеулі

	төсемдер, ал 12 градустан астам ендік саты басқыштары орнатылады	
4130.	<p>Еден деңгейінен бастап жоғарғы жақтан шығып тұрған конвейердің бөлігінің астына дейін 1,2 метрден аспайтын биіктікте орналастырылған, ұзындығы 20 метрден аспайтын конвейерлер арқылы (жүк түсіретін арбалары жоқ) конвейер трассасының қажетті орындарында адамдардың өтуі үшін биіктігі 1 метрден кем емес тұтқалармен қоршалған көпіршелер жаракталады.</p> <p>Адамдардың өтуіне арналған конвейерлер арқылы көпіршелер бір-бірінен:</p> <p>өндірістік үй-жайларда - 50 метр; галереялар мен эстакадаларда - 100 метрден аспайтын қашықтықта орналастырылады.</p> <p>Көпіршелер олардың төсемдерінен бастап тасымалданатын жүктің (қап және басқасы) едәуір шығыңқы бөлігіне дейінгі қашықтық 0,6 метрден кем емес, ал шығыңқы құрылыс құрылымдарының астына дейін (коммуникация жүйелеріне) 2 метрден кем болмайтындай орналастырылады</p>	елеулі
4131.	Жүк түсіретін арбасы бар таспалы конвейерлер арқылы өту үшін ені 0,7 метрден кем емес жүк түсіру арбасының көпіршелері қолданылады	елеулі
4132.	<p>Шүлдіктері еденнен 1,8 метрден астам биіктікте орналасқан тізбекті конвейерлердің жетек және керме станцияларына, 2 метрден астам биіктікте орналасқан конвейерлердің түсірілетін қораптарда айналатын щеткаларға қызмет көрсету үшін қызмет көрсетуге арналған қанаттары бар тұрақты алаңдар қарастырылады.</p> <p>Алаңға көтеру үшін ені 0,7 метрден кем емес тұрақты сатылар қарастырылады</p>	елеулі
	Норийлерді ғимараттардың сыртынан орнату кезінде олар	

4133.	биіктігі 1 метрден кем емес қанаттары бар аландармен (бастиектерінде) және көтеру биіктігі 6 метрден аспайтын тұтқалары бар және баспалдақ еңісі 60 градус сатылармен жабдыкталады	елеулі
24-кіші бөлім. Жабдықтың жетектері мен қоршаулары		
4134.	Белбеулердің қоршаулары белбеуді шкивтің жиегіне қауіпсіз тастауды, белбеуді киюді және түсіруді қамтамасыз етеді, белбеудің ықтимал жарылуы немесе жігі ашылған кезде қорғауды қамтамасыз етеді	өрескел
4135.	Электр қозғалтқыштардан машиналарға машиналардағы белбеу бергіштердің қоршаулары жетекші және алдыңғы шкивтердің осі арасындағы қашықтық 1 метрге дейін болғанда алынбайтын қоршаулар, 1 метрден бастап 1.5 метр қашықтықта бойлық бөлгіш және 1,5 мметрден астам қашықтықта серіппелі бастиек пен бойлық бөлгіш қарастырылады	өрескел
25-кіші бөлім. Жабдықты орнату және жөндеу		
4136.	Жөндеу жұмыстарын жүргізу орындары қоршалады және аралас учаскелерде жұмыс істейтіндердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ескерту плакаттарымен жарақталады	елеулі
26-кіші бөлім. Жабдықты пайдалану		
4137.	Басқару түймелері, тұтқалар, маховиктер тұрақты жұмыс орнындағы орналастырылуы. Олардың қызмет мақсаттарын айқындайтын белгілері мен жазулары болуы	елеулі
4138.	Бақылау-өлшеу аппаратурасы бақылау үшін ыңғайлы және жақсы жарықтандырылған, еденнен 2 метрден аспайтын орындарда орналастырылады	елеулі
4139.	Люктері, қақпақтары немесе есіктері ашық, тозаң бөлетін машиналарды іске қосуға және олардың жұмыс істеуіне рұқсат етілмейді.	өрескел

	Машиналардың төбелеріне орнатылатын аспирациялық жіктерді жапсыруға және соғып қағуға болмайды	
4140.	Технологиялық, көлік, аспирациялық және өзге де жабдық, өздігінен ағызғыштар, материал өткізгіштер технологиялық сызбаға сәйкес таңбалану керек. Жазулары айқын және көрнекі орындарда орнатылуы тиіс	елеулі
27-кіші бөлім. Жарылғыш разрядтаушылар		
4141.	Жарылғыш разрядтаушылар мынадай жабдықты қорғайды: ұнтақты үккіштер; норийлер; аспирациялық кондырғылардың сүзгіштері мен циклондары; қыздыру камерасы бар рециркуляциялық астық кептіргіштер; қыздырғыштары бар шахталық астық кептіргіштер, каскадты қыздырғыштар	өрескел
28-кіші бөлім. Астық тазалайтын жабдық		
4142.	Діріл қоректендіргіш пен сепаратор шанағының теңгерілген жүктері, эксцентрлік тербелістер, муфталар мен шектердің белбеу бергіштері қоршалады. Қоршаулар қоршаулардың қабырғалары мен айналатын бөлектердің және белбеу бергіштер арасындағы қашықтықты сақтай отырып орнатылады. Жартылайайқасқан белбеу бергіштер белбеу ұстағыштармен камтамасыз етіледі	елеулі
4143.	Клапандарда, шлюз ысырмалары мен бакылау терезелерінде тозаң бөліну мен ауа сороды болдырмайтын тығыздағышы болу керек	елеулі
4144.	Жинақтағы әрбір диск пен диск триерінің роторы статикалық түрде теңгеріледі.	елеулі
4145.	Триер қабатының ұяшықтарында кетіктер мен қабыршақтар болмау керек	елеулі

4146.	Машиналардың жылжымайтын бөлшектері мен шнектердің тармақтары арасында олардың үйкелуді болдырмайтын саңылаулар қамтамасыз етіледі	өрескел
4147.	Триерлер аспирациялану, ал қабықтар герметикалануы тиіс	өрескел
4148.	Жиектеу машиналарының шыбыртқылары қимасы бірдей, сызаттары мен сынықтары жоқ, біртекті болаттан жасалу керек; ұшқын түзілуді болдырмас үшін шыбыртқылармен шыбыртқы барабанының ішкі қабатына соқтығысуға болмайды	өрескел
4149.	Көмкеру машиналары жұмыс істеген кезде көмкеру торларының рамаларын жұлып алуға және егеу құм мен металл барабандарда люктерді ашуға жол берілмейді	елеулі
29-кіші бөлім. Астықты сумен және жылумен өңдеуге арналған жабдық		
4150.	Білгалдандыру машиналарының су және астық дөңгелектері мен дискілері теңгерілуі тиіс, бірқалыппен айналады, судың ағысы біркелкі болу қажет, құбырларда, резервуарлар мен арматурада судың ағуына рұқсат етілмейді, судың құюлуы еркін болу тиіс	елеулі
4151.	Жуатын машиналар жылу берілетін үй-жайларда, ернеуінің биіктігі 50-75 миллиметр болатын металл немесе бетон астауларға орнатылады. Жуатын машиналардың айналасындағы еден құрғақ болу керек	елеулі
4152.	Сығатын бағанасы бар жуатын машиналардың сыртқы қабаты су шашырандысына жол бермейтін төзімді болып және оны дереу алуға жол беретін бекіткіші болу керек	елеулі
4153.	Астықты жылытатын бағандар далдаға бекітіледі. Қыздырғышқа бу беретін магистральға еден бақылау үшін деңгейінен 2 метрден аспайтын ыңғайлы орында манометр орналастырылады	елеулі

4154.	Баптағыштардың құрылымы астық бір орында тұрып қалуын болдырмайды және авариялық жағдайларда шахталар мен арналарды тазалау үшін кішкене люктері болады	өрескел
4155.	Машиналар астық деңгейін бергіштермен және белгіленген жұмыс режимі бұзылған кезде машинаны іске қосуды және ажыратуды қамтамасыз ететін соңғы ажыратқыштармен жарақталады. Машиналар желіге кернеу түскен кезде жоғарғы ысырманың өздігінен ашылуын болдырмайтын құралдармен жарақталады	өрескел
4156.	Снабжение аппарата скоростного кондиционирования приборами, регулирующими верхний и нижний предел давления пара, автоматическими системами регулирования температуры зерна в кондиционере и защиты от перегрузки	өрескел
4157.	Аппарат шнектері (қыздыратын және бақылау) науалармен герметикалы жабылады, оларға жұмыс істеп тұрған кезде үйінділерден тазалау және жөндеу үшін қол жеткізуге болмайды. Науалардың ашылып жабылатын қақпақтарын машина тоқтаған кезде ғана ашуға болады	өрескел
4158.	Машинаны басқару пультінен басқару кезінде қалыпты жұмыс бұзылған кезде жарық және дыбыс белгісін беру қамтамасыз етіледі	елеулі
4159.	Жылдамдықты баптағыш аппаратының ылғал түсіргішінде астық қабылдау мен шығаруды автоматты бұғаттау жүйесі болады	елеулі
30-кіші бөлім. Магнитті қоспаларды ұстауға арналған машиналар (электр магниттік сепараторлар, магнитті бағаналар)		
4160.	Магнитті қоршаулар жаныштайтын станоктардың, ұнтақтағыштың, шыбыртқы, үгіту, бедерлеу, аршу машиналарының, энтолейторлардың және соққы түріндегі өзге де машиналардың алдынан орнатылады	елеулі

4161.	Бөлшектер (магнит өткізгіштер, ішпектер) 60 градус Цельсийден аспай қызғанда, ал өніммен жанасатын бөлшектердің температурасы 50 градус Цельсийден аспағанда электр магнитті сепараторлардың жұмыс істеуіне болады	елеулі
4162.	Электр магнитті сепараторларда электр энергиясын беру тоқтаған кезде электр магнитіне өнімді беруді болдырмайтын бұғаттағышы болады	елеулі
4163.	Магнитті полюстерді тазалауға арналған қопсытқыштардың, қорек білікшесінің, жүріс білікшесінің жетектерінің тетіктері қоршалады	елеулі
4164.	Электр магнитті сепараторлардың жарық дабылы үздіксіз жұмыс істейді, ол болмаған жағдайда сепараторды кернеуге қосуға болмайды	елеулі
4165.	Магниттік қоспаларды бөлуге арналған машиналары тексеру үшін еркін өту жолы бар, қызмет көрсетуге ыңғайлы орындарда орнатылады	елеулі
4166.	Магнитті тұғырларды магниттеу оқшау құрғақ үй-жайда жүргізіледі	елеулі
31-кіші бөлім. Диірмен зауыттарының ұн тарту бөлімшелерінің жабдығы		
4167.	Әрбір жарты станоктың цапфалары қабаттарының жалпы осьтерінің қиығы (диаметрі 65 миллиметр) 1000 миллиметр ұзындықта 0,25 миллиметрден аспауы тиіс	өрескел
4168.	Жаныштағыштар арасындағы реттелетін саңылау шамамен 0,1 бастап 1,0 миллиметрге дейін	елеулі
4169.	Станоктың құрылымы жаныштағыш арасынан өлшемі 5 миллиметрден аспайтын, іші қуыс бөшкесі бар және диірмен жаныштағышының тұтас бөшкелі станоктары үшін 8 миллиметр бөгде денелердің өтуін қамтамасыз етеді	өрескел
4170.	Станоктарда бос жүрісті жарық дабылы болады	елеулі

4171.	Пневмо жинағыштары бар станоктарда бункерлер толтырылған кезде станокты бос жүріске ауыстырып қосатын бұғаттау тетігі болады	өрескел
4172.	Пневмо қабылдағыштарда үйілген кезде өнімді шығару үшін жүк түсіру құрылғылары болады	өрескел
4173.	Жаныштағыш арасындағы бергіштердің тісті доңғалақтарының қоршау қабатының құрылымы қартердегі майдың деңгейі қалыпты болғанда ішкі кеңістікке майдың шашырауын болдырмайды	өрескел
4174.	Жаныштағыштарды сумен салқындататын салқындату құрылғыларының құрылымы келіп түсетін және ұсақталған өнімнің 12 градус Цельсийден аспайтын температурасын қамтамасыз етеді	өрескел
4175.	Жаныштайтын станоктар мен электр қозғалтқыштарының белбеулері мен шкивтері ішкі жағынан да, сыртқы жағынан да қоршалады	өрескел
4176.	Станоктардың айналып тұрған біліктерінің қолдың саусақтарын қармау жағдайларын болдырмау үшін сақтандыру торларымен жаракталады	өрескел
4177.	Жаныштайтын станоктар қаңылтыр резинадан жасалған төсемі бар, қалыңдығы 60 мм кем емес ағаш рамадан тұратын дірілді оқшаулайтын негізге станок пен электр қозғалтқышының тірек қабатының астынан орнатылады	өрескел
4178.	Деташер дірілді оқшаулайтын негізге орнату қажет	өрескел
4179.	Роторларда, біліктерде, баспаларда, шыбыртқыларда сызаттар мен зақымдар болмау керек. Баспалар мен шыбыртқылардың әр қайсысы статикалық түрде жеке-жеке және ротормен жиынтықта теңгерілу тиіс	өрескел
4180.	Деташер мен электр қозалтқыш муфталары қоршалады	өрескел

4181.	<p>Машиналардың теңгергіштері мен қозғалатын бөлшектері (эксцентрик тербелгіш, жетек біліктері және басқалары) бекітіледі және оңай алынатын қоршаулармен жабылу керек.</p> <p>Теңгергіштері қоршалмаған електерді іске қосуға болмайды.</p> <p>Теңгергіштер елек корпусы мен қоршауларына соқтығыспауы тиіс</p>	өрескел
4182.	<p>Шанақтар реттегіш керме сомын бұрандаларымен берік бекітілуі тиіс.</p>	елеулі
4183.	<p>Електердің және шығыңқы келте құбырлары бар тас жинағыштардың шанақтардың барлық иілгіш қосқыштары тозаң өткізбейтін материалдардан жасалады, шанақтар мен келте құбырлардың штуцерлеріне бекітіледі</p>	өрескел
4184.	<p>Елеуіштер жұмыс істеп тұрған кезде жинақтау шнектерін үйінділерден қолмен тазалауға, майлауға және эксцентрик тербелгіштерді жөндеуге болмайды</p>	елеулі
4185.	<p>Елеуіш машиналарда елеу рамалары жұмыс істеп тұрған кезде олардың құлауын немесе жіктерде орнын ауыстыруын болдырмас үшін бекітіледі</p>	елеулі
4186.	<p>Станоктың жұмыс органдары-өңдеу шеңбері, кесетін суппорттарда және біліктер мен өңдеу шеңберінің электр жетектерінде оңай алынатын қоршаулары болады. Біліктер мен өзге де бұйымдарды өңдеу кезінде ылғалмен өңдеу әдістері немесе өңдеу шеңберінің қабатынан ауа сору құрылғысы қолданылады</p>	елеулі
4187.	<p>Бедерлеп өңдейтін станоктың үстінен біліктерді қосалқы жаныштағыштарды (пирамида) сақтау орнынан станокқа көтеру және орнын ауыстыру үшін станоктан алу және сақтау орнына ауыстыру жылжымалы тетігі бар монорельс орнатылады</p>	елеулі
	<p>Жаныштау қабатының биіктігі бедерлеп өңдеу станогына</p>	

4188.	жылжымалы тетігі бар монорельсті орнатуға мүмкіндік бермейтін диірмен зауыттарында жұмыс үстелінің ақырғы күйін ескере отырып, жаныштағыштарды тасымалдауға арналған арбалардың өтуі және оларды маневрлеу үшін алаң қарастырылады. Үстелдің қармауыштан шыққан жағдайда орнынан қозғалуының қауіпті салдарын болдырмас үшін тежеуіш амортизациялау және шектегіш құрылғылары орнатылады, үстелдің көбірек шығу жолының ұзындығына бөгеттер орнатылады	өрескел
32-кіші бөлім. Жарма өңдеуге арналған жабдық		
4189.	Қабығын аршитын машиналардың діріл оқшаулайтын негіздерде орнату қажет	өрескел
4190.	Дискілерде, біліктерде, дектерде сызаттар мен зақымдар болмау керек. Дискілер мен біліктер әрқайсысы жеке-жеке және ротормен жинақта статикалық түрде теңгерілу керек	өрескел
4191.	Білікті дека станогының аршу аймағынан өнім шығу жолында өнімнің шашырауына кедергі келтіретін тойтарма орнатылу керек	елеулі
4192.	Станоктың (білік пен дека арасына) жұмыс аймағына түскен бөгде заттарды станок әбден тоқтамағанша қолмен ұстауға болмайды. Жапқыш пен қорек білігі арасындағы саңылауды тазалау үшін қырғыштар қолданылады	өрескел
4193.	Жарма бөлгіштерде арнайы бөлу үстелдерінің бағандарында ғимарат құрылымына көлденең күштердің әсер етуін болдырмайтын құрылғылар қарастырылады	өрескел
33-кіші бөлім. Астық пен жарманы жылумен өңдеуге арналған жабдық		
4194.	Манометрлер және қысыммен (бумен, сумен) жұмыс істейтін машиналардың өзге де	елеулі

	бақылау-өлшеу аспаптары бақылау үшін жеткілікті және ыңғайлы орында орнатылады	
4195.	Буландырғыштар, кептіргіштер, булау және дәнекерлеу аппараттары орналасқан үй-жайлар ағынды желдеткішпен жабдыкталу керек	елеулі
4196.	Аппаратты бу желісінен ажырату үшін тиек вентилі орнатылады	елеулі
4197.	Бу кептіргіштің алдынан калориферлердің құбырларының жарылуын болдырмас үшін тиісті қысымды ұстап тұру үшін манометрі бар редукциялы клапан орнатылады	өрескел
34-кіші бөлім. Құрама жемдерді өндіруге арналған жабдық		
4198.	Үгіткіштердің алдынан жұмыс аумағына аварияның туындауына немесе ұшкын мен жарылыстың болуына әкелуі ықтимал металл магнитті қоспалардың түсуінен алдын алу үшін магнитті қорғағыш орнатылады	өрескел
4199.	Үгіткіштердің жүк тиеу шүмектерінде бөгде заттардың түсуінен алдын алу үшін ұяшықтарының мөлшері 20x20 немесе 25x25 миллиметр болатын қорғағыш торлары болуы тиіс	елеулі
4200.	Үгіткіштердің қақпақтарында олардың өздігінен ашылуын болдырмайтын бекіткіш құрылғылары болуы тиіс.	өрескел
4201.	Балғамен үгіткіштер діріл оқшаулағыш негіздерге орнатылады. Балғамен үгіткіштер жарылысты разрядтағыштармен қорғалады, олардың өту қимасының алаңы үгіткіштердің жұмыс көлемдеріне сәйкес болуы тиіс. Үгіткіштерді жарылыс разрядтағыштарсыз пайдалануға болмайды	өрескел
4202.	Күнжара ұсақтағыштар мен жүгері үгіткіштердің қорек құрылғыларында күнжара мен жүгерінің үгітілген өнімдерін мойны арқылы кері лақтырындысын болдырмайтын клапандары болады	өрескел

4203.	<p>Дозаторлық бункерлердің конустары мен дозатор үстіндегі келтеқұбырлар герметикалы, төзімді болып, өнім бұзылған кезде жарылу мүмкіндігін болдырмауы тиіс.</p> <p>Күмбез түзілу, өнімнің тұрып қалуын және бұзылуын болдырмас үшін сусымайтын өнімдер үшін бункерлердің конустарында электр діріл және механикалық қозғаушы тетіктер орнатылады</p>	елеулі
4204.	Барлық айналатын рычагты қосқыштар, дозаторлардың тетіктері, жетектер мен тізбекті бергіштер, біліктердің арқанды және бос учаскелері қоршалады	өрескел
4205.	Барабанды дозатордың қозғаушы тетігінің қалақтары білікке бекітіледі	өрескел
4206.	Дозатор герметикалық болу керек және тозаңдануға жол бермеу қажет.	өрескел
4207.	Күректердің айналысын реттеу, күрек пен науа арасындағы саңылауды өлшеу үшін машинаның ішіне өту жүзеге асырылатын қақпақтарда машинаны сөндіру және толықтай тоқтату үшін жетектің электр қозғалтқышы бар бұғаттағышы болады	елеулі
4208.	Өздігінен ағатын құбырларда машиналардың жүк түсіру құрылғыларынан кейін өнімді қойған кезде өздігінен ашылатын сақтандыру клапандары болады	өрескел
4209.	Микро элемент тұздарымен және витаминдермен жұмыстар жүргізілетін үй-жайлар ағынды-сорғы желдеткішімен жабдықталады және құлыпқа салынады	елеулі
4210.	Меласса дозаторы араластырғышының резервуарлары герметикалы болады. Барлық тетіктер мен осы агрегаттардың айналатын бөлшектері қоршалуы тиіс	елеулі
	Резервуарлардың люктерінде мелассаны сақтау үшін	

4211.	<p>қақпақтардан басқа торлар орнатылады, олар жабылып пломба қойылуы қажет.</p> <p>Люктерге еркін және қауіпсіз қол жеткізуге болады.</p> <p>Биіктікке орнатылатын резервуарлар мен люктерде қызмет көрсетуге арналған төменгі жағынан кемінде 0,15 метрдей тігілген, биіктігі 1 метрден кем емес алаңдары болу керек</p>	елеулі
4212.	<p>Меласса мен майды қыздыруға арналған бу өткізетін бу құбыры тұтас ұзындығы бойымен жылудан оқшаулану керек</p>	өрескел
4213.	<p>Мелассаны құюға арналған сорғыларды орнату орындары қол жеткілікті болып және жарықтандырылу керек, сорғылар тарсылсыз жұмыс істеу керек</p>	елеулі
4214.	<p>Құрама жемдерді түйіршіктеуге арналған қондырғылар автоматты режимде жұмыс істейді</p>	елеулі
4215.	<p>Пульт, басқару қалқандары, арматура мен аспаптар қызмет көрсету үшін ыңғайлы орында орналасады және оған еркін өту жолы болады</p>	елеулі
4216.	<p>Дозаторларды қолмен басқару пульті циферблат көрсеткішіндегі мәнді ыңғайлы есептеу үшін дозаторлардың циферблат көрсеткіштеріне тікелей жақын орнатылу қажет</p>	елеулі
4217.	<p>Бағдарламалық басқару пульті мен перфокартасы бар есептеуіш құрылғылары тозаңнан қорғау немесе диспетчерлік бөлмеге орнатылады</p>	елеулі
4218.	<p>Барлық дозатор үстіндегі сыйымдылықтарда ең жоғарғы өнім деңгейін бергіштер болу тиіс.</p> <p>Сусымайтын өнімдердің қатып қалуын және тұрып қалуын, күмбез түзілуін болдырмас үшін дозатор үстіндегі сүрлемдер мен бункерлер электрлік діріл немесе механикалық түрткілермен жабдықталуы тиіс</p>	елеулі
35-кіші бөлім. Нан пісіру және макарон өндіру		

4219.	Білік конвейерлерінің қақпақтарындағы елеушітерінің, ұн араластырғыштарын, байқау люктерінің жүк тиеу ойықтарында тор көтеріліп тұрған кезде машинаның іске қосылуын болдырмас үшін электр қозғалтқыштармен бұғатталған алмалы-салмалы торлары болу тиіс	өрескел
4220.	Конвейерлердің білік қалақтары шығыңқы ойық шетінен бастап 0,2 метрден кем емес қашықтықта аяқталуы қажет	өрескел
4221.	Магниттерді магниттеу ұн тозаңы жоқ бөлек үй-жайларда жүргізіледі	елеулі
4222.	Елеуіш машиналарының құрылымы олардың герметикалығын қамтамасыз етіп және оларды аспирациялық құрылғылармен немесе сүзгіштермен жарақтауды қарастыруы қажет	елеулі
4223.	Шнектердің қақпақтарындағы байқайтын кішкене люктер, шнектер мен авто салмақтардың шлюз ысырмаларының қол жеткізетін шығыңқы тесіктері жабдықтың айналып тұратын бөлігіне кемінде 250 миллиметр жетпейтін сақтандыру торларымен жабдықталу керек	өрескел
4224.	Елеуіштердің ішкі қабаты аптасына бір рет ұн тозаңынан тазартылады	елеулі
4225.	Сұйық құрамды қоспаларды дайындауға және сақтауға арналған сыйымдылықтарда дыбыс немесе жарық дабылымен қосылған деңгейлерді көрсеткіштері болады. Сыйымдылықтарда резервтік сыйымдылығы немесе канализациясы бар құятын құбырлары және тұнбаларды жоюға арналған люктері болады	елеулі
	Ауыстырылатын құрылғылары бар сыйымдылықтар (пропеллер, қалақты немесе өзге де араластырғыштар) қақпақ немесе сақтандыру торы ашық тұрған	

4226.	кезде араластырғышты іске қосылу мүмкіндігін болдырмайтын электр бұғаттағышы бар қақпақтармен немесе сақтандыру торларымен жаракталады	елеулі
4227.	Май дайындауға арналған қондырғыларда қыздырылатын жейдеге жылудан оқшаулағышы болады. Жылу оқшаулағыштың сыртқы қабатының температурасы 45 градус Цельсийден аспауы тиіс	өрескел
4228.	Тұзды ерітіндіде ыдыссыз қабылдау және сақтау үшін қондырғының тиеу люктерінде қақпағы мен сақтандыру торлары болады.	елеулі
4229.	Қант ұнтағын дайындауға және сақтауға арналған пневматикалық әсері бар қондырғыларда сығылған ауаны беруге арналған құрылғысы бар шығын бағының деңгейін бұғаттағышы болады. Сақтандыру клапаны қысым артық жұмыс қысымы 0,5 мегапаскаль болғанда, ыдыстағы артық жұмыс қысымы 0,3 мегапаскальға дейін болса және ыдыстағы артық жұмыс қысымы 6,0 мегапаскальға дейін болып 15 пайызға жеткенде жұмыс істей алатындай етіп реттелуі тиіс	елеулі
4230.	Құбырларды қосу және арматураны бекіту орындары ағысқа жол бермеу керек. Бу, ыстық су, еріген май жылу құбырлары жылудан оқшаулану керек; қабаттың температурасы 45 градус Цельсийден аспау керек	өрескел
4231.	Астық дайындауға арналған машинада жетекпен бұғатталған кесетін органдарды қоршайтын торы болады	елеулі
4232.	Сұйық компоненттерді дайындау және сақтау үшін қызмет көрсетуге арналған алаңдар сыйымдылықтың жоғарғы шетінен 1,0 метр қашықтықта орналасады	өрескел
	Сұйық ашытқы мен сұйық жартылай өнімді дайындауға және сақтауға арналған	

4233.	сыйымдылықтарда деңгейлерді, дыбыс және жарық дабылын көрсеткіштері болады. Сыйымдылықтарда резервті сыйымдылықпен қосылған араластырып құю құбыры мен тұнбаны жоюға арналған люгі болады. Сыйымдылықтардың үстінен көмірқышқыл газын бұру қарастырылады	елеулі
4234.	Қайнататын машинаның қақпағы қақпақ, термометр, су жейдесі мен хладагентті бөлуге арналған құбырға көтерілген кезде оның іске қосылу мүмкіндігін болдырмайтын электр бұғаттағышпен жаракталады	елеулі
4235.	Қайнататын машинаға бу мен ыстық су беруге арналған құбырларда жылу оқшаулағышы болады	өрескел
4236.	Бөлімшенің ауа ортасы оның құрамында көмірқышқыл газының болуына айына бір рет тексеріледі	өрескел
4237.	Дозаторлардың бар айналатын және қозғалатын бөлшектері тұтас қабықпен қоршалады. Дозаторларда тиісті және шекті деңгейлі мәндерге жеткен кезде іске қосылатын деңгейлік бергіштер мен ауыстырып құятын құбырлар қарастырылады	елеулі
4238.	Мөлшерлеу станцияларында электрлік байланыстыру әдісімен майды қыздыру кезінде термореттегіш орнатылады	өрескел
4239.	Сырғалықтарды сүрту машиналарының қабылдау шүмектерінде іске қосу құрылғысымен бұғатталған сақтандыру торлары болады	елеулі
4240.	Нан илейтін кеспек ағаш шелегі бар қамыр ашыту машиналарында негізгі платаға (бұрылыс платформасына) шелекті бекітетін құрылғысы мен шелек болмағанда немесе оны берік бекіткенде илеу органын іске қосу мүмкіндігін болдырмайтын электр бұғаттағышы болады	өрескел
	Нан илейтін кеспек ағаш шелегі бар қамыр ашыту машиналарында	

4241.	<p>қақпақ тығыз жабылмаған кезде илеу органының жетегін автоматты тоқтауға арналған және шелек қоршауы тығыз жабылмаған кезде жетекті автоматты тоқтатуға арналған бұғаттағышы болады. Бұғаттағыш шелекті қақпақпен толықтай жапқан кезде илеу органын іске қосу мүмкіндігін қамтамасыз етеді</p>	өрескел
4242.	<p>Барлық шелек көтеретін аударғыштар шелектерді берік бекітуге арналған тетіктермен және шелек бекітілмеген кезде көтеруді болдырмайтын бұғаттағышпен жаракталады. Шелек көтеретін аударғышта шелектерден алаңдарды жоғарғы және төменгі күйінде тоқтауға арналған соңғы ажыратқыштары, шелектердің қалай болса солай түсуін болдырмайтын құрылғы қарастырылады. Шелек көтеретін аударғыштың шамадан тыс артуын болдырмау үшін оның жетегі кесілген сақтандыру элементімен жаракталады</p>	өрескел
4243.	<p>Барлық шелек көтеретін аударғыштарда қоршаулар ашық болғанда көтеруді және шелек көтерілген аймаққа жұмысшылардың өтуін болдырмайтын электр бұғаттағышы бар шелекті көтеру аймағын толықтай (айналдыра) қоршауы болады. Шелек көтеретін аударғыштарда машинаның қозғалатын бөлшектерін шұғыл тоқтату үшін "Тоқта!" деген авариялық түйме қарастырылады</p>	өрескел
4244.	<p>Барлық шелек көтеретін аударғыштарда паспорт болу қажет және мерзімді түрде сыналу керек. Сынақ жылына бір рет нәтижелерін паспортқа толтыра отырып жүргізілу керек. Сынақ машинаның жүк көтергіштігінен 10 пайызға артық болатын жүкпен жүргізіледі.</p>	елеулі

	Шелек көтеретін аударғыштар білік 10 пайыздан асып тозған кезде пайдаланудан шығарылады	
4245.	Қамыр түсіретін құралдар сақтандыру торларымен жаракталады	елеулі
4246.	Тұрақты илеу сыйымдылығы бар үздіксіз және мерзімді жұмыс істейтін қамыр илеу машиналары үстіңгі жағынан илеу органының жетегімен бұғатталған қақпақтармен жабылады	өрескел
4247.	Елеу органдары шелек көлбей қозғалғанда қамырды шығару жүргізлетін мерзімді жұмыс істейтін қамыр илеу машиналарында жүкті шығару немесе қос қолмен басқару кезінде қауіпті аймақты жабатын сақтандыру торы қарастырылады	өрескел
4248.	Қамыр илеу машиналары мен қамыр дайындау агрегаттары авария кезінде шикізат беруді сөндіруді және машинаның илеу органдарын тоқтатуды қамтамасыз ететін бұғаттау құрылғыларымен жабдықталады	өрескел
4249.	Бункерлердің құрылымында ашыту үшін бункерлерге қызмет көрсету, тазалау және жуу кезінде қауіпсіздік пен ыңғайлылықты қамтамасыз ететін қорғағыш торлар (қақпақтар) қарастырылады	елеулі
4250.	Бункердегі қамыр мен ашытқы қамырдың тиелу деңгейі бергішпен бақыланады	елеулі
4251.	Бункердің бүйір қабырғасында көмірқышқыл газын бұру үшін (оның әр секциясында) бункердің түбінен 200 миллиметрден аспайтын биіктікте орналасқан, диаметрі 100 миллиметр тығыны бар тесік қарастырылады	елеулі
4252.	Бункерлердің, науалардың, қамыр ашытқыштар мен сақтандыру торларының ішкі қабаттарын тазалау үшін сабы ұзын қырнауыштар (бункерлердің, науалардың, қамыр ашытқыштардың биіктігіне сәйкес) қолданылады	елеулі

4253.	Қамыр дайындау жабдығын тазалау және жөндеу машина толықтай тоқтағанда, кернеу толықтай алынғанда және іске қосу түймелерінде "Қосуға болмайды! Адамдар жұмыс істеп жатыр!" деген плакаттар міндетті түрде ілінгенде жүргізіледі	елеулі
4254.	Қамыр бөлу машиналарын пайдалану технологиялық регламентке сәйкес жүргізіледі	елеулі
4255.	Қамыр бөлгіштердің қабылдау шүмектері жетекпен бұғатталған алмалы-салмалы сақтандыру торларымен жарақталады	өрескел
4256.	Қамыр бөлу машиналарының жұмыс органдарында (қамыр илеу тетіктері, бөлетін құрылғылары бар бөлгіш бастиек), жетек тетігінің қозғалатын бөлшектерінде қамыр камерасының қақпағын ашқанда, бөлгіш бастиектің қоршауларын немесе машинаның жетегін алғанда электр қозғалтқыштарын ажыратуды қамтамасыз ететін бұғаттағыштары бар қоршаулары болады. Бұғаттау құрылғыларының құрылымы оларды әдейі шығару мүмкіндігін болдырмайды	өрескел
4257.	Ауысым сайын қамыр бөлгіштердің бұғаттау құрылғыларының жарамдылығы тексеріледі. Ақауы бар бұғаттағышпен жұмыс істеуге болмайды	елеулі
4258.	Қамыр бөлу машиналарының қамыр камералары мен бөлетін бастиектерінде машина жұмыс істеп тұрған кезде қамырдың ағуын болдырмайтын тығыздағыштары болады	елеулі
4259.	Қамыр бөлгіштердің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету үшін: бөлгіш бастиектердің поршендері мен арналарын ауысым сайы тазалау және майлау жүргізілу керек	елеулі
	Қамыр илеу машиналарында сына белбеуі бергіштерінің және өзге де жетек бөліктерінің электр	

4260.	қозғалтқышымен бұғатталған алмалы-салмалы қоршауы қарастырылу керек	өрескел
4261.	Қамыр дайындау машиналарында тасымалдау біліктері, тісті және тізбекті бергіштер қоршалады. Қоршау машина жетегімен бұғатталу керек. Машина құрылымы қамыр жазу органдарында қамырдың жабысуын болдырмайды	елеулі
4262.	Бөлгіш-қалыптау машиналары жетек құрылғысымен бұғатталған бөлгіш-қалыптастыратын тетігінің алмалы-салмалы тұтас қоршаулармен жарақталады	елеулі
4263.	Дайын қамырларды пеш агрегаттарының қалыптарына салғыштар автоматтың орнын ауыстыру аймағына түсу мүмкіндігін болдырмайтын қоршаулармен жарақталады	өрескел
4264.	Тиеу және түсіру кезінде аспа бесіктердің тербелуін болдырмас үшін шектегіштер қарастырылады . Аспа бесіктер біркелкі, кедергісіз қозғалады	елеулі
4265.	Тетіктерді шұғыл тоқтату үшін конвейер агрегаттың екі жағынан орналасқан "Тоқта!" деген қосымша түймелермен жабдықталады	өрескел
4266.	Агрегаттарда авариялық жағдайда бұйымдарды шығару үшін конвейердің қол жетегінің тетігі қарастырылады. Осы жетекті тұтқамен айналдыру бағыты тілшемен белгіленеді. Қол жетегі тұтқасына түсетін күш 150 ньютоннан аспауы тиіс	өрескел
4267.	Қамыр өнімдерін кесуге арналған тетіктерде пышақтарың жетек құрылғысымен бұғатталған пышақтардың тұтас әсер ету ұзындығы бойымен алмалы-салмалы қоршаулары болады. Пышақтардың жұмыс істейтін аймағына "Абайлаңыз! Пышақ!" деген ескерту жазуы болады	өрескел
	Қамыр басуға арналған конвейерлер шамадан тыс	

4268.	жүктеме болған жағдайда конвейер авариясының алдын алатын сақтандыру құрылғыларымен жарақталады	өрескел
4269.	Сүрту машиналарында қамыр жазу ұзындығы бойымен торлы қоршауы болады. Қоршау жетек құрылғысымен бұғатталады	өрескел
4270.	Қой бұйымдарын жидітуге арналған механикалық қондырғыларда автоматты түсіруге арналған бұйымдары болады және жергілікті сорғыштармен жарақталады	өрескел
4271.	Кептіру плиталарын қалыптауға арналған машинада жетекпен бұғатталған периметрі бойымен қалыптау тетігінің қоршауы болады. Нан мен кептіру плиталарын кесуге арналған машиналарда кесу аймағын қоршауы болады. Қоршау жетекпен және пышақ тежегіштерімен бұғатталады	өрескел
4272.	Диск пышақтары бар машиналарда пышақтарды машинадан алмай, оларды қауіпсіз қайрауға арналған бұйымдар болады	өрескел
4273.	Нан кесуге арналған машинаны тазалауды ол толықтай тоқта, анда және "Қосуға болмайды! Адамдар жұмыс істеп жатыр!" деген плакаттар іліп, электр қозғалтқыштарын ажыратқанда жүргізілуі тиіс	елеулі
4274.	Нан пісіру пештері технологиялық режим өлшемдерін (пісіру камерасындағы температура; ылғалдандыруға келіп түсетін қысым; пісіру ұзақтығы) және отынның жану өлшемдерін (газбен сұйық отынның қысымы, жанарғыдағы ауаның қысымы, оттықтағы ыдырау, ығыстыру камерасындағы жану өнімдерінің температурасы, алаудың болуы) өлшеу және бақылау үшін бақылау-өлшеу аспаптарымен жарақталады. Электр пештері пештердің қалыпты режимінің бұзылуын болдырмайтын бұғаттау	өрескел

	жүйелерімен жаракталады; басқару қалқандары мен пульттерінде электр пештерінің қосылғанын немесе ажыратылғанын көрсететін жарық дабылы болады	
4275.	Нан пісіру пештері газ бен сұйық отын беруді тиісті мөлшерден ауытқыған кезде, оттықтағы ыдырау азайғанда, алау өшкен кезде және бөлінгенде, ауа беру тоқтағанда, электр қорегі желіден ажырағанда тоқтатуды қамтамасыз ететін автоматикамен жабдықталады. Электрлік жылытқышы бар пештер конвейер тоқтаған жағдайда қорек беруді автоматты ажыратуға арналған құрылғымен жаракталады	өрескел
4276.	Арна арқылы қыздыру пештерінде жару клапандары қарастырылады	өрескел
4277.	Жару клапандары газдың жиналуы мүмкін оттықтар мен газ жүру жолдарының жоғарғы учаскелеріне орнатылады, қорғайтын қабаттармен қорғалады және жару кезінде қызмет көрсетуші персоналдың жаракат алу мүмкіндігін болдырмайтын орындарда орнатылады	өрескел
4278.	Сұйық немесе газ тәрізді отын беретін өткізу құбырында шілтерге тікелей орналасатын құрылғылардан басқа, жалпы ажыратқыш құрылғы қарастырылады	өрескел
4279.	Электрмен қыздыратын пештерде электр қыздырғыштарын қосу орындарында кілттің көмегімен жабылатын тұтас қоршаулар болады	өрескел
4280.	Пеш конвейерінің жетегі артық жүктемеден қорғау үшін сақтандыру құрылғысымен жабдықталады	өрескел
4281.	Пеш конвейерінің жетегінде авариялық жағдайда пісірілетін бұйымдарды шығару үшін қол жетегі қарастырылады	өрескел
	Пештер авариялық жағдайлар болғанда қосылатын автоматты	

4282.	жарық және дыбыс дабылы құралдарымен жабдықталады	елеулі
4283.	Пештің отырғызу және түсіру сағаларындағы жұмыс орындары сорғы түтіктерімен, ал қажет болған жағдайда ағынды желдеткішпен жабдықталады. Сорғы шүмектері мен ауа өткізгіштер жану өнімдерінің жиналуын болдырмас үшін жүйелі түрде тазартылу туралы жазу болуы тиіс	елеулі
4284.	Пештерді тексеру және жөндеу жұмыстары ұйымның технологиялық талаптары негізінде кесте бойынша жүзеге асырылады	елеулі
4285.	Табақтар мен қалыптарды тазалауға және майлауға арналған машиналарда іске қосатын құрылғысы бар жетек қоршауы болады. Машиналардың жұмыс органдары табақтар мен қалыптар өту үшін тұтас алмалы-салмалы қоршаулармен жабылады	өрескел
4286.	Пештерді орналастыруға арналған үй-жайлардың биіктігі пештің жоғарғы шығыңқы бөліктерінен бастап далдаларға дейін кемінде 1 метр және бөренелерге дейін 0,6 метрден кем болмауы қажет	өрескел
4287.	От жағу бөлімшесіне қатты отын беру, барлық пештерден шығарғанда жалпы шығар мөлшері сағатына 200 килограмм және одан астам күлмен мен шлакты шығару механикаландырылған тәсілмен жүргізіледі	өрескел
4288.	Сұйық отынға арналған шығын бактары сорғы желдеткіші бар оқшауланған үй-жайда орналасады, ол әрқашан жабық болады	өрескел
4289.	Бакта вентилді түсіру құбыры мен осы мақсатта бөлінген орынға шығарып құятын құбыры болады. Сұйық отынның деңгейін анықтау үшін деңгей көрсеткіштер қолданылады	өрескел
	Сұйық отын құбырларында авария кезінде пешке отын беруді	

4290.	тоқтататын тиек вентилендері болады	өрескел
4291.	Сұйық отынды жағу кезінде оның еденге түсу мүмкіндігін болдырмайтын форсункадан шығатын отынды бөлу қарастырылады	өрескел
4292.	Су жылыту қазандықтары, нан пісіру пештерінің пайдаға асыру тетіктері су сіңіру жолында кері клапандармен жабдықталады және нан зауытының ыстық сумен жабдықтау жүйесіне қосылады. Қорек және бұру желілеріндегі крандар ашық күйде пеш операторларының журналында тиісті жазба жазу арқылы пломбалану қажет	өрескел
4293.	Су жылыту қазандықтары көрсеткіштерді оператор пультына шығара отырып, температураны бақылауға арналған құрылғымен жарықтандырылу қажет	өрескел
4294.	Нан пісіру пештеріне жапсарлас салынған бу генераторлары су өлшеу шынысымен, дыбыстық белгі беретін деңгей дабылымен және бу қысымын авариялық жинауға вентилі бар үрлеу құбырымен жабдықталады	өрескел
5033.	Айдағыш құбыржолдарындағы тік қаптама-түтікті, булағыш және ауа конденсаторлар, май бөлгіштер ашық алаңқайларда орналастырылады. Машиналық бөлмелерде үстінде конденсаторларды, ал желілік ресиверлерді үй-жайдың ішінде және сыртында да орналастыруға рұқсат етіледі	елеулі
5034.	Сумен жабдықтаудың айналым жүйесіндегі сулы сорғыларды арнайы үй-жайда – сорғы станциясында, конденсатор орнатылатын ғимараттың үстінде орналастыру ұсынылады	елеулі
	Машиналық (аппараттық) бөлменің үй-жайында компрессорлы агрегаттар, блокты тоңазытқыш машиналар,	

5035.	<p>айналмалы (қорғау) ресиверлер, аралық ыдыстар, аммиакты сорғылар, май жинағыштар, тік қаптама-түтікті конденсаторлар орналастырылады. Булағыш блоктарын, майда сақтауға арналған ресиверлер, айналмалы, қорғау және дренажды ресиверлер, аммиакты және суық жеткізгішті айдауға арналған сорғылар машиналық (аппараттық) Бөлмелерден тыс ашық алаңқайларда орналастыруға рұқсат етіледі, егер бұл осы жабдықтың климаттық орындалуына мүмкіндік беретін болса. Орналастыру орны жобалау құжаттамасымен анықталады</p>	елеулі
5036.	<p>Машиналық (аппараттық) бөлмелерінің сыртында орналасқан аппараттардан (ыдыстар) жарықтың аралығы ғимараттың қабырғасынан кемінде 1,0 метр болуы тиіс.</p>	елеулі
5037.	<p>Тоңазытқыш жабдығын орналастыруға мынадай жағдайда тыйым салынады: жанғыш, күйдіргіш және жарылыс қауіпті өнімдері бар технологиялық құбыр жолдары эстакадаларының астына; қамтылып бекітілген (сальниксіз) сорғыларды қолдану жағдайларынан немесе аммиактың төмен орнатылған жабдыққа түсуін болдырмайтын арнайы қауіпсіздік шараларын қабылдаған кезден басқа ашық сорғының және компрессорлық қондырғылардың үстіне орнатуға тыйым салынады</p>	елеулі
5038.	<p>Еденнен 1,8 метр жоғары деңгейде жабдыққа (арматураға) тұрақты қызмет көрсету үшін қоршауы және баспалдағы бар металл алаңы көзделеді. Алаңның ұзындығы 6 метрден көп болғанда баспалдақтар алаңның екі жағынан да орналастырылады. Оларды алаңға бекіту үшін құрылғылармен қозғалмалы немесе қайырмалы баспалдақтарды қарастыруға рұқсат етіледі. Тұтқалардың</p>	елеулі

	биіктігі 1,0 метр, алаңдардағы ернеулер кемінде 0,15 метр	
5039.	<p>Айналмалы және қорғау ресиверлер және аммиакты сорғылардың астында тұғырықтар немесе шұңқырлар қарастырылады.</p> <p>Барынша үлкен аммиак сыйымды ыдыстан салқындатқыш агенттің авариялық шығуы кезінде сұйық аммиактың деңгейі тұғырықта (шұңқыр) тұғырық ернеуінен төмен (шұңқыр шеті) қамтамасыз етіледі</p> <p>Айналмалы ресиверден құйылған аммиактың саны ыдысты жұмыс күйінде толтыру бойынша, ал қорғау ресиверден ыдысты барынша жол берілетін толтыру бойынша анықталады.</p> <p>Шұңқырдың тереңдігі кемінде 2,5 метр болуы тиіс. Шұңқырға кемінде екі баспалдақ орнатылады, ал шұңқырдың тереңдігі 2 астам болғанда тікелей сыртынан шығу көзделеді</p>	елеулі
5040.	<p>Желілік және дренажды ресиверлер тұғырыққа орналастырылады.</p> <p>Барынша сыйымды ыдыстан тұғырыққа оның авариялық ағуы жағдайында сұйық аммиактың деңгейі тұғырық ернеуінен төмен қамтамасыз етіледі. Желілік немесе дренажды ресиверден құйылған аммиактың саны оны 80 пайызға барынша жол берілетін толтырудың есебімен анықталады.</p> <p>Желілік ресиверлер күн сәулесінен және жауын-шашыннан шатырмен қорғалады, биіктігі кемінде 1,5 метр болатын, құлыпқа салынатын кіріс есігі бар дуалмен қоршалады</p>	өрескел
5041.	Жүйелерді аммиакпен зарядтау үшін аммиакты цистерналарды немесе баллондарды қосу үшін түйіскен тораптар қарастырылады	елеулі
	Машиналық немесе аппараттық бөлмелерде құбыржолдарын, аппараттар, ыдыстарды, пневматикалық сынауға арналған ауа компрессорын орнату, әрбір	

5042.	<p>ыдыс, аппаратқа немесе аммиак құбыржолының учаскесінде сынау жүргізу мүмкіндігіне арналған сығылған ауаны стационарлық құбыржолдарының жүйесі көзделеді. Қысымға және оны төмендетуге арналған компрессордан құбыржолдарындағы бітеу вентильдері бақылау мониторы, компрессорды басқару түймешелері жабдық сыналатын үй-жайдың сыртына шығарылады. Қысылған ауа құбыржолында сақтандыру клапаны орнатылады. Қолданылған ауа компрессорын басқа мақсаттар үшін жол берілмейді.</p> <p>Пневматикалық сынау нормативтік техникалық құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады</p>	елеулі
5043.	<p>Салқынды тұтынушылардан жақын орналасатын бөлу құрылғыларын орнатауға арналған үй-жайы, аммиакқа айналатын технологиялық жабдықтағы салқындатқышты өндірістік цех-тұтынушыларының үй-жайы Д санатына жатады. Бұл ретте, аппараттарға немесе бөлу құрылғыларына аммиак түсетін сұйықты аммиакты құбыржолдарында осы үй-жайлар ауасындағы аммиак концентрациясының метр кубқа 60 миллиграмм жету кезінде істен кететін тез әсер ететін автоматты тиекті арматура көзделеді</p>	өрескел
5044.	<p>Ғимараттарда машина немесе аппарат бөлімшелерін орналастыру бойынша мәлеметтердің болуы және осы ережелердің орындалуы</p>	елеулі
5045.	<p>Машиналық (аппаратты) бөлмелерді жертөледе және жертөле қабатында орналастыруға жол берілмейді</p>	өрескел
5046.	<p>Машиналы және аппаратты бөлмелердің үстіне тұрақты жұмыс орнымен үй-жайды,</p>	өрескел

	тұрмыстық және әкімшілік үй-жайды жайғастыруға тиым салынады	
5047.	Машиналық, аппараттық бөлмелер үй-жайларында бір бірінен барынша алыс орналасқан кемінде екі эвакуациялау шығулар орналастырылады, бұл ретте, бір шығуды ең аз дегенде тікелей сырттан орналастырылады	өрескел
5048.	Қосалқы немесе басқа мақсаттағы үй-жайдағы машиналық (аппараттық) Бөлмелердің үй-жайынан, барлық жоғарыда көрсетілген үй-жайды қосатын дәліздегі шығу құрылғысы ауа қысыммен берілетін тамбур-шлюздер арқылы, өртке қарсы құлыпсыз, өзі жабылып ашылатын және құралдар периметрі бойынша герметикалық төсемдері бар есіктермен орындалады	өрескел
5049.	Машиналық және аппараттық бөлмелердің барлық есіктері қауіптілігі аз жағынан ашылады	елеулі
5050.	Машиналық және аппараттық бөлмелердің едендері тегіс, тайғаққа емес және жанбайтын және ұшқын шығармайтын материалдардан жасалуы тиіс. Жүруге болмайтын арналар мен люктер алмалы-салмалы тақта едендермен немесе лак-бояу жабындары бар металл бұдырлы табақпен жіктестіріліп жабылады. Машиналық немесе аппараттық бөлмелерді жоспарлау аумағынан төмен тереңдетуге жол берілмейді	елеулі
5051.	Майларды регенерациялау, тазалау және сақтауға арналған жабдықтар шығуы тікелей сыртында орналасқан үй-жайда орналасады	елеулі
21.4. Монтаждау жұмыстары		
5052.	Монтаждау жұмыстарын жобалау ұйымының келісуінсіз жобадан ауытқи отырып, орындауға рұқсат етілмейді	елеулі
	Монтаждауға тоңазытқыш қондырғысының жабдықтары мен тораптарын қабылдау кезінде	

5053.	оларға тексеріп қарау, жинақтылығы мен техникалық жай-күйіне тексеріс жүргізіледі. Ақауы бар бұйым монтаждауға рұқсат етілмейді	елеулі
5054.	Кепілдік мерзімі өткен жабдықтар және басқа да бұйымдар оған ревизия жүргізіп, ақауларды жойғаннан кейін монтаждауға рұқсат етіледі. Жүргізілген жұмыстардың нәтижелері жабдықтың құжаттамасына жазылады	өрескел
5055.	Монтаждауға дейін жабдықтар, бұйымдар және материалдар дайындаушы құжаттамасының талаптарына сәйкес сақталады. Сақтау кезінде тексеріп қарау үшін қолжетімділік қамтамасыз етіледі, ішкі қуыстардың зақымдануын, ішіне ылғал және тозаңның түсуін қақпайлау үшін жағдайлар жасалады	елеулі
5056.	Қол сальникті арқаулықтарды маховиктерін төмен қаратып орнатуға жол берілмейді. Электрлі-магнитті вентилдер және жетегі бар вентилдер аммиак қозғалысының бағыты вентильдің көрсетілген корпусына сәйкес келеді	елеулі
5057.	Құбыржолдардың жылу окшаулағышы олар беріктік пен тығыздыққа сыналып, бұл ретте анықталған барлық ақаулар жойылғаннан кейін жүргізіледі	елеулі
5058.	Тоңазытқыш қондырғылардың құбыржолдарындағы дәнекерлеу жұмыстары оларды өшіру және аммиактан босату (ауамен немесе оқшау газбен үрлей отырып) кезінде рұқсат беру тәртібі бойынша жүргізіледі	елеулі
5059.	Аппараттар, құбыржолдарды сынау (үрлеу) үшін сығылған ауаны немесе инертті (азот) газды беру оны жеке вентиль арқылы аппаратқа немесе құбыржолы учаскесіне қосу мүмкіндігімен арнайы құбыржолы бойынша жүзеге асырылады.	елеулі

	Сыналатын (үрленетін) аппарат, ыдыс немесе құбыржолының учаскесінде жүйеден сөндіруге мүмкіндік беретін бітеу арматура болады	
5060.	Үй-жайда және қолданыстағы тоңазытқыш қондырғысы учаскелерінде монтажда жұмыстарын орындау кезінде (аммиактағы немесе жүйелердің қалған бөлмелерінен ажыратылмаған қолданыстағы емес тораптар жағдайында) рұқсаттама рәсімделеді	өрескел
22. Фреонды мұздатқыш қондырғылар		
22.1. Өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жалпы тәртібі		
5061.	Ұйымда мұздатқыш тоңазытқыш жабдығын пайдалану (қызмет көрсету) бойынша технологиялық регламент әзірленеді	елеулі
5062.	Машиналық бөлмелерде көрінетін орында салқындатқыш агенті (салқындатқыш агенті) құбыржолының, бітеу арматурамен олардағы нөмірмен бірге салқындатқыш жеткізгіштің және судың (натураға тиісінше), бақылау және автоматика аспаптарының схемасы ілінеді	елеулі
5063.	Мұздатқыш қондырғы жүйесіне өзгерістер енгізу жағдайында тоңазытқыш құбыржолдары схемасы түзетіледі	елеулі
23. Химиялық зертханалар		
23.1. Өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жалпы тәртібі		
5064.	Зертханалық орындар мен жабдықтардың тиісті белгіленуі, жазулары және қауіпсіздік белгілері бар	елеулі
5065.	Зертханада жүргізілетін жұмыстардың барлық түрлері бойынша зертханалық орындарда жайғастырылатын технологиялық тәртіптер құрастырылады	елеулі
5066.	Зертханалардың бөлмелеріндегі келетін-соратын вентиляция жұмыстарды бастаудың алдында қосылады және жұмыстар аяқталғаннан кейін сөндіріледі. Талдамаларды тәулік бойы жүргізген кезде келетін-соратын	өрескел

	<p>вентиляция тұрақты түрде жұмыс істейді. Вентиляция жарамсыз болса, онда жұмыстарды жүргізуге тиым салынады</p>	
5067.	<p>Аса және тым қауіпті заттармен барлық жұмыстар сору шкафтарында жүргізіледі, жұмыс орнындағы ауаның жылдамдығы кемінде 1,5-2 метр секунд деңгейінде орнатылады</p>	өрескел
5068.	<p>Зертханалардағы жұмыс кезінде кемінде екі адам болуы қажет:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) қауіпті және уландырғыш заттармен байланысты барлық жұмыстар резеңке қолғапта, химиялық жағынан төзімді арнайы киімде, бас киімде, арнайы аяқ киімде, тыныс алу органдары мен бетті қорғай отырып орындалады; 2) Қауіпті және уландырғыш заттың бейтараптандыруы және алып тастауы бойынша технологиялық регламентте мәліметтер болуы және осы ережелердің орындауы. 3) зертханада химиялық реагенттерді бейтараптандырғыштардың қоры болуы қажет 	елеулі
5069.	<p>Талдамаларды жүргізу бойынша жұмыстардың алдында жұмыс аумағындағы ауада газдың жоқтығы тексеріліп, журналға жазылады.</p>	елеулі
5070.	<p>Сорып шығаратын шкафтарда тәуліктік қажеттіліктен аз қышқылдарды, жеңіл буланатын реактивтердің және еріткіштерді жабық саңылаусыз ыдыста және бақылау тұлғаларының рұқсатымен сақтауға рұқсат етіледі. Жұмыс орындарында көрсетілген қауіпті заттарды пайдаланумен байланысы жоқ талдамаларды және өзге жұмыстарды жүргізуге тиым салынады</p>	елеулі
5071.	<p>Химиялық заттарды қоймаларда және зертханаларда жазуы жоқ ыдыстарда сақтауға тиым салынған</p>	өрескел

5072.	Бір-біріне әсер ететін және химиялық өзара әрекеттесудің нәтижесінде өрттің немесе жарылыстың (мәселен, азот қышқылы және органикалық заттар) туындауына себеп болатын заттарды бір-бірінен жақын, бірге сақталуына рұқсат етілмейді	өрескел
5073.	Зиянды, уландырғыш және улы заттармен жұмыс жүргізілетін бөлмелерде желдету жүйесі бөлек, ол басқа бөлмелердің желдеткіштерімен байланысты емес	өрескел
5074.	Зиянды заттардың, будың, газдардың бөлінуіне әкеліп соғатын жұмыстар кәріз жүйесімен, су құбырымен және қорғайтын жабдықтармен қамтамасыз етілген сорып шығаратын шкафтарда іске асырылады	өрескел
5075.	Жұмыстарды жүргізуге қажеті жоқ ыдыстарды, заттарды, аспаптарды және зертханалық жабдықтарды сорып шығаратын шкафтарда сақтауға тиым салынған	елеулі
5076.	Жеңіл тұтанатын сұйықтарды қыздыруды технологиялық тәртіппен қарастырылған жылыту аспаптарында жарылу, өрттену қауіпсіздігі талаптарын сақтап жүзеге асырылады	елеулі
	<p>Талдамадан кейін мұнай өнімдерінің қалдығы, пайдаланған реактивтер және улы заттар бөлек, жабық металл ыдысқа құйылады және кейін кәдеге жарату үшін жұмыстар немесе ауысым аяқталған кезде зертханадан шығарылады. Бұл сұйықтықтарды ортақ сыйымдылыққа немесе кәріз жүйесіне құюға тиым салынады. Зертхана бөлмесінде рұқсат етілмейді:</p> <p>1) дәліздер мен өтетін жерлерді, өрт сөндіру құралдарына баратын жерлерді қоқысқа және үйіндіге айналдыруға;</p> <p>бөлмелерді тазалау үшін жеңіл тұтынатын сұйықтар және жанар</p>	

5077.	<p>сұйықтар, сирек әрі зиянды заттарды пайдалануға; ыдысты, сүртетін материалды, киімді кептіретін аспаптар мен құрылғыларды қолдануға; жоюға жататын төгілген мұнай өнімдерін, жанғыш және зиянды заттарды қалдыруға; 2) оттық және электр жылыту аспаптары іске қосылған жағдайда жану қаупі бар төгілген сұйықтарды сүртуге; 3) жұмыс орнында әбден май болған шүберектер (ұштары) мен қағаздарды қалдыру қажет; 4) жұмыс бөлмелерінде пайда болуы белгісіз қандай да бір заттарды сақтауға</p>	өрескел
5078.	<p>Ыдысты тазалауға және дайындауға арналған орын зертхананың басқа бөлмелерінен бокшауланған, бөлек шығуы және желдетуі бар: 1) жұмыс орындарында зертхана ыдысын жууға және кептіруге арналған қондырғылардың жергілікті желдетуі қарастырылған; 2) жергілікті желдеткіш қосылған жағдайда ыдысты белгіленген жерде жуу. Қышқылдың және өзге күйдіргіш пен улы өнімдердің ыдысын толық босатып және зиянды заттар бейтараптандырылғаннан соң, жууға тапсырылады.; 3) жуатын заттар орамаларда, қақпақшалары тығыз жабылған сыйымдылықтарда сақталады. Оларды шыны түтікшелерде және ашық күйінде сақтауға тиым салынады</p>	өрескел
5079.	<p>Оттығы, электр аспаптары және тұтанудың басқа көздері бар жұмыс бөлмелерінде сұйық ауамен немесе оттегімен жұмыс істеуге рұқсат етілмейді, көмірсутектермен байланысудың қаупі бар. Өнімдерді сақтау және тамақтану үшін жарактандырылмаған бөлмелерде оларды сақтауға рұқсат етілмейді</p>	өрескел

5080.	Зертхананың бөлмелеріндегі отты (газ және электр дәнекерлеу жұмыстары) пайдаланып, жөндеу жұмыстарын тапсырыс-рұқсат бойынша жүргізуге рұқсат етіледі	елеулі
23.2. Химиялық зертханалардың бөлмелері және жабдықтары үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі		
5081.	Химиялық зертханалар жарығы, жылытылуы, су құбыры мен кәріз жүйесі табиғи және жасанды бөлмелерде орналасады	елеулі
5082.	Химиялық зертханалардағы жасанды жарықтандыру бойынша технологиялық регламентте мәліметтер болуы және осы ережелердің орындалуы	елеулі
5083.	Жарылу қаупі бар заттармен жұмыс жүргізілетін бөлмелер (қопару жұмыстарына арналған бөлме) ғимараттың жоғарғы қабатында оқшауланған бөлмелерде, зертхана ғимаратының бүйіржақ бөлігінде немесе оған салынған қосымша құрылыстарда орналасады. Олардың үстінде басқа бөлмелердің жайғастырылуына тиым салынған	өрескел
5084.	Химиялық зертхананың құрамында автоклавты немесе жоғары қысымды зертхана болса, олар бір қабатты жалғастыра салынған құрылыста орналастырылады. Автоклавты немесе жоғары қысымды зертхананы ғимараттың бүйіржақ бөлігінде, егер олар көрші бөлмелерден отқа төзімділігі кемінде 4 сағатты құрайтын шегі бар қабырғалармен бөлектеніп және өздігінен сыртқа шығу қамтамасыз етілген жағдайда рұқсат етіледі	өрескел
5085.	Аса және тым қауіпті заттармен жұмыстарға арналған бөлмелер зертхананың басқа бөлмелерінен оқшауланады, олардың бөлек кіретін жері және басқа бөлмелердің желдетумен байланысы жоқ сорып шығаратын шкафтары бар	елеулі

5086.	Зертханалық бөлмелердің желдетілуі механикалық қозғауы бар келетін-соратын түрде қарастырылады және сорып шығаратын шкафтардан ауаға арналған желдету қондырғыларымен жабдықталады. Зертханалық бөлмедегі ауа алмасу бөлменің ауасындағы зиянды заттардың шоғырлануы рұқсат етілген шоғырланудан аспайтындай етіп есептеледі	елеулі
5087.	Сорып шығаратын шкафтағы шамдар онда пайда болуы ықтимал жарылу қаупі бар қоспалардың санатына және тобына байланысты жасалады. Ашалы розетка және сөндіргіштер сорып шығаратын шкафтан тыс орналастырылады	өрескел
5088.	Сорып шығаратын шкафтарда, сынап бөлмелеріндегі зертханалық және жұмыс үстелдерінде жұмыс аумағының үстінде жәшіктер мен шкафтардың жайғастырылуына тиым салынған	елеулі
5089.	Жұмыс үстелдері мен шкафтардағы газ және су крандары алдыңғы бүйірлерге (шеттерге) жайғастыру қажет, оларды кранның кездейсоқ ашылуын болдырмайтындай етіп орнату керек	өрескел
5090.	Зертханалық қондырғылардың барлық қозғалатын бөліктері қоршалады	елеулі
5091.	ЖТС қыздыру үшін қолданылатын электраппаратура химиялық тұрғыдан берік оқшаулау мен қапталған жабық шиыршықпен және сыммен жасалады. Электр аппаратураның жалғануы ұшқындауға жол бермейтіндей етіп жүзеге асырылады	өрескел
5092.	Зертханалар орналасқан ғимараттарда тері арқылы өтетін, теріге және көздің қабыршағына әсер ететін зиянды заттармен жүрзілетін жұмыс кезінде душтар мен шағын бұрқақтар автоматты	елеулі

	түрде зақымдаудан кейін 6-12 секунд кешікпей қосылуды қамтамасыз ететін көлемде және орындарда қарастырылады	
5093.	Жеке киімді және арнайы киімді сақтау үшін окшауланған бөлмелер беріледі	елеулі
5094.	Зертханалық бөлмелердің едендері плиткаларынан жасауы	елеулі
5095.	Зертханалық бөлмелер жалпы келетін-соратын желдеткішпен қатар сорып шығаратын шкафтардан ауаны соруға арналған вентиляциялық құрылғылармен жабдықталады	елеулі
5096.	Жарылу, өрттену қаупі бар бөлмелерде барлық ауа өткізгіштер жанбайтын материалдардан әзірленуі тиіс	елеулі
5097.	Зиянды және жанғыш булар мен газдардың бөлінуіне әкеліп соғатын жұмыстар жүргізілетін сорып шығаратын шкафтар жоғарғы және төменгі сорғылармен (сорғылардың қосылуы қолданылатын зат буларының тығыздығына байланысты реттеледі), сұйықтықтың еденге ағуына жол бермейтін жиектемелермен жабдықталады.	елеулі
5098.	Отпен, өрттену және жарылу қаупі бар заттармен жұмысқа арналған жұмыс үстелдер мен сорып шығаратын шкафтарды толық жанбайтын материалдармен, ал қышқылдармен және сілтілермен жұмыс барысында татқа қарсы материалмен қаптау қажет және жиектері жанбайтын материалдардан жасалуы қажет	өрескел
5099.	Сорып шығаратын шкафтар саңылаусыз темір арқаудағы электр шамдарымен жарақтандырылады, олардың сөндіргіштері сорып шығаратын шкафтан тыс орналастырылады, ал аша розеткалары сорып шығаратын шкафтан тыс жұмыс үстелінің бүйір жағында	өрескел

	жайғастырылады. Электр жетектерге арналған сымдар резеңке түтікпен оқшауланады	
5100.	<p>Зертханалық бөлмелер талаптарға сәйкес газ құбырларымен жабдықталады:</p> <p>1) адамдар өтетін жерлерде газқұбырлары еденнен құбырдың төменгі шетіне дейін есептегенде кем дегенде 2,2 метр биіктікте тартылады;</p> <p>2) жұмыс үстелдері мен сорып шығаратын шкафтарға тартылған газ құбырларында жекелеген жанарғыларды қосуға мүмкіндік беретін крандарды орнату</p>	елеулі
5101.	<p>Трансмиссиялық беріліс қозғалмалы тетік ретінде пайдаланылған жағдайда трансмиссияның барлық қозғалмалы бөліктері (білік тегершігі, қозғалтқыш белдік, тегершік) қоршалады. Қозғалыстағы қозғалтқыш белдіктерін кигізуге немесе алуға, қоршау болмаса, трансмиссияны жіберуге тиым салынған. Біруақытта бірнеше адам жұмыс істейтін аппараттарға қызмет көрсету үшін трансмиссиялық беріліс пайдаланылған кезде оны қосудың алдында дәл осы трансмиссияны қолданатын қызметкерлерге ескерту қажет</p>	елеулі
5102.	<p>Химиялық зертханалық ыдыстың үлкен көлемін жуу үшін оқшауланған жуу бөлмелері б ө л і н е д і , мүмкіндігінше олар қызмет көрсететін зертхананың орта тұсында орналасады. Жуу бөлмелері жуатын үстелдермен жабдықталады: олардың бірінде зиянды және аса қатты иісі бар заттарды тазартуға арналған сорып шығару шкафы бар және хром қоспасымен жууға әрі екі ашық содамен және таза сумен жууға арналған</p>	елеулі
23.3. Жалындау, жарылу қаупі бар заттармен жұмыс		
	Жеңіл тұтанатын және жанғыш сұйықтықтар (қайнаудың төменгі температурасына ие заттардан	

5103.	<p>басқасы) тығындары берік кептелген қабырғалары қалың құтыларда (сауыттарда) қауіпті заттар қоймасында сақталады. Құтылар қақпақтары тығыз жабылатын, қабырғалары мен түбі асбестпен қаланған металл жәшіктерге салынады. Жәшік өтетін жерлерден және жылытатын аспаптардан алшак, оған жету ыңғайлы жерде, еденде орналастырылады. Жәшік қақпағының ішкі жағында атауы және бұл бөлме үшін жанғыш пен жеңіл тұтанатын сұйықтықтарды сақтаудың рұқсат етілетін жалпы нормалары көрсетілген нақты жазу жасалады. Жеңіл тұтанатын сұйықтықтар үшін шыны ыдыстың сыйымдылығы 1 литр аспайды, сыйымдылығы одан асып кетсе, ол саңылаусыз металл қаптамамен жабдықталады</p>	елеулі
5104.	<p>Зертханалық бөлмелерде төмен температурада қайнайтын заттарды (дивинил, изопрен, диэтилды эфир, ацетон) сақтауға тиым салынған. Бұл заттармен жұмыс аяқталған соң, оларды сақтау үшін қоймаға жеткізу қажет</p>	өрескел
5105.	<p>Диэтилды (күкіртті) эфирді басқа заттардан оқшаулау жерде, салқын және қараңғы бөлмеде сақтау керек</p>	өрескел
5106.	<p>Зертхананың әрбір жұмыс бөлмесінде біруақытта сақталатын өрт қаупі бар сұйықтықтардың жалпы қорын аталмыш сұйықтықтардың тәуліктік қажеттілігінен асырмай ұстау қажет. Өрт қаупі бар сұйықтықтардың үлкен көлемімен жұмыс жасаған кезде әрбір жекелеген жағдайда өрт күзетімен келісілген ұйымның техникалық жетекшісінің жазбаша түрдегі рұқсаттамасын алу керек. Көп мөлшердегі от қауіпті заттармен жұмыс жүргізу бойынша технологиялық регламентте мәліметтер болуы және осы ережелердің орындалуы</p>	елеулі

5107.	Жанғыш сұйықтықтарды кәріз жүйесіне төгуге тиым салынған. Пайдаланылған жанғыш сұйықтықтар саңылаусыз жабылатын ыдысқа жиналады, олар (жұмыс күнінің соңында) бұл сұйықтықтарды жою немесе регенерациялау үшін зертханадан әкетіледі	өрескел
5108.	Фосформен барлық жұмыстар суда, сорып шығаратын шкафта іске қосылған желдеткіш жағдайында әрі қорғайтын көзілдірікте орындалады	өрескел
5109.	Фосформен жұмыс барысында жұмыс орны су өткізу кранымен және мыстың күкірт қышқылы түзуі бар баскамен жабдыкталады	елеулі
23.4. Күйдіргіш заттармен жұмыс		
5110.	Қышқылдары мен сілтілері бар құтылар жарамды себеттерде немесе көз ағаштарда сақталады	өрескел
5111.	Қышқылдар мен сілтілерді құтылардан шағын ыдыстарға сифонның немесе түрлі құрылымдардың қол сорғылары арқылы құйған жөн.	елеулі
5112.	Қышқылдары, сілтілері және өзге күйдіргіш заттары бар сауыттарды асбесттен жасалған ағаш немесе металл жәшіктерде тасымалдау қажет	өрескел
5113.	Күкірт қышқылын вакуум-эксикаторларда суды сіңіретін зат ретінде қолдануға тиым салынады	өрескел
23.5. Күшті әсер ететін улы заттармен жұмыс		
5114.	Улы және зиянды заттарды сақтау, беру және пайдалану бойынша технологиялық регламентте мәліметтер болуы және осы ережелердің орындалуы. Улы және зиянды заттарды сақтау, беру және пайдалану бойынша журналда жазбаның болуы	елеулі
5115.	Зертханада пайдаланылатын улы заттар кілттеліп және пломбаланып арнайы тағайындалған орында, шкафта немесе болат жәшікте сақталады. Улы заттары бар сауыттарда	өрескел

	нақты айқын "У" деген жазуы және зат атауы бар заттаңбасы болады	
5116.	Улы заттардың сақталуы, есепке алу және шығындалуын зертхана бастығы қамтамасыз етеді. Жұмыс үшін улы заттарды ұйымның бірінші басшысының және зертхана бастығының қолымен талап бойынша береді. Шығындалуға жұмсалған улы заттардың санына акт жасалады	өрескел
5117.	Улы заттары бар сауытты, банкарды және басқа да ыдыстарды жұмыс үстелдеріне қоюға болмайды; осы заттармен жұмыс жасау үшін арнайы орын бөлінеді	елеулі
5118.	Улы заттары бар сауытты, банкарды және басқа да ыдыстарды жұмыс үстелдеріне қоюға болмайды; осы заттармен жұмыс жасау үшін арнайы орын бөлінеді	өрескел
5119.	Улы заттармен жасалатын жұмыстардың барлығы сорып шығатын шкафта жүргізіледі (мұндайда жұмыс жасаушының басы шкафтың сыртында болады). Газ тәрізді (хлор, аммиак, фосген, фтор), улылығы көтеріңкі заттар болғанда, жұмыс тиісті таңбасы мен көлемімен қорапта газға қарсы газқағармен жүргізіледі. Сұйық улы заттармен жасалатын жұмыс резеңке қолғаптармен, қорғаныс көзілдіріктерімен және қажеттілігіне қарай газға қарсы газқағармен жүргізіледі	өрескел
5120.	Улы заттармен жүйелі жұмыс жасау барысында барлық операциялар резеңке қолдарымен монтаждалған қолғаппен қолға арналған тесігі бар және ауа тартқыш вентиляциямен біріктірілген шыны жәшіктер (бокс) мен жабдықталған шкафтарда жүргізіледі. Бұл үй-жайларда басқа жұмыстарды жүргізуге болмайды	өрескел

5121.	Улы заттармен жұмыс жасау барысында пайдаланылған қағаздар мен сүзгілер жойылады	өрескел
5122.	Тәжірибеден кейін босатылған ыдыстар мен аспаптарды қызметкер зарарсыздандырып, оны жалпы жууға жібереді	өрескел
23.6. Металл калиймен және натриймен жұмыс жасау		
5123.	Металл калиймен және натриймен жасалатын жұмыс асбест жабыны бар ішіне табақты болат төселген сорып шығатын шкафтың табасында, қорғаныс көзілдірігімен және резеңке қолғаптарда, от пен су көзінен алыс жерде жүргізіледі	өрескел
5124.	Металл калий мен натрий тығынмен тығыз жабылған немесе берік кептелген тығынмен шыны банкада трансформатор майымен, парафинмен немесе керосинмен кептірілген қабат астында сақталады; банканы құмы бар металл жәшікке салып қояды.	өрескел
23.7. Сынаппен жұмыс		
5125.	Сынапты қыздырумен, жуумен және сүзумен байланысты жұмыстар, сынап ағатындай, сынап беті ашық болған жағдайда, басқа жұмыс ғимараттарынан окшауланған жеке жабдықталған жайларда жүргізіледі	өрескел
5126.	Мұндай ғимараттарда едендер, қабырғалар, есіктер және терезе жақтаулары сынап үшін өткізбейтін болып орындалады және сынап буларына адсорбция жасамайды. Қабырғалар, есіктер және терезе жақтаулары нитрозмальды бояумен, нитролакпен немесе перхлорвинильді бояулармен боялады. Бұл үй-жайлардың едендері еден арқылы құбырға өтетін орын мен шеттерінің, тігіс тығындарының өңделуі және қабырғаларда сұрыптаумен резеңке линолеуммен жабылады	өрескел
	Жұмыс үстелдері, сорып шығатын шкаф және басқа да зертхана жиһаздары жәшіксіз орнатылады және еден деңгейінен 20	

5127.	сантиметрден кем емес биіктіктей жиһаз астында бос орын болатын аяқтары мен майлы бояумен боялған жылтыр беті болады	елеулі
5128.	Үстелдер мен шкафтардың жұмыс беттері резеңке линолеуммен немесе сынапты қақпанға ағызуға арналған тесіктері бар, асқақтаған бүйірі бар саңылаусыз пластмасса материалдарымен жабылады	елеулі
5129.	Сынап аспаптары мен аппараттар есіктен, өтетін жерден, жылыту және қыздыру аспаптарынан алшақ жерде орналасады	елеулі
5130.	Тасымалы сынап аспаптары мен аппараттар эмальданған немесе майлы бояумен боялған табаларға орнатады	өрескел
5131.	Сынаппен жұмыс жасауға арналған барлық үй-жайлар жалпы қиыстырылған вентиляциямен (қысқы уақытта ауа жылыту құрылғысымен) және жергілікті ауа сорғыш вентиляциямен (сорып шығатын шкафпен, шатырмен) жабдықталады.	өрескел
5132.	Беті ашық сынабы бар аппаратураны ауа сорғышын жоғарыдан және төменнен сорып шығатын шкафта орналастырады. Сынапты қыздырумен байланысы жоқ жұмыс кезінде шкафтың барлық ашық жармалары барысында ауаның қозғалу жылдамдығы - 0,5 метр секундтан кем емес, ал сынапты қыздыру барысында –1 метр секундтан кем емес болуы	өрескел
5133.	Сынапты ашық сауытта сақтауға болмайды. Сынапты аздаған көлемде су, парафин майы, глицерин қабатын қосып сақтау керек	өрескел
5134.	Сынапты құюлы шыныдан жасалған сауыттарда, әрқайсысына 1 килограмм сынаптан асырмай салып сақтау керек. Сынабы бар сауытты резеңке қапта немесе металл банкада сақтау керек. Сынаптың 2 килограмм және одан да астам	өрескел

	артық қорын шағын темір баллондарда сақтайды	
5135.	Сынаппен жұмыс жасау барысында жұқа шыныдан жасалған ыдысты (колбаны, бюксты, химиялық стакандарды және т.б.) пайдалануға болмайды	өрескел
5136.	Шеберханаға немесе қоймаға тапсырылатын аппаратура сынаптан тазартылады. Сынабы бар пайдаланылмайтын аппараттарды жұмыс үй-жайларында (зертханаларда) сақтауға болмайды	өрескел
5137.	Сынапты кәріз шұңғылшаларына ағызуға болмайды.	өрескел
23.8. Салқындатқыш қоспалармен және сұйық газдармен жұмыс		
5138.	Химиялық зертханаларда қолданылатын сұйық ауаны, оттегіні және азотты тасымалдау, сақтау және пайдалану үшін жұқа табақты мыстан немесе шыныдан дайындалған Дьюар сауыттары қолданылады. Дьюар сауыттарында сауыттан бөлінетін газды жеңіл жіберетін және мойнына бекітілген қақпақтары бар болуы.	елеулі
19-бөлім. Жару жұмыстарын жүргізетін қауіпті өндірістік объектілері үшін өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы талаптар		
5139.	Жарылғыш материалдарды қауіпсіз қолдануды қамтамасыз ету жөніндегі технологиялық регламенттердің, өндірістік бақылау туралы Ереженің және аварияларды жою жоспарының болуын және сақталуын қамтамасыз ету	өрескел
5140.	Техникалық құжаттама көрсеткіштеріне сәйкес сақтау және қолдану кезінде қауіпсіздікті айқындау мақсатында жарылғыш материалдарды (бұдан әрі – ЖМ) сынауды есепке алу журналын жүргізу	өрескел
5141.	Кепілдік сақтау мерзімі өтпеген ЖМ қолдану және сақтау	өрескел
	Тұтынушылар ұйымдарында жарылғыш заттарды (бұдан әрі – ЖЗ) дайындауға арналған технологиялық регламенттің (

5142.	бұдан әрі-ЖЗ) болуын және сақталуын қамтамасыз ету, ЖЗ механикаландырылған оқтауға дайындау	өрескел
5143.	ЖМ үйлесімділігі ЖЗ мен олар негізінде жасалған өнімдердің үйлесімділігі топтарына сәйкестігі үйлесімдік кестесіне сәйкес белгіленуін қамтамасыз ету	елеулі
5144.	Сараптама қорытындысымен расталатын және тиісті ЖМ қолдану жөніндегі нұсқауда көрсетілетін ЖМ үйлесімділік тобына, сыныпқа және кіші сыныпқа жататынын әзірлеушінің анықтауын қамтамасыз ету	елеулі
5145.	Үйлесімділігі әртүрлі топтағы ЖМ бөлек сақталуын, тасымалдануын қамтамасыз ету.	өрескел
5146.	Үйлесімділік тобы бірдей бекітілген ЖМ қауіпсіздік шараларды пайдаланған жағдайда бірге сақталуына рұқсат берілуін қамтамасыз ету	өрескел
5147.	Үйлесімділік тобы бірдей бекітілген ЖМ қауіпсіздік шараларды пайдаланған жағдайда бірге тасымалдауға рұқсат берілуін қамтамасыз ету	өрескел
5148.	Өнеркәсіптік ЖЗ пайдалану кезінде пайдалану шарты бойынша сәйкес сыныптарға бөлінуін қамтамасыз ету	өрескел
5149.	ЖМ бар жәшіктер (қораптар) мен контейнерлерді, ЖЗ бар қаптарды жасаушы қораптың ашылғанын сырттан анықтауға мүмкіндіктің болуы	өрескел
5150.	ЖМ қаптаған кездегі жасаушының ыдысқа қолдану бойынша белгіленген ақпарат көрсетілген нұсқаулықтың болуы	өрескел
5151.	ЖМ орналасқан жерден 100 метрден аз ара қашықтықта от жағуға, темекі шегуге, оқ дәрі қаруын, жандырғыш және темекі тұтандырғыш заттарын ұстауға рұқсат берілмеуін қамтамасыз ету	елеулі
	Оқ-дәрімен жұмыс істеу және оны сақтауға арналған үй жайларында аяқ-киім табанында және	

5152.	өкшесінде темірбөліктер (шеге және тағы басқа) болмауы, құралдар және басқа да темір жабдықтар ұшқын шығармайтын материалдардан дайындалуы тиіс	елеулі
5153.	Қолдану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген нормалардан артық ылғалданған аммиак селитрасы негізінде Ұнтақ тәрізді ЖЗ қолдануға жол бермеу. Аммиак селитрасы негізіндегі ұнтақ тәрізді ЖЗ қолданар алдында патрондарда және қаптарда қабықшаның бүтіндігін бұзбай иленеді	өрескел
5154.	Құрамында гексоген немесе сұйық нитроэфирі жоқ Ұнтақ тәрізді ЖЗ-ны газ бойынша қауіпті емес шахталарда (кеніштерде) немесе қабаттарды (кен денелерін) қазатын, шаң жарылысы бойынша қауіпті емес шахталарда, жер бетінде жұмыс істеу кезінде пайдалану. Құрамында гексоген бар немесе сұйық нитроэфирі бар, қатайған Ұнтақ тәрізді ЖЗ, тек жер бетіндегі жару жұмыстары кезінде бұлдырамай немесе ұсақтамай пайдалану	өрескел
5155.	Газ бойынша қауіпті немесе шаң жарылысы бойынша қауіпті қабаттарды қазатын көмір және тақтатас шахталарында қабықшасы бұзылған патрондалған ЖЗ қолдануға жол бермеу	елеулі
5156.	Жарылыс жұмыстарын жүргізу кезінде персоналдың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ЖЗ шаңымен және жарылыстың улы өнімдерімен уланудың алдын алу. ЖЗ шаңының жарылу мүмкіндігін болдырмайтын шаралар кешенін жүзеге асыру, ұйымның техникалық басшысы бекіткен іс-шаралардың болуы	өрескел
5157.	Жарылыс жұмыстарын жарушы осы белгіленген жазбаша наряд-жолдама арқылы жүргізеді	өрескел
	Ортақ қауіпті аймақ шегінде бірнеше жарушы бір уақытта	

5158.	жұмыс жасағанда біреуі басшы болып тағайындалады	елеулі
5159.	Жарушыларды жұмыс уақытында тиісті арнайы киіммен, сағатпен, жару жұмыстарына арналған аспаптармен және керек-жарақтармен қамтамасыз ету	өрескел
5160.	Жарғыштарды жұмыс уақытында қауіпті әлеуетке дейін статикалық электр зарядтарының жиналуына жол бермейтін тиісті арнайы киіммен қамтамасыз ету	өрескел
5161.	Жарушы ЖМ босаған ыдысты тексеріп, мұқият тазартып, тағайындалуына тәуелсіз, оқтау блогынан (забой) жару желісі монтажына дейін қарауы керек	өрескел
5162.	Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі аумақтық ішкі істер органының бастығымен, Денсаулық сақтау ұйымының басшысымен (нарко және психоневрологиялық диспансерлер) немесе олардың орынбасарларымен келісілген жарылыс жұмыстарымен және ЖМ - мен байланысты жұмыстарға жіберілетін адамдар тізімінің болуы. Жыл сайынғы тексеруден өтпеген немесе осындай тексерудің теріс нәтижесі бар адамдарды жарылыс жұмыстарымен және ЖМ-мен тікелей байланысты жұмыстарға жібермеу	өрескел
5163.	Жарылыс жұмыстарына басшылыққа аяқталған жоғары немесе арнайы орта таукен-техникалық білімі бар немесе арнайы оқу орнында және арнайы курстарда оқып, жару жұмыстарға басшылық құқығын беретін белгіленген үлгімен Жарушының (жарушы-шебер) бірыңғай кітапшасын алған адамдардың жіберілуін қамтамасыз ету	өрескел
	Жер асты жұмыстарындағы жарылыс жұмыстары бойынша басшылығына жер асты	

5164.	жағдайындағы жұмыс өтілі бір жылдан кем емес таукен инженері, жұмыс өтілі екі жылдан кем емес таукен технигі тағайындалуымен қамтамасыз ету	өрескел
5165.	Жарылыс жұмыстарын жарылыс жұмыстарына рұқсаты және Жарушы-шебердің бірыңғай кітапшасы бар жарушылар (жарушы-шебер) жүргізін қамтамасыз ету	өрескел
5166.	Жарушыларды жауынгерлік патрондар ұстаумен байланысты емес жұмысты орындау үшін нұсқама жүргізілген көмекшілермен қамтамасыз ету	өрескел
5167.	Медициналық қорытындысы, орта білімі мен еңбек өтілі бар, талап етілетін жастағы тұлғалар жарушы және жарушы-шебер мамандығы бойынша оқуға жіберуді қамтамасыз ету	өрескел
5168.	Жарылыс жұмыстарын жүргізетін және ЖМ-мен жұмыс жүргізетін қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібін айқындайтын талаптар бойынша жарушылардың (шебер-жарушылардың) жыл сайынғы өндірістік оқуын және білімін тексеруді қамтамасыз ету. Жарылыс жұмыстарын жүргізуге емтихан тапсырмаған жарушыларға жол бермеу.	өрескел
5169.	Қуаттағыш құрылғылар мен машиналарды қауіпсіз пайдалану және механикаландырылған зарядтау әдісімен арнайы мамандандырылған оқу орталығында Жарушыларды (жарушы-шеберлер) механикаландырылған зарядтауға рұқсат берілуін қамтамасыз ету	елеулі
5170.	Арнайы мамандандырылған оқу орталығында (оқыту мекемесі) жарушылардың қайта даярлаудан және жарылыс жұмыстарының жаңа түріне аударылған жағдайда тағылымдамадан өтуін қамтамасыз ету	елеулі

5171.	ЖМ қоймасының және ЖЗ механикалық дайындау пункттерінің меңгерушісі қызметіне жарылыс жұмыстарына басшылық етуге құқығы бар және ЖЗ дайындау және зерттеу технологиясы мамандығы бойынша жоғары оқу орнын (техникумдар) аяқтаған, ЖМ қоймасының меңгерушісін даярлау бағдарламасы бойынша оқудан өткен, емтихан тапсырған және бекітілген үлгі бойынша куәлік-рұқсат алған тұлғалардың тағайындалуын қамтамасыз ету	елеулі
5172.	Геофизикалық мекемелердің зарядтау шеберханалары, қысқа мерзімді шығыс материалдары қоймаларында ЖМ сақтау, есепке алу, беруге жарушының негізгі жұмысынан босатылған, кемінде бір жыл еңбек өтілі бар, даярлаудан өтіп, емтихан тапсырған тұлғалардың жіберілуін қамтамасыз ету. ЖМ жылжымалы қоймаларына орта білімі бар, ЖМ жылжымалы қоймалары меңгерушілеріне арналған бағдарлама бойынша даярлаудан өтіп, емтихан тапсырып, куәлік алған тұлғалардың жіберілуін қамтамасыз ету	елеулі
5173.	Қоймаларда ЖМ таратушы етіп ЖМ қоймаларының меңгерушілерін даярлау бағдарламасы бойынша оқудан өтіп, емтихан тапсырған тұлғалар тағлымдамадан кейінгі он жұмыс күн ішінде тағайындалуын қамтамасыз ету	елеулі
5174.	"ЖМ қоймасының зертханашысы" бағдарламасы бойынша даярлаудан өткен, емтихан тапсырып, куәлік алған және тағлымдамадан өткен тұлғалардың тағайындалуын қамтамасыз ету	елеулі
5175.	Оқудан өткен, емтихан тапсырған, куәлік алған және он жұмыс күні ішінде тағлымдамадан өткен адамдарды механикаландырылған пункттерде ЖМ дайындауға жіберуді қамтамасыз ету	елеулі

5176.	ЖМ тиеу және түсіруді қарулы күзет күзететін тиеу-түсіру алаңында басшылыққа немесе жарылыс жұмыстарын жүргізуге жіберілген адамның бақылауымен орындау	өрескел
5177.	Тиеуге жауапты тұлғаның басшылығымен және бақылауымен кәсіпорынның бас инженерімен бекітілген жүкті орналастыру және бекіту сызбасына сәйкес ЖМ көлік құралына тиелуін қамтамасыз ету	өрескел
5178.	Қоршау, жарықтандыру, өртке қарсы жаратқандыру, телефон байланысымен қамтамасыз ету бойынша тиеу-түсіру алаңына қойылатын белгіленген талаптарды сақтау. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі өкілдерінің қатысуымен ұйым комиссиясының тиеу-түсіру алаңын пайдалануға қабылдауын жүзеге асыру	өрескел
5179.	ЖМ басқа жүктермен бірге бір вагонда, жүк үй-жайында немесе кеме палубасында, бір әуе құралында, автомобильде, вагонда және басқа да көлік құралдарында тасымалдауға жол бермеу	өрескел
5180.	Жүк тасымалын болдырмау үшін ЖМ тасымалдау кезінде біркелкі бөлуді және нығайтуды қамтамасыз ету	өрескел
5181.	Зақымдалған ыдыста ЖМ тасымалдауға жол бермеу. Ыдыста қалған ЖМ массасын (санын) көрсете отырып, қоймадан сынау үшін ЖМ сынамасы алынған қойманың пломбалары бар жәшіктерді (қаптарды) тасымалдауды қамтамасыз ету.	елеулі
5182.	Вагонды, кемеңі, автомобильді шұғыл жөндеу қажеттілігінен туындаған жүру жолында ЖМ мәжбүрлі түрде қайта тиеу жағдайында ЖМ қауіпсіздігі мен күзетінің қажетті шараларын қамтамасыз ету.	өрескел
	ЖМ көлік құралдарымен тасымалдау және ЖМ қабылдау	

5183.	кезінде технологиялық регламенттің болуын және сақталуын қамтамасыз ету	өрескел
5184.	Атыс қаруымен қаруланған күзетпен бірге ЖМ тасымалдауға арналған және жабдықталған автомобильдермен ЖМ тасымалдауды қамтамасыз ету	өрескел
5185.	ЖМ тасымалдау кезінде тұрақ орнынан ауытқымауды және белгілеген қозғалыс жылдамдығынан асырмауды және белгіленген бағытты сақтауды қамтамасыз ету	елеулі
5186.	ЖМ тасымалдауға оқудан өткен және жүкті алып жүруге рұқсат берілген адамдардың жіберілуін, олардың тегі, аты, әкесінің аты мен лауазымы (мамандығы) жолсапар парағында көрсетілуін қамтамасыз ету	елеулі
5187.	Детонаторлар мен түтін оқтарды тіркемеде тасымалдауға рұқсат берілмеуін қамтамасыз ету	елеулі
5188.	Қауіпті жүкті тасымалдауға рұқсат беру туралы белгіленген куәлігі бар жүргізушілерді ЖМ тасымалдауға арналған көлік құралын басқаруға жіберуді қамтамасыз ету. ЖМ тиелген көлік құралдарының жүргізушілеріне оларды еріп жүретін адамның рұқсатынсыз қалдыруға жол бермеу. ЖМ тиелген көлік құралында тасымалдауға байланысты емес адамдардың болуына шектеулерді қамтамасыз ету	елеулі
5189.	ЖМ бар бірнеше көлік құралдарының қозғалысы кезінде ілесіп жүретін адамның олардың алдыңғы, ал соңғысында - күзет адамының болуын қамтамасыз ету	елеулі
5190.	ЖМ-ны бес немесе одан да көп автомобильдерден тұратын колоннамен тасымалдау кезінде талаптарды қамтамасыз ету, оның құрамына бүркемелеу автомобилінен басқа, ЖМ тасымалдауға бейімделген көлік	өрескел

	құралы кіреді. Резервтік көлік құралы колоннаның соңында орналасады.	
5191.	ЖМ тасығанда бекітілген орындарда көлік құралдарының аялдамаларының тиісті қауіпсіздік шаралары мен ескерту белгілерімен қамтамасыз ету	өрескел
5192.	ЖМ көліктерін көлден және өзеннен өткізген кезде, паромда басқа жүктер мен жолаушылардың болмауын қамтамасыз ету	елеулі
5193.	ЖЗ және бастамашыл құралдар қалталарда, кассеталарда, зауыт қаптамаларында жеткізуді қамтамасыз ету. Бастамашыл құралдар мен соққыштарды тек жарушытар жеткізеді (тиеп-түсіру жұмыстарын қоспағанда). Детонаторы бар соққыштар іші жұмсақ материалмен қапталған қатты қалталармен (кассеталар, жәшіктер) тасымалдауды қамтамасыз ету	өрескел
5194.	ЖЗ мен бастамашы құралдарды жеткізу кезінде ЖМ жарғыш пен жеткізгішін жүктеу нормаларын қамтамасыз ету	елеулі
5195.	ЖМ қоймадан жұмыс орындарына жеткізу техникалық жетекшісінің рұқсаты бойынша жүргізілуін қамтамасыз ету. ЖЗ, бастамашыл құралдар және ату жару аппараттарын тасымалдаудың бекітілген шарттарды сақтай отырып жүргізілуін қамтамасыз ету	елеулі
5196.	Жарғыштар пен тасымалдағыштарды оларға берілген ЖМ бірге жұмыс орындарына осы мақсатқа арнайы берілген көлік құралымен жеткізіледі	елеулі
5197.	Жер асты жағдайында ЖМ тасымалдау, осы мақсатта жабдықталған, қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетін шахталық көлік құралдарының барлық түрлерімен жүргізілуін қамтамасыз ету	елеулі

5198.	Адамдар көтеріліп-түсіп жатқан уақытта шахта оқпанымен ЖМ тасымалдауға шектеу қойылуын қамтамасыз ету. ЖМ тиіп-түсіргенде, қозғағанда, шахта оқпанында, оқпан маңындағы аулада және оқпан үстіндегі шахта ғимаратында жарғыш, таратушы, ЖМ тиіп-түсіруші жұмысшылар, оқпаншы және ЖМ жеткізуге жауапты қадағалаушы тұлғалардың ғана болуына рұқсат берілуін қамтамасыз ету	елеулі
5199.	Шахта оқпанымен ЖМ көтеріп-түсіру диспетчердің (шахта кезекшісі) жауапты қадағалаушы тұлғаға хабарлама бергеннен кейін жүргізіледі. Қаптар мен қораптардағы ЖМ вагонетка ернеуінен аспайды, вагонеткалар көтермеге бекітіледі. Бастамашыл құралдар ЖЗ бөлек түсіріледі (көтеріледі)	елеулі
5200.	ЖМ бар жарғыштар мен ЖЗ Бар тасығыштар қиғаш қазбаларда көтеріліп – түскенде, вагоншалар ішіндегі әр орындықта бір жарғыш немесе бір ғана тасығыш орналасуын қамтамасыз ету	елеулі
5201.	Жер асты қазбаларында көлік құралдарымен ЖМ тасымалдаудың (жеткізудің) белгіленген талаптарын сақтау	өрескел
5202.	Қол қақпалармен және шығырлармен жабдықталған шурфтарды үңгілеу кезінде ЖМ түсіру-көтерудің белгіленген талаптарын сақтау	өрескел
5203.	Көтерілмелі қазбалар (пештер) бойынша шығырларды қолдана отырып ЖМ Түсіру-көтеру кезінде технологиялық регламенттің болуын және сақталуын қамтамасыз ету	өрескел
5204.	ЖМ осы мақсатқа арналған үй-жайларда және жоба бойынша жабдықталған орындарда сақталуын қамтамасыз ету. Иеленуші ұйымның, өнеркәсіптік қауіпсіздік және ішкі істер саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің	өрескел

	өкілдерінен тұратын комиссия ЖМ сақтау орындарын пайдалануға қабылдауды жүзеге асырады. Қабылдау актісінің болуы	
5205.	ЖМ сақтау орнында бір данасы бар ЖМ тұрақты, уақытша, стационарлық қоймаларына және тарату камераларына белгіленген нысанға сәйкес паспорттың болуы	елеулі
5206.	ЖМ және ЖЗ бар оралмаған жәшіктерді, қаптарды, қораптар мен контейнерлерді қақпақтары жабық немесе байланған сақтау орындарында сақтауды қамтамасыз ету.	елеулі
5207.	ЖМ қоймаларындағы ЖМ сақтағыштар құлыптануын, пломбылануын немесе мөр салынуын қамтамасыз ету	өрескел
5208.	ЖМ пайдаланумен байланысты жұмыстар алты айдан астам мерзімге тоқтатылған кезде қалған ЖМ ЖМ тұрақты сақтау орнына әкетуді қамтамасыз ету	өрескел
5209.	ЖЗ және ЖМ сақтау және беру орындарын сусымалы ЖЗ және ЖМ өлшеуге, баулардың ұзындығын өлшеуге арналған салмақ өлшеу жабдығымен және рулеткалармен жарақтандыру	елеулі
5210.	ЖМ сақтау орындарына жеткізілгендерді қоймаларға, алаңдарға дереу орналастыруды қамтамасыз ету. М - ге көліктік құжаттардың, наряд - жүкқұжаттың немесе наряд-жолдаманың негізінде кіріске алынады	елеулі
5211.	ЖЗ өнімдерін дайындаушылардың жеке зауыттық нөмірлері жарғыштарға таратқан кезде бекітілген тіркеу таңбасына сәйкес Жарылғыш материалдарды беру мен қайтаруды есепке алу журналында тіркелуін қамтамасыз ету	өрескел
	Есепке алу нысанының жүргізілуін бекітілген нысандарға сәйкес қамтамасыз ету:	

5212.	<p>1) Қағаз және электрондық нысандағы ЖМ кірісі мен шығысын есепке алу журналы;</p> <p>2) Қағаз және электрондық нысандағы ЖМ беру мен қайтаруды есепке алу журналы;</p> <p>3) Наряд-жүк құжат;</p> <p>4) Наряд-жолдама</p>	өрескел
5213.	<p>Ілеспе парақтар бойынша көлік құралдарына, оның ішінде көлік-зарядтау машиналарына ауысымдық қажеттіліктен аспайтын мөлшерде ЖЗ босатуды қамтамасыз ету</p>	өрескел
5214.	<p>Тиеу люктерінің қақпақтарын пломбалауды және көлік-зарядтау машиналарының мөлшерлегіштерінің ағуын қамтамасыз ету</p>	өрескел
5215.	<p>Қарындашпен жазуға, жазбаларды өшіруге және тазалауға, жапсырылған қағаздарды жоюға және оларды кіріс-шығыс құжаттарында қайта желімдеуге жол бермеу, жазбаларды түзету кезінде әрбір түзетуді енгізген адамның түсініктемелері мен қолдарының болуы. Кіріс-шығыс құжаттарының қағаз нысанда сақталуын қамтамасыз ету – үш жыл, электрондық нысанда-5 жыл</p>	өрескел
5216.	<p>ЖМ қоймасына наряд-жолдамаға және наряд – жүк құжатына, ЖМ жіберілуіне қол қоюға рұқсаты бар тұлғалардың қол қою үлгілері мекеменің техникалық жетекшісіне ұсынылуын қамтамасыз ету</p>	елеулі
5217.	<p>Ұйым басшысы тағайындаған тұлғалардың қоймаларда ЖМ есепке алу, сақтау және бар болуына ай сайынғы тексерулердің орындалуын қамтамасыз ету</p>	елеулі
5218.	<p>ЖМ жетіспеушілігі немесе артық шығуы анықталған жағдайда өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесін және аумақтық ішкі істер органын жазбаша хабардар ету (тәулік ішінде)</p>	өрескел

5219.	Жұмыс орнына жеткізілген ЖМ, қалтада, кассеталарда немесе зауыттық қаптамада болаун қамтамасыз ету. Барлық жағдайда ЖЗ және бастамашыл құралдар бөлек сақталады	өрескел
5220.	Жұмыс орындарында ЖМ, оқталған Теспелерді, Ұңғымаларды қорғау тәртібіне технологиялық регламенттің болуын және сақталуын қамтамасыз ету. ЖМ жұмыс орындарында оқталған Теспелерді , Ұңғымаларды күзетсіз қалдыруға болмайды.	өрескел
5221.	ЖМ жер астындағы қазбалардағы учаскелік пунктерде, құлыпталған қораптарда немесе контейнерлерде (сейфтерде) орналастырылған жағдайда, тұрақты бақылаусыз (күзетсіз) сақталу орындарында жайғастыруды қамтамасыз ету	елеулі
5222.	ЖМ жұмыс орындарындағы қауіпті аймақтан тыс және ауысымдық қажеттілікте қауіпті аймақ аумағындағы жерлерде оқтар алдында, жаппай жарылыс жүргізілетін қауіпті аймақтағы оқтауға дайындалған, күзетші бақылауындағы бастамашыл құралсыз және соққышсыз ЖЗ қоспағанда, екі тәуліктік тұтыну мөлшерінде сақтауды қамтамасыз ету	елеулі
5223.	ЖЗ оқталатын көлікте (жылжымалы оқтау шеберханасы және перфораторлық зерттеу бекетінен бөлек) тәуліктен артық сақталуға рұқсат берілмеуді қамтамасыз ету	елеулі
5224.	Шахта оқпандарында, штольнялардың (тоннельдердің) сағаларында оларды ұңғылау кезінде ауысымдық қажеттілік мөлшерінде немесе шахта оқпанынан немесе сағадан, штольнядан (тоннельден), жер бетіндегі ғимараттар мен құрылыстардан кемінде 50 метр қашықтықта қалқалар астында ЖМ сақтауды қамтамасыз ету	өрескел

5225.	Жарылыс жұмыстары өндірісі кезінде адамдарға арналған қауіпсіз қашықтық жобамен немесе паспортпен орналастырылуын қамтамасыз ету	өрескел
5226.	Жарылыс жұмыстары кезінде ғимараттар мен құрылыстардың бүлінбеуіне, қалыпты жағдайда жұмыс жасауына, сейсмикалық кері әсерін болдырмауға ЖЗ қажетті мөлшері қабылдануын қамтамасыз ету	өрескел
5227.	ЖМ жарылысы кезінде объектілердің бірінде детонация беру мүмкіндігін болдырмайтын ЖМ бар объектілер арасындағы қашықтықты, жер бетінде ЖМ бар бірнеше объектілерді (сақтау орындарын, ашық алаңдарды, ЖЗ дайындау, дайындау пункттерін) орналастыру кезінде сақтау	өрескел
5228.	Адамдарды, ғимараттарды, құрылыстарды олардың арасындағы және ықтимал жарылыс (ЖМ сақтау) орындары арасындағы ауа толқынының зақымдаушы және қиратушы әсерінен қорғау үшін қашықтықты анықтау. Қауіпсіздікті қамтамасыз ететін арақашықтық, қауіпті аймақтар жарылыс орындарына, ЖМ қоймаларына, ЖЗ сақтауға арналған алаңдарға, бастамашы құралдар мен ату жару аппараттарына, ЖМ бар көлік құралдарының тұру, тиеу және түсіру орындарына қатысты анықталады	өрескел
5229.	Ашық жерлердегі жарылыс жұмыстары кезіндегі адамдар үшін қауіпсіз қашықтықты қамтамасыз ету	өрескел
5230.	ЖЗ патронды аммиак селитралы негізде кептіруге зауыттық қабықшасында рұқсат беріледі. Ауа температурасы ЖЗ кептіру үшін бөлмелердің ішінде 50 оС жоғары болмайды. Түтінді күкіртті кептірген кезде температурасы 40 оС жоғары болмайды	өрескел

5231.	Жылу тасығыштардың (ауаның) температурасы 60оС - тан аспайтын өнеркәсіптік ЖЗ кептіру үшін, ТНТ-мен сенсублизацияланған ЖЗ үшін және нитроэфирмен сенсублизацияланған ЖЗ үшін-температурасы 30оС-тан аспайтын ауа кептіргіштерін қолдану.	елеулі
5232.	Гексоген және нитроэфирлерді ЖЗ ұсақтауды шектеуді қамтамасыз ету	елеулі
5233.	Жылытылатын үй-жайлардағы үстіңгі қоймаларда ауа температурасы 30оС жоғары емес немесе ЖМ жерасты қоймаларында зауыттық орамада ЖЗ ерітуді қамтамасыз ету ЖМ жоюға арналған технологиялық регламенттің болуын және сақталуын қамтамасыз ету. ЖМ жою туралы актіні жасай отырып, ұйымның техникалық басшысының жазбаша өкімі бойынша жоюды жүргізу. ЖМ әрбір жою туралы өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесін хабардар ету.	елеулі
5234.	ЖМ жоюға арналған технологиялық регламенттің болуын және сақталуын қамтамасыз ету. ЖМ жою туралы актіні жасай отырып, ұйымның техникалық басшысының жазбаша өкімі бойынша жоюды жүргізу. ЖМ әрбір жою туралы өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесін хабардар ету.	өрескел
5235.	ЖМ жоятын орын жобаға сәйкес жабдықтауды қамтамасыз ету	елеулі
5236.	Беру алдында барлық электр детонаторларды тексеруге арналған технологиялық регламенттің болуын және сақталуын қамтамасыз ету	өрескел
	Төмен, жоғары немесе адасқан қарсыласу табылған кезде	

5237.	электрдетонаторлардың барлық партиясы жарамсыз деп танылып дайындаушыға қайтарылуын қамтамасыз ету	өрескел
5238.	Электрлік жарылғыш жүйелерінде бүлінбеген айырма және сенімді жалғамаларды қамтамасыз ету	өрескел
5239.	Қысқыштарды электр детонаторлармен бірге дайындаушы жеткізуін қамтамасыз ету, газ немесе шаң қауіпті шахталардағы электр детонаторлар және электрлік жарылыс жүйесінің жалғамалары тек контактілі қысқыштар арқылы жалғануын қамтамасыз ету	елеулі
5240.	Екі сымды электр жару желісінің болуын қамтамасыз етуге, бұл ретте суды, жерді, құбырларды, рельстерді, арқандарды өткізгіштердің бірі ретінде пайдалануға жол берілмейді. Оқтау басталғанға дейін жарушы желінің жарамдылығына көз жеткізеді	елеулі
5241.	Жарылу желісінің сымдарын басқа мақсаттарға пайдалану, косуды шектеуді қамтамасыз ету	елеулі
5242.	Электр жарылғышта ертеде дайындалған электр детонатор шынжырларын пайдалауды шектеуді қамтамасыз ету	елеулі
5243.	Газ бен шаң қауіпті шахталарда (кеніштерде) мыс сымы бар электрлік детонаторлар ғана пайдалануды қамтамасыз ету. Осы талаптар электрлік жарылу жүйесіндегі жалғамалар мен магистралды өткізгіштерге де (кабелдерге) таралады	елеулі
5244.	Жарылыс жүйесін орнатып, қараған соң оның өткізгіштігі тексерілуін қамтамасыз ету Тұрақты жарылыс магистралы жарылыс орнынан 100 метрден артық емес қашықтықта қалып қояды	елеулі
5396.	Жаппай жарылыс және кенді ұңғымалық оқтау кезінде кен шыңтасын жару арқылы бұзу нәтижесінде камерада түзілген шанды басуды бұрғылық қазбада ұңғымалардың шығатын аузының астында орналастырылған инертті ұнтақ салынған қаптарды немесе	елеулі

	су құйылған полиэтилен ыдыстарды жару арқылы жүзеге асырылады	
5397.	Жаппай жарылыс және кенді ұңғымалық оқтау кезінде ыдыстар ұңғымалардың әрбір қатарының астына, 1 шаршы метр бұрғылық қазбаға 3 литр су есебінен орналастырылады	елеулі
5398.	Жаппай жарылыс және кенді ұңғымалық оқтау кезінде ыдыстарды қазба жабындысына ілуге немесе жерге қоюға болады	елеулі
5399.	Жаппай жарылыс және кенді ұңғымалық оқтау кезінде бүрікпе оқтам сапасында салмағы 0,1 килограмм ЖЗ патроны пайдаланады	елеулі
5400.	Жаппай жарылыс және кенді ұңғымалық оқтау кезінде ыдыстарды жару, негізгі ұңғымалық оқтамдар жинаған жару алдында 50 миллисекунд баяулату аралығында жүзеге асырылады	елеулі
5401.	Жаппай жарылыс және кенді ұңғымалық оқтау кезінде инертті тығынның ұзындығын 0,8 метрден кем алмауға кеңес беріледі	елеулі
5402.	Жаппай жарылыс және кенді ұңғымалық оқтау кезінде инертті шаң пердесі, тазарту камераларында инертті ұсақ дисперсиялық материалдарды шаңдатып, бұрку арқылы жасалады	елеулі
5403.	Жаппай жарылыс және кенді ұңғымалық оқтау кезінде инертті ұнтағы бар қаптар қатарының саны жарылатын ұңғымалар санына сәйкес келеді, әрбір қатарда 3-4 қап орналастырылады	елеулі
5404.	Жаппай жарылыс және кенді ұңғымалық оқтау кезінде инертті ұнтағы бар қаптарды жару алдымен, оқтамдардың негізгі жинағын жаруға дейін 25-50 миллисекунд баяулату арқылы жүргізіледі	елеулі
	Жарылыс тәсілімен кенді екінші қайталап ұсату және ақауларды	

5405.	жою ауысымаралық үзілісте немесе жұмыс емес ауысымда жүргізіледі	елеулі
5406.	ЖЗ жеке зарядтарын немесе дүмпіткіш пілте кесіндісін жару электрлік жолмен жүргізіледі. Бір уақытта екі немесе одан да көп зарядтарды жару, бір сәтте дүмпіткіш пілте немесе тез әрекеттегі электрлік дүмпіткіштің көмегімен жүргізіледі	елеулі
5407.	Екінші ұсату кезіндегі жару жұмыстары ауаның шығар ағымы қозғалысының жолында адамдар болмаған кезде және 2 бұрылыс болған жағдайда таза ауа келетін жерден 10 метрден кем емес қашықтықта, бұрылыс болмаған жағдайда 150 метрден жақын емес қашықтықта жүргізіледі	елеулі
5408.	Жарылыс жұмыстарын жүргізер алдында қазба бетінің екі жағына зарядты бекітетін жерден 5 метрден кем емес қашықтықта алысқа шашатын суландырғыштың немесе шлангтың көмегімен суландырады	өрескел
5409.	Кен шығаратын саңылауларда тығындалған кенді таратуға арналған зарядты алдын ала гидропастамен немесе сумен толтырылған полиэтилен қапқа салады және оған ЖЗ оқтамын орналастырғаннан кейін қап байланады. ЖЗ оқтамы салмағының инертті толтырғыштың салмағына қатынасы 1 артпайды. ЖЗ конструкциясы және оны орналастыру әдісі жарылыс жұмыстарына жасалған техникалық құжаттамада көрсетіледі	өрескел
5410.	Тығындалған кенді тарату техникалық қадағалау қызметкерінің қатысуымен ғана жүргізіледі	елеулі
5411.	Шойтастарды ұсату кезінде бастырма оқтам немесе шпурлық оқтам қолданылады	өрескел
	Шойтастарды бастырма оқтам мен ұсату кезінде ЖЗ шашыранды	

5412.	<p>түрде немесе патрондарда кен кесегінің бір жазықтығына салынады және сыртқы жағынан біркелкі гидропастамен немесе ылғалдандырылған саз балшық қабығымен жабылады. Қабық салмағының оқтам салмағына қатынасы 2:1 қатынасынан кем болмайды</p>	өрескел
5413.	<p>ЖЗ шпурлық зарядтарын жару зарядтың айналасында судан немесе гидропастадан қабық болған жағдайда жүргізіледі. Су, жарықтары жоқ, төмен түсетін шпурларда ғана пайдаланыла алады. Инерттік қабықтың қалыңдығы 4-5 миллиметрден кем болмайды, осыған байланысты шпурдың диаметрі патронның диаметрінен 8-10 миллиметрге кем мәнге артпайды. Шпурларды инерттік материалмен толтыру оларды оқтау алдында жүргізіледі. Пастаны шпурларға беру қолмен айдамалау жабдығымен жүргізіледі</p>	өрескел
5414.	<p>Кенді екінші рет ЖЗ зарядтарымен уату және кеннің тұрып қалуын жарылыс арқылы жою кезінде шойтастарды жаруды сумен толтырылған шпурларға салынған дүмпіткіш пілте кесінділерінің байламымен жүргізуге рұқсаттама беріледі. Байламдағы ДП жіптерінің саны 8 артпайды</p>	өрескел
5415.	<p>Кенді екінші рет ЖЗ зарядтарымен уату және кеннің тұрып қалуын жарылыс арқылы жою кезінде гидроминалық әдісті пайдаланған жағдайда сыйымдылығы 20 - 40 литр, суы бар полиэтилен қаптар қазбаның жабынды төбесіне ілінеді немесе ЖЗ оқтамынан 1,0 - 2,0 метр қашықтықтағы жерге орналастырады</p>	өрескел
5416.	<p>Кенді екінші рет ЖЗ зарядтарымен уату және кеннің тұрып қалуын жарылыс арқылы жою кезінде суды бүркіп, шашу ыдыстың ішінде орналастырылған</p>	өрескел

	, салмағы 0,1-0,2 килограмм шашыратқыш оқтамды жару арқылы жүргізіледі	
5417.	Кенді екінші рет ЖЗ зарядтарымен уату және кеннің тұрып қалуын жарылыс арқылы жою кезінде негізгі жару оқтамынан 1,5 метр кем ара қашықтықта 50 миллисекунд баяулату арқылы, ал үлкен ара қашықтықта негізгі оқтаммен бірге детонациялық сым көмегімен жүргізіледі	өрескел
5418.	Кенді екінші рет ЖЗ зарядтарымен уату және кеннің тұрып қалуын жарылыс арқылы жою кезінде полиэтилен ыдыстардың саны ЖЗ-тың 1 килограмм салмағына 5 литр су шығыны қажет есебінен таңдалады	өрескел
5419.	Кенді екінші рет ЖЗ зарядтарымен уату және кеннің тұрып қалуын жарылыс арқылы жою кезінде екінші ұсату деңгей жиектерінде ауысым аралық жарылыстарды тек қана кеніш бас инженерінің рұқсатымен, кеніш бойынша бұйрық рәсімдеу арқылы жүргізіледі. Ауысым аралық жарылыстарға рұқсат берілген блоктар тізімі ай сайын бекітіледі	елеулі
5420.	Кенді екінші рет ЖЗ зарядтарымен уату және кеннің тұрып қалуын жарылыс арқылы жою кезінде тығындалған кенді тарту үшін шығару саңылауында (кенді түсіру) орнатылатын ЖЗ оқтамының салмағы 2 килограммнан артпайды. Жинақталатын қазбада ұсатқан жағдайда оқтамның салмағы 0,6 килограммнан артпайды	өрескел
5421.	Кенді екінші рет ЖЗ зарядтарымен уату және кеннің тұрып қалуын жарылыс арқылы жою кезінде егер жарылыс жылдам жүргізілетін болса және оқтамдардың қосынды салмағы 2 килограммнан артпайтын шартта	өрескел

	екі немесе одан да көп оқтамдарды бір уақытта жаруға болады	
5422.	Кенді екінші рет ЖЗ зарядтарымен уату және кеннің тұрып қалуын жарылыс арқылы жою кезінде ауысым аралық жарылыстар жүргізілетін блоктар жекешеленген ауа ағымымен желдетіледі	өрескел
5423.	Кенді екінші рет ЖЗ зарядтарымен уату және кеннің тұрып қалуын жарылыс арқылы жою кезінде Зарядты бекіткен жерден басқа жұмыстық кенжарларға баратын таза ауа ағымына дейінгі ара қашықтық 20 метрден кем болмайды. Ара қашықтық аз болған жағдайда жарылысты тек қана салмағы 0,6 килограммнан артық емес зарядпен немесе дүпіткіш пілтенің қиындысымен жүргізуге рұқсаттама беріледі	елеулі
5424.	Елеулі мағыналы нысандар маңайындағы (ядролық реакторлар, электр станциялар, темір және көлік жолдар, су жолдары, электр беру жүйелілер аралық станция, зауыттар, темір жол станциялар, кемежайлар, кеңістіктер, гидротехникалық құралдар, жер асты құралы, телефон желілері) жарылыс жұмыстарын жүргізу осы нысандарға байланысы бар мекемелердің келісімімен жүргізіледі	өрескел
5425.	Жарылыс станциясын қауіпті аумақтардан тыс жерлерге орналастырылады. Бұл шарттар орындау мүмкін болмайтын кезде қорғаныштар жасалады (блиндаждар және тағы басқа). Қорғаныштар орналастыратын жерлер паспортпен немесе жобамен белгіленеді. Жасанды немесе шынайы қорғаныштар жарылыс жүргізетін орындаушыларды жарылыс әрекетінен улы газдар әсерінен	елеулі

	мұқият қорғайды. Қорғанышка барар жолды бөгеуге рұқсат берілмейді	
5426.	Жарылыс жұмыстарының жетекшісі, жарғыш, қауіпті жердің қоршап алу бекеті екі жақты радио немесе радиотелефонды желілерімен қамтамасыз етіледі	елеулі
5427.	Жарылыс жұмыстары орнына жеткізілген ЖМ, оқталған ату және жару аппараттары арнайы бөлінген орында сақталады	елеулі
5428.	ЖМ, ату және жару аппараттарын жылжымалы зарядтау шеберханасында (перфоратор станциясының зертханасында) сақтау кезінде ол ұңғыманың сағасынан кемінде 20 метр қашықтықта орналасады	елеулі
5429.	Дайындаушы-зауыттарда жасалған ЖЗ зарядтарын, бастамашы құралдарды, ату және жару аппараттарын бөлшектеу	елеулі
5430.	Жаракты қолдану және ату және жару аппараттарын қолдану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес оқтау	елеулі
5431.	Жарылғыш патрондарды, электр детонаторларды, электр тұтанғыштарды, оқталған ату және жару аппараттарын олардың сымдарының металл заттармен және құрылыстармен жанасуын болдырмайтындай етіп орналастыру және тасымалдау	елеулі
5432.	Ату аппараттарына арналған электр тұтанғыш көпірлерінің электр кедергісі және тізбектің бүтіндігін тексеру: аппаратқа орнатқанға дейін; аппаратқа орнатқаннан кейін; ұңғымада жару алдында	елеулі
5433.	Бастамашы құралдарды ату немесе жару аппаратына тек тікелей аппаратты түсіру алдында ұңғыма сағасының жанында орнату	елеулі
	Ату (жару) аппаратының кездейсоқ іске қосылуын болдырмайтын бұғаттау құрылғысын қолданған кезде	

5434.	перфораторлық станцияның (жылжымалы зарядтау шеберханасының) зертханасында ату (жару) аппаратына бастамалау құралдарын орнату	өрескел
5435.	Электрлік жару әдісін пайдаланған кезде кезбе токтардан қорғау бойынша шаралар қолданылады	өрескел
5436.	Толық монтаждalған электрмен жару желісінің жарамдылығын тексеру аппараты кемінде 50 метр тереңдікке түсіргеннен кейін аспаптың кедергісін өлшеумен орындалады	елеулі
5437.	Ұңғымада ату және жару аппараттарын түсіру және көтеру электр жарылыс магистралі (каротаж кәбілі)өткізгіштерінің окшауланған ұштарында жүргізіледі.	елеулі
5438.	Салмағы 50 кг-нан асатын немесе ұзындығы 2 метрден асатын ату және жару аппараттары ұңғыма аузынан жоғары көтеріліп, жүк көтергіш механизмдердің көмегімен түсіріледі	елеулі
5439.	Егер ату немесе жару аппараты ұңғымаға берілген тереңдікке дейін өтпесе, ол алынады. Аппаратты алу кезінде ұңғыманың жанында тек жарылыс жұмыстарының персоналы және көтергіш механизмде жұмыс істейтін адамдар болады	өрескел
5440.	Шығындалмаған ату және жару аппараттары зарядтау шеберханасына жеткізіледі	елеулі
5441.	Теңіз ұңғымаларындағы ату-жару жұмыстары оларды өндіру үшін қажетті уақытқа қолайлы ауа райы болжамы кезінде жүргізіледі	елеулі
5442.	Ату (жару) жұмыстарын жүргізу кезінде дауылды ескерту алған кезде ұңғымаға түсірілген ату немесе жару аппараттары берілген аралықта кідіріссіз атылады	елеулі
5443.	Тұрақсыз жыныстарда бұрғыланған ұңғымаларды (елеулі

	құмдар, жүзгіштер) оқтауды қуыс шнектер арқылы жүргізуге жол беріледі	
5444.	Ұңғымаларды дөңгелекті техника үшін өтуге қиын орындарда оқтау кезінде ЖМ жұмыс орындарына жеткізу жабдықталған және арнайы шанаға орнатылған арнайы жәшіктерде жүргізіледі	елеулі
5445.	Халқы аз жерлерде ұңғымаларды жарылыс жұмыстарының жобасына сәйкес сейсмостанцияның үздіксіз жұмысын қамтамасыз ететін мөлшерде алдын ала оқтауға жол беріледі	елеулі
5446.	Күрделі геологиялық жағдайларда : жүзгіштер, сусымалы құмдар жарылыс жұмыстарының жобасына сәйкес бұрғылау станогын қауіпті аймақтан тыс жерге шығармай бұрғылаудан кейін Ұңғымаларды оқтауға жол беріледі	елеулі
5447.	Сағада шығарындыға қарсы жабдық болмаған кезде (техникалық жай-күйін тексеру және нығыздау актісімен) ұңғымаларда ату-жару жұмыстарын жүргізуге жол берілмейді	елеулі
5448.	50 метрден кем емес радиустағы қауіпті аймақ геофизикалық партияның ату және жару жұмыстарының барлық уақытына (оларға ЖМ әкелген сәттен бастап және аяқталғанға дейін) ұңғымалардың айналасына орнатылады. Аппаратты ұңғымаға 50 метрден астам тереңдікке түсіргеннен кейін қауіпті аймақтың радиусын 20 метрге дейін қысқартуға жол беріледі. Қауіпті аймақты белгілеу үшін қызыл жалаулар қойылады.	елеулі
	Ұңғымаға жеткізілген ЖМ арнайы бөлінген орында оның аузынан кемінде 50 метр қашықтықта немесе жылжымалы зарядтау шеберханасында (зертханасында) мынадай қашықтықта сақталады: - мұнараның биіктігі плюс 10 метр.	

5449.	ЖМ және ату-жару аппараттарымен жұмыс орындарының айналасына жарылыс жұмыстарының қауіпті аймақтарының шекараларын белгілеу белгілері қойылады: ату-жару аппараттарын жабдықтау орындары – радиусы 20 метрден кем емес; ұңғыма сағалары – радиусы 50 метрден кем емес	елеулі
5450.	Ұңғымаларда жару және ату жұмыстарын жүргізуге жол берілмейді: ұңғымада ату-жару аппараттарын түсіру үшін кедергілер болған кезде, ұңғымада опырылу және ату және жару аппараттарының опырылуы мен қармалуы тұрғысынан қауіпті учаскелер болған кезде, ұңғыманың сағасында жобалық тапсырмада көзделетін ысырмалар болмаған кезде, кенжардағы температура рұқсат етілген температура шегінен асып кеткен кезде, боран, найзағай, боран және қатты тұман кезінде (50 метрден кем көріну кезінде), жұмыс орны мен қауіпті аймақты жасанды жарықтандыру жеткіліксіз болған кезде қараңғы түскенде, осы жергілікті жер үшін ашық жұмыстар үшін белгіленген минимумнан төмен ауа температурасы кезінде лубрикаторларды қолданбай құрғақ газдалған және ерітіндіні сіңіретін ұңғымаларда	өрескел
5451.	Ату-жару жұмыстары Тапсырыс берушінің геологиялық қызметінің әрбір ұңғымаға өтінімдері бойынша үлгілік техникалық жобаға сәйкес жүргізіледі.	елеулі
5452.	Мердігер мен Тапсырыс беруші персоналының тікелей өзара іс-қимылын талап ететін ұңғымаларды сынау мен игерудің күрделі технологиялары құрамында ату-жару жұмыстарын орындау кезінде жұмыстар олардың басшылары бекітетін	елеулі

	жұмыстарды ұйымдастыру жоспарлары бойынша орындалады.	
5453.	Ату-жару жұмыстарын орындау жөніндегі бөлімше басшысының жарылыс жұмыстарын басқару құқығына рұқсат-куәлігі болады.	елеулі
5454.	ЖМ - мен тікелей жұмысты тек жарушылар ғана орындайды.	елеулі
5455.	Ұңғымаларда ату жару аппараттарын қолдану шарттары (ең жоғары температура және гидростатикалық қысым, ең аз өту диаметрі және басқалары) нақты ату жару аппаратына арналған пайдалану құжаттамасына сәйкес келеді.	елеулі
5456.	Тапсырыс беруші мен мердігердің өкілдері қол қойған "ату-жару жұмыстарын жүргізуге арналған ұңғыманың дайындық актісімен" расталған оның аумағын, оқпан мен жабдықты ату-жару жұмыстарына дайындау жөніндегі жұмыстар аяқталғаннан кейін ұңғымада ату-жару жұмыстарын орындау.	елеулі
5457.	Ату-жару жұмыстарын орындау кезінде ұңғыманың аузы ату-жару аппараттарын түсіру, іске қосу және көтеру кезінде герметизацияны қамтамасыз ететін бекіту арматурасымен және лубрикаторлық құрылғылармен жабдықталады.	елеулі
5458.	Электр қондырғыларының болуына қарамастан, ұңғыманың барлық металл конструкциялары бір-бірімен металл байланысы бар және бірыңғай жерге тұйықтағышқа (ұңғыманың жерге тұйықтау контуры) Жерге тұйықталған.	елеулі
5459.	Тәуліктің қараңғы уақытында ату-жару жұмыстарын жүргізу кезінде мынадай қосымша шарттар орындалады: жарық беру желісінің коректендіру көздері қауіпті аймақтан тыс орнатылады; тәуліктің қараңғы уақыты басталғанда ату-жару жұмыстарын жүргізу үшін	елеулі

	<p>ұңғыманың дайындығы туралы акті жасалады, оған тапсырыс берушінің жауапты өкілі, жарылыс жұмыстарының жауапты басшысы қол қояды. Акт жарылыс жұмыстарының жауапты басшысына беріледі.</p>	
5460.	<p>Ұңғымалардағы жару немесе ату жұмыстары кезінде найзағай жақындаған жағдайда тиісті қауіпсіздік шараларын қолдану</p>	елеулі
5461.	<p>Ату жару аппаратын кабельге жалғау алдында соңғысы токтың жоқтығына тексеріледі</p>	елеулі
5462.	<p>Мұнай, газ және су ұңғымаларында ату және жару жұмыстарын жүргізу кезінде жару жұмыстарының басшысы тиісті сигналдар береді</p>	елеулі
5463.	<p>Істен шыққан жарғыштар мен жару патрондарды бөлшектеуге жол берілмейді - олар жойылуға жатады</p>	елеулі
5464.	<p>Батпақтағы жарылыс жұмыстарының паспортына жанғыш газдың жарылысын алдын алу іс-шараларының енгізілуі</p>	елеулі
5465.	<p>Батпақтарда отпен жаруға тек жеке заряд кезінде ғана жол беріледі</p>	елеулі
5466.	<p>Батпақтарда электр детонаторларды немесе капсуль-детонаторларды қолдана отырып жару кезінде содырға соғылғышты басқан кезде детонаторға қысым бермейтін арнайы қабықтағы содырлар пайдаланылады</p>	елеулі
5467.	<p>Батпақтарда детонациялық сыммен жару кезінде ұңғыманы (теспені) оқтауға бұрғылаудан кейін тікелей жол беріледі.</p>	елеулі
5468.	<p>Батпақтарда жарылыс жұмыстарын жүргізу кезінде суландырылған жағдайларда электр жару желісін монтаждауды орындау тек антенна сымдарын қолдана отырып орындалады</p>	елеулі
	<p>Электр жарылыс жүйесінің дұрыстығын тексерілуі,</p>	

5469.	магистралдық өткізгіштерге зарядтарды өзара құралдармен тоқ көзіне қосылуы, су астындағы орналасқан қуаттарды жаруын, жүзу құралы жарылыс жерден алып кеткенде жобамен белгіленген қашықтықта орындалуы	елеулі
5470.	Тұманда және қараңғы уақытта және су толқыны 3 баллдан астам немесе жел жылдамдылығы секундына 12 метрден астам болғанда жарылыс жұмыстары	елеулі
5471.	80 градус Цельсиядан астам температуралы теспелерді оқталуы және соққыштың орамының мықтылығын тексеру	елеулі
5472.	80 градус Цельсиядан астам температурада барлық зарядты жалпы термоизоляциялық қаптамаға салынады. Жарылыс жандыру түтік арқылы ұзындығы 60 сантиметрге кем от өткізгіш сыммен капсуль-детонатор ауыздығымен бірге бірыңғай бөлектенетін қаптама орналасып жүргізіледі. Домалақтау және орау от өткізгіш сымды бөлектеген қаптама патрон-соққы және жалпы қаптамада рұқсат берілмейді. Ұңғымада зарядты зарядтау және жару 200 градус Цельсия жоғары температурада жүргізуге рұқсат берілмейді	елеулі
5473.	Ыстық сілемдерде 80 градус Цельсия жоғары температурада сыртқы зарядтарды пайдалануға рұқсат берілмейді	елеулі
5474.	80 градус Цельсиядан төмен теспедегі температурада оқтауға және жаруға бес зарядтардан артық емес қатар жаруға, ал 80 градус Цельсия жоғары температурада біреуден артық жаруға рұқсат беріледі	елеулі
	Барлық жағдайда оқтау және тығын екі жарғышпен, қадағалау тұлғасы, жарылыс жұмыстарының жетекшісінің қатысуымен жүргізіледі.	

5475.	Егер 4 минут ішінде жарғыштар барлық теспелерді оқтап бітірмесе , бақылаушы адам жарылыс жұмыстарының басшысы дереу оқтауды тоқтауға және адамдарды қауіпсіз жерге алып кетуге бұйрық береді	елеулі
5476.	Жарылыс жұмыстарының паспортында, басқа да сұрақтардың шешілуімен бірге құлату объектінің құлау бағыттары көрсетіледі және толық құлатылмаған жағдайдағы іс шаралар қарастырылады	елеулі
5477.	Құлату нысандарындағы сілемдегі ашылған кеңістіктері бар теспелерді (ұңғыма) оқтауға рұқсат берілмейді	елеулі
5478.	Бірінші белгіні зарядқа электр детонаторлы соққышты салар алдында, ал детонациялық байлам арқылы жару кезінде жарылыс жүйесін құрар алдында беруге рұқсат беріледі. "Тоқтатылу" белгісі тек жарылыс жүргізуіне жауапты бақылаушы адам жарғышпен бірге жарылыс орнын қарағаннан кейін береді	елеулі
5479.	Қауіпті аймақта қазандықтардың, құбырлардың және қысыммен жұмыс істейтін басқа да объектілердің болуы, ол осы объектілерді пайдаланатын ұйыммен ең төменгі мүмкін болатын шектерге дейін төмендетіледі	елеулі
5480.	Қатып қалған отынды, баланстарды жару кезінде оларды копсыту үшін тек сақтандырғыш ЖЗ қолдануға рұқсат етіледі, бұл ретте мынадай шарттар орындалады: 1) Электр детонаторларды бастамалау құралы ретінде пайдалану; 2)жарғыштардың ағашпен қозғалу қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі (қатарлар немесе үйінділер арасындағы ойықтарды жабу және басқалар);	елеулі

	3) оқтау басталғанға дейін қажетті өртке қарсы іс-шаралар жүргізіледі	
5481.	Қатқан кенді және кен концентраттарын, тақтатастарды, көмірді, металл жоңқаларын қопсыту кезінде құрамында сұйық нитроэфирі бар ЖЗ қолдануға жол берілмейді. Металл жоңқаларды қопсыту кезінде электрлік жаруға жол берілмейді. Аммиак селитрасы негізіндегі минералды тыңайтқыштарды жарылыспен қопсытуға жол берілмейді	елеулі
5482.	Ашық немесе жабық (тереңдетілген) магистральдық құбырдың күзет аймағындағы жарылыс жұмыстары құбырды пайдаланатын ұйымның жазбаша келісімі болған кезде ғана жүргізіледі. Оларды жүргізуге келісім алу үшін жарылыс жұмыстарын жүргізуші құбырды пайдаланатын ұйымға жарылыс жұмыстарының паспортын келісуге ұсынады. Паспорттың техникалық шешімдерінде құбыржолдардың, құрылыстардың (айдау станцияларының) сақталуы, құбыржолды пайдаланатын ұйым белгілеген басқа да шарттардың сақталуы қамтамасыз етіледі	елеулі
5483.	ЖМ барлық қоймалары мен сақтау орындары жобаға сәйкес салынады	өрескел
5484.	ЖМ қоймаларын жер үсті, жартылай тереңдетілген, тереңдетілген және жер асты деп бөлуді қамтамасыз ету. Жер үсті қоймаларына сақтау орындарының негізі жер беті деңгейінде орналасқан қоймалар, жартылай тереңдетілген қоймаларға - сақтау орындарының ғимараттары жер бетінен төмен топырақта карнизден аспайтындай тереңдетілген, тереңдетілген қоймаларға - сақтау орнының үстіндегі топырақ қалыңдығы 15 метрден кем және жер асты	өрескел

	қоймаларына - тиісінше 15 метрден асатын қоймалар жатады	
5485.	ЖМ қоймаларын пайдалану мерзімдерін сақтау тұрақты - үш жыл және одан да көп, уақытша - үш жылға дейін және қысқа мерзімді - ЖМ әкелінген сәттен бастап осы мерзімдерді есептегенде бір жылға дейін. Қысқа мерзімді қойманы пайдалану мерзімі бір мерзімге ұзартылған жағдайда, аттестатталған ұйыммен келісудің болуы	өрескел
5486.	Қоймаларды базистік және шығындық деп бөлуді қамтамасыз ету. ЖЗ сақтау кезінде жарылыс (бастамашылық) құралдарымен және керісінше, жарылыс жылуы бойынша коэффициенттерді ескере отырып, үйлесімділік тобы кезінде бір ЖМ басқаларымен ауыстыруға жол беріледі	өрескел
5487.	ЖМ базистік қоймаларының жалпы сыйымдылығын М (нетто) 420 тоннадан аспайтын жеке сақтау орнының сыйымдылығын ескере отырып сақтау	өрескел
5488.	Жер үсті және жартылай тереңдетілген шығыс қоймаларында барлық сақтау орындарының жалпы сыйымдылығын сақтау: 1) тұрақты шығыс қоймасында ЖЗ – 240 тоннадан, детонаторлар – 300 мың данадан, детонациялық сым – 400 мың метрден артық емес, от өткізгіш сым мен оны жағу құралдары шектелмейді. ЖМ мезгілмен пайдаланатын мекемелер ЖМ контейнерлерде немесе сақтағыштарда сақтағанда тұрақты шығыс қоймаларының жалпы сыйымдылығы – шектелмейді; 2) уақытша ЖМ қоймасында: ЖЗ – 120 тоннадан, детонатор – 150 мың данадан, детонациялық сым – 200 мың метрден артық болмайды, от өткізгіш сым мен оны жағу құралдары шектелмейді;	өрескел

	3) қысқа мерзімді шығыстық ЖМ қоймасында: ЖЗ – жоба бойынша, детонатор – 75 мың данадан және детонациялық сым – 100 мың метрден көп болмайды, от өткізгіш сым оны жағу құралдары шектелмейді	
5489.	ЖМ тұрақты шығыс қоймаларының ЖЗ әрбір сақтау орнының шекті сыйымдылығын сақтау, бірақ 120 тоннадан артық емес, уақытша - 60 тонна, қысқа мерзімді - жоба бойынша	өрескел
5490.	ЖМ бар контейнерлерде тек арнайы алаңдарда сақтауға болады . ЖМ контейнерлердің алаңдары ЖМ қоймасы аумағында салынады және контейнерлік алаңдары бар дербес қойма болып салынады. Контейнерлік алаңдар сыйымдылығы ЖМ қойма сақтағышына бекітілген сыйымдылығындай болады	өрескел
5491.	Жер асты (тереңдетілген) шығыс қоймасының жалпы сыйымдылығы және бөлек камералар (ұяшықтар) сыйымдылығы жобамен анықталады. Сонымен қоса көмір және қатпар тас шахталарындағы қойма сыйымдылығы, үлестіру камералары сыйымдылығын есептелмегенде ЖЗ қоры жеті тәуліктен, бастамашы құралдардың қоры он бес тәуліктен аспайды. Камералық қоймадағы камера сыйымдылығы 2 тонна ЖЗ, ал ұяшықты қоймадағы ұяшық сыйымдылығы 400 кг ЖЗ артық болмайды. Жер асты қазбаларындағы бөлек тарату камерасының шектік сыйымдылығы 2 тонна ЖЗ және осыған сәйкес мөлшердегі бастамашы құралдар, ал бөлек учаскелік сақтау талабына – 1 тонна ЖЗ және осыған сәйкес мөлшердегі бастамалау құралдары	өрескел
5492.	Кәсіпорындарда ЖМ сынау және жою жағдайлары жасалады. Бұл мақсатта жобамен полигондар және зертханалар қаралады	өрескел

5493.	<p>Базистік қоймадағы ЖМ жарғыштарға беру операциясын орындағанда және олардан пайдаланылмаған ЖЗ, бастамашы құралдар және ату жару аппараттары қоймаға кірер алдындағы осы мақсаттарға орнатылған ғимараттар, бірақ ЖМ сақтағышына 20 метрден жақын емес, жанбайтын материалдармен салынады. Олар ЖЗ және бастамашы құралдарды сақтайтын екі бөлікке бөлінеді. Тұтас жанбайтын қыштан немесе 25 сантиметрге кем емес бетон қабырғалардан салынады. ЖЗ және бастамашы құралдарды қабылдау-жіберуге арналған екі тамбурмен жабдыкталады.</p> <p>Төмендегі жағдайлардың орындалуын қамтамасыз етеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) көрсетілген ғимараттағы барлық түрдегі ЖЗ жалпы көлемі 3 мың килограмманан артық емес, сонымен қоса детонатор саны 10 мың данадан көп емес; 2) детонаторлары бар жәшік сақтағыштың сыртқы қабырғасындағы сөрелерге орналастырылады 	өрескел
5494.	<p>Тұрақты және уақытша шығыс қоймаларындағы жарылыс материалдар ыдысын ашу және жарғыштарға беру, олардан пайдаланылмаған ЖЗ, бастамашы құралдар және ату жару аппараттарын қабылдауды бөлек ғимараттарда немесе сақтағыш тамбурларда немесе ЖМ дайындау ғимараттарында жүргізіледі. Сонымен қоса детонатор беруге березентпен, киізбен немесе қалыңдығы 3 мм кем емес резина мен қапталған үстел қойылады, детонациялық және от өткізгіш сым кесетін үстел қойылады. Электр детонаторларға статистикалық электр қуатының қауіпті әсерін жою үшін үстел тұйықтандырылады.</p> <p>ЖМ базистік қоймада жіберу-қабылдау жүргізген жағдайда детонациялық байлам</p>	өрескел

	соққы жасау (дайындау) бөлек ғимаратта жүргізіледі	
5495.	<p>ЖМ қоймасының сақтағыштарының едені тегіс және тесіктерсіз болады, ал қабырғалары әктеліп, сырланады. ЖМ кез келген сақтағышы желдетіледі және судың, қардың кіруінен қорғалады.</p> <p>ЖМ сақтағышы ағынды-тартушы өзіндік желдеткіштерімен қамтамасыз етіледі. Ғимарат ішіне термомлер қойылады</p>	өрескел
5496.	<p>Сөрелердегі жәшіктер, қаптар (шығыршықты контейнер) және басқа ЖМ бар орындарда штабельдер биіктігі екеуден жиналады.</p> <p>Топтары В,С және түтінді дәрі ЖМ ашылған орындарда биіктігі тек бір қатар болып жиналады. Аталған ЖМ жоғары сөрелері биіктігі 1,7 метрден артық, қалғандарына 2 метрден артық болмайды.</p> <p>Екі сөре ара қашықтығы, ЖМ бар жәшіктер (қаптар) арасы мен жоғары сөре арасында 4 сантиметрден аз емес кеңістік қалатындай қылып есептеледі.</p> <p>Сөре енінде жәшіктерді екі қатардан көп қоюға болмайды, ал қабырға жанында орналасқанда және өту жолы болмағанда бір қатардан көп жиналмайды. ЖМ сақтағышындағы сөрелерді қатайтқан шегелермен бұрандамалар бастары толық батырылады.</p> <p>Сөре тақтайлары ара қашықтықтары 3 сантиметрге дейінгі ара қашықтықта төселеді. Төменгі сөре толық жабылады</p>	өрескел
5497.	Барлық ЖМ сақтау орындарындағы жұмыс орындарының еден деңгейіндегі жарықтандыру және бастамашы құралдар пайдаланғандағы жарық 30 люкстен кем болмайды	өрескел
	ЖМ қоймасының сақтағыштарындағы ЖЗ және бастамашы құралдар сөрелері және ЖМ штабельдері қабырғадан	

5498.	<p>20 сантиметрден кем емес ара қашықтықта қойылады, ал еденнен 10 сантиметрден кем емес биіктікте орнатылады. ЖЗ бар жәшіктер, қаптар төсеніштерде орналастырылады. Штабель биіктігі 2 метрден биік болмайды. Штабельдер ені орын санауын жеңілдететіндей қылып, екі қатар қап (жәшік) қылып жайғастырылады.</p> <p>Тиеп түсіру операцияларында механикаландырылған құралдарды пайдаланғанда ЖЗ қаптарын және жәшіктерін тұғыры бар түйіншектерде, шығыршықты контейнерлерде, екі қатардан биік емес қылып жинайды. Тұғырларды және шығыршықты контейнерлерді орналастыру тәртібі жобамен анықталады.</p> <p>Штабельдердің ең биік жиналуы 2,6 метрден аспайды. Штабельдер арасында, соның ішінде шығыршықты контейнер және сөрелер арасында ені 1,3 және 1 метрден кем емес өту жолдары қалдырылады</p>	өрескел
5499.	<p>Сөрелердегі жәшіктер, қаптар (шығыршықты контейнер) және басқа ЖМ бар орындарда штабельдер биіктігі екеуден жиналады.</p> <p>Топтары В,С және түтінді дәрі ЖМ ашылған орындарда биіктігі тек бір қатар болып жиналады. Аталған ЖМ жоғары сөрелері биіктігі 1,7 метрден артық, қалғандарына 2 метрден артық болмайды.</p> <p>Екі сөре ара қашықтығы, ЖМ бар жәшіктер (қаптар) арасы мен жоғары сөре арасында 4 сантиметрден аз емес кеңістік қалатындай қылып есептеледі.</p> <p>Сөре енінде жәшіктерді екі қатардан көп қоюға болмайды, ал қабырға жанында орналасқанда және өту жолы болмағанда бір қатардан көп жиналмайды. ЖМ сақтағышындағы сөрелерді</p>	өрескел

	<p>қатайтқан шегелермен бұрандамалар бастары толық батырылады.</p> <p>Сөре тақтайлары ара қашықтықтары 3 сантиметрге дейінгі ара қашықтықта төселеді. Төменгі сөре толық жабылады</p>	
5500.	<p>Камера, сөре және ЖМ қоймасындағы штабельдерге ЖМ, бастамашы құралдар немесе ату жару аппараттарының аты, көлемі, партия саны, жасалған уақыты, кепілдік пайдалану мерзімі көрсетілген белгілер ілінеді</p>	өрескел
5501.	<p>Электр детонаторлар, электр тұтандырғыш түтіктер және электрлік жанғыш құрамды ЖЗ қоймаларында және басқа ЖМ сақтау орындарында заводтық немесе арнайы ыдыста сақталады</p>	өрескел
5502.	<p>Жандырғыш және бақылау түтіктері ЖМ дайындау ғимараттарында жасалады. Бұл ғимараттар ЖЗ дайындау ғимараттарынан жанбайтын материалдардан салынған немесе сыланған және жанбайтын бояумен боялған қабырға арқылы бөлінеді, ал жер асты қоймаларында-жандыру түтігін жасау камераларда жүргізіледі.</p> <p>Жандыру және бақылау түтіктерін жасау үстелінде бірнеше жарғыш жұмыс істегенде ұзындығы бірнеше ағаш қалқандар арқылы бөлінеді.</p> <p>Жандыру және бақылау түтіктерін (от өткізгіш сымның бақылау бөлігі) жасайтын және сақтайтын орындардағы ғимарат едені жұмсақ кілемшелермен жабылады</p> <p>. Дайындалған жандыру түтіктері темірден немесе ағаштан жасалған ЖМ қоймасының сақтаушысындағы (үлестіру камерасындағы) ішін жұмсақ төсенішпен қаптаған, сыртын темір қабатымен қаптаған жәшіктерде (шкафтарда), кассеталарда және тағы сол сияқты сақталады. Жәшіктер қақпақпен жабылады</p>	өрескел

5503.	Аммиакті селитра негізіндегі ЖЗ қойма сақтауышында және контейнерлерде сақтағанда 30°C артық емес температура сақталады, ал басқа ЖМ техникалық құжаттарында көрсетілген көрсеткіштердегідей температурада сақталады	өрескел
5504.	ЖМ контейнерлерді сақтағанда алаң ішінде оларды екі қатар етіп қоюға болады	өрескел
5505.	ЖМ қоймасындағы тиіп-түсіру операциялары, осы мақсаттағы көтеру мүмкіндігі қаптамаланған ЖМ салмағынан кем емес механизмдермен орындалады, сонымен қоса қолдап жүргізуге болады. Жүк көтеруге арналған шығыршық (жебелік крандар және жебені көтеру шығыршықтары) екі тежегішпен қамтамасыз етіледі	өрескел
5506.	ЖМ қоймасы сақтауышының ішінде жұмыс істейтін іштен жану қозғалтқышты жүк көтеру механизмдері жанған газды залалсыздандыратын қондырғымен және ұшқын өшіргішпен жабдықталады	өрескел
5507.	ЖМ сақтау орындарын жөндеу кезінде олар ЖЗ, бастамашы құралдар және ату жару аппараттарынан босатылып, басқа қоймаларда (аландарда) уақытша сақталады. Егер қойма тұтас қабырғамен бөлінсе жөндеу жұмыстары кезінде бір жағындағы ЖМ екінші жағына сақтауға болады	өрескел
5508.	Әрбір ЖМ қоймасына апаттық жағдайлар болған жағдайдағы өзара іс-қимылын анықтайтын апаттарды жою жоспары жасалады. ЖМ жер асты қоймаларындағы мүмкін болатын апаттарды жою шаралары апаттарды жоюдың ортақ жоспарына енгізіледі	өрескел
	ЖМ жер үстілік тұрақты қоймасына қойылатын талаптар: 1) су кететін жыраның болуы; 2) жолдар және келу жолдарының таза және жарамды болуы;	

5509.	<p>3) сақтауыштардың әрқайсысына еркін жақындау мүмкіндігі және өту жолы болатындай орналастырылады;</p> <p>4) бөлек сақтағыштардың арасында, сақтағыштар мен әртүрлі ғимараттардың, қойма аймағы мен одан тыс құрылыстардың ара қашықтықтар өртке қарсы орнатылған ара қашықтықты ұстану;</p> <p>5) қоймаларды қоршап, қоршаудан ені 50 метрден кем емес қашықтықта тыйым салынған аймақ болады. Тыйым салу шекараларында қоршау және ескерту белгілері қойылады;</p> <p>6) қойма периметрі бойынша аумақ бейнебақылау жүйесімен жабдықталады. Барлық бейнеакпарат бейнежинағышқа жазылады: жазудың ұзақ мерзімді бейнемагнитофондары немесе акпараттың цифрлы бейне жинағыштары</p>	өрескел
5510.	<p>Қойма аумағында мынадай ғимараттар мен құрылыстарды орналастыруға рұқсат етіледі: ЖЗ сақтау орны, бастамашыл құралдар және ату жару аппараттары, ЖЗ арналған алаңдар, бастамашыл құралдар және ату жару аппараттары контейнерлерде, ЖМ беруге арналған ғимарат (үй-жай), қосалқы үй-жай (қойма, алаң), ЖМ дайындауға арналған ғимарат , қабылдау рампалары және басқа да объектілер, ЖМ қабылдаумен, сақтаумен және тиіп жөнелтумен байланысты, қарапайым түйіршіктелген және құрамында су бар ЖЗ дайындау пункттері, зауыт өндірісінің ЖЗ механикаландырылған оқтауға дайындау пункттері, зертхана; қарауыл мұнаралары, күзетші иттерге арналған үйшіктер, шамдары, прожекторлары бар мұнаралар (дінгектер, бағаналар), өртке қарсы құралдар мен жабдықтарды сақтауға арналған</p>	өрескел

	үй-жай, өртке қарсы су айдындары, өтетін үйшіктер (бақылау-өткізу пункті).	
5511.	Қауіпті аймақ шегіндегі, қойма сыртындағы тыйым салынған аймағында: ЖМ жою және сынау полигоны, ыдыстарды жағу, қарауыл ғимараты, қойма жұмысшыларына арналған әкімшілік-тұрмыстық ғимараттар, механикаландыру құралдарын қызмет қылу және толтыру пунктері, қазандықтар, отын қоймасы, су өткізгіш және канализациялық сораптық бекеттері, трансформаторлық бекеттер, әжетханалар салуға болады. Ыдыстарды сақтау сарайларын немесе бастырмаларды тыйым салынған аймақ шегіндегі қойма қоршауына 25 метрден жақын емес қашықтықта орналастыруға болады.	өрескел
5512.	Қоршау мен жақын орналасқан қойма ара қашықтығы 40 метрден кем емес. Таулы жерлерде бұл ара қашықтықтарды ішкі істер органдарының келісуімен қысқартуға рұқсат беріледі. Қоршау темір бетон немесе металл торлы құрылымдардан (18 мм қалыңдықтан кем емес шыбықтан жасалған, шыбықтар арасындағы жарық 100 миллиметрден аспайтын), кірпіштен, металл табақтардан (қалыңдығы 2 миллиметрден кем емес), немесе тордан (диаметрі 5 миллиметрден кем емес және ұяшығының өлшемі 70 x 70 миллиметр, бірақ ұяшығының өлшемі 150 x 150 кезде 10 миллиметр артық емес арматурадан) жасалады. Қоршау биіктігі жерге 200-400 миллиметр тереңдетіліп енгізілген темір бетон ірге немесе арматуралы тормен қазылған қатынаста күшейтіліп, 2,5 метрден кем болмайды. Қоршауға құлыпқа жабылатын дарбаза мен есіктер орнатылады	өрескел

5513.	Қойма аумағында және тыйым салу аймағы айналасындағы ағаштар мен бұталар, құрғақ шөп және басқа да оңай тұтанатын заттардан тазартылады	өрескел
5514.	<p>Тұрақты қоймалардың ЖМ қоймасы жанбайтын материалдан салынады.</p> <p>Өрт бақылау органдары шешімімен сақтауыш қабырғаларын бөренеден немесе каркасты-толтырылма материалдардан салуға болады. Каркасты-толтырылмалы қабырғасын және қалқаларды тұрғызғанда, толтырылма есебінде жіңішке бетон, шлак немесе жауынмен суланған ағаш қалдықтарын қолдануға болады. Каркасты-толтырылмалы және бөренелі ЖМ қойма қабырғалары мен қалқандары жанбайтын құраммен жабылады немесе ішкі және сыртқы жақтарынан сыланады. ЖМ қоймалардың ағаш төбелері сыланады немесе жанбайтын құраммен қапталады.</p> <p>Құрғақ климатты жерлерде саздан жасалған, шикі кірпіштен немесе сабанды кірпіштен сақтауыштар құруға болады.</p> <p>Қойма жабындысы жанбайтын материалдан салынады немесе іші-сыртын жанбайтын құраммен қаптайды.</p> <p>Қоймалардың ішіндегі ауа температурасы 30оградус Цельсия жоғары болмайтындай етіп салынады. Қойманың әрқайсысында шатырлы бөлме болады (темір бетонды жабындыларға шатырлы бөлме болуы міндетті емес)</p>	өрескел
5515.	Қойма едені ағаштан, бетоннан, асфальттан немесе тапталған саздан жасалынады. Түтінді ок-дәрі қоймалары едендер жұмсақ маталармен қосымша қапталады	өрескел
	ЖМ қысқа партиямен үлестіруге арналған қоймаларда біреуден кем емес тамбурмен жабдықталады. Тамбур көлемі 2Ч2 метр болады	

5516.	<p>және жанбайтын материалдан жасалады. Тамбурға кірер ауыз сыртқа ашылатын, 2 данадан аз емес есіктерінен жабдықталады. Есіктің біреуі тамбурдың сыртына шығады, екіншісі – тамбурдан сақтағышқа барады. Сыртқы есік тұтас болады және болатпен қапталады.</p> <p>Екінші есік ағаш тордан жасалады</p> <p>Рампасы және тиеп-түсіру жұмыстарын механикаландыру құралдары (электрлік тиегіштер және тағы сол сияқты) бар сақтағыштарда тамбур орнату міндетті емес, бірақ екі жақтан есік қойылады</p>	өрескел
5517.	<p>ЖМ қоймасының кірер ауыздары саны, қойма кірісі мен ең алыс ғимарат нүктесіндегі ара қашықтық 15 метр, ал тиеп түсіру механикаландырылғанда 25 метрден артық болмайды</p>	өрескел
5518.	<p>Қойма терезелері болат торлармен орнатылады, тор темірі диаметрі 15 метрден кем болмайды және тор көздерін 150 x 150 миллиметр үлкен емес қылып әрбір қиылыс дәнекерленеді. Темір тор сымдары шеті қабырғаға 80 миллиметрден кем емес тереңдікке енгізіледі. Торлар ашық бояумен сырланады. Күн беткейге қарап тұрған сиыны терезелер ақ бояумен сырланады. Терезенің еден алауына жарық қатынасы 1:25 тен 1:30 дейін қамтамасыз етіледі</p>	өрескел
5519.	<p>Шатырлы бөлмелерде кейбір заттарды немесе материалдарды сақтауға болмайды. Шатырға шығуға ғимарат сыртына орналастырылған саты көзделеді</p>	өрескел
5520.	<p>Қоймаларға және шатырға кіреберістер құлыпқа жабылады және пломбыланады немесе мөрленеді</p>	өрескел
5521.	<p>Егер ЖМ сақтау немесе қайта өңдеу орнының ғимаратқа және құрылысқа дейінгі қашықтығы ара қашықтықтан аз болса, үймектер орнатылады. Сонымен қатар қауіпсіз ара қашықтық</p>	өрескел

	тереңдетілген зарядтар жағдайына есептеледі	
5522.	Үймектерді пластикалық немесе сусыма топырақтан соғады. Үймекті тастан, шебіннен және жанғыш материалдан (көмір қиқымдары және тағы сол сияқты) соғуға болмайды	өрескел
5523.	Үймек ЖМ жиналған штабелдің (стеллаждың) жоғарғы деңгейінен 1,5 метрден биік қылып соғады. Үймектің үстінгі ені 1 метрден кем болмайды. Үймектің төменгі жақ ені себілген топырақтың шынайы бұрышына сәйкес анықталады	өрескел
5524.	Қойма толық үймектелгенде кіру үшін үймектен ашық жер жасалады. Ашық жерге көлденең салынған қорғаныш үймек соғылады. Қорғаныш үймек ұзындығын, жобаға сәйкес ғимарат бұрышынан негізгі дуал жотасына дейінгі және қорғау үймегінің жотасы арқылы есептеледі	өрескел
5525.	Электрлік қондырғыларға талаптар (тарату құрылғылары, бекеттер, апаттық электрлік көздері), электр қабылдағыш санаттығы, сенімділікті қамтамасыз ету жобамен қаралады. Бейтарап оқшауланған электрлік қондырғылар пайдаланылады	өрескел
5526.	ЖМ қоймасының электрлік қондырғылары, соның ішіндегі негізгі және жарық беру жүйесі электр қуатының жоғалуынан және адамдарды электр тоғымен күйдіруден сақтайтын құрылғылармен жабдықталады.	өрескел
5527.	ЖМ қоймасы, кіре беріс, ЖМ қоймасы жарықтандырылады. Жарықтандыруды қоршау периметрі бойынша жүргізуге рұқсат беріледі	өрескел
	ЖМ қоймасында жұмыстың жарықтандырылуы 220 Вольт дейінгі қуатты шамдармен жүргізіледі. Апаттық жарықтандыру жобамен анықталады.	

5528.	<p>Қойма сақтағышына апаттық жарық беруге кеніш аккумуляторлық шамдар немесе құрғақ батареяларымен (металл қорапты – резинамен қапталған) фонарлар пайдалануға болады. Электрлік жүйеден қуат алатын қолдап тасымалдау шамдарын пайдалануға қойманың барлық ғимараттарында рұқсат берілмейді.</p> <p>Егер ЖМ беру тек күндіз жүргізілетін болса, сақтағышқа электр жарығы талап етілмейді</p>	өрескел
5529.	<p>Қосқыштар, сақтандырғыштар, тарату қорғандары, суырмалар және тағы сол сияқты ғимараттың сыртқы жағындағы жәшіктерге немесе өртке қарсы құралдармен жабдықталған оқшау ғимараттарға орнатылады</p>	елеулі
5530.	<p>Қойма ішіне жарық беру жүйелерінде жануды таратпайтын кабельдер қолданылады</p>	елеулі
5531.	<p>Ғимараттардың қабырғасымен және төбесімен кабель жүргізгенде көлденеңінен 0,8 метр сайын және биіктігінде 2 метр сайын бекітіледі.</p> <p>Кабельдерді бір-біріне жалғауға және ажыратуға арнайы муфталар қолданылады</p>	елеулі
5532.	<p>Барлық қоймалар, қоймалардағы қарауыл үй-жайлары ұйыммен, өртке қарсы қызметімен және ішкі істер органдарымен хабарласуы үшін телефон байланысымен қамтамасыз етіледі. Телефон байланысын жабдықтау мүмкіндігі болмаған жағдайда жергілікті ішкі істер органдарының келісім бойынша қойма санамаланған абоненттермен радиобайланыспен қамтамасыз етіледі. Қарауыл бекеті мен қарауыл үй-жайы арасында екі жақты телефон байланысымен жабдыкталады.</p> <p>Байланыс құралдары жарылыс өрт қауіпті үй-жайлардан тыс орнатылады.</p> <p>Қоймалар және сақтағыштар жобаға сәйкес міндетті түрде</p>	өрескел

	күзет және өрт дабылы белгілері құралдарымен жабдықталады	
5533.	Орман және еден үстілік өрттерден қорғану үшін әрбір ғимараттар айналасынан 5 метрден кем емес қашықтықтағы шым алынып тасталады, қойма аймағындағы қоршаудан 10 метр ара қашықтықта, үстінгі ені 1,5 метр және тереңдігі 0,5 метрден кем емес, өсімдіктерді жою үшін жүйелі түрде аударылып, қопсытылатын тілме жасалады. Тастық және шебіндік топырақта жыра немесе қопарылған тілме қажет етілмейді	өрескел
5534.	Нысандары пештің жылуымен қамтамасыз еткен жағдайда түтін шығу құбырларына ұшқын ұстау торлары қойылады	елеулі
5535.	ЖМ уақытша қоймасының сақтағыштары ағаштан, саздан соғылған, жер ден болуы мүмкін. Қойманың сақтағышы ретінде бос тұрған құрылыстар, сарайлар, жер төлелер және басқа ғимараттарды жабдықтауға болады. Бұл ғимараттар шынайы желдеткіштермен қамтамасыз етілгенде және олар жаңбыр мен қардан қорғалады. Сақтағыштар ретінде қолданылатын ғимараттар пештері қымталады	елеулі
5536.	Уақытша қоймаларда: 1) едендер ағаш, бетон және саздан болуы мүмкін; 2) ағаш қабырғалар және шатырлар оттан қорғағыш құраммен жабылады; 3) қоршауды сырғауылдап, шарбақтан тақтайдан және басқа да материалдан жасауға болады және қоршау биіктігі 2 метрден кем болмайды; 4) су ыдысын құру талап етілмейді ; 5) тамбур құру талап етілмейді, есік бір қабат болуына болады; 6) сақтағыш ішіндегі жұмыстық жарық беруді аккумуляторлық кеніштік шамдармен немесе құрғақ батареялы фонарлармен (өрескел

	<p>темір қапты – резинамен қапталған) жүргізуге болады;</p> <p>7) сақтағыш ретінде қолданылатын ғимараттардың есік-терезелері мөлшерін бұрынғысынша қалдыруға болады . Негізінен уақытша қоймаларға тұрақты қоймаларға қойылатын талаптар қойылады</p>	
5537.	<p>Қала шетінде орналастырылатын уақытша ЖМ қоймалары бос тұрған құрылыстардағы құрғақ, желдетілетін төлелерде орналастыруға немесе жер астына арнайы тереңдетілген, 2,5 метрге дейінгі ғимараттарды үстінен 2 метрден кем емес етіп көміп пайдалануға болады. ЖМ, бастамашы құралдар және ату-жару аппараттары, бір-бірінен бөлек орналасқан ғимараттарда және кірпіш қабырғасы 25 сантиметр кем емес ЖМ дайындау ғимаратында сақтауға болады</p>	өрескел
5538.	<p>Қысқа мерзімді сипаттағы жұмыстарды жүргізу үшін ЖМ сақтауды: бос тұрған құрылыстарда, сарайларда, жертөлелерде және басқа, темір жол вагондарында, кемелерде, автокөліктерде, жалғамаларда және арбаларда, палаткада, үңгірде, шалаштарда, жарылыс жұмыстарын жүргізу алаңдарында болады</p>	өрескел
5539.	<p>ЖМ қысқа мерзімді қоймаларында ЖМ жер үсті және жартылай тереңдетілген қысқа мерзімді қоймаларын орнату тәртібін қамтамасыз ету.</p> <p>Найзағайдан қорғау, жарықтандыру, телефон байланысы, қойма қоршауының айналасындағы арықтар және ЖМ қоймасының айналасын ағаштардан тазарту қажет емес.</p> <p>Қысқа мерзімді қоймалардың қоршауын биіктігі кемінде 1,5 метр, қойманың ең жақын қабырғасынан кемінде 20 метр етіп жасауға жол беріледі.</p>	өрескел

	<p>Қоршаудан қарауылдық үй-жайға дейінгі қашықтық кемінде 15 метр .</p> <p>Қысқа мерзімді қоймалар қоймаларының ағаш қабырғалары сыртынан және ішінен оттан қорғайтын құрам ретінде үш қабаттағы әк-тұз ерітіндісімен жабылады. Қойманың шатыры, төбесі және шатыр жабындарының конструкциялары жанбайтын етіп жасалады немесе оттан қорғау құрамымен жабылады.</p>	
5540.	<p>Жылжымалы сипаттағы жұмыстарда (сейсмикалық барлау, орман және автомобиль жолдарына арналған трассаларды тазарту) ЖМ арнайы жабдықталған автомобильдерде, тіркемелерде, арбаларда және шаналарда (жылжымалы қоймалар) сақтауға жол беріледі.</p>	өрескел
	<p>Жылжымалы қойма, автокөлікте, күймеде, жалғамада, шанада мықты қатайтылған, орнатылған қорап болып есептеледі.</p> <p>Қорап дюралюменнен немесе ағаштан жасалады. Сыртынан темірмен қапталып, барлық жағына отқа қарсы құраммен қапталады.</p> <p>Қораптың алдыңғы жағына (оң жақ төменгі бұрышына) Бастамашы құралдар салынған есігі бар жәшік орналастырылады. Жәшік іші жұмсақ материалмен (киіз, резина, поролон және тағы сол сияқты) қапталады. Жәшік құрылысы көзделмеген жағдайдағы көп мөлшердегі бастамашыл құралдар жарылғанда детонация берілмейтіндей етіп жасалады.</p> <p>ЖМ тиіп-түсіру, қораптың оң жағында орналасқан есік арқылы жүргізіледі. Есікті қораптың артқы жағына орнатуға, есік ашылғанда белгі беретін дабыл құрылғысын көлік жүргізуші кабинасына орнатқан жағдайда рұқсат беріледі.</p>	

5541.	<p>ЖЗ, бастамшыл құралдар және ату жару аппараттарының бөліктері есіктеріне құлыптар ілініп, қалып есіктің ашылып кетуін болдырмау үшін құлыптар ойылып орнатылады.</p> <p>Қорап жарықпен қамтамасыз етіледі. Жарық плафоны қораптың алдыңғы үсті жағына орналастырылып, электр өткізгіштері қорғауыш арқылы жабылады және сыртта орналасады. Қорап ішінде электрлік өткізгіштер қойылмайды.</p> <p>Жылжымалы қойма қорабына, темір толы терезе қойылады. Қораптың алдыңғы жағындағы терезе көлік құралының кабинасының артқы терезесі деңгейінде орнатылады.</p> <p>Өздегінен жүрмейтін жылжымалы қойма, сүйрететін көлік құралына жалғайтын қатты жалғамалы құрылғымен жабдықталады.</p> <p>Жылжымалы ЖМ қоймасының жабдықталуы, қондырғылары, техникалық жағдайы, оның қозғалысын ұйымдастыру және апаттық жағдайларды жоюға дайындығы техникалық регламентке сәйкес қамтамасыз етіледі.</p> <p>Өздігінен жүрмейтін ЖМ қоймасын тасымалдағанда жалғама салмағы тасымалдау көлігінің салмағының жартысынан немесе тарту күшінің үштен төрт бөлігінен артық болмайды</p>	өрескел
5542.	<p>Мұз жүру кезіндегі жарылыс жұмыстарын жүргізгенде ЖМ алаңдарда қысқа мерзімді (30 тәуліктен көп емес) сақтауға рұқсат беріледі. Жаппай жарылыс жұмыстарында геофизикалық және басқа да бірімәртелік жұмыстарда қысқа мерзімге ЖМ 90 күннен артық болмай сақтауға рұқсат беріледі. Сонымен бірге, барлық жағдайларда ЖМ 20 сантиметрге төмен емес биіктіктегі ағаш төсемеге орналастырады және үстіне шатыр</p>	өрескел

	қойылады немесе брезентпен жабылады	
5543.	ЖМ алаңдарда сақтау кезінде бастамашыл құралдар бөлек алаңдарда немесе бастамашыл құралдарды белсенді құрал ретінде қабылдау шартымен ЖЗ детонациясын беру бойынша қауіпсіз қашықтықта орналасқан шатырларда орналастырылады	өрескел
5544.	ЖМ жер асты жағдайында жабдықталған қазба-камераларда немесе ұшықтарда олардың бірінде ЖМ жарылған жағдайда, екіншісіндегі ЖМ детонациясын тудырмайтындай етіп сақталады	өрескел
5545.	Жер асты қоймасы өндірулер мен қосымша камераларды жеткізетін ЖМ сақтауға арналған камералары немесе ұшықтары бар бөлек қойма секілді өндірулерден тұрады. Қосалқыға: 1) электр детонаторларды тексеруге немесе жандыру түтіктерін жасау мен детонатор таңбалауға арналған; 2) ЖМ беру; 3) тиіп-түсіру операцияларын механикаландыру құралдарын орналастыру; 4) кассеталар мен сөмкелер сақтау ; 5) электр тарату құрылғылары және өртке қарсы құралдар орналастыру үшін камералар жатады. Санамаланған камералар қоймаға баратын қазбалар тұйығына орналасады	өрескел
5546.	Жарылыс, бақылау және өлшеу аспаптары мен құрылғылары, кассеталар мен сөмкелер жер асты және тереңдетілген ЖМ қоймасының арнайы сөрелерінде немесе шкафтарына орналастырылады	елеулі
5547.	ЖМ әрбір жерасты қоймасы ұйыммен байланысу үшін телефон байланысымен қамтамасыз етіледі немесе диспетчерге тікелей шығатын телефон болады	өрескел

5548.	Жер асты қоймаларында аккумуляторлы тиегіш пайдалануға немесе жарылыс қауіпсіз орындалған басқа да тиеп-түсіру механикалық құралдарын пайдалануға болады	өрескел
5549.	Жарылыс жұмыстары қысқа жайлатылған және жайлатылған амалмен жүргізгенде, шахталарындағы жер асты шығыс қоймаларында және тарату камераларында әр сатылық жайлатуға бір жәшіктен кем емес электр детонатормен қамтамасыз етіледі. Детонаторлар осы жағдайларға пайдалануға арналған болады	елеулі
	<p>ЖМ жер асты қоймаларының орналасуына қойылатын талаптар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) қойманың кез келген жақын нүктесінен шахта оқпанына және оқпан маңындағы қазбаларға дейінгі, бұзылуы барлық шахтаны не оның елеулі учаскелерін таза ауа ағынынан айыратын желдеткіш есіктерге дейінгі, камералық қойма үшін кемінде 100 метр, ұяшықты түрдегі қойма үшін - 60 метр қашықтық; 2) жақын жердегі ұяшықтан немесе камерадан адамдардың тұрақты өтуі үшін қызмет ететін қазбаларға дейінгі қашықтық, камералық үлгідегі қойма үшін-кемінде 25 метр және ұяшықты үлгідегі қойма үшін-кемінде 20 метр; 3) камералы үлгідегі қойма үшін қоймадан жер бетіне дейінгі қашықтық кемінде 30 метр және ұяшықты үлгідегі қойма үшін кемінде 15 метр болуы тиіс; 4) ЖМ (сақтау орнын) сақтауға арналған камералар немесе ұяшықтар орналасқан қазбалар басты қазбалармен бір-бірімен дұрыс бұрыштар түзетін кемінде үш жеткізуші тік сызықты немесе қисық сызықты қазбалармен жалғанады. <p>Қоймаға апаратын қазбалар ұзындығы 2 метрден кем емес</p>	

5550.	<p>және Қима ауданы 4 м2 кем емес тұйықтармен аяқталады;</p> <p>5) жүк тиегіштер қолданылатын ЖМ қоймасының негізгі қазбасының ені олардың 90о бұрыла отырып қозғалысын қамтамасыз етеді және жүктері бар тиеу-түсіру механизмдерінің ең үлкен мөлшерінен асатын, оның ішінде қисық сызықты учаскелердегі өлшемдері әр жағынан ені бойынша кемінде 60 см және шамдардан биіктігі бойынша 50 см болуы тиіс;</p> <p>6) әр қоймада адамдар үшін екі Шығыс бар. Метрополитен мен тоннельдерді салу кезінде, жерасты тау-кен барлау қазбаларын жүргізу кезінде қойманың сыйымдылығы 1 тонна ВВ-дан аспайтын кезде бір шығатын ЖМ уақытша қоймаларының болуына жол беріледі;</p> <p>7) метрополитен салу, тоннельдер салу және геологиялық ұйымдар жерасты тау-кен барлау қазбаларын жүргізу кезінде ең жақын ұяшықтан немесе камерадан негізгі қоректендіруші магистральдар (сутөкпе және желдеткіш құбырлары, кәбілдер) салынған шахта оқпанына, камералар мен қазбаларға және адамдардың өтуіне қызмет ететін қазбаларға дейінгі қашықтық кемінде 15 метр болуы тиіс;</p> <p>8) ЖМ қоймасындағы рельс жолдары жалпы шахталық жолдардан оқшауланады.</p>	өрескел
5551.	Басты бағыттары бар негізгі қазбалар арасына ЖМ қоймасын орналастыруға болмайды	өрескел
5552.	ЖМ қоймасының барлық қазбалары жанбайтын бекітпемен бекітіледі және ақталады. Тұрақты жыныстарда жеткізу қазбаларын бекіту қажет емес.	өрескел
5553.	Қойма таза ауа ағынымен желдетіледі. Қоймаға берілетін ауа мөлшері барлық қазбаларда оның төрт есе сағаттық алмасуын қамтамасыз етеді.	өрескел

5554.	ЖМ жерасты қоймасы алғашқы өрт сөндіру құралдарымен (өрт сөндіргіш, құмы бар жәшік, суы бар ыдыс) қамтамасыз етіледі. Автоматты өрт сөндіру құралдарымен жабдықтауға болады. Өрт сөндіру құралдары саны және көлемі кәсіби авариялық-құтқару командирімен келісіледі	өрескел
4) негізгі техникалық сипаттамалары көрсетілген, сондай-ақ жүргізілген жөндеулер туралы деректері бар әрбір сыртқы газ құбырына, электр қорғау, резервуарлық және топтық баллон қондырғысына, газ реттеу пункттеріне (газ реттеу қондырғыларға), газ толтыру станцияларына, газ толтыру пункттеріне, стационарлық автомобильді газ құю станциясына пайдалану паспорты;

5) арматураның маховиктерінде арматураны ашу және жабу кезінде айналу бағытын белгілеу, газ құбырларында газ ағыны қозғалысының бағытын көрсеткіштер;

6) қырық сағаттық бағдарлама бойынша оқудан және білімін тексеруден өткен басшылар немесе мамандар қатарынан кәсіпорын бойынша

бұйрықпен (өкіммен) тағайындалған, газбен жабдықтау жүйесі объектілерін қауіпсіз пайдалануға жауапты адам;

7) газ қызметін газбен жабдықтау жүйесін пайдаланатын өнеркәсіптік тұтынушыларда немесе қызмет көрсететін ұйыммен жасалған шарттар;

8) дайындалған персоналмен жасақталған, сондай-ақ қажетті аспаптармен, тетіктермен жарақталған коррозиядан қорғау қызметтері немесе газбен жабдықтау ұйымдарымен не жерасты металл құрылыстары мен коммуникацияларын коррозиядан қорғау жөніндегі жұмыстарды орындауға маманданған ұйымдармен шарт;

9) меншік иесінің немесе пайдаланушы ұйым басшысының қызмет көрсететін ұйымдарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жұмыстарды беруіне арналған шарт.

Сыртқы газ құбырлары мен құрылыстар

1. Газбен жабдықтау ұйымының елді мекен желілеріндегі газ қысымын әртүрлі нүктелерде жылына кемінде екі рет (жазғы және қысқы кезеңдерде) газды барынша көп тұтыну сағаттарында өлшеу жолымен бақылауы;

2. Газ шаруашылығын қауіпсіз пайдалануды, газ құбырларында ылғал мен конденсаттың болуын,

2.

оларды жоюды, бітеліп қалу мүмкіндігін болдырмауды қамтамасыз ететін ұйымның мерзімді тексеруі;

3. Жыл сайынғы техникалық қызмет көрсетуді, сондай-ақ газ құбырларында орнатылған тиек арматурасы мен компенсаторларды жөндеуді орындау және газ құбыры паспортына ысырмаларды, крандарды, компенсаторларды ауыстыру туралы, сондай-ақ күрделі жөндеу кезінде орындалған жұмыстар туралы мәліметтерді енгізу, журналға техникалық қызмет көрсету туралы мәліметтерді енгізу;

4. Құрылыс монтаждау ұйымы жасаған "Газ құбыры паспортының" болуы және меншік иесінің пайдалануға қабылданған сыртқы газ құбырларын есепке алу журналын жүргізуі;

5. Газ құбырларының техникалық жағдайын бақылау, ағымдағы және күрделі жөндеу жүргізу. Бақылау нәтижелері бойынша мәліметтерді газ құбырларының техникалық жай-күйін тексеру актісіне енгізу және газ құбыры трассаларын техникалық байқаудан өткізу журналына енгізу.

Ысырмаларды, крандарды, компенсаторларды ауыстыру және күрделі жөндеу кезінде орындалған жұмыстар жағдайларында газ

	<p>құбырының паспортына мәліметтер жазу.</p>		
<p>3.</p>	<p>1. Газ құбыры трассасының бойымен ені 2 метр бөлінген жолақтарда материалдар мен жабдықтарды екі жағынан жинауға жол бермеу және газ құбырының иесі болып табылмайтын ұйымның аумағы бойынша транзитпен жүргізілген газ құбырында техникалық іс-шаралар жүргізу үшін газ тарату ұйымы персоналының қол жеткізуін қамтамасыз ету.</p> <p>2. Пайдалану ұзақтығына немесе өзге де жағдайларға байланысты болат жерасты газ құбырларына аспаптық әдіспен және бақылаудың бұзылмайтын әдістерімен техникалық тексеру жүргізу, арнайы журналдарда аралау нәтижелері, техникалық жай-күйін тексеру актілері және рапорттарда анықталған ақаулықтар туралы деректердің, газ құбырларының герметикалығын, жерасты газ құбырларының оқшаулау жабындарының жай-күйін бағалау жөніндегі кестелердің, оның ішінде зақымданулар санына және тұтастай алғанда, құбыр металының жай-күйіне, дәнекерленген жіктердің сапасына, коррозиялық қауіптілігіне, қорғаныш тогының орташа ысырабына және жалпы</p>		

	газ құбырының техникалық жағдайын бағалау..		
4.	<p>1. Дәнекерленген жіктердің саңылаусыздығы немесе үзілуі, толассыз коррозиялық зақымданулар анықталған жағдайда болат газ құбырларына кезектен тыс кешенді аспапты тексеру жүргізу, сондай-ақ жыл ішінде электрден қорғау қондырғыларының жұмысындағы үзілістер кезінде төмендегідей мерзімде зерттеп-қарау жүргізу:</p> <p>1) 1 айдан астам – кезбе токтардың қауіпті әсер ету аймақтарында;</p> <p>2) 6 айдан астам – егер газ құбырын қорғау басқа қондырғылармен қамтамасыз етілмесе, кезбе токтар жоқ аймақтарда;</p> <p>2. Пайдаланушы ұйымның техникалық тексеруі кезінде жоғары сезімтал газ индикаторының көмегімен полиэтилен газ құбырларының герметикалығын тексеру (құрылыс салынған бөлігінде-жылына кемінде 1 рет, көбінесе көктемгі - күзгі кезеңде, құрылыс салынбаған бөлігінде-5 жылда кемінде 1 рет) және техникалық зерттеп-қарау нәтижелері актісін жасау;</p> <p>3. Құралдарының жарамдылығын, құбыр қабырғасының қалыңдығын өлшейтін геодезиялық құралдары, жүзу құралдары бар, сондай-ақ жобалық</p>		

материалдармен (профиль, жоспар) және далалық зерттеу материалдарымен, сүңгуірлік жабдықтармен және жарақтармен, өтуді тексеру жөніндегі жұмыстардың барлық кешенін орындау үшін қажетті құрамда және мөлшерде қамтамасыз етілген мамандандырылған ұйымның газ құбырларының су асты өткелдерін кемінде 5 жылда 1 рет техникалық тексеруді орындауы. зерттеп-қарау нәтижелерін актімен ресімдеу.

Газ реттеуіш пункттер мен газ реттейтін қондырғылар

1. Өнеркәсіптік, ауыл шаруашылығы ұйымдарының және әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінің газ реттеу пункттерінің, газ реттеу қондырғыларының, газ реттеу пункттерінің бас (аралық) және газ пайдалану қондырғыларының жабдықтарының жұмыс режимінің және теңшеу параметрлерінің жобасына сәйкестігі.
2. Газ реттеу пункттерінен немесе газ реттеу қондырғыларынан шығу кезінде жұмыс қысымының 10% - нан асатын газ қысымының ауытқуына жол бермеу.
3. Бекіту құрылғыларын айналма желіде және сақтандырғыш клапанның алдында пломбалау. Жабдықты және арматураны жөндеу үшін қажетті уақыт ішінде, сондай-ақ газ

реттегіш пункттер немесе газ реттегіш қондырғылар алдындағы газ қысымын қысым реттеуішінің сенімді жұмысын қамтамасыз етпейтін шамаға дейін төмендету кезеңінде айналма желі бойынша газ беру.

4. Жабдық пен өлшеу құралдары орналасқан үй-жайдағы ауа температурасын дайындаушы зауыттың паспортында көрсетілген мәндерден төмен емес ұстап тұру.

5. Көрінетін жерде – "ОТ ҚАУІПТІ – ГАЗ" ескерту жазбаларын газ реттеу пункті ғимаратының сыртына немесе газ реттеу қондырғысы қоршауының периметрі бойынша орнату.

1. Газ реттеу пункттері мен газ реттеу қондырғыларын пайдалану кезінде төмендегі іс-қимылдарды орындау:

- газ реттеу пунктіне, шкафтық газ реттеу пунктіне техникалық байқау жүргізу журналына олардың нәтижелері жазылатын, пайдалану қауіпсіздігі мен сенімділігін қамтамасыз ететін технологиялық регламентпен белгіленген мерзімдерде техникалық жай-күйін тексеру;

- сақтандырғыш бекіту және түсіру клапандарының іске қосылу параметрлерін 3 айда кемінде 1 рет, сондай-ақ жабдықты жөндеу аяқталғаннан

және газ реттеу пункттерін қайта іске қосқаннан кейін тексеру;
-техникалық қызмет көрсету - 6 айда кемінде 1 рет, қысым реттегіштерін, сақтандыру клапандарын, телемеханикалық құрылғыларды дайындаушы зауыт неғұрлым қысқа мерзімде жөндеу жүргізуді талап етпесе, жылына кемінде 1 рет ағымдағы жөндеу;
- күрделі жөндеу- жабдықтарды, өлшеу құралдарын, жылытуды, жарықтандыруды ауыстыру кезінде және тексеру нәтижелері бойынша жасалған ақаулы ведомостардың негізінде ғимараттың құрылыс конструкцияларын қалпына келтіру.

2. Газ реттеу пункттері мен газ реттеу қондырғыларының техникалық жай-күйін тексеру кезінде орындау:
- реттегішке дейін және кейін газ қысымын аспаптар бойынша тексеру, сүзгідегі қысымның ауытқуы, үй-жайдағы ауа температурасы;
- балғаның дұрыс орналасуын және сақтандыру-бекіту клапаны иінтіректерінің ілінісу сенімділігін бақылау;
- қажет болған жағдайда, тіркеу құралдарының картограммаларын ауыстыру;
- электр жарығының, желдетудің, жылыту жүйесінің жай-күйі мен жұмысын тексеру, негізгі және қосалқы

6.

үй-жайларды бөлетін қабырғалардың жарықтары мен тығыздықтарын көзбен шолып анықтау;

- ғимаратты сыртқы және ішкі тексеру, қажет болған жағдайда үй-жай мен жабдықты ластанудан тазарту; - манометрлердің жарамдылығын тексеру.

3. Газ реттеу пунктiнiң электр жабдықтарына жөндеу жұмыстарын жүргізу және кернеулігі алынған және табиғи жарық жеткіліксіз болған кезде жанып кеткен электр шамдарын ауыстыру үшін жарылыстан қорғалып орындалған жылжымалы шамдарды қолдану.

4. Газ реттеу пунктiнiң үй-жайларында, сүрту және жанғыш материалдардың газ реттеу кондырғыларында сақтауға жол бермеу, газ реттеу пунктiнiң негізгі үй-жайы үшін бастапқы өрт сөндіру құралдарының тізбесіне сәйкес осы үй-жайлардың өрт сөндіру құралдарымен жинақталуын қамтамасыз ету.

5. Газ құбырларында газдың ағуы және ғимараттардың жергөлелерінде, жер асты жолдарында, коллекторларда, жер асты өткелдерінде, галереяларда газдың қауіпті шоғырлануы анықталған жағдайларда газ құбырларын дереу ажырату.

Газ толтыру станциялары, газ толтыру пункттері, сұйытылған мұнай газдарының автомобильге газ құю станциялары

1. Газ толтыру станцияларындағы, газ толтыру пункттеріндегі және тұрақты автомобильге газ құю станцияларындағы технологиялық және электр жабдықтарының, газ құбырларының, санитариялық-техникалық құрылыстардың техникалық жай-күйі авариясыз жұмысты және персоналдың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

2. Сұйытылған мұнай газының физикалық-химиялық қасиеттері мен жарылыс қаупі бар сипаттамаларын ескере отырып, қысым мен температураның рұқсат етілген мәндері анықталатын өндірістік процестер бойынша бекітілген технологиялық регламент бойынша жұмыстарды жүргізу, арматураға қызмет көрсету және жөндеу.

3. Технологиялық жабдықты қосымша орнатудың, станциялар мен пункттерді кеңейтудің немесе реконструкциялаудың келісілген жобалары бойынша жүргізу. Жұмысшылардың қауіпсіз еңбек жағдайларының нашарлауы есебінен цехтардың өнімділігін арттыруға жол бермеу.

4. Компрессорлар мен сорғыларды авариялық мынандай жағдайда тоқтату:

- дірілдің, бөгде шулар мен тарсылдардың пайда болуы;

- мойынтірекер мен тығыздамалардың істен шығуы;
- май мен судың рұқсат етілген параметрлерінің өзгеруі;
- сору және қысымды газ құбырларында белгіленген газ қысымының жоғарылауы немесе төмендеуі;
- компрессордың сорылуында конденсат жинағыштағы сұйықтық деңгейі рұқсат етілгеннен жоғары болғанда және компрессордан шығудағы газ температурасы рұқсат етілгеннен жоғары болғанда.

5. Автоматикасы мен авариялық желдеткіші ажыратылған немесе ақаулы, сондай-ақ сору жүйелерінің желдеткіштері бар бұғаттағышы бар сорғылар мен компрессорлардың жұмысына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдау.

6. Маневрлік жұмыстар аяқталғаннан кейін цистерналарды рельс жолына бекіту. Олардың көмегімен құю немесе төгу жүргізілетін теміржол және автомобиль цистерналарын, резеңке-мата түтіктерді жерге тұйықтау. Құю-құю аяқталғаннан кейін цистерна вентильдерінің штуцерлеріне бітеуіштерді орнату. Газ толтыру станциясының, газ толтыру пунктінің аумағына кірер алдында, сондай-ақ сұйытылған мұнай газын қысыммен жұмыс істейтін

ыдыстарға, стационарлық автомобильге газ құю станциясының резервуарлық паркіне ағызу-құю жөніндегі операцияларды жүзеге асыру үшін көлік құралының пайдаланылған газ шығару құбырына ұшқын сөндіргіш орнату.

7. Теміржол және автомобиль цистерналарында газ толтыру станциясы бастығының, ал мереке және демалыс күндері станция бойынша жауапты кезекшінің жазбаша рұқсатымен төгу, құю жөніндегі операцияларды орындау. Сұйытылған мұнай газын төгу және құю кезінде қосымша, төгу және құю колонкаларына, теміржол және автомобиль цистерналарына, газ-баллон автомобильдеріне тұрақты қадағалауды жүзеге асыру.

8. Цистернадағы сұйытылған мұнай газының қысымы мен деңгейін және резервуарды қабылдауды үздіксіз бақылауды, резервуарлардағы, автоцистерналардағы және баллондардағы қысымды оларды толтырған кезде атмосфераға бу фазасын түсіру есебінен төмендетуді, теміржол эстакадасын, резервуарлық паркті жеткілікті жарықтандыруды және сұйытылған мұнай газын темір жол цистерналарынаан құйған кезде түнгі уақытта

кемінде 3 адамнан тұратын бригада тағайындауды қамтамасыз ету. Төгу немесе құю операцияларын орындайтын персоналды ж ә н е сорғы-компрессорлық бөлімше машинистерін техникалық байланыспен жаратқандыру.

9. Техникалық актілерге, технологиялық регламенттерге сәйкес газ толтыру станцияларын, газ толтыру пункттерін, стационарлық автомобильге газ құю станцияларын пайдаланатын ұйымдардың сынамалар алуды бақылау мен кезеңділігін, сондай-ақ газ иісінің қарқындылығын (одоризация) айқындау.

1. Тұрақты автомобильге газ құю станцияларында қызмет көрсетуші персоналдың тәулік бойы кезекшілігін қамтамасыз ету. Стационарлық автомобильге газ құю станциясын жұмыс уақытынан тыс уақытта күзет күзетінің жауапкершілігіне беру. Үзілістен кейін жұмысқа қосу алдында тұрақты автомобильге газ құю станциясының технологиялық жабдығын, резервуарларын және газ құбырларын тексеру;

2. Технологиялық жабдықта, газ құбырларында, арматурада, электр жабдықтарында, желдету жүйелерінде, өлшеу құралдарында, аварияға

қарсы қорғауда, газ толтыру станцияларының, газ толтыру пункттерінің және тұрақты автомобильге газ құю станцияларының жарылыс-өрт қауіпті өндірістерінің блоктауы мен сигнализациясында ақауларды анықтау және оларды уақтылы жою мақсатында тексеру жүргізу. Пайдалану кезінде газдың кемуін дереу жою және ақаулы агрегаттарды, резервуарларды, газ құбырларын ажырату.

1. Техникалық паспортта немесе арматураның сапасын куәландыратын басқа құжатта көрсетілген технологиялық регламентке және нұсқаулықтарға сәйкес кері және жылдамдық клапандарының тиек арматурасына қызмет көрсету және жөндеу. Жылына кемінде бір рет ағымдағы жөндеу жүргізу.
2. Сақтандырғыш түсіру клапандарын баптаудың сәйкестігі резервуарлар мен газ құбырларындағы жұмыс қысымынан 15% - дан аспайды;
3. Техникалық жабдықты, резервуарларды және газ құбырларын ақаулы және реттелмеген сақтандырғыш түсіру клапандары кезінде ажырату;
4. Сақтандырғыш түсіру клапандарын төмендегідей тексеру: сақтандыру клапандарын пайдалану жөніндегі нұсқаулықта белгіленген кезеңділікпен, бірақ айына кемінде бір рет

жабдықтың жұмысы кезінде оларды қысқа мерзімде ашу; клапанды қысқа мерзімде ашу көзделмеген клапандар үшін стендте және дайындаушы көрсеткен мерзімде реттеу.

Клапандарды баптауды тексеру кезеңділігін сақтау, оларды арнайы стендте немесе резервуарлардың сақтандырғыш түсіру клапандарына арналған арнайы құрылғының көмегімен реттеу - алты айда кемінде бір рет, қалғандары үшін - ағымдағы жөндеу жүргізу кезінде, бірақ жылына кемінде бір рет. Клапандарды пломбалау, тексеру нәтижелерін журналға енгізу.

5. Газ толтыру станцияларында, газ толтыру пункттерінде және тұрақты автомобильге газ құю станцияларында сұйытылған мұнай газын төгу және құю үшін техникалық шарттар мен стандарттарға сәйкес келетін және берілген қысым мен температура кезінде тасымалданатын газға төзімділікті қамтамасыз ететін және статикалық электрден қорғанысы бар жарамды, бүлінбеген құрылғыларды қолдану. Қысымда тұрған жеңдердің лақтырмалы гайкаларын бұрау және бұрау, тарту кезінде соққы құралын қолдануға тыйым салу.

6. Жұмыс істейтін сорғыларды, компрессорларды

үздіксіз бақылаусыз қалдыру.

7. Компрессорлар мен сорғыларды жетекке арналған сына тәрізді беріліс белдіктерін олардың беріктігі мен күш беруіне теріс әсер ететін май, су және басқа заттардың түсуінен қорғау. Компрессорлар мен сорғылар үшін дайындаушы зауыттың пайдалану жөніндегі нұсқаулығында көзделмеген майлау майларын пайдалануға жол бермеу. Сорғы-компрессорлық бөлімшедегі майлау материалдарының санын жабылатын сыйымдылықта сақтау шартымен олардың тәуліктік қажеттілігі көлемінде сақтауды сақтау;

8. Пайдалану журналында пайдалану режимі, өңделетін уақыт ретінде және компрессорлар мен сорғылардың жұмысында байқалған ақаулар туралы мәліметтерді тіркеу. Технологиялық регламентке және жабдықты монтаждау және пайдалану жөніндегі дайындаушы ұйымның нұсқаулығына сәйкес технологиялық жабдыққа техникалық қызмет көрсетуді, ағымдағы және күрделі жөндеуді жүргізу.

9. Желдеткіштің қаптамасына және желдеткіштің жанына әрбір желдету жүйесінің ауа өткізгішіне берілген шартты белгі мен реттік нөмірді ашық бояумен жағу.

10. Әрбір желдету жүйесіне жасалған паспорт. Жарылыстан қорғалған желдеткіштердің жарылыс және өрт қауіптілігі бойынша үй - жайлардың санаты мен класына сәйкестігі. Желдету жүйелерінің паспорттың желдету жүйелерін жөндеу және баптау туралы мәліметтерді тіркеу.

11. Мамандандырылған ұйымдардың пайдалану техникалық сипаттамаларын тексеру мақсатында желдету жүйелерін баптау және сынау жылына кемінде 1 рет жүргізіледі, сондай-ақ, ауа ортасын талдау, қондырғыларды қайта құру, жөндеу және каналды жөндеу нәтижелері қанағаттанарлықсыз болған жағдайда. Жұмыс аймағында қалыпты санитарлық-гигиеналық жағдайларды қамтамасыз ету бойынша желдету жүйелері жұмысының тиімділігін бағалау және желдету жүйелерін пайдалану режимі бойынша нұсқау қамтылатын сынақтар нәтижелері бойынша техникалық есеп жасау.

1. Конструкциясы есептік қызмет мерзімі ішінде пайдаланудың сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін және металл мен қосылыстарды техникалық куәландыруды, тазартуды, жууды, толық босатуды, үрлеуді, жөндеуді, пайдалану бақылауын жүргізу мүмкіндігін

10.

көздейтін ыдыстарды қолдану.

2. Ыдыстың қызмет ету мерзімі және пайдалану жөніндегі нұсқау көрсетілген ыдысқа паспорттың болуы. Паспорттың тиісті бөлімдерінің талаптарына сәйкес көлемде мәліметтері бар, қайта жаңартуға немесе жөндеуге арналған ыдыстардың элементтерін (корпустар, обечайкалар, түбі, қақпақтары, құбыр торлары, корпустың фланецтері, ірілендірілген құрастыру бірліктері) дайындау сапасы туралы дайындаушының куәлігінің боулы.

3. Әрбір ыдыста мынадай деректері бар бекітілген тақтайшаның болуы:

- тауар белгісі немесе дайындаушының атауы;
- ыдыстың атауы немесе белгіленуі;
- дайындаушының нөмірлеу жүйесі бойынша ыдыстың реттік нөмірі;
- дайындалған жылы; - жұмыс қысымы, мегапаскаль;
- есептік қысым, мегапаскаль;
- сынамалық қысым, мегапаскаль;
- қабырғаның рұқсат етілген ең жоғары және (немесе) ең төменгі жұмыс температурасы, Цельсий бойынша градус ;
- ыдыстың салмағы, килограмм.

Жоғарыда көрсетілген деректерді сыртқы диаметрі 325

	<p>миллиметрден кем ыдыстың корпусына электрографиялық әдіспен жағуды қамтамасыз ету.</p>		
11.	<p>1. Автомобильге газ құю станциясында мыналарға жол бермеу: - автокөлікте пайдалануға арналмаған баллондарды толтыру; автомобильдерге жанармай құю және автоцистерналарды толтыру кезінде сұйытылған мұнай газын шығару.</p> <p>2. Баллондар тиелген машиналардың және сұйытылған мұнай газы автоцистерналарының ашық оты бар орындардың және адамдар көп жиналатын орындардың жанында тұру орындарына жол бермеу. Сұйытылған мұнай газына арналған машинаның тұрақ орнынан қазылған шұңқырларға, жерқоймаларға және ж е р а с т ы коммуникациялары құдықтарының қақпақтарына дейінгі 5 метр және одан астам арақашықтықты сақтау.</p>		
	<p>1. Резервуарлардың 85% геометриялық сыйымдылығының толтырылуының ең жоғары деңгейінің сәйкестігін бақылау. Сыйымдылығы 1 литр – 10 грамнан аспайтын, 5 және 12 литр – 20 грамнан аспайтын, 27 және 50 литр – 100 грамнан аспайтын баллондарды өлшеу дәлдігінің ауытқуын қамтамасыз ететін өлшеу</p>		

12.

әдісімен баллондарды сұйытылған мұнай газымен толтыруды бақылау. Жұмыс ауысымы басталар алдында бақылау таразыларын гiр эталонының көмегімен тексеру. Баллонды толтырғаннан кейiн вентиль штуцерiнде бiтеуiштiң болуын тексеру.

2. Газ толтыру станциясының, газ толтыру пунктiнiң толтыру цехында және тиеу-түсiру алаңдарында бiр мезгiлде болатын баллондар санының нормасынан асырмау.

3. Орын ауыстыру кезiнде баллондардың құлауының алдын алу бойынша шараларды қамтамасыз ету.

4. Газ толтыру станциясы, газ толтыру пунктi, тұрақты автомобильге газ құю станциясы басшысының жазбаша рұқсаты негiзiнде куәландырудан немесе жөндеуден кейiн резервуарларды жұмысқа қосу.

5. Резервуарлардан, газ құбырларынан және баллондардан шөгiндiлердi кәдеге жаратуды қамтамасыз ету. Сұйытылған мұнай газының кәрізге түсуiн болдырмайтын тұндырғыштар арқылы ластанған суды кәрізге ағызу. Тұндырғыштарды мерзiмдi тазалау және таза сумен жуу. Тұндырғыштардан ластануларды санитарлық-эпидемиолог

	иялық қызмет арнайы бөлген орындарға шығару.		
13.	<p>1. Газға қауіпті жұмыстарды орындауға арналған наряд-рұқсаттарды арнайы тіркеу журналында тіркей отырып, ұйым басшысы бекіткен арнайы жоспар және газға қауіпті жұмыстарды жүргізуге наряд-рұқсат бойынша отпен жасалатын жұмыстарды орындау.</p> <p>2. От жұмыстарын орындау кезінде автомобильдердің стационарлық автомобильге газ құю станциясына, газ толтыру станциясы мен газ толтыру пунктінің өндірістік аймағына кіруіне, сондай-ақ сұйытылған мұнай газын төгуге және құюға жол берілмейді.</p> <p>3. Өртке қарсы қызмет бөлімшелері келгенге дейін қызмет көрсетуші персонал өртті жою қажеттілігі жағдайынан станциялар мен пункттердің аумақтарын, өндірістік үй-жайларын алғашқы өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етеді.</p> <p>4. Газ толтыру станциясының, газ толтыру пунктінің және тұрақты автомобильге газ құю станциясының аумағында "От қауіпті", "жарылыс қауіпті", "темекі шегуге жол берілмейді", "өрт шыққан жағдайда 101 немесе 112 телефонына қоңырау шалу" деген ескерту жазуларын ілу.</p>		

5. Сұрту материалдарын қақпақтары тығыз жабылатын металл жәшіктерде сақтау нормаларын сақтау. Аумақтан өндірістік процеске арналмаған бөгде заттарды, жанғыш материалдарды және әртүрлі қызықтарды жою, еркін өту мен өтуді қамтамасыз ету.

6. Резервуарлық парк аумағында және жарылыс-өрт үй-жайларында өндіріске қатысы жоқ адамдардың болуына жол бермеу. Жанармай құю және аумаққа кіру кезінде жолаушыларды автомобиль салонынан түсіруді сақтау.

7. Тұтынушыларға сұйытылған мұнай газын берудің технологиялық регламентімен белгілеу, газ толтыру станциясының, газ толтыру пунктінің және стационарлық автомобильге газ құю станциясының аумағында негізгі қызметпен байланысты емес жұмыстарды орындауға жол бермеу.

Резервуарлық, буланатын және топтық баллонды қондырғылар

1. Зауыт жағдайларында дайындалған резервуарлық қондырғыны: газ қысымын реттегішпен, сақтандыру-бекіту және сақтандыру-шығару клапандарымен, резервуардағы сұйытылған мұнай газының қысымы мен деңгейін бақылауға арналған бақылау-өлшеу аспаптарымен, бекіту арматурасымен, сұйық

және бу фазаларының құбырларымен, сондай-ақ техникалық қажеттілік кезінде сұйытылған мұнай газының буландыру қондырғыларымен жарактандыру.

2. Резервуарлық және топтық баллондық қондырғылардың реттегішінен кейін сұйытылған мұнай газының ең жоғары жұмыс қысымын 0,004 Мегапаскальдан асырмай ұстау. 1,15 және 1,25 ең жоғарғы жұмыс қысымына ысыру және бекіту сақтандырғыш клапандарын орнату. Резервуарлар саны екеуден артық болған кезде әрбір топтағы резервуарлардың сұйық және бу фазалары бойынша қосу құбырларында ажыратқыш құрылғыларды орнату.

3. Резервуарлық қондырғылардан ғимараттарға, құрылыстарға және коммуникацияларға дейінгі қажетті қашықтықты сақтау. Резервуарлық қондырғыларды кемінде 1 метр қашықтықта биіктігі кемінде 1,6 метр жанбайтын материалдардан жасалған желдетілетін қоршаумен жарактандыру, бұл ретте қоршаудан тұйық топырақ үйіп бекітілген жердің сыртқы жиегіне немесе жанбайтын материалдардан жасалған қоршау қабырғасына дейінгі қашықтық (

резервуарларды жерүсті орнату кезінде) кемінде 0,7 метр.

4. Буландыру қондырғыларының ашық алаңдарда немесе жеке тұрған ғимараттарда, үй-жайларда (Өндірістік ғимараттарға жапсарлас немесе жапсарлас салынған), резервуарлар қыталарының төбелерінде, сондай-ақ егер олар жеке үй-жайларда немесе ашық алаңдарда орналасса, газды тұтынатын агрегаттарда т і к е л е й орналастырылуының сәйкестігі.

5. Сұйытылған мұнай газына арналған топтық баллон қондырғысын және оның құрамын орналастырудың (ғимараттар мен құрылыстардан қашықтықта немесе С классты отқа төзімділігі III дәрежеден төмен емес газдандырылатын ғимараттардың қабырғаларында терезе және есік ойықтарынан қашықтықта ең жоғары жалпы сыйымдылықты ескере отырып) сәйкестігі (тиек арматурасы, газ қысымын реттегіш, рұқсат етілген қысым 15% - дан асқан кезде іске қосылатын, манометрді және жоғары және төмен қысымды құбыржолдарды көрсететін баллонның ж а р ы л у ы н болдырмайтын шығару клапаны бар баллон клапаны). Жеке баллон қондырғыларының терезе ойықтарынан кемінде 0,5 метр және бірінші

қабаттың есік ойықтарынан 1,0 метр, цоколь және жертөле қабаттарының есік және терезе ойықтарынан, сондай-ақ кәріз құдықтарынан кемінде 3,0 метр қашықтықта орналасуы. Қоғамдық немесе өндірістік ғимараттың жанында орналасудың бір топтан артық емес қондырғыға сәйкестігі.

6. Үй-жайларда жылыту радиаторлары мен басқа да жылыту аспаптары мен пештерден 1 метрден кем және ашық отты жылу көздерінен кемінде 5 метрден кем қашықтықта газы бар баллондарды орнатуға жол бермеу. Көліктің зақымдануынан және Цельсий шкаласы бойынша 45 градустан жоғары қызудан үй-жайдан тыс сұйытылған мұнай газы баллонын орнату кезінде қорғау. Баллондарды орнатудың мынадай сәйкестігі:

- 1) цокольдық және жертөле үй-жайларында және шатырларда;
- 2) астында және үстінде орналасқан үй-жайларда: қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының тамақтану және сауда залдарында, аудиториялар мен оқу сыныптарында, ғимараттардың көрермен (акт) залдарында, аурухана палаталарында, басқа да осыған ұқсас үй-жайларда;
- 3) табиғи жарығы жоқ үй-жайларда;
- 4) авариялық шығу жолдарында;

5) ғимараттардың басты қасбеттері жағынан.

7. Сұйықтың булануы қамтамасыз етілген және ауа мен топырақтың төмен температуралары кезінде сыртқы газ құбырларында сұйытылған мұнай газы буларының ықтимал конденсациясы тоқтатылған жағдайда ғана пропан мөлшері төмендетілген сұйытылған газды резервуарлық қондырғыларда пайдалану

1. Қызмет ету мерзімі 30 жылдан аспайтын баллондарды қолдануды сақтау және баллондардағы бояулардың, жазулардың және жолақтардың сәйкес келуі.

2. Әрбір баллонның жоғарғы сфералық бөлігіне оңай оқылатын деректерді салу: - дайындаушының тауар белгісі; - баллонның нөмірі; - Бос баллонның нақты массасы (килограмм): сыйымдылығы 12 литрге дейінгі баллондар үшін – 0,1 килограмға дейінгі дәлдікпен; 12 – ден 55 литрге дейінгі баллондарды қоса алғанда-0,2 килограмға дейінгі дәлдікпен; сыйымдылығы 0,2 килограмға дейінгі баллондардың массасы 55 литр оларды дайындауға дайындаушы за у ы т т ы ң құжаттамасымен сәйкес көрсетіледі; - дайындалған күні (айы, жылы) және келесі куәландыру жылы; -

жұмыс қысымы Р, мегапаскаль (шаршы сантиметрге килограмм);

- сынама лы гидравликалық қысым Р_{пр}, мегапаскаль (шаршы сантиметрге килограмм);
- баллондардың сыйымдылығы, литр: сыйымдылығы 12 литрге дейінгі баллондар үшін – номиналды, сыйымдылығы 12-ден 55 литрге дейінгі баллондар үшін-нақты, 0,3 литрге дейінгі дәлдікпен, сыйымдылығы 55 литрден асатын баллондар үшін-оларды дайындауға арналған нормативтік құжаттарға сәйкес;
- дайындаушының ТББ таңбасы (сыйымдылығы 55 литрден асатын стандартты баллондарды қоспағанда);
- сыйымдылығы 55 литрден асатын баллондарға арналған стандарт нөмірі.

3. Баллондарды сығылған, сұйытылған және еритін газдармен толтыру кезінде толтыру станцияларының баллондарды толтыруды есепке алу және толтырылған баллондарды бақылау журналын жүргізуі. Егер бір станцияда баллондарды әртүрлі газдармен толтыру жүргізілсе, әрбір газ бойынша жеке толтыру журналын жүргізу.

4. Газ қасиеттерін, жергілікті жағдайлар мен толтыру нормаларын ескере отырып, баллондарды газбен толтыру жөніндегі толтыру станциясының

технологиялық регламенті. Мынадай баллондарды газбен толтыруға жол бермеу:

- 1) тағайындалған куәландыру мерзімі аяқталғанда;
- 2) кеуекті массаны тексеру мерзімі аяқталды ;
- 3) баллон корпусы зақымдалған;
- 4) вентильдері ақаулы;
- 5) тиісті бояуы немесе жазбасы болмаса;
- 6) 0,5 атмосферадан кем емес газдың қалдық қысымы жоқ;
- 7) белгіленген таңбалар жоқ.

Баллондарды қабырғаның номиналды қалыңдығынан 10% астам тереңдікте жарықтар, майысулар, ойықтар, раковиналар, үзіктер және сілтілеу, мойын бұрамасының тозуы анықталған жағдайларда, сондай-ақ баллонда кейбір паспорттық деректердің болмауы, жарамсыз баллондарды мойын бұрамасына ойықтар салу немесе корпуста тесіктер бұрғылау жолымен жарамсыз күйге келтіру. Баллондарды куәландырушы адамның куәландыру нәтижелерін баллондарды куәландыруды тіркеу журналына жазуы. Ең төменгі ауа температурасы 12 градус Цельсий болатын арнайы жабдықталған жеке үй-жайларда баллондарды куәландыруды жүргізуді қамтамасыз ету.

5. Ацетиленмен толтырушы ұйымда

ацетиленге арналған баллондарды куәландыру кемінде 5 жылдан кейін, әрбір баллонға таңба сала отырып, кеуекті массаның жай-күйін кемінде 12 айдан кейін тексеру.

6. Ұзақ қоймалық сақтауда тұрған баллондарды куәландыру мерзімдері мен тәртібін жүргізуді қамтамасыз ету . Баллондарды сақтау кезінде құлаудың, соғылудың және ұшқынның пайда болуының алдын алу.

7. Баллондарды сақтау қоймаларының орналасуы мен құрамы атмосфералық жауын-шашыннан және күн сәулесінен қорғауды, баллондарды сақтау қоймаларын бөліктерге бөлуді, оттегі және жанғыш газдары бар баллондарды бір үй-жайда сақтауға жол бермеуді қамтамасыз етеді. Қоймадағы баллондармен жұмыс істеу жөніндегі нұсқаулықтарды, қағидаларды және плакаттарды ілу.

8. Ш а т ы р үй-жайларынсыз жеңіл типті жабындылары бар бір қабатты газдармен толтырылған баллондарды сақтауға арналған қоймалардың құрылғысын сақтау. Қабырғаларды, қалқаларды, отқа төзімділігі II дәрежеден төмен емес жанбайтын материалдардан жасалған жабындарды, сыртқа ашылатын терезелер мен есіктерді орындау. Терезе және есік ойықтарындағы

эйнектерді ақ бояумен бояу немесе күңгірт эйнектерді қолдану. Баллондарға арналған қойма үй-жайларының биіктігі еденнен шатыр жабынының төменгі шығыңқы бөліктеріне дейін кемінде 3,25 метрге тең болады.

Қоймалардың едендері беті тайғанамайтын тегіс, ал жанғыш газдары бар Баллондарға арналған қоймалар – оларға қандай да бір заттар тиген кезде ұшқын шығуды болдырмайтын, жанбайтын материалдардан жасалған беті бар. Қоймаларда қоймадағы баллондарды ұстау жөніндегі нұсқаулықтар, қағидалар мен плакаттар ілінеді.

9. Жарылыстарға қатысты қауіпті үй - жайлар үшін нормаларға сәйкес жанғыш газдары бар Баллондарға арналған қоймаларды жаратқандыру, ал жарылыс және өрт қауіпті газдары бар қоймалар найзағайдан қорғау құрылғыларымен жаратқандырылады.

Табиғи немесе жасанды желдеткіші бар газ толтырылған Баллондарға арналған қоймаларды жабықтау.

10. Баллондарды сақтауға арналған қойма үй-жайларын жанбайтын қабырғалармен бөліктерге бөлу, олардың әрқайсысында жанғыш немесе улы газдары бар 500-ден аспайтын баллон (40 литр) және жанбайтын және улы емес газдары бар 1000-нан аспайтын баллон (40

литр) сақталады. Адамдардың өтуіне арналған ашық ойықтары және жанбайтын және улы емес газдары бар баллондарды сақтауға арналған бөліктерді механикаландыру құралдарына арналған ойықтары бар биіктігі кемінде 2,5 метр жанбайтын қалқалармен бөлу. Әрбір бөліктің сыртқа шығатын дербес жолы болады.

11. Баллондарды, оның ішінде ацетиленге арналған баллондарды толтыру және техникалық куәландыру жүргізілетін ұйымды сәйкестендіру үшін уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде тиісті шифры бар таңбаны тіркейді.

1. Сұйытылған мұнай газын резервуарларға құю кезінде мынадай рәсімдерді қамтамасыз ету: төгу алдында қондырғылардың жабдықтарын, автоцистерналарды және резеңке-мата түтіктерді тексеру; қондырғыларда алғашқы өрт сөндіру құралдарының болуы және сәйкестігі; сұйық және бу фазасы бойынша резеңке-мата түтіктермен төгу-құю кезеңінде сұйытылған мұнай газы автоцистерналары мен резервуарларды жерге қосу және қосу; бөгде адамдардың болуын және ашық құбырларды пайдалануды болдырмау; артық сұйытылған мұнай газын, буланбаған қалдықтар мен суды

16.

резервуардан сұйытылған газдардың автоцистерналарына құю.

2. Сұйытылған газдардың топтық баллондық қондырғыларының қондырғыларын, шкафтарын және үй-жайларын алғашқы өрт сөндіру құралдарымен, резервуарлық және буландыру қондырғылары алаңдарының қоршауларында "ОТ ҚАУІПТІ ГАЗ" ескерту жазуларымен қамтамасыз ету.

3. Топтық баллон қондырғыларына техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді қамтамасыз ету. Қысыммен жұмыс істейтін ыдыстарды, топтық баллон қондырғыларын жүргізілген жөндеу жұмыстары және техникалық қуәландыру туралы мәліметтерді топтық баллон қондырғысының пайдалану журналына енгізу.

4. Газ баллондарын пайдаланушыларға нұсқама беруді қамтамасыз ету және газ баллондарын пайдаланушылардың нұсқамадан өтуін тіркеу журналына мәліметтер енгізу.

Өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының ішкі газ құбырлары мен газ пайдаланушы қондырғылары

1. Газ құбырлары жүргізілген және газ пайдаланатын агрегаттар мен арматура орнатылған үй-жайларға қызмет көрсетуші персоналдың

тұруына жол бермеу және қол жеткізуін қамтамасыз ету. Газ құбырларын бөгде конструкциялармен және заттармен жүктеуге жол бермеу және оларды тірек конструкциялары мен жерге тұйықтау ретінде пайдалану.

2. Қызмет көрсетуші персонал тарапынан тұрақты бақылаумен бақылау және қорғау аспаптары қосылған газ т ұ т ы н у қондырғыларының жұмысын қамтамасыз ету . Газ жабдығының апатсыз жұмысын және ақаулар мен ақаулар туындаған жағдайда аварияға қарсы қорғанысты қамтамасыз ететін автоматтандыру жүйесімен қондырғылар жабдықталған жағдайда, олардың жұмысын тұрақты бақылаусыз қондырғыларды пайдалану кезінде жұмыс істейтін персонал тұрақты болатын диспетчерлік пунктке немесе үй-жайға үй-жайдың газдануы және жабдықтың ақаулығы туралы сигнал шығару.

3. Ішкі газ құбырларына және газ жабдықтарына қажетті техникалық қызметті көрсетуді қамтамасыз ету. Пештерді, қазандарды және басқа да газ пайдаланатын жабдықтарды жөндеу кезінде, сондай-ақ тартым бұзылған кезде газ жолдарын тексеру және тазалау.

4. Газ пайдалану қондырғыларында

ақаулар, ақаулықтар және өрт туындаған жағдайда газ жабдығының апатсыз жұмысын және аварияға қарсы қорғанысты қамтамасыз ететін автоматтандыру жүйелерін қолдану;

5. Оттықтарды немесе газ жолдарын жөндеу, қарау және жөндеу алдында және бекіту арматурасынан кейін бітеуішті орната отырып, маусымдық әрекет ететін қондырғыларды жұмыстан шығару кезінде газ құбырларынан газ жабдығын ажырату

6. Меншік иесінің немесе пайдаланушы ұйымның жұмысқа енгізілгенге дейін маусымдық жұмыс істейтін қондырғыларды, оның ішінде жылыту қазандықтарын қамтамасыз етуі: Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелері бойынша қызмет көрсетуші персоналдың білімі мен нұсқаулығын тексеруді жүргізу; газ жабдығын және автоматтандыру жүйесін ағымдағы жөндеу; газ құбырларын тазарту, олардың жарамдылығын, сондай-ақ желдету жүйелерін тексеру; акт ресімдей отырып, түтін жолдары мен желдеткіш арналарын тексеру.

7. Меншік иесінің немесе пайдаланушы ұйым басшысының мамандандырылған ұйымның техникалық есебінің негізінде әрбір газ пайдаланушы қондырғыға қондырғы жұмысының режимдік

картасын жасауы және бекітуі. Әрбір газ пайдаланушы қондырғыда бекітілген карталарды ілу.

Металдарды газжалынды өңдеуге арналған жабдық

1. Газбен кесу, дәнекерлеу және металдарды газ жалынымен өңдеудің басқа түрлері бойынша арақашықтықты (көлденеңінен) сақтау кемінде:
10 метр – топтық газ баллон қондырғыларынан;
5 метр – оттегі және жанғыш газдары бар жеке баллондардан;
3 метр – газ құбырларынан және резеңке матадан жасалған жеңдерден, сондай – ақ қол жұмыстары кезіндегі газ тарату бекеттерінен және 1,5 метр-механикалық жұмыстардан.

2. Газ құбырларына (оның ішінде сұйытылған газға) тасымалданатын жанарғылар мен жылжымалы агрегаттардан тұратын, газ құбырында және жанарғыда қамыттармен сенімді бекітілген екі жақты арнайы ниппельдермен өзара жалғанған, үш бөлек кесектен аспайтын жалғау кезінде резеңке-мата түтіктердің ұзындығын (30 метрден астам) асырмау.

Қыздырғышта немесе жылжымалы Агрегатта бар краннан басқа, жеңге дейін орнатылған ажыратқыш кранды қолдану. Резеңке маталы түтіктердің жарамды

18.

техникалық жай-күйін (сызаттардың, қажалулардың, тіліктердің, кебулердің болмауы) және қысым мен температураның берілген шамалары кезінде тасымалданатын газға төзімділігін қамтамасыз ету.

3. Барлық газ бөлу бекеттеріне еркін қол жеткізуді қамтамасыз ету.

. Жанарғыларды, кескіштерді және басқа да аппаратураларды жөндеу үшін арнайы орындар бөлу. Газбен жабдықтау көзінің жанбайтын материалдарынан жасалған металл қалқаннан немесе қалқаннан жасалған қоршау;

4. Металдарды газжалынды өңдеу процестерін автоматтандыру кезінде қашықтықтан басқаруды қамтамасыз ету.

Жерасты газ құбырлары мен құрылыстарын коррозиядан электрохимиялық қорғау қондырғылары

1. Техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүргізу, газ құбырының қорғау қондырғыларының, тірек (бақылау-өлшеу пункттерінің) және басқа да әлеуеттерін өлшеу нүктелерінің орналасу орындарының схемасын, электрохимиялық қорғау қондырғыларын пайдаланатын ұйымның топырақтың коррозиялық агрессивтілігі және кезбе токтардың көздері туралы деректерді жасау.

2. Белгіленген мерзімде газ құбырларындағы электр әлеуеттерін өлшеуді, электрден

19.

қорғау қондырғыларын, оның ішінде телемеханикалық бақылау құралдарымен жабдықталмаған электр химиялық қорғау қондырғылары жұмысының тиімділігін тексеруді қамтамасыз ету . Электр оқшаулағыш қосылыстардың жарамдылығын кемінде 12 айда бір рет тексеру.

3. Бұрын жылына кемінде 1 рет қорғауды талап етпеген газ құбыры учаскелерінде кезбе токтардың қауіпті әсерін айқындау үшін, сондай-ақ өлшеу нүктелері арасындағы аралықпен елді мекендерде 200 метрден аспайтын және ауыларалық газ құбырларында 500 метрден аспайтын коррозиялық жағдайлардың әрбір өзгеруі кезінде әлеуеттерді өлшеуді жүргізу.

4. Газ құбыры меншік иесінің немесе газбен жабдықтау ұйымының бақылау-өлшеу пункттеріндегі жерасты болат газ құбырларының қорғаныш жабындарын, коверлерді және оқшаулағыш ернемек қосылыстарын жөндеу жөніндегі шараларды уақтылы қабылдауы.

5. Меншік иелерімен және пайдаланушы ұйымдармен газ құбырларының коррозиялық зақымдану себептерін анықтауды және олардың комиссияларының тексеруін қамтамасыз ету . Коррозиялық қауіп

	<p>аймақтарын жою бойынша жұмыстар орындалмаған жағдайда газ құбырларын қолданыстағы газ желісінен ажырату. Анодты және белгі ауыстыру аймақтарын жойғанға дейін газ құбырларын қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін іс-шараларды әзірлеу және орындау.</p>		
<p>Ықтимал жарылыс қаупі бар орталардың электр жабдығы</p>			
<p>20.</p>	<p>1. Жарылыстан қорғалған жабдықты мерзімді тексеруді, сынауды, техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді дайындаушы ұйым белгілеген мерзімде, бірақ 6 айда кемінде 1 рет жүргізуді қамтамасыз ету . Пайдалану құжаттамасына атқарылған жұмыс туралы мәліметтерді енгізу. 2. Іске қосқыштар мен автоматты ажыратқыштардың ең жоғары ток қорғанысын 6 айда кемінде 1 рет тексеру жүргізу. 3. Оқшаулағыш таспаны, шикі резеңкені, иілгіш резеңке түтіктердің қабық сынықтарын қолданбай кабельдердің тығыздалуының зақымдануын жою.</p>		
	<p>1. Электр жабдығы мен электр сымдарын қарап-тексеруді жүргізу: 1) әрбір жұмыс ауысымының басында – қызмет көрсетуші персонал, кезекші электр дәнекерлеуші; 2) ай сайын – ұйымның электр шаруашылығына жауапты тұлға жүргізеді. Жарылыстан қорғалған</p>		

21.	<p>Жабдықтың анықталған ақауларын дереу жою.</p> <p>2. Статикалық электрден қорғаудың және найзағайдың екінші рет пайда болуының, оның ішінде түйіспелердің, жалғағыш сымдардың, шиналардың жалғастырғыштарының жарамдылығын 6 айда кемінде 1 рет тексеруді қамтамасыз ету.</p>		
-----	---	--	--

Бақылау-өлшеу аспаптары, Автоматтандыру және сигнализация жүйелері

	<p>1. Меншік иесінің, пайдаланушы ұйымның газ құбырлары мен агрегаттарда дайындаушы зауыттарды пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарда белгіленген көлемде және мерзімде орнатылған бақылау аспаптары мен құралдарына тұрақты техникалық бақылау, Қызмет көрсету, ағымдағы және күрделі жөндеу, автоматтандыру және сигнализация жүргізуін қамтамасыз ету .</p> <p>2. Бақылау-өлшеу аспаптары көрсеткіштерінің ақаусыздығы мен дұрыстығын қысқа уақыт ажырату және көрсеткіш бағыттамааны бақылау мәніне қайтару жолымен тексеру жүргізу</p> <p>1) газ толтыру станциясында, газ толтыру пунктінде, тұрақты автомобильге газ құю станциясында, қазандықтарда, өнеркәсіптік, ауыл шаруашылығы және басқа да ұйымдардың</p>		
--	--	--	--

ішкі газ құбырларында ауысымда кемінде бір рет ;
2)
жылу механикаландырылған газ реттеу пункттерінде 2 айда кемінде 1 рет;
3) айына кемінде 1 рет шкафтық газ реттеу пункттерінде, сұйытылған мұнай газының резервуарлық және топтық баллон қондырғыларында, автоматтандырылған қазандықтарда жүзеге асырылады.

3 Ө л ш е у
зертханаларының тексеру аралық интервалмен жұмыс өлшем құралдарына міндетті мерзімдік тексеру жүргізуі:

- 1) тартқыш қысым өлшегіштер, манометрлер (көрсететін, өздігінен жазатын, қашықтықтан);
- 2) сұйытылған мұнай газы баллондарын бақылап өлшеу үшін пайдаланылатын салмақ өлшеу аспаптары, гир-эталондар;
- 3) өздігінен жазатын термометрлер;
- 4) көрсететін термометрлер;
- 5) қысымды, температураны, қысымның төмендеуін түрлендіргіштер.

4. Білімді тексеруден өткен арнайы оқытылған персоналдың өлшеу құралдарына, автоматтандыру және сигнализация жүйелеріне техникалық қызмет көрсету мен жөндеуге жоспарлы және ішінара тексерулер жүргізуі:

1) кемінде 3 жылда бір рет (Егер технологиялық процесті автоматты басқару жүйелерінің жабдықтары мен құралдарын дайындаушы зауыттардың нұсқаулықтары жиі тексеруді талап етпесе) мынадай көлемде: оқшаулауды сынау; аппаратуралар мен коммутациялық элементтердің жай-күйін тексеру; жұмыстың негізгі параметрлерін тексеру; құрылғыларды іс-әрекетте сынап көру.

2) жергілікті жағдайларды және пайдалану қызметінің техникалық мүмкіндігін ескере отырып жасалған және газ тарату ұйымының техникалық басшылығы белгіленген тәртіппен бекітетін кесте бойынша 3 айда бір реттен кем емес: оқшаулау кедергісін өлшеу; аппаратураның және екінші реттік тізбектердің жай-күйін тексеру; құрылғыларды әрекетте сынап көру.

5. Жөндеудің барлық түрлерінен кейін, сондай-ақ жүйенің қанағаттанарлықсыз жұмысы немесе жекелеген құрылғылардың істен шығуы жағдайында жоспардан тыс тексерулер жүргізу.

1. Айына кемінде 1 рет, сондай-ақ жабдықты жөндеу аяқталғаннан кейін қорғау, бұғаттау және сигнал беру құрылғыларының іске қосылуына тексеру жүргізуді қамтамасыз ету.

23.	<p>2. Газдану сигнализаторының үй-жайды әдейі газдантирмай бақылау газ-ауа қоспасын пайдалана отырып параметрлерге сәйкестігіне тексеру жүргізу.</p> <p>3. Жобада көзделген бақылау-өлшеу аспаптары, блоктау және сигнализация іске қосылған газ жабдығын пайдалануды қамтамасыз ету.</p> <p>4. Жөндеу немесе тексеру үшін алынған аспаптарды , оның ішінде пайдалану шарттары бойынша бірдей аспаптарға ауыстыру. Өндірістік үй-жайлардың ауасындағы газдың шоғырлануын бақылауға арналған жылжымалы аспаптармен жарактандыру..</p>		
-----	--	--	--

Ерекше табиғи және климаттық жағдайларда газбен жабдықтау жүйелерін пайдалану кезіндегі қосымша талаптар

	<p>1. Жергілікті жер бедерімен, топырақтың геологиялық құрылымымен, гидрогеологиялық режиммен, газ құбыры құрылысы аумағының толық өңделуімен, климаттық және сейсмикалық жағдайлармен, сондай-ақ басқа да әсерлермен және олардың уақытында өзгеру мүмкіндігімен байланысты газ құбырына әсерінің болуы мен мәндерін ескере отырып, ерекше жағдайлары бар аумақтарда газ құбырларын пайдалануды қамтамасыз ету. Газ құбырларын салу</p>		
--	--	--	--

кезінде қайнаған болаттан жасалған құбырларды қоспағанда, Болат құбырларды қолдану.

2. Газ құбырларының жер а с т ы

коммуникацияларымен, коллекторлармен және әртүрлі мақсаттағы арналармен қиылысу орындарында, сондай-ақ газ құдықтарының қабырғалары арқылы газ құбырларының өту орындарында футлярларды орнату.

Қорғаныш құрылғысына шығатын еңістің жоғарғы нүктесіндегі (құдықтар қабырғаларының қиылысу орындарын қоспағанда) футлярдың бір ұшындағы бақылау түтігімен жарақтандыру.

3. Электр сымдарын немесе электр кабелін құбырдың

қозғалғыштығы жағдайында қосылыстың сенімділігін қамтамасыз ететін газ құбырына бекіту құрылымын орындау.

4. Газ құбырларының құбырларын электр доғалы дәнекерлеу әдістерімен жалғауды орындау. Жер асты газ құбырларының дәнекерленген қосылыстарының физикалық әдісімен 100% бақылау жүргізу.

Дәнекерленген қосылыстардағы кез келген ұзындықты және тереңдікті өткізбеу. Жакын дәнекерленген түйіспеден ғимарат іргетасына дейінгі арақашықтықты сақтау - кемінде 2 метр.

5. Табиғи және жасанды кедергілер арқылы өту учаскелерінде, сондай-ақ есептеулер бойынша жерасты төсеу кезінде рұқсат етілгеннен асатын газ құбырларында кернеулері бар ойықтар, жарықтар пайда болуы мүмкін учаскелерде газ құбырларын жерүсті және жерүсті төсемдерін орнату. Жобада көзделген газ құбырларына Компенсаторларды орнату. Газ құбырларында ажыратқыш құрылғылар ретінде гидроқақпақтарды қолдануды болдырмау.

6. Кесу арқылы газ құбырларындағы кернеуді түсіргенге дейін жер бетінің белсенді қозғалу кезеңінде жер асты газ құбырларын күнделікті айналып өтуді қамтамасыз ету.

7. Ерекше табиғи және климаттық жағдайларда газ тарату жүйелері объектілерін және газ тұтыну объектілерін салу кезінде қосымша шаралар қолдану:

1) сейсмикалығы 7 балдан жоғары аудандарда газ құдықтарын салу кезінде темірбетон құдықтарының негізінің плиталары және кірпіш қабырғалары бар құдықтардың монолитті темірбетон негізі қалыңдығы 100 миллиметр тығыздалған құм жастығына төселеді;

2) газ құдықтарының темірбетонды немесе монолитті жинамалы топырақтағы құрылысы,

құдықтардың қабырғаларының сыртқы беттері тегіс, темірмен сыланған. Қабырғалар мен қатқан топырақ арасындағы тұтасуды азайту үшін шайырлы материалдардан жасалған жабынды немесе үстіне қиыршық тас немесе құм-қиыршықтас топырағын қайта құюды орнату. Құдықтың жабынын құм-қиыршық тас немесе басқа тазартылмаған топырақпен толтыру;
3) шөгетін макропорлы топырақтарды салу кезінде құдықтар негізінің астындағы топырақты нығыздау..

Жылу электр станциялары (ЖЭС) мен қазандықтардың газ тарату жүйесі мен газ тұтыну объектілерін пайдалану кезіндегі жарылыс қауіпсіздігінің талаптары

1. Жылу электр станциялары мен қазандықтардың газбен жабдықтау жүйелерінде оны тұрақты бақылау және тексеру үшін газ құбырының бүкіл ұзындығы бойынша қол жеткізу қамтамасыз етіледі. Бекіту және реттеу арматурасын орнату орындары ж а с а н д ы жарықтандырумен қамтамасыз етіледі.
2. Газ құбырының таратушы газ құбырынан қазандыққа қарай әрбір тарамына екі тиек құрылғысын орнату, бұл ретте газ жүрісі бойынша бірінші тиек құрылғысы қол жетегімен, екіншісі электр жетегімен орындалады. Газ құбырын үрлеу газ құбырының бекіту құрылғылары арасында жабдықтау.

25.

3. Тұрақты жану процесін , оның бақылау, сондай-ақ алып тастау мүмкіндігі білім беру нашар желдетілетін аймақтардың конструкциясы оттығын, компоновкой қыздыру құрылғыларының, газ қалдықтары жану өнімдерін шығару үшін және газ жолдарын жану өнімдерінің циркуляциялау жүйесінің жағу.

4. Қазанды жағу алдында, жанарғылар мен сақтандыру-Ысырма клапандарының алдында тиек құрылғылары ысырмасының герметикалығын іске қосу алдында тексеру жүргізу. Консервациялау режимінен шығарылатын қазандықтың газ құбырларына оларда жоспардан тыс техникалық қызмет көрсету жүргізілгеннен кейін газды іске қосуды орындау.

5. Газ арматурасын бөлшектеуге, ішкі газ құбырларын қосуға және жөндеуге, қазандық ішіндегі жұмыстарға, сондай-ақ қазандықтың газ құбырларын консервациялау режиміне шығару кезінде байланысты жұмыстарды қауіпсіз жүргізуді қамтамасыз ету. 0,01 мегапаскаль (су бағанының 1000 миллиметр) қысымы кезінде Қазандық газ құбырларын ауамен бақылап нығыздау арқылы газ құбырларындағы бітеуіштерді алу, қазандарды ішкі қарау,

	тазалау және жөндеу наряд-рұқсатын ресімдей отырып орындау.		
26.	<p>1. Қазандықтардың газ құбырларын тиек құрылғылары және сынама алу үшін штуцерлері бар үрлеу газ құбырларымен, оның ішінде қажет болған жағдайда жағу үрлеу газ құбырымен жарақтандыру. Газ құбырының әрбір тұйық учаскесінің соңында немесе газ жүрісі бойынша соңғы жанарғының бекіту құрылғысының алдында (газ құбырларында тұйық учаскелер болмаған кезде); газ құбырында бірінші бекіту құрылғысына дейін әрбір жанарғының алдында оның ұзындығы бірінші бекіту құрылғысына дейін 2 метрден артық болған кезде үрлеу газ құбырын орнату. Үрлеу газ құбырларының қауіпсіздік құбырларымен, сондай-ақ газдың әртүрлі қысымымен бір мақсаттағы газ құбырларымен бірігуін болдырмау.</p> <p>2. Газдандырылған қазандық қондырғыларын технологиялық қорғағыштармен, бұғаттағыштармен және сигнализациямен жарақтандыру</p>		
Газ қауіпті жұмыстар			
	1. Құрамында екі жұмысшыдан кем емес бригада жұмыстарды қауіпсіз жүргізуге жауапты тағайындалған тұлғаның басшылығымен		

газға қауіпті жұмыстарды жүргізу:

- 1) жаңадан салынған газ құбырларын қолданыстағы газ желісіне қосу;
- 2) пайдалануға беру кезінде, жөндеуден кейін және оларды консервациялағаннан кейін газ құбырларына және газбен жабдықтау жүйелерінің басқа да объектілеріне газ жіберуді, сондай-ақ іске қосу-жөндеу жұмыстарын жүргізуді қамтиды;
- 3) газ құбырларына, газ реттеу пункттерінің (газ р е т т е у қондырғыларының) жабдықтарына, газ пайдалану агрегаттарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу, сондай-ақ жарылыстан қорғалған электр жабдығына техникалық қызмет көрсету және жөндеу;
- 4) бітеуіштерді жою, бітеуіштерді орнату және алу, жұмыс істеп тұрған газ жабдығының, аспаптар мен аппараттардың газ құбырларын ажырату;
- 5) газ құбырларын ажырату, үрлеу және демонтаждау;
- 6) резервуарлық қондырғыларда, газ толтыру станцияларында, газ толтыру пункттерінде, сұйытылған мұнай газының тұрақты автомобильге газ құю станцияларында төгу немесе құю операцияларын орындау, сондай-ақ сұйытылған

мұнай газын ақаулы және толып кеткен баллондардан төгу;

7) құдықтарды жөндеу, тексеру және желдету, сыртқы газ құбырларындағы су мен конденсатты тексеру және шығару, сұйытылған мұнай газының буланбаған қалдықтарын тартып шығару және төгу;

8) резервуарларды техникалық куәландыруды дайындау және жүргізу;

9) газ шығу орындарында оларды жойғанға дейін топырақ қазу;

10) газ реттеу пункттерінде, газ толтыру станцияларында, газ толтыру пункттерінде, тұрақты автомобильге газ құю станцияларында от жұмыстарын жүргізу;

11) баллондар мен газ баллон машиналарын толтыру.

2. Рұқсат нарядтарын тіркеу журналында тіркей отырып, газға қауіпті жұмыстарды жүргізуге наряд-рұқсат беру. Газ қауіпті жұмыстарды жүргізуге рұқсат нарядтарын бес тәулікке беру және кемінде бір жыл Сақтау мерзімдерін сақтау. Күндізгі уақытта газға қауіпті жұмыстарды орындау.

3. Өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері жөніндегі емтихан тапсырған басшы қызметкерлер мен мамандар қатарынан нарядтар беру құқығы бар адамдарды газбен жабдықтау жүйесі ұйымының немесе өз газ

27.

қызметінің газбен жабдықтау жүйесін пайдалануды жүзеге асыратын ұйымның бұйрығымен тағайындау.

4. Рұқсат беру нарядынсыз Орындалатын, жұмыстардың әрбір түрі үшін бекітілген технологиялық регламенттер және қауіпсіз әдістер жөніндегі нұсқаулықтар бойынша рұқсат беру нарядын ресімдемей жұмыс істейтін тұрақты құрамның осындай жағдайларда мезгіл-мезгіл қайталанатын газ қауіпті жұмыстарды жүргізуі, (бұдан әрі – есепке алу журналы). Есепке алу журналы тігіледі және мөрмен бекітіледі, беттері нөмірленеді.

5. Техникалық басшы бекіткен арнайы жоспар бойынша жоғары қысымды газ құбырларына газды жіберуге байланысты жұмыстарды, жоғары, орта және төмен қысымды газ құбырларын қосу жөніндегі жұмыстарды, газ реттеу пункттерінде (газ реттеу қондырғыларында), газ толтыру станцияларында, газ толтыру пункттерінде, сұйытылған мұнай газының стационарлық автомобильге газ құю станцияларында дәнекерлеу және газ кесу арқылы жөндеу жұмыстарын орындау, газ құбырларында "газ астында" төмен, орташа және жоғары қысымды дәнекерлеу мен газ кесуді

қолдана отырып жөндеу жұмыстары, тұтынушыларды ажыратуға байланысты төмен, орташа және жоғары қысымдағы газ құбырларындағы газ қысымын төмендету және қалпына келтіру, тұтастай ұйымға газ беруді ажырату және кейіннен қосу, газ толтыру станцияларында, тұрақты автомобильге газ құю станцияларында, газ толтыру пункттерінде резервуарларды сұйытылған мұнай газымен бастапқы толтыру. Жұмыс жоспарына және наряд-рұқсатқа орындалатын жұмыстың орны мен сипаты көрсетіле отырып, атқарушылық сызба немесе одан үзінділер қоса беріледі.

6. Аварияларды оқшаулау және жою жөніндегі жұмыстарды арнайы есепке алу журналында тіркеу.

7. Ұшқын шығу мүмкіндігін болдырмайтын түрлі-түсті металдан жасалған газ қауіпті жұмыстар кезінде қолданылатын құралды, болат таға қағарсыз және шегесіз аяқ киімді, жарылыстан қорғалып орындалған тасымалды шамдарды, құдықтар мен қазаншұңқырларды желдетуге арналған желдеткіштерді немесе компрессорларды, ауаның газдануын тексеруді іріктеуге арналған аспаптарды, құдықтың, қазаншұңқырдың шетіне

бекітуге арналған құрылғысы бар металл баспалдақтарды жарамды күйде жаратқандыру резервуардың люгі, иық белдіктері бар құтқару белдіктері, шлангілі немесе оттекті-оқшаулағыш газқағарлар, құтқару арқандары.

8. Құтқару белдіктеріне, белдік карабиндеріне және құтқару арқандарына сынақтар жүргізуді камтамасыз ету 6 айда кемінде 1 рет маманның немесе басшының басшылығымен сынақтар нәтижелерін актімен ресімдей және жеке қорғану құралдарын сынауды тексеру журналында тіркей отырып жүргізіледі.

9. Барлық қысымдағы сыртқы газ құбырларын, өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының, қазандықтардың ішкі газ құбырларының төмен қысымын, сондай-ақ газ реттеу пункттеріне (газ тарату қондырғылары), газ толтыру станцияларына, газ толтыру пункттеріне және автомобильді газ құю станциясының жабдықтары мен газ құбырларын бақылау престоу бойынша жұмыстарды жүргізудің технологиялық бірізділігінің сәйкестігі.

Аварияларды оқшаулау және жою

1. Газ тарату және газ тұтыну жүйелерінің объектілеріндегі инциденттер мен аварияларды оқшаулау

және жою үшін демалыс және мереке күндерін қоса алғанда, тәулік бойы жұмыс істейтін газбен жабдықтау ұйымдары құрған мамандандырылған бөлімшелердің (авариялық-қалпына келтіру жұмыстары қызметтері, авариялық-диспетчерлік қызметтер, авариялық бекеттер) болуы.

2. Әрбір ұйымда авариялық бригадалармен жаттығу сабақтарын өткізу, кейіннен персоналдың іс-қимылын бағалау және мерзімінде журналға тіркеу:

1) аварияларды оқшаулау және жою жоспарлары бойынша әрбір тақырып бойынша, әрбір бригада үшін – 6 айда кемінде 1 рет;

2) әртүрлі мақсаттағы қызметтердің өзара іс – қимыл жоспарлары бойынша-жылына кемінде 1 рет.

3 .
Авариялық-диспетчерлік қызметке өтінімдерді авариялық өтінімдерді тіркеудің арнайы журналында тіркеу.

Анықтамалармен талдауды ресімдеу және кейіннен газбен жабдықтау жүйесі объектілеріне техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыруды жақсарту жөніндегі іс-шараларды әзірлей отырып, барлық өтінімдерге талдау жүргізу.

4. Әрбір аварияға, инцидентке (жазатайым

оқиғаға) техникалық
актіні ресімдеу.

5. Авариялық
бригадаларды
радиостанциямен,
сиренамен, көк түсті
жарқылдауық маякпен
жабдықталған және
инциденттер мен
авариялар мен олардың
салдарын уақтылы
оқшаулау үшін
құралдармен,
материалдармен, бақылау
аспаптарымен,
керек-жарақтармен және
құрылғылармен
жабдықталған арнайы
машинамен
жарақтандыру.
Авариялық бригадаларды
планшеттермен (
маршруттық карталармен
) және қажетті
атқару-Техникалық
құжаттамамен (газ
құбырының
байланыстыру
жоспарлары, дәнекерлеу
жіктерінің схемалары)
жарақтандыру. Газ
қызметінің
авариялық-жөндеу
машиналарын
материалдық-техникалық
құралдармен
жарақтандыру.

Лауазымды адам (-дар) _____

лауазымы

ҚОЛЫ

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бақылау және қадағалау субъектісінің басшысы _____

лауазымы

ҚОЛЫ

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің м.а.
2022 жылғы 30 қарашадағы № 102 мен
Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрі
2022 жылғы 30 қарашадағы
№ 260 бірлескен бұйрығына
11-қосымша
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2015 жылғы 15 желтоқсандағы
№ 1206
және Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 814 бірлескен бұйрығына
11-қосымша

Қатты пайдалы қазбаларды қайта өңдеу жұмыстарын жүргізетін қауіпті өндірістік объектілерге қатысты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау аясындағы тексеру парағы

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган _____

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт _____

№, күні

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі), бизнес- сәйкестендіру нөмірі _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1-кіші бөлім. Негізгі қағидалар			
1.	Фабриканы пайдаланатын ұйым басшысымен әзірленген және бекітілген технологиялық регламенттердің болуы		
2.	Фабриканы пайдаланатын ұйым басшысымен әзірленген және бекітілген технологиялық регламенттердің орындалуы		
3.	Өнімділікке тәуелсіз қауіпті өндірістік объектілерді құрылысын салу, кеңейту, қалпына келтіру, жаңғырту, жабу және жою бойынша жобалық құжаттамалардың болуы және қадағалануы, соның ішінде өнеркәсіптік қауіпсіздік тарауының және бүлінген жерлерді қалпына келтіру тарауының болуы		
4.	Ақаулы қондырғыларда жұмыс жүргізуге, ақаулы құралдар мен аспаптарды қолдануға жол бермеу		
5.	Ұйым басшысымен әзірленген және бекітілген өндірістік бақылау туралы ереженің ; технологиялық регламенттің; аварияларды жою жоспарының болуы		
6.	Жұмысшылар мен мамандарды олардың мамандықтарына сәйкес арнаулы киім, арнаулы аяқ киімі, жарамды қорғау дулығалары, көзілдіріктері, жеке		

	қорғаныс құралдарының (бұдан әрі – ЖҚК) болуы		
7.	Қауіпсіздіктің аса жоғары талаптары қойылатын аса қауіпті жұмыстарды орындауға жазбаша наряд-рұқсаттардың берілуін қамтамасыз ету		
8.	Ережелерді бұзушылық анықталған жағдайда жұмыс жүргізу жол бермеу, әрбір жұмыс орны ауысым көлемінде ауысымның техникалық жетекшісімен қаралады		
9.	Адамдардың, машиналар мен механизмдердің қозғалысын қиындататын кірме жолдардың және қондырғылардың жұмыс орындарының заттармен кедергіленуіне жол бермеу		
10.	Өрт сөндіру құралдарына апаратын жолдардың кедергіленуіне жол бермеу		
11.	Ұйым басшысының жазбаша рұқсатынсыз (тек апаттық жағдайлардан басқасы) тіршілікті қамтамасыз ету объектілерін (электр аралық станциялар, сутөкпелер, калориферлік қондырғылар, қазандықтар) тоқтатуға жол бермеу		
12.	Барлық қызмет көрсетілетін алаңдарды, өтпелі көпіршелерді және сатыларды жақтауының биіктігі 1 метрден кем емес берік, төзімді және тіреуішінің төмен жағы биіктігі 0,14 метрлік тұтас қаптамасы бар жақтаулардан жасау қажет		
	Жұмыс алаңдарына және механизмдерге апаратын		

13.	<p>сатыларда келесі еністік бұрыштар болуы шарт:</p> <p>1) тұрақты қолданылатын – 45 градустан артық емес;</p> <p>2) бір ауысымда 1-2 мәрте қолданылатын – 60 градустан артық емес;</p> <p>3) зумпфтарда, құдықтарда – 90 градусқа дейін. Сатылардың ені 0,6 метрден кем емес, баспалдақтың биіктігі – 0,3 метрден артық емес, баспалдақтардың ені – 0,25 метрден кем емес белгіленеді. Зумпфтар мен құдықтарда қапсырғыштарды пайдалануға рұқсат етіледі</p>		
14.	<p>Жайларда және ұйым аумағында орналасқан барлық монтаждық аралықтар, қабылдағыштар, зумпфтар, құдықтар, арықтар тіреуішінің төмен жағы биіктігі 0,14 метрлік тұтас қаптамасы бар биіктігі 1 метрлік жақтаулармен қоршалады немесе барлық беті бойынша төсемелермен (торлармен) жабылады, ал қажетті жерлерде ені 1 метрден кем емес өтпелі көпіршелермен жабықталады</p>		
15.	<p>Жұмыс алаңдарын кедергілемеу, сондай-ақ өтпелер мен жұмыс алаңдарын қиып өткен жағдайда еден деңгейінен 2,0 метрден кем емес биіктікте құбырларды, астауларды, коммуникацияларды орналастыру. Өтпелер мен жұмыс алаңдарын реагент құбырлары қиып өткен кезде тұғырлардың</p>		

	болуы: өтпе (жұмыс алаңы) деңгейінен бастап тұғырдың ең шығыңқы бөлігіне дейінгі минималды биіктік - 1,8 метрден кем емес		
16.	Еден деңгейінен 1,5 метрден артық биіктікте орналасқан, ені 0,8 метрден кем емес, қашықтан басқарылмайтын және бақылау-өлшеу аспаптары жоқ тығын арматурасына қызмет көрсетуге арналған стационарлық алаңның болуы		
17.	<p>Машиналар мен аппараттардың арасындағы және қабырғалардан бастап қондырғылардың габариттеріне дейінгі минималды арақашықтық былай белгіленеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізгі өтпелерде – 1,5 метрден кем емес; 2) машиналар арасындағы жұмыс өтпелері кезінде – 1 метрден кем емес; 3) қабырғалар мен машиналар арасындағы жұмыс өтпелері кезінде – 0,7 метрден кем емес; 4) машиналар арасындағы және қабырғалар (құрылыс құрылымы) мен машиналар арасындағы қалыпты жұмыс өтпелерін қадағалаған кезде жергілікті тарылу – 0,7 метрден кем емес; 5) қызмет көрсету және жөндеу үшін бактарға, астауларға және резервуарларға апаратын өтпелерде – 0,6 метрден кем емес 		
	Қондырғыларды жөндеу кезінде ірі ауысымдық		

18.	желілер мен бөлшектерді тасымалдау үшін арналған өтпелердің минималды ені әрбір жағынан 0,6 метр қосу арқылы желілер мен бөлшектердің ең үлкен көлденең өлшемдерімен белгіленеді		
19.	Персоналды барлық қауіпті өндірістік факторлардан қорғауды қамтамасыз ету		
20.	Машиналар мен механизмдердің барлық қозғалыстағы және айналмалы бөліктерінде, өткізгіш пен берілістің барлық элементтерінде сенімді бекітілген қоршаулар болуы тиіс, бұл жұмыс істеп тұрғанда оларға кіруге жол бермейді. Еден деңгейінен 2,5 метр (қоса алғанда) биіктікте орналасқан немесе жұмыс алаңдарынан кездейсоқ жанасу мүмкіндігі бар қондырғылардың барлық ашық қозғалыстағы бөліктері қоршалады, тек функционалдық тағайындамасы бойынша рұқсат етілмейтін бөліктер ғана қоршалмайды. Қоршау тұтас немесе торкөзінің өлшемдері 20x20 миллиметрлік торлардан жасалады. Егер машиналардың атқарушы органдары адамдар үшін қауіп тудырса және қоршалмаса, онда машиналардың іске қосылғандығын ескертетін дабыл және энергия көзінен ажырататын және тоқтататын құралдар қарастырылады. Машиналар мен		

	<p>механизмдерді энергия көздерінен ажырататын және тоқтататын құралдар технологиялық талаптарға сай болуы тиіс және машиналарды, механизмдерді және агрегаттарды апаттық ажырату қажет болған жағдайда персонал мен басқа тұлғаларға қол жетімді орындарда орналасуы тиіс.</p>		
21.	<p>Орналасу биіктігіне және айналу жылдамдығына қарамастан тісті, таспалы және тізбекті берілістерде тұтас қоршаулардың болуы. Қоршаулар алынбалы, берік және тот басуға және механикалық әсерлерге төзімді болуы тиіс. Қиын орындарда орналасқан агрегаттардың қозғалмалы бөліктері құлыпталатын құралы бар жалпы қоршалады</p>		
22.	<p>Монтаждаудан немесе жөндеуден кейін қондырғыны жұмысқа қосу жауапты тұлға тарапынан қауіпті аумақта адамдар болмауын тексергеннен кейін ғана іске асырылады</p>		
	<p>Қондырғыны жұмысқа қосар алдында ескертетін жарық немесе дыбыстық дабылды беру. Көрінетін аумақтан тыс орналасқан қондырғыны жұмысқа қауіпсіз қосу тәртібін қамтамасыз ету: ескертетін жарық дабылын беру, ұзақтығы 10 секундтан кем болмауы тиіс, іске қосылатын барлық механизмдерге естілуі тиіс. Бірінші дабылдан</p>		

23.	<p>кейін 30 секундтан кем емес уақыт тосу қажет, содан кейін қондырғыны іске қосар алдында ұзақтығы 30 секундтық екінші дабыл беріледі. Механизмдер мен қондырғыларды іске қосу жоғарыда аталған іске қосу алдындағы дабылды қамтамасыз ететін құралмен блокталады. Қондырғыларды іске қосу іске қосылатын қондырғының атауын және технологиялық нөмірленуін көрсету арқылы дыбыс күшейткіш байланыспен хабарланады. Аса қатты шулы орындарда қайталағыш жарық дабылы қарастырылады. Дабылдарды беру тәртібі іске қосылатын қондырғыларды пайдаланатын және қызмет көрсететін барлық жұмысшылардың мәліметіне алдын ала жеткізіледі. Берілетін дабылдардың шартты белгіленуі жұмыс орындарында ілінеді</p>		
24.	<p>Технологиялық регламентті қадағалау арқылы қондырғылардың пайдаланылуын қамтамасыз ету</p>		
25.	<p>Техникалық құралдардың ақаусыздығын және жинақтылығын тұрақты тексеру: ауысым сайын машинист (оператор) тарапынан, күнделікті – учаске механигі, энергетигі тарапынан және ай сайын – объектінің бас механигімен, бас энергетигімен немесе тағайындалған тұлғамен. Тексеру нәтижелерін а у ы с ы м д ы</p>		

	қабылдау-тапсыру журналында көрсету қажет. Ақаулы техникалық құралдарды пайдалануға жол бермеу		
26.	Қозғалмалы бөліктерді және қоршауларды жөндеуге және қызмет көрсетуге жол бермеу, жұмыс істеп тұрған машиналар мен механизмдерді қолмен майлауға және төгінділерді қолмен жинауға жол бермеу		
27.	Зауыт шығарушының пайдалану жетекшілігіне, техникалық төлқұжатына, нормативтік құжаттарына сәйкес техникалық қондырғылардың пайдаланылуын, қызмет көрсетілуін, олардың монтаждалуын, демонтаждалуын қамтамасыз ету. Зауыт шығарушымен нормаланған техникалық сипаттамаларды қамтамасыз ету, қондырғыны пайдаланудың барлық кезеңінде қадағалау		
28.	Сұрыптау-қораптау автоматтары машинисінің және қораптау желісінің жұмыс аумағында пакеттерге, жәшіктерге немесе қаптарға салынған дайын өнімдерді қоймалау технологиялық регламентке сәйкес жүргізіледі		
29.	Қораптау машинасына арналған жай тауарлық өнім қоймасынан қабырғалармен бөлініп, арасына конвейерлік таспа өтетін саңылау қалдырылады.		

	Саңылаулар өнімнің конвейер арқылы өтуіне кедергі келтірмейтін арнайы алжапқыштар немесе перделер түрінде нығыздалып жабылады		
30.	Қораптау машинасы машинисінің жұмыс орнына ыдыстарды механизациялық тәсілмен тасымалдау. Пресс-конвейер алдында дайын өнімдері бар қаптарды бағыттау үшін арнайы бағыттағыш құралын орнату		
31.	Қызмет көрсететін персонал еркін кіретін жайларда орналасқан шнекті тиегіштердің түсіру саңылауларын жауып тұратын жылжымалы құрал орнату. Шнекті тиегіштерге арбаның жүрісін шектейтін құрал орнату		
32.	Кен қабылдайтын корпустың (бөлімшенің) алдына шанаптар алаңында құрамдардың (автосамосвалдардың, төңгершектердің, канаты жолдардың, механизмдердің) кіруіне рұқсат ететін немесе тыйым салатын бағдаршам орнату. Кейбір жағдайларда түсіру жұмыстары шлагбаумнан блокталатын және шанап алдында орнатылған бағдаршамның рұқсат ететін дабылы бойынша іске асырылады. Қабылдау және түсіру құралдарының және шанаптарының жұмыс алаңдарында теміржол құрамдарының келгендігі туралы қызмет көрсететін персоналға		

	хабарлауға арналған дыбыстық және жарық дабылдары орнатылады. Дабылдар құрамдар келіп жеткенге дейін және төңгершекті көтергіштер мен канатты жолдардың жұмысы басталғанға дейін 1,5-2,0 минут калғанда беріледі		
33.	Жұмыс алаңдарында қабылдау құралдарының болуы, теміржол рельстері басының деңгейінде жылжымалы құрамға қызмет көрсетуге арналған өтпелер қарастырылады. Осы мақсаттар үшін рельстердің арасына рельс бастарының деңгейімен бірге төсемелер жабдыкталады		
34.	Теміржолдардың габариттеріне кеннің төгілуіне және бөгде заттардың шашылуына жол бермеу		
35.	Қабылдау құралдарына апаратын шанаптардың қабылдағыш ойықтарында жөндеу жұмыстары жүргізілген кезде көлік персоналына бұл туралы хабарлау арқылы шлагбаумдардың жолын жабу. Поезд құрамдары қабылдау құралдарының ауданынан шығарылады. Екі немесе одан да көп қабылдау шанаптары болған кезде, олардың бірінде жөндеу жұмыстарын қамтамасыз ету үшін басшымен бекітілетін жұмыстарды ұйымдастыру жобасы әзірленеді		
	Шанаптың қабылдау алаңы мен нәрлендіргіш алаңдарының және ірі ұсату ұсатқышының		

36.	арасында байланыстың (телефон, дыбыс күшейткіш, жарық) болуы		
37.	Қабылдау құралдарының бүйірлерінде және түсіретін жаққа қарама қарсы жағында тиеу саңылауларында берік жақтаулары бар қоршаудың болуы. Екі жақты түсіру кезінде бүйірлік жағынан қоршаулардың болуы		
38.	Шаң түзілген жағдайда шанаптардың қабылдау алаңдарында және өнімдерді тиеу алаңдарында шаң басудың (шаң тұту) болуы		
39.	Шанаптардағы кен күмбездерін, іліктастарын жою үшін арнайы аспаптар мен құралдардың (электровибратор, пневматикалық құрал, гидрожую) болуы. Бұл мақсаттар үшін адамдардың шанапқа түсуіне жол бермеу. Түсіру қақпақтары ашық болған жағдайда қабылдау шанаптарының түсірілуіне жол бермеу		
40.	Егер аралық шанаптар өздігінен түсірілетін арбалармен толтырылмаса, онда оларды төсемелермен жабдықтау. Өздігінен түсірілетін арбаларды немесе реверсивтік конвейерлерді қолданған кезде түсіру саңылаулары торкөз ені 200x200 миллиметрден артық емес торлармен жабылады немесе биіктігі 1 метрден кем емес қоршаулармен жабдықталады.		

	<p>Шанаптарға мұндай қоршауларды немесе торларды конвейерлік көлікті қайта тиеу орындарында орнату</p>		
<p>41.</p>	<p>Жөндеу жұмыстарын орындау немесе қарау үшін адамдарды қабылдау оймаларына (шанаптарына) түсірумен байланысты жұмыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жұмыстарды ұйымдастыру жобасын құрастыру, бұл кезде келесі талаптар міндетті қадағалануы тиіс:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жұмыстар наряд-рұқсат бойынша орындалады; 2) шанапты, оның құрылымдарын, шанап үстіндегі алаңдарды және теміржолдарды осы учаскедегі материалдардан толық тазалау, шанаптың ауа ортасын желдету және жағдайын бақылау; 3) аралық шанаптардың қабылдау және көлік құралдарының жұмыс алаңдарында және шанаптық ысырмалардың механизмдерінде шанаптың ішінде жүргізілетін жұмыстарды көрсететін ескерту дабылдары орнатылады; 4) жұмысшыларды шанапқа түсірер алдында тиеу және түсіру нәрлендіргіштері тоқтатылып, ажыратылады, "Қосуға болмайды! Адамдар жұмыс істеуде!" плакаттары ілінеді, бұрынғы және кейінгі қондырғылардың электрлік сымбалары бөлшектеліп, сымдары токтан ажыратылады; 		

	<p>5) заттардың жұмыс істеп тұрған шанапқа түсіп кетуінің алдын ала алмайтындай жағдай болса, шанаптағы жұмыс істеп жатқан адамдардың зақымдануына жол бермейтіндей сенімді жабындылар қойылады;</p> <p>6) шанаптағы жұмыстар кезінде бригада үш адамнан тұрады, оның екеуі шанап үстіндегі бөлікте орналасады;</p> <p>7) жөндеу жұмыстарын жүргізетін жұмысшылар сақтандыру белдіктерін киіп, берік тіреулерге байланады. Жұмыс кезінде тросты немесе канатты шанап үстіндегі бөлікте тұрған бақылаушы адам ұстап тұрады;</p> <p>8) жарықтандыру үшін шанаптың ішінде кернеуі 12 Вольттан артық емес жылжымалы шамдар қолданылады</p>		
42.	<p>Кенді автокөлікпен берген кезде қабылдау шанабының түсіру алаңында тіреулер орнату , ол автокөліктердің шанапқа сырғуына жол бермейді</p>		
43.	<p>Ұсатқыштың жұмыс кеңістігінде кеннің ірі кесектері тұрып қалған кезде оларды ұсатқыштан көтергіш құралдардың көмегімен немесе жару арқылы алу қажет. Ұсатқышта тұрып қалған кен кесектерін қолмен алуға жол бермеу. Ұсатқыштың жұмыс кеңістігінде тұрып қалған ірі кен кесектерін балғамен немесе шой балғамен ұсатуға жол бермеу</p>		

44.	<p>Ұсатқыштың жұмыс кеңістігіне адамдарды түсірген кезде сақтандыру белдіктерін қолдану, ұсатқыштың тиеу саңылауларының үстіне уақытша төсемелерді қолдану, ол жұмыс жүргізу жобасына сәйкес бөгде заттардың құлап кетуінен адамдарды сақтандырады, жұмыстарды наряд рұқсат бойынша жүргізу</p>		
45.	<p>Електердің түсіру және тиеу оймаларының барлық ені бойынша қызмет көрсететін персоналды кен кесектерінің лақтырылуынан қорғайтын қорғаныс аспаптарының болуы</p>		
46.	<p>Електерді іске қосар алдында жүктердің барлық бекітпелерін, әсіресе теңсіз дебаланстық жүктердің бекітпелерін мұқият қарау</p>		
47.	<p>Ұсатқыштардан кен кесектерінің лақтырылуының алдын алу мақсатында тиеу саңылауларына келесілерді орнату қарастырылады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) конусты ұсатқыштар үшін – тұйық алынбалы қоршаулар, "үйінді" астында жұмыс істейтін I кезеңнің ірі ұсату ұсатқыштарынан басқасы. 2) жақты ұсатқыштар үшін – ұсатқыштың жұмыс кеңістігінен жайларға қарай кен кесектерінің лақтырылуына жол бермейтін қалқаншалары 		

	бар биіктігі 1 метрден кем емес бүйірлік тұйық қоршаулар		
48.	Нәрлендіргіштердің кенді електерге, тиеу және түсіру оймаларына беретін шығару саңылауларында жүргізу жұмыс істеп тұрған нәрлендіргіштер мен електер кезінде тек арнайы жүргізу саңылаулары бар болғанда ғана рұқсат етіледі		
49.	Осы Ережелерді қадағалаған кезде түсіру електерін қолмен тазалауға және түсіру оймаларына адамдарды түсіруге болады. Електердегі электр двигательдерін ажыратқан кезде іске қосу құралдарына " Жұмыс істеуге болмайды ! Адамдар жұмыс істеуде !" ескерту плакаттары ілінеді		
50.	Жұмыс кезінде электр дірілді нәрлендіргіштердің науаларын тазалау кезінде нәрлендіргіштің беткейіне тұруға, оларға қол тигізуге, дірілді сымдардың саңылауын тазалауға жол бермеу		
51.	Корпус қақпағы ашық қалғанда ұсатқыштың іске қосылуына жол бермейтіндей жұдырықты, көлденең және тік балғалы ұсатқыштарға блоктағыш құралдарды орнату		
52.	Қақпағының салмағы 50 килограммнан артық жұдырықты және көлденең балғалы ұсатқыштардың корпустарын ашып-жабуды		

	механизациялық тәсілмен жүргізу		
53.	Жарылысқа қауіпті шаң түзілетіндей ұсату кезінде шаң жарылысына жол бермейтін шараларды орындау арқылы кенді ұсату		
54.	Жергілікті басқару кезінде диірмендер мен классификаторлардың іске қосу құралдары қондырғыны іске қосқан адамның беті осы қондырғылардың жұмысын бақылайтындай орналасуы тиіс		
55.	Диірменнің қақпағы төмен қараған кезде қақпақтың бұрандаларын бұрауға немесе босатуға жол бермеу, диірменнің жүрісі кезінде ұйықты нәрлендіргіштің қабық бұрандаларын бекіту		
56.	Шарларды контейнерлерге тиеу орындарын қоршау, "Қауіпті!" плакатын ілу. Контейнерді көтерген кезде адамдардың қауіпсіз қашықтықта болуы. Контейнерлерге шарларды беткейлерден төмен 100 миллиметрден төмен деңгейге дейін тиеу		
57.	Технологиялық регламентке сәйкес өзектерді тиеу бойынша шарлы нәрлендіргіштерді, механизмдерді пайдалану		
	Классификаторларға қызмет көрсету үшін жұмыс алаңдарын классификатор ваннасының беткейінен төмен 600 миллиметрден кем емес деңгейде орналастыру қажет. Классификатор		

58.	<p>ваннасына қарама қарсы жағынан жұмыс алаңдары биіктігі 1000 миллиметрлік металл жақтаулармен жабдыкталады.</p> <p>Классификаторға айналу механизмдеріне қауіпсіз қызмет көрсету және спираль мен рейкаларды қауіпсіз көтеру үшін жақтаулары бар көпіршелер (алаңдар) жабдықтау қажет, сымдардың элементтері қоршалады.</p> <p>Классификаторға айналу механизмдеріне қауіпсіз қызмет көрсету және спираль мен рейкаларды қауіпсіз көтеру үшін жақтаулары бар көпіршелер (алаңдар) орнату</p>		
59.	<p>Орта және ұсақ ұсату ұсатқыштарында, оларды кенмен нәрлендіретін таспалы конвейерлерге металдың түсіп кетпеуіне жол бермес үшін металл іздестіргіштерді, алғыштарды, магниттік шайбаларды, арнайы құралдарды орнату.</p> <p>Жұмыс аумағынан шығарылмаған магниттік алғыштан және конвейер таспасынан металды алуды тек конвейер тоқтатылғаннан кейін және магниттік жүйе ажыратылғаннан кейін ғана жүргізу</p>		
60.	<p>Шығыс алаңдарындағы аралық бөшкелерге және нәрлендіргіштерге сұйық реагенттерді және реагенттердің ерітінділерін сорғылардың көмегімен құбырлар арқылы беру.</p> <p>Цианид пен күкіртті натрийді құрғақ түрінде нәрлендіру үрдісінің</p>		

	<p>тікелей нүктесіне беруге жол бермеу.</p> <p>Флотациялық бөлімшелер бойынша реагенттердің шағын мөлшерін арнайы жабық сауыттармен тасымалдауға рұқсат етіледі</p>		
61.	<p>Реагенттерден сынаманы механизациялық аспаптардың көмегімен алу. Жұмысшы реагенттерден сынаманы қолмен алған кезде сабының ұзындығы 200 миллиметрден кем емес сынама алғыштарды қолдану</p>		
62.	<p>Цианидтердің шығыс бөшкесінің реагент алаңдарындағы жергілікті желдеткішпен жабдықталған және құлыпқа жабылатын окшауланған жайларда орналасуы</p>		
63.	<p>Беру нүктесіне цианидтердің реагент құбырын енгізу цианид ерітіндісіне еркін қол жеткізу мүмкіндігіне жол бермейтіндей жүргізілуі тиіс. Реагенттерді беру нүктелерінде реагенттердің мөлшерін өлшеуге рұқсат етілмейді</p>		
64.	<p>Реагенттердің аралық, шығыс бөшкелерінің астауларын және олармен байланысты коммуникацияларды апаттық ыдыстармен жабдықтау, оларға қажет болған кезде реагенттер толық ағызылады</p>		
65.	<p>Флотациялық бөлімшенің дренаждық құралынан тысқары арнайы құбыр арқылы реагент алаңдарындағы ағынды суларды жою</p>		

66.	<p>Қышқылдардың цианид және ксантогенат, аэрофлот, күкіртті натрий және гидросульфид ерітінділерімен араласуына жол бермеу. Мыс, мырыш және темір купоросы, хлорлы мырыш және хлорлы кальций ерітінділерінің күкіртті натрий, гидросульфид және цианид ерітінділерімен араласуына жол бермеу, себебі бұл кезде аса улы газдар (күкіртті сутек және синил қышқылы) бөлініп, құбырларды бітеп тастайтын ерімейтін тұнбалардың түзілуі ықтимал</p>		
67.	<p>Жинамалы ағаш белдеулі пеногон тоқтатылған кезде камералар шламдалған кезде флотациялық машинаның импеллер блогының шпинделін қолмен бұрау. Двигательді іске қосу тек жұмысшылар белдеуден кеткеннен кейін ғана жүргізіледі</p>		
68.	<p>Флотация машиналарын авариялық түсіру және шайылған суларды жинау үшін сорғылары бар зумпфтар (жертөлелер) орнату</p>		
69.	<p>Қойыртпақтың технологиялық сынамаларын жұмыс істеп тұрған флотокамералардан тікелей алу пеногон міндетті тоқтатылған кезде бұл мақсаттарға арнайы арналған сынамаалғыштармен жүргізу</p>		
	<p>А у а н ы пневмамеханикалық және пневматикалық флотамашиналардың</p>		

70.	камераларына беретін ауаурлегіштерді дыбысты окшаулау және шу жұту бойынша іс-шараларды орындай отырып жеке үй-жайларда орналастыру		
71.	Жұмысшылардың флотореагенттермен байланысы мүмкін бөлімдерде суық және ыстық су беретін қолжуғыштар орнату, теріге тиген заттарды ағынды сумен шая отырып, дереу алып тастайтын құрылғылар, көзді шаюға арналған фонтандар орнату		
72.	Электрмагнитті және магнитті сепараторларды пайдалану кезінде магнитті жүйеге металдан жасалған заттарды жақындатуға жол бермеу. Электрмагнитті сепараторларды тоқтатқан кезде магнитті жүйенің орамынан кернеу өшіріледі		
73.	Құрғақ магнитті және электрмагнитті сепарация кезінде аппаратура тартпа желдету жүйесіне қосылу үшін арналған келте құбыры бар герметикалық қаптамаларға орналастырылады. Жарамсыз және өшірілген желдету кезінде сепараторларды пайдалануға жол бермеу		
74.	Науашалар мен сепараторлардың қарау және көсеу люктары жұмыс кезінде жабық тұрады. Қоректендіргіш науасынан жаңқаны және заттарды қолмен алуға жол бермеу. Саңылауды және сепаратор таспасы		

	жүрісінің дұрыстығын реттеуді оның астыңғы жағына бөгде заттарды төсеу арқылы жүргізуге жол бермеу		
75.	Электрсепараторы корпусының тозаң ылғалды өткізуіне жол бермеу. Корпус герметикасы және барлық люктар болмаған кезде (байқау саңылаулары) оның тігісінде және қалыңдауларда сепараторды қосуға жол бермеу		
76.	Сепаратордың ішкі электрбөлшектеріне қол жеткізуді қамтамасыз ететін есіктер сепаратор жұмысы кезінде оның ашылу мүмкіндігіне жол бермейтін электр бұғаттау орнату. Жоғары кернеу желісінен өшірілген электрсепараторлардың ток жеткізетін бөлшектеріне оларды токтан ажыратуға және индикатормен тексеруге дейін жанасуға жол бермеу. Екінші адамның қатысуынсыз электрсепаратор қаптамасындағы есікті ашуға және жабдыққа, қорғағыштарды ауыстыру, кернеуі төмен аппаратурасы жағында байланыстарды тарту және сүрту сияқты жұмыстар түрлерін қоспағанда ағымдағы жөндеу жүргізуге жол бермеу. Мұндай жағдайда алдын ала кернеу осы аппараттан алынып тасталады		
	Электрсепаратор машинисі мен түзеткіш құрылғылар		

77.	операторының жұмыс орындары арнайы диэлектрлі окшаулаулағыштарды пайдалана отырып жабдықтау		
78.	Жарылысқауіпті немесе улы булар мен газдардың көп мөлшерде бөлінуі мүмкін өндірістік үй-жайлар үшін, ұсақтағыштардағы шаңның жарылуы кезінде күкіртті газдың бөлінуі мүмкін балғалы ұсақтағыштар бөлімдері үшін авариялық тартпа желдету құрылғысын қарастыру		
79.	<p>Б а л ғ а л ы ұсақтағыштардың жұмыс кеңістігінде күкіртті кен шаңы жарылуының алдын алу үшін мыналар қамтамасыз етіледі:</p> <p>1) жұмыс істеп тұрған ұсақтағыштардың ұсақтау аймағына өңделген буды немесе ұсақшашыранды суды (тұманқалыптастырғышта рмен, форсункалармен) тұрақты беру;</p> <p>2) ұсақтау бөліміндегі б а р л ы қ электртехникалық жабдықтарды, құбыржолдарды, металл ауа үрлегіштерін, конвейерлер жақтауларын, металл құрылымдарын жерге қосу тізбегінің үздіксіздігін қамтамасыз ету жолымен ұсатқыштарда статикалық электр жиналудан қорғау</p>		
	Жылытылатын ұсақтау бөлімдерінде және конвейерлік галереяларында (құрғақ ұсақтауда) кендегі		

80.	күкірттің немесе күкіртті тозаң ошағын өшіру үшін өрт сөндіру крандары бар өртке қарсы су құбырлары, ал жылытылмайтын бөлімдер мен галереяларда өртсөндіргіштер қарастыру		
81.	Күкірттік кенді орташа ұсақтау үшін ұсақтағыштарды беттің нөлдік белгісінен төмен орналастыруға жол бермеу		
82.	Балғалы ұсақтағыштар бөлімінде жұмысшыларға ұсақтағыштың жақтауында "жарылыс" кезінде қалыптасатын күкіртті газдан қорғау үшін оқшаулау газқағарларымен қамтамасыз ету		
83.	Сәулелену көздері пайдаланатын және оларды пайдалануға негізделген сепарация, бақылау және талдау әдістері қолданылатын жұмыстар мен процестерді технологиялық регламентпен сәйкестікте жүзеге асыру		
84.	Сәулелену көздерін пайдаланатын фабрикалар шекті рұқсат етілетін дозалардан аспайтын деңгейлерге дейін сәулеленудің жиынтық дозасын төмендетуді қамтамасыз ету		
85.	Радиоактивті препараттарды төсеу орындарынан радиоактивті сәулелену тиісті дозиметрлік құралдармен өлшеу		

86.	<p>Аппараттардың ішкі беттерін шөгіндерден және қалған материалдан тазарту және оларды тексеру, жөндеу мақсатында жуу атаңтарының, ауыр суспензиядағы байыту аппараттарының және гравитациялық байыту аппаратының жұмыстары ішіндегі жұмыстарды жүктелім-рұқсатнама бойынша жүзеге асыру</p>		
87.	<p>Гравитациялық байыту аппараттарының жұмыс істеуі кезінде оның қозғалмалы және айналмалы бөліктерімен жанасуға, мойынтіректерді майлауға, аппараттан бөгде заттарды алуға жол бермеу</p>		
88.	<p>Жуылған кен және гравитациялық байыту өнімдерінің сынамасын қолмен алуды бұл мақсатар үшін арнайы белгіленген орындарда жүргізу. Байыту өнімдерінің сынамасын тікелей қозғалмалы тетіктерден қолмен алуға жол бермеу</p>		
89.	<p>Ротор үлгісіндегі реттығынды құрылғыларын пайдалану кезінде ауаны атмосфераға шығаруға арналған терезелерді металл торларымен жабу</p>		
90.	<p>Шиберлі құрылғының илеуішін жөндеу немесе ауыстыру, шөктіру машинасының ішкі корпусын тазарту және жөндеу бойынша жұмысты сусыздандыру элеваторының башмағын жөндеу немесе тазарту жұмыстарымен бір уақытта жүргізуге жол</p>		

	<p>бермеу. Машина корпусында көрсетілген жұмыстарды жүргізу кезінде элеватордың электрлік сызбасы бүлініп, ескерту плакаты ілінеді</p>		
91.	<p>Материалды аппаратқа жеткізетін және байыту өнімдерін алып кететін науашалар еңісі 45 градустан астам болғанда кен мен қойыртпақтың лақтырындысына жол бермес үшін жоғарғы жағынан жабу</p>		
92.	<p>Радиалды қойылтқыштар, пирамида тәрізді және астаулы тұндырғыштар, егер бортының үстіңгі жақтауы жұмыс алаңының деңгейінен кемінде 1000 миллиметр биіктікте тұрғанда, қоршалады. Борт маңындағы үстінен жабылған пирамида тәрізді тұндырғыштар, егер барлық саңылаулары , жөндеу лазалары мен люктері металл қақпақтарымен жабылса, қоршалмайды</p>		
93.	<p>Радиалды қойылтқыштардың, пирамида тәрізді және астаулы тұндырғыштардың борты бойынша жүруге жол бермеу</p>		
	<p>Сақиналы науашаға тұруға және қойыртпақ қалыңдығын өлшеу кезінде және сынамаларды сұрыптауда ферманың қоршалған алаңына өтуге жол берілмейді. Қызмет көрсетілетін (өтетін) алаңдарға сақиналы науаша сыртына қойылтқыштардың жылжымалы</p>		

94.	фермасының жүк артын шығаруға жол бермеу. Қойылтқыш жетегінің қызмет көрсетілетін алаңдарының ылғалды әрі тайғанақ бетімен жүруге жол бермеу, қойылтқыштың қозғалмалы фермасына көтерілу таяныштары бар арнайы баспалдақтармен жүзеге асырылады. Қойылтқыштың сақиналы науашасын тазарту жылжымалы жақтаудың жетегін өшіргеннен кейін жүзеге асыру		
95.	Материалдың сусыздандыру електерінің ені бойынша біркелкі бөлінуін қамтамасыз ететін құрылғылардың құрылымы сусыздандырылатын материалдың лақтырындысына және қойыртпақтың шашырауына жол бермеу		
96.	Лабиринттерді шөгінділерден тазарту бойынша жұмыстарды жүргізу кезінде елек тоқтатылады, електі немесе доғалық елеуішті қоректендіру өшіріледі, іске қосу құрылғыларында: "Қосуға болмайды! Адамдар жұмыс істеп жатыр!" атты плакат ілінеді		
97.	Атанақты және дискілі вакуум-сүзгілермен жұмыс істеу кезінде секторларды тартуға жол бермеу		
98.	Кектен жақтауларды және төсемдерді тазарту үшін сүзу аппараттарын		

	пайдалану кезінде арнайы күрекшелерді пайдалану		
99.	Сүзгі-престің қысу құрылғысының жұмыс істеуі кезінде жақтауларды, плиталарды және сүзгі майлықтарын қолдануға жол бермеу		
100.	Кектен сүзгі-престі түсірмес бұрын, ол сұйықтықты барынша жоюға дейін сығылған ауамен үрлеу. Түсіру бойынша жұмысты бір уақытта кемінде екі жұмысшымен жүргізу. Үрлеу кезінде ерітіндінің шашырауына жол бермес үшін сүзгі-пресс матамен жабылады		
101.	Вакуум-сүзгінің атанағы қосылып тұрған кезде тартқыш сымның үзілген жерін қалпына келтіруге жол бермеу		
102.	Зиянды бөлінділері бар сүзгі аппараттарының жұмысы кезінде тартпа желдету үздіксіз жүргізіледі, нутч-сүзгілер қақпақтармен жабылады		
103.	Атанақты сүзгілерде тұнбаны шаю үшін құрылғылар бар болғанда , оларды қызмет көрсететін персоналдың шашырандыларынан қорғау үшін қоршау. Жылжымалы жақтаулары бар жайма сүзгілері тұнбаны шаюға қолайлы стационарлық аландармен жабдықтау		
104.	Центрифуга ашық қақпақ , жоғары діріл, асыра жүктелім және тұрақсыз қоректендіру кезінде оның жұмысына жол бермейтін бұғаттаумен жабдықтау		

105.	<p>Жарамсыз бекітпе арматурасы, қорғағыш клапандары мен монометрлері бар буландыру аппаратында өшірілген тартпа желдету , ашық аппарат кезінде қорғау көзілдірігінсіз және ақаулы қарау шыныларымен жұмыс істеуге жол бермеу. Буландыру аппараттары жұмыс істеген кезде тығыздықтардың деңгейін өлшеуді және сынамаларды алуды қамтамасыз ететін буландыру аппараттары осы операцияларды орындаудың қауіпсіз жүйесімен жабдықталады және оларды жүзеге асыру үшін сөндіріледі</p>		
106.	<p>Буландыру аппараттарындағы люктерді тура желдетуді қамтамасыз ететіндей етіп орналастыру, ал қорғаныш клапандардан шығарылатын құбырлар сыртқа шығарылады</p>		
107.	<p>Буландыру аппаратын жұмыс істеу кезінде қарауға қарау шынысы арқылы ғана қамтамасыз ету. Аппараттардың дәнекерленген тігістерін тексеру үшін қозғалмалы құрылғыны қарастыру</p>		
108.	<p>Қызметкерлер құрамын кіргізу үшін коректендіретін магистральдарды (булы және сұйық) буландыру аппараттарынан сенімді өшіруді, аппараттағы қысымды атмосфералықпен теңестіруді және ондағы температураны плюс 40 градус Цельсия дейін төмендетуді қарастыру. Буландыру</p>		

	аппаратындағы жұмыстар жауапты тұлғаның қатысуымен жүргізіледі		
109.	Пештерді тазарту және жөндеу кезінде пеш ішіндегі температура 60градус Цельсия артық болғанда адамдардың болуына жол бермеу. Пеш қосылып тұрған кезде пештің аузын ашуға, еденді тазартып, кектерді алуға жол бермеу		
110.	Пештің маңында төгілген мазут құммен себіліп, алынып тасталады. Шығын күбіршігіндегі сұйық отынның тұтануы кезінде сұйық отынды дереу авариялық бакқа шығару және өрт сөндіру бойынша шаралар қабылдау		
111.	Реакторлар мен сілтісіздендіргіштер оларды сұйықтықтармен толтырудың деңгейін бақылайтын техникалық құралдармен, белгі берумен және белгіленген деңгейден артуына жол бермейтін бұғаттаумен жабдықталады. Компоненттерді, ерітінділерді мөлшерлеу және оларды араластыру газдардың бөлінуі мен қоспалардың шығуы арқылы жүретін қарқынды реакцияларға жол бермейтін автоматтандырылған тәсілмен жүзеге асыру		
	Реактордың түсіру штуцерлерін тазалау реакторда сұйықтық болмаған кезде және коректендіретін құбырөткізгіштер жабылған кезде		

112.	араластырғыштың толық тоқтауы кезінде ғана жүзеге асыру. Ерітінділердің реактор құрылымына авариялық төгілуі үшін тиісті коммуникациялары немесе сыйымдылықтары бар арнайы шығарудың болуы		
113.	Реакторлармен жұмыс істеу кезінде олардың қақпақтары тығыз жабылып бекітілуі тиіс. Реакторды жұмысқа қоспас бұрын тартпа және жалпы айналымдық желдетуді қосу. Желдету жүйесі қосылғанға дейін реакторды іске қосу мүмкіндігіне тиісті бұғаттаумен және белгі берумен жол бермеу		
114.	Жоғары қысымдағы барлық аппараттарды рұқсат етілген мөлшерлерден аппарат жұмысы режимінің (қысым, температура) ауытқу мүмкіндігіне жол бермейтін бақылау-өлшеу құралдарымен және қорғағыш құрылғыларымен жабдықтау		
115.	Жоғары қысымды аппараттарды тиеу және түсіру кезінде оларда механикаландырудың болуы. Жоғары қысымдағы аппараттарды қолмен түсіруге авариялық жағдайларда ғана жол беру және оны кемінде екі жұмысшы түсірілетін өнімдерге сәйкес келетін құбыржолдар магистраліне жүргізу		
	Атмосферасында адамдардың денсаулығы үшін зиян газдардың,		

116.	<p>аэрозольдардың, қоспалардың болуы мүмкін барлық үй-жайларды тартпа желдетумен жабдықтау, зиян заттардың шекті рұқсат етілетін шоғырлануы артылғаны туралы белгі жүйелері бар тиісті бақылау-өлшеу құралдарымен жабдықтау . Адамдардың өзін-өзі ұстау, соның ішінде зиян заттардың авариялық лақтырындысы жағдайында олардың жеке қорғаныс құралдарын пайдалану тәртібі технологиялық регламентке сәйкес</p>		
117.	<p>Алтын шығару ұйымдарында амальгамация процесін пайдалануға жол бермеу</p>		
118.	<p>Жоғары улы реагенттер пайдаланылатын алтын шығару ұйымдары цехтары мен бөлімдерінің едендері, қабырғалары, төбелері және құрылыс құрылымдары тығыз, майда болып орындау және ерітінділерді сіңірмейтін, тез жуылатын гидрофобты жабындылармен жабылады.</p> <p>Таяныштардан басқа тұтас емес қабатаралық аражабындылардың бос шеттеріне биіктігі кемінде 20 сантиметр ылғал өткізбейтін бөгеттер орнату</p>		
	<p>Алтын шығаратын ұйымдардың (оның ішінде сыйымдылықтар мен жабдықтар астындағы) едендері ерітінділер мен қойыртпақтың жиналуына жол</p>		

119.	<p>бермейтін дренажды каналдар мен зумпфтарды жағына қарай еңкіш қылып орнату. Алаңдар мен қабатаралық аражабындыларда орнатылатын жабдық астында төмен орналасқан зумпфтарға немесе сыйымдылықтарға ағызындылары бар дренаж жүйесінің құрылғысын міндетті түрде қарастыру. Сорғылары бар каналдар мен зумпфтардан тұратын едендердің дренаж жүйесі барлық ағынды сулардың жиналуын және олардың технологиялық процеске қайтарылуын қамтамасыз ету</p>		
120.	<p>Екі процес бірыңғай технологиялық тізбекті құрайтын жағдайларды қоспағанда, бір үй-жайда циандауды қышқыл ортада өтетін процестермен біріктіруге жол бермеу. Бұл жағдайларда ерекше сақтандыру шаралары қабылданады (барлық аппараттардың вакууммен жұмыс істеуі, жұмыс орындарында ауа құрамына үздіксіз бақылау</p>		
121.	<p>Технологиялық процестер қышқыл ортада өтетін бөлімдерде жекеленген дренаж жүйелері орнатылады: қышқыл дренажды сулар шығарылмас бұрын бейтараптандырылады. Бұл бөлімдердің едендері, қабырғалары, құрылыс құрылымдары мен</p>		

	жабдықтары қышқылға төзімді жабындыдан тұрады		
122.	<p>Ауаны жергілікті сору:</p> <p>1) ұйымның ұсақтау бөлімінде - ұсақталу цианисты ортада жүзеге асырылатын, диірмендердің тиеу және түсіру мойындарынан;</p> <p>2) концентратты кептіру бөлімінде - кептіру пештерінің (атанақтардың) тиеу және түсіру тесіктерінен;</p> <p>3) мырыш тұнбаларын кептіру бөлімінде – кептіру шкафтарының (пештерінің) тиеу люктерінен;</p> <p>4) реагент бөлімінде – улы реагенттер бар ыдысты ашу және босату камерасынан, реагенттер қоректенгіштерінен араластырғыштар мен жинау күбірлерінен;</p> <p>5) өндірістік ағындыларды зиянсыз ету бөлімінде – зиянсыз ету аппаратураларынан;</p> <p>6) сорбция бөлімінде – шайырды бөлу үшін пачуктар мен електерден;</p> <p>7) регенерация бөлімінде – регенерация колонкаларынан және реагенттер сыйымдылықтарынан;</p> <p>8) электролиз бөлімінде - электролизерлерден және графиттелген ватинді жағу үшін пештерден көзделеді</p>		
123.	Қалдық газдардың шығарылу жағдайлары жобалау құжаттамасымен белгілеу		
124.	Жоғары концентрациялы жарылыс қауіпі бар және өрт қауіпі бар заттардың бөлінуі мүмкін болатын аппараттардың тартпа		

	желдетіс жүйелерін жарылысқауіпсіз орындау		
125.	Қызмет көрсететін персоналдың цианисті ерітінділермен (қойыртпақпен) тікелей байланысына жол бермес үшін және жұмыс аймағына улы бөлінулерді төмендету үшін, циандау бөлімінің жабдығы және сыйымдылықтары барынша тығыздалады немесе жергілікті соруы бар жабындармен жабдықталады. Технологиялық процесті бақылау және жабдықтарды басқару толығымен автоматтандырылып немесе қашықтықтан жүзеге асыру		
126.	Цианисті процестің жабдығы мен сыйымдылықтары ерітіндінің (қойыртпақтың) кездейсоқ құйылу мүмкіндігін ескертетін автоматты құрылғылармен және қайта құю құбырөткізгіштермен жабдықтау		
127.	Цианисті ерітінділермен (қойыртпақпен) немесе олардың буларымен жанасатын жабдықтың бөлшектері, құбырөткізгіштер, арматура және құрылғылар цианисті төзімді материалдардан дайындау, түсті металдан және олардың қорытпаларынан жасау, ал электржетек пен бөлшектер цианидпен байланысудан оқшауланады		

128.	Жабылмаған және аспирацияланбайтын жабдықтар мен сыйымдылықтардағы цианисті ерітінділердегі (қойыртпақтағы) қорғау сілтiсiнiң шоғырлануын СаО бойынша 0,01-0,025 %-дан төмен емес деңгейде тұрақты ұстау		
129.	Циандау және цианисті ерітінділерді дайындау бөлімдерінде ауа үй-жайлардың жоғарғы аймағынан тартпа желдетумен жою. Ауа сору желдету жүйелерінің ауасы жұмыс аймағындағы белгіленген жұмыс орындарына және өту жолдарына беру		
130.	Вакуум-сорғылармен сорылатын газ-ауа қоспасы атмосфераға шығарылмас бұрын зиянды компоненттер мен майлардан тазарту; оның ауа сору желдету жүйелерінің ауа жинау құрылғыларына түсуіне жол бермеу		
131.	Тазарту сүзгілерінен және тұндыру қондырғыларынан алынбас бұрын сүзгілеу қаптары (төсемдері) цианидтерді толық жойылғанға дейін сумен шаю		
132.	Сүзгі матасын регенерациялау бойынша барлық жұмыстарды (қышқылмен өңдеу, жуу, кептіру) механикаландыру. Тікелей сүзгіде сүзгілеу матасын қышқылды жууға сүзгіні қойыртпақтан босатқаннан және оны цианидтарды толық жойғанға дейін сумен		

	егжей-тегжейлі шайғаннан кейін ғана ерекше жағдайларда жол беріледі		
133.	Мырыш тұнбаларын кептіруге, ұнтақтауға, сынауға және орауға арналған үй-жайларды циандау бөлімінен оқшаулау және лақтырындыларды технологиялық, санитарлық тазарта отырып, жалпы айналымдық желдетумен жабдықтау. Мырыш тұнбаларын ашық пештерде кептіруге жол бермеу; кептіру вакуум астындағы тығыздалған кептіру шкафтарында (пештерінде) жүзеге асырылады		
134.	Кептірілген мырыш тұнбалары бар қаңылтыр табаларды салқындатуды вакуум астындағы тығыздалған кептіру шкафтарында жүргізу қажет		
135.	Құрамында цианидтер бар өнеркәсіптік ағындарды зиянсыз етуге арналған үй-жайларды басқа үй-жайлардан оқшаулау және қашықтықтан басқарылатын жалпы айналымдық, авариялық желдетумен жабдықтау		
136.	Құрамында цианидтер бар өнеркәсіптік ағындарды хлор өнімдерін, реагенттерді пайдалана отырып, зиянсыз етуді ауасорғыштар мен бақылау және арақашықтықтан басқару құралдарымен жабдықталған, тығыз жабылған жабдықта ғана жүзеге асыру		

137.	<p>Ұйым аумағынан улы заттардан тазартылмаған арнайы киімді алып шығуға және оның шеңберінен тыс жерге арнайы киіммен шығуға жол бермеу. Арнайы киім алдын ала зиянсыз етуден кейін орталықтандырылған күйде жуылып жөнделеді . Цианисті ерітінділермен (қойыртпақпен) жұмыс істеу тек қана резеңке қолғаптарды, алжапқыштарды және етіктерді пайдалана отырып жүргізіледі; шалбарлар етік сыртына шығарылады. Цианисті ерітінділермен жұмыс істеу орындарын жергілікті тартпа желдеткішімен жабдықтау</p>		
138.	<p>Киандаудың барлық бөлімдерінде жедел көмек көрсету үшін профилактикалық пункттер орнату. Пунктерді барлық жұмыс алаңдарында олардан кез келген құрамында цианидтері бар жабдықтарға дейінгі қашықтық 25 метр аспайтындай есеппен орналастыру. Пунктерге өту жолдары жабдықтармен және коммуникациялармен қоршалуына жол берілмейтін жарықтандырылған, қолжетімді болып орындалады</p>		
	<p>Профилактикалық пункт у қайтарғыш жинағы, қажетті ыдысы, у қайтарғышты пайдалану бойынша нұсқаулықтары, дәрі-дәрмектері мен тану құралдары бар алғашқы көмек дәрі қорабымен</p>		

139.	<p>жабдықтау. Профилактикалық пунктiге еденнен 2 метр деңгейде орнатылған араластырғыш арқылы шығын келте құбырына берiлетiн суық және жылы су тартылады. Шығын келте құбырларында шашыратқышты орнатуға жол бермеу</p>		
140.	<p>Жұмыс үй-жайларының атмосферасына жоғары улы заттардың түсуiнiң алдын алу үшiн бөлiм жабдығы (пачуктар, колонкалар, електер) т о л ы қ герметизициаланады, ал газдарды соруды тiкелей жабындардан жүзеге асыру</p>		
141.	<p>Десорбция және регенерация процестерiн автоматтандырылған бақылаудың және басқарудың болуы. Сорбция, десорбция, регенерация, реагенттердi сақтау және дайындау үй-жайлары жұмыс орындарында синиль қышқылы буларының шектi рұқсат етiлетiн шоғырлануы артылғаны туралы құлақтандырытын белгi жүйесiмен (дыбыс, жарық) бұғатталған ауа ортасын үздiксiз қолданыстағы автоматтандырылған бақылау құралдарымен жабдықталады</p>		
	<p>Десорбция, регенерация және электролиз үй-жайындағы жұмыс үздiксiз жұмыс iстейтiн жалпы айналымдық желдету кезiнде ғана жүзеге асырылады. Желдету жүйесi iстен</p>		

142.	шыққан жағдайда қызмет көрсететін қызметкерлер құрамы дереу үй-жайды босатады. Үй-жайға кіру жалпы айналымдық желдету жүйесін жаңартылғаннан және үй-жайлардың атмосферасындағы зиян қоспалардың құрамын шекті рұқсат етілетін шоғырлануға дейін төмендеткеннен кейін жүзеге асырылады		
143.	Шайырды колонкалар бойынша тасымалдау кезінде колонкалардың қарау терезелері мен қақпақтары қатты жабылады. Шайырлы ортаның (сілтілі ортадан қышқыл ортаға және кері) өзге құрамы бар колонкаға тасымалдау процесінде ерітінділер толық бөлінеді. Ерітінділерді шайырмен бірге тасымалдауға жол бермеу		
144.	Колонкалардан шайыр мен ерітінділердің сынамалары қақпақтардағы люктер арқылы немесе колонкалар бүйіріндегі есіктер арқылы ғана алынады. Колонкалар қақпақтарын сынама алу үшін ашуға жол бермеу		
145.	Цианисті процеске десорбция және регенерациялаудың қышқыл жуу ерітінділерін қайтаруға оларды алдын ала сілтілермен (әктас, ашы натриймен) бейтараптандырылғаннан кейін ғана жол беріледі		
	Тауар регенератының электролиз үй-жайын жалпы айналымдық және авариялық желдету		

146.	жүйелерімен және ауада қышқыл мен сутек буларының құрамы шекті рұқсат етілетін шоғырланудан артылғаны туралы белгі беретін құралдармен жабдықтау		
147.	Конвейерлік-скрубберлік жуу аспаптарында жұмыс істеу кезінде қызмет көрсететін қызметкерлер құрамын (оператор, бункерші және сорғы станцияның машинисі) арасында екіжақты және қайталынатын байланыспен қамтамасыз ету		
148.	Жуу құралы конвейерлік таспасынан қойтастарды лақтыру үшін арнайы науашалардың болуы. Қойтастарды жинайтын орынды қоршау		
149.	Өндірістік құрал шанаптарындағы кептелулерді түзетуді арынды су ағысымен немесе арнайы құрылғылармен жүргізу қажет. Шанаптан қойтастарды жинауды кран немесе арнайы құрылғылардың көмегімен, тек қана қоректендіргіш пен конвейер тоқтатылғаннан кейін ғана жүзеге асыру қажет		
150.	Гидромониторшының жұмыс орны құмды дезинтеграциялау орнын, гидровашгердті науашаны, малта тас үйіндісі мен гидроэлеваторға жақын орналасқан жабдықты жақсы шолуды қамтамасыз етілетіндей етіп орналасады		
	Қысқы жағдайлардағы жұмысқа арналған		

151.	жылытылған өндірістік аспаптар үшін, олардың пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ететін әрбір жеке жағдайда іс-шаралар көзделеді		
152.	Реагенттерді сақтау жүргізілетін немесе олармен жұмыс істелінетін үй-жайлар, осы үй-жай атмосферасында зиян заттарды рұқсат етілетін шекті мөлшерден артпайтын деңгейде ұстауды қамтамасыз ететін желдеткішпен жабдықталады. Реагент үй-жайынан жойылатын ауаны атмосфераға шығармас бұрын тазартуға және бейтараптандыруға тартылу қажет		
153.	Реагенттік бөлімде желдеткіш жұмысының тоқтатылғандығы туралы хабарлайтыншы жарықты және дыбыстық белгі беру орнатылады. Желдеткіш қондырғысы тоқтап қалғанда немесе ауа ортасындағы зиян заттардың құрамы шекті рұқсат етілген мөлшерден жоғары болғанда, үй-жайлардағы жұмыс дереу тоқтатылады, ал жұмыскерлерді таза ауаға шығару қажет. Үй-жайға кіру жалпыауыстырғыш желдету жұмысын қайта қалпына келтіргеннен және жұмыс аймағы ауасындағы зиянды заттардың құрамын шекті рұқсат етілетін мөлшер деңгейіне дейін төмендетілгеннен кейін ғана жол беріледі		
	Реагенттерді түсіру орны үй-жайлары жалпы		

154.	<p>желдетуден баска ыдыстар мен шөлмектердің ашылуы (сұйықтық електері, тұндырғыштар және басқалар) тығыз және сорғыштармен жабындылары бар жергілікті сорғыш қондырғылармен жабдықталады</p>		
155.	<p>Реагенттермен жұмыс істеу кезінде олардың шашырау, тозаңдану және топыраққа, еденге, жабдыққа, ыдысқа және киімге төгілу мүмкіндігін ескертетін шаралар қабылданады. Еденге немесе аппаратқа тиіп кеткен реагенттер технологиялық регламентпен сәйкестікте дереу жиналады және сумен әбден жуылады. Реагенттерді сақтау, тиеу және түсіру орындарында төгілген немесе шашылған реагенттерді зарарсыздандыру үшін жеткілікті көлемде қажетті құралдардың міндетті түрде болуы қажет. Реагентті бөлімшелерде терінің бетінен химикаттарды тез арада жою үшін авариялық душ немесе суы бар астауларды орнату көзделген, көзді жууға арналған кіші фонтандармен жабдықталады. Көрсетілген қондырғылар тек тікелей мақсаты бойынша пайдаланылады</p>		
	<p>Жөндеу жұмыстарын жүргізуді, желдету жүйелерін және реагент құбыржолдарын және реагент бөлімшелері мен қоймалардағы сыйымдылықтарды</p>		

156.	қарауды, тазалауды және зарарсыздандыруды жүктелім-рұқсатнама бойынша орындау қажет. Реагенттер сақталатын және олармен жұмыс жасалатын үй-жайларда бөтен адамдардың болуына жол бермеу		
157.	Орындарда пайдаланылған сұрту материалдарын қалдырмау. Барлық пайдаланылған сұрту материалдарды жинау, жою		
158.	Пайдалануға жарамсыз, реагенттер мен реагенттік бөлімше ағындарының ластанған қалдықтарын химиялық тазалауды немесе зарарсыздандыруды басқа технологиялық цикл жайларынан оңаша тұрған жайларда жүзеге асыру қажет. Бұл үй-жайларға бөтен адамдарды кіргізуге жол берілмейді. Олар әсерлескенде улы заттар немесе құбыржолдарды ластайтын ерімейтін тұнбалар пайда болатын ағындардың қосылуына жол бермеу		
	Реагенттерді арнайы нұсқаулықтарға сәйкес жабық қойма тәрізді үй-жайларда немесе қалқалар астында сақтау қажет. Аэрофлоттарды, майларды, тұз қышқылын, натрий сульфогидратын, керосинді, оксальды (Т-80) қоршалған реагентті қойма аумағында металл резервуарларда және тікелей күн сәулесінен және атмосфералық жауын-шашыннан қорғайтын қалқа астындағы цистерналарда		

159.	<p>сақтауға рұқсат етіледі. Ашық қоймаларда тұз қышқылын бөтелкелерде және сұйық шынының силикат-үйінділерінде сақтауға рұқсат етіледі. Бір қоймада бір-бірімен әрекетке түсетін реагенттерді бірге сақтауға жол бермеу. Қоймаларда зақымданған ыдыста реагенттерді сақтауға жол берілмейді. Реагенттерді қайта орауды, қабылдауды және беруді арнайы бөлінген алаңдарда жүргізу</p>		
160.	<p>Сұйық реагенттерді сақтауға арналған ыдыстар және олармен байланысты коммуникациялар реагенттерді толық алып тастау үшін құрылғылармен жабдықталады. Жұмыс өткелдерінің астына және жұмыс орындарына агрессивті (қышқылдар, сілтілер) және улағыш реагенттерді тасымалдауға арналған коммуникацияларды орналастыруға жол бермеу</p>		
161.	<p>Ксантогенат, күкіртті натрий және цианид қоймаларына арналған үй-жайларда 25 градус Цельсия жоғары болмайтын температура сақталады. Қатты әсер ететін улы заттар арнайы үй-жайларда жеке сақталады. Улы реагенттер мен сөндірілмеген әктасты басқа реагенттермен бірге сақтауға жол бермеу. Сөндірілмеген әктасты сақтау үшін</p>		

	эктас пен судың қосылуын болдырмайтын үй-жай бөлінеді		
162.	Жарылу қаупі бар газдар мен буларды бөлетін, улағыш әсері немесе жағымсыз иісі бар реагенттерді сақтауға арналған үй-жайларда тұрып қалу аймақтарын болдырмау мақсатында сору үй-жайдың төменгі және жоғарғы аймақтарында жүргізіледі		
163.	Реагенттер қоймалары мен реагенттік шаруашылықтың барлық үй-жайларының едендері, қабырғалары және салмақ түсетін құрылыс конструкциялары тиісті химиялық қорғауды жағуға жатады. Қабырғалар мен төбелерді әрлеуде шаңдар мен булардың жиналуын және сіңуін болдырмайды және олардың беткі қабаттарын тазалау және жуу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Еденде жырашық құрылғылары және оған бейтараптандыратын ерітінділерді жеткізе отырып, дренажды зумпфқа суды ағызу және бұру үшін еңіс көзделеді		
	Аэрофлоттарды, натрий сульфогидраттарды, аммиакты және басқа да қатты иісі шығатын реагенттерді тек қана металл тығындармен тығыз жабылатын жарамды цистерналарда немесе металл бөшкелерде тасымалдау және сақтау қажет. Ұйым аумағы бойынша сұйық, агрессивті және улылығы жоғары реагенттерді		

164.	<p>тасымалдау арнайы жабдықталған көлікте және химикаттардың жойылу мүмкіндігін болдырмайтын ыдыстарда жүргізілуі тиіс. Бөтелкелер сақталатын сабан, жаңқа және ағаш ыдысқа хлорлы мырышты немесе күкірт қышқылды натрий ерітіндісі сіңірілуі тиіс. Сұйық реагенті бар бөтелкелерді тығындау қажет, бірақ бітеу емес</p>		
165.	<p>Реагенттер қоймасына сору желдеткіші 10 минут ішінде алдын ала үздіксіз жұмыс істегеннен кейін ғана кіруге жол беріледі. Желдеткіш тоқтағанда жабық қоймаларда реагенттердің жұмыс жасауына жол бермеу. Желдеткіштің қосқыш құрылғысы қойманың сыртқы есігінде орналастырылады. Желдеткіштің ақауы болған жағдайда қоймаға оны жөндеу үшін газқағар киген кемінде екі адам бір уақытта кіреді</p>		
166.	<p>Әрбір реагентті қоймалау орны сақталатын реагент атауы бар жазумен анықталады. Реагенттерді сұрыпталмаған күйінде сақтауға жол бермеу</p>		
	<p>Қышқылдарды, аммиакты суды, аэрофлоттарды, натрий сульфогидратын және басқа сұйық флотореагенттерді цистерналардан түсіру механикаландырылған тәсілмен жүргізіледі. Цистерналардан сұйық реагенттер ағызылғаннан кейін олардың</p>		

167.	қалдықтары ажыратылатын және сумен шайылатын шлангіден жойылады. Цистерналардан жанатын реагенттерді ағызған кезде құбырлар мен цистерналар жерге тұйықталады. Сұйық флотореагенттерді және химикаттарды ауыстырып құю алдында ыдыстың толу деңгейін бақылау жүйесінің сенімділігі тексеріледі		
168.	Қоймадағы және жарылу қаупі бар реагенттер қоймасы маңындағы, сорғылар үй-жайындағы дәнекерлеу жұмыстарын рұқсат беру наряды бойынша жүргізу қажет. Бұл ретте барлық тез ұшатын химикаттар алдын ала қоймадан жойылады		
169.	Реагенттер қоймаларын мыналармен: 1) жалпы алмастырғыш және жергілікті сорғыш желдеткіш жұмысының тоқтатылғаны туралы хабар беретін дыбыс және жарық белгімен. Мұндай белгі улы емес реагенттер мен жарылу қаупі бар булардың қоймалары үшін міндетті емес; 2) ұйым басшылығымен, өрт сөндіру күзетімен және медициналық пунктпен немесе ұйым операторы (диспетчері) арқылы тікелей телефон байланысымен; 3) сұйық реагенттерді сақтауға арналған стационарлық ыдыстарда деңгей өлшеуіштермен жарақтау қажет. Цианидтермен бөшкелерді ашу		

	<p>процестері механикаландырылады. Қатты әсер ететін улы заттармен байланысты барлық жұмыстар, оның ішінде ерітінділерді дайындау қол еңбегін қолданусыз жүргізледі</p>		
170.	<p>Суда немесе еріткіштерде сұйық және қатты химиялық өнімдерді еріту, шығыс банкаларына әзірленген ерітінділерді тұндыру және беру жүргізілетін реагентті бөлімшелер ұйымның басқа барлық объектілерінен (бөлімшелерінен) оқшауланады</p>		
171.	<p>Реагенттерді дайындау бөлімшелеріндегі және олардың жекелеген үй-жайларындағы температуралық режим реагенттердің физикалық-химиялық қасиеттерін ескере отырып орнатылады</p>		
172.	<p>Зиянды газдар маңызды көлемде кенеттен бөлініп шығуы мүмкін реагентті бөлімшелерде авариялық сору желдеткіші орнатылады және ауысымдағы ең жоғары тізімдік жұмыскерлер құрамынан 50 процент жоғары санды құрайтын газқағар қорын сақтау қамтамасыз етіледі</p>		
173.	<p>Ерітінділі күбілер мен тұндырғылар, олармен байланысты коммуникациялар реагентті бөлімшелерде көзделген авариялық ыдыстарға олардың құрамында бар реагенттерді толық жоюға болатындай етіп орналастырылады. Реагенттік бөлімшелерде</p>		

	дыбыс немесе жарык белгімен ерітуші күбілердің толу деңгейін автоматты түрде бакылау орнатылады		
174.	Органикалык, өрт қаупі бар, жарылу қаупі бар заттарды ерітуге арналған аппаратура ұшқынның пайда болуын тудырмайтын орындауда пайдалануға жатады		
175.	Цианид ерітінділерін дайындауға арналған үй-жай реагентті бөлімшенің басқа үй-жайларынан оқшауланады және үнемі жабық күйінде болады, ал олардан шығатын ағынды сулар мен қалдықтардың дренажы басқа реагенттер бөлімшелерінің дренаждарынан оңаша жабдықталады		
176.	Цианид бар бөшкелерді ашуға, бункерге тиеу және ерітуші күбілерді, дайын ерітінділерді ерітуге және сақтауға арналған барлық аппаратура мен қондырғылар мұқият жабылады және тығыздалады, оның резервті желдеткіш қондырғысымен бұғатталған сору желдеткішінің жергілікті сорғылары орнатылады		
177.	Әрбір реагентке арналған күбілер мен тұндырғылар реагент атауы бар нақты жазуды көрсетумен, құятын құбырлармен және деңгей өлшеуіштермен жабдықталады		
	Меры безопасности при вскрытии барабанов, измельчении крупных кусков, загрузке их в		

178.	баки-растворители определяются технологическим регламентом		
179.	Барабандарды ашу, ірі кесектерді майдалау, оларды ерітуші бактарға тиеу кезіндегі қауіпсіздік шаралары технологиялық регламентпен айқындалады		
180.	Реагентті бөлімшенің жұмыс үй-жайларында ыдыстарды сақтауға жол бермеу. Ыдыстарды зарарсыздандыру және қоймаға тапсыру технологиялық регламентпен белгіленеді . Цианид қосылыстарына арналған ыдыстар дереу зарарсыздандырылады және басқа ыдыстардан бөлек қоймаға тапсырылады		
181.	Бастапқы шикізат бункерлері, шихта, кері қайтару мен төсеніш, тиеу орындары шаң бөлінуін, бу бөлінуін және газдың бөлінуін болдырмайтын аспирациялық қондырғылармен жабдықталады. Бункерлердің ойықтарын көлемі 200x200 миллиметр ұшықтары бар торлармен жабу және биіктігі 1,0 метр кем емес қоршаумен жабдықтау қажет		
182.	Шаңды тұндыру құрылғыларынан шаңды т а з а л а у гидро-пневмокөлікпен жүргізілу қажет. Шаңды тұ н д ы р у құрылғыларынан гидро немесе пневмокөлік жүйесіне жіберу тәсілі оны қағып жіберу және қоршаған кеңістікке		

	оның таралу мүмкіндігінің болмауын қарастырады		
183.	<p>Адамдарды араластырғыш барабандарға және оларды тазалау және жөндеу кезінде салқындатқыш барабандарға жеткізуге арналған люк есіктері барабанның ашық есікпен (жергілікті немесе қашықтықтан басқару кезінде) жұмысты бастауын болдырмайтын бұғаттағышпен жабдықталады.</p> <p>Араластырғыш жұмыс істеп тұрған кезеңде барабаннан тікелей сынамаларды іріктеуге жол бермеу.</p> <p>Сынамаларды іріктеу барабаннан кейін шихта ағынынан автоматты сынама іріктегіштердің көмегімен, ал жекелеген жағдайларда қолмен жүргізіледі</p>		
184.	<p>Жентектеушілерді кесектеу машиналары керіктерінің оттықтарына газды және буды қабылдауды өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкес жүргізу қажет. Көріктердің газды оттығын жағу және сөндіру тәртібі, бақылаудың орындары мен параметрлері, қауіпсіздіктің қажетті шаралары технологиялық регламентте келтіріледі</p>		
	<p>Кесектеу машиналарын (агломерациялау машиналары мен күйдіру шөкметас машинасы) шұғыл және жоспарлы тоқтатқан кезде шихтаны , газды және ауаны беру</p>		

185.	<p>тоқтатылады. Бұл ретте газ оттықтары газдың келіп түсуін болдырмайтын автоматты бұғаттағышпен қамтамасыз етіледі. Тартып үрлейтін машиналарды (эксгаустерлерді, желдеткіштерді, түтін сорғыштарды) тоқтату машинада отын толығымен жанып болғаннан кейін жүргізіледі</p>		
186.	<p>Коллекторлар мен оттықтардың тиектеріне қызмет көрсету үшін оларға ыңғайлы қолжетімділік қамтамасыз етіледі. Магистральді сұқпа жапқыштарды басқару оператор орнынан қашықта жүргізіледі, сондай-ақ ыңғайлы қолмен басқару мүмкіндігі де қарастырылады</p>		
187.	<p>Күйдіргіш машиналардың тұтандырғыш ошақтарының қабырғалары мен жинақтары жылуды оқшаулағышпен жаратандырылады. Сыртқы жабын температурасы 45 градус Цельсия жоғары көріктер астында ғимараттың ең биік бөлігінен 1-2 метр биік шығарылған және дефлекторлармен жабдықталған керме құбырлары бар қолшатырлар орналастырылады. Тұтандырғыш көрікке тығыз жалғасқан агломерациялық машинаның маңында жабын болмаған</p>		

	жағдайда шихтаның қызған бетін толық экранға түсіруді қамтамасыз ететін салқындатқыш перделермен жабдықталады		
188.	Ұйымның газ шаруашылығына қызмет көрсетететін адамдарды арнайы бөлінген орындарда сақталатын және жүйелі тексеруден өтетін қажетті газдан қорғайтын аппаратурамен қамтамасыз ету		
189.	Төсеніш пен шихталарды арбаларға тиеу орындарындағы агломерациялық және күйдіргіш машиналардың жұмыс алаңының аймағы, шығыршықты қалаушының шығыршықтар жетектері мен машиналардың бөренеленген бөлігі жұмыс істеп тұрған машинада оттықтарды ауыстыру үшін жұмыс тармағына арбаның шығатын ауданына қызмет көрсететін персоналдың қолжетімділігін болдырмау үшін қоршалады. Бұл орындарға қолжетімділік күйдіргіш машина тоқтағаннан кейін және тиісті бұғаттағыш қосылғаннан кейін қамтамасыз ету		
190.	Ұйымдардың барлық кесектеу жұмыс орындары жарықты-дыбыстық белгімен және телефон байланысымен жабдықталады		

191.	Шихтаны қыздыру үшін ыстықты кері қайтаруды пайдалануға жол бермеу		
192.	Агломератты біріктіру технологиясы кері қайтару бункерінде тоқтап қалуды болдырмайтын кері қайтаруды қамтамасыз етеді. Бункерде ыстықты кері қайтару тоқтап қалған жағдайда, оның құлатылуы арнайы құралдармен жүргізіледі. Кері қайтару материалын бункерде салқындатуға жол бермеу. Бункер конструкцияларын және электі сумен салқындату қажет болғанда кері қайтарудан босатылған бункер болғанда ғана және қосымша қауіпсіздік шараларын қолданған кезде ғана жүргізіледі. Ыстықты кері қайтару бункерлерін жылумен окшаулау		
193.	Ыстықты қайтаруды тасымалдау үшін галереяның бу шығаруын төмендету мақсатында ағыз-сору желдеткішімен жабдықтау, ал суық кездерде берілетін ауа алдын ала қыздырылады		
194.	Тиеу орындарында және кері қайтаруды салқындату кезінде будың пайда болуын болдырмау үшін материалды түсіру орындарында салқындатқыш барабанды аспирациялық жүйелермен жабдықтау		
195.	Кері қайтару машинасы бункерінің астынан науашаны тазалау тек керек-жарақтар		

	көмегімен арнайы алаңдарда жүргізуге жол беріледі		
196.	Ыстықты кері қайтаруды таспалы конвейермен тасымалдаған кезде оны беру алдын ала конвейер таспасына салынған шихтаның қабатына жүргізіледі. Кері қайтаруды беру және конвейерде суық шихтаның болуы автоматиканың арнайы жүйесімен қамтамасыз етіледі		
197.	Вагондарға шекемтастарды (агломераттарды) тиеуге арналған темір жолдар шатырмен (қолшатырмен) жабылады, оның астынан шығарындыларды шаңнан тазарта отырып, шаң болған ауаны желдеткішпен сору қамтамасыз етіледі		
198.	Шекемтастарды (агломераттарды) тиеу орындарындағы темір жолдар механизацияланған тазалаумен қамтамасыз етіледі		
199.	Шекемтастар сынамасын іріктеу арнайы орындарда автоматты сынама іріктегіштермен, ал шекемтастарды конвейермен беру болмаған жағдайда теміржол вагондарынан көпір кранының грейферімен жүргізіледі		
200.	Шекемтастарды (агломераттарды) салқындату процесі 140 градус Цельсиядан төмен болмайтын олардың калориметрлі тәсілмен анықталатын температурасының		

	төмендеуін қамтамасыз етеді		
201.	Дайын шекемтастарды електеу үй-жайлары күйдіру корпусынан ғимараттың барлық биіктігі бойынша қабырғамен бөлінеді. Електеу бөлімшесіне және түсіру алаңына кіруге арналған есіктер тығыз жабылады		
202.	Шекемтастарды (агломераттарды) ұйымның күкіртті кенінен өндіру кезінде кесектеу күкіртті ұстайтын қондырғылармен жабдықталады		
203.	Шығып жатқан газ бен рециркуляция және рекуперация жүйелерінің газды-әуе коллекторлары, үй-жайларда орналасқан шаңды жинауға арналған оның бункерлері жылудан оқшауланады. Жылуды оқшаулау бетінің шаңнан кезеңді тазалануы көзделеді		
204.	Күйдіру корпустарында күйдіру машиналарының тартып үрлеу қондырғылары жеке корпуста (аралықта) немесе күйдіру корпусының құрамына кіретін тұтас қабырғалармен оқшауланған үй-жайда орналастырылады. Тартып үрлейтін қондырғылардың үй-жайы дыбысты естіртпейтін кабинада орнатылған телефон байланысымен және жарықты-дыбыстық белгімен күйдіру бөлімшесімен хабарласады		

205.	Тартып үрлейтін жабдыққа дейінгі немесе одан кейінгі шығып жатқан газдар мен рекуперация газдарының коллекторларында орнатылған тиектерді б а с қ а р у механикаландырылады және электрленеді		
206.	Күйдіру машиналарының конструкциясымен пайдалану процесінде газдарды қағуды және ү й - ж а й ғ а шекемтастардың қыздырылған қабатымен жылудың сәулеленуін болдырмау мақсатында " керіктер – күйдіргіш арбалар" торабында тиімді тығыздау қамтамасыз етілуі қажет		
207.	Күйдіру машинасы желдеткішінің түтін сорғышы авариялық тоқтаған жағдайда мыналар: 1) отынды беру және білте тиегін ашуды дереу автоматты түрде тоқтату; 2) күйдіру машинасын автоматты түрде тоқтату жүзеге асырылады. Жұмыс істеп тұрған тартып үрлейтін қондырғылар отын толығымен жанып біткенге дейін жұмыс істеуін жалғастырады		
208.	Әктасты күйдіру және агломерациялық шихтаны әзірлеудің қондырғыларында шаңды басу құралдарының болуы		
209.	Әктасты тасымалдау оның шаңдануын болдырмаған жағдайларда жүргізіледі. Жеткіліксіз немесе бүлінген желдеткіште әктасты күйдіру		

	бөлімшелерінде жұмыс жасауға жол бермеу		
210.	Жоғары температураға дейін қыздырылатын кептіру қондырғысының барлық беттері жылудан оқшауланады немесе қоршалады, ал жұмыс орындары әуе душтарымен жабдықталады		
211.	Олар бойынша материал кептіру пештеріне берілетін науалар мен құбырлар шаңның пайда болуын болдырмау үшін тығыз жабылады		
212.	Кептіру қондырғылары мен пештер газды шаңнан және зиянды қоспалардан тазалауды қамтамасыз ететін құрылғылары бар газды сору жүйесімен жабдықталады		
213.	Тартып үрлейтін жүйе тоқтаған кезде кептіру қондырғысының (пештің) жұмыс істеуіне жол берілмейді. Тартып үрлейтін қондырғылардың жұмысы жұмыс үй-жайына газдың кіру мүмкіндігін болдырмауын көздейді		
214.	Мазутты ағызуға арналған ыдыс бүлінген немесе авариялық толған жағдайда от құрылғыларының жұмыс жасауына жол бермеу		
215.	Өндірістік үй-жайларда кептіру қондырғысын жағуға арналған мазут қоры бір тәулікке қажет мазут көлемінен артық болмауы тиіс. Бұл мақсаттар үшін мазутты сақтау орны жобалау құжаттамасымен белгіленеді		

216.	Қабатты галереялар жылыту жүйесімен, шаңды ұстайтын дренажды және аспирациялық жүйелермен жабдықталады		
217.	Қатар қалаушылардың көмегімен жоталы қоймаларды қалыптастыру кезінде рельс жолының және су жүретін арықтардың жағдайына бақылау жүзеге асырылады: оларды себуге және жұмыс алаңдарын, басқыштарын, баспалдақтарын мұз басуға жол берілмейді. Тәуліктің қараңғы уақытында қатар қалаушының іс-қимылы а у д а н ы жарықтандырылады. Тәуліктің қараңғы уақытында қоймадағы теміржол жолдары жарықтандырылады, жарықтандырылмаған жолдарда жұмыс істеуге жол берілмейді		
218.	Құбырлар бойынша қоймаға ұсақ сусымалы материалдарды тасымалдау кезінде о л а р д ы ң қосылыстарының саңылаусыз болуы және тасымалдау орындарының тығыз жабылуы қамтамасыз етіледі. Технология шарттары бойынша тығыз жабу мүмкін болмайтын орындарда аспирация жүйесінің сору қондырғысы қарастырылады		
	Тауарлы каолинді - шикі және талькті кенді көмірі, цементі және әктасы бар қоймалар маңына		

219.	қоймалауға жол бермеу. Талькті, каолинді және графитті төгіп тиегенде шаңды басу құралдарын қолдану		
220.	Қараңғы уақытта темір жолдарды, экскаваторлардың кенжарларын және қоймалардағы автокөлікке арналған айналма алаңдарды жарықтандырудың болуы . Жарықсыз жұмыс жасауға жол бермеу		
221.	Экскаватор жұмыс істеп тұрған кезде экскаватор шөміші, арқан, блоктар, жер қазғыштар бар аймақта адамдардың (қызмет көрсететін персоналды қоса алғанда) болмауы тиіс. Шөмішті (роторды) тазалау экскаватор тоқтағанда және экскаватор машинисінің рұқсатымен ғана жүргізіледі. Шөміш (ротор) бұл жағдайда жерге түсірілуі қажет. Материалдарды экскаваторлармен немесе көпірлі жүк тиеушілермен теміржол вагондарына тиеген кезде экскаватордың машинисті немесе жүк тиеушінің белгі арқылы берілетін талаптары сақталады. Жұмыстан тыс уақытта экскаватордың шөміші (тиеушінің роторы) жерге түсіріледі, кабинасы жабылады, электр энергиясы сөндіріледі		
222.	Көп күректі экскаватордың және көпірлі жүк тиеушілердің жұмыс істеп тұрған кезінде тиейтін, түсіретін люктердің, конвейерлердің және жүк		

	<p>тиеу құрылғыларының астындағы тиелетін вагондарда адамдардың болуына жол бермеу</p>		
223.	<p>Материалдарды тиеу және түсіру кезінде жұмыс аймағында ауаның шаң басуын төмендетуді қамтамасыз ететін шаңды басу немесе шаңды жұту бойынша шаралар қабылданады. Ауаның шаңдануын қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайда жұмыскерлер респираторларды пайдаланады</p>		
224.	<p>Бульдозерді қозғалтқышы жұмыс істеп тұрғанда және күрегі көтеріліп тұрғанда қараусыз қалдыруға, ал жұмыс уақытында – арқанды бағыттауға, аспалы жақтауға және күрекке тұруға жол бермеу. Беріліс қорабы қосылып тұрған кезде немесе кабинадан қозғалтқышты қосуға арналған құрылғы болмаған жағдайда қозғалтқышты қосуды болдырмайтын бұғаттаусыз бульдозерде жұмыс жасауға жол бермеу</p>		
225.	<p>Қоймаға салынған материалдың қиябетіндегі ең үлкен бұрыштар бульдозер жұмыс істеп тұрғанда 25 градус, еңісте жұмыс жасағанда (жүкпен төмен түсу) – 30 градустан аспайды, ал материалды тиеу кезінде бункерлерге кіреберіс жолдардың еңісі 6 градустан жоғары болмауы тиіс</p>		
	<p>Жаяу жүргіншілер жолы мен тас жолдар кесекті</p>		

226.	кендердің қоймалары жағынан бруствермен немесе қоршаумен қоршалады		
227.	Ленталы конвейерлер, өзі жүретін бункерлер немесе роторлы экскаваторлар арқылы тиелетін қоймаларда олар арқылы материал қоймаға тасталатын жоғарғы галереяның бойлық саңылаулары тұрақты шарбақтармен қоршалады немесе 200x200 миллиметрден аспайтын мөлшердегі тесіктері бар торлармен жабылады		
228.	Экскаватор мен көпірлі жүк тиетіндердің жұмысы кезінде шөміш пен ротордың жұмыс аймағында, сондай-ақ тиелетін вагондар аймағында болуға жол бермеу		
229.	Тиеу-түсіру учаскесіндегі вагондарды беру және тазалау механизациясы құрылғысының жабдықтары мен құрылыстарына қозғалатын немесе айналатын бөліктерін немесе қауіпсіз жұмыс жасауды қамтамасыз ететін олардың іс-қимылы аймақтарын қоршау және жабу орнатылады		
	Теміржол маңында орналасқан үй-жайлардан шығатын орындар жолдарға параллель орналасады. Егер шығатын орындар ұйымның теміржол көлігінің полотно жағына тікелей бағытталса, рельс жолы ғимараттың бар ұзындығына жаяу жүргіншілерді жақын		

230.	<p>жолға немесе жадбықталған өткелге сүйеніштермен қоршалады. Қоршайтын тосқауылдар жақындап келе жатқан поездың жақсы көрінуіне кедергі келтіретін ғимараттар мен құрылыстардан теміржолға шығатын орындарда орнатылады. Ұйымдардағы теміржол арқылы өту орындарында жаяу жүргіншілер көпірлері мен тоннельдер салу қарастырылады. Аталғандарды салу мүмкін болмаған жағдайда, өту орындары қозғалмалы құрамның жақындап келе жатқандығы туралы хабар беретін жарықт және дыбыс белгімен жаратқандырылады</p>		
231.	<p>Механизмдерді қосу алдында және машиналардың, теміржол құрамдарының немесе автомобильдердің қозғалысы алдында тағайындалуын инженерлік-техникалық жұмыскерлер барлық жұмысшыларға таныстырған, дыбыс және жарық белгілерін беру талап етіледі. Бұл ретте белгілер машиналар, механизмдер жұмыс істеп тұрған ауданда барлық жұмыскерлерге естілуі (көрінуі) тиіс. Әрбір қате берілген немесе түсініксіз белгі "тоқта" белгісі ретінде қабылдануға жатады. Машина, механизмдердің жұмысы немесе қозғалысы басталмас бұрын машинист бригада мүшелерінің және жақын жерде тұрған адамдардың</p>		

	қауіпсіздігіне көз жеткізеді. Белгі кестесінің жұмыс істеп тұрған механизмге немесе оған жақын жерде болуы		
232.	Ұйым корпусына оларды түсіру үшін теміржол вагондарын беру корпусының қызмет көрсетуші персоналының рұқсат беретін түсті белгісін (бағдаршам) қосқаннан кейін жүзеге асырылады		
233.	Қ а б ы л д а у құрылғыларының (бункерлері) маңайында құрамдар жақындап келе жатқанда адамдардың қауіпсіз жүруін қамтамасыз ету үшін орындар қарастырылады. Беру және түсіру сәтінде қабылдау бункерінің түсіру жағында адамдардың болуына жол бермеу. Вагондарды босату тек кенді қабылдаушының нұсқауларымен және белгімен ғана жүргізіледі. Түсіру жұмыстары кезінде бункердің қажетті толтырылу деңгейін бақылау жүзеге асырылады		
234.	Теміржол бойында бункерлердің қабылдау алаңдарында кенді жартылай вагондарда беру кезінде төгінділерден уақтылы тазартылатын, адамдардың ыңғайлы және қауіпсіз қозғалысы үшін жүру алаңдары қарастырылады. Жартылай вагондардың люктерін ашу үшін рельстердің бүршіктерінен жоғарыда вагондардың қауіпсіз		

	босатылуын қамтамасыз ететін басқыштар орнатылуы тиіс		
235.	Қ а б ы л д а у құрылғыларының жұмыс алаңдарында орнатылған вагон аударғыштар ұяшықтарының ені 10 миллиметрден артық емес торлары бар биіктігі 2 метрден кем емес берік сүйеніштермен қоршалады; алаңдар мен вагон аударғыш роторы бүйірлерінің араларындағы саңылаулар 60 ммиллиметрден артық емес. Вагонаударғыштың басқарылуы түсіру алаңы анық көрінетін осы мақсатта арнайы жабдықталған үй-жайда жүзеге асырылады		
236.	Кенді байланысу электровоздарымен жеткізу кезінде түсіру орындарында электр тогымен зақымдану қауіптілігі туралы ескертуші плакаттар ілінеді. Байланысу желісінде кернеу сөндірілмеген кезде вагондарға кіруге жол бермеу. Бункер үстіндегі үй-жайда тұрған байланысу желісіндегі кернеу алынбаған кезде вагондарды босатуға жол берілмейді. Байланысу желісінде кернеудің болмауы жарық белгімен расталады		
237.	Бункер үстіндегі үй-жайға енетін электровоз жолының байланысу өткізгіштерін жерге тұйықтау пышақтары бар секциялық ажыратқыштармен жабдықтау		

238.	<p>Жөнделмеген вагондарды босатуға, қабылдау құрылғыларының босату алаңында оларды жөндеу жұмыстарын жүргізуге жол бермеу. Вагондарды жүктерден, жабысып қалған кеннен, материалдардан босату және тазалау әдеттегідей механикаландырылған тәсілмен (төңкерумен, жонғымен, гидрошаюмен) немесе жүктердің құлау аймағында адамдардың болуына жол бермейтін және осы жұмыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін керек-жарақтар мен құрылғылардың көмегімен жүргізіледі</p>		
239.	<p>Теміржолды, қабылдау құрылғыларын тазалау кезінде жұмыстарды жүргізу орны көлік құралын тежеу жолынан кем емес қашықтықта қоршалады және тоқтау белгімен жаракталады, ал станция бойынша кезекші алдын ала жүргізілетін жұмыстар туралы ескертіледі. Тоқтап тұрған құрамның вагондарын босату кезінде жолдарды тазалауға жол бермеу</p>		
240.	<p>Металлургиялық қайта бөлулердің қалдықтары ұйымға арнайы өздігінен түсіретін вагондармен немесе автосамосвалдармен жеткізіледі</p>		
241.	<p>Шаңданатын өнімдерді түсіру жіне тиеу кезінде шаңды басу бойынша шаралар қолданылады, ал жұмысшылар үшін шаңнан жеке қорғау құралдарын пайдалану көзделеді</p>		

242.	Автомобильдердің қозғалысы қозғалыс қауіпсіздігінің белгілерімен реттелінеді		
243.	Өз аумағында автомашиналар мен поездардың жүру жылдамдығы мен тәртібін ұйым жергілікті жағдайларды ескере отырып белгілейді және тиісті нұсқаулықпен реттелінеді		
244.	<p>Кенді автокөлікпен берген кезде қабылдау бункерінің түсіру алаңшасында мыналар көзделеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) автомашиналардың бункерге сырғанап кетуіне жол бермейтін тіреулерді орнату; 2) түсіру орнына артқы жүріспен жүру үшін қашықтық қағидаға сәйкес 30 метр астам емес; 3) техникалық ақау салдарынан автомобиль өрлеуде немесе еністе тоқтағанда оның өздігінен жүруін болдырмайтын және ақауды жоюға дейін учаскеде қауіпсіздікті қамтамасыз ететін шаралар. Барлық жағдайларда көтерілген шанақпен түсіргеннен кейін және артқы жүріспен жүргенде үздіксіз дыбыс белгі бермей автосамосвалдардың жүруіне жол бермеу 		
245.	Кенді аспалы жолдармен жеткізген кезде қабылдау бункерлерінің түсіру шұңқырлары 400x400 ммиллиметрден астам емес ұяшықтары бар тормен жабылады		

246.	<p>Аспалардың станциядан шығу аймағында түсіру шұңқырларының маңында тарту аспасынан вагонетканы өздігінен ажыратқан жағдайда жұмыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жұмыс орындарын қоршау көзделеді. Контржүктер астындағы орындар кемінде 2 метр биіктікпен қоршалады, ал контржүктердің құдықтары төсемдермен жабылады</p>		
247.	<p>Түсіру шұңқырлары мен аспалы жолдар станциясының маңындағы жұмыс алаңшалары өзара тікелей телефон байланысымен, белгімен және машиниске белгі бере отырып, аспалы жол жетегін авариялық тоқтату мүмкіндігімен қамтамасыз ету. Аспалы жол кенет тоқтап қалғанда тоқтау себебі анықталғанға дейін және олқылықтар жойылғанға дейін оны іске қосуға жол бермеу</p>		
248.	<p>Таспалы конвейерлерде таспа мен барабандарды жабысып қалған материалдан механикалық тазарту үшін таспа үзілген және тайғанақтаған, түсіру шұңқырлары мен науашалар бітелген кезде жетекті өшіретін құрылғылармен жабдықтау</p>		
249.	<p>Конвейерлерде түсіру арбашалар үшін соңынан ажыратқыштар, ал рельс жолдарында арнайы тіреулер көзделеді. Түсіру арбашалары олардың өздігінен</p>		

	қозғалуына жол бермейтін құрылғылармен жабдықталады		
250.	<p>Автоматты түрде түсіргіш арбашалар мен жылжымалы (қайық) конвейерлердің электр қозғалтқыштарға қоректендіруді беру аспалы шлангі кабельдермен жүзеге асырылады. Автоматты түрде түсіргіш арбашалар мен жылжымалы қайық конвейерлердің электр қозғалтқыштарын еденнен немесе қызмет көрсететін алаңшалардан кемінде 3,5 метр биіктікте орналасқан байланысқан сымдар бойынша қоректендіруге жол беріледі. Троллей өткізгіші төмен биіктікте ілінген кезде (3,5-тен 2,2 метрге дейін шекте) арнайы қоршау орнатылады</p>		
251.	<p>Таспалы конвейерлердің астынан шашылған материалдарды жинау механикалық түрде жүзеге асырылады. Бас, қалдық және ауытқу барабандары астынан материалдарды қолмен жинауға жетегінің электр схемасы бөлшектенген, тоқтатылған конвейер кезінде ғана жол беріледі, ал іске қосу құрылғыларында "Қосуға болмайды! Адамдар жұмыс істеп жатыр!" деген ескерту плакаттарын іліп қою қажет. Конвейер қозғалтқышын іске қосу жүйесі бас және қалдық барабандарының қоршауы алынған кезде</p>		

	қозғалтқыш жұмысына жол бермейтін бұғаттауды көздейді		
252.	<p>Қозғалыс кезінде конвейердің таспасы барабандар мен шығыршық тіреу шеттерінің шегінен тыс ығыспайды. Конвейер таспа қозғалысының бағытын реттеу үшін арнайы орталықтандырылған құрылғылармен және керек-жарақтармен жабдықталады. Таспа қозғалысын онымен жұмыс істейтіндермен тікелей байланысу жолымен бағыттауға, жұмыс істеп тұрған конвейер кезінде борттық тығыздауларды түзетуге жол бермеу. Конвейердің ұзындығы бойынша торлы алмалы-салмалы қоршауларды орнату. Жұмыс істеп тұрған конвейер кезінде қоршауларды алып тастауға жол бермеу</p>		
253.	<p>Конвейер таспасының тайғанақтауы барабандар мен таспаны тазарту, таспаны арнайы құрылғылармен керу жолымен жойылады. Қозғалатын және айналдыру бөлшектеріне (таспа, барабандар, шығыршықтар) тасымалданатын материалдар шашылған конвейерлерді қосуға және тасымалдауға жол бермеу. Конвейерлердің жетекті барабандарының осьтері еден деңгейінен 1,5 метр астам биіктікте орналасқан кезде жетектерге қызмет көрсету үшін сүйеніштермен және баспалдақтармен</p>		

	жабдыкталған алаңшалар орнатылады		
254.	Еден деңгейінен галереялар мен эстакадалар конструкцияларының төменгі жағына дейін кемінде 2 метр биіктік көзделеді. Галереялар мен эстакадалардың ені мынадай өту жолдарын қамтамасыз етеді: конвейердің бір жағынан кемінде 800 миллиметр (адамдар өту үшін), екінші жағынан таспа ені 1400 миллиметр дейін болғанда кемінде 700 миллиметр және конвейердің екі жағынан таспа ені 1400 миллиметр астам болғанда кемінде 800 миллиметр; екі немесе одан да көп қатар тұрған конвейерлер арасында кемінде 1000 миллиметр, ал галереяның қабырғасы мен конвейердің тұғыры арасында таспа ені 1400 миллиметр дейін болғанда кемінде 700 миллиметр және таспа ені 1400 миллиметр астам болғанда кемінде 800 миллиметр		
255.	Қатпарлы конвейерлерді орнату оларға екі жақтан қызмет көрсету мүмкіндігін көздейді. Конвейерлер арасындағы еркін өту жолдарының ені кемінде 1,2 метр, ал ғимарат пен конвейерлер арасында кемінде 1 метр етіп қабылданады		
256.	Қиғаш күйде орнатылған қатпарлы және ысырмалы конвейерлер төсемнің үзілуі кезінде оның жүріп кетуінің алдын алатын көлік буындарының		

	<p>аулағыштарымен жабдықталады</p>		
257.	<p>Иірліктер мен ысырмалы конвейерлерді орнатқан кезде оларға еркін өту жолының ені кемінде 0,8 м біржақты қызмет көрсетуге жол беріледі. Қаптамалардың, иірліктер мен ысырмалы конвейерлердің қақпақтары (арнайы байқап қарау терезелері мен люктерінен басқа) иірліктер мен ысырмалы конвейерлер жұмыс істеп тұрған кезде олардың айналмалы және жылжымалы бөлшектеріне қол жеткізуге жол бермейтін бұғаттаумен жабдықталады</p>		
258.	<p>Таспалы конвейерде барабанды түсіру арбашасын немесе жылжымалы қоректендіргішті орнату кезінде конвейердің екі жағынан өту жолдары көзделеді</p>		
259.	<p>Үстіңгі қабатқа жер асты-жер үсті конвейерлік галереялар шыққанда оларда сыртқы кіру мен конвейер арқылы өту жолдары көзделеді. Галереялар мен эстакадалардан эвакуациялық шығу және конвейерлер үстіндегі өту көпірлері кем дегенде 100 метр сайын орналастырылады. Көпірлердің ені 0,8 метр болуы тиіс, тұтас төсеніштер 0,14 метр биіктікке төменгі жағынан ернеулеумен биіктігі кемінде 1 метр сүйеніштермен қоршалады</p>		

260.	Көлбеуі 7 градус астам конвейер галереяларының өту жолдарында сатылар немесе ағаш баспалдақтар орнатылады		
261.	Шаң-газ бөлінуі бар материалды тасымалдау жүзеге асырылатын конвейер галереяларының ғимараттарға жанасу орындарында өздігінен жабылатын есіктері бар аракабырғалар қойылады		
262.	Көлбеуі 6 градустан астам барлық таспалы және қатпарлы конвейерлер конвейер тоқтаған кезде тиелген таспа тармағының кері бағытта жылжуына кедергі келтіретін бөгейтін құрылғылармен жабдықталады		
263.	Қолмен кенді бөлшектеу кезінде 0,5 метр секундадан астам конвейер таспасының қозғалу жылдамдығына жол беріледі. Кенді бөлшектеу орындарындағы таспа қоршалады		
264.	Конвейерлер өту жолдарының және жабдықтардың үстінде орналастырылған кезде олардың төменгі тармағы шашылған материалдың құлау мүмкіндігіне жол бермейтін тұтас қаптамамен қоршалады		
	Таспалы конвейермен құрғақ және шаңданатын материалдарды, жоғары температуралы және бу бөлетін материалдарды тасымалдау кезінде оларды тиеу және түсіру орындары қоршалады және аспирация, су		

265.	<p>бүріккіштер құрылғысы, еденді жуу, ауадағы зиян қоспалардың құрамын төмендетуді қамтамасыз ететін қосымша іс-шаралар көзделеді. Құрғақ ұнтақ тәрізді шаңданатын материалдарды тасымалдау кезінде оларды тасымалдау аймағы герметизацияланады</p>		
266.	<p>Құрғақ және шаңданатын материалдарды тасымалдайтын элеваторлар, ысырмалы конвейерлер мен иірліктер барлық ұзындықтары бойынша тығыз қаптамалармен жабылады, тиеу және түсіру орындары тығыз жабындылармен жабдықталады. Қаптамадағы механизмдердің жұмыс органдарының жай-күйін бақылауды жүзеге асыру үшін көзбен шолу бақылауын жүргізуге мүмкіндік беретін тығыз жабылатын есіктері бар байқап қарау терезелері (люктер) орнатылады</p>		
267.	<p>Дымқыл өнімдерді тасымалдайтын элеваторлар қойыртпақтың барлық ұзындығы бойынша шашырауына жол бермеу үшін сақтандыру клапандарымен немесе қаптамалармен жабылады. Элеватордың авариялық ажыратқыштары тиеу және түсіру орындарында орналастырылады</p>		
	<p>Материалдарды бірізді тасымалдайтын бірнеше конвейерлердің және технологиялық</p>		

268.	<p>секцияның (тізбегінің) басқа да жабдығының бір уақытта жұмыс істеуі кезінде жеке аппараттар мен машиналардың электр жетектері бұғатталып орындалады.</p> <p>Бұл ретте:</p> <p>1) іске қосу және тоқтату аппараттар тізбегінің схемасына және өндіріс технологиясына сәйкес белгілі бір бірізділікпен жүзеге асырылады;</p> <p>2) осының алдындағы қандай да бір жабдық немесе конвейер кенет тоқтап қалған жағдайда схема бойынша жабдық және конвейерлер автоматты түрде сөндіріледі;</p> <p>3) конвейерді немесе машинаны басқару пультінен қашықтықтан іске қосудың алдын алатын жергілікті бұғаттау қойылады</p>		
269.	<p>Барлық конвейерлер негізгі өту жолдары жағынан конвейердің ұзындығы бойынша кез келген нүктеден жетектің авариялық тоқтатылуын қамтамасыз ететін құрылғылармен жабдықталады.</p> <p>Механизмдерде оларды іске қосуды басқару аппараттары ретінде бұғаттау және авариялық тоқтату құрылғыларын пайдалануға жол бермеу</p>		
270.	<p>Барлық элеваторларда шөмішті тізбектің кері жүрісіне жол бермейтін тежеуіш құрылғылардың және ол үзілген кезде аулағыштардың болуы</p>		
271.	<p>Жұмыс тарамынан материалдың сырғанауы мүмкін болатын конвейерлерде</p>		

	сақтандыру тығыздамаларын орнату		
272.	Өздігінен түсіретін арбашалар мен өзі жүретін конвейерлердің сырғытқыларында қоршаудың болуы. Қоршау мен рельс бастигінің арасындағы саңылау 10 ммиллиметрден аспауы тиіс		
273.	Керме барабандары мен конвейерлердің керме құрылғыларының жүктері таспа немесе аспа үзілген жағдайда жүктің немесе барабанның адамдарға немесе төмен қабаттарда орналасқан жабдыққа құлау мүмкіндігі орын алмайтындай етіп қоршалады және орналастырылады		
274.	Ұйымдарда жабдықты жүйелі профилактикалық тексеру мен жөндеу басшы бекіткен кестелерде көзделген мерзімдерде жүргізіледі		
275.	Негізгі жабдықты күрделі және ағымдағы жөндеулер жұмыстарды ұйымдастырудың әзірленген және бекітілген жобалары бойынша жүргізіледі. Жұмыстарды ұйымдастыру жобаларында өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының сақталуына жауапты тұлғалар, жөндеу жүргізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде шаралар, жөндеу жұмыстарын орындау тәртібі мен бірізділігі көрсетілуі тиіс. Әрбір ұйымда жөндеу жұмыстарды		

	<p>ұйымдастыру жобасын ресімдеумен рұқсат беру наряды бойынша жүргізілетін объектілер мен жабдықтар тізбесі жасалады және оны ұйым басшысы бекітеді</p>		
276.	<p>Жөндеу жұмыстарын механикаландыру үшін ауыр жабдықты, тораптар мен бөлшектерді көтеруге және алуға мүмкіндік беретін қажетті жүккөтергіш құралдар мен керек-жарақтар камтамасыз етіледі</p>		
277.	<p>Ішкі тексеру, тазарту немесе жөндеу үшін тоқтатылған жабдық, агрегаттар, аппараттар мен коммуникациялар бу, су және технологиялық құбырлардан, газ арналарынан және электр энергиясымен жабдықтау көздерінен өшіріледі; барлық құбырларда бітеуіштер орнатылады; агрегаттар, аппараттар мен коммуникациялар технологиялық материалдардан босатылады. Аппараттардың жұмыс режимінде улы немесе жарылу қаупі бар газдар, булар немесе шаңдар анықталған кезде аппараттарды құрамында зиянды және қауіпті заттардың бар болуына ауа ортасына кейіннен талдау жүргізе отырып үрлеу қажет. Ауаны бақылау талдаулары жөндеу процесінде кезеңділікпен жүргізіледі</p>		
	<p>Жетектердің электр схемалары бөлшектенеді, іске қосу құрылғыларында "Қосуға болмайды! Адамдар</p>		

278.	жұмыс істеп жатыр!" деген плакаттар ілінеді, құрылғының қате немесе өздігінен қосылуына жол бермейтін шаралар қосымша қабылданады		
279.	Жөндеу жұмыстарын жүргізу аймағы жұмыс істеп тұрған жабдық пен коммуникацияларда қоршаудың болуы, қауіпсіздік белгілерімен, плакаттармен, белгі құралдарымен қамтамасыз етілуі		
280.	Жөндеу-монтажда алаңшаларының көлемі оларға машиналардың ірі тораптары мен бөлшектерінің, керек-жарақтар мен құрал-саймандардың, жөндеу жұмыстарын орындау үшін қажетті материалдардың орналасуына жол беруі тиіс. Машиналардың тораптары мен бөлшектерін орналастырып қою кезінде осы Қағидалардың талаптарына сәйкес жөндеу-монтажда алаңшасында олардың арасында өту жолдары көзделеді. Алаңшада орналастырылатын жүктің массасы есеп бойынша рұқсат етілетін массадан аспайды		
281.	Жүктерді тасымалдау бойынша барлық жұмыстар жұмыстарды қауіпсіз жүргізуге және жүктерді тасымалдауға жауапты тұлғалардың нұсқауы мен рұқсаты бойынша жүргізіледі. Ірі салмақты және ауыр жүктерді көтеру, тасымалдау және түсіру жөндеу жүргізуге		

	жауапты тұлғаның қатысуымен жүргізіледі		
282.	1,3 метр астам биіктікте баспалдақтардан жұмыстарды орындау кезінде төсемдер мен төсеніштерді орнату мүмкіндігі болмаған жағдайда жұмысшылар сақтандыру канаттары бар сақтандыру белдіктерін пайдаланады. Биіктікте жұмыстарды орындау кезінде сақтандыру белдіктерін бекіту орындарын конструкцияларда белгіленеді және нарядта көрсетіледі		
283.	Екі ярус немесе одан да көп биіктікте жөндеу жұмыстарын орындау кезінде олардың арасында материалдардың немесе заттардың жұмысшыларға құлап кетуіне жол бермейтін берік жабындылар жабдықталады немесе торлар ілінеді		
284.	Мердігер ұйым жөндеуді жүргізген кезде жұмыстар рұқсат беру наряды немесе жұмысты орындау үшін учаскені беру актісі бойынша жұмыстарды ұйымдастыру жобасына сәйкес жүргізіледі		
285.	Ұсатқыштарда жөндеу жұмыстарын орындау кезінде адамдарды көтеру және түсіру баспалдақтарды пайдалана отырып жүзеге асырылады; Жұмыс аймағына адамдардың сақтандыру белдігінсіз және сақтандыру аспасынсыз түсуіне жол бермеу		

286.	<p>Айналымды және қозғалмалы роторлары мен бөлшектері бар жабдықтың ішінде қандай да бір жұмыстарды (жөндеу және тексеріп қарау) орындауға механизмдердің қозғалмалы бөлшектерін, жабдық корпустарының (қаптамаларының) ашық қақпақтарын олардың күштеп және өздігінен қозғалу мүмкіндігіне жол бермейтін күйде сенімді бекіткеннен кейін, сондай-ақ рұқсат беру нарядын ресімдегеннен кейін ғана жол беріледі</p>		
287.	<p>Футерлерді балқытылған мырышпен құюды осындай жұмысты арнайы оқытылған және орындау тәжірибесі бар, арнайы киіммен және жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етілген адамдар орындауы тиіс. Құю бақылау тұлғасының қатысуымен жүргізіледі</p>		
288.	<p>Бункерлерде футерлерді жөндеу және ауыстыру үшін бункердің көлбеу қабырғаларында жұмыстың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін керек-жарақтар қолданылады</p>		
289.	<p>Жөндеу жұмыстары аймағында бункерлерді тиеуге жол бермеу. Жөнделетін учаскенің үстінде орналасқан сыртқы тиеу саңылаулары жөндеу жұмыстарының қауіпсіздігіне кепілдік беретін алаңда жабылады</p>		
	<p>Элеватор тізбектерінің шеттерін ауыстыру, біріктіру және конвейер</p>		

290.	таспаларын вулкандау технологиялық регламенттің талаптарын сақтай отырып тиісті жүк көтергіштігімен такелаж құрылғыларының көмегімен жүргізіледі		
291.	Диірмендерді шарлармен және өзектермен тиеу процестері және диірмендерден шарларды түсіруді механикаландырылған күйде жүзеге асыру		
292.	Диірменді бұру, футерлеу бұрандамаларын қағу, жаңа футерлерді төсеу кезінде диірменнің барабанында адамдардың болуына жол бермеу		
293.	Улы реагенттері бар ортада жұмыс істейтін жабдық жөндеу алдында осы реагенттерден егжей-тегжейлі тазартылады және зиянсыз етіледі		
294.	Күйдіру қондырғыларының жұмыс істеуі кезінде газ коммуникацияларында және бақылау-өлшеу аппаратурасында жөндеу жұмыстарын жүргізбеу		
295.	Күйдіру машинасының көрігін қалауды жөндеу машинаны табиғи жолмен салқындатқаннан кейін және жетектер мен тартып үрлеу құралдарының электр схемасын бөлшектегеннен кейін суық ауаны беру үшін тасымалды желдеткішті орнатқаннан кейін рұқсат беру наряды бойынша жүргізу. Күйдіру машинасының көрігінде жұмыс істеу кезінде сақтандыру торы бар кернеуі 12 Вольт жоғары		

	емес жарамды тасымалды электр шырағын пайдалану қажет		
296.	Барлық тұтанатын материалдарды дәнекерлеу және от жұмыстарын жүргізу орнынан кемінде 10 метр қашықтықта орналастыру қажет. Дәнекерлеу бөлімшесінде тез тұтанатын жанғыш заттарды сақтауға жол бермеу		
297.	Дәнекерлеу орнынан кемінде 2 метр қашықтықта тұрған құрылыстардың барлық ағаш немесе жанғыш бөліктері дәнекерлеу кезінде таскендір немесе болат табақтармен жабылады		
298.	Дәнекерлеу және газ жалынды жұмыстарын жүргізу орындарының маңында отсөндіргішті, жақын арадағы өрт сөндіру құбырына қосылған жеңі бар өрт сөндіру оқпанын немесе 0,2 кубалық метрден кем емес судың қоры бар бөшкені, құмы бар жәшікті орналастырады		
299.	Газ жалынды жұмыстар жүргізуге арналған оттықтар мен кескіштерді кері клапандармен жабдықтау		
300.	Ұйымдар объектілерін желдетудің, газ газартудың, шаңтұтқыштың және ауаны салқындатудың тиімді жүйелерімен жабдықтау		
	Адамдар ұзақ немесе тұрақты болатын (2 сағатан астам) байыту ұйымдарының барлық өндірістік		

301.	<p>үй-жайларындағы ауа ортасының параметрлері тексеруге жатады. Желдету және аспирация қондырғыларымен жойылатын ауа атмосфераға шығарылмас бұрын шаңнан шекті рұқсат етілген шоғырлануға дейін тазартуға ұшырайды. Тазарту құрылғылары ш а ң н ы ң физикалық-химиялық қасиеттерін ескере отырып орналастырылады</p>		
302.	<p>Үлкен ашық су беті бар жабдық орналасқан үй-жайларда конденсаттың ұйымдастырылған ағып кетуін қамтамасыз ететін құрылғыларды орнату</p>		
303.	<p>Ғимараттардың қабырғалары, төбелері мен ішкі конструкциялары жеңіл жинауды қамтамасыз ететін және цианидтердің , заттардың жұтылуына, жиналуына жол бермейтін әрлеумен орындалады</p>		
304.	<p>Ұйымның барлық үй-жайларында шаңды жинау сору пневматикалық құрылғыларының немесе гидрожуудың көмегімен механикаландырылған тәсілмен жүргізіледі</p>		
305.	<p>Едендерді дымқылдап жинау көзделген цехтарда және дымқыл технологиялық процесі бар цехтарда едендер су өткізбейтін жабындымен жарақталады. Судың ағып кетуі үшін еден еңісі кемінде 0,02 (1,8 градус) болуы көзделеді. Негізгі өту жолдарында</p>		

	еден еңісі 0,04 (2,6 градус), қызметтік өту жолдарында – 0,1 (6 градус) аспауы тиіс		
306.	Хлор өнімдерін, реагенттерді қолдана отырып құрамында циан бар өнеркәсіп ағындыларын зиянсыз ету аспирациямен, бақылау аспаптарымен және қашықтықтан басқарумен қамтамасыз етілген герметизацияланған жабдықта ғана жүзеге асырылады		
307.	Едәуір жылу бөлінетін үй-жайларда шатырдың құрылғысы ластанған ауаның кері ағысының пайда болуына жол бермеуді көздейді. Көп жылу бөлінген кезде (20 килокалория кубалық метрден астам) корпустарда желден қорғайтын панельдері бар жарық аэрациялық қол шамдар жобаланады		
308.	Өндірістік үй-жайларда жөндеу бойынша жұмыстарды ыңғайлы және қауіпсіз орындау, әйнектерді шынылау және екі жақты тазалау, аэрациялық қол шамдарға және жарық беретін арматураға қызмет көрсету үшін өту жолдары, алаңшалар, арнайы құрылғылар мен керек-жарақтар көзделеді		
309.	Едәуір жылу бөлінудің көзі болып табылатын өндірістік жабдықтың беті термооқшаулаумен жабылады		
310.	Құрғақ өнімдер мен концентраттарды, дайын концентраттардың орамаларын және шихтовкасын тиеу және		

	түсіру операциялары механикаландырылады және герметизацияланады		
311.	<p>Кенді қабылдау бункерлері кеннің басылуының, майысуының, қатуының алдын алатын құрылғылармен жабдықталады. Жұмыс аймағына шаң түсуінің алдын алу мақсатында бункерлерді түсіру және тиеу үшін материалдың біркелкі емес болып келуіне жол бермейтін мөлшерлеу құрылғылары қолданылады. Құрғақ кенге арналған бункерлер-жинақтағыштар мен ыдыстар олардың толып кетуіне және толық түсірілуіне жол бермейтін автоматты құрылғылармен жабдықталады. Бункердегі материалдың қалдық қабаты кемінде 1 метр биіктікпен орнатылады</p>		
312.	<p>Кенді және аралық өнімдерді беруге арналған ұсатқыштар, тасымалдау таспалары, оларды жабдыққа қайта төгу және тиеу орындары жұмысы өндірістік жабдықпен бұғатталған аспирациялық жүйелермен немесе гидрошаңсыздану жүйелері бар жабындылармен жабдықталады. Жүйенің құрылғыларын бұғаттау жұмыс басталмас бұрын 3-5 минуттың ішінде олардың қосылуын және жабдық немесе жүктемесіз жұмыс тоқтатылғаннан кейін</p>		

	кемінде 5 минуттың ішінде өшірілуін қамтамасыз етеді		
313.	Реагент бөлімшесінің, флотация, регенерация, сорбция, қойырту, кептіру бөлімшесінің және қалдықтарды зиянсыз ету бөлімшесінің үй-жайларында ауада қауіптілігі I және II класс улы заттардың шекті рұқсат етілетін концентрацияларының артуы туралы белгі беретін газ талдағыштар орнатылады		
314.	Дірілді генерациялайтын жабдық үшін дірілдің азаюын қамтамасыз ететін құрылыс, технологиялық және санитариялық-техникалық іс-шаралар кешені пайдаланылады		
315.	Шудың көзі болып табылатын жабдық орналасқан аралықтар басқа учаскелерден дыбыстан оқшаулайтын арақабырғалармен бөлінеді. Деңгейлері жоғары шуды қалыптастыратын негізгі технологиялық жабдық дыбыстан оқшаулайтын қоршаулармен жабдыкталады		
316.	Мөлшерлеу алаңшаларында орналасқан шығыс сыйымдылықтарынан реагенттерді байланыс күбілеріне, флотациялық машиналарға, агрегаттарға беру жабық коммуникациялар бойынша автоматты герметизацияланған мөлшерлегіштер көмегімен жүзеге асырылады		

317.	Жұмысшылардың флотореагенттермен байланысы мүмкін болатын бөлімшелерде ыстық және суық суды беретін жуғыштармен, көзді жууға арналған фонтанмен және теріге тиген заттарды тез жою үшін су ағысымен жуу құрылғыларымен жабдықталады		
318.	Концентратты кептіру және түйіршіктеу, оны тиеуге беру процестерін, желдету және газ бен шаңнан тазарту жүйелерінің жұмысын басқару оператор бөлмесінде орнатылған пульттерден жүзеге асырылады. Кептіру агрегаттарына қызмет көрсету орындарында берілетін ауаның температурасын автоматты түрде реттейтін душ қондырғылары көзделеді		
319.	Жаңадан жөнделген және реконструкцияланған желдету қондырғыларын ұйым басшысы тағайындаған комиссия пайдалануға қабылдайды. Ж е л д е т у қондырғыларында шикілік бар болса және жұмысы тиімді болмаса оларды пайдалануға қабылдауға жол берілмейді		
	Технологиялық жабдықтың жұмыс істеуі кезінде барлық негізгі ауа сору-тартпа желдету және аспирациялық қондырғылары үздіксіз жұмыспен қамтамасыз етіледі. Желдетудің жарамсыз жүйелері кезінде жұмысы шаң мен газдың бөлінуімен		

320.	жүргізілетін технологиялық жабдықты пайдалануға жол бермеу. Желдету қондырғысы тоқтап қалғанда және зиянды заттардың шоғырлануы жоғарылағанда үй-жайдағы жұмыс тоқтатылады, адамдар таза ауаға шығарылады		
321.	Негізгі және қосалқы жабдығы бар желдету және аспирация қондырғыларының жұмысы бұғатталған кезде желдету немесе аспирация жабдығының маңында тікелей қосымша іске қосу құрылғылары көзделеді. Технологиялық жабдықты онымен бұғатталған желдету жүйесін іске қосуға дейін қосуға жол бермеу		
322.	Желдету қондырғылары алмасатын ауаның көлемін реттеу үшін ауа арналары мен құрылғыларға келетін ауаның жылдамдығын, қысымы мен температураларын бақылау және өлшеу үшін керек-жарақтармен (люктер, штуцер) жабдықталады		
323.	Ауадағы шаңның құрамын анықтау үшін сынама алу, жұмыс орындарында ауа температурасын, ылғалдылығын, қозғалысының жылдамдығын тексеру желдету және аспирация қондырғыларын реконструкциялағаннан және күрделі жөндеуден кейін қалыпты пайдалану және технологиялық режимнің өзгеруі		

	жағдайында жүйелі түрде жүргізіледі. Ауа сынамаcын алу орны мен кезеңділігі басшы бекіткен жоспармен немесе кестемен белгіленеді		
324.	Радиациялық-қауіптілерге жатқызылған кәсіпорындар радиациялық бақылауды жүзеге асырады. Радиациялық фонды тексеруді бақылау нәтижелерін арнайы журналда тіркей отырып, ұйым басшысы бекіткен тізбе бойынша жұмыс орындарында және аймақтарда жүргізіледі		
325.	Радиациялық бақылау мыналарды белгілейді: 1) жұмыс аймағында және онымен аралас жұмыстарды жүргізу аймағындағы радиациялық-қауіпті факторлардың деңгейін; 2) радиациялық жағдайдың радиациялық қауіпсіздіктің рұқсат етілген нормаларына сәйкес келуін; 3) жоғары радиациялық қауіптіліктің негізгі көздерін айқындауды және бағалауды; 4) радиациялық-қауіпті факторлар кешенінің жұмысшыларға әсер ету дәрежесін; 5) сыртқы ортаның радиоактивті заттармен ластану деңгейін және персоналға, кенді қайта өңдеу ұйымы орналасқан ауданда тұратын халыққа радиациялық факторлардың әсер ету деңгейін бағалауды		
	Радиациялық жағдайы жоғары кенді қайта өңдеу кәсіпорындарын жобалау		

326.	және пайдалану кезінде жұмысшыларды иондау сәулеленудің әсерінен қорғау, ұйымның өнеркәсіптік ағынды суларды және ауа шығарындыларын радиоактивті, зиянды заттардан тазарту жөнінде қосымша шаралар көзделеді		
327.	Ұйымның өнеркәсіптік алаңдарының айналасында мөлшері жобалық құжаттамамен анықталатын санитариялық-қорғау аймағы орнатылады. Ұ й ы м н ы ң санитариялық-қорғау аймағында қосалқы және қосымша объектілерді орнатуға, магистральдық автомобиль жолдарын төсеуге жол беріледі. Көрсетілген объектілер шығарындылардың негізгі көздерінен немесе радиоактивті аэрозольдардың ұйымдастырылмаған түсімдерінен қауіпсіз қашықтықта орналасады		
328.	Кенді ұзақ мерзімді сақтауға арналған қоймаларды аумағы қоршалуы тиіс жеке алаңдарға орналастыру қажет. Кен қоймаларын орналастыру желдетудің ең қолайлы жағдайларын құру қажеттілігін ескере отырып көзделеді. Жекелеген қоймалық үй-жайлардың арасындағы саңылаулар ені кемінде 20-25 метр құрайды. Өнеркәсіптік алаңдағы кеннің шығыс қоймалары негізгі цехтардың ғимараттарынан кемінде 50 метр және әкімшілік-шаруашылық		

	және қосалқы ғимараттар мен құрылыстардан кемінде 100 метр қашықтықта орналастырылады		
329.	Технологиялық процесті басқаруды механикаландыру жабдықты реттеу және баптау кезінде иондаушы сәулеленудің немесе үстіңгі қабаттың және ауаның радиоактивті ластануының деңгейі жоғары орындарда қызмет көрсететін персоналдың болуы талап етілмейтіндей етіп орындалады		
330.	Өзінің сипаты бойынша т о л ы қ герметизацияланбайтын және оның салдарынан өндірістік үй-жайлардың радиоактивті газдармен және аэрозольдармен ластануының себебі болып табылатын технологиялық операцияларды жеке тұрған үй-жайларға шығарылады		
331.	Сүзу процестері үшін тұнбаларды алу және тазарту бойынша кеніш операцияларына жол бермейтін үздіксіз іс-қимылды аппараттар қолданылады		
332.	Шаң мен радонның (торон) бөліну көздері болып табылатын барлық аппараттар жұмыс тесіктері ең төменгі қажетті мөлшерлерден тұратын паналармен жабдықталады		радонның (
	Радиоактивті заттардың құрамы жоғары тұздарды кептіру және қыздыру бөлімшелерінде механикаландырылған ж ә н е		

333.	автоматтандырылған тиеуі мен түсіруі бар үздіксіз жұмыс істейтін пештер пайдаланылады. Кептіру және қыздыру бөлімшелерінің барлық аппараттары одан әрі шаңды процеске кері қайтара отырып дайын өнімнен шаңды тұту жүйесімен жабдықталады		
334.	Кенді қайта өңдеу ұйымдарының негізгі технологиясының мақсаттары үшін ураны жоқ кеніштердің шахталық (карьерлік) суларын егер олар техникалық шарттарды қанағаттандыратын болса, пайдалануға жол беріледі. Шахталық сулар жиынтық ұзақ өмір сүретін альфа-активтілік бойынша литрге 3·10 ⁻⁹ кюри орташа жылдық шоғырлануды сақтағанда бақыланатын аймақта жұмыс істейтін көлікті жуу үшін пайдалануы мүмкін		
335.	Шаруашылық-ауыз су су құбырының трассасын сұйық радиоактивті қалдықтарды тасымалдау және сақтау үшін арналған коммуникацияларға қатысы бойынша орналастыру және кез келген жағдайларда құбырларды төсеу жүйесі су құбырына радиоактивті заттардың түсу мүмкіндігіне жол бермеуге тиесілі		
336.	Трассада арнайы кәріздің желілері ұйым аумағының шеңберінен тыс өтуі және айыру белгілері көзделуі тиіс. Бұл трассаларда топырақтың бұзылуымен		

	байланысты қандай да бір құрылыс жұмыстарын жүргізуге жол бермеу		
337.	<p>Құрамында радиоактивті изотоптары бар ағынды сулар технологиялық процеске қайтарылады, оларды ашық су айдынына жіберген жағдайда - суға арналған рұқсат етілген шоғырлану деңгейіне дейін алдын ала тазартылады.</p> <p>Технологиялық процесте ластанбайтын ағынды сулар техникалық сумен қамту жүйелерінде пайдаланылады.</p> <p>Өнеркәсіп объектілерінің сұйық технологиялық радиоактивті қалдықтары кәріздің (арнайы кәріз) жеке жүйесі бойынша қалдық қоймасында жойылады</p>		
338.	<p>Кенді қайта өңдеу объектілерінің барлық корпустары механикалық қосылумен ауаны сору-тартпа желдетумен жабдықталады. Зиян бөлінулер жоқ болған кезде жеке үй-жайларды табиғи желдетуге жол беріледі. Радиоактивті ластануы жоғары кендерді бункерлерде сақтаған жағдайда сиретуді тудыру үшін оларда тартпа механикалық желдету құрылғысы көзделеді.</p> <p>Ашық люктерде сору жылдамдығы секундына 1 метр құрайды.</p> <p>Шаңданатын жабдықтың паналарынан сорылатын ауаның көлемі есеппен белгіленеді, осылайша ауаны сору жылдамдығы секундына 1,5-2,0 метр деп қабылданады</p>		

339.	<p>Өндірістік үй-жайларды желдету үшін ауаның қажетті көлемін зиянды бөлінулерді рұқсат етілген шоғырлану деңгейіне дейін радиоактивті заттар бойынша және шекті рұқсат етілген шоғырлану деңгейіне дейін жалпы улы заттар бойынша сұйылту және өзге параметрлер бойынша (ауа температурасы, ылғалдылығы) талап етілетін нормативтерді қамтамасыз ету жағдайларына сүйене отырып есеппен анықтау қажет</p>		
340.	<p>Тартпа желдету жүйелері үшін ауаны алуды атмосфералық ауада радиоактивті және улы заттардың құрамы 0,1 рұқсат етілген шоғырланудан жоғары емес және жұмыс үй-жайлары үшін 0,3 шекті рұқсат етілген шоғырлануды құрайтын аймақтан жүзеге асыру қажет. Көрсетілген мөлшерлер артқан жағдайда алмасатын ауа міндетті тазартуға жатады</p>		
341.	<p>Жергілікті сорғылармен жойылатын және құрамында шаң, радиоактивті, химиялық және жағымсыз иісті заттар бар ауа атмосфераға шығарылмас бұрын тазартуға жатады</p>		
	<p>Барлық технологиялық жабдық металл сынығына өткізілер алдында оның ластануын сағатына 0,50 микроЗивертке тең гамма-сәулеленудің</p>		

342.	<p>экспозициондық мөлшерлемесі қуатының деңгейіне дейін төмендетуді қамтамасыз ететін тазартуға және зарарсыздандыруға ұшырауы тиіс. Жөндеуге жіберілген жабдық гамма-сәулеленудің сол мөлшеріне және беттік ластануға ие болады. Шекті рұқсат етілген концентрацияларға дейін тазартуға келмейтін жабдықты радиоактивті қалдық ретінде қарау керек</p>		
343.	<p>Кенді қайта өңдеу объектілерін пайдалану кезінде радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жұмыс істейтіндердің жеке қорғанысы мен жеке гигиенасы жөнінде іс-шаралар көзделеді. Аэрозольдардың бөлінуі орын алатын үй-жайлардағы жұмысшылар жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етіледі</p>		
344.	<p>Санитариялық-қорғау аймағының аумағына іргелес жатқан тұрғын үй массивтері жағынан қалдық қоймасының бөгетінен шамамен 200 метр қашықтықта ені 15-20 метр орманды қорғау алабын отырғызу қажет</p>		
345.	<p>Гидрометаллургия өндірісінің қалдықтарын беру болат құбырлары немесе жабық темір-бетон лотоктары бойынша гидрокөлікпен жүзеге асырылады</p>		
	<p>Шаңның түзілуіне және радиоактивті аэрозольдардың таратылуына жол бермеу үшін жуу құламасының</p>		

346.	беті жуылуы бойынша жобалық белгілерге дейін таза топырақпен жабылады. Жабылу қабатының қалыңдығы кемінде 0,5 метр құрайды . Жабылған бетке шөп егу қажет		
347.	Жер асты суларының радиоактивтілік деңгейін бақылау үшін қалдық қоймасының периметрі бойынша және жер асты сулары ағысының бағыты бойынша сынама іріктегіштер (бақылау) ұңғымаларынан су сынамасын іріктеу жүргізіледі. Ұңғымалардың орналасқан жері және саны ұңғымалардың арасындағы қашықтық кемінде 300 метр құрайтындай есеппен гидрогеологиялық жағдайларға байланысты анықталады. Бұл ретте бір-екі ұңғыма санитариялық-қорғау аймағының шегінен тыс жерде орналастырылады		

Лауазымды адам (-дар) _____

лауазымы

ҚОЛЫ

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бақылау және қадағалау субъектісінің басшысы _____

лауазымы

ҚОЛЫ

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы
 Ұлттық экономика министрінің м.а.
 2022 жылғы 30 қарашадағы № 102 мен
 Қазақстан Республикасы
 Төтенше жағдайлар министрі

2022 жылғы 30 қарашадағы
№ 260 бірлескен бұйрығына
12-қосымша

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің

2015 жылғы 15 желтоқсандағы
№ 1206

және Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 814 бірлескен бұйрығына
12-қосымша

Қауіпті өндірістік объектілердің қалдық және шлам шаруашылықтарына қатысты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау аясындағы тексеру парағы

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган _____

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт _____

№, күні

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі), бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1-кіші бөлім. Жалпы ережелер			

1.	Қалдықты және шөгінді шаруашылықтарының қауіпті өндірістік объектілерін жобалау, салу, пайдалану, кеңейту, қайта жаңарту, жаңғырту, консервациялау және жою кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету		
2.	Қалдық қоймаларын пайдаланушы ұйымның техникалық басшысы әзірлеген және бекіткен технологиялық регламенттің болуы		
3.	Шөгіндер мен қойылтқыштарды қол еңбегін пайдалануға және құрастырылымдардың бұзылуына жол бермейтін, шөгінген жағдайда оларды тазалауға, жууға арналған құрылғылармен немесе механизмдермен жабдықтау		
4.	Шөгінге және нығыздалуына жол бермейтін еңістері бар қойылтылған қоймалжыңды қойылтқыштардан қоймалжыңды сорғылау станциясына бұратын өздігінен ағатын қойыртпақ жүргізгіштердің (астаушалар) көзделуі		
5.	Қойыртпақ жүргізгіштер төселетін туннельдерді желдеткішпен, авариялық жарықпен және қызмет көрсетуші персонал құрамына арналған өту жолдарымен жабдықтау		
6.	Барлық пайдалану мерзімі ішінде таскынды ағудың қабылдауын қамтамасыз етпейтін жинақтауыштардың қалдық қоймалары үшін оны жинақтауыштың		

	шеңберінен тыс қабылдау және бұру бойынша құрылыстардың көзделуі		
7.	Қалдық қоймалардың қалдықтары мен ағынды суларының жинақтауышында жерасты суларының деңгейі мен құрамын бақылау үшін қадағалау ұңғымаларының желілерін құру		
8.	Қоршайтын және су жинау құрылыстарының бұзылу салдарлары, аумақты ықтимал су басу аймағының, жерасты және жер бетіндегі сулардың ластану шекараларын анықтау, ықтимал су басу аймағында орналасқан өзге объектілерді қорғау немесе қауіпсіз орынға шығару бойынша іс-шаралардың орындалуы		
9.	Қалдық қоймасының аварияға қарсы қорғау жүйесінің болуы		
10.	Жобалау құжаттамасына сәйкес құрылысы аяқталмаған қалдық қойманы пайдалануға енгізуге жол бермеу		
11.	Пайдалану режимінде кешенді сынақтан өткізілген дабыл беру, бұғаттау, артық жүктемелерден қорғау құрылғылары, бақылау-өлшеу аспаптары, байланыс және жарық құралдарының және қабылдау комиссиясының актісінің болуы. Бақылау-өлшеу аспаптарының барлық металл бөліктерін тоттанудан қорғау. Жер бетіне шығып тұратын құдықтардың қорғаныш		

	<p>қалпақтарына немесе қақпақтарына жуылмайтын бояумен бақылау-өлшеу аспаптарының нөмірленуінің болуы. Пьезометрлерді ластанып қалудан сақтау үшін жабылатын қақпақтармен , ал бұзылудан - жерге қазып орнатылған диаметрі үлкен металл немесе темірбетон құбырлармен қорғалуын қамтамасыз ету</p>		
12.	<p>Қалдық қоймалардың барлық объектілеріне жылдың кез келген уақытында автокөлік құралдары мен механизмдердің кіруін қамтамасыз ету. Жол белгілерінің болуы және жарамды күйде ұсталуы. Қалдық қоймасына қызмет көрсететін бөлімшеде ілінетін, кіреберіс жолдардың, адамдар мен көліктің қозғалу сызбанұсқаларының болуы. Сызбанұсқамен объектідегі жұмысқа қосылған барлық автокөлік құралдарының жүргізушілері таныстыру . Бөгде автокөліктің қалдық қойманың аумағына кіруіне жол бермеу</p>		
13.	<p>Белгіленген нысан бойынша қалдық қойманың паспортының болуы</p>		
14.	<p>АЖЖ көзделген орындарда тұратын, адамдарды құтқару және аварияларды жою жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру үшін байланыс құралдарының, техникалық және материалдық</p>		

	құралдардың жарамды болуы		
15.	Өндіріске өзгерістер енгізгенге дейін технологиялық процестер, коммуникациялар сызбанұсқалары өзгерген, жабдық ауыстырылған жағдайда АЖЖ және технологиялық регламенттерге тиісті түзетулердің енгізілуін қамтамасыз ету		
16.	Жыл сайын ұйымның техникалық басшысы бекітетін алдын ала жоспарлы жөндеу кестесі бойынша құрылыстарға, желілерге және жабдықтарға жөндеу жүргізуді ұйымдастыру		
17.	Қалдық қойманың құрылыстары мен ғимараттарын өртке қарсы қорғанышпен қамтамасыз ету		
18.	Қалдық қойманы пайдалану кезінде техникалық құжаттаманы жүргізу: 1) белгіленген нысанға сәйкес технологиялық регламенттер; 2) белгіленген нысанға сәйкес қалдық қоймасын пайдалану жобасы; 3) құрылыстарға аспапты бақылау және геотехникалық бақылау материалдары; 4) када белгілерді, маркаларды, пьезометрлерді төсеу бойынша қабылдаудың атқарушы актілері; 5) жобаны, жұмыс құжаттамасын құрастыру үшін орындалған инженерлік іздестірулер туралы есептер; 6) ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы есептер;		

	<p>7) құрылыстарды пайдалануға қабылдау актілері;</p> <p>8) дайындаушының техникалық құрылғыларды пайдалану жөніндегі паспорттары және нұсқауы;</p> <p>9) қалдық қойманың паспорты, құрылыстардың техникалық паспорттары;</p> <p>10) белгіленген нысанға сәйкес қалдық қойманың қауіпсіздігі мониторингісінің жобалық құжаттамасы</p>		
19.	<p>Ш а й ы п жинақтауыштарда пайдаланудың алғашқы бес жылынан кейін және тіреуіш призмасының жобалық ұзындығы шеңберінде өсірудің кемінде әрбір 10 метр сайын тіреуіш призмасына шайылған қалдықтардың физикалық-механикалық сипаттамаларының сәйкестігін растау мақсатында инженерлік-геологиялық зерттеу жүргізу. Жобалау ұйымы өкілдерінің қатысуымен шайып жинауыш бөгеттерінің орнықтылығын тексеру, шайып жинауыштар бөгеттерінің орнықтылығын кезектен тыс тексеру жүргізілуін ұйымдастыру</p>		
20.	<p>Ұйымның техникалық басшысы бекіткен, әрбір жыл басталғанға дейін қалдықты шайып сақтау қоймасын толтыру жоспары мен кестесінің, құрылыстар мен жабдықтарды жоспарлы алдын ала жөндеу кестесінің болуы</p>		

Қалдық қоймаларды қауіпсіз пайдалануыңамтамасыз ету:

1) қалдықтардың жыл сайын бекітілетін жоспар мен кестеге сәйкес төселуін қамтамасыз ету, жобалау құжаттамасында қабылданған толтыру сызбасының, қойыртпақты шығару тәсілдерінің, қалдықтарды төсеу технологиясы мен шаю қарқындылығының сақталуы. Рұқсат етілмеген және ұйымдастырылмаған қалдықтарды төсеуге жол бермеу;

2) қалдық қоймасында жобалау құжаттамасында көзделген су көлемін ұстап тұру, қалдық қоймасына келіп түсетін және одан алынатын су мөлшерінің (әсіресе, су айналымы 100 пайыз болғанда) тәулік сайынғы есебін жүргізу. Жобалау құжаттамасында су көлемінің берілгеннен ең төменгі шегінен асаюына және көлемнің ең жоғарғы шегінен астам артуына жол бермеу;

3) құрылыстардың жай-күйін бақылауды жүзеге асыру және құрылыстарды қауіпсіз пайдаланудың жобалау құжаттамасында берілген өлшемдерінен асуына жол бермеу;

4) қалдық қойма мен оның құрылыстары жұмысының режимінде туындаған бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шараларды және жөндеу жұмыстарын уақтылы жүргізілуі;

	<p>5) жобада көзделген барлық табиғатты қорғау іс-шараларын және қалдықтардың тозаңдануының алдын алу жөніндегі шаралардың орындалуы;</p> <p>б) Қағидалардың, жобалау құжаттамасы мен технологиялық регламенттің талаптарын сақтау</p>		
22.	<p>Қалдық қойманы пайдалануға беру кезінде оның ішінде жиналған судың көлемі өндірісті алғашқы іске қосу кешенінің айналымдық сумен жабдықтау үшін жеткілікті көлемінен артық болмауы керек</p>		
23.	<p>Қалдық қойманың шөгін тоғанында, бақылау үшін ыңғайлы орында қалдық қоймадағы судың деңгейін бақылауға арналған сантиметрлік бөліктері бар өзгеріске ұшырамайтын материалдан жасалған су өлшеу тақтайшасының болуы. Тақтайшаның нөлі тіреуіш реперге байланады. Су өлшеу тақтайшасына тоғандағы су деңгейі белгіленеді. Тақтайша су деңгейін қашықтықтан бақылау аспабының бар болуына қарамастан орнатылады</p>		
24.	<p>Шаятын қалдық қоймалары бөгеті қырының белгісі немесе шаятын қалдық қоймалары құлама бөгетінің жоғарғы еңісі маңындағы су бетіндегі жағажай белгісінің жобалау құжаттамасына сәйкестігі</p>		
	<p>Шаятын қалдық қоймасын пайдаланудың барлық мерзімі ішіндегі</p>		

25.	су бетіндегі жағажай ұзындығының бөгеттің төменгі еңісінің жалпы және сүзу орнықтылығын негізге ала отырып, шаятын әрбір қабаты үшін жобалау құжаттамасында берілгенге сәйкестігі. Ж о б а л а у құжаттамасында су бетіндегі жағажайдың бақыланатын ұзындығы болмаған жағдайда, ол жергілікті жағдайларға байланысты 20-50 метр шегінде белгіленеді		
26.	Қойыртпақты жағажайға шығару кезінде бөгеттің қыры мен төменгі еңісіне ағып төгілуге жол бермеу		
27.	Қалдық қоймаға жобада қарастырылмаған ағынды суды жіберуге, материалдарды қоймалауға, жобалау құжаттамасында көрсетілгенмен салыстырғанда артық су көлемінің жиналуына жол бермеу. Суды жинауыштан залалсыздандырып тазаламай, табиғи су айдындарына жіберуге жол бермеу		
28.	Топырақты кесуге, төменгі бьефте және бөгеттің төменгі еңісінде, қалдық қойманың жырасында жобалық толтыру белгісі шегінде қазбалар мен қазаншұңқырларды орналастыруға жол бермеу		
29.	Қалдық қойма орналасқан ауданда жарылыс жұмыстарын жүргізу жобалау құжаттамасында белгіленеді		

30.	Кіреберіс жолдарда және қалдық қоймаларға ықтимал өту жолдарында "Қауіпті аймақ. Бөгде адамдардың өтуіне және кіруіне тыйым салынады!" деген плакаттардың болуы		
31.	Қалдық қойманың бермалары мен бөгет қырына кем дегенде екі өту жолдарының болуы		
32.	Көлік құралдарының өтуі мен адамдардың жағажайда жүруіне технологиялық регламенттің болуы		
33.	Қоршау бөгеттерінде, дамбаларда, арналарда, дренаждарда, туннельдер мен тарату қойыртпақтарында құрылыстардың ұзындығын, олардың жер астына немесе су астына жасырынған коммуникациялармен қиылысу орындарын пикет бойынша белгілейтін белгілерінің болуы		
34.	Қысымды қойыртпақтар өтетін дамбалардың (бөгеттер) жасанды жарықпен қамтамасыз етілуі		
35.	Қалқыма құралдардың жүккөтергіші көрсетілген жазбасының, құтқару құралдарының (құтқару дөңгелектері немесе шарлар, кендір арқан) және суды сарқуға арналған шөміштерінің болуы. Судағы жұмыстарды ұйымдастыру наряды-рұқсат беру бойынша жүргізіледі		
	Персоналдың жылжуына және қалдық қойманың мұзы бойынша		

өткелдерді ұйымдастыруға мұздың келесі қалыңдығы кезінде жол беріледі.

1) салмағы 0,1 тонна құрал-саймандарымен адам; мұзды қабатының қалыңдығы 10 сантиметр, ауаның температурасы минус 1 градус Цельсия суықтан минус 2 градус Цельсия суыққа дейін болғанда қауіпсіз; көлік арасындағы минималды қашықтық 5 метр;

2) жүк көтерімділігі 1,5 тонна автокөлік салмағы 3,5 тонна жүгімен; мұзды қабатының қалыңдығы 25 сантиметр, ауаның температурасы минус 1 градус Цельсиядан минус 2 градус Цельсияға дейін болғанда қауіпсіз; көлік арасындағы минималды қашықтық 20 метр;

4) салмағы 8,5 тонна, жүгі бар автосамосвал немесе бульдозер; мұзды қабатының қалыңдығы 40 сантиметр, ауаның температурасы минус 1 градус Цельсия суықтан минус 2 градус Цельсия суыққа дейін болғанда қауіпсіз; көлік арасындағы минималды қашықтық 25 метр;

5) салмағы 10 тонна автотартқыш жүгімен немесе трактор; мұзды қабатының қалыңдығы 40 сантиметр, ауаның температурасы минус 1 градус Цельсия суықтан минус 2 градус Цельсия суыққа дейін болғанда қауіпсіз; көлік арасындағы минималды қашықтық 30 метр;

6) салмағы 20 тонна, жүгі бар шынжыртабанды шығыран; мұзды қабатының қалыңдығы

	<p>60 сантиметр, ауаның температурасы минус 1 градус Цельсия суықтан минус 2 градус Цельсия суыққа дейін болғанда қауіпсіз. Көктемде мұздың беріктігі екі есе кемиді. Есептеу кезінде мұздың тек берік қабатының қалыңдығы ғана алынады. Мұздың көрсетілген қалыңдықтары бір литрге 1000 миллиграммға дейін минералданған суға жатады. Мұздың шекті қалыңдығының мәнін соңғы үш тәуліктегі ауаның орташа температурасы минус 5 градус Цельсия болған кезде 1,1 есеге; температура 0 градус Цельсия болғанда 1,4 есеге; температура 0 градус Цельсиядан жоғары болған кезде 1,5 есеге ұлғаяды</p>		
37.	Мұздағы жұмыстар жұмыстарды ұйымдастыру жобасы бойынша жүргізіледі		
38.	Қалдық қоймалардағы кезекші персонал үшін саны мен орналасатын жері жобалау құжаттамасында анықталатын, жылытылатын, электр тогы жүргізілген және телефон қойылған қызметтік үй-жайлар		
39.	Алғашқы дамбалар мен қалдық қойманың құлама дамбаларын салу жобалау құжаттамасына сәйкес жүргізіледі		
	Екі және одан астам бөліктерден тұратын сел ағындарын қалыптастыратын қалдық қоймаларды салу және қайта жаңарту кезінде		

40.	<p>қоршау бөгеттері тік ядро немесе жоғарғы еңіс бойынша көлбеу қалқа түріндегі сүзуге қарсы элементтердің құрылғысы бар ірі түйіршікті топырақтардан немесе тау тасты массасынан төселінеді және өсіріледі. Мұндай қалдық қоймалардың бөгеттерін арттыру төменгі еңіс жағына қарай жүргізіледі . Тас аршылым болмаған жағдайда, каскадтағы дамба биіктігін ұзарту экранды бірлесіп кеңейте отырып, тек төменгі еңіске қарай жүргізіледі. К а с к а д т ы қалыптастыратын бөліктердің жоғары орналасқан бөліктердің дамбалары бұзылған кезде түзілетін сел ағысын құю үшін жеткілікті резервтік көлемдері немесе сел ағысының өтуін және қауіпсіз орынға бұрылуын қамтамасыз ететін авариялық су жинағышы (арнасы) болады</p>		
41.	<p>Алғашқы дамбалармен құлама дамбаларды тұрғызу кезінде еңістердің жобалық құламаларын ұлғайтуға және берманың ені б о й ы н ш а ауытқушылықтарды арттыруға жол бермеу</p>		
42.	<p>Қойманы толтыру кестесімен және технологиясымен ұштастырылатын, дамба кескінінің әртүрлі аймақтарына аршылған жыныстарды салу ретін және жүйелілігін қамтамасыз ету. Төгу жобалау құжаттамасын</p>		

	сақтай отырып жүргізіледі		
43.	<p>Аршу жыныстарынан дамбаларды үйінді түзу әдісімен орнату кезінде</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) топырақты бөгетке төсеу технологиясын; 2) жобалау құжаттамасында берілген қабаттар биіктігі мен еңістердің тіктігінің сақталуын; 3) жобалау құжаттамасында берілген бөгеттерді қалыңдату және қалдық қоймадағы су деңгейін арттыру қарқынын бақылауды қамтамасыз ету 		
44.	<p>Дамбаны қалыңдатудың немесе шаю қабатының әрбір кезегіне:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) дамбаның жобалық және нақты өлшемдерін, оның элементтері мен белгілерін түсіре отырып түсірілімді; 2) дамбаның өзіндік көлденең қималарының сипаттамаларын; 3) дамбаны төгу немесе шаю және тірек призмасын шаю кезіндегі геотехникалық бақылау нәтижелерін; 4) жасырын жұмыстарға жасалған актілерді қамтитын орындаушылық құжаттамасының болуы 		
45.	Дамба бөлігінде қысымды қойыртпақ жүргізгіштерді және су жолдарын төсеуге жол бермеу		
	Дамба бөлігінің тұтастығы бұзылған жағдайда, қалдық қоймадан су мен қалдықтың жарылу және ағу қаупін тудыратын еңістердің едәуір көшкіні		

46.	<p>немесе орын алған өзгерістер кезінде оған қойыртпақты жіберуді тоқтату, судың деңгейі ең төменгі белгіге дейін төмендетіледі және АЖЖ сәйкес іс-шаралар орындалады.</p> <p>Қалдықтарды одан әрі төсеуге жөндеу жұмыстары толық аяқталғаннан кейін және оларды жобалау ұйымы өкілдерінің қатысуымен комиссия қабылдағаннан кейін жол беріледі</p>		
47.	<p>Қойыртпақтың дамба қырына және төменгі еңісіне ағуына жол бермеу. Дамба бойымен төселген үйлестіру қойыртпақ жүргізгіштерден ағулар дереу жойылады.</p>		
48.	<p>Қойыртпақ жүргізгіштерді шаю және босату кезінде қойыртпақ пен суды дамбаның (бөгеттің) төменгі еңісіне шығаруға жол бермеу</p>		
49.	<p>Берма мен дамба қырында жобада берілген шамадан астам шөгінділер, бойлық немесе көлденең жарықтар пайда болған, еңістер ішінара жылжыған кезде, осы учаскеде қойыртпақты тастауды тоқтату, бөгет бөлігін қалпына келтіру бойынша шараларды қолдану</p>		
50.	<p>Қыры арқылы судың ағу қаупіне әкелетін дамбаның жергілікті шөгугі бөгетке салынған топырақпен бітеп жабылады. Бітегіштегі топырақтың тығыздығы дамба бөлігі үшін</p>		

	жобалау құжаттамасында берілгеннен төмен болмайды		
51.	Шөгін тоғаны ауданындағы жоғарғы еңістің бұзылған бекітуі қысқа мерзім ішінде жобалау ұйымының келісімі бойынша суға төзімді және мұзға төзімді тастан жасалған тас бойымен қалпына келтіріледі.		
52.	Пьезометрдегі су деңгейінің көтерілуі жобалау құжаттамасында белгіленген белгіден асқан жағдайда, дамбаны одан әрі пайдалану мүмкіндігі мен жағдайлары туралы жобалау ұйымының қорытындысы беріледі		
53.	Дамба еңісіне сүзу суымен топырақтың ұсақ бөліктерін шығару (механикалық диффузия) кезінде, оның алдын алу және осы учаскедегі судың сүзілуін үздіксіз бақылауды ұйымдастыру іс-шаралары орындалады		
54.	Дамбаның төменгі еңісінде сүзгі суымен топырақ бөлігінің шығарылуы (тау жынысын еріту) айқындалған жағдайда, бұл учаскеде шаю жұмыстары дереу тоқтатылады және тау жынысын еріту себептерін жою және еңісті қалпына келтіру шаралары қабылданады		
	Судың тіреу байқалатын жабық түтікті құрғату учаскелеріне тексеру жүргізу. Егер тексеріспен құбыр мен дренаждың шығыңқы бөлігі бөгде заттармен толтырылмағаны		

55.	анықталса, жобалау ұйымымен келісе отырып жобалық құжаттамаға тиісті өзгерістер енгізе отырып, қолданыстағы дренажды қайта жаңарту немесе қосымша дренаж салу жүргізіледі.		
56.	Сүзілген судың дамбаның төменгі еңісіне түсуі байқалатын болса, жобалау ұйымы жобалау құжаттамасына түзетулер енгізеді		
57.	Қалдықтарды жағажайға шаюды қойыртпақтың жағажай бойымен бөгет осіне қалыпты ағуын, шаю аймағының ұзындығы бойымен біркелкі учаскелермен жүргізуді қамтамасыз ету . Қойыртпақтың жобалау құжаттамасында көзделмеген жағдайлардан басқа, жоғарғы еңіс бойымен немесе дамба осіне параллель шығуы мен ағуына жол бермеу. Қабаттардың қалыңдығы мен рұқсат етілетін шаю қарқындылығы жобалау құжаттамасында анықталады.		
58.	Қойыртпақ шығарғыш ұзындығы құлама дамбаларды су шайып кету қаупін болдырмайтын, ал олардың арасындағы арақашықтық құлама дамбаларды маңында іркілген аймақтардың түзілу мүмкіндігіне жол бермеуді қамтамасыз ету		
59.	Қойыртпақтың қалдық шығынын түсіру үшін шығару құралдарының ұзындығын жобалау құжаттамасында берілген су бетіндегі жаға ұзындығының шегінде		

	ұсақ майда қалдықтардың шөгу мүмкіндігіне жол бермейтіндей қамтамасыз ету		
60.	Жобалау ұйымының келісімінсіз авариялық сыйымдылықтан тірек призмасының бөлігіне айдап қотарылатын қалдықтарды төсеуге жол бермеу		
61.	Дамбаларды екі жақты шаю және біржақты кескінді шаю кезінде шөгін тоғаны жобалау құжаттамасында берілген шекараларда ұсталады		
62.	Дамбаға ірілігі жобалау құжаттамасында көзделгеннен кем болатын қалдықтарды шаюға жол бермеу		
63.	Егер геотехникалық бақылаумен тірек призмасына шайылатын қалдықтардың физикалық-механикалық сипаттамалары мәндерінің жобалау мөлшерлерінен (ұсақ екшемдер құрамының жоғары болуы, жеткіліксіз тығыздық, сұйытылған топырақтың болуы) ауытқушылығы байқалғанда, белгіленгенде жуылған шөгіндердің нақты қасиеттерін ескере отырып, бөгет орнықтылығын тексеру есептерін орындайтын жобалау құжаттамасын әзірлеген ұйым хабардар етіледі, және шаюды жалғастыру мүмкіндігі немесе шаю технологиясын түзету туралы қорытынды беріледі		
	Дамбалар мен тірек призмаларын шаюға ауа		

64.	<p>температурасы минус 5 градус Цельсиядан төмен болған кезде, жобалау құжаттамасына сәйкес жүргізіледі. Тірек призмаларына қалдықтарды қысқы төсеу қажеттілігі жобалау сатысында айқындалған жағдайда, қысқы шаю жобасы белгіленген нысан бойынша әзірленетін қалдық қоймасының жалпы ж о б а л а у құжаттамасының бөлімі болып табылады</p>		
65.	<p>Қойыртпақты шөгін тоғанының мұз бетіне шығаруға, мұз бен қарды тірек призмасына жіберуге жол бермеу</p>		
66.	<p>Қалдық қойманы қысқы жағдайда жұмыс істеуге дайындау кезінде жыл сайын қалдықтарды қыста жинауды қамтамасыз етуге арналған тоған көлемінің есебі және оның нақты бар-жоғына тексеру жүргізіледі</p>		
67.	<p>Шаятын қалдық қоймаларындағы шаю учаскесінде тұрақты кезекшілік қамтамасыз ету</p>		
68.	<p>Жағажай аймағындағы қалдықтарды қазумен байланысты кез келген жұмыстарды жобада белгіленген шектер мен тереңдікте жүргізу. Жағажайда шұңқырлар мен бөгетке қарай кері еңісі бар учаскелердің пайда болуына жол бермеу. Жер асты қуыстарын қалдықтарды төсеуге пайдалану, құрылыс жұмыстары және олардың құрамында пайдалы бөліктер мен</p>		

	улы заттардың болуына химиялық талдаусыз өзге мақсаттар үшін қалдықтарды жобалау ұйымның келісімінсіз алуға жол бермеу		
69.	Бөгеттер мен қалдық қоймаларды күрделі жөндеу жобалау құжаттамасына сәйкес орындалады. Қалдық қоймаларда жөндеу жүргізу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру жобасы қалдық қоймасын пайдаланатын ұйымның техникалық басшысымен бекітіледі. Жөндеу жұмыстарын қабылдау қалдық қоймаларды пайдаланушы ұйымның бұйрығымен тағайындалған комиссиямен жүргізіледі, актімен ресімделеді және алдық қоймасының паспортында көрсетіледі		
70.	Жаңа төгілген тығыздалмаған топыраққа, еңісі кранның паспортында көрсетілгеннен үлкен алаңда крандарды орнатуға жол бермеу		
71.	Бөгеттер мен дамбалардың еңістерінде жұмыс істеу кезінде адамдардың тайғанауына және құлауына қарсы қауіпсіздік шаралары қабылданады, персоналдың орнықтылығын қамтамасыз ететін басқыштар, сақтандырғыш белдіктер мен құралдары қолданылады		
	Еңістерге дамба қырынан тастарды, бөренелерді, буылған бір топ шыбықтарды беру		

72.	кезінде материалдардың ықтимал құлау аймағында адамдардың болуына жол бермеу		
73.	Қысқы уақытта бөгетте жұмыс бастар алдында жұмыс орындары қар мен мұздан тазартылады		
74.	<p>Қойыртпақтың гидрокөлік жүйесін (сұйық қалдықтардың немесе шөгінділердің) пайдалану кезінде технологиялық бақылауды жүзеге асыру:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тасымалданатын қойыртпақтың сипаттамаларын анықтау; 2) жүйенің жұмыс режимінің өлшемдерін анықтау және талдау; 3) жүйенің жұмысындағы (тозудың, батпақ басудың , гидросоққының алдын алу) бұзушылықтардың алдын алу бойынша алдын алу іс-шараларды уақтылы орындау; 4) құрылыстар мен жабдықты жоспарлы алдын ала жөндеуді дер кезінде жүргізу 		
75.	Қойыртпақ сорғы станциясының үй-жайында барлық агрегаттар мен бекітпе-реттеу арқауының стационарлық нөмірлерін көрсете отырып, станциядағы сорғы, энергетикалық жабдықтың, құбыржолдарының және олардың іске қосқыштарының жалпы сызбанұсқалары ілінеді. Барлық өзгерістер сызбаға дереу енгізіледі		
	Қабат аралық аралық жабындары бар машина залында аралық жабындардың кейбір аймақтарына арналған		

76.	шекті жүктемелерді көрсете отырып, сызбанұсқалар ілінеді. Ауыр жүктерге арналған алаңдардың шекаралары бояулармен немесе металл белгілерімен белгіленеді		
77.	Жөндеу алаңдарының шеңберіндегі қабырғаларда негізгі жабдық пен жүктердің ілгектеу сызбанұсқасы ілінеді. Қойыртпақ сорғы станциясы жағдайларында жөндеу жұмыстары жұмыстарды ұйымдастыру жобасына, технологиялық регламенттерге сәйкес жүргізіледі		
78.	Қойыртпақ сорғы станциясының үй-жайындағы жұмыс орындарында: 1) белгіленген механикалық, гидромеханикалық, электрлік, көтеріп-тасымалдағыш жабдықты пайдалану жөнінде технологиялық регламенттің; 2) қойыртпақ сорғы станциясы бойынша АЖЖ үзінді және қойыртпақ сорғы станциясымен технологиялық байланысқан объектілерде авариялар орын алған кездегі персоналдың іс-қимыл тәртібінің; 3) жабдықтың жұмысын есепке алу және бақылау журналының болуы		
	Монтаждау мен күрделі жөндеуден кейін пайдалануға берілмес бұрын магистральдық қысымды қойыртпақ жүргізгіштері,		

79.	гидромеханикалық жабдық сынау актісі дайындала отырып беріктігі мен саңылаусыздығына сыналады. Жабдықты пайдалануға беру қауіпті аймақтан адамдар мен бөгде заттар шығарылғаннан кейін жұмыстың жауапты басшысының қатысуымен жүргізіледі		
80.	Машина мен жабдықтың барлық қозғалатын бөлшектері қоршалады. Қоршаулар алынған және жарамсыз болған кезде механизмдерде жұмыс жүргізуге және жұмыс істейтін механизмдерде қандай да болмасын операциялар жүргізуге жол бермеу		
81.	Сорғылардың авариялық өшірілгені, қалдық және дренажды зумпфтардың және астаулардың асып толғаны туралы хабардар етуге арналған дабыл жұмысы күн сайын журналға жазыла отырып бақыланады. Анықталған ақаулықтар жойылады		
82.	Қойыртпақ сорғы станциясының құрғату жүйесін (астаулар, зумпфтар, авариялық шығу) тексеру және тазалау үшін қолжетімді болуы және жұмыс жағдайында ұсталуын қамтамасыз ету. Оның ішінде бөгде заттар мен қатты шөгіндердің жиналуына жол бермеу		
83.	Авариялық және буферлік сыйымдылықтар мен оларды тазалауға арналған жабдық техникалық жарамды күйде ұсталады. Оларды		

	сумен және қалдықтармен толтыру деңгейі жобада көрсетілген белгіден аспайды		
84.	Авариялық және буферлік сыйымдылықтарды ең жоғарғы белгіге дейін толтыруға жол бермеу		
85.	Авариялық сыйымдылыққа қойыртпақ сорғы станциясына келіп түсетін қойыртпақ шығынының бөлігін тастауға жол бермеу		
86.	Гидрокөлік жүйесіне гидрокөлік жүйесінің өту жарамдылығынан асатын және авариялық сыйымдылыққа үнемі технологиялық төгілуге әкелетін шығыны бар қойыртпақты беруге жол бермеу		
	<p>Қойыртпақ жүргізгіштерді пайдалану кезінде:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) қойыртпақ жүргізгіштегі қысымды бақылауды жүзеге асыру; 2) қысқы уақытта қойыртпақтың температурасын фабрикадан шығатын кезде, ал бөгеттерді шаю кезінде қалдық қоймадан шығатын кезде бақылау; 3) астауларда жобада берілген қойыртпақ ағысы деңгейінің артуына жол бермеу; 4) қойыртпақтың қойыртпақ жүргізгіштерден ағып кетуінің алдын алу шараларын қабылдау; 5) қойыртпақ жүргізгіштер эстакадаларын, сорғыларын жүйелі түрде қардан, мұздан тазалау; 		

87.

6) трассаның төсемін жөндеуді және негіздер, жолдар мен қойыртпақ жүргізгіштерге кіретін жолдардың өзгерген орындарында қойыртпақ жүргізгіштерді тегістеуді дер кезінде жүргізу;

7) қойыртпақ жүргізгіштердің жобалау құжаттамасында белгіленген лай қабатының қалыңдығынан астам лайлануына және мұз тығындарының түзілуіне жол бермеу;

8) тоқсанына бір реттен сирек емес құбыржолды арқауға, сокқыға қарсы құралдарға және кері қақпақтарға тексеру жүргізу. Тексеріс нәтижелерін журналға жазу;

9) қойыртпақ жүргізгіштердің трассасы бойымен орнын толтырғыштар мен жылжымайтын тіректердің жай-күйін бақылау, оларға жөндеу жүргізуді дер кезінде орындау;

10) таратқыш қойыртпақ жүргізгіштерді шығару жолдарында қыспалы бекіткіш, ысырмалар, ернемек бітеуіштер, сұқпа жапқыш түрінде бекіту арқауын орнату. Тығындарды пайдалануға жол бермеу;

11) қалдық зумпфтары мен астаушаларды қойыртпақ жүргізгіштерге бөгде заттардың түсуіне жол бермейтін торлармен жабдықтау

Қысыммен жұмыс істейтін қойыртпақ жүргізгіштерді және арматураны жөндеу

88.	кезінде дәнекермен, бұрғылаумен және сол сияқтылармен байланысты жұмыстарды жүргізуге жол бермеу		
89.	Резервтік қойыртпақ жүргізгіштерді мақсатқа сай емес пайдалануға жол бермеу. Резервтік қойыртпақ жүргізгіш ай сайын оның пайдалану жарамдылығына тексерілуге жатады		
90.	Бекіту арматурасын және соққыға қарсы құрылғыларды пайдалану қалдық қоймасы құрылыстарын пайдаланудың жобалау құжаттамасына және технологиялық регламентіне сәйкес жүзеге асырылады		
91.	Қойыртпақ жүргізгіштерді трасса бойымен босатуға арналған шықпалар мен олардың бекіту арматурасының жарамды күйде болуы, қойыртпақ жүргізгіштерді босату кезінде қойыртпақты қабылдауға арналған сыйымдылықтың оған босатылатын қойыртпақ жүргізгіштердің екі еселік көлемінен кем емес көлемінің бос болуы . Қойыртпақ жүргізгіштерді босатуға арналған сыйымдылықтың орналасқан жері мен құрастырылымы, оларды босатуға арналған тәсілдер мен құралдар жобалау құжаттамасында анықталады.		
	Қойыртпақ жүргізгіш қабырғасының жарылуына жол бермеу үшін, сыртқы ауа температурасы минус 10		

92.	градус Цельсиядан төмен болғанда қойыртпақ беруді қойыртпақ жүргізгіштен келесісіне ауыстырып-қосуға жол бермеу. Авариялық ауыстырып-қосу кезінде қосылатын қойыртпақ жүргізгіштің арматурасы мен жабдығы тексеріледі. Өшірілген қойыртпақ жүргізгіш босатылады		
93.	Құбыржол арматурасы мен сокқыға қарсы құрылғысы бар қойыртпақ жүргізгішті пайдалану кезінде: 1) ақаулы ысырмалар мен кері қақпақтар жөнделуге немесе ауыстырылуға жатады; 2) соңғы учаскелердегі ысырмалардың тез жабылуына жол бермеу; 3) сокқыға қарсы құрылғыларға уақтылы тексеру және жөндеу жүргізіледі		
94.	Топырақ сорғысын іске қосуға барлық жабдық толық істеп тұрған кезде және қойыртпақ жүргізгіштер трассасында жөндеу жұмыстары болмаған кезде жол беріледі		
95.	Қысымы жоқ қойыртпақ жүргізгіштерді пайдалану кезінде қабырғалар кеңейтіледі және лотоктарға жөндеу жүргізіледі		
96.	Қойыртпақ жүргізгіштердің жарылуына әкелуі мүмкін, қойыртпақ жүргізгіштердің астындағы негіздердің түрленуі айқындалған жағдайда, (көшкіндер, шөгінділер) оларды жою бойынша шаралар қабылданады		

97.	<p>Қабырғаларының қалыңдығы қауіпті белгілерге жеткен қойыртпақ жүргізгіштердің учаскелері (қысымды қойыртпақ жүргізгіште құбырларды профилактикалық бұруды ескере отырып) ауыстырылады. Қабырғалардың қауіпті қалыңдығы жобалау құжаттамасымен анықталады және қалдық қойманың құрылыстарын пайдалану жөніндегі технологиялық регламентпен реттеледі</p>		
98.	<p>Қойыртпақ жүргізгіштер қабырғаларының тозу дәрежесі бүлдірмейтін бақылау әдістерімен анықталады</p>		
99.	<p>Қойыртпақ жүргізгішті жұмысқа қосқаннан кейін техникалық персонал оны трасса бойымен тексереді және тексеру нәтижелерін құрылыстарды көзбен шолып тексеру журналына жазады</p>		
100.	<p>Қойыртпақ жүргізгіш трассасы қызмет көрсету үшін қолжетімді болады. Автожолдар мен трассаға кіреберіс жолдар жылдың кез келген уақытында жүруге дайын күйде ұсталады</p>		
101.	<p>Құбырлар мен астаушалардың көрінетін жерлерінде трассаны жобалық ажыратуға сәйкес пикетаж қойылады</p>		
102.	<p>Эстакадалар мен галереялар бойымен төселетін қойыртпақ жүргізгіштер бойымен оларға қауіпсіз қызмет көрсету үшін ені кемінде</p>		

	1 метр қоршаулары бар өту жолдары орнатылады		
103.	Дамбаға төселетін диаметрі 600 миллиметрден асатын таратқыш қойыртпақ жүргізгіштерде ені кемінде 1 метр сатылары мен биіктігі 1 метр екіжақты төсеніштері бар өтпелі көпіршелер орнатылады. Таратқыш қойыртпақ жүргізгіштердің ұзындығы бойынша көпіршелер арасындағы арақашықтық 500 метрден артық емес, магистралдық қойыртпақ жүргізгіштікі 1000 метр болып орнатылады		
104.	Қойыртпақ жүргізгіштер төселетін туннельдер желдеткішпен, авариялық жарықтандырумен және қызмет көрсететін персоналға арналған өту жолымен жабдықталады. Туннельдердің аэрациялық және желдету ойықтары үнемі жұмыс күйінде болады		
105.	Жер снарядында және қалқыма қойыртпақ жүргізгіштерде сыртқы клапандар мен соққыға қарсы құралдарды жобалық құжаттамасыз орнатуға жол бермеу		
	Жер снарядын қысқы жағдайдағы жұмысқа дайындау кезінде: 1) барлық тораптардың майлары қысқысымен ауыстырылады; 2) машина залы мен жер снарядының палуба құрылысы жылытылады, қосалқы сорғылар мен құбыржолдарды жылыту қамтамасыз етіледі,		

106.	<p>машина залында термометрлер орнатылады;</p> <p>3) жер снаряды мен қалқыма қойыртпақ жүргізгіш айналасында ойық жасалады және ұсталады;</p> <p>4) қалқыма қойыртпақ жүргізгіштердің сал қайықтарының жай-күйіне бақылау жүргізіледі;</p> <p>5) қалқыма қойыртпақ өткізгіштерді босатуға арналған шығарулар жұмыстық күйінде ұсталады;</p> <p>6) сал қайықтың үстіңгі палубасы жүктесіктерінің судан қорғау ернеулері қамтамасыз етіледі;</p> <p>7) жер снарядының палубасы, басқыштары, көпіршелері, өтпелері мен сатылары таза күйде ұсталады. Палубадан қар мен мұз тазартылады</p>		
107.	Жүктесігі ашық, сал қайығында сызаты бар жер снарядын пайдалануға жол бермеу		
108.	Жер снарядының көрінетін жерлерінде құтқару құралдары (дөңгелектер, құтқару кеудешелері) орнатылады		
109.	Жер снарядын жағадағы операторымен (диспетчермен), қойыртпақ сорғы станциясымен тұрақты радиобайланыспен қамтамасыз ету		
110.	Жер снарядын жұмысқа жарамды күйде болатын өртке қарсы жабдықпен, аспаптармен қамтамасыз ету. Өртке қарсы жабдықтар тізбесі жобалық құжаттамамен белгіленеді.		

111.

Жер снарядтарын технологиялық орналастыруды жүзеге асыруға арналған ойықтың ең кішкентай аудандары:

1) земснарядының судағы өнімділігі сағатына 1000-1200 метр куб, мұз ойықтың алаңы 600-800 шаршы метр;

2) земснарядының судағы өнімділігі сағатына 1600-2400 метр куб, мұз ойықтың алаңы 1000-1200 шаршы метр;

3) земснарядының судағы өнімділігі сағатына 2400-3600 метр куб, мұз ойықтың алаңы 1400-1600 шаршы метр;

4) земснарядының судағы өнімділігі сағатына 4000 метр куб, мұз ойықтың алаңы 1800-2000 шаршы метр;

5) земснарядының судағы өнімділігі сағатына 5000 метр куб, мұз ойықтың алаңы 2500-3000 шаршы метр;

6) земснарядының судағы өнімділігі сағатына 10000 метр куб, мұз ойықтың алаңы 3500-4000 шаршы метр. Жоғарыда көрсетілгенмен салыстырғанда ойық ауданын 20 пайыздан аспайтын мөлшерге және ауа райы күрт төмендеген жағдайда тек қысқа мерзімге азайтуға жол беріледі. Ойықтың өлшемдерін жоғарыда көрсетілгенмен салыстырғанда энергияның өнімсіз шығындарының артуынан және тазартылатын сыйымдылық жылуының

	табиғи қорының кемуінен арттыру мақсатқа сай емес		
112.	Қойыртпақты қойылту торабын пайдалану технологиялық регламентке сәйкес жүргізіледі		
113.	Қойылту тораптарының аумағына кіреберісте " Бөгде адамдарға кіруге тыйым салынады!", " Сыйымдылық құрылыстары мен құбыржолдарының ернеулері бойынша жүруге тыйым салынады! " деген плакаттар ілінеді		
114.	Қалдықтарды (шөгінділер мен өндірістер қалдықтарын) бөлу камераларының құрастырылымына қарамастан, оларды қойыртпақ қабылдау және қойыртпақты бұру терезелері мен тесіктеріне көтеру және түсіру үшін арналған ысырмалар мен механизмдер үнемі жұмыстық күйінде болуы тиіс		
115.	Қойыртпақты авариялық лақтыру астауына бұруға арналған терезе жабық түрде ұсталуға жатады, терезе тек авариялық лақтыру кезінде ғана ашылады. Егер бұл жобалау құжаттамасында көзделмесе авариялық лақтыру астауына үнемі құя отырып бөлу камераларын пайдалануға жол бермеу. Қойыртпақты қабылдау терезелерінде алмалы-салмалы қоқысты ұстап қалатын торлар орнатылады, олардың жай-күйіне ауысым сайын бақылау, уақтылы		

	тазалау және жөндеу жүргізілуге тиіс. Жұмыс торларын алып тастағанға дейін екінші ойықтарға тазалау үшін резервтік торлар, ал камераны жөндеу мерзімінде жөндеу ысырмалары орнатылады		
116.	Гидроциклондарды қоректендіру желілерінен тастарды, бөгде заттарды қармап алуға және алып тастауға арналған құрылғылардың болуы. Гидроциклондарды жеткізу желілеріне гидроциклонға қойыртпақтың берілуін тоқтататын және реттейтін жапқышты орнату		
117.	Қойылтқыштың жұмыс істеу уақытында қойылтқышта көбік түзілуді төмендету үшін қойыртпақты бөлу камерасынан жеткізу қойыртпақ жүргізгішіне қайта іске қосу кезінде оның ауамен ауалануына жол бермеу. Бөгде заттардың қойылтқышқа түсуіне; қойыртпақты беру көлемі бойынша едәуір тербелістерге және қойылтылған өнімді ағызуға, өнімді аққыштығын жоғалтатын тығыздыққа дейін қойыртуға жол бермеу. Ағызуда жүзгіндердің бар болуына бақылауды жүзеге асыру және қойылтқыштың жұмысын қалыпқа келтіру үшін жедел шаралар қолдану қажет		
	Реагенттерді көлік құралдарынан түсіруге, қоймаға беруге, аппараттар мен араластырғыштарға		

118.	<p>тиеуге, қалыптық және жұмыс ерітінділерін дайындауға арналған жабдықтар және механизмдер үнемі жұмысқа жарамды күйде ұсталуға жатады. Қойылу процесіне беру кезінде жұмыс ерітінділерін мөлшерлеу автоматтандырылуға жатады</p>		
119.	<p>Ірілендіргілер мен іріткілердің ұсақ ұнтақтарымен және олардың концентрациясы 0,2 пайыздан астам ерітінділерімен жұмыс істеу құрамы кемінде екі адамнан тұратын топпен жүргізіледі. Жұмысшылар жұмысты арнайы киіммен, қорғаныш көзілдірігімен және шаңтұтқыштармен орындауы қажет. Жұмыс уақытында сорып және тартып желдету жүйесі қосылуға тиіс</p>		
120.	<p>Теріге, еденге және жабдыққа тиген іріткілердің ерітінділері кептіру құбыржолына бұл мақсаттар үшін жабдықталған қондырғылардан сумен шайылады</p>		
121.	<p>М е т а л л сыйымдылықтары, құбыржолдары және іріткілердің ерітінділерімен түйсетін жабдықтың бөлшектері пісіру жұмыстарын жүргізу алдында сумен шайылады</p>		
	<p>Су жинау және су бұру құрылыстарын қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету үшін: 1) шөгін тоғанындағы су деңгейінің көрсеткіші күн сайын, ал су тасыған</p>		

122.	<p>кезде ауысым сайын бақыланады;</p> <p>2) құдықта жобалық құжаттамамен берілген судың тереңдігі және су құю шегінен жоғары қысым ұсталып тұрады;</p> <p>3) құдықтар мен камералардың су қабылдау терезелеріндегі су құю шегін кеңейту дер кезінде жүргізіледі, оларға бөгде заттар мен қойыртпақтың түсуіне жол бермеу;</p> <p>4) су жинау және су бұру нүктелерінде оның сапасына (лайлануы) ауысым сайын бақылау жүзеге асырылады;</p> <p>5) жобалау құжаттамасында көзделген тұрмыстық және тасқын су шығынының өтуін қамтамасыз ету;</p> <p>6) құрылыстарды техникалық жарамды күйде ұстау;</p> <p>7) кезекші бөлмесіне шығарылған авариялық дабылы бар тоғандағы судың деңгейін автоматты түрде өлшеуді жүзеге асыру</p>		
123.	<p>Құдықтардың, камералардың су қабылдау терезелері мен сифонды су қабылдағыштардың сорғылары оларға бөгде заттардың, мұз бен қиыршықтардың түсуінен қорғалады</p>		
124.	<p>Құдықтардың су қабылдау ойықтарын жабу жапсарлар мен жіктерді бір мезгілде саңылаусыз жауып, әрбір сорғыларды жұмыстық күйінде ретімен орнату арқылы жүргізіледі. Бір мезгілде бірнеше</p>		

	сорғыларды бірге орнатуға жол бермеу		
125.	Су жинау және су бұру құдықтарын пайдалану процесінде сорғыш арасындағы кеңістікті бетонмен толтыру алаңдардан немесе құрылғылардан жүргізілу кезінде жұмыстың қауіпсіз жүргізілуін қамтамасыз ету		
126.	Су қабылдау ойықтарын сорғылармен жабу және сорғыш арасындағы кеңістікті бетондау атқарушы сызбаны, сорғылар мен бетон паспорттарын қоса тіркей отырып, жасырын жұмысты аяқтау актісімен ресімделеді		
127.	Тікелей су бұру құдығының (астауының) жанында атмосфералық әсерлерден қорғауды қамтамасыз ете отырып, қалдық қоймасындағы судың деңгейінен кемінде 0,5 метр жоғары әрбір тесіктің жабындысына қажетті мөлшердегі сорғылардың авариялық қоры көзделеді		
128.	Құдықтар қызметтік көпір жағасымен қосылмаған қалдық қоймаларында жобалау құжаттамасымен жылдың кез келген уақытында адамдардың құдыққа баруын, сорғылар мен ж ө н д е у материалдарының жеткізілуін қамтамасыз ететін құралдар көзделеді . Құдықтардың су қабылдау тесіктерін ақауы бар сорғылармен жабуға және оларды дайындау және орнату тәсілінде жобалау		

	күжаттамасынан ауытқуға жол бермеу		
129.	Сорғыларды қалқыма құралдардан жұмыс күйінде орнату кезінде жұмысшылар (кемінде екеу) байланатын сақтандырғыш белдіктермен және құтқару кеудешелерімен жабдықталады. Су жинау және су бұру құдықтарын мұздың әсерінен сақтау үшін, олардың айналасына ені кемінде 1,5 метр ойықтар орнатылады. Оларды дайындау бойынша жұмыстар технологиялық регламентке сәйкес жүргізіледі		
130.	Сорғылардың неомон бөлігінің биіктігі және су құю табанындағы қысым жобалау құжаттамасында белгіленген мөлшерден артық болған кезде құдықтар мен астауларды пайдалануға жол бермеу		
131.	Су жинау құдығын жағамен қосатын қызмет көпіріне кіру жолы жабылатын қақпалары немесе кішкене есіктері бар қоршаулармен жабдықталады. Адамдардың жағадан сал қайыққа және жүзу құрылыстарына баруы үшін арналған көпіршелер мен басқыштардың ені кемінде 1 метр екі жағынан төсеніштері салынып орындалады		
132.	Су жинау және су бұру құрылыстарын тексеру және жөндеу рұқсат беру наряды бойынша жүзеге асырылады. Ішкі диаметрі кемінде 1 метр коллекторларда тексеру және жөндеу үшін		

	адамдардың болуына жол бермеу		
133.	Коллекторларды тексеру мен жөндеу саны кемінде екі адамнан тұратын топпен орындалады. Коллектордағы немесе тереңдігі 5 метр құдықтағы адамдар шамдармен, коллекторға және құдыққа кіреберіс жолындағы адамдармен екі жақты сым байланысымен немесе радиобайланыспен жабдықталады		
134.	Құдықтарды тексеру, техникалық қызмет көрсету және жөндеу кезінде пайдаланушы персоналдың диспетчермен тұрақты байланысын, ал жағадан алыс орналасқан және бөгетпен немесе көпір жағасымен қосылмаған құдықтарда радиобайланысты қамтамасыз ету		
135.	Су жинау және су бұру құрылыстарын тазарту жұмыстары жұмыстардың жауапты басшысының қатысуымен жүргізіледі		
136.	Мөлдірленген су коллекторының су бұру құдықтарында баспалдақтар орнатылады және оларға бөгде заттардың түсуінен қорғау үшін және шандорларды орнату бойынша жұмыстарды қамтамасыз ету үшін торлармен және қалқыма сал қайықтармен қоршалады. Сал қайықтардың алаңдары таяныштармен қоршалады		
	Зиянды газдардың жиналуы мүмкін құдыққа		

137.	<p>немесе коллекторға адамдар түспес бұрын ауаның құрамы газталдағышпен тексеріледі. Құдықтағы немесе коллектордағы адамдар туралы көрнекті орынға ілінген плакаттар хабардар етеді. Ауадағы зиянды заттардың қоспалары рұқсат етілген нормадан артық болған кезде коллекторда жұмыс істеуге жол бермеу</p>		
138.	<p>Жұмысшыны су алу және құрғату құдықтарына түсіруге құдықтың беткі жағында екі адам болған, сақтандыру белбеуі және ұшы түсіру ілмегіне немесе құдықтың тірегіне бекітілген негізгі арқан пайдаланған жағдайда жол беріледі</p>		
139.	<p>Су бұру арналары олардың ішіне бөгде заттар мен топырақтың түсуінен қорғалады. Беткейге жанасқан арналардың бермалары шашырандыдан тазартылады</p>		
140.	<p>Су қоршау астауының бойымен сатыны орнату, ал астаудың ені 2 метр болған кезде екі жағынан саты орнату</p>		
141.	<p>Қайықтан өлшеу жұмыстары құрамы кемінде екі адамнан тұратын құтқару кеудешелерін киген бригадамен жүргізіледі. Астаушамен тереңдікті қолмен өлшеу кезінде қайықтың ернеуіне немесе орындығына тұруға және ернеудің келесі бетіне еңкеюге, қолға лотлиннің бос ұшын байлауға жол бермеу. Тереңдікті салмағы 10</p>		

	килограммнан аспайтын лотты пайдаланып қолмен өлшеуге жол беріледі		
142.	Қысымы жоқ туннельдер жүйелі түрде қоқыстардан тазартылады. Бүлінген қаптау орындары қалпына келтіріледі, ал қапталмаған туннельдердегі құлаған тастар жиналады		
143.	Арналардағы, туннельдердегі, жүрдек токтардағы қиыршық тығындарды "өзіңе қарай" саға жағынан жүргізуге жол бермеу		
144.	Гидротехникалық туннельдерді әрбір тасқын өткеннен кейін, бірақ жылына екі реттен сирек емес жүргізіледі. Тексеру нәтижелері көзбен шолып бақылау журналында жазылады		
145.	Ұйым су басу немесе нөсерлі тасқындар басталғанға дейін алдын ала бір айдан кешіктірмей, қалдық қоймасын пайдалануды қамтамасыз ететін адамның басшылығымен тасқын комиссиясын құрады және тасқынды қауіпсіз өткізу шараларын дайындайды, олар болжамды тасқынға дейінгі 15 күнтізбелік күн бұрын кешіктірілмей орындалады. Қалдық қойманың тасқынды қабылдауға және өткізуге дайындығы туралы комиссия ұйымның техникалық басшысы бекіткен акті дайындайды		
	Авариялық бригаданың барлық мамандары мен жұмысшылары тасқын		

146.	өткізу кезінде пайда болуы мүмкін жұмыс өндірісі бойынша оқудан өтеді, ол жөнінде іс-шаралар жоспарында жазба көрсетіледі		
147.	Тасқын өткізу барысында қалдық қоймасындағы судың деңгейі мен судың су бұру және су қабылдау құрылыстары арқылы өтуін, құрылыстар мен бөгеттің жай-күйін тәулік бойы бақылау белгіленеді		
148.	Тасқын өткеннен кейін барлық қалдық қоймалары тексерілуге жатады. Анықталған ақаулықтары қысқа мерзімде жойылуы тиіс. Авариялық су бұру арнасы қалдық қоймасынан су өткізбейтін далдамен қоршалады, ал аккумуляторлық сыйымдылықтар жобалау құжаттамасында көрсетілген мерзімде босатылады		
149.	Пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін су қабылдау құдықтары, астаулар, түпкі су шығарғыштар мен су бұру коллекторлары тампондалады, орындалған жұмыстар актімен ресімделеді		
150.	Сорғы агрегаттарын іске қосу және тоқтату айналымдық сумен жабдықтауды пайдалану бойынша технологиялық регламентке сәйкес жүргізіледі		
	Әрбір сорғы агрегатында мойынтіректердің температурасын бақылау және қозғалтқыш құрастырылымында қарастырылған электр қозғалтқыштардың		

151.	<p>статорын орау үшін манометрі, вакуумметрі (толтырылмайтын сорғылар үшін) термодобылдағышы орнатылады. Агрегаттар (негізгі және қосалқы), ысырмалар мен бекіткіштер сырланып нөмірленеді, жабдық пен құбырларда тілшемен су тоғының бағыты мен штурвалдарды, қолсаптар, басқарушы органдарды (ысырмаларды, бекіткіштерді) айналдыру бағыты көрсетіледі</p>		
152.	<p>Айналымдық сумен жабдықтау цехында (учаскесінде) құбырларды салу материалы, диаметрі, ұзындығы, тереңдігі, желі құрылыстарының, бекіткіш, реттеуші және қорғағыш арматуралардың, трассаның айналу бұрыштарының орналасу орны (пикеті), өзге жерасты және әуе желілерімен қиылысу орындары көрсетілетін және барлық атқарушы құрылыс құжаттамасы болатын жоспар-сызбанұсқа ілінеді.</p>		
153.	<p>Біріктірілген үлгідегі сорғы станциясындағы су алу камераларының су қабылдау терезелерінің бекіткіштері авариялық жағдайларда терезелердің шұғыл жабылуын қамтамасыз етіледі</p>		
154.	<p>Есептік қысымы 1 мегаПаскальдан жоғары (1 шаршы сантиметрге 10 килограмм-күш) құбыржолдарындағы сорғы станциясының машина залында болат ысырмалар орнатылады</p>		

155.	<p>Сорғы агрегаттарын іске қосу және тоқтату айналымдық сумен жабдықтауды пайдалану жөніндегі технологиялық регламенттің және ж о б а л а у құжаттамасының нұсқауларына сәйкес жүргізіледі. Агрегаттар жұмыс істеп тұрған кезде қорғағыш құрылғыларды бұруға, жөндеу жүргізуге және қозғалып тұрған бөлікті қолмен тежеуге жол бермеу</p>		
156.	<p>Автоматтық режимде жұмыс істеп тұрмаған сорғыларды оларға қызмет көрсетуге рұқсаты бар қызмет көрсететін персоналдың қадағалауынсыз қалдыруға жол бермеу. Автоматтық режимде жұмыс істеп тұрған сорғыларды тексеру мерзімділігі айналымдық сумен жабдықтауды пайдалану жөніндегі технологиялық регламентпен белгіленеді</p>		
157.	<p>Жұмыстың берілген режимінен барлық ауытқушылықтар, сорғы станциясындағы ақаулар мен авариялар туралы ауысым бойынша аға жұмыскер бақылаушы адамға хабардар етеді</p>		
158.	<p>Автоматты сорғы станцияларына қызмет көрсету өзінің аралап көруін және ескертулерін журналға тіркей отырып, станция жабдығының жұмысын тексеретін персоналмен тәулігіне кемінде бір рет (әрбір ауысымда) жүргізіледі</p>		
159.	<p>Сорғы станциясы қосалқы бөлшектермен, қосалқы пайдалану</p>		

	материалдарымен жабдықталады		
160.	Айналымдық сумен жабдықтаудың сорғы станциясының жабдығын жөндеу кезінде жетектердің электрлік сызбанұсқалары бөлшектенеді және іске қосу құрылғыларында " Қосуға болмайды! Адамдар жұмыс істеп жатыр!" деген плакаттар ілінеді		
161.	Қалқыма сорғы станциясын суға түсіру жұмысты ұйымдастыру жобасы бойынша жүргізіледі		
162.	Орнату орнында қалқыма сорғы станциясы бекітіледі және оны пайдалануды қамтамасыз ететін бөлімшемен екіжақты сым байланысы немесе радиобайланысы болады.		
163.	Қалқыма сорғы станциясы мен жаға арасындағы хабарлама қызмет көпіршесі арқылы жүзеге асырылады. Көпірше болмаған жағдайда жүзу құралдары болады		
164.	Қалқыма сорғы станциясының сал қайықтары ағып кету жағдайына авариялық дыбыс және жарық дабылымен жаракталады. Сал қайықта креномер орнатылады. Сал қайықтың жынысөзегі сорғы агрегатының паспортында көрсетілген шамадан аспауы керек. Шамадан асқан жыныөзек пен ағыс жойылуға жатады		
	Қалқыма сорғы станциясына қызмет		

165.	көрсететін персоналды құтқару кеудешелерімен қамтамасыз ету. Сорғы станциясының ернеуінде кем дегенде екі құтқару дөңгелегі орнатылады		
166.	Қалқыма сорғы қондырғысын пайдалану кезінде қысқы уақытта оны мұздың қысымы әсерінен қорғау үшін оның қаңқасының айналасында майна құрылады және әрдайым орындалып отырылады. Ойықты орындау тәсілі немесе ойықсыз жұмыс істеу мүмкіндігі технологиялық регламентпен белгіленеді		
167.	Құдықтарға орнатылатын желі арқауы (өрт сөндіру крандары, вантуздар, ысырмалар) қатып қалудан сақтау мақсатында қысқы уақытта жылытылады		
168.	Қалқыма сорғы станциялары, сал қайықтар кемінде үш жылда бір рет тексеріледі , оларға жөндеу және сырлау жүргізіледі		
169.	Жер бетіндегі төсемнің сукұбырын пайдалану процесінде мыналарға қадағалау жүргізіледі: 1) су құбыры тұнбалары мен өзгерістеріне және тірек құрылғыларының жай-күйіне; 2) қабықшаның жай-күйіне (оқшаулау немесе тоттануға қарсы сырлау); 3) жапсарлардың, жіктердің, ернемек қосқыштардың саңылаусыздығына; 4) компенсаторлардың, құбыр жолы арматурасының, вакуумның кедергі		

	клапандарының жай-күйі мен жұмысына		
170.	<p>Жер асты құбырының бұзылуларын айқындау үшін:</p> <p>1) құбыр трассасындағы және оның айналасындағы топырақ төсеміне;</p> <p>2) әдеттегі құрғақ қадағалау құдықтарында, кюветтерде және трассаға жақын орларда судың пайда болуына;</p> <p>3) қысқы уақытта трассада немесе оған жақын маңайда мұз қабаттарының пайда болуына;</p> <p>4) қадағалау құдықтарында орнатылған манометр бойынша аралас учаскелердегі қысымның әртүрлілігіне қадағалау жүргізу қажет</p>		
171.	<p>Сукұбыры желілерінің, құрылыстардың және олардағы жабдықтардың жай-күйін бақылау және оларға техникалық қызмет көрсету технологиялық регламентпен белгіленген мерзімде жүргізіледі</p>		
172.	<p>Металл және темір бетонды сукұбырларының кезбе тоқтардан тоттануын бақылау жобалау құжаттамасында көрсетілген мерзімдерде және тәсілдермен жүргізіледі. Электрлік тоттану анықталған жағдайда құбыржолдарды қорғау жөнінде техникалық шешім беру үшін жобалау ұйымын немесе өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында жұмыстар жүргізу құқығына ие</p>		

	<p>аттестатталған ұйымды шақыру және қысқа мерзім ішінде қорғау іс-шараларын орындау қажет. Төселген құбыржолдардың маңында тұрақты ток электр желілерін жобалау ұйымының келісімінсіз салуға жол бермеу</p>		
173.	<p>Барлық анықталған ақаулықтар мен оларды жою бойынша қабылданған шаралар туралы айналымдық сумен жабдықтау жүйесінің құрылыстарын тексеру журналына жазбалар жазылады</p>		
174.	<p>Тексеру учаскесі жақын орналасқан телефоннан 1,5 километрден алыс арақашықтықта орналасқан жағдайда, персоналды тасымалдау рациясымен немесе радиотелефонмен қамтамасыз ету</p>		
175.	<p>Сорғы жабдығына және қысымды суқұбырына күрделі жөндеуден кейін пайдалануға енгізуге дейін беріктік пен тығыздығына сыналады</p>		
176.	<p>Қалдық қоймалары технологиялық процестерді басқаруды, бақылауды және жұмысты қауіпсіз жүргізуді қамтамасыз ететін техникалық байланыс құралдарымен және дабылмен жабдықталады</p>		
177.	<p>Операторлар (шаюды реттеушілер) және қалдық қоймасының құрылыстарын аралап тексерушілер телефон, радиотелефон және радиобайланыспен жарақталады. Тасымал (жылжымалы)</p>		

	радиостанциялардың қызмет көрсету радиусы қалдық қоймасының кез келген нүктесінен диспетчермен тұрақты байланысты қамтамасыз етуді қажет етеді		
178.	Құрылыстардағы байланыс және дабыл жүйесінің жай-күйі барлық объектілерде авариялық жағдайлар туралы шұғыл хабарландыру мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс		
179.	Тәулік бойы қызмет көрсетуді қажет ететін барлық объектілер стационарлық электрлік жарықтандырылуға жатады. Тәуліктің қараңғы мезгілінде жұмыс істейтін кезекші персонал электрмен жабдықталу ажыратылған жағдайда аккумуляторлық шамдармен қамтамасыз етіледі		
180.	Белгіленген нысанға сәйкес аумақтарды, жолдарды, өту жолдарын және ашық алаңдардағы жұмыс орындарын тәуліктің қараңғы мезгілінде жарықтандыру көрсеткіштері		
181.	Қалдық қойманың авариясыз пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін қауіпсіздік өлшемшарттары әзірленеді, олардың жай-күйінің көрсеткіштеріне мониторинг ұйымдастырылады. Қалдық қойманың жай-күйін өндірістік бақылау және жағдайын қадағалау олар		

	<p>тұрғызылған сәттен б а с т а п ұйымдастырылады және барлық пайдалану мерзімі ішінде жалғасады</p>		
182.	<p>Қоршау дамбалары мен бөгеттердің жай-күйін заттың өзіне қарап бақылау оларға орнатылған бақылау-өлшеу аспаптарын пайдалана отырып, аспаппен бақылауды қамтиды. Өндірістік бақылау дайындықтан өткен және қалдық қоймасының жинағышында жұмыс жүргізуге рұқсат алған бақылаушы тұлғаларға жүктеледі</p>		
183.	<p>Заттың өзіне қарап қадағалаулар жүргізу үшін (мониторинг) мониторинг қызметімен заттың өзіне қарап бақылау тобы ұйымдастырылады, ол айқындалған кемшіліктер туралы бақылау тұлғаларын хабардар ететін және оларды жою жөнінде шаралар қабылданбаған жағдайда ұйымның басшылығын хабардар етеді. Топтың құрамы мен саны қадағалау құрамына, көлеміне және мерзімділігіне байланысты болады және жобалау құжаттамасында белгіленеді. Заттың өзіне қарап қадағалау арқылы құрылыстардың көрсеткіштері мен жай-күйінің қауіпсіздік өлшемшарттарына сәйкестік жағдайы бақыланады. Қадағалау нәтижелері белгіленген нысанға сәйкес қадағалау журналына енгізіледі</p>		

Заттың өзіне қарап қадағалау:

1) бақыланатын көрсеткіштердің олардың шекті рұқсат етілетін мәндеріне сәйкестігіне тексеруді;

2) белгіленген нысанға сәйкес, Бөгеттің шайылуының тоқсандық бақылау журналына толтыра отырып, толтырылу және шайылу технологиясының сақталуын бақылауды;

3) белгіленген нысанға сәйкес Шаюға берілетін қойыртпақтардың сипаттамасына қадағалау жүргізу журналына толтыра отырып, шайылатын қалдықтардың сапасын геотехникалық бақылауды;

4) белгіленген нысанға сәйкес Қалдық қоймасындағы шайылған қалдықтардың сапасын бақылау журналына толтыра отырып, қалдық қоймасына келіп түсетін тазартылған, дренажды судың және қалдықтардың сапасын бақылауды;

5) белгіленген нысанға сәйкес Пьезометрлердегі судың деңгейін қадағалау журналына толтыра отырып, қалдық қоймадағы судың және қалдықтардың деңгейін бақылауды;

6) белгіленген нысанға сәйкес Көзбен шолу арқылы қадағалау журналына толтыра отырып, барлық құрылыс жүйелерінің жай-күйін бақылауды;

7) белгіленген нысанға сәйкес Тігінен алмастыруды бақылау

журналына және Көлденеңінен алмастыруды бақылау журналын толтыра отырып, қоршайтын құрылыстардың тік және көлденең ақауларына бақылауды;

8) белгіленген нысанға сәйкес Қойыртпақ жүргізгіш қабырғаларының қалыңдығын өлшеу журналына толтыра отырып, қойыртпақ жүргізгіш қабырғаларының тозу дәрежесі мен шегендеудің жай-күйін бақылауды;

9) белгіленген нысанға сәйкес Сүзбе су шығынының журналына толтыра отырып, сүзгіш режимін бақылауды;

10) белгіленген нысанға сәйкес Қалдық қоймасындағы судың деңгейін бақылау журналына толтыра отырып, қалдық қоймадағы су теңгерімін бақылауды;

11) белгіленген нысанға сәйкес Қойыртпақ шығарғыштардың жұмысын есепке алу журналына толтыра отырып, негізгі қойыртпақтың сипаттамаларын бақылауды;

12) қалдық қоймасының қоршаған ортаға әсерін бақылауды қамтиды. Заттың өзіне қарап қадағалау көзбен шолу және аспаптық әдістермен жүргізіледі

Көзбен шолу қадағалауларымен:

1) қалдық қойманың негізі мен қалпын

дайындау, пайдаланушы персоналының күшімен орындалатын дамбалар мен бөгеттерді салу жөніндегі жұмыстың жобалау құжаттамасына сәйкестігі;

2) дамбалардың (бөгет) баурайының, бермаларының және жоталардың және олардың жағадағы қабысу нүктелерінің (тұнбалардың, сызаттардың, жылжулардың, шөгіндердің, қалқымалардың, тау жынысын еріту және теріс құбылыстардың болуы) жай-күйі;

3) дренаж құрылғылардың жай-күйі (қысымның, лайланудың, тұнбалар мен дренаж трассасы бойынша топырақ ойылуының және судың шығуының болуы, батпақтану, құдық астауларының бұзылуы, құрғатқыш немесе дренаж шығарғыштардың катуы);

4) су қабылдау және су бұру құрылыстарының жай-күйі (құрылыс қабырғаларында сызаттар мен қуыс қаяулардың болуы, құрылыс қабырғаларының жапсарларының ағуы, металл құрылымдарының тоттануы, тасқын суларын түсіруге құрылыстың дайындығы, су шығарғыштардың, қайта іске-қосқыштардың, құбыржолдардың жай-күйі);

5) еңіс бекіткіштерінің, бермалар мен арна қаптамаларының жай-күйі (қаптамалардың бүлінуі, олардың астынан

	<p>шайындының болуы, жіктердің ажырауы, бітелуі және лайлануы);</p> <p>6) бақылау-өлшеу аспаптарының қолжетімді бөліктерінің жай-күйін тексеру үшін – қақпақтардың, нөмірленудің, бастиектердің майысуының болуы;</p> <p>7) қалдық қоймадағы су мен қалдық деңгейі;</p> <p>8) аумақтың санитариялық жай-күйі бақыланады</p>		
186.	<p>Көзбен шолып қадағалау журналына құрылыстарды қарау және тексеру кезінде анықталған кемшіліктер туралы мәліметтер жазылады. Журналға қалдық қоймасының жоспары қоса беріледі, онда бұзушылық сипаты мен уақыты көрсетіле отырып, пайдалану кезінде құрылыстың техникалық жағдайында бүлінулер орын алған учаскелер белгіленеді. Анықталған ақауы бар орындар оларды оңай тауып алуға болатын белгілермен белгіленеді</p>		
187.	<p>Көлденең дренаждарды қару кезінде:</p> <p>1) қаралатын құдықтар мен құбыр дренажы трассасының (құдықтарда қақпақтардың болуы, қабырғалардың бұзылуы, құдықтардың айналасына және дренаж трассасы бойымен топырақ төсеу, құдықта бөгде заттар мен су қысымының болуы, сүзбе судың жер бетіне шығуы) жай-күйі;</p> <p>2) бетонның, жапсарлардың жай-күйі</p>		

	<p>мен ашық дренаж астауларының тесілуі, олардың бітелуі;</p> <p>3) автоматты дренажды сорғы станциясының жұмыстық күйі (құдықтарда қысымның болуы, сорғы жабдығының жай-күйі) бақыланады</p>		
188.	<p>Көзбен шолып қадағалау кезінде қауіпті сипаты жоқ көзге көрінетін өзгерістер анықталған жағдайда (шөгіндер, сызаттардың білінуі, дененің жекеленген учаскелерінің немесе бөгет негізінің бөлінуі), түрлену учаскесінде қосымша қабаттық таңбалар орнатылады және анықталған түрлену тұрақталғанға дейін немесе толығымен басылғанға дейін өткізілетін уақытша аспаппен қадағалау ұйымдастырылады.</p> <p>Бөгеттің қауіпті өзгерістері анықталған жағдайда оларды жою бойынша шаралар қолданылады</p>		
189.	<p>Аспаппен қадағалау кезінде:</p> <p>1) су өлшеу тақтайшасы нөлінің байламын ай сайын тексеру;</p> <p>2) шөгіндерді және құрылыстар мен олардың негіздерінің бірігуін, сондай-ақ құрылыстардың геометриялық өлшемдерін мерзім сайын геодезиялық (маркшейдерлік) бақылау;</p> <p>3) денедегі сүзбе судың деңгейі мен құрылыс негізіндегі жерасты суының деңгейін өлшеу жүргізіледі.</p>		

190.	<p>Өлшенген шамаларды жобада берілген өлшемдермен және құрылыстарды қауіпсіз пайдалану өлшемдерімен салыстыратын ұйымның мамандандырылған қызметтері аспаппен қадағалау жүргізуге жіберіледі. Қадағалау нәтижелері бойынша жобадан анықталған ауытқушылықтар жойылады</p>		
191.	<p>Геодезиялық (маркшейдерлік) бақылау:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) бақылау-өлшеу аспаптарымен белгіленген жоспарлы және биік қалпын геодезиялық өлшеуді; 2) шөгіндерді және құрылыстар мен олардың негіздерінің ығысуын, құрылыстардың геометриялық өлшемдерін мерзімді түрде өлшеуді; 3) қалдық қоймасының мерзімді топографиялық түсірілімін қамтиды 		
192.	<p>Геодезиялық (маркшейдерлік) өлшеулер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) геодезиялық (маркшейдерлік) тірек желілеріне қатысты бөгеттер мен дамбаларды бақылау-өлшеу аспаптары жоспарлы және биік қалпын геодезиялық өлшеуді (үш жылда кемінде бір рет); 2) тірек қада белгісіне қатысты су өлшеу тақтайшасының нөлін жыл сайын тексеруді; 3) үш жылда кемінде бір рет мемлекеттік геодезиялық желілерден тірек қадабелгілерін тексеруді; 		

4) жобалық құжаттаманың талаптарына сәйкес шөгіндерді және құрылыстар мен олардың негіздерінің ығысуын өлшеуді;

5) жобалық құжаттаманың талаптарына сәйкес қалдық қоймасының топографиялық түсірілімін орындау кезеңділігін қамтиды. Геодезиялық түсірілімдерді жылына екі рет (күз, көктем) жүргізу қажет

Жобалық құжаттамамен көзделген кезде, құрылыстардың сүзбе режиміне және бу қысымын қадағалауымен:

1) бөлігінде және құрылысты қоршау негіздеріндегі және олардың жағамен қабысуындағы су деңгейінің жағдайы;

2) құрылыс негіздеріндегі , жағамен және іргелес құрылыстармен жанасатын жерлеріндегі пьезометрлік қысымдар;

3) дренаждау желілердегі , құрғатқыш және дренаждау коллекторларынан шығару жолдарындағы сүзінді шығынының шамасы;

4) сүзінді ағысының дренаждау құрылғысына кіру немесе оның қоршалған дамбалардың баурайларына шығу биіктігі;

5) ағыс жылдамдығы және топырақты сүзінді ағысымен шығару;

6) белгіленген нысан бойынша Гидрорежим желісінің ұңғымасындағы

	<p>жерасты суларының деңгейін бакылау журналына, Судың жалпы химиялық талдауын тіркеу журналына, Объекті бойынша судың сынамасын химиялық талдау тізімдемесі журналына және Судағы микроқұрауыштардың құрамы тізімдемесі журналына толтыра отырып сүзінді судың химиялық құрамы мен лайлануы;</p> <p>7) топырақ суының деңгейі және қалдық қоймасы аумағына жанасқан химиялық құрамы;</p> <p>8) бөгеттердің суға о р н ы қ т ы элементтеріндегі, олардың сазды негіздеріндегі және тірек призмасы бөлігіндегі бу қысымының шамасы белгіленеді</p>		
194.	<p>Дамбалар мен бөгеттердің және олардың негіздерінің жекеленген учаскелерінің қалыңдайтын немесе өшпейтін өзгерістері аспаптық қадағалау арқылы анықталған жағдайда, себебін анықтау және құрылыстың авариясыз жұмыс істеуін қамтамасыз ететін шараларды әзірлеу үшін жобалау ұйымының өкілдері шақырылады</p>		
	<p>Қалдық шаю қоймаларында алғашқы пайдаланған бес жылдан кейін және жылына кемінде бір рет тірек призмасының жобадағы шегінде 10 метр сайын кеңейткеннен кейін тірек</p>		

195.	<p>призмасына шайылған қалдықтардың (шығарылымдардың) физикалық-механикалық сипатының жобалық құжаттама талаптарына сәйкестігін куәландыру мақсатында инженерлік-геологиялық тексеріс жүргізіледі. Егер алынған сипаттардың мәні жобалау құжаттамасында берілгеннен төмен болса, онда жобалық ұйыммен келісіле отырып қалдық қоймасын одан әрі пайдалану мүмкіндігі туралы шешім қабылданады. Қалдық қоймасының дамуларының орнықтылығын тексеру қажеттілігі жобалау ұйымының өкілдерінің қатысуымен комиссиямен белгіленеді</p>		
196.	<p>Қалдық қойманың су астындағы бөлшектерінің құрамы, тексеру тәртібі мен мерзімділігі жобамен анықталады және технологиялық регламентте көрсетіледі. Өзен мен су қоймасының жағасында орналасқан сорғы станциясын пайдалану кезінде су астындағы бөлшектерді тексеру жылына бір рет жүргізіледі. Жаңа су жинау және су бұру құрылыстарын қайта жаңарту немесе салу кезінде тиісті шарттың негізінде жүргізілетін авторлық қадағалау жүзеге асырылады</p>		
	<p>Қалдық қоймасының сыйымдылығын пайдалануды жылына кемінде бір рет тексеру үшін су бетіндегі және су астындағы қалдық</p>		

197.	қабаттарын геодезиялық түсіру және қалдық қоймасында жиналған қалдық пен судың көлемін анықтау жүргізіледі. Қалдық қойманы толтырудың жобалау кестесі артқан жағдайда жобалау ұйымымен қалдық қойманы пайдалану мерзіміне немесе қосымша сыйымдылықты дер кезінде дайындау үшін оның кезегіне түзету енгізіледі		
198.	Қалдық құю қоймаларында тек қалдық қоймасын толтыру біркелкілігі, тұнба тоғанындағы судың деңгейі мен көлемі ғана бақыланады		
199.	Заттың өзіне қарап қадағалау мен құрылыста болатын процестердің нәтижелерін талдау негізінде аспаппен қадағалау құрамы немесе мерзімділігін жобалау ұйымымен келісе отырып қалдық қоймаларды пайдаланушы ұйыммен өзгертіледі		
200.	Аспаппен өлшеу, геотехникалық бақылау, құрылыстарды тексеру мен қарау, авторлық қадағалау деректерінің, бақылау органының тексеру материалдары мен сараптау қорытындылары негізінде пайдалану қызметі жыл сайын қалдық қойманың жай-күйі туралы техникалық есеп дайындайды		
	Жер асты суының ықтимал лайлануын және қалдық қоймаға жанаса орналасқан аумақты су		

201.	<p>басуды бағалау үшін кестеге сәйкес қадағалау желісі ұңғымасындағы судың деңгейін өлшеу және химиялық құрамына сынама алу жүргізіледі</p>		
202.	<p>Шаюдың жобалық технологиясын сақтау: 1) негізгі және қатты құрамдас қойыртпақтың сипатын бақылауды; 2) қойыртпақ шығару диаметрі мен ұзындығының және олардың арасындағы адымның жобалау құжаттамасына сәйкестігін бақылауды; 3) қойыртпақты шаю картасына дұрыс беруді және жуылатын материалдың карта бетіне бөлінуін бақылауды; 4) жобалау құжаттамасында қабылданған шаю қарқынының, жуылатын қабаттың қалыңдығы мен жағада дем алу уақытын бақылауды; 5) шайылған жерде қазынды шұңқырлардың немесе ұсақ екшемдердің жиналуы мүмкін тұрып қалған аймақтардың түзілуіне жол берілмеуін бақылауды қамтиды</p>		
203.	<p>Шаюға берілетін қойыртпақ мен қалдықтардың сипатын бақылау шығындарды өлшеу, бір мезгілде жұмыс істеп тұрған барлық қойыртпақ шығарғыштардан сынама алу және талдау арқылы жүргізіледі</p>		
204.	<p>Шайылған жағадағы қойыртпақтан, қалдықтардан сынама алу, сондай-ақ дренажды коллектордан судың</p>		

	сынамасын алуға тек тобында кемінде екі адам болған жағдайда жол беріледі		
205.	Қалдық қоймада бақылау қадағалауын және шаю кезінде өлшеу жүргізу үшін орналасу орны жобалау құжаттамасында анықталатын көлденең қақпақтар бекітіледі		
206.	Тірек призмасында шайылған қалдықтардың мынадай сипаттамалары анықталуға жатады: 1) электік өлшемдік құрамы; 2) құрғақ қалдықтардың тығыздығы; 3) табиғи ылғалдылығы; 4) қалдық бөлшектерінің тығыздығы. Қандай да бір сипаттамаларды анықтау қажеттілігі, сынау жиілігі жобалау құжаттамасымен анықталады		
207.	Ж о б а л а у құжаттамасымен қарастырылған қадағалаулардан басқа қалдық қоймалары жылына кемінде екі рет комиссиялық тексерулерге ұшырайды: 1) көктемде, тасқын уақытында пайдалануға дайындығын тексеру мақсатында, тасқын өтпес бұрын; 2) күзде, жай-күйін тексеру және күзгі-қысқы маусымда қалыпты пайдалануға дайындау мақсатында. Комиссия ұйымның бұйрығымен құрылады. Қалдық қоймаларын тексеру нәтижелері бойынша комиссия ұсынылған іс-шараларды орындау мерзімі анықталатын шешімді қабылдайды		

208.	<p>Техникалық есеп келесі жылдың бірінші тоқсанынан кешіктірілмей жобалау ұйымына жіберіледі, ол бір айлық мерзімде қалдық қойманың жай-күйі туралы қорытындыны және оны одан әрі пайдалану туралы ұсынымдарды береді</p>		
209.	<p>Құрылыс объектілерін пайдалануға қабылдау кезінде құрылыс процесінде мердігер құрылыс ұйымымен орындалған журналдар мен қадағалау материалдары бақылау-өлшеу аспаптарының атқару құжаттамасымен бірге акті бойынша пайдаланушы персоналға беріледі</p>		
210.	<p>Құрылыстарға ауысым сайын тексеру жүргізу жүктелген пайдаланушы персонал оның ұзындығы 3 километрден артық болған жағдайда көлік құралымен қамтамасыз етіледі</p>		
	<p>Қалдық қойманы пайдалануды жүзеге асыратын бөлімшеде (цехта, учаскеде) мынадай құжаттардың болуы: 1) қалдық қоймасының, қалдық қойма орналасқан аймақта жерасты жұмыстарын жүргізетін, қолданыстағы және өңдеу үшін жоспарланып отырған кеніш (шахта) басшылығымен келісілген, жерасты тау-кен қазбаларының тереңдігін көрсете отырып, олардың бірлескен жоспары;</p>		

211.	<p>2) қатпарлардың созылым қиысының тіліктері;</p> <p>3) су өткізу сызаттарының түзілген және түзілуі мүмкін аймақтарының, сынықтар мен жарылу, ықтимал топырақ және тасқын су басу аймақтарының шектері бар карта;</p> <p>4) қалдық қойма құрылыстарынан соңғы белгіге дейін оны толтыру кезіндегі жүктемені ескере отырып, жер бетінің өзгеруін болжау және қазылған кеңістікке сүзінді ағысын болжау;</p> <p>5) қазба үстіндегі қабат шөккен кезде құрылыстарды қорғау бойынша шаралары;</p> <p>б) үстемелеп қазылатын аумақтарда орналасқан, қалдық қойма орналасқан жерде жерасты жұмыстарын жүргізетін кеніш (шахта) басшылығымен және авариялық-құтқару қызметімен келісілген, қалдық қоймасының АЖЖ</p>		
212.	<p>Қойыртпақты түсіру және су жинаудың тұрақты шамасы кезінде су деңгейінің төмендеуі жағдайларында тау-кен қазбаларына су ағысының деңгейін бақылауды күшейту үшін кеніштің басшысы хабардар етіледі</p>		
213.	<p>Қалдық қоймадағы су деңгейі күрт төмендеген жағдайда, оған қойыртпақты түсіру тоқтатылады, содан кейін тоғаннан суды</p>		

	<p>ұйымдастырылған түрде бұру және түсіру үшін шаралар қолданылады</p>		
214.	<p>Қазба үстіне немесе оған жақын жерлерде төселген жерасты төсемдерінің су тартқыларында, сынықтар, сызатты жыныстар немесе су өткізгіштігі жоғары жыныстар аймағында, трассаның басында және соңында шығын өлшегіштер орнатылады, олар арқылы жүйелі түрде алынатын және келіп түсетін судың көлемі бақыланады. Трассадағы судың азаюын анықтаған жағдайда резервтік су тартқыға көшіп, бүлінген орындарды анықтау және ағып кетуге жол бермеу шаралары қолданылады</p>		
215.	<p>Оқпа аумағында орналасқан қалдық қоймалары үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) анықталған оқпа шұңқырлары мен сызаттарды баяу түсетін топырақпен бітеу; 2) тоғандағы қойыртпақты тазарту және сыртқы сумен жабықтау жағдайларынан қажетті судың көлемін ұстап тұру, оның асыра толып кетуіне жол бермеу; 3) сүзу үшін су шығынын азайту мақсатында қалдықтардан (шығарылымдардан) қалқаны алдын ала жағаға жуу және жыраның едәуір өтетін учаскелерін жағаға және бағытталған шаю көзделеді; қалқаның су бетіндегі қабатының желден жарылмауы үшін қорғағышы болады; 		

	<p>4) шайынды су шығатын орындарда, жер бетіндегі су ағысына жақын орналасқан су мен су айдындарында, су алу және су азайту ұңғымаларында қоспалардың құрамы бақыланады;</p> <p>5) АЖЖ жабық оқпа қуысы арқылы оның үстіндегі жабынның бұзылу нәтижесінде судың авариялы түрде ағу жағдайы көзделеді</p>		
216.	<p>Шөгін қоймаларын пайдалану кезінде жобалау құжаттамасында көзделген:</p> <p>1) шөгіндерді сорғыту үшін бөліктерді немесе алаңдарды толтыру кезегі ;</p> <p>2) шөгін қоймасы бөліктерінде дренажтрады қосудың тәртібі мен мерзімдері;</p> <p>3) шөгінді сусыздандыруға және дайындауға берілген уақыт сақталуға тиіс</p>		
217.	<p>Шөгіндерді оларды сорғытусыз құрғақ қазу техникасымен шөгін қоймасында дайындауға және дайындауға әзірленген бөлікті немесе шаю картасын инженерлік-техникалық тексеруге жол бермеу</p>		
218.	<p>Шөгіндер қоймасын тазалау үшін олардың түбі мен бөктерлерін бекіту мен қаптаудың бұзылуына әкеп соғатын тәсілдер мен механизмдерді пайдалануға жол бермеу</p>		
219.	<p>Құлама дамбалары шайылған топырақтан қаланады. Құлама бөгеттерді жағажайдан шұңқырлар мен</p>		

	траншеялар жасау арқылы топырақты қазып алу арқылы салуға жол бермеу		
220.	Құлама дамбаларды және гидроүйіндінің тірек призмасын су шайып кетудің алдын-алу үшін, аса төмен консистенциялы және жобада берілгенмен салыстырғанда көбейтілген шығынмен қойыртпақты беруге жол бермеу. Қойыртпақ жүргізгіштерді жуу кезінде үйінді бөгетін шайып кетудің алдын алатын шаралар қабылданады		
221.	Кран арқылы құбырды салу кезінде бөлгіш қойыртпақ жүргізгіш жібінің түзу сызықты жағдайы және шаю қабатының қалыңдығы белгілер бойынша және Т сипатты күзету үйлері бойынша орнатылады		
222.	Бөлгіш қойыртпақ жүргізгіш жібінің кран шынжыр табанының шетінен қолайлы арақашықтығы және шынжыр табанның алдыңғы шаю жүргізілетін құбырдың шет жағынан арақашықтығы жұмысты ұйымдастыру жоспарында белгіленеді		
223.	Шаюшы-жұмысшының ілгектеуші куәлігінің болуы		
224.	Арттырылатын және бұзылатын құбырларды тасымалдау үшін құрал-саймандарды қолдану		
225.	Шаю картасы жұмысты ұйымдастыру		

	жоспарында көзделген жарықтандыруға жатады		
226.	Кран жұмыс жасайтын және құбырларды салу (бұзу) аймағына бөтен адамдарды, жерді сору снарядының кешенді бригадасының, мүшелерін кіргізуге жол бермеу. Аймақта шаюшы-жұмысшының ғана жүруіне жол беріледі		
227.	Құрылыстарды, аумақтарды және үйінділерді шаю кезінде топырақты салу орындары қауіп-қатер туралы ескертетін және жұмыс орнына бөтен адамдардың келуіне тыйым салатын ескерту белгілерімен тұрақты қоршалады		
228.	Топырақтың ұсақ бөліктерінен жасалған құрылысты шаю кезінде құлама бөгетін бульдозермен құру топырағының сулылығын және тығыздығын (жобада берілген мөлшерлерге сәйкес) тексергеннен кейін ғана жүргізіледі, бұл ретте техника мен адамдардың қауіпсіз жүруі қамтамасыз етіледі		
229.	Шаю кезінде ұсақ тұнбалы және батпақ бөлшектер салынуы мүмкін құбырдың бүйір жағын шаюсыз және жергілікті төмендетулерсіз картаның барлық ұзындығы бойынша салынатын топырақтың көлденең қалыңдығын салу қамтамасыз етілуі қажет		
	Су төгу құдықтарының қабырғалары мен өзегі		

230.	бар (орталық бөлігімен) құрылыстарды шаю кезіндегі ішкі тік тұрақ арасындағы кеңістік уақыт өте келе шайылады		
231.	Жұмыс істеп тұрған құдықтарға қызмет көрсету қоршайтын таяныштары бар көпірден немесе өткел ағаштан ғана жол беріледі		
232.	Уақытша жұмыс істемейтін құдықтарды ағаш қақпақпен жабу қажет		
233.	Жұмыста ұзақ уақыт үзіліс алдында жуылатын құрылыстардың беттері судың тұрып қалуын болдырмайтындай жағдайға келтірілу керек		
234.	Жұмысты ұйымдастыру жоспарында қабылданған кескінмен салыстырғанда , құрылыстарды биіктігі және бөктерлері бойынша толығымен шайылмауына жол бермеу. Еңіске норма бойынша қайта шаю орташа өнімділігі су бойынша сағатына 2500 метрге дейінгі жерді сору снарядтары үшін 0,2 метр және 0,4 метр – жоғары өнімділігі бар жерді сору снарядтары үшін жол беріледі. Белгіленген рұқсаттар шегіндегі шайылған топырақтың көлемі және оны жоспарланатын жұмыстар кезінде келесі кесу жұмысты ұйымдастыру жоспарында құрылысты шаю кезінде ескеріледі		
	Ашылған қабатта көп шаң көтерілуі байқалатын қалдық қоймаларында шаңды басу шаралары қабылдануы қажет. Шаң		

235.	<p>концентрациясы белгіленген шектегі рұқсат етілетін концентрациядан жоғары жұмыс орындарында қызмет көрсететін персонал тыныс алу мүшелерін қорғайтын жеке құралдармен қамтамасыз етіледі. Шаң көп бөлінетін орындарда оны басу жөніндегі шаралар жалпы пайдалану және қалдық қоймаларының консервациясы (қалпына келтіру) жобалау құжаттамасымен анықталады</p>		
236.	<p>Қалдық қоймаларында радиациялық қауіпті заттар анықталған жағдайда, радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар кешені жүзеге асырылады. Қалдық қоймаларын радиациялық қауіпті нысандарға жатқызуды, іс-шараларды әзірлеу және бекітуді аттестаттаудан өткен сарапшы ұйымдар қатыстырылған ұйымның әкімшілігі жүзеге асырылады. Қалдық қойманың радиоактивті ластану деңгейін анықтау үшін, технологиялық регламентпен белгіленген мерзімдерде, бірақ үш жылда бір реттен жиі емес мерзімде радиациялық жағдайға тексеру жүргізіледі</p>		
237.	<p>Радиоактивті ластанған қалдық қоймаларға қызмет көрсететін жұмысшылар радиациялық қауіпсіздік бойынша оқудан өтеді</p>		

238.	Радиациялық қауіпсіздік нормаларын сақтауды бақылаушы - ұйымның басшылығына жүктеледі		
239.	Шаңның пайда болу мүмкіндігін жою және қалдық қоймаларын пайдалану кезінде жуылатын бөктерлер бетінен радиоактивті ауақірнелерді тарату үшін оны жобалау құжаттамасымен анықталған қабат қалыңдығымен жобалық белгілерге дейін шаю мөлшері бойынша таза топырақпен жабу жүргізіледі		
240.	Радиоактивті қауіп бар қалдық қоймаларын консервациялау жобалау құжаттамасына сәйкес және жуылған материалдарды табиғи нығыздағаннан кейін ғана орындалады. Бұл ретте радиоактивті ластануы бар бөлшектенетін барлық жабдықтар рұқсат етілген деңгейлерге дейін зарарсыздандырылуға жатады		
	Қызмет көрсететін персоналдың кезекшілігі тұрақты қарастырылған қалдық қоймалардың құрылыстарында қысқы мерзімде жылыту үшін және жаңбырдан қорғау үшін жұмыс орнынан (сорғы станцияларынан) 300 метрден алыс болмайтын жерде орналасқан тұрмыстық үй-жайлар орнатылады. Көрсетілген жайлар жедел байланыс құралдарымен, үстелдермен, отыруға арналған орындықтармен, жуынатын жерлермен,		

241.	<p>ауыз су құйылған ыдыстармен, сыртқы киімге арналған ілгіштермен жабдыкталады. Жылытуға арналған үй-жайлардағы ауаның температурасы 20 градус цельсиядан төмен болмай белгіленеді. Санитариялық-тұрмыстық жайлар тұрақты жұмыс орнынан 1 километрден асатын арақашықтықта орналасқан жағдайда, жұмыскерлер жұмыс орнына және жұмыс орнынан көлікпен жеткізіледі</p>		
242.	<p>Құрылыстарға қызмет көрсететін жұмысшылар арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және жеке қорғаныш құралдармен қамтамасыз етіледі. Ұйым арнайы киімдерді жууды, аяқ киімдерді және арнайы киімдерді жөндеуді қамтамасыз етеді</p>		
243.	<p>Қалдық қоймасы мен жинақтауыш оны жобалық белгіге дейін толтырғаннан кейін және оны толтыру бойынша жұмыстар тоқтаған соң жобалық құжаттамаға с ә й к е с консервациялануға немесе жойылуға жатады</p>		
244.	<p>Құрамында улы ағыстары бар қалдық қоймасын жою мынадай жағдайларда жүзеге асырылады: 1) адамдар денсаулығына қауіп төнгенде оны елді мекендерде орналастыру; 2) сүзгілеуге қарсы құрылғылар жерасты және жерүсті суларының оларда улы ағыстардың өтуінен сақтауды</p>		

	<p>қамтамасыз етпегенде, оны су қорғайтын аймақтар шегінде орналастыру</p>		
<p>245.</p>	<p>Қалдық қоймасында консервациялау (жою) жобасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жұмысты аяқтау мерзіміне құрылыс жоспарын және кескінін; 2) ұзақ уақыт мықты ұстауды қамтамасыз ететін қоршайтын бөгеттер параметрлері туралы қорытындыны; 3) табиғи бақылау құрамынан және қалдық қоймасын пайдаланудан шығарғаннан кейінгі бақыланатын параметрлерді; 4) су төгуден жоғары орналасқан алаңнан беткі ағынды алу (өткізу) және қалдық қойманың алаңына түсетін атмосфералық жауын-шашынды бұру жөніндегі іс-шараларды; 5) құрылыстарды су және жел эрозиясынан қорғау жөніндегі іс-шараларды; 6) су төгетін, дренаж және су бұру құрылыстарының жұмысқа жарамдылық жағдайын немесе оларды пайдаланудан шығару тәртібін қолдау негіздемесін; 7) көлік коммуникациялары мен жабдықтарды (қойыртпақ жүргізгіштер, автожолдар, сьездер) бөлшектеу тәртібін; 8) қалдық қоймасын қалпына келтіру жөніндегі техникалық шешімін; 9) консервациялау бойынша жұмыстарды атқарғаннан кейін қалдық 		

	қойманың қоршаған ортаға әсерін бағалауды; 10) консервациялау (жою) бойынша жұмыстарды аяқтау мерзімін қамтиды		
246.	Барлық атқарушылық құжаттамалары мен жұмыстың аяқталу мерзіміне қалдық қоймасын консервациялау бойынша жұмысты өндіру кезеңінде өткізілетін қадағалау бақылау материалдары белгіленген тәртіпте сақтауға өткізіледі		
247.	Консервациялау (жою) туралы актіге қол қойылғаннан кейін қалдық қойманы консервациялау (жою) аяқталған болып саналады		
248.	Консервациялауға (жоюға) жататын қалдық қойманың қауіпсіздігін қамтамасыз ету қалдық қоймаларын пайдаланушы-ұйыммен жүзеге асырылады		
249.	Пайдаланудың барлық мерзімі ішінде есептеу ыдысының су басу ағынын қауіпсіз қабылдауды қамтамасыз етпейтін қалдық қоймаларында авариялық су бұру көзделеді		
250.	Шоғырландырғыш ыдыстар мен қалдық қоймаларының, жинақтауыштардың айналасына өзендер ағынын қабылдау және бұруға арналған суды бұру құрылыстары жоғарғы пайызды қамтамасыз етілудің судың есептік шығынын қабылдауды және		

	өткізуді қамтамасыз етуге жатады		
251.	Қойыртпақ жүргізгіштер салынған жерасты камералары мен галереяларда өтетін орын , желдетуге арналған қондырғылар, авариялық жарықтандыру, жабындарда құрастыру есіктері және қойыртпақ жүргізгіштерді жөндеуді және ауыстыруды қамтамасыз ететін көтеру-көлік құралдары орнатылады		
252.	Камералар мен галереялардан қойыртпақ сорғы станцияның дренаж жүйесіне авариялық жіберу қамтамасыз етілуі тиіс немесе олардың аса төмен нүктелерінде жертөле орнатылады және қойыртпақ жүргізгіш жарылғанда қойыртпақты сору үшін сорғы қарастырылады		
253.	Қойыртпақты сору станцияларында соратын келтеқұбырлар мен қойыртпақ жүргізгіштерді шаю үшін су беру қамтамасыз етіледі		
254.	Қойыртпақты сору станциясының шекарасындағы қойыртпақ жүргізгіштерде кері клапандар орнатылады		
255.	Қазылған сорғы станцияларында машина залынан шығатын авариялық шығу көзделеді		
256.	Дренажды және авариялық сорғылардың электр қозғалтқыштары		

	негізгі және резервтік қуат алумен қамтамасыз етіледі		
257.	Қойыртпақ жүргізгіштерде қайта қосу камералары қарастырылмаған шаятын қалдық қоймалары үшін қойыртпақ сору станцияларының технологиялық шешімдері соңғы құрамдағы қойыртпақтарды оларда орнатылған әрбір топырақты сорғыға қойыртпақтың келуін қамтамасыз етілуге жатады		
258.	Жабдықтарды құрастыру және сорғы станцияларындағы желілерді ажырату, топырақты сорғылардың электр қозғалтқыштарының және қысымды су тартқыштар мен қойыртпақ жүргізгіштер үзілген кезде басқару қалқандарының желіден шығуын болдырмауын ескеріп жүргізіледі		
259.	Сорғы және тереңдетілген машиналы залдары бар қойыртпақ сору станцияларында су тартқыштар (қойыртпақ жүргізгіштер) мен тетіктер ішінен және құрылыстан тікелей жақын маңда үзілген жағдайда оларды су басудан қорғау қарастырылады. Авариялық шығару болмаған жағдайда, су баспаған белгіде машиналы залды су басу қаупі кезінде суды соруды қамтамасыз ететін авариялық		

	<p>сорғылар орнатылады, машина залын су өтпейтін өткел құрылғысымен саралау көзделеді.</p>		
260.	<p>Сорғыларды авариялық өшіру, қалдық және дренаж науаларды және зумпфтардың толуы, сорғы станциясын су басуының, кернеуді түсіру туралы хабар беру үшін дыбыстық және жарықтық дабыл көзделеді</p>		
261.	<p>Қалдық қоймасын пайдалану учаскесінің операторлық пунктiнiң басқару қалқанында персоналсыз автоматты режимде жұмыс жасайтын сорғы агрегаттарын авариялық өшіру дабылының тақтасы көзделеді. Сумен қамтудың қойыртпақ сору және сорғы станцияларының оператор-машинистерінде орнатылған диспетчер байланысының телефондары машина залында орнатылған шақыру дабылын қайталау тіреуішімен тұйықталады</p>		
262.	<p>Электр энергиясы өшірілген кезде үй-жайлар мен қойыртпақ сору станцияларының аумақтарын жарықтандыру жүйесі электрмен қамтудың авариялық көзіне қосылады</p>		
	<p>Биіктігі 1 м-ден биік эстакада бойынша салынған қойыртпақ жүргізіштерді тексеру және оларға қызмет көрсету үшін таяныштары бар жүру</p>		

263.	көпірлері көзделеді. Жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарының қиылысу орындарында қойыртпақ жүргізгіштер астында сақтандырғыш таратушы тор орнатылады		
264.	Қойыртпақ жүргізгіштер трассасы маңында пайдаланушы автожол орнатылады. Ұзындығы бойынша 500 метр арқылы бір жақты жолдарда және бұрылыс бұрыштарында айналу алаңдары көзделеді		
265.	Қойыртпақ жүргізгіштер трассасында оларды босату үшін қойыртпақты қабылдауға арналған шығарулар мен сыймдылықтар (апандар) көзделеді. Толтыру мөлшеріне қарай ыдыстар уақытында тазалануы тиіс. Бірінші өнім қойыртпақ сору станциясынан қойыртпақта және қойыртпақты сору станциясында орналасқан кері клапан артындағы қойыртпақ жүргізгіш жарылған кезде оның су басу мүмкіндігін болдырмайтын арақашықтықта орналастырылады		
266.	I-III санатты автомобиль және теміржолдар астында қойыртпақ жүргізгіштер қорғаныш қораптарға салынады. Қораптар жолдың жиегінің шетінен кемінде 0,3 метрге шығып тұруға жатады		
267.	Қойыртпақты шығарғыш ұзындықтары үйінді бөгетінің су шаю қаупін болдырмайды		

268.	Қойыртпақтың қалдық шығынын түсіру үшін өнім ұзындығы суасты жағажайының жобамен берілген ені шегінде ұсақ ыдырағыш қалдықтарды қалдыру мүмкіндігін жоққа шығаруға жатады		
269.	Қойыртпақ өнімдер арасындағы ұзындық шаю жағажайындағы су тұрып қалу аумақтарының пайда болу мүмкіндігін болдырмайтындай етіп орнатылады		
270.	Авариялық ыдыстан қайта айдалатын қалдық қоймаларындағы қалдықтарды түсіру нүктесі жобалық құжаттамалда көрсетіледі		
271.	Қойыртпақ жүргізгіштерге қатысты пайдалану жолының орналасуы айналу мүмкіндігін және көтеру-көлік құралдарымен жобада осы мақсаттар үшін қарастырылған олардың кез келгенін қайта салуды қамтамасыз етуге жатады		
	Қойыртпақ жүргізгіштер мен электр берудің ол параллель жүргендегі желінің соңғы сымы арасындағы арақашықтық электр құрылғылары қондырғысының талаптарына сәйкес орнатылады. Қойыртпақ жүргізгіштердің электр беру желісімен қиысу аралығында мынадай талаптар белгіленеді: 1) электр беру желісін қуыс пайда болғанда немесе құбыр жарылғанда қойыртпақ ағысымен қысқа		

272.	<p>тұйықталудан қорғау үшін қойыртпақ жүргізгішке қорғаныс күнқағар салынады;</p> <p>2) сым үзілген жағдайда қойыртпақ жүргізгіштердің астында онымен электрлік байланыссыз торлы қоршау көзделеді. Торлы қоршау жерге тұйықталады. Жерге тұйықталудың кедергісі 10 Омнан артық емес. Қорғаныш күнқағардың ұзындығы, электр берудің қолданыстағы желілеріндегі торлы қоршаудың ені мен ұзындығы электр беру желілерін пайдаланушы ұйыммен келісіле отырып қабылдана</p>		
273.	<p>Жобалық құжаттамада қойыртпақ жүргізгіштерді токтан сөндірген жағдайда босату мәселесі шешіледі . Қойыртпақ жүргізгіштерді босату жүйесі жергілікті орынды , жер беті су қоймасын және судың жерасты көздерін ластамайтындай жобаланады</p>		
274.	<p>Қалдық қоймасы орналасқан аумақта қазбалар немесе бұқаралық жарылыстар жүргізілетін басқа нысандар болған жағдайда, су құбыры құрылыстарының жармаларында техногендік сейсмикалық параметрлері анықталады және ескеріледі</p>		
	<p>Қалдық қоймалардың қызмет ету мерзімінің шегінде қалдықтарды қайта өңдеу немесе оларды халық шаруашылығының басқа</p>		

275.	салаларында пайдалану көзделетін ұйымдарда қалдық қоймасының құрылымы дамбаларды қуаттылығын бұзбастан және екінші шикізатты жоғалтпай қалдықтарды дайындауды қамтамасыз етілуге жатады		
276.	Дамбадағы жылыжымалы телефонды қосу нүктелерінің арасындағы арақашықтық 1 километрден аспайтындай орнатылады. . Жылыжымалы радиостанциялардың қолданылу радиусы цехтың, бөлімшенің, дамбаның кез келген нүктесінің учаскесінен оператормен (диспетчермен) тұрақты байланысты қамтамасыз ету ескеріле отырып орнатылады		
277.	Топырақ аз өтетін алғашқы дамбалары бар шаятын қалдық қоймаларда үйінді бөгетінің бірінші белдеуінің дренажы қарастырылады		
278.	Беткі ағын келетін және оларда су төгу құрылысы қарастырылмаған қалдық қоймаларда тоғанда судың қалыпты тірек деңгейін қолдау үшін тұрақты су құю баспалдағы бар су бөгетінің құрылғысына жол берілмейді		
	Су дамбаны шахталы құдықтың құрылымы қалдық қоймаға су көкжиегінен жоғары су құю баспалдағын арттыру кезінде, оған судың келуін болдырмайтындай және су түбіндегі өнімдердің		

279.	<p>авариялық жабу мүмкіндігі қамтамасыз етілетіндей орнатылады. Су бұру коллекторларының құдықпен қосылысы негіздеменің және температуралық байланыстардың шөгуі кезінде олардың пішін өзгерісінің тәуелсіздігін қамтамасыз етуге жатады</p>		
280.	<p>Шаю массивінде, бөлікте немесе бөгет негіздемесінде салынатын су бұру коллекторлары үшін кең қосылыстары бар құбырларды қолдануға жол бермеу</p>		
281.	<p>Шаю массивінде, бөлікте немесе дамба табанында салынатын су бұру коллекторлары үшін барлық құрастыру пісіру жіктерін және орнықтылығына, саңылаусыздығын сынауға радиографиялық бақылау қарастырылады. Осындай бақылауды жүргізу мүмкін болмаған жағдайда қйылыстарды бандаждау қамтамасыз етіледі</p>		
282.	<p>Су жинау және су бұру құдықтарынан су бұру коллекторларында және айналымдық сумен қамту сорғы станциясының сорғыш коллекторында құдықты соңғы пайдалануды белгілеу кезінде пайда болатын қысымға есептелген тетіктер орнатылады</p>		
283.	<p>Құрылыста орнатылатын барлық бақылау-өлшеу аспаптары екіжақты қадағалау қақпақтарында, оларға қызмет көрсету, жөндеу және қалдық қоймасын пайдалану</p>		

	және кеңейту барысында құрылыс машиналары мен көлік құралдарымен бүлдіру мүмкіндігіне жол бермейтін орындарда орнатылады		
284.	<p>Дамба мен оның табанында орнатылатын бақылау-өлшеу аспаптарының нөмірленуі бақылау өлшеу аспаптары шартты белгіленген екіжақты қадағалау қақпағының нөмірі мен екіжақты қақпақтағы аспаптың нөмірінен тұрады. Екіжақты қақпақтағы аспаптардың нөмірі саға баурайының төменгі жиегінен басталады. Төменгі бьефте орнатылатын аспаптар үшін аспаптың реттік нөмірінің алдында "нөл" цифрі жазылады. Мысалы, 1 ПМ-4 – (бақылау-өлшеу аспаптары бірінші жарма қақпағында орнатылған саға баурайының биіктігі бойынша төртінші қабаттың таңба); 2 МГС-1 – (бақылау-өлшеу аспаптары екінші жарма қақпағында орнатылған баурайдың биіктігі бойынша бірінші көлденең қиысқан таңба); 5 П-01 – (бөгеттің төменгі бьефінде орнатылған бақылау-өлшеу аспаптары бесінші жарма қақпағындағы бірінші пьезометр)</p>		
285.	Ж о б а л а у құжаттамасында су жинау және су бұру құрылыстарын пайдаланудан шығару б о й ы н ш а		

	құрастырылымдық шешімдер қамтамасыз етіледі		
286.	Сорғы станциясы шегіндегі қысымы 1 мегаПаскальдан артық суқұбырында болат ысырмалар көзделеді		
287.	Қалдық қоймасының айналасына санитариялық аймақ салу және қоршаған табиғи ортаны қалдық қоймасының зиянды әсер факторынан қорғау шаралары оны толтырудың әрбір кезегінде қарастырылады		
	<p>Құрылыстың қауіпсіз жай-күйін және пайдалануды бақылауды қамтамасыз ету үшін жобалау құжаттамасында :</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) гидротехникалық станциялар жоспары және дамбалар мен бөгеттердің ең жоғарғы жобалық биіктігіндегі көлденең қималары және жобада белгіленген құрылыстардың класы, тоғандағы ең жоғарғы су деңгейі мен ең жоғарғы толтыру жиегі; 2) есептік қамтамасыз етудің тастық ағысының көлемі, атмосфералық жауын-шашын және су бетінен, әр түрлі қамтамасыз етілетін дамба мен жаға бетінен булану бойынша деректер; 3) алаңдар мен көлемдердің жобалық қисықтары; 4) пайдалану жылдары бойынша су теңгерімі мен сыйымдылықтарды толтыру кестесі; 5) қалдық қоймасын толтыру сызбалары және 		

мен жазғы және қысқы маусымда қалдықтарды төсеу технологиясы бойынша нұсқаулар;

6) құрылысты тұрғызу мен пайдаланудың әртүрлі кезеңдеріне, бөгет бойының температуралық режимін, қабысулардың, ложалар мен құрылыс орындарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуді болжау;

7) қауіпті аймақ шекаралары және оның шегінде орналасқан халық шаруашылығы объектілерін қорғау бойынша іс-шаралар;

8) (пикеттердің) қиылыстарын, негіз топырағы мен құрылыс бойының қабылданған физикалық-механикалық сипаттарын көрсете отырып, есептік қисық құламаларды, депрессиялық қисық және құрылыс салу кезегі баурайлардың немесе қалдық қоймасын толтыру қабаттарының алынған тұрақтылық коэффициентін енгізе отырып, дамбаларды (бөгеттерді) есептік сызбалары. Егер дамбаның (бөгеттің) көлденең қимасы мен құрылымы ұқсастық бойынша немесе есептерді орындамай құрылымдық түрде қабылданса, бұл жөнінде сызбада көрсетіледі;

9) бақылау-өлшеу аспаптарын орналастыру және орнату жобасы (мониторинг жобасы), заттың өзіне қарап қадағалау бағдарламасы және бөгеттер мен олардың негіздері

	<p>жай-күйінің қауіпсіздік өлшемдері;</p> <p>10) қауіпті аймақ шектері және қалдық қоймасының қауіпті аймағында орналасқан халық-шаруашылық объектілерін қорғау бойынша іс-шаралар көрсетіледі</p>		
289.	<p>Гидротехникалық станциялар жоспары мен сызбаларында:</p> <p>1) қоршау дамбаларын, олардың дренаждық және сүзбеге қарсы құрылғыларын орнату үшін топыраққа қойылатын талаптар;</p> <p>2) дамба жобасының су деңгейінен ең төменгі артуы;</p> <p>3) жуу қабаты бойынша су бетіндегі жағажайдың ұзындығы;</p> <p>4) шекті жуу қарқыны мен жекелеген қабаттарды жуу арасында жағада демалу уақыты;</p> <p>5) жоспарды және сынама алу орындары мен бақыланатын өлшемдердің мәндерін көрсете отырып, қиылыстарды қамтитын құрылысты салуды геотехникалық бақылау паспорты;</p> <p>6) қалдық қоймасын толтыру қабаты (кезегі) бойынша бөгет бойындағы шекті депрессиялық сызық қалпы мен пьезометрлердегі судың деңгейін белгілеу кестесі;</p> <p>7) дренаждың қабаты мен тармақтары бойынша судың шығыны;</p> <p>8) жұмыс істеп тұрған су алу құдығындағы судың ең тайыз тереңдігі, су құю орнындағы қысым;</p>		

екі қатарлы шандорлары бар құдықтар үшін – шандор арасындағы кеңістікті пайдалануға мүмкіндік беретін құдықтың биіктігі бойынша шандорлардың саны;
9) суәкеткі құдықтары мен су бұру коллекторларын тексеру мерзімділігі мен тәртібі көрсетіледі

Қысқы жуу жобасында:
1) температураның өзгеруі мен байыту фабрикасынан жинағышқа түсіру нүктесіне дейінгі қойыртпақ өткізгіштің ұзындығы бойымен қойыртпақ құрамында жылудың болуын болжау ;
2) қойыртпақты қажетті оң температурада картаға беруді қамтамасыз ететін іс-шаралары;
3) қысқы уақытта жуылатын қабаттардың ең үлкен қалыңдығы;
4) қысқы жуу шарттарының жылу физикалық негіздемелері, ол мыналарды: жаға бойымен қойыртпақтың б а с т а п қ ы температурасын және өлшемдеріне, ауаның температурасына байланысты және мынадай: тірек призма шегінде қойыртпақ легінің катуын болдырмау; қалдық қ о й м а с ы сыйымдылығының шығынына әкелетін шайылған көп жылғы жота мұзы түріндегі ауыспалы (тоған аралық) судың немесе көктемгі еру маусымында тұнба тоғанының авариялық

асыра толуына әкелетін көлемдегі жағаға қатқан мұз түріндегі судың шоғырлануын болдырмау өлшемдерін сақтау негізінде жүру жолы ұзындығымен қойыртпақ сипатының өзгеруін ескере отырып, қойыртпақ легінің жүру жолының ұзындығын бағалауды; қалдықтарды картаға жуу инфильтрациясы мен қарқындылығы факторларын ескере отырып, қойыртпақ өткізгіштердің жұмыс режиміне байланысты жуу картасының беткі қабатында қату – еру процестерінің серпінін. Карта беті мен тұйық учаскелердегі қатқан қабаттардың (қалдықтар мен мұздардың) толық еру уақытын болжау; қалдық қоймасы бойында (оның әр түрлі аймақтарында) қатқан топырақ пен мұздың болу мүмкіндіктері мен жағдайларын бағалауды; қысқы уақытта құрылыста жуылған топырақтың құрамы мен геотехникалық сипатына қойылатын талаптарды қамтиды;

5) қысқы жуу технологиясы салдарларының қоршау бөгеттерінің тұрақтылығы мен сүзбе беріктігіне әсерін бағалау ;

6) ауаның қолайсыз температурасының шамасына байланысты қысқы жуудың технологиялық кестесін, ол мыналарды: қалдық қоймасының жуу жүргізілетін аймақтарын;

шоғырландырылған және шоғырландырылмаған жуу тәсілдерін; жуу технологиясын сипаттауды; қойыртпақ өткізгіштер мен қойыртпақ шығарғыштардың техникалық сипаттарын (қойыртпақтың диаметрі, ұзындығы, лайлануы, оны шығару ерекшелігі, жылыту және соған ұқсастары); қысқы (мүмкін жазғы) жуу маусымы барысында қойыртпақ шығарғыштардың жұмыс кестесін; қойыртпақ картасына берілетін өлшемдерді: жуылатын топырақтардың (қалдықтардың) температурасын, үлестік жылу сыйымдылығын, үлестік шығынын, консистенциясын, түйіршік өлшеу құрамын, олардың орташа диаметрін, минералдық бөліктің тығыздығын; қысқы жудың теріс салдарларын бейтараптандыруды қамтамасыз ететін жазғы технологияны қажетті түзетуді; жуу картасының өлшемдерін: жуу орны, өлшемдері, құлауы, еңістері, ретін (кестесі) камтиды;

7) бақылау-өлшеу аспаптарының сипаттамасын, бақыланатын өлшемдердің тізбесі мен шекті мәндерін, мерзімділігін, өлшеу нәтижелерін өңдеу әдістері қарастырылады

Қалдық қоймасының гидротехникалық станциясының қауіпсіздігін

291.

мониторингілеудің
жобалау құжаттамасы
мынадай негізгі
бөлімдерді:
1) қалдық қоймасына
мониторинг енгізу және
мониторинг объектілерін
бөлу көрсеткіштерін;
2) мониторинг
объектілерінің тізбесі
мен қысқаша
сипаттамасын;
3) әрбір мониторинг
объектісінде заттың өзіне
қарап, аспаптық және
көзбен шолып қадағалау
құрамының негіздемесі
мен көлемін;
4) мониторинг
объектілері жай-күйінің
диагностикаланатын
көрсеткіштерін
белгілеуді;
5) әрбір мониторинг
объектісі бойынша
қауіпсіздік өлшемдерін
әзірлеуді;
6) барлық мониторинг
объектілері бойынша
заттың өзіне қарап
қадағалау жүргізу
әдістерін;
7) мониторинг қызметі
мен оның функцияларын
сипаттау, міндеттерді
бөлу мен есеп беру
тәртібін қамтитын
мониторингті
ұйымдастыру кестесін;
8) пайдаланушы
персоналды дайындау
және оқыту тәртібін;
9) ұйымда мониторингті
әдістемелік қамтамасыз
етуді;
10) мониторинг жүргізу
кезіндегі қауіпсіздік
техникасын қамтиды

Лауазымды адам (-дар)

лауазымы

ҚОЛЫ

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бақылау және қадағалау субъектісінің басшысы _____

лауазымы

ҚОЛЫ

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің м.а.
2022 жылғы 30 қарашадағы № 102 мен

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрі
2022 жылғы 30 қарашадағы
№ 260 бірлескен бұйрығына
13-қосымша

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2015 жылғы 15 желтоқсандағы
№ 1206

және Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 814 бірлескен бұйрығына
13-қосымша

Көмір шахталарының қауіпті өндірістік объектілеріне қатысты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау аясындағы тексеру парағы

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган _____

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт _____

№, күні

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі),
бизнес- сәйкестендіру нөмірі _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1.	<p>ЖҚТ учаскесінің шахталарындағы ұйымдастыру жер қойнауын пайдаланушы ұйымның басшысы бекітетін осы учаскелерге арналған өндірістік бақылау туралы ережемен белгіленеді. ЖҚТ учаскесі құрамында ЖҚТ учаскесіндегі автоматтандырылған жұмыс орны (бұдан әрі – ЖҚТ АЖО) жүйесінде желдету құжаттамасын жүргізу және желдетуді басқару бойынша топтың болуы, топ ЖҚТ учаскесінің орынбасары немесе көмекшісінің біреуі болатын жетекшіден және тау-кен шеберлерінен құралады. ЖҚТ АЖО тобының санын ЖҚТ учаскесінің бастығымен анықталады, техникалық жетекшімен келісімделеді және шахта жетекшісімен бекітіледі. Топтың ең аз саны кем дегенде үш адамнан кем болмауы тиіс</p>		
2.	<p>Көмір шахталарының қауіпті өндірістік объектілерін жобалаумен, салумен, пайдаланумен, кеңейтумен, қайта құрумен, жанартумен, уақытша тоқтатып</p>		

	<p>қоюмен және жоюмен байланысты жұмыстар қатаң түрде жоба құжаттамаларына сәйкес жүргізілуі қажет.</p>		
3.	<p>Кен-геологиялық жағдайларға, қабылданған көмір алудың технологиясы мен механизациясына байланысты көмір кентрексіз схема бойынша қазу учаскелерін (блоктарды, панельдерді) дайындау қазу учаскелері арасынан көмір кентіректерін қалдырумен де, сондай-ақ кен қазбаларын тұрақты желдетуді қамтамасыз ету, көмір мен газдың оқыс лақтырылысының және көмірдің өздігінен жануының алдын алу, қазбаның тазарту кенжарына жанаса жатқан жобалық қималарын сақтау ережелерін қамтамасыз ету талаптарының болуы. Кен алу учаскелерінде көмірді алу, кен қазбаларын жүргізу және күрделі жөндеу бойынша паспорттардың болуы⁷</p>		
4.	<p>Салынып жатқан, қайта құрылатын және жұмыс істеп тұрған шахталардың ең алыстағы кен қазбаларына дейінгі қашықтығы, егер апат болған жағдайда, аварияларды жою жоспарымен анықталған адамдардың осы қазбалардан қауіпсіз жерге шығу уақыты өзін құтқарғыштардың әсері уақытынан аспауы және ол бір сағаттан артық болмауы қажет</p>		

5.	<p>Жерасты тау-кен жұмыстарын жүргізетін көмір шахталары персоналды бақылау, авария туралы хабарлау, персоналдың тұрған орындарын білу және іздеу жүйелерімен, объектіге қызмет көрсететін АҚК-мен тікелей телефон және оған балама байланыспен жабдықталады</p>		
6.	<p>Шахтада барлық оған түскендердің және көтерілгендердің (шыққандардың), сондай-ақ цехтар мен жер беті кешені учаскелерінің барлық қызметкерлерінің табельдік есебінің жүргізілуін қамтамасыз ету. Оны ұйымдастыруға жауапкершілік шахтаның басшысына жүктеледі, ол шахтадан өз уақытында көтерілмегендерді (шықпағандарды) анықтау тәртібін белгілейді және оларды іздеу бойынша шаралар қабылдайды.</p>		
7.	<p>Шахтаның әр жер асты жұмысшысына жеке оқшаулағыш өзін-өзі құтқарғыш бекітеледі. Шахтадағы оқшаулағыш өзін-өзі құтқарғыштардың саны жерасты жұмыстарымен айналысушы жұмысшылардың тізімдік құрамынан 10 пайыздан артық болуы керек. Алыс орналасқан, авария кезінде ол орындардан қауіпсіз орынға шығу өзін-өзі құтқарғыштың қорғаныс әсері уақытымен қамтамасыз етілмейтін, жұмыс орындары бар шахталарда ауыстырып қосу (жүру жолында біреуден артық емес)</p>		

	пункттері немесе топтық жылжымалы немесе тұрақты өзін-өзі құтқару құралдары орнатылады, олардың тұрған орындары ААҚ-мен келісіледі		
8.	Ж а р а м с ы з аккумуляторлы шаммен және қажетті жеке қорғаныс құралдарынсыз шахтаға түсіруге, адамдардың қазбалар бойынша қозғалуына, сондай-ақ жұмыс жүргізуге жол берілмеуі. Шамханадағы жарамды аккумуляторлы шамдардың, метанның кіріктіріме сигнализаторлары бар шамдарды қоса алғанда саны жерасты жұмысшыларының тізімдік санынан 10 пайыздан артық болуы қажет.		
9.	Машиналардың, жабдықтардың, аспаптардың, басқару және қорғау схемаларының, бағдарламалық өнімдер мен технологиялардың зауыттық құрылысын жасап шығарушының (әзірлеушінің) келісімінсіз өзгертуге рұқсат етпеу		
10.	Ж а б д ы қ т ы ң қозғалыстағы бөліктері, егер олар қауіптілік көзі болып табылатын болса, қоршау негізгі жұмыс атқару мақсаты бойынша болмайтын бөліктерден басқасында қоршаулардың болуы. Іске қосу алдындағы дыбыстық ескерту белгісі адамдарға қауіпті барлық аймақта естілетін болуы қажет		

11.	<p>Көмір мен газдың оқылықтырысы қауіпті шахталардың техникалық басшылары – бас инженерлері лауазымына қойылатын талаптар осы Қағидалардың 19-тармағына сәйкес (1 т. көрсетілген) және жерасты жұмыстарында басшылық және инженерлік лауазымдарда жұмыс тәжірибесі 5 жылдан кем емес, оның ішінде көмір және газ лақтырысы қауіпті шахталардағы тәжірибесі үш жылдан кем емес мамандар тағайындалады.</p>		
12.	<p>Шахтаның қауіпсіздікті және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты басшылары мен мамандарына қойылатын талаптар: жоғары кәсіби білімі бар және қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы лауазымдардағы мамандығы бойынша еңбек өтілі 3 жылдан кем болмайтын тұлғалар тағайындалады</p>		
13.	<p>Жерасты қазбаларында, шахта үстіндегі ғимараттарда, шамхана жайларында, желдеткіштердің диффузорларынан және газсыздандыру қондырғыларының ғимараттарынан 30 метр жақын жерде, жер бетіне шығатын қазбалардың ауыздарында темекі шегуге және ашық отты пайдалануға жол бермеу. Шахтыларда демалыс күндері және жөндеу ауысымдарында, жұмыс күндері және ауысымдарда тек апатты</p>		

	<p>немесе оның салдарын жою үшін, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органмен келісіліп, ұйыммен бекітілген нұсқаулыққа сәйкес, шахта басшысының жазбаша рұқсаты бойынша от жұмыстарын жүргізілуі</p>		
14.	<p>Жұмыс күндері тұйық және жұмыс орындарынан алыс орналасқан қазбаларға (тізбесін аварияларды жою жоспарын жасау кезеңінде шахтаның техникалық басшысы анықтайды), ал шахтаның жұмыс істемейтін күндері және ауысымдарында кез келген қазбаларға кәсіби мамандығы бойынша жұмыс өтілі 6 айдан асатын, үздіксіз әсерлі дыбысты белгісі бар газанықтауыштары бар екеуден кем емес тәжирибелі жұмысшыларды жіберуге рұқсат етіледі</p>		
15.	<p>Шахтаның қызметін қамтамасыз ету объектілерін (электр қосалқы станцияларын, желдеткіштерді, көтергіштер, сутөкпелерді, газсыздандыру, газ сорып алу, қазандық, калорифер қондырыларын) тоқтатуға тек қана шахтаның техникалық басшысының жазбаша өкімімен рұқсат ету (авариялық жағдайлардан басқа)</p>		
	<p>Әрбір жұмыс істеп тұрған шахта екеуден кем емес, бөлек орналасқан, адамдардың жүруіне (адамдарды тасуға)</p>		

16.	<p>бейімделген, жоғарыға шығу есіктерімен жабдықталады, ал шахтаның әр деңгейжиегі , адамдардың жүріп шығуына (тасымалдауға) бейімделген, жоғары жатқан (төмен жатқан) деңгейжиекке немесе жер бетіне шығуға екеуден кем емес есіктердің болуы.</p> <p>Шахтадан қосалқы есіктерге апаратын барлық қазбаларда, сондай-ақ ол қазбалардың тармақтарында әрбір 200 метрде қазба және жоғарыға шығатын бағыт көрсетілген жарық шағылатын бояулары бар сілтеме белгілердің болуы</p>		
17.	<p>Оқпандардың жақын орналасу жағдайында (бір аралық алаңда), оларды жобалық деңгейіне қазғаннан (тереңдеткеннен) кейін бірінші кезекте оқпандарды өзара түйісімдеу жұмыстары жүргізілу және одан кейін тұрақты клетті көтергішті жабдықтау жұмыстары орындалуын қамтамасыз ету.</p> <p>Жаңа деңгейжиекті бір оқпанмен ашу жағдайында немесе оны еңістермен дайындауға бірінші кезекте деңгейжиекті екі есікпен және жалпы шахталық депрессия есебінен желдетуді қамтамасыз ететін қазбалар жүргізіледі.</p> <p>Оқпанның алысырақ (қанатта) орналасқан жағдайда, екінші есікті қамтамасыз ететін қазбаларды жүргізгенде</p>		

	дейін оны тұрақты немесе клетті көтергімен және сутөкпемен жабдықтау жұмыстары жүргізіледі.		
18.	Жоғарыға шығу есіктері ретіндегі қызметтегі тік оқпандар біреуі клетті және сатылы бөлімдері бар көтергі қондырғылармен жабдықталады. Егер оқпандардың біруінде жеке-жеке өзара байланыссыз энергия көздері бар екі көтергі қондырғы болса, сатылы бөлім болмауы мүмкін. Екі оқпанда олардың әрбіреуі арқылы барлық адамдар жербетіне көтеріле алатын (шығатын) етіп жабдықталады. Оқпандар мен шурфтардың сатылы бөлімдері басқа бөлімдерден берік қалкамен оқшаулау		
19.	Көтергі қондырғылармен жабдықталған жұмыс істеп тұрған және үңгілеудегі тік және көлбеу қазбалардың (оқпандардың, шурфтардың) ауыздары жұмысқа пайдаланбайтын жақтарынан биіктігі 2,5 метрден кем емес қабырғалармен немесе металл тораппен қоршалады, ал жұмысқа пайдалану жағынан торлармен қоршалған, блокировкалы жабдықтары бар ашық есіктер жағдайында машинистегі "Тоқта" белгісі кіреді. Көтергімен жабдықталмаған оқпандардың, шурфтардың және көлбеу қазбалардың		

	<p>ауыздарынан бекітпелері қазба бағыты бойымен жер бетіне 1 метрден кем емес шамада шығып тұрады</p>		
20.	<p>Оқпандар ауыздарын қақпақтармен немесе торлармен жабу, ол бекітпелерге сенімді тиектер, ілгектермен мықтап бекітудің болуы. Оқпандарда, зумпфтарда оларға адамдардың құлап кетпейтіндей қоршаудың болуы. Тік қазба көлденең қазбалармен қиылысқанда, адамдардың өтуі үшін айналма қазба жүргізіледі. Сатылы бөлімдердің астында өту жабдықтары рұқсат етіледі</p>		
21.	<p>Жер бетіне шығатын, барлық қызмет көрсетілмейтін қазбалардың, диспетчерге шығарылған күзет сигнализациясымен жабдықталуы немесе іштен оңай ашылатын, ал сырттан арнайы кілтпен ашылатын тиекті жаппалардың болуы</p>		
22.	<p>Адамдардың жүріп өтуіне арналған көлбеу қазбаларда ені 0,7 метрден кем емес, биіктігі 1,8 метр мына бұрыштарда жабдықталған: 7 градустан 10 градусқа дейін –бекітпеге бекітілген сүйеніштері бар; 11 градустан 25 градусқа дейін –сүйеніштерімен басқыштары бар; 26 градустан 30 градусқа дейін –сатылы түсімі мен сүйеніштері бар; 31 градустан 45 градусқа дейін – көлденең сатылы</p>		

	баспалдақтар мен сүйеніштері бар		
23.	<p>Сөрелердегі тесіктердің өлшемдерінің болуы:</p> <p>1) ені – 0,6 метрден кем емес;</p> <p>2) биіктігі – 0,7 метрден кем емес (баспалдаққа нормаль бағытында).</p> <p>Бірінші жоғарғы баспалдақтың тесіктері қақпақтармен жабылады. Оқпандар мен қазбаларда , көршілес сөрелердің арасындағы тесіктер тесіктің еніне тең шамаға кезегімен ығыстырылады .</p>		
24.	<p>Бекітпе мен баспалдақтың табанының арасын 0,6 метрден кем қабылдамау.</p> <p>Баспалдақтардың ені – 0,4 метрден кем емес, сатылардың арасы - 0,4 метрден артық емес</p>		
25.	<p>Егер жер қазбаларынан екі есік ретінде көлбеу оқпандар қызмет ететін болса, онда олардың біреуінде адамдарды механикалық тасымалдау жабдықталады және адамдардың ені 0,7 метрден кем емес және биіктігі 1,8 метр өтіммен жүріп шығу мүмкіндігі қарастырылады. Осы тармақтың талаптары адамдарды жолаушы вагоншалармен механикалық тасымалдауға жабдықталған көлбеу қазбаларға да тарайды</p>		
26.	<p>Жұмыс істеп тұрған шахталарда жаңа деңгейжиекті тік оқпанмен және көлбеу қазбамен, немесе екі көлбеу қазбамен ашқанда</p>		

	, екінші қосалқы есік осы қазбалардың біреуінде жабдықталады		
27.	Әрбір тазалау қазбасынан екеуден кем емес есіктер: біреуі желдету, екіншісі–тасымалдау (конвейерлік) қуақаздарға (бремсберг) жасалады		
28.	Тау-кен қазбаларын қазба жобаларына және төлқұжаттарына сәйкес барлық пайдалану мерзіміне жүргізу. Кен-геологиялық және өндірістік жағдайлар өзгерген кезде жерасты қазбаларын жүргізу және бекіту төлқұжатын бір тәуліктік мерзімде қайта қарау. Жұмыстар басталғанға дейін, учаске басшысы немесе оның орынбасары (көмекшісі) жұмысшыларды және учаскенің бақылаушы тұлғаларын төлқұжатпен, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістермен қол қойдыра отырып таныстыру. Бекітілген төлқұжатсыз кен жұмыстарын жүргізуге, кен қазбаларын бекітуге және жүргізуге жол бермеу		
29.	Көлденең қималардың жарық бойынша шаршы метрмен қабылданған минималды алаңдарының болуы: 1) басты тасылымдық және желдетіс қазбалары, механизациялық тасымалдауға арналған адам жүретін жүргілер - 12,8; 2) учаскелік желдетіс, аралық, конвейерлік және жинақтаушы қуақаздары, учаскелік бремсберг және еңістер – 10,3;		

	<p>3) желдетіс далдалары, пештері, көздері – 6,0;</p> <p>4) адамдарды механизациялық тасымалдауға арналмаған, тазартым жұмыстарының аумағында орналасқан учаскелік қазбалар – 10,3</p>		
30.	<p>Топырақ табанынан (рельс басынан) бекітпеге немесе қондырғыға дейінгі минималды биіктіктерінің болуы, метр:</p> <p>1) басты тасылымдық және желдетіс қазбалары, механизациялық тасымалдауға арналған адам жүретін жүргілер – 1,9;</p> <p>2) учаскелік желдетіс, аралық, конвейерлік және жинақтаушы қуақаздары, учаскелік бремсберг және еңістер – 1,8;</p> <p>3) адамдарды механизациялық тасымалдауға арналмаған, тазартым жұмыстарының аумағында орналасқан учаскелік қазбалар – 1,8</p>		
31.	<p>Адамдарға арналған өтпелердің ені және саңылаулар қазбаның биіктігі бойынша топырақтан 1,8 метрден кем емес қабылданады. Өтпелер қазбаның барлық ұзындығы бойынша әдетте бір жағынан салынады. Екі жолақты қазбаларда жолдар арасына өтпе салуға рұқсат етілмейді</p>		
32.	<p>Кен қазбаларын жүргізгенде және қайта бекіткенде қазбаның бекітпесінің сыртына қуыстар жасауға рұқсат етпеу.</p>		

	<p>Қуыстар жасалған жағдайда, олар жанбайтын материалдармен толтырылады, бітеледі</p>		
33.	<p>Шахтаның технкалық басшысы бекіткен арнайы іс-шараларсыз қазбаларды түйіспеуіге рұқсат етілмеуі.</p>		
34.	<p>Дайындау қазбаларын көмір, аралас және жыныспен жүргізген кезде анкерлі, рамалы және аралас анкерлі – рамалы бекітпелер қолдануын қамтамасыз ету. Рамалы бекітпені қолданғанда, рамалар арасындағы жаппай тартымдар және бекітпенің сыртындағы кеңістікте қуыстарды толтыру жүргізіледі.</p> <p>Аралас бекіту барысында рамалы бекітпе қазба төлқұжатына сәйкес, төбе периметрі бойында керіледі.</p> <p>Тұрақты бекітпенің дайындау қазбаларының кенжарларынан кейін қалуы оның төлқұжатымен анықталады және 3 метрден артық болмайды.</p> <p>Орнықсыз төбе жағдайында тұрақты бекітпенің жіберімді (сенімді) кейін қалуы азайтылады.</p> <p>Тас, бетон немесе темірбетон бекітпелері кенжардан кейін қалуы төлқұжатпен анықталады .</p> <p>Жаңа циклдың басталуына тұрақты бекітпенің кенжардан кейін қалуы бекітпені орнату адымынан артық болмауына рұқсат етіледі .</p>		

35.	<p>Құрастырылған қазу жабдығын, үңгілеу жабдығының жылжымалы кешенімен бірге пайдалануға, оқпанды үңгілеу және тереңдету жұмыстарын бастамастан бұрын бас мердігер тағайындайтын комиссиямен қабылдауын қамтамасыз ету. Комиссияның құрамы мүдделі ұйымдардың келісімдері бойынша анықталады.</p>		
36.	<p>Оқпанды үңгілеуді және тұрақты бекітпені орнатуды ілмелі сөреден қатар жүргізгенде жоғарыдан заттардың құлап түсу мүмкіндігінен жұмысшыларды қорғау үшін сөренің жоғарғы қабаты болады. Сөре мен оқпанның тұрғызылатын бекітпесінің, қалыптың н е м е с е қалқан-қабыршықтың, айналма қырларының шығымдарынан есептегенде, 120 миллиметрден көп емес етіп қабылданады, және жұмыс уақытында нығыздап жабылады, ол үшін сөренің немесе қалқанқабыршықтың құрылымында арнаулы құрылғы қарастырылады</p>		
37.	<p>Үңгілердің қатарлас схемасында сөре мен оқпан бекітпесінің арасындағы саңылау 400 миллиметрден аспайды. Бұл ретте сөренің барлық қабаттарында оның периметрі бойынша биіктігі 1400 миллиметрден кем емес темір тордан қоршау орнатылады. Қоршаудың төменгі бөлігінде биіктігі</p>		

	300 миллиметрден кем емес металл қаптама бар		
38.	Сөре қатарлары арасындағы қысқа құбырлар өткізетін тесіктерінің көздері 40x40 миллиметрден аспайтын темір тормен тігіледі. Қысқа құбырдың төменгі бөлігінде, тордың сөреге жанасқан жерінде қаптама биіктігі 300 миллиметрден кем емес тұтас темір қаңылтырмен қоршалады. Жоғарғы қабаттың сөресінен шығатын қысқа құбырдың биіктігі 1600 миллиметрден кем болмайды		
39.	Сөрелерді, қалқанқабыршықтарды, темір қалыптарды, құбырларды жылжыту мынандай схема бойынша берілетін дыбысты белгілер бойынша жүргізіледі: сөре-нольдік алаңша-шығырларды (шығырды) басқарудың орталық пульті		
40.	Сөрелерде керме тіреусіз пайдалануға рұқсат етпеу		
41.	Оқпандарда үңгілеу және тереңдету жұмыстарын жүргізу кезінде, маманданған кәсіпорындарда техникалық талаптарға сәйкес дайындалған, сыналған мен таңбаланған жүктерді қысып алу құрылғылардың (строптар, траверстер, сырғалар) болуы		
42.	Арқанға ілінген ұзын өлшемді немесе габаритсіз жүктерді (құбырларды, жабдық сегменттерін) түсірген және көтерген кезде		

	қалған көтеру машиналарының және үңгілеу шығырларының жұмыс істеуіне жол бермеу		
43.	Оқпанның ашық қақпақтарында копермен арқанға ілінген қауғаға материал тиеуге, және басқа заттарды арқанға ілуге рұқсат етпеу		
44.	Бір адамға сөренің қысқа құбыры арқылы қауғаны және жүктерді өткізу бойынша және сөреде жүгі бар қабылдау бойынша операцияларын орындауды жүктеуге болмайды		
45.	Бекітпенің немесе қалыптаманың төменгі жиегінің кенжардан және жарылған тау жынысынан қалу көлемі оқпанды үңгілеу немесе тереңдету жұмыстарын жүргізудің жобасымен белгіленудің болуы. Әлсіз және тұрақсыз жыныстарда бұл қашықтың 1,0-1,5 метрден артық емес шамада алынады, ал жұмыстарды жүргізу жобасында жыныстардың опырылуын болдырмауға бағытталған қауіпсіздіктің қосымша шаралары қарастырылады		
46.	Бір уақытта оқпанды әбзелілеу және коперді немесе жабдықты құрастыру бойынша жұмыстарын жүргізу жобасында оқпанды арнайы жабу көзделеді		
	Оқпанды әбзелілеу кезінде ілмелі бесіктерді көтеру ыдысы ретінде пайдалануға, сондай-ақ материалдарды және әбзелілеу элементтерін,		

47.	<p>заводта дайындалған арнайы ілмелік құрылғылары жоқ, белгіленген тәртіпте сыналған, қауғаның төлқұжатында осы құрылғыға жіберілетін ең көп жүктеме көрсетілген, қауғамен түсіруге жол берілмейді</p>		
48.	<p>Барлық қауіпті және зиянды өндірістік факторларды жою бойынша шаралар кешенін қолдана отырып, тазалау кенжарларында көмірді алу кен алу учаскесінің жерасты қазбаларын жүргізудің және бекітудің төлқұжатының болуы</p>		
49.	<p>К е ш е н д і механикаландырылған тазалап алу кенжарларының барлық жабдықтары (механикалық бекітпе, конвейерлер, кеналу машиналары) шахтаға түсірілмес бұрын, бақылау жинақтауынан және жер бетінде жөндеуден, сондай-ақ кен алу учаскесін пайдалануға қабылдау алдында түсіру алдындағы жөндеуден өткізіледі. Пайдалану кезеңінде жабдықтарды жөндеу құралды жасап шығарушы белгілеген мерзімде жүргізіледі</p>		
50.	<p>Тазалап алу кешендерін құрастыру және бөлшектеу бойынша шахтаның техникалық басшысы бекітікен төлқұжаттың болуы</p>		
	<p>Тазалап алу қазбасында жұмыстар бір тәуліктен артық уақытқа тоқтаған жағдайда, кенжар маңындағы кеңістікте</p>		

51.	төбенің опырылуын, газдануды және субасуды болдырмау бойынша шаралар қабылданады. Жұмыстарды қайта бастау учаскенің бақылау тұлғасы тазалап алу қазбасын тексергеннен кейін шахтаның техникалық басшысының рұқсатымен жүргізіледі		
52.	Жұмыс үдерісінде төбенің және кенжардың орнықтылығын тексеріп қарау жолымен тексеру жүргізіледі. Төбенің опырылу қауіпінің белгілері болған жағдайда тау жынысының бөлініп тұрған қабаттарын шабақтау жүргізіледі және құлау төбелерінің пайда болуының алдын алу үшін қосымша бекіту бойынша шаралар қабылданады		
53.	Механикалық бекітпелермен жабдықталған лаваларда адамдардың бос өтетін жолының ені 0,7 метрден кем, биіктігі 0,5 метрден кем болмауы керек		
54.	Механикаландырылған кешендермен жабдықталған лавалар лава конвейерінің бойымен (әрбір 10 метр сайын) және қазбалармен жанасқан жерлерде қабылдау және дыбыс шығару құрылғылары бар жоғары дыбысты байланыстармен жабдықталады		
	Тазалап алу қазбаларында сипаттамалары кен–геологиялық жағдайларға сәйкес келетін механикаландырылған		

55.	<p>бекітпелерді қолдану. Тазалап алу кенжарларында көтергіштік қабілеті әртүрлі механикаландырылған бекітпе секцияларын қолдануға рұқсат етпеу</p>		
56.	<p>Тазалау қазбаларының тасымалдау (конвейерлі) және желдету қуақаздарымен (бремсбергтермен, еңістермен, жүрістіктермен) жанасымдары механикаландырылған бекітпе секциясын қолдана отырып (желілік, түпкі, штректік) немесе механикаландырылған кешен құрамына кіретін жанасу бекітпелерін қолдана отырып бекітіледі</p>		
57.	<p>Кешенді механикаландырылған лаваларда жеке бекітпесін шеткі учаскелерде және лаваны алу барысында механикаландырылған бекітпе секцияларының арасындағы ажырау орындарында, геологиялық бұзылыстар орындарында және апатты жағдайларда қолдану.</p> <p>Тазартып алу кенжарларында аса қауіпті жұмыстар бойынша арнайы шаралар қарастырылады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) қолданыстағы лаваларда механикаландырылған бекітпенің секцияларын алмастыру, алып шығу немесе орнату; 2) опырылысты жою, олардың қуыстарында клеттер салу; 		

	3) механикаландырылған бекітпе секцияларының төбесін ауыстыру		
58.	Жеке бекітпелі лаваларда , төбенің опырылуы төлқұжатпен белгіленген отырғызу адымынан кешіккен кезде, төбені жасанды түрде құлату бойынша жұмыстар шахтаның техникалық басшысы бекіткен қосымша әзірленген іс-шаралардың болуы		
59.	Жобаларда газодинамикалық құбылыстардың алдын алу бойынша техникалық шешімдерді қарастыратын арнайы бөлімнің болуы		
60.	Қабаттарды көмір мен газдың кездейсоқ шығарындыларына қауіпті және кездейсоқ шығарындыларға аса қауіпті қабаттарға жатқызу, сондай-ақ осындай қабаттарда тау-кен жұмыстарын жүргізу өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органмен келісіле отырып ұйыммен әзірленген және бекітілген Нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі.		
	Кездейсоқ шығарындыларға қауіпті және кездейсоқ шығарындыларға аса қауіпті қабаттары бар шахталардың алабтарын ашу, дайындау және өңдеу қорғаныс қабаттарын ең көп пайдалана отырып алдын – ала өңдеумен, қауіпсіз және қорғалған қабаттарда дайындау қазбаларын салумен, кездейсоқ шығарындыға қауіпті қабатта ең аз		

61.	қиылысу санымен, қазбаның бағаналы жүйелерін қолданумен, шахта алабында желдету ағыстарын орналастырумен, секциялы желдету мүмкіндігімен және кен алу учаскелерінің шығар ағыстарын қосымша жаңартумен, дайындау кенжарларын оқшаулап желдетумен, қорғаныс қабаттарында кентректерді қалдырмай өңдеумен жүргізіледі.		
62.	Ұйым басшысының бұйрығымен бекітілген және жыл сайын комиссиямен белгіленген оқыс лақтырыс қауіпті шахталық қабаттардың немесе әр шахта бойынша учаскелердің тізбесінің және өңдеу тәртібінің, көмір мен газдың оқыс лақтырыстарын болжау және алдын алу тәсілдерінің болуы		
63.	Оқыс лақтырыс пен басқа газодинамикалық құбылыстар алдындағы белгілер байқалған кезде барлық жұмысшылар және бақылау тұлғалары қазбадан шығады және апатты учаскедегі электр энергиясын сөндіреді		
64.	Жұмыстар көмір мен газдың оқыс лақтырысын болдырмау бойынша іс-шараларды орындағаннан кейін шахтаның техникалық басшысының жазбаша рұқсаты бойынша қайтадан басталуы мүмкін		
	Кездейсоқ шығарындыға қауіпті және кездейсоқ шығарындыға аса қауіпті қабаттарды аршу,		

65.	жайындық қазбаларын жүргізу және тазалау жұмыстарын орындауға өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органмен келісіле отырып, ұйыммен әзірленген және бекітілген Нұсқаулыққа сәйкес көмірдің, жыныстың және газдың кездейсоқ шығарындыларымен күрес бойынша кешенді шаралардың болуы		
66.	Алапты қазбаларды жауып тастау өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органмен келісіле отырып ұйыммен әзірленген және бекітілген Нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі		
67.	Кездейсоқ шығарындыға қауіпті және кездейсоқ шығарындыға аса қауіпті қабаттарда тау-кен жұмыстарын жүргізу кезінде көмір бойынша жарылыс жұмыстары қауіпті өндірістік объектілер үшін белгіленген өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкес дірілдете жару режимінде жүргізіледі.		
68.	Кездейсоқ шығарындыға қауіпті және кездейсоқ шығарындыға аса қауіпті қабаттарда қазбаларды өрлей жүргізгенде кен қазбасының көлбеу бұрышы 12 градустан артық болмауы керек. Өрleme қазбаларды көлбеу бұрышы 12 градустан артық жағдайда үңгілеу өнеркәсіптік қауіпсіздігі саласында жұмыс жүргізуге құқығы бар аттестатталған ұйымның		

	<p>сараптамалық шешімі болғаны кезде шахтаның техникалық басшысы бекіткен арнайы төлқұжат (іс-шаралар) бойынша рұқсат етіледі</p>		
69.	<p>Кездейсоқ шығарындыға қауіпті қабаттардағы жайпақ және көлбеу тазалау кенжарларында көмірді алу өзінен өзі көмір шабатын комбайндармен немесе жонғы қондырғылармен жүргізіледі. Көмірді комбайндармен алу біржақты немесе екі жақты схемалар бойынша жүргізіледі</p>		
70.	<p>Пайданалымдағы көлденең және еңіс қазбаларды шахтаның, учаскенің бақылау тұлғалары, олардың қарауына кіретін жерлерді бақылайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) кен мастерлері - тәулік сайын; 2) бастықтар немесе орынбасарлары (көмекшілері)- ай сайын; 3) ЖҚТ учаскесінің мамандары— кеніш атмосферасының күйін бақылау кезінде. <p>Адамдар мен жүктерді тасымалдау жүргізілмейтін қазбаларды шахтаның басшысы тағайындаған тұлғалар әр тәулік сайын қарап тексереді</p>		
71.	<p>Қарау нәтижелерін және бұзушылықтарды жою бойынша қабылданған шараларды шахтаның оқпандарын қарау Журналының болуы, оған тексеруші тарапынан нәтижелердің енгізілуі. Тік оқпандарда, ұйымның техникалық басшысы тағайындаған</p>		

	<p>мерзімдерде, бірақ екі жылда бір реттен кем емес жиілікте саңылауларды өлшеу және арқауларды профильдік түсірімі жүргізіледі</p>		
72.	<p>Қазбаларды қайта бекіту шахтаның техникалық басшысы бекіткен төлқұжаттың болуы, онымен учаскенің жұмысшыларына және бақылау тұлғаларына қол қоя отырып таныстыру</p>		
73.	<p>Локомотивтік тасылымы бар жайпақ қазбалардағы қайта бекіту және жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде тоқтау жолының ұзындығы қашықтығына, алайда жұмыс орнынан екі жаққа 80 метрден кем емес, жарықтық сигналдар және "Жөндеу жұмыстары" деген ескерту белгісі қойылады</p>		
74.	<p>Тазалап алу және дайындау қазбаларындағы жаппай опырылымдарды жою жұмыстары бойынша шахтаның техникалық басшысы бекіткен іс-шаралардың болуы және олардың қадағалануы</p>		
75.	<p>Желдету және көлбеу қазбаларда жөндеу жұмыстарын жүргізген кезде жөндеуге қатыспайтын адамдардың көтерілуіне және олармен жүруіне жол бермеу. Көлбеу бұрышы 18 градустан көп аталған қазбаларда бір уақытта бір орыннан артық жерде жұмыс жүргізуге жол бермеу</p>		
	<p>Оқпандарды, еңістерді және өрлей қазбаны жөндеуге арналған</p>		

76.	жүктерді түсіру және көтеру кезінде жүктерді қабылдаушы адамдардан тұтқашы – белгіберушіге немесе көтергі қондырғысының машинистіне белгі берумен жабдықталады		
77.	Шексіз тасылымдау кезінде көлбеу тасылым қазбаларын жөндеу вагоншалардан босатылған арқан кезінде ғана жүргізуге рұқсат етіледі		
78.	Оқпанды жөндеу бойынша төлқұжаттың болуы		
79.	Зумпфта қандай-да бір жұмыс жүргізгенде оқпан бойымен көтергі ыдыстардың қозғалысына жол бермеу және зумпфта жұмыс істейтіндерді жоғарыдан нәрселердің байқаусыз түсіп кетуінен қорғау		
80.	Шахталарды, тік оқпандарды және шурфтерді тоқтату және жою жобаға сәйкес жүргізу		
81.	Жойылған кен қазбаларын кен жұмыстарының жоспарларында көрсету (түсіру)		
82.	Жер бетіне шығымы бар, жойылған қазбалардың ауыздарын жылына бір реттен кем емес АҚҚ өкілдерінің қатысуымен шахтаның техникалық басшысы тағайындаған комиссия қарайды		
83.	Шахталардың оқпандарынан және басқа тік қазбалардан, сондай-ақ көлбеу бұрышы 30 градустан артық көлбеу қазбалар – бекітпелерді шығарып		

	алуға болмайды, айрықша жағдайлардан басқа, оларға ұйымның техникалық басшысы бекіткен төлқұжат жасалады		
84.	Көлбеу бұрыштары 15 градустан 30 градусқа дейін көлбеу қазбалардан бекітпені шығарып төменнен жоғары бағытта, учаскелік қадағалаушы тұлғаның қатысуы кезінде жүргізуге рұқсат етіледі		
85.	Шахталарды желдетуге қажетті ауаның шығыны өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органмен келісіле отырып ұйыммен әзірленген және бекітілген Нұсқаулыққа сәйкес берілді		
86.	Қолданыстағы желдетілетін кен қазбаларындағы оттегінің мөлшерін 20 пайыздан кем болмайтындай құру (көлемі бойынша)		
87.	Кеніш ауасындағы және кен алу учаскелері мен тұйық қазбалардағы шығыс ауа ағысындағы метанның концентрациясы – көлемі бойынша 1 пайыздан артуына жол бермеу		
88.	Жұмыс орындарындағы кеніш ауасындағы және кен алу учаскелері мен тұйық қазбалардағы шығыс ауа ағысындағы көміртек диоксидінің (көмірқышқыл газы) шоғырлануының жіберілетін ең жоғарғы көрсеткіші – 0,5 пайыз		
89.	Оқтау камераларындағы оттегінің рұқсат етілген ең жоғары шоғырлануы – 0,5 пайыз		

90.	<p>Қолданыстағы жерасты кен қазбаларындағы ауада зиянды газдардың шоғырлану концентрациясының артуына жол бермеу, көміртегі оксиді (СО) - 0,00170 пайыз, шаршы метрге 20 милиграмм</p>		
91.	<p>Жарылыс жұмыстарынан кейін адамдардың қазбаға кіруіне, зиянды газдардың мөлшері шартты көміртек тотығына қайта есептегенде, көлемі бойынша 0,008 пайызға төмендеген жағдайда ғана рұқсат беріледі, бұл ретте мұндай тарқату заряд жарылысынан кейін 30 минуттан аспайтын уақытта қамтамасыз етіледі.</p> <p>Жарылыстың зиянды өнімдерін сұйылтудың жеткіліктілігін тексеру кезінде 1 литр азот диоксидін 6,5 литр көміртегі оксидына эквивалент деп қабылдау керек</p>		
	<p>Кен қазбаларындағы ауаның минималды жылдамдығы (секундына метрмен):</p> <p>газды емес шахталар, газ бойынша I және II шахталар:</p> <p>1) жүргізілетін және тереңдетілетін оқпандар - 0,15;</p> <p>2) жалпы шахталық депрессия есебінен желдетілетін, жыныс арқылы үңгіленген жыныс қазбалары; тазартым қазбаларының забой жанындағы кеңістіктері; көмір және аралас забойлар бойынша үңгіленген қазбалар; көмір қазбалары және</p>		

92.

өңделген кеңістікпен байланыстағы, жалпы шахталық депрессия есебінен желдетілетін қазбалар - 0,25;

3) таспалы конвейерлермен жабдықталған басты көлік қазбалары – 0,7;

4) төменгі желдетісі және еңістік бұрышы 10 градустан артық тазартым қазбаларының забой жанындағы кеңістіктері – 1,0.

газ бойынша III және одан да үлкен санатты шахталар:

1) жүргізілетін және тереңдетілетін оқпандар - 0,15;

2) жалпы шахталық депрессия есебінен желдетілетін, жыныс арқылы үңгіленген жыныс қазбалары – 0,25;

3) тазартым қазбаларының забой жанындағы кеңістіктері; көмір және аралас забойлар бойынша үңгіленген қазбалар; көмір қазбалары және өңделген кеңістікпен байланыстағы, жалпы шахталық депрессия есебінен желдетілетін қазбалар - 0,5;

4) таспалы конвейерлермен жабдықталған басты көлік қазбалары – 0,7;

5) төменгі желдетісі және еңістік бұрышы 10 градустан артық тазартым қазбаларының забой жанындағы кеңістіктері – 1,0

Ауаның максималды жылдамдығы (секундына метрмен):

1) апаттық жағдайда тек адамдарды көтеруге

93.	<p>арналған көтергі қондырғылары бар оқпандар мен желдетіс ұңғымалары, желдетіс каналдары – 15;</p> <p>2) тек жүктерді көтеріп-түсіруге арналған оқпандар – 12;</p> <p>3) адамдарды көтеріп-түсіруге арналған оқпандар, квершлагтар, басты тасылымдық және желдетіс қуақаздары, күрделі және панельдік бремсбергтер мен еңістер – 8;</p> <p>4) көмір мен жыныс арқылы үңгіленген, сонымен қатар механизациялық лаваларда, жону қондырғыларымен жабдықталған қалыңдығы аз қабаттарда барлық қалған таукен қазбалары – 6</p>		
94.	<p>Ауаның жылдамдығы секундына 8 метрден аспаған кезде оқпандарда жөндеу жұмыстарын жүргізу және сатылық бөлім бойынша адамдардың қозғалуына рұқсат.</p> <p>Оқпандарда жөндеу жұмыстарын жүргізу және сатылық бөлім бойынша адамдардың қозғалуына ауаның жылдамдығы секундына 8 метрден артық кездешахтаның теникалық басшысы бекіткен арнайы әзірленген іс-шаралар орындалған жағдайда рұқсат етіледі</p>		
	<p>Ауаның ағысы түсетін оқпан мен штольня ауа температурасыны калорифер каналының оқпанмен (штольня) түйісуінен 5 метр жерде</p>		

95.	+2 градус Цельсиядан кем емес шамада ұстауды қамтамасыз ететін калорифер қондырғыларымен жабдықталады. Отпен жылынатын калориферлерді қолдануға жол бермеу		
96.	Уақытша тоқтатылған кеналу учаскелерін және тұйық қазбаларды тұрақты түрде желдету		
97.	Ондай қазбаларды оқшаулауға КАҚҚ келісімі бойынша рұқсат етіледі. Оқшаулау алдында қазбалардан барлық электр жабдықтары және кабельдер шығарылады, ал құбырлар мен рельстер далбаны тұрғызатын жерде ажыратылады және далбадан екі жаққа 2 метр жерде алынып тасталады		
98.	Қазымдалған кеналу учаскелері (алабтары) және уақытша тоқтатылған немесе пайданылмайтын қазбаларды төлқұжат бойынша оқшаулау		
99.	Далбаларды және оқшауланған қазбаларды ашуды техникалық басшысы бекіткен іс-шаралар бойынша АҚҚ жүргізеді		
100.	Оқшауланған қазбалар туралы өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы өкілетті органның аймақтық бөлімшесіне хабарланады		
	Зиянды немесе жанатын газдардың жиналуы мүмкін қазбаларға жақындап келе жатқан кенжарлардағы жұмыс,		

101.	сондай-ақ ондай қазбаларды ашу, шахтаның техникалық басшысы бекіткен газдың бұзып шығуынан қорғау шаралары бойынша төлқұжаттардың болуы		
102.	Шахталарды желдету желдетулер ағыстарының өздігінен бағыт өзгертуі және тұйықталуына жол бермейтіндей талаптар		
103.	Желдету сызбаларының орнықтылығы өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органмен келісіле отырып ұйыммен әзірленген және бекітілген Нұсқаулыққа сәйкес болуы		
104.	Шахтаның бір оқпанына немесе штольнясына (штольня) бір уақытта азаның таза және шығар ағыстарын өткізуге болмайды, тек қана оқпандарды (штольняларды) үңгілеу және оқпан маңындағы қазбалардан басқа оқпандармен немесе желдеткіш түйісіммен қосылғанға дейінгі уақыттан басқа жағдайда пайдалануға жол бермеу		
105.	Тек қана қазбаларды жою , сондай-ақ өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органмен келісіле отырып ұйыммен әзірленген және бекітілген Нұсқаулыққа сәйкес өңделген кеңістіктен метанды оқшаулау бойынша жұмыстардан басқа, әрекеттегі камераларға, тұйық және тазалап алу қазбаларына таза ауаны жіберуге, сондай-ақ ауаны олардан опырылу және құлау үйінділері		

	арқылы әкетуге жол берілмейді		
106.	Қазбаларды жою кезінде таза ауаны жалпы шахталық депрессия есебінен таза ауа беруді қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайда жергілікті желдету желдеткіштері (бұдан әрі – ЖЖЖ) қолданылады		
107.	Кен алу учаскесін таза ауаның оқшауланған ағысымен желдетуді қамтамасыз ету. Кен алу учаскісін желдету таза ауаның ерекшеленген ағысымен жүзеге асырылады. Тазарту қазбасын және кен алу учаскісін желдету үшін қажетті ауа мөлшері өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органмен келісіле отырып ұйыммен әзірленген және бекітілген Нұсқаулыққа сәйкес анықталады		
108.	Бір тақтада, бір қабаттың (панельдің) шегінде орналасқан лаваларды (екеуден артық емес) тізбектей желдетуге қойылатын талаптар келесі шарттармен: 1) лавалардың жалпы ұзындығы 400 метрден аспайды; 2) көршілес лавалардың арасындағы қашықтық 300 метрден аспайды; 3) желдететін лаваға, оған жанаса жатқан аралық қуақаз арқылы қосымша таза ауа беріледі. Бұл жағдайда ауа шығынын аралық штректегі жылдамдық бойынша (секундына 0,5 метр) есептелген шығыннан кем болмайды, ал газды шахталарда,		

	<p>одан басқа, жоғары орналасқан лаваға келетін ауадағы метанның мөлшері 0,5 пайыздан аспауы керек;</p> <p>4) төмендегі лавада жарылыс жұмыстарын жүргізгенде, жоғары жатқан лавадағы жұмысшылар ауаның таза ағысына шығарылады;</p> <p>5) көршілес лавалардың арасындағы аралық қуақазда ауадағы шаңды отырғызу немесе ұстап алу қондырғылары болады;</p> <p>6) әрбір лава телефон байланысымен қамтамасыз етіледі</p>		
109.	<p>Оқтау камералары және жарылғыш заттар (әрі қарай – ЖЗ) қоймаларын оқшауланған таза ауа ағысымен желдету.</p> <p>Газды немесе шаң бойынша қауіпті шахталардың машиналар мен электр қондырғыларына арналған басқа камераларына қойылатын талаптар:</p> <p>1) ауаның таза ағысымен желдетіледі;</p> <p>2) тереңдігі 5 метрге дейінгі камераларды жалпы шахталық депрессия есебінен желдетуге жол беріледі;</p> <p>3) камераға кіріс ені бойынша 1,5 метрден кем емес, биіктігі 1,8 метрден кем емес болады және торлы есікпен жабылады.</p>		
110.	<p>Таспалы конвейерлермен жабдықталған басты тасмалдау қазбаларын желдету – оқшауланған. Оқшауланған желдету болмаған жағдайда бұл қазбалармен тек қана</p>		

	ауаның шығас ағысы өтуі мүмкін		
111.	Желдету ағыстарының қысқа жолмен түйісуін болдырмау үшін шлюздерге, кроссингтерге және тұйық далбаларға қойылатын талаптар		
112.	Жаңадан салынып жатқан және III–санатты қайтадан құрылатын шахталарда, санаттан жоғары және көмір мен газдың оқыс лақтыстарынан қауіпті шахталарда, көлбеу окпандардың күрделі көлбеу қазбалардың арасындағы түйісімдерде, бас және топтық қуақаздардың желдету ағыншаларының әр бағытты қозғалыстарында тұйық далбалар салынады, олардың астындағы аркалар жарылысқа орнықты етіп орналастырады		
113.	Шлюздегі әрбір далданы негізгі және қарама – қарсы жаққа ашылатын реверсивті есіктермен (лядтар) жабдықтау		
114.	Газ бойынша III–санатты және одан жоғары шахталарда кен диспечерінің пультынан немесе кеніш атмосферасын бақылаудың автоматтандырылған жүйесінің операторынан (әрі қарай – КАБАЖ) шахтаның қанаттарына, панельдерге, кен алу учаскелеріне келетін желдету ағыстарының қысқаруын ескертуге арналған, шлюздердегі		

	желдету есіктерінің орындарын орталықтан бақылау іске асырылады		
115.	Шлюздерде желдету ағыстары қысқарғанда электр энергиясын сәйкес нысандарға беруге кедергі жасайтын, кен учаскелеріндегі желдету есіктерінің жағдайын бақылау жүйесінің блокировкасы болады		
116.	Әрбір желдетікіш имаратының нөмірі және ауаның нормативтік және нақты кемуі, тексерудің нәтижелері жазылатын төлқұжаты болады		
117.	Желдету есіктерін салу кезінде қойылатын талаптар: 1) қозғалысты құрамның ең шығыңқы жиегінен далбадағы қуыстық 0,5 метрден кем емес болады (монорельсті және ілінген арқанды жолдары бар қазбалардағы есіктерден басқа), ал бүйірдегі саңылау 0,25 метрден кем болмайды; 2) тасымалдау қазбаларында біржармалы тұтас есік орнатқан кезде, сол далбада адамдардың өтуіне арнайы ені 0,7 метрден кем емес есіктер болуын қарастыру керек. Біржолды қазбаларда, жарма есіктердің ойығында, егер далбада адамдардың өтуіне арнайы есік болмаса, бүйірдегі саңылау мен қозғалмалы құрамның шығып тұрған жиегінің арасындағы екі жақтың бірінде саңылау 0,7 метр болады; 3) шлюздердің депрессиясы 50 декаПаскаль және одан		

	<p>артық кезінде – желдетіс есіктерін олардың ашылуын жеңілдететін құралмен жабдықтау;</p> <p>4) желдету құрылыстарында өздігінен жабылатын есіктер (олардың ішінде реверсті есіктер) орнату;</p> <p>5) барлық желдету есіктері жабық күйде тұрады. Қарқынды жиі тасымалды қазбаларда (ауысымда 6 және одан да көп құрамдар) есіктер автоматты түрде немесе алыстан ашылады және жабылады</p>		
118.	<p>Желдету есіктерінің алдында механикалық немесе автоматты қорғаныс кедергілер орнатылған жағдайда, рельсті тасмалмен жабдықталған, сондай-ақ монорельсті және ілмелі арқанды жолдары бар көлбеу қазбалардың бөліктерінде желдету есіктерін орнатуға рұқсат етіледі. Қазбалардың тасымал жүргізілетін бөліктерінен төмен орнатылған желдету есіктері, кедергілермен қорғалады</p>		
119.	<p>Желдету шлюздерінің жарамдылығын ЖҚТ бақылаушы тұлғалары әр тәулік сайын тексереді</p>		
120.	<p>Қазбаларда ауа ағынын ретке келтіру ЖҚТ учаскесінің бастығының нұсқауымен ғана жүргізіледі. Әр ауысым сайын желдету ағысын реттеуге жол бермеу</p>		
121.	<p>Жерасты қазбаларын желдету үздіксіз жұмыс істеп тұрған жер бетінде оқпандық, шурфтардың, штольнялардың ұңғылардың аузында</p>		

	орналасқан басты және көмекші желдеткіштік қондырғылардың көмегімен жүргізіледі.		
122.	<p>Басты желдеткіштер қондырғыларына қойылатын талаптар:</p> <p>1) басты желдеткіштер қондырғылары екеуден кем емес желдеткіштік агрегаттардан тұрады, олардың біреуі қордағы агрегат болып табылады;</p> <p>2) газды шахталардағы желдеткіштер, жана және қайта құрастырылатын қондырғылар үшін бір түрдегі және өлшемдегі болады;</p> <p>3) егер де жұмыс істеп тұрған шахталардағы қордағы желдеткіштің берімі негізгіге қарағанда кем болатын болса, шахтаның техникалық басшысы шахтаны қордағы желдеткішпен желдету жағдайына шахта жұмысының режимін бекітеді</p>		
123.	Газ бойынша II – санатты және одан жоғары шахталарда бас желдету желдеткіштері бірінші санат бойынша (әрі қарай –ҚАҚ) қорды автоматты қосумен электрмен жабдықтаумен қамтамасыз етіледі. Бұл жағдайда, тағы жеке қажеттіліктер үшін 100 пайыздық қоректендіру көзінің қоры қамтамасыз етіледі		
124.	Білікті желдеткіштерді тежеуілдік немесе тоқтатқыш құрылғылармен жабдықтау		
	Желдеткіш құрылғыларда автоматтандырылған басқару жүйесімен		

125.	жабдықталған желдету қондырғыларында өнімділік және депрессия мәніне мониторинг жүргізу және оны сақтау шахтаның кен диспетчеры немесе оператор пультінен жүргізіледі, өздігінен жазатын аспаптарды орнатуға рұқсат етіледі		
126.	Желдеткіш қондырғыларын жобалауда және пайдалануда желдеткіштердің, каналдардың және қайта қосу құрылғыларының қатып қалуынан сақтандыру бойынша арнайы шаралар қарастырылады, сондай – ақ желдеткіш қондырғысының сұйық өтетін бөлігіне кен массасының бөлшектері (штыба) және судың өтуінен сақтандыру бойынша шаралар қарастырылады		
127.	Бөгде заттар мен шаң шөгіндісінің желдету каналдарын бітеп қалуына жол бермеу. Желдету каналдары бөтен нәрселермен үйіп тастауға және шаң басуына жол бермеу		
128.	Желдеткіш қондырғысының каналында оқпан шурфпен, ұңғымамен жанасқан жерінде және желдеткіш дөңгелегінің алдында биіктігі 1,5 метрден кем емес қоршаушы тор орнатылады		
129.	Желдеткіш қондырғыларын бағытын өзгерту режиміне көшіру 10 минуттан кем уақытта орындалады		

130.	Желдетудің бағыт өзгерту режимінде кен қазбаларында өтетін шығыны, қалыпты режимде өтетін ауа шығынының 60 пайыздан кем болмайды		
131.	Желдеткіш қондырғыларын тексеру және бағыт өзгертіп тексеру журналының болуы, тексеру нәтижелерінің журналға енгізілуі		
132.	<p>Қарау, тексеру және тұрақтылығы және тексеруші тұлға тарапынан:</p> <p>1) желдету құрылғылары шахтаның бас механигі тағайындаған жұмыскерлермен кем дегенде тәулігіне бір рет, аға механикпен апта сайын, желдету құрылғысының жұмысына жауапты шахтаның бас механигімен айына кем дегенде екі рет тексеріледі;</p> <p>2) бағыт өзгерту, кері қосу және герметикалық құрылғыларының дұрыстығын шахтаның бас механигі және ЖҚТ учаскесінің бастығы айына бір ретпен кем емес тексереді</p>		
	<p>Қазбалардағы желдетіс ағынын бағыттауға қойылатын талаптар:</p> <p>1) барлық шахталарда жылына екі реттен сирек емес (жазды күні және қыста), сондай-ақ желдету схемасы өзгергенде, желдеткіштер алмастырғанда және тоқтатқанда аварияларды жою жоспарына сәйкес</p>		

133.	<p>желдету ағысының бағытын өзгерту жүргізіледі;</p> <p>2) бұл ретте бағыт өзгерту режимінде жұмыс істеу уақыты бойы жалпы шахталық депрессия (компрессия) есебінен қазбалардағы метанның мөлшерін 2 пайыздан асыруға жол бермеу;</p> <p>3) бағыттау кезінде шахтада қандай да бір жұмыстарды жүргізуге жол бермеу</p>		
134.	<p>Желдеткіш қондырғысы жұмыс дистанциядан басқару және бақылаудың пульті жербетіндегі диспетчерлік пунктінде болады. Жұмыс істеп тұрған желдеткіш қондырғылары, алыстан басқару мен бақылаудың аппаратурасымен жабдықталмаған жағдайда машинистер қызмет жүргізеді</p>		
135.	<p>Желдеткіш қондырғысы ғимаратында, шудан оқшауланған кабинада телефон орнатылған, оның белгі беру құрылғысы тікелей диспетчерге шығарылған</p>		
136.	<p>Желдеткіш қондырғысының жұмыс режимін өзгерту тәртібі – бұл туралы ЖҚТ учаскесінің бастығына хабар беру арқылы тек қана шахтаның техникалық басшысының жазбаша бұйрығы бойынша жүргізу</p>		
	<p>Өзінің бұрыстығына немесе электр энергиясынын берудің тоқтатылуымен желдеткіш қондырғысын кенеттен тоқтап қалуы туралы жедел кен</p>		

137.	диспетчеріне хабарланады, ол шахтаның техникалық басшысына, шахтаның ЖҚТ учаскесі бастығына, шахтаға қызмет көрсететін АҚҚ командиріне, және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аймақтық бөлімшесіне хабарланады		
138.	III–санатты, санаттан жоғары, оқыс лақтырыс қауіпті шахталарда желдеткіш қондырғысының каналы немесе диффузор өтетін бөлмелерде жалпы мақсаттағы электр жабдықтарын орнату кезінде бас желдету желдеткіші тоқтаған кезде автоматты түрде іске қосылатын, еріксіз айдама желдету көзделеді		
139.	Ұңғымадағы тұйық қазбалардан тұйықтарды жоюға және олардың ұзындығын қысқартуға арналған қазбалардан басқа жаңа қазбалар жүргізуге жол бермеу		
140.	ЖЖЖ көмегімен желдетуді жүргізген кезде, олардың үздіксіз жұмыс істеуі және автоматты бақылау аппаратурасы мен ЖЖЖ-ны телебасқару көмегімен шахтаның диспетчері кабинетінен басқару қамтамасыз етіледі		
141.	ЖЖЖ тоқтаған немесе желдету бұзылған жағдайда: 1) тұйық қазбадағы жұмыстар тоқтатылады; 2) электр жабдығынан кернеу автоматты түсіріледі;		

	<p>3) кенжардағы адамдар дереу желдетілетін қазбаға шығарылады;</p> <p>4) тұйық қазбаның аузында кіруге рұқсат етілмейтін белгі қойылады</p>		
142.	<p>III – санатты және одан жоғары тұйық қазбаларды қордағы электр қорегі бар қордағы ЖЖЖ–мен жабдықтау</p>		
143.	<p>ЖЖЖ-ны орнатуды шахтаның техникалық директоры бекіткен төлқұжат бойынша жүргізу</p>		
144.	<p>Айдама әдіспен жұмыс істейтін ЖЖЖ ауаның таза ағысы бар қазбада шығар ағыстан 10 метрден кем емес қашықтықта орнату</p>		
145.	<p>Тазалау қазбаларында ЖЖЖ тазалау қазбаларынан шығыстар болған жағдайда жергілікті геологиялық бұзылыстар алабында айналма тазалау (пештер) жұмыстарын жүргізуден басқа жағдайларда, сондай-ақ адамдардың тұрақты жұмыс істейтін жерлерінен (тиеу пунктері, отырғызу алаңдары) 25 метрге жақын жерде орнатуға жол бермеу</p>		
146.	<p>ЖЖЖ орнатылған қазбаға ЖЖЖ беретін қордың 30 пайыздық ауа мөлшері берілуін қамтамасыз ету</p>		
147.	<p>Ауа шығыны және желдету құралын таңдау өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органмен келісіле отырып ұйыммен әзірленген және</p>		

	бекітілген Нұсқаулыққа сәйкес анықталады		
148.	Бір қазбада жеке құбырлармен жұмыс істейтін бірнеше желдеткіш орнатылған жағдайда ауа мөлшері өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органмен келісіле отырып ұйыммен әзірленген және бекітілген Нұсқаулыққа сәйкес анықталады		
149.	Кенжарға жанасқан желдету қазбаларын жүргізген немесе жойған кезде, бұл қазбаларда пневматикалық қозғағыштары бар ЖЖЖ-ны орнатуға қойылатын талаптар: 1) желдеткіш лава кенжарынан, желдету ағысы бағытынан санағанда, 15 метрден жақын емес жерде орнатылады; 2) қазбаның тұйық бөлігінің ұзындығы 30 метрден аспайды; 3) желдеткішті орнатқан жердегі ауаның құрамы сәйкестігі, ал қазбаның тұйық бөлігінен шығар ағысында метанның мөлшері 1 пайыздан аспайды; 4) айналып тұрған бөліктердің желдеткіштің корпусына соғылған және үйкелу кезінде метанның тұтану мүмкіндігі шығарылады.		
150.	Тұйық қазбалардың барлық реттеу пункттері ЖЖЖ орнату орнынан кеміне 30 метр қашықтықта орналастырылады және телефон байланысымен қамтамасыз етіледі, сонымен қатар		

	<p>аппаратураға қауіпсіз қызмет көрсетуге жеткілікті кеңістік құру кезінде орнатылады</p>		
151.	<p>ЖЖМ шу басқышпен жабдықтау</p>		
152.	<p>Желдету құбырларының шетінен кенжарға дейінгі қашықтық газды шахталарда 5 метрден, ал газды емес шахталарда 8 метрден аспайды. Тұйық қазбаларды көмір тақталарымен комбайындардың көмегімен газды шахталарда жүргізгенде желдету құбырларының аккумуляторларын қолданады. Иілгіш ауажүргіштердің шетіне қатты материалдардан жасалған ұзындығы 2 метрден кем емес құбыр жалғастырылады немесе қатты керіп тұратын сақиналар енгізіледі (екеуден кем емес). Иілгіш ауажүргізгіш ЖЖЖ-ға өтпелі металл қысқа құбыры жалғастырылады</p>		
153.	<p>Ұзындығы 5 метрге дейін тұйықтарды қоспағанда, газдалған шахталардың тұйық қазбаларын жалпышахталық депрессия есебінен желдетуге рұқсат етпеу. Газдалмаған шахталарда ұзындығы 8 метрге дейінгі тұйықтарды жалпы шахталық депрессия есебінен желдетуге болады</p>		
154.	<p>Оқпандар (шурфтар) бүкіл тереңдігіне оларды салудың бар уақыты бойына желдетуді талап ету. Үздіксіз жұмыс істеген кезде оқпандарды желдетуге арналған</p>		

	желдету қондырғылары бетінде оқпандардан 20 метрге жақын емес жер бетінде орналасады		
155.	Желдету құбырларының шетінен оқпанның (шурфтың) кенжарына дейінгі қашықтық 15 метрден артық болмайды, ал грейфермен тиеген уақытта 20 метрден. Құбырлар канаттарға ілінеді және оқпанның бекітпесіне (арқаулауына) мықтап бекітіледі		
156.	Салыстырмалыметанмолдығыныңшамасынажәне метанбөлінуініңтүрінебайланыстыгаздышахталардыбессанатқабөлу: 1) метанбойынша I санаттышахталар – тоннасына 5 шаршыметргедейін; 2) метанбойынша II санаттышахталар - тоннасына 5-тенбастап 10 шаршыметргедейін; 3) метанбойынша III санаттышахталар - тоннасына 10-нанбастап 15 шаршыметргедейін; 4) аса санатты – тоннасына 15 және одан да көп шаршы метр, суфлярлы бөліністер; 5. оқыс лақтырулар бойынша қауіптілер – көмір мен газдың оқыс лақтырысы, сонымен қатар лақтырылуға қауіпті жыныстар бойынша қауіпті қабаттар		
157.	Егер оқпандарды, шурфтарды немесе ашу қазбаларын үңгілегенде метан байқалса, не оның бөлінуі күтілсе, онда оларда газды режимді сақтау. Жабылып жатқан шахталар қолданыста болған кездегі санатқа жатқызу		

158.	<p>Ашық тау-кен қазбаларының көлденең қимасында жыныспен немесе басқа да материалдармен жабылып қалмаған, метанның шоғырлану нормаларының көтерілген қазбалардың газдалуына жол бермеу талаптары</p>		
159.	<p>Қазбалардың газдануы жергілікті, қатпарлы және жалпы болып бөлінеді. Пайда болу жолдарына қарай газданулар апатты және технологиялық болуы мүмкін. Қазбаның көлденең қимасы бойынша қазбалардың жекелеген жерлерінде метан шоғырлануынан асатын метанның жиналуы жергілікті жиналуға жатқызылады. Жергілікті шоғырлану үшін норма қазбаның көлденең қимасының кез келген нүктесіне жатады</p>		
160.	<p>Бұрғылау станоктарында, комбайндарда, үңгілеу машиналары маңында метан 2 пайыздан жоғары жиналғанда, машиналарды тоқтату керек және оларды қоректендіретін кернеуді ағыту керек. Машиналардың жұмысын қайта жаңғырту метан шоғырлануы 1 пайызға дейін төмендегеннен кейін рұқсат етіледі</p>		
161.	<p>Қазбаларды газсыздандыруды өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органмен келісіле отырып ұйыммен</p>		

	<p>әзірленген және бекітілген Нұсқаулыққа сәйкес жүргізу</p>		
162.	<p>Газды шахталарда көлбеу бұрышы 10 градустан артық болса, тазалау қазбаларындағы және одан әрі қозғалу жолында ауа қозғалысы (ұзындығы 30 метрге дейінгі қазбалардан басқа) өрлемелі болып қабылданады. Көлбеу бұрышы 10 градустан артық тазалау қазбаларын ылдилай желдету тазалау кенжарына жанасатын қазба арқылы таза ауа беруді қарастыратын кезде рұқсат етіледі</p>		
163.	<p>Кенеттен көмір мен газ лақтырысы бойынша, құлау лавалары (көтерілу) бойынша қауіпі жоқ қабаттарды қазбалау барысында келесі талаптар орындалған жағдайда, шығыс желдету ағысының төмен бағытталған қозғалысы бар тазарту кенжарларына жалғасып жатқан қазбаларда электр жабдықтары мен кабельдерді орналастыруға рұқсаттың болуы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) қазбаның көлбеу бұрышы < 15 градус; 2) алынатын діңгектің көлбеу ұзындығы (қабаттың көлбеу биіктігі) 1000 метрден аспайды, ал учаскенің қазбаларына метанның бөлінуі минутына 5 метр кубтан аспайды; 3) тұйық қазбалардан шығатын желдету ағындары учаскенің таза ағысына қосылмайды 		

164.	Газ бойынша қауіпті шахталардың тұйық қазбаларын желдету, олардан шығатын ағыстар таза, тұйық және желдету ағыстары жаңаланып отыратын қазбаларға өтпейтіндей етіп жүргізіледі		
165.	Жұмыс істеп тұрған I және II санатты шахталардағы тұйық қазбалардан тазалау қазбаларының тазалау кенжарларына жанаспайтын ағыстарды шығаруға рұқсаттын болуы, ал салынып жатқан шахталарда шығыс ағыстарда метанның мөлшері 0,5 пайыздан аспайды белгіленген талаптарға сәйкес келеді		
166.	Метанның суфлярлы бөлінуімен немесе кенеттен атқылайтын лақтырыстары бойынша қауіпті тақталардың жана горизонттарында қазбаларды жүргізгенде, жұмыс істеп тұрған горизонттың таза ағыстарына шығар ағысты жіберуге болмайды		
167.	Газдылы қатқа жақындайтын шахтаның оқпаны немесе квершлагы тереңдігі 5 метрден кем емес барлау ұңғыларымен бірге жүргізіледі. Қат пен қазбаның арасындағы зерттелген қалыңдық 5 метрден кем болмау есебімен ұңғымалардың орналасу схемаларын (екеуден кем емес), олардың тереңдігін және бұрғылау жиілігін шахтаның техникалық жетекшісі және геолог		

	анықтайды. Ұңғылардың орналасу жерлерін маркшейдерлік белгіге орайластыра жұмыс эскизіне түсіреді. Қабатқа қатысты забойдың орнын бақылау барлау бұрғылауының деректері бойынша геологтың жетекшілігімен іске асырылады		
168.	Газ бен көмірдің кенеттен лақтырыстары бойынша қауіпті және қауіпті лақтырысты жыныстар бойынша, қабаттар бойынша тұйық қазбаларды желдету кезінде пневматикалық қозғағыштары бар ЖЖЖ-і орнату (айналып тұрған детальдардың корпусқа соғылуынан және үйкелісінен метанның тұтану мүмкіндігін туғызбайтын желдеткіштері қолданылса) жүргізіледі. Тұйық қазбаның кенжарынан 150 метрден кем емес және тазарту кенжарынан 50 метрден кем емес жерде таза ағысы бар қазбаларда, сонымен қатар желдеткіштер маңында метанның шоғырлануын автоматты бақылау жағдайында электроқозғағыштары бар желдеткіштерді құрса, оларды қолдануға рұқсат етіледі.		
169.	Бас немесе көмекші желдеткіш қондырғысы тоқтап қалғандағы немесе желдету жүйесі бұзылғандағы өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары. Тау-кен қазбаларын газсыздандыру жүргізілгеннен кейін және өндірістік учаске		

	мен ЖЖЖ учаскесінің бақылау тұлғалары оларды тексергеннен кейін, қайтадан жалғастыруға рұқсат беру		
170.	Желдету қондырғыларының (бас, көмекші немесе жергілікті желдетудің) әрбір тоқтауынан кейін, сондай-ақ желдеткіштің бұзылуынан кейін, электрмашиналар мен аппараттарды іске қосуға рұқсат беру		
171.	Кен қазбасының қыртысын метанның жарып шығуы немесе суфлярлы бөліну кезінде метанның жарылысы кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары. Көрсетілген барлық жағдайлар метанды өлшеу және газдануларды есепке алу журналына тіркеледі. Метанның жерді жарып шығуы немесе суфлярлы бөліну қаупін жою бойынша шахтаның техникалық басшысымен бекітілетін іс-шаралар әзірленеді және орындалады		
172.	Желдету құралдарымен ауада метан мөлшерін қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайда газды шахталарда газсыздандыру жүргізіледі. Шахталарды салу және қайта құру, горизонттарды, блоктарды, панельдерді ашу мен дайындау жобаларында газсыздандыруды қолданумен бірге желдету бойынша негіздеу жүргізіледі		

173.	II-санатты және одан жоғары газды шахталарда метан бөліну қауіптілігінің дәрежесі бойынша жер беті учаскелеріне бағалау жүргізіледі, ал қажет болған жағдайда ғимарат ішінде метан мөлшеріне бақылау жасалады		
174.	Күк іртті газ немесе күкіртті сутек бөлінетін шахталарда, кен қазып алынатын учаскелердің, жерасты қазбаларын жүргізу мен бекіту төлқұжаттарында газдар бөлінетін жерлерде жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуді қарастыратын шаралардың болуы		
175.	Шахтада ауаны шаңсыздандыру бойынша шаралардың орындалуы		
176.	Жұмыс істеу барысында шаң шығаратын кен машиналарын өндіруші машинамен бірге жіберетін арнайы шаңбасу құралдарымен жабдықтау		
177.	Қуатты және орта қуатты қабаттарда комбайндармен қазбалар жүргізу кезінде массивтегі көмірді алдын ала дымқылдандыру. Дымқылданбаған массив бойынша жұмыс жасауға жол беріледі		
178.	Шаңданған алапта адамдардың болу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін шаралардың болуы және қамтамасыз етілуі		
	Қабылдаушы бункерлердің, төңкергіштердің, скиптердің жүктерін түсіру және тиеу		

179.	құралдарының кен массасының шашылмауы үшін және одан шаңды үрлеп шығару үшін керекті құрылғылармен жабдықталуы		
180.	Скипті көтергілермен немесе аудармалы көтермелермен жабдықталған, сонымен қатар, кен алу учаскесінің сырты мен көлденең окпандардың таспалы конвейерлермен жабдықталған окпандарға ауаның таза ағысын жіберуге жол бермеу талаптары		
181.	Дайындаушының конструкциясында шаңбасу құралдары жоқ болса немесе жұмыс істемесе кен жұмыстарын жүргізуге рұқсат етілмеу бойынша талаптар.		
182.	Шаң жарылысы бойынша қауіпті қабаттарға шаңның жарылғыштығы лабораториялық сынақтармен анықталған, көмірдің ұшпалы заттарының шығымы 15 пайыздан және одан да артық, ұшпалы заттарының шығымы кем қабаттар (антрациттерден басқа) жатады		
	Кен қазбаларын шаңжарылыстан қорғаудың тәсілдері мен құралдарының параметрлері күлдену нормасы мен жиналған көмір шаңы жарылғыштығының төменгі шегіне сәйкес анықталады. Жарылғыштық пен күлдену нормасының төменгі шегін ұйым анықтайды: ұшпалы заттарының шығымы 15 пайыздан кем өңделетін		

183.	шахтақабаттардың көмірі үшін - жыл сайын; қайта пайдалануға берілетін шахтақабаттардың көмірі үшін - оларды іске қосудың алдында; ұшпалы заттарының шығымы 15 пайыз және одан артық өңделетін шахтақабаттардың көмірі үшін - өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органмен келісіле отырып ұйыммен әзірленген және бекітілген Нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі		
184.	Шаң жарылысы бойынша қауіпті қабаттарды өңдейтін шахталарында инертті шаңды (қатпарлы шаңжарылыс қорғанысы) , с у д ы (гидрошаңжарылыс қорғанысы) немесе су мен инертті шаңды (а р а л а с шаңжарылысқорғанысы) қолдануға негізделген көмір шаңы жарылыстарының алдын алу және оқшаулау бойынша шаралар жүргізу		
185.	Көмір шаңы сумен шайылмайтын немесе бір ауысым бойында суды қолдануға негізделген қорғаныс шараларының әсер ету ұзақтығы қамтамасыз етілмейтін қабаттарда тек суды қолдануға негізделген, көмір шаңымен күрес тәсілдерін қолдануға жол бермеу		
	Қатпарлы немесе су тосқауылдарын орналастыруға және құрылымдарына қойылатын талаптар.		

186.	<p>Қатпарлы немесе су тосқауылдарымен қорғалады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тазалау қазбалары; 2) көмір немесе көмірмен тау жыныстары бойынша дайындық қазбаларының кенжарлары; 3) әр қабаттағы шахта алабының қанаттары; 4) таспалы конвейерлермен жабдықталған қазбалар; 5) өртті учаскелер; 6) ЖМ қоймалары 		
187.	<p>Қорғалатын кенжарлар мен қазбалардың келер және шығар ағыстарында орналасатын тосқауылдарға қойылатын талаптар</p>		
188.	<p>Дайындық қазбаларының кенжарларын қорғау ажыратылған тосқауылдарға (қатпарлы немесе сулы) қойылатын талаптар. Бұл жердегі қазбаның тұйық бөлігінде ыдыстар немесе сөрелердің төртеуден кем емес қатарлары орнатылады. Бірінші қатар кенжарға 25 метрден жақын емес және 40 метрден алыс емес қашықтықта орнатылады. Ұзындығы 40 метрден кем дайындық қазбалары көршілес қазбаларда жанасқан жерлерден ең аз жеткілікті қашықтықта (сланецті тосқауылдар үшін 60 метр және 75 метр сулы тосқауылдар үшін) қойылатын тосқауылдармен қорғалады</p>		
	<p>Шахта алабының қанаттарын қорғау үшін тасымалдау және желдету штректерінде,</p>		

189.	бремсбергтерде, еңістерде, квершлагтар мен оларға жалғасқан қазбаларда тосқауылдар қойылады		
190.	Тосқауылдарды бекітпенің сыртында қуыстары бар (жоғарғы үнгі, ескі жойылған қазбалар) жерлерде орнатуға жол бермеу		
191.	Тосқауылдарды орнату жерлерін ЖҚТ учаскесінің бастығы анықтайды және шахтаның техникалық жетекшісі бекітеді. Олар АЖЖ-ға тіркелетін, желдету схемасына түсіріледі		
192.	Тосқауылыдағы инертті шаң немесе су мөлшеріне қойылатын талаптар, бұл ретте тосқауылдағы инертті шаңның немесе судың мөлшері тосқауыл орнатқан жердегі бекітпедегі қазбаның көлденең қимасының 1 шаршы метрге 400 киллограмм (литр) есебінен анықталады		
193.	Көмір шаңы жарылыстарынан сақтандыру және оқшаулау бойынша шараларды іске асыру арқылы шахта бір кезеңде шаң жарылыстары бойынша қауіпті және қауіпсіз қабаттарды қазымдайтын кездегі өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары		
194.	Көмір шаңының жарылыстарынан сақтандыру бойынша шаралар ЖҚТ учаскесінің бастығы тоқсан сайын әзірлейтін және шахтаның		

	техникалық жетекшісі бекітетін графиктердің қадағалануы		
195.	Қолданылатын шаралардың тиімділігін талдау негізінде шаңның шөгу екпінділігіне қарай кен қазбаларында шаң жарылыстарының алдын алу бойынша шаралар өткізудің жиілігі, таулы қазбалардың шаңжарылысқауіпсіздігін бақылау нәтижелері. Жарылыстанқорғаудың сенімділігін қамтамасыз ететін қосымша шаралар қабылданбаған жағдай жұмыстарды жүргізуге болмайды		
196.	Кен қазбаларының шаңжарылыс қауіпсіздігін тексеруді учаскенің бақылаушы тұлғалары – ауысым сайын, ЖҚТ учаскесінің бақылаушы тұлғалары – тәулігіне бір реттен кем емес жиілікте жүргізіледі . ЖҚТ учаскесі шаң режимінің жағдайының нәтижелері өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органмен келісіле отырып ұйыммен әзірленген және бекітілген Нұсқаулыққа сәйкес шаң режимін бақылау журналына енгізіледі. Тоқсан сайын бір реттен сирек емес жиілікте шаңжарылыс қауіпсіздігін тексеруді АҚҚ бөлімшелері жүргізіледі. Қазбалардың шаңжарылысқауіпті жағдайы туралы шахтада АҚҚ командиріне хабарлаудың болуы		
	Әкімшілікжағынанжерқойнауынпайдаланушыжәнекейбіркөмірөндіретінкәсіпорындарғақарамастанұ		

197.	<p>йымдар тарапынан желдетіс жүйесіне ревизия орындау әрбір шахтада 3 жылда бір мәрте, ал III және одан жоғары санатты шахталарда – 2 жылда бір мәрте.</p> <p>Жобаларда желдету бөлімі таңдалған желдету схемасы бойынша жоғары дайтылған мамандандырылған ұйыммен сәйкес келісіледі</p>		
198.	<p>Әрбір шахтада ауаның жыны және түгендей шахтаны ауамен қамтуды нықтау мен бірге депрессия есебін үнемі жүргізу</p>		
199.	<p>МАЕЖТҚ жүйесінде желдету құжатын жүргізу:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) желдетіс журналын толтыру – он күн сайын; 2) шахтаның математикалық үлгісін түзету – тәулік көлемінде ; 3) таукен қазбаларының аэродинамикалық көрсеткіштерін (ауаның жыны, депрессия, көлденең қима ауданы) өлшеу – айына кем дегенде 1 мәрте; 4) тазартым қазбаларының және қазымдау учаскелерінің аэродинамикалық көрсеткіштерін өлшеу – айына кем дегенде 1 мәрте; 5) тазартым және даярлау кен жарларының, қазымдау учаскелерінің газ ауа түсірілімі және ЖЖЖ өнімділігін анықтау – он күнде 1 мәрте; 6) оқтамдау камераларындағы, шығыс ағыс қанаттарында, деңгей жиектерде, басты кіріс ағыстарында ауаның жыны және түгендей шахтаны ауамен қамтуды нықтау мен бірге депрессия есебін үнемі жүргізу 		

мөлшерін және метан концентрациясын өлшеу – он күнде 1 мәрте;
 7) агрегаттан агрегатқа ауысқан кезде, қалақтардың бұрылу бұрышын өзгерткен кезде ЖТҚ тексеру – тәулік ішінде, бірақ айына кем дегенде 1 мәрте;
 8) тік және еңістік оқпандардың шахтаүстілік ғимараттарының аэродинамикалық көрсеткіштерін өлшеу – жылына 2 мәрте;
 9) шахтаның категориялық актісін қалыптастыру – ай сайын және жыл сайын;
 10) таукен жұмыстарын дамыту бағдарламасын ескере отырып, желдетісті есептеу, желдетістің төзімділігін тексеру, желдетісті жақсарту шараларын әзірлеу – жылына кем дегенде 1 мәрте

Шахтаның желдету жоспары кем дегенде екі данада жасалады, оның біреуі ЖЕҚ бөлімше бастығында, ал екіншісі – кеніш диспетчерінде (ауысым бастығы) болады. Шахтаның желдету жоспарын толтыру құрамы және кезеңділігі. Ж е л д е т у құрылғыларының орналасуындағы болған барлық өзгерістер (есіктердің, маңдайшалардың, кроссингтердің, терезелердің), ЖЖЖ, желдету ағыстарының бағыттарындағы, сондай-ақ енгізілетін дайындау қазбалары желдету жобасына бір тәуліктен кеш емес

	<p>уақытта енгізіледі. Кен қазбаларындағы, желдеткіштер қондырғыларының каналдарындағы ауа шығыны мен депрессияны өлшеулердің нәтижелері (өлшеулерді өткізу күнін көрсетумен) ЖҚТ учаскесінде тұрған желдетудің жұмыс схемасына тәуліктен кем емес уақыт ішінде енгізіледі</p>		
201.	<p>Ауаның сапасын және метан бойынша шахтаның газмолдылығын анықтау үшін тазалау және тұйық қазбалардың, кен алу учаскелерінің, қанаттардың бүкіл қабаттардың және шахталардың шығас ағыстарында, келер ағыстарда, оқпандарды тізбектеп желдетуде немесе таза ауа қозғалу жолында метан бөлінуі болғанда – ЖЖЖ жанында, зарядтау камераларында ауаның құрамын анықтау жүргізіледі. Ауаның құрамын анықтау газды емес шахталарда және I мен II санатты шахталарда – айына бір рет, ал III санатты шахталарда – айына екі рет, жоғары санатты және көмір мен газдың оқыс лақтырыстары бойынаш қауіпті шахталарда – айына үш рет жүргізіледі. Метан мөлшерін бақылаудың стационарлы аппаратурасының датчиктерін құру орындарында, өлшемдер нәтижесін диспечерлік орталыққа шығарумен</p>		

	бірге, ауа құрамын анықтау айына бір реттен сирек емес жүргізіледі		
202.	Көмір шахталарын эпизодтық әсерлі аспаптармен, үздіксіз әсерлі жылжымалы құралдармен және стационарлық автоматтық бақылау аспаптарымен жабдықтау		
203.	ІІ және одан жоғары санатты шахталарда үңгілеу кен алу комбайындарының маңында мөлшерін бақылау автоматты құрылғыларының көмегімен жүргізіледі		
204.	Тұйық және тазарту кенжарларда және ондай шахталардың шығар желдету ағыстары бар қазбаларында жұмыс істеп жатқан барлық жұмыскерлер жеке дара м е т а н сигнализаторлармен қамтамасыз етіледі. Шахта персоналы шахтада болу кезінде үнемі бірге ұстап жүрсе метанның көтермелі автоматтық құрылғыларын немесе метан сигнализаторымен біріктірілген бас шырағандарды метанның арнайы сигнализаторы ретінде қолдануға болады		
205.	Наличие встроенных в машины и механизмы приборов контроля метана, отключающих электроэнергию		
	Объектілердегі бақылау метанның шоғырлануы туралы тасымалы бағыттаушы метан сигнализаторлары арқылы қауіпсіздік және аэрогазды бақылау мен		

206.	оны тіркеу диспетчеріне сағат сайын ақпарат жіберу арқылы жүзеге асыру. Автоматты тасымалы құралдардың және метан мөлшерін бақылаудың стационарлы аппаратурасы датчиктерінің орналасу жерлері		
207.	Жұмыс істеп тұрған тұйық қазбалардың, окпандардың, тұйық және тазалау қазбаларының шығар желдету ағыстарында автоматты бақылау болмаған жағдайда, метан шоғырлануын өлшеу I және II санатты шахталарда, III санатты, жоғары категориялы және оқыс лақтырыстары бойынша қауіпті шахталарда өлшеу орындарының және кезеңділігінің сәйкестігі		
208.	Ауысым барысында жүргізілетін метан шоғырлануының өлшеулері тұйық қазбалардың кенжар маңында, тазарту және тұйық қазбалардан шығатын ағыстарда газдың шоғырлануын өлшеу орындарында, кен алу учаскелерінде, шахталар, қанаттарда тақтайшалардың болуы және толтырылуы		
209.	ЖҚТ учаскесін бақылаудың ауысым тұлғалары орындаған өлшем нәтижелерінің жүктелім-жолдамаларда және Метан өлшеулері мен газдалуды есепке алу журналында болуы		
	Қазбалардың газдануының апатты жағдайлары, ұзақтығына қарамастан (

210.	комбайндардың, үңгілеу машиналарының және бұрғы станогының маңайындағы жергілікті газ жиналуынан басқа) тексеріледі. Газ бен көмір шаңының тұтануының барлық жағдайлары тексеріледі және белгіленген тәртіпте актілермен рәсімделеді		
211.	Барлық газды шахталарда метанның қабаттала жиналуынан қауіпті кен қазбалары тізімінің болуы		
212.	Газды емес шахталардың тазалау және тұйық қазбаларындағы, сондай-ақ газды шахталарда, көмірі өздігінен жануға икемді қабаттарды қазымдағанда және опырылыс бойынша қазбаларды жүргізгенде, учаскелердің ауыспалық бақылау тұлғалары көмірқышқыл газының мөлшерін өлшеулерді ауысымда бір реттен сирек емес жүргізеді. Көмірқышқыл газының мөлшерінің артуының барлық жағдайлары тергеледі және өлшеулердің нәтижелері өлшеу тақталарына жазылады		
213.	Бақылаудың барлық тұлғалары, сондай-ақ бригадирлер (звено бастықтары) шахтаға түскенде, жұмыс орындарында метан өлшеулерін жүргізеді және метанның шектен тыс мөлшерін байқаған жағдайда сәйкесінше шаралар қолданады. Шахтада қосқышқылды көмірқышқылы концентрациясының өлшеулерін ЖҚТ		

	бақылау өкілдері жүзеге асырады		
214.	<p>Газды шахталардың барлық тұйық қазбаларында электр энергиясын қолданумен бірге жүргізілетін ЖЖЖ-мен желдетілетін, тік оқпандар және шурфтардан басқа, ауа жылдамдығын автоматты бақылаудың аппаратурасы қолданылады. III және одан да жоғары санатты шахталарда жұмысты автоматты бақылау аппаратурасы және электр жетегімен бірге ЖЖЖ телебасқару, кен алу учаскелерінің шығыс ағыстарында ауа жылдамдығын орталықтандырылған телебақылау қолданылады</p>		
215.	<p>Көліктер мен көтергіде қолданылатын техникалық құралдар, технология мен жұмыстарды ұйымдастыру адамдарды және жүктерді тасымалдауда қауіпсіздікті қамтамасыз етеді және апаттардың пайда болуына жол бермеуі керек</p>		
216.	<p>Адамдарды кен қазбаларымен тасымалдау, пайдалану бойынша жасап шығарушының нұсқауларында келтірілген ұсыныстарға сәйкес жолаушы құралдарымен жүзеге асырылады.</p> <p>Материалдар мен жабдығы бар құрамдарға ере жүретін адамдарды тасымалдау үшін, сондай-ақ, ауысым</p>		

	ішінде көлденең қазбаларда жекелеген тұлғаларды тасымалдау үшін жүкті құрамға бір жолаушы вагоншасын тіркеуге болады. Бұл вагонша локомотивтен кейін құрамның басында орналасады. Осы вагоншада адамдарды тасымалдау жылдамдығы сағатына 12 километрге шектеледі		
217.	Жолаушылар вагоншаларында (поездарда) адамдарды көлденең қазбалармен тасымалдау кезінде қозғалыс жылдамдығы сағатына 20 километрден аспайды, ал жабдықталған жүк вагоншаларында адамдарды тасымалдағанда – сағатына 12 километр		
218.	Көлбеу қазбалары бойынша адамдарды жолаушы вагоншаларымен тасымалдағанда, пойыздың жылдамдығы белгіленген мөлшерден 25 пайызға жоғарылап, арқан, тіркемелі құрал немесе ілмек үзілгенде, пойыз тіке соққысыз тоқтататын, сенімді және тоқтаусыз автоматты жұмыс істейтін құрылғылармен (парашюттармен) жабдықталады. Бұдан басқа, парашюттерді қолмен іске қосу мүмкіншілігі қарастырылады		
219.	Пойызға (вагоншаға) арнайы оқытудан өткен кен жұмысшысы (кондуктор) қызмет көрсетеді		

220.	Рельстердің типі және жолаушы вагоншаларында адамдарды тасымалдайтын көлбеу қазбаларда рельсті жолдарды төсеу тәсілі парашютті құрылғының типіне сәйкес келеді		
221.	Көлбеу қазбалары бойынша адамдарды жолаушы вагоншаларымен тасымалдауға арналған вагоншаларды пайдалануға бергенде, сондай-ақ ауық-ауық, бірақ 6 айда бір реттен сирек емес жиілікте, парашюттерді пайдалану бойынша жасап шығарушының нұсқауларының көрсетулеріне сәйкесті парашюттерді сынақтау жүргізіледі		
222.	Екі жолды қазбалармен адамдарды тасымалдауға қолданылатын вагоншаларда, сондай-ақ отырғызу алаңшалары қазбаның бір жағында келген қазбаларда вагоншаның кірер қуыстары жұмыстық емес жағында орналасқан және жолдар аралығы толығымен жабылған		
223.	Көлбеу қазбалары бойынша адамдарды тасымалдау үшін қызмет көрсететін әр пойыздың (вагонша) бірінші вагоншасы жарық беру сигналымен жабдықталған		
224.	Көлбеу қазбалары бойынша адамдарды тасымалдау жолаушылар вагоншалары өзара қос тіркеумен жалғасқан		
	Жер бетіндегі жолдарды, монорельсті және ілмелі		

225.	арқанды-креслолы құру мен оларды пайдалану оларды құрастыру және пайдалану бойынша жасап шығарушылардың (басшылығына) нұсқауларына қойылатын талаптар		
226.	<p>Рұқсат етілмейді:</p> <p>1) Кен қазбаларымен адамдарды жүк вагоншаларында, сондай-ақ адамдар мінген поездарда вагоншаның ернеуінен шығып тұратын аспаптарды және қосалқы бөліктерді, жарылғыш, оңай тұтанатын материалдарды тасымалдауға;</p> <p>2) Адамдар мінген құрамға жүкті вагоншаларды тіркеуге (горизонталь қазбаларда аспаптарды тасымалдау үшін 2 вагоншадан артық емес санда құрамның соңына тіркеуге рұқсат етіледі);</p> <p>3) Адамдарды тасымалдау уақытында жолдармен қолайсыз және ұзын нәрселерді тасуға;</p> <p>4) Платформа үстінде, локомотивтерде, жабдықталмаған вагоншаларда адамдардың тасымалдануына. Электровоз машинисінің рұқсатымен инженер-техникалық қызметкерлерге және екінші кабина (орындықтар) болғанда локомотив машинисінің стажерлеріне мініп жүруіне рұқсат етіледі;</p> <p>5) Құрамның жүру уақытында вагоншалар араларымен жүріп өтуге</p>		

227.	<p>Әр ауысым сайын локомотив машинисі адамдарды тасымалдар алдында вагоншаларды қарап, тексеріп шығу кезеңділігі. Адамдарды тасымалдауға рұқсаттың бақылаушы тұлға локомотив машинистінің жол парағында жазылуы. Апта сайын арнайы жабдықталған және жолаушылар вагоншаларын шахталық тасымалдау учаскесінің механигі қарап тексереді</p>		
228.	<p>Жолаушылар вагоншаларымен адамдарды түсіруге және көтеруге арналған соңғы тасылым жеке қазбаларда орналасатын арнайы адамдар көтергілерімен жабдықтау. Бір көлбеулі қазбаның ішінде адамдарды түсіру, көтеру және жүктерді түсірудің рельсті тасымалының жұмысына рұқсат (осы қазбаларда жөндеу жағдайларынан басқа) етілмейді</p>		
229.	<p>Шеттік тасылыммен жабдықталған көлбеу қазбаларды жүргізу, тереңдету және күрделі жөндеу жұмыстары аяқталғанға дейін адамдарды арнайы вагоншаларда парашюттік құрылғысыз түсіруге және көтеруге болады. Бұл ретте көтеру арқаны міндетті құрал-саймандық бақылаудан өтеді</p>		
	<p>Адамдарды механикалық тәсілмен жеткізу жабдықтары бар, адамдар жүрістіктерін жөндеу кезінде тау жыныстарын сыртқа шығару және материалдарды жеткізу</p>		

230.	<p>үшін, жүк вагоншасын адамдар мінбеген пассажир пойызына тіркеуге рұқсат ету талаптары:</p> <p>1) пойыздың жүру жылдамдығы секундына 3 метрден аспайды;</p> <p>2) жүк вагоншасын тіркеу үшін жолаушы вагоншаларын өндірушінің техникалық құжаттамасы бойынша ж ө н д е у кәсіпорындарында немесе зауытта жасалған тіркеу құрылғылары қолданылады;</p> <p>3) басты жолаушы вагоншаның тіркеме құрылғысына және көтергі машинаға (жүкарба) түсетін жүктеме есептелгеннен аспайды;</p> <p>4) жүк пойызы (вагонша) тіркелген жолаушылар пойызында адамдарды тасымалдауға болмайды.</p>		
231.	<p>Әр ауысым сайын адамдарды тасымалдаудың алдында көлбеу қазбалармен оларды түсіруге және көтеруге арналған вагоншаларды, сондай-ақ парашютті және тіркеме құрылғыларды кезекші электрослесарь және кенжұмысшысы (кондуктор) тексеріп шығу кезеңділігі.</p> <p>Әр тәулік сайын көрсетілген жабдықты қарау және қол жетегін қосумен бірге парашютті құрылғыны тексеруді көтергінің механигі немесе осы жұмыстарды орындау мақсатында тағайындалған бақылау тұлғасы, сонымен қатар бас механик немесе оның орынбасары жүргізеді.</p>		

	Тексерудің нәтижелері Көтергі қондырғысын тексеру журналына жазылады		
232.	Адамдарды және адамдар мен жүктерді қоса көтергі қондырғылармен жабдықталған көлбеу қазбалардағы бекітпе және жолдарды шахта бойынша бұйрықпен тағайындалған жауапты тұлға тәулік сайын қарап тексереді, ауыспалы жұмысшыларды түсірудің алдында бос вагоншалар қазба бойымен екі жақ шетіне жүргізіліп алады. Тексерудің нәтижелері көтергі Көтергі қондырғысын тексеру журналына жазылады.		
233.	Бақылау тұлғаларының ішінен, шахталарда көлбеу қазбалары бойынша адамдарды тасымалдауды ұйымдастыру үшін жауапты тұлғалар бұйрықпен тағайындалады		
	Жүк тиелетін вагоншалар , сондай-ақ монорельсті және табандағы жолдардың секциялы поездарының бірліктерін: 1) ақаулы дөңгелектері (қисаңдаған дөңгелектермен, жетіспейтін бекітпе болттар және белдіктер, тістескен дөңгелектердің қисық біліктер және біліктегі жарықтары, дөңгелектерінде терең шұқырлар); 2) ақаулы тіркеулері, шығыршықтары, тартқыш бөліктері, сондай-ақ жіберілетін мөлшерлерден артық тозған тіркеулері;		

234.	<p>3) ақаулы дәнекерлері және тежеуіштері;</p> <p>4) ақаулы тиексіз және түбінен жүк түсіретін вагоншалар (секциялық поездар) табандарына нық жабаспаған механизмдері;</p> <p>5) тұрпаттары өзгерген немесе вагонша астындағы бүлінген тіректері;</p> <p>6) вагонша қорабының қабырғалары бүлінгендігі немесе 50 миллиметрден артық сыртқа бүгіліп шығуы;</p> <p>7) секциялы поездардың секция аралық жабынының ақаулары болған кезде жұмысқа жіберілмейді.</p>		
235.	<p>Тіркестірілмеген құрамдарды итеруге, локомотивке тікелей ұзын өлшемді материалдары бар, сондай-ақ тасымал көліктерінің қорабынан жоғары шығып тұратын кесілген ағаш немесе жабдықпен тиелген платформалар мен вагоншаларды тіркеуге рұқсат етпеу</p>		
236.	<p>Жылжымалы құрамды тоқтау орындарының тиісті белгіленуіне қойылатын талаптар</p>		
237.	<p>Ұзын өлшемді материалдарды және жабдықты жеткізу үшін құрамдарда осы мақсаттарға арналған өзара қатты тіркеуіштермен тіркелген вагоншалар немесе платформалар қолданылады. Сұйық және жаңғыш жүктерді тасымалдау үшін арнайы вагоншалар қолданылады</p>		

238.	<p>Тұрақты жүк тиеу пункттерде және аударғыштардың маңында итергіштер қолданылады. Итергіштерді басқару оймаларда немесе қызмет көрсететін персоналдың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жерлерде орналасқан пульттің көмегімен, аударғыш пен итергіштің бір уақытта қосылуын болдырмайтын міндетті блокадалау болған кезде жүргізіледі</p>		
239.	<p>Көлбеу қазбалармен тасып шығарған кезде вагоншалардың канат, тіркеу құрылғысы немесе тіркеуіш үзілген кезде вагоншалардың төменгі және аралық алаңшаларына сырғанап кетуіне кедергі болатын құрылғыларды қолдануға қойылатын талаптар</p>		
240.	<p>Шетті қанаттармен тасып шығарған кездегі талаптар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) көлденең кірмелері бар көлбеу қазбалардың жоғарғы қабылдау алаңшаларында ұстап қалу стопорлары орнатылады; 2) төменгі қабылдау алаңшаларынан жоғары пайдалану бойынша жазбаға және техникалық нұсқаулыққа сәйкес жасалған автоматты немесе алыстан басқарылатын амортизациялы құрылғылармен жабдықталған сақтандыру тосқауылдары орнатылады. 3) жоғарғы қабылдау алаңшаларынан төмен, сондай-ақ аралық 		

	қазбалардың кірмелерінде беріктігі есептеумен анықталған қатты түрдегі тосқауылдар орнатуға болады.		
241.	Қазбалардың көлденең бөліктерінің төменгі және аралық қабылдау алаңшаларында жұмысшылардың тығылуына және басқару мен байланыс пульттарын орналастыруға арналған ойықтарға қойылатын талаптар		
242.	Рельстерден шығып кеткен вагоншаларды немесе локомотивтерді рельстерге тұрғызу талаптары. Әр локомотивте, сондай-ақ көлбеу қазбалардың оқпан маңы ауласында және көлбеу қазбалардың қабылдау-жөнелту алаңдарында домкраттар және өзін-өзі тұрғызғыштар немесе рельске тұрғызу құралдары, сондай-ақ башмақтар және вагоншаларды тіркеу және ажырату тетіктерінің болуы		
243.	Аралық қауақтарда олар бремсбергтермен, еңістермен және көлбеу оқпандармен қиылысқанда тосқауылдар, жарықты табло және ескертетін белгілерді орнату талаптары		
244.	Көлбеу қазбаларда көтергі қондырғылар жұмыс істеп тұрған уақытта вагоншаларды тіркеу және ажырату жүріп жатқан алаңдарға, бұл жұмыстарға қатыспайтын адамдардың		

	кіруіне жол бермеу талаптары		
245.	Вагоншаларды қолмен итерген кезде вагоншаның алдыңғы сыртқы қабырғасына, іске қосылған арнайы шамның болуы. Қолмен жылжитқан кезде вагоншалар арасындағы қашықтық еңісі 0,005 жолдарда 10 метрден кем емес және үлкен еңісті жолдарда 30 метрден кем емес. Еңісі 0,01-ден артық болған кезде қолмен жылжытуға болмайды		
246.	Вагоншаларды (платформаларды) арқандармен тасыған кезде өздігінен ағытылуға жол бермейтін тіркеу және тіркемелі құрылғылар, ал көлбеу бұрыштары 18 градустан артық қазбаларда, шексіз арқанмен, тасыған кезде бұларға қосымша – қарсы арқандар қолданылады		
247.	Тік қазбалармен клеттерде адамдарды түсіру және көтеру талаптары. Тік қазбаларды үңгілеу, тереңдету, түйісімдеу және оларды арқаулау кезінде адамдарды қауғамен түсіруге және көтеруге болады		
	Адамдарды түсіруге және көтеруге арналған, тұтас металдан жасалған, ашылатын төбелері немесе ашылатын люктері бар төбелері, сондай-ақ, шығып тұратын бөліктерсіз тұтас, мықты едені бар клеттерге қойылатын талаптар. Есіктер клеттің ішіне ашылды және сыртта орнатылған		

248.	<p>сұқпамен бекітіледі. Есіктің немесе қоршаудың жоғарғы жиегінің биіктігі клеть табаны деңгейінен 1,2 метрден кем емес, төменгі жиегі 150 миллиметрден артық емес.</p> <p>Клеттерде, клеттің оқпанмен қозғалысы кезінде вагоншаны сенімді ұстап тұруды қамтамасыз ететін стопорлар орнатылған. Клеттің әрбір қабатында орналасатын адамдардың саны еденнің бір шаршы метріне 5 адамнан артық емес</p>		
249.	<p>Адамдардың және жүк пен адамдардың көтергі қондырғыларының клеттері мен кері салмақтары басты арқанның үзілуі жағдайында бірқалыпты тежеуді және ыдысты тоқтатуды қамтамасыз ететін парашюттермен жабдықталған. Клеттің парашюттің жетекші серіппесі сақтандыру қаптамамен қоршалған</p>		
250.	<p>Клеттер мен апатты – жөндеу көтергі қондырғыларында керісалмақтарда; адамдардың үнемі түсуіне және көтерілуіне арналмаған флангтегі оқпандардың клеттері мен керісалмақтарында; жұмыс істеп тұрған көлбеу көтергі қондырғыларда керісалмақтардың, жұмыс істеп тұрған тік оқпандардың сығылған, қысылған жағдайларында , егер клеть пен кері салмақ бөлімдері бірінен бірі рельстер және арқандармен бөлінсе</p>		

	парашюттердің болмауына рұқсат беру		
251.	<p>Парашют жұмыс істегенде клеть жүрісінің бәсеңдеуі адамдардың ең көп саны кезінде – секундына 6 метрден кем болмауы керек.</p> <p>Парашюттерді сынау, парашюттің берілген түріне байланысты нормативтік талаптарға сәйкес 6 айда бір реттен кем емес жиілікте жүргізіледі</p>		
252.	<p>Парашютті құрылғылар, клетті алмастырумен бірге жаңа құрылғылармен алмастырылады; бұларға тежегіш арқандары бар парашюттер кірмейді, олар ілінген күннен 5 жыл өткеннен кейін алмастырылады.</p> <p>Тежеуішті арқандары бар парашюттерді пайдалану мерзімін екі жылға ұзартуға рұқсат етіледі.</p> <p>Парашютті пайдалану мерзімін ұзарту туралы шешімді, шахтаның бас механигі бастаған комиссия, дефектоскопия, шарнирлі қосылыстарының тозуы парашюттерді пайдаланудың нормативтік талаптарынан аспайтын жағдайда және сынақтың оң нәтижелерінде қабылдайды. Осы комиссия, 7 жылдан артық жұмыс істеген парашюттердің жұмыс мерзімін ұзарту туралы, берілген қызмет түріне сәйкест лицензиясы бар ғылыми – зерттеу ұйымының шешімін ескере отырып, ұзартады.</p>		

253.	Адамдарды қауғамен көтеру және түсіру кезінде қауғалар бағыттаушылар бойымен қозғалады		
254.	Қауғаларда жүктер мен адамдарды түсірген және көтерген кезде үңгілеудің көтеру қондырғылары ашық құбыр астында тиеу құрылғысы тұрғанда төменгі сөредегі қысқа құбыр арқылы қауғаның өтіп кетпеуін қамтамасыз ететін блокалауда құрылғылармен жабдықталады		
255.	Адамдарды, апатты жағдайлардан, оқпанды тексеру және жөндеу, маркшейдерлік жұмыстарды жүргізуден басқа жағдайда скиптерде және жүк клеттерінде түсіруге және көтеруге болмайды		
256.	Аударылмалы клеттерде адамдарды түсіру және көтеру, адамдардың бункерлерге аударылып түсуін болдырмайтын блокировкалар болған жағдайда, сондай-ақ клеттің оқпанмен қозғалуы кезінде айналу қозғалысын болдырмайтын жағдайда рұқсат етіледі. Бір оқпанда жүк пен адамды және жүк көтергілері орналасқан жағдайда, олардың бір уақытта жұмыс істеуін болдырмайтын блокировка қойылады		
	Оқпанды жөндеу мен карауға тиелмеген клеттің төбесінен немесе арнайы жабдықталған скиптің үстінде немесе карау алаңшасының кері салмағында жүргізуге рұқсат ету талаптары.		

257.	Оқпан бойынша ыдыстар қозғалған кезде, соның ішінде кері салмақтармен адамдар көтеру арқандарына немесе ілмелі құрылғыларға сақтандырғыш белдіктерімен бекітіледі және абайсызда құлайтын нәрселерден қорғайтын зонтпен қорғалады		
258.	Шахталарда ұйым басшысының бұйрықтарымен адамдар мен жүктерді түсіруге және көтеруге жауапты тұлғалардың тағайындалуы		
259.	Адамдарды екі жаққа тасымалдауды қамтамасыз ету үшін реверсті және екі тасушы тарамдары бар конвейерлер қолдану талаптары. Адамдарды біруақытта екі жаққа тасымалдауды жүзеге асыруға мүмкіндік беру үшін реверсті және екі тасушы тарамдары бар конвейерлер қолданады		
260.	Адамдарды тасымалдауға арналған таспалы конвейерлердің автоматтандыру аппаратурасына қойылатын талаптар: 1) түсу алаңшаларынан адамдардың өтіп кетуінің алдын алуға арналған құрылғылар; 2) конвейердің ұзындық бойының кез келген жерінен шұғыл токтатуға арналған құрылғылар; 3) таспаның бүйірге шығуы тетіктері; 4) таспаның жылдамдығы 8 пайызға артқанда конвейерді ағытуға арналған құрылғылар болады.		

	Бұл құрылғылар конвейер жетегін тікелей ағытуға әсер етеді және оларды бастапқы жағдайға қайтуы кезінде өздігінен іске қосылуына жол бермейді		
261.	Конвейер жүйелерінің автоматтандыру аппаратурасындағы басқару блоктары конвейерлер жұмысын екі режимде – "жүк тасымалдау" және "адамдарды тасымалдау" қамтамасыз ету талаптары		
262.	Резеңке арқанды таспалардың шеттерін жалғау тек қана ыстықтай вулканизация әдісімен жүргізіледі. Резеңке маталы таспаларды ыстық немесе салқын вулканизация көмегімен, таспаның жалпы беріктігінің үзіліске беріктігін 70 пайыздан кем емес беріктіктің қамтамасыз ететін сенімді және қауіпсіз әдістермен жалғастыруға болады		
263.	Рұқсат етілмейді: 1) алаңшалардан тысқары жерлерде немесе олар бұзылғанда отыруға немесе түсуге; 2) конвейердің жүк тиелген таспасында жүруге; 3) сөніп қалған жеке шамдармен жүруге; 4) өзімен бірге жарылғыш материалдары бар кен жұмысшыларын тасымалдауға; 5) 15 градустан артық еңістерде, конвейерлердің суланған таспаларында адамдарды тасымалдауға.		

264.	Қазбада жөндеу жұмыстары конвейер маңайында жүргізіліп жатқан жағдайда, осы учаскеде таспалы конвейерде адамдарды тасымалдауға жол бермеу талаптары. Бұл конвейердің отырғызу алаңында ескерту белгісі ілінеді		
265.	Тармақтары біреуі екіншісінің үстінде орналасқан конвейердің барлық ұзындығы бойына, адамдарды төменгі тармақтар бойынша тасымалдаған жағдайда, жауып тұратын табақтар салынады		
266.	Алаңшылардан және шеткі барабандардан 8-10 метр жерде, сондай-ақ конвейердің орта бөлігінде 50-100 метр сайын таспа өстен бүйірге өз енінің 10 пайызға шығуына немесе конвейердің қозғалмайтын элементтеріне (ұстағыштар, кроштейндер, алаңшалар және басқа) жанасқанда приводты автоматты түрде ағытуды қамтамасыз ететін бақылау құралдары орнатылады		
267.	Адамдарды тасымалдауға арналған конвейер көлбеуінің ең үлкен бұрышы 18 градустан көп емес талаптарды қадағалау. Адамдарды тасымалдайтын конвейерлер қолданылатын қазбаларды жарықтандыру талаптары		
	Таспалы конвейерде адамдарды тасымалдауда адамдарды орналасу		

268.	<p>жағдайы "шынтактап жату" кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары, бұл ретте адамдардың жұмыс киімі және аспаптар қозғалыстағы таспа шегінен шықпауы бақыланады.</p> <p>Өзімен бірге қол аспаптарын қорғаныш қапшаларда және массасы 20 килограммнан аспайтын шамада алып жүруге болады. Аспаптары бар адамдарды тасымалдаған кезде олардың араларындағы қашықтық – 10 метрден кем емес</p>		
269.	<p>Адамдарды, қозғалмайтын отырғызу және түсіру алаңшалары бар, конвейерлермен тасымалдаған кезде таспаның қозғалу жылдамдығына қойылатын талаптар (секундына 2,5 метрден көп емес)</p>		
270.	<p>Конвейерді қазбаның адамдар жүрмейтін жағының кез-келген нүктесінен шұғыл тоқтату үшін таспадан конвейерді тоқтату құрылғысы қарастырылады.</p> <p>Таспаның екі салмақ түсетін тармақтары бар конвейерлерді қолданғанда құрылғы кез келген тармақтан қол жетімді және таспа табағынан 200-400 миллиметр биіктікте орналасады</p>		
271.	<p>Бақылау тұлғасы тәулігіне 1 реттен кем емес жиілікте қазбаның бекітпесін, адамдардың өтуіне керекті аралықтардың және жүк</p>		

	пен адамдарға арналған конвейер жабдықталған қауіпсіздік құралдарының болуын тексереді		
272.	<p>Адамдарды отырғызуға және түсіруге арналған алаңшаға қойылатын талаптар, алаңшалар тіректік қаңқадан, тақтай төсемеден, таяныштан тұрады және адамдардың қазба табанына түсуіне арналған сатылармен (соқпақ) жабдыкталады.</p> <p>Биіктігі 1,0-1,2 метр таяныштар қазбаның адамдар өтетін жағынан орнатылады.</p> <p>Алаңшаның қаңқасы қазба табанында орнатылады немесе қазбаның төбесіне (шынжырдың, арқандардың көмегімен) ілініп қойылады және конвейердің жақтауына бекітіледі.</p> <p>Жетекші құрылғылардың немесе айналып өту (шеттік) барабандарынан отырғызу алаңы 5 метрден, түсу алаңы - 15 метрден жақын емес қашықтықта орналасуы қажет.</p> <p>Алаңшалардың жоғарлауы немесе төмендеуі 50 миллиметрден артық қабылданбайды.</p> <p>Алаңша төсемесінің жарықтылығы – 10 люкстен кем емес</p>		
273.	Алаңшаларды орнатқан жерлерде конвейердің роликтері, адамдардың олармен байқаусыз жанасуынан сақтандыру үшін қоршаудың болуы		
	Отырғызудың әрбір пунктінде адамдарды тасымалдаудың, белгі		

274.	<p>беру мәндерімен адамдардың жүріп тұру тәртібінің болуы. Мынадай жарықпен және дыбыспен белгі беру қолданылады:</p> <p>1) төрт белгі-конвейер " адамдарды тасымалдау" режиміне көшіріледі;</p> <p>2) екі белгі-конвейерді жіберу;</p> <p>3) бір белгі-конвейердің тоқтауы.</p>		
275.	<p>Түсу алаңына жақындау кезіндегі өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары. Таспалы конвейерге адамдарды отырғызу аралары 5 метрден кем емес қашықтықта орындалады</p>		
276.	<p>Алаңшалар маңайында конвейер желісінің операторымен тікелей байланыс (немесе шахта коммутаторы арқылы) немесе конвейер желісін басқаратын тұлғамен тікелей байланысты қамтамасыз ететін телефондардың болуы</p>		
277.	<p>Отырғызу және түсіру алаңшаларына қойылатын талаптар: ені 0,7 метр және ұзындығы сәйкесті түрде 1,8 және 8,0 метр болады. Алаң мен қазба бекітпесінің немесе қазбада орналасқан қондырғының шығыңқы бөлігінің арасында ені 0,7 метрден кем емес, биіктігі 1,8 метрлік еркін өтпе қалдырылады</p>		
	<p>Түсу алаңдарының сыртында 2 метрден алыс емес қашықтықта адамдар түсу алаңшасынан әрі өтіп кеткен жағдайда конвейер жетегін ағытатын</p>		

278.	құрылғылардың болуы. Екі сүйретуші тармақтары бар конвейерлерде айналып өту барабандарынан 6-8 метр жерде адамдардың барабандарға мініп өтуін болдырмайтын қауіпсіздіктің қайталаушы құралдары орнатылады.		
279.	Таспа табағынан тетіктің төменгі қырына дейінгі саңылауға қойылатын талаптар (0,3 метрден артық болмайды)		
280.	Конвейердің түсу алаңына жақындағаны туралы ескертудің құрылғылары конвейер құрылымына бекітілетін арнайы рамаға немесе түсу алаңшасынан 8-10 метр жерде қазба төбесіне ілінеді, бұл жағдайда құрылғының төменгі қырынан таспа табағына дейінгі саңылау 300 миллиметрден артық емес		
281.	Әрбір шахтада техникалық басшы бекіткен басты тасымалдау жолдарының схемасының болуы. Тасымалдау схемасымен жер асты көлігінің жұмысшылары мен бақылау өкілдерін таныстыру		
282.	Қазбалар мен конвейерлерді күтіп ұстау және жөндеу жұмыстарына жүктерді жеткізуден басқа жағдайларда, конвейерлі көлікпен жабдықталған қазбаларда локомотивті тасымалға қойылатын талаптар		
	Еңістері 0,005 дейін көлденең қазбаларда орағыту жұмыстарын		

283.	және вагоншаларды тасымалдау жұмыстарын орындау үшін, жылдамдықтары секундына 1 метрге дейінгі шығырларды қолдануға рұқсат ету талаптары		
284.	<p>Материалдар мен жабдықты, сондай-ақ көлбеу қазбалардағы жөндеу мен қайта бекітпелеуден алынған жыныстарды сыртқа шығару үшін, мынадай талаптарға сәйкес келетін шығырларды қолдану талаптары:</p> <p>1) барабан (шківтің) диаметрінің темір арқан диаметріне қатынасы – 20-дан кем емес. Арқанды барабанған көп қабатты етіп орауға болады.</p> <p>2) арқан қозғалысының оралымның орта диаметріндегі жылдамдығы секундына 1,8 метрден аспайды;</p> <p>3) шығырдың екі тежегіші болады, олардың біреуі барабанға (шківке) әсер етеді.</p> <p>Жаңадан жасалатын шығырларда аталған мақсатта электр энергиясын беру тоқтаған кезде тежегіштің автоматты қосылуы қарастырылады</p>		
285.	<p>Жаңадан енгізілетін қазбаларда рельсті жолдардың және жол ауыстырудың айналма радиустары 600 миллиметр жол үшін - 12 метрден кем емес, ал 900 миллиметр жол үшін – 20 метрден кем емес болады.</p> <p>Қолданымдағы қазбаларда жолы 600 миллиметр рельсті</p>		

	<p>жолдардың айналма радиусы - 8 миллиметрден кем емес, ал жолы 900 миллиметрлік рельстік жолдарда - 12 метр болады</p>		
286.	<p>Рельсті жолдарды қолдануға:</p> <p>1) Р-24 үлгісіндегі рельстер үшін рельс басының тігінен 12 миллиметрден аса, Р-33 үлгісіндегі рельстер үшін 16 миллиметрге тозуы кезінде, сондай-ақ дөңгелек ребордасының болттардың бастарымен жанасуы кезінде, рельстерде жарықшалар болуы кезінде, рельс бастарының ұсақталуы, рельс табаны бөлігінің опырылып түсуі және жылжымалы құрамның рельстерден түсіп кетуін болдыратын ақаулар кезінде;</p> <p>2) рельстің тораптарда жол білігінен рельстің 8 метрден кем ұзындығына 50 миллиметрден артық ақытқуы кезінде рұқсат етпеу</p>		
287.	<p>Бағыттамалы бұрмаларды қолдануға:</p> <p>1) ұрылған, ұсақталған және ұзындық бойына және көлденең бағытта майыстырылған өткір ұштар болған кезде;</p> <p>2) ұштық тартпалары ажыратылған кезде;</p> <p>3) ұштықтардың өткір ұшы және рамалық рельстің арасы 4 миллиметрден артық саңылаумен жабылған кезде;</p> <p>4) фиксатордың көмегімен бағыттамалы</p>		

	<p>бұрманың орындарын бекітудің болмауы кезінде;</p> <p>5) бағыттамалы бұрманың тартпаларын тартуға арналған жырашықтар ашық болғанда рұқсат етпеу</p>		
288.	<p>Тасымал жолдарындағы бағыттамалы бұрмалардың механикалық және қолмен іске қосатын тартпалары, қазбаның адамдар жүретін жағынан тартпаның ең үлкен шығып тұратын бөлігінен жылжымалы құрамның қырына дейінгі бос аралық 0,7 метрден кем болмайтын етіп орнату талаптары</p>		
289.	<p>Оқпан аулаларындағы және басты тасымалдау қазбаларының қиылысындағы (өз ара және учаскелік) бағыттамалы бұрмалардың жүріп келе жатқан электровоздың кабинасынан дистанциалы басқарудың болуы және көлбеу тасымал қазбаларға кіру кезінде бағыттамалы бұрмаларды пультпен алыстан басқаруға болады</p>		
290.	<p>Жер бетіндегі локомотивтерді жөндеуге арналған уақытша гараждар арнайы тұйық жолдарда оқпаннан 30 метрден кем емес жерде жабдықтау талаптары, локомотивтер гараждарын оқпандармен жалғастыратын рельсті жолдарда тұрақты түрде жабық тұратын кедергілер орнатылады</p>		
	<p>Жол, жол құрылғылары, су әкету жырлары,</p>		

291.	бағыттамалы бұрмалар, жол дабылдары мен белгілері көлденең және көлбеу тасымал қазбаларындағы саңылаулар мен өтімдерді шахталық көлік учаскесінің бастығы немесе оның орынбасары (механик) айына бір реттен кем емес жиілікте және шахта бойынша бұйрықпен арнайы тағайындалған тұлға тарапынан айына екі реттен кем емес жиілікте тексеру кезеңділігі		
292.	Жылына бір реттен кем емес жиілікте рельстердің тозуын тексеру және тасымал жолдарының пішінін тегістеу жүргізіледі. Тегістеу нәтижелерін шахтаның бас маркшейдер қызметі белгілейді		
293.	Локомотивтермен тасымал жүргізетін көлденең қазбалардың еңісі 0,005-тен артық болмайды. Ерекшелік ретінде, жоғары тұрған ұйымның техникалық басшысының рұқсаты бойынша еңісті 0,010-ге дейін үлкейтуге рұқсат беріледі. Бұл кезде тасымалдау жұмыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін төлқұжат бойынша жүргізіледі. Төлқұжатты шахтаның техникалық басшысы бекітеді		
294.	Ең үлкен еңісте құрамның тежеу жолының ұзындығына қойылатын талаптар жүктерді тасымалдаған кезде 40 метрден, адамдарды тасымалдаған – 20 метрден аспайды		

295.	<p>Қозғалу уақытында локомотив құрамның басында болады. Локомотивтің құрамның соңында болуына қозғалыс жылдамдығы секундына 2 метрден артық болмаған кезде ұзындығы 300 метрден артық емес учаскеде орындалатын маневрлық операциялар кезінде ғана рұқсат етіледі. Біржолды дайындау қазбаларын жүргізген кезде вагоншалар құрамын оқпанға итеріп кіргізу 400 метрден артық емес қашықтыққа ғана рұқсат етіледі</p>		
296.	<p>Поезды жарықпен белгілеу үшін соңғы вагоншада қызыл түсті шам ілінеді. Локомотив вагоншаларсыз қозғалған жағдайда қызыл түсті шам локомотивтің артқы бөлігінде қызыл түсті фарасы болады. Локомотив құрамның соңында болған кезде вагоншаның жүрісі бойынша алдыңғы сыртқы қабырғасында ақ және қызыл түсті арнайы шамдар ілінеді</p>		
297.	<p>Тиеу құрылғысы мен төбесіз кабиналы локомотив арасындағы саңылаудың қадағалануы (0,4 метрден кем болмайды)</p>		
298.	<p>Локомотив жабдығының жарылыс қауіпсіздігі бұзылғанда локомотивтерді қолдануға рұқсат етпеу</p>		
299.	<p>Локомотивті басқаруға қойылатын талаптар - тек қана оның кабинасынан ғана басқарылады</p>		

300.	<p>Пайдаланудағы әрбір локомотивтерді қарау кезеңділігі:</p> <p>1) әр ауысым сайын – локомотивті машинист қабылдаған кезде;</p> <p>2) локомотивті желіге шығарған кезде – кезекші электрослесарь;</p> <p>3) әр апта сайын – шахтаның көліктік учаскесінің механигі;</p> <p>4) әр тоқсан сайын - шахтаның көліктік учаскесінің бастығы учаске механигімен бірге тексереді.</p> <p>2, 3, 4-тармақтар бойынша тексерулердің нәтижелері арнайы журналдарға, ал 1) тармақ бойынша – жол парағына жазылады.</p> <p>Әр жыл сайын шахта басшысы тағайындаған комиссия локомотивтерді техникалық қарап тексеруді (ТҚ) жүргізеді.</p>		
301.	<p>Аккумуляторлы батареяларды зарядтауда оқшаулаудың кедергісін автоматты түрде бақылау</p> <p>з а р я д т а у</p> <p>қондырғыларына енгізе орнатылған кемуді бақылау релесі атқарады, ал ж о л д а</p> <p>электровоздардың автоматты ағытқыштарында орналасқан оқшаулаудың кедергісін бақылау құрылғылары атқарады. Жарылыстан қауіпсіз электровозды жолға шығарудың алдында батарея жәшігіндегі сутегінің мәні, мөлшері өлшенеді, ол 2,5 пайыздан аспауы керек</p>		
	<p>Газ бен шаң бойынша қауіпті шахталарда электр жабдығын ашумен</p>		

302.	байланысты аккумуляторлы электровоздарды жөндеуді тек қана гаражда жүргізуге рұқсат етіледі		
303.	Таспалы конвейерлер таспа оның енінен көлденең бағыты бойынша 10 пайызынан бүйірге жылжыған кезде конвейердің тартпасын ағытатын таспаның бүйірлік жылжуы тетіктерімен, таспалар мен барабандарды тазалау бойынша құрылғылармен, сондай – ақ қайта тиеу орындарында тасымалдайтын материалдардың деңгейі жіберімді мөлшерден артқан кезде конвейерді ағытуды қамтамасыз ететін қорғаныс құралдармен, таспаның жылдамдығы белгіленген жылдамдықтың 75 пайызына дейін төмендегенде, өрлейқаздар (бремсберг), конвейерлер таспаларының белгіленген жылдамдықтан 8 пайыздан асқанда, конвейер таспасының кез – келген нүктесінен конвейерді ағытудың құрылғысымен жабдықталады		
	Конвейерлерді және конвейер тізбектерін автоматты және дистанциялық басқарумен пайдалану бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары келесідей қамтамасыз етіледі: 1) автоматты түрде конвейер тізбегінің барлық ұзындығы бойы		

анық естілетін, тізбектің соңғы конвейерін іске қосқанға дейінгі мезетінке дейін істеп тұратын дабыл беру. Дабылдың әсері бірінші конвейерді іске қосу басталғанға дейін 5 секунд бұрын басталады;

2) автоматтандырылған конвейерлерді іске қосу тізбектің соңғы конвейерінен (тиеуден бастау), ағыту (токтату) – кері тәртіпте;

3) автоматты түрде (конвейерлердің біреуі тоқтап қалған жағдайда) жүк тасымалдаушы барлық конвейерлердің бір уақытта ағытылуы;

4) автоматты апатты түрде конвейер тартпасын ағыту;

5) тізбектің жүк түсіру және тиеу пункттарының арасындағы конвейерлер тартпалары орнатылған пункттер мен басқару пульты операторы арасындағы екі жақты телефон немесе жоғары дыбысты байланыс;

6) осы конвейерді басқару пультынан іске қосудың алдын алатын жергілікті тосқауыл;

7) таспа үзілгенде оның жүкті тармағын ұстап алу немесе көлбеу бұрышы 10 градустан артық қазбаларда тростардың бүтіндігін бақылау;

8) қайта тиеу жерлерінде, егер де бұл жерлерде шаңның шоғырлануы жіберілімді шоғырланудан асатын болса, шаңды басу;

9) өртке қарсы құбыр жүйесінде су қысымы болмағанда, сондай-ақ ол төмендегенде конвейерді іске қосудан

	оқшаулау қамтамасыз етіледі		
305.	Конвейер тізбектерін автоматты немесе дистанциялық басқарудың аппаратурасы әрбір кезектегі конвейер тізбегінде тұрған конвейерді, алдыңғы конвейердің тарту органының белгіленген жылдамдығына жеткеннен кейін іске қосуды қамтамасыз етуі тиіс		
306.	Конвейерлер адамдарды тасымалдау уақытында адамдар отыратын тармаққа жүктің баруын жібермейтін оқшаулау құралының болуы		
307.	Көлбеу бұрыштары ± 6 градустан артық қазбалардағы барлық конвейер қазбалары жетекте тежеу қондырғыларымен жабдықталады. Тежеуді реттеумен, таспа қозғалысының жылдамдығы секундына 0,2-0,3 метрге дейін төмендегеннен кейін, тежеу күшінің қосылуы кедергі реттеумен іске асырылады		
308.	Тарту, сүйрету және жүк тасу функциялары ажыратылған конвейерлі қондырғылар тарту органы үзілгенде қозғағышты ағытатын құрылғылармен жабдықталуы		
	Таспалы конвейерлердің тартпалық, тарту және шеткі станциялары, сондай-ақ тиеу және жүк түсіру құрылғыларының конвейердің жұмысы уақытында барабандардан шашылып		

309.	түскен материалдарды қолмен жинау мүмкіндігін болдырмайтын қоршаулары болады. Қоршаулар конвейр тартпасымен оқшауланған		
310.	Қазбалардың қиылысқан жерлерінде, тиеу және жүк түсіру құрылғыларында, сондай-ақ қазбаның ұзындығы бойынша қажетті жерлерде өту көпірлерінің болуы		
311.	Конвейерлердің жүк тарату құрылғыларында, сүйрету арбашасында шеткі жағдайларға жеткенде конвейер жетегін ағытатын шеткі ағытқыштардың болуы		
312.	Конвейерлермен жабдықталған көлбеу қазбаларда тек қана осы қазбаларды жүргізуге және жөндеуге керекті материалдар мен жабдықты тасымалдауға арналған рельсті жол төсеуге және шығыр орнатуға рұқсат етіледі. Конвейер мен шығырдың бірізгілікте жұмыс істеуін болдырмау үшін тиісті электрлік блокадалау орнатылады		
313.	Қазбаларда ысырма конвейерлердің жетектік, тартпалық және шеттік станцияларын, тазалау қазбаларында ысырма конвейерлерді механикалық тәсілмен жылжыту, конвейерлерді құрастыру және ажырату кезінде шынжырларды тарту, таспалы конвейерлерде таспаның шеттерін жалғастыру кезінде таспа шеттерін тарту үшін жасап		

	шығарушының зауыттық құрылғылары қолданылады		
314.	<p>Мыналарға:</p> <p>1) конвейерлердің жұмыс істеп тұрған кезінде жөндеуге, қозғалыстағы бөлшектерін майлауға және тазалауға, конвейерлерге көмір ұнтағы тұрып қалған кезде және роликтері бұзылған немесе олар мүлдем болмаған кезде, лентаның конвейер жақтауының немесе бекітпесінің қозғалмайтын бөлшектеріне тиіп тұрған кезде жұмыс істеуге;</p> <p>2) адам тасымалдау, ағаш, ұзын материалдар мен құралдардың осы мақсатқа арналмаған конвейерлерде тасуға рұқсат етілмейді.</p>		
	<p>Конвейерді басқару аппаратурасын, роликтерді, тарту және тиеу құрылғыларын, таспаларды және олардың түйіскен жерлерін, сондай-ақ конвейерлерді қолданудың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін құрылғыларды (тежеуіш құрылғысы, таспаны ұстау құралы) тексеруді ай сайын бақылау тұлғасы немесе тағайындалған тұлға жүргізеді. Басқару және қорғау аппаратурасының (таспаның бүйіргі сырғуын және тұрып қалуын, тиелу деңгейін, жедел тоқтауының) конвейерлерді қолдаудың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін құрылғылардың (тежегіштер, таспаларды ұстағыштардың,</p>		

315.	<p>қоршауларды блокадалау), өртке қарсы қарсы қорғаныс құралдарының жұмысын және өртке қарсы қондырғыда судың болуын қарау мен тексеруді тәулігіне бір рет учаске механигі немесе тағайындалған тұлға жүргізеді. Конвейердің сақтандыру құралдары жұмысының сенімділігін және таспаның күйін тексеруді айына бір реттен кем емес жиілікте шахтаның бас механигі немесе оның орынбасары жүргізеді. Тексерудің нәтижелері, ұйымның техникалық басшысы белгілеген нысанда, конвейер жағдайын жазу журналына енгізіледі. Журналда мінетті түрде тексеруге және қарауға жататын объектілер көрсетіледі</p>		
316.	<p>Қолдануға енгізуден бұрын, қолдану үдерісінде жылына бір рет мамандандырылған реттейтін ұйымы тұрақты ревизия және конвейер тізбектерін стационарлық реттеу жұмыстарын жүргізеді</p>		
317.	<p>Таспалы конвейерлер орнатылған қазбалар әр ауысым сайын шашылған тау жынысынан тазартылады</p>		
318.	<p>Іштен жану қозғағыштары (бұдан әрі – ІЖҚ) бар машиналарды пайдаланудың және күтіп ұстаудың тәртібі, оның ішінде гараждардың, жанар-жағар материалдары қоймаларының, шеберханалардың, бөлшектерді жанғыш</p>		

	сұйықпен жуу пункттерінің, машиналарға жанар-жағар май құю және олардың уақытша қою пункттерінің құрылысы төлқұжатпен айқындалады		
319.	<p>ІЖҚ бар барлық машиналар пайдаланылған газдарды тазалау жүйесінің болуы. Шахтада пайдаланылған газдардағы қозғалатқыштарды кез келген зиянды компоненттердің шоғырлануына жол бермеу:</p> <p>1) көміртегі тотығы – 0,2 пайыз (газдан тазалауға дейін), 0,08 пайыз (газдан тазалаудан кейін);</p> <p>2) NO2 қайта есептеумен азот тотықтары – 0,08 пайыз (газдан тазалауға дейін), 0,08 пайыз (газдан тазалаудан кейін);</p> <p>3) акролеинге қайта есептеумен альдегидтер – 0 пайыз (газдан тазалауға дейін), 0,001 пайыз (газдан тазалаудан кейін)</p>		
320.	Пайдалану кезеңінде сұйытылмаған пайдаланылған әрбір дизельді қозғағыштың газдарының құрамы, жүксіз жүрісте газды тазалағаннан кейін көміртегі тотығына және азот тотықтарына айына бір реттен кем емес жиілікте тексеру тәртібі		
321.	<p>Пайдаланылған газдардағы зиянды газдардың мөлшері шектік жіберілімді шоғырланудан артық машиналар пайдалануға жіберілмейді.</p> <p>Кеніш атмосферасының құрамы айына бір реттен</p>		

	кем емес ІЖҚ бар машиналардың негізгі жұмыс орындарында көміртегі тотығына, азот тотықтарына машинистің кабинасында анықталады		
322.	Гараждардың, жанар – жағар май материалдардың (бұдан әрі-ЖЖМ) жерасты қоймаларының, ІЖҚ байқап көру және реттеу орындарының пайдаланылған ауаны шығар ағысана жіберетін оқшауланған желдету талаптары		
323.	ІЖҚ бар машиналардың кабиналарына, олардың санына (біреу немесе екеу) және құрылымдық ресімдеуге қойылатын талаптар		
324.	ІЖҚ машиналары басқару бойынша техникалық жабдықтармен жабдықтау талаптары: 1) қозғағышты қосу; 2) дизель қозғалтқыштың айналу жиілігін (акселератор); локомотивтің жүрісін және жылдамдығын "алға", "кейін", "бейтарап" (реверсор) реттеу; 3) жұмыс және шұғыл тоқтату, жарық беру жүйесі; 4) құм жүйесімен (тек жердегі рельсті дизелевоздар үшін); өрт сөндіру жүйесі; аялдағыш механикалық тежеуіші; дыбысты дабыл; 5) машинаны іске қосқан кезде қосымша жанар май беру; жанармай беруді тоқтату.		
	Басқару тетіктерінің құрылымына және орналасуына қойылатын		

325.	талаптар. Екінші кабина болған кезде екі кабинаны басқару мен дизелевоз қозғалысын бақылау құралдарымен жабдықтау ұқсас болады		
326.	<p>ІЖҚ бар машиналар температура жоғарылаған кезде қозғалтқыш автоматты түрде тоқтататын қорғаныш құрылғыларына қойылатын талаптар:</p> <p>1) қозғағыштың ең қызғыш беті – 150 градус Цельсия;</p> <p>2) кеніш атмосферасына шығардағы пайдаланылған газдардың температурасы - 75 градус Цельсия;</p> <p>3) сұйық нейтролизатордағы судың және гидрожүйедегі жұмыс сұйығының деңгейі төмендеген кезде, сондай – ақ гидрожүйедегі майдың және жұмыс сұйығының қысымы жіберілімді деңгейден төмендеген кезде қозғалтқыш майының температурасы – 115 градус Цельсия.</p> <p>Қозғағыштың жанармай жүйесінде, жанармайды бүрку сорғысына келтіруді жабатын авариялық құрылғы қарастырылған, ол шашыратқыш сорғыға отынның берілуін жабады</p>		
327.	Жылу қорғау құралының құрылымы оның қосылуын бақылау мүмкіндігін қамтамасыз ету талаптары		
	Дизелевоздың жанармай багі механикалық және температуралы әсерлерден қорғалған,		

328.	<p>май құю құбыртегін жалған қосқанда автоматты түрде ашылатын және құбыртекті ағытқан кейін автоматты түрде жабылатын клапанға қойылатын талаптар. Бактағы ауа қысымын теңестіруге арналған жанармай багінің тесігі (сапун) жалынжапқышпен қорғалған.</p>		
329.	<p>ІЖҚ бар көлік машинасы машинист кабинасынан іске қосылатын тұрақты өртке қарсы құрылғымен және қолданбалы өртсөндіргішпен жабдықталған. Өртсөндіру құрылғысын іске қосқан кезде қозғалтқыш 25 секундтан ұзақ емес уақытта тоқтайды</p>		
330.	<p>Тіркеме массасы 8 тонна және одан артық табанмен жүретін дизелевоздарға қойылатын талаптар, олардың ортада орналасқан бір немесе шетте орналасқан екі жабық түрдегі, төбелері бар және екі шығымы (оң және сол жағынан) және мөлдір материалмен жабылған терезе қуысы болады. Дизелевоз кабинасы орындықпен жабдықталған. Ені 1050 миллиметрден артық дизелевоздарда машинистің стажерына арналған алмалы-салмалы орындық қарастырылады</p>		
	<p>Дизелевоздың тежеу жүйесіне қойылатын талаптар, олар келесілермен қамтамасыз етіледі:</p>		

331.	<p>1) аялдамада тежеуді - есепті массадағы поезды 0,05 еңісінде дөңгелектердің рельстермен үйкелісу 0,17 коэффициентінде ұзақ ұстауды;</p> <p>2) жедел (жұмыстағы) тежеу;</p> <p>3) шұғыл тежеу – поезды жолда тоқтатуды – есепті массадағы жүк тиелген құраммен тасымалдаған кезде – 40 метрден артық емес, жүк тиелген құрамды тіркеме массасы 10 т-дан артық дизелевозбен тасымалдаған кезде 80 метрден артық емес және адамдарды тасымалдаған кезде 20 метрден артық емес жолда тежеуді қамтамасыз етеді. Тежеу жүйесінің жұмысқа қосылу уақыты 2 секундтан артпайды</p>		
332.	<p>Монорельсті дизельді локомотивке қойылатын талаптар: гидроберіліс бар дизельдік секция, тарту блоктары, тежеу арбашалары, машинист кабиналары кіреді.</p> <p>Монорельсті поезді басқарудың екі кабинасы болады: біреуі – құрамның басында, екіншісі – соңында. Кабинаның маңдай терезесі сыңғанда ұсақ, өткір, үшкір сынықтар бермейтін шыныдан жасалады. Есіктің қуыстарының ені 0,7 метрден және биіктігі 1,0 метрден кем болмайды</p>		
333.	<p>Тарту блоктары екі шегенделген дөңгелектен және оларды монорельске жабсыратын құрылғыға қойылатын талаптар. Локомотивте</p>		

	жетекші дөңгелектердің рельстерге қысылуын бақылау құралы бар.		
334.	<p>ІЖҚ-ты монорельсті локомотивтің:</p> <p>1) тәжді қосу және ажырату, жылдамдықты реттеу және тежекіштерді қосу;</p> <p>2) бір кабинадан басқаруды қамтамасыз ететін басқару жүйесі болады</p>		
335.	<p>Дизельді локомотивте жедел, аялдау және авариялық тежеу жүйелері болады. Авариялық тежеу жүйесі қолмен әсер еткенде іске қосылады, сондай-ақ қозғалыстың үлкен жылдамдығынан (секундына 2 метр) 25 пайыздан асқан кезде немесе поезд құрамы үзілген кезде автоматты түрде қосылады және поездің есептік массасын жіберілімді еңісте 10 метрден артық емес жолында жылдамдықты секундына 35 метр түсірумен поезды тоқтатуды қамтамасыз етеді</p>		
336.	<p>Қолданудағы машиналардың қозғалғыштарын реттеуді осы мақсаттағы жұмыстарға арнайы бөлінген қазбаларда жүргізу талаптары. Жанармай аппаратурасын реттеу құрылғыларына, машинаны пайдалануға жіберетін тұлға қоятын, пломбалар орнатылды. Қозғалтқышты жоспарлы жөндеу және тексеру біткеннен кейін жанармай аппаратурасының пломбалары мен</p>		

	белгілері орындарына қайта қойылады		
337.	Жүк және адам мен жүктердің табандағы монорельсті жолдары материалдарды, жабдықтарды және адамдарды платформалармен және вагонеткалар және жазық және көлбеу (25 градусқа дейін), соның ішінде көлденең және тік жазықтықтарда бұрмаланған жерасты қазбалары бойынша тасымалдауға арналған		
338.	Кен қазбаларын жолдармен жабдықтау бойынша шахтаның техникалық басшысы бекіткен төлқұжаттың болуы		
339.	Жинақталған парашютті жүйесі бар (бір тежегіш арбасы бар) жол құрамдарын қалыптастыруға қойылатын талаптар: 1) бір жақты еңісі бар қазбаларда жолаушылар кабиналары тежеу арбашаларынан жоғары орнатылады; 2) саласы таңбасы ауыспалы қазбаларда жолаушылар кабиналары тежеу арбашаларымен, сондай-ақ өзара жалғастыру екеуден кем емес элементтерімен жалғастырылады, жалғастыру элементтері зауытта жасалған және адамдарды тасымалдау режимінде ең үлкен статикалық жүктемеге қатысты 10 еседен кем емес және жүктерді тасымалдау режимінде 6 еседен кем беріктік қоры болады;		

	<p>3) саласы таңбасы ауыспалы қазбаларда пайдалану үдерісінде құрамның жолаушылар элементтерін тежеу арбасынан ағытуға рұқсат етілмейді;</p> <p>4) құрамның жүкті бөлігі вагоншалардың өздігінен сырғанап кетуіне кедергі болатын құралдармен шеттік арқанмен тасымалдау қауіпсіздігі талаптарына сәйкес жабдықталады;</p> <p>5) тіркеу және қарсы тіркеу ілінгеннен кейін бес жылдан кем емес уақытта жаңаларымен алмастырылады.</p>		
340.	<p>Жолдардың парашютті жүйесіне қойылатын талаптар, мұнда қозғалыстың жылдамдығы жіберілімді жылдамдықтан 25 пайыздан артық жоғарылаған кезде автоматты түрде және жолды басқарушы тұлғаның отырған жерінен (құрамда) қолменен қосылады. Жұмыс жылдамдығы секундына 1 метрден аспайтын жүк тасымалдау жолдарына, секундына 2 метр жылдамдықта парашюттерді қосуды жүргізуге рұқсат етіледі. Құрамды парашюттермен тоқтату 10 метрден артық емес жолда орындалады. Жолдың апатты тежеу (парашютты) жүйесінің құрылымы ажыратылған (екі немесе бірнеше тежеу арбашаларында орналасқан) болуы мүмкін, тежеу арбашаларының қызметтерін сүйремелеу арбашалары және</p>		

	парашюттері бар жолаушылар вагондары атқара алады		
341.	Жолды басқаруға арнайы оқытудан өткен, берілген жолды басқаруға құқық беретін куәлігі бар және шахта бойынша бұйрықпен тағайындалған тұлғалар жіберіледі		
342.	Жолмен тасымалданатын адамдар, оның ішінде жолды басқарушылар да және жүкке еріп жүрушілер, арнайы жолаушы кабиналарында отырады, оның құрамда орналасуы және жүк алып келе жатқан арбаларда орнату әдісі пайдалану құжаттамасымен және жолды орнатудың төлқұжатымен анықталады		
343.	Отырғызу алаңшалары және жүк пен адамдар жолдарына жабдықталған қазбалар жарықтандырылу қажет		
344.	Жолды құрамнан немесе жетектен дабыл беру бойынша басқаруға рұқсат ету талаптары, бұл кезде жолды басқарушы адам немесе құрамнан сигнал беруші жолаушы кабинасының қозғалысы бағыты бойынша поездың алдыңғы бөлігінің біріншісінде болады. Жүк тасу жолын тасымалдың шеткі пункттерінен сигналдар бойынша жетектен басқаруға рұқсат етіледі		
345.	Адам мен жүк жолының жүк тасымалдау режиміндегі жұмысы кезінде құрамда болатын адамдардың санына қойылатын талаптар – үш		

	<p>адамнан артық болмайды . Жүк тасымалдау жолындағы құрамдағы адамдардың саны екі адамнан аспайды</p>		
346.	<p>Конвейерленген қазбаларда адамдар мен жүк жұмысы уақытында, қазбаның көлбеу бұрышы 10 градустан аспағанда, конвейерді таспаны ұстағыштармен жабдықтаған жағдайда немесе тростардың (резина тросты таспалар үшін) бүтіндігін бақылау құрылғыларымен жабдықтаған жағдайда рұқсат етіледі. Жүктерді көлбеу бұрышы 18 градусқа дейінгі жұмыс істеп тұрған қазбаларда тасымалдауға рұқсат етіледі</p>		
347.	<p>Адамдарды конвейермен тасымалдау кезінде, сондай-ақ конвейерге қызмет көрсету және жөндеу кезінде онымен қатар тұрған жолды тоқтатуға қойылатын талаптар, ал оны басқару желісі – блокталады</p>		
348.	<p>Жүкадам жолдарына қойылатын талаптар, оларың отырғызу алаңшаларында қабылданған сигналдардың кодтары, құрамдағы отырғызу орындарының жалпы саны, адамдарды тасымалдауға жауапты тұлғаның тегі көрсетілген хабарландыру ілінеді</p>		
	<p>Мыналарға: 1) жүгі бар құрамда, жолды басқарушы мен жүкке еріп жүрушілерден басқа, адамдарды тасымалдау;</p>		

349.	<p>2) жолды, белгіленген тұлғалардан басқа, адамдардың басқаруы;</p> <p>3) жүк арбашаларына (вагонетка) адамдардың мініп жүруі;</p> <p>4) бекітпелері бұзылған қазбалардағы және қазбаның қимасы бойынша керекті саңылаулар болмаған кезде, сондай-ақ жолдың, қозғалмалы құрамның, тежеу жүйелерінің, б а с қ а р у аппаратурасының, дабылдаманың және байланыс құралдары бұзылған кезде жолды пайдалануға;</p> <p>5) ірікөлемді жабдықты бақылау тұлғасының қатысуынсыз тасымалдауға;</p> <p>6) платформаны ұзын өлшемді материалдармен немесе ішінде адамдар бар кабина артына немесе алдында үлкен көлемді жабдықпен тіркеуге;</p> <p>7) табан жұмыстарын жүргізу кезінде көлбеу қазбамен адамдардың қозғалуына жол берілмейді</p>		
350.	<p>Трасса бойында тарту арқанын бағыттау үшін ұстап тұрушы және бағыттаушы құрылғыларға қойылатын талаптар, олардың араларындағы қашықтық пайдалану құжаттамасы және жолды салудың төлқұжатымен айқындалады, бұл кезде арқанның блоктарда және ұстап тұрушы роликтердегі және бағыттаушы</p>		

	құрылғылардағы иілу бұрышы 6 градустан аспайды		
351.	Қалып немесе дөңгелек түріндегі сақтандыру тежегішінің жүк немесе серіппелі жетегі болады және арқан тартатын (жетектік) доңғалаққа әсер етеді		
352.	<p>Жолдарды басқару және сигнал беру үшін оларға арналған арнайы аппаратура қолданылады, ол:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) кондуктордың трассаның кез келген нүктесінен құрамнан жол жетегін ара қашықтықтан басқаруын; 2) жетекті станцияның орнатылған жерінен кондуктордың сигналдары бойынша жол жетегін жергілікті басқаруды; 3) жол трассасынан және жергілікті басқару постынан жетекті ағытумен және тежеуіштерді салумен, түсірумен кез келген тұлғаның жетекті шұғыл тоқтауын; 4) трассанының кез келген нүктесінен кодты сигналдар берудің мүмкіндігін; 5) құрам тасымалдың шеткі пункттерден өткен, тарту жүгін жіберілімді деңгейден төмен түскен, тарту арқанының жылдамдығы белгіленген шамадан 25 пайызға артқан, тарту арқанының жылдамдығы жетектеу доңғалағына қарағанда 25 пайызға төмендеген, басқару тізбегінің немесе шұғыл тоқтатудың бұзылуы, тежеу құрылғылары іске 		

	қосылуы кезінде жетекті автоматты тоқтатуды қамтамасыз етеді.		
353.	<p>Басқару аппаратурасы жұмыс істеген кезінде:</p> <p>1) жол жетегін бір мезгілде ара қашықтықтан және жергілікті басқарудың;</p> <p>2) іске қосу алдындағы ескерту сигналын берусіз жол жетегін қосудың;</p> <p>3) арқан жылдамдығының төмендеуінен немесе жоғарлауынан қорғаныстың қосылу кезінде жетекті қайта қосылуын;</p> <p>4) шұғыл сөндіру кезінде жолды тоқтатудың орнынан "Тоқта" сигналы алынғанға дейін, жетекті қайта қосуды;</p> <p>5) тасымалдаудың шеткі пункттеріне құрамның шеткі ажыратқышқа соғылуы кезінде жолдың көтерілу бағытында жетекті қайта қосудың мүмкіндігі болдырмауы қажет</p>		
354.	Жолдың жетекті станциясын және тарту құрылғысын орнатқан жерлерде қоршаудың болуы		
355.	<p>Жетекті станцияда екі: жұмыс және сақтандыру тежегіштері болады. Жетекті станциядағы бұрымдық берілістің болуы тежегішті алмастыра алмайды. Сақтандыру тежегішінің жетектің тежелген жағдайы кезінде даму кезеңі статикалық кезеңге қатынасы көлбеу бұрышы 15 градус кезінде 1,8 кем емес, 20 градус кезінде 2 кем емес, 25 градус кезінде 2,6</p>		

	<p>кем емес, 35 градус кезінде 3,0 кем емес болып белгіленеді.</p> <p>Жылдамдықтың төмендеуі, жұмыс және сақтандыру тежеулерін кезінде тарту органының доңғалағы бойынша арқанның сырғанап кету мүмкіншілігіне байланысты шамадан аспайды</p>		
356.	<p>Жүк пен адам жолдарында адамдарды жылжымалы құрамға отырғызу жерлерінде отырғызу жағынан екі 1 метрден кем емес өтімі бар отырғызу алаңшаларына қойылатын талаптар. Пайдалану үдерісінде кезеңмен орын ауыстырылатын отырғызу алаңшаларында өтімнің енін 0,7 метрге кішірейтуге рұқсат беріледі</p>		
357.	<p>Жолға қызмет көрсететін персонал ауысым сайын жұмыс басталардың алдында қозғалмалы құрамды, жетекті станцияны, керу құрылғысын тіркеу және сигнал беру құрылғыларын қарап тексеру кезеңділігі, ал парашютті құрылғылар қолмен қосылып көріледі . Қазбаны, жетекті, парашютті құрылғыларды және электр жабдығын тәулігіне бір реттен кем емес жиілікте шахта бойынша бұйрықпен тағайындалған жауапты тұлға қарап тексереді. Жолдағы жабдықтың жағдайын бақылауды апта сайын, қарауында осы жол бар, механик, ал жүкадамдық жолды әр</p>		

	<p>тоқсан сайын шахтаның бас (аға) механигі немесе ол тағайындаған тұлға жүргізеді. Қараудың нәтижелері жасаушының жолды пайдалану бойынша нұсқаулығына сәйкес арнайы журналға жазылады</p>		
358.	<p>Көлбеу бұрышы 6 градустан артық қазбаларда жасалған жолдарда ай сайын учаске механигінің басшылығымен жасап шығарушының құжаттамасына сәйкес авариялық тежеу (парашюттік) жүйесінің жылдамдығын шектегішті сынау жүргізілуін тексеру</p>		
359.	<p>Ұзындығы 500 метрден артық жолдары үшін арқанды қарауды кезеңмен, бірнеше ауысым бойына, белгіленген кезеңділіктен асырмай жүргізуге рұқсат етіледі. Секундына 0,3 метрге дейінгі арнайы қарау жылдамдығы жоқ жүктасымалдау жолдарында және көлбеу бұрыштары 10 градустан кем қазбаларда арқандарды қарау тоқтатылған арқанда оны қарап өту жолымен жүргізіледі. Үзілген сымдарының саны сымдардың жалпы санының өру адымының ұзындығында 2 пайыздан аспайтын, қозғалыс жылдамдығы секундына 1 метрге дейінгі жағдайда , арқанды тәулік сайын қарауды жүргізуге болады.</p> <p>Арқанды шұғыл жүктеген кезде жолдың жұмысы дереу арқанды қарау үшін тоқтатылады.</p>		

	<p>Жүк тасымалдау жолының арқанын апта сайын қарауды электрслесарь, ал жолдардың барлық түрлерінде арқанды ай сайын қарауды учаске механигінің қатысуымен электрслесарь жүргізеді. Қараулардың нәтижелері Арқандардың қараудың және олардың шығындары журналына жазылады</p>		
360.	<p>Жеке қазбаларда да немесе конвейерлі қазбаларда орналасқан табандағы жолдарға қойылатын талаптар. Жолдарды параллель орнату тек қана еңістері 0,050 – ге дейін қазбаларда ғана рұқсат етіледі</p>		
361.	<p>Табандағы жолдармен жабдықталған қазбалардағы саңылаулар рельсті көлікке арналған өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкес қабылданады, бұл кезде конвейерлі қазбаларда адамдарға арналған өтімдер қозғалмалы құрам мен қазба бекітпесінің арасында жасалады. Тарту арқанын адамдардың жүруіне арналған өтімде орналастыруға рұқсат берілмейді</p>		
362.	<p>Қазбалардың екі жолды учаскелерінде, сондай-ақ қайта тиеу пункттерін жабдықтау кезінде табандағы жолдардың өзара жанасу немесе тасымалдың басқа құралдарымен жанасу түйіндерінде адамдардың өту жолдары қазбаның екі жағында жасалады</p>		

363.	Жолдың еңістері 0,005-тан қазбаларда тек қана парашютті жүйемен жабдықталған жолдар пайдаланылады. Кері еңісті учаскелері бар, созылмалығы құрамның екі ұзындығынан артық саласы таңбасы ауыспалы қазбаларда екі жақты әсерлі парашют жүйесімен жабдықталған жолдар қолданылады.		
364.	Табандағы жолдардың парашютты жүйесіне сәйкес табандағы жолмен жабдықталған қазбалардағы рельстердің түрлеріне және рельстерді салу тәсілдеріне қойылатын талаптар		
365.	Тарту арқанының зақымдануына жол бермейтін табандағы жолдарға арналған бұрма құрылымына қойылатын талаптар		
366.	Табандағы жолдардың жұмыстағы ең үлкен жылдамдығына қойылатын талаптар, егер жетек жылдамдықты бірқалыпты реттеуді қамтамасыз етпесе, секундына 1,0 метрден аспайды		
367.	Бір көлбеу қазбада монорельсті және рельсті көлік құралдарын орналастыруға рұқсат етпеу		
368.	Екі монорельсті жолдардың қозғалмалы құрамның аумағы арасындағы саңылаудың болуы (екі жолды және монорельсті көлікті қазбаларда) – 0,4 метрден кем емес		
	Монорельсті жолдардың өзара және көліктің басқа		

369.	түрлерімен жанасу түйіндерінде қайта тиеу пункттерінде жабдықтаған кезде адамдардың өту жолдары қазбаның екі жағынан жасалады.		
370.	Қазбалардың дөңгеленген бұрылыстарында және оларға жалғасқан қазбалардың түзу учаскелерінде саңылаудың шамасы, сондай-ақ түзу учаскелерінің дөңгеленгеніне жалғасқан қосымшаның ұзындығы қазбалардың дөңгелену радиусына байланысты		
371.	Қозғалмалы құрам табандары мен қазба табанының арасы немесе табанда жатқан жабдықтың арасы – 0,4 метрден кем Ірі көлемді жабдықты тасымалдау кезінде шахтаның техникалық басшысының жазбаша рұқсатымен тасымалдау жүгінің төменгі жиегі мен қазба табаны немесе табанда жатқан жабдық арасы 0,2 метрге дейін кішіреюі мынадай шарттарды орындағанда болады: 1) бақылау тұлғасының жүкке еріп жүруі; 2) конвейерді ағыту және конвейерлі қазбалармен тасымалдау кезінде оның жібергішін механикалық жолмен блокадалау		
372.	Монорельсті жолдардың қозғалмалы құрамына адамдарды отырғызу орындарында отырғызу жағынан ені 1 метрден кем болмайтын өту жолының болуы		

373.	Монорельсті жолдардың кабельдермен, құбырлармен қиылысқан жерлеріне қойылатын талаптар, олар өзара жанасу болмайтын етіп, жолды орнатудың төлқұжатына сәйкес орындалады		
374.	Монорельсті жолдың қозғалмалы құрамы жазық және көлбеу қазбалардағы жұмыстарда тіркеу қауіпсіздігін, сондай-ақ өздігінен ағытылу мүмкіндігін болдырмауды қамтамасыз ететін қатты, берік тіркемелердің болуы		
375.	Монорельсті жолдар құрамдарының жылдамдығына қойылатын талаптар, ол жолдың құрылысы және төлқұжатымен айқындалады. Ұзын өлшемді және ірі көлемді жүктерді тасымалдау секундына 1 метрден артық емес жылдамдықта жүргізіледі		
376.	Монорельсті жолдардың құрамдарын қалыптастыру пайдалану бойынша басшылық құжатқа немесе нұсқаулыққа қатаң сәйкестікте жүргізіледі. Егер құрамның жүктік бөлігі авариялық тежегіш (парашютты) жүйесімен жабдықталмаған болса, онда жүк арбашалары құрамның (парашюттермен жабдықталған) ұстап алынатын бөлігімен, сондай-ақ өзара тіркеуден басқа, қарсы тіркеумен жалғасады		

377.	<p>Монорельсті жол құрамы құрамдағы көршілес арбашалардың жүктерінің арасы жолдың дөңгеленген бұрылыстарында және ойыс, көтеріңкі жерлерінде құрамның өтуін қамтамасыз ететін болуы керек, алайда 0,3 метрден кем болмайды. Сонымен бірге жолдың барлық трассасының бойында тасымалданатын жүктің жоғарғы жиегімен монорельсті жолдың төменгі жиегі арасыдағы саңылау 50 миллиметрден кем болмайды. Тасымалданатын жүктердің жүру үдерісінде бүйірге ауытқуы 0,2 метрден аспайды</p>		
378.	<p>Монорельсті жолдарды: 1) жөнделмеген бекітпелері бар қазбаларда және қазба қимасы бойынша жолды орнатудың саңылаулары болмаған кезде; 2) монорельсті жолдың, қозғалмалы құрамның, тежеу жүйесінің, басқару аппаратының, дабылдаманың және байланыс құралдарының бұзылыстары болған кезде пайдалануға болмайды</p>		
379.	<p>Монорельсті жолдың көтеруші органы (монорельсті жол) зауытта жасалған стандартты бөліктерден жинастырылады. Зауытта жасалған монорельсті жолды ілу құрылғылары қазба бекітпесінің түріне сәйкес келеді. Монорельсті жолдың құрылысы қазбаның</p>		

	көлдең қимасында монорельсті жолдың шайқалуын болдырмайтын арнайы құрылғыларды қарастырады		
380.	Монорельсті жолды ілу құрылғыларының ең үлкен статистикалық жүктемеге қатысты 3 еседен кем емес беріктік қоры болады, биіктік бойынша монорельстің орынның реттеу мүмкіндігін қамтамасыз етеді және қазбаны бекітпесінің тиісті түрлеріне ілуге оңтайландырылған. Монорельсті ілуге шынжырларды қолданған кезде олардың беріктік қоры ең үлкен статистикалық жүктемеге қарағанда 5-еседен кем болмайды		
381.	Қисайған учаскелерде немесе тау қазбаларының қосылу орындарында монорельсті жол бүгілу радиусы мен ұзындығы жолды орнату төлқұжатымен анықталған, алдын ала тік немесе көлденең жазықтықта бүгілген монорельс секцияларынан құралады		
382.	Тартпалы жетегі бар монорельсті жол жетегінің тарту арқаны қарау үшін жылдамдығы төмен болады		
383.	Монорельсті жолдарда тарту арқаны ретінде дөңгелек иірілген диаметрі 15 миллиметрден емес жүкадамдық болат арқандар қолданылады		
	Қызмет көрсететін персонал (жол кондукторлары немесе		

384.	<p>жол машинисі) ауысым сайын жұмыстың алдында қозғалмалы құрамды, жетектеу станциясын, тарту құрылғысын, локомотивті, тіркемелерді және дабыл құрылғыларын тексереді, ал авариялық тежеу құрылғыларын (парашюттерді) қолмен қосып көреді. Монорельсті жол жағдайын бақылауды апта сайын, осы жол қарамығына қарайтын, учаске механигі және тоқсан сайын шахтаның бас (аға) механигі жүргізеді</p>		
385.	<p>Адамдар мен жүктерді тік және көлбеу қазбалар бойынша көтеру және түсіру кезіндегі көтергіш машиналарының ең үлкен жылдамдықтарына қойылатын талаптар, ол шығарушы зауыттың төлқұжатымен айқындалады</p>		
386.	<p>Жобалау кезінде қозғалып келе жатқан ы д ы с т ы ң жылдамдығының орташа баялау мәні сақтандыру тежеуі кезінде, сондай-ақ шұғыл жағдайларда жұмыс тежеулер кезінде көлбеу бұрышы 5 градус – шаршы секундта 0,8 метр, 10 градус – шаршы секундта 1,2 метр, 15 градус – шаршы секундта 1,8 метр, 20 градус – шаршы секундта 2,5 метр , 25 градус – шаршы секундта 3,0 метр, 30 градус – шаршы секундта 3,5 метр, 40 градус – шаршы секундта 4,0 метр , 50 градус және одан да</p>		

	көп – шаршы секундта 5,0 метр мәндерден аспайды		
387.	<p>Артық көтеруден және жылдамдықтың жоғырылауынан сақтандыру үшін шахталық көтерме қондырғысы мынадай сақтандыру құрылғыларымен:</p> <p>1) әрбір көтергіш ыдыс (керісалмақ) – қазба немесе коперде орнатылған және көтергіш ыдыс жоғарғы қабылдау алаңшасы деңгейінен (жүк түсірудегі қалыпты жағдайдан) 0,5 метрге жоғары, тереңдік көрсеткішінің қосалқы шеттік ағытқышында – шеттік ағытқышпен жабдықталған.</p>		
388.	<p>2) Көлбеу қазбаларда шеттік ағытқыштар жоғарғы қабылдау алаңшаларында, жұмыс процесіне байланысты қалыпты жағдайдан 0,5 метр жерде орнатылған</p>		
389.	<p>3) Аудармалы клеттері бар көтергіш қондырғылар, коперде адамдарды клетке отырғызуға арналған алаңшадан 0,5 метрден жоғары коперде орнатылған қосымша шеттік ағытқыштары болады. Бұл шеттік ағытқыштардың жұмысы тереңдікті көрсеткіште қойылған (жүрісті беру және бақылау апаттарында) қойылған шетті ағытқыштармен қосарлана жұмыс істейді. Аудармалы клеттері бар қондырғыларда қосымша шеттік ағытқыштар (негізгі және қосарланған)</p>		

	берілген "жүк" немесе " адамдар" режиміне байланысты қорғаныс тізбегіне енгізіледі		
390.	<p>4) сақтандыру тежегішін іске қосуға келтіретін, жылдамдықты тектеуіш мына жағдайда:</p> <p>қ о р ғ а н ы с</p> <p>тахограммасының жылдамдығы азайған мезгілде артуы, оның шамасы жолдың әрбір баяулау нүктесінде, скиптер мен клеттерді апатты артық көтермеу шартынан анықталады; бірқалыпты жүріс жылдамдығының 15 пайызға артуы; ыдыстың жоғарғы, төменгі және аралық алаңшаларына, сондай-ақ оқпанды арқанмен арқаулау кезінде қатты бағыттаушыларға, жақындағанда, секундына 1 метрден артық жылдамдықпен адамдарды түсіру-көтеру кезінде және секундына 1,5 метр жылдамдықпен жүкті түсіру-көтеру кезінде жақындауы.</p>		
391.	<p>Жерасты қазбаларындағы жүк және көлбеу қазбаларда жұмыс істеп тұрған адамдар көтергілерінің шығырлары жылдамдықты шектеуіштермен жабдықтағанға дейін бірқалыпты жүрісінің жылдамдығы 15 пайызға артық жағдайда сақтандыру тежегішін қосатын аппаратпен және баяулау бөлшектерінің 1-2 нүктелерінде жылдамдықты бақылаумен жабдықталады</p>		

392.	Шахтаның көтеру қондырғылары мынадай қорғаныс және блоктау құрылғыларымен жабдықтау		
393.	Құйылған немесе штампталған шеңберлері бар тежегіштердің шеңберлері, оларды шегендеу қарастырылмаған кезде, тоғандары бастапқы қалыңдығынан 50 пайызға тозған және шыбықтарының шеттері ашылған кезде жаңа түрімен ауыстырылады. Тегергіш науаларының тереңдігі бастапқы қалыңдығынан 50 пайыздан көп тозғанда, тегер науасын құюға рұқсат етіледі		
394.	Оқпандарды үңгілеу және тереңдету кезінде көтермедегі авария бола қалған жағдайға, ауысымдағы жұмысшылардың ең көп санын бірмезгілде орналастыруды қамтамасыз ететін, ілмелі авариялық-құтқару баспалдағы болады. Баспалдақ тежегіштермен жабдықталған және аралас жетегі бар (механикалық және колменен) шығыр арқанына бекітіледі. Тереңдігі 100 метрге дейін оқпандарды үңгілеу кезінде авариялық-құтқару баспалдағының тек қана қол жетегі бола алады, және тежегіштер мен тіреуіш тоқтатпалары болады		
	Шахтаның барлық деңгейжектерінде оқпандар алдында, адамдардың көтерме		

395.	бөлімдер арқылы өтпеуін ескерту үшін сақтандыру торлары орнатылады. Жұмыс істеп тұрған шахталарда жоғарғы қабылдау алаңшасында гильотин түріндегі есіктерді клеттің тоқтауының соңына дейін, оқпанға адамдардың өтуіне кедергі болатын қосымша қоршаулар болады		
396.	Адамдарды түсіру және көтеру қарастырылмаған оқпандардағы көтерме қондырғыларына қойылатын талаптар. Адамдарды түсіру және көтеру қарастырылмаған оқпандарда көтерме қондырғыларын пайдалануға тек қана осы оқпанды қарау және жөндеу жұмыстарын атқаратын тұлғаларға ғана рұқсат етіледі		
397.	Жүктерді вагоншаларда жүргізетін тік оқпандардың барлық аралық, төменгі және жоғарғы алаңшалары, сондай-ақ төңкергіштер алдындағы алаңшалар, бір-бірлеп өткізуді қамтамасыз ететін және өздігінен сырғанап кетуді болдырмайтын тоқтатқыш құрылғылармен жабдықталған		
398.	Барлық жаңадан жасалатын қорғаныс және сақтандыру құрылғыларын (тежегіш, парашютты және ілмелі құрылғылар), қорғаныс және сақтандыру аппаратурасын (жылдамдықты шектегіштер және қысым реттегіштер), адамдық және жүкадамдық		

	қондырғыларын басқару және автоматтандыру схемаларын шахталарда қолдануға рұқсат беру		
399.	<p>Көтерме ыдыстың бағыттаушы сырғанау табандары мен бағыттаушыларды арасындағы оларды орнату кезіндегі жинақтық саңылауына қойылатын талаптар:</p> <p>1) базалық белгіде: рельсті бағыттауыштар үшін – 10 миллиметр, ағаш бағыттауыштар үшін – 20 миллиметр;</p> <p>2) оқпан тереңдігі бойынша: рельсті бағыттауыштар үшін – 10 ±8 миллиметр, ағаш бағыттауыштар үшін – 20 ±10 миллиметр.</p> <p>Көтерме ыдыстарда серіппелі жұмысшы бағыттауыш құрылғыларды пайдаланған кезде сырғанаудың сақтандыру табандарының жанасу беттері мен бағыттаушылар арасындағы оларды орнатқан кездегі жинақтық саңылау базалық белгіде құрайды: рельсті бағыттауыштар үшін – 20 миллиметр, қорабты бағыттауыштар үшін 30 миллиметр.</p>		
400.	<p>Бағыттауыштардың тозуын аспаптармен тексеру әбзелдеудің әр қабаттарында: металл бағыттауыштар – 1 жылдан кейін, ал ағаш бағыттауыштар үшін, сондай-ақ металл бағыттауыштардың жұмыс мерзімі 5 жылдан кем оқпандарда, – 6 айдан кейін жүргізіледі.</p> <p>Шахтаның бас механигі</p>		

	тексеруге жауапты болып табылады		
401.	<p>Тұрақты көтерме қондырғыларының көтеру ыдыстарының аса шығып тұрған бөліктері мен бекітпенің және тік оқпандардағы кергіштердің арасындағы пайдалану саңылауларына қойылатын талаптар. Үңгілеу көтерме кезінде ортадағы бағыттаушы арқандардың арасындағы саңылаудың шамасы 300 миллиметрден кем емес. Оқпанның тереңдігі 400 метрден артық болған кезде қауғалардың соқтығысуын болдырмау үшін босатқыш арқандар немесе басқа құрылғылар қойылады.</p>		
402.	<p>Адам және жүк пен адамдар көтерме қондырғыларының электрлік жетегі болады. Көлбеу және тік қазбалармен адамдарды вагоншаларда түсіру және көтеру үшін қолданатын шығырлар көтерме машиналарға қойылатын барлық талаптарға жауап береді</p>		
403.	<p>Көтерме машиналар мен шығырлар оқпандағы ыдыстардың орнын машинистке көрсететін аппаратпен (индикатормен) жабдықталуы, ал көтерме машиналар оқпанды үңгілеу немесе тереңдету жұмысы кезінде барабан дөңгелегінің қырында үңгілеу ілмелі сөресінің қысқа құбыр жоғарғы қимасының белгісі түседі .</p> <p>Әрбір көтерме машинада дұрыс жұмыс істейтін:</p>		

	<p>1) өзі жазатын жылдамдық өлшеуіш (жоғарыда орнатылған жылдамдығы секундына 3 метрден артық машиналар үшін);</p> <p>2) вольтметр және амперметр;</p> <p>3) тежеу жүйесіндегі қысымдалған ауаның немесе майдың қысымын көрсететін манометрлер болады</p>		
404.	<p>Әрбір көтерме машинаның (шығыр) жетекті тәуелсіз қосатын жұмыс және сақтаныру тежегіші болады. Ұңғымалық шығырларда және құтқару баспалдақтарына арналған шығырларда (шектік жүктердің қозғалу жылдамдықтары тиісінше секундына 0,2 және 0,35 метрге сәйкес) мыналар: қозғағыш білігінде немесе аралық білікте маневрлік тежегіш, сақтандыру тежегіші, барабанда тоқтатқыш құрылғысы (тежеп тоқтату), қосылып тұрған сақтандыру кедергісі және тоқтату құрылғысы кезінде жүкті түсіру бағытында электр қозғағыштың қосылуын болдырмайтын блокировка болады</p>		
	<p>Көтерме машина (шығыр) тоқтаған (қозғалмайтын) жағдайда, сақтандыру тежегішімен жасалатын мезеттердің ең үлкен статистикалық мезетке қатынасы көлбеу бұрышы 20 градусқа дейін 2,1 кем емес, 25 градус кезінде – 2,6 кем емес, 30 және одан да көп градус кезінде – 3,0 кем емес мәнді құрайды.</p>		

405.	<p>Ұңғымалық шығырларында және құтқару баспалдақтарына арналған шығырларда (шектік жүктердің қозғалу жылдамдықтары тиісінше секундына 0,2 және 0,35 метр сәйкес), жеке оңтайландыру және сақтандыру тежегішімен жасалатын тежеу мезеті жүктеменің ең үлкен статистикалық мезетінен 2 еседен кем болмауы керек. Мұнда сақтандыру тежегішін іске қосу оңтайландыру тежегіштің автоматты іске қосылуымен қатар жүреді</p>		
406.	<p>Жер бетіндегі жүк пен адам және адам көтермелерінде машиналар барабанының орамына қойылатын талаптар – 1 қабатты. Жүк және авариялық тік көтермелердің, көлбеу бұрышы 30 градустан 60 градусқа дейінгі жерасты қазбаларының адам және жүкпен адам көтермелерінің көтерме машиналарында арқандарды барабандарға екіқабатты орауға рұқсат етіледі. Үш қабатты орама басқа қалған пайдалау көтермелерінде және тік және көлбеу қазбаларды үңгілеуде рұқсат етіледі. Авариялық-жөндеу және қосалқы жүк көтерме қондырғыларда (жыныс оқпандары, жүктерді эстакаларға көтеру, жүктерді және қосымша материалдарды тік және көлбеу қазбалармен ауысымда 10-нан артық цикл санында түсіру және көтеру), сондай-ақ үңгілеу жылдамдығы секундына 0,4 метр</p>		

	артық емес шығырларда және құтқару баспалдақтары шығырларында (жылдамдығы секундына 0,35 метрге дейін) көп қабатты орама рұқсат етіл		
407.	Барабандардың шегендеуі, арқан орамы қабаттарының санына байланыссыз болады. Шегендердің және жоңылған қарықшалардың үңгілеу шығырлары барабандарында (жылдамдығы секундына 0,2 метрден артық емес) және құтқару баспалдақтарының шығырларында (жылдамдығы секундына 0,35 метр) болуы міндетті емес		
408.	Көтергі ыдыстарды, парашюттерді, тоқтатқыштарды, ілмелі құрылғыларды, бағыттаушы табандарды, тиеу және түсіру құрылғыларын, бағыттаушы және қисайту шкивтерін, оларды астарын оларды шегендеуді және сойынтіректерін, тежеу жүйесін, көтергі машинаның басқа элементтерін, қорғаныс аппаратурасын және басқару жүйесін тәулік сайын көтергі механигі немесе тиісті мамандығы бар және шахта бойынша осы мақсатқа тағайындалған тұлға қарайды және тексереді. Осы тұлғалар ыдыстардың секундына 1 метрге дейінгі жылдамдығы кезінде тәулік сайын және секундына 0,3 метр		

	жылдамдық кезінде жетісіне бір реттен кем емес жиілікте әбзелдеуді тексереді. Оқпандардың жөндеуде тұрған бөліктері тәулік сайын қаралады		
409.	Жаңа арқанды ілудің алдында және одан әрі тоқсанда бір реттен кем емес жиілікте шахтаның аға механигі шкивтерді қарауды жүргізеді. Бұл ретте шкив науасының қимасы және оның денесінің қалыңдығы өлшенеді. Шахтаның бас немесе аға механигі әр күнтізбелік 15 күнде бір реттен кем емес жиілікте сақтандыру тежегіші және қорғаныс құралдары жұмыстары дұрыстығын тексеруді, айына бір реттен кем емес - көтергі қондырғысының барлық жоғарыда көрсетілген элементтерінің дұрыстығын тексереді. Қараулардың нәтижелері Көтергі қондырғысын қарау журналына жазылады		
410.	Діндерді шахтаның техникалық басшысы төрағалық ететін комиссия қарайды. Металл және темірбетон діндерін қарау жылына бір рет, ал ағаш және өту діндерін – жылына екі рет жүргізіледі.		
411.	Ұңғымалық шығырларды қарауды ауысым сайын және әрбір түсіру-көтеру операциялары алдында электрослесарь, жетісіне бір рет ұңғыма (учаске) механигі, айына бір рет – шахтаны ұңғылау (шахтасалу) ұйымының бас механигі жүргізеді		

412.	<p>Көтерме машиналардың машинисттеріне шахта бойынша бұйрықпен 1 жылдан кем емес өтілі бар, арнайы оқытудан өткен, тиісті куәлік алған және екі айлық сынақ мерзімінен өткен тұлға тағайындалады.</p> <p>Адамдарды және адам мен жүк көтергілері машинисттеріне жүк көтергі машиналарында 1 жылдан кем емес жұмыс істеген тұлғалар тағайындалады</p>		
413.	<p>Оқпандарды ұңғылау және тереңдету кезінде көтергі машинисттеріне, арнайы оқудан өткен, тиісті куәлік алған және үш айлық оқпандарды ұңғылау көтергісінде сынақтан өткен тұлғалар тағайындала алады</p>		
414.	<p>Басқа машинаны басқаруға өткен кезде, сондай-ақ жұмыста 1 айдан артық үзіліс болған кезде сынақтан өту міндетті. Жылына бір реттен аз емес уақытта шахтаның бас механигінің төрағалығымен комиссия машинисттердің білімдерін тексеруді жүргізеді</p>		
415.	<p>Жұмысшылар ауысымдарға түсу және көтерілу сағаттарында, ауысым машинистінен басқа, оның қасында осы машинаны басқаруға құқығы бар екінші машинист болады</p>		
	<p>Ауысымды қабылдайтын машинист, жұмысты бастаудан бұрын машинаның дұрыстығын тексереді. Адамдарды түсіру және көтеруді жүргізу қос көтергі</p>		

416.	<p>ыдыстарды жоғары – төмен бос, алдын ала жүргізгеннен кейін рұқсат етіледі. Тексерудің нәтижелерін машинист Ауысымдарды қабылдау және тапсыру журналына енгізеді</p>		
417.	<p>Егер де көпқабатты клеттің бірнеше қабатына адамдарды отырғызу (шығару) бір уақытта жүргізілетін болса, онда әр қабылдау алаңшаларында тұтқашы, ал оқпан албарында – оқпаншы тұрады. Жүктерді қабылдау және сыртқа жіберу жүргізілетін аралық деңгейжиектерде машинист пен тұтқашыға жұмыс сигнализациясы (дабылдама) болады, сондай-ақ олармен тікелей телефон байланысы болады, адамдарды түсіруге (көтеруге), оқпаншылар болмаған кезде мынадай жағдайларда рұқсат етіледі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) клетте тұтқашы мен машинистке тікелей сигнал беру, телефон байланысы немесе сымсыз құрылғы байланысы болады; 2) клетте лифтші (оқпаншы) тұрады. 		
418.	<p>Барлық отырғызу пункттерінде және машиналы бөлімде хабарландырулар ілінген, оларда мыналар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) адамдарды түсіру және көтеруді қауіпсіз ұйымдастыруға жауапты адамдардың тегі; 2) адамдарды көтеру және түсіру кестелері; 3) қолданатын сигналдар; 		

	<p>4) біруақытта әр қабаттан клетте, қауғада немесе адамдар вагоншасында көтерілетін адамдардың саны көрсетілген.</p> <p>Адамдарды түсіру және көтеруге арналған көтергі қондырғыны пайдалануға салынған тыйымдар және шектеулер туралы отырғызу пункттерінде хабарландырулар ілінеді</p>		
419.	<p>Барлық қабылдау алаңшаларында клеттердің жіберілімді жүктемесі көрсетілген кестенің болуы.</p> <p>Оқпаншылар мен тұтқашыларды тоқсанында бір реттен сирек емес клетті жүктеу ережесі және нормалары бойынша нұсқамадан өткізу</p>		
	<p>Пайдалануға енгізуден бұрын және бұдан әрі жылына бір рет маманданған жөндеу ұйымы шахтаның энергомеханикалық қызметі өкілінің қатысуымен көтергі қондырғысын тексеру және жөндеуді жүргізеді.</p> <p>Автоматтандырылған көтергі қондырғыларының электрлік бөлімі және аппаратурасы әрбір 6 айдан кейін тексеру және жетілдіруге жатады.</p> <p>Шахтаның маркшейдерлік қызметі жылына бір реттен кем емес маршейдерлік жұмыстарды жүргізу бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкес шахтаның көтергі мен коперінің геометриялық байланысын толық тексеруді орындайды.</p>		

420.	<p>Тексерудің нәтижелері бойынша акт жасалады, оны шахтаның техникалық басшысы бекітеді. Көтергі қондырғысын тексергеннен және жөндеуден кейін шахтаның бас механигі және жөндеу ұйымының өкілі бақылау сынауын жүргізеді. Бақылау сынағын жүргізгендігі туралы хаттама толтырылады, оны шахтаның техникалық басшысы бекітеді.</p> <p>Тексеру мен жөндеуден 6 айдан кейін әрбір пайдаланымдағы және ұңғымалық көтергі қондырғысы шахтаның (шахта салу ұйымы) бас механигінің басшылығымен комиссия техникалық қарауды және сынауды жүргізеді. Жүргізілген қарау және сынау туралы акт жасалады</p>		
421.	<p>Қолдану мерзімі өткен көтерме машиналарын әрбір 5 жыл сайын жоғары тұрған ұйымның бас механигі басшылығымен комиссия жөндеу ұйымы өкілінің қатысумен тексереді. Машинаны одан әрі пайдалану мүмкіндігі туралы шешімді жөндеу ревизиясы нәтижесі негізінде және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында жұмыс жүргізу құқығына аттасетаттаудан өткен ұйымның сараптамалық шешімі болған кезде комиссия қабылдайды</p>		
	<p>Әрбір көтергі қондырғыда:</p>		

422.	<p>1) шахтаның техникалық басшысы бекіткен көтергі қондырғының элементтерін тәулік сайын қарауларды жүргізуге қажетті уақыт көрсетілген көтергі жұмысы кестесі;</p> <p>2) көтерме машинаның және редуктордың төлқұжаты;</p> <p>3) негізгі мөлшерлер көрсетілген тежеу құрылғысының нақты схемасы;</p> <p>4) орындау электрлік схемлар (принциптік және құрастыру);</p> <p>5) бақыланатын мөлшерлерімен парашюттік құрылғылар схемасы (олар қолданатын жерлерде);</p> <p>6) көтергі қондырғыларының машинисттеріне арналған нұсқау;</p> <p>7) Көтергі қондырғыны қарау журналы, Арқандарды және олардың шығының қарау журналы, Ауысымдарды қабылдау және тапсыру журналы болуы қажет</p>		
423.	<p>Әрбір көтергі қондырғы оқпаншыдан тұтқашыға және тұтқашыдан машинистке дабыл беру құрылғысымен, сондай-ақ оқпанды, көтергі ыдыстарын және және дің станогының элементтерін қарау және жөндеу кезінде қолданылатын жөндеу дабылымен жабдықталады. Тереңдігі 500 метрден көп оқпандарда жөндеу сигнализациясы үшін сымсыз байланыс құралдары пайдаланылады.</p>		

	Адамдарды көтеруге және түсіруге арналған клеттер машина бөлімімен байланыс құралдарымен жабдықталады		
424.	Адамдардың және жүкпен адамдардың тік және көлбеу көтергі қондырғыларында (қазбаның көлбеу бұрышы 50 градустан артық), жұмыс және жөндеу дабылынан басқа жеке желімен немесе жұмыс дабылының кез келген бұзылуы кезінде, дабылдың жұмыс қабілеттігін қамтамасыз ететін канал арқылы жұмыс істейтін резервтегі дабылы болады. Бір оқпанда екі көтергі қондырғы болған кезде олардың әр қайсысы барлық деңгейжиектерден адамдарды түсіруді және көтеруді қамтамасыз етеді, қордағы дабылдың болмауына болады		
425.	Аварияларды жою жоспарында көзделген авариялық жағдайларда адамдарды шахтадан скиптермен көтерген кезде, отырғызу алаңынан жоғарғы қабылдау алаңына және жоғарғы қабылдау алаңынан көтергі машинисіне дабыл беру мүмкіндігін қамтамасыз ету		
426.	Егер көтергі қондырғы бірнеше деңгейжиектерге қызмет көрсететін болса, онда қай деңгейжиектен дабыл берілгенін көрсететін құрылғы, сондай-ақ дабылдың бір мезгілде әртүрлі пункттерден түсуін		

	болдырмайтын құрылғы болады		
427.	<p>Клеттен сигнализация берумен жабдықталған бір клетті адамдар көтергі қондырғыларында клеттен машинистке дабыл беруді тек қана арнайы оқытудан өткен және шахта бойынша бұйрықпен тағайындалған лифтші жүргізеді. Клеттен сигнализация берумен жабдықталған жүк-адамдық бір арқанды көтергі қондырғыларында қабылдау алаңшасын берілетін сигнализациясы , сондай-ақ дабылдарды бір мезгілде клеттен және қабылдау алаңшаларынан беруді болдырмайтын құрылғысы болады</p>		
428.	<p>Көлбеу қазбалармен адамдарды тасымалдауға арналған вагоншалар локомотив машинистіне "тоқта" дабыл беруге арналған құрылғылармен жабдыкталады. Жолаушы вагондары бар адамдар көтергілерінде көлбеу бұрышы 50 градусқа дейінгі қазбаларда машинистке дабылды кен жұмысшы (кондуктор) поездан беру қарастырылған. Бұл сигнализацияны қазбаларды және рельс жолдарын қарау және жөндеу кезінде, сондай-ақ авариялық жағдайларда "тоқта" сигналын беруге пайдалануға болады. Егер адамдарды тасымалдау поезды үш вагоншадан артық құрамда болса, кен жұмысшысы (кондуктор)</p>		

	вагоншада отырған барлық жолаушыларға жететін дабыл беру көзделеді. Барлық қабылдау алаңшалары көтергі машинисімен телефон немесе өндірістік дауыс зорайтқыш байланыспен жабдықталады		
429.	Оқпанды ұңғылау және тереңдету кезінде пайдаланатын әрбір көтергі қондырғыда екеуден кем емес тәуелсіз дабыл құрылғылары болуы қажет, олардың біреуі жұмыс, ал екіншісі – резервтегі және жөндеу сигнализация функциясын атқарады		
430.	Көтергі машинаның машинисті мен тұтқашының, сондай-ақ тұтқашы мен оқпаншының арасында тікелей телефон байланысының болуы		
431.	Адам және жүк-адам көтергілері клеттерінің жеке қос – жұмыс және сақтандыру аспасы болады		
432.	Ілінген кезінде аспалы құрылғылардың беріктік қорлары (есептелген статистикалық жүктемеге карағанда) – мыналардан: 13-еседен – адамдар көтергі қондырғыларының аспалы және тіркемелі құрылғылары, сондай-ақ ұңғылау қауғаларының тіркемелі құрылғылары мен тұтқасы үшін беріктік қорын камтамасыз етеді		
	Қауғаның тұтқасы, оның тесігі немесе ауыстырмалы төлкесі білік диаметріннен 5 пайызға артық тозған		

433.	<p>кезде, ауыстыруға немесе жөндеуге жатады. Тұтқаның және оны қауғамен жалғастыратын білігінің тесігі немесе ауыстырмалы төлкесінің жинақтық тозуы білік диаметрінің 10 пайыздан аспауы қажет. Қауғалардың тіркеме құрылғылары қауға қозғалыста болған уақытта ілгек ауызын сенімді жауып тұратын және оның өздігінен ағытылып кетуін болдырмайтын құралы болады. Барлық түрдегі аспалы және тіркемелі құрылғылардың зауыттық нөмірін және жасап шығарылған уақыты көрсетілген таңбалауы болады. Сақтандыру аспалары ретінде ұсталық дәнекерлеу немесе қолмен электрдәнекерлеу әдісімен жасалған шынжырларды қолдануға болмайды. Панцирленген тіркемелі құрылғылар көлбеу қазбалармен шетті арқанмен тасымалдау кезінде әрбір панцирлеу кезінде ең үлкен жүкті түсіру және көтеру жолымен сыналады. Сынаудың нәтижелері көтергі қондырғыны қарау журналына жазылады</p>	
434.	<p>Ұңғылама жабдығының аспалы құрылғылары және оқпандағы арқандардың барлық бекіту түйіндерін апта сайын кезекші слесарь, айына екі рет ұңғыма (учаске) механигі және айына бір рет – шахта салу ұйымының бас механигі қарап тексереді</p>	

435.	<p>Адам және жүк-адам көтерме-тасымалдау қондырғыларының көтерме және тартқыш арқандары ретінде жүк-адам ВК және В маркалы, қалғандары - 1 маркадан төмен емес арқандар қолданылады</p>		
436.	<p>Шахтаның көтерме қондырғыларының арқандарында ілу кезінде келесі шамаларға беріктік қорына қойылатын талаптар:</p> <p>1) парашютпен жабдықталмаған, барабан типті машиналары бар адам тасымалдау және апаттық жөндеу қондырғыларының басты арқандары – 9,0;</p> <p>2) оқпанда және үңгілеу арбасындағы адам және жүк тасымалдайтын қондырғылардың бас арқандары, жүкшілерді (грейферлерді) ілуге арналған арқандар - 7,5;</p> <p>3) жүк қондырғыларының бас арқандары - 6,5;</p> <p>4) жылжымалы апаттық қондырғылардың бас арқандары, қолданыстағы шахталардың оқпандарындағы арқанды сымдар, оқпандарды үңгілеу кезінде сөрелерді ілуге арналған арқандар, құтқару сатыларын, сорғыларды, сутөкпе құбырларын, үңгілеу агрегаттарын ілуге арналған арқандар – 6,0;</p> <p>5) арқанды сымдары бар қондырғылардың соққылық арқандары, үңгілегіш көтергі қондырғылардың арқанды сымдары, үңгілеу қондырғыларын ілуге арналған арқандар,</p>		

	<p>соның ішінде тереңдігі 900 м артық оқпандарда, 2) және 4) тармақшаларда көрсетілгеннен басқа оқпандардағы оқпан үңгілегіш комбайндарды ілуге арналған арқандар, көтергі ыдысымен ауыр салмақты немесе олардың астындағы ірі көлемді жүктерді бір реттік түсіру кезіндегі жаңа көтергі арқандары – 5,0;</p> <p>б) динамикалық күшке қатысты торлардың парашюттік тежегіш және амортизациялық арқандары – 3,0;</p> <p>7) көтергі ыдысының астындағы ірі және ұзын жүктерді түсіру кезінде көп қолданылатын ілмектер, адам және жүк, адам тасымалдайтын қондырғылардың дабылдық тростары – 10,0</p>		
437.	<p>Ұңғыма жабдықтарын ілу үшін қима сымдардан бір қабат етіп есілген арқандарды, сол сияқты көтерме қауға көтергіштері ретінде жабық арқандарды пайдалануға рұқсат етпеу</p>		
438.	<p>Арқанды бағыттауыштары бар бір арқанды көтерме қондырғыларындағы көтерме сауыттардың екеуінде де диаметрі, құрылымдары және есілу бағыттары да бірдей бас арқандар ілінеді</p>		
	<p>Шахтылардың қосалқы көлік жолдары арқандарының беріктік қоры ілінген кезде төмендегі мәндерден төмен болмауы керек:</p> <p>б – жерасты жолаушыларының арқан</p>		

439.	<p>жолдары, адамдар санына есептелетін дара рельсті және топырақ үстілік рельс жолдары, жолаушыларға арналған жерасты керілмелі ілмелі арқан жолдары үшін тарту арқандарына;</p> <p>5 – жүк бойынша есептеу кезінде монорельсті және жерүстілік рельсті жолдар, көлбеу қазбалардағы қосалқы шығырлар үшін тарту арқандарына;</p> <p>4 – сырмалар, өзгергіштік және қосалқы (жазық қазбалар бойынша) шығырлары үшін тарту арқандары</p>		
440.	<p>Шахта арқандары өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органмен келісіле отырып ұйыммен әзірленген және бекітілген Нұсқаулыққа сәйкес сынақтан өткізіледі.</p> <p>Сынақтан өткен қордағы арқан, егер оның сақталу мерзімі 12 айдан аспаса ілінер алдында екінші рет сыналмауы мүмкін</p>		
441.	<p>Сөрелерді ілуге арналған арқандардан басқа іліну алдында сыналған көтерме қондырғыларының арқандары келесідей мерзімде екінші рет сынақтан өтуі керек:</p> <p>1) адам және жүк-адам көтерме бас арқандары, сол сияқты ұңғылау ілмелі бесіктері үшін әрбір 6 ай сайын;</p> <p>2) жүктік, апаттық – жөндеу және жылжымалы көтерме қондырғылар, сондай-ақ құқару сатылары үшін бас арқандары ілінгеннен</p>		

	<p>бастап 12 айдан кейін, ал содан соң әрбір 6 ай сайын;</p> <p>Қатты отырғызу құрылғыларымен жабдықталатын окпандар ішінде орналасқан көтеру арқандары тіркеме қондырғылары тұсында 6 айдан кем болмайтын сиректікпен қайтадан қапталуға жатады</p>		
442.	<p>Жерасты жолаушылық арқан жолдарының тартпа және керме арқандары, дара рельсті және топырақты жолдардың тартпа арқандары ілінер алдында сынақтан өтеді. 6 ай сайын қайталанып тек дара рельсті және топырақты жолдардың тартпа арқандары сынақтан өткізу керек</p>		
443.	<p>Егер ұзу мен иілу сынақтарынан өте алмаған сымдар көлденең қималарының жиынтық ауданы барлық арқан сымдары көлденең қимасы жалпы ауданының 25 пайызды құраса, онда қайта сынақтан өту қорытындысы бойынша арқан орнынан алынып, басқамен ауыстырылуға тиісті</p>		
	<p>Иірімдері үзіліп-қопсыған немесе ішіне кіріп кеткен, түйінделген " қоңызданған" және басқада бүлінушіліктерге ұшыраған, сол сияқты нақтылы диаметрі 10 пайыз артығырақ шамаға кішірейген болат арқандарды асуға немесе қолдануға рұқсат етілмейді. Тіркес пайдаланылатын</p>		

444.

арқандарды қолдануға тек көлбеу бұрышы 30 градусқа дейінгі жазық және көлбеу қазбалардағы жүкті ұшсыз арқанмен тасымалдағанда, сол сияқты жерасты жолаушылық ілмелі арқанды дара рельсті және топырақты жолдарда ғана рұқсат етіледі. Оқпандарды ұңғымалау кезіндегі ілмелі жабдықтар үшін ұзындығы 1000 метрден асатын арқандар қолданылатын жағдайда, оларды сынақ өткізу мекемелері қорытындысы бойынша пайдалануға ұсынылған құрылғылармен жалғауға рұқсат беріледі. Арқандар жалғауға арналған құрылғыны жұмасына бір рет бақылап отыру керек. Қысқышты сына бекітпе қолданылған жағдайда жалғау сенімділігі гайкаларды тарту арқылы үш айда бір рет тексерілуге тиісті

Шахта көтерме қондырғыларының арқандары шахты бойынша берілетін бұйрықпен арнайы бөлініп тағайындалған адамдардың келесідей мерзім ішіндегі бақылауларына жатады:
1) тәулік сайын - тік және көлбеу көтерме қондырғылары сауыттары мен қарсы салмақ көтерме арқандары, үйкеліс шкивті көтерме қондырғыларының теңестіру арқандары, оқпан өткізу кезінде механикалық жүк

445.	<p>тиегіштерді (грейферлерді) асу үшін пайдаланылатын арқандар;</p> <p>2) жұма сайын көтерме механигі қатысуымен теңгерме арқандар, тежеуіш және бағыттауыш арқандар, сөрелерді, кабельдер мен ұңғыма жабдықтарын ілу үшін пайдаланылатын арқандар;</p> <p>3) ай сайын шахты бас механигі немесе аға механигі қатысуымен - амортизациялық және уатпа арқандар; ұңғыма механигі немесе аға механик қатысуымен оқпандарда тұрақты болатын арқандар</p>		
446.	<p>Шахта көтерме қондырғыларындағы есілген арқандарды пайдалануға тыйым салынады, егер қандайда бір учаскелерде сымдар үзілісі болған кезде, олардың бір адым есудегі саны арқандағы жалпы санның келесідей пайызын құраса:</p> <p>1) сауыттар мен қарсы салмақ бас арқандар үшін , сөрелер мен механикалық жүк тиегіштерді (грейферлерді) ілу үшін - 5 пайыз;</p> <p>2) көлбеу бұрышы 30 градусқа дейінгі көлбеу қазбалары арқылы аяққы жүк таситын арқандар, теңгерме, тежеуіш, амортизациялау, бағыттауыш, уатпа арқандары үшін - 10 пайыз.</p> <p>Арқандарды қарау және олардың шығыны журналында үзілген сымдар саны жалпы арқан сымдары санының</p>		

	2 пайыздан асатын өте бүлінген учаскелері (адым) белгіленеді		
447.	<p>Жабық құрылмалы көтеру арқандарын пайдалануға тыйым салынады:</p> <p>1) сыртқы қабаттағы сымдар биіктігінің жартысынан аса тозғанда ;</p> <p>2) сыртқы сымдардың үлгі профилді құлпы бүлінгенде (сымдардың тарамдануы);</p> <p>3) сымның құлыптан арқан бетіне шыққан кезінде, егер ол арқанға бітелуге немесе дәнекерленуге берілмесе;</p> <p>4) арқанның бүкіл жұмыстық ұзындығы бойында оларды есудің бес немесе он екі адымына тең, учаске ұзындығындағы сыртқы қабаты үлгі профилді дәнекерленгендерін қоса есептегенде 3 үзілген сым болған кезде.</p> <p>Сыртқы сымдарының құлпы бүлінбеген, толқын тәрізді учаскелері бар және сыртқы сымдарының құлпы (шарбыланған) нақтылы бүлінгенге дейін беті тегіс сақталатын немесе айтылған учаскеде құлыптан бір сымы шығып тұратын арқандарды пайдалануға рұқсат етіледі</p>		
	<p>Қосалқы көлік арқандары келесі мерзімдерде бақылануға жатады:</p> <p>1) тәулік сайын арнайы б ө л і н г е н адам-жолаушылық ілмелі арқаны мен дара рельсті жүк-адам және топырақты жолдар арқандарын, көлбеу</p>		

448.	<p>қазбалардағы қосалқы шығырлар арқандары;</p> <p>2) апта сайын учаске механигі-жолаушылық ілмелі арқан жолдарының , шексіз тасымалар, дара рельсті және топырақты жолдар арқандарын, сырма, орамдылық және қосалқы шығырлар арқандары;</p> <p>3) жарты жылда бір рет аға механиктің қатысуымен-жолаушылық аспалы жолдар, дара рельсті және топырақты жолдар арқандары.</p> <p>Жазық және көлбеу қазбалардағы шығырлар мен жолдар арқандары қозғалыс жылдамдығы секундына 0,3 метрден аспайтын кезде бүкіл ұзындығы бойынша бақылануға тиісті.</p> <p>Істеп тұрған жылдамдығы секундына 0,3 метр болмайтын арқандарды, сол сияқты жылдамдығы реттелмейтін шығырлар арқандарын тоқтатылған кезінде оларды тексеру арқылы бақылау керек</p>		
449.	<p>Қосалқы көліктің арқандарын пайдалануға рұқсат етілмейді, егер олардың қандай да болсын бір учаскесінде есілу адымы саны арқанның жалпы санының келесідей пайызын құрайтын сымдар үзілісі болғанда:</p> <p>1) 5 пайыз - жерасты жолаушылық ілмелі арқанды, дара рельсті және топырақты жолдардың арқандары үшін;</p> <p>2) 15 пайыз - көлбеу қазбалардағы жүк</p>		

	шығырлары арқандары үшін; 3) 25 пайыз - көлбеу қазбалардағы ұшсыз тасыма арқандары, скреперлі, орамдылық және қосалқы (жазық қазбалар бойынша) шығырлар арқандары үшін		
450.	Тік оқпандар мен көлбеу қазбалардағы адам және жүкадам көтермелерінде пайдаланылатын иірімді көтерме арқандарын, сол сияқты ілетін оқпандар жүргізу кезінде сөрелерді және оқпан ұңғыма комбайндарын ілу үшін қолданылатын арқандарды олардың бүкіл ұзындығы бойында болат сым кималарын тозуын анықтау мақсатында арнайы мекеме қызметкерлері аспаптық тексерістен өткізулері керек		
451.	Шахталық арқандарды аспаптық бақылау жүргізу мерзімі (кезеңділігі): бірінші тексеріске дейін, қазбалардың еністік бұрышы 90 градус кезінде: 1) басты мырышталған – 12 ай; 2) жабындысыз басты – 6 ай; 3) құтқару сатыларын және үңгілеу сөрелерін ілу үшін - 6 ай; 4) оқпан үңгілегіш комбайндарды (грейфер) ілу үшін; оқпандарды үңгілеу және тереңдету кезінде сөрелерді ілу үшін; тежегіш парашюттер үшін; сымды , талшықты; үңгілеу қондырғыларын (құбыр, кабель) ілу үшін - 12 ай		

452.	<p>Болат сымдар қимасын тозуы келесі пайыздарға жеткен кезде, арқандар ағытылып алынып, жаңалармен алмастырылуы керек:</p> <p>1) 10 пайыз - парашюттердің тежеуіш арқандары үшін;</p> <p>2) 15 пайыз – басы үш қырланып ширатылған және металл өзектері бар дөңгелек иірімді арқандар үшін;</p> <p>3) 18 пайыз – бас дөңгелек иірімді органикалық өзекшесі бар арқандар үшін, бағыттауышы арқандар үшін, сондай-ақ сөрелерді және үнгілеу жабдығын ілу үшін;</p> <p>4) 20 пайыз – бас дөңгелек иірімді органикалық өзектері бар арқандар жүк көтергілерінде және уатпа арқандары үшін</p>		
453.	<p>Экстремальды жүктеме деп, мына жағдайларда:</p> <p>1) көтергі ыдысқа ауыр нәрселер құлаған кезде;</p> <p>2) жоғары көтеріліп келе жатқан көтергі ыдыс сынап қалған кезде;</p> <p>3) оқпанның арқауы зақымданған кезде;</p> <p>4) парашюттің керексіз іске қосылуы кезінде;</p> <p>5) ыдыстың жоғары жылдамдықпен қозғалу уақытында жұмыс тежегішін қауырт түсірген кезде;</p> <p>6) жүйенің тепе-теңсіздігі кенет пайда болған кезде пайда болатын жүктемені есептейді. Нәтижелері Арқандарды бақылау және олардың шығындары журналына енгізіледі</p>		

454.	Шахталарда қолданылатын электр құралдары, кабельдер мен электр жабдықтау жүйелері шахты қызметкерлерінің электр қауіпсіздігін, сондай-ақ жарылыс және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуі керек		
455.	Шахталарды электрмен қамтамасыздандыру шахта үстінде бөлек трансформаторлар орнату арқылы жерасты электрқабылдағышты оқшауланған қуаттандыру сұлба бойынша жүзеге асады		
456.	Шахтыларда токарба тасымалының түйіспе тораптардың өзгерткіш құрылғыларына ток беруге арналған трансформаторлары бар тораптардан басқа трансформаторларының жерлестірілген нейтралі бар тораптарды қолдануға рұқсат етілмейді. Осы Қағидаларда қарастырылғаннан басқа жағдайларда мұндай трансформаторларға және оларға ток беретін тораптарға басқа тұтынушылар мен құрылғыларды қосуға рұқсат етілмейді		
	Электр тогымен зақымданудан адамдарды қорғау қорғаныш жерлендіруді қолдану арқылы, ал жер асты электр қондырғыларында бүлінген торапты автоматты түрде ажыратумен токтың кемуінен қорғайтын аппараттарды пайдалану арқылы іске асырылуы керек. Жарылыстан		

457.	<p>қауіпсіз жасалынған кернеуі 1.2 килоВольт жоғары тораптар үшін токтың кемуінен қорғайтын аппараттардың шығарылуын өнеркәсіпте игергенге дейін уақытша жерге бір фазалық тұйықталудан қорғануды қолдануға болады. Кернеуі 380, 660 Вольт бүлінген торапты және түйіспе тораптарды ажыратудың жалпы уақыты 0,2 секунд, ал кернеуі 1200 Вольт болса - 0,12 секунд артық болмауға тиісті. Кернеуі 127 және 220 Вольт тораптар үшін, сондай-ақ зарядтау тораптары үшін токтың кемуінен қорғайтын аппараттардың іске қосылу өндіруші нұсқаунамасымен белгіленеді</p>		
458.	<p>Жер бетінде тұрған және токтың кемуінен сақтайтын қорғанышпен жабдықталған жерасты электр тораптарына ток беретін трансформаторларда тесілме сақтандырғыштарды қойылмауға болады</p>		
459.	<p>Кернеуі 1200 Вольттан жоғары электр қабылдағыштарды дистанциялық, телемеханикалық және автоматтық басқару, тек максимальді ток қорғанышы немесе жерге тұйықталудан қорғаныш әрекет еткеннен кейін іске қосылуды блокадейтын құрылғылары бар болса ғана рұқсат етіледі. Жер бетіндегі басты қосалқы станцияда (бұдан әрі -</p>		

	ЖБП) оперативтік қызметшілер жоқ болса, тау-кен диспетчерінің пультіне тұйықталудан қорғаныштың іске қосылу сигналы берілуі керек		
460.	Әр шахтада электр энергетикасы саласындағы талаптарға сәйкес құрылған жерасты электрмен жабдықтау сызбалары. Мердігерлік ұйымдардың қарамағындағы жер асты э л е к т р қондырғыларының электрмен жабдықтау сызбалары шахтаның бас энергетигімен келісіледі және мердігер ұйымның басшысымен бекітіледі		
461.	Газдан қауіпті шахталарда электр құралдарын құрастыру және жөндеу кезінде жұмыстарды жүргізетін жерлерде метанның мөлшерін бақылау талаптары. Кабельді сынау жұмыстарында ол орнатылған қазбаларда метанның мөлшерін бақылап отыру керек және ол 1 пайыздан аспайды		
462.	Әр коммутациялық ақпарат, жинақты таратқыш құрылғысы (бұдан әрі - ЖТҚ), басқару станцияның күш беретін өткізгіші, іске қосылатын қондырғы немесе учаске, сондай-ақ максимальді ток қорғанышы іске қосылатын белгілеменің есептік шамасын көрсететін, анық жазумен белгіленуі керек		
	Рұқсат етілмейді: 1) Электр құралдарын және тораптарын		

арнаулы аспаптарсыз және құрал-саймандарсыз күтуге және жөндеуге;

2) кернеуі 1200 Вольттан жоғары электр қондырғыларында қорғаныш құралдарсыз (диэлектрикалық қолқаптарсыз, ботыларсыз немесе оқшауламалаушы тұғырықсыз) жедел қызмет көрсетуге;

3) кернеуі 42 Вольт және төмен электр құралдарынан, сондай-ақ ұшқыннан қауіпсіз тізбекті электр құралдарынан және телефон байланысы аппаратурасынан басқа электр қондырғыларында диэлектрикалық қолқаптарсыз жедел қызмет көрсетуге және басқаруға;

4) кернеу астындағы электр қондырғыларын және кабелдерді жөндеуге, кернеу астындағы ұшқыннан қауіпті электр қондырғылары мен электр өлшеуіш аспаптарды қосуға және ажыратуға;

5) жарылыстан қорғану құралдарында, тосқауылдарда, жерлестіруде, қорғаныш аппараттарда бүлініс болғанда, басқару желісі бұзылғанда және кабельдер бүлінгенде электр құралдарын пайдалануға;

6) резервтегіден басқа пайдаланылмайтын электр тораптарын кернеу астында ұстауға;

7) қауіпсіз электр құралдары қабықтарының қақпақтарын алдын-ала

қабықтың ашылатын бөлігінен кернеуді алмай және метанның мөлшерін өлшемей ашуға;

8) электр құралдарының зауыттық құрылмасы мен желісін; басқару, қорғау және бақылау аппаратурасының желілерін, сондай-ақ қорғаныш құрылғылардың градуировкасын жасаушы зауыттың келісімісіз өзгертуге;

9) аппаратардан белгілерді, жазбаларды және пломбаларды құқығы жоқ адамдардың алып тастауына;

10) шлангты қабығы жарылған және кабельдер сымдарының оқшауламасы бүлінген электр торабын іске қосуға;

11) патронсыз сақтандырғыштарды және калибрленбеген балқығыш ендірмелерді қолдануға;

12) электр жабдығы сұлбаланған тұйық қазбаларға 10 метрден жақынырақ орнатылсын

Газдан немесе шаңнан қауіпті шахтылардың жерасты қазбаларында, сол шахталардың шықпа ауа ағысы бар оқпандарында және оларға жанасқан шахты үстіндегі ғимараттарда, сондай-ақ көмірдің, жыныстың және газдың кенеттен лақтырылысынан қауіпті шахтылардың таза ауа ағысы бар оқпандарында және оларға жанасқан шахты үстіндегі ғимараттарында, егер шахты ауасы сол ғимараттардың ішіне

	<p>кіруі мүмкін болса, жарылыстан қорғану дәрежесі (бұдан әрі - РВ) төмен емес электр құралдары және жарылыстан қорғану дәрежесі РВ төмен емес жеке пайдаланылатын аккумуляторлық шырақтар қолданылады</p>		
465.	<p>Көмір мен газдың кенеттен лақтырылысынан қауіпті тақталарда үңгубет машиналар мен кешендердің электр жабдығының желілері осы машиналарды басқару пультінен электр қабылдағыштардың және лава кабельдерінің дистанциялық ажыратылуын қамтамасыз етеді. Электр құралдары да метанның мөлшерін бақылайтын тұрақты автоматтық аспаптармен ажыратылады</p>		
466.	<p>Газдан қауіпті шахталардың ЖЖЖ-мен желденетін тұйық қазбаларында электр құралдарын қолданғанда қосымша іс-шаралардың болуы</p>		
467.	<p>Көмір мен газдың оқыс лақтырындыларынан қауіпті жоғары категориялы шахталардың ЖЖЖ-мен желдетілетін тұйық қазбаларында жұмыс және электрмен жабдықтау екі секциялы шиналардың әр түрлі тығындамалары ТТҚ жеке жылжымалы учаскелік жерасты қосалқы станцияларымен (бұдан әрі- ЖУТП) іске асырылады. Резервті желдеткіші және ЖУТП</p>		

	<p>ж ұ м ы с электрқұрылғыларының әрбірі ешқайсысына қосылмайды. Әр түрлі үңгубеттің жергілікті желдету ЖУТП біреуіне қосылуға рұқсат етілмейді</p>		
468.	<p>ТТҚ қосылған жұмыс көзі, жеке ЖУТП механизм үңгібетін электржабдықтау электржетегімен жүзеге асырылады</p>		
469.	<p>РП жарылыстан қорғану дәрежедегі аккумуляторлық токарбаларды: 1) газ бойынша I және II санатты немесе шаңнан қауіпті шахтылардың тасымалдау қазбаларында, сондай-ақ газ бойынша III санатты, жоғары санатты шахталардың таза ағысы бар тасымалдау қазбаларында және оқыс лақтырыс қауіпсіз тақталардың, лақтырыс қауіпті шахтылардың осындай қазбаларында; 2) көмір мен газдың кенеттен лақтырылысынан қауіпті және газдың кенеттен бөлінісі болатын шахтылардың таза ауа ағысы бар қазбаларында, олар тазалау үңгубетіне 50 метрге дейін жақындаған жағдайда қолдануға рұқсат етіледі. Аталған шахталарда қорғаныс деңгейі РП токарбалардың тұйық қазбаларға жүріп кіруіне рұқсат етілмейді</p>		
	<p>Газдан немесе шаңнан қауіпті шахтылардың жерасты қазбаларында РП жарылыстан қорғану дәрежедегі мезгіл-мезгіл</p>		

470.	<p>қолданылатын тасымалды электр аспаптарын, сондай-ақ кеніштік нормальді I (әрі қарай – РН I) дәрежеде орындалған нормалы ұшқын шығаратын бөлшектері жоқ немесе жалпы арнаулы аспаптарды, егер олар кеніштік түрде орындалып шығарылмайтын болса, пайдалануға болады</p>		
471.	<p>Газ бойынша I және II санатты немесе шаңнан қауіпті шахтылардың таза ауа ағысы бар тасымалдау қазбаларында РП жарылыстан қорғау дәрежедегі электр құралдарына рұқсат етіледі</p>		
472.	<p>Газдан немесе шаңнан қауіпті, оның ішінде кенеттен лақтырылыстан қауіпті шахтылардың бөлек желденетін зарядтау камераларында РП төмен емес жарылыстан қорғану дәрежедегі электр құралдары қолданылуы керек</p>		
473.	<p>Газдан немесе шаңнан қауіпті шахтылардың оқпандарында, таза ауа ағысымен желдетілетін оқпаніргелік қазбаларда және жалпы шахтылық депрессия арқылы таза ауа ағысымен желдетілетін тұрақты қондырғылардың камераларында, таза ауаның ағысын өткізетін осы және оларға жанасқан қазбаларда газдың кенеттен бөлінісі бар немесе шахты кенеттен лақтырылысынан</p>		

	<p>қауіптілерге жататын жағдайларды қоспағанда, кеніштік нормалы жасалынған электр құралдарын қолдануға рұқсат етіледі</p>		
<p>474.</p>	<p>Газ немесе шаң бойынша қауіпті шахталарда жарылыстан қорғалмаған электр жабдығын қолданудың мынадай тәртібі тағайындалады:</p> <p>1) кеніштік қалыпты жағдайда орындалған және жалпы мақсаттарға арналған электр жабдығын қолдануға әрбір жекелеген жағдайда шахтаның техникалық басшысының рұқсатымен өнеркәсіп қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығы бар аттестацияланған ұйымдарының сараптама шешімі болған жағдайда рұқсат етіледі.</p> <p>2) кеніштік қалыпта орындалған электр жабдығын және жалпы мақсаттағы жабдықты құрастыру–орнату және қолдану шахтаның техникалық басшысы бекіткен төлқұжатқа сәйкес іске асырылады.</p> <p>3) электр жабдығын орнатқан жерлерде әр ауыспа сайын метан мөлшері өлшенеді, газ бойынша III санатты және санаттан жоғары шахталарда, метанды бақылаудың стационарлы автоматты аспаптары орнатылады.</p> <p>4) электр жабдығы метан мөлшері 0,5 пайыздан жоғары болғанда ағытылады. Электр жабдығын іске қосу желдетудің қалыпты режимі орнына келгеннен</p>		

	<p>және электр жабдығы орнатылған жердегі метан мөлшерін және барлық жалғасқан қазбаларда 20 метрден кем емес қашықтықта өлшенгеннен кейін іске қосуға рұқсат етіледі</p> <p>5) электр жабдығы қойылған жерде қолдану бойынша қысқа нұсқау, сондай-ақ электрмен жабдықтаудың желдету схемалары түсірілген схемалар ілінеді</p>		
475.	<p>Газдан немес шаңнан қауіпсіз шахтылардың барлық қазбаларында кеніштік түрде жасалынған электр құралдары қолданылады. Мұндай шахталардың барлық қазбаларында жалпы пайдаланымдағы өлшеуіш аспаптарды қолдануға рұқсат етіледі. Шахтының бас инженерінің рұқсатымен жалпы арнаулы электр құралдарын уақытша қолдануға болады. Жалпы арнаулы шырақтарды, сондай-ақ үңгубеті жарықтандыратын арматурасыз шамдарды тек 24 Вольт жоғары емес кернеуде ғана қолдануға болады</p>		
476.	<p>Күрделі және негізгі тік және көлбеу бұрышпен жүргізілген 45 градустан жоғары қазбалармен және шегенделген ұңғымалармен тұрақты етіп салу үшін жер асты қазбаларында электр энергиясын беру немесе бөлу жануын таратпайтын шахта кабельдеріне қойылатын талаптар – поливинилхлорид, резеңке не аз сіндірілген</p>		

	қағаз окшауламасымен қорғасын немесе поливинилхлорид қабықта сым сауығы бар сауытталған кабельдер		
477.	Күштік кабельдердің қосымша талсымдарын басқару, байланыс, сигнал беру және жергілікті жарық тізбектері үшін пайдалануға болады. Ұшқыннан қауіпсіз тізбектер үшін күш беретін кабельдің көмекші талсымдарын пайдалану тек экранданған кабельдерде рұқсат ету. Ұшқыннан қауіпсіз емес және қауіпсіз тізбектер үшін бір кабельдің көмекші талсымдарын егер осы талсымдар экрандармен бөлінбеген болса пайдалануға рұқсат етілмейді		
478.	Шахталардың жерасты қазбалары мен окпандарында, сондай-ақ шахтылардың жер бетіндегі жарылыс қауіпті бөлмелерінде алюминий талсымдары бар немесе алюминий қабықта барлығына арналған кабельдерді (күш беретін, бақылау) қолдануға рұқсат етпеу		
479.	Таза ауа ағысын жіберетін және шахтылық жүк вагонеткалары бар рельс көлігімен құралдандырылған көлбеу окпандарда, бремсбергтерде және еңістерде сол көлікті тек құралдар мен материалдарды жеткізуге және жөндеу жұмыстарын жүргізуге пайдаланудан басқа		

	жағдайларда, күш беретін кабельдерді салуға рұқсат етпеу		
480.	Иілгіш кабельдердің әрбір 100 метріне 4-тен артық емес вулканизациямен жалғанымы болуына рұқсат ету		
481.	Күштік тізбекте сауытталған кабельді иілгішпен жалғау қыспақ аппараты (іске қосқыштың, автоматтың) арқылы жүргізіледі. Шиналық қораптардың немесе зауытта жасалған қосылыс муфталарының көмегімен қосуға рұқсат етіледі		
482.	Қабылдағыштар жүктемесінің жалпы тоғын өткізетін кернеуі 1200 Вольтқа дейін ток беретін кабель желілері үшін, әдеттегідей, қимасы біркелкі кабельдерге қойылатын талаптар. Осындай желілер үшін желінің барлық учаскелері токтың қысқа тұйықталуынан қорғалуын қамтамасыз еткен жағдайда, желілердің талсым қимасы әртүрлі кабельдерді қолдануға болады. Магистральды ток беретін желінің тармақтарында кабель тарамдарының қимасы кішірейген жерлерінде, тармақтың қысқа тұйықталу токтарынан қорғайтын аппарат орнатылуға тиісті. Ток беретін желіден ұзындығы 20 метрге дейін тармақтар болуы мүмкін, егер қысқа тұйықталу токтарынан қорғану магистральды		

	желінің аппаратымен қамтамасыз етілетін болса		
483.	Кабельдер кабель құрылғыларымен жүргізу және көлік құралдары бұлдірмейтін биіктікте жүргізу талаптары, бұл ретте кабельді құрылымнан жұлып әкету мүмкіндігі болмайды. Жекелеген кабельдерді жүргізгенде оларды қапсырмаларда ілуге, ағаш қазықшаларда, брезент таспаларда, бекітпенің металл еметтерінде ілуге болады. Кабельді ілу нүктелерінің арасы – 3 метрден артық емес, кабельдердің арасы – 5 сантиметрден кем емес		
484.	Қазбалардың жекелеген бөліктерінде кабельді табанда жатқызу қажеттілігі болғанда, кабель механикалық зақымданулардан жанбайтын материалдардан жасалған қоршаулардың болуы. Кабельді далдалар, желдету және өртке қарсы есіктер арқылы өткізу, электр машиналары камераларына және қосалқы станцияларға еңгізу және олардың шығарымдары құбырлардың (металл және бетон) көмегімен іске асырылады. Кабельдері бар құбырлардың тесіктері сазбен нығыздалады. Бір құбырда екі және одан артық кабельдерді өткізуге рұқсат етілмейді		
	Лаваларда салынатын кабельдерді кешеннің құрамына кіретін		

485.	<p>құрылғылардан болатын механикалық бүлінулерден қорғаныстың болуы.</p> <p>Жылжымалы машиналарға ток беретін иілгіш кабельдің машинаға жақын 30 метрден аспайтын бөлігін жерге салуға болады. Кабель жинағыш немесе сол сықылды құрылғысы бар машиналар үшін иілгіш кабельді қазбаның табанына төсеуге рұқсат етіледі. Қуаты 1,5 метрге дейін тақталарда істейтін комбайндар мен үңгілеу машиналарында, егер олардың құрылымында кабель төсеуіші қарастырылмаса, иілгіш кабельді тазалау қазбасының табанына төсеуге болады</p>		
486.	<p>Газдан қауіпті шахталарда кабельдер, метанның қабатты жинақтарының пайда болуы екі талай биіктікте орнату талаптары. Байланыс және сигнал беру кабельдерін, сондай-ақ қазбаларда жекеленбеген сымдарды, күш беретін кабельдерден 0,2 метрден кем емес аралықта жүргізу керек. Жекеленбеген сымдар оқшаулағыштарға орнатылуға тиісті. Күш беретін кабельдер әр түрлі металл құбырларынан 0,5 метрден кем емес аралықта салынуы керек. Электр кабельдері мен желдеткіш құбырларды қазбаның бір жағында бірге орнатуға рұқсат етілмейді</p>		
	Электр машиналары мен аппараттарды		

487.	<p>коректендіру үшін мынадай кернеу қолданылады:</p> <p>1) электр энергиясының тұрақты қабылдағыштарында, жылжымалы қосалқы станциялар мен трансформаторларда, сондай-ақ окпандарды жүргізуде – 10000 Вольттан жоғары емес;</p> <p>2) жылжымалы электр қабылдағыштары үшін 1200 Вольттен артық емес. Жекелеген жағдайларда өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аймақтық бөлімшесімен келісе отырып 3300, 6000 немесе 10000 Вольт кернеуді қолдануға жол беріледі;</p> <p>3) Қол машиналары мен құрал-саймандарында – 220 Вольттан жоғары емес;</p> <p>4) Дистанциялық басқару және сигнал беретін ЖТҚ тізбектерінде – 60 Вольттан жоғары емес, егер осы тізбектің бір де сымы жерлестіруге қосылмаса;</p> <p>5) Тұрақты және жылжымалы машиналар мен механизмдерді дистанциялық басқару тізбектерінде – 42 Вольттан жоғары емес.</p>		
488.	<p>Шахтаның жерасты торабында қысқа тұйықталудың қуаты шахтыда орнатылған электр құралдарының нақтылы сипаттамасына және кабельдердің қимасына сәйкес шамамен шектелуі керек, бірақ 100 мегаВольтхАмперден аспауға тиісті. Жалпы арналған ЖТҚ</p>		

	ажыратқыштарының ағыту қуаты, оларды шахтыларда орнатқанда тораптың қысқа тұйықталуының қуатынан екі есе жоғары болуы қажет		
489.	Электр құралдарына кабельдердің кіріс жалғанысының беріктігіне қойылатын талаптар. Кабельдердің пайдаланылмаған кіріс жалғанысы электр құралдарының жарылыстан қорғану дәрежесіне сәйкес бұқтырмалары болуға тиісті		
490.	Электр құралдарының қысқыштарына кабельдердің талсымдар қосу ұштықтар, арнайы шайбалар немесе оларға тең кабель талсымдарын қысқыштан тыс қалуын болдырмайтын басқа тетіктер арқылы орындалуы керек. Кабельдердің бірнеше тарамдарын бір қысқышқа жалғауға рұқсат етілмейді, егер бұл қысқыш құрылымында қарастырылмаған болса		
491.	Жерасты қазбаларында майы немесе басқа жанғыш сұйығы бар коммутациялық және іске қосу аппараттары мен күш беретін трансформаторларды қолдануға рұқсат етпеу. Бұл талап бекітпесінің жоғары дәрежелі отқа төзімділігі бар камераларда орнатылған ЖТҚ-на қатысты болмайды. Қатарлас қазбалардың арасында		

	май құйылған ЖТҚ үшін камераларды жасауға рұқсат етілмейді		
492.	<p>Май құйылған электр құралдары орнатылған барлық камераларда өртке қарсы торлы және тұтас есіктердің болуы. Басқа камераларда – бекіту тиегі бар торлы есіктер. Тұрақты қызмет етушілері жоқ камералардың есіктері жабық болу керек. Камераға кіре берісте жазу ілінуі керек "Бөтен адамдарға кіруге рұқсат жоқ", ал камера ішінде көрінетін жерде тиісті сақтық белгілері қойылуға тиісті.</p> <p>Май құйылған электр құралдары орнатылған камераларда биіктігі 100 миллиметрден кем емес табалдырық салынуы керек. Ұзындығы 10 метрден артық қосалқы станциялар мен электр машиналарының камераларында бірінен-бірі барынша аулақтанған бөліктерінде орнатылған екі шығыс есігі болуға тиісті</p>		
	<p>Камераларда машиналар мен аппараттардың аралығында оларда жөндегенде немесе ауыстырғанда тасымалдау үшін жеткілікті, алайда 0,8 метрден кем емес, өтетін жолдың болуы.</p> <p>Камералардың қабырға жағында ені 0,5 метрден кем емес монтаж үшін өтетін жер болуы қажет. Аппараттың жоғарғы бөлігінен төбеге дейінгі аралық 0,5 метрден кем болмауы қажет. Электр құралдарынан жылжымалы құрамға</p>		

493.

немесе конвейерге дейінгі аралық 0,8 метрден кем болмауы керек, қазбаның қабырғаларына және төбеге дейінгі саңлау 0,5 метрден кем болмауы қажет. Бөгеулермен және ұстағыштармен жабдықталған оймалар мен бұрымалардан басқа рельстік еңістерде қосалқы станцияларды орнатуға рұқсат етілмейді. Бұл жағдайда электр құралдары мен төбенің аралығындағы саңлау қызмет көрсету үшін жеткілікті, алайда 0,5 метрден кем емес, ал конвейердің жиегі мен сөренің аралығы 0,4 метрден кем болмауы керек. Төбеде бұл жерлерде метанның жергілікті (қабаттық) жинақтарының пайда болуына мүмкіндік туғызатын қуыстар және басқа факторлар болмауы керек

Кернеуі 1200 Вольттан жоғары жерасты тораптарында желілерді, трансформаторларды (жылжымалы қосалқы станциялардың) және э л е к т р қозғалтқыштарының қысқа тұйықталу токтарынан және токтың жерге кетуінен (тұйықталуынан) қорғау жүргізіледі.

Салынып жатқан және жаңғыртылатын шахтыларда жерге тұйықталудан қорғану қондырғысы (бұдан әрі - ОЖП) ток беретін желілерде де болуы керек . ОЖП-сы мен ТЖП-ден шығатын желілерде қысқа тұйықталу

494.	<p>токтарынан және токтың жерге кетуінен (тұйықталуынан) қорғаныш жедел әрекетті (уақыт үзіліссіз) болуы керек. ОЖП-ға ток беретін желілерде әрекет ету аймағы және ОЖП құрама шиналарының, шекті-тәуелді уақыт мерзімімен және шапшаң әрекетті бөлісі бар, сондай-ақ 0,7 секундқа дейін жерге тұйықталудан қорғанышы бар шекті ток қорғанысын қолдануға жол беріледі. ОЖП, АЖП және ПУЖП қоректендіретін желілер 10 секундқа дейінгі уақытымен нөлдік және минималды қорғаныспен жабдықталады</p>		
495.	<p>Электр қозғалтқыштары үшін де токтың артық жүктемесінен қорғанудың және нөлдік қорғаныштың болуы. Барлық жағдайларда торапты қорғанышпен ажыратуға бір рет әрекетті автоматтық қайта қосылуды (максималды токты қорғаудан басқа, бұдан әрі МТЗ) (бұдан әрі - АҚҚ) қолдануға болады, сондай-ақ жерге қатысты оқшаулауы бүлінгенде және қысқа тұйықталғанда желі мен электр қондырғыларына кернеу берілуіне қарсы тосқауылы (блокировкасы) бар резервтік автоматтық қосылу (бұдан әрі - РАҚ) құрылғысын қолдануға болады. Ажыратқыш аппараттарды, релелік қорғаныш құрылғыларды, АҚҚ және РАҚ таңдап алу, сондай-ақ осы</p>		

	<p>құрылғылардың іске қосылу көрсеткіштерін есептеу және тексеру</p>		
<p>496.</p>	<p>Кернеу 1200 Вольтке дейін болғанда қорғанысты іске асыру:</p> <p>1) трансформаторларда және олардан шыққан әр қосындыда токтың қысқа тұйықталуынан - максимальды ток қорғанышы бар автоматтық ажыратқыштармен - шапшаң және селекциялық, 0,2 секундқа дейін уақыт ішінде;</p> <p>2) электр қозғалтқыштарды және қоректендіретін кабельдерді;</p> <p>3) аппаратқа қондырылған төмендеткіш трансформатордың екінші орамынан шыққан ұшқыннан қауіпті тізбектерде қысқа тұйықталу токтарынан;</p> <p>4) электр торабында токтың кему қауіптілігінен - бір немесе қатарласа жұмыс істейтін трансформаторлар тобына жалғанған электрлі байланысқан бүкіл торапқа токтың кемуінен бір аппарат арқылы қорғанышы бар кешенде автоматтық ажыратқыштармен немесе бір ажыратқыш аппаратпен, токтың кемуінен қорғау аппараты іске қосылғанда трансформаторды жалпы тораптық автоматты ажыратқышқа қосатын ұзындығы 10 метрден артық емес кабельдің бөлігінен басқа көрсетілген</p>		

	<p>трансформаторға жалғанған бүкіл торап ажыратылуы керек. Бір немесе қатарласа жұмыс істейтін трансформаторлар тобына жалғанған кабельдердің жалпы ұзындығы бір фазаға фазаға 1 микрофарада артық емес шамада жерге қатысты сыйымдылықпен шектелінуге тиісті</p>		
497.	<p>Жер бетінен ұңғымалар арқылы жерасты электр қабылдағыштарға ток беруде ұңғыма астына одан 10 метрден артық емес қашықтықта токтың кемуінен қорғайтын аппараты бар автоматты ажыратқышты орнатуға болады. Кернеуі 42 Вольттан артық емес тізбектерде, ЖТҚ дистанциялық басқару және блокадалау тізбектерінде, сондай-ақ ішіне қондырылған жарық беретін трансформаторлардан ток алатын жылжымалы қосалқы станциялардың жергілікті жарығының тізбектерінде, егер сол трансформаторлар қосалқы станция қорабына металлмен берік немесе иілгіш болып сырттай қосылса, жарық тізбегінде сөндіргіш болып, шырақтарда "Тораптан ажыратып, ашу керек" деген жазуы бар жағдайда, токтың кемуінен қорғануды қолданбауға да болады. Токтың кемуінен қорғану талабы ұшқыннан қауіпсіз жүйелерге қатысты болмайды. Қорғаныш ажыратудың</p>		

	<p>барлық жағдайларнда желіге немесе электр қондырғыларына олар іске кіргеннен кейін кернеу беруге қарсы тосқауылдары бар ЖТҚ-да (МТЗ басқа) максимальды ток қорғанышы және токтың жерге кетуінен (тұйықталуынан) қорғаныш бар болған жағдайда бір реттік АҚҚ-ды қолдануға болады</p>		
498.	<p>Автоматтық ажыратқыштардың, магниттік жүргізгіштердің және басқару станцияларының максимальды ток релесінің іске қосылу ток белгілемесінің шамасын, сондай-ақ сақтандырғыштардың ерігіш ендімесінің номиналды тоғы кернеуін таңдау. Патронсыз сақтандырғыштарды және калибренбеген ерігіш ендірмелерді қолдануға рұқсат етілмейді</p>		
	<p>Учаскені электрмен жабдықтауға қойылатын талаптар. ол жылжымалы трансформатор қосалқы станцияларынан, ЖТҚ-ның көмегімен тарату тармағына қосылумен іске асырылады. Бір тазартпа немесе даярлау үңгубетін және олармен технологиялық байланыстырылған бір-біріне жақын (50 метрге дейін) орналасқан құрылғыларды электр энергиясымен жабдықтайтын бірнеше жылжымалы қосалқы станцияларды ЖТҚ-дан 6</p>		

499.	<p>килоВольт бір-бір кабелден шығаруға болады. Осының өзінде сызба бойынша барлық қосалқы станцияларды дистанциялы бір уақытта өшіруге болатыны қарастырылған. Бір ЖТҚ-ға бірнеше жылжымалы қосалқы станцияларды немесе трансформаторларды, электр энергиясымен технологиялы байланысқан учаске машиналарын қоректендіруге болады. Қосалқы станцияларды орналастырған жерлер метанның шоғырлануы жіберілімді мөлшерден асқанда қоректендіруші тармақты ағытатын аппаратурамен жабдықталған</p>		
500.	<p>ІІ және одан жоғары санатты шахталардың ауаның шықпа ағысы бар қазбаларында орнатылатын жылжымалы қосалқы станциялардың және трансформаторлардың торабына қосу үшін жерге қатысты тораптың оқшауламасын алдын ала бақылайтын аппараттары (бұдан әрі - КБР) және ұшқыннан қауіпсіз тізбектермен дистанциялық басқаруы бар ЖТК-да телемеханикалық басқаруды қолдану. Учаскенің ТЖП-ін және ауа шықпа ағысы бар қазбаларда орналасқан басқа электр құралдарын іске қосу үшін қорғаныш ажыратуды және жерлестіру тізбегі кедергісінің қауіпсіз мөлшерін автоматтық бақылауды қамтамасыз</p>		

	ететін КБР-і бар коммутациялық аппараттар қолданылуы керек		
501.	Барлық үңгубеттік машиналар торапқа дистанциялы басқарылатын магниттік жүргізгіштердің немесе арнайы магниттік станциялардың (басқару станциялары) көмегімен қосылады. Жеке электр қозғалтқыштарын басқару үшін магниттік станциялар немесе қол ажыратқыштар орнатылған машиналар да торапқа дистанциялық басқарылатын жүргізгіштердің көмегімен қосылады		
502.	Лақтырыстан қауіпті тақталарда немесе қатерлі тақталардың лақтырыстан қауіпті аймақтарында қолданылатын, лаваларында көмір қазу, дайындау қазбаларын жүргізу, жүк түсіретін ойықтарды (тесіктерді) кесу және көмір арқылы диаметрі 80 миллиметрден артық ұңғымаларды бұрғылау қауіпсіз қашықтықтан дистанциялық басқарылу қабілеттілігінің болуы		
503.	Газдан немесе шаңнан қауіпті шахтыларда үңгубеттік машиналарға кернеу беру үшін ұшқыннан қауіпсіз басқару сұлбалары бар іске қосқыштар (магнитті станцияларда) қолданылады		
	Үңгубеттік машиналарды және механизмдерді басқару сұлбасы қамтамасыз етеді: 1) нөлдік қорғанысты;		

504.	<p>2) аппараттардың өздігінен іске қосылуынан сақтауды;</p> <p>3) басқарудың сыртқы тізбектерін де тұйықталу болғанда;</p> <p>4) басқарудың сыртқы тізбектерінің ұшқын қауіпсіздігі.</p> <p>Магниттік қосқыштарды басқару үшін бір батырмалы бекеттерді, оларды тек ажырату үшін қолданудан басқа жағдайларда, қолдануға рұқсат етілмейді</p>		
505.	<p>Бір мезгілде екі не одан көп басқару пульттарынан машиналарды жүргізетін немесе оларға кернеу беретін сұлбаларды қолдануға рұқсат етпеу.</p> <p>Бұл талап ЖЖЖ-ді басқару басқару сұлбаларына жүрмейді</p>		
506.	<p>Машиналарда жөндеу және қосалқы жұмыстарды жүргізу алдында кернеуді алуға және машиналардың кенеттен жүріп кетуін болдырмайтын шаралардың қолданылуына қойылатын талаптар</p>		
507.	<p>Комбайнды басқару пультінен және лаваларда орнатылған арнайы пульттерден конвейерді лаваларда тоқтату мүмкіншілігінің болуы</p>		
508.	<p>Машиналарда гидромурфталарды пайдалану тек температуралық релемен немесе арнайы калибрленген ерігіш сақтық тығындармен орындалатын түзу қорғаныш болса ғана қолданылады.</p> <p>Температуралық реле</p>		

	пломбланады. Гидромуфталарға жанбайтын сұйықтар құйылады		
509.	<p>Әрбір шахта байланыс пен сигнал берудің мына түрлерімен:</p> <p>1) телефонды байланыс жүйесімен;</p> <p>2) жалпы шахталық авариялық хабарландырудың жергілікті жүйесімен;</p> <p>3) технологиялық учаскелердегі (көтергідегі, көліктегі, тазалау кежарларында) жедел және ескерту сигнал берудің жергілікті жүйелерімен жабдықталады. Байланыс пен сигнал берудің аталған түрлері, әдетте құрылымды түрде бірге жүргізіледі.</p> <p>Шахталардағы жерасты телефон тізбектері екі сымды. Жерді сымдардың біреуі ретінде пайдалануға рұқсат етілмейді</p>		
510.	<p>Телефон аппараттары төлқұжатқа сәйкес орнатылады, мұнда барлық пайдалану учаскелерінде, тасымалдау жүктері және тасымалдаудың негізгі жерлерінде, көліктік құралдарға адамдарды отырғызудың барлық пункттерінде, барлық электрмашиналы камераларда, ОЖ, кернеуі 1200 Вольттан жоғары қуатымен тарту пункттерінде, оқпандарда, ЖЗ қоймаларында, денсаулық пункттерінде, дайындау деңгейжиектерінің қазбаларында, АЖЖ қарастырылған орындар</p>		

	мен дайындау учаскелерінің қазбаларында		
511.	<p>Тау-кен қазбаларындағы авариялық жоғары дауысты хабарлаудың жалпы шахталық жүйесі:</p> <p>1) жер астындағы адамдарға авария туралы хабарлауды қамтамасыз етеді;</p> <p>2) шахтадан берілген авария туралы хабарды жер бетінде қабылдауды қамтамасыз етеді;</p> <p>3) аварияны жоюмен байланысты нұсқауларды магнитофонға автоматты түрде жазумен беру және сөйлесулер жүргізуді қамтамасыз етеді</p>		
512.	<p>Авариялық байланыс пен хабарлаудың аппаратурасы:</p> <p>1) АЖЖ сәйкес және шахтының техникалық басшысының нұсқауы бойынша абоненттерде - шахтада орнатылады;</p> <p>2) шахтының техникалық басшысының және диспечерде – жер бетінде орнатылады</p>		
513.	<p>Жалпы шахталық телефон жүйесінің барлық телефон аппараттарында жеңіл есте сақтайтын арнайы нөмірді теру жолымен авария туралы хабар беру мүмкіндігі қарастырылған.</p> <p>Аварияны хабарлау мен байланыстың арнайы аппаратурасынан басқа авария туралы хабарды беру үшін, жергілікті технологиялық байланыстың құралдары пайдаланылады. Жайпақ және көлбеу қабаттардағы тазалалу кенжарлары, комбайн</p>		

	<p>машинистының пульты мен ұзынкенжарда қойылған қатты сөйлейтін байланыспен жабдықталады.</p> <p>Қоректендіру желісімен байланыс құрылғысы 3 сағаттан кем емес уақытқа жұмысты қамтамасыз ететін резервті автономды көзбен жабдықталады</p>		
514.	<p>Электротехникалық құрылғылардың металл бөліктері, қалыпты жағдайда кернеусіз тұратын, бірақ окшаулау қабыршығы зақымдалған жағдайда кернеулі болатын құбырлар, сондай-ақ электрлік құрылғылар мен сымдары бар қазбаларда орналасқан сигнал беру арқаншалары жерге қосуға жатады. Газ немесе шаң бойынша қауіпті шахталарда статикалық электрдің жинақталуынан қорғану үшін жекелеген металл ауақұбырлары және пневматикалық желдеткіштер жерге қосылады</p>		
515.	<p>Шахталардың жер асты қазбаларында жергеқосудың ортақ тізбек жүйесін жасау талаптары, оған жерге қосылуға тиісті барлық нысандар қосылады</p>		
	<p>Б а с т ы</p> <p>жергеқосқыштарды шахтадағы зумпфтарда немесе су қоймаларда орналастыру талаптары.</p> <p>Шахтаның электр жабдықтау скважиналармен жүргізілген кабельдердің көмегі орындалса, басты жергеқосқыштарды</p>		

516.	<p>жербетінде немесе шахтаның сужигыларында орналастыруға болады. Бұл жағдайда бас жергекосқыштардың сапасында ұңғымаларға іштей отырғызылған құбырлар, скважиналардың бекітпе құбырлары пайдаланылады. Барлық жағдайларда, олардың біреуінің тазалау немесе жөндеу кезінде бір-бірін резервуарлайтын әртүрлі орындарда орналасқан екіден кем емес басты жерге қосулар орналастырылады. Блоктарды жекелеп электрмен жабдықтағанда және басты сутөкпе болмағанда басты жергекосқыштар сумен толтырылған арнайы құдықтар мен зумфтарда орналасады</p>		
517.	<p>Жергілікті жергекосулар үшін, қауақаздағы су әкету арықтарында немесе бұл үшін жарамды жерлерде жасанды жерге қосуларды орнату. Жергілікті жергекосулар үшін рамалы металл бекітпені пайдалануға болады</p>		
	<p>Метал корпусы бар әрбір кабель муфта, жылжымалы машиналарды қоректендіретін иілгіш кабельдердегі қуатты қосудан басқа жергілікті жерге қосу болады, және шахтының жалпы жерге қосу желісімен қосылады</p> <p>Тұрақты жарықтандыру желілі үшін жергілікті жергекосуды әрбір муфта</p>		

518.	<p>немесе шам үшін емес, абель желісінің әрбір 100 метрден кейін орналастыруға болады. Телефон байланысының аппаратурасы мен кабельдік муфталары үшін желі кабельдерінің бронсыз бөлігінде жергілікті жерге қосуды жалпы жерге қосу тармағына жалғамай-ақ орындауға болады</p>		
519.	<p>Жылжымалы машиналардың корпустарын, кенжар науаларының, кенжар кеңістігінде орнатылған аппараттардың және иілгіш сымдармен желілерге қосылған шамдардың, сондай-ақ рельстермен қозғалатын (жылжымалы подстанциялардан басқа) платформаларда орнатылған электр жабдықтары сымдардың қоректенетін жерге қосу тармақтарының көмегімен оларды жалпы жерге қосу желісімен қосу арқылы іске асырылады. Жылжымалы машиналар және кенжар науалары үшін жерге қосуды үздіксіз бақылау қарастырылады. Газ немесе шаң бойынша қауіпті шахталарда жерге қосуды үздіксіз бақылау сұлбаларының ұшқын қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі</p>		
520.	<p>Жерге қосу тармағының жалпы өтпелі кедергісі, кез-келген жерге қосуларда өлшенген, 2 Омнан аспауы керек</p>		
	<p>Шахтаның өндіріс алаңында жұмыстардың барлық орындарын,</p>		

521.	оқпанның қабылдау алаңын, баспалдақтарды, адамдар өтетін жолдарды , электромеханикалық қондырғылар бөлмелерін, автокөліктік және теміржолдар жарықтануға қойылатын талаптар		
522.	Көтергі машина ғимараттарында, басты желдету қондырғысының , компрессорлық, оқпандардың шахта үстіндегі ғимараттарында , жыныс үйінділері шығырларының және арқанды жолдардың ғимарттарында, газсыздандыру қондырғыларының, қазандықтардың ғимарттарында, көмір бункерлерінің ғимараттарында, әкімшілік–тұрмыстық комбинаттарда қоректендіру көзіне қарамастан авариялық жарықтандырудың қарастырылу талаптары		
	Электр желілерінен қоректенетін шамдармен (нормаланған жарықтылықты қамтамасыз етумен) жерасты жағдайларында: 1) электр машиналы, шығырлы және диспетчерлік камералар, орталық жерасты подстанциялар, локомотив гараждары, денсаулық пункттері, ЖЗ тарау камералары, жерасты жөндеу шеберханалары; 2) оқпан алаңының шегінде көліктік қазбалар ; 3) еңістер мен бремсбергтердің, айрықтар оқпан маңы		

523.

және учаскелік тасымал қазбалары шегінде, қазбалардың көмірді қайта тиеу бөліктері, адамдарды көлік құралдарына отырғызу пункттері және оларға келу жолдары;

4) кенжар маңайындағы оқпанда, ұңғымалауда жанасулар және камералар, ұңғымалық ілмелі сөрелер;

5) механизацияланған кешендермен және жоңғымалық құрылғылармен жабдықталған (кешен немесе құрылғының құрамына кіретін шамдармен) жайпақ және көлбеу қаттардағы тазалау қазбалары;

6) арнайы камералар шегінен тыс тарату пункттері және жылжымалы подстанциалар, тұрақты қызмет көрсететін электр машиналы құрылғылар;

7) адамдарды тасымалдауға арналған ілмелі креслолы жолдары бар және таспалы науалармен жабдықталған қазбалар;

8) механизацияланған адамдарды тасымалдаумен жабдықталған адам жүрістіктері.

Ұңғымалық кешендердің немесе комбайндардың қолданылуымен өткізілетін дайындау қазбаларының кенжар маңындағы кеңістік, кешенге немесе комбайнға қосарланған шамдармен жарықтандырылады

Жерасты қондырғыларын коректендіру үшін 220

524.	Вольттан артық емес қуат қолданылады. Ұшқын қауіпсіз көздерден қоректенетін тасымалы қол шамдары үшін 42 Вольттан артық емес қуатқа рұқсат етіледі		
525.	Әр шахтадағы дұрыс аккумуляторлы шамдардың саны, қосарланған метан сигнализаторлары бар шамдарды қоса алғанда, ж е р а с т ы жұмыстарындағы қызметкерлердің тізбегінің санын – 10 пайызға артық болуы керек		
526.	Аккумуляторлы шамдар дұрыс күйде сақталады, сақина түрінде дәнекерленген сыммен сенімді пломбаланған және үздіксіз қалыпты жануды 10 сағаттан кем емес уақыт бойында қамтамасыз етеді. Шамдар екіжіпті немесе екі диодты шамдармен жабдықталады. Шамдарды шахтада ашуға рұқсат етілмейді. Шамдар және зарядтау станцияларын айына бір реттен сирек емес шахтаның бас механигі немесе ол тағайындаған тұлға бақылау тексеруін жүргізеді		
527.	Шамдар лампалар бөлмесінің қызметкерлері күтеді, олардың дұрыс жұмыс күйін қамтамасыз етеді. Аккумуляторлы батареяларды зарядтау үшін жаңадан құрылатын шамдарда, батарея немесе фара корпусының сыртқы беткейінде орналасқан токөткізгіш зарядтау контактілерінің шаңмен ластануы немесе		

	<p>ақауланғанында шахтының жағдайында қауіпті потенциалды алу мүмкіндігін болдырмайтындай орындалады</p>		
528.	<p>Шам бөлмесі автоматты зарядтау станциялармен жабдықталады, олар герметикалы, қосымша құйылатын аккумуляторлық батереяларға арналған жаттығу зарядтау станциясы. Шам бөлмесіндегі зарядтау станциялары тоқ келтіруші бөліктері оқшауланған немесе қоршалған етіп орнатылады. Зарядтау құрылғысына қосқанда, оларда кернеу 24 Вольттен аспайтын болса, аккумуляторлы шамдарды қосу үшін арналған ашық контактілер болуына рұқсат етіледі. Электролит ертіндісін дайындау және аккумуляторларға оларды құю үшін электролиттің шашырауынан немесе төгілуінен сақтандыратын арнайы құралдардың, қорғаныс көзілдіріктерінің, резеңке саусақты қолғаптардың және алжапқыштардың болуы</p>		
529.	<p>Электржабдығын ашу және жөндеуге, тек қана мұндай жұмыстарды орындауға сәйкес біліктілігі және рұқсаты бар тұлғаларға рұқсат ету талаптары</p>		
	<p>Барлық электр машиналары, аппараттар, трансформаторлар және электржабдықтар, о л а р д ы ң</p>		

530.	<p>жарылысқа уіпсіз қабықтары, кабельдер жерге қосылыстары кезеңді қаралып отырады :</p> <p>1) машиналар мен механизмдерде жұмыс істейтін тұлғалар, сондай-ақ, учаскенің кезекші электр слесірлерімен – ауысым сайын;</p> <p>2) учаске механигі немесе оның орынбасары – апта сайын учаскенің жедел журналына нәтижелерді жазумен;</p> <p>3) шахтаның бас энергетигі (бас механигі) немесе олармен тағайындалған тұлғалары – 3 айда бір реттен сирек емес кезеңде Электр жабдығының және жерге тұйықтаудың жағдайын тіркеу журналына жазу арқылы қаралып отырады</p>		
531.	<p>Электр қондырғыларын құрастыру, жөндеу, реттеу, сынақтау, жөндеу, түгендеу және жүргізу бойынша жұмыстар тәртібі. Қуаты 1200 Вольттан жоғары орталық жер асты подстанцияларында және тарату пункттерінде олары қоректендіру тізбектерінде жөндеу және жетілдіру жұмыстарын жүргізуде негізгі қайта қосу жұмыстарының белгіленген тәртібі</p>		
	<p>Жетілдіру және басқа арнайы жұмыстар, оларды орындауда қуатты түсірумен жүргізудің мүмкіндігі болмаған жағдайда, қуатта тұрған бөліктердің маңында және өздерінде жұмыс істеуге бас</p>		

532.

энергетиктің рұқсатымен мына жағдайларда рұқсат етіледі:

- 1) жұмыстарды жүргізуге жүктеме болғанда, қауіпсіздік шараларын көрсетумен, оның ішінде кернеуі 42 Вольттан жоғары ұшқын қауіпті тізбектердің тоқ өткізетін бөліктерімен тікелей жанасуды болдырмайтын ;
- 2) жұмыс істеушілерді үздіксіз бақылауды қамтамасыз ету;
- 3) жұмысты жүргізіп жатқан адамдардың куәліктерінде мамандық тобы бойынша арнайы жұмыстарды жүргізуге рұқсаты бар жазудың болуы

Газ бойынша қауіпті шахталарда жұмыс жүргізу талаптар, олар тек қана жалпы шахталық депрессия есебінен желдетілетін, ауаның таза ағысы бар қазбаларда ғана рұқсат етіледі. Бұл ретте метан шоғырлануын үздіксіз бақылау қамтамасыз етіледі, ал наряд- ЖҚТ учаскесі бастығымен келісіледі. Көмір мен газдың оқыс лақтырыстарында қауіпті қабаттардағы қазбаларда, ОЖП – нан және оқпан алабы қазбаларынан басқа, аталған жұмыстарды жүргізуде, қосыша мынадай шарттар орындалады:

- 1) жұмыстарды жүргізу орындары, көмір мен газдың оқыс лақтырыстарынан қауіпті қабаттардағы жұмыс істеп тұрған

533.	<p>кенжарлардан 600 метрден жақын болмайды;</p> <p>2) жұмыстар, көмір қазу жүргізілмейтін, кен қазбаларын ұңғымалау жүргізілмейтін, сондай-ақ лақтырылысқа қарсы шаралар жүргізілмейтін ауысымдарда жүргізілмейді, сонымен бірге селкілдетілетін жарылыстардан кейін 4 сағаттан ерте емес уақытта жүргізіледі;</p> <p>3) метан шоғырлануын үздіксіз бақылау ЖҚТ учаскесінің тұлғалары жүргізеді. Метан мөлшері 0,5 пайыздан артық болғанда жұмыстар тоқтатылады, ал кернеу түсіріледі. Жетілдіру және басқа арнайы жұмыстарды жүргізудің жауапты басшысының қауіпсіздік техникасы бойынша V – біліктілік тобы, бригада мүшелері IV – топтан төмен емес болуы керек</p>		
534.	<p>Пайдалануда және оларды желіге қосуға дейін барлық аппараттарда максимальды тоқтық қорғанысты тексеру талаптары</p>		
	<p>Тоқтың кемуінен қорғаныс аппараты әр ауысым алдында бақылау учаскесінің тұлғаларымен немесе оның нұсқауы бойынша электрлесірмен тексеріледі. Тоқтың кемуінен қорғаныс аппаратурасын дистанциядан тексеру, егер ағыту аппаратының оқшаулауды алдын-ала тексеру құрылғысы болса</p>		

<p>535.</p>	<p>және тексеруден кейін қорғалатын тізбекті автоматты түрде қайта қосуға жараса, рұқсат етіледі. Тексерудің нәтижелері қорғаныс аппаратының орнатылған жерлерінде арнайы Журналдарға жазылады. Токтың кемуінен қорғау аппаратының жұмыс істеуімен 380, 660 және 1200 Вольт қуатпен желіден жалпы сөндіру уақыты 6 айда бір реттен кем емес тексеріледі. Аппаратты тексеру нәтижелері Электр жабдығының және жерге тұйықтаудың жағдайын тіркеу журналына енгізіледі</p>		
<p>536.</p>	<p>Ш а х т а д а электрқондырғыларының және жерге қатысты ауыспалы токтың 127-1200 Вольт номиналды қауындағы сымдардың окшаулау қарсыластығы төмендегі нормадан төмен емес:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) көмірқазатын электрқозғалтқыштар және ұңғымалау машиналары - 0,5 мегаОм ; 2) басқа шахтылық машиналардың электрқозғалтқыштары, жарық беру трансформаторлары, түсіру агрегаттары және қол электр бұрғылары - 1 мегаОм; 3) түсіру және тарату аппаратурасы, кез-келген ұзындықтағы бронирленген және иілгіш сымдар – фазаға 1 мегаОм 		
	<p>Электржабдықтарының және сымдарды қосар алдында окшаулау</p>		

537.	қарсыластығын өлшеу, монтаждау және тасымалдаудан соң, ұзақ мерзімде әрекетсіз болған соң қорғанысты авариялық сөндіруден соң жүргізіледі, егер тоқтың кемуін қорғау аппаратын желіге қосуға мүмкін болмаса, ал стационарлы электржабдықтары-жылына бір реттен кем емес осылай кезеңді жүргізіледі		
538.	Бөлшектердің жарылысқауіпсіздігін қамтамасыз ететін шахтыларда өткізілетін ағымдағы және алдын алу жөндеулерінде толығымен сым муфталарының, сым кірмелерінің тығындарының және басу құрылғыларының, тығыздайтын сақиналардың, оқшаулау науаларының, штепсельдік контактілердің, өту қысқыштарының, сонымен бірге электржабдықтарының бекітпе бұрандаларын ауыстыру талаптары		
539.	3 айдан кем емес бір рет шахтының оқытылған жұмыскерлері әр жерге қосылудың жалпы жерге қ о с ы л у қарсыластығының желісін өлшеу кезеңділігі . Электр жабдығының және жерге тұйықтаудың жағдайын тіркеу журналының болуы және жүргізілуі		
	Шахтаның техникалық басшысымен бекітілетін жылжымалы компрессор станциясын шахтада орнату төлқұжатының		

540.

болуы. Жерасты жылжымалы компрессорлардың қорғанысы болуы керек, ол құрғақ қысу компрессорын қысымдалған ауаның температурасы 182 градус Цельсиядан артық болғанда компрессорды ағытады, май толтырып компрессорды – 125 градус Цельсиядан жоғары температурада ағытады. Бұл компрессорлардың қысымдалған ауа қысымы қолдану бойынша нұсқауға сәйкес келеді, бірақ 0,6 мегаПаскаль (6 килограмм-күш/шаршы сантиметрге) аспауы керек, ал сақтандыру клапаны 0,66 мегаПаскаль (6,6 килограмм-күш/шаршы сантиметрге) қысымына тағайындалған компрессорлардың майдың тұтану мүмкіндігін болдырмайтын қорғанысы болады. Маймен толықтырылған компрессорларда майдың жануын болдырмайтын қорғаныс болу керек

Жерасты жылжымалы компрессор қондырғысын орнату талаптары – ол горизонталь алаңда ауаның таза ағысы бар, отқа жанбайтын бекітпесі бар жерлерде орнатылады. Жанбайтын бекітпенің ұзындығы компрессор станциясынан екі жаққа – 10 метрден кем болмайды. Көмір тиеу орындарынан қашықтығы – 30 метрден

541.	<p>кем болмайды, қазба бекітпесіне және басқа машиналар мен механизмдерге дейін қондырғыдан – 0,5 метрден кем болмайды (техникалық күту үшін). Күтуші персоналдың тұрған жерінен компрессор тікелей көрінетін алапта орнатылады, бірақ 100 метрден артық емес. Орнату орыны жарықтанған. Қондырғы орнатылған жерлерде күштік кабельдер және байланыс сымдары қазбаның қарсы жағында жүргізіледі, олардың өрт салдарынан немесе жарылыстан (құбырлар, экрандар). Қондырғының екі жағынан, іштерінде құм және инертті шаны 0,4 метр кубтан кем емес және сыйымдылығы 10 литрден кем емес бес-бестен ұнтақты өртсөндіргіштер орналасады. Телефон аппараты жұмыс істеп тұрған компрессор кезінде сөйлесуге мүмкін болатын қашықтықта орналасқан</p>		
542.	<p>Жылжымалы компрессор қондырғыларын газ бен шаң бойынша қауіпті шахталардың тұйық қазбаларында жоғары тұрған ұйымның техникалық басшысының рұқсатымен мына талаптарды орындағанда пайдалануға рұқсат етіледі: компрессор қондырғысы қорғаныспен жабдықталады, ол ұңғымалау комбайнының жұмысында оның сөнуін</p>		

	қамтамасыз ететін тиеу машинасымен жабдықталған		
543.	<p>Жерасты жылжымалы компрессор қондырғысы оның пайдалануына жауапты тұлғамен ай сайын тексеру кезеңділігі , аптасына 1 реттен кем емес – шахтының учаске механигімен және тоқсанына 1 реттен кем емес – бас механикпен (аға механикпен) тексеріледі.</p> <p>Пневмоөткізгіштің тез ажырайтын бөлігін күйіктен тазарту апта сайын жүргізіледі.</p> <p>Қондырғыны қараудың, пневмоөткізгіштің тез ажырайтын бөлігін тазалаудың, және май және ауа сүзгісін алмастырудың нәтижелері компрессор қондырғысы жұмысын есепке алу журналында жазылады</p>		
544.	<p>Жерасты жылжымалы компрессор қондырғысын іске қосу және оның жұмысына мындай жағдайда рұқсат етпеу:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) қондырғының орналасқан жерінде метан мөлшері таза ағыста 0,5 пайыздан артық және шығу ағынында 1,0 пайыздан артық болғанда; 2) жылу қорғанысының жоқ болуы немесе ақаулығы; 3) қолдану бойынша нұсқаумен көзделген өнімділік реттеушінің, сақтандыру клапандарының манометрлердің, 		

	<p>термометрлердің және блокировкалардың ақаулар болғанда;</p> <p>4) майдың ағуы;</p> <p>5) компрессор бұрандаларының кері айналуында;</p> <p>6) ауа және май сүзгісінің ластануында;</p> <p>7) қондырғы орнында жарықтану болмағанда</p>		
545.	<p>Ауаөткізгіштің фланецті қосылыстарында төсемдер үшін паронит, асбест және түтіндеу температурасы 350 градус Цельсиядан төмен емес материалдарды қолдану талаптары. Ауаөткізгіштің ақаулы бөліктері жаңаларымен алмастырылады. Бұл бөліктерді жөндегенде металл штуцерлер және қамыттар пайдаланылады</p>		
	<p>Жаңадан салынатын, қайта құрылатын және істеп тұрған шахталардың жобаларының өртке қарсы қорғаныс бөлімдерінде, сондай-ақ кен-шахталық жабдықтарды әзірлеу мен жетілдіру кезінде өрттердің алдын алу және өрт пайда бола қалған жағдайда материалды құндылықтарды сақтау, өрттің қауіпті әсерлерінің адамдарға әсерін бейтараптандыру, жою бойынша мына шаралардың болуы:</p> <p>1) жарылыс, өрт қауіпті органы болдырмауды қамтамасыз ететін желдетудің схемалары мен тәсілдерін қолдану, авариялық жағдайларда желдету ағыстарын сенімді басқару және адамдарды шахтадан</p>		

немесе таза ауа ағысына қауіпсіз шығару;

2) шахта алабтарын ашудың және дайындаудың, өздігінен жануға икемді көмірлері бар қаттарды қазудың жүйелерін, оларды өндегеннен кейін кеналу учаскелерін оқшалауды қамтамасыз ету мүмкіншілігін (тазалау қазбаларының), сондай-ақ өртті жедел оқшалау мүмкіншілігін және белсенді түрде сөндірудің тәсілдерін қолдану;

3) өздігінен жануға икемді көмір қабаттарын өндірудің жобаларына эндогендік өрттерден сақтандыру шаралары бойынша бөлімдерді енгізу;

4) көмірдің химиялық белсенділігін төмендету, өңделген кеңістікке ауа өтімділігін төмендету, оқшаулау имараттардың тығыздығын жоғарлату, өздігінен жануға икемді көмір қабаттарын өндеген кезде өрт белгілерін бақылаудың сенімділігін қамтамасыз ету тәсілдері мен құралдарын қолдану;

5) өртке қатысты қауіпсіз машиналар мен механизмдерді, жабдықтарды, бекітпелерді, құрылғыларды және электрмен қамтамасыз етудің схемаларын қолдану;

6) отқа жанбайтын және өте қиын жанатын заттар мен материалдарды, соның ішінде жұмыс сұйықтарын қолдану;

7) өртке қарсы сумен қамтамасыз етудің, жер

	<p>асты өрттерінің бастапқы сатыларында анықтаудың автоматты құралдарын, таспалы конвейерлер түйіндерінің температурасын бақылау құралдарын, басты жетекші, аралық тарту станцияларында, жеңілдету және шеткі секцияларында, оның ішінде таспалы конвейерлердің, өрттік құбырдағы судың қысымы өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмеген жағдайда жұмыс істеуін болдырмайтын блокировканы, орталықтан бақылауды және өртке қарсы суқолданудың басшылығын қолдану;</p> <p>8) өрт уақытында адамдардың шахтадан шығуы немесе шығуды күтіп тұрғанда адамдарды көшіру кезенді ұжымдық және жеке қорғаныс құралдарын қолдану</p>		
547.	<p>АЖЖ әзірлеген кезде өрт туындаған жағдайда, желдету ағысының өздігінен бағыт өзгертуінің, адамдар бар қазбаларға жанудың газтәрізді өнімдерінің таралуының алдын алуға, өрттің қарқындылығын төмендетуге, оны сөндіруге қолайлы жағдайлар туғызуға және жанғыш газдардың жарылыстарының алдын алуға ықпал ететін желдету режимі қабылдаған кезде өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары</p>		
	<p>Шахта бетіндегі әр ғимараттар мен имараттар үшін</p>		

548.	жанғыштық тобына қойылатын талаптар, олардың негізгі құрылыс конструкцияларының отқа төзімділігінің ең аз шегі белгіленеді және бастапқы өртті сөндіру құралдарын орналастыру жүргізіледі		
549.	Әр шахтада судың қоры, су қорын тазалауға және сақтауға арналған құрылғылар, сорғы станциялар тиекті арматурасымен өрт сөндіру құбырлары кіретін өрт сөндіру жүйесіне қойылатын талаптар. Шахталарды сумен қамтамасыз ету бір-біріне тәуелсіз екі көзден жүргізілуі қажет. Шахта үстінде, ғимараттарда және имараттарда өрт қауіптілігі санатына, судың шығынына байланысты өрт сөндіру құбырларын тарту, суды жинау және тазарту құрылғылары, сорғы станцияларының құрылымы 159 миллиметрден кем емес диаметрде болуы және өртті сөндіруге қажетті мөлшерде суды беруді қамтамасыз етуі қажет. Жер бетіндегі барлық өрт сөндіру құбырлары қатып қалудан сақталынады		
	Өрт сөндіру су қоймалары маңында сапасы жағынан екінші классқа жатқызылған сорғы станциялары орнату талаптары. Сорғылар (қолданылымдағы және резервтегі) екі бір-біріне тәуелсіз көздерден немесе екі бөлек фидерлерден электр		

550.	<p>куатынан қуат алады. Сорғы станциялары жайлары қысқы уақытта жылытылады. Өрт сөндіру сорғыларының өнімділігі жерастындағы өртті сөндіруге есептелген су шығынына сәйкес келуі қажет, алайда секундына 0,022 метр куб (сағатына 80 метр куб) кем болмайды</p>		
551.	<p>Оқпандар мен шахта үстіндегі ғимараттардың қабылдау алаңшаларында өртке қарсы қорғаныс орнату талаптары, ол үшін шаруашылық-ауыз су құбырынан су беру қарастырылған үшеуден кем емес өрт сөндіру крандары орнатылады. Өрт сөндіру крандарында оқпаннан өрт жеңдері орналасады</p>		
552.	<p>Барлық тік оқпандардың және шыңыраулардың ауыздарында жер үсті суқұбырымен қосылған дөңгелек су бүрікіштері (сақиналы су шымылдығы) бар құбырдың болуы. Дөңгелек су шымылдығына су беруге арналған ысырмалар шахтада және шахта үстіндегі ғимараттардағы өрт кезінде (реверсивтік жайғасымдарды қоса алғанда) жану өнімдері таралуы мүмкін жайлардан тысқары орналастырылады. Дөңгелек су шымылдықтары мына су шығынын қамтамасыз етуі қажет:</p> <p>1) оқпанның отқа жанбайтын бекітпесінде – секундына 0,00055 метр куб (сағатына 2 метр куб) 1 шаршы метр көлденең қимаға;</p>		

	<p>2) оқпанның отқа жанатын бекітпесінде – секундына 0,00166 метр куб (сағатына 6 метр куб) 1 шаршы метр көлденең қиманың</p>		
<p>553.</p>	<p>Шахтаға су беру, әртүрлі ауа беруші оқпандар бойынша жүргізілген, өзара байланыссыз екі құбырмен - жұмыс және қордағы қарастырылуы қажет. Қордағы құбыр ретінде нормаланатын қысымдық-шығындық сипаттамалармен өртті сөндіруге су беруді қамтамасыз ететін магистральдық сутөкпе құбырларының біреуін қолдануға болады. Сутөкпе құбырын өрттік-су шашу құбырына жедел және тез қайта қосу үшін аварияларды жою жоспарына тығын тетіктері (тиек), сондай-ақ оларды ауыстыру реттілігі көрсетілген ауыстыру схемасы қоса беріледі. Егер су шахтаға көлбеу ауа жіберетін оқпанмен берілетін болса, онда резервті құбырды жүргізу міндетті емес. Сонымен бірге өрттік-су шашу құбыры әрбір 200 метр сайын жалғастырғыш бастары бар өрт сөндіру крандарымен жабдықталады және оқпанның барлық ұзындығы бойы судың қажетті шығыны және қысымы қамтамасыз етіледі. Әрбір жұмыс деңгейжиекке су беру бөлек қазбаларда жүргізілген өзара шығыршықталған екі құбыр бойынша жүргізіледі</p>		

554.	<p>Өрттік-су шашу құбырларында редукциялық түйіндердің болуы. Редукциялық құрылғылардың түрлері және оларды орналастыру жобамен айқындалады.</p> <p>Редукциялық түйіндерді және өрт сөндіру крандарын тік оқпандарда (шыңырауда) жүргізілген магистральдық құбырларда орнатуға рұқсат етілмейді</p>		
555.	<p>Шахтада судың қысымын бақылау құбырдың аса алыстағы нүктелерінде жүргізіледі. Таспалы конвейерлерді басқару жүйесі өрттік-сулау құбырында су қысымы түскен кезде таспалы конвейердің қосылуын және жұмыс істеуін жібермейтін блокадалаумен қамтамасыз етіледі</p>		
556.	<p>Өрттік-сулау құбырының тармағы магистральдық және учаскелік тізбектерден тұрады, олардың диаметрлері өткізгіштіку мүмкіндіктерімен анықталады, алайда 150 және 100 миллиметрден (тиісінше) кем болмайды.</p> <p>Сонымен бірге желілердің жібергіштік мүмкіндігінің есебі бірдей учаскелерде әртүрлі диаметрлі құбырларды қолдануға рұқсат етілмейді.</p> <p>Магистральды тізбектер тік және көлбеу оқпандарда (шыңырауда), оқпан аулаларында, бас және топтық тасымал қуақаздарында және қвершлагтарында, шалпы шахталаық мақсаттағы</p>		

	<p>еңістерінде және өрлейқаздарда салынады. Аса жақын орналасқан екі және одан да көп көлбеу қазбалар болған кезде өрттік-су шашу құбыры таспалы конвейермен жабдықталған қазбада жүргізіледі, ал өрт сөндіру крандары түйісімдер немесе ұңғымалар арқылы параллель орналасқан қазбаларға шығарылады</p>		
557.	<p>Жекелеген жағдайларда, АҚҚ-мен келісім бойынша, жерасты өртін сөндіруге арналған судың өрттік қоры ретінде деңгейжиектердің сутөкпе қондырғыларының сужигыларын пайдалануға болады. Егер жобамен сутөкпе қондырғыларының сорғыларын өрттік-су шашу желісіне су беру үшін пайдалану көзделген болса, онда олардың гидравликалық сипаттамалары осы желілердің параметрлеріне сәйкес келуі қажет</p>		
558.	<p>Жобада қолданымдағы сутөгу магистральдарын, ауа жүргізгіштерді, қойыртпақ құбырларды өрт сөндіру мақсатында пайдаланудың қарастырылуы. Резервтегі құбырларды пайдалану есептеулермен негізделеді. Бұл жағдайда резервтегі құбырларға қосу үшін пломбаланған ысырмаларымен арнайы құрылғылар қарастырылады. Резервтегі құбырларды өрт сөндіру крандарымен жабдықтамауға болады.</p>		

	Өрт уақытында газсыздандыру құбырларын су беру үшін пайдалануға болмайды		
559.	Өрттік-су шашу құбырының тотанудан және жылжымалы тоқтардан қорғаныс бойынша талаптар		
560.	Өрттік-су шашу құбырларының шеттері дайындау қазбаларының кенжарларынан 20 метрден артық емес жерде орналасу және өрт сөндіру кранымен жабдықталу талаптары. Өрттік-су шашу құбыры танымды - қызыл түске боялады. Бояу 1,5-2,0 метрден кейін салынатын ені 50 миллиметр жолақ немесе ені 50 миллиметр дөңгелек түрінде орындалады		
561.	Өрттік-су шашу құбырының кейбір учаскелерін ұзақтығы бір ауысым уақыт жөндеу жұмыстарын орындау үшін сөндіру шахтаның техникалық басшысының жазбаша рұқсатымен жүргізіледі. Ұзақтығы бір ауысымнан артық жөндеу жұмыстары АҚҚ-нің келісімі бойынша шахтаның техникалық басшысының жазбаша рұқсатымен және АЖЖ іс-шараларына түзету енгізумен жүргізіледі. Әрбір сөндіру туралы кен диспетчері хабардар етіледі		
	Өрттік-су шашу құбырын қалыпты түрде пайдалану үшін есептелген гидравликалық параметрлеріне сәйкес таңдап алынған суды тоқтату арматурасы қойылады. Суды тоқтату		

562.	арматурасы ретімен нөмірленеді және сумен жабдықтау схемасына, оны пайдалану тәртібі көрсетіле отырып, түсіріледі. Арматураның маңында арматураның жұмыстағы жағдайы және оны пайдалану тәртібі туралы нұсқау ілінеді		
563.	Өрттік-су шашу құбырын біріктіру ұштарымен бір типті өрт крандарымен жабдыкталады, олар: таспалы конвейерлері бар қазбаларда – 50 метрден кейін және қосымша конвейердің жетек бөлігінің екі жағынан қосымша одан 10 метр қашықтықта орнатылады. Өрт краны жанында арнайы жәшік орнатылады, онда диаметрі 19 миллиметр шашыратқышы бар оқпан және екі жағынан құрама ұштарымен жабдыкталған, ұзындығы 20 метр өрт қолжеңі сақталады		
564.	Шіру және істен шығуды болдырмау үшін өрттік жеңдер арнайы жәшік-контейнерлерде сақталады немесе шірімейтін материалдан немесе антисептиктермен өңделген құрамнан жасалады		
565.	Өртті сөндіруге судың үлкейтілген көлемін беру үшін немесе жөндеу кезінде өрттік-су шашу құбырының кейбір учаскелерін сөндіру үшін оларда жылжытпалардың болуы және олар мына жерлерде қойылады: 1) құбырлық желінің барлық тарамақтарында		

566.	<p>Магистральдық құбырдың параметрлері оқпан және оқпан маңындағы аулалардағы қазбалар бойынша қвершлагқа қарай құбырдың бас қазбаларға тармактану нүктесіне дейін өрттің таралуын бөгеуге арналған сушымалдығының құрылысына және қондырмасының диаметрі 19 миллиметр бір өрт сөндіру оқпанынан өртті тікелей сөндіруге (бір оқпанға судың шығыны – секундына 0,0083 метр куб (сағатына 30 метр куб) және технологиялық мұқтаждықтарға (есептелген шығынның жартысы) қажетті судың жиынтық шығыны бойынша есептеледі</p>		
567.	<p>Бас және топтық тасымалдау қуақаздармен, еңістермен және өрлейқаздар жүргізілген магистральды құбырдың болуы және олардың параметрлері тек қана су шымалдыған құруға және бір өрт сөндіру оқпанынан өртті тікелейсөндіруге (технологиялық мұқтаждықтарға суды шығынын есепке алмағанда) қажетті су шығыны бойынша есептеледі. Сонымен бірге өрт сөндіруге судың жалпы шығыны есептеуге байланыссыз – секундына 0,022 метр куб (сағатына 80 метр куб) кем емес. Учаскелік құбырдың параметрлері су шымалдығын жасауға қажетті су шығыны бойынша есептеледі, бұл жағдайда шығын –</p>		

	<p>секундына 0,014 метр куб (сағатына 50 метр куб) кем болмайды. Таспалы конвейерлермен жабдықталған қазбалар үшін өрттік-су шашу құбырларының параметрлерінің есебі кезінде өртті сөндірумен бір уақытта сулы өрт сөндіру автоматты қондырғыларының жұмысына судың қосымша шығыны көзделеді</p>		
568.	<p>Үш жылда бір рет шахта АҚҚ қатысуымен өрттік-су шашу құбырларының және өрт сөндіруге су беру үшін жобамен көзделген құбырларының төзімділігіне және бітеулігіне гидравликалық сынау бойынша талаптар. Сынау қысымының шамасы жұмыс қысымының 1,25 шамасында болуы қажет.</p>		
569.	<p>Өртті оның пайда болуының бастапқы сатысында негізгі өрт сөндіру құралдарының болуы: Қол өртсөндіргіштері (көлемі 10 литр) + құм немесе инерттік шаң (куб метр): - шахтаүстілік ғимараттар – 7+0,4</p>		
	<p>Өрт сөндірудің алғашқы құралдары сақталатын жерлерге қойылатын талаптар, олардың түрлері мен сандары көрсетілген кестелері ілінеді. Өртсөндіргіштер, құм толтырылған жәшіктер, өртсөндіру аспаптарының тұтқалары қызыл белгі түсімен боялады. Тұрақты қызмет</p>		

570.	<p>көрсететін персоналы жерасты камераларында өрт сөндірудің алғашқы құралдары, камерадан тыс ауаның таза ағысы түсетін жағынан, камераға кіреберістен 10 метрден алыс емес жерде ; тұрақты кезекшісі бар камералар үшін кезекші тұлғаның жұмыс орнында орналасады. Шахта үстіндегі ғимараттарда және теріс таңбалы температурасы бар қазбаларда тек қана ұнтақты өртсөндіргіштер қолданылады. Қазу және камералардан тыс орналасқан өзге де агрегаттардың жылжымалы сорғы май станциялары көлемдері 10 литр 6 қол өртсөндіргіштермен жабдықталады</p>		
571.	<p>Автоматты түрде іске қосылатын тұрақты өрт с ө н д і р у қондырғыларының әрбір таспалы конвейерде болуы және оны қайта тиеу пункттерінде, тартпалы және жетекші станцияларда қорғайды. Орналасу орындары, қондырғылар арасындағы қашықтық және олардың құбырлы бөлігін ажырату схемалары әрбір нақты жағдайда жобамен айқындалады. Өртті су шымылдығымен оқшаулауға арналған автоматты түрде іске қосылатын қолданбалы қондырғылар желдету ағысы шығатын қазбаларда тазалау кенжарынан 50-100 метр жерде орналасады. Өртті су шымылдықтымен оқшаулау тұрақты қондырғыларымен</p>		

	<p>желдету оқпандарына (бас желдету түйіспелеріне) жалғасатын желдету қазбалары жабдықталады . Егер оқпанға (түйіспе) жанасқан желдету қазбасы одан 100 метр бойы отқа жанбайтын бекітпемен бекітілсе, қондырғыны қолданбауға болады</p>		
572.	<p>Автоматты өрт сөндіру құралдарын пайдалануға қабылдау, жетілдіру, жөндеу және жөндеу тәртібі, осылардан кейін тексеруді шахта жетекшісінің бұйрығымен тағайындалған, арнайы оқудан өткен қызметкерлер жүргізеді. Автоматты өрт сөндіру құралдарының дұрыстығын тексеру нәтижелері Автоматты өрт сөндіру құралдарын тексеру журналына жазылады</p>		
573.	<p>Кен қазбаларында өртті оқшаулау үшін қойылатын өртке қарсы есіктерге (қақпақтар) қойылатын талаптар, олар жанбайтын материалдардан жасалады. Олардың екі жағынан 5 метр жерде жанбайтын материалдардан үзілістер жасалады. Өртке қарсы есіктер (қақпақтар) бір адамның күшімен жабылады, қазбаның көлденең қимасын нығыздап жабады және екі жағынан ашылатын тиектері болады). Көлбеу бұрышы 35 градустан артық қазбаларда, сондай-ақ қысымы көп қазбаларда орнатылған өртке қарсы есіктерді (</p>		

қақпақтарды) ашып (жабу) үшін арнайы құралдар (терезелер, рычагтар, шығырлар) қарастырылады. Көлбеу және тіке құламалы қазбаларда орнатылған өртке қарсы есіктерді (қақпақтарды) ашуға (жабуға) арналған қондырғылар таза ауа ағысы жағына қазбаның деңгейжиегіне, АЖЖ осы жайғасымдарына арналып қабылданған желдету бағыты ескеріле отырып, шығарылады

Кен қазбалары бекітпелерінің жаңғыштығы мен отқа төзімділігіне қойылатын талаптар.
Жаңғыштық тобы мен отқа төзімділік деңгейі бойынша:
1) штольнялардың барлық тік және еңістік оқпандарының ауыздарын, сонымен қатар шахтаға таза ауа беретін шурфтардың ауыздарын жер бетінен 10 метрге алыс орнату; тік және еңістік оқпандардың, шахтаға таза ауа беретін, оқпан жанындағы аулалардың деңгейжиек қазбаларымен бірге штольнялардың немесе шурфтардың түйісімдері; басты квершлагтар, басты топтық тасылымдық қуақаздар; жер бетінен 5 метр қашықтықта сорғыш желдеткіштермен жабдықталған жаңа енгізілген шурфтардың ауыздары; шахтаға таза ауа беретін еңістік оқпандар және штольнялар; әрбір жағына 10 метрден кем

574.

емес ұзындықта қазбалармен жанындағы еңістердің, бремсбергтер мен жүргілердің түйісімдері; оқпан жанындағы аулалардың жаңадан үңгіленген және қайта бекітілетін қазбалары; электромашиналық камералар (қызмет мерзімі 1 жыл және одан да көп), аралық станциялардың камералары және жоғары кернеудің тарату пункттері, мұнда майлы толтырғыштары бар эл.қондырғылар, қызмет көрсету мерзімі бір және одан да көп жыл болатын орталық жерасты эл.аралық станциялар орнатылған; таспалы конвейерлердің сымдық станцияларын, монорельстік және топырақ үсті жолдарын орнату орындарындағы қазбалардың учаскелері; параллель еңістік немесе күрделі көлденең қазбалар арасындағы түйісімдер; әрбір жағынан 5 метр қашықтықта жоғарыда көрсетілген камераларға және қондырғылар орнатылған орындарға түйісетін қазба учаскелері; барлық басты және желдетіс қондырғылардың калориферлік және желдетіс каналдары; осы каналдардың әрбір жағынан 10 метр қашықтықта оқпандары, шурфтары, штольнялары бар түйісімдері; жанар-жағармай материалдарын сақтауға және таратуға арналған камералар, ауа

	<p>компрессорларын және майлы толтырғыштары бар гидрофициаланған қондырғыларды орнату камералары – жоғары және жанбайды;</p> <p>2) таспалы конвейерлермен жабдықталған қазбалар; күрделі еңістер, бремсбергтер мен олардың жанындағы жүргілер; желдетіс еңістік оқпандар; еңістік қазбалар және оқпандар – орташа және жанбайтын;</p> <p>3) қызмет көрсету мерзімі бір жылға дейінгі , майлы толтырғышы бар электр қондырғылары жоқ немесе кейбір желілерінде майлы толтырғыштары бар РВ орындалған электр қондырғылары бар электромашиналық камералар – минималды және қиын жанатын</p>		
575.	Шахтаның жер бетінде, шахтаға материалдар мен қондырғылар түсірілетін қапталдық оқпандардың алаңдарында және әрбір қолданыстағы қабатта өрт сөндіру жабдығы мен материалдарының қоймасының болуына қойылатын талаптар		
576.	Өртке қарсы қорғануды қолдау мақсатында, шахта басшысымен бекітілетін және әзірленетін, әрбір шахтада шахтаның бақылау тұлғалары мен жұмысшыларының бақылау-алдын алу жұмыстарын жүргізу тәртібінің болуы		
	АЖЖ әрбір келісу алдында, жоғары тұрған ұйым өкілінің төрағалығымен		

577.	шахтаның өртке қарсы қорғаныс жағдайын тексерк талаптары. Тексерулер АҚК өкілінің қатысуымен жүргізіледі		
578.	Өздігінен жануға икемді көмір қабатын өңдеу кезінде өртке қарсы-алдын алу шараларды іске асыру тәртібі, тәсілі және мезгілдері, олар жоғары тұрған мекеменің техникалық басшысы бекіткен нормативтік құжатпен белгіленеді		
579.	Жыл сайын өздігінен жануға икемді көмір қабатының тізімі жасалады, ол тізім жер қойнауын пайдаланушы жоғары тұрған мекеменің бас инженерімен бекітіледі, шахталар мен мүдделі мекемелерге таратылады. Көмірдің шахта-қабаттарын өздігінен жануға икемділігі өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында жұмыс жүргізуге құқық беретін аттестаттаудан өткен кәсіпорын белгілейді. Қажеттілік болған кезде, алайда 5 жылда бір реттен кем емес, өңделетін көмірдің шахта-қабаттарының өздігінен жануға икемділігі қайта нақтыланады		
580.	Өздігінен жануға икемді көмір қабатын қазба алқабы арқылы ашуға, дайындауға және игеруге қойылатын талаптар		
581.	Қызмет ету мерзімі 1 жылдан жоғары, басты және учаскелік квершлагтар, өздігінен жануға икемді көмір қабатымен қиылысқан жерлерде және бұл		

	<p>қиылыстан екі жаққа да 5 метр қашықтықта өртенбейтін бекітпемен бекітуге қойылатын талаптар</p>		
582.	<p>Жоғарғы деңгейжиектің тасу қуақызының мен төменгі деңгейжиектің желдеткіш қуақызы арасындағы қалың тақтаны дайындаудың қабаттық схемасы кезінде, ал кез келген қалыңдықтағы тақталарды панельді және қалыңдығы әр түрлі жазықтық бойынша дайындау кезінде қабаттар мен діңгектері арасында көмір діңгектері қалдырады немесе жанбайтын қатаятын материалдардан ауа жібермейтін окшалау аралықтары жасалады. Екеуден артық емес оймалы діңгекті (лава) төменге түсу тәртібімен, діңгек қалдырмау сұлбасы бойынша өңдеген кезде, қалың жайдақ және қолбеу қабаттарында кейін өңделетін кедергілі діңгек (лава) қалдырылады</p>		
583.	<p>Өздігінен жануға икемді қабаттың оймалы учаскелерінің ауасын желдетуге қойылатын талаптар, желдету ауаның тіке соғуы немесе кері соғуы арқылы іске асырылады. Оймалы учаскелерін желдету схемалары шахтада жоғары газдалу, лақтырыс қауіпті және өртқауіпті қабатқа дайындалған және өңделген технологиялық схемаларға сәйкес қабылданады</p>		

584.	<p>Өздігінен жануға икемді көмір қабаттарын өңдеу кезінде, өнделген кеңістікте төлқұжатта қарастырылмаған дiңгек немесе көмір бұмаларын, сондай-ақ сындырылған және үгітілген көмір қалдыруға болмайды. Геологиялық бұзушылық орындарында және төлқұжатпен қарастырылған жерлерде амалсыздан дiңгек қалдырылған жағдайда, аталған көмір дiңгектері антипирогенмен өңделеді . Тақтаның төбесінде (топырақта) және қабат арасында көмір бұмалары қалдырылған жағдайда, жерастылық эндогендік өрттерді сөндіру және алдын алу жөніндегі нормативтік құжаттарға сәйкес, төлқұжатта көмірдің өздігімен тұтануының алдын алу шаралары қарастырылады</p>		
585.	<p>Тасыма (конвейерлік) және желдету қуақаздарында (жүру жолдары) немесе өздігінен жануға икемді көмір қабаттарының аралық квершлагтарында тазалау жұмыстары басталар алдында өрткеқарсы қақпалардың болуы</p>		
	<p>Барлық тұрақты далдаларға, сондай-ақ өрт сөндіру кезінде орнатылғандарға қойылатын талаптар, оларға шахта бойынша реттік нөмір тағайындалады және оларды кен қазбалары жоспарына енгізеді. Орнатылған далда акт бойынша қабылданады және жүйелі түрде</p>		

586.	<p>қадағаланады. Актілер ЖҚТ учаскесінде сақталады. Далда, рубашка, өртке қарсы қақпалар құрылыстары және тығыз бекітілуін бақылау әдістері шахтада өңделген учаскелерін, уақытша тоқтатылған және қолданбайтын кен қазбаларын оқшалау жөніндегі талаптарға сәйкес жүргізіледі</p>		
587.	<p>Өздігінен жануға икемді көмір қабатының барлық өңделген учаскелері өздігінен жану кезеңінің инкубациялық мерзімінен аспайтын уақытқа оқшалануға және тұмбалануға қойылатын талаптар</p>		
588.	<p>Өздігінен жануға икемді көмір қабатын өндеу шахталарда үздіксіз автоматтық түрде (арнайы аппаратура көмегімен) көмірдің өздігінен қызуының (жануының) алғашқы белгілерін бақылауды ұйымдастыруға қойылатын талаптар</p>		
589.	<p>Лайықты аппаратура болмаған жағдайда бақылау ЖҚТ учаскесінің күштерімен ауық-ауық көміртегі, сутегі және басқа өртке бейімді индикаторлық газдардың, ауаның сынамасын алу, сондай-ақ ауа температурасын өлшеу арқылы іске асырылады. Сынаманы талдау қолданбалы газсараптағыш пайдалану арқылы жедел-әдіспен, сондай-ақ және АҚК зертханаларында жүргізіледі</p>		
	<p>Өздігінен жанудың (өздігінен қызудың)</p>		

590.	алғашқы кезеңінде жедел-әдіспен және сынама алумен бақылаудың мерзімі мен орнын АҚҚ келісімі бойынша шахтаның техникалық басшысы белгілейді		
591.	Өрт орын алған учаскелерде газ температурасы мен құрамын, оқшалау далда жағдайын бақылау. Өртке қарсы учаскелерін қадағалау және оқшалау далда жағдайын тексеру журналын жүргізу		
592.	Орын алған өрт пен арасындағы оқшалау далдалаын қадағалау тәулік бойы жүргізіледі, ал ерекше жағдайда, мысалы: жерастылық қарқынды өрт кезінде, далданың жарамсыз жағдайында немесе атмосфералық құрамның күрт өзгеруі кезінде – далданы бақылауды АҚҚ келісімімен шахтаның техникалық басшысы белгілейді		
593.	Пайдаланып болған кеңістіктерді әрекеттегі өздігінен жануға икемді көмір тақталарындағы қазбалардан оқшалау далдаларын учаскелерді бақылау үшін бекітілген тұлғалар айына кеміне бір рет тексереді. Қажет болған жағдайда жөндеу жұмыстары жүргізіледі		
	ЖҚТ учаскесінің бақылаушы тұлғаларының оқшаулау имараттарын ай сайынғы тексеру нәтижелері, сондай-ақ анықталған бұзушылықтарды жою бойынша жүргізілген жұмыстардың тізімі Өртке қарсы учаскелерді		

594.	бақылау және окшаулау далдасының жағдайын тексеру журналына жазылады. Өрт болған учаске ауасының құрамын АҚҚ қызметкерлері тексереді, тексеру уақыты мен орнын және тексеру санын АҚҚ келісімімен шахтаның техникалық басшысы бекітеді		
595.	Жерастылық қазбалар мен шахта үстіндегі ғимараттарда отты жұмыстарға қойылатын талаптар		
596.	Таспалы конвейер, желдеткіш құбырлар, электр кабельдерінің сыртқы қабаты мен кен қазбаларында және шахта үстіндегі ғимараттарда қолданылатын басқа бұйымдар өртенуді таратпайтын материалдарға қойылатын талаптар. Жанғыштық деңгейі мен жанғанда бөлінетін улы заттардың мөлшері нормативтік талаптарға сәйкес келеді. Желдеткіш құбырлар мен таспалы конвейер сыртқы материалдарының электрлік кедергісінің шамасы 3x10 ⁸ Ом-нан аспайды. Барабандар мен конвейер роликтерін шегендеу, таспалы конвейерлердің жетекші және тарту секцияларын бекіту, конвейер таспаларының бүйірге шығып кетуін болдырмайтын құрылғыларды, конвейер таспасы астындағы төсемді, конвейер үстіндегі көпірше үшін ағаш және басқа жанғыш		

	материалдарды қолдануға болмайды		
597.	<p>Таспалы конвейерлерді пайдалану кезінде:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) өртке қарсы қорғаныс құралдары болмаған немесе құралдың ақаулығы болған кезде конвейердің жұмыс істеуіне; 2) ұнтақтың тығылып қалуынан, кіруінен қорғаныстың бұзылуы, таспаның бүйірге түсіп кетуі және жылдамдықтың төмендеуі, таспаның конвейердің құрылымына және қазба бекітпесіне қажалуы кезінде конвейердің жұмыс істеуіне; 3) автоматты конвейер жүйесін екі және одан да көп жерлерден (пульттерден) бір уақытта басқаруға, сондай-ақ аппаратураның жылжымалы элементтерін жасап шығарушының құжаттарында көрсетілмеген тәсілдер және құралдармен тоқтатуға; 4) таспаның тартылыс күшінің кемуінен жетекші барабанда оның тұрып қалуы; 5) ақаулы роликтерде немесе олар болмаған кезде конвейердің жұмыс істеуіне; 6) таспалардың жұмыс беттерінің сырты 50 пайызға дейін тозған кезінде резинаарқанды пайдалануға рұқсат етілмейді. <p>Таспалы конвейерлермен жабдықталған қазбалар өртті оның басталу сатысында байқаудың</p>		

	автоматты жүйесімен қамтамасыз етіледі		
598.	Таспалы конвейерді басқару жүйесі өздігінен қосылуын болдырмайтын және өрт сөндіру құбырындағы қысым нормативтік шамадан төмендеген кезде конвейер жетегін ағытуды қамтамасыз ететін су қысымының датчиктерінің болуы. Конвейердің ағытылғаны туралы белгі кен диспечері пультіне беріледі. Таспалы конвейерлер тұрақты автоматты өрт сөндіру қондырғылармен жабдықталады		
599.	Жұмыс істеп тұрған кен қазбаларында судың нормативтік шығынын қамтамасыз ететін өрттік-су шашу құбыры жүргізіледі. Өрт сөндіру құбырлары шахтаның кен қазбаларының кез-келген нүктесінен өртті сөндіруге су беруді қамтамасыз ететіндей болып жүргізіледі. Құбырдың диаметрі есептеумен анықталады және 100 миллиметрден кем емес шамада қабылданады. Құбыр үнемі суға толып тұрады және кез-келген нүктеге өртті сөндіруге қажетті көлемі мен қысымды қамтамасыз етеді. Өрт сөндіру құбырын шаңмен күрестен басқа жағдайларға өзінің мақсатынан тысқары (суды сору) пайдалануға рұқсат етілмейді		
	Өрт белгілері байқалған кезде АЖЖ қолданысқа енгізіледі. Аварияны жою шахтаның техникалық		

600.

басшысы АҚҚ командирімен бірге әзірлеген жедел жоспар бойынша жүргізіледі. Қажет болған жағдайда өртті жоюға өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында жұмыс жүргізу құқығына аттестаттаудан өткен ұйымның тиісті саласының мамандар тобын өртті жоюдың аса тиімді және қауіпсіз тәсілдері бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін тартуға болады. Эндогендік өрттерді сөндіру шахталарда эндогендік өрттерден сақтандыру және сөндіру бойынша талаптарына сәйкес іске асырылады. Өртті жедел жоспарға сәйкес жою мүмкін болмаған және ол ұзақ мерзімге созылған жағдайда шахтаның техникалық басшысы АҚҚ-нің командирімен бірлесе отырып, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында жұмыс жүргізу құқығына аттестаттаудан өткен ұйымды тарта отырып өртті жоюдың және сөндірудің арнайы жобасын әзірлейді

Өрт пайда болған мезеттен бастап сөнгенге дейін шахта ауасының құрамын тексеру және тау-кен құтқару жұмыстары жүргізіліп жатқан жердің температурасын бақылау жүргізіледі. Өрт сөндіру кезінде метанның қауіпті шоғырлануы болған кезде, оның жарылыс қауіпті деңгейде жиналуының алдын алу бойынша шаралар қабылданады. Егер

601.	<p>қабылданған шаралардан кейін метан мөлшерінің өсуі жалғасса және 2 пайызға жетсе, барлық адамдар, соның ішінде тау-кен құтқарушылары қауіпті аймақтан шығарылады, және жұмыстың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін өрт сөндіру әдісі қолданылады. Өртті сөндіру кезінде кен қазбаларында ауа құрамын тексерудің және температураны өлшеу орындары мен кезектілігін аварияны жою жұмыстарына жауапты басшы АҚҚ командирінің келісімі бойынша белгілейді. Ауа құрамын тексерулердің нәтижелері өрт жойылғанға дейін сақталады</p>		
602.	<p>Жерасты өртінің әрбір жағдайы Заңмен белгіленген тәртіпте арнайы комиссиямен тексеріледі. Өрт ошағы мен өрт учаскесінің шекаралары шахтаның тау-кен жұмыстары жоспарына түсіріледі. Әрбір өртке, шахтада байқалған кезегіне байланысты реттік нөмір беріледі. Белсенді әдіспен сөндірілмеген өрт жанбайтын материалдардан жасалған далдалармен, газды шахталарда – жарылысқа тұрақты бекітпелермен оқшауланады</p>		
603.	<p>Шахтаның техникалық басшысы тарапынан әрбір оқшауланған өртке оқшауланған қазбалардың көлемін азайтатын, өртті сөндіруді жылдамдатын, көмір қорларын іске қосу</p>		

	шараларын қарастыратын , АҚҚ-мен келісілген, өрт сөндіру төлқұжатының жасалуы		
604.	<p>Барлық оқшауланған эндогендік және экзогендік өрттерді өшіруге және есептен шығаруға қойылатын талаптар. Өрт учаскелерін қалпына келтіру және пайдалану жұмыстарын жүргізуді бастау, арнайы комиссия өртті есептен шығарған соң ғана рұқсат етіледі. Комиссия құрамы, және оқшауланған өртті есептен шығару үшін ұсынылған қажетті құжаттар тізімі, өрт учаскелерінде өртті сөндіру бойынша жұмыстардың аяқталуынан және оны есептен шығарғанға дейінгі уақыт пен жағдайын бақылау тәсілдері, жерасты эндогендік өрттердің алдын алу және сөндіру талаптарымен айқындалады</p>		
605.	<p>Сөндірілген және есептен шығарылған өрттерді барлау және учаскені ашу жоспарын шахтаның техникалық жетекшісі АҚҚ командирімен бірлесе отырып жасайды. Жоспарда:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) учаскені ашу алында оны зерттеу тәртібі; 2) ашу кезіндегі сақтық шаралары; 3) учаскені ашу тәсілі; 4) учаскені желдету режимі; 5) АҚҚ бөлімшелерінің қозғалу бағдарлары; 6) ауа құрамын тексеру және температураны 		

	<p>өлшеу орындары қарастырылады.</p> <p>Учаскені ашу, барлау және алғашқы желдетулерді АҚК қызметкерлері жүргізеді</p>		
606.	<p>Ашылушы учаскеден шығатын ауа ағымы қозғалысы жолында қалып қалған адамар, алдын-ала шығарылады.</p> <p>Өрт сөндірілген учаскеде желдету қалыпты режимге келген соң, шахталарда эндогендік өрттің алдын алу бойынша және сөндіру талаптарына сәйкес, уақыт аралығында, шығатын ағымнан: көміртегі қышқылы, метан, сутегі, этилен және ацетилен құрамдарын анықталады.</p> <p>Шығатын ағымда сол учаскі үшін көміртегі қышқылы, сутегі, этилен және ацетилен құрамы шамадан немесе фоннан жоғары болуы анықталған жағдайда, учаскеде желдету тоқтатып, бөгеулердегі жарықтар жабылуы керек</p>		
607.	<p>Сөнбеген өрт шекараларында тау-кен жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады. Өрт учаскесінен тысқара шекараларда, жану өнімдері өтіп кетуі және өрт факторларының басқа қауіптері әсер етуі мүмкін аймақтарда, тазалау жұмыстары көмір тосқауыл кентіректерін немесе жанбайтын материалдардан ауа өткізбейтін жолақтарды қалтырумен және жұмыстарды жүргізуге қауіпсіздікті қамтамасыз ететін арнайы шараларды қолдану арқылы</p>		

	жүргізіледі. Бұл шаралар шахтаның техникалық жетекшісімен бекітіледі		
608.	Сөнбеген өрттерге жанасқан қабаттар учаскелерінде тау-кен жұмыстарын жүргізуге жол бермеу		
609.	Сөнбеген өрт астындағы қабат бойынша төмен жатқан деңгейжиек ұңғымаға негізгі және желдету қуақызылар рұқсат етеледі, және де жанасқан қабаттардың төменгі деңгейжиегінде, өрт ошағы бар қабаттарда жұмыстарды жүргізу, өндірістік қауіпсіздік аймағында жұмыс жүргізу құқығына аттестаты бар ұйымның сараптама қорытындысы бар болған жағдайда ғана рұқсат етіледі		
610.	Әрекеттегі қазбаларда максималды судың ағымын тартып шығару үшін шахталар сутөкпе қондырғыларымен жабдықталады. Бас және учаскелік сутөкпе қондырғыларының екі немесе одан көп, бір-бірінен оқшауланған тармақтардан тұратын су жиғыштары бар. Учаскелік сутөкпе қондырғылары үшін бір қазбадан тұратын су жиғыштар рұқсат етіледі. Бас сутөкпе су жиғыштарының сыйымдылығы қалыпты лайсыз ағыста 4 сағаттан кем емес, ал учаскелілерде 2 сағаттық ағыс. Су жинағыштар жұмыс қалпында ұсталады, ал олардың лайлығы 30 пайыз көлемнен аспауға тиісті		

611.	<p>Бас сутөкпенің сорғы камерасы қосылады:</p> <p>1) шахтаның оқпанымен – көлбеу жүріспен, оқпанға шығарылған жері оның сорғы камерасы еденнен 7 метр деңгейден төмен емес орналасқан;</p> <p>2) оқпан маңы ауласымен – герметикалық есіктен жүріп өтеді;</p> <p>3) су жинағыштармен – келген суды реттеуге мүмкіндік беретін және сорғы камерасын герметикалайтын қондырғылар арқылы.</p> <p>Бас сутөкпенің сорғы камерасы жүк көтергіш механизмдермен жабдықталған. Сорғы камерасының едені оқпан маңы аулысының топырағынан 0,5 метр биіктікте орналасқан. Сағатына 50 метр кубтан кем ағыс кезінде учаскелік сутөкпе қондырғыларына арнайы емес камералы қондырғыларды пайдалануға рұқсат беріледі</p>		
612.	<p>Ұңғыма оқпандар кезінде аралық сорғы камералары оқпандарға ені 2,5 метрден кем емес және биіктігі 2,2 метрден кем оқпан шығыстары болу керек. Камера кірісі мықты торлы қоршаумен жабылады</p>		
	<p>Бас және учаскелік сутөкпелік қондырғылар жұмыс және резервтағы агрегаттардан тұрады. Бас сутөкпе қондырғыларына және сағатына 50 метр куб артық су ағымы бар қондырғылар үшін үштен кем емес сорғы агрегаттары орнатылады.</p>		

613.	<p>Әр агрегаттың немесе жұмыс агрегаттары тобының берісі, резервті есептемегенде, 20 сағаттан аспайтын уақыт ішінде тәуліктегі қалыпты су ағымын тартып шығуды қамтамасыз етуге тиісті. Ұңғыма кезінде немесе оқпанынды тереңдікте су ағысына тәуелсіз, бір аспалы сорғы қолдануға рұқсат етіледі, бірақ оқпан қасында міндетті түрде резерв болу керек. Бас сутөкпе қондырғысы кем дегенде екі арынды, олардың біреуі резервте тұратын құбырлармен жабдықталады. Егер жұмыс құбырының саны үштен кем болса, біреуі, ал үштен көп болса екеуі резервте тұрады. Учаскелік сутөкпе қондырғылары үшін бір құбыр рұқсат етіледі. Сорғы камерасындағы арынды құбырлар коммутациясы, олардың кез келген элементтерін жөндеу кезінде тәуліктегі су ағымын тартып шығаруды қамтамасыз етеді</p>		
614.	<p>Көтерменің тік жақтарына қарама-қарсы жобаланатын және қайта салынушы оқпандар арқылы өтетін құбырлардың қысымы 6,4 мегаПаскаль (64 киллограмм/шаршы сантиметр) жоғары болуына рұқсат берілмейді. Көтерменің тік жақтарына қарама-қарсы орналасқан қысымы 6,4 мегаПаскаль (64 киллограмм/шаршы сантиметр) жоғары құбырларды пайдалану үшін, оның барлық</p>		

	<p>ұзындығы бойынша жоғары қысымды жалпы жақтау қорған орнатылу кезінде ғана рұқсат етіледі. Бас сутөкпе қондырғыларының арынды құбырлары жөндеуден өткен соң, жұмыс қысымы 1,25 тұратын, гидравликалық қысым сынағынан өтеді</p>		
615.	<p>Б а р л ы қ автоматтандырылған сутөкпе қондырғылары шахта бойынша бұйрықпен тағайындалған, тұлғалармен тәулік бойы тексеріледі. Бас сутөкпе қондырғысын аға механик аптасына бір реттен, ал шахтаның бас механигі тоқсанда бір реттен кем емес тексереді . Тексеріс нәтижелері Сутөкпе қондырғыларын қарау және жұмысын есепке алу журналында белгіленеді. Жылына бір рет бас сутөкпе қондырғыларына ревизия және жөндеу жүргізіледі. Ревизия мен жөндеу актісі шахтаның техникалық жетекшісімен бекітіледі</p>		
616.	<p>Тосқауыл кентрегіне қойылатын талаптар. Су басқан қазбалардың қабаттарының үстінен және астынан жанасқан қабаттарда, аяқ астынан судың жарылуы бойынша қауіпті аймақтарға сақтандыру кентіректері жатады. Тосқауыл және сақтандыру кентіректері шектерінде, су басқан қазбалардан суды ағызғаннан кейін тазалау жұмыстарын жүргізуге рұқсат беріледі</p>		

617.	<p>Су жарылуы бойынша қауіпті аймақтарда бекітілген төлқұжатқа сәйкес тау-кен жұмыстары жүргізіледі, және онда істегі қазбаларда судың және зиянды газдардың жарылуын болдырмайтын шаралар қарастырылады. Судың көлемі 200 метр куб көп, қысымы 0,1 мегаПаскаль (шаршы сантиметрге 1 киллограмм) кем емес нақты контуры бар су басқан зумпфтардың, су жинағыштардың және басқа да пайда болған суаттардың қауіпті аймақтарының шекараларының төлқұжаттарын шахтаның техникалық жетекшісі бекітеді. Барлық басқа жағдайларда қауіпті аймақтар шекараларының төлқұжаттарын жоғары тұрған жер қойнауын пайдаланушы ұйымының техникалық жетекшісі бекітеді</p>		
618.	<p>Шахта аралық шектердің тосқауыл кентірегінде қазбаларды дайындауды, жартылай немесе толық өндеуді, қосымша өндеуді және қайта өндеуді шахталардың біріккен жобасы бойынша өткізуге рұқсат етіледі</p>		
	<p>Суды қабаттан немесе жыныс бойынша қауіпті аймақ шегімен ағызып жіберу үшін алдын ала даярлау қазбаларын жүргізу талаптары, ол келесі шарттарды ұстанған кезде ғана мүмкін:</p>		

619.	<p>1) Қазбалар тар кенжарларда озық ұңғыларды бұрғылаумен жүргізіледі;</p> <p>2) Құлау бұрыштары 25 градус және одан артық қабаттарда қазбалар жүппен жүргізіледі;</p> <p>3) Озық ұңғылардың диаметрлері 100 миллиметрден аспайды. Жоғарғы деңгейжиектен істегі қазбалардың сутөкпе жүйесіне суды қайта жіберу, шахтаның техникалық жетекшісімен бекітілген арнайы төлқұжат бойынша іске асырылады</p>		
620.	<p>Бұрғылау ұңғыларын жою кезінде сулы деңгейжиектерді берік окшаулаумен оларды тығындау қамтамасыз етіледі. Ұңғыларды тығындау туралы қорытындыны геологиялық барлау немесе ұңғыманы бұрғылаған (тампондаған) мамандандырылған ұйым береді.</p> <p>Тау-кен қазбаларымен қоршалған техникалық ұңғымаларды ашу және жанасуын бөлуді жүргізу, ұңғымадан өткен ұйыммен келісілген, және шахтаның техникалық жетекшісімен бекітілген төлқұжат бойынша жүргізіледі</p>		
621.	<p>Шахтаның бас маркшейдері тау-кен жұмыстары жоспарына бекітілген қауіпті аймақтар шекараларын енгізеді және бір ай бұрын шахтаның техникалық жетекшісіне және учаске жетекшісіне тау кен қазбаларының</p>		

	<p>бұл аймақтарға жақындауы туралы, сондай-ақ қауіпті аймақта тау кен жұмыстарының басталуы және аяқталуы туралы жазбаша түрде хабар береді</p>		
622.	<p>Қауіпті аймақтарда тау-кен жұмыстарын жүргізу туралы бекітілген төлқұжатпен таныстырудың болуы</p>		
623.	<p>Су басқан қазбалардан суды тартып шығару, шахтаның техникалық жетекшісі бекіткен төлқұжат бойынша жүргізіледі. Суды тартып шығару кезінде ерекше көңіл су беті айнасынан жоғары тұрған ауа құрамын тексеруге, адамдар және электрлі жабдықтар орналасқан жерлерде, газдың жарылуының болдырмауының алдын алу бойынша шараларға бөлінеді. Ауа құрамын CO, CO2, CH4, H2S және O2 тексеруді АҚҚ қызметкерлері жүргізеді</p>		
624.	<p>Тау-кен қазбаларын жоспар бойынша суға толтыру ерекше жағдайларда, жер қойнауын пайдаланушы ұйымның жоғары тұрған техникалық жетекшісі бекіткен төлқұжатқа сәйкес жүргізіледі</p>		
	<p>Су ағынынан, суаттардан, сулы деңгейжиектерден және белгіленген аймақтардан көмірді қауіпсіз алу мүмкіндігі, имараттарды және табиғат нысандарын көмір кені шығатын жерлерден жерасты тау кен қазбаларының зиянды әсерлерінен сақтау бойынша</p>		

625.	<p>талаптарына сәйкес қарастыру мүмкіншілігі. Тау-кен қазбаларын жүргізден пайда болған, жер бетінің өзек, сайларындағы опырылыс шұқырлар, сазбен толтырылады, нығыздап тапталады және су ағу мүмкін арна бойынша төселген науалармен жабдыкталады. Құрғап қалған өзен арналарынан нөсер сулар ағып кетпеу үшін, өзендерге теңестіріледі</p>		
626.	<p>Шахтаның тік және көлбеу окпандарының, шурфтардың, штольялардың және техникалық ұңғылардың ауздары арқылы үстіңгі жақтағы сулар тау-кен қазбаларына ағып кетпейтіндей етіп жабдықтау талаптары. Судан қорғайтын дамбалар тұрғызу немесе өңделген қазбалар арқылы қолданыстағы қазбаларға судың кіруіне мүмкіндік бермейтін, басқа іс-шаралар қабылдау талаптары</p>		
	<p>Лайланған учаскелерде су немесе қойыртпақ байқалса, суға толтырылған қазбаларға теңеледі.</p> <p>Сол немесе жоғары жатқан қабатта орналасқан, нормал бойынша 0,5 m кем емес қашықтықта жатқан, мұндағы m – төмен жатқан қабаттың қуаттылығы, лайланған учаскелер астында тазалау жұмыстарын жүргізу алдында, шахтаның техникалық жетешісі өңделетін лайланған учаскеде, қосымша осы учаскені</p>		

627.	<p>оқшаулайтын далдаларды тексеруге, және оның үстіндегі жер беті учаскесін суға толуын және шұңқырларды өңдеу салдарынан пайда болған су мөлшері дәрежесін анықтау үшін барлауды жүргізуді қамтамасыз етеді. Барлау өңделетін учаскеде немесе көрші қабаттарда желдеткіш деңгейжиек қазбаларынан 75-100 миллиметр диаметрлі ұңғыма бұрғылау арқылы жүзеге асырылады. барлау қорытындысы актімен рәсімделеді. Өңделетін учаскені барлау, оқшаулайтын бөгендерді ашумен бірге, шахтаның техникалық жетекшісімен бекітілген және АҚҚ-мен келісілген төлқұжат бойынша жүргізіледі</p>		
628.	<p>Саз жарып кету бойынша қауіпті, өңделген қуатты қабат учаскелерінде қайта жұмыс жүргізу кезінде, төбесінің құлауымен өңделетін, төмен жатқан қабаттың орта қуатты соңғысынан тазалап алу учаскелерінен, егер қабаттар арасысында төменгі қабат 5 – еселенген қуаттан аз болса, саздың жарылуы бойынша қауіпті деп есептеледі</p>		
	<p>Дайындалатын учаскелерді саз жарылып кетуі бойынша қауіптілерге қайта жатқызу, арнайы мамандармен шахтаның техникалық жетекшісінің төрағалығымен, геологиялық – маркшейдерлік құжаттардың негізінде</p>		

629.	<p>бақылаушы ұйымдардың қатысуымен жүргізіледі, ол құжаттар: сорғылардың қуаттылығы, лайланған жұмыс көлемі, жақ жыныстардың беріктігі, сорғылардағы саз жынысының ылғалдығы, және қазбаланған кеңістікте беткі және жерасты суларының ағуы есебінен жыныстардың ылғалданған орындары туралы, және жоғары жатқан деңгейжиекте саздың жарылуының болуы немесе сөндірілген эндогендік өрттер орындары туралы ақпарат береді. Саздың жарылып кетуі бойынша қауіпті учаскелерді өңдеу , бұл учаскелерді төмен жатқан қабаттарын өңдеу , сондай-ақ камералық және ұңғымалық зарядтарды саздың жарылуын болдырмау шаралары ретінде жару, шахта учаскесінің техникалық жетекшісімен бекітілген төлқұжаттар бойынша жүргізіледі</p>		
630.	<p>Тазалау қазбасында немесе оған жақын жатқан қазбаларда саз жарылып кету мүмкін болу белгілері пайда болғанда (су тамшылау, тау кен қысымының аса күшеюі, оқшаулау бөгендердің деформациялануы, барлау кезінде бөгендердің артында саздың байқалуы) сондай-ақ әрекеттегі кенжарға саздың тікелей өтуі болған жағдайда звеношы (бригадир),</p>		

	бақылаушы тұлға немесе шахтаның маманының міндеттері		
631.	<p>Шахталарда тау-кен жұмыстарын жүргізу кезінде су бассейндерін және жергілікті рельефті сақтап қалу бойынша арнайы шаралар қолданылады. Жыныстық үйінділерді жаңадан қалау және әрекеттегіні пайдалану, оны өшіру, өңдеу арнайы жобалармен немесе шахталарды және байыту фабрикаларының құрылыс (қайта құру) жобаларының бөлімдеріне сәйкес жүргізіледі.</p> <p>Қолданыстағы жыныстық үйінділерді жанудан және жел эрозиясын ұшыраудың алдын алу бойынша шаралар қолданылады</p>		
632.	<p>Жыныстық үйінділер үшін биіктігі 10 метрден асатын қорғаныс аймақтарын жасау талаптары. Механикалық қорғаныс аймағының контуры бойынша аймаққа кіруге тыйым салатын белгілер қойылады. Тұрғын, өндірістік және басқа ғимараттарды және имараттарды, механикалық қорғаныс аймағының шегінде адамдардың тұрақты немесе уақытша болуына (үйіндіні пайдалануға байланысты ғимараттар мен имараттардан басқа) тыйым салынады.</p> <p>Механикалық қорғаныс аймағының шегінде, үйіндінің жобалық шегінен 50 метрден жақын емес үйінді контурына (тоқтатылған</p>		

	– нақты), тек инженерлік байланыстар орнатуға рұқсат етіледі		
633.	Жыныстық үйінділердің ең жоғары биіктігі үйіндінің қырларына орнықтылығы мен табанының көтергіш қабілеттілігіне байланысты, бірақ 100 метрден аспауы керек		
634.	Жазық пішінді жыныстық үйінділерді толтыру талаптары. Жаңа жыныстық үйінділер ені 500 метрден кем емес санитарлық-қорғаныс аймағын қамтамасыз етумен салынады. Жыныстық үйінділерден оқпандарға (шыңырау) дейінгі ара қашықтық 200 метрден кем емес. Жынысты үйінділерді көмір қабаттарының сорғы қуаттылығы 5 метрге дейінгі шығыстарда, және де өңдеу кезінде жоғары қабаты опырылуды туғызуы мүмкін алаңдарда орналастыруға тыйым салынады. Тау-кен жұмыстарын жүргізуден болған шұңқырларда тау-кен жыныстарын орналастыру үшін пайдалануға, шұңқырлар бортталып және ашылған байырғы жыныстар қабатты қалыңдығы 5 метрден кем емес, сазды сорғылармен толтырылып, шұңқырлар арқылы тау-кен қазбаларына ауаның ағуы және маркшейдерлік болжам негізінде анықталатын, толтыру үрдісінде кенеттен шұңқырлардың отыру		

	қауіпі болмаған жағдайда рұқсат беріледі		
635.	Пайдалану үдерісінде деформациялану белгілері анықталса, жыныстық үйінділерді сөндіру және сұрыптау жұмыстары ары қарай қауіпсіз жұмыс жүргізу бойынша шаралар жасалғанға дейін тоқтатылады		
636.	Жанып жатқан жыныстық үйінділерді сөндіру кезінде әр ауысым алдында жұмыс орындарында көмір қышқылы және күкірт ангидридiнiң концентратын өлшеу жүргізіледі. Егер улы газдар құрамының мөлшері рұқсат етілген нормадан асып кетсе, қауіпсіз жұмысты қамтамасыз ететін шаралар қолданылады. Жанып жатқан жыныс үйінділерін пайдалануға рұқсат етілмейді		
637.	Мыналарға: 1) жыныстық үйінділерге (террикониіктер) қазандық қондырғыларының ыстық күлін және жылдам тұтанатын материалдарды (ағаштарды, ағаш ұнтақтарын қағаздарды, сүрту материалын) қаттап тастауға; 2) баспалдақтармен жабдықталмаған террикониіктерді пайдалануға; 3) үйінділерді сөндіру және сұрыптау жұмыстары түнгі уақытта төлқұжатпен қарастырылған сәйкес арнайы жарықсыз жүргізуге;		

	<p>4) нөсерлі жауын-шашын және назағай кезінде, жыныстық үйінділерде адамдардың қатынасуымен байланысты қандай бір жұмыстарды жүргізуге;</p> <p>5) жыныстық үйінділерде шлак жинағыштарды орналастыруға;</p> <p>6) үйінділердегі жарықтарға және күйіп кеткен қуыстарға қосымша қауіпсіздік шараларынсыз су ағызуға ;</p> <p>7) бір жұмысшының жанып жатқан үйіндіні сөндіру бойынша жұмысты жүргізуіне тыйым салынады</p>		
638.	<p>Жанып жатқан жыныстық үйінділерді пайдалануға рұқсат етпеу . Жанып жатқан жыныстық үйінділер жоба бойынша міндетті түрде сөндірілуі қажет</p>		
639.	<p>Шахталарда жыныстық үйінділердің өздігінен жануының және жел эрозиясының алдын алу үшін тиімді шаралар қолдану</p>		

Лауазымды адам (-дар) _____

лауазымы

ҚОЛЫ

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бақылау және қадағалау субъектісінің басшысы _____

лауазымы

ҚОЛЫ

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

2022 жылғы 30 қарашадағы № 102 мен

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрі
2022 жылғы 30 қарашадағы
№ 260 бірлескен бұйрығына
14-қосымша

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2015 жылғы 15 желтоқсандағы
№ 1206

және Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 814 бірлескен бұйрығына
14-қосымша

Қара, түсті, асыл металдардың балқымаларын және осы металдардың негізіндегі қорытпаларды өндіретін қауіпті өндірістік объектілерге қатысты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы бақылау және қадағалау аясындағы тексеру парағы

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган _____

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт _____

№, күні

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі), бизнес- сәйкестендіру нөмірі _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1-кіші бөлім. Жалпы ережелер			
1.	Жобалық құжаттамаға сәйкес өндірістік ғимараттар мен құрылғыларды пайдалану, орналастыру, сондай-ақ технологиялық процестерді жүргізу		
2.	Бас инженермен (техникалық жетекшімен) әзірленген және бекітілген технологиялық регламенттің болуы және оның нақты іске асырылуы		
3.	Жыл сайын еңбек қауіпсіздігі қызметімен құрастырылатын, келісілетін және директормен бекітілетін наряд-рұқсат бойынша жүргізілетін аса қауіпті жағдайдағы жұмыстар тізімінің болуы, сондай-ақ өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайларда оны бір апта мерзімде қайта қарау		
2-кіші бөлім. Технологиялық процестерді жүргізу талаптары			
4.	Балқыту агрегаттарының жұмыс алаңдарында және балқытылған металдың және (немесе) кождың түсуі мүмкін басқа жерлерде, сондай-ақ балқыту агрегаттарының ойықтарында балқымалармен өзара іс-қимыл жасауға қабілетті ылғалдың, оңай ыдырайтын материалдар мен заттардың болуына жол бермеу		
5.	Технологиялық регламентте балқыту агрегатына тиелетін шихтадағы ылғалдың шекті құрамы көрсеткіштерінің болуы		

6.	Аталған агрегаттардың сулы салқындату жүйесін қымтау кезінде балқыту агрегаттарын пайдалануға жол бермеу		
7.	Шөміштер мен миксерлерден қожды жүктеу процесі үшін механикаландырылған тәсілдің болуы		
8.	Ақаулы шөміштерді пайдалануға жол бермеу		
9.	Шөміштерді балқымалармен толтыру деңгейі төгу тұмсығынан төмен, ал ол жоқ болған жағдайда кемінде 200 миллиметрдегі шөміш ергенектерінен төмен болуы тиіс		
10.	Шөміштерді орнату үшін беті тегіс құрғақ алаңның болуы		
11.	Пештердің маңындағы жұмыс алаңында балқыту кезінде пайдаланылатын материалдардың екі-үш ауысымнан аспайтын қорын сақтау		
238.	Құбыршектер мен жабдықтарды техникалық күту, жөндеу ерітінділердің құбыршек бойынша және жабдықтарға берілуі толық жоқ болған шаралар қолданбай жүргізуге жол берілмейді .		
239.	Тау соққысына бейім немесе қауіпті шахталарда тау соққысын болжау және болдырмау бойынша қызметтің болуы		
240.	"Қауіпті" дәрежесі бар қазбаларды соққықауіпсіз жағдайға келтіру бойынша ЖҰЖ болуы. Қазбаны соққықауіпсіз жағдайға келтіруге дейін кен жұмыстарын жүргізуге және адамдардың жылжуына, алдын алу шараларына байланыстысынан басқаға жол берілмейді		
241.	Тау соққылары бойынша қауіпті қазбалар кен жұмыстарының жоспарында шартты түрде белгіленеді		
	Төмендегілер негізінде, тау соққысына бейім		

242.	<p>және қауіпті әрбір объектіде барлық болған кен соққы, микросоққы және толқындардың, атылулар, қарқынды іліктас пайда болу және түлеу оқиғаларының, қазбалардың соққыға қауіптілік санатын анықтау нәтижелерінің, тиімділігіне баға беріле отырып таукен соққыларының алдын алу бойынша қабылданған шаралар есепке алынады:</p> <p>1) тау соққыларының, микросоққылардың, толқындардың, атылулардың, іліктас пайда болуының және түлеу қарқындылығының есеп журналы;</p> <p>2) кен жұмыстарын жүргізу барысындағы зиянды факторларды тіркеу журналы;</p> <p>3) алдын алу шараларының тиімділігін болжау және бақылау журналы</p>		
243.	<p>Шахтаның бастығы әрбір тау соққысы және микросоққы оқиғасы туралы уәкілетті ұйымның аумақтық бөліміне дереу хабар береді.</p>		
244.	<p>Соққықауіптілік қазбаларының кенжарларын телефон байланысымен қамтамасыз ету</p>		
245.	<p>Тау соққысының салдарын жою бойынша жұмыстары комиссия төрағасымен, берілген оқиғаны тергеген, тау соққысының ықпалына түскен қазбалардағы соққы қауіптілігінің дәрежесін болжау нәтижесі негізінде беріледі</p>		

246.	Тау соққысының салдарын жою бойынша ЖҰЖ құрылады		
247.	Жазықтықтың таукен соққысының нәтижесінде түзілген, толтырылған жасырыс жұмыстар бойынша орындалған қабылдау актілерінің болуы		
248.	Шахтадағы таукен соққылары бойынша зерттеу жүргізетін ұйымға жіберілетін, б а р л ы қ таукен-тектоникалық соққылар, таукен соққылары және микросоққылар жағдайында карточкалардың болуы		
249.	Жылдық қорытынды бойынша, шахтада тау соққысы бойынша зерттеу жүргізетін мекеме уәкілетті ұйымға тау - тектоникалық соққылардың, тау соққыларының және микросоққылардың шолу (талдаулық) мәліметін береді		
250.	Жобада қарастырылған таукен соққысының болжау және алдын алу бойынша аспаптар мен қондырғылардың болуы		
251.	Тау соққыларына бейім және қауіпті шахталарда әр айға кен жұмыстарын жоспарлау кезінде болжау карталарын салу негізінде тау соққыларын болжау және болдырмау бойынша жұмыстар қарастырылады		
252.	Қиын кен - геологиялық жағдайларда тау соққылары бойынша қауіпті аймақтарды үздіксіз табу үшін сейсмостанциялар құру		

253.	<p>Тау соққысына бейім шахталарда соққыға қауіптілігін бағалау ең көп артылған телімдерде өткізіледі, оларға жататындар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) аймақтық болжау кезінде табылған қауіпті аймақ; 2) тазартылу жұмыстарынан тіректік қысым аймағындағы массив учаскелері; 3) геологиялық бұзылым және жыныстардың қабаттасып жату учаскелері; 4) кенді және кенсіз кентіректер және массивтің шыққан бөліктері; 5) жыныстардың литологиялық түрлерінің үйлесіп жатқан аймақтары; 6) қазбалардың тоғысуы және алдыңғы қазбалар. 		
254.	<p>Кен - геологиялық және кентехникалық жағдайы өзгеруі кезінде, тау-кен жұмыстарын жүргізу ертеректе "Қауіпті" дәрежесі қойылған жерде немесе соққыға қауіптіліктің сыртқы белгісі пайда болған қазбаларда соққыға қауіптілігін бақылау ағымды өткізіледі. Қазбалардағы бақылаудың ағымдылығы, оның ішінде соққықауіптілігі жоқ жобамен анықталады.</p>		
255.	<p>Таукен қазбаларын соққыға қауіпсіз жағдайға келтіру бойынша ЖҰЖ болуы</p>		
	<p>Тау соққысына бейім және қауіпті шахталарды жобалау, құру және пайдалану кезінде келесі талаптар сақталады:</p>		

256.

- 1) оқпандар ірі геологиялық бұзушылықтың әсер ету аймағынан тыс оқпан қабырғаларының арасында 50 метрден кем емес қашықтықпен орналастырылады. Оқпандарды өткізу кезінде, бақылау геологиялық ұңғыма кен жыныстарының және кендердің тау соққысына бейімділігін арнайы анықтаумен оқпанның қимасы маңайында бұрғыланады;
- 2) отырмалы, сүйемелі, кергі немесе қорғау типті, құранды, қарнақ бекітпелерді икемді элементтерімен қолданады;
- 3) қазбаға полигонды (тұрақты) көлденең қимасының қалыпы беріледі;
- 4) шығару саңылауы мен ұңғыманы бұрғылау, саңылауды жарықшақтық немесе жобалық жарылысымен құру;
- 5) "Қауіпті" санатының кен қазбаларын тоқтату немесе уақытша пайдаланудан шығару;
- 6) технологиялық процесстерді және тау соққысын болдырмау амалдарын кеңістікте және уақыт бойынша регламенттеу;
- 7) тазарту жұмыстарынан тіректік қысым аймағында қазба жүргізуге шек қою;
- 8) қазба трассасы бойынша соққықауіптілігі болжауын жүргізу және соққыға қарсы шаралардың тиімділігін бақылау

257.	Кен денесінде дайындық қазбасы тіректік қысымның тазартым жұмыстарынан тыс аймақта жүргізіледі. Тазартым жұмыс аймағынан рұқсат етілген қашықтық жобамен анықталады. Жобалау кезінде бұл қашықтық, соның ішінде жатқан беткейінде де, 40 метрден кем емес шамада қабылданады		
258.	Қазбаның полигоналды (шатырлы) пішіні кезінде бұрыштың (шатырдың) ұшы қазбаның бұзылуына (атылуы, қабыршықтануы) тән жеріне орналастырылады		
259.	Оқпанды тереңдету мен үңгілеу кезінде күнделікті бекітудің кенжардан оқпанның бір диаметрінен көп емес қалуына жол беріледі. Дәл оқпаннан қазбаны үңгілеу оқпанда уақытша немесе күнделікті бекітпе құрғаннан кейін өткізіледі		
260.	Тау соққысына бейім және қауіпті учаскелерде кенжарлар арасындағы қашықтығы 15 метр аралықпен екі қазбаның түйісімі бір кенжармен жүргізіледі, басқа кенжар тоқтатылады		
261.	Қазбаның көлденең қиысуы тік немесе өзіне жақын бұрыштан өтеді		
262.	Қазбаларда кен жұмыстары атылуы және іліктастардың пайда болуының қарқындылығы басылғаннан кейін өткізіледі. Кенжарларда кен (жыныс) жинауды алыстан басқарылатын тиеу		

	<p>машиналарымен немесе машинистің кабинасы, қорғаныс қоршауымен қамтамасыз етіліп, шөміштің алдыңғы жағынан немесе тиеуіш бөлігінен 4 метрге жақын емес қылып орнатылады.</p>		
263.	<p>Қорғаныссыз аймақтарды кен денелерін қазбалау кезінде тазарту жұмыстар аймағының қазылынды кеңістікке, сонымен қатар өрleme бойынша жылжуын қолдануға жол бермеу</p>		
264.	<p>Кен денелерін қазбалау кезінде тазарту жұмыс аймағының жылжуы басымдық түрде соққықауіптілігі, сынуы, тектоникалық бұзылулар, қуаттылықтың шоғырлануы жоғары аймақтардан жүзеге асырылады. Бұл аймақтар алдын ала соққықауіпсіз жағдайға келтіріледі және бірінші кезекте қазбаланады</p>		
265.	<p>Тау соққысын болжау және болдырмау қызметінің жұмысы бойынша ұйымның техникалық басшысы бекіткен жоспардың болуы</p>		
266.	<p>Тау соққысын болжау және болдырмау қызметінің бастығы болып кем дегенде үш жыл жер асты жұмыс тәжірибесі бар, таукен ісінің маманы тағайындалады</p>		
267.	<p>Тау соққысына бейім және қауіпті кенорнында кен жұмыстарын қауіпсіз жүргізу бойынша жоба бөлімінің болуы</p>		
	<p>Газ режимі жағдайындағы жерасты</p>		

268.	жұмыстарына байланысты персонал, ұйымның техникалық басшысымен бекітілген бағдарлама бойынша шахталық газанықтағыш көмегімен газ өлшемін өндіруге оқытылады Қазбалар мен құрылыстардың газ қауіптілігін бағалаудың қорытындысы бойынша жыл сайынғы құжаттың болуы		
269.	Газ шахталарында тоқсанына бір рет телімдердің жанғыш және улы газ жиналуы бойынша қауіпті кен қазбаларының тізбегі құрастырылады және шахтаның техникалық басшысымен бекітіледі. Геологиялық және кентехнологиялық жағдайлары өзгерген жағдайда көрсетілген қазбалар телімдерінің тізіміне бір тәулік ішінде түзетулер мен толықтырулар енгізіледі		
270.	Газ бойынша қауіпті қазба аймағына 30 метрге жақындаған кезде шахтаның геологиялық-маркшейдерлік қызметтері шахтаның техникалық басшысын және шаңжелдеткіш қызметінің бастығын ескертеді. Бұл жағдайларда 30 метр қашықтықтан жұмыстар ЖҰЖ бойынша жүргізіледі, онда тереңдігі 5 метрден кем емес кем дегенде үш озыңқы ұңғыманы бұрғылау қарастырылады		
	Кен орнының ерекшелік жағдайын есепке ала отырып, қазбалардың газдануының алдын алу,		

271.	жерасты және жер бетіндегі имараттарға бекітілмеген ұңғымалардан, отыру саңылауларынан, кен жыныс массиві жазығының тектоникалық және техногендік бұзылуынан жанғыш газдары кіруі бойынша шаралар әзірленеді, әр шахта үшін ұйымның техникалық басшысының уәкілетті ұйыммен келісе отырып бекітіледі		
272.	Шахта газанықтағышымен кен қазбасының атмосферасында 0,5 пайыз және одан да көп жанғыш газдары (метан + сутегі) немесе улы газдың шектік рұқсатты шоғырламасынан көп болып табылған кезде, бұл қазбада жұмыстарды дереу тоқтату, одан адамдарды шығару, электрэнергияны сөндіру, іштен жану қозғалтқыштарын сөндіру		
273.	Жанғыш және улы газдардың табылуы Газ құрамын өлшеу және газдануды есепке алу журналына тіркеледі		
274.	Жұмыс істемейтін тұйық қазбалар жергілікті желдету желдеткіші көмегімен желдетіледі немесе тегіс немесе торлы далдамен, онда адамдардың кіруіне жол бермей, бөлінеді		
275.	Газдың орын ауыстыруы нәтижесінде газдануы бойынша қауіпті қатарына жататын қазбалар мен имараттардағы жанғыш газдар (метан, сутегі)		

	құрамын бақылау әр тоқсан сайын шахтаның техникалық басшысымен бекітілетін кестеге сәйкес жүзеге асырылады		
276.	Газ шахтасында шаңжелдету қызметін басқаратын басшыға қойылатын талаптар – газ бойынша қауіпті шахтада жер астында жұмыс істеген еңбек өтілі 1 жылдан кем емес		
277.	Алдағы және геологиялық зерттеу ұңғымаларын бұрғылау кезінде газ құрамын өлшеу ұңғыманың қасында оның аузынан 10 сантиметрден көп емес арақашықтықтан өткізіледі		
278.	Өлшеу қорытындысын Газ құрамын өлшеу және газдануды есепке алу журналына сол күні енгізу		
279.	Кеніштің ауасының сапалы құрамын лабораториялық талдау арқылы (оның ішінде жанғыш және улы газдарға), оның горизонттар, қанаттар, блоктар және қазбалар бойынша дұрыс таралғанын айына бір реттен кем емес тексеру өткізіледі.		
280.	Газ шахталарында тұйық қазбаларда және ауаның шығу толқыны бар қазбаларда электр жабдығы жарылысқа қауіпсіздік жағдайда қолданылады		
281.	Шахтада қолданатын жеке жарықтанудың барлық шамдары жарылыс қорғауының деңгейі реттеу пунктiнен төмен емес жарылыстан		

	қорғау деңгейіне ие және беру алдында пломбланады. Оларды шахтада ашуға жол берілмейді		
282.	Лақтырыстар мен суфляр бойынша қауіпсіз шахталардың тұйық қазбаларында түйіспе тоқарбаларын қолдануға: 1) желдеткіш тоқтаған кезде оның тоқтауын қамтамасыз ететін, жергілікті желдету желдеткіші бар тұйық қазбаның байланыс желісін блоктауды; 2) байланыс сымының кенжар төсінен 15 метрден артық жақындатпай ілінуін; 3) тоқарбаның қазбаға әрбір рет кіруі алдында кенжар атмосферасында жанғыш газдың құрамын өлшеуді қамтамасыз еткенде рұқсат етіледі		
283.	Бүкіл шахталық торығу есебімен желдетілетін қазбаларда, сонымен қатар шахтаның лақтыру мен суфляр бойынша қауіпсіз тұйық қазбаларында жарылысқауіпсіз орындауда іштен жану қозғалтқышы бар машиналарды пайдалануға бірқатар талаптарды сақтаған жағдайда рұқсат беру		
284.	Тұйық қазбаларда жарылысқа қауіпсіз орындаудағы электржабдықты және дизельді жабдықты жанғыш газдың құрамын автоматты бақылауды қолдану кезінде пайдалануға жол беріледі		
	Тұйық қазбада, егер онда жарылысқауіпсіз жағдайда орындалған		

285.	электровоздар немесе дизельді машиналар (дизелі сөндірулі бұрғыларынан басқа) тұрса, сонымен қатар байланыс сымынан күш - қуатты алғанға дейін шпурларды, ұңғымаларды бұрғылауға және жарылыс жұмыстарын жүргізуге жол бермеу		
286.	Өрлеме қазбаларын өткізу кезінде кен жардағы атмосфераның құрамында жанғыш және улы газдың бар - жоғын алыстан бақылау жүргізіледі		
287.	Өрлемеде жұмыс атқаратын адамдардың газанықтағыштары болады және атмосферада жанғыш және улы газдың барлығын ауысымда төрт реттен кем емес бақылау жүргізеді, соның ішінде бұрғылау жұмыстарының басында және соңында		
288.	Әрбір жергілікті желдету желдеткіштерінде тақта орнатылады, оған қазбаның желдеткіш орнатылған жерінде ауаның нақты жұмсалуы, желдеткіштің нақты өндірістілігі, кенжардың тұйық қазбасында берілген желдеткіш жабдығымен өткізілетін ауаның есеп бойынша және нақты жұмсалуы, жарылыс жұмысынан кейін қазбаны желдету уақыты, толтырылған күні және тақтаны толтырған адамның қолы қойылып жазылады		
	Жергілікті желдету желдеткіштері тоқтаған кезде олармен желдетіліп		

289.	жатқан тұйық қазбаларда орналасқан электржабдығынан күш - қуаттың сөнуін қамтамасыз ететін, блокировкалары болады		
290.	Жарылыс жұмыстарын құрамында тең немесе асатын: кенжарларда олардан 20 метр қашықтықтағы жанындағы қазбаларда, сонымен қатар шебер - жарушының тығылған жерінде улы газдардың шектік рұқсатты шоғырлама, жанғыш газдардың (метан + сутегі) – 0,5 пайыз газ болған кезде орындауға жол бермеу		
291.	Шахтаның кеніш атмосферасының радиоактивті ластану дәрежесін табу мақсатында радиациялық жағдайды үш жылда бір реттен кем емес мерзімде өткізілетін тексеру нәтижелері туралы құжаттың болуы		
292.	Шахтаның жұмыс орындарында және адам болатын аймақтарында радиациялық қадағалау нәтижелері тіркелетін Журналдың болуы		
293.	Радиациялық қауіпті өндіріске жататын шахтаға жұмысқа түсетін персоналдың білімін тексеру хаттамасының болуы		
294.	Шахталарда жұмыс орындарын (телімдерді, блоктарды, камераларды, кенжарларды) тізбектік желдетуге жол бермеу		
295.	Шахталарда горизонттарды, телімдерді, блоктарды (камераларды) олардың		

	қазбалануы бойынша окшаулау жүргізіледі		
296.	Шахтадан шығатын ауа ағымы атмосфераға тек қана диффузор арқылы жоғарыға бағытталған ағыммен беріледі		
297.	Радиациялық аясы жоғары шахталарда демалу мүшелерін шаңнан және радиоактивтік аэрозольден қорғау үшін барлық жерасты персоналы респираторлармен қамтамасыз етіледі, ал кен ауасының температурасының 26 градус Цельсиядан жоғары болған кезде және адамға ауыр жүктеме түскен кезде клапанды респираторымен қамтамасыз етіледі		
298.	Адам бар немесе адам болатын қазбалардың ауасында оттектің құрамы 20 пайыздан кем емес (мөлшері бойынша). Кеніш ауасында жұмыс орындарында көмірқышқыл газдың құрамы 0,5 пайыздан көп болмауы керек; шахтаның шығу ағыны жалпы қазбаларда – 0,75 пайыз және опырылым бойынша қазбаларды өткізу және жөнге келтіру кезінде – 1 пайыз.		
	Жұмыс істейтін жерасты қазбаларында улы газ (бу) құрамын шекті рұқсат етілген шоғырланудан аспайтын мөлшерде қамтамасыз ету: көміртегі қышқылы (көміртегі оксиді) – 0,0017 пайыз немесе метр кубқа 20 миллиграмм;		

299.	<p>азот қышқылы (азот оксиді) NO₂ қайта есептегенде - 0,00026 пайыз немесе метр кубқа 5 миллиграмм;</p> <p>күкіртті газ (күкірт диоксиді, күкіртті ангидрид) - 0,00038 пайыз немесе метр кубқа 10 миллиграмм;</p> <p>күкіртсутегі - 0,00071 пайыз немесе метр кубқа 10 миллиграмм;</p> <p>акролеин - 0,000009 пайыз немесе метр кубқа 0,2 миллиграмм;</p> <p>формальдегид - 0,00004 пайыз немесе метр кубқа 0,5 миллиграмм;</p> <p>металлды сынап – метр кубқа 0,01 миллиграмм</p>		
300.	<p>Жарылыстың улы өнімдерінің сұйылуын тексерген кезде 1 литр азот қышқылын 6,5 литр көміртек тотығуына, 1 литр күкірт газын – 4,5 литр көміртек тотығуына және 1 литр күкірт сутегін – 2,4 литр көміртегіне тең деп қабылдау керек</p>		
301.	<p>Ауа мөлшері адам санына байланысты есептеледі, бірақ ауысымда жұмыс істеп жатқан адам санының ең көп санын есептегенде бір адамға минутына 6 метр кубтан кем емес</p>		
302.	<p>Ауа келетін ағымы бар оқпан мен штольняларда калориферлі жабдық орнатылады, ауа температурасын калорифер каналының оқпанмен (штольнямен) тоғысуынан 5 метр жерде + 2 градус Цельсиядан кем емес қылып ұстап тұратын</p>		
	<p>20 градус Цельсияға дейінгі температурадағы</p>		

303.	тазартылым кенжарындағы ауа жылжуының жылдамдығы секундына 0,5 метр, дайындау және тілім қазбаларында - секундына 0,25 метрден кем емес, оқпан жүргізу кезінде - секундына 0,15 метрден кем емес		
304.	<p>Ауа жылжуының жылдамдығының:</p> <p>1) тазартылым және дайындау қазбаларында - секундына 4 метр;</p> <p>2) квершлагтарда, желдету және бас тасымалдық қуақаздарында, күрделі еңістерде - секундына 8 метр;</p> <p>3) басқа қазбаларда - секундына 6 метр;</p> <p>4) ауа көпірлерінде (кроссингтерде) және бас желдеткіш қуақаздарда - секундына 10 метр;</p> <p>5) адам және жүк түсіріп-көтеретін оқпандарда - секундына 8 метр;</p> <p>6) тек қана жүк көтеріп түсіретін оқпандарда - секундына 12 метр;</p> <p>7) апат жағдайларда адамдарды көтеруге арналған көтергіш жабдықтармен жабдықталған оқпандарда және оқпандарды тексеруге арналған желдеткіш камераларында - секундына 15 метр;</p>		
305.	Дайындау, тазарту және жұмыс істейтін қазбалардағы ауаның температурасы 26 градус Цельсиядан көп емес		
	Оқпандарда жөндеу жұмыстарын жүргізу және адамдардың баспалдақ бөлімімен		

306.	жүруге ауаның жылдамдығы секундына 8 метрден көп емес болған жағдайда ғана жол беріледі		
307.	Қазбаларды жергілікті желдету желдеткішімен 10 метрге дейін қысымды әдіспен желдету кезінде, желдету құбырларының кенжардан қалуына жол беріледі		
308.	Қазбаларда улы газ табылған кезде немесе ауа спасының шамаға қарсы төмендеген кезінде , сонымен қатар желдету бұзылған кезде осы қазбалардағы адамдар таза ауаға шығарылады. Желдетілмейтін қазбалар торлы қалқамен жабылады Жарылыс жұмыстарынан кейін желдетілетін қазбалар "Кіріс жабық, кенжар желдетіліп жатыр " деген жазуы бар алдын алу дабылымен қоршалады		
309.	Бір желдету жүйесіне біріктірілген шақталарға біріктірілген шаң - желдету қызметінен қызмет көрсетіледі және бір ғана АЖЖ болады. Тәуелсіз желдетілетін және бір желдету жүйесіне біріктірілмеген екі шақтаны біріктіретін қазбаларда жарылысқа төзімді отқа төзгіш д а л д а л а р орналастырылады.		
	Аккумулятор батареясын зарядтау камералары мен жарылғыш заттар қоймалары таза ауаның бөлек ағынымен желдетіледі. Олардан шыққан ауа ағынын таза ауа ағыны бар қазбаларға жіберуге жол берілмейді.		

310.	<p>Зарядтау камераларын бөлек желдетусіз тағайындау келесі шарттарда кәсіпорынның техникалық басшысының рұқсатымен жүзеге асырылады:</p> <p>1) ілектіру салмағы 5 тоннаға дейінгі электровоздың үштен аспайтын аккумуляторлық батареяларын немесе қалыпты типтегі бір батареяны бір мезгілде зарядтау;</p> <p>2) осындай камералардан басқа қазбаларға келетін ауа ағынында сутегінің мөлшері, батарея зарядынан сутегінің ең жоғары мөлшердегі шығуы кезінде 0,5 пайыздан аспайтын болғанда;</p> <p>3) құрамында сутегінің болуын анықтау үшін ауаны жүйелі түрде сараптаудан өткізуде;</p> <p>4) зарядтау камерасындағы және шығатын желдетіс ағынындағы ауаның құрамында сутегінің болуын анықтау үшін ай сайын тексеру.</p> <p>Барлық машиналық және трансформаторлық камералар таза ауа ағынымен желдетіледі; ұзындығы 6 метрге дейінгі камераларды, олардың торлы есікпен жабдықталған кірісінің ені 1,5 метрден кем емес болғанда диффузия есебінен желдетуге болады.</p>		
311.	Тік немесе көлденең бір ғана шақта оқпанын бір мезгілде ауа ағынының шығысы мен кірісі үшін пайдалануға болмайды		

312.	<p>Ауаның қозғалысы кезінде оның кездейсоқ ағысын болдырмау үшін мынадай шаралар қолданылады:</p> <p>1) желдету және кен қазбаларының технологиясы мақсаттары үшін пайдаланылмайтын ауа өткізбейтін қатпарлармен оқшаулау;</p> <p>2) пайдалы қазбаларды төсем кентірегін қалдырмай қазымдау кезінде ауа өткізбеуге кепілдік беретін, бос жыныс немесе кенмен жабумен әкету қазбалары үстіндегі құрылғы;</p> <p>3) шығыс және кіріс ағысы бар қазбалар арасында желдету жалғастырғыштарын тұрғызу.</p> <p>Осындай шаралар ескірген қазбаларда да ауаның кездейсоқ ағысын болдырмау үшін де қолданылады.</p>		
313.	Таза ауаны жұмыс барысындағы дайындау және тазарту кенжарларына жіберуге, олардан ауаны үйінділер мен опырылу арқылы шығаруға жол берілмейді		
314.	Шахтаның желдетілуі жеке блоктар мен камералар жалпышахталық депрессия есебінен бір - біріне тәуелсіз желдетіліп , кейбір блоктар мен камералар жалпы схемадан қалған блоктар, камералар мен телімдер желдетілуін бұзбай ажыратылады		
	Атмосферасында жанатын газдар (метан + сутегі) 0,5 пайыз және одан жоғары болатын,		

315.	<p>немесе улы газдардың мөлшері шекті рұқсат етілу шамасынан жоғары болатын қазбаларда барлық жұмыстар тоқтатылады, адамдар таза ауа ағысына шығарылып, электр энергиясы берілмейді, іштен жану двигательдері тоқтатылады, таукен диспетчеріне хабарланады және газдан босату шаралары жасалынады</p>		
316.	<p>Газ шығару және суфлярлар бөлу қауіптілігі бар қабаттар немесе учаскелерді өндіретін шахталарға берілетін ауа мөлшері жалпы шығыстық ағындағы жанатын газдардың (метан + сутегі) 0,5 пайыздан аспайтын, бірақ, тау - кен массасының орташа тәуліктік өндірісінің 1 метр кубына минутына 2,1 метр кубтан кем болмауын қамтамасыз етуі тиіс</p>		
317.	<p>Ай сайын техникалық жетеші бекітетін сульфидтік шаң жарылысына қауіпті қазбалар тізімінің (қай топ екені көрсетіледі) болуы</p>		
318.	<p>Ай сайын геологиялық қызмет анықтап, және техникалық жетекші бекітетін қауіпті қазбалар тізімінің (қауіптіліктің қай тобы екені көрсетіледі) болуы</p>		
319.	<p>Сульфидті шаңның жарылысқа қауіптілігін озық бақылауды кен орынның ашылатын бөліктерінде, терең</p>		

	деңгейлерде және жаңа кен деңгейліктерінде жүргізіледі.		
320.	Қазуға жоспарланған кенжарларға (тазалау және өту) қауіптілік тобы тағайындалады.		
321.	Шахтаның шаңжелдету қызметі жүргізетін сульфидтік шаңның жарылысын есепке алу және тіркеу журналының болуы		
322.	Желдету есіктері, қазбаның периметрі бойынша герметикалылығын қамтамасыз ететін, қазбаның бүйір жағы мен төбесінің созылымы бойынша орналасатын тосқауылдарға орналастырылады Интенсивті тасылымды басты тасылым жолдарында желдету есіктері автоматты түрде ашылып жабылады, немесе кезекші қызметшілермен қызмет етіледі. Әрбір желдету тосқауылда негізгі (тура) және қарама қарсы жаққа ашылатын реверсивті есіктері бар.		
323.	Егер есіктің ашылуы нәтижесінде шахтаның қалыпты желдетілуі бұзылатын болса, екі немесе бірнеше есік, біреуінен көлік өткен кезде екіншісінің жабылуын қамтамасыз ететін қашықтықта орнатылады.		
324.	Оқпандарды (ауа жіберетін және шығаратын) біріктіретін қазбаларда екі тас немесе бетон тосқауылдар орналасады, олардың		

	әрқайсысында әртүрлі жаққа қарай ашылатын екі есіктен болады		
325.	Кроссингтердің құрылысын жүргізу кезінде жанғыш материалдардың қолданылуына жол бермеу		
326.	Оқпанды жүргізу кезінде желдету үшін желдету қондырғысы жер бетінде оқпаннан 15 метрден кем емес қашықтықта орналастырылады. Оқпанды жүргізу кезінде желдету құбырларының кенжардан қалыс қалуы ол 15 метрден аспайды, грейфермен тиеу кезінде бұл қашықтық 20 метрге дейін арттырылады. Құбырлар жанбайтын материалдан жасалынып, арқандарға ілінеді немесе бекітпеге тығыз бекітіледі.		
327.	Бас және қосалқы желдету қондырғылары арналарының құрылғысы және оларды тексеру.		
328.	Бас желдету қондырғылары екі жеке желдету агрегатынан тұруы керек, олардың біреуі резервті. Желдеткіштер бір түрде және мөлшерде орнатылады		
329.	Бас желдету желдеткіштерінде және бас желдетудің қосалқы желдеткіштерінде депрессиометрлер және шығысты өлшегіштер, ал қайыс жетекті болғанда тахометрлер орнатылады		
	Газды емес шақталарда бас немесе қосалқы желдету қондырғылары 30 минуттан асатын уақытқа тоқтатылған		

330.	<p>кезде, адамдар барлық осы желдеткіштермен желдету схемасына қосылған және таза ауа ағысындағы кен қазбаларынан шығарылады.</p> <p>Бас желдету қондырғысы 2 сағаттан артық уақытқа тоқтатылған кезде персонал шақтадан жер бетіне шығарылады.</p>		
331.	<p>Бас желдету қондырғылары қазбаларға жіберілетін желдету ағынының реверстенуін қамтамасыз етуі керек.</p> <p>Желдету қондырғыларын реверстену режиміне ауыстыру 10 минуттан аспайтын уақытта жүзеге асырылады.</p> <p>Бас қазбалар бойынша реверсивті желдету режимі кезінде өтетін ауа шығыны, олар бойынша қалыпты режимде өтетін ауа шығынының 60 пайыздан кем болмауы керек.</p>		
332.	<p>Реверсивті құрылғыларды ағынды ауыстыра отырып тексеруді жылына екі рет (қысқы және жазғы кезең) жұмыс істелінбейтін кезде жүргізу және рәсімделген актінің болуы. Реверсивті құрылғылардың жағдайы, реверстеуді тексеру нәтижелері мен желдеткішті реверсивтілікке ауыстыруға жұмсалатын нақты уақыт шамасы Желдеткіш қондырғыларын қарау және реверсия тексерулері журналына жазылады.</p>		

333.	<p>Желдету қондырғысының машинистсіз жұмыс істеуіне келесі шарттар орындалған жағдайда рұқсат етіледі:</p> <p>1) желдету қондырғылары желдеткіштің өндіру қабілеті мен ол түзетін депрессияны қалыпты түрде тіркейтін өздігінен жазу приборымен, желдеткіштің берілген параметрлерден (өндіру қабілеті, депрессия, электр қозғалтқыш мойынтіректері мен желдеткіштердің температурасы) ауытқуы туралы дистанциялы басқару пультіне сигнал беретін құрылғылармен жабдықталған;</p> <p>2) желдеткіштің электр қозғалтқышы дистанциялы қосылуы мен тоқтауы және желдету ағынының дистанциялы реверстелуі қамтамасыз етілген;</p> <p>3) дистанциялы басқару мен желдету қондырғысының жұмысын бақылау пульті диспетчерлік пунктте, немесе – шақта бетіндегі үнемі қызмет етілетін стационар құрылғы орналасқан, телефондық байланысы бар мекенжайда орналасып, ол жерде сигнал беруші аппаратуралардың көрсеткіштеріне үнемі бақылау жасау және келіп түскен сигналдардың барлығын журналға тіркеу қамтамасыз етілген.</p>		
	<p>Желдету қондырғысының ғимаратын тұрақты және резервті (</p>		

334.	<p>тасымалданатын шамшырақтар) жарықпен қамтамасыз ету.</p> <p>Ғимаратта ішінде артық дыбыс өткізбейтін, шығарылған шақыру құрылғысы бар кабинада, жер бетіндегі шақта диспетчерімен тікелей байланыста болатын телефон орнатылады.</p> <p>Ғимаратта желдеткіштің реверстеу схемасы, желдеткіштің жеке сипаттамасы, желдету қондырғысына қызмет көрсетудің технологиялық регламенті ілінеді.</p> <p>Желдету қондырғысының машинисті немесе желдеткішті қашықтықтан басқару кезіндегі басқару тетігінің кезекшісі Желдеткіш жұмысын есепке алу журналына есепке алуды жүзеге асырады.</p>		
335.	<p>Жұмыстан шығу немесе энергия берілудің тоқтатылуы салдарынан желдеткіштердің кенеттен тоқтау ұзақтығы мен уақытын тіркейтін Желдеткіштің жұмысын есепке алу журналының болуы.</p> <p>Жұмыс істеп тұрған желдеткіштің тоқтап, резервті желдеткішті қосуға мүмкіндік болмаған жағдайда, оқпан үстіндегі шлюзді ғимараттың есіктері ашылуы тиіс.</p>		
336.	<p>Барлық шақталардың бас ж е л д е т у қондырғыларында электр подстанциялары мен электр станцияларынан</p>		

	тәуелсіз екі кірісі болуы тиіс, олардың біреуі резервті		
337.	<p>Әрекеттегі тұйықталған қазбалардың кенжарлары үздіксіз түрде жергілікті желдету желдеткіштерімен үрленетін, сорылатын немесе құрастырылған әдістермен желдетілуі тиіс</p> <p>Тұйықталған қазбаларда шақта оқпанының түйісіміне дейін желдету жақтауы ретінде жанбайтын материалдардан жасалған құбырлар қолданылуы тиіс.</p> <p>Тік және 15 градусқа дейін көлденең қазбалардың кенжарын эжектор-тұмантүзушілерінен қолдана отырып жергілікті желдету желдеткіштерімен желдету кезінде желдету құбырларының қалыс қалуы 20 метрден аспауы тиіс.</p> <p>Қазбаларды комбайнмен жүргізген кезде желдету құбырларының комбайнды басқару пультінен қалыс қалуы 10 метрден аспауы тиіс.</p>		
338.	<p>Тік оқпанды қазбаларды жүргізу үшін ЖҰЖ болуы.</p> <p>Ауаның сапалы құрамын қашықтықтан бақылау құралдарымен жабдықталмаған тік оқпандарды жүргізуге, жоғарғы желдету деңгейжиегімен қосылмаған, ұзындығы 5 метрден асатын қазбаларды ұңғылауға жол берілмейді.</p>		
	Жергілікті желдету желдеткіштері таза ауа		

339.	ағынында шығыс ағыннан 10 метрден кем емес қашықтықта, шығыс ағындағы ауа желдеткішке сорылмайтындай болатындай есеппен орналастырылады		
340.	Ауа температурасын өлшеу, талдау нәтижелері бар Желдетіс журналының болуы		
341.	Әрбір шахтаға өлшеу мәліметтері (өлшем алынған күн, қазбаның (өлшеу станциясының) көлденең кескендегі ауданы, ауа мөлшерінің есептік және нақты шамасы, ауа ағының жылдамдығы) жазылған өлшеу станциялармен жабдықталуы		
342.	Барлық шахталарда кемінде үш жылда бір рет ауа - депрессиялық съемка жасалынады. Эквивалентті саңылауы 1 метрден кем болатын қиын желдетілетін шахталарда ауа - депрессиялық съемка кемінде жылына бір рет жасалынады (съемка нәтижесінде кәсіпорынның техникалық басшысы орын алған кемшіліктерді жою бойынша іс-шаралар мен олардың орындалу мерзімдерін бекітеді)		
343.	Ауаның мөлшері мен құрамын анықтау үшін газды емес шахталарда ақаусыз және тексерілген аспаптармен (анемометрлер, секундомерлер, пылемерлер және ауадағы көміртегі газының, күкірттік қоспалардың, көміртегі қышқылының және азот		

	қышқылының құрамын анықтауға арналған экспресс-құралдар) жабдықтау		
344.	Әрбір шахтада қажетті мәліметтері және оларға түсінік хаты берілетін, шахтаның техникалық басшысы бекітетін негізгі деңгейжиектердің таукен жұмыстары жоспарларының және желдетудің аксонометриялық схемаларының болуы		
345.	Әрбір шахтада шаң - желдету қызметінің болуы		
346.	жерасты жағдайында бір жылдан кем емес еңбек өтілі бар, оқытудан, өлшеуге жіберу үшін тексерістен өткен газды өлшеушілердің болуы		
347.	Көлденең кен қазбаларында жұмыс орнына дейінгі қашықтық 1 километр және одан жоғары болған жағдайда адамдарды тасымалдау міндетті		
348.	Рельсті емес көлікті пайдаланған кезде адамдардың өту жолы мен көлік жүру жолы шектеледі		
349.	Адамдарды тасымалдауға арналған автокөліктерге (тракторларға) арналған тиегіштер тежеуіштермен жабдықталады		
350.	Адамдарды көліктерге отырғызу және одан түсіру орындары жарықтандырылады		
351.	Шахтаның техникалық басшысы бекіткен тәулік бойы адамдарды тасымалдау кестесінің болуы		

352.

Тасылым қазбасының бойынан қазбаның атауын, пикеттердің нөмірін, жолдардың қиылысуын, тиеу және айырбастау пункттеріне жақындауын, адамдарды отырғызу орындарын, жылдамдықты шектеудің қажеттілігі мен шамасын, тежеудің басталуы мен жөндеу жұмыстарын орындау орындарын көрсететін типтік белгілік таңбалар орнатылады. Өздігінен жүретін машиналар қозғалатын қазбаларда қозғалысты реттейтін типтік жол таңбалары орнатылады. Тасылымдық қазбаларда адамдарға арналған бос өту орындары мен көлік жүру жерлері анықтап шектеледі (түрлі - түсті жолақпен, рейкамен) Тазарту блоктарының (камераларының) қазбаларында адамдардың өту жолдары бағыттаушылармен көрсетіледі. Машинаның қозғалыс жылдамдығы сағатына 20 километрден асатын қазбаларда және көлденең көліктік қазбаларда, адамдардың жүру жолдарын орналастырған кезде, оларды машина басып кетуден сақтандыру мақсатында міндетті түрде уатылымдық білеулер орнату, адамдардың өту жолын көтеру және тағы сол сияқты қарастырылады. Жол таңбаларының орналасу орындарын шахтаның техникалық басшысы анықтайды.

Көлденең қазбаларда тасылым мен адамдарды тасымалдау кезінде

353.	<p>келесі максималді жылдамдықтар рұқсат етіледі:</p> <p>1) қолмен тасылым кезінде сағатына 4 километрден аспайтын;</p> <p>2) шексіз арқанмен тасылым кезінде сағатына 3,6 километрден аспайтын;</p> <p>3) электровозды тасылым кезінде сағатына 10 километрден аспайтын;</p> <p>4) жабдықталған жүк вагоншаларында адамдарды тасымалдау кезінде сағатына 12 километрден аспайтын;</p> <p>5) адамдарды тасымалдау жабдықталған вагоншасымен сағатына 20 километрден аспайтын .</p>		
354.	<p>Составтармен тасылым жасаған кезде, вагоншалардың өздігінен жүрісін болдырмайтын зауытта жасалған іліністер мен прицептік құрылымдар қолдану</p>		
355.	<p>Рельсті жолдарда клеттің оқпан жанындағы ауласында жүктік тармағы жағынан және қабылдау орындарынан бос тармағы жағынан ұстап қалушы стопорлардың болуы</p>		
356.	<p>Еңістердің төменгі қабылдау орындарында буферлік ұстап қалу орындарының болуы</p>		
357.	<p>Еңістері бар аралық штректердің қиылысуы кезінде штректерде барьерлердің болуы</p>		
	<p>Арқандық тасылымды қазбаларда міндетті түрде қазбаның кез келген жерінен машинистке сигнал беретін сигналдық құрылғының болуы</p>		

358.	Шексіз арқандық тасылым кезінде максималь жылдамдық секундына 1,0 метрден аспайтын, шекті арқандық тасылым кезінде – секундына 1,5 метр болады.		
359.	Локомотивті тасылым жасалатын шахталарда, әрбір жұмыс горизонтында локомотивтер мен вагондарды қарап, жөндеуге арналған локомотивті және вагондық депо жабдықталады.		
360.	Локомотивті тасылым жүргізілетін көлденең қазбалардың барлық бойында оқпан жанындағы аулаға қарай немесе штольня сағасына қарай 0,005 аспайтын еңіс болады.		
361.	<p>Локомотивтерді пайдалануға жол бермеу егер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) буферлердің болмауы немесе олардың ақауы болған кезде; 2) ілініс құралдарының ақауы болған кезде; 3) тежегіштің істен шығуы немесе дұрыс реттелмеуі; 4) шырақтардың жанбауы немесе істен шығуы; 5) сигнал беретін құрылғылардың істен шығуы; 6) жабдықтардың жарылыс қауіпсіздігінің бұзылуы; 7) колодкалар енінің 2/3 астамы тозуы және құрсаудың 10 миллиметрден аса иленуі; 8) аккумулятор локомотивінің батареялық жәшігінің қақпағы ашық болуы 		

	<p>немесе оның тежеуіш құрылғысының істен шығуы;</p> <p>9) электр жабдықтарының, тежеуіш құрылғылардың және қорғаныс жабдықтарының істен шығуы;</p>		
362.	<p>Тасылым кезінде локомотив құрамның бас жағында орналасуы керек . Құрамның соңында орналасқан локомотивпен тасылым жасау тек 300 метрден аспайтын маневр кезінде, 0,005 аспайтын еңісте, қозғалыс жылдамдығы сағатына 4 километрден аспағанда ғана рұқсат етіледі. Бұл жағдайда сигналдық шамшырағы мен дыбыстағышы бар сигнал беруші анық көрінеді.</p>		
363.	<p>Әрбір локомотивте немесе оқпан жанындағы аулада домкрат немесе самостав болады.</p>		
364.	<p>Составтармен тасылым кезінде вагоншалардың өздігінен жүрісіне жол бермейтін іліністер мен тіркеу құрылғыларын қолдану</p>		
365.	<p>Вагоншалардың төңкергіш кузовы вагоншаның қозғалысы кезінде жабық болатын жабу құлыптарымен жабдықталады</p>		
	<p>Вагоншаларды пайдалануға жол бермеу егер:</p> <p>1) май жағусыз, май жағуға арналған жері ашық және жартылай скаттары істен шыққан жағдайда (дөңгелектерінің босауы,</p>		

366.	<p>осьтерінде жарықтың болуы, дөңгелектерінде терең жарықтар болуы);</p> <p>2) іліністерінің, сырғаларының және трату бөлшектерінің істен шығуы;</p> <p>3) буферлері мен тежегіштерінің істен шығуы;</p> <p>4) арнайы вагоншалардағы запорлық механизмдердің түбі мен шарнирінің істен шығуы;</p> <p>5) вагоншалар кузовтары қабырғаларының 50 миллиметрден аса сыртқа қарай шығуы.</p>		
367.	<p>Вагоншаларға кезеңмен жоспарлы түрде ревизия жасалып, май жағылады және жөндеу жұмыстары жүргізіледі, бұл туралы мәліметтер вагоншаның нөмірі, күні мен жөндеу жүргізген адамның тегі көрсетіле отырып, шахтаның техникалық басшысы тағайындаған объект бойынша кітапшаға жазылады.</p> <p>Жүк вагоншаларына ревизия әр тоқсанда кеміне бір рет жүргізіледі .</p>		
368.	<p>Адамдарды тасымалдауға арналған составтың вагоншалары өзара екі еселенген ілініспен немесе бір ілініс және қорғаныс шынжырымен тіркестіріледі</p>		
369.	<p>Іліністің центрлік стержені, адамдарды тасымалдауға арналған вагонша мен клеттің ілгіштері және қорғаныс шынжырларында, максимальді статикалық жүктемеге қарағанда, 13 еселенген беріктілік қоры болуы және олар</p>		

	ілінгенінен 5 жылдан аспайтын мерзімде жаңасымен ауыстырылуы керек		
370.	Рельсті жолдар (2 жылға дейін қызметте болатын және табаны қабарған қазбалардан басқа) берік жыныстардан тұратын щебень немесе гравий балластынан салынады. Шпалдың астындағы балластың қалыңдығы 90 миллиметрден кем болмайды.		
371.	Тасылым жолдарының бағыт ауыстырушыларының механикалық және қолмен реттегіштері адамдардың өту жолының бос жағынан, реттегіштен қозғалыс составының жиегіне дейін 0,7 метрден кем болмайтын қашықтықта орналастырылады. Қазбаның ені жеткіліксіз болған жағдайда бағыт ауыстырушылардың реттегіштері оймаларда орналастырылады. Оқпан жанындағы тасылым жолдарының және горизонттардағы жүк тасымалының негізгі бағыттарындағы бағыт ауыстырушыларда дистанциялы басқару мен жарықтық белгі беру болады.		
372.	Жолдың дөңгелену радиусы 20 метрден кем болмайтын қисық сызықты бөліктерінде екі рельс жолағының аралығында металл тартылыстар орнатылады. Тартылыстардың арасындағы қашықтық 3 метрден кем болмайды.		
	Р-18 рельстері үшін рельстің басы вертикаль		

373.	<p>бойынша 8 миллиметрден аса тозған кезде, Р-24 рельстері үшін 12 миллиметрден асканда, Р-33 рельстері үшін 16 миллиметрден асканда, Р-38 үшін 20 миллиметрден асканда және Р-50 рельстері үшін 24 миллиметрден асканда, дөңгелек ребордасы болттың басына түйіскенде, рельстерде көлденең және бойымен түзілген жарықтар болғанда, рельстің бас жағы ұсақталғанда, рельстің табанының бөлігі түскенде және қозғалысқа қауіп төндіретін ақаулар болған кезде оларды пайдалануға жол бермеу</p>		
374.	<p>Бағыт ауыстырғыштарды пайдалануға жол бермеу егер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) көлденең және бойы бойынша ұрылған, ұсақталған және майысқан немесе бағыттағыш қанаттар рамалық рельс пен башмақтарға тығыз байланыспайтын кезде; 2) бағыттағыштардың тартушылары ажыратылған кезде; 3) басылып қалған қанаттың өткір жиегі мен рамалық рельс аралығындағы 4 миллиметрден асатын саңылауда бағыттағыштардың тұйықталуы кезінде; 4) бағыт ауыстырғыштардың қалпын сақтап қалатын фиксаторлар мен құрылғылардың болмауы кезінде; 5) бағыт ауыстырғыштардың 		

	арналарының ашық кезінде.		
375.	Контактілі электровоздармен тасылым жасау кезінде 600 Вольттан аспайтын тұрақты ток кернеуін пайдалану		
376.	Мыс контактiлi желiнiң қимасы 65 миллиметрден кем болмауы керек Қимасы 100 миллиметр желi үшiн 30 пайыздан аса тозған, қимасы 65 және 85 миллиметр желi үшiн 20 пайыздан аса тозған контактiлi желiлердi қолдануға жол берiлмейдi.		
377.	Контактiлi желi рельстiң басынан кемiнде 1,8 метр биiктiкте iлiнедi Адамдарды отырғызу және түсiру орынжайларында, адамдар жүретiн қазбалардың контактiлi желiлер орналасқан қазбалармен қиылысу жерлерiнде, iлiну биiктiгi 2 метрден кем болмайды. Контактiлi желiден кен жиылысына немесе вагондағы жынысқа дейiнгi қашықтық 200 миллиметрден кем болмайды. Оқпан жанындағы аулада адамдардың вагонеткаға отырғызу жерлерiне дейiн жүретiн учаскелерiнде контактiлi желi 2,2 метрден кем болмайтын биiктiкке iлiнедi, ал оқпан жанындағы ауланың басқа қазбаларында – рельс басынан 2 метрден кем болмайтын биiктiкте.		
	Шахта немесе штольняның өнеркәсiптiк орынжайында контактiлi желiнi рельс басынан 2,2		

378.	метрден аспайтын биіктікке ілуге рұқсат етіледі, бұл жағдайда тасылым жолдары адамдардың жүру жолымен қиылыспауы шарт		
379.	<p>Контактілі желілердің орналасу нүктелерінің ара қашықтығы жолдың түзу сызықты бөлігінде 5 метрден аспайтын және қисық сызықты бөліктерінде 3 метрден аспайтын болады.</p> <p>Контактілі желінің ілінген жерлеріндегі оның бекітпенің жоғарғы жағына дейінгі қашықтығы 0,2 метрден кем болмауы керек. Электровоз ток қабылдағышы мен қазба бекітпесіне дейінгі қашықтық 0,2 метрден кем емес.</p>		
380.	Байланыс желінің екі жақ басы троллея ұстағышынан оқшауланады; бұл кезде әр оқшаулағыштың троллея ұстағышына дейінгі қашықтығы 0,3 метрден кем болмайды. Троллея ұстағышы оқшаулайтын болтпен бірге қолданылады.		
381.	Контактілі тармақ ажыратқыштармен секцияланады, олардың ара қашықтығы 500 метрден аспайды		
382.	<p>Контактілі тармақ адамдарды электр тогынан жарақат алуынан қорғайтын құрылғылармен не аппаратурамен жабдықталады.</p> <p>Контактілі тармақ ток қабылдағыштағы ұшқын тудыруын азайтатын құралмен жабдықтау.</p>		

	Токпен жарақат алу қауіпі бар жерлерде контактілі желі қоршауға алынады.		
383.	Материалдарды тиеу мен түсіру орындарында контактілі желі вагондармен, платформамен жабдықталып, түсіру (тиеу), сондай-ақ, тиеу сәресіне көтеру кезеңіне адамдардың оған таянуына жол бермейтіндей етіп жабдықталады		
384.	Контактілі электровоздармен тасылым жасауға арналмаған рельстік жолдар, тогы бар рельстермен тоғысу жерлерінде, соңғысынан екі жерден электрден оқшауланады, олардың ара қашықтығы составтың максималді мүмкін болатын ұзындығынан тең		
385.	Контактілі электровозбен тасылым жасау кезінде жұмыстың ауысымнан асатын мерзімге тоқтатылған кезеңдерінде, осы учаскелерегі контактілі желілер ажыратылады.		
	Контактілі тасылым кезінде рельсті тармақтың кедергісін азайту үшін электрлік қосылулар кедергісі қимасы 50 шаршы миллиметрден кем болмайтын мыс желінің кедергісіне эквивалентті болатын электр қосқыштары орнатылады, мына шарттарды орындаумен: 1) біріктіруші – рельстердің әрбір бірігу жерлерінде;		

386.	<p>2) айналып өту – стрелка, крестовина және тағы сол сияқты;</p> <p>3) рельсаралық – бір жолдағы рельс жолақтарының арасында 50 метрден жиі болмайтын етіліп, сондай-ақ рельсті жолдың соңында;</p> <p>4) жоларалық – екі немесе одан көп көршілес желілердің рельстері аралығында 100 метрден жиі болмайтындай етіліп, рельсті жолдың басы мен соңында.</p>		
387.	<p>Зарядтау камералары электровоздардың батареялық жәшіктерін механикалық түрде түсіріп, көтеретін құрылғылармен жабдыкталады. Аккумулятор батареясын тікелей электровоздың үстінде зарядтауға Жол берілмейді.</p>		
388.	<p>Зарядтау орны (аккумуляторлық жай) жанбайтын материалдардан дайындалады.</p>		
389.	<p>Келе жатқан поездың бастапқы және соңғы бөліктерінде жарықтық дабыл белгілері орналастырылады: на локомотивте - фаралар, ал соңғы вагоншада – қызыл түсті шамшырақ. Локомотив вагоншаларсыз қозғалған кезде қызыл түсі бар шамшырақ локомотивтің қозғалыс бойынша соңында орналастырылады.</p>		
	<p>Деңгейжиекте бір мезгілде екі немесе одан</p>		

390.	<p>да көп локомотив жұмыс істегенде екіжарықты дабыл қолданылады. Интенсивті электр тасымалдағышпен тасып шығаратын магистральдік қазбаларда пайдалану деңгейжиектерінде орталық бұғаттау жүйесі қолданылады.</p>		
391.	<p>Контактілі желі ілінген қазбаларда, әрбір 200 метр сайын және олардың қалған қазбалармен қиылысу жерлерінде "Желіден қорған" жарықтандырылған жазбалары орналастырылады. Мұндай жазбалар өртке қарсы қоймалар, инструменттік, электр подстанциялары және машиналық камералар аймағында ілінеді</p> <p>Қазбалардың дөңгелену жерлерінде "Локомотивтен қорған" жазбасы түрінде болатын локомотивтің автоматты түрде алдынан шығатын дабыл белгілері орналастырылады. Автоматты желдету есіктері орнатылған тасылым қазбаларында тежеліс жолының ұзындығына сәйкес келетін, есіктердің толықтай ашылуы кезінде іске қосылатын, локомотив машинистіне берілетін дабыл белгісі орналастырылады.</p>		
392.	<p>Адамдарды тасымалдауға арналған әрбір состав немесе вагонша составтың қозғалысы бойынша бірінші вагоншаға орналастырылатын</p>		

	жарық сигналымен жабдықталады.		
393.	Әрбір шахтада жыл сайын шахтаның техникалық басшысы бекітетін тасылым жолдарының, әрбір горизонт бойынша өздігінен жүретін (рельсті емес) жабдықтардың қозғалысының схемасы құрастырылады да, онда келесі мәліметтер көрсетіледі: оқпан жанындағы аула мен тиеу пункттерінің жанында маневрлеу тәртібі, көліктердің қозғалысының рұқсат етілетін жылдамдықтары, құрамдардың шамалары, сигнал беру құрылғыларының, белгілерінің орналасуы мен олардың мағыналары . Схемалар және жұмыстың ұйымдастырылуымен барлық персонал түгелдей таныстырылады		
394.	Локомотивтерді қарау нәтижелері бойынша ұйымның техникалық басшысы бекіткен актілерінің болуы		
395.	Барлық қолданыстағы қазбалардағы саңылаулардың сәйкестігін тексеріс нәтижелері Бекітпе мен қазбалардың жағдайын қарау журналына жазылады		
	Жобада іштен жану қозғалтқыштары бар машиналарды пайдалану мен оларға қызмет көрсету тәртібі, оның ішінде гараждарды, жанар-жағармай қоймаларын, шеберханаларды,		

396.	<p>бөлшектерді қыздырылған сұйықпен жуу пункттерін, машиналарға жанармай құю пункттері мен олардың уақытша тұрақтарын орналастыру болуы.</p> <p>Бензинді қозғалтқыштарды қолдануға жол берілмейді</p>		
397.	<p>Көліктің артқы жүрісі кезінде автоматты түрде дыбыстық белгі беру сигналы беріледі</p>		
398.	<p>Жыныстарды экскаватормен тиегенде немесе жүктерді кранмен тиегенде, жүргізуші мен адамдарға арнайы қорғаныс күнқағармен жабдықталмаған кабинаға кіруіне болмайды. Жүргізушінің бұл уақытта болатын жері плакатпен көрсетіледі.</p>		
399.	<p>Жерасты қазбаларында жұмыс істейтін барлық машиналарда нөмір болуы және ұйымның белгілі бір адамдардың қарауына бекітілуі керек</p>		
400.	<p>Гараждағы машиналар, олардың арасынан адамдардың өтуі үшін бос орын қалатындай және қазбаның қабырғасына дейін 1 метр қашықтықта орналасады. Көрсетілген өту орындары әрқашан бос.</p>		
401.	<p>Әр машина үшін машинаны қарау журналы жүргізіледі</p>		
	<p>Іштен жану қозғалтқышы орнатылған машинаны пайдалану кезінде оның техникалық жағдайына тексеру нәтижесін</p>		

402.	<p>журналға жазумен келесі өндірістік бақылау жасалады:</p> <p>1) ауысым сайын жұмыс алдында машина машинисті машинаның техникалық жағдайын тексереді;</p> <p>2) аптасына кемінде бір рет телім механигі немесе оның тапсыруы бойынша жеткілікті біліктілігі бар адам телімде жұмыс істейтін әрбір машинаның техникалық жағдайын тексереді. Апта сайынғы техникалық қараудан немесе жұмыстың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қандай да бір құрылғылар істен шықса, машинаны пайдалануға жол берілмейді.</p>		
403.	<p>Өздігінен жүру машинасы:</p> <p>1) машинистің көру аясында болатын және машинаның қозғалыс жылдамдығын көрсететін аспаппен;</p> <p>2) дыбыстық сигнализациямен;</p> <p>3) мотосағат немесе жүріп өткен километр есебін көрсету есепшісімен;</p> <p>4) жарықтандыру құралдарымен: шамдар, ені бойынша габариттік сигналдармен, тоқтаған кезде қосылатын артқы тоқтау белгілерімен жабдықталады. Қажетті жағдайларда машинада артқы жарықтандыру шамы орнатылады.</p>		
	<p>Жер асты жағдайларында , іштен жанатын қозғалтқыштардың өңделген газдарындағы зиянды қоспалардың рұқсат етілген</p>		

404.	<p>шоғырлануы келесі шамалардан аспауы тиіс: көміртегі қышқылы – газ тазалауға дейін 0,2 пайыз (көлемі бойынша құрамы), газ тазалаудан кейін 0,08 пайыз (көлемі бойынша құрамы);</p> <p>Азот қышқылы NO₂ қайта есептегенде - газ тазалауға дейін 0,08 пайыз, газ тазалаудан кейін 0,08 пайыз;</p> <p>Акролинге қайта есептегенде альдегидтер – газ тазалауға дейін 0 пайыз, газ тазалаудан кейін 0,001 пайыз</p>		
405.	<p>Іштен жану қозғалтқышы жұмыс істейтін жерасты қазбаларына берілетін ауаның мөлшері, дизельді қозғалтқыштардың 1 аттың күшіне тең номиналды қуатына минутына 5 метр куб шамасынан кем емес есебінен анықталуы тиіс</p>		
406.	<p>Дизельдік іштен жану двигателі орнатылған барлық машиналар екі сатылы газдан тазалау жүйесімен жабдықталуы тиіс (каталитикалық және сұйықтық)</p>		
407.	<p>Гараждар, жерасты жанар - жағармай қоймалары, іштен жану двигателі сынақтау мен реттеу орынжайларында жұмыстан шыққан ауаны шығыс ағыншаға беретін оқшауланған желдетіс болады</p>		
408.	<p>Жерасты жұмыстарына арналған электрлік өздігінен жүретін вагондарды қарау Журналының, олардың техникалық жағдайын қарау нәтижелері туралы жазбаның болуы</p>		

409.	Өздігінен жүріс вагонын екі жақты жарық сигнализациямен жабдықтау		
410.	Сигнал беру түймешелері жолдың ең соңғы пункттерінен 5 метрден аспайтын қашықтықта орнатылады		
411.	Соңғы пунктерінің белгілерінің айырмашылығы 40 метрден асатын тік қазбаларда адамдарды тасымалдау үшін, механикаландырылған көтерумен қамтамасыз ету		
412.	Адамдарды скиптерде көтеруге жол бермейді, оль тек төтенше жағдай туған кезде оқпанды қарау мен жөндеу кезінде ғана рұқсат етіледі		
413.	Адамдар мен жүкті бір клетте – бір клеттік көтеру кезінде, не әртүрлі клетте – екі клетті көтеру кезінде бір кезде жол бермеу Адамдар мен жүктерді тасуға арналған бір немесе бірнеше құрылғылармен жабдықталған стволдарда көтеру - түсіру сағаттарында жүк көтергіштерін жұмыс істетуге жол берілмейді. Әр шахтада техникалық басқарушы қауіпсіздіктік шаралары мен технологиялық операциялардың кезегін көрсете отырып, ұзын және кіші көлемдегі жүктерді түсіру мен көтеру бойынша технологиялық регламент жасалып, бекітіледі.		
	Оқпанды қарау кезінде көтерілу құрылғысының		

414.	жылдамдығы секундына 0,3 метрден аспайды		
415.	Аралық кеңістіктерде жобаға сәйкес жасалған іlmелі алаңшалар қолданылады		
416.	<p>Тік және еңіс қазбалардың (еңіс бұрышы 30 градустан артық) бір арканды көтергіш құрылғылары үшін қайта көтеру биіктігі:</p> <p>1) көтеру жылдамдығы секундына 3 метрден асатын көтерме және скип-көтермелерде - 6 метрден кем емес;</p> <p>2) көтеру жылдамдығы секундына 3 метрге дейінгі көтерме көтергіш құрылғыларында - 4 метрден кем емес;</p> <p>3) скип және аударма көтермелері бар жүк көтергіш қондырғыларында - 2,5 метрден кем емес;</p> <p>4) қауғалы (ұңғымалы) көтергіште адамдарды түсіру және көтеру кезінде - 4 метрден кем емес болуы керек.</p> <p>Жаңадан жобаланып жатқан скиптік құрылғыларда – 3 метр, ал клеттік және скиптік-көтермелі құрылғыларға – 6 метрден кем емес болады (біркелкі жүріс жылдамдығына қарамастан).</p>		
417.	<p>30 градусқа дейінгі еңісті қазбаның еңіс көтерме құрылғылар үшін қайта көтеру жолы:</p> <p>1) екі ұштық көтерме құрылғыларда – 6 метрден кем емес;</p> <p>2) бір ұштық жүктасығыш құрылғыларда – 2,5</p>		

	<p>метрден; жобадағыда – 4 метрден кем емес;</p> <p>3) бір ұштық жүк және адам таситын құрылғыларда – 4 метрден кем емес.</p>		
418.	<p>Жүк адам таситын көтерме машиналар мен шығырлар динамикалық тежегішжүйесі бар электрлік қозғалысқа келтірілетін құрылғылармен жабдықталады</p> <p>Жүк және адам таситын көтергіш машиналар мен шығырларда резервтік электр қозғалтқыштары бар болуы. Әр көтергіш машиналар бір - біріне тәуелсіз екі сақтандыру және механикалық тежегіштермен жабдықталған.</p> <p>Көрсетілген тежегіш қозғалысқа әкелетін құрылғылармен жүзеге асырылады.</p>		
419.	<p>Ең аз орама диаметрінің ең төменгі мөлшерінің қатынасы:</p> <p>1) үйкеу шкифі бар біржолға көтерме машиналар үшін - 120;</p> <p>2) қарсы тұру шкифі бар көпжолғы көтерме машиналар үшін - 100;</p> <p>3) жоғарыдағы бір арқанды көтеру құрылғыларының бағыттаушы шкифтері мен барбандары, қарсы тұру шкифі жоқ көпарқанды қондырғылар үшін - 78;</p> <p>4) жер асты көтергіш машиналары мен шығырлардың бағыттаушы шкифтері мен барабандары үшін, қазбаларды ұңғылау</p>		

	<p>кезінде қолданылатын машиналар мен шығырлар үшін - 60;</p> <p>5) қозғалмалы көтеру машиналар үшін, тау жыныстарына қолданылатын бағыттаушы скифтер мен барабандар, кері қайтару шығырлары үшін - 50;</p> <p>б) сөрелерді, аспалы сорғыларды, құбырларды, құтқару сатыларын және қорама қалыптарды ілуге арналған ұңғылау жүк шығырларының бағыттаушы скифтері мен барабандары үшін 20 кем болмауы керек.</p>		
420.	<p>Жаңадан жөндеп жатқан машиналардың барабандары арқанның 1,5 диаметр биіктікте екі жағында ребордтар болады</p>		
571.	<p>Стационарлық жер асты шағын станциялар үшін 10000 Вольтқа дейінгі кернеулікті қолдануға жол беріледі.</p> <p>Электр энергиясының жылжымалы қабылдауыштарын қоректендіру үшін (жылжымалы шағын станциядан басқа) 1140 Вольттан артық емес кернеулікті қолдануға жол беріледі.</p>		
572.	<p>Басқару тізбегін қоректендіру үшін: стационарлық механизмдер үшін егер аппараттардың құрылысымен көрсетілген кернеулік қарастырылған болса, 60 Вольтқа дейінгі кернеулік, жылжымалы механизмдер үшін шоғырсымды төсеу кезінде - 42 Вольттан артық емес кернеу рұқсат етіледі</p>		
573.	<p>Жер асты қазбаларда 1140 Вольтқа дейінгі кернеулікте май немесе жанатын сұйық құйылған коммутациялық және іске қосу аппараттарын қолдануға жол бермеу</p>		
574.	<p>Электрқондырғылары орнатылған барлық камераларда, тұтас өрт есіктерінен басқа ілмекті құрылғысы бар тор есіктер орнату</p>		
575.	<p>Ұзындығы 10 метрден артық шағын станция камераларында камераның бір-бірінен барынша алыс орналасқан бөліктерінде екі шығыс орнатылады</p>		
	<p>Недопущение устройства специальных маслосборных ям в подземных камерах,</p>		

576.	<p>оборудованных аппаратами и трансформаторами, содержащими масло</p> <p>Камерадан шығу алдында камера едені деңгейі үстінен 100 миллиметрден кем емес жайпақ үймек жсалады.</p>		
577.	<p>Кернеулігі 1140 Вольттан артық жер асты желілерінде желілер, трансформаторлар мен электр қозғалтқыштарды қысқа тұйықталу тоғынан және жерге (тұйықталу) таралудан қорғау іске асырылады</p>		
578.	<p>1140 Вольтқа дейінгі кернеулік кезінде:</p> <p>1) трансформаторларды және олардан кететін әрбір қосылуларды қысқа тұйықталу тоқтарынан максималды тоқ қорғанысы бар автоматты ажыратқыштармен орындау;</p> <p>2) электр қозғалтқыштарды және оларды қоректендіретін шоғырсымдарды: қысқа тұйықталу тоқтарынан дереу немесе 0,2 секундқа дейінгі шектегі селективті; шамадан артық жүктеме немесе қатты қызу тоқтарынан; нөлдік орындау;</p> <p>3) жерге қатысты оқшаулаудың төмендетілген кедергісі кезінде кернеулікті қосудан орындау;</p> <p>4) электр желілерін - қауіпті тоқтың жерге қарай жылыстауынан электрмен байланысқан барлық желілерге (бір немесе параллель жұмыс істейтін трансформаторлар тобына қосылған)</p>		

	<p>қорғаныс бір қорғаныс аппараты кешенімен автоматты ажыратқышпен іске асырылады; тоқтың жылыстауынан қорғау аппараты жұмыс істеген кезде жалпы желілік автоматты ажыратқышпен қосатын ұзындығы 10 метрден артық емес шоғырсымның бөлігінен басқа көрсетілген трансформаторға қосылған барлық желі ажыратылады;</p>		
579.	<p>Патрондар мен калибрлі емес балқыту қоспаларынсыз сақтандырғыштарды қолдануға жол бермеу</p>		
580.	<p>Барлық кенжардағы машиналар желіге магниттік іске қосушылар немесе магниттік станциялар (басқару станциялар) арқылы қосылады.</p> <p>Іске қосушылармен және магниттік станцияларды басқару машиналарда немесе оларға жақын орналасқан тетіктер арқылы қашықтықтан іске асырылады</p> <p>Жекелеген электр қозғалтқыштарды басқару үшін магнитті станциялар немесе қолмен ажыратушылар орнатылған көп қозғалтқышты көтермелермен машиналары желіге қашықтықтан басқаруы бар іске қосушылар арқылы қосылады</p>		
581.	<p>Магниттік іске қосушылармен басқару үшін бір батырмалы постарды бұл посттар ажырату үшін</p>		

	қолданылатын жағдайды қоспағанда, қолдануға жол бермеу		
582.	Машиналарды немесе оларға кернеулікті бір мезетте екі және одан көп басқару тетігінен кернеулік беретін сызбаларды қолдануға жол бермеу		
583.	Шахтаның өндірістік алаңында барлық жұмыс орындары, оқпан маңындағы қабылау аумағы, сатылар, адамдар жүретін жерлер, электромеханикалық қондырғылар, автокөліктер, теміржол жарықтандыруға жатады		
584.	Көтергіш машина, бас желжеткіш қондырғы, компрессорлық ғимараттар, оқпандардың шахта үстіндегі ғимарттары, қазандықтар ғимарттарында, әкімшілік-тұрмыстық ғимараттарда тәуелсіз қоректену көзінен авариялық жарықтандыру көзделеді		
585.	Шахталарда кен орындарында жасалған шырақтар пайдаланылады		
586.	Жер асты жарықтандыру құрылғыларын қоректендіру үшін 220 Вольттан артық емес желілі кернеулік қолданылады		
587.	Жер асты қазбаларында шырақтарды қоректендіру үшін кеніштік емес орындалған трансформаторларды қолдануға жол бермеу		
	Акумуляторлық шырақтарсыз адамдардың шахтаға		

588.	түсуіне, олардың өндіру бойынша қозғалуына, қосылмаған жеке шырақсыз жұмыс жасауға болмайды		
589.	<p>Әрбір шахтадағы дұрыс жұмыс істейтін шырақтардың санын жер асты жұмыстарындағы тұлғалардың тізімдік санынан 10 пайыздан артық қамтамасыз ету.</p> <p>Шахтадағы барлық шырақтар нөмірлермен жабдықталады және әрбір жұмыскерге бекітіледі.</p> <p>Жұмыскерлерге берілетін аккумуляторлық шырақтар 10 сағаттан кем емес үздіксіз қалыпты жану ұзақтығын қамтамасыз етеді.</p> <p>Шырақтар мен оларды зарядтау станцияларын ай сайын тексеру актісі болуы тиіс.</p>		
590.	<p>Әрбір шахтада немесе кіші шахта топтарында жанбайтын материалдардан жасалған ғимаратта орналасатын лампалық бөлме болады, лампалық бөлмелер әкімшілік - тұрмыстық комбинаттар ішінде ғимараттың басқа бөлігінен металл есік қоюға болатын жанбайтын материалдан жасалған қабырғамен бөлінеді, барлық лампалық бөлмелер таза ұсталады және оларда жалпы және жергілікті желдеткіштер болады</p>		
591.	<p>Лампа бөлмелерінде өзіндік құтқару құралдарын, ал силикоз қауіпті шахталарда респираторларды сақтау, тексеру және беру орындары көзделеді</p>		

592.	<p>Шахта телефон байланысымен жарақталады. Телефон аппараттары барлық пайдалану және дайындау учаскелері мен деңгейжиектерінде, жүктерді тасып шығарудың және тасымалдаудың негізгі пункттерінде, барлық электромашина камераларында, орталық кіші станцияларда, адамдарды көлік құралдарына отырғызу пункттерінде, оқпан маңында, жарылыс материалдары қоймасында, медициналық пункте, ал диспечерлік телефондық байланыспен жабдықталған кезде – ш а х т а н ы диспетчерлендіру жобасы сәйкес, АЖЖ көзделген жерлерде орнатылады</p> <p>Бас су төккіштің сорғыш камерасында, медициналық пункте жер асты және жер асты орталық кіші станцияларда, желдеткіш ғимараттарында жер үстіндегі жалпы шахталық телефон станциясымен тікелей байланысы бар телефон орнатылады</p>		
593.	<p>Жалпы шахта коммутатор және диспечер тетігі жағынан қосылатын телефон желісі мен транзиттік абоненттер желісі максимальді тоқ қорғанысымен жабдықтау</p> <p>Шахталардағы барлық жер асты телефон желілері екі сымды</p>		

594.	Қатты сөйлейтін жер асты байланысы тізбегін ескерту дабылын қоректендіру 60 Вольттан жоғары емес кернеулік көзінен іске асырылады		
595.	Электр құрылғылары мен сымдары бар қазбалардағы электр техникалық құрылғылар мен кондырғылардың кернеулігі дұрыс берілмейтін, бірақ оқшаулау зақымданған кезде кернеулікте болатын (трубалар, сигналды тростар, металл скреперлік полкілер және тағы басқалар) металл бөлігі жерге қосуға жатады		
596.	Шахталардың жер асты қазбаларында барлық жерге қосуға жататын объектілер, бас және жергілікті жерге қосушылар қосылатын жерге қосудың жалпы желісі орнатылады		
597.	Шахтада бірнеше горизонт болған жағдайда әрбір горизонттың жерге қосу құрылғысы жерге қосушымен зумпта және су жинағышта қосылады		
598.	Шахталарда бас жерге қосу құрылғылары үшін зумплар мен су жинағыштарда жасанды жерге қосушылар жасалынады Жергілікті жерге тұйықтау құрылғысы үшін қуақаздық сутартқыш арналары мен осы мақсатта пайдалануға болатын орындарда жасанды жерге тұйықтаулар жасалынады.		
	Шахтада жөндеу, біреуін тазартқан кезде бір -		

599.	бірін алмастыратын екіден кем емес жерге қосу (зумпфада және су жинағышта) орнату		
600.	Құрылғының бірнеше жерге қосылатын бөлігін жерге қосу өткізгіштеріне тізбектей қосуға болмайды		
601.	Шахтаның барлық жерге қосу желісін және олардың кедергілерін өлшеу (3 айда бір реттен кем емес) нәтижелері жазылған Жерге қосылуды қарау және өлшеу журналының болуы		
602.	Барлық шахталардың (жаңа, жаңғыртылған, әрекеттегі) жобаларында "Өртке қарсы қорғаныс" бөлімдері болуы керек		
603.	Шахталық көтергіш құрылғылардың мұнаралық копрлары сыртқы жағынан копрдың әрбір белгісінен шахтаның бетіне адамдардың қауіпсіз шығуын қамтамасыз ететін металл сатылармен жабдықталады		
	Оқпан, штольня, шурф маңындағы копрлар мен шахта үстіндегі ғимараттар, таза ауа өтетін көтергіш машинаның камерасы бар тұйық оқпанның копрлы бөлігі жанбайтын материалдардан жасалынады Барлық тіке және еңкіш ауызын, штольня және шурфтардың аузын жер бетінен 10 метрден кем емес қашықтықта жанбайтын материалдармен бекіту Көлденең және еңкіш қазбалармен қиылысатын жанасушы қабарғалардан		

604.	<p>әр жаққа 10 метрден кем емес қашықтықта тіке және еңкіш оқпандар қиылысын, штольня және шурфтар, горизонттар мен оқпан маңындағы ауламен және шахта оқпандары бойынша – оқпан маңындағы ауланың бөлігінің биіктігін жанбайтын материалдармен бекіту</p> <p>Негізгі ауыздың, арбалар мен еңкіштер түйіскен жерлерін қиылысатын қазбалардың жанасушы қабырғаларынан әр жаққа 10 метрден кем емес қашықтықта тасып шығару және желдеткіш қуақаздарын жанбайтын материалдармен бекіту</p>		
605.	<p>Шахта оқпандарының таза ауа беретін ауыздары мен шурфтарының металл науалары, ал штольня ауызында металл есіктер болады, бұл құрылғылар қазбалар қимасын жеңіл және тығыз жабады және дұрыс жағдайда болады</p> <p>Металл қақпақтарды басқару екі жерден іске асырылады: копердан тікелей және шахта үстіндегі ғимараттың сыртынан</p>		
	<p>Бас желдеткіш құрылғылары мен ұлғайтуға жұмыс істейтін қосымша желдеткіш құрылғылардың барлық ғимараттары мен желдеткіш арналары, барлық калориферлі арналар мен олардың 10 метр қашықтықтағы қазбалармен түйіскен жері жанбайтын материалдардан жасалады</p>		

606.	<p>Желдеткіш арналарда шахтаға сырттан ауа келуін жабу кезінде кедергі келтіретін өзіндік сымдары бар екі металл қакпақ (жапқыш) орнатылады.</p> <p>Шахталардың таза ауа беруге арналған көтергіш оқпандары, терезесіне тор орнатылған және ішіне қарай оңай ашылатын, металл есіктері бар жанбайтын материалдан жасалған аузы жеке ғимаратқа шығатын желдеткіш арнамен жабдықталады.</p>		
607.	<p>Шахтаның жер асты қоймасында сақталатын отын мөлшері алты тәулікті, ал майлаушы материалдар екі апталық қордан аспайды. Шахта құрылысы кезінде (немесе жұмыс істейтін шахтада жаңа деңгейжиекті ашуда) жанар-жағар май қоймасын жабдықтағанға дейін жанатын сұйықтарды қазбаларға (деңгейжиекке) жұмыс істейтін машиналарды бір рет толтыруға қажетті мөлшерден аспайтындай мөлшерде жеткізуге жол беріледі. Бұл ретте жанатын сұйықтар толықтыруға жедел қолданылады</p>		
608.	<p>Жанар-жағар май материалдар қоймасынан және гараждан шахта оқпанына, оқпан маңындағы қазбаларға, камераларға (электр кіші станциялары, жарылғыш материалдар қоймасы және тағы басқа.) дейінгі, жарылыстардан шахтаға таза ауа ағынын немесе оның едәуір бөлігін тоқтатуы мүмкін,</p>		

	<p>желдеткіш есіктерге дейінгі арақашықтық 100 метрден кем емес. Дизельді машиналарға қызмет көрсететін басқа да пункттер көрсетілген қазбалар мен құрылғылардан 50 метрден кем емес қашықтықта орналасады</p>		
609.	<p>Гараждар, жанар-жағар май материалдар қоймалары, бөлшектерді жуу пунктері, оларға бару жолдары тіреуіштері мен қабырғалары ұзындығы 25 метр жанбайтын материалдардан жасалады</p>		
610.	<p>Машиналарға қызмет көрсету пункттері өрт сөндіру құралдарымен, материалдарымен және бұйымдармен келесі мөлшерде жинақталады: бес көмірқышқыл (ұнтақ) өрт сөндіруші; 0,4 метр құм; екі күрек; екі шелек және лом; жанбайтын құраммен қаныққан мөлшері 2x2 метр брезент; өртке қарсы гайкасы бар өртке қарсы су магистраль және ұзындығы 20 метр брондспойты бар өрт құбіршегі</p> <p>Өрт сөндіру құралдары қуыстағы таза ағын жағынан пунктке кіре берістен 10-15 метр қашықтықта орналасады</p> <p>Жанар-жағар май материалдар қоймаларында өрт сөндіретін автоматты қондырғы, АЖЖ анықталған орындарға сигнал бере отырып, өрттің пайда болғаны</p>		

	туралы хабарлайтын автоматты дабыл белгісі орнатылады		
611.	Жанар-жағар май материалдар қоймалары мен гараждардың жанасқан қазбаларға екі шығу жолы болады, әрбір шығу жолында екі металл есігі бар өртке қарсы белдікпен жабдықталады.		
612.	Жанар-жағар май материалдар қоймалары мен жанатын сұйықтармен бөлшектерді жуу пункттерінде жерді тереңдету немесе жанатын сұйықтардың сыртқа ағу мүмкіндігін болдырмайтын құрылғы білігі көзделеді		
613.	Камерадан тыс орналасқан жанар-жағар май материалдар қоймалары мен гараждар телефонмен жабдықтау, мұнда жанатын сұйықтары бар резервуарлар тұрады, бірақ қоймадан 20 метрден алыс емес		
614.	Жанар-жағар май материалдар қоймасында және осыған апаратын қазбалардан 5 метр қашықтықта қандай да бір электр техникалық (шоғырсымдар, троллей) жарықтандырушы және телефон желісінен, сонымен қатар қоймада жанатын сұйықтарды құюға қызмет көрсеттін сорғыға электр қуатын беретін шоғырсымнан (брондалған немесе бензинге берік оқшауланған) басқа қондырғылар орнатуға болмайды		
	Жанар-жағар май материалдар қоймаларын		

615.	және оларға баратын жолдарды 20 метр қашықтықта жарылуға қауіпсіз электрмен жарықтандыруға болады Ажыратқыштар мен сақтандырғыш қалқандар жанатын сұйықтарды сақтайтын камералардан тыс және одан 10 метрден жақын емес (камераға кіретін ауа ағыны) қашықтықта орналастырылады		
616.	Жанатын сұйықтары бар камерадағы резервуарлар , құбырлар және аппаратуралар жерге қосылады		
617.	Жанар-жағар май материалдар қоймасынан 30 метр қашықтықта аттыру жұмыстарын жүргізуге болмайды. 100 метрден кем қашықтықта бір уақытта аттырылатын зарядтардың максимальды салмағы 20 килограммнан аспауы керек		
618.	Өртке қарсы материалдарды, қондырғылар мен құралдарды сақтау үшін шахта үстіндегі ғимараттан, штольня және автокөлік еңкіштері ауыздарынан 100 метр қашықтықта орналасқан және соңғы рельстік жолмен немесе автожолмен байланысты шахталардың өндірістік аумақтарында қоймалар ұйымдастырылады		
619.	Өртті және апатты жою кезінде шығындалған материалдар тәулік бойында толықтырылады		
620.	Өртке қарсы барлық қоймалар құлыппен		

	жабылады және пломбалады		
621.	<p>Сыртқы өрт су ағыны жоқ шахталар үстінде жылытылған өртке қарсы су айдындары ыдыстары жасалынады және толтырылады, оның сыйымдылығы жобаның "Өртке қарсы қорғаныс" бөлімшесімен анықталады</p> <p>Су айдыны маңында өнімділігі мен қысымы жобаның "Өртке қарсы қорғаныс" бөлімімен белгіленетін, қыс кезінде жылытылатын ғимаратта орналастырылған сорғылар (жұмыс және резервті) орнатылады.</p>		
622.	<p>Ұңғыма аузындағы кіріс ағыны бар қазбаларда және оқпан маңындағы аулаға жақын деңгейжиектердің барлығында жанбайтын материалдан жасалған ауа ағынына қарай жеңіл жабылатын екі қабат есік орнатылады, есіктерді орнату орны жобамен анықталады, есіктер арасындағы арақашықтық 10 метрден кем емес</p>		
623.	<p>Өзіндік жануға бейім кендері немесе сыйымды жыныстары бар кен орындарын өңдейтін шахталарда барлық жұмысшылар өзінше жанатын кендер мен сыйымды жыныстарын анықтау әдістерімен, өздігінен тұтану өрттерімен күресу және өрт кезінде өзін құтқару әдістерімен таныстырылады</p>		
	Жер асты өрттерін сөндіру үшін судың өрт қоры ретінде		

624.	деңгейжиектердің су төгетін қондырғыларының су жинағыштары пайдаланылады, бұл сужинағыштарда шахтаның техникалық жетекшісі анықтайтын мөлшерде бақыланып отыратын, су қоры болады		
625.	Шахта үстіндегі оқпандарды өртке қарсы сақтау үшін шахта үстіндегі ғимаратта диаметрі 70 миллиметр үштен кем емес өрт бұрандалары орнатылады		
626.	Барлық тіке және еңкіш оқпандар мен шурфтар сағаларында суарғыштары бар айналмалы құбыр жолдары орнатылады		
627.	Шахталық копрлар өрт кезінде шкифтар мен шкиф маңындағы алаңдарды суару үшін су беруге арналған құбыр жолдармен жабдықтау		
628.	Мұнаралы копрлардың барынша өрт қауіпті ғимараттарын (кіші станциялар, трансформаторлық кіші станциялар, май толтырылған қондырғылар болған жағдайда және соған ұқсас қондырғылар болған жағдайда таратушы құрылғылар) автоматты өрт сөндіру қондырғыларымен жабдықтау		
629.	Жер асты қазбаларында өрт және шаңмен күресу үшін бірлескен өрт - суару құбыр жолдары көзделеді, өрт-суару құбыржолдарының желісі су ағының астында болады		

630.	<p>Қазбаларда іштен жану қозғалтқышы жоқ өзі жүретін қондырғы, электр кабелі, ағаш тіреуіші болмаған жағдайда, газ немесе шаң бойынша қауіпті емес, және өзі жанатын кен шахталарда өрт қауіпсіздігі құбыржолдарының қажетті еместігі туралы АҚҚБ-мен келісімделген, шахтаның техникалық басшысының шешімі болуы.</p>		
631.	<p>Жер астындағы қазбаларда өрт-суару құбыр жолдары желісі магистральді және учаскелік желілерден тұрады, магистральді желілер диаметрі өткізу мүмкіншілігінің есебіне байланыссыз 100 миллиметрден кем емес, ал учаскелік 50 миллиметрден кем емес</p>		
632.	<p>Өрт-суару құбыр желілері ұштары дайындау қазбалардың кенжарынан 50 метрден кем емес орналасады және өрт сөндірудің екі жеңі мен өрт оқпаны салынған өрт бұрандаларымен жабдықталады</p>		
	<p>Өрт-суару құбыр жолдары нөмірленіп, орналастырылатын бір типтегі өрт бұрандаларымен жабдықталады: 1) таспалық конвейерлерімен қазбаларда - әрбір 50 метр сайын; бұл жағдайда конвейердің көтерме ұшының екі жағынан қосымша одан 10 метр қашықтықта екі өрт бұрандасы</p>		

орнатылады. Өрт бұрандаларының жанында екі шетінен қосылатын ұшымен қамтмасыз етілген диаметрі 19 миллиметр шашыратқышы бар оқпан және диаметрі 66 метр, ұзындығы 20 метр жең сақталатын жәшік орнатылады;

2) барлық камераларда ауа кіретін жақтан өрт бұрандаларының жанынан 10 метр қашықтықта. Өрт бұрандасының жанында ұзындығы 20 метр жең және өрт оқпаны орналастырылады;

3) әрбір жүрістің жанында жарылғыш материалдар қоймасына 10 метр қашықтықта. Өрт бұрандасының жанында ұзындығы 20 метр жең болатын және өрт оқпаны орнатылады;

4) жер асты қазбалардың қиылысы мен ажыратылуында;

5) қиылысулары мен ажыратылушылары жоқ көлденең қазбаларда, еңкіш оқпандар мен штольняларда - 200 метр сайын (тік орналасқан оқпандардың құлайтын трубақұбырларында өрт бұрандаларын орнатуға болмайды);

6) қиылысулары мен тарамдары жоқ еңкіш қазбаларда әрбір 100 метр сайын;

7) камералары жоқ оқпан маңындағы аулаларды - әрбір 100 метр сайын;

8) оқпандарның оқпан маңындағы алаңмен қиылысатын жерінде оның екі жағынан. Өрт бұрандасымен қатар ұзындығы 20 метр бір

	<p>жең болатын және өрт оқпаны орнатылады;</p> <p>9) ұзындығы 50 метрден артық тұйық қазбаларда әрбір 50 метр сайын. Өрт бұрандасының жанында сағада және кенжарда ұзындығы 20 метр екі жең болатын және өрт оқпаны орнатылады</p>		
634.	<p>Өрт-сөндіру құбыр жолдары бірізді нөмірленетін және оларды қолдану тәртібі көрсетіле отырып, сызбаға салынатын қысымды таратушы және реттеуші құрылғылармен жабдықталады</p>		
635.	<p>Барлық құбыр жолдары жер үстінде қатып қалудан сақталады</p>		
636.	<p>Шахтаның тұтастай өрт - сөндіру құбыр жолдары танушы қызыл түске боялады</p>		
637.	<p>Автоматты өрт сөндіру құрылғысына, тұрақты қызмет көрсететін адам болмайтын камералар үшін қорғалатын қондырғының қасында камераға енетін орыннан 10 метрден кем емес таза ауа кіретін жақтан камераның сыртынан өрт сөндіруші, құм орналастырылады. Тұрақты кезекшілігі бар камералар үшін кезекші персоналдың жұмыс орнында. Теріс температуралы қазбаларда тек ұнтақты өртсөндіргіштер қолданылады.</p>		
638.	<p>Тау қазбаларда өртті оқшаулау үшін жанбайтын материалдардан жасалған өрт сөндіру есіктері (лядалар) орнатылады. Олардың екі жағынан 5</p>		

	метрден кем емес ұзындықта жанбайтын тіреуіш салынады		
639.	Предусмотрение для закрывания (открывания) пожарных дверей (ляд), установленных в выработках с углом наклона более 35 градусов, в выработках со значительной депрессией приспособления (окна, рычаги, лебедки)		
640.	Таза ауа берілетін тіке оқпандар мен шурфтар сағаларын, желдеткіш және калорифер арналарын өрт сөндіру науаларымен, ал еңкіш оқпандар мен штольнялардың сағаларын - өрт сөндіру есіктерімен жабдықтау. Конвейерлермен жабдықталған еңкіш қазбаларда өрт сөндіру есіктері конвейерді жергілікті бөлшектеусіз жармалардың жабылуы үшін фигуралы ойындылармен жасалады. Қазбалар қимасының бөлігін жабылмаған есікпен герметизациялау үшін есік маңында арнайы қуыста материалдың (саз және құм) қажетті қоры сақталады.		
641.	Таза ауа беретін оқпан маңындағы аулалар мен штольня жанындағы барлық деңгейжиектерде таза желдеткіш ағын қозғалысының бағытында жабылатын екі қабат есік орнату. Есіктер арасындағы қашықтық 10 метрден көп емес		
	Таза ауа беретін тұтқасы бар барлық жер асты		

642.	<p>камераларының әрбір шығатын жерінде өрт сөндіру есіктері және желдеткіш терезелерде металл науалар болады. Өрт сөндіру есіктері жүріс камерасының іргелес орналасқан қазбалармен қиылысуында 3 метрден артық емес қашықтықта орналастырылады немесе авариялық жабылуға арналған автоматты құрылғылармен жабдықталады. Есіктер сыртқа ашылады және ашық түрде қазбаларға кедергі жасамайды. Конвейер көтермесі, шығырлар, төгу және итергіш камераларында, сонымен қатар тез тұтанатын материалдар (күту залы, диспечер пункті және тағы басқалар) болмайтын камераларда өрт сөндіру есіктері орнатылмайды.</p>		
643.	<p>Майлау материалдары сақталатын және қолданылатын конвейер желісінің көтермелері камераларын автоматты өрт сөндіру құралдармен жабдықтау</p>		
644.	<p>Су басып қалған шахталарда, сонымен қатар улы және жанатын газдар жиналып қалуы мүмкін қазбаларда су және газ жарып өтуі бойынша қауіпті аумақтардың шекаралары анықтау</p>		
645.	<p>Қауіпті аумақтардың шекараларын айқындау ж о б а л ы қ құжаттамасының болуы</p>		
646.	<p>Су сақтағыш және су басып (корқас, су әкелетін карстар) кеткен кен орындары жобалық</p>		

	құжаттама бойынша жүргізу		
647.	Сорғы камераларының еденін су төккіш жолдардың деңгейінен 0,5 метрден кем емес биіктікте жоғары орнату		
648.	Негізгі және учаскелік су төккіш қондырғыларында екі немесе одан көп қазбалардан тұратын су жинағыштар болады		
649.	Негізгі су төккіштің су жинағыштар сыйымдылығы 4 сағаттан кем емес қалыпты су ағынына, ал учаскелік 2 сағаттық су ағынына есептеледі. Дренажды шахтаның су төккіш су жинағыш қондырғылары 2 сағаттық су ағынына есептеледі		
650.	Негізгі су төккіштің сорғы камерасы сорғы камерасының еденінен оқпанға 7 метрден төмен емес биіктікке шығарылатын шахта оқпанының жүргіштерімен және герметикалық жабылатын оқпан маңындағы ауламен–жүргішпен қосылады		
651.	Су жинағыштар жиі - жиі тазартылып тұрады, су жинағыштардың оның көлемінен 30 пайызға артық ластануына жол берілмейді		
	Су ағыны сағатына 50 метрден артық болатын шахталардың бас су төккіш қондырғылары үштен кем емес сорғы агрегаттарымен жабдықталады. Су ағыны бір сорғы агрегатының өнімділігінен артық болатын шахталар үшін		

652.	<p>резервті және жөндеу агрегаттарының саны:</p> <p>1) 4 сорғы агрегатында – 2 (жұмыста), 1 (қорда), 1 (жөндеуде);</p> <p>2) 5 сорғы агрегатында – 3 (жұмыста), 1 (қорда), 1 (жөндеуде);</p> <p>3) 7 сорғы агрегатында – 4 (жұмыста), 2 (қорда), 1 (жөндеуде);</p> <p>4) 8 сорғы агрегатында – 5 (жұмыста), 2 (қорда), 1 (жөндеуде);</p> <p>5) 9 сорғы агрегатында – 6 (жұмыста), 2 (қорда), 1 (жөндеуде);</p> <p>6) 11 сорғы агрегатында – 7 (жұмыста), 3 (қорда), 1 (жөндеуде)</p>		
653.	<p>Жұмыс істейтін су төккіш қондырғылар өнімділігі 20 сағаттан артық тәуліктік қалыпты ағынды айдап шығаруды қамтамасыз етеді. Оқпандарды бұрғылау кезінде сорғылар мен олардың өнімділігі жобада анықталады</p>		
654.	<p>Бас су төккіш қондырғылар екіден кем емес су төккіш қондырғылар құбыр жолдарымен жабдықталады, олардың біреуі резервте болады</p>		
655.	<p>Бас су төккіш қондырғылар судың деңгейін көрсететін, белгісі кезекші қызметкердің тұрақты болу пунктіне шығатын апатты дабылмен жабдықталады. Автоматтандырылмаған су төккіш қондырғыларды тұтыну кезінде қызмет көрсететін қызметкер тәулік бойы кезекшілік етеді.</p>		

656.	Негізгі су төккіш камерасында жұмысшы және апатты жарық көзі, өрт сөндіру құралдары қарастырылып, вентильдер, жапқыштар және электрмен қамтамасыз ету нобайы көрсетілген сызбасы ілінуі қажет		
657.	Сорғы камерасындағы айдамалы құбыржолдары сақиналанады және сорғы агрегаттарды кез-келген құбыржолдарына ауыстыруға мүмкіндік беретін бұрандалармен қамтамасыз етіледі		
658.	Негізгі су төккіш қондырғыларды тексеру нәтижелері жазылған Су төккіш қондырғыларды қарау журналының болуы		
659.	Таукен жұмыстарын депрессиялық түтікшеден төмен жүргізуге жол берілмейді. Жекелеген жағдайларда жұмыстарды қауіпсіздік шаралары қарастырылған арнайы жобалар бойынша жүргізуге жол беріледі.		
660.	Қазбалардың кенжарларынан су қосымша сорғы қондырғыларының су жинағыштарына арналар, су ағызатын науалар немесе құбырлар арқылы өткізіледі		
661.	Шахта оқпанының зумпфаларын тазарту немесе онда жұмыстар жүргізу кезінде оқпан бойынша көтеруші ыдыстардың қозғалысы толық тоқтатылады, ал зумпфадағы жұмыс		

	<p>істеушілер жоғарыдан заттардың түсуінен қорғалады.</p> <p>Қазбаның табанын су басып қалуға жол берілмейді.</p>		
662.	<p>Құрал-саймандармен бақылау жасау және оны Жер бетінің қозғалуын, ғимараттар мен жер асты құрылғыларының бүлінуіне бақылау жасауды есепке алу журналының болуы</p>		
663.	<p>Тау-кен кәсіпорнының құрылысы, пайдалану және жою бойынша жұмыстарды жүргізетін ұйымда Маркшейдерлік, геомеханикалық және геологиялық қызмет нұсқамалары журналының (электронды журнал) болуы, бұл журналға жоба бойынша анықталған ауытқуларды, қауіпті аумақтардың болуын, олардың құзыретіне енетін басқа ескертпелерді жазады</p>		
664.	<p>Геодезиялық және маркшейдерлік жұмыстар жүргізу жобасы</p>		
665.	<p>Жер бетінде қауіпті аумақ шегінде және көліктің тынымсыз қозғаласы орындарында, тиеу-түсіру жұмыстары жүргізілетін орындарда, материалдар, конструкциялар жинау орындарында, электр берілуінің жоғары вольтты желілері аумағында және осыған ұқсас жерлерде геодезиялық желінің тіреуіш пунктін салуға болмайды</p>		
	<p>Шахта оқпандарының көтеру кешенін тексеру кезінде көтеру</p>		

666.	машинасының машинисті мен түсіру жүргізушілер арасында тұрақты телефон немесе радио байланысын қамтамасыз ету	
------	--	--

Лауазымды адам (-дар) _____

лауазымы

қолы

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бақылау және қадағалау субъектісінің басшысы _____

лауазымы

қолы

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы
 Ұлттық экономика министрінің м.а.
 2022 жылғы 30 қарашадағы № 102 мен
 Қазақстан Республикасы
 Төтенше жағдайлар министрі
 2022 жылғы 30 қарашадағы
 № 260 бірлескен бұйрығына
 16-қосымша
 Қазақстан Республикасы
 Инвестициялар және даму
 министрінің
 2015 жылғы 15 желтоқсандағы
 № 1206
 және Қазақстан Республикасы
 Ұлттық экономика министрінің
 2015 жылғы 28 желтоқсандағы
 № 814 бірлескен бұйрығына
 16-қосымша

Тау-кен жұмыстарын ашық тәсілмен жүргізетін қауіпті өндірістік объектілерге қатысты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау аясындағы тексеру парағы

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган _____

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды

тағайындау туралы акт _____

№, күні

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі),
бизнес- сәйкестендіру нөмірі _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1.	Ашық тау-кен жұмыстарын жобаның негізінде жүргізу		
2.	Ұйымның техникалық басшысымен әзірленген және бекітілген технологиялық регламенттердің болуы		
3.	Объектінің штатында емес бөгде тұлғалар объектіге кіру кезінде қауіпсіздік шаралары бойынша нұсқаулықтан өтеді және жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз етіледі		
4.	Қауіптілікті жою, мүмкін болатын авариялардың, өрттің алдын алу және адамдарды құтқару жағдайларынан басқа, қауіпті орындарда персоналдың болуына жол берілмейді		

5.	Ойық жерлер, зумпфтар, шұңқырлар, пайдаланылмайтын шыңыраулар, дренаждық ұңғымалар, тік қазбалар жабылып қоршалады		
6.	Аумақ бойынша адамдардың жүргінші жолы немесе автокөлік қозғалысы бағытына қарама-қарсы автожолдардың жағасымен жүруіне болады		
7.	Кез келген кернеуліктегі электр беру әуе желілерінің астынан машиналар мен механизмдердің, қондырғылар, конструкциялар және басқа да жүктерді тасымалдауға олардың көлемдері жол немесе трасса белгісінен 4,5 метрден артық емес биіктікте болса рұқсат етіледі. Электр желісінің төменгі қашықтығынан тасымалданатын қондырғыға дейінгі арақашықтыққа қарамастан көрсетілген көлемдерден асқан жағдайда осы электр желісіне ие ұйымның жазбаша рұқсаты алынады, тасымалдау рұқсатта көрсетілген қауіпсіздік шараларын сақтай отырып іске асырылады		
	Кен орындарын бір мезгілде ашық және жерасты тәсілдерімен қатар қазу кезінде, жерасты дренаждық қазбаларын өткізу және пайдалану кезінде, ашық және жер асты таукен учаскелерінде жұмыс істейтіндердің қауіпсіздігін қамтамасыз		

8.	<p>ету бойынша бірлескен іс-шаралар жүзеге асырылуы тиіс, соның ішінде:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тау-кен және жару жұмыстарын жүргізу жоспарлары мен кестелерін келісу; 2) жерасты кеніштерін желдетудің ауаны қысып топтау кестесін қолдану; 3) апаттық құтқару қызметі өкілдерінің ашық тау-кен жұмыстары объектісінде жаппай жару жұмысынан кейін жерасты қазбаларындағы атмосфераның жай-күйін тексеруді; 4) ашық тау-кен жұмыстары объектісінен жерасты тау-кен қазбаларына судың өту қаупін болдырмауды; 5) атмосферада улы жарылыс өнімінің болуын ауысым сайын бақылауды қамтамасыз етеді 		
9.	<p>Кен орындарын аралас тәсілмен қазу кезінде тау-кен жұмыстары өзара келісілген ашық және жер асты тау-кен жұмыстарын жүргізу жобалары бойынша жүргізілуі тиіс</p>		
	<p>Кен орындарын аралас қазу кезінде мыналар қамтамасыз етілуі тиіс:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жыныстар мен жер бетінің сырғу және өзгеру ерекшеліктерін зерттеу, тау-кен қазбаларының әсер ету саласын болжау; 2) карьер мен жерасты тау-кен жұмыстары арасындағы сақтандырғыш (табиғи немесе жасанды) кентіректің өлшемдерін анықтау; 		

10.	<p>3) қазылған кеңістіктің кейбір учаскелері (камералар) үстіндегі төбенің қалыңдығын анықтау;</p> <p>4) тірек кентіректердің параметрлерін есептеу;</p> <p>5) тазартылатын кеңістіктің төбесінің ашылған шектік ауданын анықтау;</p> <p>6) карьер ернеуіне қорларды шығару кезінде оның тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін төсем беріктігін есептеу;</p> <p>7) қазылған кеңістікті толтыру толықтығын қамтамасыз ету</p>		
11.	<p>Кен орындарын аралас қазу кезінде тау-кен жұмыстарын жүргізу фронты ашық жұмыстарда жерасты тазарту жұмыстарын дамыту фронтына қарсы бағытта орналасуы тиіс</p>		
12.	<p>Кен орындарын ашық және жерасты тәсілдерімен аралас қазу жұмыстарын жүргізуші ұйымдар апаттық құтқару қызметімен бірге газдың өтуі, судың жаруы, тау-кен қазындысының өзгеруі ықтимал, қауіпті аймақтар шегіндегі тау-кен жұмыстарының учаскелерін анықтайды және көрсетілген учаскелердегі жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын әзірлейді</p>		
13.	<p>Беткейлердің немесе карсттардың болуы салдарынан ықтимал құлау немесе қирау аймақтарында жұмыс істеген кезде карьердің ернеулері мен топырағының жай-күйін аспаппен маркшейдерлік бақылау жүргізіледі.</p>		

	Жыныстардың сырғу белгілері байқалған кезде жұмыс тоқтатылады		
14.	Тау-кен жұмыстарын карьерде және жерасты кенішінде бір тік жазықтықта бір мезгілде жүргізген кезде қазынды мен карьер ернеуінің тұрақтылығын қамтамасыз ететін сақтандырғыш кентіректі қалдыру қажет		
15.	Карьерде жаппай жару жұмысын жүргізу кезінде адамдарды жерасты қазбаларынан шығару		
16.	Ашық және жерасты тау-кен жұмыстары арасында сақтандырғыш кентіректерді қазу кентірек пен карьердің ернеулерінің бұзылуын болдырмайтын және жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін шараларды орындаған кезде жоба бойынша жүзеге асырылады		
17.	Ескі су басқан қазбалар мен беткі су айдындары тау-кен жұмыстарының жоспарларында көрсетіледі		
18.	Қондырғылар, аппаратуралар және құралдарды дайындаушының қолдану басшылығына сәйкес пайдалану		
19.	Қондырғыларды, механизмдерді, аппаратураларды және бақылау-өлшеу құралдарын пайдаланушы ұйымдардың оларды пайдалану және жөндеу туралы мәліметтері енгізілетін құжаттары болады		

20.	Қондырғыларда орнатылған бакылау өлшеу аспаптарының тексеру таңбалары болуы тиіс		
21.	Белгіленген мерзімдерге сәйкес қарау нәтижелері жазылған Қондырғыларды қарау журналының болуы		
22.	Механизмдерді іске қосу, аппаратураларды, құралдарды қосу алдында олардың дұрыс жұмыс істеуіне, қауіпті аймақта адамдардың болмауына көзі жетіп, ескерту белгісін береді		
23.	Механизмдерді қарау және ағымдағы жөндеу кезінде олардың сымдары сөндірілген болуы, олардың қате қосылуына немесе өздігінен қосылуына жол бермейтін шаралар қабылдануы		
24.	Құжат бойынша рұқсат етілген артық жүктемелер (қысым, ток күші, кернеулік, және тағы басқа) кезінде қондырғылар, аппаратуралар және құралдарды пайдалануға жол бермеу		
25.	Жұмыс істеп тұрған механизмдерге шығуға немесе жұмыс істеп тұрған механизмдерде тұрып қандай-да бір жұмыс істеуге жол бермеу		
26.	Қондырғылар мен аппаратураларының конструкциясына өзгерістер енгізуге ұйым-әзірлеуші, зауыт-дайындаушы келісімі бойынша жол беріледі. Модернизацияланған		

	<p>техниканы, ұйымдар әзірленген іске қосу оны сынақтан өткізгеннен кейін және акті бойынша қолдануға рұқсат етілгеннен кейін жүргізіледі</p>		
27.	<p>Ашық тау-кен жұмыстары объектілерінде жолдың ұзындығы жұмыс орнына дейін 2,5 километрден астам және жұмыстың тереңдігі 100 метрден астам болған кезде жұмысшыларды жұмыс орнына жабдықталған көлікпен жеткізу ұйымдастырылады. Адамдарды тасымалдау маршруттары мен жылдамдығы ұйымның техникалық басшысымен (көлік мердігер ұйымға тиесілі болған жағдайда қосымша мердігер ұйымның басшысымен келісіледі) келісіледі. Адамдарды отырғызу алаңдары көлденең орналасады. Отырғызу алаңдарын жолдың өтетін бөлігіне орнатуға жол берілмейді</p>		
28.	<p>Өздігінен түсіретін вагондарда, шанақты автосамосвалдарда, аспалы жолдар мен осы мақсатқа арналмаған көлік құралдарының жүк вагоншаларында адамдарды тасымалдауға жол бермеу</p>		
	<p>Кемерлер арасындағы тау-кен жұмыстарын байланыстыру үшін екі жағында тұтқасы бар және көлбеуі 60 градустан аспайтын берік сатылар немесе көлбеуі 20 градустан аспайтын құламалар орнатылады. Биіктігі 10 метрден</p>		

29.	<p>аспайтын, ені кемінде 0,8 метр көлденең алаңдары бар саты белдіктері биіктігі бойынша бір-бірінен 15 метрден аспайтын қашықтықта орналасады. Кемердің ұзындығы бойымен сатыларды орнату қашықтығы мен орны тау-кен жұмыстарын дамыту жоспарымен анықталады. Кемердің ұзындығы бойымен сатылар арасындағы қашықтық 500 метрден аспауы керек</p>		
30.	<p>Адамдардың жұмыс істеп тұрған тетіктердің қауіпті аймағында, кемерлердегі бұзылуы мүмкін призманың айналасында және кемер еңісінің төменгі сағасына өте жақын болуына жол бермеу</p>		
31.	<p>Орлар қазу, кемерлер, драже полигондарын қазымдау, үйінділерді салу бойынша тау-кен жұмыстарын ұйымның техникалық басшысымен бекітілген жергілікті жобаларына (бұдан әрі - паспорттарына) сәйкес жүргізу</p>		
32.	<p>Биіктігі 30 метрге дейінгі кемерлерді қабат сайын қазуға жол беріледі, бұл ретте кенжардың биіктігі экскаватордың ең жоғарғы көсіп алу биіктігінен аспауы тиіс</p>		
	<p>Жұмыс істейтін кемер сағаларының жобамен белгіленген бұрыштарын және олар мынадай мөлшерден асырмай қадағалау: механикалық күрек, драгалайн, роторлық экскаваторлар түріндегі экскаваторлармен жұмыс</p>		

33.	істеген және тастақ жыныстарды қолмен қазған кезде - 80о; көп шөмішті шынжырлы экскаваторлармен төмен көсіп алып жұмыс істеген және борпылдақ және сусымалы жыныстарды қолмен қазу кезінде осы жыныстардың табиғи еңісінің бұрышынан; қолмен игеру кезінде: жұмсақ, бірақ тұрақты жыныстарды қазу кезінде 50 градустан, тастақ жыныстарды қазу кезінде 80 градустан аспауы тиіс		
34.	Жұмыс алаңдарының енін жобаға сай қадағалау		
35.	Теміржолдар немесе конвейерлер болған жағдайда үйіндінің төменгі сағасынан бастап теміржол шүлдігіне немесе конвейер шүлдігіне дейінгі қашықтық 4 метрден кем болмауы тиіс		
36.	Кемерлерді қазып алу және оларды шекті қалыпқа қою кезінде аралас бермалар арасындағы қашықтық, сақтандыру бермаларының ені, құрылымы мен қызмет көрсету тәртібі жобамен анықталады		
37.	Сақтандыру бермаларының кесе-көлденең кескіні көлденеңінен немесе карьер ернеуіне қарай көлбей орнатылады		
38.	Ернеулердің, сағалардың, кемерлер мен үйінділердің өзгеруін тексеру мен аспаптық бақылау мерзімділігін		

	белгілейтін технологиялық регламенттің болуы		
39.	Бұрышы 35 градустан астам кемер сағаларында жұмысты ұйымдастырудың жеке жобасымен жүргізу		
40.	Көлденеңінен жұмыс орындары немесе тігінен екі аралас кемерлерде орналасқан тетіктер арасындағы қашықтық қолмен қазу кезінде 10 метрден кем емес және экскаватормен қазу кезінде ең үлкен көсіп алу радиусының бір жарым сомасынан кем болмауы тиіс		
41.	Жерасты қазбаларының немесе карстарының болуы салдарынан құлауы немесе бұзылуы ықтимал аймақтарда беткейлердің және алаңдардың жағдайына маркшейдерлік қадағалау жүргізу		
42.	Көшкінге қаупі және сел қаупі бар аймақтарда жұмыс жүргізу кезінде жергілікті жағдайларды ескере отырып, ұйымның техникалық басшысы бекітетін көшкінге қарсы және селге қарсы қорғау бойынша іс-шаралар жоспары әзірленеді		
43.	Бұрғылау жұмыстарын жүргізуге арналған жұмыс орны: 1) дайындалған жұмыс фронтымен (тазартылған және жоспарланған алаңымен); 2) ақауы жоқ бұрғылау аспабы жинағымен; 3) бұрғылау паспортымен қамтамасыз етіледі		
	Бұрғылау станогы есеппен немесе жобамен		

44.	анықталатын, кемердің жоғарғы сағасынан қауіпсіз қашықтықта жоспарланған алаңда, бірақ сағадан бастап станоктың жақын орналасқан тірек нүктесіне дейін 2 метрден кем емес орнатылады, ал ұңғыманың бірінші қатарын бұрғылау кезінде оның бойлық шүлдігі кемер сағасына перпендикуляр болады. Айналыра бұрғылайтын бұрғылау станоктарын орнату кезінде еңістен ұңғыманың бірінші қатарына станоктарды басқару қашықтықтан жүзеге асырылады		
45.	Бұрғылау станогын жылжыту және айдау кезінде қойылатын талаптарды қадағалау: 1) кемер бойымен діңгегі көтерілген бұрғылау станогының орнын жоспарлаған көлденең алаңда ауыстыру; 2) бұрғылау станогын кемерден кемерге немесе жоғарғы вольтты желімен көшіру кезінде діңгек көлік қалпына төселеді, бұрғылау аспабы ажыратылады немесе бекітіледі		
46.	Ұңғымаларды бұрғылауды паспортына және әрбір бұрғылау тәсілі үшін технологиялық регламентке сәйкес жүргізу		
	Диаметрі 250 миллиметрден астам әрбір ұңғыма бұрғылау аяқталғаннан кейін жабылады. Бұрғыланған ұңғымалардың учаскелері ескерту		

47.	<p>белгілерімен қоршалады. Бұрғыланған ұңғымалардың аймақтарын қоршау және оларды жабу тәртібі технологиялық регламентте анықталады</p>		
48.	<p>Бұрғылау қондырғысының механикаландырылмаған жинағыш-бөлшектегіші мен ұңғыма сағасын тазалағышы бар айналдыра бұрғылау станоктары иірліктерінің айналдырғыш қозғалтқышына электр қорегін берумен бұғатталған қоршаулары болады</p>		
49.	<p>Шығыршық тежегіші мен тозаң басу жүйесінің ақауы болған жағдайда ақаулы бұрғылау жарағын көтеруді шектегіші бар бұрғылау станоктарында жұмыс істеуге жол бермеу</p>		
50.	<p>Бұрғылау станогының көтеру арқанына қойылатын талаптарды орындау: 1) ең жоғарғы жүктемені ескере отырып, бес еселік төзімділік қорының болуы; 2) зауыттың акт-сертификаты</p>		
51.	<p>Шөгу құбылыстарының белгілері байқалған жағдайда үйінді түзу жұмыстары қазғанға және қауіпсіздік шараларын қолданғанға дейін тоқтатылады. Үйінді түзу бойынша технологиялық регламентпен реттелген үйінділердің өзгеру жылдамдығы артық болған жағдайда жұмыс тоқтатылады. Үйіндідегі жұмыстар үйінділердің</p>		

	өзгеру жылдамдығының оң бақылау өлшемдерінен кейін карьердің техникалық басшысының жазбаша рұқсатымен қайта жаңғыртылады		
52.	Теміржол шүлдігінен бастап түрен үйіндісінің сағасына дейінгі қашықтық әрбір жол қозғалысынан кейін үйінді сағасының тұрақтылығына байланысты белгіленеді және думпкаардың жүк көтергіші 60 тоннаға дейін болғанда кемінде 1600 миллиметр және жүк көтергіші 60 тоннадан астам болғанда 1800 миллиметрді құрайды		
53.	Бір шөмішті экскаваторлармен жабдықталған үйінділерде, думпкаарларды түсіру орындарында теміржол шүлдігінен бастап жоғарғы сағаға дейінгі қашықтық қалыпты соқпақ үшін кемінде 1600 миллиметр және 900 миллиметр соқпақтар үшін кемінде 1300 миллиметрді құрайды		
54.	Түсіру жолының сыртқы рельсінің ішкісіне қатысты айырмасынан 100-150 миллиметрге артықшылығы болуы тиіс		
55.	Тиеу бекетінде сақтандыру білігін салу тиеу бекетінің паспортына сәйкес жүргізіледі, бұл ретте бульдозердің қозғалысы алдына қарай жүргізіледі		
	Жүк түсіретін тұйықтар соңында жоба бойынша орындалатын, жол бөгеттерінің ақаусыз		

56.	<p>көрсеткіштері бар, түнгі тәулік мезгілінде жарықтандырылатын немесе жарық беруші материалдармен төселген тіреулер орнатылады. Жол бөгеттерін көрсеткіштер локомотив машинисі жағынан орналастырылады және жолдың шүлдігінен кемінде 2,5 метр қашықтықта және 1,5 метр биіктікке шығарылады. Жүк түсіру тұйығында түсіру орнынан құрамның ең үлкен ұзындығы қашықтығында "Локомотив аялдамасы" деген сигналдық белгі қойылады</p>		
57.	<p>Үйінділерде автомобильдер мен көлік құралдарының қозғалыс кестесі орнатылады. Түсіру аймағы екі жағынан түсіру бағытының көрсеткіштері бар, шанағы көтерілген автосамосвалдың бейнесі түріндегі белгілермен белгіленеді</p>		
58.	<p>Машиналардың артқы қозғалысын шектеу үшін түсіру алаңдарының жүк көтергіштігі 10 тоннаға дейін автомобильдер үшін биіктігі кемінде 0,7 метр және жүк көтергіші 10 тоннадан астам автомобильдер үшін кемінде 1 метр сақтандыру қабырғасы (білігі) болуы тиіс. Сақтандыру қабырғасы болмаған жағдайда жүк көтергіші 10 тоннаға дейін машиналарға 3 метр жақын және жүк көтергіші 10 тоннадан астам машиналарға 5 метр жақын түсіру</p>		

	алаңының сағасына өтуіне болмайды. Сақтандыру білігі жүргізушіге бағыт көрсетуші қызметін атқарады. Түсіру кезінде сақтандыру білігінен өтуге болмайды		
59.	Ұйым үйіндідегі жыныстардың тұрақтылығы мониторингін және үйіндінің барлық алаңының өзгеруін аспап арқылы бақылауды жүзеге асырады		
60.	Ұйымның геологиялық-маркшейдерлік қызметі үйіндідегі жыныстардың тұрақтылығын бақылауды, ал үйінділерді беткейлерде орналастырған жағдайда үйіндінің барлық алаңының өзгеруін аспап арқылы бақылауды жүзеге асырады		
61.	Пайдаланудағы тау-кен, көлік және құрылыс-жол машиналары сигнал құрылғыларымен, тежеуіштермен, тетіктермен жұмыс алаңдарының қол жетімді қозғалмалы бөлшегінің қоршауларымен, өртке қарсы құралдармен жабдыкталады, жарықтандырғышы, ақаусыз аспаптар жинағы, құрал-саймандары, электр тогымен зақымданудан қорғау құралдары және бақылау-өлшеу аппаратурасы, шамадан тыс жүктеме мен асыра көтеруден ақаусыз қорғағышы болады		
	Монтаждау мен күрделі жөндеуден кейін тау-кен, көлік, құрылыс-жол		

62.	машиналарын пайдалануға қабылдауды комиссия акт құра отырып жүргізеді		
63.	Тау-кен жабдығының әрбір бірлігіне ауысымды қабылдау-тапсыру журналы жүргізілуі тиіс		
64.	Технологиялық жабдықты, техникалық құрылғыларды пайдалану , қызмет көрсету, оларды монтаждау және бөлшектеу дайындаушы зауыттың қолдану бойынша нұсқауына сәйкес жүргізіледі		
65.	Электр қондырғыларын жедел қосумен және ажыратумен байланысты басқарылатын тау-кен және көлік машиналары машинистері мен машинист көмекшілерін оқыту, аттестаттау және жұмыс істеуге рұқсат беру электр қауіпсіздігі бойынша біліктілік топтарын беру арқылы жүзеге асырылады		
66.	Жұмыстан тыс уақытта тау-кен, көлік және жол-құрылыс машиналары кенжардан қауіпсіз жерге шығарылып, жұмыс органы жерге түсіріледі, кабина жабылады, қоректендіруші шоғырсымнан кернеу алынады		
67.	Көп орынды автомобиль кабиналарында, теміржол құралдары мен локомотив кабиналарында құрамдарға ілесіп жүретін тұлғаларға, ұйымның техникалық басшысының жазбаша рұқсаты болған жағдайда тұлғаларға жүруге болады. Жүріп-тұратын		

	адамдардың санын ұйымның техникалық басшысы белгілейді		
68.	Ашық тау-кен жұмыстары объектісіндегі теміржол арқылы бульдозермен, автомашинамен, дөңгелекті, шынжыр табанды немесе адымдаушы машиналармен жабдықталған және көрсеткіштер орнатылған орындардан өтуге болады		
69.	Электр энергиясын беру кенет тоқтаған жағдайда тетіктерге қызмет көрсетуші тұлға электр қозғалтқыштарының іске қосу құрылғылары мен басқару тұтқышы "Тоқта" деген (нөлдік) қалыпқа ауыстырылады		
70.	Экскаватор мен бұрғылау станогының кабинасы мен сыртқы алаңдарында, олар жұмыс істеп тұрған кезде өзінің тікелей міндеттерін атқаратын мамандардан, іске қосу персоналынан, ауысымның техникалық басшысынан және ұйымның техникалық басшысының рұқсаты бар тұлғалардан басқа, бөгде тұлғалардың болуына жол бермеу		
71.	Машиналар мен жабдықты майлау кезінде дайындаушының техникалық құжаттамасын қадағалау		
72.	Майлау және сүрту материалдары жабық металл жәшікте сақталады		
73.	Экскаватор оның техникалық паспортында рұқсат берілгеннен аспайтын еңісі бар		

	тегістелген негіздегі кемерде немесе үйіндіде орналасады		
74.	Экскаватор жұмыс істеп тұрған кезде шөміштің жұмыс аймағында адамдардың (қызмет көрсетуші персоналды қоса алғанда) болуына жол бермеу		
75.	Экскаваторларда пайдаланылатын арқандардың паспортқа сәйкес болуы және дайындаушы зауыттың сертификатына сәйкес болуы		
76.	Экскаватор жұмыс істеп тұрған уақытта кемердің бұзылу немесе шөгу қаупі болған жағдайда немесе жарылғыш материалдардың зарядтарының ақауы анықталған кезде экскаватор машинисі жұмысты тоқтатып, экскаваторды қауіпсіз жерге шығарады		
77.	Электрлендірілген көліктің байланыс желілері бар кенжарда тау-кен қазындысын шөмішпен байланыс жетегіне жанасудан қорғануды қоса алғанда, жұмыстың қауіпсіз әдістері бойынша іс-шараларды жүзеге асырған жағдайда экскаватормен тиеуге болады, іс-шараларды ұйымның техникалық басшысы бекітеді		
	Көлік-үйінді көпірлері мен консольді үйінді түзгіштер желдің жылдамдығы мен бағытын үздіксіз автоматты өлшеу аспаптарымен жабдықталады, авариялық сигналмен		

78.	және жүріс тетіктерімен басқару жүйесімен, бақылау-өлшеу аспаптарымен, соңғы ажыратқыштармен, сигналдық және сөйлесу құрылғыларымен бұғатталады. Автоматты әсер ететін тежеуіш құрылғыларынан басқа көпірдің жүріс арбаларының ақауы жоқ қолмен басқарылатын тежегіші болуы тиіс		
79.	Көлік-үйінді көпірін жөндеу кезінде қолмен басқарылатын және автоматты тежегіш құрылғыларын бір мезгілде бөлшектеуге болмайды		
80.	Жолдар мен өткелдерге жақын орналасқан барлық контржүктер адамдарға әсер ететін аймаққа өтуін болдырмас үшін қоршалады		
81.	Көлік-үйінді көпірлері мен үйінді түзгіштердің барлық конвейерлік желілерінің конвейерлерге қызмет көрсету үшін екі жағынан қоршалған алаңдары болады		
82.	Конвейерлер бойымен өту жолының ені 700 миллиметрден кем болмауы тиіс		
83.	Көлік-үйінді көпірінің үйінді консолінің соңы мен үйінді жотасының арасындағы қашықтық кемінде 3 метр, ал консолді таспалық үйінді түзгіштерде мерзімді ауыстыру арқылы бұл шама кемінде 1,5 метр болуы тиіс		
84.	Үйіндінің жылжу белгілері байқалған кезде		

	көлік-үйінді көпірді қауіпті аймақтан шығару		
85.	Көлік-үйінді көпірінің үйінді тірегінің дренаждық штрек арқылы өткізу паспортқа сәйкес орындау		
86.	Арқанды ысырма қондырғыларды пайдалану кезінде кемер еңісінің бұрышы 35 градустан аспайтындай орнатылады		
87.	Ысырма арқан қондырғысын ескерту сигналысыз қосуға, ол жұмыс істеп тұрған уақытта қандай да бір жөндеу жұмыстарын жүргізуге, арқанның жұмыс аумағында болуға және арқанды қолмен бағыттауға болмайды		
88.	Барлық өздігінен жүретін техниканың, олардың негізгі техникалық және пайдалану сипаттамаларын қамтитын техникалық паспорты болуы тиіс, өрт сөндіру құралдарымен, авариялық тоқтату белгілерімен, медициналық сөмкелермен, дөңгелектің астына төсеу үшін (дөңгелек техника үшін) тіреуіштермен (башмақтармен), артқа қарай қозғалған кезде үзік дыбыс сигналымен, кабинаның үстіне орналасқан сары түсті жалтылдайтын шамдармен, артқы жақты көрсетіп тұратын екі айнамен, дайындаушы зауыт қарастырған жөндеу аспабымен жинақталады		
	Трактормен тартып, дөңгелекті ысырмаларды пайдалану кезінде жүк		

89.	бағытындағы құламалардың еңісін 15 градустан, бос вагон өткен кезде 25 градустан аспайтындай орнату		
90.	Бульдозерді, ысырманы немесе жүк тиегішті жөндеу, майлау және реттеу үшін оларды жазық алаңда орнатылады, қозғалтқыш ажыратылады да, табан немесе шөміш жерге немесе тіреуішке түсіріледі		
91.	Өздігінен жүретін техниканың көтеріліп тұрған табанының немесе шөмішінің астында жүруге болмайды. Табанды немесе шөмішті тексеру үшін оның астынан төсем төселеді, ал қозғалтқыш ажыратылады		
92.	Технологиялық жабдықты жөндеу бекітілген жоспарлы алдын ала жөндеу кестелеріне сәйкес жүргізіледі		
93.	Негізгі технологиялық жабдықты жөндеудің барлық түрлеріне технологиялық регламенттердің болуы		
94.	Тетіктердің бөлшектерін жөндеуді және ауыстыруды машина әбден тоқтағаннан, гидравликалық және пневматикалық жүйелердегі қысым алынғаннан, жөндеу жүргізілетін тетіктердің қозғалуына әкелетін іске қосу аппараттарын бұғаттағаннан кейін жүргізуге болады. Жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде электр энергиясын жұмысты ұйымдастыру жобасында		

	қарастырған жағдайда рұқсат наряды бойынша беруге болады		
95.	Жөндеу жұмыстарын ашық қозғалып тұрған механикалық қондырғылардың бөлшектеріне тікелей жақын, электр жетектері мен кернеумен жұмыс істейтін ток өткізу бөлшектерінің жанында тиісті түрде қоршалмаған жағдайда жүргізуге болмайды		
96.	Негізгі технологиялық жабдықтың көтергіш металл құрылымдарын қайта қалпына келтірумен немесе өзгертумен байланысты жөндеулер дайындаушы зауыттың келісімімен, атқарылған жұмыс актісін құрып, жоба бойынша жүргізіледі		
97.	Драгалар мен балшық сорғыштарды монтаждау және қайта жаңғырту, ашық тау-кен жұмыстарының объектілерінің құрылыстарын салу, жуу картасын ұйымдастыру, тау-кен дайындық жұмыстарын жоба бойынша жүргізу		
98.	Драгалар мен балшық сорғыш жұмысының әрбір полигонында (драже тілігінде) ұйымның техникалық басшысы бекітетін тізбе бойынша қажетті аварияға қарсы жабдықтың, материалдардың, керек-жарақ пен құрал-саймандардың қорын құру		
99.	Қауіпті аймақтың өлшемдерін драга (

	балшық сорғыш) бастығы белгілейді		
100.	Пайдалы қазбаларды драгамен (балшық сорғышпен) қазуды кенжар паспортына сәйкес жүргізу		
101.	Понтон түбі мен тілік негізіндегі қашықтығы жобамен анықталған драже тілігінің су үстіндегі ернеудің шекті рұқсат етілген биіктігінен ауытқушылығы бар драганы немесе балшық сорғышты пайдалануға болмайды		
102.	Понтонның жоғарғы палубасының барлық люктерінің герметикалық жабылатын қақпақтары бар биіктігі кемінде 400 миллиметр судан қорғағыш ернеулері болады		
103.	Ашық люктері немесе тесілген жерлері, понтонда сызаттары бар драгалардың (балшық сорғыштардың) понтонды мұздатып қатырған жағдайдан басқа, жұмыс істеуіне жол бермеу		
104.	Палуба, басқыштар, көпіршелер, өту жолдары мен драганың (балшық сорғыштың) сатылары риф темірінен немесе балқытылған жолақты темірден орнатылып, қоршаулары болады және таза күйде ұсталады		
105.	Драгалардағы (балшық сорғыштардағы) бу өткізгіштер оқшауланады және қоршалады		
106.	Драгада (балшық сорғышта) қолданылатын арқандар драганың (

	балшық сорғыштың) паспорттына сәйкес болады		
107.	Шөмішті раманың ажыратылған арқанын, ширатылған жіптері үзілген арқанды пайдалануға болмайды		
108.	Драганың (балшық сорғыштың) палубадан жоғары бөлігінің жұмыс орындарын жарықтандыру үшін 220 Вольттан аспайтын, понтонды (ішінен) жарықтандыру үшін 12 Вольттан аспайтын кернеу пайдаланылады. Понтонның барлық бөліктерінің электрлік жарықтандырғышы болуы қажет. Шамдар понтон түбінен кемінде 2,5 метр биіктікте ілінген жағдайда 127 Вольт кернеуді пайдалануға болады		
109.	Тасымал шамдар мен электрлік қол аспапты қоректендіру үшін кернеу 36 Вольттан аспауы тиіс		
110.	Драгаларда (балшық сорғыштарда) авариялық жарықтандырғышты (электрлік шамдар, аккумуляторлар және басқалары) қарастыру		
111.	Үйінді люгінде жұмыс технологиялық регламентке сәйкес жүзеге асырылады		
112.	Жұмыс істеп тұрған драгалар мен балшық сорғыштардың полигондарындағы жолдар мен сүрлемдер жабылады, ал жұмыс арқандарының қауіпті аймағындағы сұлба бойымен ескерту белгілері қойылады		

113.	Понтонда адамдар қайыққа өтетін жерде қанаты бар қайырмалы көпіршелер мен шынжыр қоршауы бар ойықтар қамтамасыз етіледі		
114.	Драгаға (балшық сорғышқа) электр энергиясы жағадағы бөлгіш құрылғысынан ескерту белгілерімен қоршалған жерде төселген, "айырдағы" немесе арқанға ілінген шоғырсыммен беріледі. Драгаға қапталған шоғырсымдарды енгізу артқы дінгекке бекітілген жебенің көмегімен жүзеге асырылады. Кернеумен жұмыс істейтін жағадағы кабелдің орнын ауыстыруға, өту құрылғысыз оның бойымен өтуге, кабелдің үстін үймелеуге, оның бетіне мұзбен топырақтың катуына жол беруге болмайды		
115.	Құм мен эфелдерді тілік ернеуіне тасымалдау үшін ұлпа өткізгішпен жабдықталған драга (балшық сорғыш) жұмыс істеген кезде түнгі тәулік уақытында қалқыма ұлпа өткізгіш жарықтандырылады, ал оның бойымен биіктігі кемінде 1 метр қанаттармен қоршалған көпіршелер орнатылады		
116.	Драгалардағы (балшық сорғыштардағы) рама көтергіш шығыршықтар екі тежегішпен (жұмыс және сақтандырғыш), шөмішті рамасын қата көтеруді бастау туралы ескертетін дыбыс сигналын қайталайтын раманың асыра		

	көтерілуінен қорғағышпен жабдықтау		
117.	Малтатас конвейерінің конвейерді оның жалпы ұзындығы бойымен шұғыл тоқтату арқаншалары мен конвейердің негізгі және соңғы бөліктерінде орнатылған "Тоқта" деген түймесі, ал оқпандарда асыра көтергіштен соңынан ажыратқышы болады		
118.	Көлбеу бұрышы 75 градустан артық және биіктігі 3 метрден астам сатылар туннель түріндегі қоршаулармен жабдыкталады, көлбеу бұрышы 75 градустан кем сатылардың қанаты мен сырғанауды болдырмайтын риф қабатты жазық басқыштары болады		
119.	Понтонда сигналы басқару пультіне шығарылған судың бар екені жөнінде белгі беретін дабыл орнатылады		
120.	Драгалар мен балшық сорғыштар жобаға сәйкес автоматты өрт сөндіру құралдарымен жарықтандырылады		
121.	Майлау және жанғыш материалдарды сақтау орындары жобалық құжаттамаға сәйкес автоматты өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етіледі		
122.	Мұзды жинау жұмыстарын ұйымдастыру жобасының болуы		
123.	Машиналар мен тетіктердің жұмысын мұздың қалыңдығы мен оның төзімділік есебі		

	мұқият тексерілгеннен кейін рұқсат наряды бойынша жүргізу		
124.	Адамдар мен көліктің мұзбен жүруіне рұқсат берілген жерлерді көрсеткіш белгілерімен белгілеу		
125.	Балшық сорғыш зәкірінің ұзындығы су айдынының шекті тереңдігіне тең, оған қалтқы белгімен бекітілген, қызыл түске боялған арқаны болады		
126.	Адамдарға жүзу құралдарымен балшық сорғышқа ол жұмыс істеп тұрған кезде соратын топырақ өткізгіш жағынан жүзуге болмайды		
127.	Драгада (балшық сорғышта) жұмыс істейтін телефон, селекторлық немесе драга (балшық сорғыш) мен поселке (кен көзі) арасында радио байланыс қамтамасыз етіледі		
128.	Ашық тау-кен жұмыстары объектілерінің жолы кең (1524 миллиметр) технологиялық теміржол көлігінің жұмысы ұйымның техникалық жетекшісі бекіткен технологиялық регламентпен реттеледі		
129.	Барлық құрылыс, құрылғылар, жылжымалы құрам және жабдық жобалық құжаттамаға сәйкес болады		
130.	Локомотивті (электровозды, тепловозды) басқару құқығы осы ұйымда локомотив машинисінің		

	көмекшісі ретінде кемінде 6 ай жұмыс өтілі бар тұлғаларға беріледі		
131.	Жылжымалы жолдардың жіктерін қосатын бұрандалар саны кемінде төртеу болатындай орнатылады		
132.	Карьерлердегі жылжымалы теміржолдар шашырандылар мен қардан тазартылады, мерзім сайын олардың жобаға сәйкестігі аспаппен тексеріледі. Тексеру тәртібі мен мерзімдерінің ұйымның техникалық басшысымен белгілуі		
133.	Бағыттаушы ұштардың ажырауы кезінде бағыт көрсеткіштерді пайдалануға жол бермеу		
134.	Орталықтан бұғаттағыш жүйесі мен байланыс құрылыстары мен құрылғылары тартылыс тогының, электр берілісінің әуе желілері мен найзағай оғының кедергі келтіретін және қауіпті әсерінен қорғалады		
135.	Пойыздар қарқынды қозғалатын теміржол арқылы адамдар тұрақты жүретін орындарда түнгі тәулік мезгілінде жарықтандырылатын өту туннельдері, көпіршелер немесе жолдар орналасады		
136.	Барлық күзетілетін өту ж о л д а р ы жарықтандырылады және жақын орналасқан станцияның кезекшісімен немесе диспетчерімен тікелей телефон байланысы болуы тиіс		

137.	Өту жолдары арқылы ірі габаритті технологиялық жабдық пен габариттік емес жүктерді өткізу және жөнелту бойынша технологиялық регламенттің болуы және оның қадағалануы		
138.	Теміржолдарды электр желілерімен, байланыспен, мұнай құбырымен, су жолымен жер бетіндегі және жер астындағы құрылғылармен қиылыстыруға байланысты барлық жұмыстарға ұйымдастыру жобасының болуы		
139.	Барлық локомотивтер автоматты және қолмен тежегіштермен жабдықталады, вагон моторы, жылжымалы құрам және думпкалар автоматты тежегішпен жабдықталады		
140.	Дыбыстық белгі беруге арналған құрылғыларының ақауы болған жағдайда теміржолда локомотивтерді, өздігінен жүретін машиналарды пайдалануға болмайды		
141.	Жылжымалы құрамды өздігінен жүруден (қозғалыстан) бекітпей жұмыс күйінде қалдыруға болмайды		
	Төмендегі: 1) дөңгелек жұбының кез келген бөлігінде сызат; 2) арба белбеуінде немесе құйма арбасының бүйірінде сызат; 3) орнатылған арқалықтардың немесе көлденең байланыстың үзілуі;		

142.	<p>4) баған немесе тайғанак бұрандаманың үзілуі;</p> <p>5) қабылдау аппараты авто шынжырының немесе авто шынжыр құрылғысының тартылыс қамытының үзілуі немесе сызат түсуі;</p> <p>6) жота, бүйір, шүберін арқалықтарының немесе буфер бөренесінің қирауы немесе сызат алуы (көлденеңнен тік қабатқа шығатын);</p> <p>7) тасымалданатын жүктердің сақталуы мен қозғалыс қауіпсіздігіне қауіп келтіретін жарты вагондар мен хопперлердегі шамақтар, ілмек тетіктерінің ақауы;</p> <p>8) ауыстыруды қажет жетектер, балқыған немесе сынған жетек мойынтіректері, жетек қақпағының болмауы;</p> <p>9) арбаның екі жағынан сырғанақтар арасында 20 миллиметрден астам және жүк вагондарында 2 миллиметрден кем жиынтық саңылау сияқты ақаулықтардың біреуі болған жағдайда вагондарды пайдалануға болмайды.</p>		
143.	<p>Мынадай:</p> <p>1) аударылмалы цилиндрінің (сызат, бекіткіштің босауы, ауаның шығуы);</p> <p>2) аударылмалы және бойлық ернеуді ашатын тұтқа режимінің;</p> <p>3) басқару крандарының;</p> <p>4) белгіленген нормадан тыс ауасы шыққан, бірақ кез келген жағдайда минутына 50 килоПаскаль (0,5 атмосфера) астам жүк түсіру магистралінің;</p>		

	5) табан мен ернеу арасында 70 миллиметрден астам саңылау пайда болған кезде көтерілетін ернеулері бар думпкаларда иілген шанақ рамасының ақаулары бар думпкаларды пайдалануға жол бермеу		
144.	Ашық тау-кен жұмысы объектісінің теміржолында пойыздардың қозғалу жылдамдығы теміржол көлігін пайдалану жөніндегі технологиялық регламентімен белгіленеді		
145.	Электрлендірілген жолдарда наряд бойынша кранмен жұмыс істеу мен байланыс желісінің құрылғылары ажыратылған жағдайлардан басқа жағдайларда тілшелері көтерілген крандардың қозғалуына жол бермеу		
146.	Теміржолдарды аталған жүкті көтеруге арналған құрылғылармен жабдықталмаған машиналармен және тетіктермен бөлшектеуге және төсеуге болмайды		
147.	Рельс буындарын тиісті бекіткішсіз орнатылған алмалы-салмалы бірыңғай жабдығы бар теміржол платформасында тіректермен және шектеу шынжырларымен тасымалдауға жол бермеу		
148.	Кенжар және үйінді теміржолдары түнгі тәулік мезгілінде жарықтандырылатын немесе жарық түсіретін бояулармен сырланған, рельс соңынан кемінде 10		

	метр қашықтықта бекітілген сақтандыру тіректерімен, қоршау сигналдарымен аяқталады		
149.	Жылжымалы құрамның ұстап қалатын және сақтандырғыш тұйықтарына тұруына болмайды.		
150.	Бір жақты габариттен жоғары тиеуге, вагондардың жүк көтергішінен артық тиеуге болмайды		
151.	Адамдарды тасымалдау үшін жүк пойыздарының құрамына вагондарды тіркеуге болмайды		
152.	60 пайыз жетекші көлбеулерде жұмыс істеу кезінде жылжымалы құрам тез әсер ететін тежегіштермен жабдықталады		
153.	Жобалық құжаттамамен белгіленген карьер ішіндегі жолдардың өтетін жерінің ені мен бойлық көлбеулерін сақтау		
154.	Жолдың көлбеу еңістері созылған жағдайда (60 промилльден астам) көлбеуі 20 промилльге дейін, ұзындығы кемінде 50 метр және ұзын көлбеу ұзындығынан әрбір 600 метр сайын алаңдар орнатылады		
155.	Карьердің контуры ішіндегі автомобиль жолының өтетін бөлігі (кенжар жолынан басқа) ықтимал құлау призмасынан жыныстық білігімен немесе қорғағыш қабырғаларымен қоршалады, жыныс білігінің биіктігі карьерде пайдаланылатын		

	автокөлікте жүк көтергіштігі бойынша ең үлкен дөңгелектің диаметрінің жартысынан кем емес қабылданады.		
156.	Қысқы уақытта автожолдар қар мен мұздан тазартылады және құм, шлак, ұсақ тас төселеді немесе арнайы құраммен өңделеді		
157.	Әрбір автомобильдің техникалық паспорты болуы тиіс		
158.	Машиналардың артымен жүруін шектеу үшін жүк түсіру алаңдарының биіктігі кемінде 0,7 метр сақтандырғыш қабырғасы (білігі) болады		
159.	Ұйымның әкімшілігі конвейерлер мен үздіксіз технологиялық көліктің қалған түрлерінің жай-күйі мен қауіпсіз пайдалануды бақылауды жүзеге асыратын тұлғалар тобын анықтайтын бұйрықты шығарады		
160.	Үздіксіз технологиялық көлік қондырғыларын авариялық тоқтауына әкелетін жабдықты тоқтататын бұғаттағыш құрылғылармен жабдықтау		
161.	Жылжымалы (кішкене қайық тәрізді) конвейерлердегі жүк түсіру арбалары үшін соңынан ажыратқыштар, ал рельс жолдарында тіректер орнатылады		
	Таспа конвейерлерінің жетек, керме, ауытқу және соңғы станцияларының конвейерлер жұмыс істеп тұрған кезде барабандардың		

162.	айналасына төселген материалдарды қолмен жинау мүмкіндігін болдырмайтын қоршауы болады, қоршаулар конвейердің жетек қозғалтқышымен қоршаулар түсіріліп тұрған кезде оның жұмыс істеу немесе іске қосылу мүмкіндігін болдырмайтындай етіп бұғатталады		
163.	Конвейер таспасының жұмыс және бос тармақтары шығырларының негізгі өту жолы жағынан конвейер жетегімен бұғатталмайтын қоршаулары болады		
164.	Конвейерлердің жетек, керме және ауытқу барабандарының, жетек станцияларының шүлдігі жетектерге қызмет көрсету үшін еден деңгейінен 1,5 метрден астам биіктікте орналасқан жағдайда сатылармен және төсем деңгейінен кемінде 0,15 метр мен конвейермен тасымалданатын материалға дейінгі алаңның едәуір шығыңқы бөлігінен кемінде 0,3 метр тұтас қаптамасы бар биіктігі кемінде 1,0 метр қанаттармен жабдықталған қызмет көрсету алаңдары орнатылады		
165.	Еден деңгейінен бастап құрылымның түбіне дейінгі галереялар мен эстакадалардың биіктігі кемінде 2 метр болатындай орнатылады		
	Пластиналық конвейерлер мен коректендіргіштерді орнату оларға екі		

166.	жағынан қызмет көрсету мүмкіндігін қарастырады , конвейерлер арасындағы еркін өту жолының ені кемінде 1,2 метр, ал ғимарат қабырғасы мен конвейерлер арасындағы ені кемінде 1 метр қабылданады		
167.	Ж е р а с т ы камераларындағы, тиеу бекеттері мен ашық тау-кен жұмыстары объектісі ғимараттарындағы аралас жабдық габариттері арасындағы және қабырғадан бастап жабдыққа дейінгі ең кішкентай қашықтық машиналар мен тораптарды тасымалдауды қамтамасыз ету есебінен, оларды жөндеу және ауыстыру кезінде анықталады, бірақ төмендегі мәннен кем болмауы тиіс: негізгі өту жолдарында - 1,5 метр; машиналар арасындағы жұмыс алаңдарында - 1 метр; қабырға мен машина арасындағы жұмыс істеу кезінде жүретін өту жолдарында - 0,7 метр		
168.	Көлбеу күйінде орнатылған пластиналық және қырғыш конвейерлер төсем үзілген жағдайда оның жылжуын болдырмайтын көлік буындарының ұстағыштарымен жабдықталады		
	Шнектер мен қырғыш конвейерлер қабатының қақпақтары (арнайы қарау терезелері мен люктардан басқа)		

169.	шнектер мен қырғыш конвейерлер жұмыс істеп тұрған кезде олардың айналып тұрған және қозғалып тұрған бөліктеріне қол жеткізбейтін бұғаттағышпен жабдықтау		
170.	Жерасты-жер үсті конвейерлік галереяларының бетіне шыққа кезде, оларда сыртынан кіретін жолдар қарастырылады және конвейер арқылы өту жолдары орнатылады		
171.	Галереялар мен эстакадалардан шығу жолдары мен конвейер үстіндегі өтетін көпіршелер кем дегенде 100 метр сайын орналастырылады		
172.	Көлбеуі 7 градустан астам конвейер галереяларындағы өту жолдарында баспалдақтар немесе ағаш басқыштар мен тұтқа орналасады		
173.	Жыныстарды іріктеу орындарындағы таспа қоршалады		
174.	Құрғақ және тозаңданатын материалдарды, жоғары температуралы және бу шығаратын материалдарды таспа конвейерімен тасымалдау кезінде тиеу және түсіру орындарын жабуды қарастыру		
175.	Құрғақ және тозаңдайтын материалдарды тасымалдайтын элеваторлар, қырғыш конвейерлер мен шнектер тұтас ұзындығы бойымен тығыз жабынмен жабылады		

176.	Элеваторларды дөңгелек шынжырдың кері жүруін болдырмайтын тежегіш құрылғыларымен және ол жарылған кезде аулағыштармен жабдықтау		
177.	Өздігінен жүк түсіретін арбалар мен өздігінен жүретін конвейерлердің дөңгелектері қоршалады		
178.	Конвейерлер мен арқан жолдардың керме құрылғыларының жүктері, керме барабандар қоршалады және таспа немесе арқан үзілген жағдайда жүктің немесе барабанның адамдарға немесе жабдыққа құлау мүмкіндігін болдырмайтындай етіп орналасады және қоршалады		
179.	Бункерлер толтыру деңгейін бақылаудың автоматты жүйесімен жаракталады		
180.	Бункерлердің ойықтары жұмыс істемейтін жағынан 0,15 метр биіктіктегі жолақ табанымен тұтас қаптамасы бар биіктігі кемінде 1 метр канаттармен қоршалады		
181.	Қабылдау және жүк түсіру құрылғылары мен бункерлерінің жұмыс алаңдары міндетті түрде қызмет көрсетуші тұлғаға теміржол құрамының келуі туралы хабарлауға арналған дыбыс дабылы мен жабдықталады		
182.	Карьердің электр жабдығы мен электр желілерін қауіпсіз пайдалануды және жөндеуді қамтамасыз ету		

	<p>карьердің электр шаруашылығы үшін жауапты тұлғамен іске асырылады</p>		
183.	<p>Кернеуі 1000 Вольттан астам электр беретін бір әуе желісіне:</p> <p>1) 5 аспайтын жиынтық жылжымалы трансформаторлық шағын станцияларды және өнімділігі сағатына 300 метр куб бір су құю қондырғысын қоса алғанда;</p> <p>2) шөміш сыйымдылығы 5 метр кубқа дейінгі төртеуден аспайтын бір ш ө м і ш т і экскаваторларды қоса алғанда, екі жиынтық трансформаторлық шағын станциялар мен өнімділігі сағатына 300 метр кубқа дейінгі бір су құю қондырғысын қоса алғанда;</p> <p>3) шөміш сыйымдылығы 13 метр кубқа дейінгі екеуден аспайтын бір ш ө м і ш т і экскаваторларды, екі ж и ы н т ы қ трансформаторлық шағын станциялар және өнімділігі сағатына 300 метр кубқа дейінгі бір су құю қондырғысын қоса алғанда;</p> <p>4) шөміш сыйымдылығы 13 метр кубтан астам біреуден аспайтын бір ш ө м і ш т і экскаваторларды, екі ж и ы н т ы қ трансформаторлық шағын станциялар және өнімділігі сағатына 300 метр кубқа дейінгі бір су құю қондырғысын қоса алғанда;</p> <p>5) теориялық өнімділігі 1300 метр кубқа дейінгі екеуден аспайтын көп</p>		

	<p>ш ө м і ш т і экскаваторларды, екі ж и ы н т ы қ трансформаторлық шағын станциялар және өнімділігі сағатына 300 метр кубка дейінгі бір су құю қондырғысын қоса алғанда;</p> <p>б) теориялық өнімділігі 1300 метр кубтан астам біреуден аспайтын көп ш ө м і ш т і экскаваторларды, екі ж и ы н т ы қ трансформаторлық шағын станциялар және өнімділігі сағатына 300 метр кубка дейінгі бір су құю қондырғысын қоса алғанда қосуға болады</p>		
184.	<p>Электрлендірілген машиналардың () кешендердің) экипаждарының құрамы кемінде екі адам</p>		
185.	<p>Тау-кен көлік машиналары (кешендері) мен электр қондырғыларының қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін кәсіпорын Жабдық бірлігіне қорғағыш құралдардың қажетті ең аз санының тізімін белгілейді</p>		
186.	<p>Әрбір карьер мен әрбір тау-кен учаскесінде қорғағыш құралдардың таусылмайтын қоры болады:</p> <p>1) учаскеде - әрбір 10 машинаға кемінде екі толық жинақ () нормативтер бойынша);</p> <p>2) карьерде - тау-кен учаскесінде және карьердің электр шаруашылығындағы нормаланған тізбенің кемінде 20 пайыз</p>		

187.	Электр қондырғыларына қызмет көрсететін персоналға қойылатын талаптар – электр қондырғыларындағы бұрынғы топта ең аз жұмыс өтілі 4 ай		
188.	Тау-кен жұмыстарын басқаруды жүзеге асыратын бақылау тұлғаларына қойылатын талаптар – электр қауіпсіздігі бойынша IV төмен емес біліктілік тобы		
189.	Электрлендірілген теміржолдарды немесе оларға жақын орналасқан жолдарды жөндеу жұмыстарын жүргізетін персоналға қойылатын талаптар – электр қауіпсіздігі II біліктілік тобы		
190.	Электровоз машинистеріне қойылатын талаптар – IV біліктілі тобы, көмекшілеріне – III төмен емес біліктілік тобы		
191.	Тепловоз машинистері мен олардың көмекшілеріне қойылатын талаптар – III біліктілік тобы		
	Карьерде мынадай техникалық құжаттама жүргізілуі тиіс: 1) карьердің тұтастай электрмен жабдықтауы мен байланысының бір сызықты сызбасы. Сызбаға атаулы кернеулерді, маркаларды, ұзындықтар мен кабелдерді көрсете отырып, карьердің электр желісі, бөлу және қорғау аппаратурасы, барлық ток қабылдағыштар жазылады. Сызбада желінің қорғалатын учаскесіндегі едәуір		

қашық нүктесінде тұйықталған жағдайда екі фазалы қысқа тұйықталу тоғының мәндері көрсетіледі;

2) карьердің электр беру желілері көрсетілген тау-кен жұмыстарының жоспары;

3) тартылыс күші желісінің сызбасы;

4) тау-кен жұмыстарының жоспарына немесе тау-кен жұмыстары мен қазбалардың сызбалық жоспарына енгізілген жерасты шоғырсым желілерінің сызбалары;

5) электр жабдығының, қондырғылар мен құрылыстардың, қосалқы бөлшектердің сызбалары;

6) экскаваторлармен, бұрғылау станоктарымен, жабдықпен басқарудың атқару сызбаларының жинағы;

7) электр қондырғыларын жөндеу және пайдалану бойынша технологиялық регламенттердің толық жинағы;

8) электр жабдығы мен қорғағыш құралдары тізімделген, техникалық сипаттамалары мен берілген түгендеу нөмірлерін көрсете отырып, паспорттық карталар немесе журналдар (паспорттық карталарға немесе журналдарға жабдықты сынау, жөндеу, баптау хаттамалары мен актілері қоса беріледі);

9) электр беру желілері, карьердің орталық (көсем) жерге қосу контурлары мен тұрақты объектілерінің паспорттары;

10) мынадай:

экскаваторларды,
бұрғылау станоктары,
жабдықты жөндеу және
техникалық қызмет
көрсету;
карьерлік бөлу бекетін,
ауыстырғыш қосқыш
бекеті, жиынтық
жылжымалы
трансформаторлық
шағын станцияларды мен
секцияға бөлінетін
бекеттерді жөндеу және
техникалық қызмет
көрсету;
электр машиналарын
күрделі жөндеу;
реле қорғағышын,
қорғағыш ажыратқыштар
мен электр жетектерін
маусымдық баптауды
жоспарлы тексеру
кестелері;
11) жұмыс орындарын,
карьердің аумағы мен
үйінділерді
жарықтандыру
өлшемдерінің
хаттамалары;
12) электр
шаруашылығын қауіпсіз
пайдалану жөніндегі
білімдерді тексеру
журналы;
13) электр
қондырғыларында жұмыс
істеуге нарядтар (өкімдер
) беру құқығы бар
тұлғалардың тізімі;
14) жауапты
жетекшілермен, нарядтар
мен ұйғарымдар
бойынша жұмыс
өндірушілермен және
бақылаушылармен
тағайындалған
тұлғалардың тізімі;
15) ұйғарымдар мен
ағымдағы тұтыну тәртібі
б о й ы н ш а
электрқондырғыларда
жүргізілетін жұмыстар
тізімі;

16) электр қондырғыларын бір жақты қарау құқығы бар тұлғалардың тізімдері;
17) электр шаруашылығы үшін жауапты тұлғалардың электр қондырғыларына қызмет көрсету және пайдалану шектерін шектеу актілері (учаске, цех, карьер бойынша);
18) электр қауіпсіздігі бойынша біліктілік тобы көрсетілген карьердегі электр технологиялық тұлға кәсібінің тізбесі;
19) электр қауіпсіздігі бойынша карьердегі аса қауіпті және қауіпті орындар мен жұмыстардың тізбесі

Карьер ауысымының энергетигінің (энерго диспетчер, ауысым электригі) мынадай техникалық құжаттамасы болуы тиіс:
1) тартылыс және электрлік ауырлық күші желілері, электр қондырғыларының орналасу орны көрсетілетін тау-кен жұмыстарының бірлескен жоспарына жазылатын карьер мен үйінділерді электрмен жабдықтау сызбасы. Ауыспалы және тұрақты тоқты бөлек түсіруге болады;
2) электрмен жабдықтаудың негізді бір сызықты сызбасы. Кестедегі өзгерістер келесі күннен кешіктірілмей енгізіледі. Электрмен жабдықтау кестесіне енгізілген барлық өзгерістер туралы тұлғаны енгізілген өзгерістермен таныстыру журналына жазба жазылады;

- 3) карьердің өнеркәсіптік алаңдары объектілерін электрмен жабдықтау, тұрақты объектілердің бір сызықты сызбасы;
- 4) ұйымның техникалық басшысы бекіткен ауысым энергетигінің (энерго диспетчер) тікелей және жедел басшылығындағы тұлғаға арналған нормативтік-техникалық құжаттардың толық жинағы;
- 5) электр қондырғыларында жұмыс істеуге нарядтар (өкімдер) беру үшін электр шаруашылығы, электр қондырғыларын бір жақты тексеру үшін жауапты тұлға, жауапты басшылар, электр қондырғыларында жұмыс жүргізушілер, бақылаушылар мен рұқсат берушілер тағайындайтын тұлғалардың тізімдері;
- 6) жедел журнал;
- 7) телефонограммалардың, өтінімдер мен сызбалардың өзгерістерінің журналы;
- 8) басшы персоналдың өкімдерінің журналы;
- 9) ауысым энергетигіне тікелей бағынатын тұлғаға арналған қорғағыш құралдарын есепке алу және ұстау журналы;
- 10) реле қорғағыштарды орнату карталары;
- 11) ауысым энергетигіне (энерго диспетчерге) тікелей бағынатын тұлғаның қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық журналы;

	<p>12) электр қондырғыларында жұмыс істеуге рұқсат нарядтары;</p> <p>13) рұқсат нарядтар мен өкімдерді тіркеу журналдары;</p> <p>14) персоналды электрмен жабдықтау сызбаларына енгізілген өзгерістермен таныстыру журналы</p>		
194.	<p>Жиынтық трансформаторлық шағын станция мен реттеу құрылғылар үшін қысыммен қалыпты жұмысты істейтін ток өткізу бөліктерінде коршаудың болуы</p>		
195.	<p>Корпустардың сыртқы жағында, реттеу құрылғысы мен жиынтық трансформаторлық шағын станция есіктерінде электр қосқыштың атауы мен электр қосқыштардың сызбалары көрсетілген электр тогымен зақымдану қаупі туралы ескертетін нақты жазбалар жазылады. Барлық коммутациялық аппараттар іске қосылған объектіні көрсететін жазбалармен жабдыкталады</p>		
196.	<p>Ұяшық корпустарын әуе желісінің жерге қосу сымына, жергілікті жерге қосқышқа қосу орындары "Жерге қосу" деген белгімен белгіленеді</p>		
197.	<p>Жиынтық трансформаторлық шағын станция мен реттеу құрылғы әуе кірмесі орнатылған тіректен 10 метрден аспайтын қашықтықтағы тау-кен машиналары бар бір деңгейде орнатылады</p>		

198.	Ж и ы н т ы қ трансформаторлық шағын станциясы мен реттеу құрылғысын пайдалану карьердің (кө- неністің) техникалық басшысы бекіткен техникалық қызмет көрсету және жөндеу кестесінің негізінде жүзеге асырылады		
199.	Жүргізілген қарау нәтижелері жазылған экскаватор ауысымын қабылдау-тапсыру журналының (жедел журнал) болуы		
200.	Кемердегі әуе электр беру желілерінің төменгі фазалық өткізгішінен бастап өткізгіштердің ең үлкен жебесі кезіндегі жер бетіне дейінгі қашықтық келесі шамалардан кем емес қадағалау карьерлер мен жыныс үйінділерінің аумағының ауданында электр беру желілерінің өтуі кезінде - 35 килоВольтқа дейінгі кернеу кезіндегі қашықтық 6 метр		
201.	Карьерде жаппай жару жүргізуге дайындық кезінде жарылыстың карьер ішіндегі жылжымалы электр берілісі желісінің құрылысы мен электр қондырғыларына әсер ету аймағы анықталады, көрсетілген аймақ карьер учаскесінің тау-кен жұмыстарының бірлескен жоспарына енгізіледі және оны жаруға дейін үш күн бұрын карьердің электр шаруашылығы үшін жауапты лауазымды тұлғаға және жару		

	жұмыстары жүргізілетін тау-кен учаскелерінің бастығына береді		
202.	Карьердегі жұмыстың техникалық басшысы бекітетін және жару басталғанға дейін бір тәулік бұрын жұмысқа қатысушы барлық лауазымды тұлғаларға хабарланатын жарылысқа дайындық және оның салдарын жою бойынша жоспар-кестенің болуы		
203.	Карьердегі жұмыстың техникалық жұмыс басшысының өкімі бойынша жару алдында ток пен кернеудің түріне қарамастан, жару аймағындағы барлық карьерішілік желілер ажыратылады		
204.	Электр беретін желілердің трассасында пайдалы қазбалардың қатарын, жыныс үйінділерін, бөренелер мен рельстерді орналастыруға, материалдарды жинауға болмайды		
205.	Карьерлердің жылжымалы электр қабылдағыштарын (экскаваторларын, тау-кен кешендерін, бұрғылау станоктары, тау-кен машиналарын) қоректендіру үшін иілгіш резина кабельдерді қолдану		
206.	Тұрақты қондырғыларды қоректендіру үшін шоғырсымдар мен окшауланған өткізгіштер қолдану		
	Теміржолдармен және авто жолдармен қиылысу орындарында кабель оны құбырларда, қораптарда, науаларда, қорғау		

207.	құрылғыларында төсеп зақымданудан қорғалады, қ о р ғ а ғ ы ш құрылғылардың өлшемдері теміржолдардың немесе жолдардың енінен әр жағынан кемінде 2 метрден артық болады		
208.	Жару жұмыстары аймағындағы кабельдер жару кезінде қауіпсіз орынға алынады немесе тау-кен қазындысын жару кезінде зақымданудан қорғалады		
209.	Су басқа учаскелерде кабельді "айырма" көтереді, олардың арасындағы қашықтық 10 метрден аспайды және судың бетінен кемінде 0,3 метр биіктікте орналасады		
210.	Электр тұтынушылардың ендіріме құрылғысынан жылжытуын болдырмау үшін кабелдің бес-алты диаметрінен кем емес шығу жолындағы иілу радиусын қамтамасыз ететін бұйыммен бекітіледі		
211.	Ауысым сайынғы тексеру нәтижелері жазылған агрегат журналының (жедел журналға) болуы		
212.	Ай сайынғы тексеріс нәтижелері карьерді электрмен жабдықтауды жүзеге асыратын персоналдың жедел журналында жазылады		
213.	Оқшаулағышты сынау нәтижелері мен кабелдің құрылымдық элементтерінің жай-күйін тексеру нәтижелері жазылған 0,4 килоВольт және 6 килоВольт кабелдерді оқшаулағыштың		

	жай-күйін тексеру журналының болуы		
214.	Әрбір экскаватордың (кешеннің) тозған щеткаларды мерзімді ауыстыру үшін қосымша щеткалардың резерв қоры болады		
215.	Басқару шкафтарының есіктері ашық болған кезде электрлендірілген машиналарды қосуға болмайды		
216.	Калибрлендірілмеген ендірмелерді қоюға болмайды		
217.	Тетіктердің электр қозғалтқыштарының іске қосылуын және жұмысын бақылау үшін іске қосу қалқанында немесе панелде амперметрдің болуы		
218.	Электрқозғалтқыштарының топтық қалқандары мен жинақтарындағы кернеудің болуын бақылау үшін вольтметрлер немесе сигнал лампалар орналастыру		
219.	Статор орамының сыртқа шығарылған өткізгіштері мен электр машиналарының кабель құйғыштары бекітіліп, қоршаулармен қорғалады, оларды машиналар жұмыс істеп тұрған кезде алуға болмайды		
220.	Кернеуі 60 Вольт 1 килоВольтқа дейін оқшауланған бейтарап карьер желілерін, оның ішінде тау-кен жабдығын өткізуге арналған қондырғылар ең жоғарғы ток қорғағыш құрылғыларымен және ажыратуға әсер ететін жерге (токтың жерге ағуы) тұйықталудан		

	қорғағыштармен жабдықталады		
221.	6-10/0,23-0,4 килоВольт жылжымалы шағын станциялар атмосфералық шамадан тыс кернеуден қорғағышы шағын станцияның жоғарғы жағынан орнатылатын бәсеңдеткішпен орындалады		
222.	5-10 килоВольт жоғары вольтты желілер күндізгі қабатта орналасқан трансформатор оқшаулағышының төменгі импульс төзімділікті шағын станцияларына жақындаған кезде түтікті бәсеңдеткіштер жинағы орнатылады		
223.	<p>Ашық таукен жұмыстарындағы тұрақты жоғары вольтты желілер атмосфералық шамадан тыс кернеуден қорғау әлсіз оқшауланған мынадай орындарда қарастырылады:</p> <p>1) найзағай белсенділігі (найзағай уақытының саны жылына 60 болғанда) әлсіз және орташа аймақтарда – жоғары вольтты желілер ауысуы - кабель; өзге жоғары вольтты желілер немесе байланыс және дабыл желілерімен қиылысу;</p> <p>2) әлсіз оқшаулағышы бар жоғарыда аталған орындардан басқа, найзағай белсенділігі (найзағай уақытының саны жылына 60 болғанда) жоғары аймақтарда – желілік ажыратқыштар; бір түрдегі тіректен (ағаш) келесі тірек түріне (</p>		

	металл, темір бетон) ауысу		
224.	<p>Найзағай кезінде ажыратылмайтын электрлендірілген машиналарды:</p> <p>1) шөміш сыйымдылығы 10 метр куб және одан астам бір шөмішті экскаваторларды, ротор кешендерін, көп шөмішті экскаваторларды, үйінді түзгіштер мен көліктік үйінді көпіршелерін вентильті бәсеңдеткіштердің екі жинағымен және машинаның таратушы құрылғысының жиынтығымен;</p> <p>2) шөміш сыйымдылығы 10 метр кубтан төмен бір шөмішті экскаваторларды ауыстырып қосу бекетінде орнатылған вентильті бәсеңдеткіштер кешенімен қорғау орындалады</p>		
225.	<p>Шағын станциялардың 6-10 килоВольт таратушы құрылғыларында вакуумды ажыратқыштары бар беткейлі таратушы орындарында коммутациялық шамадан тыс кернеуден шектегіштерді орнатуды қарастыру</p>		
226.	<p>Кернеуі 35 килоВольтка дейін электр қондырғыларының жерге қосу құрылғысы:</p> <p>1) жалпы барлық деңгейдегі кернеуі бар электр қондырғылары үшін жасанды жерге қосқыштарды пайдаланып;</p> <p>2) жалпы немесе жеке қолданыстағы электр қондырғыларын қауіпсіз</p>		

	орнату және пайдалану талаптарына сәйкес орындалған жоба бойынша табиғи жерге қосқыштарды пайдалана отырып орындалады		
227.	Ашық тау-кен жұмыстарындағы жалпы жерге қосу құрылғысының кедергісі желінің кез келген нүктесінде 4 Омнан аспайды		
228.	Кернеуі 110 килоВольт және одан астам шағын станциялардың жерге қосқыштарын, біріктірілген және тартылыс тартым шағын стациясы (олардың кернеуіне қарамастан) оқшауланған бейтарап жүйеде нәтижелі қоректендірілетін алдын алу жоспарлы жөндеу электр қондырғыларының басты жерге қосқышы ретінде пайдалануға болмайды		
229.	Жылжымалы электр қондырғыларында жергілікті жерге қосқыштарды орнатқан кезде көрсетілген қондырғылардан қоректендірілетін жылжымалы машиналардың, аппараттардың қосымша жергілікті жерге қосқыштарын салуға болмайды		
230.	Карьердің жарықтандыру желілері үшін, жылжымалы машиналарды жарықтандыру жүйелері үшін желі кернеуі 220 Вольттан аспаған жағдайда оқшауланған бейтарап электрлік жүйе қолданылады		

231.	Жарық беру қондырғыларының іске қосу жүйелерінің есіктері ашық тұрған кезде, олардың қосылуын болдырмайтын бұғаттағыш құрылғылары болады		
232.	Карьерлер мен оның үстіндегі объектілердің аумағы машиналардың құрылымына жапсарлас салынған немесе жылжымалы немесе тұрақты тіректерге (діңгекке) орнатылған шамдармен және прожекторлармен жарықтандырылады		
233.	Үйінділердегі жарық беру желісі үйінді түзгішке қарама-қарсы жақтағы теміржол бойымен төселеді		
234.	Кернеуі 42 Вольтқа дейін қоса алғандағы шамдардан басқа, жарық беру арматурасынсыз жарық көздерін пайдалануға жол бермеу		
235.	Карьерді диспетчерлік байланыспен жабдықтау		
236.	Карьер диспетчерлерінің карьердің ведомстволық объектілерімен тікелей байланысынан басқа, бір-бірімен байланысы, карьердің басшыларымен ж ә н е әкімшілік-шаруашылық байланыстың орталық телефон станциясымен байланысы болады		
237.	Өкімдер, хабарламалар беру, карьердің аумағындағы қажетті тұлғаларды іздеу үшін диспетчерлік өкімші-іздістіру байланыстың техникалық құралдары қолданылады		

238.	Карьер аумағындағы тұлғаны жару жұмысының басталуы және аяқталғаны туралы ескерту үшін карьердің барлық учаскесінде естілетін хабарлау жүйесі қолданылады		
239.	Карьерлер мен үйінділердегі электр желілерінде жедел ауыстырып қосу кезіндегі байланыс үшін жеке жиілікте жұмыс істейтін радио байланысты пайдалануға болады		
240.	Карьердің барлық аумағында қозғалыс бағыттары мен телефон аппараттарын, байланыс құралдары (жоғары жиілікті байланыс, радио) орналасқан жақын орналасқан бекетіне дейінгі қашықтықтың нақты көрсеткіштері орнатылады, олар шұғыл хабарлама арқылы беріледі		
241.	Әуе, жерасты коммуникацияларын қоса алғанда, барлық өндірісті басқарудың техникалық құралдарына толық техникалық құжаттама құрастырылады, оған он күннен кешіктірілмей жүзеге асырылғаннан кейін барлық өзгерістер енгізіледі		
242.	Барлық байланыс, дабыл құралдарын мерзімді тексеру және жөндеу бақылау айына бір реттен кешіктірілмей, орташа және күрделі жөндеу ұйымның техникалық басшысы бекіткен кесте бойынша жүргізіледі		
	Кернеуі 65 Вольттан астам радио ізденіс байланысы тораптарының жалаң ток		

243.	өткізу бөліктері адамның байқаусызда жанасуынан қоршаулармен жабылады		
244.	Найзағай кезінде әуелік және кабелдік байланыс желілеріндегі ендірмелерде электрді өлшеуге болмайды		
245.	Күшейткіш қоршауларының, тікелей аппаратура мен жерге қатысты 240 Вольттан астам кернеуі бар трансформаторлардың есіктері мен жабылатын қабықшалары қоршалған қондырғыларды қоректендіру кернеуін ажырататын, түзеткіштер сүзгілерінің конденсаттарын разрядтайтын және шығатын күшейткіш трансформаторынан шығатын желілерді ажырататын бұғаттау құрылғыларымен жабдықталады		
246.	Теміржол көлігін электрлендіру кезінде ашық тау-кен жұмыстарында мыналар қолданылады: 1) кернеуі 3 және 1,5 килоВольт (3,3 және 1,65 килоВольт тартылыс шағын станцияларының дөңгелектерінде) тұрақты тоқ; 2) кернеуі 10 килоВольт (тартылыс шағын станциясы дөңгелектерінде 10,5 килоВольт) ауыспалы бір фазалы тоқ 50 Герц қолданылады		
247.	Түзеткіш агрегаттары: " плюс" дөңгелегіне тез әсер ететін автоматты ажыратқыш арқылы, ал " минус" дөңгелегіне ажыратқыш арқылы қосылады		

248.	Тұрақты токтың тарту шағын станцияларын " жерге қосылған" қорғау жүйесімен жабдықтау		
249.	Бөлу бекеттері, әдетте, сырттан орнатылатын жиынтық бөлу бекеттері негізінде орындалады. Жеңіл құрылымды ғимарат салынған жабық түрдегі бөлу бекеттерін пайдалануға болады		
250.	Бөлу бекеттерінің электр жабдығы жақын орналасқан теміржолдардың рельстеріне окшау өткізгішпен, бөлу бекетін жерге қосу магистралына қосатын арнайы шығарылған контурға " жерден" қорғайтын ток релесі арқылы жерге қосылады		
251.	Байланыс желісіндегі кернеудің бар екендігі туралы ескертетін сигнал шамдардан басқа, тұрақты жұмыс істейтін машиналарды және түрлі тетіктерді, тұрақты жарықтандыру мен басқаларын электр энергиясымен қоректендіру үшін тартылыс желілерін пайдалануға болмайды		
252.	Электрлендірілген теміржолдар үстінен орналасқан жүргінші көпірлері мен тепловоздарда екі жағынан биіктігі 2 метрге дейін және ені кемінде 1 метр байланыстырушы өткізгіштен екі жаққа тұтас сақтандыру қалқандары орнатылады		
	Жылжымалы байланыс желілері шағын станцияның жеке желілерінен немесе бөлу бекетінен		

253.	коректендіріледі. Желіден карьердегі немесе үйіндідегі екеуден аспайтын тиеу немесе түсіру фронттар коректендіріледі		
254.	Орталық ток ажырату желісінен бүйірлік ток ажырату (және керісінше) желісіне байланыс желісі ауыспалы учаскесінің жұмыс бөлігінің ұзындығы кемінде 40 метр		
255.	Байланыстырушы желілерді жасанды құрылыстардың ішінен қабатталып оқшауланады , жолдың тікелей учаскелердегі аспалардың арасындағы қашықтық 20 метрден аспауы тиіс		
256.	Құбырлар, объектілердегі байланыстырушы өткізгіштер аспасының (кемінде 7 метр) жеткіліксіз габаритінде электрлендірілген жолдармен қиылысқан кезде электровоздың пантографына жанасу мүмкіндігін болдырмайтын оқшауланған шой балға қондырғысы қарастырылады		
257.	Қоректендіру және байланыстырушы желілерді секциялау бекеттеріндегі ажыратқыштар рельстер бастарының деңгейінен (немесе жердің бетінен) кемінде 6 метр биіктікте орналасады		
258.	Тұрақты және уақытша тұрақты жолдардың рельс шынжырлары тұрақты ток үшін қимасы кемінде 70 шаршы миллиметр және ауыспалы ток үшін 50		

	<p>шаршы миллиметр иілгіш дәнекерленген мыс жік қосқыштарымен жабдықталады</p>		
259.	<p>Орталықтандырылған бұғаттау жүйесімен жабдықталмаған электрлендірілген темір жолдарда рельс аралық электрлік қосқыштар әрбір 300 метр сайын және бекет аралық 600 метр сайын орындалады</p>		
260.	<p>Электровоздардың қозғалысы үшін пайдаланылмайтын барлық рельс жолдары оқшаулағыш жіктердің құрылғысымен электрлендірілген жолдардан оқшауланады</p>		
261.	<p>Тез тұтанатын сұйықтықтарды ағызу және құю үшін электрлендірілген жолдар мен тұйықтар әрбір рельс шынжырында бір-бірінен жылжымалы құрамды ағызу-қю үшін өткізу кезінде олардың бір мезгілде жабылуын болдырмайтындай қашықтықта екі оқшаулағыш жігін орнату арқылы оқшауланады</p>		
262.	<p>Тартылыс желісінің негізгі тораптарын оқшаулау табақша (аспалы) немесе стержень оқшаулағышпен қамтамасыз етіледі: тұрақ ток кернеуі 1,5 килоВольт болған кезде – бір оқшаулағыш; тұрақты ток кернеуі 3 килоВольт – металл тіректерде екі оқшаулағыш, бір оқшаулағыш ағаш тіректерде орналасады. Тұрақты ток желілерінде: кернеу 10 килоВольт болған кезде – екі оқшаулағыш; кернеу 25</p>		

	килоВольт болған кезде – үш оқшаулағыш		
263.	Басқа электрмен жабдықтау жүйелерінен қоректендірілетін және байланыстырушы өткізгіштен оның корпусында қысқа тұйықталудың болуы мүмкін аймақтардағы тартылысы жоқ жабдық рельстерге қосылады		
264.	Байланыстырушы өткізгіш аспасының биіктігі өткізгіш орталықта орналасқан жағдайда рельс басының үстінде кез келген өткін нүктесіндегі бөгеттерде 5750 миллиметр және станцияларда 6250 миллиметр. Электровоздар мен тартылыс агрегаттарына арналған аспа нүктелеріндегі байланыстырушы өткізгіштің ең үлкен биіктігі орталық ток ажырату биіктігінің жұмыс тербелісінің шектерімен 5500700 миллиметр - 6800 миллиметр, 51006500 миллиметр - 6500 миллиметрден аспайды Қолданыстағы жасанды құрылыстардан төмен және кәсіпорындар цехтарының ғимараттарында байланыстырушы өткізгіштер аспасының ең төменгі биіктігі – 5500 метр, орталық ток ажыратқыш биіктігінің жұмыс тербелісінің шектерімен 5100-6500 миллиметр, техникалық негіздеме кезінде 5200 миллиметрге дейін төмендетілуі мүмкін		

265.	<p>Рельс басының деңгейінен жоғары бүйірлік байланыстырушы өткізгіштің аспа биіктігі кемінде 4400 миллиметр және 6300 миллиметрден аспайды. Жолдың шүлдігінен бастап бүйірлік байланыстырушы өткізгішке дейінгі қашықтық шөміш сыйымдылығы 5 метр кубтан астам экскаваторлармен тиеу кезінде 3700-4200 миллиметр шегінде және сыйымдылығы аз шөмішті экскаваторлармен тиеу кезінде 2700-3200 миллиметр болады</p>		
266.	<p>Байланыстырушы өткізгіштен бастап көлденең аспаның оқшауланған бекіту арқанына дейінгі қашықтық кемінде 300 миллиметр болуы тиіс. Оқшауланған көтергіш және бекіткіш арқандар арасындағы қашықтық кемінде 300 миллиметр</p>		
267.	<p>Байланыстырушы өткізгіштен бастап олардың үстінен орнатылған жасанды құрылыстар мен тірек құрылғыларының (көпірлердің, жол өткізгіштерінің, жүргінші көпіршелерінің, ригелдердің, сигналдық көпіршелердің, әуе- және бу өткізгіштердің) жерге қосу бөлшектеріне дейінгі қашықтық едәуір қолайсыз метеорологиялық жағдайларда тұрақты ток кезінде кемінде 500 миллиметр және ауыспалы ток кезінде 650</p>		

	миллиметрден кем болмауы керек		
268.	Цехтардағы және жасанды құрылыс астындағы бүйірлік байланыстырушы өткізгіштердің аспаларының биіктігі шамамен 4,55,0 метр қабылданады		
269.	Кәсіпорындардың электрлендірілген теміржолы арқылы автомобиль жолдарының өткелдерінің екі жағынан биіктігі 4,5 метрден аспайтын габаритті қақпа орнатылады. Барлық жағдайларда габариті қақпалардың биіктігі байланыстырушы өткізгіштің аспасынан кемінде 0,5 метрден кем болмауы тиіс		
270.	Кен орындарын құрғату жоба бойынша жүргізіледі		
271.	Жер бетіндегі және топырақ суының табиғи ағысы жоқ әрбір карьер су төкпемен қамтамасыз етіледі. Су төкпенің ашық тұрған кезіндегі су жинағыштың сыйымдылығы кемінде үш сағаттық ағысқа, ал дренаждық шахталардың су төкпе қондырғыларының су жинағыштары екі сағаттық ағысқа есептеледі және кемінде екі бөлімшесі болады		
272.	Ашық тау-кен жұмыстары объектілерінің аумағында шөгінділер болған жағдайда шөгінді алабын тау жақтан орлармен немесе сақтандыру біліктерімен қоршау		

273.	Ескі су басқан қазбаларға немесе су айдындарына жақын тау-кен жұмыстары судың өтуінен қорғайтын және қауіпсіз жұмыс жүргізу шектерін белгілейтін кентіректерді қалдыруды көздейтін жоба бойынша жүргізіледі		
274.	Ашық тау-кен жұмыстарының әрбір объектілерінде жыл сайын ұйымның техникалық басшысы көктемгі және күзгі уақытта, қар еру және нөсер жаңбыр жауу маусымында жұмысты қауіпсіз жүргізу іс-шараларын әзірлеп бекітеді		
275.	Дренаждық шахталардың шағын станцияларын қоректендіру екі тәуелсіз электр беру желілері бойынша жүргізіледі, олардың әрқайсысы шахтаның ең жоғарғы жүктемесін қамтамасыз етуге қабілетті болады		
276.	Карьерлер мен дренаждық шахталардағы су төгу қондырғыларын автоматтандыру		
277.	Жерасты дренаждық қазбаларды жүргізу кезінде жоғары орналасқан су іріккіш горизонттарының астындағы төзімділігі әр түрлі жыныстарда жыныстардың құрылымы мен қаттылығына байланысты, бірақ барлық жағдайда кемінде 5 метр болатын, ұзындығы бекіту паспортында немесе қазуды жүргізуге паспортта қарастырылған алдыңғы ұңғымалар бұрғыланады		

278.	Дренаждық қазбаларда құрылыс үшін уақытша сүзгіш бөгеттерде материалдар қоры болады		
279.	Басты су төкпе қондырғысына су жинағыш орнатылады. Дренаждық шахталарда су жинағыштың екі бөлімшесі болады. Су төкпе ашық тұрған кездегі су жинағыштың сыйымдылығы кемінде үш сағаттық ағысқа, ал дренаждық шахталардың су төкпе қондырғыларының су жинағыштары екі сағаттық қалыпты ағысқа есептеледі		
280.	Басты су төгу қондырғысының жиынтық жұмыс сорғыларын беру 20 сағаттан аспайтын уақыт ішінде ең көбірек күтілетін тәуліктік су ағысын ағызуды қамтамасыз етуі тиіс		
281.	Басты су төкпе сорғы камерасы оқпанға сорғы станциясының еден деңгейінен кемінде 7 метр шығарылатын көлбеу жүрісті шахта оқпанымен, герметикалық жабылатын кемінде бір жүрісті оқпан жанындағы алаңмен қосылуы тиіс		
282.	Ауа температурасы қолайсыз аудандардағы су төгу қондырғылары мен құбырлар қысқы маусым алдында жылытылады және жару жұмыстарын жүргізу кезінде ықтимал зақымданудан жабылады		
	Карьерден шығарған су оның қайтадан сызаттар, опырылулар немесе		

283.	қолданыстағы қазбаға су өткізбейтін жыныстар арқылы өту мүмкіндігін және жанасатын аумақтарда батпақтануды болдырмайтын орынға ағызылады		
284.	Жер бетінде төселген құбырлардың, оларды судан толығымен босатуды қамтамасыз ететін бұйымдары болады		
285.	Дренаждық-желдету ұңғымаларының сағаларына 1 метр биіктікке кемер табанынан шығарылған, ашық түспен боялып, оларда ұңғыма нөмірлері көрсетілген перфорлы құбырлар орнатылады. Құбыр сағалары дәнекерленген металл тормен жабылады		
286.	Жаппай жару жұмыстарынан кейін жұмысшылар мен техникалық персоналды карьерге жіберу бақылау тұлғасы жарудан, тозаң қабаты басылғаннан және көзге көріну толық қалпына келтірілгеннен, жару орнын (орындарын) тексергеннен кейін 30 минуттан кешіктірмей тексергеннен және атмосферадағы улы газдардың құрамын санитарлық нормалармен бекітілген шекке дейін төмендеткеннен кейін (жаппай жару тәртібіне сәйкес) жүргізіледі		
287.	Карьердің нашар желдетілетін және тұнба аймақтарындағы табиғи ауа алмасуды қарқындату үшін ұйымның техникалық басшысы бекіткен іс-шараларға сәйкес желдету		

	қондырғыларының көмегімен жасанды желдету ұйымдастырылады		
288.	Тозаңды газ режимі өте ауыр карьерлерде тозаң желдету қызметі ұйымдастырылады		
289.	Газ бен тозаң бөліну орындарында тозаңмен және газбен күресу іс-шаралары қарастырылады		
290.	Жылдың жылы маусымында тау-кен қазындысын экскавациялау кезінде тозаңның түзілуін азайту үшін алынған тау-кен қазындысын суландыру жүргізіледі, ауа температурасы ойдағыдай болған кезде автомобиль жолдарындағы тозаңның түзілуін азайту үшін байланыстырушы қоспаларды пайдалана отырып, жолға су себелеу жүргізіледі		
291.	Ұнтақтау-сұрыптау қондырғыларында, тау-кен қазындысын конвейерден конвейерге тиеу учаскелерінде тозаң түзілу орындары қабықшалардың және олардың бетіндегі тозаңданған ауаны сорып, оны тазартатын сорғысы бар жабынның көмегімен қоршаған ортадан оқшауланады		
292.	Тас кесу машиналарының, бұрғылау станоктарының, перфораторлардың және электрлік бұрғылардың ыңғайлы тозаң аулау немесе тозаң басу құралдарынсыз жұмыс істеулеріне болмайды		

293.	<p>Ауа сынамасын алу орны мен мерзімділігін және оның өткізу нәтижелерін көрсету арқылы алдын ала сақтандыру қызметтері немесе зертханалар жүргізетін, ұйымның техникалық басшысы бекітетін атмосфераның тозаңдануын бақылауды өткізу кестесінің болуы</p>		
294.	<p>Жұмыс аймағында пайдаланған газдан шыққан улы қоспа қосылымдары түзілген, шекті қосылымнан артық болатын іштен жану қозғалтқыштары бар автомобилдер, бульдозерлер, тракторлар, машиналар пайдаланылған газдарды каталитті бейтараптағыштармен жабдықталады</p>		
295.	<p>Көмір, күкірт және құрамында күкірті бар сильвинит, кариолит, кендерді өндіретін ұйымдарда кен орындарының ерекшеліктері мен жыныстардағы газдардың молдығына байланысты бөлінген сутегімен, күкіртпен және газдармен күресу бойынша іс-шаралар жүргізіледі</p>		
296.	<p>Құрғатылатын сулардан ашық тау-кен жұмыстары объектісі аумағына улы газдарды бөлу кезінде объект кемерінің еңістері арқылы суды азайтатын немесе сүзгіні толығымен қалпына келтіретін іс-шаралар жүзеге асырылады</p>		
	<p>Жоғары радиоактивті ластанған кендер сұрыпталатын және</p>		

297.	жиналатын өндірістік аймақтар барлық периметрі бойынша қоршалады. Оларға кіретін жолдар мен өту жолдары тыйым салу белгілерін (радиациялық қауіптілік белгісі мен " Кіруге (өтуге) болмайды! " деген жазулар) орнату арқылы күзетіледі		
298.	Тозаңның ықтимал түзілуін және жуылған еңіс бетінен радиоактивті аэрозолдардың таралуын болдырмас үшін гидроүйіндіні пайдалану кезінде жуу мөлшері бойынша жобалық белгіге дейін қабат қалыңдығы кемінде 0,5 метр таза топырақ себеді.		
299.	Радиоактивті топырақ суының деңгейін бақылау үшін гидроүйіндінің периметрі мен топырақ суы ағысының бағыты бойынша сынама алу (бақылау) ұңғымалары қарастырылады		
300.	Радиоактивті фоны жоғары кен орындарын қазу аяқталғаннан кейін ашық тау-кен жұмыстары нәтижесінде бүлінген жерлер жобаға сәйкес қалпына келтіріледі		
301.	Ашық тәсілмен кен жұмыстарын жүргізетін қауіпті өндіріс объектісін консервациялауды және жоюды жоба бойынша жүргізу		

Лауазымды адам (-дар) _____

лауазымы

ҚОЛЫ

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бақылау және қадағалау субъектісінің басшысы _____

лауазымы

қолы

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің м.а.
2022 жылғы 30 қарашадағы № 102 мен
Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрі
2022 жылғы 30 қарашадағы
№ 260 бірлескен бұйрығына
17-қосымша
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2015 жылғы 15 желтоқсандағы
№ 1206
және Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 814 бірлескен бұйрығына
17-қосымша

Геологиялық барлау жұмыстарын жүргізетін қауіпті өндірістік объектілерге қатысты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау аясындағы тексеру парағы

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган _____

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт _____

№, күні

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі),

бизнес- сәйкестендіру нөмірі _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1.	Геологиялық барлау жұмыстарын жобалық құжаттамаға сай жүргізу		
2.	Ұйымның техникалық жетекшісімен әзірленген және бекітілген технологиялық регламенттердің болуы		
3.	Аварияларды жою жоспарымен қол қою арқылы таныса отырып, жұмысты қауіпсіз жүргізуге жауапты лауазымды тұлғалардың зерделеуі		
4.	Объектінің штатында емес бөгде тұлғалар объектіге кіру кезінде қауіпсіздік шаралары бойынша нұсқаулықтан өтеді және жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз етіледі		
5.	Ойық жерлер, зумпфтар, шұңқырлар, пайдаланылмайтын шыңыраулар, дренаждық ұңғымалар, тік қазбалар жабылып қоршалады		
6.	Қондырғылар, аппаратуралар және құралдарды дайындаушының қолдану басшылығына сәйкес пайдалану		
	Қондырғыларды, механизмдерді, аппаратураларды және бақылау-өлшеу		

7.	құралдарын пайдаланушы ұйымдардың оларды пайдалану және жөндеу туралы мәліметтері енгізілетін құжаттары болады.		
8.	Құралдар құжатта көрсетілген мерзімде және көрсеткіштің дұрыстығына күмән туған жағдайда тексеру жүргізу		
9.	Манометрлерді, салмақ индикаторларын, бақылау өлшеу аспаптарын олардың көрсеткіштері қызмет көрсететін персоналға анық көрінетіндей орналастыру		
10.	Манометр шкаласында максималды жұмыс қысымына сәйкес келетін белгі қойылады		
11.	Іске қосу құрылғыларында: "Қосуға болмайды – адамдар жұмыс істеуде" ескерту плакаттары ілінуі қажет		
12.	Қоршауларда қандайда бір заттарды тастауға жол бермеу		
13.	Геологиялық барлау жұмыстарының объектілері (бұрғылау, тау-кен барлау және геофизикалық жұмыс учаскелері, геологиялық түсірілім және іздестіру партиялары, жасақтары) партия немесе экспедиция базасымен тәулік бойы байланыс қамтамасыз етіледі		
	Геологиялық барлау қазбаларының (ұңғыма, шахта, шурф) бағытын бөлу және жергілікті орынға шығару кезінде жұмысшылардың өмірі		

14.	мен денсаулығы-ныа қауіп тудыратын жұмыс учаскелері мен өндірістік объектілер (жоғары қуатты желілер, кабельдік желілер, қия жарлар, батпақты учаскелер) жұмыс жоспарына (топонегіз) салынады. Жергілікті орындарда бұл объектілер анық көрінетін ескерту белгілерімен (таңбалар, плакаттар, тақтайшалар) белгіленеді		
15.	Жергілікті жерлерде сымдарды төсеу кезінде олардың жол қиылыстарының учаскелерінде бүлінбеуі қарастырылады: 1) 4,5 метрден кем емес биіктікте сырғауылдарға іліп қою немесе жерге көму (топырақты жолдарда). Әуеде ілінетін сымдар ескерту белгілерімен (жалауша) таңбаланады; 2) темір жол желілері рельстерінің астына төселеді		
16.	Алқаптардағы әуе желісінің астына, балкаларда, жыраларда және сымдарды тартқан кезде олардың көтерілуі ықтимал орындарда сымдар жерге немесе оның бетіне бекітіледі. Бұл жағдайда сымдарды тарту арқылы ауыстыруға жол бермеу		
17.	Электр тізбектері мен құрылғыларды монтаждауға арналған ашалар, фишкалар, электрлік ажыратқыштар маркаланған және о л а р д ы ң тағайындамасына сәйкес келеді		

18.	Жарылыс жұмыстары кезінде сейсмостанция қауіпті аумақтан тысқары орналастырылады		
19.	Қызмет көрсететін персонал жарылыс кезеңінде қауіпті аумақтан тысқары шығарылады. Бұрғылау және жарылыс бригадаларының (немесе бұрғылау-жару бригадаларының жұмыстары) бірлескен жұмыстары кезінде жарушыдан (жарушылардан) басқалары жарактарды дайындау кезінде қауіпті аумақтан шығарылады		
20.	Жарушының рұқсатынсыз қауіпті аумақтың шегінде сейсмоқабылдаушы-лармен және сейсмоқисықтармен жұмыс жүргізуге жол бермеу		
21.	Барлық типтегі жарылмайтын көздермен жарылыстар бойынша: 1) қауіпті қатып қалған су айдындары мен батпақтарда; 2) құрғақ және шіріген ағаштар (олардың екі еселенген биіктігінен кем) маңындағы учаскелерде; 3) объекті иесінің келісімінсіз қорғаныс аумағы шегінде жұмыс істеуге жол бермеу		
22.	Жұмыс және үзіліс кезінде көтерілген сейсмикалық антенналар-камералармен, тіреу плиталарымен, шағылысушылар астында жұмыс істеуге жол берілмейді		

23.	<p>Геофизикалық жұмыстардың технологиялық регламентке сәйкестігі туралы ұнғымалардың дайындығын растау туралы актінің болуы</p>		
24.	<p>Ұңғыма аузын орналастыру ұнғыма приборларының қауіпсіз түсірілуі мен көтерілуін қамтамасыз етеді</p>		
25.	<p>Бағыттаушы блок (тартпалы ролик) немесе жердің блок балансы ұңғыма аузына қатты (болттармен, хомуттармен) бекітіледі. Оларды арқанды бұрандалармен бекітуге, ауыр заттармен қысуға жол берілмейді</p>		
26.	<p>Ілмелі блок (ролик) ұршықтасқа штроптар немесе таль блок ілмегіне артпалы сақина арқылы тікелей ілінеді. Ілмелі блоктарды қорғаныс тыстарынсыз (қапсырмалар) қолдануға болмайды</p>		
27.	<p>Ілмелі және жер үстіндегі блоктарды бекіту бөлшектерінің мықтылығы көтергіштерді іске қосу кезінде блоктардың әрбір жөндеуінен кейін және жылына 1 реттен жиі емес кез келген жағдайда тексеріледі</p>		
28.	<p>Бұрғылау трубалары арқылы жүргізілетін геофизикалық жұмыстар бұрғылау және геофизикалық ұйымдармен бірлесіп бекітілген жоспар бойынша жүргізіледі</p>		
	<p>Геофизикалық қондырғыларды электр желісімен қосатын кабельдер жерден 0,5</p>		

29.	метрден кем емес биіктікте ілінеді. Геофизикалық қондырғыларды коректендіру көздеріне қосу станцияның электр сызбасын жинауды аяқтағаннан және тексергеннен кейін жүргізіледі		
30.	Салмағы 40 килограммнан артық ұңғыма құралдарын арнайы құралдар (тасушы, белдіктер, шеңгелді қапсырғыштар) арқылы тасымалдауға жол беріледі. Осындай және ұзын өлшемді құралдарды (салмағына қарамастан 2 метрден артық) ұңғымаға түсіру және көтеру механикаландырылған әдіспен жүргізіледі		
31.	Каротажды көтергіш тұрақты тежеуішпен орнату орнында тіреуіш башмақпен (қадактармен, якорьмен) кабельді керу кезінде шығырдың максималды жүк көтеруіне тең ауысуы болмайтындай етіп белгіленеді		
32.	Жарылғыш және радиобелсенді заттары бар ұңғыма аспаптарын түсіру алдында бақылау шаблонда жүргізіледі: шаблон диаметрі ұңғыма жабдықтарының тиісті мөлшері мен салмағынан кем емес, ал ұзындығы мен салмағы – артық емес		
33.	Бұрғылау ерітіндісіне (перфорациялық сұйық) әрбір ұңғымаға арналған қабаттар үшін тиісті ашу шарттарына сәйкес келетін көрсеткіштерге геологтың және бұрғылау		

	шеберінің қолы қойылған акт жасалады		
34.	Қауіпсіздік шараларын қабылдаған жағдайда кернеулігі 36 Вольт артық электр құрылғыларын жансыздандыру аумағында пайдалануға (блоктау құрылғысын қолдану, электрлік қорғаныс класының артуы, сезімталдығы төмендеген жарылыс құралдарын қолдану) жол беріледі		
35.	Геофизикалық жұмыстар жетекшісі аттыру-жарылыс аппаратурасының іліп кетуін жоюға тартылатын бұрғылау бригадасының персоналына қауіпсіздік шаралары бойынша нұсқаулық жүргізеді		
36.	Тікұшаққа тросты немесе кабель тросты ілгіште ілінетін шығу гондолында геофизикалық аппаратураларды (гравиметрлер мәліметтерін қолданған кезде) орналастыру кезінде арнайы трос кесушілер қолданылады		
37.	Қазбалардағы тасылымдарды бақылау кезінде ескерту белгілерінің болуы		
38.	Өрлеме ұңғымаларда геофизикалық зерттеулер жүргізгенде, ұңғымалардан жыныстар бөліктерінің құлау жағдайында қауіпсіздікті қамтамасыз ететін қондырғылардың болуы		
39.	Жұмыс орындары жарықтандыру		
	Бақылау-өлшеу құралдарына ыңғайлы		

40.	бару қамтамасыз етіледі. Өлшеулерді алу үшін алаңдар жабдықталған: алаңдардың 1 метр артық биіктікте орналасқан кезінде оның 1,25 метр қоршауы болады және қоршауы бар сатылармен жабдықталған		
41.	Эрлифті және жүктеме су тартуы кезінде қолданылатын ұңғымалар арматураларын, қондырғыларын пресстеу нәтижелері бойынша актінің болуы		
42.	Ұңғымадағы су труба құбыры немесе шлангі арқылы жұмыс алаңынан тыс шығарылады		
43.	Бекітпесі ескірген құдықтардан, ұңғымалардан, ауыздары бекітілмеген шурфтар мен шахталардан тәжірибелік су тартуға жол бермеу		
44.	Ұңғыма тереңдігі 5 метр, сүзгі диаметрі 75 миллиметрден артық болғанда сүзгілерді орнату, түсіру және көтеру жүккөтергіш механизмдер арқылы іске асырылады		
45.	Электр сымдары бар жүктемелі насоспен су тарту кезінде сорғының су көтеру колоннасын құбырларға арналған тиісті құрылғылар мен қамыттарсыз орналастыруға жол бермеу		
46.	Қоректендіруші кабель су көтеру колонналарына бір-бірінен 1,5 метрден артық емес қашықтықта қапсырмалар арқылы бекітіледі; электрмен жүктелген сорғыларды іске қосу механизмдері		

	кұлыпқа жабылатын үйшіктерде немесе жайларда орналастырылады		
47.	Сорғы агрегаттарына қоректендіру желісінде (тәжірибелік құрылғының жұмыс алаңымен қатар) қажет болған жағдайда электр қондырғылардан кернеулік алынатын ортақ ажыратқыш орнатылады		
48.	Төменгі жақтағы, шурфтағы және газдың жиналуы мүмкіндігі бар орындарда газдалған ұңғымалардың ауыздары жабдыкталады; газдалатын ұңғымаларда қауіпсіздіктің ескерту белгілері қойылады		
49.	Шығыр және кран-балка қолданбай борттан тыс қандай да бір құралдарды тастауға және ұстауға жол бермеу		
50.	Ауада шығырларда бос бекітілген гидрометриялық құралдары бар қайық-тарда ауысулар орындауға жол бермеу		
51.	Гидрометриялық жұмыстар жүргізуге арналған понтондар, көпірлер биіктігі 1,25 метр қоршаулармен жабдықталған		
52.	Жер асты қазбаларында тәжірибелік жұмыстар жүргізу кезінде тәжірибелік камераның төбесіндегі тіреу бетон жастықтар 0,4 метрден кем емес тереңдікте салынатын анкерлік якорьлармен бекітіледі		
	Тәжірибелер жүргізуге арналған жұмыс жүктемесінде орнатылған гидравликалық		

53.	домкраттар жұмыс жүктемесі 25 пайыздан артық болатын жүктеме кезінде сыналады. Домкраттарды сынау оларды жөндеуден кейін жүргізіледі, бірақ жылына 1 реттен жиі болмайды		
54.	Гидроқұрылғының екі жарамды манометрі болады: біреуі насоста, ал екіншісі-жастықта немесе домкратта		
55.	Байқау бекеті және гидравликалық құрылғының авариялық жарықтандыруы болады		
56.	Тау қазбаларындағы жыныстардың қозғалу параметрлерін анықтау жөніндегі тәжірибелер жүргізу кезінде құрылғы кемінде екі бұранды домкратпен бекітіледі		
57.	Бұрандалы домкраттарды қолдана отырып, компрессионды, жылжымалы жер асты қасиеттерін анықтауға статикалық зондирлеуге жол бермеу		
58.	Бұрғылау құрылғысынан тұрғын үй және өндірістік ғимараттарға, темір және шоссе жолдарының күзет аумақтарына, инженерлік коммуникацияларға, әуе жолдарына дейінгі қашықтығы мұнара биіктігінен кем емес және оған 10 м қосылады, ал магистральды мұнай және газ құбырларына дейін қауіпсіз аумақ қашықтығынан кем болмайды		
	Бұрғылау мұнаралары болат арқандарды тартпалармен бекітіледі. Тартпалар бекітулерінің		

59.	саны, диаметрі және орны дайындаушының техникалық құжатына сәйкес келеді		
60.	Тартпалар диагональды жазықтықта жолдармен, әуе электр желілерімен, маршты сатылармен және өтпелі алаңдармен қиылыспайтындай болып орнатылады		
61.	Тартпалардың төменгі жақтары тарпа муфталар арқылы якорьға бекітіледі		
62.	Екі тартпаның бір зәкірге бекітілуіне және жалғасқан арқаннан тартпаларды орнатуға жол бермеу		
63.	Саусақтар, білге орналастыру және білге қабылдау доғасы олар сынған жағдайда құлаудан сақтандыру		
64.	Мұнара немесе діңгек биіктігімен өлшенетін ұшақтар (тікұшақтар) биіктікте ұшу мүмкіндігі бар аудандарда бұрғылау құрылғысының мұнарасы мен діңгектерде сигналды оттар болады		
65.	Бұрғылау насостарының сақтандырғыш құрылғылары сақтандыру қалқаншасы кенеттен іске қосылған кезде қабылдау ыдысына жуу сұйығы тасталатын төгу желісімен жабдықталады		
66.	Бұрғылау насостары сақтандыру қалқаншасы дайындаушының техника-лық паспортына сәйкес жинақталады		
	Жинақталған бұрғылау мұнарасын көтеру және түсіру мұнарадан оның биіктігінен 10 метр қоса алғанда қашықтықта орналасқан көтеру		

67.	шығыры, крандар немесе тракторлар арқылы жүргізіледі. Мұнаның тіреу аяқтарының негізі оларды көтеру кезінде жылжуын болдырмау үшін мықты бекітіледі. Көтеру шығырларының фрик-циалық және храпты тежеуіштері болады		
68.	Көтерілетін мұнара мұнаның құлап кетуіне кепілдік беретін сақтандыру трапымен жабдықталады		
69.	Бұрғылау мұнарасын жинау, бөлшектеу және жөндеу жүргізілетін белдеуде қалыңдығы 70 миллиметрден кем емес тақтайшадан тұтас жабулар орнатылады		
70.	Таль жүйесін жабдықтау және кронблотты алаңы жоқ мачтаның кронблоттарын жөндеу саты-баспалдақ қолдана отырып, мачта түсірілген жағдайда немесе арнайы алаңдарда жүргізіледі		
71.	Өздігінен жүретін және жылжымалы бұрғылау құрылғыларының мачталары жұмыс жағдайында бекітіледі: бұрғылау процесінде оның дөңгелектерінің жыл-жуын болдырмау үшін мықты бекітіледі		
72.	Ұңғымаларды бұрғылау жөніндегі жұмыстар ж о б а , геологиялық-техникалық наряд болған кезде бұрғылау құрылғысын монтаждау аяқталған және бұрғылау құрылғысын пайдалануға қабылдау туралы актіні рәсімдеуден кейін басталады		

73.	Бұрғылау станогының (құрылғысының) паспортына сәйкес келетін арқандар қолданылады. Талий жүйесін жабдықтағаннан кейін бақылау тұлғасы талий жүйесінің конструкциясын, арқан ұзындығын және диаметрін, сертификат номерін, дайындалу күнін және арқанның іліну күнін карау Журналына жазады		
74.	Таль арқаны шығыр барабанынан барабан конструкциясымен көзделген құрылғы арқылы бекітіледі		
75.	Арқанды көтеру құралдарымен қосу сынабекітпе арқылы және кемінде үш бұранда қысқыштар немесе арқанды құлып арқылы жүргізіледі		
76.	Арқандарды түсіру көтеру операцияларында арқанның бір тармағы үзілгенде арқанды қолдануға жол бермеу		
77.	Түсіру-көтеру операцияларын жүргізу үшін завод дайындаушылардың салалық стандарттарын қанағаттандыратын заводтарда сериялық шығарылатын жүк көтеру құрылғылары мен құралдар (элеваторлар, фарштулдар, жартылай автоматты элеваторлар, ұршықтас-тығындар, құрылғылар мен құралдар) қолданылады		
78.	Сорғыларды тығыздау және байламдау нәтижежелері актісінің болуы		

79.	Құбыршектерді сорғымен , тығыздамамен және өзара сымдар, істіктер және қапсырмалар арқылы қосуға болмайды		
80.	Мұнара саусақтарына орнатылмаған бітелерді қалдыруға болмайды		
81.	Қабылдау көпірінен бұрғылау, бағаналы және орама құбырларды көтеруге және оларды секундына 1,5 метрден артық болатын элеватор қозғалысының жылдамдығында түсіру		
82.	Көлденең ұңғымаларды бұрғылау кезінде жетекші құбыр барлық ұзындығы бойынша қоршалады		
83.	Бұрғылау құбырларын сазды ерітінділерден тазарту құралдармен көтеру кезінде жүргізіледі		
84.	Бұрғылау құбырларының бітелері ұзындығындағы айырмашылық 0,5 метрден артық емес жол беріледі, бұл жағдайда бітелердің минимальды ұзындығы жұмыс алаңының едені деңгейінен 1,2 метрге кем емес, ал бітелердің максимальды ұзындығы- 1,7 метрден артық болмайды		
85.	Жартылай автоматты элеваторларды пайдалану кезінде: 1) элеваторды ұршықтас-амортизаторға ілу; 2) периметрі бойынша металл борттары бар биіктігі 350 миллиметрден кем емес білте қоятын тұғырларды қолдану;		

	3) элеваторды білте бойынша көтеру кезінде машинист білті тұғырынан 1 метрден кем емес қашықтықта болады		
86.	Құбыр бұруды басқару батырмасы айырмамен басқару батырмасының бір уақытта жұмыс істеу мүмкіндігі болмайтындай етіп орнатылады		
87.	Алынбалы керн қабылдаушымен бұрғылауға арналған труба ұстаушымен жұмыс істеу кезінде: 1) бұрғылау трубаларын қысу үшін құбыр диаметріне тең желкендер қолданылады; 2) құбыр бағаналарын қысу ол толық тоқтағаннан кейін іске асырылады; 3) бұрғылау бағанасының қозғалысы ашық құбыр ұстаушы кезінде іске асырылады; 4) бағаналы бытырасын ұңғымадан көтеру алдында және бұрғылау алдында желкендер қалқаншасы алынады. Құбыр ұстау тепкішегін аяқпен ұстауға болмайды және бұрғылау бағанасы қозғалу кезінде ұңғыма аузынан тікелей жақын жерде тұруға болмайды		
88.	Ауа құбырларында бұрғылау құрылғысының шегінде ауа қысымын көрсететін манометр, ұңғымаға ауа берілуін реттейтін бұранда және қауіпсіз аумаққа ауа жіберетін сақтандырғыш қалқанша орнатылады		
	Ұңғымаларды көбік қолдану арқылы бұрғылау кезінде бұрғылау трубаларының колонналары сыртқы		

89.	жағына қарағанда муфты мен құлыпты қосулардан оңай ажыратылатын кері қалқаншалармен жабдықталады		
90.	Кері қалқаншалар құралдар арқылы бұрап алуға дейін түсіру көтеру операцияларын жүргізу уақытында колоннадағы қысым төмендетіледі		
91.	Қоқыстар мен әзирленген сұйықтарды шығаруға арналған трубалар желдетілген жағынан орналастырылады және ұзындығы 15 метрден кем болмайды. Қоқысталған ауаны атмосфераға тікелей шығаруға жол берілмейді		
92.	Ауа құбыры 10 минут ұстала отырып, бір жарым қысымда тығыздалады		
93.	Науашық пен бұрғылау снарядын ұнғымаға түсу кезінде бағыттау үшін, тербелістен ұстау үшін және басқа жаққа қарай тасымалдау үшін тасталатын тастама ілмектер қолданылады		
94.	Шаю жүйесін, механикалық ақаулары бар жеңдерді пайдалануға немесе оқ тізерлерге қатысты жеңдердің жасалу учаскелерінің қозғалуына жол бермеу		
95.	Станоктарды ауыстыру кезінде, мачталарды көтеру және түсіру кезінде айналдырғыш төменгі соңғы жағдайда бекітіледі		
	Ұнғымаларды бұрғылау жүргізіледі:		

96.	1) бағыттаушы құрылғыларды пайдалана отырып; 2) шнек пен шпindelдің осі бойынша тексерілуінен кейін		
97.	Көтеру кезінде немесе бұрғылау процесінде өсіру кезінде шнектерді ажырату оларды вилкаға немесе кілт-қапсырмаға отырғызғаннан кейін жүргізіледі		
98.	Дірілдеткіш электр двигателі жеке рубильник арқылы қосылады		
99.	Дірілдеткішті ілмекпен және көтеру жүйесінің элеваторымен қосылуының мықты жабылатын құрылғысы болады		
100.	Дірілді құрылғы бағыттаушы құрылғымен жабдықталған		
101.	Бұрғылау ұштарын көтергеннен кейін оны жыныстардан тазарту үшін шурф ауызы мықты щитпен жабылады		
102.	Жобалық диаметр бойынша шурфты алғашқы рет тереңдеткеннен кейін ауыздардың құлауынан сақтау үшін тіреу плитасы орнатылады		
103.	Бұрғылау жұмыстары аяқталғаннан кейін жұмыстағы үзілістер кезінде шурф ауыздары тіреу плитасына бекітілген щитпен жабылады		
104.	Шурф алаңы таза ұсталады және рифленген қатты жабуы болады		
	Қазбалар қабырғалары мен қондырғылар арасындағы өтетін		

105.	<p>орындардың қауіпсіз енін жобаға сәйкес қамтамасыз етуі тиіс және мыналардан кем емес құрайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) қозғалмайтын детальдар жағынан 0,7 метрден; 2) қозғалатын детальдар жағынан 1 метрден; 3) бұрғылау бригадасының орналасу жағынан 1,8 метрден 		
106.	<p>Бұрғылау механизмдері және қондырғыларды олар камерадан және қуыстан шықпайтындай етіп қолданыс-тағы тау-кен қазбаларына орнату</p>		
107.	<p>Камерадан (қуыстан) шығатын жерден екі жағынан бірдей 40 метр қашықтықта бұрғылау агрегаты орнатылған орында механикалық көлігі қазбаларға жолда адамдардың болуы туралы ескерту белгілері орнатылады. Камерадан (қуыс) шығу жолдары жарықтандырылады</p>		
108.	<p>Мұнаралардағы сатылар 80 градустан артық емес еңіспен орнатылады және сөрелерде саңылаулар үстінен орнатылмайды; сатылар ұштары сөрелерге мықты бекітіледі. Бұл жағдайда:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) люктердің еркін мөлшерлері 0,6x0,7 метр; 2) сатылар негізінен тіке қазбалар біреуіне дейінгі ең кіші қашықтық 0,6 метрді құрайды; 3) сатылық сөрелер арасындағы қашықтық 6 м артық, сатылар ені 0,6 метрден кем және баспалдақтар арасындағы қашықтық 0,3 метрден артық болмайды 		

109.	Жоғарыға бағытталған ұңғымаларды, су ағыны едәуір келетін ұңғымаларды бұрғылау кезінде ұңғыма ауыздарын су ағынын су төгу арналарына бағыттайтын герметизацияланған құрылғымен жабдықтау		
110.	Ұңғымаларды бұрғылау үшін камераның жұмыс алаңдарын бөгде заттармен толтыруға жол бермеу		
111.	Ауа тазалығын қамтамасыз ететін ауамен үрлеу арқылы бұрғылау кезінде бұрғылау құрылғысында тозаң аулау және тозаң салудың қажетті құралдарының болуы		
112.	<p>Жүзбелі құрылғыларды ұңғымаларды бұрғылау кезінде келесі талаптарды қадағалау:</p> <p>1) жағалауға шығуға арналған арқандардың б еселіктен кем емес мықтылық қоры болады;</p> <p>2) құрылғыларды шығыр арқылы жылжыту кезінде тартылғын тізбектер және арқандар оқпанында шығыр барабанынан 1 метр жақын жерде болуға жол берілмейді;</p> <p>3) құрылғылар жағаға шығарылады, тізбектерде құрылғының тиісті жүк көтеру зәкірлері болады. Жағаға шығару зәкірінің жүк салу орнында қалтқылар орнатылады;</p> <p>4) жүзу негіздерінің жүк көтергіштігі қондырғыларға қолданылатын жұмыстар шарттарына сай келеді;</p> <p>5) жүзу құралдарынан бұрғылау кезінде жем</p>		

	<p>немесе мұрынында мөлшері 2,5x2,5 метрден кем емес жұмыс алаңы орнатылады</p>		
<p>113.</p>	<p>Табан жанындағы қозғалмайтын құрылғылардан ұңғымаларды бұрғылау кезінде:</p> <p>1) құрылғының жұмыс алаңы мүмкін толқынның биіктігінен 0,5 метрден кем емес биіктікте артық биіктікте су үстінде орнатылады;</p> <p>2) тіреу құрылғысынан бұрғылау кезінде негіздің биіктігі мен ені (ұзындығы) арасындағы арақатынас 1:1 кем болмайды.</p> <p>2 метр артық тереңдікте олардың негіздеріне жүктеме беріле отырып, тіреулер орнатылады. Ағын жылдамдығы секундына 2,5 метр артық өзендерде, теңіздермен үлкен көлдерде тіреулер якорлармен, ал жағалауға жақын жерде жағалаудағы арқандармен тербеледі. Тіреулердің жұмсақ жер астына батып кетуінің алдын алу үшін жастықтарды немесе тіреуіш айқыш-ұйқыш бекітіледі;</p> <p>3) тіреуіш гидротехникалық ғимараттарды су деңгейі күрт өзгертін (су ағып келуі немесе штормдық ауа райы салдары) су айдындарында тіреуіш құрылғыларын орнату кезінде олар якорларды тартпалармен бекітіледі;</p> <p>4) бағандардан бұрғылау кезінде соңғылары су айдынының табанына толық кусталармен</p>		

	салады және оларды өзара мықты бекітеді		
114.	Дірілдетуге қарсы майлау және майлау құрамына енгізілетін жанар-жағар материалдарды бұрғылау құрылғысынан 50 метрден кем емес қашықтықта және дайындау орындарында және майларды қыздыру орындарында сақтау		
115.	Жуу ерітіндісін дайындауға арналған алаңда өз көлемі жағынан қондырғыларға ыңғайлы қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін, қалыңдығы 40 миллиметр тақтайдан жасалған еңісті мықты төсеменің болуы		
116.	Саз араластырғыштың 1,0 метр биіктікте орналасқан люк маңында ені 1 метрден кем емес қоршауы және оларға баратын траптары бар көпіршелер орнатылады. Траптардың ені 1,5 метрден кем емес болады, көлденең планкалар бір-бірінен 0,25 метр қашықтықта және еңіс орналасуы 30 градустан артық емес сырғанауға қарсы орналасады		
117.	Саз араластырғыштың люктері тіреуішті торлармен жабылады. Торлар ұяшықтарының көлемдері 0,15x0,15 метрден артық болмайды		
118.	Сыйымдылығы 2 метр куб және одан да жоғары саз араластырғыштарды пайдалану, өнімділігі тәулігіне 25 метр кубтан артық жуу ерітінділерін дайындауға арналған құрылғыларды пайдалану кезінде бастапқы материалдарды тиеу механизацияланған		

119.	Саз араластырғышты жөндеуге тоқтату кезінде саз араластырғыш шкифінен беру белдіктерін шешіп, ал іске қосу құрылғыларында: "Қоспа-адамдар жұмыс істеуде" плакаты ілінеді		
120.	Саз ерітіндісі мен судың жер қоймалары (амбарлар) барлық периметр бойынша биіктігі 1 метрден кем емес қоршалады немесе төсеулермен жабылады		
121.	Цементтеу жөніндегі жұмыстарды бастауға дейін цементтеу агрегаттарын, құю бастарын, манифольды опрессовкалау максимальды қысымда жобаға және ЖҰЖ сәйкес жүргізіледі, сақтандыру қалқаншалары мен манометрлер жарамдылығы тексеріледі. Құю бастары бұрандамен және манометрмен жабдықталады		
122.	Бұрғылау құрылғысы немесе көтергіш ұңғыма өзегі бойынша ортаға бағытталады		
123.	Қиябет бұрышы 30 градустан артық беткейлерде борт бекітуі беткей шыңына қарық (ор) деңгейінен 0,5 метрден кем емес шығарылады		
124.	Жыныстары ауысатын қазбаларды тереңдігі 2,5 метр артық үңгілеу кезінде ені 0,5 метр кем емес берма қалады		
	Жыныстары ауысатын қазбаларды үңгілеу кезінде сөрелер орнату		

125.	орындарындағы бекіту күшейтіліп, сөрелердің өзі биіктігі 0,15 метрден кем емес тақтайлардан жасалған борттармен қоршалады		
126.	Адамдарды тереңдігі 1,5 метрден артық тау-кен қазбаларына сатылар, қоршаулары траптар немесе сусымалы түсірім арқылы түсіруге жол беріледі		
127.	Қиябет шетінен тау-кен үңгілеу, бұрғылау және жер қазу-көлік қондырғыларының дөңгелегіне дейінгі ең аз шекті қашықтық ЖҰЖ және технологиялық регламенте болады		
128.	Сынамаларды 2 метрден артық биіктікте таңдау сатылармен және қоршаулармен жабдықталған көпірлерден жүргізіледі. Ілмелі люлкалар тежеуіш құрылғысымен жабдықталған шығыр арқанына бекітіледі		
129.	Үлкен жарлардан өткен қазбаларда сынамалар алу кезінде қазбалардың беткейлері мен борттарынан жыныстар бөліктерінің түсуінен қорғану жөніндегі шаралар (қорғаныс барьерлер, қорғау щиттері) қабылданады		
130.	Тас құлау, жар және қар кәріздері, жар үйінділерімен, қабырғалары әлсіз тұрақты тар шатқалдар мен ілініп қалған шойтастармен зақымданған учаскелерден сынама алуға жол бермеу		

131.	Су кемерінен төмен сынама алу дистанциялық сынама алу және сынама жинауды қамтамасыз ететін құрал-жабдықтар, инструменттер немесе механизмдерді қолдана отырып жүргізіледі		
132.	Тіке қазбалардан сынамалар алу кезінде жол берілмейді: 1) қабырғалар мен кенжарларды бір уақытта сынама алуға; 2) қауғаларды түсіру және көтеруге; 3) сынама алу орнынан төмен орында адамдардың болуына		
133.	Кен түсіру люктері немесе оқпан маңынан сынама алу кезінде соңғысы щиттермен немесе тактайлармен жабылады		
134.	Төбеде сынама алу кезінде сынама алушыдан 2 метрге жақындықта болуға жол берілмейді		
135.	Үңгілеу циклінің (бұрғылау және шпурларды зарядтау, жыныстарды жинау), негізгі операцияларымен бірге қазбалар кенжарларында сынама алуға жол берілмейді		
136.	Улы газдар бөлетін байыту фабрикалары мен үйінділердің эфельді өрістерін сынама алу бойынша жобаның болуы		
137.	Құлау қаупі бар үйінділер беткейлерінде сынама алу жөнінде жұмыс істеушілер үстінен ілініп қалған		

	жыныстар бөлшектері мен шойтастары алынып тасталады		
138.	Егер үздіксіз алу қолданылатын қондырғының конструкциясы бойынша көзделмеген жағдайда, станоктың жұмыс істеу кезінде колонкалы бұрғылауда сынама алушыны орнату және алуға жол берілмейді		
139.	Сынамаларды механикалық өңдеуге арналған ғимараттар қиылысқан тартпалы желдеткіштермен қамтамасыз етіледі		
140.	Сынамаларды кептіру желдеткішпен жабдықталған жекелеген ғимараттарда жүргізіледі.		
141.	Тозаң пайда болу ошақтарының нақ үстінде жеке тартпа немесе тозаң жұтатын құрылғылар орнатылады		
142.	Сынамаларды өңдеуге арналған орындар жергілікті бүйірлі тозаң сорғыштармен жабдықталады		
143.	Токсикалық заттары бар сынамалармен жұмыс істеу және токсикалық заттар сынамаларын өңдеу кезінде тартпа желдеткішімен жабдықталған мөлдір бокстар пайдаланылады		
144.	Сынамаларды өңдеуге арналған ғимараттарда құрамында зиянды заттары бар сынамаларды сақтауға жол берілмейді		
145.	Ұсату-үгіту қондырғыларында жұмыс бөлшектерін тазарту, түсіру саңылауларының енін реттеу және алынған тозаң аулаушы		

	құрылғылар кезінде қосылу мүмкіндігін болдырмайтын блокировкалаушы құрылғы көзделеді		
146.	Тас кесуші (кern кесуші) станоктар қызмет көрсетуші құрамды өңделетін жыныстардың су пульпасынан және ұшындыларынан қорғайтын мөлдір экранмен жабдыкталады		
147.	Салмағы бірнеше тонна болатын сынамаларды ірі бөлшектермен бірге өңдеу қорғаныс борттарымен қоршалған алаңдарда жүргізіледі		
148.	Сынамаларды қолмен ұсату және сүрту жабық орындарда жүргізіледі		
149.	Ұсатылған сынамаларды қолмен себелеу қақпақтармен тығыз жабылатын илеуіштермен жүргізіледі		
150.	Құрамында минералдар бар, қыздыру кезінде зиянды заттар және сынапты амальгамдар (арсенопирит, галенит, пирит) бөлетін сынамаларды өңдеу концентраттары мен өнімдерін кептіру жеке ғимаратта кептіру жәшіктерінде, пештерде және тартпа желдеткіштермен жабдықталған құрылғылармен жүргізіледі		
151.	Ауамен жарылыс қауіпті қосындылар құрайтын жанатын сұйықтармен, жанатын тозаңдар және газдармен жұмыс істеу кезінде зертхана ғимараттарында электр		

	қондырғылары жарылыс қауіпті орындауда қолданылады		
152.	Химиялық заттары бар ыдыстардың тиісті этикеткалары болады. Улы заттары бар банкілерге "У" жазуы жазылады		
153.	Қорытпаларды құймақалыптарға құю орындары қосымша сорғыштармен жабдықталады, ал мырышты қорытпаларды қорғасынсыздау тартпа желдеткіштері қосылған жағдайда жүргізіледі		
154.	Жұмыс орындарында қышқылдар, сілтілер және ыстық сұйықтарды ауысымдағы нормадан артық сақтауға жол берілмейді		
155.	Өңдеу станогында сорғы желдеткіштің болуы		
156.	Өңдеуіштерді дайындау кезінде жыныстарды цементтеу, бальзамдарды қайнату тетіктері жабық тартпа жәшіктерде жүргізіледі		
157.	Зиянды және улы газдар мен булар шығарумен байланысты жұмыстар тартпа жәшіктерінде жүргізіледі		
158.	Зиянды заттар салынатын ғимараттар үздіксіз жұмыс істейтін қиылысқан-тартпа желдеткішпен қамтамасыз етіледі		
159.	Сынамаларды өңдеу қиылысқан тартпа желдеткішпен, 16-18 градус Цельсиядан артық емес температурада тартпа жәшіктерімен қамтамасыз етілген жабдықталған ғимараттарда жүргізіледі		

160.	Ғимараттардың қабырғалары, төбелері, терезелері, есіктері табиғи олифтегі ашық түсті майлы сырлармен сырланған, едені жағулар арқылы желімделетін тегіс линолеуммен жабылады, тігістері мұқият бекітіледі		
161.	Ғимараттардағы едендерде, қабырғаларда, есіктерде, терезелерде сынап тамшылары қалып қоятын саңылаулардың болмауы		
162.	Жұмыс үстелдері, жәшіктер, орындардың беттері тегіс, майлы сырмен боялған және еденнен 20 сантиметрден төмен емес бос кеңістікті сақтай отырып, олардың астындағы едендерді жинау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін аяқтарымен орналастырылады		
163.	Үстелдердің және тартпа жәшіктерінің жұмыс беттері шамалы көтерілген борттары болады, шамалы көтерілген борттарды көтере отырып, бетті төменгі жақтарына бекітілетін, линолеуммен жабады. Төгілген сынап ағыны үшін сынапқа арналған құрылғы үшін құрал жабдықтар орнатылатын патрубклары бар саңылаулары көзделеді		
164.	Технологиялық, кәріздік және су трубақұбырлары максимальды жасырылған және мүмкіндігіне қарай ғимараттан тыс орналасқан; кабельдер трубаларда салынған, жарықтандыру сымдары		

	жасырын немесе роликтердегі немесе оқшаулардағы винилді жабудағы сымдарды қолдана отырып орындалады		
165.	Сынамаларды өңдеуге арналған ғимараттарда қиылысқан тартпа желдеткіштері жұмыстар жүргізуге дейін 30 минут бұрын қосылады және олар аяқталғаннан кейін осы уақыт аралығында сөндірілмейді		
166.	Жылына 2 реттен жиі емес мерзімде ғимараттағы ауада сынаптың болуын талдау актілерінің болуы		
167.	Сынап қоры қоймаларда және өндірістік ғимараттарда амортизацияланған қорапта металл табандарда орнатылған аузы бұралып тығындалатын болат баллондарда немесе вакуумды жабылған герметикалық тығынды темір ыдыстарда сақталады		
168.	Төменгі жағында бұранда орналасқан баллонға сынап салынады. Егер көрсетілген конструкциядағы баллондар болмаған жағдайда, сынапты басқа ыдысқа құюға ыңғайлы еңісті қамтамасыз ететін құрылғыға салынған және бекітілген ыдысқа құйылады		
169.	Сынап тартпа жәшігінде сейфте, сынбайтын ыдыста немесе металл т а б а н д ы амортизацияланған қорапта орнатылған		

	жұмыс жүргізуге қажетті мөлшерде шыны ыдыста сақталады		
170.	Сынапты шағын көлемде (20-30 миллилитр) зертханалық жәшіктерде сақтауға болады.		
171.	Сынапты қайнату (булау) ауа қозғалысының жылдамдығы секундына 1 метрден кем емес кезінде тартпа жәшіктерінде жүргізіледі және құмды моншада 50 пайыз азот қышқылы ерітіндісінде шыны ыдыста аздап қыздыра отырып жүргізіледі		
172.	Буға ұқсас сынаптар бөлетін технологиялық қондырғылар сынап буларын олардың пайда болған жерінде аулау жөніндегі сорғыштармен және агрегаттармен қамтамасыз етіледі		
173.	Құбырлардың еңісі, ал фланцты қосулардың тысы болады		
174.	Құрамында сынабы бар ерітінділерді немесе қоспаларды беретін орталықты сальниктер астынан сынапқа және ауыстырылатын материалдар ерітінділеріне төзімді материалдардан жасалған табандар орнату		
175.	Сынап буы бөлінуі мүмкін ғимараттарда орнатылатын электрдівигательдер нитроэмальды құраммен өңделген тығыз жабысқан металл тыстармен жабылады		
176.	Сынап-майлы насостардан шығатын орындарды фильтр-жұтушыларды тазартады		

177.	Оңтүстікке немесе оңтүстік-шығысқа бағытталған есіктер, өтетін орындар, терезе оймалары маңында, эмальданған табандарда бекітілген сынаппен толтырылған приборларды жылыту приборлары мен қыздыру беттері маңында орналастыруға жол берілмейді		
178.	Сынаппен жұмыс істеу кезінде жуан химиялық ыдыстарды немесе сынбайтын шыныдан жасалған ыдыстар қолданылады		
179.	Спектрлі зертханада спектрлерді (доға, ұшқын, жалын) қоздыратын әрбір көздері жану өнімдерінің толық жойылуын қамтамасыз ететін сорғыш құрылғылармен жабдықталады		
180.	Электродтарды қайрау үшін станоктарды тозақ жұтушы құрылғылармен жабдықтау		
181.	Спектральды прибор таяныш астындағы стол қақпағы табақшалы әкпен немесе отқа төзімді материалмен тігіледі		
182.	Рентген құрылғылары жеке ғимараттарда орналастырылады		
183.	Арнайы бөлінген ғимараттарда құрылғыларды орналастыру: 1) құрылғылар арасындағы өтетін орындар ені 1,5 метрден кем емес; 2) ғимараттар көлемдері құрылғылардан бос		

	аумақтар жалпы алаңның жартысынан кем емес құрамын құрайды		
184.	Едендер оқшауланған материалдардан (ағаш, линолеум немесе ағаш төселім бойынша полихлоридті жабулар) орындалады		
185.	Рентген лабораториялары құрылғының қоректендіру желісінен бөлек электр жарықтарымен қамтамасыз етіледі		
186.	Жоғары вольтты сымдар сымдарға және клеммаларға тиюі толық жойылатындай етіп орналастырады. Блокировкалау құрылғылары аптасына бір реттен жиі емес тексеріледі		
187.	Рентген камераларын орнату немесе рентген спектрометрлерінде кассеталарды орнату кезінде қызмет көрсетуші қызметкер тікелей шағылысу әсері трубкасының алдында тұруға жол берілмейді		
188.	Түтікшелерді тексеру кезінде жұмыс режимі құрылғысының барлық түтікшелері мырышпен жабылады. 50 килоВольтқа дейінгі жұмыс кернеулігі кезінде мырыш табақшалары 1 миллиметрден кем емес; 100 килоВольт-2 миллиметр; 150 килоВольт-3 миллиметр болады		
189.	Ағын іздеуіштің торын және электронографты суыту үшін сұйық азот қолданылады. Сұйық оттегін қолдануға жол берілмейді		

190.	Барлық формалы вакуумды сорғылардың дауысы оқшауланады		
191.	Сынап буларын жою үшін форвакуумды насостарда шығарғыш келте құбырлардың болуы		
192.	Дардың шыны ыдыстары шүберектен немесе жұмсақ сым сеткалардан жасалған тыстарға салынады		
193.	Масс-спектрометрдің барлық бағандары жерге қосылады		
194.	Шлихоминералогиялық және петрографиялық анализдерге (ауыр сұйықтармен жұмыс істеу, сынамаларды алдын ала химиялық өңдеу, механикалық анализ) дайындалу операциялары қиылысқан тартпа желдеткіштерімен жабдықталған жеке ғимараттарда орындалады.		
195.	Органикалық сұйықтар (эфир, спирт, бензин, бензол) жабық металл жәшіктерде сақталады. Олармен жұмыс істеу жанып тұрған газ оттықтары мен қыздыру приборларынан алыс орында тартпа жәшіктерінде жүргізіледі		
196.	Ерітінділер тығындалатын шыны бөтелкелерде сақталады. Химикаттар ерітінділері бар ыдыстардың тиісті этикеткалары болады.		
	Шыныларды қышқылдармен жуу, аммиак қара түрімен қаралануы, сульфат ерітіндісіне күкірт қышқылын қосу, дақтарды күкіртті натрий		

197.	ерітіндісіндегі түр сериясына бояу, күшті қышқылдар мен сілтілердің суда еруі, фиксаждың таңдалған күміс ерітінділерімен отырғызу тартпа жәшіктерде орындалады		
198.	Ұсату, үгіту, соққылау және классификациялау, гравитациялау, магнитті және электр сепарациялау, флотациялау бөлімшелері жалпы алмасу қиылысқан тартпа желдеткішімен және тозаңданушы агрегаттардың жергілікті сорғыштармен жабдықталған әртүрлі ғимараттарында орналастырылады		
199.	Ұсату және гравитация бөлімшелеріндегі едендердің 4-5 градус еңісі болады		
200.	Қондырғылар жанындағы сырғанаудың алдын алу үшін рифленген резина жолдары немесе ағаш төселімдер салынады		
201.	Магниттік сепаратор жұмыс істеу кезінде оған металл заттарды жақындатуға және оның параметрлерін өлшеуге жол берілмейді		
202.	Автоклавтарда қысыммен жұмыс істеді тартпа желдеткішімен жаратандырылған жабдықталған ғимаратта жүргізу		
203.	Сынамалы зертхана ғимараты максималды сорғышты және қалыпты ауа алмасуды қамтамасыз ететін қиылысқан тартпа желдеткішпен жабдықталады		
	Жыныстарды соққыға сынау кезінде қорғаныс		

204.	қоршаулары қолданылады		
205.	Қоймалар ғимараттарының жекелеген қабырғалары, едендері және төбелері химиялық әсерлерге төзімді және жууға ыңғайлы		

Лауазымды адам (-дар) _____

лауазымы

ҚОЛЫ

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бақылау және қадағалау субъектісінің басшысы _____

лауазымы

ҚОЛЫ

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы
 Ұлттық экономика министрінің м.а.
 2022 жылғы 30 қарашадағы № 102 мен
 Қазақстан Республикасы
 Төтенше жағдайлар министрі
 2022 жылғы 30 қарашадағы
 № 260 бірлескен бұйрығына
 18-қосымша
 Қазақстан Республикасы
 Инвестициялар және даму
 министрінің
 2015 жылғы 15 желтоқсандағы
 № 1206
 және Қазақстан Республикасы
 Ұлттық экономика министрінің
 2015 жылғы 28 желтоқсандағы
 № 814 бірлескен бұйрығына
 18-қосымша

Өсімдік шикізатын сақтайтын және қайта өңдейтін қауіпті өндірістік объектілерге қатысты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау аясындағы тексеру парағы

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган _____

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды

тағайындау туралы акт _____

№, күні

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі),
бизнес- сәйкестендіру нөмірі _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1-кіші бөлім. Жалпы ережелер			
1.	Өндірістік жайларды әрлеу мен оларды жабдықтаудың түсті қаптамасы (бояуы) ақшыл реңдермен жүргізіледі		
2-кіші бөлім. Автомобиль жолдарына қойылатын талаптар			
2.	Астық зауыттары мен м а к а р о н фабрикаларының аумағында кемінде екі кіру жолы (шығу жолы) көзделеді, олардың біреуі қосалқы болып табылады		
	Кіру жолына (шығу жолына) арналған қақпа механикаландырылған, олардың өздігінен ашылу және жабылу мүмкіндігін реттейтін тиек құрылғылары болады, көліктің қозғалысы		

3.	<p>туралы ескертетін дыбыстық дабылмен жаракталады.</p> <p>Ұйым аумағына кіретін автомобиль жолдары қақпаларының ені автомобилдердің ең үлкен ені бойынша плюс 1,5 метр, бірақ 4,5 метрден кем емес, ал теміржол өту жолдарына арналған қақпалардың ені 4,9 метрден кем емес</p>		
4.	<p>Автомобиль көлігінің кәсіпорын аумағына өтуі үшін қатты жабынды жолдар болуы тиіс. Өту жолдарының ені бір жақты қозғалыс кезінде - 3,5 метрден, екі жақты қозғалыс кезінде - 6 метрден кем емес. Рельс бастарының деңгейімен төселген автомобиль жолдарының қиылысы мен жолдарына тұтас төсемдер орнатылуы. Жүргінші жолдарының ені 1 метрден кем емес.</p>		
5.	<p>Ауыр жүк таситын көліктерге арналған айналып шығатын жолдар немесе айналым аландары болуы тиіс.</p> <p>Ыдыстағы жүкті түсіру үшін қойма үй-жайларының еденімен бір деңгейде биіктігі 1,2 метрлік рампа құрылғысы қарастырылады</p>		
6.	<p>Сұйық қосалқы шикізатты қоймаға қабылдауға арналған қабылдау келте құбырлары жабық және аспалы күйде орнатылады</p>		
3-кіші бөлім. Аумақты ұстауға қойылатын талаптар			
	<p>Өнім мен қалдықтарды ыдыссыз тиеу, түсіру кезінде аумақтың шаңдануының алдын</p>		

7.	<p>алатын құрылғылардың болуы.</p> <p>Темір жол және автомобиль көлігінен астықты, ұнды, құрама жемді және ұн шикізаты мен дайын өнімнің басқа да түрлерін қабылдау және босату кезінде аумақтардың тозаңдануын болдырмайтын құрылғылардың болуы</p>		
4-кіші бөлім. Өндірістік және қойма ғимараттарында өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын талаптар: жалпы тәртібі			
8.	<p>Өндірістік үй-жайлардың қабырғаларының, төбелерінің, көтергіш құрылымдарының, есіктерінің, едендерінің ішкі қабаты, өндірістік ғимараттарға жапсарлас сүрлемдер мен бункерлердің қабырғаларының ішкі қабаттары шығыңқы бөліктерсіз, ойыссыз болып және оларды оңай тазалауға мүмкіндік беру керек</p>		
9.	<p>Терезе орындарының құрылғылары терезелерді тікелей үй-жайдан сүрту және сыртқы қабатын жөндеу мүмкіндігін қамтамасыз етеді</p>		
10.	<p>Дайын өнімді қаптауға арналған үй-жайлар басқа өндірістік және қойма үй-жайлардан окшау болады</p>		
11.	<p>Микроэлементтерді, витаминдерді, ферменттерді және басқа да қоспаларды сақтауға арналған орындар негізгі өндірістік үй-жайлардан окшауланады. Байыту қоспалары дайындалатын үй-жайларда ағынды-сору желдеткіші болады, қабырғалары суға төзімді материалмен</p>		

	қапалады. Суспензиялар дайындауға арналған, жүгері тұқымдарын ыдысқа салуға арналған үй-жайлар қалған үй-жайлардан оқшауланады және ағынды-сору желдеткіші болады		
12.	Тұқымдарды ыдысқа салуға арналған химикаттар бөлек оқшауланған үй-жайда сақталады		
13.	Жертөле және жартылай жертөле үй-жайларында негізгі өндірістерді орналастыруға болмайды		
14.	Едендердің жабыны тегіс, төзімді болады. Бұл ретте тозаңды өндіріс үй-жайларында жабынды оңай жинау түрі қарастырылады		
15.	Ылғалды үрдістер жүргізілетін өндірістік үй-жайлардың едендері суға төзімді болады		
16.	Қышқылдар, сілтілер немесе басқа да агрессивті сұйықтықтар қолданылатын үй-жайлар едендері (ашытқы бөлімшесі, ыдыстарды, қалыптарды жууға, жуатын ерітінділерді дайындауға арналған үй-жайлар, зарядтау станциясы және т.б.) осы заттардың әсер етуіне төзімді материалдардан жасалады және ағысқа арналған ылдиы болады		
5-кіші бөлім. Көлденең және көлбеу едендері бар және аэро науалармен жабдықталған еденде сақтау қоймаларына қойылатын талаптар			
17.	Қоймаларды астықпен толтыру биіктігі қойма қабырғаларында қойманың тұтас периметрі бойынша		

	ескерту жазулары бар тұтас сызықпен көрсетіледі		
18.	Ыдыспен жүк тиеу қоймасының ғимаратында сыртқы жағынан бірінші қабатта аккумуляторлық тиегіштерге арналған зарядтау станциясын орналастыруға рұқсат етіледі		
19.	Сыртқы қабырғаларда терезелерді орналастыруға және зарядтау станциясының үй-жайының үстінен желдету үшін сыртқы ауа алуға рұқсат етілмейді		
20.	Едендері тегіс, оның ішінде аэро науалармен жабдықталған механикаландырылған астық қоймаларында олардың ортасы бойымен конвейерге шығыңқы тесіктерінің үстінен жұмысшыларды шүмекті керуден сақтандыратын тігінен бағандар орнатылады		
21.	Астық өздігінен ағып шығатын әрбір механикаландырылған қоймада қойманың сыртынан "тоқта" деген кемінде екі түйме орнатылады		
22.	Ұн салынған қаптар тігінен орналастыру тәртібін сақтаған кезде стеллаждарға немесе тұғырларға салынуы қажет		
23.	Жәшіктер қатарлап орналастырылады. Бөшкелер әр қатардың арасында тақтайлар төсеп, кесілген пирамида түрінде орналастырылады. Қатарлардың сырғуын		

	болдырмау үшін шеткі бөшкелер сыналанады.		
24.	<p>Өнімді ыдыста сақтау кезінде қатарлардың арасында ені 1,25 метрден кем болмайтын өту жолдары қарастырылады, қатарлардан бастап қабырғаларға дейінгі қашықтық - 0,7 метрден аз емес.</p> <p>Қатарлардың үстінен бастап далдаларға немесе тұрақты құрылымдардың шығыңқы бөліктерінің астына дейінгі қашықтық 0,5 метрден кем емес</p>		
25.	<p>Қышқылдарды, сілтілерді және өзге де агрессивті заттарды сақтауға арналған қойма үй-жайларында сақталатын заттар көрсетілген ескерту жазулары ілінеді.</p> <p>Қоймада төгілген қышқылдар мен сілтілерді бейтараптандыруға арналған құралдардың қоры болады</p>		
6-кіші бөлім. Сүрлемдер мен бункерлерге қойылатын талаптар			
26.	Сүрлемдер мен бункерлер құлыпқа салынатын сақтандыру торлары бар, тығыз жабылатын тиеу және тар люктерді орнатып, тұтас далдамен жабылады		
27.	Сүрлемдердің ішкі қабаттарын қаптау сусымалы материалдың жақсылап ағуына ықпал етеді		
28.	Астық пен өзге де өнім сақталатын сүрлемдер мен бункерлердің температурасын тексеру тұрақты немесе жылжымалы қондырғылармен жүзеге		

	асырылады. Осы мақсатта адамдарды сүрлемдер мен бункерлерге түсіруге болмайды		
29.	Ыдыссыз сақтауға арналған жапсарлас бункерлер мен ғимараттардың қабырғаларының арасы 0,7 метрден кем болмауы керек		
30.	Сүрлемдердің, бункерлердің және басқа да құрылғылардың барлық лаз және тиеу люктері олардың орналасу орнына карамастан, қақпақтардан басқа ұяшық өлшемі 250x75 миллиметрден аспайтын металл торлары болады. Люктердің торларын үй-жайдың еден қабатынан 60 миллиметр астам тереңдетуге болады		
7-кіші бөлім. Жертөле үй-жайлары, тоннельдер, галереялар мен алаңдарға қойылатын талаптар			
31.	Ғимараттардың жертөле қабаттары мен жер асты галереяларын орнату оған топырақ суының өтуін болдырмайды		
32.	Жертөле және жартылай жертөле қабаттарында орналастырылған өндірістік үй-жайлар мен көлік тоннельдері желдеткішпен қамтамасыз етіледі және жертөле үй-жайының немесе тоннельдің басында және соңында орналастырылған кемінде екі кіру және шығу жолдары болады		
	Дербес тұтас емес далдаларда, тұғырларда және тетіктерге қызмет көрсетуге арналған галереяларда, қоймалардың жоғарғы		

33.	конвейерлік галереяларында, ауыспалы көпіршелерде төмен қарай 0,15 метрге тұтас жігі бар, биіктігі 1 метрден кем болмайтын қоршаулары болады		
34.	Ұзындығы 20 метрден астам және жер мен үй-жайдың еденінің деңгейінен 2 метрден жоғары биіктікте орналасқан галереялар мен алаңдарда біреуі басында және екіншісі галереяның немесе алаңның соңында орналасқан кемінде екі кіру және шығу жолдары болады		
8-кiшi бөлiм. Табиғи және электрлік жарық беруге қойылатын талаптар			
35.	Барлық технологиялық үрдістерді жүргізумен байланысты өндірістік, қосалқы үй-жайларда жабық күйдегі шамдар қарастырылады		
36.	Плафондарды төбеге орнату кезінде ол оқшауланған материалдан жасалған розеткаға бекітіледі		
37.	Нан пісіру және макорон өнеркәсібі кәсіпорындарына жарық беру: 1) өндірістік пештердің оттықтары мен газ жүрістеріне жарық беру үшін кернеуі 12 Вольтты тасымал шамдар қолданылады, шамның шынылы басы металл тормен қорғалады. 2) жұмыс қабаттарында қамтамасыз етілетін, авариялық режимде жарық беруді қажет ететін авариялық жарық беру жарығы жұмыс істейтін жарық беру нормасынан 0,05 кем емес, бірақ ғимарат		

	<p>ішінде 2 люкс кем емес және кәсіпорын аумағы үшін 1 люкс кем емес.</p> <p>3) эвакуациялық жарық беру үй-жайларда негізгі өту жолдары желісінің еденіне 0,5 люкс кем емес жарықты қамтамасыз етеді.</p> <p>4) авариялық және эвакуациялық жарық берудің жарық беру арматурасында ажырату белгілері болады</p>		
9-кіші бөлім. Желдетуге және жылу беруге қойылатын жалпы талаптар			
38.	<p>Барлық өндірістік және қосалқы үй-жайларда олардағы ауаның ластану дәрежесіне қарамастан, шаңның жарылуы және өртенуі пайда болуы мүмкіндігін жоққа шығаруды қамтамасыз ететін табиғи, механикалық немесе аралас желдеткіші болу керек</p>		
39.	<p>Өндірістік үй-жайлардың жұмыс аймағына жұмыс істеу кезінде өтуі ықтимал тозақ түзетін барлық машиналар мен тетіктер аспирацияланады</p>		
40.	<p>Циклондардың пайдаланылған құбырлары олар орнатылған ғимараттың төбесінен жоғары шығарылады</p>		
41.	<p>Өндіріс үй-жайларына ауамен жылу беру және желдету жүйелерінде егер ауаға қайта келетін ауа (оны тозақтан тазартқаннан кейін) су беті немесе өзге де өткізбейтін заттар арқылы өткізілетін жағдайда ауаны рециркуляциялауды қарастыруға болады</p>		

42.	Аспирациялық желілер айына бір реттен кешіктірілмей аспирациялық қондырғылардың ауа өткізгіштерінің көлденең учаскелерінің ішінде жиналған тозаңның бар-жоғына тексеріледі, тазаланады		
43.	Барлық аспирациялық қондырғылар технологиялық және көлік жабдығымен бұғатталады.		
44.	Ұн және қант тозаңы бар үй-жайларда қамыр ашытуға арналған камераларда жылу беру аспаптары ретінде тегіс құбырлар, ал қалған өндірістік және қойма үй-жайларында беті тегіс радиаторлар қолданылады		
45.	Саты торларында жылу беру аспаптары тереңдікте немесе алаң еденінен 2,2 метрге жоғары орналастырылады		
46.	Тұрақты жұмыс істейтін орындарға (қатарланған шкафтарда, нан пісіру пештерінде, кептіргіштерде, циркуляциялық оқпандарда) өңдейтін келте құбырлар арқылы ауа беру жүргізіледі		
47.	Жарылу, өрт шығу қауіптілігі әр түрлі санаттағы үй-жайларда желдету әр түрлі ауа өткізгіштермен жүзеге асырылады. Жарылу, өрт шығу қаупі бар үй-жайлар үшін ауа өткізгіштерін ортақ магистралдық ауа өткізгіштермен біріктіруге болмайды		

48.	<p>Тоңазытқыш қондырғыларының үй-жайларында жасанды түрткі салатын жалпы алмасу желдеткішті қарастыру қажет: 11, 12, 22, 500 және 502 хладондарды қолдану кезінде үш еселі, ал авария кезінде 1 сағатта бес еселі ауа алмастырғышпен; аммиак қолдану кезінде есеп бойынша, бірақ төрт еселі ауа алмастырғыштан кем емес, ал апат кезінде 1 сағатта он бір еселі ауа алмастырғышпен қосалқы тетікті жалпы алмастырғыш желдеткіш қарастырылады</p>		
49.	<p>Шу мен дірілді азайту мақсатында желдеткіштер мен электр қозғалтқыштары діріл окшаулайтын негіздерге орнатылады және ауа өткізгіштермен жұмсақ ендірмелер арқылы қосылады</p>		
50.	<p>Тозаң, бу және газ бөлу көздері болып табылатын барлық машиналар мен тетіктер жабылады және жергілікті сорғылармен, аспирациялық және тозаң аулау құрылғыларымен қамтамасыз етіледі</p>		
51.	<p>Аспирациялау жүйесі ауаны бір технологиялық желіден тазартуды жүзеге асырады</p>		
52.	<p>Аспирациялау жүйелерінде ауа үрлеу машиналары мен желдеткіштері тозаң ұстағыштардан кейін орнатылады</p>		
	<p>Аспирациялау жүйесінің ауа өткізгіштері тігінен немесе көкжиекке 60 градус бұрышпен</p>		

53.	орнатылады. Көлденең учаскелердің ұзақтығы ең қысқа		
10-кіші бөлім. Көтеріштерге (лифттерге) қойылатын талаптар			
54.	Қауіпті өндірістік объектілерде шикізатты сақтау мен қайта өндеу 15 метрден артық өзгешелік болған кезде жолаушы және жүк лифттері қарастырылады		
55.	Барлық қабаттарда жарылу қаупі бар өндіріс, жергөле қабатында өрт шығу қаупі бар үй-жайларда лифттерден шығу жолдары 20 паскаль тұрақты ауа беретін тамбур-шлюздер арқылы көзделеді		
11-кіші бөлім. Өндірістік және қойма үй-жайларын ұстауға қойылатын талаптар			
56.	Өндірістік цехтарда тозаң жинау үшін пневматикалық немесе механикалық әдіспен орталықтандырылған тозаң жинау қондырғысын қолдану ұсынылады, өндірістік үй-жайларды жинау кезінде жанғыш сұйықтықтарды пайдалануға рұқсат етілмейді		
12-кіші бөлім. Тиеу-түсіру және қойма жұмыстары			
57.	Жүкті 3 метрден астам биіктікте ауыстыру кезінде оны көтеру механикаландырылады		
	Тиеу-түсіру жұмыстары кезінде қолданылатын жолдар (басқыштар) мынадай талаптарды қанағаттандырады: ені бір жақты қозғалыс кезінде 0,8 метрден, екі жақты қозғалыс кезінде 1,5 метрден кем болмайтын жүкпен өту үшін қызмет ететін жолдар қалыңдығы 50-60 миллиметр металдан		

58.	<p>немесе тақтайдан дайындалады; жолдардың әрбір 0,3-0,4 метр сайын аяқпен басуға арналған аспақтары болады. Аспақтардың қимасы 20x40 миллиметр ; жолдар мен көпіршелер ұзын (3 метрден астам) болған кезде діріл мен олардың астына майысуынан алдын алу үшін ағаш тіректер-айырлар орнатылады. Өнім салынған қаптарды айыр орнына қоюға болмайды. есептік жүктеме ең жоғары болғанда төсем иілгіші 20 миллиметрден аспайды; ығысуынан сақтандыруға арналған жолдарда бір ұшында вагонның есік рейкасына немесе түсірілетін объектінің өзге де тұрақты элементіне ілу үшін металл ілмектері болады</p>		
59.	<p>1,5 метрден астам биіктікте орнатылатын жолдар мен көпірлерде баржадан баржаға, жағадан баржаға, кемеге өту үшін қанаттың төменгі бөлігінде 150 миллиметрден кем емес көмкермесі (жиегі) бар биіктігі 1 метрден кем емес қанаттар орнатылады. Қанат бағандары арасындағы қашықтық 2 метрден астам болмау керек. Бағандардың биіктігі бойымен бір аралық бойлық элемент болады</p>		
60.	<p>Жолдардың көрнекі орындарында шекті жүктемелері көрсетіледі</p>		

61.	Тиеу-түсіру машиналарын басқару пульті жұмысты бақылау үшін ыңғайлы орынға орнатылады, дыбыс дабылымен жарақталады		
13-кіші бөлім. Жылжымалы тетік машиналарға қойылатын талаптар			
62.	Өздігінен жүретін және көлік машиналарын орнату олардың және өзге де машиналардың және ғимараттардың қабырғалары, қақпалар мен басқа да орнату орындары арасында ені 1 метрден кем емес өту жолы болатындай етіп жүргізіледі		
63.	Көтергіш рамалары бар барлық жылжымалы тетіктер "Раманы көтеру кезінде оның астында болуға болмайды" деген раманың екі жағынан бекітілген жазуы болады		
64.	Қыстырғыш қоректердің (өздігінен бергіштердің) жоғарғы жүріс тармақтары қоршалады		
65.	Өздігінен бергіштердің жүкшығырларында өзекше ілмегін аудармай, қыстырғыш бөлікті түсіруге мүмкіндік беретін тұтқасы болады		
66.	Ыдыстағы жүктерге арналған жылжымалы конвейерлерде таспа бүйірлерінен биіктігі 0,2 метр бойлық борттар бекітіледі; транспорттерден қаптарды қабылдау үшін қабылдау үстелі орнатылады		
67.	Жүріс бөлігінде ақау болған, көтергіш рамада шектегіш бұранда болмаған кезде жылжымалы конвейерлердің жұмыс істеуіне рұқсат етілмейді		

68.	Көлбеу орнатылған конвейерлерде жетек ажыратылған кезде жүгі бар жүк тасымалдаушы элементтің өздігінен орнын ауыстыру мүмкіндігі болмауы керек		
14-кіші бөлім. Автомобиль жүк түсіргіштерге қойылатын талаптар			
69.	Автомобиль жүк түсіргішінің жүк көтергіштігі автомобилдің (автопойыздың және автомобилдің өзінің массасына) жүк көтергіштігіне сәйкес болу қажет. Автомобиль жүк түсіргішінің ұзындығы оған автомобилдің (автопойыздың) дөңгелек базасын еркін орнатуды қамтамасыз ету қажет		
70.	Қызмет көрсету алаңының ені 0,7 метрден кем емес болады және биіктігі 1 метр тұтқыштармен жарақталады. Автомобилдің ашық борты борт ашқышта тіреледі		
71.	Платформаның серіппелі тіректері автомобилдердің өздігінен сырғуын болдырмайды; автомобилден артқы борт арқылы жүк түсіру кезінде жүргізуші сақтандыру шынжырын немесе арқан орнатады. Арқанмен сақтандыру бұйымы диаметрі 25 миллиметрден кем емес (жұмыс тармағының ортасымен) сынақ туралы куәлігі бар арқаннан жасалады. Арқанмен жүк асатын орындарда арқан олардың арасындағы қашықтықпен кемінде үш		

	<p>қысқышпен және кемінде алты диаметр бос арқанмен қосылады.</p> <p>Қысқыштардың орнына созылмалы темірден жасалған дөңгелектерді пайдалануға болмайды.</p> <p>Шынжырлы сақтандыру құрылғысының әрбір тармағында 29 шынжыр буыны болады</p>		
15-кіші бөлім. Электр тиегіштерге қойылатын талаптар			
72.	<p>Барлық түрдегі тиегіштердің құрылымдарында жүргізуші басының үстінен кабина немесе қоршау орнату мүмкіндігі қарастырылады</p>		
73.	<p>Қоймалар мен көлбеу жолдардағы қабат аралық далдалар мен едендер жарамды болу қажет, майыспаған және жүріс бойы жүгі бар электр тиегіштің массасынан жүктемені ұстап тұруы керек</p>		
74.	<p>Қоймаға оған жапсарлас алаңдардан электр тиегіштердің немесе автожолдардың (және кері бағытта) өтуі үшін көлбеу жолдар (пандустар) көкжиекке 6 градустан аспайтын бұрышпен орындалады. Электр тиегіштің құлауын болдырмас үшін қоймалардағы рампалар мен платформада берік бөрене орнатылады</p>		
75.	<p>Өнім салынған қап қатарлардың құлау мүмкіндігін болдырмайтындай етіп байланып, қатарларға (тұғырға) қойылады</p>		
	<p>Электр тиегіштердің жабық теміржол вагондарына кіруі және</p>		

76.	одан қоймаға (немесе рампаға) шығуы үшін ені 1200 миллиметрден, қалыңдығы 7-8 миллиметрден кем емес болат бұдырлы қаңылтыр түріндегі көпіршелер қолданылады. Қаңылтырдың астынан вагонның есік рамасына көпіршені бекіту үшін екі ілгек дәнекерлейді		
77.	Автопойыздың астынан электр тиегіштің автомобиль (тіркеменің) шанағына өтуі және одан шығуы үшін ұзындығы 2-3 метрдей жапсарлас тегістегіш көпіршелер болады		
16-кіші бөлім. Теміржол көлігінде астық және өзге де сусымалы өнімдерді тиеу-түсіру жұмыстарына қойылатын талаптар			
78.	Маневрлі жүкшығырларының маневрлі шығырды қауіпсіз пайдалану үшін жауапты тұлға, сынаудан өту датасы, келесі сынаудың датасы, тарту күші көрсетілген паспорты мен кестелері бар		
79.	Вагонға жүк тиеу және жүк түсіру оны тиеу-түсіру нүктесіне орнатқаннан және теміржол жолдарына тежегіш табандықтарын бекіткеннен кейін бастауы қажет; осы мақсатта бөгде заттарды-тақтайларды, сомындарды, тастарды және басқаларын пайдалануға және вагондардың дөңгелектерінің астына төсеуге болмайды. Тежегіш табандықтарда бояуы, таңбасы, қосымша мәлімет орны болады		

	және техникалық-өкімші актіде көзделген орындарда сақталады. Ақауы бар тежегіш табандықтарды пайдалануға болмайды		
80.	Астық қалқандарын оларды жинау орнына тасымалдау механикаландырылған тәсілмен жүргізіледі		
81.	Көлік тетіктерін жүргізу, көтеру және орнату жүкшығырлардың көмегімен немесе қызмет көрсетуші персоналдың өтуі үшін әр жағынан ені 0,75 метрден кем емес көлбеу жолмен қолмен жүргізілуі тиіс		
82.	Кішкене қанатша орнатылған вагон тиегіш конвейерде оның өздігінен аударылуын болдырмайтын тірегі болады		
83.	Механикалық күрек қалқандарының массасы 5 килограмнан аспауы тиіс		
84.	Механикалық күрек арқандарында күрек қалқаны вагонның ақырғы бұрышында болған жағдайда жүкшығыр барабанында 2-3 қосалқы айыр болады . Арқанды күректің артынан қолмен жеткізуге болмайды		
85.	Арқандар шекті нормадан артық тозған кезде механикалық күректің жұмыс істеуіне рұқсат етілмейді		
86.	Жүктерді реттейтін күректің жетек тетігінің қозғалатын бөлшектері, вагоннан тыс өтетін жұмыс арқанының тік және көлденең тармақтар қоршалады		

87.	Инерциялық вагоннан жүк түсіргіштің теңгеру жетегін іске қосу алдында дыбыс белгісі беріледі		
88.	Инерциялық машинаның екі жағынан бағдаршамдар орнатылады. Машиналарды бағдаршамдарсыз пайдалануға болмайды. Вагонды тек оператордың рұқсатымен жасыл бағдаршам жанған кезде вагоннан жүк түсіргіштің платформасына орнатуға болады		
89.	Шротты вагондардан жүк түсіру кезінде жұмыстарды жүргізу зертханасымен келісу керек. Шроттың құрамында 0,1 пайыздан астам бензин болған кезде ұйымның әкімшілігіне хабарлап, желдету үшін вагондардың люктері мен есіктерін ашу қажет. Жүк түсіру бензин қосылымы 0,1 пайызға төмендеген кезде жүргізіледі		
90.	Қоршайтын қанаттарсыз және жұмысшылардың монтаждау белдігін арқан аспасына бекітпей, вагонның төбесінде жұмыс істеуге болмайды		
17-кіші бөлім. Жүзгіш көлік құралдарынан тиеу және түсіру жұмыстаына қойылатын талаптар			
91.	Кемелер мен баржаларға сусымалы жүктерді тиеу және түсіру механикаландырылған немесе пневматикалық тәсілмен жүргізіледі		
92.	Пневматикалық қондырғылар мен циклондарға биіктігі 1 метр кем емес қанаттармен қоршалған		

	алаңдардан қызмет көрсетіледі		
93.	Қоймадағы, бунттағы сияқты кеме трюмінде де сынама алу кезінде ағаш төсем арқылы астық үстімен өту жүзеге асырылады. Төсемнің ені 0,4 метрден кем емес, 0,3 метр сайын кесе көлденең аспақтары бар, ұзындығы 2,5 метрден, жалпы массасы 30 килограмнан аспайды.		
94.	Кемелер мен баржаларға толтырылған қаптарды тиеу және түсіру тұрақты және жылжымалы көтергіштер мен конвейерлердің, қаптар мен өзге механикаландыру құралдарын тиеуге арналған машиналардың көмегімен жүргізіледі. Қаптардың пакеттері байланады		
95.	Кемелер мен баржалардың трюмдеріне жүкті тиеу және түсіру кезінде прожектормен жарық беріледі. Желідегі кернеу 12 Вольттан аспаған кезде жарылысқа қауіпсіз күйде тасымал шамдарды қолдануға болады		
18-кіші бөлім. Ыдыстағы өнімдерімен тиеу-түсіру жұмыстарына қойылатын талаптар			
96.	Ыдыста дайын өнімі бар қоймаларда өнім, шикізат салынған қаптар біркелкі қ а т а р д а механикаландырылған тәсілмен үшеуден және бесеуден оралып, тігінен қойылады		
97.	Өнім салынған қаптар биіктігі 14 қатарға дейін (массасы 50 килограмм қаптар үшін - 16 қатардан аспайды) қатарлап қойылады. 11 қатардан		

	<p>бастап әрбір келесі қатардың ені қатарды конус бойымен сала отырып, 0,25 метрге қысқартылады</p>		
98.	<p>Қоймаларда қатарлардың арасында және қабырғалардың жанында өнімді қабылдаудың, жөнелтудің және сапасы мен жай-күйін қадағалаудың қалыпты шарттарын қамтамасыз ететін өту жолдары мен өткелдер қалдырылады</p> <p>Өту жолының ені:</p> <p>қап арқалаған жұмысшы үшін - 1,25 метрден кем емес;</p> <p>электр тиегіштердің өтуі үшін - 2,2 метрден кем емес;</p> <p>ауаны алмастыру және қабырға мен қатарлардың арасындағы өнімнің жай-күйін бақылау үшін - 0,7 метрден кем емес сәйкес келеді</p>		
99.	<p>Қатарларды қолмен немесе көлік құралдарын пайдалана отырып, қалыптастырған кезде 6 қатарды салғаннан кейін жолдар салынады</p>		
100.	<p>Конвейерден және құламалардан қаптардың құлауын болдырмас үшін олар биіктігі 200 миллиметр ернеулермен жабдықталады.</p> <p>Құламаларда тежеуіш құрылғылары болады.</p> <p>Қ а п т а р д ы конвейерлерден қабылдау үшін қабылдау үстелі орнатылады</p>		
101.	<p>Конвейерлер мен құламалар өтетін ойықтар астыңғы жағынан биіктігі 150 миллиметр ернеу</p>		

	тақтайшасы бар, биіктігі 1 метр қанаттармен қоршалады		
19-кіші бөлім. Электр қауіпсіздігіне қойылатын талаптар			
102.	Қолданыстағы электр қондырғыларын орнату және пайдалану, нан өнімдері саласының кәсіпорындарындағы жаңадан құрастырылған немесе қайта құрастырылған электр қондырғыларын пайдалануға қабылдау электр энергетика саласындағы талаптарына сәйкес жүзеге асырылады		
103.	Аккумулятор батареяларын зарядтау үшін қолданылатын тегістегіш қондырғыларда ауыспалы ток жағында ажыратқыш трансформатор мен қорғағыш аппарат болады		
104.	Аккумулятор батареясы зарядын басқару және автоматика сызбасында ағынды желдеткішінің жұмысы тоқтаған кезде заряд тогын ажырату үшін бұғаттағыш қарастырылады. Ағынды желдеткіштің жұмысы тоқтаған жағдайда дабыл қаққыш құрылғылары жұмыс істеу керек		
	Әрбір аккумуляторлық үй-жай: дөрекі жүннен жасалған костюммен, резеңке алжапқышпен, резеңке қолғаппен және етікпен, қорғағыш көзілдірікпен, электрлік құйғышты түзу және оны ыдыстарға толтыру үшін сыйымдылығы 1,5-2 литр шыны және фарфор сапты аяқпен (кұмырамен		

105.), қышқыл батареялар мен бор қышқылы немесе сірке су эссенциясы (эссенцияның бір бөлігі судың сегіз бөлігіне) үшін-сілті батареялары үшін бейтараптаушы сода ерітіндісімен (5 пайызға) қамтамасыз етіледі. Барлық ыдыстарда ішіндегі заттың атауы көрсетілген айқын жазулары болады		
20-кіші бөлім. Электрлік жарық беруге қойылатын талаптар			
106.	Астық өнімдері саласы кәсіпорындарының өндірістік және өндірістік емес үй-жайларына жарық беру үшін жалпы жарық беру жүйесі қолданылады және аралас, авариялық және эвакуациялық жарық беру жүйесін қолдану қарастырылады		
107.	Галереялар мен тоннельдерде шамдарды егер арматураның бекіткіші қызмет көрсетуші персоналдың қалыпты қозғалысына келтірмеген жағдайда, бұл ретте лампа мен ток өткізу бөліктеріне аспаптың көмегімен ғана қол жеткізуге мүмкін болатын шамдар қолданылса, 1,7 метрден кем емес биіктікте ілуге рұқсат етіледі 2,5 метр биіктікте орналасқан шамдар қорғағыш торлармен жабдықталынады		
108.	Қолмен тасымалданатын шамдардың қорек кернеуі қауіптілігі жоғары үй-жайларда - 36 Вольт, аса қауіпті үй-жайларда, үй-жайлардан тыс және қазандықтарда, цистерналарда және басқаларында жұмыс		

	істеген кезде-12 Вольт шамасынан артық болмауы керек		
109.	Жұмысты жалғастыру үшін авариялық жарық беру авариялық режимде қызмет көрсетуді қажет ететін жұмыс қабаттарында жалпы жарық жүйесінде жұмыс істеу үшін жарық беру нормасынан 5 пайыз кем емес, бірақ ғимарат ішінде 2 люкс кем емес және кәсіпорын аумағы үшін 1 люкс жарықты қамтамасыз ету керек		
110.	Эвакуациялық жарық беру едендегі негізгі қозғалысқа 0,5 люкс кем емес үй-жайлардағы жарықты қамтамасыз ету қажет		
111.	Авариялық және эвакуациялық жарық бергіштің жарық беретін арматурасында айырым белгісі болады		
112.	Жиналмалы басқыштардан және қосымша сатылардан қызмет көрсетілетін шамдар еден деңгейінен 4,5 метрден аспайтын биіктікте ілінеді. Бұл шамдарды жабдықтың, ашық конвейер таспаларының үстінен, сатыларды орнату қиынға соғатын басқа жерлерде орналастыруға жол берілмейді		
21-кіші бөлім. Тасымал электр қабылдағыштар (электрлендірілген аспап пен шамдар)			
113.	Электрлендірілген аспаппен жұмыс істеуге электр қауіпсіздігі бойынша екінші топтан төмен емес топтағы персонал жіберіледі		
	Т а с ы м а л электрлендірілген аспап (

114.	тескіштер, сомын бұрауыштар, дәнекерлеу құралы, тегістейтін машиналар, аралар) мынадай талаптарды қанағаттандыру: электр желісінен тез ажыратылуы; жұмыста қауіпсіз болу және ашық ток өткізу бөліктерінің кенет жанасуына болмауы тиіс		
115.	Электр аспабының кернеуі қауіптілігі жоғары емес үй-жайларда 380\220 Вольттан жоғары болмауы тиіс. Қауіптілігі жоғары үй-жайларда II және III сыныпты, ал аса қауіпті үй-жайларда, сондай-ақ қолайсыз жағдайларда III сыныптан төмен тасымал электр аспабы қолданылады		
116.	Сүрлемдердің, қамбалардың, бункерлердің, барабандардың, қазандықтардың, металл резервуарлардың және басқаларының ішіне төмендететін ажыратқыш трансформаторларды кіргізуге жол берілмейді		
22-кіші бөлім. Өндірістік жабдық және жұмыс орындарын ұстау. Жабдықтың өнеркәсіптік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жалпы тәртібі			
117.	Шикізатты тазалауға, кептіруге, қайта өңдеуге және тасымалдауға арналған жабдықта машинаның жекелеген бөлшектерінің бір-бірімен және бөгде қоспалармен шикізатта және өнімде үйкелуі немесе соқтығысуы салдарынан ұшқын түзуді болдырмайтын құрылғысы болу керек		
	Өндірістік жабдықтың конструкциясы		

118.	<p>статикалық ток зарядтарының жинақталуын болдырмайды және жерге тұйықталатын контурға қосу үшін құрылғы көзделеді</p>		
119.	<p>Астық кептіргіштердің, желдеткіштердің, оттық қабырғаларының, нан пісіру пештерінің, к е п т і р у қондырғыларының, май еріткіштердің, буландыру және қайнату машиналарының, кептіру қондырғыларының ыстық құрылымдық бөліктері, колориферлер, бу және ыстық құбырлар жылу оқшаулағышпен қапталады, ал радиаторлар қоршалады. Сыртқы қабаттардың қызуы 45 градус Цельсийден артық болмауы керек</p>		
120.	<p>Басқару пультінің құрылымы мен орналасуы (іске қосу түймелері, тұтқалар, басқыштар, магнитті іске қосқыштар және басқалары) жабдықтың бұрыс немесе өздігінен іске қосылуын және ажыратылуын болдырмайды. Басқару органдарында оларды тағайындау туралы жазбасы және қызмет көрсететін персонал үшін қол жетімді болуы тиіс. Авариялық ажырататын басқару органдары қызыл түске боялады, тікелей көрінетін аймақта орналастырылады және тұрған орнын көрсететін нұсқағышы болады</p>		
	<p>Қауіптілік көзі болып табылатын жабдықтың қозғалатын бөлшектері,</p>		

121.	<p>біліктердің шығыңқы бөліктері, ашық бергіштер (шкивтер, белдіктер), конвейерлердің керме айналыс барабандары мен өзге де элементтер қоршалады.</p> <p>Тістері бар бергіштер станинаға немесе машинаның өзге де жылжымайтын бөлігіне бекітілген тұйық қаптармен жабылады</p>		
122.	<p>Мақсаты мен қолданылу жиілігіне байланысты қоршаулар ашылатын немесе алынатын қабықтар түрінде жасалады. Алынатын қоршауларда тұтқалары, қысқыштары және алу және орнату кезінде оларды ыңғайлы және қауіпсіз ұстау үшін өзге де құрылғылары болады. Алынатын, серіппелі және жылжымалы қоршауларда, ашылатын қақпақтарда, кішкене люктер мен қалқандарда осы қоршауларда олардың кенет алынуын немесе ашылуын болдырмайтын құрылғылары болады.</p> <p>Жоғарыға қарай ашылатын қоршаулар ашық күйде бекітіледі.</p> <p>Қоршауларда жабдықтың тек қоршаулар қорғалған күйде жұмыс істеуін қамтамасыз ететін бұғаттағышы болады.</p> <p>Жұмыс үрдісінде реттелетін және бапталатын тетіктердің қоршаулары электр жетегімен бұғатталады</p>		
123.	<p>Қызмет көрсету аймағы еден деңгейінен 1,5 метрден астам биіктікте орналасқан жабдық</p>		

	сатылары бар тұрақты алаңдармен жабдықталады		
124.	<p>Жетек белбеулері мен тұтас белдікті бергіштердің ұштарын қосу берік, тегіс, иілгіш болып және қызмет көрсетуші персоналдың қолының немесе киімінің ілініп қалу мүмкіндігін болдырмау тиіс.</p> <p>Белбеулердің ұштарын өсіру желімдеу немесе тігіс арқылы жүргізіледі. Жетек белбеулердің ұштарын темір қосылғыштармен қосуға болмайды</p>		
125.	<p>Машиналардың құрылымында бекіткіш бөлшектердің өздігінен бұралуын болдырмайтын шаралар қолданылады, ал тігінен орналасқан бұрандалар бастиегі жоғары қаратылып орнатылады және кескіш орамынан 2-2,5 аспайтын бұранданың шығыңқы кескіш бөлігі болады</p>		
126.	<p>Қорек құрылғыларында (бункерлер мен шүмектерде) тиелетін материалдардың бір орында тұрып қалу немесе үйме түзу мүмкіндігін болдырмайтын бұйымдары болады</p>		
127.	<p>Аспирацияланатын жабдық герметикалы болу қажет. Жабдықтың жұмысын жедел бақылауға арналған есіктер, қақпақтар мен люктер қауіпсіз қызмет көрсету үшін қол жеткілікті орындарға орнатылады, үй-жайға тозаң өткізбеу үшін мықтап жабылады</p>		

128.	Машиналардың аспирациялық камералары тозақ өткізбеу тиіс, ал олардың клапандары бөгде ауаның тозақданусыз және сорғышсыз қалдықтардың еркін шығуын қамтамасыз ету қажет		
129.	Аспирациялық құрылғылардың жіктерінде, ендіме және сыртқа шығатын келте құбырлардың машиналармен қосылатын орындарында өнімнің тозақдануын және шашылуын болдырмайтын тығыздайтын төсемдері болады		
130.	Пневмокөлік және аспирациялық қондырғылардың ауа жолдарында, өздігінен ағатын құбыр өткізгіштерде олардың герметикалығын бұзатын майысқан жерлері, сызаттары мен саңылаулары болмауы тиіс		
23-кіші бөлім. Жабдықты орналастыру			
131.	Тұрақты жабдықты орналастыру кезінде оған қызмет көрсету және жөндеу үшін еркін өту жолдары қарастырылады. Өту жолдарының ені шығыңқы құрылыс құрылымдарынан (коммуникациялық жүйелерден) бастап жабдықтың едәуір шығыңқы бөлігіне дейінгі қашықтық ретінде анықтау керек		
	Тікелей эвакуациялық жолдармен байланысты саты торларына немесе аралас үй-жайларға баратын көлденең және		

бойлық жолдардың, машиналар мен станок топтарының арасындағы өту жолдарының ені 1 метрден кем болмауы керек, ал жекелеген машиналар мен станоктар арасындағы ені 0,8 метр.

Нан зауыттары мен макарон фабрикаларында жабдықты үй-жайға орналастыру кезінде мыналар қарастырылады: тұрақты жұмыс орындары болғанда ені 1,5 метрден кем емес негізгі жолдар;

қызмет көрсету және жөндеу үшін жекелеген жабдық түрлері арасындағы өту жолдары, сондай-ақ ені 0,8 метрден кем емес жабдық пен қабырғалар арасындағы өту жолдары;

өрт шығу қаупі бар үй-жайлардағы аппараттар арасындағы өту жолдары ені 1,5 метрден кем емес;

параллель орналасқан өндірістік пештер, кептіргіштер арасындағы өту жолдары 2 метрден кем емес;

өндірістік пештердің оттықтарынан бастап қарама-қарсы пештерге дейінгі қашықтық: қатты отынды жағу кезінде 3 метрден кем емес; сұйық отынды немесе газ жағу кезінде 2 метр (оттық құрылғысы мен қабырғаға арасындағы қашықтық 1 метрден кем емес) қарастырылады.

Қазандық оттықтары нан пісіру пештерінің оттықтарына қарама-қарсы орналасқан кезде оларды арасындағы қашықтық қатты отынды

	жағу кезінде 5 метрден кем емес, сұйық отын мен газды жағу кезінде 4 метрден кем емес (жанарғы құрылғылары арасындағы қашықтық 2 метр) болады		
133.	Ғимарат қабырғалары мен електер арасында ені 1,25 метрден кем емес өту жолдары, електердің ұзын жағымен олардың арасындағы 1,15 метрден кем емес өту жолдары, қысқа жағымен 1 метрден кем емес өту жолдары қарастырылады. Електерді бір қатарға орналастырғанда, електерді екі қатарға бойлай орналастырғанда өту жолдарының ені олардың қысқа және ұзын жақтары бойынша 1,15 метрден кем емес болу керек		
134.	Електен өткізу машиналарының бүйір жағынан аспирациялық құбырлардан еркін, 0,8 метрден кем емес өту жолдары қарастырылады		
135.	Таразы карусель құрылғысындағы ұнды қаптауға және орауға арналған өту жолдары барлық жағынан 2 метрден кем емес		
136.	Түйіршіктеу шнегінің жетегінен жөндеу кезінде қызмет көрсетуге жағдай жасау үшін салқындатқыштан қабырғаға дейінгі қашықтық 1,7 метр, жүк түсіру құрылғысы жетегі жағынан қабырғаға дейін 1,6 метрден кем емес		
	Қатты отынмен жұмыс істейтін оттығы бар тұрақты астық кептіргіштердің оттық үй-жайларында күл		

137.	<p>салғыш жағынан өту жолы 0,8 метрден кем емес, ал оттық алдындағы өту жолы 2,5 метрден кем емес.</p> <p>Сұйық немесе газ тәріздес отынды қолдану кезінде форсункалардың, газ шілдерінің немесе оттық арматурасының шығыңқы бөліктерінен бастап ғимараттың, астық кептіргіштегі жабдықтың қабырғасына немесе өзге де бөліктеріне дейінгі қашықтық оттық алдындағы үй-жайдың ені 1,5 метрден кем емес</p>		
138.	<p>Екі сепаратор, сепаратор мен ғимараттардың құрылымдық элементтері арасындағы өту жолдары: торлардың бүйір қазбалары бар сепараторлар үшін: жетек білігі жағынан кемінде 1 метр, ал бүйір жақтарынан 1,2 метрден кем емес;</p> <p>торлары шеңбер бойымен айналатын сепараторлар үшін: жетек білігі мен тор қазбасы жағынан 1,4 метр кем емес, бүйір жағынан 1 метр кем емес. Өнімділігі сағатына 50 тонна қалған сепараторлар үшін (элеватор тазалауға есептегенде) қайта түсетін айналым торларымен және торларды алып, жетек білігі, сепараторлар жағынан 1 метрден кем емес, ал бүйір жағынан 0,8 метрден кем емес болуы тиіс.</p> <p>Барлық сепараторлар үшін астық шығару жағынан өту жолы 0,7 метрден кем емес.</p> <p>Сепараторлардың астық шығаратын жағынан</p>		

	сепаратордың астық шығатын жерінде магнитті қорғағыш құрылғысы болмаған жағдайда сепаратордың габарит жағынан кемінде 0,15 метр қашықтықта норий құбырларын орнатуға рұқсат етілмейді		
139.	Шахталарда кабелдерді төсеу үшін норийлерді, өздігінен ағу жолдары мен аспирациялық құбырларды орнатуға, өзге де көлік жабдығын немесе технологиялық жабдықты орнатуға рұқсат етілмейді		
140.	Галереяларда орналасқан, еденнен көкжиекке 6-дан 12 градусқа дейін ендік орналасқан конвейерлер трассасының бойымен өту жолының енінде көлденеңінен төсемдер, ал 12 градустан астам ендік саты басқыштары орнатылады		
141.	Еден деңгейінен бастап жоғарғы жақтан шығып тұрған конвейердің бөлігінің астына дейін 1,2 метрден аспайтын биіктікте орналастырылған, ұзындығы 20 метрден аспайтын конвейерлер арқылы (жүк түсіретін арбалары жоқ) конвейер трассасының қажетті орындарында адамдардың өтуі үшін биіктігі 1 метрден кем емес тұтқалармен қоршалған көпіршелер жаракталады. Адамдардың өтуіне арналған конвейерлер арқылы көпіршелер бір-бірінен: өндірістік үй-жайларда - 50 метр;		

	<p>галереялар мен эстакадаларда - 100 метрден аспайтын қашықтықта орналастырылады. Көпіршелер олардың төсемдерінен бастап тасымалданатын жүктің (қап және басқасы) едәуір шығыңқы бөлігіне дейінгі қашықтық 0,6 метрден кем емес, ал шығыңқы құрылыс құрылымдарының астына дейін (коммуникация жүйелеріне) 2 метрден кем болмайтындай орналастырылады</p>		
142.	<p>Жүк түсіретін арбасы бар таспалы конвейерлер арқылы өту үшін ені 0,7 метрден кем емес жүк түсіру арбасының көпіршелері қолданылады</p>		
143.	<p>Шүлдіктері еденнен 1,8 метрден астам биіктікте орналасқан тізбекті конвейерлердің жетек және керме станцияларына, 2 метрден астам биіктікте орналасқан конвейерлердің түсірілетін қораптарда айналатын щеткаларға қызмет көрсету үшін қызмет көрсетуге арналған қанаттары бар тұрақты алаңдар қарастырылады. Алаңға көтеру үшін ені 0,7 метрден кем емес тұрақты сатылар қарастырылады</p>		
144.	<p>Норийлерді ғимараттардың сыртынан орнату кезінде олар биіктігі 1 метрден кем емес қанаттары бар алаңдармен (бастиектерінде) және көтеру биіктігі 6 метрден</p>		

	аспайтын тұтқалары бар және баспалдақ еңісі 60 градус сатылармен жабдықталады		
24-кіші бөлім. Жабдықтың жетектері мен қоршаулары			
145.	Белбеулердің қоршаулары белбеуді шкивтің жиегіне қауіпсіз тастауды, белбеуді киюді және түсіруді қамтамасыз етеді, белбеудің ықтимал жарылуы немесе жігі ашылған кезде қорғауды қамтамасыз етеді		
146.	Э л е к т р қозғалтқыштардан машиналарға машиналардағы белбеу бергіштердің қоршаулары жетекші және алдыңғы шкивтердің осі арасындағы қашықтық 1 метрге дейін болғанда алынбайтын қоршаулар, 1 метрден бастап 1.5 метр қашықтықта бойлық бөлгіш және 1,5 мм метрден астам қашықтықта серіппелі бастиек пен бойлық бөлгіш қарастырылады		
25-кіші бөлім. Жабдықты орнату және жөндеу			
147.	Жөндеу жұмыстарын жүргізу орындары қоршалады және аралас учаскелерде жұмыс істейтіндердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ескерту плакаттарымен жаракталады		
26-кіші бөлім. Жабдықты пайдалану			
148.	Басқару түймелері, тұтқалар, маховиктер тұрақты жұмыс орнындағы орналастырылуы. Олардың қызмет мақсаттарын айқындайтын белгілері мен жазулары болуы		

149.	Бақылау-өлшеу аппаратурасы бақылау үшін ыңғайлы және жақсы жарықтандырылған, еденнен 2 метрден аспайтын орындарда орналастырылады		
150.	Люктері, қақпақтары немесе есіктері ашық, тозаң бөлетін машиналарды іске қосуға және олардың жұмыс істеуіне рұқсат етілмейді. Машиналардың төбелеріне орнатылатын аспирациялық жіктерді жапсыруға және соғып қағуға болмайды		
151.	Технологиялық, көлік, аспирациялық және өзге де жабдық, өздігінен ағызғыштар, материал өткізгіштер технологиялық сызбаға сәйкес таңбалану керек. Жазулары айқын және көрнекі орындарда орнатылуы тиіс		
27-кіші бөлім. Жарылғыш разрядтаушылар			
152.	Жарылғыш разрядтаушылар мынадай жабдықты қорғайды: ұнтақты үккіштер; норийлер; аспирациялық қондырғылардың сүзгіштері мен циклондары; қыздыру камерасы бар рециркуляциялық астық кептіргіштер; қыздырғыштары бар шахталық астық кептіргіштер, каскадты қыздырғыштар		
28-кіші бөлім. Астық тазалайтын жабдық			
	Діріл қоректендіргіш пен сепаратор шанағының теңгерілген жүктері, эксцентрлік тербелістер, муфталар мен шектердің		

153.	<p>белбеу бергіштері қоршалады. Қоршаулар қоршаулардың қабырғалары мен айналатын бөлектердің және белбеу бергіштер арасындағы қашықтықты сақтай отырып орнатылады. Жартылайайқасқан белбеу бергіштер белбеу ұстағыштармен қамтамасыз етіледі</p>		
154.	<p>Клапандарда, шлюз ысырмалары мен бақылау терезелерінде тозаң бөліну мен ауа сороды болдырмайтын тығыздағышы болу керек</p>		
155.	<p>Жинақтағы әрбір диск пен диск триерінің роторы статикалық түрде теңгеріледі.</p>		
156.	<p>Триер қабатының ұяшықтарында кетіктер мен қабыршақтар болмау керек</p>		
157.	<p>Машиналардың жылжымайтын бөлшектері мен шнектердің тармақтары арасында олардың үйкелуді болдырмайтын саңылаулар қамтамасыз етіледі</p>		
158.	<p>Триерлер аспирациялану, ал қабықтар герметикалануы тиіс</p>		
159.	<p>Ж и е к т е у машиналарының шыбыртқылары кимасы бірдей, сызаттары мен сынықтары жоқ, біртекті болаттан жасалу керек; ұшқын түзілуді болдырмас үшін шыбыртқылармен шыбыртқы барабанының ішкі қабатына соқтығысуға болмайды</p>		
	<p>Көмкеру машиналары жұмыс істеген кезде</p>		

160.	көмкеру торларының рамаларын жұлып алуға және егеу құм мен металл барабандарда люктерді ашуға жол берілмейді		
29-кіші бөлім. Астықты сумен және жылумен өңдеуге арналған жабдық			
161.	Ылғалдандыру машиналарының су және астық дөңгелектері мен дискілері теңгерілуі тиіс, бірқалыппен айналады, судың ағысы біркелкі болу қажет, құбырларда, резервуарлар мен арматурада судың ағуына рұқсат етілмейді, судын құюлуы еркін болу тиіс		
162.	Жуатын машиналар жылу берілетін үй-жайларда, ернеуінің биіктігі 50-75 миллиметр болатын металл немесе бетон астауларға орнатылады. Жуатын машиналардың айналасындағы еден күрғақ болу керек		
163.	Сығатын бағанасы бар жуатын машиналардың сыртқы қабаты су шашырандысына жол бермейтін төзімді болып және оны дереу алуға жол беретін бекіткіші болу керек		
164.	Астықты жылытатын бағандар далдаға бекітіледі. Қыздырғышқа бу беретін магистральға еден бақылау үшін деңгейінен 2 метрден аспайтын ыңғайлы орында манометр орналастырылады		
165.	Баптағыштардың құрылымы астық бір орында тұрып қалуын болдырмайды және авариялық жағдайларда шахталар мен арналарды тазалау үшін кішкене люктері болады		

166.	<p>Машиналар астық деңгейін бергіштермен және белгіленген жұмыс режимі бұзылған кезде машинаны іске қосуды және ажыратуды қамтамасыз ететін соңғы ажыратқыштармен жарақталады.</p> <p>Машиналар желіге кернеу түскен кезде жоғарғы ысырманың өздігінен ашылуын болдырмайтын құралдармен жарақталады</p>		
167.	<p>Снабжение аппарата скоростного кондиционирования приборами, регулирующими верхний и нижний предел давления пара, автоматическими системами регулирования температуры зерна в кондиционере и защиты от перегрузки</p>		
168.	<p>Аппарат шнектері (қыздыратын және бақылау) науалармен герметикалы жабылады, оларға жұмыс істеп тұрған кезде үйінділерден тазалау және жөндеу үшін қол жеткізуге болмайды. Науалардың ашылып жабылатын қақпақтарын машина тоқтаған кезде ғана ашуға болады</p>		
169.	<p>Машинаны басқару пультінен басқару кезінде қалыпты жұмыс бұзылған кезде жарық және дыбыс белгісін беру қамтамасыз етіледі</p>		
170.	<p>Жылдамдықты баптағыш аппаратының ылғал түсіргішінде астық</p>		

	қабылдау мен шығаруды автоматты бұғаттау жүйесі болады		
30-кіші бөлім. Магнитті қоспаларды ұстауға арналған машиналар (электр магниттік сепараторлар, магнитті бағаналар)			
171.	Магнитті қоршаулар жаныштайтын станоктардың, ұнтақтағыштың, шыбыртқы, үгіту, бедерлеу, аршу машиналарының, энтолейторлардың және соққы түріндегі өзге де машиналардың алдынан орнатылады		
172.	Бөлшектер (магнит өткізгіштер, ішпектер) 60 градус Цельсийден аспай қызғанда, ал өніммен жанасатын бөлшектердің температурасы 50 градус Цельсийден аспағанда электр магнитті сепараторлардың жұмыс істеуіне болады		
173.	Электр магнитті сепараторларда электр энергиясын беру тоқтаған кезде электр магнитіне өнімді беруді болдырмайтын бұғаттағышы болады		
174.	Магнитті полюстерді тазалауға арналған қопсытқыштардың, қорек білікшесінің, жүріс білікшесінің жетектерінің тетіктері қоршалады		
175.	Электр магнитті сепараторлардың жарық дабылы үздіксіз жұмыс істейді, ол болмаған жағдайда сепараторды кернеуге қосуға болмайды		
176.	Магниттік қоспаларды бөлуге арналған машиналары тексеру үшін еркін өту жолы бар,		

	қызмет көрсетуге ыңғайлы орындарда орнатылады		
177.	Магнитті тұғырларды магниттеу оқшау құрғақ үй-жайда жүргізіледі		
31-кіші бөлім. Диірмен зауыттарының ұн тарту бөлімшелерінің жабдығы			
178.	Әрбір жарты станоктың цапфалары қабаттарының жалпы осьтерінің қиығы (диаметрі 65 миллиметр) 1000 миллиметр ұзындықта 0,25 миллиметрден аспауы тиіс		
179.	Жаныштағыштар арасындағы реттелетін саңылау шамамен 0,1 бастап 1,0 миллиметрге дейін		
180.	Станоктың құрылымы жаныштағыш арасынан өлшемі 5 миллиметрден аспайтын, іші қуыс бөшкесі бар және диірмен жаныштағышының тұтас бөшкелі станоктары үшін 8 миллиметр бөгде денелердің өтуін қамтамасыз етеді		
181.	Станоктарда бос жүрісті жарық дабылы болады		
182.	Пневмо жинағыштары бар станоктарда бункерлер толтырылған кезде станокты бос жүріске ауыстырып қосатын бұғаттау тетігі болады		
183.	Пневмо қабылдағыштарда үйілген кезде өнімді шығару үшін жүк түсіру құрылғылары болады		
184.	Жаныштағыш арасындағы бергіштердің тісті доңғалақтарының қоршау қабатының құрылымы қартердегі майдың деңгейі қалыпты		

	болғанда ішкі кеңістікке майдың шашырауын болдырмайды		
185.	Жаныштағыштарды сумен салқындататын салқындату құрылғыларының құрылымы келіп түсетін және ұсақталған өнімнің 12 градус Цельсийден аспайтын температурасын қамтамасыз етеді		
186.	Жаныштайтын станоктар мен электр қозғалтқыштарының белбеулері мен шкивтері ішкі жағынан да, сыртқы жағынан да қоршалады		
187.	Станоктардың айналып тұрған біліктерінің қолдың саусақтарын қармау жағдайларын болдырмау үшін сақтандыру торларымен жарақталады		
188.	Жаныштайтын станоктар қаңылтыр резинадан жасалған төсемі бар, қалыңдығы 60 мм кем емес ағаш рамадан тұратын дірілді оқшаулайтын негізге станок пен электр қозғалтқышының тірек қабатының астынан орнатылады		
189.	Деташер дірілді оқшаулайтын негізге орнату қажет		
190.	Роторларда, біліктерде, баспаларда, шыбыртқыларда сызаттар мен зақымдар болмау керек. Баспалар мен шыбыртқылардың әр қайсысы статикалық түрде жеке-жеке және ротормен жиынтықта теңгерілу тиіс		

191.	Деташер мен электр қозалтқыш муфталары қоршалады		
192.	<p>Машиналардың теңгергіштері мен қозғалатын бөлшектері (эксцентрик тербелгіш, жетек біліктері және басқалары) бекітіледі және оңай алынатын қоршаулармен жабылу керек.</p> <p>Теңгергіштері қоршалмаған електерді іске қосуға болмайды.</p> <p>Теңгергіштер елек корпусы мен қоршауларына соқтығыспауы тиіс</p>		
193.	Шанақтар реттегіш керме сомын бұрандаларымен берік бекітілуі тиіс.		
194.	Електердің және шығыңқы келте құбырлары бар тас жинағыштардың шанақтардың барлық иілгіш қосқыштары тозаң өткізбейтін материалдардан жасалады, шанақтар мен келте құбырлардың штуцерлеріне бекітіледі		
195.	Елеуіштер жұмыс істеп тұрған кезде жинақтау шнектерін үйінділерден қолмен тазалауға, майлауға және эксцентрик тербелгіштерді жөндеуге болмайды		
196.	Елеуіш машиналарда елеу рамалары жұмыс істеп тұрған кезде олардың құлауын немесе жіктерде орнын ауыстыруын болдырмас үшін бекітіледі		
	Станоктың жұмыс органдары-өңдеу шеңбері , кесетін суппорттарда және біліктер мен өңдеу		

197.	шеңберінің электр жетектерінде оңай алынатын қоршаулары болады. Біліктер мен өзге де бұйымдарды өңдеу кезінде ылғалмен өңдеу әдістері немесе өңдеу шеңберінің қабатынан ауа сору құрылғысы қолданылады		
198.	Бедерлеп өңдейтін станоктың үстінен біліктерді қосалқы жаныштағыштарды (пирамида) сақтау орнынан станокқа көтеру және орнын ауыстыру үшін станоктан алу және сақтау орнына ауыстыру жылжымалы тетігі бар монорельс орнатылады		
199.	Жаныштау қабатының биіктігі бедерлеп өңдеу станогына жылжымалы тетігі бар монорельсті орнатуға мүмкіндік бермейтін диірмен зауыттарында жұмыс үстелінің ақырғы күйін ескере отырып, жаныштағыштарды тасымалдауға арналған арбалардың өтуі және оларды маневрлеу үшін алаң қарастырылады. Үстелдің қармауыштан шыққан жағдайда орнынан қозғалуының қауіпті салдарын болдырмас үшін тежеуіш амортизациялау және шектегіш құрылғылары орнатылады, үстелдің көбірек шығу жолының ұзындығына бөгеттер орнатылады		
32-кіші бөлім. Жарма өңдеуге арналған жабдық			
200.	Қабығын аршитын машиналардың діріл окшаулайтын негіздерде орнату қажет		
	Дискілерде, біліктерде, дектерде сызаттар мен		

201.	зақымдар болмау керек. Дискілер мен біліктер әрқайсысы жеке-жеке және ротормен жинақта статикалық түрде теңгерілу керек		
202.	Білікті дека станогының аршу аймағынан өнім шығу жолында өнімнің шашырауына кедергі келтіретін тойтарма орнатылу керек		
203.	Станоктың (білік пен дека арасына) жұмыс аймағына түскен бөгде заттарды станок әбден тоқтамағанша қолмен ұстауға болмайды. Жапқыш пен қорек білігі арасындағы саңылауды тазалау үшін қырғыштар қолданылады		
204.	Жарма бөлгіштерде арнайы бөлу үстелдерінің бағандарында ғимарат құрылымына көлденең күштердің әсер етуін болдырмайтын құрылғылар қарастырылады		
33-кіші бөлім. Астық пен жарманы жылумен өңдеуге арналған жабдық			
205.	Манометрлер және қысыммен (бумен, сумен) жұмыс істейтін машиналардың өзге де бақылау-өлшеу аспаптары бақылау үшін жеткілікті және ыңғайлы орында орнатылады		
206.	Буландырғыштар, кептіргіштер, булау және дәнекерлеу аппараттары орналасқан үй-жайлар ағынды желдеткішпен жабдықталу керек		
207.	Аппаратты бу желісінен ажырату үшін тиек вентилі орнатылады		
	Бу кептіргіштің алдынан калориферлердің құбырларының жарылуын болдырмас		

208.	үшін тиісті қысымды ұстап тұру үшін манометрі бар редукциялы клапан орнатылады		
34-кіші бөлім. Құрама жемдерді өндіруге арналған жабдық			
209.	Үгіткіштердің алдынан жұмыс аумағына аварияның туындауына немесе ұшкын мен жарылыстың болуына әкелуі ықтимал металл магнитті қоспалардың түсуінен алдын алу үшін магнитті қорғағыш орнатылады		
210.	Үгіткіштердің жүк тиеу шүмектерінде бөгде заттардың түсуінен алдын алу үшін ұяшықтарының мөлшері 20x20 немесе 25x25 миллиметр болатын қорғағыш торлары болуы тиіс		
211.	Үгіткіштердің қақпақтарында олардың өздігінен ашылуын болдырмайтын бекіткіш құрылғылары болуы тиіс.		
212.	Балғамен үгіткіштер діріл окшаулағыш негіздерге орнатылады. Балғамен үгіткіштер жарылысты разрядтағыштармен қорғалады, олардың өту қимасының алаңы үгіткіштердің жұмыс көлемдеріне сәйкес болуы тиіс. Үгіткіштерді жарылыс разрядтағыштарсыз пайдалануға болмайды		
213.	Күнжара ұсақтағыштар мен жүгері үгіткіштердің қорек құрылғыларында күнжара мен жүгерінің үгітілген өнімдерін мойны арқылы кері		

	лақтырындысын болдырмайтын клапандары болады		
214.	<p>Дозаторлық бункерлердің конустары мен дозатор үстіндегі келтеқұбырлар герметикалы, төзімді болып, өнім бұзылған кезде жарылу мүмкіндігін болдырмауы тиіс.</p> <p>Күмбез түзілу, өнімнің тұрып қалуын және бұзылуын болдырмас үшін сусымайтын өнімдер үшін бункерлердің конустарында электр діріл және механикалық қозғаушы тетіктер орнатылады</p>		
215.	Барлық айналатын рычагты қосқыштар, дозаторлардың тетіктері, жетектер мен тізбекті бергіштер, біліктердің арқанды және бос учаскелері қоршалады		
216.	Барабанды дозатордың қозғаушы тетігінің қалақтары білікке бекітіледі		
217.	Дозатор герметикалық болу керек және тозаңдануға жол бермеу қажет.		
218.	Күректердің айналысын реттеу, күрек пен науа арасындағы саңылауды өлшеу үшін машинаның ішіне өту жүзеге асырылатын қақпақтарда машинаны сөндіру және толықтай тоқтату үшін жетектің электр қозғалтқышы бар бұғаттағышы болады		
219.	Өздігінен ағатын құбырларда машиналардың жүк түсіру құрылғыларынан кейін өнімді қойған кезде		

	өздігінен ашылатын сақтандыру клапандары болады		
220.	Микро элемент тұздарымен және витаминдермен жұмыстар жүргізілетін үй-жайлар ағынды-сорғы желдеткішімен жабдықталады және құлыпқа салынады		
221.	Меласса дозаторы араластырғышының резервуарлары герметикалы болады. Барлық тетіктер мен осы агрегаттардың айналатын бөлшектері қоршалуы тиіс		
222.	Резервуарлардың люктерінде мелассаны сақтау үшін қақпақтардан басқа торлар орнатылады , олар жабылып пломба қойылуы қажет. Люктерге еркін және қауіпсіз қол жеткізуге болады. Биіктікке орнатылатын резервуарлар мен люктерде қызмет көрсетуге арналған төменгі жағынан кемінде 0,15 метрдей тігілген, биіктігі 1 метрден кем емес алаңдары болу керек		
223.	Меласса мен майды қыздыруға арналған бу өткізетін бу құбыры тұтас ұзындығы бойымен жылудан оқшаулану керек		
224.	Мелассаны құюға арналған сорғыларды орнату орындары қол жеткілікті болып және жарықтандырылу керек, сорғылар тарсылсыз жұмыс істеу керек		
	Құрама жемдерді түйіршіктеуге арналған		

225.	қондырғылар автоматты режимде жұмыс істейді		
226.	Пульт, басқару қалқандары, арматура мен аспаптар қызмет көрсету үшін ыңғайлы орында орналасады және оған еркін өту жолы болады		
227.	Дозаторларды қолмен басқару пульті циферблат көрсеткішіндегі мәнді ыңғайлы есептеу үшін дозаторлардың циферблат көрсеткіштеріне тікелей жақын орнатылу қажет		
228.	Бағдарламалық басқару пульті мен перфокартасы бар есептеуіш құрылғылары тозаңнан қорғау немесе диспетчерлік бөлмеге орнатылады		
229.	Барлық дозатор үстіндегі сыйымдылықтарда ең жоғарғы өнім деңгейін бергіштер болу тиіс. Сусымайтын өнімдердің қатып қалуын және тұрып қалуын, күмбез түзілуін болдырмас үшін дозатор үстіндегі сүрлемдер мен бункерлер электрлік діріл немесе механикалық түрткілермен жабдықталуы тиіс		
35-кіші бөлім. Нан пісіру және макарон өндіру			
230.	Білік конвейерлерінің қақпақтарындағы елеушітерінің, ұн араластырғыштарын, байқау люктерінің жүк тиеу ойықтарында тор көтеріліп тұрған кезде машинаның іске қосылуын болдырмас үшін электр қозғалтқыштармен		

	бұғатталған алмалы-салмалы торлары болу тиіс		
231.	Конвейерлердің білік қалақтары шығыңқы ойық шетінен бастап 0,2 метрден кем емес қашықтықта аяқталуы қажет		
232.	Магниттерді магниттеу ұн тозаңы жоқ бөлек үй-жайларда жүргізіледі		
233.	Елеуіш машиналарының құрылымы олардың герметикалығын қамтамасыз етіп және оларды аспирациялық құрылғылармен немесе сүзгіштермен жарақтауды қарастыруы қажет		
234.	Шнектердің қақпақтарындағы байқайтын кішкене люктер, шнектер мен авто салмақтардың шлюз ысырмаларының қол жеткізетін шығыңқы тесіктері жабдықтың айналып тұратын бөлігіне кемінде 250 миллиметр жетпейтін сақтандыру торларымен жабдықталу керек		
235.	Елеуіштердің ішкі қабаты аптасына бір рет ұн тозаңынан тазартылады		
236.	Сұйық құрамды қоспаларды дайындауға және сақтауға арналған сыйымдылықтарда дыбыс немесе жарық дабылымен қосылған деңгейлерді көрсеткіштері болады. Сыйымдылықтарда резервтік сыйымдылығы немесе канализациясы бар құятын құбырлары және тұнбаларды жоюға арналған люктері болады		

237.	<p>Ауыстырылатын құрылғылары бар сыйымдылықтар (пропеллер, қалақты немесе өзге де араластырғыштар) қақпақ немесе сақтандыру торы ашық тұрған кезде араластырғышты іске қосылу мүмкіндігін болдырмайтын электр бұғаттағышы бар қақпақтармен немесе сақтандыру торларымен жаракталады</p>		
238.	<p>Май дайындауға арналған қондырғыларда қыздырылатын жейдеге жылудан оқшаулағышы болады. Жылу оқшаулағыштың сыртқы қабатының температурасы 45 градус Цельсийден аспауы тиіс</p>		
239.	<p>Тұзды ерітіндіде ыдыссыз қабылдау және сақтау үшін қондырғының тиеу люктерінде қақпағы мен сақтандыру торлары болады.</p>		
240.	<p>Қант ұнтағын дайындауға және сақтауға арналған пневматикалық әсері бар қондырғыларда сығылған ауаны беруге арналған құрылғысы бар шығын бағының деңгейін бұғаттағышы болады. Сақтандыру клапаны қысым артық жұмыс қысымы 0,5 мегапаскаль болғанда, ыдыстағы артық жұмыс қысымы 0,3 мегапаскальға дейін болса және ыдыстағы артық жұмыс қысымы 6,0 мегапаскальға дейін болып 15 пайызға жеткенде жұмыс істей алатындай етіп реттелуі тиіс</p>		

241.	<p>Құбырларды қосу және арматураны бекіту орындары ағысқа жол бермеу керек.</p> <p>Бу, ыстық су, еріген май жылу құбырлары жылудан оқшаулану керек; қабаттың температурасы 45 градус Цельсийден аспау керек</p>		
242.	<p>Астық дайындауға арналған машинада жетекпен бұғатталған кесетін органдарды қоршайтын торы болады</p>		
243.	<p>Сұйық компоненттерді дайындау және сақтау үшін қызмет көрсетуге арналған алаңдар сыйымдылықтың жоғарғы шетінен 1,0 метр қашықтықта орналасады</p>		
244.	<p>Сұйық ашытқы мен сұйық жартылай өнімді дайындауға және сақтауға арналған сыйымдылықтарда деңгейлерді, дыбыс және жарық дабылын көрсеткіштері болады.</p> <p>Сыйымдылықтарда резервті сыйымдылықпен қосылған араластырып құю құбыры мен тұнбаны жоюға арналған люгі болады.</p> <p>Сыйымдылықтардың үстінен көмірқышқыл газын бұру қарастырылады</p>		
245.	<p>Қайнататын машинаның қақпағы қақпақ, термометр, су жейдесі мен хладагентті бөлуге арналған құбырға көтерілген кезде оның іске қосылу мүмкіндігін болдырмайтын электр бұғаттағышпен жаракталады</p>		
	<p>Қайнататын машинаға бу мен ыстық су беруге</p>		

246.	арналған құбырларда жылу оқшаулағышы болады		
247.	Бөлімшенің ауа ортасы оның құрамында көмірқышқыл газының болуына айына бір рет тексеріледі		
248.	Дозаторлардың бар айналатын және қозғалатын бөлшектері тұтас қабықпен қоршалады. Дозаторларда тиісті және шекті деңгейлі мәндерге жеткен кезде іске қосылатын деңгейлік бергіштер мен ауыстырып құятын құбырлар қарастырылады		
249.	Мөлшерлеу станцияларында электрлік байланыстыру әдісімен майды қыздыру кезінде термореттегіш орнатылады		
250.	Сырғалықтарды сүрту машиналарының қабылдау шүмектерінде іске қосу құрылғысымен бұғатталған сақтандыру торлары болады		
251.	Нан илейтін кеспек ағаш шелегі бар қамыр ашыту машиналарында негізгі плитаға (бұрылыс платформасына) шелекті бекітетін құрылғысы мен шелек болмағанда немесе оны берік бекіткенде илеу органын іске қосу мүмкіндігін болдырмайтын электр бұғаттағышы болады		
	Нан илейтін кеспек ағаш шелегі бар қамыр ашыту машиналарында қаппақтығыз жабылмаған кезде илеу органының жетегін автоматты тоқтауға арналған және шелек қоршауы тығыз		

252.	жабылмаған кезде жетекті автоматты тоқтатуға арналған бұғаттағышы болады. Бұғаттағыш шелекті қақпақпен толықтай жапқан кезде илеу органын іске қосу мүмкіндігін қамтамасыз етеді		
253.	<p>Барлық шелек көтеретін аударғыштар шелектерді берік бекітуге арналған тетіктермен және шелек бекітілмеген кезде көтеруді болдырмайтын бұғаттағышпен жаракталады.</p> <p>Шелек көтеретін аударғышта шелектерден аландарды жоғарғы және төменгі күйінде тоқтауға арналған соңғы ажыратқыштары, шелектердің қалай болса солай түсуін болдырмайтын құрылғы қарастырылады. Шелек көтеретін аударғыштың шамадан тыс артуын болдырмау үшін оның жетегі кесілген сақтандыру элементімен жаракталады</p>		
254.	<p>Барлық шелек көтеретін аударғыштарда қоршаулар ашық болғанда көтеруді және шелек көтерілген аймаққа жұмысшылардың өтуін болдырмайтын электр бұғаттағышы бар шелекті көтеру аймағын толықтай (айналдыра) қоршауы болады.</p> <p>Шелек көтеретін аударғыштарда машинаның қозғалатын бөлшектерін шұғыл тоқтату үшін "Тоқта!" деген авариялық түйме қарастырылады</p>		

255.	<p>Барлық шелек көтеретін аударғыштарда паспорт болу қажет және мерзімді түрде сыналу керек.</p> <p>Сынақ жылына бір рет нәтижелерін паспортқа толтыра отырып жүргізілу керек.</p> <p>Сынақ машинаның жүк көтергіштігінен 10 пайызға артық болатын жүкпен жүргізіледі.</p> <p>Шелек көтеретін аударғыштар білік 10 пайыздан асып тозған кезде пайдаланудан шығарылады</p>		
256.	Қамыр түсіретін құралдар сақтандыру торларымен жаракталады		
257.	Тұрақты илеу сыйымдылығы бар үздіксіз және мерзімді жұмыс істейтін қамыр илеу машиналары үстіңгі жағынан илеу органының жетегімен бұғатталған қақпақтармен жабылады		
258.	Елеу органдары шелек көлбей қозғалғанда қамырды шығару жүргізілетін мерзімді жұмыс істейтін қамыр илеу машиналарында жүкті шығару немесе қос қолмен басқару кезінде қауіпті аймақты жабатын сақтандыру торы қарастырылады		
259.	Қамыр илеу машиналары мен қамыр дайындау агрегаттары авария кезінде шикізат беруді сөндіруді және машинаның илеу органдарын тоқтатуды қамтамасыз ететін бұғаттау құрылғыларымен жабдықталады		
	Бункерлердің құрылымында ашыту үшін бункерлерге қызмет		

260.	көрсету, тазалау және жуу кезінде қауіпсіздік пен ыңғайлылықты қамтамасыз ететін қорғағыш торлар (қақпақтар) қарастырылады		
261.	Бункердегі қамыр мен ашытқы қамырдың тиелу деңгейі бергішпен бақыланады		
262.	Бункердің бүйір қабырғасында көмірқышқыл газын бұру үшін (оның әр секциясында) бункердің түбінен 200 миллиметрден аспайтын биіктікте орналасқан, диаметрі 100 миллиметр тығыны бар тесік қарастырылады		
263.	Бункерлердің, науалардың, қамыр ашытқыштар мен сақтандыру торларының ішкі қабаттарын тазалау үшін сабы ұзын қырнауыштар (бункерлердің, науалардың, қамыр ашытқыштардың биіктігіне сәйкес) қолданылады		
264.	Қамыр дайындау жабдығын тазалау және жөндеу машина толықтай тоқтағанда, кернеу толықтай алынғанда және іске қосу түймелерінде "Қосуға болмайды! Адамдар жұмыс істеп жатыр!" деген плакаттар міндетті түрде ілінгенде жүргізіледі		
265.	Қамыр бөлу машиналарын пайдалану технологиялық регламентке сәйкес жүргізіледі		
	Қамыр бөлгіштердің қабылдау шүмектері жетекпен бұғатталған		

266.	алмалы-салмалы сақтандыру торларымен жаракталады		
267.	Қамыр бөлу машиналарының жұмыс органдарында (қамыр илеу тетіктері, бөлетін құрылғылары бар бөлгіш бастиек), жетек тетігінің қозғалатын бөлшектерінде қамыр камерасының қақпағын ашқанда, бөлгіш бастиектің қоршауларын немесе машинаның жетегін алғанда электр қозғалтқыштарын ажыратуды қамтамасыз ететін бұғаттағыштары бар қоршаулары болады. Бұғаттау құрылғыларының құрылымы оларды әдейі шығару мүмкіндігін болдырмайды		
268.	Ауысым сайын қамыр бөлгіштердің бұғаттау құрылғыларының жарамдылығы тексеріледі. Ақауы бар бұғаттағышпен жұмыс істеуге болмайды		
269.	Қамыр бөлу машиналарының қамыр камералары мен бөлетін бастиектерінде машина жұмыс істеп тұрған кезде қамырдың ағуын болдырмайтын тығыздағыштары болады		
270.	Қамыр бөлгіштердің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету үшін: бөлгіш бастиектердің поршендері мен арналарын ауысым сайы тазалау және майлау жүргізілуі керек		
	Қамыр илеу машиналарында сына белбеуі бергіштерінің және өзге де жетек		

271.	бөліктерінің электр қозғалтқышымен бұғатталған алмалы-салмалы қоршауы қарастырылу керек		
272.	Қамыр дайында машиналарында тасымалдау біліктері, тісті және тізбекті бергіштер қоршалады. Қоршау машина жетегімен бұғатталу керек. Машина құрылымы қамыр жазу органдарында қамырдың жабысуын болдырмайды		
273.	Бөлгіш-қалыптау машиналары жетек құрылғысымен бұғатталған бөлгіш-қалыптастыратын тетігінің алмалы-салмалы тұтас қоршаулармен жарақталады		
274.	Дайын қамырларды пеш агрегаттарының қалыптарына салғыштар автоматтың орнын ауыстыру аймағына түсу мүмкіндігін болдырмайтын қоршаулармен жарақталады		
275.	Тиеу және түсіру кезінде аспа бесіктердің тербелуін болдырмас үшін шектегіштер қарастырылады. Аспа бесіктер біркелкі, кедергісіз қозғалады		
276.	Тетіктерді шұғыл тоқтату үшін конвейер агрегаттың екі жағынан орналасқан "Тоқта!" деген қосымша түймелермен жабдықталады		
	Агрегаттарда авариялық жағдайда бұйымдарды шығару үшін конвейердің		

277.	қол жетегінің тетігі қарастырылады. Осы жетекті тұтқамен айналдыру бағыты тілшемен белгіленеді. Қол жетегі тұтқасына түсетін күш 150 ньютоннан аспауы тиіс		
278.	Қамыр өнімдерін кесуге арналған тетіктерде пышақтарың жетек құрылғысымен бұғатталған пышақтардың тұтас әсер ету ұзындығы бойымен алмалы-салмалы қоршаулары болады. Пышақтардың жұмыс істейтін аймағына " Абайлаңыз! Пышақ!" деген ескерту жазуы болады		
279.	Қамыр басуға арналған конвейерлер шамадан тыс жүктеме болған жағдайда конвейер авариясының алдын алатын сақтандыру құрылғыларымен жарақталады		
280.	Сүрту машиналарында қамыр жазу ұзындығы бойымен торлы қоршауы болады. Қоршау жетек құрылғысымен бұғатталады		
281.	Қой бұйымдарын жидітуге арналған механикалық қондырғыларда автоматты түсіруге арналған бұйымдары болады және жергілікті сорғыштармен жарақталады		
	Кептіру плиталарын қалыптауға арналған машинада жетекпен бұғатталған периметрі бойымен қалыптау тетігінің қоршауы болады.		

282.	Нан мен кептіру плиталарын кесуге арналған машиналарда кесу аймағын қоршауы болады. Қоршау жетекпен және пышақ тежегіштерімен бұғатталады		
283.	Диск пышақтары бар машиналарда пышақтарды машинадан алмай, оларды қауіпсіз қайрауға арналған бұйымдар болады		
284.	Нан кесуге арналған машинаны тазалауды ол толықтай тоқта, анда және "Қосуға болмайды! Адамдар жұмыс істеп жатыр!" деген плакаттар іліп, электр қозғалтқыштарын ажыратқанда жүргізілуі тиіс		
285.	Нан пісіру пештері технологиялық режим өлшемдерін (пісіру камерасындағы температура; ылғалдандыруға келіп түсетін қысым; пісіру ұзақтығы) және отынның жану өлшемдерін (газбен сұйық отынның қысымы, жанарғыдағы ауаның қысымы, оттықтағы ыдырау, ығыстыру камерасындағы жану өнімдерінің температурасы, алаудың болуы) өлшеу және бақылау үшін бақылау-өлшеу аспаптарымен жарақталады. Электр пештері пештердің қалыпты режимінің бұзылуын болдырмайтын бұғаттау жүйелерімен жарақталады; басқару қалқандары мен пульттерінде электр пештерінің қосылғанын		

	немесе ажыратылғанын көрсететін жарық дабылы болады		
286.	Нан пісіру пештері газ бен сұйық отын беруді тиісті мөлшерден ауытқыған кезде, оттықтағы ыдырау азайғанда, алау өшкен кезде және бөлінгенде, ауа беру тоқтағанда, электр қорегі желіден ажырағанда тоқтатуды қамтамасыз ететін автоматикамен жабдықталады. Электрлік жылытқышы бар пештер конвейер тоқтаған жағдайда қорек беруді автоматты ажыратуға арналған құрылғымен жаракталады		
287.	Арна арқылы қыздыру пештерінде жару клапандары қарастырылады		
288.	Жару клапандары газдың жиналуы мүмкін оттықтар мен газ жүру жолдарының жоғарғы учаскелеріне орнатылады , қорғайтын қабаттармен қорғалады және жару кезінде қызмет көрсетуші персоналдың жаракат алу мүмкіндігін болдырмайтын орындарда орнатылады		
289.	Сұйық немесе газ тәрізді отын беретін өткізу құбырында шілтерге тікелей орналасатын құрылғылардан басқа, жалпы ажыратқыш құрылғы қарастырылады		
290.	Электрмен қыздыратын пештерде электр қыздырғыштарын қосу орындарында кілттің көмегімен жабылатын тұтас қоршаулар болады		

291.	Пеш конвейерінің жетегі артық жүктемеден қорғау үшін сақтандыру құрылғысымен жабдықталады		
292.	Пеш конвейерінің жетегінде авариялық жағдайда пісірілетін бұйымдарды шығару үшін қол жетегі қарастырылады		
293.	Пештер авариялық жағдайлар болғанда қосылатын автоматты жарық және дыбыс дабылы құралдарымен жабдықталады		
294.	Пештің отырғызу және түсіру сағаларындағы жұмыс орындары сорғы түтіктерімен, ал қажет болған жағдайда ағынды желдеткішпен жабдықталады. Сорғы шүмектері мен ауа өткізгіштер жану өнімдерінің жиналуын болдырмас үшін жүйелі түрде тазартылу туралы жазу болуы тиіс		
295.	Пештерді тексеру және жөндеу жұмыстары ұйымның технологиялық талаптары негізінде кесте бойынша жүзеге асырылады		
296.	Табақтар мен қалыптарды тазалауға және майлауға арналған машиналарда іске қосатын құрылғысы бар жетек қоршауы болады. Машиналардың жұмыс органдары табақтар мен қалыптар өту үшін тұтас алмалы-салмалы қоршаулармен жабылады		
297.	Пештерді орналастыруға арналған үй-жайлардың биіктігі пештің жоғарғы шығыңқы бөліктерінен бастап далдаларға дейін		

	кемінде 1 метр және бөренелерге дейін 0,6 метрден кем болмауы қажет		
298.	От жағу бөлімшесіне қатты отын беру, барлық пештерден шығарғанда жалпы шығар мөлшері сағатына 200 килограмм және одан астам күлмен мен шлакты шығару механикаландырылған тәсілмен жүргізіледі		
299.	Сұйық отынға арналған шығын бақтары сорғы желдеткіші бар оқшауланған үй-жайда орналасады, ол әрқашан жабық болады		
300.	Бакта вентилді түсіру құбыры мен осы мақсатта бөлінген орынға шығарып құятын құбыры болады. Сұйық отынның деңгейін анықтау үшін деңгей көрсеткіштер қолданылады		
301.	Сұйық отын құбырларында авария кезінде пешке отын беруді тоқтататын тиек вентилдері болады		
87.	Құбырларда орнатылған тиек және реттегіш арматура қызмет көрсетуге қол жетімді жерде орналастырылады. Арматура 1,8 метр биіктікте орналасқан жағдайда оған қызмет көрсету үшін алаңдар мен сатылар қарастырылады. Жиі ашылуға және жабылуға арналған арматураны, еденнен немесе алаңнан 1,6 метрге жоғары орнатуға рұқсат етілмейді		
88.	Реттегіш клапандарды тиек арматуралары ретінде қолдануға болмайды		
89.	Құбырлар, ауыстыратын жүктермен немесе көлік		

	құралдарымен зақымдау мүмкіндігі болмайтындай етіп орналастырады		
90.	Қышқыл мен сілті құбыр жолдарын қышқыл және сілтімен айналысына байланысы жоқ ғимараттардың сыртқы қабырғалары бойынша, көмекші, қосымша, әкімшілік және тұрмыстық ғимараттар арқылы салуға рұқсат етілмейді. Теміржол және автокөлік жолдарының қиылысында, жаяу жүргіншілер жолында құбырдың өтуі жобамен анықталған қауіпсіз орынға қышқылдар мен сілтілердің ағынын астауға бұруымен бірге жасалады		
91.	Қышқыл мен сілті тасымалдайтын құбырларды басқа құбырларға (пісірусіз бекітілген жылу серіктерінен басқа) бекітуге рұқсат етілмейді		
92.	Құбырлармен химиялық заттарды тасымалдау кезінде қатуды болдырмас (кристалдануы) үшін сыртқы құбырларды жылу серіктерімен және құбыр жолдардың жылу сақтауымен болуы		
93.	Адамдар мен көліктер (жолдардың, өтетін жерлердің үстіне) жүретін орындардағы ернемектік қосылыстары бар және белсенді сұйықтықтарды тасымалдайтын құбыр жолдары агрессивті сұйықтықтарды астауға қауіпсіз орынға бұруымен бірге жабық қаптарымен бірге қорытылады		

94.	Тиек арматура мен сақтандыру клапандарының құбыр жолдарына уақтылы тексеріс жүргізуі		
95.	Құбыр жолдарында герметикалық тиек арматура қолданылады. Арматураның құрастырылымдық материалдары тасымалданатын ортаға тұрақтылығы мен рұқсат етілген диапазондағы орта өлшемдерінің арматураларын пайдалануды қамтамасыз ету шарттарынан іріктеледі		
96.	Барлық тиек крандар оның дөңбекті бөлігінде кесілген және ақ бояумен боялған сызба түрінде кран тығыны қалыбы белгісімен жарақталады. Қақпақтар мен шиберлердің күйін өстің ұшында кесудің көмегімен белгілейді. Автоматты кескіштер соңғы қалыптардың ("Ашық", "Жабық") көрсеткіштерімен жабдықталады. Егер жоғарыда көрсетілген көрсеткіштермен кран тығындары және тиек құрылғылардың жағдайын белгілеу мүмкін болмаса, олардың жағдайын белгілейтін бағыт-көрсеткіштер немесе жазу қолданылады		
97.	Құбыр жолдарында жанғыш заттарды пешке жағу үшін беретін, жалын өшкенде пешке жанғыш затты беруді автоматты жабатын, пештің бақылау өлшеу аспаптарының		

	электр (пневмо) көзін тоқтататын кескіш клапандар орнатылады		
98.	Аспаптардағы және құбыр жолдарындағы сұйықтық айналымын бақылау үшін қарайтын әйнек, әйнек қорғаныш торларымен және "жарықпен" жабдықталады		
99.	Қолданыстағы құбырларды, блоктарды, төсеніштерді, сатыларды және басқа да заттарды бекіту үшін қолдануға болмайды		
100.	Құбырлар арқылы өтетін жерлерді екі жақты шарбақпен металл сатылармен (көпір) жабдықтайды		
101.	Сантехникалық және технологиялық құбыр жолдарды электр ғимараттары, жиынтық-трансформаторлық бекеттер жайлары арқылы өткізуге рұқсат етілмейді		
102.	Пайдалануға енгізудің және жөндеуге тоқтату алдында құрал-жабдықтар мен құбыр жолдарын тексеру және дайындау тәртібі бойынша мәліметтер технологиялық регламентте болуы және осы ережелердің орындалуы		
103.	Құбыр жолдарының жобалау құжаттамасында, төлқұжатында оларды пайдаланудың есептік мерзімі көрсетіледі		
104.	Сақтандыру қақпақтарын сынаған кезде, сынақ нәтижелерінің диаграммасын келесі сынаққа дейін сақтауымен бірге өзі		

	жазатын, өзі тіркейтін аспаптардың көмегімен, қақпақтардың жұмыс істеу қысымын тіркеумен қамтамасыз етіледі		
5.2 Аммиакқа арналған құбыр жолдары және арматураларды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі			
105.	Машиналы және аспапты бөлмелерде бу тәріздес аммиак құбыр жолдарын жоғарғы ажыратуын (компрессордан жоғары) қамтамасыз етеді		
106.	Аммиакты құбыр жолдары өтетін немесе өтпейтін каналдарда салуға рұқсат етілмейді		
107.	Объекті аумағы бойынша аммиакты құбыр жолдарды тек жер үстімен салу қарастырылады		
108.	Аммиакты құбыр жолдарды тұрмыстық, қосымша, әкімшілік-шаруашылық, электр машиналы, электр бөлгіш, трансформатор ғимараттары, желдеткіш камералары, БӨА, сатылы торлар, жарылғышөртқауіпті өндірістік ғимараттар арқылы салуға рұқсат етілмейді		
109.	Аммиакты құбыр жолдарды есік және терезе ойықтарымен бірге ғимараттардың өндірістік бөлмелерінің сыртқы қабырғаларымен салуға рұқсат етілмейді		
110.	Аммиакты құбыр жолдарын тікелей салқындататын тоңазытқыш және технологиялық құрал-жабдықтар орналасқан ғимараттар мен құрылыстардың сол бөліктерін қоспағанда, ғимараттар мен		

	құрылыстардың үстінен салуға рұқсат етілмейді		
111.	Май және конденсат жиналуы мүмкін бөлімшелердегі соратын және баспа аммиакты құбыр жолдары, төменгі аймақтағы май мен конденсатты май жинағышқа, сусіңгіш ресиверге бұру үшін кемінде 25 миллиметр шартты диаметрлі сусіңгіш вентильмен қамтамасыз етіледі		
112.	Соратын және баспа құбыр жолдардағы салынған тиек органдары жоқ компрессорларға тиек арматурасы қарастырылады		
113.	Блокты тоңазытатын машиналардың немесе мөлшерлі қуаттандыратын машиналардың аммиакты құбыр жолдарын өзара біріктіруге болмайды		
114.	Көмекші құбыр жолдарда (аммиак буының апаттық тасталынымынан басқа) екі тиек білік орнатылады		
115.	Компрессорлардың баспа құбыр жолдарында және сорғының барлық түрінің екпінді желілерінде компрессор (сорғы) мен тиек арматура арасында кері клапандар қарастырылады		
116.	Желі ресиверлерінен сұйықтық құбыр өткізгіште автоматты басқарылатын тиек қақпақ қарастырылады		
117.	Құбыр жолдары сызбасында аммиак буын кез келген аспаптан, ыдыстан сорып алу мүмкіндігі қарастырылады		

118.	Құбыр өткізгіште май жинағыштан май жіберу үшін, пайдаланылған майды қабылдауға арналған бактың сыртында орналастырылған қосымша манометр мен тиек білік қарастырылады		
119.	Арматураны есік ойықтарының, терезенің үстіне немесе құрал-жабдықтарға қызмет көрсету үшін өтетін жерде орналастыруға рұқсат етілмейді. Аммиакты арматураны тоңазытқыш камераларда орнатуға рұқсат етілмейді		
120.	Машиналық немесе аспаптық бөлмелердің шегінен тыс технологиялық тұтынушыларға шыққан барлық аммиакты құбыр жолдарда мұздатқышты (беруді) қабылдауды жедел тоқтату үшін тиек арматура қарастырылады		
121.	Аммиакты салқындататын құрылғыларға төменгі беру кезінде, қорытындылаушы құбыр жолдарды сорғының тоқтауы және кері клапанның бұзылуы кезінде аммиактың төгілуін болдырмау мақсатында салқындататын құрылғыдағы сұйықтықтың ең көп деңгейіне тең биіктікке көтеру қарастырылады		
122.	Құбыр жолдарын суықты тұтынушылардан айналымға немесе қорғаныш ресиверлеріне дейін олардың нормалық енісіңсіз бөлімшелеріне		

	<p>салу мүмкін болмаған жағдайда айналымға немесе қорғаныш ресиверге "қаптан" сусінгіш көзделеді</p>		
123.	<p>Сұйық аммиактың буын сору немесе беру үшін стационарлық құбыр өткізгіш ретінде иілгіш құбыршектерді қолдануға болмайды</p>		
124.	<p>Аммиакты құбыр жолдарының сызбасында, сұйық аммиакты олардың апаттық герметизациясы жойылған кезде сусінгіш ресиверге кез келген аспаптан, ыдыстан немесе блоктан жою мүмкіндігін қамтамасыз етеді</p>		
125.	<p>Сұйық аммиакты сақтайтын резервуарлар олардың арасына бақылау вентилін орналастыра отырып, екі тиек органдарымен құбыр жолдардан ажыратылады. Тікелей сыйымдылығы 100 тонна және одан да көп жұмыр, изотермалық және көлденең резервуарларда орналасқан арматура, қашықтықтан және қолмен басқарумен жабдықталады. Қашықтықтан басқару қойманы орталықтан басқару пунктінен жүзеге асырылады</p>		
126.	<p>Резервуарға сұйық аммиакты беретін және олардан шығаратын құбыр жолдарында, құбыр жолдары зақымданған жағдайда резервуардан аммиактың ағуын болдырмау үшін қорғаныш құрылғылары орнатылады (кескіш, жылдам клапандар, кері</p>		

	клапандар, электр жетекті тиек). Қорғау құрылғылары аммиак беру резервуары мен тиек арматураның арасына және құбыр өткізгіште тиек арматурадан кейін орналастырылады		
127.	Сұйық аммиакты сақтауға арналған резервуарлармен қосылған құбыр жолдары, резервуарлар қоршауының жоғарғы белгісінен төмен емес етіп салынады. Құбыр жолдары өтетін жердің торап құрылғысы резервуар қоршаулары арқылы қоршалған аумаққа сұйық аммиактың кему мүмкіндігін болдырмайды		
128.	Аммиак құбыр жолдарын ернемектік тығыздау жобамен анықталады. Резервуарды тұндыру кезінде жылу ғимараттарын резервуар қабырғаларына құбыр жолдарды қосқан жеріндегі күшті азайту үшін құбыр жолдардың майысуын өтейтін немесе компенсатор орнатуды қарастырады. Құбыр жолдарды резервуарға қосу резервуарды гидравликалық сынағаннан кейін жүргізіледі		
129.	Аммиак құбыр жолдары қышқыл және басқа да агрессивті сұйықтықтар тасымалдайтын құбыр жолдардан жоғары эстакадаларда орналасады		
	Сұйық немесе газ тәріздес аммиак құбыр жолдарында болат арматура және қалыпқа		

130.	<p>келтірілген бөліктері қолданылады. Шойын тиек-реттеуші арматураны, мыстан, мырыштан және олардың балқымаларының бөлшектерімен бірге арматура және фитингтер қолдануға рұқсат етпейді</p>		
131.	<p>Аммиакпен резервуарлар сақтандыру клапандарымен жабдықталады. Резервуардағы жұмыс сақтандыру клапандарының саны, олардың өлшемі және жіберу қабілеттілігі жобамен белгіленеді. Жұмыс сақтандыру клапандарымен параллельді резервті сақтандыру клапандары орнатылады. Резервті сақтандыру клапандарының сипаттамасы жұмыс клапандарына ұқсас қабылданады. Сақтандыру клапандарын тобымен орнату кезінде әр топтағы клапандар бірдей қабылданады. Иініректі - жұқсақтандыру клапандарын қолдануға рұқсат етпейді. Изотермалық резервуарларға арналған сақтандыру және вакуумды клапандарды алюминий балқымаларынан орнатуға болады. Қаптасып оқшаулануымен бірге изотермалық резервуарлардың сыртқы қабында, егер ондай клапандар азоттың буферлік ыдысында (газгольдерде) немесе сыртқы қабығын буферлік ыдыспен</p>		

	<p>қосатын құбыр өткізгіште болса, сақтандыру клапандарын орнатпауға да болады. Аммиакпен резервуарлар сақтандыру клапандарымен жабдыкталады. Резервуардағы жұмыс сақтандыру клапандарының саны, олардың өлшемі және жіберу қабілеттілігі жобамен белгіленеді. Жұмыс сақтандыру клапандарымен параллельді резервті сақтандыру клапандары орнатылады. Резервті сақтандыру клапандарының сипаттамасы жұмыс клапандарына ұқсас қабылданады. Сақтандыру клапандарын тобымен орнату кезінде әр топтағы клапандар бірдей қабылданады. Иініректі - жүксақтандыру клапандарын қолдануға рұқсат етпейді.</p>		
132.	<p>Сақтандыру клапандарында, осындай мөлшердегі резервті клапандарды жұмысқа қоспай, жұмыс клапандарын айыруды болдырмайтын, ауыстыру құрылғылары орнатылады</p>		
133.	<p>Сақтандыру клапандарын орнатқан жерінен шешіп ала отырып, тексеру және жөндеу, стендте тексеріп және жөнге салу екі жылда бір рет жүргізіледі</p>		
134.	<p>Изотермолық резервуарлар 490,3 паскальға тең өлшемге жеткен кезде вакуумды өшіру үшін вакуумды клапандармен</p>		

	жабдыкталады (50 миллиметр су бағанасы)		
5.3 Фосфор өндірісіндегі құбырлар мен арматураларды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі			
135.	Фосфор, фосфорлық шөгінді, пеш газының және фосфор құрамды ағудың құбыр жолдарын салу құбыр жолдардың жай-күйін үнемі қадағалауды жүргізуге мүмкіндік беретін жер үстінде жанбайтын эстакада да орындалады		
136.	<p>Фосфор, фосфорлық шөгінді, пеш газының және фосфор құрамды ағудың құбыр жолдарының сыртқы эстакадаларын құбыр жолдардың кіруін және шығуын қоспағанда, ғимарат үстіне немесе оларға жалғасатын ғимараттардың үстіне орнатуға рұқсат етпейді. Бұл эстакадалар жалпы басқа технологиялық құбыр жолдармен және бу жылу газ құбыр жолдарымен бірге төмендегідей талаптарды сақтағанда жіберіледі:</p> <p>1) фосфор, фосфорлық шлам құбыр жолдарынен өрт қауіпті және уытты өнімдерден тұратын құбыр жолдарға дейін көлденең арақашықтық кемінде 1,5 метр;</p> <p>2) фосфор, фосфорлық шлам құбыр жолдары эстакаданың аралық құрылысының төменгі қабатында орналасады; олардың астына басқа құбыр жолдарды орналастыруға рұқсат етілмейді;</p> <p>3) пеш газының фосфор құбыр жолдары мен газ құбыр жолдарын эстакада түріндегі жабық</p>		

	галереяда салуға рұқсат етілмейді; 4) фосфор пештерінің фосфор, фосфорлық шлам және газ пешінің құбыр жолдарын салмақ түсетін құрылыс конструкциясы ретінде пайдалануға рұқсат етілмейді		
137.	Күкірт тасымалдайтын құбырларды бу жейдесінде жөндейді. Ағызатын құбыр өткізгіш өлшегіштен реакторға дейін сыртқы электр қыздырғыштың көмегімен қыздырылады		
138.	Балқытылған бес күкіртті фосфорды тасымалдау үшін құбыр жолдары мен тиек арматуралар электрлік қыздырғыштармен жабдықталады. Бес күкіртті фосфор құбыр жолдары бөлек бөлімшелерге бөлінеді. Әр бөлімше алмалы жылу окшаулағышымен бірге жеке электр қыздырғыштармен, температураны өлшеуге бақылау орындарымен жабдықталады		
139.	Бес күкіртті фосфор өндірісінде гидро бекітпеге қайтқан газ құбыр жолдары қарау және тазалау үшін штуцермен жабдықталады		
140.	Күкірт, фосфор, бес күкіртті фосфорға арналған құбыр жолдарын, тұрмыстық, қосымша, әкімшілік-шаруашылық ғимараттар, бөлгіш құрылғылар, электр қалқандары, БӨА мен		

	желдеткіш камералары жайлары арқылы салуға рұқсат етілмейді.		
141.	Фосфор, фосфорлы шлам, сұйық күкірт, бес күкіртті фосфор және фосфор қышқылы құбыр жолдарының ернемектік қосылыстары есік ойықтарының, цехтағы, жолдағы, өтетін жердегі негізгі өтпелердің үстінен орналастыруға рұқсат етілмейді		
142.	Фосфор, фосфорлы шлам, сұйық күкірт, бес күкіртті фосфор және фосфор қышқылы құбыр жолдарының ернемектік қосылыстарында қорғаныш қаптар орнатылады		
143.	Газ пешінің құбыр жолдарының буды, инертті газды және ыстық суды әкелу үшін штуцерлері болады. Штуцерлерде ауа түсу мүмкіндігін болдырмау үшін тиектерімен бірге вентиль құрастырады. Бу, инертті газ және ыстық суды қосы үшін технологиялық регламентке сәйкес құбыр өткізгіштің алынатын бөлігінің немесе иілгіш шлангтің көмегімен жүргізіледі		
144.	Фосфор және фосфорлы шламды тасымалдауға арналған құбыр жолдарды, фосфорды әр қайта құйғанға дейін және әр қайта құйғаннан кейін ыстық сумен жуады. Жеке жүйеден құбыр жолдарды сумен жуған жағдайда немесе қайталап қолданылған сумен оны құбыр		

	жолдарға қосу стационарлы жүзеге асырылуға рұқсат етеді		
145.	Цех ғимаратына фосфор және газ пешінің құбыр жолдарын енгізуде цехқа өнімдерді беруді тоқтату үшін, ғимарат қабырғасынан кемінде 3 метр арақашықтықта тиек арматура орнатылады		
146.	Газ пешінің цехаралық газ жолдарының, газ үрлегіштермен дамыған бір жарым қысымнан кем емес есептелген гидравликалық бекітпелер түрінде тиек құрылғылары бар. Газ пешінің құбыр жолдарында тар жол, люктер, қарайтын тесіктер орнатуға рұқсат етілмейді		
147.	Ең төменгі орындардағы газ пешінің құбыр жолдары жылытылады және ағу құбыр жолдары бойынша конденсатты үздіксіз бұрумен бірге сусінгіш құрылғылармен жабдықталады. Конденсатты бұру әр 50-60 метр сайын жүргізіледі. Газ жолдарының жеке бөлімшелерінен конденсаттың түсуі гидравликалық бекітпелер арқылы жүзеге асырылады		
5.4. Хлор өндірісіндегі құбырлар мен арматураларды пайдаланудағы өнеркәсіптік қауіпсіздікті камтамасыз ету тәртібі			
	Хлор тасымалдауға арналған құбыр жолдары эстакада бойынша төмендегілер: құлаған заттардан қорғау (құбыр жолдардың үстіне көтеретін құрылғылар мен жеңіл тасталынатын аспаларды орналастыруға		

148.	<p>болмайды); көлік құралы тарапынан ықтимал соққыдан қорғау, сондықтан көлік құралдарын қауіпті бөлімшелерден алыс орналастырады немесе олардан кедергімен бөледі. Гильзаға қорытындыланған хлор құбыр жолдарын жер астымен салу, көліктік магистральдар қиылысы орындарында рұқсат беріледі. құбыр жолдарды таттануға-белсенді, жанғыш заттардың ықпалынан қорғау. Сұйық және газ тәріздес хлор құбыр жолдарын қыздыру көздерінен және жанғыш заттардың құбыр жолдарынан 1 метрге алыстатады; тұрақты бекіту, ыңғайлы қызмет көрсету мен қарауды қамтамасыз ете отырып салынады</p>		
149.	<p>Хлор құбыр жолдарын сыртқы қабырға бойынша және көмекші, әкімшілік, тұрмыстық, өндірістік және басқа хлор шығарылмайтын, сақталмайтын және қолданбайтын ғимараттар арқылы салуға рұқсат етпейді.</p>		
150.	<p>Хлор тасмыладайтын құбыр өткізшітерге басқа құбыр жолдарды бекітпейді (пісірмей бекітілген жылу серіктерінен басқа)</p>		
151.	<p>Сұйық және газ тәріздес хлор құбыр жолдарын салған кезде коммуникациялардың ең аз созылуын қамтамасыз етеді, иілуін және іркілдек аймақтардың пайда болуын</p>		

	болдырмайды. Хлор құбыр жолдарын салған кезде компенсаторлар қарастырылады		
152.	Хлор құбыр жолдары беретін және қабылдайтын сыйымдылықтар тарапына қарай құбыр жолдардың өз бетінше босау мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі		
153.	Сұйық және газ тәріздес хлорды тасымалдайтын цехаралық құбыр жолдары оларды босату, үрлеу және шашу үшін тиек арматурамен және тиекпен бірге штуцермен жабдықталады		
154.	Шартты диаметрі 50 миллиметр және одан да көп және газ тәріздес хлор құбыр жолдарымен сұйық хлордың барлық құбыр жолдары төлқұжатпен қамтамасыз етіледі		
155.	Хлор құбыр жолдарын құрғақ ауамен (азотпен) беріктілігі мен тығыздығы сыналады		
156.	Құбыр жолдардың герметикалығын тексеру тәртібі бойынша технологиялық регламентте мәліметтер болуы және осы ережелердің орындалуы		
6. Автоматтандыру, оқшаулау, дабыл қағу, басқару			
6.1. Өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жалпы тәртібі			
	Өндірістің технологиялық процестерін бақылау, реттеу және басқару, химиялық заттарды сақтау және тұтыну басқару ғимараттарында орналасқан оператор орнында жүзеге асырылады және		

157.	құрал-жабдықтардың орналасқан орны бойынша қайталанады. Технологиялық процестерді бақылау және басқару жүйесі, апатқа қарсы қорғау жүйесі микро процессорлы техника негізінде орындалады		
158.	Технологиялық өлшемдерді өлшеу және реттеу (шығыс, қысым, температура) таттануға тұрақты ортада химиялық заттарды немесе оның ықпалынан (бөлгіш құрылғылары, пневматикалық қайталағыштар, бақылау-өлшеу және реттеу аспаптары мен құрылғыларын қолдана отырып инертті газбен үрлеу) жүргізіледі		
159.	Цехтың технологиялық сызбасында, жобада және регламентте құрал-жабдықтардың бірыңғай нөмірленуі қабылданады және құрал-жабдықтарға енгізіледі		
160.	Өндірістерді автоматтандыру, технологиялық өлшемдері шекті мәнге қол жеткізген кезде және технологиялық құрал-жабдықтарды апатты қайтару, апаттық, ескерту, технологиялық дабылдарды, тосқауылдау, қорғау іс-шараларын қарастырады		
161.	Технологиялық процестерді автоматтандыру сызбасы, автоматиканың жеке құралдарының істен шығуы немесе олардың бұзылуы апат, қақтығыс		

	болдырмайтындай етіп орындалады		
162.	Ағынды желілерде жұмыс істейтін көлік механизмдері, үйінділердің пайда болуына және ағынды желінің бір көлік механизмдерінің біреуі тоқтаған кезде тасымалданатын материалмен механизмдердің толуына кедергі жасайтын оқшаулаумен қамтамасыз етіледі. Барлық таспа конвейерлер, олардың ұзындығына қарамастан, конвейерді кез келген орыннан оның ұзындығы бойынша тоқтатуға мүмкіндік беретін құрылғылармен жабдыкталады		
163.	Келтірілген механизмдерде немесе оның жеке бөліктерін басқару пунктінен біршама алыста болса көрінуі немесе осы пункттен тыс болса, бұрынғы жіберуді және оны 3-5 секунд басып өтетін жіберу алдындағы ескерту дыбыс және жарық дабыл белгілерін қарастырады. Бұл ретте егер бұл қызмет көрсетуші жұмысшының қауіпсіздік жағдайлары болса, механизмдердің алыстағы бөліктерінің орналасқан орнындағы қозғалтқыштарды апатты қайтару мүмкіндігін қарастырады		
	Негізгі машиналардың, механизмдердің және аспаптардың жіберу құрылғылары сақтандыру және қоршау құрылғыларымен бірге, олардың алынған		

164.	<p>сақтандыру құрылғылары мен қоршауларында жұмысқа қосу мүмкіндігін болдырмайтындай етіп қарастырады. Осындай машиналардың, механизмдердің және аспаптардың тізімдемесі жобалау ұйымымен анықталады. Агрегаттарды, механизмдерді және аспаптарды демонтаждалған қоршаулармен бірге жіберуге рұқсат етілмейді</p>		
165.	<p>Технологиялық көрсеткіштерді өлшеу және игеру (шығын, қысым, температура және тағы сол сияқты) таттану ортасында немесе олардың ықпалынан қорғалған техникалық жабдықтармен жүзеге асырылады</p>		
166.	<p>Апаттық қорғау және дабыл жүйелері жұмысының жарамдылығы, технологиялық регламентке сәйкес, үздіксіз технологиялық процестер үшін – әр жіберу алдында және жөндеуге тоқтатқан соң тексеріледі. Құрал-жабдықтардың технологиялық процестері мен жұмысын бақылау, басқару, дабыл және апатқа қарсы қорғау жүйелерінің айырылғанымен жүргізуге рұқсат етпейді</p> <p>Технологиялық процестерді автоматты басқару жүйелерінде қолмен оқшаулауды алып тастауға рұқсат етпейді</p>		

167.	Химиялық заттарды сақтауға арналған сыйымдылықтар шекті мәні деңгейінің дабылы мен берілген шекті деңгейге жеткен кезде немесе ауыстырып құю мүмкіндігін болдырмайтын басқа құралдармен оларды сыйымдылықтарға беру кезінде автоматты ажырату құралдарымен бірге өлшеу, бақылау және осы сұйықтықтардың деңгейін реттеу құралдарымен камтамасыз етіледі		
168.	Отын ретінде табиғи немесе пеш газын қолданатын барлық қондырғылар газ берудің келесі жағдайында: 1) желдеткіш-түтін сорғышты тоқтату; 2) газ қысымының түсуі; 3) бірінші ауа қысымының түсуі; 4) жалынның өшуі; 5) электр энергиясының болмауы автоматты кесу жүйесі болады		
169.	Газ жүрісіне пеш газын кескен кезде автоматты түрде инертті газ беріледі		
170.	Жағу отынының түріне байланысты жабдықталады: 1) жағу кеңістігінде және газ жолында сұйылтуды (қысым) бақылауға арналған аспаптармен; 2) түтінсорғышты апаттық тоқтату кезінде үрлейтін желдеткішті автоматты тоқтату жүйесімен жабдықталады		
	Инертті газ (көмірқышқыл газы) алуға арналған қондырғылар және электр сүзгілерін		

171.	қыздыру қондырлығылары шекті-рұқсат етілген мәндердің дабылымен, газ шығуы мен жағу алдындағы ауа қатынастарын бақылауға арналған аспаптармен бірге оттегі бойынша автоматты газ талдауыштары бар		
172.	Пеш бөлмесінің газ жолы , пеш газы қысымының төмендеуі немесе жоғарлауынан қорғайтын оқшаулау жүйесімен камтамасыз етіледі		
173.	Пьезометриялық аспаптардың қуат көзі, ауа мен жанғыш буларымен бірге қоспасының өнімдері жарамайтын жағдайда, инертті газбен жүзеге асырады		
174.	Атмосфераға жанған өнімдердің тасталуына арналған барлық түтінсорғыштар, үрлегіш желдеткішпен, түтінсорғышты тоқтатқан кезде желдеткіштің автоматты тоқтауы үшін оқшауланады		
175.	Электрлі басқару жүйесі механизмдерімен ағын-көлік жүйелерін: 1) элеваторлар мен тасымалдағыштарға арналған жылдамдық релесін қолдана отырып, тасымалданатын заттардың үйіндісінен барлық механизмдерді электрлік оқшаулауын; 2) құрал-жабдықтарға жөндеу және алдын алу жұмыстарын жүргізу кезінде механизмдерді жіберуді болдырмауды; 3) сөндіргішпен қосылған арқанның көмегімен		

	<p>тасымалдағышы апатты қайтаруды;</p> <p>4) жіберу алдындағы дыбыс дабылымен қамтамасыз етеді</p>		
176.	<p>Қашықтықтан қосу жүйесіне кіретін әр механизмде, "Абайла! Қашықтықтан қосылады, жөндеу кезінде электрлік сызбасын талда" деген ескерту плакаты ілінеді</p>		
177.	<p>Автоматты қосу және ажыратумен жұмыс істейтін құрал-жабдықтар (сорғылар, компрессорлар):</p> <p>1) жарық дабылын;</p> <p>2) ескерту плакаттары: "Абайла! Автоматты жұмыс істейді, дабылсыз қосылады", құрал-жабдықтардың әр түрінің екі жағынан және 10-20 метр болатын көлік механизмдерінде ілінеді</p>		
178.	<p>Требование по проверке исправности схем противоаварийных защитных блокировок и сигнализации, электронных, релейных и электрических схем ежемесячно и при каждой остановке технологического процесса</p>		
179.	<p>Басқару ғимаратына химиялық затпен бірге серпінді трубкалар енгізуге рұқсат етпейді</p>		
	<p>Салқындатқыш камера қолмен қосатын "Камерада адам" дабылымен жабдыкталады. "Камерада адам!" жарық және дыбыс сигналдары ғимаратқа тұрақты кезекші қызметкермен (диспетчер, оператор) келіп түседі. "Камерада</p>		

180.	<p>адам" жарық тақтайшасы ішінде адам бар камера есігінің сыртында жанады. Камерадан белгі беру құрылғысы камерадан шығатын жерде ішінен оң жақта, еденнен 0,5 метрден аспайтын биіктікте орналасады, оларды жүктермен үюге болмайтыны туралы жазумен бірге жарық көрсеткіштермен белгіленеді және зақымдаулардан қорғалады</p>		
181.	<p>Салқындататын камералардың ішінде шығатын есікті және " Камерада адам" дабылының құрылғысын (ілгек) жарықтандыру үшін үнемі қосылып тұратын шам қарастырылады. Шам ішінде шығатын есіктің оң жағында қауіп дабылы ілгегінің үстінде орнатылады. Салқындатылған ғимараттың кіреберісінде (дәлізде, эстакада) тоңазытқыш камерасында жүргізілетін және салқындататын батареялар мен аммиакты құбыр жолдарын зақымдаулардан қорғау жұмыстарын жүргізу жөніндегі технологиялық регламент ілінеді</p>		
6.2. Хлор өндірісі және тұтынуды автоматтандырудың өнеркәсіптік қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі			
	<p>Электролиздеу құрылғысы бақылау, дабыл және басқару жүйелерімен: 1) электролиздеуші бөлмелерде ток қуатымен және күшімен; 2) электролиз залынан тұрақты ток көздерінен апатты қайтарумен және</p>		

хлор компрессорлар ғимараттардан оларды тоқтату кезінде, басқару ғимаратымен;

3) электролиздеушіні қуаттандыратын, тұрақты токтың кенеттен ажыратқанда хлорлы және сутегі компрессорлары электр қозғалтқыштарын, токты ажыратқан соң 3-4 секунд ұстауымен бірге автоматты тоқтатумен;

4) егер сынап сорғыларын тоқтатқан кезде, хлорлы компрессорлардың өзі қосылып кетпесе, хлорлы компрессорларды оқыс тоқтатқан (3-4 секунд ұстай отырып) кезде, электролиздеушіні қуаттандыратын тұрақты ток көзін автоматты ажыратумен біруақытта электролиз залына, басқару ғимаратына белгі беріледі;

5) бірнеше жұмыс істеуші хлорлы компрессордың біреуін оқыс тоқтатқан кезде, өңдеуші аралық бекеті мен басқару ғимаратының, электролиз залының дабылымен;

6) сынап сорғысының қозғалтқышын тоқтатқанда және сынап катодымен электролиздеушіде сынап айналымын тоқтату кезінде электролиз залы мен басқару ғимаратының дабылымен ;

7) деңгейлерді рұқсат етілген мәннен төмендету дабылымен, қатты катодпен бірге электролиздеушіні қуаттандырушы қысымды бактағы тұздық

деңгейін, сынап электролиздеушіні қуаттандырушы қысымды бақтағы тұздық пен тазаланған су деңгейін автоматты реттеумен;

8) шекті рұқсат етілген мәнге жеткені туралы басқару ғимаратындағы дабылмен, электр сілтілері мен каустик жинақтарындағы деңгейлерді автоматты реттеу;

9) электролиздің диафрагменді әдісі үшін сутегі коллекторында регламенттелгеннен жоғары ыдырату кезінде және электролиздің сынапты және мембраналық әдістері үшін сутегі коллекторында регламенттелгеннен төмен қысымды төмендету кезінде басқару ғимаратындағы дабылмен;

10) компрессордың баспа құбыр өткізгішінде сутегінің артығын атмосфераға (шамға) тастауымен бірге сутегі қысымын автоматты реттеумен;

11) аэлектролиздің диафрагменді әдісі үшін коллекторда хлор мен сутегінің ыдырауын, электролиздің сынапты және мембраналық әдістері үшін коллектордағы хлор ыдырауын және сутегі қысымын автоматты реттеумен;

12) сутегіні тазалау және кептіру ғимаратындағы, с у т е г і компрессорларының ауадағы сутегі шоғырлануы жарылғанға

	дейін жеткен кезде дабылмен және автоматты апаттық желдеткіштің қосылуымен жабдықталады		
183.	<p>Сұйық хлорды өндірісі кезінде мыналар қарастырылады:</p> <p>1) хлор конденсаторынан суық тасығыштың кіреберісте және шығатын жерде, сұйық хлордың шығардағы температурасын автоматты бақылауды;</p> <p>2) х л о р конденсациясының абгаз деңгейіндегі сутегі шоғырлануын автоматты бақылау және қолдау</p> <p>3) басқару ғимаратында абгаздағы сутегінің көлемді үлесі конденсациясы 4 пайыздан асқан кезде дабыл беру</p>		
184.	Сұйық хлор цехаралық құбыр жолдарда және цех ішіндегі коллекторда құбыр өткізгіштегі сұйық хлор қысымының ескерту мәніне жеткенде қосылатын дабылды және шекті рұқсат етілген мәнге жеткенде апатқа қарсы қорғау жүйелерінің қосылуын қамтамасыз етеді		
185.	<p>Резервуарлар, танктер, сұйық хлор жинақтары:</p> <p>1) басқару ғимаратына көрсеткіштерін шығарумен бірге қысымды бақылау аспаптарымен;</p> <p>2) басқару ғимаратына және орны бойынша сыйымдылықтарды толтыру және босатудың регламенттелген нормасына жеткен кезде дыбыс және жарық</p>		

	<p>белгісінің автоматты қосылуымен бірге сұйық хлордың массасын (деңгейін) екі тәуелсіз жүйемен өлшеу және бақылауды;</p> <p>3) басқару ғимаратында және орны бойынша орнатылған қысымның 1,2 мегапаскаль жоғары көтерілгені туралы дабыл жүйесімен қамтамасыз етіледі</p>		
186.	<p>1 миллиграмға тең хлор шоғырлануы берілген шектен асқан кезде, апаттық жұту жүйесімен оқшауланған жарық және дыбыс дабылы, және желдеткіш қосылады. Хлордың болуына тетік сигналы бойынша апаттық тасталымдарды ұстау әдісінің абсорбциялық жүйесін пайдалану кезінде, санитарлық бағаналарды ш а ю ғ а бейтараптандыратын ерітінді беру үшін сорғы қосылады, сосын апаттық желдеткіш санитарлық бағаналарды шайып алуға қажет уақытқа кешігіп қосылады</p>		
187.	<p>Екі шекті хлордың газ талдаушыын қолданған кезде, бірінші шектен, хлордың шоғырлануы көтерілген кезде, жарық және дыбыс дабылы қосылады, 20 шекті-рұқсат етілген шоғырлануы көтерілген кезде апаттық сору жүйесімен қосылған апаттық желдеткіш қосылады. Белгі бергіштің жұмыс істеген уақыты хлор шоғырлануы 20-шы шекті-рұқсат етілген</p>		

	шоғырланудан асқан кезде - 30 секундқа көп емес болады		
188.	Жеке тұратын танктердегі хлор қоймалары, буландырғыш, хлорды құю-төгу пункттері, тұратын теміржол тұйықтары және хлор ыдыстарын түсіріп алатын пункттері, оның шоғырлануы рұқсат етілген шектен көтерілгені туралы дабылымен бірге, хлордың жылыстауын бақылайтын сыртқы контурмен жабдықталады.		
189.	Сыртқы бақылау контурын орнатқан жерде хлор шоғырлануы 20-50 миллиграмм метр диапазонына жеткенде төмендегілер: 1) автоматты түрде: хлорлы толқындарын су бүркеумен қорғаудың стационарлық окшаулау жүйесі; 2) автоматты немесе қолмен: электронды есептеуіш машиналарын қолдана отырып, хлордың таралуын болжау жүйесі қосылады (25 тоннадан астам сыйымдылық бірлігімен ыдыста хлор сақтау көзделген объектілер үшін)		
	Жылу алмасу аспаптарында сұйық хлордың буланғанында: 1) сұйық немесе буланған хлордың шығуын автоматты бақылау; 2) буланған хлор қысымын автоматты бақылау және реттеу; 3) булағышта хлор қысымының		

190.	<p>көтерілгенінен қорғау үшін автоматты сақтандыру құрылғысы;</p> <p>4) температурасы төмендегенде немесе жылу тасығыштың температурасы ең төменгісінен төмендегенде булағыштан хлордың шығуын автоматты жабу;</p> <p>5) булағыштағы жылу тасығыштың температурасын автоматты бақылау және реттеу;</p> <p>6) жылу тасығыштағы хлордың болуын автоматты бақылау;</p> <p>7) булағыштың жұмысы қателескенде буланған хлор ағынымен бірге шыққан, сұйық хлорды ұстау және булануына арналған құрылғы қарастырылады</p>		
191.	<p>Контейнерлерден немесе баллондардан газ тәріздес хлорды іріктегенде хлор қысымын және шығысын бақылау жүзеге асырылады</p>		
6.3. Аммиакты компрессордың бақылау, басқару, дабыл және апатқа қарсы автоматты қорғау жүйелеріне өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі			
192.	<p>А м м и а к т ы компрессорлар ПАЗ құралдарымен жабдықталады, ол төмендегі өлшемдер бойынша: айдау қысымының рұқсат етілген шектік мәні бойынша; айдаудың рұқсат етілген шектік температурасы бойынша; майлау жүйесіндегі қысымның рұқсат етілген шектік төменгі айырмасы бойынша; сорылатын сұйық аммиактың аспаптағы немесе ыдыстағы сұйық</p>		

	аммиактың рұқсат етілген жоғары шектік деңгейі бойынша; аралық ыдыстағы (компрессорлардың сатылары арасындағы) сұйық аммиактың рұқсат етілген жоғары шектік деңгейі бойынша іске қосылады		
193.	Қысымның көтерілуінен қорғау үшін, келтірілген электр қозғалтқыштарды тоқтатуға ықпал етуші немесе қысымның көтерілуін шектеуді қамтамасыз етуші штатты қысым релесі көзделеді		
194.	Екі немесе одан да көп компрессорлармен жабдықталған, бірнеше булағыш жүйелер қызмет көрсететін тоңазытқыш жүйелерде кез келген жүйенің ыдысындағы (аспаптағы) сұйықтық деңгейінің қорғау релесі іске қосылған кезде, барлық компрессорларды тоқтатуды қамтамасыз ететін құрылғы қарастырылуы тиіс		
195.	Суық жеткізгіші (тұздық, су) бар салқындату жүйелерінде бұл суық жеткізгіштің қаптама-түтікті булағыш арқылы қозғалысының тоқтауы кезінде немесе ондағы аммиакты қайнату температурасы суық жеткізгіштің қатуына әкелетін шектерге дейін төмендеуі кезінде компрессорларды ажырататын аспаптар қарастырылады		
	Су салқындатқышы бар әрбір компрессорда немесе агрегатта су ағыны болмаса немесе су қысымы белгіленген		

196.	шектен төмендеген кезде компрессорды өшіретін аспаптар болуы қажет. Су беретін құбыр жолдарда компрессор тоқтаған кезде су беруін тоқтататын электр магнитті клапандар орнатылады		
197.	Компрессорлардың жіберілуі және жарамсыз немесе қорғаныш автоматиканың аспаптарымен сөндірілген жұмысына рұқсат етілмейді		
	<p>Салқындатқыш жүйе белгісінің аталған әрі төмендегі ыдыстар (аспаптар) сұйық аммиак деңгейі бойынша қорғалады:</p> <p>1) булағыш блогы (панельді қап): алдын ала дабылымен аммиактың рұқсат етілген жоғарғы деңгейіне жеткен кезде компрессорды ажырататын екі қосарланған реле деңгейі;</p> <p>2) айналым ресивері (сұйықтық бөлгіштің біріктірілген функциясы) аралық ыдыс: алдын ала дабылымен аммиактың рұқсат етілген жоғарғы деңгейіне жеткен кезде компрессорды айыратын екі қосарланған реле деңгейі; аммиак деңгейінің көтерілуі жөніндегі алдын алу дабылына арналған реле;</p> <p>3) сұйықтық бөлгіш: апат алдындағы дабылмен аммиактың шекті рұқсат етілген деңгейі осы ыдыста асқан жағдайда компрессорды ажыратушы екі қосарланған деңгей релесі. Сұйықтық бөлгіште айналымдағы</p>		

198.	<p>ресиверде мөлшерленген аммиак зарядымен кондырғыда ескерту дабылына арналған деңгей релесі белгіленбейді; қорғаныш ресивері (сұйықтық бөлгіштің біріктірілген функциясы): алдын ала дабылмен аммиактың шекті рұқсат етілген деңгейіне жеткен кезде компрессорды ажыратушы екі қосарланған деңгей релесі; аммиак деңгейінің қауіпті артуы туралы дабылға арналған реле; аммиактың ең аз деңгейі туралы ескерту дабылына арналған реле;</p> <p>5) желілік және су сіңгіш ресиверлер: аммиактың ең көп деңгейіне жеткені туралы ескерту дабылына арналған реле; аммиактың ең аз деңгейі туралы ескерту дабылына арналған релемен қамтамасыз етіледі.</p> <p>Ыдыстағы және аппараттағы сұйық аммиак деңгейінің жоғарыда аталғандарға жеткенде жарық дабылы қосылады, ол келесі түстердің сигналдарымен қамтамасыз етіледі: қызыл-сигнал шекті рұқсат етілген деңгейі туралы (авария алдындағы дабыл); сары - сигнал жоғарғы деңгейдің қауіпті артуы жөнінде (ескерту дабылы)</p>		
199.	<p>Сұйық аммиактың деңгейі жөніндегі жарық сигналдары бір уақытта айыруы қолмен жүзеге асырылатын дыбыс сигналымен қостайды</p>		
	<p>Аспаптарды (ыдыстарды) сұйық аммиакпен</p>		

200.	куаттандыру төмен қысымы жағында деңгейлерді автоматты реттеушінің көмегімен, ал мөлшерленген заряд жүйесінде жоғары қысым жағында бағаланады		
201.	Сұйық аммиак жоғары қысыммен берілетін қондырғылардың әрбір аспаптары (ыдыстары) аспаптардан (ыдыстардан) бұды соратын компрессорлар тоқтаған кезде оған сұйықтың келуін тоқтататын автоматты тиек бұрандаларымен жабдықталады		
202.	Жалпақ (рефлекторлы) әйнек ретінде сұйықтық деңгейінің жарамды көзбен бақылау көрсеткіштерінің ыдыстары, ресиверлері болады. Деңгей көрсеткіштері әйнек сынған жағдайда оларды ажыратуға арналған тиек тетіктерімен жабдықталады		
6.4. Салқындатқыш қондырғылар компрессорларының автоматикасы өнеркәсіптік қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі			
203.	Тоңазытқыш қондырғылары дайындаушы ұйыммен немесе жобамен (майлау жүйесіндегі айдау және сору қысымы) көзделген компрессорды тоқтатушы немесе бақыланушы шекті рұқсат етілген мәннің өлшемдері жеткенде оны қосуды оқшаулаушы автоматты қорғаудың жарамды аспаптарымен жарақталады		
	Сумен және ауамен салқындату конденсаторымен бірге тоңазытқыш қондырғыларында белгілі		

204.	<p>бір берліген мөлшерге дейін айдау қысымын арттыру компрессорды тоқтатушы жоғары қысымды реле қарастырылады (Ресептөмен қысым). Қысым релесі компрессордың тиек айдау вентиліне дейін қосылады</p>		
205.	<p>Компрессорлар R12 – 140 градус Цельсиядан көп емес, R502 - 150ҮС көп емес, R22 - 160ҮС көп емес (егер дайындаушы ұйыммен көзделмеген болса өзге мәні нұсқаулықта) айдау температурасы артқанда оларды тоқтатушы, қорғаушы температуралық релемен жаракталады</p>		
206.	<p>Айдау құбыр жолдарындағы әр агрегатталмаған компрессорларда (тиек вентильден 300 миллиметрге дейін арақашықтықта) қорғау автоматикасы аспаптарын бақылау және жөнге салуға арналған термометрлік гильза қарастырылады</p>		
207.	<p>Салынған электр қозғалтқыштарымен компрессорларда шекті рұқсат етілген температураға жеткенде компрессорды тоқтатушы электр қозғалтқышының статор орамасын температуралық қорғау қарастырылады</p>		
	<p>Дайындаушының жеткізілімі агрегатталған қондырғыға кірмейтін фреонды булағыштар компрессор тоқтағанда булағыштардың толғанын реттейтін және</p>		

208.	сұйық суықты беруді тоқтатуды қамтамасыз ететін автоматты аспаптармен (термореттеуші вентиль, деңгей релесі, температура релесі, тұзды вентиль) жабдықтайды		
209.	Аралық суық жеткізгіштерімен салқындату жүйелерінде қап құбырлық булағыш арқылы суық жеткізгіш қозғалысын тоқтатуда немесе булағышта рұқсат берілген шектен төмен қайнау температурасы төмендегенде компрессорды айырушы автоматты қорғау аспаптары қарастырылады		
210.	Автоматты қорғау аспаптары машиналарға мерзімді қызмет көрсетумен 3 айда бір рет , ал қалғандарына айына бір рет тексеріледі, тексеру нәтижелері туралы журналға жазылады		
211.	Автоматты қорғау аспаптарының бақылау өлшемдерінің қалыпты жағдайында тұйық шығу тізбегі немесе тұйық байланысы болады. Осы аспаптар олардың жұмысы кезінде ажыратылады		
212.	Ажыратылып тұрған автоматты қорғау қондырғысында компрессорды қосу және жұмыс істеуге рұқсат етілмейді		
6.5. Аммиакты жүйелердің автоматикасы өнеркәсіптік қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі			
	Аммиак сұйықтығының деңгейін көрнекі бақылау қажеттілігі кезінде аммиакты тоңазытқыш		

213.	<p>ыдыстарда (аппараттарында) қарау шынысы қолданылады. Шынының қарау бетінің алаңы (бір жағынан) 100 сантиметр квадраттан аспауы керек. Қарау шынысының жарылуы кезінде қызмет көрсету персоналын жарақаттанудан сақтандыру үшін қорғау құрылғысы қарастырылады</p>		
214.	<p>Сұйық аммиак сақтайтын резервуарлар, деңгей, температура және қысым өлшейтін аспаптармен жабдықталады. Өлшемдерді бақылайтын, процес қауіпсіздігін анықтайтын аспаптар қайталады. Сұйық аммиакты сақтаудың көрсетілген өлшемдерін өлшеу нормалық дәлдікпен жүзеге асырылады. Рұқсат етілген олқылықтар жобамен анықталады</p>		
215.	<p>Резервуарлардағы аммиак деңгейін рұқсат етілгеннен жоғары арттыру апатқа қарсы қорғау жүйесімен қамтамасыз етіледі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыйымдылығы 10 метр кубка дейінгі резервуарларға (қосқанда) - өлшемдерді бақылау жүйелерін қайталау; 2) сыйымдылығы 50 метр куб резервуарларға – бүтін жай күйінің индикациясымен өзін өзі диагностикалауды бақылау жүйесін қайталау; 3) сыйымдылығы 50 метр куб резервуарларға - өзін өзі диагностикалауды бақылау жүйесін технологиялық 		

	байланысты өлшемдерді салыстырып қайталау		
216.	Сұйық аммиакты сақтау үшін резервуарларда өлшегіш шыныларды қолдануға рұқсат етпейді		
217.	Сұйық аммиакты өлшеу (көлемді, таразыда) әдісін таңдау жобамен анықталады. Қоймаға түскен және одан алып шыққан сұйық аммиактың массасын және массалық шығысын шығыс өлшегіштермен өлшегенде өлшеу нәтижелерін тіркеп, температурасын өлшеуге түзету қарастырылады. Рұқсат етілген өлшеу кемшілігі шығыстың аса көп мәнінен $\pm 2,5\%$ жоғары қабылданбайды. Сұйық аммиакты тасымалдайтын магистральді құбыр жолдарымен қосылған қоймаларда өлшеу дәлдігі магистральді құбыр жолдарында қолданылғанға ұқсас шығыс өлшегіштер орнатылады		
218.	Сақтау кезінде изотермалық және домалақ резервуарларда буланатын аммиак конденсаты үшін салқындатқыш қондырғылары жоғарғы қосу және резервуарлардағы шекті жұмыс қысымының төменгі айырудың автоматты жүйесімен, осы мәндердің дыбыс және жарық дабылдарымен жабдықталады		
	Изотермолық резервуарға сұйық аммиак беретін құбыр жолдарында қойманың төменгі		

219.	бөлігіне оның температурасы -30 градус Цельсия дейін артқанда беруді жоғарғы бөлікке ауыстырумен аммиак беруді автоматты айыру қарастырылады		
220.	Қойманың жарамсыз немесе ажыратылған бақылау, басқару, дабылдау және ПАЗ жүйелерімен жұмыс істеуіне рұқсат етпейді. Басқару және бақылау жүйелерінің негізгі элементтерін ауыстыру кезеңінде қайталама жүйелердің жұмысы қарастырылады		
221.	Сұйық аммиакты сақтауға арналған әр резервуар, оның жұмысының негізгі өлшемдерін үздіксіз тіркеуге арналған аспаптармен жарақталады, ал оның аммиак өндірісі бойынша агрегатпен байланысы жағдайында көрсеткіштермен және аммиак өндірісі бойынша агрегатты басқарудың орталық пунктінде жарық және дыбыс дабылдардарының шекті мәнін қайталап тіркеу талап етіледі		
	Сұйық аммиак қоймалары апатты жағдай туралы хабарлау жүйесімен байланысқан газдануды (газ талдауышпен) бақылау жүйесімен жабдықталады олар: 1) газдану деңгейін бақылау және аммиактың апатты ағуы туралы хабарлау жүйесі (бұдан әрі – аммиактың ағуын бақылау жүйесі)газдану деңгейін және		

технологиялық
үйжайларда және объекті
территориясында аммиак
ықтимал ағуын
бақылауды қамтамасыз
етеді;

2) аммиак ағуын бақылау
жүйесі автоматты
режимде адекватты
басқарушылық ықпалын
қалыптастыру үшін
жеткілікті көлемдегі газ
талдауыш тетіктерін
орнатқан орында ауадағы
аммиак шоғырлануы
туралы ақпаратты
жинауды және өңдеуді
қамтамасыз етеді;

3) аммиактың ағуымен
байланысты апат
туындағанда аммиактың
ағуын бақылау жүйесі,
автоматты (немесе
автоматтандырылған)
режимде апатты
жағдайды оқшаулау
жүйесінде іске қосылған
техникалық
құрылғыларды, апат
туралы хабарлау
құралдарын қосады және
қызметі апаттың ауқымы
мен салдарының өсуіне
әкелуі мүмкін
технологиялық
құрал-жабдықтарды
айырады.

4) аммиактың ағуын
бақылау жүйесінің
құрылымы екі контурлы
және екі деңгейлі болып
қабылданады. Сыртқы
контур химиялық
жұқтырудың объекті
территориясы аймағынан
шығып таралуын болжау
деректерін берумен бірге
өнеркәсіптік алаңда
газдану деңгейін
бақылауды және үйжайдың
сыртындағы
технологиялық
жабдықтарда аммиак
ағуын апаттық

бақылауды қамтамасыз етеді. Ішкі контур өндірістік жайлардағы газдану деңгейін және аммиактың паттық ағуын бақылауды қамтамасыз етеді. Аммиактың ағуын бақылау жүйесінің сыртқы және ішкі контурының ауадағы аммиак шоғырлануын бақылаудың екі деңгейі бар: бірінші деңгей – жұмыс аймағының шекті рұқсат етілген шоғырлануына тең газ талдауыш тетіктер мөлшерінің орнату орындарында технологиялық ғимарат және ғимарат сыртындағы ауада аммиактың шоғырлану мәніне жету (шектеу рұқсат етілетін шоғырланудың (әрі қарай - ШРШ) 20 миллиграмм метр кубқа) екінші деңгей "Аммиактың апаттық ағуы" - 25 ШРШ (500 миллиграмм метр кубқа) тең газ талдауыш тетіктер мөлшері орналасқан орындарда аммиактың шоғырлану мәніне жету;

5) басқару ғимаратында апат болған нақты орны және апатты оқшаулау және салдарын жоюдың техникалық құралдары тобын қосу туралы жедел алдын алуды қамтамасыз етеді;

6) техникалық сипаттама, газ талдауыш тетіктердің саны мен орналасқан орны, аммиактың ағуының индикациясы мен дабылы жобамен анықталады;

7) жобамен негізделген апаттық жағдайларды

	<p>окшаулау жүйесінде іске қосылған техникалық құралдарды автоматты емес (орны немесе дистанциалы) қосуға рұқсат етіледі;</p> <p>8) жүйе өнеркәсіптік алаңда газдану және объекті аумағынан шыққан химиялық жұқтыру аймағының таралуын болжауды бақылауға мүмкіндік беретін автоматты құралдармен жабдықталады. Алаңда желдің бағытын және жылдамдығын өлшеуші қондырғы орнатылады.</p>		
6.6. Бақылау-өлшеу аспаптарын пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі			
223.	<p>Бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматтандыру құралдарын аттестатталмаған мерзімі өткен тексеріспен қолдануға рұқсат етпейді. Ж а р а м с ы з , калибрленбеген бақылау-өлшеу аспаптарын, тексеріс мерзімі өткен аспаптармен қолдануға рұқсат етілмейді</p>		
224.	<p>Мемлекеттік тексерістен өтпеген тетіктерді пайдалану шарттарына сәйкес келеді. Тетіктер нұсқаулығында рұқсат етілмеген қол жеткізуден, атмосфералық жауын-шашын ықпалынан және ылғалды жинау кезіндегі шашыраудан қорғауның болуы</p>		
225.	<p>БӨАЖА және басқа мақсаттарға берілген сығылған ауа құбыр жолдарын кесуге рұқсат етілмейді</p>		
	<p>Тікелей машиналарда және аппараттарда орнатылған бақылау –</p>		

226.	өлшеу аспаптары қадағалауға және қызмет көрсетуге ыңғайлы және олардың мақсатын анықтайтын жазуы болады		
227.	Ұйымдарда тексерудің мерзімділігін, көлемін және оларды жөндеуді анықтайтын бақылау және қорғау құралдарын пайдалану жөніндегі технологиялық регламент болуға тиыс		
228.	Бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматандырылған тетіктерді тексеру және реттеу техникалық ұйым басшысымен бекітілген кестеге болуға тиыс		
6.7. Электр сүзгілеріне арналған қайта жасалған кіші бекеттерін пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі			
229.	Механикалық түзеткіштерімен қайта жасалған кіші бекеттердің тор қоршаулары болады.		
230.	Механикалық түзеткіштерімен бірге түзеткіш агрегаттардың трансформаторы мен полюс шиналарын орамалау радио кедергіден қорғайды		
231.	Қайта жасалған агрегаттардың оң полюс шинасы жерге тұйықталады. Жерге тұйықтау 100 квадрат миллиметрден кем емес болат тілмелермен орындалады		
232.	Қайта жасалған кіші бекеттер жайының сыртына теріс полюс желісін салу, тығыздалған құбырда қорытындыланған изолятордағы салынған		

	брондалған кабельмен немесе шиналармен орындалады		
233.	Қайта жасалған кіші станциялар жайының теріс полюс шиналарын 2,5 метрге орналастыру шартында, ашық изоляторда салуға рұқсат етіледі. Биіктігі төмен кезде шиналарды кездейсоқ жанасулардан қоршау		
234.	Есіктердің, қоршаулардың ток жүргізуші бөліктері, изолятор қораптарының люктары және соңғы муфт қораптары, кернеулі бөліктерге қызметкердің кездейсоқ жанасуын болдырмау үшін блок қойылған жерге тұйықталған құрылғылармен жабдықталған. Қоршаулар мен люктер кілтпен немесе құралдармен ашылады		
235.	Қайта жасалған агрегаттардың кернеуін алмай ақ ток жүргізуші бөліктерге қызметкердің қол жеткізу мүмкіндігін болдырмайтын блоктары болады		
236.	Электролиздерді шунттау ашық орындаудағы стационарлы немесе жылжымалы қысқа тұйықталумен жүзеге асырылады		
237.	Қысқа тұйықталу жерден оқшауланады. Қысқа тұйықталудың контактілі бетін салқындату үшін дистилденген су (конденсат) қолданылады. Қосатын шлангілер электр өткізгіш емес материалдан		

238.	<p>Электролиз залында жабдықтарды, құбыр жолдарын электр химиялық коррозиядан, токтың жылыстауынан қорғау қарастырылады. Электролизерден коллекторға электрсілтілерін құйып алу сорғалауды үзгішпен жүзеге асырылады</p>		
6.8. Жарықтандыру жүйесін пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі			
239.	<p>Химиялық белсенді ортамен өндірістік жайларды жалпы жарықтандыру, тығыздаушы құралдармен, таттануға қарсы корпустарымен бірге химиялық белсенді ортаға жарамды шамдармен, сөндіргіш және штепсельді розеткамен жүзеге асырылады</p>		
240.	<p>Технологиялық құрал-жабдықтар және сыйымдылықтар орналасқан өндірістік жайлардың барлығында 12 вольт кернеуімен қарау және жұмыстарды жүргізу үшін жергілікті жарықтандырумен жабдыкталады. Тасымалданатын шамдарға штепсельді розетканың қуат желісі, электр жарықтандырған желіге қосылған стационарлы трансформаторлардан жүргізіледі</p>		
241.	<p>Трансформаторлар бөлек бірінші және екінші кернеудегі орамамен жабдыкталады. Осы мақсаттарға автотрансформаторларды қолдануға рұқсат етілмейді. Трансформаторларды қорғау кернеудің біріншінің де екіншінің</p>		

	<p>тарапынан жүзеге асырылады</p>		
242.	<p>Жұмыстарды жалғастыру үшін, пештерді салқындатудың кері сумен қамтамасыз ету жүйесі, пеш электродтарын реттеу, п е ш трансформаторларын майсумен салқындату, ауа компрессорлары, барлық өндірістің үйжаңғылдарындағы пультта, БӨА жұмыстарына арналған, сорғылар, түйіршіктелген су, сорғы-аккумуляторлы станция, пеш бөліміндегі асташаларға қызмет көрсету алаңдарында, электродтарды өсіру алаңдарында, жағу қасындағы кептіру барабандары алаңдарында, шахталы-жарықтыпештерді, жағу машиналарында, фосфорды жағуға беретін форсункаларға қызмет көрсету орындарында авариялық жабдықтау қарастырылады. Бес күкіртті фосфор өндірісінде жұмыстарды жалғастыру үшін апаттық жарықтандыру реакторлы бөлмеде және қабыршақтандыратын машиналарға қызмет көрсету орындарында; фосфид мырыш – реакторларға қызмет көрсету орындарында жобаланады. Апаттық жарықтандыру қуатты тәуелсіз деректермен жүзеге асады</p>		
	<p>Төмендеген 12 вольт және 36 вольт кернеулерін алу үшін төмендеткіш трансформаторлар,</p>		

243.	стационарлы орнатылады, тасымалданатын трансформаторларды қолдануға рұқсат етілмейді		
244.	Апаттық жарықтандыру негізгі жарықтандыру көзі айырылған кезде автоматты қосылады. Қарау, жөндеу және тағы сол сияқты кезде апаттық жарықтандыру үшін, сақтандыру торымен 42 вольттан аспайтын кернеуімен, IP 54 қорғау деңгейімен тасымалы қол шамдары қолданылады		
245.	Автоматтандырылған фреонмен мерзімді қызмет көрсетілетін жайларға апаттық жарықтандыру орнату қажет емес және машиналы, аппаратты және конденсаторлы бөлмелерде, салқындатқыш камералар жайлары және суықты басқа тұтынушылар, үлестіруші құрылғылар а п а т т ы қ жарықтандыруды қарастырады		
6.9. Байланыс жүйесін пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі			
246.	Өндірістік жайлар, химиялық заттар қолданатын орындар, екі жақты дауыстап айтылатын және (немесе) телефондық байланыспен қамтамасыз етіледі		
247.	Өндірістік жайлар, қоймалар, жәшікке салынған химиялық заттармен жұмыс жүргізілетін орындар, апатты жоспары бойынша ақпаратты беру екі түрлі байланыспен қамтамасыз етіледі		
7. Жылыту, желдеткіш, кәріз жүйесі			
7.1. Жылыту жүйесін пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі			

248.	Карбид кальций, металл калий, натрий және литий, алюмоорганикалық қосылыстар және басқа сумен қосылғанда жарылыспен іритін заттар, су және бу құрылғылары сақталатын және қолданатын жайларды жылытуға рұқсат етілмейді		
249.	Ауамен жылытуда толық немесе ішінара рециркуляциялықты қолдануға рұқсат етілмейді: жайлардың ауасында ауру тудыратын микроорганизмдер, қауіптіліктің 1 және 2 класты зиянды заттар немесе қатты жағымсыз иісті заттар болса; жайлардың ауасында тез уақытша зиянды заттардың шоғырлануының ұлғаюы (жеңіл буланатын сұйықтықтармен, сұйытылған газдармен және сол сияқты заттармен жұмыс істейтін өндірістер)		
қолдану 50 тоннадан артық емес резервуарлардың сыйымдылығы кезінде жол беріледі. Ішкі қыздыру қондырғылары үшін жылу тасымалдағыш ретінде жанбайтын, тоттанбайтын заттарды пайдалану керек. Қыздыру қондырғыларының конструкциясы жылу тасымалдағыштың толық ағынын қамтамасыз етеді. Ішкі қыздыру қондырғыларының штуцерлері резервуарлардың түбінде орналасады:

4) сұйық аммиакты беруге арналған штуцерлер, дренаждар, шаю және бақылау-өлшеу аспаптар және автоматтандыруға арналған (бұдан әрі - БӨАЖА) штуцерлер резервуарлардың төменгі жағына, қалған штуцелер - резервуарлардың жоғары бөлігіне орналастыруға жол беріледі;

5) люктар резервуарлардың жоғары бөлігіне орналастырылады. Шарлы резервуарлардың төменгі жағына қосымша люктарды орнату тиісті жабалау шешімі кезінде жол беріледі;

6) пайдалану процесінде шарлы резервуарлардың қабыршығын мерзімді қуәландыру жүргізіледі, оқшаулау жағдайы ("Жылу оқшаулауы" бөлімесі), гидравликалық сынау шарлы резервуарлар іргетасы отыруының

көлемі мен біркелкілігі резервуарды сынауға дейін және кейін және пайдалану уақытында әлсін-әлсін оған сұйық аммиакты берер алдында бақыланады

Изотермиялық резервуарларға талаптар:

- 1) изотермиялық резервуарлары жасаушы ұйымның салалық стандартқа сәйкес табактың химиялық құрамына және механикалық қасиеттері мен сапасына жоғары талаптарды қойып жасалады;
- 2) жабу оқшаулауымен резервуардың сыртқы қабыршығы -40 градус Цельсия шық нүктесінен 98,06 - 196,1 паскальдан (су бағанынан 10 - 20 миллиметр) қысыммен қабырғарлық құрғақ азот кеңістігін жабу және перлитті құрғату және резервуарды пайдалану процесінде талдаманы іріктеу үшін жылу көрімділік материалмен (перлитпен), штуцерлермен қабырғааралық кеңістікті жабу люктермен жабдықталады;
- 3) сұйық аммиактың жол берілген деңгейінен жоғары резервуар ішінде буланатын аммиакты резервуардың салқындауы үшін себелейтін қондырғы орнатылады, ол сұйық аммиакты құюға пайдаланылады;
- 4) изотермиялық резервуарлар төменгі бөлігінің төбесі мен бүйір қабырғалары люктармен

431.

жабдыкталады. Люктар саны және олардың типі жобамен белгіленеді;

5) екі қабырғалы резервуардың сыртқы қабырғасы арқылы штуцерлер өту қондырғысы компенсаторлармен жабдыкталады;

6) изотермиялық резервуарға жасаушы ұйым паспорт жасайды;

7) изотермиялық резервуар белгіленген тәртіпте тіркеледі, техникалық қызмет көрсетуге, жөндеуге, техникалық жағдайына, резервуарды пайдалану мен техникалық қуәландыруды бақылауға тұлғалар тағайындалады;

8) сұйық аммиакты (металлоконструкциясын, жылукөрімділігін, негізін , іргетасын) сақтау үшін изотермиялық резервуардың техникалық жағдайын бағалау нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес жүзеге асырылады және жобамен айқындалады;

9) резервуарлар іргетасының шөгу көлемі мен біркелкілігі оған сұйық аммиакты бере алдында резервуарды гидравликалық сынауға дейән және мерзімді пайдалану уақытында бақыланады.

10) изотермиялық резервуарлар акустикалық эмиссия әдісін пайдаланумен техникалық диагностикалау және жедел бақылаудың тұрақты жұмыс істеу құралдарымен жарактандырылады.

432.	Сейсмикалық белсенді аймақтарда орналастырылатын резервуарлар қосымша сейсмикалық жүктмеге есептеледі. Тік цилиндрлі резервуарлар сұйық аммиак толқынын басуға арналған қондырғылармен (жүзу понтондарымен) жабдықталады		
11.5. Жылу оқшаулауы жүйелерінің өнеркәсіптік қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі			
433.	Сұйық аммиакты сақтауға арналған резервуарлар 1,0 мегапаскальға дейін жұмыс қысымына есептелген және изотермиялық резервуарлар жылу оқшаулауымен жабдықталады		
434.	Жылу оқшаулауы жанбайтын және қиын жанатын материалдардан жасалады. Қиын жанатын материалдар мен пенополиуретанның сыртқы оқшаулауы ретінде қолдану кезінде оқшаулау жану (суару, жанбайтын жабындармен қорғау) мүмкіндігін болдырмайтын шаралар қамтамасыз етіледі		
435.	Жылу оқшаулау материалдар мен оларды сақтау, тасымалдау және монтаждау процесіндегі қондырғыларды ылғалдауға жол беріледі		
436.	Изотермиялық резервуардың жылу оқшаулау түбінің қондырғысы сақталатын аммиак пен резервуар конструкциясы элементтерінің бұзылуынан іргетас астындағы топырақтың		

	тұтас қатуы, ылғал түспеуіне жол бермейді		
437.	Бірқабырғалық резервуар мен екіқабырғалық резервуардың сыртқы түп жиектерінде бетонды іргетасында жатқан қатты материалдардан, жиек тұтас аймақта. Оқшаулауға түп жиегінің аймағында және резервуардың ішкі түп жиегіндегі негіздемеге оқшаулаудың тығыз салуына қол жеткізу үшін шашылатын материалдар мен ағын қасиеттерімен материалдарды (асфальт, битум) қолдануға жол берілмейді		
438.	Жылу оқшаулауын ұауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету үшін жобаға сәйкес мерзімді тексеру мен оның жағдайын техникалық куәландыруды жүзеге асырады. Қосымша бір тоқсанда бір рет жөндеу жұмыстарының журналында нәтижелерді жаза отырып, жылу оқшаулауын көзбен шолу жүргізіледі. Бұзылған жылу оқшаулаулы учаскелерді анықтау мақсатында резервуардың сыртқы бетін термографиялау		
11.6. Қосымша жабдықтарды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі			
439.	Сұйық аммиакты сақтауға арналған изотермиялық және шарлы резервуарларда буланатын аммиак конденсациясына арналған тоңазытқыш қондырғылары жөндеу жүргізу мүмкіндігі үшін біркелкі жұмыс қысымымен 100 пайыз - резервтік жабдықпен жеке резервуарлардың		

	бір тобы үшін жабдықталады		
440.	<p>Эвакуациялау сорғылары қоршауларда орналасады (іші немесе сырты) және қашықтық басқарумен жарақтандырылады.</p> <p>Аммиактың эвакуациялау сорғылары үшін оны сақтауға арналған резервуарлардың қорғау аумағында -67 градус Цельсия булану кезінде аммиактың температурасы ескеріледі . Сору желілеріндегі сорғылардың қысымы аммиактың қайнауын болдырмауға жеткілікті</p>		
441.	<p>Жабдықтар мен құбыржолдарын үрлер тазалаған, олардағы қысым төмендеген, цистерналарды босатқан (толтырған) кезде аммиак лақтырындылары, сақтандырғыш клапандарынан шығарынды кәдеге жаратылады немесе факель жүйесіне жіберіледі</p>		
442.	<p>Факель жүйесіне артық ішкі ыс істейтін резервуарлардың сақтандырғыш клапандарынан газтәрізді аммиакты лақтыру желісіне сепаратор орнатылады</p>		
443.	<p>Азотты беру желісінде барометрлік қысым мен ауа температурасының өзгерістері кезінде артық қысымның тұрақты көлемін төгіп оқшаулаумен резервуардың қабырғааралық кеңістігінде ұстау үшін серпінді немесе жылжымалы диафрагмамен 490,3</p>		

	<p>паскаль (су бағанының 50 миллиметр) есепті қысымға газгольдерлер орнатылады. Газгольдер сыйымдылығы газгольдерқосылған резервуардың қабырғааралық кеңістігінің 8-10 пайыздан кем емес көлемінде қабылданады</p>		
11.7. Қышқылды және сілтіні сақтау кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі			
444.	<p>Объект аумағындағы бір мезілдегі сұйық қышқыл және (немесе) сілтілердің мөлшері ең аз және жобамен негізделеді Объект үшін сұйық қышқыл және (немесе) сілтілердің жол берілген мөлшеріәр тұтынушының 30-тәуліктіктен артық емес</p>		
445.	<p>Объект аумағындағы бір мезілдегі сұйық қышқыл және (немесе) сілтілердің мөлшері ең аз және жобамен негізделеді Объект үшін сұйық қышқыл және (немесе) сілтілердің жол берілген мөлшеріәр тұтынушының 30-тәуліктіктен артық емес</p>		
446.	<p>Құйған кезде кенет қышқыл бөлігіне (бастапқы қабыршық) атмосфераға ауысқан кезде (1-3 минут) пайда болуы мүмкін. концентрацияланған қышқыл сақталатын қоймалар үшін химиялық қауіпті нобъектілер мен көліктерде авариялық (бұзушылық) кезінде күшті әсер ететін улы заттармен зақымдау ауқымын болжау үшін қауіпті аймақ радиусі есебінен жүргізіледі</p>		
	<p>Бастапқы қышқыл аспанының туындау</p>		

447.	<p>мүмкіндігі өндірістегі айналымдағы қышқыл қасиеттерінің негізінде, жұмыс істеп жатқан қоймалар үшін жобаны әзірлеушінің келісуі бойынша қойма жобасын әзірлеуші айқындайды.</p>		
448.	<p>Қышқыл және сілтілер қоймаларынан сұйық қышқыл және сілтілерді тұтынуға байланысты емес ұйымның өндірістік және қосалқы объектілеріне дейін жол берілген ең аз арақашықтық қауіпті аймақтың есеп радиусін есепке ала отырып, өнеркәсіптік объектілерге арналған бас жоспарларға құрылыс нормалары мен қағидасы талаптарына сәйкес белгіленеді. Қауіпті аймақтың есеп радиусінде орналасқан өндірістік объектілер қауіпті жағдай туындауы туралы хабардар ету жүйесімен жарақтандырылады, ал персонал жеке қорғандық тиісті құралдарымен қамтамасыз етіледі</p>		
449.	<p>Қышқылдар және сілтілер қоймаларынан жарылыс қауіпті объектілерге дейін ең аз жол берілген арақашықтық екпінді жарылыс толқынының қарқынды әсер ету радиусі мен жылу сәулелендіруді есепке ала отырып, жобамен белгіленеді және осы факторлардың әсеріне қойма ғимараттарының төзімділігін қамтамасыз етеді</p>		

450.	Бастапқы қышқыл аспаын пайда болуы мүмкін қышқылдар қоймасы жақын арадағы елді мекендердің орналасу орнына қатысты жел бағыттары болатын жел жағынан басқа ғимраттар мен құрылыстарға қатысы бойынша өте төмен орныдарда орналасады		
451.	Бастапқы аспанды жасауға қабілетті қышқылдар қоймаларының аумағында қойманың қандай да болмасын нүктесінен көрінетін жел бағытын нұсқағыш орнатылады, авариялық таралу туралы газдалу және сигнализациялау деңгейіне автоматты бақылау қамтамасыз етіледі		
452.	Қойманың өндірістік қызметіне тікелей қатысы жоқ қышқыл және сілтілер қоймасы аумағында объектілер орналастыруға жол берілмейді бөгде адамдардың болуына жол берілмейді		
453.	Қышқылдар сақтауға арналған шығыс болат қойма сыйымдылықтары оларға ылғалды ауа мен (немесе) ылғал түсуді болдырмайтын құралдармен (қондырғылармен) қамтамасыз етіледі		
	Іргетастар мен (немесе) тосқауылдарда орнатылатын қышқыл және (немесе) сілтілерді пайдалануға арналған технологиялық аппаратура су өтпейтін және тат басуға төзімді тегендерде немесе		

454.	<p>аландарда орналастырылады, оның сыйымдылығы ол авариялық бұзылған жағдайдағы ең көп сыйымдылықты бір аппаратты құрамы үшін жеткілікті.</p> <p>Резервуарлардың әр топтары қорғау қоршауының биіктігі төгілген сұйықтықтың есеп көлемі деңгейінен 0,2 метрден жоғары</p>		
455.	<p>Бортты тегендер мен аландар авариялық ағындарды болдырмау және оны одан әрі жою үшін стационарлық немесе жылжымалы қондырғыларымен жарақтандырылады.</p> <p>Ұйымның арнайы кәрізіне құюсыз ашық қоймаларға арналған тегендер атмосфералық жауын-шашыннан қорғайды</p>		
456.	<p>Резервуарлардағы қышқыл және сілтілерді сақтауға арналған қоймалар үшін резервуарлардан басқа қойма резервуарларына, авариялық жүйелерге немесе технологиялық қондырғыларға авариялық босату мүмкіндігі қамтамасыз етіледі, оның материалы эвакуацияланатын өнімге тотығуға төзімді</p>		
457.	<p>Қышқылдар мен сілтілерді пайдалануға және сақтауға арналған өндірістік үй-жайлар жалпы алмасу желдеткішпен жабдықталады. Ыдыста қышқылдар мен сілтілерді сақтауға арналған үй-жайлар (тұрақты жұмыс орынсыз)</p>		

	жалпыалмасу желдеткіш жүйелерімен жабдықтамауға жол беріледі. Бұл жағдайда үй-жайға кірер жерде қышқылдарды сақтауда үй-жайдағы газдалу деңгейін жоғарлату туралы жарықтық сигнализация көзделеді		
11.9. Сары фосфорды сақтау кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі			
458.	Жерасты резервуарларда және сақтау қоймаларында фосфордың аса жоғары деңгейі іргелес аумақтың жоспарланған белгісінен төмен 0,2 метрден кем емес ұстайды.		
459.	Жартылай жерасты резервуарлар мен сақтау қоймалары сақталатын фосфорадың 50 пайыздан кем емес сыйымдылықты қамтамасыз ететін және оны 0,2 метрден кем емес биіктік су құю мүмкіндігі бар деңгейге тереңдетеді		
460.	Жерасты резервуарларды тегендерге орналастырады, оның сыйымдылығы аса үлкен резервуар сыйымдылығы және су қабаты 0,2 метрден кем емес биіктікпен таңдалады. 1000 тоннадан асатын фосфордың жалпы сыйымдылығымен резервуарлардың бір тегенінде орналастырған жағдайда теген қималарға бөлінеді. Қима сыйымдылығын ондағы аса үлкен резервуардан кеме емес етіп таңдайды		
	Фосфорды сақтауға арналған резервуарлар іргетасындағы биіктігі мен конструкциясы түбін байқауды және жөндеу мүмкіндігін қамтамасыз ететін тегендерде		

461.	<p>орнатылады. Қойма тегені күшейтілген гидроокшаулаумен жасалды. Фосфорды сақтауға арналған резервуарлар екі қатардан аспай орналастырады. Резервуарлар арасындағы жарық арақашықтығы аса үлкен резервуардың 0,5 кем емес диаметрі қабылданады. Шеткі резервуарлардан қойма қабырғалары мен теген қабырғаларына (қимасына) жарық бойынша арақашықтық 1,5 метрден кем емес қабылданады</p>		
462.	<p>Қойма тегендері (қималар) фосфор мен судың ықтимал төгілуін жинауға арналған жанас шұңқыр жаққа құламамен жасалады. Фосфордан тұратын ағындар қысымды құбыржолдары бойынша залалсыздандыруға жіберіледі</p>		
463.	<p>Бөшкелерде фосфорды сақтауға арналған үй-жайды өртке қарсы қабырғалармен кимаға бөледі. Сары фосфор өндіретін кәсіпорындар қоймаларында бір қиманың сыйымдылығы 100 тоннадан аспай жасайды; сары фосфор тұтынатын кәсіпорын қоймаларында бір қиманың сыйымдылығы 50 тонна етіп жасалады</p>		
464.	<p>Фосфорлы бөшкелер бір қатарға жоғары бітеу орналастырылады. Әр қатарда ұзындық бойынша 15 артық емес бөшке, ені бойынша - 2 бөшкеден кем емес етіп орнатады</p>		

465.	Сары фосфор қоймасында оны бөшкелерде сақтаған кезде негізгі өту жолдары (бөшкелерді тасымалдау үшін) 1,8 м кем емес енімен жасалады, ал қосымша өту жолдары(қатарлар немесе бөшкелер стеллаждары үшін) - 1 метрден кем емес		
466.	Сары фосфорды темір жол цистерналарына немесе бөшкелерге төгу және құю бойынша технологиялық регламентте мәліметтер болуы және осы ережелердің орындалуы		
11.10. Құбыр өткізгіштер және тоңазытқыш камералар арматурасын пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі			
467.	Компрессорлардың негізгі бітеу шұраларынан басқа аммиакты айдауыш газды құбыржолдарында барлық бітеу шұраларға ашық жағдайда пломба қойылады. Сұйықтықтарды бөлудің құю құбырларында және бөлгіш ыдыстарында бітеу шұраларына ашық жағдайда пломба қойылады. Пломбаны алудың және шұраға кейіннен пломба салудың барлық жағдайлары тәуліктік журналға жазылады		
468.	Әр шұраның жанындағы реттегіш станциялар қалқанында осы реттегіш шұраны қандай аппарат немесе қандай салқындататын үй-жай қызмет көрсететін көрсете отырып, жазу жазылады		
	Тоңазытқыш қондырғыларда қорғау,		

469.	дренажды немесе циркулярлы ретінде, сондай-ақ қаптама құбырлар ретінде конденсаторлар мен керісінше буландырғыштар желілік ресиверлерді (бірге йленбеген) пайдалануға рұқсат берілмейді		
470.	Жалпы айдағыш магистральда жылу алмасу аппараты болған кезде (аммиактың қыздырылған булар жылуын пайдалану үшін) оған бітеу шұрамен айналма желінің қондырғысы көзделеді		
471.	Ауа және қойылтылған басқа газдар ауа салқындатқыш-аппарат арқылы жүйеден суы бар ыдысқа шығарылады		
12. Сұйық аммиакты тасымалдау кезіндегі өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі.			
12.1. Цистерналар қауіпсіздігін қамтамасыз ету			
472.	Цистерналармен ілісе жүру бригадалары мен көшпелі апаттық - құтқару бригадалары аммиакты ортада жұмыс істеуге белгіленген тәртіппен рұқсат берілген апаттық - құтқару қызметтерінің мүшелерінен жасақталады		
473.	Цистерналардың сақтандырғыш қақпалары алдында жабық қақпа арқылы тарауды болдырмау үшін сақтандырғыш мембраналары орнатылады. Бұл ретте мембраналы сақтандырғыш қондырғылардың жарамдылығын бақылауға мүмкіндік		

	беретін қондырғылар кезделеді		
474.	Цистерналардың арматурасын жабатын қорғау қақпақтарына (сақтандырғыш қақпа, бітеу шұралар мен манометр ұстағыш), бітеу –пломбылау қондығыларымен пломбы салынады		
475.	<p>Әр цистернаға мыналар қоса беріледі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) белгіленген бъекті бойынша жүк вагонының төлқұжаты; 2) қысыммен жұмыс істейтін ыдыс (цистерна қазандығы) төлқұжаты; 3) сақтандырғыш қақпақтың төлқұжаты және оның өткізу қабілетінің есебі; 4) сақтандырғыш қақпақ серіппесінің төлқұжаты (сертификаты); 5) сақтандырғыш мембранаға арналған төлқұжат (оны орнатқан кезде); 6) төгу-қю шұраларының төлқұжаты ; 7) бітеу-сақтандырғыш арматураны сынау актілері; 8) ыдысты пайдалану нұсқаулығы; 9) сақтандырғыш қақпаны пайдалану жөніндегі нұсқаулық; 10) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган берген қауіпті техникалық құрылғыны қолдануға рұқсат беру құжаты. 		
12.2. Цистерналарды ұстау, оған қызмет көрсету және жөндеуде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі			
	Ұйым цистерналарды жарамды күйде ұстауды және олардың қауіпсіз		

476.	жұмыс істеуін, техникалық басшының бекіткен кестесі цистерналардың күрделі және деполық жөндеуді уақытында жүргізуді қамтамасыз етеді		
477.	Цистерна қазандығының ішіндегі жұмыстар газ қауіпті болып табылады және өндіріс және жергілікті жағдайлар ерекшеліктерін есепке ала отырып орындалады		
478.	Бітеу-сақтандырғыш және бақылау арматурасын тексеру және сынау кемінде екі жылда бір рет жүргізіледі . Осы мерзімде сақтандырғыш мембраналарды (болған кезде) ауыстыру жүргізіледі.		
479.	Жаңадан орнатылған тиек шұралары мен сақтандырғыш қысым тығындардың тұрқы және олардың серіппелері конструкторлық құжаттамаға сәйкес таңбаланады, оларға бекітілген формадағы техникалық құжаттар (сертификаттар) толтырылады. Сертификаттар мен тиек-сақтандырғыш арматураның сынақ актілері цистерна қазандығы құжаттарымен бірге сақталады.		
	Ұйымда тексеру, ревизия, ж ө н д е у , тиек-сақтандырғыш арматурасын гидравликалық сынау, сақтандырғыш мембраналарын орнату (егер олар болса), сақтандырғыш қысым тығындардың жұмыс ақаусыздығын тексеру		

480.	<p>мен баптауын тиісті актілер жасау мен жасалған жұмыстарды жөндеу журналдары мен техникалық жағдайы туралы куәліктерге жазу арқылы есеп жүргізу қамтамасыз етіледі. Қысыммен жұмыс істейтін ыдыс төлқұжатына тиек-сақтандырғыш арматурасын ауыстыру, сақтандырғыш мембраналарын орнату жайлы мәліметтер жазылады. Орнатылған сақтандырғыш мембраналарының төлқұжаттары сақтандырғыш қысым тығындардың және оларды ревизиялау, жөндеу мен реттеу төлқұжаттарымен бірге сақталады. Жұмысты есептеу, құжаттарды толтыру тәртібі мен оларды сақтау тәртібі ұйым бойынша бұйрықпен анықталады</p>		
481.	<p>Ағызу-құю құбыр желілеріне жалғанатын әрбір құбыршек пен стендерге тізімге алу нөмірі беріледі. Нөмірі құбыршек немесе стендерге бекітілетін тақтайшыққа ойып жазылады және пломбланады. Нөмір өшірілмейтін бояумен жазылады. Тақтайшыққа, тізімге алу нөмірінен басқа, гидравликалық сынақ қысымы мөлшері мен кезекті сынақ мерзімі жазылады. Осындай тақтайшықтары (жазулары) жоқ, гидравликалық сынақ мерзімі өтіп кеткен құбыршектер мен стендерлерді қолдануға</p>		

	рұқсат берілмейді. Әрбір ағызу-құю пунктінде оларды бақылау және сынау нәтижелері жазылатын құбыршектер мен стендерлерді есепке алу журналы жүргізіледі		
482.	Сұйық аммиакты тасымалдауға арналған цистерналарды басқа жүктер үшін және қойма ретінде пайдалануға рұқсат берілмейді		
483.	Нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес бекітілген нормативтік пайдалану мерзімі өткен цистерналарды қолдануға рұқсат берілмейді.		
12.3. Цистерналарды байқау және құюға дайындау кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі			
484.	Цистерналардың техникалық байқауы нәтижелері мен олардың құйылу жарамдылығын вагон шаруашылығы жұмысшылары бекітілген формадағы арнайы кітапқа, қазандықтың, жұмыс және конструктивті жабдықтың техникалық жағдайы туралы куәлік номерін көрсетіп жазады. Цистерналар техникалық байқаусыз және сұйық аммиакты тасымалдауға жарамсыз болып танылса, құйылуға жіберілмейді		
485.	Құйылар алдында цистерна қазандығы қысымы 1,6-2,0 мегаПаскаль (шаршы сантиметрге 16-20 килограмм) газ түрдегі аммиакпен тығыздалады. Бұл жұмыс (басқару құрылымы мен техникалық мүмкіндіктерге байланысты ұйым бойынша бұйрықпен анықталған) қажетті		

	қауіпсіздік шаралары көрсетілген, ұйымның техникалық жетекшісі бекіткен нұсқаулар бойынша орындалады		
486.	<p>Құйылар алдындағы цистернаны бақылау мен тығыздау нәтижелерін ағызу-қюю пункті жұмысшылары цистернаны бақылау журналына жазады, ондағы графаларда мыналар көрсетіледі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) цистернаның темір жолдық нөмірі; 2) цистернаның тіркеу нөмірі; 3) бояуының сәйкестігі; 4) жазулар мен трафареттердің болуы; 5) техникалық куәландырудың кезекті мерзімі; 6) тиек арматурасының жағдайы; 7) сақтандырғыш қақпаның жағдайы; 8) үш позициялы деңгейдің жағдайы; 9) қазандық пен арматура газ түріндегі аммиакпен тығыздалған қысым (шаршы сантиметрге килограмм); 10) қысымды өлшеген манометрдің нөмірі; 11) анықталған ақаулар; 12) толтыру пункті жойған ақаулар; 13) жарамдылық туралы қорытынды; 14) бақылау мен сынақ даталары; 15) цистернаны құюға қабылдаған жұмысшының қолы. Бұл жағдайда құюға жарамды цистерналарға цистерналардың аммиакпен толтырылуға 		

	жарамдылығы туралы қорытындыға тиісті жазбалар жасалады		
13. Сұйық аммиакты ағызу және құю.			
13.1.Сұйық аммиакты цистерналарға құю кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі			
487.	Цистерналарға құйылатын аммиактың шектеулі деңгейі автоматты толтыру жүйесімен бақыланады және цистерналардағы үш позициялық деңгей өлшеуіштерін ашу арқылы қосымша тексеріледі. Кемінде үш цистернаны бір уақытта толтырған кезде деңгейді бақылау деңгейді үш ұстанымды өлшегіш көмегімен жүзеге асырылады		
488.	Сұйық аммиакты құю бойынша барлық операциялар ағызу-құю пунктінің технологиялық регламенттеріне сәйкес орындалады		
489.	Цистерналарға аммиак құятын ұйым толтыру журналын жүргізеді, онда келесі графалар болады: 1) толтыру датасы; 2) цистерна нөмірі; 3) цистерна қазандығының тіркеу нөмірі; 4) цистерна қазандығының сыйымдылығы, метр куб; 5) өнімнің атауы		
490.	Цистернаға құйылған өнім массасы темір жол таразыларында анықталады		
	Құйылған цистерналарды құю мен бақылау нәтижелері аммиакпен толтырылған цистернаның тапсыру актісіне осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес,		

491.	цистерналарға құю журналына жазылады. Тапсыру актісінің бір нұсқасы транспорт бөлімшесіне қайтарылады, ал екіншісі тапсыру актілерінің ісіне тігіледі және осы істің тізіміне тіркеледі		
492.	Аммиак толтырылған цистернаның тапсыру актісін ағызу-құю пунктінен транспорт бөлімшесіне бергеннен кейін, осы бөлімнің жұмысшылары цистернаны қайтадан байқайды және арнайы журналға байқау нәтижелері туралы жазады		
493.	Қоймаларда аммиакты зерттеу үшін үлгі алу орындарын анықтау бойынша технологиялық регламентте мәліметтер болуы және осы ережелердің орындалуы		
13.2. Сұйық аммиакты цистернадан ағызу кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі			
494.	Егер цистернаға құйылған өнімнің массасы жүкқағаз бен төлқұжатта (сертификатта) көрсетілген массаға сәйкес болмаса, тексеру нәтижелері бойынша ағызу-құю мен бақылау арматураларының техникалық жағдайы көрсетілген акті толтырылады		
495.	Келген аммиак толтырылған цистерналарды байқау мен ағызу және оларды жүк жөнелтушіге қайтару үшін, жүк қабылдаушы әкімшілік бұйрықпен аммиакпен жұмыс істеуге рұқсаты бар тұлғаны тағайындайды		

496.	Аммиакты цистернадан ағызу-құю кезінде, рельс жолдары жерге тұйықталады		
497.	Цистерна басындағы, компрессорлы (насосы) және қойманың немесе ағызу-құю пунктiнiң басқа жұмыс орындарындағы операторлар бiр-бiрiмен, ауысым бастығымен (шебермен) және кәсiби апаттан құтқару қызметiнiң кезекшiсiмен байланыс құралдарымен қамтамасыз етiледi.		
498.	Аммиакты цистернадан ағызу кезінде аммиактың ағып кетуi байқалса немесе апатты жағдай орын алса шаралар қабылдау бойынша технологиялық регламентте мәлiметтер болуы және осы ережелердiң орындалуы		
499.	Цистерналарды ағызу процесi автоматтандырылады		
500.	Байқау аяқталғаннан кейiн, цистерналарды жөнелтуге тапсырар алдында цистерналарды ағызу және байқау актiсi ресiмделедi.		
13.3. Цистерналарды газсыздандыру және жуу кезінде өнеркәсiптiк қауiпсiздiктi қамтамасыз ету тәртiбi			
501.	Сұйық аммиак тасымалдауға арналған цистерналарды жууды және iшiн тазалауды арнайы жабдықталған пункттерде талаптарын сақталу бойынша технологиялық регламентте мәлiметтер болуы және осы ережелердiң орындалуы		
502.	Цистернамен бiрге жуу пунктiне берiлетiн анықтамамен куәландырылады		

503.	Цистерна қазандығының ішін бақылау, оның тиек-сақтандырғыш арматурасының гидравликалық сынақтары мен тексерулері, сақтандырғыш қақпаларды реттеудің нәтижелері сәйкес актілермен рәсімделеді, олар қысыммен жұмыс істейтін ыдыс төлқұжатымен бірге сақталады		
13.4. Цистерналардың ақаулары мен апатты жағдайларды жою шаралары кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі			
504.	Ұйымда жол бойында ағытылған цистерналардың ақауларын жою, апатты жағдайларды оқшаулау мен жою үшін, жылжымалы апат-құтқару бригадалары жинақталады		
505.	Газ қауіпті жерлердегі жұмыстар: цистерналарға қызмет көрсету алаңдарында, лақтырмалы көпіршелер, құю (ағызу) эстакадаларында, сонымен бірге цистерна қазандықтарының ішінде, бекітілген технологиялық регламент тәртібінде орындалады		
13.5. Жол бойында ағытылған цистерналардан аммиак ағып кеткен жағдайда ақаулар мен апатты жағдайларды жою кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі			
506.	Әрбір аммиак жөнелтуші ұйымда, жүк қабылдаушы ұйымда және цистерна иесінде (жалға алушыда) жылжымалы апат-құтқару бригадаларын құру тәртібі мен құрамын, дайындалуын, олардың экипировкалануын, апатты жағдайларды		

	оқшаулау мен жою әдістемесін нақтылайтын технологиялық регламент жасалады		
14. Сұйық хлорды тасымалдау			
14.1. Өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жалпы тәртібі			
507.	Сұйық хлорды тасымалдауға арналған вагон-цистерналарды, контейнерлер мен баллондарды есепке алу мен тіркеу, хлор ыдысы баланста тұрған, толтырушы ұйымда жасалады. Бұл үшін ұйымда келесі құжаттар жүргізіледі және сақталады (журнал формалары, толтырулар): 1) вагон-цистерналарға: қысымен жұмыс істейтін ыдыс төлқұжаты; вагон-цистернаны қолдану туралы техникалық сипаттама мен нұсқамалар; жөндеу және толтыру журналдары; 2) контейнерлер мен баллондарға: барлық ыдыс паркінің картотекасы; толтыру журналы; сынақтар журналы		
508.	Ыдыстың төлқұжаттық мәліметтері ойып жазылған, таңбалау орны мәліметтердің анық оқылуына дейін тазаланады, түссіз лакпен боялады және рамка түрінде ақ бояумен айналдыра сызылады		
509.	Ыдысқа құйылатын сұйық хлор массасы екі тәуелсіз бақылау жүйесінің көмегімен өлшенеді		
510.	Ыдыс бекітілген нормадан артық толса, артық сұйық хлор эвакуацияланады.		

	Эвакуациялау тәртібі технологиялық регламентте көрсетіледі		
511.	<p>Ағызу-күю пункті мен тұндырғыш тұйықтар жабдықталады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) хлордың ағуын бақылаудың сыртқы контурымен және хлор толқынын окшаулауды бақылаудың сыртқы контурымен; 2) сәйкес белгілермен; 3) жылжымалы құраманың тұйыққа және бөгде адамдардың кіріп кетуіне тосқауыл болатын құралдармен; 4) тәуліктің түнгі уақытында жарықтандырумен 		
512.	<p>Вагон-цистерналар орналастырылған тұйыққа кіре берісте орнатылады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) "Токта! Жол жоқ! Хлор" жазуы бар белгі (мөлшері 0,4 x 0,6 метр); 2) қызыл түсті сигнал белгісі; 3) тұйыққа рұқсатсыз кіруге жол бермейтін бұғаттаушы құрылғы 		
513.	Ағызу-күю пункттері хлор қоймаларына максималды жақын орналасқан бокстерде орналасады		
514.	<p>Жердің бетінде орналасқан вагон-цистерналарға қызмет көрсететін платформа (жұмыс орны) сырғанамайтын беті немесе төсемен және қоршаулармен жабдықталады.</p> <p>Платформа берік, жанбайды және апатты жағдайларда адамдарды эвакуациялауға ыңғайлы болатын, стационарлық</p>		

	ғимарат ретінде орналасады		
515.	Ағызу-қю пункттерінде құбырлардың стационарлық жүйесі болады: 1) вагон-цистернаға қайта қысу үшін сығылған ауаны (азотты) немесе хлорды беру құбырлары; 2) сұйық хлорды ағызу-қю құбыры; 3) газ түрдегі хлорды пайдалануға немесе жұтуға шығару құбыры		
516.	Салмағын өзгерту есебінен өз ілмегінде вагон-цистернаның табиғи тік орналасуын, түйісу торабын ыңғайлы қосу және оның саңылаусыздығын қамтамасыз ететін вагон-цистерналарды иілгіш стационарлық құбырларға қосу. Түйістіру үшін төмендегідей қосылулар пайдаланылады: 1) топсалы бұрамалы қосылыс; 2) иілгіш металл шлангтар немесе металл брондағы иілгіш материалдан жасалған шлангтар		
517.	Сұйық хлор сынамасын сұрыптау және оның сапасын тексеру бойынша технологиялық регламентте мәліметтер болуы және осы ережелердің орындалуы		
14.2. Вагон-цистерналарды сұйық хлормен толтыру кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі			
	Сұйық хлорды тасымалдау үшін дайындаушының техникалық талаптарына сәйкес келетін цистерна-вагондар қолданылады.		

518.	<p>Цистерналар төмендегілермен жабдықталады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) екі вентильмен, ол цистернаның бойлық білігінде орналасқан, құбыр үзілген жағдайда сұйық хлордың шығуы автоматты түрде тоқтатылатын, жылдамдықты кесілген қақпақтармен жабдықталған сифон түтіктері бар сұйық хлорды құюға (ағызуды) арналған; 2) екі вентильмен, ол цистернаның перпендикуляр бойлық білігінде орналасқан, цистерна-вагондарды белгіленген қалыпты шегінен тыс артық толтырылуына жол бермейтін, қысқартылған сифондармен біріктірілген сұйық хлорды қайта басу үшін газ беруге немесе газ тәрізді хлорды (абгазды) шығаруға арналған; 3) алмалы-салмалы манометрге арналған вентилі бар жалғастықпен; 4) мембраналы сақтандырғыш құрылғысымен; 5) мембрана тұтастығын тексеруге арналған тораппен; 6) сақтандырғыш қақпақпен; 7) қорғаныс қақпақтармен 		
519.	<p>Вагон-цистерналардың ілмекті вентильдерінің конструкциясы қашықтықтан басқару мүмкіндігін қамтамасыз етеді</p>		
	<p>Вагон-цистерналарды техникалық қарау</p>		

520.	бойынша журнал болуы. Қарау қорытындылары бойынша техникалық қарау журналына жазылуы.		
521.	Вагон-цистернаның саңылаусыздығын анықтау және үрлеу тәртібі бойынша технологиялық регламентте мәліметтер болуы және осы ережелердің орындалуы		
522.	Толтырылған вагон-цистернаның белгіленген талаптарға сәйкес келуі туралы ұйым өкілінің қорытындысы толтыру журналына енгізіледі		
523.	Вагон-цистернаға құйылған хлорға төлқұжат жасалынады		
14.3. Сұйық хлоры бар вагон-цистерналарды қабылдау және босату кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі			
524.	Сұйық хлоры бар вагон-цистерналарды ұйым акт бойынша қабылдайды		
525.	Босату жүйесі хлордың ағуының аяқталғандығын анықтайтын, белгілі параметрге жеткенде автоматты түрде қосылатын ағудың аяқталуы туралы дыбыстық және жарық арқылы берілетін дабылдар жүйесімен жарақтанады		
14.4. Контейнерлерді және баллондарды толтыру			
	Контейнерлер мен баллондардың толтырылу дайындығының тәртібі бойынша технологиялық регламентте мәліметтер болуы және осы ережелердің орындалуы: 1) үрлеу газында хлордың регламенттелген құрамына дейін кептірілген ауамен әрі		

526.	<p>қарай үрлеп, вакуумдап хлор қалдықтарын пайдалану;</p> <p>2) ілмекті арматураны алу және тексеру;</p> <p>3) ыдыстың сыртын және ішін көзбен қарап тексеру;</p> <p>4) сыртқы бетінің бояуын (қажеттілігіне қарай);</p> <p>5) дұрыс жұмыс жасайтын ілмекті арматураны орнату және бос ыдысты өлшеу;</p> <p>6) жұмыс қысымында ілмекті арматураны және ы д ы с т ы ң саңылаусыздығын тексеру;</p> <p>7) сауыттарға техникалық куәландыру (бұдан әрі – ТК) жүргізу, онда қоспалары болғанда және ТК мерзімі өткенде жасалады.</p>		
527.	<p>Ыдыстарды хлормен толтыруға дайындайтын және оны толтыратын үй-жайларда толтырылған контейнерлер мен баллондарды жинап, қоймалап қоюға болмайды.</p>		
528.	<p>Т о л т ы р у станцияларындағы толтыру рампалары компрессорлық станция мен басқа ғимараттардан (оның ішінде сұйық хлор қоймаларының үй-жайлары да) саңлаусыз қабырғалармен бөлінетін жекелеген үй-жайларда орналастырылады</p>		
	<p>Төмендегі шарттар сақтауымен толтырылған контейнерлер мен баллондарды шатыр астында сақтауы:</p> <p>1) тікелей күн сәулесі мен жауын-шашыннан</p>		

529.	<p>қорғанысты қамтамасыз ететін шатырдың болуы;</p> <p>2) кіреберіс үшін ыңғайлы контейнерлер мен баллондарды орналастыруға және жүктеу жұмыстарын жүргізуге арналған алаң жасау және апатты контейнерлер мен баллондардан хлордың ағу мүмкіндігін болдырмау және оны анықтау жүйесімен жарактандыру;</p> <p>3) толтырылған контейнерлер мен баллондарды шатыр астында екі тәуліктен асырмай сақтау.</p>		
530.	<p>Контейнерлерді тиеу-түсіру жүккөтерімділікке сәйкес келетін жүк көтеру құрылғыларын (кран, бөренелі кран, автокран) және қосалқы құралдарды (арнайы құрылымды контейнерлердің аударғышы) пайдалану арқылы жүзеге асырылады</p>		
531.	<p>Сұйық хлоры бар ыдысты көтеруге және орнын ауыстыруға арналған жүк көтеру құрылғылары бір біріне тәуелсіз қызмет атқаратын екі тежеуішпен жабдықталады</p>		
14.5. Контейнерлер мен баллондарды қабылдау және босату кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі			
532.	<p>Қоймаға келген контейнерлер мен баллондарды қабылдауды ұйымның бұйрығымен (өкімімен) тағайындалған тұлға жүзеге асырады</p>		
	<p>Дұрыс жұмыс жасамайтын (вентильдері ашылмайтын) хлор</p>		

533.	ыдысын сақтауға жол берілмейді.		
534.	Хлоры бар контейнерлер мен баллондардың қайта келіп түскен топтамасын қоймадағы контейнерлер мен баллондардың басқа топтамаларымен араластыруға болмайды		
535.	Суды өңдеу кезінде хлорды мөлшерлеу барысында автоматты вакуумды хлорлауыш қолданылады, олар мыналарды қамтамасыз етеді: 1) барлық тораптарда және вакуумды реттеуден кейін хлор құбырларында, оның ішінде хлор шығынын реттеуге арналған құрылғы мен ротаметр алдында вакуумды қолдау; 2) эжектордан су хлорлауыш тораптарына және хлор құбырына түсіп кетуден қорғау; 3) эжекторға су берілуін тоқтату барысында хлорлауышпен хлордың берілуін автоматты түрде тоқтату		
536.	Екі немесе одан да көп сауыттардан бір уақытта сұйық хлорды сұрыптауға болмайды		
16. Төгу-қю эстакадаларына өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі			
	Егер құйылатын немесе ағызылатын мұнай өнімдерінің жарқ ету температурасы 120 градус Цельсия және төмен болса және 10 метрден кем емес, егер жарқ ету температурасы 120 градус Цельсиядан жоғары болса, локомотив қозғалысы қарастырылатын теміржол білігінен ағызып қю эстакадасы		

537.	<p>бар жақын жол білігіне дейінгі арақашықтық 20 метрден кем емес болады . Электрлендірілген темір жолдарда орналасқан ағызып құю эстакадаларының теміржол бойларында екі оқшаулау түйісі орнатылады: бірінші – ағызу аумағынан тыс; екінші – тұйық бағытында.</p> <p>Локомотивтердің тура жүруіне арналған ағызып құю эстакадасынан теміржол жолдарын пайдалануға жол берілмейді. Эстакадаға химиялық заттары бар маршрутты жіберу алға вагон-цистерналармен немесе озу жолдарының көмегімен немесе созылатын жолдармен жүргізіледі. Эстакаданың тұйық жолдарына локомотивтерге кіруге рұқсат етілмейді</p>		
538.	<p>Ағызып құю эстакадалары темір жол бойының тікелей көлденең аймағында орналасады. Ағызып құю құрылғылары мен эстакадалар жолдың бір жақ бетіне орналасады</p>		
539.	<p>Теміржолдағы жеке тұрған тіреушелерден (екі қос білікті немесе бір төрт білікті вагондар арақашықтығына) немесе ағызып құю құрылғыларынан екі жағы бойынша дабыл белгілері орнатылады – " Локомотив аялдамасы"</p>		
	<p>Ағызып құю эстакадаларына ені 0,75 метрден кем емес қатты жабыны бар жаяу жүргіншілерге арналған жол қарастырылады.</p>		

540.	<p>Жаяу жүргіншілерге арналған жол эстакадалардың әрбір жолына қойылады, ал теміржолмен қиылысу жерлерінде – рельс бастарының деңгейімен тұтас төсемдер</p>		
541.	<p>Жекелеген ағызып құю құрылғысы немесе ағызып құю эстакадасы бар алаңда (ашық немесе шатыр астында) қатты су өткізбейтін жабыны болады, ол бүйір периметрі бойынша 200 миллиметр биіктікпен және тартпа жағына ауытқу 2 пайыз кем емес, 50 метрден артық емес арақашықтықта орналасқан құрама құдықтарға 0,5 пайыз ауытқу болады. Тартпалар теміржолдың сыртқы жағынан орналасады, жанбайтын материалдардан орындалады және алмалы-салмалы металл торлармен жабылады</p>		
542.	<p>Ағызып құю эстакадаларында 100 метрден аспайтын арақашықтықтағы эстакадалардың ұзындығы бойынша бөренелерде орналасқан жанбайтын материалдардан жасалған баспалдақтар болады. Баспалдақтардың ені 0,7 метрден кем емес және ауытқуы 45 градустан кем емес болып қарастырылады. Эстакадаларда ағызып құю құрылғыларына қызмет етуге арналған таяныштары бар алаңша қарастырылады. Эстакадалар мен эстакадаларда қызмет көрсететін алаңшаларда,</p>		

	баспалдақтарда тұтас қаптамасы бар биіктігі 1 метр таяныштар болады		
543.	Ағызып құю станцияларының теміржол аумағында металл тоспалары бар теміржол вагон-цистерналарының тежелуіне рұқсат берілмейді. Осы мақсат үшін ұшқынды қауіпсіз орындалуда тежеуіш тоспалары мен ағаш төсемдер қолданылады		
544.	Ағызып құю эстакадаларының қайырмалы көпірлерінде резеңке төсемдері немесе жасырын болттары бар ағаш тіректері болады		
545.	Эстакаданың қызмет көрсету алаңшасынан ысырма сермерлеріне, кран ұстағыштарына және құю шлангтарының көтеру құрылғыларына дейінгі арақашықтық 1,5 метр артық емес болады		
546.	Эстакаданың жарықтануы – прожекторлық. Жергілікті жарықтану жарылысқа қауіпсіз аккумулятор шамдарын қолдану жағдайында рұқсат беріледі		
547.	Тік бағаналар, жеңдері, тығыздамалар, құбырлардың ернемек арқылы жалғасуы ауа кірмейтіндей бітеу, тік бағаналар нөмірленген		
548.	Құю шлангтері цистерна ауызы соққы барысында ұшқын тудырмайтын материалдан жасалған ұштармен жабдықталады		
549.	Химиялық заттар төгілген цистерналармен ағызып құю операцияларын жүргізуге болмайды		

550.	Эстакада аумағында химиялық заттарды төгуге рұқсат берілмейді		
551.	Ағызып құю эстакадасы аумағында цистерналарды жөндеуге жол берілмейді		
552.	Эстакада және оның аумағында тазалық сақталады. Эстакадаға бөгде заттар үйіп тастауға болмайды		
553.	Ашық отпен құбырларды, ысырмаларды және түсіру құрылғыларын жылытуға болмайды; ол үшін бу немесе ыстық су пайдаланылады		
554.	Құю барысында эстакада айналасынан 100 метр радиустағы аумақта барлық жөндеу жұмыстары тоқтатылады		
555.	Эстакада аумағында төмендегілерге жол берілмейді вагон-цистерналарды тазарту және профилактикалық жөндеу жұмыстарын жүргізу; жалпы өнеркәсіптік дайындаудың қозғалмалы шамдарын, қол шамын пайдалану; найзағай кезінде тез тұтанатын заттарды ағызып құю жұмыстарын жүргізу; ақауы бар цистерналарға химиялық заттардың құйылуын жүзеге асыру; эстакададан цистернаға құрал-саймандарды, бөлшектерді және басқа да заттарды лақтыру		
556.	Қауіпті химиялық заттардың сынамаларын сұрыптау бойынша технологиялық регламентте мәліметтер болуы және осы ережелердің орындалуы		

557.	<p>Теміржол цистерналарын орнату орнында жолдарда ағызу немесе құю астында химиялық заттардың абайсызда құйылып кетуін қабылдауға арналған күшейтілген гидроокшаулауы бар темір бетонды түпқойма орнатылады. Түпқойма екіден артық емес цистернаны орнатуға есептелген бөліктерге бөлінеді. Әрбір бөлік ойықпен жабдықталады және сол жаққа ауытқып орындалады. Фосфордың төгілуі қысымды құбыр арқылы зарарсыздандыруға жіберіледі</p>		
558.	<p>Химиялық заттарды тасымалдау және ағызып құю барысында қатысатын әрбір ұйымда өндірістік бақылау қамтамасыз етіледі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жабдықтардың, объектілердің қауіпсіз пайдаланылуы үшін; 2) цистернаға химиялық заттардың ағызылуы, құйылуы бойынша технологиялық үрдістерді қауіпсіз жүргізу үшін; 3) цистерналарды жөндеу және техникалық ахуалы үшін; 4) цистерналарды тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру үшін; 5) теміржол көлігінің ғимараттарын пайдалану үшін 		
	<p>Цистерналарды ағызу (қю) үшін эстакадалар топсалы-интіректі ағызып құю құрылғыларымен (стендерлермен)</p>		

559.	жабдыкталады. Ағызып құю операциялары үшін металл қолғаптар пайдаланылады. 2 мегаПаскальдан кем емес жұмыс қысымына есептелген аммиак ортасында төзімді резеңке немесе резеңке-металл қолғаптарды пайдалануға рұқсат етіледі.		
560.	Қолғаппен құбырларды байланыстыру алдында автоматты кесу құрылғысы орнатылады: цистернаға құю құбырында кескіш немесе жылдамдықты қақпақ және цистернадан ағызу құбырында кескіш немесе кері қақпақ. Қолғап пен кескіш құрылғы арасындағы құбыр телімі кәдеге жарату жүйесінің коллекторына қолғаптан қысымды түсіру үшін қажетті вентилі бар жалғастықпен жабдыкталады		
561.	Дайындық және қосалқы операциялардың орындалуы (су қоймаларын толтыру, құбырлар мен жабдықтарды үрлеу) екі жағынан ілмекті арматура орнатылған алмалы-салмалы телімді пайдалану арқылы жүргізіледі. Құбырды пайдалану аяқталғаннан кейін алмалы-салмалы телім алынады. Оның орнына бітеуіш орнатылады, және сол туралы бітеуіштерді тіркеу журналына жазба жасалады		
17. Автоцистерналарды құю кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі			
	Автоқұю эстакадасы орналасқан алаңшаның		

562.	қатты жабыны болады және ағызылатын заттардың жинаққа кедергісіз ағуын, ал жаңбыр ағыныныңын – кәрізге кетуін қамтамасыз етеді		
563.	Ақауы бар автокөліктердің алаңға шығуына, олардың осы алаңда жөнделуіне жол берілмейді		
564.	Автоцистерналарда ұзындығы 100- 200 миллиметр жерге тиетін металл жерге қосу тізбегі болады		
565.	Құюдың автоматты жүйесі барысында жүргізуші әрекеттері бойынша технологиялық регламентте мәліметтер болуы		
566.	Автоқю эстакадалары бағдаршамдармен, шлагбаумдармен автоцистерна ауыздарына құю құрылғылары түсіріліп, толтырылған цистерналардың кіруін тоқтату үшін жабдықталады		
18. Теміржол цистерналарын жуу және шлам сүзу қондырғысымен ағынды суларды тазарту бекеттері			
567.	Теміржол цистерналарын жуу станциясы, жеке тұрған, сондай-ақ сары фосфор қоймасымен блокталған ретінде орындалады. Жууға арналған цистерналарды орнату орны абайсызда ағып кетуі мүмкін ағындыларды қабылдайтын темір бетонды түпқоймамен жабдықталады. Темір бетонды түпқойма, күшейтілген гидроқшаулаудан басқа, абайсызда ағуы мүмкін ағындар әсеріне төзімді материалдардан		

	қорғанысын қамтамасыз етеді. Фосфор тұтынатын зауыттар үшін теміржол цистерналарын жуу станциясын ағызу эстакадасымен және сары фосфор қоймасымен біріктіруге болады		
568.	Цистерна ішіндегі барлық жұмыстар рұқсат жүктелімі бойынша жүргізіледі		
569.	Фосфорлы шламды сүзу барысында қысым мен температураны тұрақты бақылауы бойынша технологиялық регламентте мәліметтер болуы және осы ережелердің орындалуы		
19. Тоңазытқыш қондырғылары			
570.	Тоңазытқыш қондырғыларын жоспарлы қарау және тексеру әрбір қондырғыны пайдалану талаптары мен дайындаушы ұсыныстарын ескере отырып құрылған кестеге сәйкес жүргізіледі		
571.	Қорғаныс автоматикаларының ақауы бар аспаптарымен тоңазытқыш қондырғыларын пайдалануға жол берілмейді		
572.	Тоңазытқыш қондырғысына қызмет көрсету барысында жабдық көзбен қарап тексеріледі, оның саңылаусыздығы, жабдық бетінің шаң мен кірден тазалануы тексеріледі. Барлық байқалған ақаулар жою шаралары көрсетіліп, журналға енгізіледі		
	Тоңазытқыш камераларында төбе және		

573.	<p>қабырға батареяларына тегістей, ауа салқындатқыштарға, бірігу құбырларына және батарея құбырларына тегістей жүктерді орналастыруға болмайды . Батареяның жүк қатарына дейінгі арақашықтығы технологиялық регламентке сәйкес сақталады, бірақ 0,3 метрден кем емес болады</p>		
574.	<p>Батареялар мен ауа салқындатқыштардағы қысымды манометр бақылайды. Батареялар мен ауа салқындатқыштарды жібіту алдында оларды хладоагент пен майдың жиналуынан босатады, олар май жинаушы арқылы әрі қарай май шығарумен сусіңгіш (циркуляциялық) ресиверге ағызылады. Батарея мен ауа салқындатқыштардан тікелей майды шығаруға жол берілмейді. Жібіту технологиялық регламентке сәйкес жүргізіледі</p>		
21. Аммиакты тоңазытқыш қондырғылары			
21.1. Жүйені аммиакпен толтыру кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі			
575.	<p>Жүйені толтыру туралы шешім актімен рәсімделеді, онда төмендегілер баяндалады : жалпы алмастыру және апатты вентиляция жүйесі жұмысының дайындығы; объектінің оқытылған техникалық қызметкерлермен жинақталуы; қызметкерлердің дәрігерге дейінгі көмек көрсету құралдарымен, дене, тыныс алу мүшелерін жеке қорғау</p>		

	<p>құралдарымен қамтамасыз етілуі; жобалық, технологиялық құжаттаманың және АЖЖ нақты болуы</p>		
576.	<p>Сұйық аммиак сынамасын сұрыптау және оның сапасын тексеру осы мақсатқа арналған сыйымдылықпен тасымалданатын арматура арқылы жүргізіледі</p>		
577.	<p>Ағызу торабының сұйық аммиак құбырлары сұйық аммиакты ағызу құбырларының алмалы-салмалы бөлшектерінің герметизациясын жою барысында аммиакты тоңазытқыш қондырғыларының сұйық аммиак жинағынан сұйық аммиактың кері тоғына қарсы тұратын автоматты құрылғылармен, манометрлермен жабдықталады</p>		
578.	<p>Теміржол цистерналарын тоңазытқыш қондырғыларының стационарлық тораптарына иілгіш қосу, цистернаның аспалы табиғи тік орналасуын, оның саңылаусыздығы мен түйіскер жерінің ыңғайлы қосылу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Түйістіру үшін төмендегі байланысулар қолданылады: иректүкті немесе иілу түрінде майысқан ұзындығы 5 – 7 метр болат құбырдың консольды бөлігі көмегімен иіліп түйістіру ; иілгіш металл қолғаптар ; металл емес материалдардан жасалған</p>		

	иілгіш қолғаптар; топсалы айнымалы қосылыстар		
579.	Автомобиль цистернасынан сұйық аммиакты ағызу құюшының алмалы-салмалы автомобиль құбыры арқылы жүзеге асырылады		
580.	Ағызу бекеті құбырларының алмалы-салмалы иілгіш және топсалы бөліктерін таңбалау, жөндеу, қуәландыру, пайдалану мерзімдері және тәртібі олардың техникалық құжаттамасымен анықталады		
581.	Сұйық аммиакты ағызу бекеті аммиакпен газдану деңгейін бақылайтын жүйе тетіктерімен, цистернаны жылжыту дабыл беру құрылғысымен, автоматты түрде аммиактың ағуын тоқтату жүйесімен, апат салдарын жою және оқшаулау жүйесінің жылжымалы техникалық құрылғыларымен жабдықталады		
582.	Теміржол және автомобиль цистерналарынан сұйық аммиакты ағызуға арналған алаңда асфальт немесе бетон жабыны, сусіңгіш желісі немесе қабылдағышта апатты жою және ауыздықтау барысында пайда болатын аммиак суларының немесе сұйық аммиактың абайсызда ағып кетуін орналастыруға арналған ауытқуы болады. Қабылдағыш		

	<p>конструкциясы мен сыйымдылығы кәріз жүйесіне еркін ағуды болдырмайды және жоба құжаттамасында анықталады</p>		
583.	<p>Ағызу бекетінде стационарлық құбырларға цистерналарды ыңғайлы және қауіпсіз қосу үшін талаптар қамтамасыз етіледі. Қызметкерлердің тасымалдау сыйымдылықтарының арматурасына қолжетімділігіне арналған платформа апатты жағдайда көшіру және регламенттік жұмыстарды жүргізуге ыңғайлы, жанбайтын конструкцияны қарастырады</p>		
584.	<p>Цистерналар объекті аумағында болған барлық уақыт ішінде оларға тәулік бойы бақылау ұйымдастырылады</p>		
585.	<p>Цистернаны қарап болғаннан кейін цистерна ахуалы мен ағызу жұмыстарын жүргізу мүмкіндігі туралы жазбаша қорытынды беріледі, және сол туралы тіркеу журналында тиісті жазба жазылады, салмағы (нетто, брутто) және цистерна нөмірі белгіленеді. Аммиакты қабылдау және ағызуды тіркеу журналы нөмірленеді, шнурланады және мөрмен басылады</p>		
	<p>Стрелкалы ауысулары жоқ ішкі теміржол бойларында цистернадан 3 метрден кем емес арақашықтықта ысырмалы сақтандыру дiңгегi орнатылады. Рельс жолдарындағы</p>		

586.	цистерна дөңгелегі тежегіш тоспамен екі жағынан да бекітіледі. Ағызу кезінде және оған дейін цистерна қызыл түсті ауысталы дабылдармен қоршалады және "Токта! Жол жабық. Аммиак" деген жазуы бар көлемі 400600 миллиметр белгі орнатылады.		
21.2. Компрессорлар және сорғылар			
587.	Аммиакты тоңазытқыш қондырғыларының жұмысын тұрақты бақылау орындарындағы температура стационарлы орнатылған тұрақты қолданыстағы аспаптармен аныкталады. Бұл жағдайда қозғалмалы аспаптарды пайдалануға болмайды. Егер дайындаушы нұсқаулығымен басқа мән қарастырылмаған болса, поршенді компрессорлар үшін айдау температурасы 160 градус цельсиядан аспайды, бұрамалы үшін –90 градус цельсия, көлденең ақырын жүретін компрессорлар үшін –135 градус цельсий болады		
588.	П о р ш е н ь компрессорының сору құбырына (куысына) сұйық аммиакты бүркуге болмайды. Дайындаушы қарастырмаған бүрку құрылғыларын орнатуға жол берілмейді		
589.	Жекелеген тоңазытқыш жабдықтарын жөндегеннен кейін және алдын алу жұмыстарынан кейін, жұмысында ақаудың салдарынан туындаған компрессорды мәжбүрлі тоқтатқаннан кейін, оны пайдалануға		

	іске қосуды бақылау тұлғасының жазбаша рұқсатынан кейін жүзеге асыруға болады.		
590.	Жабдықтардың барлық қозғалатын және айналатын бөліктері (сермерлер, біліктер, жалғастырғыштар, берілістер) алмалы-салмалы, жеңіл жиылмалы, тұтас немесе торлы қоршаулармен жабылады. Қоршау тораптары мен бөлшектері бекітіледі және жеткілікті төзімділігі мен беріктілігі болады		
591.	Тоңазытқыш аммиакты компрессорларын майлау үшін тек сол үшін арналған майлар ғана қолданылады. Компрессордың әрбір түріне арналған майлау майының маркасы дайындаушы нұсқаулығында көрсетілгенге сәйкес келеді		
592.	Автоматты режимде жұмыс жасайтын компрессорлар мен сорғыларда, көрінетін жердетақтайшалар ілінеді : "Абайла! Автоматты түрде түсіріледі"		
593.	Аммиак сорғысындағы алдын алу жұмыстары агрегат толық тоқтағаннан кейін, электр көзі ажыратылған соң, вентильдер мен іске қосу құрылғыларында плакаттар ілінгеннен кейін, объекті жұмысының тәуліктік журналына жазба жазылған соң жүргізіледі		
21.3. Жабдықтарды орналастыру кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі			

594.	<p>А й д а ғ ы ш құбыржолдарындаға тік қаптама-түтікті, булағыш және ауа конденсаторлар, май бөлгіштер ашық алаңқайларда орналастырылады. Машиналық бөлмелерде ү с т і н д е конденсаторларды, ал желілік ресиверлерді үй-жайдың ішінде және сыртында да орналастыруға рұқсат етіледі</p>		
595.	<p>Сумен жабдықтаудың айналым жүйесіндегі сулы сорғыларды арнайы үй-жайда – сорғы станциясында, конденсатор орнатылатын ғимараттың үстінде орналастыру ұсынылады</p>		
596.	<p>Машиналық (аппараттық) бөлменің үй-жайында компрессорлы агрегаттар , блокты тоңазытқыш машиналар, айналмалы (қорғау) ресиверлер, аралық ыдыстар, аммиакты сорғылар, май жинағыштар, тік қаптама-түтікті конденсаторлар орналастырылады. Булағыш блоктарын, майда сақтауға арналған ресиверлер, айналмалы, қорғау және дренажды ресиверлер, аммиакты және суық жеткізгішті айдауға арналған сорғылар машиналық (аппараттық) Бөлмелерден тыс ашық алаңқайларда орналастыруға рұқсат етіледі, егер бұл осы жабдықтың климаттық орындалуына мүмкіндік беретін болса. Орналастыру орны</p>		

	жобалау құжаттамасымен анықталады		
597.	Машиналық (аппараттық) бөлмелерінің сыртында орналасқан аппараттардан (ыдыстар) жарықтың аралығы ғимараттың қабырғасынан кемінде 1,0 метр болуы тиіс.		
598.	Тоңазытқыш жабдығын орналастыруға мынадай жағдайда тыйым салынады: жанғыш, күйдіргіш және жарылыс қауіпті өнімдері бар технологиялық құбыр жолдары эстакадаларының астына; қамтылып бекітілген (сальниксіз) сорғыларды қолдану жағдайларынан немесе аммиактың төмен орнатылған жабдыққа түсуін болдырмайтын арнайы қауіпсіздік шараларын қабылдаған кезден басқа ашық сорғының және компрессорлық қондырғылардың үстіне орнатуға тыйым салынады		
599.	Еденнен 1,8 метр жоғары деңгейде жабдыққа (арматураға) тұрақты қызмет көрсету үшін қоршауы және баспалдағы бар металл алаңы көзделеді. Алаңның ұзындығы 6 метрден көп болғанда баспалдақтар алаңның екі жағынан да орналастырылады. Оларды алаңға бекіту үшін құрылғылармен қозғалмалы немесе қайырмалы баспалдақтарды қарастыруға рұқсат етіледі. Тұтқалардың биіктігі 1,0 метр,		

	алаңдардағы ернеулер кемінде 0,15 метр		
600.	<p>Айналмалы және қорғау ресиверлер және аммиакты сорғылардың астында тұғырықтар немесе шұңқырлар қарастырылады.</p> <p>Барынша үлкен аммиак сыйымды ыдыстан салқындатқыш агенттің авариялық шығуы кезінде сұйық аммиактың деңгейі тұғырықта (шұңқыр) тұғырық ернеуінен төмен (шұңқыр шеті) қамтамасыз етіледі</p> <p>Айналмалы ресиверден құйылған аммиактың саны ыдысты жұмыс күйінде толтыру бойынша, ал қорғау ресиверден ыдысты барынша жол берілетін толтыру бойынша анықталады. Шұңқырдың тереңдігі кемінде 2,5 метр болуы тиіс.</p> <p>Шұңқырға кемінде екі баспалдақ орнатылады, ал шұңқырдың тереңдігі 2 астам болғанда тікелей сыртынан шығу көзделеді</p>		
601.	<p>Желілік және дренажды ресиверлер тұғырыққа орналастырылады.</p> <p>Барынша сыйымды ыдыстан тұғырыққа оның авариялық ағуы жағдайында сұйық аммиактың деңгейі тұғырық ернеуінен төмен қамтамасыз етіледі.</p> <p>Желілік немесе дренажды ресиверден құйылған аммиактың саны оны 80 пайызға барынша жол берілетін толтырудың есебімен анықталады. Желілік ресиверлер күн сәулесінен және жауын-шашыннан</p>		

	шатырмен қорғалады, биіктігі кемінде 1,5 метр болатын, құлыпқа салынатын кіріс есігі бар дуалмен қоршалады		
602.	Жүйелерді аммиакпен зарядтау үшін аммиакты цистерналарды немесе баллондарды қосу үшін түйіскен тораптар қарастырылады		
603.	<p>Машиналық немесе аппараттық бөлмелерде құбыржолдарын, аппараттар, ыдыстарды, пневматикалық сынауға арналған ауа компрессорын орнату, әрбір ыдыс, аппаратқа немесе аммиак құбыржолының учаскесінде сынау жүргізу мүмкіндігіне арналған сығылған ауаны стационарлық құбыржолдарының жүйесі көзделеді. Қысымға және оны төмендетуге арналған компрессордан құбыржолдарындағы бітеу вентильдері бақылау мониторы, компрессорды басқару түймешелері жабдық сыналатын үй-жайдың сыртына шығарылады. Қысылған ауа құбыржолында сақтандыру клапаны орнатылады. Қолданылған ауа компрессорын басқа мақсаттар үшін жол берілмейді. Пневматикалық сынау нормативтік техникалық құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады</p>		
	С а л қ ы н д ы тұтынушылардан жақын орналасатын бөлу құрылғыларын орнатауға		

604.	арналған үй-жайы, аммиакқа айналатын технологиялық жабдықтағы салқындатқышты өндірістік цех-тұтынушыларының үй-жайы Д санатына жатады. Бұл ретте, аппараттарға немесе бөлу құрылғыларына аммиак түсетін сұйықты аммиакты құбыржолдарында осы үй-жайлар ауасындағы аммиак концентрациясының метр кубқа 60 миллиграмм жету кезінде істен кететін тез әсер ететін автоматты тиекті арматура көзделеді		
605.	Ғимараттарда машина немесе аппарат бөлімшелерін орналастыру бойынша мәлеметтердің болуы және осы ережелердің орындалуы		
606.	Машиналық (аппаратты) бөлмелерді жертөледе және жертөле қабатында орналастыруға жол берілмейді		
607.	Машиналы және аппаратты бөлмелердің үстіне тұрақты жұмыс орнымен үй-жайды, тұрмыстық және әкімшілік үй-жайды жайғастыруға тиым салынады		
608.	Машиналық, аппараттық бөлмелер үй-жайларында бір бірінен барынша алыс орналасқан кемінде екі эвакуациялау шығулар орналастырылады, бұл ретте, бір шығуды ең аз дегенде тікелей сырттан орналастырылады		
	Қосалқы немесе басқа мақсаттағы үй-жайдағы машиналық (аппараттық)		

609.	Бөлмелердің үй-жайынан , барлық жоғарыда көрсетілген үй-жайды қосатын дәліздегі шығу құрылғысы ауа қысыммен берілетін тамбур-шлюздер арқылы, өртке қарсы құлыпсыз, өзі жабылып ашылатын және құралдар периметрі бойынша герметикалық төсемдері бар есіктермен орындалады		
610.	Машиналық және аппараттық бөлмелердің барлық есіктері қауіптілігі аз жағынан ашылады		
611.	Машиналық және аппараттық бөлмелердің едендері тегіс, тайғаққа емес және жанбайтын және ұшқын шығармайтын материалдардан жасалуы тиіс. Жүруге болмайтын арналар мен люктер алмалы-салмалы тақта едендермен немесе лак-бояу жабындары бар металл бұдырлы табақпен жіктестіріліп жабылады. Машиналық немесе аппараттық бөлмелерді жоспарлау аумағынан төмен тереңдетуге жол берілмейді		
612.	М а й л а р д ы регенерациялау, тазалау және сақтауға арналған жабдықтар шығуы тікелей сыртында орналасқан үй-жайда орналасады		
21.4. Монтаждау жұмыстары			
613.	Монтаждау жұмыстарын жобалау ұйымының келісуінсіз жобадан ауытқи отырып, орындауға рұқсат етілмейді		

614.	<p>Монтаждауға тоңазытқыш қондырғысының жабдықтары мен тораптарын қабылдау кезінде оларға тексеріп қарау, жинақтылығы мен техникалық жай-күйіне тексеріс жүргізіледі. Ақауы бар бұйым монтаждауға рұқсат етілмейді</p>		
615.	<p>Кепілдік мерзімі өткен жабдықтар және басқа да бұйымдар оған ревизия жүргізіп, ақауларды жойғаннан кейін монтаждауға рұқсат етіледі. Жүргізілген жұмыстардың нәтижелері жабдықтың құжаттамасына жазылады</p>		
616.	<p>Монтаждауға дейін жабдықтар, бұйымдар және материалдар дайындаушы құжаттамасының талаптарына сәйкес сақталады. Сақтау кезінде тексеріп қарау үшін қолжетімділік қамтамасыз етіледі, ішкі қуыстардың зақымдануын, ішіне ылғал және тозаңның түсуін қақпайлау үшін жағдайлар жасалады</p>		
617.	<p>Қол сальникті арқаулықтарды маховиктерін төмен қаратып орнатуға жол берілмейді. Электрлі-магнитті вентилдер және жетегі бар вентилдер аммиак қозғалысының бағыты вентильдің көрсетілген корпусына сәйкес келеді</p>		
618.	<p>Құбыржолдардың жылу оқшаулағышы олар беріктік пен тығыздыққа сыналып, бұл ретте</p>		

	анықталған барлық ақаулар жойылғаннан кейін жүргізіледі		
619.	Тоңазытқыш қондырғылардың құбыржолдарындағы дөнекерлеу жұмыстары оларды өшіру және аммиактан босату (ауамен немесе оқшау газбен үрлей отырып) кезінде рұқсат беру тәртібі бойынша жүргізіледі		
620.	Аппараттар, құбыржолдарды сынау (үрлеу) үшін сығылған ауаны немесе инертті (азот) газды беру оны жеке вентиль арқылы аппаратқа немесе құбыржолы учаскесіне қосу мүмкіндігімен арнайы құбыржолы бойынша жүзеге асырылады. Сыналатын (үрленетін) аппарат, ыдыс немесе құбыржолының учаскесінде жүйеден сөндіруге мүмкіндік беретін бітеу арматура болады		
621.	Үй-жайда және қолданыстағы тоңазытқыш қондырғысы учаскелерінде монтаждау жұмыстарын орындау кезінде (аммиактағы немесе жүйелердің қалған бөлмелерінен ажыратылмаған қолданыстағы емес тораптар жағдайында) рұқсаттама рәсімделеді		
22. Фреонды мұздатқыш қондырғылар			
22.1. Өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жалпы тәртібі			
622.	Ұйымда мұздатқыш тоңазытқыш жабдығын пайдалану (қызмет көрсету) бойынша технологиялық регламент әзірленеді		

623.	Машиналық бөлмелерде көрінетін орында салқындатқыш агенті (салқындатқыш агенті) құбыржолының, бігеу арматурамен олардағы нөмірмен бірге салқындатқыш жеткізгіштің және судың (натураға тиісінше), бақылау және автоматика аспаптарының схемасы ілінеді		
624.	Мұздатқыш қондырғы жүйесіне өзгерістер енгізу жағдайында тоңазытқыш құбыржолдары схемасы түзетіледі		
23. Химиялық зертханалар			
23.1. Өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жалпы тәртібі			
625.	Зертханалық орындар мен жабдықтардың тиісті белгіленуі, жазулары және қауіпсіздік белгілері бар		
626.	Зертханада жүргізілетін жұмыстардың барлық түрлері бойынша зертханалық орындарда жайғастырылатын технологиялық тәртіптер құрастырылады		
627.	Зертханалардың бөлмелеріндегі келетін-соратын вентиляция жұмыстарды бастаудың алдында қосылады және жұмыстар аяқталғаннан кейін сөндіріледі. Талдамаларды тәулік бойы жүргізген кезде келетін-соратын вентиляция тұрақты түрде жұмыс істейді. Вентиляция жарамсыз болса, онда жұмыстарды жүргізуге тиым салынады		
	Аса және тым қауіпті заттармен барлық		

628.	жұмыстар сору шкафтарында жүргізіледі , жұмыс орнындағы ауаның жылдамдығы кемінде 1,5-2 метр секунд деңгейінде орнатылады		
629.	Зертханалардағы жұмыс кезінде кемінде екі адам болуы қажет: 1) қауіпті және уландырғыш заттармен байланысты барлық жұмыстар резеңке қолғапта, химиялық жағынан төзімді арнайы киімде, бас киімде, арнайы аяқ киімде, тыныс алу органдары мен бетті қорғай отырып орындалады; 2) Қауіпті және уландырғыш заттың бейтараптандыруы және алып тастауы бойынша технологиялық регламентте мәліметтер болуы және осы ережелердің орындауы. 3) зертханада химиялық реагенттерді бейтараптандырғыштардың қоры болуы қажет		
630.	Талдамаларды жүргізу бойынша жұмыстардың алдында жұмыс аумағындағы ауада газдың жоқтығы тексеріліп, журналға жазылады.		
631.	Сорып шығаратын шкафтарда тәуліктік қажеттіліктен аз қышқылдарды, жеңіл буланатын реактивтердің және еріткіштерді жабық саңылаусыз ыдыста және бақылау тұлғаларының рұқсатымен сақтауға рұқсат етіледі. Жұмыс орындарында көрсетілген қауіпті заттарды пайдаланумен байланысы жоқ талдамаларды және		

	өзге жұмыстарды жүргізуге тиым салынады		
632.	Химиялық заттарды қоймаларда және зертханаларда жазуы жоқ ыдыстарда сақтауға тиым салынған		
633.	Бір-біріне әсер ететін және химиялық өзара әрекеттесудің нәтижесінде өрттің немесе жарылыстың (мәселен, азот қышқылы және органикалық заттар) туындауына себеп болатын заттарды бір-бірінен жақын, бірге сақталуына рұқсат етілмейді		
634.	Зиянды, уландырғыш және улы заттармен жұмыс жүргізілетін бөлмелерде желдету жүйесі бөлек, ол басқа бөлмелердің желдеткіштерімен байланысты емес		
635.	Зиянды заттардың, будың , газдардың бөлінуіне әкеліп соғатын жұмыстар кәріз жүйесімен, су құбырымен және қорғайтын жабдықтармен қамтамасыз етілген сорып шығаратын шкафтарда іске асырылады		
636.	Жұмыстарды жүргізуге қажеті жоқ ыдыстарды, заттарды, аспаптарды және зертханалық жабдықтарды сорып шығаратын шкафтарда сақтауға тиым салынған		
637.	Жеңіл тұтанатын сұйықтарды қыздыруды технологиялық тәртіппен қарастырылған жылыту аспаптарында жарылу,		

	<p>өрттену қауіпсіздігі талаптарын сақтап жүзеге асырылады</p>		
638.	<p>Талдамадан кейін мұнай өнімдерінің қалдығы, пайдаланған реактивтер және улы заттар бөлек, жабық металл ыдысқа құйылады және кейін кәдеге жарату үшін жұмыстар немесе ауысым аяқталған кезде зертханадан шығарылады . Бұл сұйықтықтарды ортақ сыйымдылыққа немесе кәріз жүйесіне құюға тиым салынады. Зертхана бөлмесінде рұқсат етілмейді:</p> <p>1) дәліздер мен өтетін жерлерді, өрт сөндіру құралдарына баратын жерлерді қоқысқа және үйіндіге айналдыруға; бөлмелерді тазалау үшін жеңіл тұтынатын сұйықтар және жанар сұйықтар, сирек әрі зиянды заттарды пайдалануға; ыдысты, сүртетін материалды, киімді кептіретін аспаптар мен құрылғыларды қолдануға ; жоюға жататын төгілген мұнай өнімдерін, жанғыш және зиянды заттарды қалдыруға;</p> <p>2) оттық және электр жылыту аспаптары іске қосылған жағдайда жану қаупі бар төгілген сұйықтарды сүртуге;</p> <p>3) жұмыс орнында әбден май болған шүберектер (ұштары) мен қағаздарды қалдыру қажет;</p> <p>4) жұмыс бөлмелерінде пайда болуы белгісіз қандай да бір заттарды сақтауға</p>		
	<p>Ыдысты тазалауға және дайындауға арналған</p>		

639.	<p>орын зертхананың басқа бөлмелерінен боқшауланған, бөлек шығуы және желдетуі бар:</p> <p>1) жұмыс орындарында зертхана ыдысын жууға және кептіруге арналған қондырғылардың жергілікті желдетуі қарастырылған;</p> <p>2) жергілікті желдеткіш қосылған жағдайда ыдысты белгіленген жерде жуу. Қышкылдың және өзге күйдіргіш пен улы өнімдердің ыдысын толық босатып және зиянды заттар бейтараптандырылғаннан соң, жууға тапсырылады.</p> <p>;</p> <p>3) жуатын заттар орамаларда, қақпақшалары тығыз жабылған сыйымдылықтарда сақталады. Оларды шыны түтікшелерде және ашық күйінде сақтауға тиым салынады</p>		
640.	<p>Оттығы, электр аспаптары және тұтанудың басқа көздері бар жұмыс бөлмелерінде сұйық ауамен немесе оттегімен жұмыс істеуге рұқсат етілмейді, көмірсутектермен байланысудың қауіпі бар. Өнімдерді сақтау және тамақтану үшін жаратқандырылмаған бөлмелерде оларды сақтауға рұқсат етілмейді</p>		
641.	<p>Зертхананың бөлмелеріндегі отты (газ және электр дәнекерлеу жұмыстары) пайдаланып, жөндеу жұмыстарын тапсырыс-рұқсат бойынша жүргізуге рұқсат етіледі</p>		

23.2. Химиялық зертханалардың бөлмелері және жабдықтары үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі

642.	Химиялық зертханалар жарығы, жылытылуы, су құбыры мен кәріз жүйесі табиғи және жасанды бөлмелерде орналасады		
643.	Химиялық зертханалардағы жасанды жарықтандыру бойынша технологиялық регламентте мәліметтер болуы және осы ережелердің орындалуы		
644.	Жарылу қаупі бар заттармен жұмыс жүргізілетін бөлмелер (қопару жұмыстарына арналған бөлме) ғимараттың жоғарғы қабатында оқшауланған бөлмелерде, зертхана ғимаратының бүйіржақ бөлігінде немесе оған салынған қосымша құрылыстарда орналасады. Олардың үстінде басқа бөлмелердің жайғастырылуына тиым салынған		
645.	Химиялық зертхананың құрамында автоклавты немесе жоғары қысымды зертхана болса, олар бір қабатты жалғастыра салынған құрылыста орналастырылады. Автоклавты немесе жоғары қысымды зертхананы ғимараттың бүйіржақ бөлігінде, егер олар көрші бөлмелерден отқа төзімділігі кемінде 4 сағатты құрайтын шегі бар қабырғалармен бөлектеніп және өздігінен сыртқа шығу қамтамасыз етілген жағдайда рұқсат етіледі		
	Аса және тым қауіпті заттармен жұмыстарға арналған бөлмелер		

646.	зертхананың басқа бөлмелерінен окшауланады, олардың бөлек кіретін жері және басқа бөлмелердің желдетумен байланысы жоқ сорып шығаратын шкафтары бар		
647.	Зертханалық бөлмелердің желдетілуі механикалық қозғауы бар келетін-соратын түрде қарастырылады және сорып шығаратын шкафтардан ауаға арналған желдету қондырғыларымен жабдыкталады. Зертханалық бөлмедегі ауа алмасу бөлменің ауасындағы зиянды заттардың шоғырлануы рұқсат етілген шоғырланудан аспайтындай етіп есептеледі		
648.	Сорып шығаратын шкафтағы шамдар онда пайда болуы ықтимал жарылу қаупі бар қоспалардың санатына және тобына байланысты жасалады. Ашалы розетка және сөндіргіштер сорып шығаратын шкафтан тыс орналастырылады		
649.	Сорып шығаратын шкафтарда, сынап бөлмелеріндегі зертханалық және жұмыс үстелдерінде жұмыс аумағының үстінде жәшіктер мен шкафтардың жайғастырылуына тиым салынған		
650.	Жұмыс үстелдері мен шкафтардағы газ және су крандары алдыңғы бүйірлерге (шеттерге) жайғастыру қажет, оларды кранның		

	кездейсоқ ашылуын болдырмайтындай етіп орнату керек		
651.	Зертханалық қондырғылардың барлық қозғалатын бөліктері қоршалады		
652.	ЖТС қыздыру үшін қолданылатын электроаппаратура химиялық тұрғыдан берік оқшаулау мен қапталған жабық шиыршықпен және сыммен жасалады. Электр аппаратураның жалғануы ұшқындауға жол бермейтіндей етіп жүзеге асырылады		
653.	Зертханалар орналасқан ғимараттарда тері арқылы өтетін, теріге және көздің қабыршағына әсер ететін зиянды заттармен жүзгілетін жұмыс кезінде душтар мен шағын бұрқақтар автоматты түрде зақымдаудан кейін 6-12 секунд кешікпей қосылуды қамтамасыз ететін көлемде және орындарда қарастырылады		
654.	Жеке киімді және арнайы киімді сақтау үшін оқшауланған бөлмелер беріледі		
655.	Зертханалық бөлмелердің едендері плиткаларынан жасауы		
656.	Зертханалық бөлмелер жалпы келетін-соратын желдеткішпен қатар сорып шығаратын шкафтардан ауаны соруға арналған вентиляциялық құрылғылармен жабдықталады		
657.	Жарылу, өрттену қаупі бар бөлмелерде барлық ауа өткізгіштер жанабайтын		

	материалдардан әзірленуі тиіс		
658.	Зиянды және жанғыш булар мен газдардың бөлінуіне әкеліп соғатын жұмыстар жүргізілетін сорып шығаратын шкафтар жоғарғы және төменгі сорғылармен (сорғылардың қосылуы қолданылатын зат буларының тығыздығына байланысты реттеледі), сұйықтықтың еденге ағуына жол бермейтін жиектемелермен жабдықталады.		
659.	Отпен, өртену және жарылу қаупі бар заттармен жұмысқа арналған жұмыс үстелдер мен сорып шығаратын шкафтарды толық жанбайтын материалдармен, ал қышқылдармен және сілтілермен жұмыс барысында татқа қарсы материалмен қаптау қажет және жиектері жанбайтын материалдардан жасалуы қажет		
660.	Сорып шығаратын шкафтар саңылаусыз темір арқаудағы электр шамдарымен жаратандырылады, олардың сөндіргіштері сорып шығаратын шкафтан тыс орналастырылады, ал аша розеткалары сорып шығаратын шкафтан тыс жұмыс үстелінің бүйір жағында жайғастырылады. Электр жетектерге арналған сымдар резеңке түтікпен оқшауланады		
	Зертханалық бөлмелер талаптарға сәйкес газ		

661.	<p>құбырларымен жабдықталады:</p> <p>1) адамдар өтетін жерлерде газқұбырлары еденнен құбырдың төменгі шетіне дейін есептегенде кем дегенде 2,2 метр биіктікте тартылады;</p> <p>2) жұмыс үстелдері мен сорып шығаратын шкафтарға тартылған газ құбырларында жекелеген жанарғыларды қосуға мүмкіндік беретін крандарды орнату</p>		
662.	<p>Трансмиссиялық беріліс қозғалмалы тетік ретінде пайдаланылған жағдайда трансмиссияның барлық қозғалмалы бөліктері (білік тегершігі, қозғалтқыш белдік, тегершік) қоршалады. Қозғалыстағы қозғалтқыш белдіктерін кигізуге немесе алуға, қоршау болмаса, трансмиссияны жіберуге тиым салынған. Біруақытта бірнеше адам жұмыс істейтін аппараттарға қызмет көрсету үшін трансмиссиялық беріліс пайдаланылған кезде оны қосудың алдында дәл осы трансмиссияны қолданатын қызметкерлерге ескерту қажет</p>		
663.	<p>Химиялық зертханалық ыдыстың үлкен көлемін жуу үшін оқшауланған жуу бөлмелері бөлінеді, мүмкіндігінше олар қызмет көрсететін зертхананың орта тұсында орналасады. Жуу бөлмелері жуатын үстелдермен жабдықталады: олардың бірінде зиянды және аса қатты иісі бар заттарды</p>		

	тазартуға арналған сорып шығару шкафы бар және хром қоспасымен жууға әрі екі ашық содамен және таза сумен жууға арналған		
23.3. Жалындау, жарылу қауіпі бар заттармен жұмыс			
664.	<p>Жеңіл тұтанатын және жанғыш сұйықтықтар (қайнаудың төменгі температурасына ие заттардан басқасы) тығындары берік кептелген қабырғалары қалың құтыларда (сауыттарда) қауіпті заттар қоймасында сақталады. Құтылар қақпақтары тығыз жабылатын, қабырғалары мен түбі асбестпен қаланған металл жәшіктерге салынады. Жәшік өтетін жерлерден және жылытатын аспаптардан алшақ, оған жету ыңғайлы жерде, еденде орналастырылады . Жәшік қақпағының ішкі жағында атауы және бұл бөлме үшін жанғыш пен жеңіл тұтанатын сұйықтықтарды сақтаудың рұқсат етілетін жалпы нормалары көрсетілген нақты жазу жасалады. Жеңіл тұтанатын сұйықтықтар үшін шыны ыдыстың сыйымдылығы 1 литр аспайды, сыйымдылығы одан асып кетсе, ол саңылаусыз металл қаптамамен жабдықталады</p>		
665.	<p>Зертханалық бөлмелерде төмен температурада қайнайтын заттарды (дивинил, изопрен, диэтилды эфир, ацетон) сақтауға тиым салынған. Бұл заттармен жұмыс аяқталған соң, оларды</p>		

	сақтау үшін қоймаға жеткізу қажет		
666.	Диэтилды (күкіртті) эфирді басқа заттардан оқшаулау жерде, салқын және қараңғы бөлмеде сақтау керек		
667.	Зертхананың әрбір жұмыс бөлмесінде біруақытта сақталатын өрт қаупі бар сұйықтықтардың жалпы қорын аталмыш сұйықтықтардың тәуліктік қажеттілігінен асырмай ұстау қажет. Өрт қаупі бар сұйықтықтардың үлкен көлемімен жұмыс жасаған кезде әрбір жекелеген жағдайда өрт күзетімен келісілген ұйымның техникалық жетекшісінің жазбаша түрдегі рұқсаттамасын алу керек. Көп мөлшердегі от қауіпті заттармен жұмыс жүргізу бойынша технологиялық регламентте мәліметтер болуы және осы ережелердің орындалуы		
668.	Жанғыш сұйықтықтарды кәріз жүйесіне төгуге тиым салынған. Пайдаланылған жанғыш сұйықтықтар саңылаусыз жабылатын ыдысқа жиналады, олар (жұмыс күнінің соңында) бұл сұйықтықтарды жою немесе регенерациялау үшін зертханадан әкетіледі		
669.	Фосформен барлық жұмыстар суда, сорып шығаратын шкафта іске қосылған желдеткіш жағдайында әрі қорғайтын көзілдірікте орындалады		
	Фосформен жұмыс барысында жұмыс орны		

670.	су өткізу кранымен және мыстың күкірт қышқылы түзуі бар баскамен жабдықталады		
23.4. Күйдіргіш заттармен жұмыс			
671.	Қышқылдары мен сілтілері бар құтылар жарамды себеттерде немесе көз ағаштарда сақталады		
672.	Қышқылдар мен сілтілерді құтылардан шағын ыдыстарға сифонның немесе түрлі құрылымдардың қол сорғылары арқылы құйған жөн.		
673.	Қышқылдары, сілтілері және өзге күйдіргіш заттары бар сауыттарды асбесттен жасалған ағаш немесе металл жәшіктерде тасымалдау қажет		
674.	Күкірт қышқылын вакуум-эксикаторларда суды сіңіретін зат ретінде қолдануға тиым салынады		
23.5. Күшті әсер ететін улы заттармен жұмыс			
675.	Улы және зиянды заттарды сақтау, беру және пайдалану бойынша технологиялық регламентте мәліметтер болуы және осы ережелердің орындалуы. Улы және зиянды заттарды сақтау, беру және пайдалану бойынша журналда жазбаның болуы		
676.	Зертханада пайдаланылатын улы заттар кілттеліп және пломбаланып арнайы тағайындалған орында, шкафта немесе болат жәшікте сақталады. Улы заттары бар сауыттарда		

	нақты айқын "У" деген жазуы және зат атауы бар заттаңбасы болады		
677.	Улы заттардың сақталуы, есепке алу және шығындалуын зертхана бастығы қамтамасыз етеді. Жұмыс үшін улы заттарды ұйымның бірінші басшысының және зертхана бастығының қолымен талап бойынша береді. Шығындалуға жұмсалған улы заттардың санына акт жасалады		
678.	Улы заттары бар сауытты , банкарды және басқа да ыдыстарды жұмыс үстелдеріне қоюға болмайды; осы заттармен жұмыс жасау үшін арнайы орын бөлінеді		
679.	Улы заттары бар сауытты , банкарды және басқа да ыдыстарды жұмыс үстелдеріне қоюға болмайды; осы заттармен жұмыс жасау үшін арнайы орын бөлінеді		
680.	Улы заттармен жасалатын жұмыстардың барлығы сорып шығатын шкафта жүргізіледі (мұндайда жұмыс жасаушының басы шкафтың сыртында болады). Газ тәрізді (хлор , аммиак, фосген, фтор), улылығы көтеріңкі заттар болғанда, жұмыс тиісті таңбасы мен көлемімен қорапта газға қарсы газқағармен жүргізіледі. Сұйық улы заттармен жасалатын жұмыс резеңке қолғаптармен, қорғаныс көзілдіріктерімен және қажеттілігіне қарай газға қарсы газқағармен жүргізіледі		

681.	Улы заттармен жүйелі жұмыс жасау барысында барлық операциялар резеңке қолдарымен монтаждalған қолғаппен қолға арналған тесігі бар және ауа тартқыш вентиляциямен біріктірілген шыны жәшіктер (бокс) мен жабдықталған шкафтарда жүргізіледі. Бұл үй-жайларда басқа жұмыстарды жүргізуге болмайды		
682.	Улы заттармен жұмыс жасау барысында пайдаланылған қағаздар мен сүзгілер жойылады		
683.	Тәжірибеден кейін босатылған ыдыстар мен аспаптарды қызметкер зарарсыздандырып, оны жалпы жууға жібереді		
23.6. Металл калиймен және натриймен жұмыс жасау			
684.	Металл калиймен және натриймен жасалатын жұмыс асбест жабыны бар ішіне табақты болат төселген сорып шығатын шкафтың табасында, қорғаныс көзілдірігімен және резеңке қолғаптарда , от пен су көзінен алыс жерде жүргізіледі		
685.	Металл калий мен натрий тығынмен тығыз жабылған немесе берік кептелген тығынмен шыны банкада трансформатор майымен, парафинмен немесе керосинмен кептірілген қабат астында сақталады; банканы құмы бар металл жәшікке салып қояды.		
23.7. Сынаппен жұмыс			
	Сынапты қыздырумен, жуумен және сүзумен байланысты жұмыстар, сынап ағатындай, сынап беті ашық болған		

686.	жағдайда, басқа жұмыс ғимараттарынан оқшауланған жеке жабдықталған жайларда жүргізіледі		
687.	Мұндай ғимараттарда едендер, қабырғалар, есіктер және терезе жақтаулары сынап үшін өткізбейтін болып орындалады және сынап буларына адсорбция жасамайды. Қабырғалар, есіктер және терезе жақтаулары нитроэмальды бояумен, нитролакпен немесе перхлорвинильді бояулармен боялады. Бұл үй-жайлардың едендері еден арқылы құбырға өтетін орын мен шеттерінің, тігіс тығындарының өңделуі және қабырғаларда сұрыптаумен резеңке линолеуммен жабылады		
688.	Жұмыс үстелдері, сорып шығатын шкаф және басқа да зертхана жиһаздары жәшіксіз орнатылады және еден деңгейінен 20 сантиметрден кем емес биіктіктей жиһаз астында бос орын болатын аяқтары мен майлы бояумен боялған жылтыр беті болады		
689.	Үстелдер мен шкафтардың жұмыс беттері резеңке линолеуммен немесе сынапты қақпанға ағызуға арналған тесіктері бар, асқақтаған бүйірі бар саңылаусыз пластмасса материалдарымен жабылады		
	Сынап аспаптары мен аппараттар есіктен, өтетін жерден, жылыту		

690.	және қыздыру аспаптарынан алшақ жерде орналасады		
691.	Тасымалы сынап аспаптары менаппараттар эмальданған немесе майлы бояумен боялған табаларға орнатады		
692.	Сынаппен жұмыс жасауға арналған барлық үй-жайлар жалпы қиыстырылған вентиляциямен (қысқы уақытта ауа жылыту құрылғысымен) және жергілікті ауа сорғыш вентиляциямен (сорып шығатын шкафпен, шатырмен) жабдықталады.		
693.	Беті ашық сынабы бар аппаратураны ауа сорғышын жоғарыдан және төменнен сорып шығатын шкафта орналастырады. Сынапты қыздырумен байланысы жоқ жұмыс кезінде шкафтың барлық ашық жармалары барысында ауаның қозғалу жылдамдығы - 0,5 метр секундтан кем емес, ал сынапты қыздыру барысында –1 метр секундтан кем емес болуы		
694.	Сынапты ашық сауытта сақтауға болмайды. Сынапты аздаған көлемде су, парафин майы, глицерин қабатын қосып сақтау керек		
695.	Сынапты құюлы шыныдан жасалған сауыттарда, әрқайсысына 1 килограмм сынаптан асырмай салып сақтау керек. Сынабы бар сауытты резеңке қапта немесе металл банкада сақтау керек. Сынаптың 2 килограмм және одан да		

	астам артық қорын шағын темір баллондарда сақтайды		
696.	Сынаппен жұмыс жасау барысында жұқа шыныдан жасалған ыдысты (колбаны, бюксты, химиялық стакандарды және т.б.) пайдалануға болмайды		
697.	Шеберханаға немесе қоймаға тапсырылатын аппаратура сынаптан тазартылады. Сынабы бар пайдаланылмайтын аппараттарды жұмыс үй-жайларында (зертханаларда) сақтауға болмайды		
698.	Сынапты кәріз шұңғылшаларына ағызуға болмайды.		
23.8. Салқындатқыш қоспалармен және сұйық газдармен жұмыс			
699.	Химиялық зертханаларда қолданылатын сұйық ауаны, оттегіні және азотты тасымалдау, сақтау және пайдалану үшін жұқа табақты мыстан немесе шыныдан дайындалған Дьюар сауыттары қолданылады. Дьюар сауыттарында сауыттан бөлінетін газды жеңіл жіберетін және мойнына бекітілген қақпақтары бар болуы.		

Лауазымды адам (-дар) _____

лауазымы

ҚОЛЫ

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бақылау және қадағалау субъектісінің басшысы _____

лауазымы

ҚОЛЫ

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің м.а.
2022 жылғы 30 қарашадағы № 102 мен
Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрі
2022 жылғы 30 қарашадағы
№ 260 бірлескен бұйрығына
20-қосымша
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2015 жылғы 15 желтоқсандағы
№ 1206
және Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 814 бірлескен бұйрығына
20-қосымша

Жару жұмыстарын жүргізетін қауіпті өндірістік объектілерге қатысты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау аясындағы тексеру парағы

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган _____

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт _____

№, күні
Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі), бизнес- сәйкестендіру нөмірі _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1.	Жарылғыш материалдарды қауіпсіз қолдануды қамтамасыз ету жөніндегі технологиялық регламенттердің, өндірістік бақылау туралы Ереженің және аварияларды жою жоспарының болуын және сақталуын қамтамасыз ету		
2.	Техникалық құжаттама көрсеткіштеріне сәйкес сақтау және қолдану кезінде қауіпсіздікті айқындау мақсатында жарылғыш материалдарды (бұдан әрі – ЖМ) сынауды есепке алу журналын жүргізу		
3.	Кепілдік сақтау мерзімі өтпеген ЖМ қолдану және сақтау		
4.	Тұтынушылар ұйымдарында жарылғыш заттарды (бұдан әрі – ЖЗ) дайындауға арналған технологиялық регламенттің (бұдан әрі-ЖЗ) болуын және сақталуын қамтамасыз ету, ЖЗ механикаландырылған оқтауға дайындау		
5.	ЖМ үйлесімділігі ЖЗ мен олар негізінде жасалған өнімдердің үйлесімділігі топтарына сәйкестігі үйлесімдік кестесіне сәйкес белгіленуін қамтамасыз ету		
	Сараптама қорытындысымен расталатын және тиісті ЖМ қолдану жөніндегі		

6.	нұсқауда көрсетілетін ЖМ үйлесімділік тобына, сыныпқа және кіші сыныпқа жататынын әзірлеушінің анықтауын қамтамасыз ету		
7.	Үйлесімділігі әртүрлі топтағы ЖМ бөлек сақталуын, тасымалдануын қамтамасыз ету.		
8.	Үйлесімділік тобы бірдей бекітілген ЖМ қауіпсіздік шараларды пайдаланған жағдайда бірге сақталуына рұқсат берілуін қамтамасыз ету		
9.	Үйлесімділік тобы бірдей бекітілген ЖМ қауіпсіздік шараларды пайдаланған жағдайда бірге тасымалдауға рұқсат берілуін қамтамасыз ету		
10.	Өнеркәсіптік ЖЗ пайдалану кезінде пайдалану шарты бойынша сәйкес сыныптарға бөлінуін қамтамасыз ету		
11.	ЖМ бар жәшіктер (қораптар) мен контейнерлерді, ЖЗ бар қаптарды жасаушы қораптың ашылғанын сырттан анықтауға мүмкіндіктің болуы		
12.	ЖМ қаптаған кездегі жасаушының ыдысқа қолдану бойынша белгіленген ақпарат көрсетілген нұсқаулықтың болуы		
13.	ЖМ орналасқан жерден 100 метрден аз ара қашықтықта от жағуға, темекі шегуге, оқ дәрі қаруын, жандырғыш және темекі тұтандырғыш заттарын ұстауға рұқсат берілмеуін қамтамасыз ету		

14.	Оқ-дәрімен жұмыс істеу және оны сақтауға арналған үй жайларында аяқ-киім табанында және өкшесінде темірбөліктер (шеге және тағы басқа) болмауы, құралдар және басқа да темір жабдықтар ұшқын шығармайтын материалдардан дайындалуы тиіс		
15.	Қолдану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген нормалардан артық ылғалданған аммиак селитрасы негізінде Ұнтақ тәрізді ЖЗ қолдануға жол бермеу. Аммиак селитрасы негізіндегі ұнтақ тәрізді ЖЗ қолданар алдында патрондарда және қаптарда қабықшаның бүтіндігін бұзбай иленеді		
16.	Құрамында гексоген немесе сұйық нитроэфирі жоқ Ұнтақ тәрізді ЖЗ-ны газ бойынша қауіпті емес шахталарда (кеніштерде) немесе қабаттарды (кен денелерін) қазатын, шаң жарылысы бойынша қауіпті емес шахталарда, жер бетінде жұмыс істеу кезінде пайдалану. Құрамында гексоген бар немесе сұйық нитроэфирі бар, қатайған Ұнтақ тәрізді ЖЗ, тек жер бетіндегі жару жұмыстары кезінде бұлдырамай немесе ұсақтамай пайдалану		
17.	Газ бойынша қауіпті немесе шаң жарылысы бойынша қауіпті қабаттарды қазатын көмір және тақтатас шахталарында қабықшасы бұзылған патрондалған ЖЗ қолдануға жол бермеу		

18.	Жарылыс жұмыстарын жүргізу кезінде персоналдың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ЖЗ шаңымен және жарылыстың улы өнімдерімен уланудың алдын алу. ЖЗ шаңының жарылу мүмкіндігін болдырмайтын шаралар кешенін жүзеге асыру, ұйымның техникалық басшысы бекіткен іс-шаралардың болуы		
19.	Жарылыс жұмыстарын жарушы осы белгіленген жазбаша наряд-жолдама арқылы жүргізеді		
20.	Ортақ қауіпті аймақ шегінде бірнеше жарушы бір уақытта жұмыс жасағанда біреуі басшы болып тағайындалады		
21.	Жарушыларды жұмыс уақытында тиісті арнайы киіммен, сағатпен, жару жұмыстарына арналған аспаптармен және керек-жарақтармен қамтамасыз ету		
22.	Жарғыштарды жұмыс уақытында қауіпті әлеуетке дейін статикалық электр зарядтарының жиналуына жол бермейтін тиісті арнайы киіммен қамтамасыз ету		
23.	Жарушы ЖМ босаған ыдысты тексеріп, мұқият газартып, тағайындалуына тәуелсіз, оқтау блогынан (забой) жару желісі монтажына дейін қарауы керек		
	Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі аумақтық ішкі істер органының бастығымен, Денсаулық сақтау ұйымының		

24.	<p>басшысымен (нарко және психоневрологиялық диспансерлер) немесе олардың орынбасарларымен келісілген жарылыс жұмыстарымен және ЖМ - мен байланысты жұмыстарға жіберілетін адамдар тізімінің болуы. Жыл сайынғы тексеруден өтпеген немесе осындай тексерудің теріс нәтижесі бар адамдарды жарылыс жұмыстарымен және ЖМ-мен тікелей байланысты жұмыстарға жібермеу</p>		
25.	<p>Жарылыс жұмыстарына басшылыққа аяқталған жоғары немесе арнайы орта таукен-техникалық білімі бар немесе арнайы оқу орнында және арнайы курстарда оқып, жару жұмыстарға басшылық құқығын беретін белгіленген үлгімен Жарушының (жарушы-шебер) бірыңғай кітапшасын алған адамдардың жіберілуін қамтамасыз ету</p>		
26.	<p>Жер асты жұмыстарындағы жарылыс жұмыстары бойынша басшылығына жер асты жағдайындағы жұмыс өтілі бір жылдан кем емес таукен инженері, жұмыс өтілі екі жылдан кем емес таукен технигі тағайындалуымен қамтамасыз ету</p>		
27.	<p>Жарылыс жұмыстарын жарылыс жұмыстарына рұқсаты және Жарушы-шебердің бірыңғай кітапшасы бар жарушылар (жарушы-шебер) жүргізін қамтамасыз ету</p>		

28.	Жарушыларды жауынгерлік патрондар ұстаумен байланысты емес жұмысты орындау үшін нұсқама жүргізілген көмекшілермен қамтамасыз ету		
29.	Медициналық қорытындысы, орта білімі мен еңбек өтілі бар, талап етілетін жастағы тұлғалар жарушы және жарушы-шебер мамандығы бойынша оқуға жіберуді қамтамасыз ету		
30.	Жарылыс жұмыстарын жүргізетін және ЖМ-мен жұмыс жүргізетін қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібін айқындайтын талаптар бойынша жарушылардың (шебер-жарушылардың) жыл сайынғы өндірістік оқуын және білімін тексеруді қамтамасыз ету. Жарылыс жұмыстарын жүргізуге емтихан тапсырмаған жарушыларға жол бермеу.		
31.	Қуаттағыш құрылғылар мен машиналарды қауіпсіз пайдалану және механикаландырылған зарядтау әдісімен арнайы мамандандырылған оқу орталығында Жарушыларды (жарушы-шеберлер) механикаландырылған зарядтауға рұқсат берілуін қамтамасыз ету		
32.	Арнайы мамандандырылған оқу орталығында (оқыту мекемесі) жарушылардың қайта даярлаудан және жарылыс жұмыстарының жаңа түріне аударылған		

	жағдайда тағылымдамадан өтуін қамтамасыз ету		
33.	ЖМ қоймасының және ЖЗ механикалық дайындау пункттерінің меңгерушісі қызметіне жарылыс жұмыстарына басшылық етуге құқығы бар және ЖЗ дайындау және зерттеу технологиясы мамандығы бойынша жоғары оқу орнын (техникумдар) аяқтаған, ЖМ қоймасының меңгерушісін даярлау бағдарламасы бойынша оқудан өткен, емтихан тапсырған және бекітілген үлгі бойынша куәлік-рұқсат алған тұлғалардың тағайындалуын қамтамасыз ету		
34.	Геофизикалық мекемелердің зарядтау шеберханалары, қысқа мерзімді шығыс материалдары қоймаларында ЖМ сақтау, есепке алу, беруге жарушының негізгі жұмысынан босатылған, кемінде бір жыл еңбек өтілі бар, даярлаудан өтіп, емтихан тапсырған тұлғалардың жіберілуін қамтамасыз ету. ЖМ жылжымалы қоймаларына орта білімі бар, ЖМ жылжымалы қоймалары меңгерушілеріне арналған бағдарлама бойынша даярлаудан өтіп, емтихан тапсырып, куәлік алған тұлғалардың жіберілуін қамтамасыз ету		
	Қоймаларда ЖМ таратушы етіп ЖМ қоймаларының		

35.	менгерушілерін даярлау бағдарламасы бойынша оқудан өтіп, емтихан тапсырған тұлғалар тағлымдамадан кейінгі он жұмыс күн ішінде тағайындалуын қамтамасыз ету		
36.	"ЖМ қоймасының зертханашысы" бағдарламасы бойынша даярлаудан өткен, емтихан тапсырып, куәлік алған және тағлымдамадан өткен тұлғалардың тағайындалуын қамтамасыз ету		
37.	Оқудан өткен, емтихан тапсырған, куәлік алған және он жұмыс күні ішінде тағлымдамадан өткен адамдарды механикаландырылған пункттерде ЖМ дайындауға жіберуді қамтамасыз ету		
38.	ЖМ тиеу және түсіруді қарулы күзет күзететін тиеу-түсіру алаңында басшылыққа немесе жарылыс жұмыстарын жүргізуге жіберілген адамның бақылауымен орындау		
39.	Тиеуге жауапты тұлғаның басшылығымен және бақылауымен кәсіпорынның бас инженерімен бекітілген жүкті орналастыру және бекіту сызбасына сәйкес ЖМ көлік құралына тиелуін қамтамасыз ету		
40.	Қоршау, жарықтандыру, өртке қарсы жаратқандыру, телефон байланысымен қамтамасыз ету бойынша тиеу-түсіру алаңына қойылатын белгіленген талаптарды сақтау. Өнеркәсіптік қауіпсіздік		

	саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі өкілдерінің қатысуымен ұйым комиссиясының тиеу-түсіру алаңын пайдалануға қабылдауын жүзеге асыру		
41.	ЖМ басқа жүктермен бірге бір вагонда, жүк үй-жайында немесе кеме палубасында, бір әуе құралында, автомобильде , вагонда және басқа да көлік құралдарында тасымалдауға жол бермеу		
42.	Жүк тасымалын болдырмау үшін ЖМ тасымалдау кезінде біркелкі бөлуді және нығайтуды қамтамасыз ету		
43.	Зақымдалған ыдыста ЖМ тасымалдауға жол бермеу . Ыдыста қалған ЖМ массасын (санын) көрсете отырып, қоймадан сынау үшін ЖМ сынамасы алынған қойманың пломбалары бар жәшіктерді (қаптарды) тасымалдауды қамтамасыз ету.		
44.	Вагонды, кемеңі, автомобильді шұғыл жөндеу қажеттілігінен туындаған жүру жолында ЖМ мәжбүрлі түрде қайта тиеу жағдайында ЖМ қауіпсіздігі мен күзетінің қажетті шараларын қамтамасыз ету.		
45.	ЖМ көлік құралдарымен тасымалдау және ЖМ қабылдау кезінде технологиялық регламенттің болуын және сақталуын қамтамасыз ету		
	Атыс қаруымен қаруланған күзетпен		

46.	бірге ЖМ тасымалдауға арналған және жабдықталған автомобильдермен ЖМ тасымалдауды қамтамасыз ету		
47.	ЖМ тасымалдау кезінде тұрақ орнынан ауытқымауды және белгілеген қозғалыс жылдамдығынан асырмауды және белгіленген бағытты сақтауды қамтамасыз ету		
48.	ЖМ тасымалдауға оқудан өткен және жүкті алып жүруге рұқсат берілген адамдардың жіберілуін, олардың тегі, аты, әкесінің аты мен лауазымы (мамандығы) жолсапар парағында көрсетілуін қамтамасыз ету		
49.	Детонаторлар мен түтін оқтарды тіркемеде тасымалдауға рұқсат берілмеуін қамтамасыз ету		
50.	Қауіпті жүкті тасымалдауға рұқсат беру туралы белгіленген куәлігі бар жүргізушілерді ЖМ тасымалдауға арналған көлік құралын басқаруға жіберуді қамтамасыз ету. ЖМ тиелген көлік құралдарының жүргізушілеріне оларды еріп жүретін адамның рұқсатынсыз қалдыруға жол бермеу. ЖМ тиелген көлік құралында тасымалдауға байланысты емес адамдардың болуына шектеулерді қамтамасыз ету		
51.	ЖМ бар бірнеше көлік құралдарының қозғалысы кезінде ілесіп жүретін адамның олардың		

	алдыңғы, ал соңғысында - күзет адамының болуын қамтамасыз ету		
52.	ЖМ-ны бес немесе одан да көп автомобильдерден тұратын колоннамен тасымалдау кезінде талаптарды қамтамасыз ету, оның құрамына бүркемелеу автомобілінен басқа, ЖМ тасымалдауға бейімделген көлік құралы кіреді. Резервтік көлік құралы колоннаның соңында орналасады.		
53.	ЖМ тасығанда бекітілген орындарда көлік құралдарының аялдамаларының тиісті қауіпсіздік шаралары мен ескерту белгілерімен қамтамасыз ету		
54.	ЖМ көліктерін көлден және өзеннен өткізген кезде, паромда басқа жүктер мен жолаушылардың болмауын қамтамасыз ету		
55.	ЖЗ және бастамашыл құралдар қалталарда, кассеталарда, зауыт қаптамаларында жеткізуді қамтамасыз ету . Бастамашыл құралдар мен соққыштарды тек жарушытар жеткізеді (тиеп-түсіру жұмыстарын қоспағанда). Детонаторы бар соққыштар іші жұмсақ материалмен қапталған қатты қалталармен (кассеталар, жәшіктер) тасымалдауды қамтамасыз ету		
56.	ЖЗ мен бастамашы құралдарды жеткізу кезінде ЖМ жарғыш пен жеткізгішін жүктеу нормаларын қамтамасыз ету		

57.	ЖМ коймадан жұмыс орындарына жеткізу техникалық жетекшісінің рұқсаты бойынша жүргізілуін қамтамасыз ету. ЖЗ, бастамашыл құралдар және ату жару аппараттарын тасымалдаудың бекітілген шарттарды сақтай отырып жүргізілуін қамтамасыз ету		
58.	Жарғыштар пен тасымалдағыштарды оларға берілген ЖМ бірге жұмыс орындарына осы мақсатқа арнайы берілген көлік құралымен жеткізіледі		
59.	Жер асты жағдайында ЖМ тасымалдау, осы мақсатта жабдықталған, қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетін шахталық көлік құралдарының барлық түрлерімен жүргізілуін қамтамасыз ету		
60.	Адамдар көтеріліп-түсіп жатқан уақытта шахта оқпанымен ЖМ тасымалдауға шектеу қойылуын қамтамасыз ету. ЖМ тиеп-түсіргенде, қозғағанда, шахта оқпанында, оқпан маңындағы аулада және оқпан үстіндегі шахта ғимаратында жарғыш, таратушы, ЖМ тиеп-түсіруші жұмысшылар, оқпаншы және ЖМ жеткізуге жауапты қадағалаушы тұлғалардың ғана болуына рұқсат берілуін қамтамасыз ету		
	Шахта оқпанымен ЖМ көтеріп-түсіру диспетчердің (шахта кезекшісі) жауапты қадағалаушы тұлғаға		

61.	хабарлама бергеннен кейін жүргізіледі. Қаптар мен қораптардағы ЖМ вагонетка ернеуінен аспайды, вагонеткалар көтермеге бекітіледі. Бастамашыл құралдар ЖЗ бөлек түсіріледі (көтеріледі)		
62.	ЖМ бар жарғыштар мен ЖЗ Бар тасығыштар қиғаш қазбаларда көтеріліп – түскенде, вагоншалар ішіндегі әр орындықта бір жарғыш немесе бір ғана тасығыш орналасуын қамтамасыз ету		
63.	Жер асты қазбаларында көлік құралдарымен ЖМ тасымалдаудың (жеткізудің) белгіленген талаптарын сақтау		
64.	Қол қақпалармен және шығырлармен жабдықталған шурфтарды үнгілеу кезінде ЖМ түсіру-көтерудің белгіленген талаптарын сақтау		
65.	Көтерілмелі қазбалар (пештер)бойынша шығырларды қолдана отырып ЖМ Түсіру-көтеру кезінде технологиялық регламенттің болуын және сақталуын қамтамасыз ету		
66.	ЖМ осы мақсатқа арналған үй-жайларда және жоба бойынша жабдықталған орындарда сақталуын қамтамасыз ету. Иеленуші ұйымның, өнеркәсіптік қауіпсіздік және ішкі істер саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің өкілдерінен тұратын комиссия ЖМ		

	сақтау орындарын пайдалануға қабылдауды жүзеге асырады. Қабылдау актісінің болуы		
67.	ЖМ сақтау орнында бір данасы бар ЖМ тұрақты, уақытша, стационарлық қоймаларына және тарату камераларына белгіленген нысанға сәйкес паспорттың болуы		
68.	ЖМ және ЖЗ бар оралмаған жәшіктерді, қаптарды, қораптар мен контейнерлерді қақпақтары жабық немесе байланған сақтау орындарында сақтауды қамтамасыз ету.		
69.	ЖМ қоймаларындағы ЖМ сақтағыштар құлыптануын, пломбылануын немесе мөр салынуын қамтамасыз ету		
70.	ЖМ пайдаланумен байланысты жұмыстар алты айдан астам мерзімге тоқтатылған кезде қалған ЖМ ЖМ тұрақты сақтау орнына әкетуді қамтамасыз ету		
71.	ЖЗ және ЖМ сақтау және беру орындарын сусымалы ЖЗ және ЖМ өлшеуге, баулардың ұзындығын өлшеуге арналған салмақ өлшеу жабдығымен және рулеткалармен жарактандыру		
72.	ЖМ сақтау орындарына жеткізілгендерді қоймаларға, алаңдарға дереу орналастыруды қамтамасыз ету. М - ге көліктік құжаттардың, наряд - жүкқұжаттың н е м е с е наряд-жолдаманың негізінде кіріске алынады		

73.	ЖЗ өнімдерін дайындаушылардың жеке зауыттық нөмірлері жарғыштарға таратқан кезде бекітілген тіркеу таңбасына сәйкес Ж а р ы л ғ ы ш материалдарды беру мен қайтаруды есепке алу журналында тіркелуін қамтамасыз ету		
74.	Есепке алу нысанының жүргізілуін бекітілген нысандарға сәйкес қамтамасыз ету: 1) Қағаз және электрондық нысандағы ЖМ кірісі мен шығысын есепке алу журналы; 2) Қағаз және электрондық нысандағы ЖМ беру мен қайтаруды есепке алу журналы; 3) Наряд-жүк құжат; 4) Наряд-жолдама		
75.	Ілеспе парақтар бойынша көлік құралдарына, оның ішінде көлік-зарядтау машиналарына ауысымдық қажеттіліктен аспайтын мөлшерде ЖЗ босатуды қамтамасыз ету		
76.	Тиеу люктерінің қақпақтарын пломбалауды және көлік-зарядтау машиналарының мөлшерлегіштерінің ағуын қамтамасыз ету		
77.	Қарындашпен жазуға, жазбаларды өшіруге және тазалауға, жапсырылған қағаздарды жоюға және оларды кіріс-шығыс құжаттарында қайта желімдеуге жол бермеу, жазбаларды түзету кезінде әрбір түзетуді енгізген адамның түсініктемелері мен қолдарының болуы. Кіріс-шығыс		

	құжаттарының қағаз нысанда сақталуын қамтамасыз ету – үш жыл , электрондық нысанда-5 жыл		
78.	ЖМ қоймасына наряд-жолдамаға және наряд – жүк құжатына, ЖМ жіберілуіне қол қоюға рұқсаты бар тұлғалардың қол қою үлгілері мекеменің техникалық жетекшісіне ұсынылуын қамтамасыз ету		
79.	Ұйым басшысы тағайындаған тұлғалардың қоймаларда ЖМ есепке алу, сақтау және бар болуына ай сайынғы тексерулердің орындалуын қамтамасыз ету		
80.	ЖМ жетіспеушілігі немесе артық шығуы анықталған жағдайда өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесін және аумақтық ішкі істер органын жазбаша хабардар ету (тәулік ішінде)		
81.	Жұмыс орнына жеткізілген ЖМ, қалтада, кассеталарда немесе зауыттық қаптамада болаун қамтамасыз ету. Барлық жағдайда ЖЗ және бастамашыл құралдар бөлек сақталады		
82.	Жұмыс орындарында ЖМ, оқталған Теспелерді , Ұңғымаларды қорғау тәртібіне технологиялық регламенттің болуын және сақталуын қамтамасыз ету. ЖМ жұмыс орындарында		

	оқталған Теспелерді, Ұңғымаларды күзетсіз қалдыруға болмайды.		
83.	ЖМ жер астындағы қазбалардағы учаскелік пункттерде, құлыпталған қораптарда немесе контейнерлерде (сейфтерде) орналастырылған жағдайда, тұрақты бақылаусыз (күзетсіз) сақталу орындарында жайғастыруды қамтамасыз ету		
84.	ЖМ жұмыс орындарындағы қауіпті аймақтан тыс және ауысымдық қажеттілікте қауіпті аймақ аумағындағы жерлерде оқтар алдында, жаппай жарылыс жүргізілетін қауіпті аймақтағы оқтауға дайындалған, күзетші бақылауындағы бастамашыл құралсыз және соққышсыз ЖЗ қоспағанда, екі тәуліктік тұтыну мөлшерінде сақтауды қамтамасыз ету		
85.	ЖЗ оқталатын көлікте (жылжымалы оқтау шеберханасы және перфораторлық зерттеу бекетінен бөлек) тәуліктен артық сақталуға рұқсат берілмеуді қамтамасыз ету		
86.	Шахта оқпандарында, штольнялардың (тоннельдердің) сағаларында оларды ұңғылау кезінде ауысымдық қажеттілік мөлшерінде немесе шахта оқпанынан немесе сағадан, штольнядан (тоннельден), жер бетіндегі ғимараттар мен құрылыстардан кемінде 50 метр қашықтықта		

	қалқалар астында ЖМ сақтауды қамтамасыз ету		
87.	Жарылыс жұмыстары өндірісі кезінде адамдарға арналған қауіпсіз қашықтық жобамен немесе паспортпен орналастырылуын қамтамасыз ету		
88.	Жарылыс жұмыстары кезінде ғимараттар мен құрылыстардың бүлінбеуіне, қалыпты жағдайда жұмыс жасауына, сейсмикалық кері әсерін болдырмауға ЖЗ қажетті мөлшері қабылдануын қамтамасыз ету		
89.	ЖМ жарылысы кезінде объектілердің бірінде детонация беру мүмкіндігін болдырмайтын ЖМ бар объектілер арасындағы қашықтықты, жер бетінде ЖМ бар бірнеше объектілерді (сақтау орындарын, ашық алаңдарды, ЖЗ дайындау, дайындау пункттерін) орналастыру кезінде сақтау		
90.	Адамдарды, ғимараттарды, құрылыстарды олардың арасындағы және ықтимал жарылыс (ЖМ сақтау) орындары арасындағы ауа толқынының зақымдаушы және қиратушы әсерінен қорғау үшін қашықтықты анықтау. Қауіпсіздікті қамтамасыз ететін арақашықтық, қауіпті аймақтар жарылыс орындарына, ЖМ қоймаларына, ЖЗ сақтауға арналған алаңдарға, бастамашы		

	құралдар мен ату жару аппараттарына, ЖМ бар көлік құралдарының тұру, тиеу және түсіру орындарына қатысты анықталады		
91.	Ашық жерлердегі жарылыс жұмыстары кезіндегі адамдар үшін қауіпсіз қашықтықты қамтамасыз ету		
92.	ЖЗ патронды аммиак селитралы негізде кептіруге зауыттық қабықшасында рұқсат беріледі. Ауа температурасы ЖЗ кептіру үшін бөлмелердің ішінде 50 оС жоғары болмайды. Түтінді күкіртті кептірген кезде температурасы 40 оС жоғары болмайды		
93.	Жылу тасығыштардың (ауаның) температурасы 60оС - тан аспайтын өнеркәсіптік ЖЗ кептіру үшін, ТНТ-мен сенсбилизацияланған ЖЗ үшін және нитроэфирмен сенсбилизацияланған ЖЗ үшін-температурасы 30оС-тан аспайтын ауа кептіргіштерін қолдану.		
94.	Гексоген және нитроэфирлерді ЖЗ ұсақтауды шектеуді қамтамасыз ету		
95.	Жылытылатын үй-жайлардағы үстіңгі қоймаларда ауа температурасы 30оС жоғары емес немесе ЖМ жерасты қоймаларында зауыттық орамада ЖЗ ерітуді қамтамасыз ету ЖМ жоюға арналған технологиялық регламенттің болуын және сақталуын қамтамасыз ету. ЖМ жою туралы актіні жасай		

	отырып, ұйымның техникалық басшысының жазбаша өкімі бойынша жоюды жүргізу. ЖМ әрбір жою туралы өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесін хабардар ету.		
96.	ЖМ жоюға арналған технологиялық регламенттің болуын және сақталуын қамтамасыз ету. ЖМ жою туралы актіні жасай отырып, ұйымның техникалық басшысының жазбаша өкімі бойынша жоюды жүргізу. ЖМ әрбір жою туралы өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесін хабардар ету.		
97.	ЖМ жоятын орын жобаға сәйкес жабдықтауды қамтамасыз ету		
98.	Беру алдында барлық электр детонаторларды тексеруге арналған технологиялық регламенттің болуын және сақталуын қамтамасыз ету		
99.	Төмен, жоғары немесе адасқан қарсыласу табылған кезде электрдетонаторлардың барлық партиясы жарамсыз деп танылып дайындаушыға қайтарылуын қамтамасыз ету		
100.	Электрлік жарылғыш жүйелерінде бүлінбеген айырма және сенімді жалғамаларды қамтамасыз ету		
	Қысқыштарды электр детонаторлармен бірге дайындаушы жеткізуін қамтамасыз ету, газ		

101.	немесе шаң қауіпті шахталардағы электр детонаторлар және электрлік жарылыс жүйесінің жалғамалары тек контактілі қысқыштар арқылы жалғануын қамтамасыз ету		
102.	Екі сымды электр жару желісінің болуын қамтамасыз етуге, бұл ретте суды, жерді, құбырларды, рельстерді, арқандарды өткізгіштердің бірі ретінде пайдалануға жол берілмейді. Оқтау басталғанға дейін жарушы желінің жарамдылығына көз жеткізеді		
103.	Жарылу желісінің сымдарын басқа мақсаттарға пайдалану, қосуды шектеуді қамтамасыз ету		
104.	Электр жарылғышта ертеде дайындалған электр детонатор шынжырларын пайдалауды шектеуді қамтамасыз ету		
105.	Газ бен шаң қауіпті шахталарда (кеніштерде) мыс сымы бар электрлік детонаторлар ғана пайдалануды қамтамасыз ету. Осы талаптар электрлік жарылу жүйесіндегі жалғамалар мен магистралды өткізгіштерге де (кабелдерге) таралады		
106.	Жарылыс жүйесін орнатып, қараған соң оның өткізгіштігі тексерілуін қамтамасыз ету Тұрақты жарылыс магистралы жарылыс орнынан 100 метрден артық емес қашықтықта қалып қояды		

107.	Жарылыс жасаушы қуат көзі қауіпсіз жерден берілуін қамтамасыз ету, бұл жағдайда жарғыш құрылғы магистралды электрлік жарылу жүйесінің өткізгіштерінің қосуға арналған клеммамен жабдықталған Бірігіп жару жұмыстарында қуат көзінің берілуі жетекшінің белгісімен жүргізіледі		
108.	Қазбада жарылыс магистралін электр кабельдерін орналастыруға қарама-қарсы жағынан немесе электр желілерінен 0,3 метрден жақын емес қашықтықта төсеуді қамтамасыз ету		
109.	Жару құрылғылары оларға бөгде адам кірмейтін орындарда сақталады		
110.	Электрлік жарылысты негізгі немесе жарық көздері арқылы жаруға, арнайы қондырғы болмаған жағдайда шектелуін қамтамасыз ету		
111.	Электр детонаторларды қолданып жарылыс жүргізгенде, жарғыштың қорғаныш артынан электрлік жару жүйесін ток көзінен ажыратып және өзара тұйықтап, 5 минут уақыт өткеннен соң шығуына болуын қамтамасыз ету		
112.	Жарылғыш құрылғыларды жарушыларға беру алдында пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес токтың дамып келе жатқан импульсіне, газ немесе шаң бойынша қауіпті шахталарда - ток		

	импульсінің ұзақтығына тексеруді қамтамасыз ету		
113.	Көмір, тақтатас шахталарындағы, газ немесе шаң бойынша қауіпті геологиялық барлау объектілеріндегі стационарлық жарылыс пункттерінің жарылыс құрылғыларын оларды орнату орындарында күнтізбелік он бес күнде бір реттен сиретпей тексеруді қамтамасыз ету		
114.	Жер бетінде және оны электрлік немесе басқа, оның ішінде электрлік емес қоздыру жүйелерімен алмастыру мүмкін болмаған жағдайларда ғана зарядтарды қоздырудың электр отты және отты тәсілін қолдануды қамтамасыз ету		
115.	Электр зарядын ауыстыру мүмкін болмаған жағдайда зарядтарды бастамалаудың от әдісін қолдануды қамтамасыз ету		
116.	Жер бетінде бес және одан да көп түтіккі тұтату кезінде бақылау түтігін қолдануды қамтамасыз ету		
271.	Кен шығаратын саңылауларда тығындалған кенді таратуға арналған зарядты алдын ала гидропастамен немесе сумен толтырылған полиэтилен қапқа салады және оған ЖЗ оқтамын орналастырғаннан кейін қап байланады. ЖЗ оқтамы салмағының инертті толтырғыштың салмағына қатынасы 1 артпайды. ЖЗ конструкциясы және оны орналастыру әдісі жарылыс жұмыстарына жасалған техникалық құжаттамада көрсетіледі		
272.	Тығындалған кенді тарату техникалық қадағалау қызметкерінің		

	қатысуымен ғана жүргізіледі		
273.	Шойтастарды ұсату кезінде бастырма оқтам немесе шпурлық оқтам қолданылады		
274.	Шойтастарды бастырма оқтам мен ұсату кезінде ЖЗ шашыранды түрде немесе патрондарда кен кесегінің бір жазықтығына салынады және сыртқы жағынан біркелкі гидропастамен немесе ылғалдандырылған саз балшық қабығымен жабылады. Қабық салмағының оқтам салмағына қатынасы 2:1 қатынасынан кем болмайды		
275.	ЖЗ шпурлық зарядтарын жару зарядтың айналасында судан немесе гидропастадан қабық болған жағдайда жүргізіледі. Су, жарықтары жоқ, төмен түсетін шпурларда ғана пайдаланыла алады. Инерттік қабықтың қалыңдығы 4-5 миллиметрден кем болмайды, осыған байланысты шпурдың диаметрі патронның диаметрінен 8-10 миллиметрге кем мәнге артпайды. Шпурларды инерттік материалмен толтыру оларды оқтау алдында жүргізіледі. Пастаны шпурларға беру қолмен айдамалау жабдығымен жүргізіледі		
	Кенді екінші рет ЖЗ зарядтарымен уату және кеннің тұрып қалуын жарылыс арқылы жою кезінде шойтастарды жаруды сумен толтырылған шпурларға		

276.	салынған дүмпіткіш пілте кесінділерінің байламымен жүргізуге рұқсаттама беріледі. Байламдағы ДП жіптерінің саны 8 артпайды		
277.	Кенді екінші рет ЖЗ зарядтарымен уату және кеннің тұрып қалуын жарылыс арқылы жою кезінде гидроминалық әдісті пайдаланған жағдайда сыйымдылығы 20 - 40 литр, суы бар полиэтилен қаптар қазбаның жабынды төбесіне ілінеді немесе ЖЗ оқтамынан 1,0 - 2,0 метр қашықтықтағы жерге орналастырады		
278.	Кенді екінші рет ЖЗ зарядтарымен уату және кеннің тұрып қалуын жарылыс арқылы жою кезінде суды бүркіп, шашу ыдыстың ішінде орналастырылған, салмағы 0,1-0,2 килограмм шашыратқыш оқтамды жару арқылы жүргізіледі		
279.	Кенді екінші рет ЖЗ зарядтарымен уату және кеннің тұрып қалуын жарылыс арқылы жою кезінде негізгі жару оқтамынан 1,5 метр кем ара қашықтықта 50 миллисекунд баяулату арқылы, ал үлкен ара қашықтықта негізгі оқтаммен бірге детонациялық сым көмегімен жүргізіледі		
280.	Кенді екінші рет ЖЗ зарядтарымен уату және кеннің тұрып қалуын жарылыс арқылы жою кезінде полиэтилен ыдыстардың саны ЖЗ-тың 1 килограмм салмағына 5 литр су		

	шығыны қажет есебінен таңдалады		
281.	Кенді екінші рет ЖЗ зарядтарымен уату және кеннің тұрып қалуын жарылыс арқылы жою кезінде екінші ұсату деңгей жиектерінде ауысым аралық жарылыстарды тек қана кеніш бас инженерінің рұқсатымен, кеніш бойынша бұйрық рәсімдеу арқылы жүргізіледі. Ауысым аралық жарылыстарға рұқсат берілген блоктар тізімі ай сайын бекітіледі		
282.	Кенді екінші рет ЖЗ зарядтарымен уату және кеннің тұрып қалуын жарылыс арқылы жою кезінде тығындалған кенді тарту үшін шығару саңылауында (кенді түсіру) орнатылатын ЖЗ оқтамның салмағы 2 килограммнан артпайды. Жинақталатын қазбада ұсатқан жағдайда оқтамның салмағы 0,6 килограммнан артпайды		
283.	Кенді екінші рет ЖЗ зарядтарымен уату және кеннің тұрып қалуын жарылыс арқылы жою кезінде егер жарылыс жылдам жүргізілетін болса және оқтамдардың қосынды салмағы 2 килограммнан артпайтын шартта екі немесе одан да көп оқтамдарды бір уақытта жаруға болады		
284.	Кенді екінші рет ЖЗ зарядтарымен уату және кеннің тұрып қалуын жарылыс арқылы жою кезінде ауысым аралық жарылыстар жүргізілетін блоктар жекешеленген ауа ағымымен желдетіледі		

285.	<p>Кенді екінші рет ЖЗ зарядтарымен уату және кеннің тұрып қалуын жарылыс арқылы жою кезінде Зарядты бекіткен жерден басқа жұмыстық кенжарларға баратын таза ауа ағымына дейінгі ара қашықтық 20 метрден кем болмайды. Ара қашықтық аз болған жағдайда жарылысты тек қана салмағы 0,6 килограммнан артық емес зарядпен немесе дүптікші пілтенің қиындысымен жүргізуге рұқсаттама беріледі</p>		
286.	<p>Маңызды мағыналы нысандар маңайындағы (ядролық реакторлар, электр станциялар, темір және көлік жолдар, су жолдары, электр беру жүйелілер аралық станция, зауыттар, темір жол станциялар, кемежайлар, кеңістіктер, гидротехникалық құралдар, жер асты құралы, телефон желілері) жарылыс жұмыстарын жүргізу осы нысандарға байланысы бар мекемелердің келісімімен жүргізіледі</p>		
287.	<p>Жарылыс станциясын қауіпті аумақтардан тыс жерлерге орналастырылады. Бұл шарттар орындау мүмкін болмайтын кезде қорғаныштар жасалады (блиндаждар және тағы басқа). Қорғаныштар орналастыратын жерлер паспортпен немесе жобамен белгіленеді. Жасанды немесе шынайы қорғаныштар жарылыс жүргізетін орындаушыларды жарылыс әрекетінен улы газдар әсерінен мұқият</p>		

	қорғайды. Қорғанышқа барар жолды бөгеуге рұқсат берілмейді		
288.	Жарылыс жұмыстарының жетекшісі, жарғыш, қауіпті жердің қоршап алу бекеті екі жақты радио немесе радиотелефонды желілерімен қамтамасыз етіледі		
289.	Жарылыс жұмыстары орнына жеткізілген ЖМ, оқталған ату және жару аппараттары арнайы бөлінген орында сақталады		
290.	ЖМ, ату және жару аппараттарын жылжымалы зарядтау шеберханасында (перфоратор станциясының зертханасында) сақтау кезінде ол ұңғыманың сағасынан кемінде 20 метр қашықтықта орналасады		
291.	Дайындаушы-зауыттарда жасалған ЖЗ зарядтарын, бастамашы құралдарды, ату және жару аппараттарын бөлшектеу		
292.	Жарақты қолдану және ату және жару аппараттарын қолдану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес оқтау		
293.	Жарылғыш патрондарды, электр детонаторларды, электр тұтанғыштарды, оқталған ату және жару аппараттарын олардың сымдарының металл заттармен және құрылыстармен жанасуын болдырмайтындай етіп орналастыру және тасымалдау		
	Ату аппараттарына арналған электр		

294.	тұтанғыш көпірлерінің электр кедергісі және тізбектің бүтіндігін тексеру: аппаратқа орнатқанға дейін; аппаратқа орнатқаннан кейін; ұңғымада жару алдында		
295.	Бастамашы құралдарды ату немесе жару аппаратына тек тікелей аппаратты түсіру алдында ұңғыма сағасының жанында орнату		
296.	Ату (жару) аппаратының кездейсоқ іске қосылуын болдырмайтын бұғаттау құрылғысын қолданған кезде перфораторлық станцияның (жылжымалы зарядтау шеберханасының) зертханасында ату (жару) аппаратына бастамалау құралдарын орнату		
297.	Электрлік жару әдісін пайдаланған кезде кезбе токтардан қорғау бойынша шаралар қолданылады		
298.	Толық монтаждалған электрмен жару желісінің жарамдылығын тексеру аппаратты кемінде 50 метр тереңдікке түсіргеннен кейін аспаптың кедергісін өлшеумен орындалады		
299.	Ұңғымада ату және жару аппараттарын түсіру және көтеру электр жарылыс магистралі (каротаж кәбілі) өткізгіштерінің оқшауланған ұштарында жүргізіледі.		
300.	Салмағы 50 кг-нан асатын немесе ұзындығы 2 метрден асатын ату және жару аппараттары ұңғыма аузынан жоғары		

	көтеріліп, жүк көтергіш механизмдердің көмегімен түсіріледі		
301.	Егер ату немесе жару аппараты ұңғымаға берілген тереңдікке дейін өтпесе, ол алынады. Аппаратты алу кезінде ұңғыманың жанында тек жарылыс жұмыстарының персоналы және көтергіш механизмде жұмыс істейтін адамдар болады		
302.	Шығындалмаған ату және жару аппараттары зарядтау шеберханасына жеткізіледі		
303.	Теңіз ұңғымаларындағы ату-жару жұмыстары оларды өндіру үшін қажетті уақытқа қолайлы ауа райы болжамы кезінде жүргізіледі		
304.	Ату (жару) жұмыстарын жүргізу кезінде дауылды ескерту алған кезде ұңғымаға түсірілген ату немесе жару аппараттары берілген аралықта кідіріссіз атылады		
305.	Тұрақсыз жыныстарда бұрғыланған ұңғымаларды (құмдар, жүзгіштер) оқтауды қуыс шнектер арқылы жүргізуге жол беріледі		
306.	Ұңғымаларды дөңгелекті техника үшін өтуге қиын орындарда оқтау кезінде ЖМ жұмыс орындарына жеткізу жабдықталған және арнайы шанаға орнатылған арнайы жәшіктерде жүргізіледі		
307.	Халқы аз жерлерде ұңғымаларды жарылыс жұмыстарының жобасына сәйкес сейсмостанцияның үздіксіз жұмысын		

	қамтамасыз ететін мөлшерде алдын ала оқтауға жол беріледі		
308.	Күрделі геологиялық жағдайларда: жүзгіштер, сусымалы құмдар жарылыс жұмыстарының жобасына сәйкес бұрғылау станогын қауіпті аймақтан тыс жерге шығармай бұрғылаудан кейін Ұңғымаларды оқтауға жол беріледі		
309.	Сағада шығарындыға қарсы жабдық болмаған кезде (техникалық жай-күйін тексеру және нығыздау актісімен) ұңғымаларда ату-жару жұмыстарын жүргізуге жол берілмейді		
310.	50 метрден кем емес радиустағы қауіпті аймақ геофизикалық партияның ату және жару жұмыстарының барлық уақытына (оларға ЖМ әкелген сәттен бастап және аяқталғанға дейін) ұңғымалардың айналасына орнатылады. Аппаратты ұңғымаға 50 метрден астам тереңдікке түсіргеннен кейін қауіпті аймақтың радиусын 20 метрге дейін қысқартуға жол беріледі. Қауіпті аймақты белгілеу үшін қызыл жалаулар қойылады.		
	Ұңғымаға жеткізілген ЖМ арнайы бөлінген орында оның аузынан кемінде 50 метр қашықтықта немесе жылжымалы зарядтау шеберханасында (зертханасында) мынадай қашықтықта сақталады: - мұнараның биіктігі плюс 10 метр.		

311.	<p>ЖМ және ату-жару аппараттарымен жұмыс орындарының айналасына жарылыс жұмыстарының қауіпті аймақтарының шекараларын белгілеу белгілері қойылады: ату-жару аппараттарын жабдықтау орындары – радиусы 20 метрден кем емес; ұңғыма сағалары – радиусы 50 метрден кем емес</p>		
312.	<p>Ұңғымаларда жару және ату жұмыстарын жүргізуге жол берілмейді : ұңғымада ату-жару аппараттарын түсіру үшін кедергілер болған кезде, ұңғымада опырылу және ату және жару аппараттарының опырылуы мен қармалуы тұрғысынан қауіпті учаскелер болған кезде, ұңғыманың сағасында жобалық тапсырмада көзделетін ысырмалар болмаған кезде, кенжардағы температура рұқсат етілген температура шегінен асып кеткен кезде, боран, найзағай, боран және қатты тұман кезінде (50 метрден кем көріну кезінде), жұмыс орны мен қауіпті аймақты жасанды жарықтандыру жеткіліксіз болған кезде қараңғы түскенде, осы жергілікті жер үшін ашық жұмыстар үшін белгіленген минимумнан төмен ауа температурасы кезінде лубрикаторларды қолданбай құрғақ газдалған және ерітіндіні сіңіретін ұңғымаларда</p>		
	<p>Ату-жару жұмыстары Тапсырыс берушінің геологиялық қызметінің әрбір ұңғымаға</p>		

313.	өтінімдері бойынша үлгілік техникалық жобаға сәйкес жүргізіледі .		
314.	Мердігер мен Тапсырыс беруші персоналының тікелей өзара іс-қимылын талап ететін ұңғымаларды сынау мен игерудің күрделі технологиялары құрамында ату-жару жұмыстарын орындау кезінде жұмыстар олардың басшылары бекітетін жұмыстарды ұйымдастыру жоспарлары бойынша орындалады.		
315.	Ату-жару жұмыстарын орындау жөніндегі бөлімше басшысының жарылыс жұмыстарын басқару құқығына рұқсат-куәлігі болады.		
316.	ЖМ - мен тікелей жұмысты тек жарушылар ғана орындайды.		
317.	Ұңғымаларда ату жару аппараттарын қолдану шарттары (ең жоғары температура және гидростатикалық қысым, ең аз өту диаметрі және басқалары) нақты ату жару аппаратына арналған пайдалану құжаттамасына сәйкес келеді.		
318.	Тапсырыс беруші мен мердігердің өкілдері қол қойған "ату-жару жұмыстарын жүргізуге арналған ұңғыманың дайындық актісімен" расталған оның аумағын, оқпан мен жабдықты ату-жару жұмыстарына дайындау жөніндегі жұмыстар аяқталғаннан кейін ұңғымада ату-жару жұмыстарын орындау.		

319.	Ату-жару жұмыстарын орындау кезінде ұңғыманың аузы ату-жару аппараттарын түсіру, іске қосу және көтеру кезінде герметизацияны қамтамасыз ететін бекіту арматурасымен және лубрикторлық құрылғылармен жабдыкталады.		
320.	Э л е к т р қондырғыларының болуына қарамастан, ұңғыманың барлық металл конструкциялары бір-бірімен металл байланысы бар және бірыңғай жерге тұйықтағышқа (ұңғыманың жерге тұйықтау контуры) Жерге тұйықталған.		
321.	Тәуліктің қараңғы уақытында ату-жару жұмыстарын жүргізу кезінде мынадай қосымша шарттар орындалады: жарық беру желісінің қоректендіру көздері қауіпті аймақтан тыс орнатылады; тәуліктің қараңғы уақыты басталғанда ату-жару жұмыстарын жүргізу үшін ұңғыманың дайындығы туралы акті жасалады, оған тапсырыс берушінің жауапты өкілі, жарылыс жұмыстарының жауапты басшысы қол қояды. Акт жарылыс жұмыстарының жауапты басшысына беріледі.		
322.	Ұңғымалардағы жару немесе ату жұмыстары кезінде найзағай жақындаған жағдайда тиісті қауіпсіздік шараларын қолдану		
	Ату жару аппаратын кабельге жалғау алдында		

323.	соңғысы тоқтың жоқтығына тексеріледі		
324.	Мұнай, газ және су ұңғымаларында ату және жару жұмыстарын жүргізу кезінде жару жұмыстарының басшысы тиісті сигналдар береді		
325.	Істен шыққан жарғыштар мен жарупатрондарды бөлшектеуге жол берілмейді - олар жойылуға жатады		
326.	Батпақтағы жарылыс жұмыстарының паспортына жанғыш газдың жарылысын алдын алу іс-шараларының енгізілуі		
327.	Батпақтарда отпен жаруға тек жеке заряд кезінде ғана жол беріледі		
328.	Батпақтарда электр детонаторларды немесе капсуль-детонаторларды қолдана отырып жару кезінде содырға соғылғышты басқан кезде детонаторға қысым бермейтін арнайы қабықтағы содырлар пайдаланылады		
329.	Батпақтарда детонациялық сыммен жару кезінде ұңғыманы (теспені) оқтауға бұрғылаудан кейін тікелей жол беріледі.		
330.	Батпақтарда жарылыс жұмыстарын жүргізу кезінде суландырылған жағдайларда электр жару желісін монтаждауды орындау тек антенна сымдарын қолдана отырып орындалады		
	Электр жарылыс жүйесінің дұрыстығын тексерілуі, магистралдық өткізгіштерге зарядтарды өзара құралдармен тоқ көзіне қосылуы, су		

331.	астындағы орналасқан қуаттарды жаруын, жүзу құралы жарылыс жерден алып кеткенде жобамен белгіленген қашықтықта орындалуы		
332.	Тұманда және қараңғы уақытта және су толқыны 3 баллдан астам немесе жел жылдамдылығы секундына 12 метрден астам болғанда жарылыс жұмыстары		
333.	80 градус Цельсиядан астам температуралы теспелерді оқталуы және соққыштың орамының мықтылығын тексеру		
334.	80 градус Цельсиядан астам температурада барлық зарядты жалпы термоизоляциялық қаптамаға салынады. Жарылыс жандыру түтік арқылы ұзындығы 60 сантиметрге кем от өткізгіш сыммен капсуль-детонатор ауыздығымен бірге бірыңғай бөлектенетін қаптама орналасып жүргізіледі. Домалақтау және орау от өткізгіш сымды бөлектеген қаптама патрон-соққы және жалпы қаптамада рұқсат берілмейді. Ұңғымада зарядты зарядтау және жару 200 градус Цельсия жоғары температурада жүргізуге рұқсат берілмейді		
335.	Ыстық сілемдерде 80 градус Цельсия жоғары температурада сыртқы зарядтарды пайдалануға рұқсат берілмейді		
336.	80 градус Цельсиядан төмен теспедегі температурада оқтауға және жаруға бес зарядтардан артық емес қатар жаруға, ал 80		

	градус Цельсия жоғары температурада біреуден артық жаруға рұқсат беріледі		
337.	Барлық жағдайда оқтау және тығын екі жарғышпен, қадағалау тұлғасы, жарылыс жұмыстарының жетекшісінің қатысуымен жүргізіледі. Егер 4 минут ішінде жарғыштар барлық теспелерді оқтап бітірмесе, бақылаушы адам жарылыс жұмыстарының басшысы дереу оқтауды тоқтауға және адамдарды қауіпсіз жерге алып кетуге бұйрық береді		
338.	Жарылыс жұмыстарының паспортында, басқа да сұрақтардың шешілуімен бірге құлату объектінің құлау бағыттары көрсетіледі және толық құлатылмаған жағдайдағы іс шаралар қарастырылады		
339.	Құлату нысандарындағы сілемдегі ашылған кеңістіктері бар теспелерді (ұңғыма) оқтауға рұқсат берілмейді		
340.	Бірінші белгіні зарядқа электр детонаторлы соққышты салар алдында , ал детонациялық байлам арқылы жару кезінде жарылыс жүйесін құрар алдында беруге рұқсат беріледі. "Токтатылу" белгісі тек жарылыс жүргізуіне жауапты бақылаушы адам жарғышпен бірге жарылыс орнын қарағаннан кейін береді		
	Қауіпті аймақта қазандықтардың, құбырлардың және		

341.	қысыммен жұмыс істейтін басқа да объектілердің болуы, ол осы объектілерді пайдаланатын ұйыммен ең төменгі мүмкін болатын шектерге дейін төмендетіледі		
342.	Қатып қалған отынды, баланстарды жару кезінде оларды қопсыту үшін тек сақтандырғыш ЖЗ қолдануға рұқсат етіледі, бұл ретте мынадай шарттар орындалады: 1) Электр детонаторларды бастамалау құралы ретінде пайдалану; 2) жарғыштардың ағашпен қозғалу қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі (қатарлар немесе үйінділер арасындағы ойықтарды жабу және басқалар); 3) оқтау басталғанға дейін қажетті өртке қарсы іс-шаралар жүргізіледі		
343.	Қатқан кенді және кен концентраттарын, тақтатастарды, көмірді, металл жоңқаларын қопсыту кезінде құрамында сұйық нитроэфирі бар ЖЗ қолдануға жол берілмейді. Металл жоңқаларды қопсыту кезінде электрлік жаруға жол берілмейді. Аммиак селитрасы негізіндегі минералды тыңайтқыштарды жарылыспен қопсытуға жол берілмейді		
	Ашық немесе жабық (тереңдетілген) магистральдық құбырдың күзет аймағындағы		

344.	<p>жарылыс жұмыстары құбырды пайдаланатын ұйымның жазбаша келісімі болған кезде ғана жүргізіледі. Оларды жүргізуге келісім алу үшін жарылыс жұмыстарын жүргізуші құбырды пайдаланатын ұйымға жарылыс жұмыстарының паспортын келісуге ұсынады.</p> <p>Паспорттың техникалық шешімдерінде құбыржолдардың, құрылыстардың (айдау станцияларының) сақталуы, құбыржолды пайдаланатын ұйым белгілеген басқа да шарттардың сақталуы қамтамасыз етіледі</p>		
345.	ЖМ барлық қоймалары мен сақтау орындары жобаға сәйкес салынады		
346.	<p>ЖМ қоймаларын жер үсті , жартылай тереңдетілген , тереңдетілген және жер асты деп бөлуді қамтамасыз ету.</p> <p>Жер үсті қоймаларына сақтау орындарының негізі жер беті деңгейінде орналасқан қоймалар, жартылай тереңдетілген қоймаларға - сақтау орындарының ғимараттары жер бетінен төмен топырақта карнизден аспайтындай тереңдетілген, тереңдетілген қоймаларға - сақтау орнының үстіндегі топырақ қалыңдығы 15 метрден кем және жер асты қоймаларына - тиісінше 15 метрден асатын қоймалар жатады</p>		
	ЖМ қоймаларын пайдалану мерзімдерін сақтау тұрақты - үш жыл		

347.	және одан да көп, уақытша - үш жылға дейін және қысқа мерзімді - ЖМ әкелінген сәттен бастап осы мерзімдерді есептегенде бір жылға дейін. Қысқа мерзімді қойманы пайдалану мерзімі бір мерзімге ұзартылған жағдайда, аттестатталған ұйыммен келісудің болуы		
348.	Қоймаларды базистік және шығындық деп бөлуді қамтамасыз ету. ЖЗ сақтау кезінде жарылыс (бастамашылық) құралдарымен және керісінше, жарылыс жылуы бойынша коэффициенттерді ескере отырып, үйлесімділік тобы кезінде бір ЖМ басқаларымен ауыстыруға жол беріледі		
349.	ЖМ базистік қоймаларының жалпы сыйымдылығын М (нетто) 420 тоннадан аспайтын жеке сақтау орнының сыйымдылығын ескере отырып сақтау		
	<p>Жер үсті және жартылай тереңдетілген шығыс қоймаларында барлық сақтау орындарының жалпы сыйымдылығын сақтау:</p> <p>1) тұрақты шығыс қоймасында ЖЗ – 240 тоннадан, детонаторлар – 300 мың данадан, детонациялық сым – 400 мың метрден артық емес, от өткізгіш сым мен оны жағу құралдары шектелмейді.</p> <p>ЖМ мезгілмен пайдаланатын мекемелер ЖМ контейнерлерде немесе сақтағыштарда сақтағанда тұрақты шығыс қоймаларының</p>		

350.	<p>жалпы сыйымдылығы – шектелмейді;</p> <p>2) уақытша ЖМ қоймасында: ЖЗ – 120 тоннадан, детонатор – 150 мың данадан, детонациялық сым – 200 мың метрден артық болмайды, от өткізгіш сым мен оны жағу құралдары шектелмейді;</p> <p>3) қысқа мерзімді шығыстық ЖМ қоймасында: ЖЗ – жоба бойынша, детонатор – 75 мың данадан және детонациялық сым – 100 мың метрден көп болмайды, от өткізгіш сым оны жағу құралдары шектелмейді</p>		
351.	<p>ЖМ тұрақты шығыс қоймаларының ЖЗ әрбір сақтау орнының шекті сыйымдылығын сақтау, бірақ 120 тоннадан артық емес, уақытша - 60 тонна, қысқа мерзімді - жоба бойынша</p>		
352.	<p>ЖМ бар контейнерлерде тек арнайы алаңдарда сақтауға болады. ЖМ контейнерлердің алаңдары ЖМ қоймасы аумағында салынады және контейнерлік алаңдары бар дербес қойма болып салынады. Контейнерлік алаңдар сыйымдылығы ЖМ қойма сақтағышына бекітілген сыйымдылығындай болады</p>		
	<p>Жер асты (тереңдетілген) шығыс қоймасының жалпы сыйымдылығы және бөлек камералар (ұяшықтар) сыйымдылығы жобамен анықталады. Сонымен қоса көмір және қатпар тас шахталарындағы</p>		

353.	<p>қойма сыйымдылығы, үлестіру камералары сыйымдылығын есептелмегенде ЖЗ қоры жеті тәуліктен, бастамашы құралдардың қоры он бес тәуліктен аспайды. Камералық қоймадағы камера сыйымдылығы 2 тонна ЖЗ, ал ұяшықты қоймадағы ұяшық сыйымдылығы 400 кг ЖЗ артық болмайды. Жер асты қазбаларындағы бөлек тарату камерасының шектік сыйымдылығы 2 тонна ЖЗ және осыған сәйкес мөлшердегі бастамашы құралдар, ал бөлек учаскелік сақтау талабына – 1 тонна ЖЗ және осыған сәйкес мөлшердегі бастамалау құралдары</p>		
354.	<p>Кәсіпорындарда ЖМ сынау және жою жағдайлары жасалады. Бұл мақсатта жобамен полигондар және зертханалар қаралады</p>		
	<p>Базистік қоймадағы ЖМ жарғыштарға беру операциясын орындағанда және олардан пайдаланылмаған ЖЗ, бастамашы құралдар және ату жару аппараттары қоймаға кірер алдындағы осы мақсаттарға орнатылған ғимараттар, бірақ ЖМ сақтағышына 20 метрден жақын емес, жанбайтын материалдармен салынады. Олар ЖЗ және бастамашы құралдарды сақтайтын екі бөлікке бөлінеді. Тұтас жанбайтын қыштан немесе 25 сантиметрге кем емес бетон</p>		

355.	<p>қабырғалардан салынады. ЖЗ және бастамашы құралдарды қабылдау-жіберуге арналған екі тамбурмен жабдықталады. Төмендегі жағдайлардың орындалуын қамтамасыз етеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) көрсетілген ғимараттағы барлық түрдегі ЖЗ жалпы көлемі 3 мың килограмманан артық емес, сонымен қоса детонатор саны 10 мың данадан көп емес; 2) детонаторлары бар жәшік сақтағыштың сыртқы қабырғасындағы сөрелерге орналастырылады 		
356.	<p>Тұрақты және уақытша шығыс қоймаларындағы жарылыс материалдар ыдысын ашу және жарғыштарға беру, о л а р д а н пайдаланылмаған ЖЗ, бастамашы құралдар және ату жару аппараттарын қабылдауды бөлек ғимараттарда немесе сақтағыш тамбурларда немесе ЖМ дайындау ғимараттарында жүргізіледі. Сонымен қоса детонатор беруге березентпен, киізбен немесе қалыңдығы 3 мм кем емес резина мен қапталған үстел қойылады, детонациялық және от өткізгіш сым кесетін үстел қойылады. Электр детонаторларға статистикалық электр қуатының қауіпті әсерін жою үшін үстел тұйықтандырылады. ЖМ базистік қоймада жіберу-қабылдау жүргізген жағдайда детонациялық байлам</p>		

	соққы жасау (дайындау) бөлек ғимаратта жүргізіледі		
357.	ЖМ қоймасының сақтағыштарының едені тегіс және тесіктерсіз болады, ал қабырғалары әктеліп, сырланады. ЖМ кез келген сақтағышы желдетіледі және судың, қардың кіруінен қорғалады. ЖМ сақтағышы ағынды-тартушы өзіндік желдеткіштерімен қамтамасыз етіледі. Ғимарат ішіне термомлер қойылады		
358.	Сөрелердегі жәшіктер, қаптар (шығыршықты контейнер) және басқа ЖМ бар орындарда штабельдер биіктігі екеуден жиналады. Топтары В,С және түтінді дәрі ЖМ ашылған орындарда биіктігі тек бір қатар болып жиналады. Аталған ЖМ жоғары сөрелері биіктігі 1,7 метрден артық, қалғандарына 2 метрден артық болмайды. Екі сөре ара қашықтығы, ЖМ бар жәшіктер (қаптар) арасы мен жоғары сөре арасында 4 сантиметрден аз емес кеңістік қалатындай қылып есептеледі. Сөре енінде жәшіктерді екі қатардан көп қоюға болмайды, ал қабырға жанында орналасқанда және өту жолы болмағанда бір қатардан көп жиналмайды. ЖМ сақтағышындағы сөрелерді қатайтқан шегелермен бұрандамалар бастары толық батырылады. Сөре тақтайлары ара қашықтықтары 3		

	сантиметрге дейінгі ара қашықтықта төселеді. Төменгі сөре толық жабылады		
359.	Барлық ЖМ сақтау орындарындағы жұмыс орындарының еден деңгейіндегі жарықтандыру және бастамашы құралдар пайдаланғандағы жарық 30 люкстен кем болмайды		
360.	ЖМ қоймасының сақтағыштарындағы ЖЗ және бастамашы құралдар сөрелері және ЖМ штабельдері қабырғадан 20 сантиметрден кем емес ара қашықтықта қойылады, ал еденнен 10 сантиметрден кем емес биіктікте орнатылады. ЖЗ бар жәшіктер, қаптар төсеніштерде орналастырылады. Штабель биіктігі 2 метрден биік болмайды. Штабельдер ені орын санауын жеңілдететіндей қылып, екі қатар қап (жәшік) қылып жайғастырылады. Тиіп түсіру операцияларында механикаландырылған құралдарды пайдаланғанда ЖЗ қаптарын және жәшіктерін тұғыры бар түйіншектерде, шығыршықты контейнерлерде, екі қатардан биік емес қылып жинайды. Тұғырларды және шығыршықты контейнерлерді орналастыру тәртібі жобамен анықталады. Штабельдердің ең биік жиналуы 2,6 метрден аспайды. Штабельдер арасында, соның ішінде		

	шығыршықты контейнер және сөрелер арасында ені 1,3 және 1 метрден кем емес өту жолдары қалдырылады		
361.	<p>Сөрелердегі жәшіктер, қаптар (шығыршықты контейнер) және басқа ЖМ бар орындарда штабельдер биіктігі екеуден жиналады. Топтары В,С және түтінді дәрі ЖМ ашылған орындарда биіктігі тек бір қатар болып жиналады. Аталған ЖМ жоғары сөрелері биіктігі 1,7 метрден артық, қалғандарына 2 метрден артық болмайды. Екі сөре ара қашықтығы, ЖМ бар жәшіктер (қаптар) арасы мен жоғары сөре арасында 4 сантиметрден аз емес кеңістік қалатындай қылып есептеледі. Сөре енінде жәшіктерді екі қатардан көп қоюға болмайды, ал қабырға жанында орналасқанда және өту жолы болмағанда бір қатардан көп жиналмайды. ЖМ сақтағышындағы сөрелерді қатайтқан шегелермен бұрандамалар бастары толық батырылады. Сөре тақтайлары ара қашықтықтары 3 сантиметрге дейінгі ара қашықтықта төселеді. Төменгі сөре толық жабылады</p>		
362.	Камера, сөре және ЖМ қоймасындағы штабельдерге ЖМ, бастамашы құралдар немесе ату жару аппараттарының аты, көлемі, партия саны, жасалған уақыты, кепілдік пайдалану		

	мерзімі көрсетілген белгілер ілінеді		
363.	Электр детонаторлар, электр тұтандырғыш түтіктер және электрлік жанғыш құрамды ЖЗ қоймаларында және басқа ЖМ сақтау орындарында заводтық немесе арнайы ыдыста сақталады		
364.	Жандырғыш және бақылау түтіктері ЖМ дайындау ғимараттарында жасалады. Бұл ғимараттар ЖЗ дайындау ғимараттарынан жанбайтын материалдардан салынған немесе сыланған және жанбайтын бояумен боялған қабырға арқылы бөлінеді, ал жер асты қоймаларында-жандыру түтігін жасау камераларда жүргізіледі. Жандыру және бақылау түтіктерін жасау үстелінде бірнеше жарғыш жұмыс істегенде ұзындығы бірнеше ағаш қалқандар арқылы бөлінеді. Жандыру және бақылау түтіктерін (от өткізгіш сымның бақылау бөлігі) жасайтын және сақтайтын орындардағы ғимарат едені жұмсақ кілемшелермен жабылады. Дайындалған жандыру түтіктері темірден немесе ағаштан жасалған ЖМ қоймасының сақтаушысындағы (үлестіру камерасындағы) ішін жұмсақ төсенішпен қаптаған, сыртын темір қабатымен қаптаған жәшіктерде (шкафтарда), кассеталарда және тағы		

	сол сияқты сақталады. Жәшіктер қақпақпен жабылады		
365.	Аммиакті селитра негізіндегі ЖЗ қойма сақтаушында және контейнерлерде сақтағанда 30°C артық емес температура сақталады, ал басқа ЖМ техникалық құжаттарында көрсетілген көрсеткіштердегідей температурада сақталады		
366.	ЖМ контейнерлерді сақтағанда алаң ішінде оларды екі қатар етіп қоюға болады		
367.	ЖМ қоймасындағы тиеп-түсіру операциялары, осы мақсаттағы көтеру мүмкіндігі қаптамаланған ЖМ салмағынан кем емес механизмдермен орындалады, сонымен қоса қолдап жүргізуге болады. Жүк көтеруге арналған шығыршық (жебелік крандар және жебені көтеру шығыршықтары) екі тежегішпен қамтамасыз етіледі		
368.	ЖМ қоймасы сақтаушының ішінде жұмыс істейтін іштен жану қозғалтқышты жүк көтеру механизмдері жанған газды залалсыздандыратын қондырғымен және ұшқын өшіргішпен жабдықталады		
369.	ЖМ сақтау орындарын жөндеу кезінде олар ЖЗ, бастамашы құралдар және ату жару аппараттарынан босатылып, басқа қоймаларда (алаңдарда) уақытша сақталады. Егер		

	қойма тұтас қабырғамен бөлінсе жөндеу жұмыстары кезінде бір жағындағы ЖМ екінші жағына сақтауға болады		
370.	Әрбір ЖМ қоймасына апаттық жағдайлар болған жағдайдағы өзара іс-қимылын анықтайтын апаттарды жою жоспары жасалады. ЖМ жер асты қоймаларындағы мүмкін болатын апаттарды жою шаралары апаттарды жоюдың ортақ жоспарына енгізіледі		
371.	ЖМ жер үстілік тұрақты қоймасына қойылатын талаптар: 1) су кететін жыраның болуы; 2) жолдар және келу жолдарының таза және жарамды болуы; 3) сақтауыштардың әрқайсысына еркін жақындау мүмкіндігі және өту жолы болатындай орналастырылады; 4) бөлек сақтағыштардың арасында, сақтағыштар мен әр түрлі ғимараттардың, қойма аймағы мен одан тыс құрылыстардың ара қашықтықтар өртке қарсы орнатылған ара қашықтықты ұстану; 5) қоймаларды қоршап, қоршаудан ені 50 метрден кем емес қашықтықта тыйым салынған аймақ болады. Тыйым салу шекараларында қоршау және ескерту белгілері қойылады; 6) қойма периметрі бойынша аумақ бейнебақылау жүйесімен жабдықталады. Барлық бейнеақпарат		

	<p>бейнежинағышқа жазылады: жазудың ұзақ мерзімді бейнемагнитофондары немесе ақпараттың цифрлы бейне жинағыштары</p>		
372.	<p>Қойма аумағында мынадай ғимараттар мен құрылыстарды орналастыруға рұқсат етіледі: ЖЗ сақтау орны, бастамашыл құралдар және ату жару аппараттары, ЖЗ арналған алаңдар, бастамашыл құралдар және ату жару аппараттары контейнерлерде, ЖМ беруге арналған ғимарат (үй-жай), қосалқы үй-жай (қойма, алаң), ЖМ дайындауға арналған ғимарат, қабылдау рампалары және басқа да объектілер, ЖМ қабылдаумен, сақтаумен және тиеп жөнелтумен байланысты, қарапайым түйіршіктелген және құрамында су бар ЖЗ дайындау пункттері, зауыт өндірісінің ЖЗ механикаландырылған оқтауға дайындау пункттері, зертхана; қарауыл мұнаралары, күзетші иттерге арналған үйшіктер, шамдары, прожекторлары бар мұнаралар (дінгектер, бағаналар), өртке қарсы құралдар мен жабдықтарды сақтауға арналған үй-жай, өртке қарсы су айдындары, өтетін үйшіктер (бақылау-өткізу пункті).</p>		
	<p>Қауіпті аймақ шегіндегі, қойма сыртындағы тыйым салынған аймағында: ЖМ жою және сынау полигоны,</p>		

373.	<p>ыдыстарды жағу, қарауыл ғимараты, қойма жұмысшыларына арналған әкімшілік-тұрмыстық ғимараттар, механикаландыру құралдарын қызмет қылу және толтыру пунктері, қазандықтар, отын қоймасы, су өткізгіш және канализациялық сораптық бекеттері, трансформаторлық бекеттер, әжетханалар салуға болады. Ыдыстарды сақтау сарайларын немесе бастырмаларды тыйым салынған аймақ шегіндегі қойма қоршауына 25 метрден жақын емес қашықтықта орналастыруға болады.</p>		
374.	<p>Қоршау мен жақын орналасқан қойма ара қашықтығы 40 метрден кем емес. Таулы жерлерде бұл ара қашықтықтарды ішкі істер органдарының келісуімен қысқартуға рұқсат беріледі.</p> <p>Қоршау темір бетон немесе металл торлы құрылымдардан (18 мм қалыңдықтан кем емес шыбықтан жасалған, шыбықтар арасындағы жарық 100 миллиметрден аспайтын), кірпіштен, металл табактардан (қалыңдығы 2 миллиметрден кем емес), немесе тордан (диаметрі 5 миллиметрден кем емес және ұяшығының өлшемі 70 x 70 миллиметр, бірақ ұяшығының өлшемі 150 x 150 кезде 10 миллиметр артық емес арматурадан) жасалады.</p> <p>Қоршау биіктігі жерге 200-400 миллиметр</p>		

	<p>тереңдетіліп енгізілген темір бетон ірге немесе арматуралы тормен қазылған қатынаста күшейтіліп, 2,5 метрден кем болмайды.</p> <p>Қоршауға құлыпқа жабылатын дарбаза мен есіктер орнатылады</p>		
375.	<p>Қойма аумағында және тыйым салу аймағы айналасындағы ағаштар мен бұталар, құрғақ шөп және басқа да оңай тұтанатын заттардан тазартылады</p>		
376.	<p>Тұрақты қоймалардың ЖМ қоймасы жанбайтын материалдан салынады.</p> <p>Өрт бақылау органдары шешімімен сақтауыш қабырғаларын бөренеден немесе каркасты-толтырылма материалдардан салуға болады.</p> <p>Каркасты-толтырылмалы қабырғасын және қалқаларды тұрғызғанда, толтырылма есебінде жіңішке бетон, шлак немесе жауынмен суланған ағаш қалдықтарын қолдануға болады.</p> <p>Каркасты-толтырылмалы және бөренелі ЖМ қойма қабырғалары мен қалқандары жанбайтын құраммен жабылады немесе ішкі және сыртқы жақтарынан сыланады.</p> <p>ЖМ қоймалардың ағаш төбелері сыланады немесе жанбайтын құраммен қапталады.</p> <p>Құрғақ климатты жерлерде саздан жасалған, шикі кірпіштен немесе сабанды кірпіштен сақтауыштар құруға болады.</p>		

	<p>Қойма жабындысы жанбайтын материалдан салынады немесе іші-сыртын жанбайтын құраммен қаптайды.</p> <p>Қоймалардың ішіндегі ауа температурасы 30оградус Цельсия жоғары болмайтындай етіп салынады.</p> <p>Қойманың әрқайсысында шатырлы бөлме болады (темір бетонды жабындыларға шатырлы бөлме болуы міндетті емес)</p>		
377.	<p>Қойма едені ағаштан, бетоннан, асфальттан немесе тапталған саздан жасалынады. Түтінді оқ-дәрі қоймалары едендер жұмсақ маталармен қосымша қапталады</p>		
378.	<p>ЖМ қысқа партиямен үлестіруге арналған қоймаларда біреуден кем емес тамбурмен жабдықталады. Тамбур көлемі 2Ч2 метр болады және жанбайтын материалдан жасалады. Тамбурға кірер ауыз сыртқа ашылатын, 2 данадан аз емес есіктерінен жабдықталады. Есіктің біреуі тамбурдың сыртына шығады, екіншісі – тамбурдан сақтағышқа барады. Сыртқы есік тұтас болады және болатпен қапталады.</p> <p>Екінші есік ағаш тордан жасалады.</p> <p>Рампасы және тиеп-түсіру жұмыстарын механикаландыру құралдары (электрлік тиегіштер және тағы сол сияқты) бар сақтағыштарда тамбур</p>		

	орнату міндетті емес, бірақ екі жақтан есік қойылады		
379.	ЖМ қоймасының кірер ауыздары саны, қойма кірісі мен ең алыс ғимарат нүктесіндегі ара қашықтық 15 метр, ал тиеп түсіру механикаландырылғанда 25 метрден артық болмайды		
380.	Қойма терезелері болат торлармен орнатылады, тор темірі диаметрі 15 метрден кем болмайды және тор көздерін 150 x 150 миллиметр үлкен емес қылып әрбір қиылыс дәнекерленеді. Темір тор сымдары шеті қабырғаға 80 миллиметрден кем емес тереңдікке енгізіледі. Торлар ашық бояумен сырланады. Күн беткейге қарап тұрған сиыны терезелер ақ бояумен сырланады. Терезенің еден алауына жарық қатынасы 1:25 тен 1:30 дейін қамтамасыз етіледі		
381.	Шатырлы бөлмелерде кейбір заттарды немесе материалдарды сақтауға болмайды. Шатырға шығуға ғимарат сыртына орналастырылған саты көзделеді		
382.	Қоймаларға және шатырға кіреберістер құлыпқа жабылады және пломбыланады немесе мөрленеді		
383.	Егер ЖМ сақтау немесе қайта өңдеу орнының ғимаратқа және құрылысқа дейінгі қашықтығы ара қашықтықтан аз болса, үймектер орнатылады. Сонымен қатар қауіпсіз		

	ара қашықтық тереңдетілген зарядтар жағдайына есептеледі		
384.	Үймектерді пластикалық немесе сусыма топырақтан соғады. Үймекті тастан, шебіннен және жанғыш материалдан (көмір қиқымдары және тағы сол сияқты) соғуға болмайды		
385.	Үймек ЖМ жиналған штабелдің (стеллаждың) жоғарғы деңгейінен 1,5 метрден биік қылып соғады. Үймектің үстінгі ені 1 метрден кем болмайды. Үймектің төменгі жақ ені себілген топырақтың шынайы бұрышына сәйкес анықталады		
386.	Қойма толық үймектелгенде кіру үшін үймектен ашық жер жасалады. Ашық жерге көлденең салынған қорғаныш үймек соғылады. Қорғаныш үймек ұзындығын, жобаға сәйкес ғимарат бұрышынан негізгі дуал жотасына дейінгі және қорғау үймегінің жотасы арқылы есептеледі		
387.	Электрлік қондырғыларға талаптар (тарату құрылғылары, бекеттер, апаттық электрлік көздері), электр қабылдағыш санаттығы, сенімділікті қамтамасыз ету жобамен қаралады. Бейтарап окшауланған электрлік қондырғылар пайдаланылады		
388.	ЖМ қоймасының электрлік қондырғылары, соның ішіндегі негізгі және жарық беру жүйесі электр қуатының жоғалуынан және		

	<p>адамдарды электр тоғымен күйдіруден сақтайтын құрылғылармен жабдықталады.</p>		
389.	<p>ЖМ қоймасы, кіре беріс, ЖМ қоймасы жарықтандырылады. Жарықтандыруды қоршау периметрі бойынша жүргізуге рұқсат беріледі</p>		
390.	<p>ЖМ қоймасында жұмыстың жарықтандырылуы 220 Вольт дейінгі қуатты шамдармен жүргізіледі. Апаттық жарықтандыру жобамен анықталады. Қойма сақтағышына апаттық жарық беруге кеніш аккумуляторлық шамдар немесе құрғақ батареяларымен (металл қорапты – резинамен қапталған) фонарлар пайдалануға болады. Электрлік жүйеден қуат алатын қолдап тасымалдау шамдарын пайдалануға қойманың барлық ғимараттарында рұқсат берілмейді. Егер ЖМ беру тек күндіз жүргізілетін болса, сақтағышқа электр жарығы талап етілмейді</p>		
391.	<p>Қосқыштар, сақтандырғыштар, тарату қорғандары, суырмалар және тағы сол сияқты ғимараттың сыртқы жағындағы жәшіктерге немесе өртке қарсы құралдармен жабдықталған оқшау ғимараттарға орнатылады</p>		
392.	<p>Қойма ішіне жарық беру жүйелерінде жануды таратпайтын кабельдер қолданылады</p>		
	<p>Ғимараттардың қабырғасымен және</p>		

393.	<p>төбесімен кабель жүргізгенде көлденеңінен 0,8 метр сайын және биіктігінде 2 метр сайын бекітіледі. Кабельдерді бір-біріне жалғауға және ажыратуға арнайы муфталар қолданылады</p>		
394.	<p>Барлық қоймалар, қоймалардағы қарауыл үй-жайлары ұйыммен, өртке қарсы қызметімен және ішкі істер органдарымен хабарласуы үшін телефон байланысымен қамтамасыз етіледі. Телефон байланысын жабдықтау мүмкіндігі болмаған жағдайда жергілікті ішкі істер органдарының келісім бойынша қойма санамаланған абоненттермен радиобайланыспен қамтамасыз етіледі. Қарауыл бекеті мен қарауыл үй-жайы арасында екі жақты телефон байланысымен жабдықталады. Байланыс құралдары жарылыс өрт қауіпті үй-жайлардан тыс орнатылады. Қоймалар және сақтағыштар жобаға сәйкес міндетті түрде күзет және өрт дабылы белгілері құралдарымен жабдықталады</p>		
395.	<p>Орман және еден үстілік өрттерден қорғану үшін әрбір ғимараттар айналасынан 5 метрден кем емес қашықтықтағы шым алынып тасталады, қойма аймағындағы қоршаудан 10 метр ара қашықтықта, үстінгі ені 1,5 метр және тереңдігі 0,5 метрден кем емес, өсімдіктерді жою үшін жүйелі түрде аударылып, копсытылатын тілме</p>		

	жасалады. Тастық және шебіндік топырақта жыра немесе қопарылған тілме қажет етілмейді		
396.	Нысандары пештің жылуымен қамтамасыз еткен жағдайда түтін шығу құбырларына ұшқын ұстау торлары қойылады		
397.	ЖМ уақытша қоймасының сақтағыштары ағаштан, саздан соғылған, жер ден болуы мүмкін. Қойманың сақтағышы ретінде бос тұрған құрылыстар, сарайлар, жер төлелер және басқа ғимараттарды жабдықтауға болады. Бұл ғимараттар шынайы желдеткіштермен қамтамасыз етілгенде және олар жаңбыр мен қардан қорғалады. Сақтағыштар ретінде қолдалынатын ғимараттар пештері қымталады		
398.	Уақытша қоймаларда: 1) едендер ағаш, бетон және саздан болуы мүмкін; 2) ағаш қабырғалар және шатырлар оттан қорғағыш құраммен жабылады; 3) қоршауды сырғауылдап, шарбақтан тақтайдан және басқа да материалдан жасауға болады және қоршау биіктігі 2 метрден кем болмайды; 4) су ыдысын құру талап етілмейді; 5) тамбур құру талап етілмейді, есік бір қабат болуына болады; 6) сақтағыш ішіндегі жұмыстық жарық беруді аккумуляторлық кеніштік шамдармен немесе		

	<p>күрғақ батареялы фонарлармен (темір қапты – резинамен қапталған) жүргізуге болады;</p> <p>7) сақтағыш ретінде қолданылатын ғимараттардың есік-терезелері мөлшерін бұрынғысынша қалдыруға болады. Негізінен уақытша қоймаларға тұрақты қоймаларға қойылатын талаптар қойылады</p>		
399.	<p>Қала шетінде орналастырылатын уақытша ЖМ қоймалары бос тұрған құрылыстардағы күрғақ, желдетілетін төлелерде орналастыруға немесе жер астына арнайы тереңдетілген, 2,5 метрге дейінгі ғимараттарды үстінен 2 метрден кем емес етіп көміп пайдалануға болады. ЖМ , бастамашы құралдар және ату-жару аппараттары, бір-бірінен бөлек орналасқан ғимараттарда және кірпіш қабырғасы 25 сантиметр кем емес ЖМ дайындау ғимаратында сақтауға болады</p>		
400.	<p>Қысқа мерзімді сипаттағы жұмыстарды жүргізу үшін ЖМ сақтауды: бос тұрған құрылыстарда, сарайларда, жергөлелерде және басқа, темір жол вагондарында, кемелерде, автокөліктерде, жалғамаларда және арбаларда, палаткада, үңгірде, шалаштарда, жарылыс жұмыстарын жүргізу алаңдарында болады</p>		

401.	<p>ЖМ қысқа мерзімді қоймаларында ЖМ жер үсті және жартылай тереңдетілген қысқа мерзімді қоймаларын орнату тәртібін қамтамасыз ету.</p> <p>Найзағайдан қорғау, жарықтандыру, телефон байланысы, қойма қоршауының айналасындағы арықтар және ЖМ қоймасының айналасын ағаштардан тазарту қажет емес.</p> <p>Қысқа мерзімді қоймалардың қоршауын биіктігі кемінде 1,5 метр, қойманың ең жақын қабырғасынан кемінде 20 метр етіп жасауға жол беріледі. Қоршаудан қарауылдық үй-жайға дейінгі қашықтық кемінде 15 метр.</p> <p>Қысқа мерзімді қоймалар қоймаларының ағаш қабырғалары сыртынан және ішінен оттан қорғайтын құрам ретінде үш қабаттағы әк-түз ерітіндісімен жабылады. Қойманың шатыры, төбесі және шатыр жабындарының конструкциялары жанбайтын етіп жасалады немесе оттан қорғау құрамымен жабылады.</p>		
402.	<p>Жылжымалы сипаттағы жұмыстарда (сейсмикалық барлау, орман және автомобиль жолдарына арналған трассаларды тазарту) ЖМ арнайы жабдықталған автомобильдерде, тіркемелерде, арбаларда және шаналарда (жылжымалы қоймалар) сақтауға жол беріледі.</p>		

Жылжымалы койма, автокөлікте, күймеде, жалғамда, шанада мықты қатайтылған, орнатылған қорап болып есептеледі.

Қорап дюралюменнен немесе ағаштан жасалады . Сыртынан темірмен қапталып, барлық жағына отқа қарсы құраммен қапталады.

Қораптың алдыңғы жағына (оң жақ төменгі бұрышына) Бастамашы құралдар салынған есігі бар жәшік орналастырылады.

Жәшік іші жұмсақ материалмен (киіз, резина, поролон және тағы сол сияқты) қапталады. Жәшік құрылысы көзделмеген жағдайдағы көп мөлшердегі бастамашыл құралдар жарылғанда детонация берілмейтіндей етіп жасалады.

ЖМ тиеп-түсіру, қораптың оң жағында орналасқан есік арқылы жүргізіледі. Есікті қораптың артқы жағына орнатуға, есік ашылғанда белгі беретін дабыл құрылғысын көлік жүргізуші кабинасына орнатқан жағдайда рұқсат беріледі.

ЖЗ, бастамшыл құралдар және ату жару аппараттарының бөліктері есіктеріне құлыптар ілініп, қалып есіктің ашылып кетуін болдырмау үшін құлыптар ойылып орнатылады.

Қорап жарықпен қамтамасыз етіледі. Жарық плафоны қораптың алдыңғы үсті

жағына орналастырылып, электр өткізгіштері қорғауыш арқылы жабылады және сыртта орналасады. Қорап ішінде электрлік өткізгіштер қойылмайды. Жылжымалы қойма қорабына, темір толы терезе қойылады. Қораптың алдыңғы жағындағы терезе көлік құралының кабинасының артқы терезесі деңгейінде орнатылады.

Өздегінен жүрмейтін жылжымалы қойма, сүйрететін көлік құралына жалғайтын қатты жалғамалы құрылғымен жабдықталады.

Жылжымалы ЖМ қоймасының жабдыкталуы, қондырғылары, техникалық жағдайы, оның қозғалысын ұйымдастыру және апаттық жағдайларды жоюға дайындығы техникалық регламентке сәйкес қамтамасыз етіледі.

Өздігінен жүрмейтін ЖМ қоймасын тасымалдағанда жалғама салмағы тасымалдау көлігінің салмағының жартысынан немесе тарту күшінің үштен төрт бөлігінен артық болмайды

Мұз жүру кезіндегі жарылыс жұмыстарын жүргізгенде ЖМ алаңдарда қысқа мерзімді (30 тәуліктен көп емес) сақтауға рұқсат беріледі. Жаппай жарылыс жұмыстарында геофизикалық және басқа да бірімәртелік жұмыстарда қысқа

404.	<p>мерзімге ЖМ 90 күннен артық болмай сақтауға рұқсат беріледі. Сонымен бірге, барлық жағдайларда ЖМ 20 сантиметрге төмен емес биіктіктегі ағаш төсемеге орналастырады және үстіне шатыр қойылады немесе брезентпен жабылады</p>		
405.	<p>ЖМ алаңдарда сақтау кезінде бастамашыл құралдар бөлек алаңдарда немесе бастамашыл құралдарды белсенді құрал ретінде қабылдау шартымен ЖЗ детонациясын беру бойынша қауіпсіз қашықтықта орналасқан шатырларда орналастырылады</p>		
406.	<p>ЖМ жер асты жағдайында жабдықталған қазба-камераларда немесе ұяшықтарда олардың бірінде ЖМ жарылған жағдайда, екіншісіндегі ЖМ детонациясын тудырмайтындай етіп сақталады</p>		
407.	<p>Жер асты қоймасы өндірулер мен қосымша камераларды жеткізетін ЖМ сақтауға арналған камералары немесе ұяшықтары бар бөлек қойма секілді өндірулерден тұрады. Қосалқыға: 1) электр детонаторларды тексеруге немесе жандыру түтіктерін жасау мен детонатор таңбалауға арналған; 2) ЖМ беру; 3) тиеп-түсіру операцияларын механикаландыру құралдарын орналастыру;</p>		

	<p>4) кассеталар мен сөмкелер сақтау;</p> <p>5) электр тарату құрылғылары және өртке қарсы құралдар орналастыру үшін камералар жатады. Санамаланған камералар қоймаға баратын қазбалар тұйығына орналасады</p>		
408.	<p>Жарылыс, бақылау және өлшеу аспаптары мен құрылғылары, кассеталар мен сөмкелер жер асты және терендетілген ЖМ қоймасының арнайы сөрелерінде немесе шкафтарына орналастырылады</p>		
409.	<p>ЖМ әрбір жерасты қоймасы ұйыммен байланысу үшін телефон байланысымен қамтамасыз етіледі немесе диспетчерге тікелей шығатын телефон болады</p>		
410.	<p>Жер асты қоймаларында аккумуляторлы тиегіш пайдалануға немесе жарылыс қауіпсіз орындалған басқа да тиеп-түсіру механикалық құралдарын пайдалануға болады</p>		
411.	<p>Жарылыс жұмыстары қысқа жайлатылған және жайлатылған амалмен жүргізгенде, шахталарындағы жер асты шығыс қоймаларында және тарату камераларында әр сатылық жайлатуға бір жәшіктен кем емес электр детонатормен қамтамасыз етіледі. Детонаторлар осы жағдайларға пайдалануға арналған болады</p>		
	<p>ЖМ жер асты қоймаларының</p>		

орналасуына қойылатын талаптар:

1) қойманың кез келген жақын нүктесінен шахта оқпанына және оқпан маңындағы қазбаларға дейінгі, бұзылуы барлық шахтаны не оның маңызды учаскелерін таза ауа ағынынан айыратын желдеткіш есіктерге дейінгі, камералық қойма үшін кемінде 100 метр, ұяшықты түрдегі қойма үшін - 60 метр қашықтық ;

2) жақын жердегі ұяшықтан немесе камерадан адамдардың тұрақты өтуі үшін қызмет ететін қазбаларға дейінгі қашықтық, камералық үлгідегі қойма үшін-кемінде 25 метр және ұяшықты үлгідегі қойма үшін-кемінде 20 метр;

3) камералы үлгідегі қойма үшін қоймадан жер бетіне дейінгі қашықтық кемінде 30 метр және ұяшықты үлгідегі қойма үшін кемінде 15 метр болуы тиіс;

4) ЖМ (сақтау орнын) сақтауға арналған камералар немесе ұяшықтар орналасқан қазбалар басты қазбалармен бір-бірімен дұрыс бұрыштар түзетін кемінде үш жеткізуші тік сызықты немесе қисық сызықты қазбалармен жалғанады.

Қоймаға апаратын қазбалар ұзындығы 2 метрден кем емес және Қима ауданы 4 м2 кем емес тұйықтармен аяқталады;

5) жүк тиегіштер қолданылатын ЖМ қоймасының негізгі қазбасының ені олардың 90о бұрыла отырып қозғалысын қамтамасыз етеді және жүктері бар тиеу-түсіру механизмдерінің ең үлкен мөлшерінен асатын , оның ішінде қисық сызықты учаскелердегі өлшемдері әр жағынан ені бойынша кемінде 60 см және шамдардан биіктігі бойынша 50 см болуы тиіс;

6) әр қоймада адамдар үшін екі Шығыс бар. Метрополитен мен тоннельдерді салу кезінде, жерасты тау-кен барлау қазбаларын жүргізу кезінде қойманың сыйымдылығы 1 тонна ВВ-дан аспайтын кезде бір шығатын ЖМ уақытша қоймаларының болуына жол беріледі;

7) метрополитен салу, тоннельдер салу және геологиялық ұйымдар жерасты тау-кен барлау қазбаларын жүргізу кезінде ең жақын ұяшықтан немесе камерадан негізгі коректендіруші магистральдар (сутөкпе және желдеткіш құбырлары, кәбілдер) салынған шахта оқпанына, камералар мен қазбаларға және адамдардың өтуіне қызмет ететін қазбаларға дейінгі қашықтық кемінде 15 метр болуы тиіс;

8) ЖМ қоймасындағы рельс жолдары жалпы шахталық жолдардан оқшауланады.

413.	Басты бағыттары бар негізгі қазбалар арасына ЖМ қоймасын орналастыруға болмайды		
414.	ЖМ қоймасының барлық қазбалары жанбайтын бекітпемен бекітіледі және ақталады. Тұрақты жыныстарда жеткізу қазбаларын бекіту қажет емес.		
415.	Қойма таза ауа ағынымен желдетіледі. Қоймаға берілетін ауа мөлшері барлық қазбаларда оның төрт есе сағаттық алмасуын қамтамасыз етеді.		
416.	ЖМ жерасты қоймасы алғашқы өрт сөндіру құралдарымен (өрт сөндіргіш, құмы бар жәшік, суы бар ыдыс) қамтамасыз етіледі. Автоматты өрт сөндіру құралдарымен жабдықтауға болады. Өрт сөндіру құралдары саны және көлемі кәсіби авариялық-құтқару командирімен келісіледі		
417.	Келтіруші қазбаларында және газы немесе шаңы қауіпті шахталардағы (кеніштердегі) ЖМ қоймаларына орындалуы жарылыстан қорғалған электр қондырғылар, ал қалған шахталарда (кеніштерде) кеніштік, орындалуы қарапайым электр қондырғылар пайдаланылады. Қоймаларда және қазбаларда жарық беруге пайдаланатын электр өткізгіштер, қорғасынды қабықшадан немесе жанбайтын айырмалы және қабықшалы жұмсақ резиналы бронды кабельдер жасалады. Жарық беру шамдарына		

	<p>куатты бергенде күші 220 Вольт артық болмайды. Жарық беру жүйесі ток кашуынан қорғалады. Келтіруші қазбалары, қосымша камералар, қазба төбесіне ілінген шамдармен жарықтандырылады, ал ЖМ сақтау камералары (ұяшықтары) есік үстіндегі фрамуга арқылы өтетін қиғаш жарықпен қамтамасыз етіледі</p>		
418.	<p>ЖМ жер асты қоймасы міндетті түрде дыбысты ұйымның кезекшісінің пультіне шығарылатын автоматты күзет дабылымен жабдықталады</p>		
419.	<p>Көмір шахталарында, шаңы жарылыс қауіпті көтерілу қыртысында, ЖМ қоймасына және тарату камераларына кіру қазбаларының екі жағынан қой тастық немесе су тоспалары қойылады, ал қазбалар уақытылы қатайтылады немесе қонған шаңнан тазаланады</p>		
420.	<p>Қоймаларда алдыңғы есікте және ЖМ беру камерасында телефондар орнатылады.</p>		
421.	<p>Жер асты тарату камералары күзеті мен қамтамасыз етілуі, ЖМ сақтау тәртібі жер асты ЖМ қоймасы тәртібіндей болады. Сонымен бірге ЖЗ мен бастамашыл құралдар, бір бірінен қалдығы 25 сантиметр кем емес бетондық, кірпіш қабырғамен бөлінген бөлімшелерде сақталады. Тарату</p>		

	камерасы жарғыштарға ЖМ беру орнымен жабдықталады		
422.	<p>Жерасты тарату камералары адамдардың көлік құралдарына отыру орнынан және тау сілемдерін тиіп-түсіру орындарына 200 метрден жақын емес жерде орналасады. ЖЗ сыйымдылығы 1000 килограмм дейінгі тарату камералары қазбаның кеңейтілген, жалпы шахталық депрессия есебінен таза ауа ағынымен желдетілетін жерге орналастырылады. Қалыңдығы 25 сантиметр кем емес кірпішті, бетонды тұтас қабырғамен қоршалады. ЖЗ сыйымдылығы 1000 килограмм жоғары тарату камералары, бөлек орналасқан, желдетілетін, адамдар тұрақты жүретін қазбаларға 25 метрден жақын емес жерге орналасқан қазбаларда орналастырылады</p>		
423.	<p>Жерасты тарату камералары жанбайтын қатаймалармен бекітіледі және бөлек жарық беру жүйесімен жабдықталады . Келетін қазбалар ұзындығы 5 метрден артық болғанда жанбайтын қатаймамен бекітіледі. Қазбаларға, таратпа камерасына темір – тегіс (өртке қарсы) есіктер орнатылады және ЖМ беретін және қабылдайтын торланған терезе жағынан. Есіктер сенімді жабдықталады. Тарату камераларына ЖМ орналастыруға сөрелер, ал жарылыс машинасын, өткізгіштерді,</p>		

	<p>бақылау-өлшеу аспаптарын, гидротығын ампуласын және тағы сол сияқты сақтауға жәшіктер қойылады. Зауыттық қапталған ЖЗ штабельдеп жиналады. Тарату камерасына таза ауа келер жағынан телефон қойылады және өртке қарсы құралдар сақтайтын пункт жабдықтары</p>		
424.	<p>Жерасты ЖМ учаскелік сақтау пункті – тормен қоршалып бөлінген қазба немесе арнайы темір шкафтар (жәшіктер) орналастырылған қазбаның бір бөлігі немесе құлыпқа жабылатын ЖМ сақтау контейнерлері. Пункт есіктері ішінен құлыпталады</p>		
425.	<p>Жерасты учаскелік пунктерде ЖМ шкафтары (контейнерлері) есебінде, темір қабырғасының қалыңдығы 2 миллиметр кем емес темір сейфтерді немесе жәшіктерді, темір қақпақпен жабдықталған шахта вагоншаларын қоюға болады. Аталған ЖМ бар ыдыстар қазбаның бөлігінен бөлігіне немесе түбіне орнатылады</p>		
426.	<p>ЖМ біріктіріп сақтайтын шкаф (жәшік) үш бөлмеге, ЖЗ және детонациялық сым орналастыру үшін, жарылыс және бақылау-өлшеу аспаптарын, өткізгіші бар қалта (кассета) және тағы сол сияқты, үшіншісі электр детонатор немесе жандыру түтіктерін сақтау үшін бөлінеді. Бөлімшеде детонатор</p>		

	сақтағанда барлық қабырғалары жұмсақ материалмен қапталады		
427.	Учаскелік пункттерде ЖМ сақтайтын темір шкафтар жерлеріндегі өтпелі кедергілері 2 Ом көп болмайды		
428.	Жарылыс орнына жақын орналасқан, жарылыс материалдарын сақтауға арналған, бөлек темір жәшіктер мен контейнерлер (сейфтер) ішінен құлыптанады		
429.	ЖМ қоймасында, тарату камерасы немесе ЖМ сақтайтын учаскелік пункттерінде ЖЗ (бастамашыл құралдар) болғанда жарылыс жұмыстарын 30 метрден жақын қашықтықта жүргізуге болмайды		
430.	Қоймаға баратын қазбалар үсті, сыртқа ашылатын екі қабат есікпен жабдықталады. Сыртқы есік тұтас темірден немесе темірмен қапталған ағаштан, ал ішкі есік тордан жасалады		
431.	Егер қоймаға кірер ауыздан ең жақын ЖМ сақтау камерасына дейінгі ара қашықтық 15 метрден артық болса, қойма екі кірер ауызбен қамтамасыз етіледі. Қойма жерасты қойма талаптарына сай желдетіледі		
432.	Қоймаға баратын қазба ауызының алдына қазба биіктігінен 1,5 метр жоғары қорғаныш үймек орнатылады. Үймек ұзындығы қазбаның енінен үш есе ұзын болады, ал ені 1 метрден кем болмайды. Үймектің		

	түбіндегі мөлшері топырақтың шынайы бұрышына сәйкес анықталады		
433.	ЖМ сақтауға арналған камералар және оларға келетін қазбалар, жанбайтын немесе оттан қорғау құрамымен өңделген ағаш қатаймамен бекітіледі		
434.	Әрбір қоймада ұйыммен телефон байланысы болады		
435.	Күзетші бекеттері қоймаға кірер ауызда, желдеткіштер қазбасы ауызында, егер олар қоймаға кіре берістегі бекеттен көрінбейтін болса, қосалқы шығар ауызда орналастырылады		
436.	ЖМ қоймаларын найзағайдан қорғау жергілікті жердің найзағай белсенділігіне қарамастан жобаға сәйкес жасалады		
437.	Тұрақты, уақытша жербетілік, жартылай тереңдетілген және тереңдетілген (үстіндегі қабат қалыңдығы 10 метрден аз кезде) ЖМ қоймасы үшін, жер бетінде орналасқан ЖМ дайындау ғимараттары үшін, электр детонаторларымен соққыштар жасау пункттері үшін найзағайдың тікелей немесе қайталай соққан соққысынан қорғаныш салу міндетті		
438.	Жарылыс жұмыстарын жүргізуші кәсіпорындардағы ЖЗ дайындау және жасайтын тұрақты пункттер жайдан қорғағышпен жабдықталады		

439.	ЖМ сақтау контейнерлері алаңдары және ЖМ тиелген көлік құралдарының тоқтау талабы найзағайдың тікелей соққысынан қорғалады. ЖМ қысқа мерзімді қоймаларды (жүзетін қоймалардан басқалары) жайдан қорғағышпен жабдықтамауға рұқсат беріледі		
440.	Найзағай кезінде адамдардың найзағайдан қорғаудың құрылғылары орналасқан аймақта жүруіне рұқсат берілмейді		
441.	Қауіпті қадамдық қуаттарды төмендету үшін тереңдетілген, шашылған сәуле және шеңбер секілді шашыратылған жерлендіргіштер қолданылады		
442.	Барлық базистік және шығыс қоймалары, жер бетіндегі ЖЗ сақтау орынжайлары тәулік бойы күзетіледі		
443.	ЖЗ қоймасының күзетілуі, құралдары мен қарауылдарды тексеру тәртібі. Ұйым басшылары ЖЗ қоймасының күзетілуін, объектіге ену тәртібін, қарауылдық және күзет үй жайларын техникалық жабдықтармен (қоршаумен, жарықпен, байланыспен және видеобақылаумен), қарауыл бекеттерін, вышкалар, қарауыл иттерге жай салумен қамтамасыз етілуі		
	Күзеттің түрі, құрамы, саны, бекеттердің орналасуы мен қойманы күзету тәртібі жобамен		

444.	<p>белгіленеді. Күзетуді қатаңдату үшін блок бекеттерінде орналасатын қарауыл иттер пайдалануға болады</p>		
445.	<p>Рұқсат тәртібі мынадай негізгі іс-шаралардың орындалуын қамтиды: 1) объектіге ену тәртібін белгілеу; 2) ЖЗ енгізу, әкелу, шығару және алып шығу тәртібін белгілеу; 3) өткізу тәртібін қамтамасыз ететін қызметтік үй-жайларды жабдықтау (қарауылдық және күзет үй жайлары, бақылау-өткізу және өту пункттері). Өткізу тәртібі бойынша әзірленген іс-шараларды ұйым басшысы бекітеді және күзетілетін объектінің барлық қызметкерлеріне жарияланады</p>		
446.	<p>Ұйымдарда ЖЗ жоғалуының барлық жағдайлары туралы басшыға хабарлау тәртібі анықталуы. ЖЗ жоғалу туралы кәсіпорын басшысы тәулік ішінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы өкілетті органның аумақтық бөлімшесі мен ішкі істер органына хабарлайды. Ұйым басшысы ЖЗ жоғалуына байланысты өндірістік жағдайдың, құжаттардың сақталуын қамтамасыз етеді. Комиссияның келуіне дейін оқиға болған орында, ЖЗ әрі қарай жоғалуына байланысты, адамдарды құтқару немесе авариялық жағдайды жою жұмыстарынан басқа барлық жұмыстар</p>		

тоқтатылып, ЖЗ іздеу
мен орнына қайтару
шаралары жасалады

Лауазымды адам (-дар) _____

лауазымы

қолы

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бақылау және қадағалау субъектісінің басшысы _____

лауазымы

қолы

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің м.а.
2022 жылғы 30 қарашадағы № 102 мен

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрі
2022 жылғы 30 қарашадағы
№ 260 бірлескен бұйрығына
21-қосымша

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2015 жылғы 15 желтоқсандағы
№ 1206

және Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 814 бірлескен бұйрығына
21-қосымша

**Мұнай-химия, мұнайды қайта өңдеу салаларының қауіпті өндірістік объектілеріне қатысты
өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау аясындағы
тексеру парағы**

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық
бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган _____

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық
бақылауды

тағайындау туралы акт _____

№, күні

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі),
бизнес- сәйкестендіру нөмірі _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1-Бөлім. Жалпы ережелер			
1-тарау. Негізгі ережелер			
1.	Резервуарлардағы тыныс алу құрылғыларының жай-күйін бақылау және тазарту бақылауын жүзеге асыру бойынша технологиялық регламентте мәліметтер болуы және осы ережелердің орындалуы		
2.	Резервуарларды булауға, үрлеуге, шаюға және тазартуға арналған алмалы-салмалы құбырлардың болуы		
3.	Резервуарлардың және сорғы орнының құбыр орамы апаттық жағдай пайда болған кезде өнімдерді бір резервуардан екіншісіне айдау мүмкіндігін қамтамасыз етуі		
4.	Резервуарлар төмендетілген аспап іріктегіштермен жабдықталғандығы		

5.	Резервуарлардағы деңгейді бақылау үшін оны бақылау-өлшеу аспаптарымен жабдықтау		
6.	Резервуардың шатырында баспалдақтан бастап қызмет көрсетілетін құрылғыларға дейін қоршауы (сүйеніштері) бар жүріс көпірлерінің болуы		
7.	Резервуардың ішінде булық ирек құбыр орналасқан кезде конденсатты шығаруға арналған құрылғы көзделуі		
8.	Автокөлік құралдарың ұшқын басатын құрылғылармен жабдықталғандығы		
9.	Барлық тереңдетілген металл ыдыстар құм салынған немесе мәжбүрлі желдету құрылғысы бар және дренажды сорғылармен жабдықталған бетон ойықтарда орналастырылуы		
10.	Жерасты ыдыстарын люктен түбіне дейін стационарлық саты-баспалдақпен жабдықтауының бар болуы		
11.	Технологиялық аппараттардың люктерінің қақпақтары сүйеніштермен және тұтқалармен жабдыкталуы		
12.	Резервуарлық парк аумағына кіру үшін баспалдақ-өткелдердің бар болуы		
13.	Опырылым ішінде шұңқырлар мен орлар қазуымен байланысты жұмыстардағы үзілістер кезінде ескерту		

	белгілерін орната отырып , биіктігі кемінде 0,7 метр уақытша қоршаулар орнатылуы		
14.	Жергілікті жарықтандыру үшін жарылыс қауіпсіз орындалатын аккумуляторлық қолшамдардың бар болуы		
15.	Резервуарға көтерілуге және одан түсуге тек қана тұтқыштар мен сүйеніш қоршауларын пайдалана отырып, ақаусыз баспалдақтар және баспалдақ марштары бойынша рұқсат етілмеуі		
16.	Резервуардың базалық биіктігі (биіктік трафареті) жыл сайын резервуарды жөндегеннен кейін жазғы кезеңде өлшенеді, өлшеу нәтижесі техникалық басшы бекітетін және бөлшекте кестелерге қоса берілетін хаттамамен ресімделуі		
17.	Тазалаудан және жөндеуден кейін резервуарды қабылдау актімен ресімделеді		
2-Бөлім. Мұнай-химия, мұнай өңдеу салаларындағы қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздігі қамтамасыз етудің жалпы тәртібі			
2-тарау. Негізгі ережелер			
18.	Барлық қолданыстағы және жаңадан пайдалануға берілетін өндірістер үшін технологиялық регламенттер әзірленеді және бекітілуі		
19.	Технологиялық жабдық, бақылау, басқару, дабыл, байланыс және апатқа қарсы автоматтық қорғау құралдары (бұдан әрі - АҚҚ) мынадай мерзімділікпен сыртқы тексеруден өткізілуі		

	туралы ауысымдарды қабылдау және тапсыру журналына жазуын енгізуімен олардың мерзімдігін сақтауы		
20.	Жылуфикациялық суда жұмыс істейтін қаздырғыш серіктер жүйесі жұмысының гидравликалық беріктігін қамтамасыз ету үшін әрбір серікке шектеу тығырықтарының бар болуы		
21.	Сорғының немесе компрессордың айдау және сору құбырларында орнатылатын тиек, қырку және сақтандыру құрылғылары қызмет көрсету үшін ыңғайлы және қолжетімді аймақта болуы		
22.	Сақтандыру клапандарын орналастыру орындары олардың қызмет көрсету ыңғайлылығын қамтамасыз ететін алаңдармен жабдықталуының бар болуы		
23.	Іске қосу және режимге шығару мерзімдері белгіленген, барлық іске қосу алдындағы барлық шараларды қауіпсіз жүргізу және ұйымдастыруға жауапты тұлғалардың тағайындалғаны, қондырғыны іске қосу алдындағы барлық қауіпсіздік шараларды қамтамасыз ету туралы кәсіпорын бойынша бұйрықтың болуы.		
24.	Өндіріс бойынша қондырғыны іске қосуы бойынша технологиялық регламентте мәліметтер болуы және осы ережелердің орындалуы		

25.	Қондырғыны іске қосу алдында барлық энергиямен қамтамасыз ету (жылу-, су-,электрмен жабдықтау, инертті газдармен жабдықтау) жүйелерінің, жылыту және желдетпе жүйелерінің жұмысқа қабілеттілігін, сондай-ақ осы қондырғыға қызмет көрсететін шырақ жүйесінің жұмысқа дайындығын тексеру бойынша құжаттың болуы		
26.	Жабдықтың іске қосылуы алдында және тотқатылғаннан кейін процесс ерекшеліктерін ескере отырып, инертті газбен немесе су буымен үрлеу талдамаларының нәтижелерінің болуы		
27.	Бастапқы іске қосудың алдында және жөндеуден кейін жабдықты және құбырларды үрлеуден кейін жанғыш заттардың жарылыс қауіпті концентрациясының түзілу мүмкіндігін болдырмайтын оттегінің қалдық құрамын өлшеу нәтижесінің болуы		
28.	Оны жөндеуге дайындау кезінде инертті газбен үрлеуден кейін аппараттағы жанғыш заттардың құрамы жұмыс аймағы ауасындағы шекті рұқсат етілетін концентрациядан аспайтынын иуралы өлшеу нәтижесінің болуы		
	Қышқылдардың және сілтілердің реагенттерін, ерітінділерін дайындау бойынша барлық операциялардың (реагенттер қоймаларында жүргізілуіне, механикаландырылуға,		

29.	қол еңбегін, персоналдың технологиялық ортамен байланысын болдырмауға) орындалуы бойынша технологиялық регламентте мәліметтер болуы және осы ережелердің орындалуы		
30.	I және II қауіптілік сыныптарының зиянды заттарымен байланысты реагенттер қоймаларында барлық жұмыстар желдетпе жұмыс істеп тұрғанда жүргізілуі		
31.	Еденнің үстіңгі бетінен өнімдер төгінділерінің өңделуі және жойылуы бойынша технологиялық регламентте мәліметтер болуы және осы ережелердің орындалуы		
32.	I, II және III қауіптілік сыныбы сұйық реагенттерін тасымалдайтын, айдайтын құбырлардың фланецтік қосылыстарында қорғаныш қаптары орнатылуы		
33.	Реагенттерді аппараттарға қол әдісімен құюға рұқсат етілмеуі. Осы мақсат үшін сорғыны немесе инертті газбен басу жүйесін көздеу қажеттігі		
34.	Адамдар мен көлік өтетін орындардың үстінен реагенттері бар құбырларда фланецтерді орнатуға рұқсат етілмеуі		
35.	Қышқылды және сілтілі суларды жалпы кәрізге құюға рұқсат етілмеуі		
3-тарау. Кәсіпорын аумағын, ғимараттар мен құрылыстар құрылығысына және оларды ұстауға өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі			
	Ғимарат немесе құрылыстың белгіленген қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін одан		

36.	<p>әрі пайдалану мүмкіндігін, қайта жаңартуды жүргізу немесе пайдалануды тоқтату қажеттілігін белгілей отырып, ғимараттың және (немесе) құрылыстың сенімділігі мен орнықтылығына техникалық зерттеп-қарау актінің болуы. Ғимараттың және (немесе) құрылыстың технологиялық объектіні қайта жаңарту немесе ғимарат немесе құрылыстың функционалды арналуын өзгерту алдында, құрылыс конструкциялары тұтастығының бұзылуы (жарылу, арматураның жалаңаштануы) анықталған кезде, сондай-ақ жарылысты және/немесе өрт апатынан кейін сенімділігі мен орнықтылығына техникалық зерттеп-қарау актінің болуы</p>		
37.	<p>Зауыттық қызметтермен, хабар жерасты коммуникацияларымен келісім бойынша аумағында жұмыстар белгіленетін өндіріс басшысы берген рұқсат-жүктелімді ресімдемей жер жұмыстарын жүргізуге рұқсат етілмеуі. Рұқсат-жүктелімде жұмыстарды жүргізу шарттарының көрсетілуі</p>		
38.	<p>Өндірістік жайлардың кіру есіктерінде жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі бойынша жайлардың санаттарын және жарылыс қауіпті аймақтардың</p>		

	сыныптарын білдіретін жазбалар жазылуының бар болуы		
39.	Процесте сілтілер және немесе қышқылдар айналатын объектілерде өз-өзіне көмек кернейі немесе бақалшағы астында адам кірген кезде автоматты түрде қосылатын апаттық душтар орнатылуы		
40.	Ауданы 60 шаршы метрден астам басқару бөлмесінің негізгі шығуға қарама-қарсы жағынан орналасқан қосалқы шығуы болуға тиіс. Негізгі кіру тамбур немесе коридор арқылы жайластырылуға тиіс; қосалқы шығу ғимараттың сыртында болуға тиіс, оның тамбуры болмауы мүмкін, есік тығыздағышты болуға және жылытылуға тиіс. Басқару бөлмесі ғимараттың екінші қабатында орналасқан кезде қосалқы шығудың ғимараттың сыртында баспалдағы болуы		
41.	Өндіріс аумағында желдің бағытын және жылдамдығын анықтайтын аспап орнатылуы. Аспаптың көрсеткіштері басқару бөлмесіне шығарылуы		
42.	Автомашиналардың, тракторлардың және басқа да механикаландырылған көлік құралдарының кіруіне тыйым салынған ұйымның аумағында тыйым салу белгілері орнатылуы		
4-тарау. Жеке технологиялық процестерге өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі			
1-Параграф. Каталитикалық процестер			

43.	Катализаторды тиеу, түсіру, сейірту кезінде персонал респираторларды, қорғаныш көзілдіріктерін, қолғаптарды пайдалануға және нақты катализаторды жеткізушінің техникалық шарттарына сәйкес катализатормен жұмыс істеу кезіндегі талаптарды сақтауы		
44.	Алаңға төгілген катализатор жинап алынуы		
45.	Реакторды катализаторды тиеуге және түсіруге дайындау үшін операцияларын орындау бойынша технологиялық регламентте мәліметтердің болуы және осы ережелердің орындалуы		
46.	Катализатор тиелген реакторды саңылаусыздыққа тексеру орындау бойынша технологиялық регламентте мәліметтер болуы және осы ережелердің орындалуы		
47.	Құрамында суы бар газ берілісі алдында жүйе жұмыс қысымына тең қысымда саңылаусыздыққа азотпен сыналу актісінің болуы		
48.	Қысымның көтерілу және түсу жылдамдығы бойынша технологиялық регламентте мәліметтер болуы және осы ережелердің орындалуы		
	Шұғыл жағдайларда реакторлық блок жүйесінен қысымды апатты түсіруді көздеу қажеттігі. Қысымды апатты түсіру режимі		

49.	және қызмет көрсетуші персоналдың іс-әрекеті технологиялық регламентте мәліметтер болуы және осы ережелердің орындалуы		
2-Параграф. Мұнай коксы өндірісі - баяулатылған кокстеу			
50.	Коксты гидрокесу үшін су беретін жоғары қысымды сорғы жоғары орнатылған сорғыны айдау желісінде қысым артқан кезде оның қозғалтқышын ажырататын бұғаттаумен және бұрғылау қондырғысы штангісі жоғарғы жағдайын бұғаттаумен жабдықталуы		
51.	Бұрғылау жүкарбасының ақаусыз тежегіш жүйесі және кронблок астында тальдык блок ескіруге қарсылығының болуы		
52.	Әрбір камера люгінің жанындағы жоғарғы жұмыс алабы бұрғылау құралын және жабдықты қысқы мезгілде қыздыру үшін бу беру жүйесімен жабдықталуы		
53.	Бұғаттаудың болуына қарамастан, жүкарба немесе ротор жұмыс істеген кезде бұрғылаушы басқару бекетінде болуы		
3-Параграф. Мұнай битумы өндірісі			
54.	Барлық тотықтырғыш текшелер көбікке қарсы тұнба бері жүйесімен жабдықталуы		
	Битум алу бойынша мерзімді іс-әрекет қондырғылары мыналармен жабдықталуға тиіс: тек қана ондағы өнім регламенттелгеннен төмен емес деңгейге жеткен кезде		

55.	тотықтырғыш текшелерге ауа беруді көздейтін бұғаттауы; технологиялық режимнің регламенттелген параметрлері бұзылған кезде текшелерге ауа беруді автоматтық ажыратуға арналған апаттық бұғаттауы		
56.	Барлық тотықтырғыш текшелер сақтандыру клапандарымен немесе мембраналы сақтандыру құрылғыларымен жарактандырылуы		
57.	Тотықтырғыш текшелерге түсетін ауаның қысымын технологиялық регламентті белгіленгеннен төмен азайтуға рұқсат етілмеуі		
58.	Жұмыс істеп тұрған тотықтырғыш текшенің шатырына көтерілуге рұқсат етілмеуі		
59.	Құю кезінде битум көбіктенген жағдайда құюды тоқтату қажеттігі		
60.	Битумды вагондарға және автобитумтасығыштарға құюмен, байланысты барлық ауыр және еңбекті қажетсінетін жұмыстар механикаландырылуы		
61.	Ыстық битумды құю болатын ашық қазаншұңқырлар қоршалады. Ыстық битумды құю кезінде қазаншұңқырға жақын жерде тұруға рұқсат етілмейді. Тотықтырғыш текшелерден таратқышқа битумды айдау кезінде адамдардың таратқышта және оған жақын жерде болуына рұқсат етілмеуі		

62.	Текшені тазалауды ашық жоғарғы және төменгі люктерден жүргізу қажеттігі. Текшені тазалау бойынша жұмыстар жұмыстардың газқауіпті түрлеріне жатады және ұйымда әзірленген және қауіпті өндірістік объект иесі бекіткен газқауіпті жұмыстарды қауіпсіз жүргізу нұсқаулығына сәйкес орындалуы		
63.	Теміржол цистерналарға битумды құю алдында олар судан, қардан және басқа да заттардан тазартылуы		
64.	Шанағы, қақпақтары, сондай-ақ төңкерілуге қарсы тірек құрылғысы ақаулы теміржол бункерлерлеріне битумды құюға рұқсат етілмеуі		
65.	Теміржол және автоцистерналарға битумды құю үшін эстакадалардың үстінде оларды атмосфералық жауын-шашыннан қорғайтын аспалар орнатылуы		
66.	Құюмен айналысатын жұмысшылар арнайы киіммен, қорғаныш көзілдіріктерімен, қолғаптармен және шалбар балағында қонышы бар етіктермен жарақтандырылуы		
67.	Битумды ыдысқа құю орны желден, атмосфералық жауын-шашыннан қорғалуға және жергілікті желдету сорғысымен жабдықталуы		
	Таратқыштағы шығын желісіндегі тиек құрылғысын ыдысты		

68.	толтыру кезінде күйік мүмкіндігін болдырмайтындай арақашықтықта орналастыруы		
69.	Автотиегіштерде жұмыс істеуге сәйкес келетін категориясы және жүргізуші куәлігі құқығы бар жүргізуші тұлғалар жіберілуі		
70.	Теміржол вагондарынан шикізатты түсіру, қоймаға тасымалдау және аппараттарды тиеу механикаландырылуы. Теміржол вагондары түсіру алдында екі жағынан тежегіш кебішелермен тежелуі		
4-Параграф. Күкіртсутегіден қарапайым күкіртті алу			
71.	Гидроқакпақтарды шөгінділерден мерзімді тазарту туралы журналда жазбалардың болуы		
72.	Гидроқакпақтың булық жейдесінде конденсаттың жиналуына рұқсат етілмеуі		
73.	Қондырғыға қызмет көрсететін барлық қызметкерлер тыныс алу органдарын қорғаудың тиісті құралдарымен қамтамасыз етілуі		
74.	Реактор-генератордың және қыздырғыштардың оттықтарында ауаның және газдың оттықа берілісінің регламенттелген арақатынасы автоматты түрде қолдануы		
75.	Ауа қысымы төмендеген кездже күкіртсутегінің ауа құбырларына түсуін болдырмау үшін оттық алдында ысырмадағы тікелей күкіртсутегі желісінде қырыққыштар орнатылуы. Қарауға арналған қабырғаларда		

	күкірт шөгіндісін болдырмау үшін оларды мерзімді түрде тазалап отыруы		
76.	Құрамында күкіртті сутегі бар барлық аппараттарды, агрегаттарды және құбырларды ашар алдында инертті газбен булау және үрлеуді жүргізу актісінің болуы		
77.	Газ камераларында газқауіпті жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу бойынша нұсқаулықтың болуы		
78.	Араласуына жол беруге болмайтын өнімдерді ағызу-құюды жеке ағызу-қю эстакадаларда немесе на жеке тіреуіштерде жүргізуі. Жалпы теміржол ағызу-қю эстакадасында түсті және қошқыл мұнай өнімдері үшін ағызу-қю операцияларын жүргізуге рұқсат етілуі		
79.	Негізделген жағдайларда мұнай өнімін ауыстыруға қауіпсіздікті қамтамасыз ететін әзірленген іс-шаралар орындалғаннан кейін пайдаланушы ұйым техникалық директорының (бас инженерінің) жазбаша рұқсаты бойынша рұқсат етілуі		
80.	Қю эстакадалары ақаулы цистерналарды мұнай өнімдерінен босату үшін арнайы бекеттермен немесе жүйемен жабдықталуы		
81.	Мұнай өнімдері құюдың (ағызудың) алдында эстакада аумағынан локомотивті алып кету және кілтпен жабылатын		

	айырғышты жабу қажеттігі		
82.	Теміржолдарда және ағызу-қую учаскесіне баратын жолдарда "Токта!", "Өтуге тыйым салынады!" деген ескерту жазбалары ілінуі		
83.	Қую құрылғыларына қосылған цистерналарды ағызу-қую жүргізілмейтін кезде қалыдруға рұқсат етілмеуі		
6-Параграф. Электртүзсыздандыратын қондырғылар			
84.	Электртүзсыздандыратын қондырғы электрожабдығы жарылыстан қорғалған орындаудың болуы		
85.	Электродегидратордың аппаратта мұнай өнімінің деңгей регламенттелгеннен төмен азайған кезде кернеуді ажыратуға бұғаттауыдың болуы		
86.	Электродегидратордан және тұндырғыштан суды сіңіру жабық әдіспен автоматтық режимде жүзеге асырылуы		
7-Параграф. Атмосфералық-вакуумдық және термиялық крекинг қондырғылары			
87.	Ыстық пеш сорғыларының жұмысына тұрақты бақылау болуы. Сорғыларды қоректендіретін аппараттардағы өнім деңгейінің төмендеуі және/немесе қысымды технологиялық регламентте белгіленген шекті рұқсат етілетін шамаларға дейін түсіруді жарық және дыбыс дабылымен қамтамасыз етуі		
8-Параграф. Пирофорлық қосылыстарды дезактивациялау			

88.	Өндірістің жұмыс процесінде және жабдықтар мен құбырларды жөндеуге дайындау кезінде прифорлық қосылыстарды дезактивациялау бойынша шараларды және құралдарды қарастыратын құжаттың болуы		
89.	Аппараттарды тазалау кезінде аппараттың қабырғаларындағы шөгінділерді дымқылдау қажеттігі. Аппараттарды тазалау кезінде ұшқынғақауіпсіз құралдар қолданылуы. Бұл жұмыстарды орындауға рұқсат-жөнелтім ресімделуі		
90.	Жабдыктан алынған пирофорлық шөгінділерді олар жойылғанға дейін ылғалды жағдайда ұстауы		
5-тарау. Мұнай-химия және мұнай өңдеу салаларындағы зертханаларда өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету			
91.	Зертханалар жеке тұрған ғимараттарда орналасуы		
92.	Зертхананың ғимаратында оларға тәуліктік қажеттіліктен аспайтын ТЖС газдарының қорын сақтауға рұқсат етілмеуі. ТЖС қорын арнайы бөлмеде сақтауға рұқсат етілуі		
93.	Оларға қатысты ерекше жібер, сақтау, есепке алу және тасымалдау (сулема , көгеретін қышкыл және тұздар, күкірт көміртегі, метанол) шарттары қолданылатын заттар құлыптанатын және пломбыланатын металл		

	шкафта сақталуы. Бұл заттарды сақтауға арналған ыдыс саңылаусыз болуға және "У" деген жазуы және заттардың атауы бар зетбелгісі болуы		
94.	Металл натрийді (калий) судан алшақ керосин қабатындағы ыдыстра сақтауы. Натрийдің (калийдің) қалдығын жұмыстан кейін бақалшақтарға тастауға рұқсат етілмеуі, таза қалдықтарды керосині бар банкіге салуы		
95.	Сұйық азотты және оттегіні зертханаларға Дьюар металл ыдыстарында жеткізу және сақтауы. Сұйық азотты және оттегіні тез жанатын заттармен, майлармен бірге сақтауға немесе оларды бірге тасуға рұқсат етілмеуі		
96.	Зертхана бөлмесінде белгілі бір талдауды орындаумен тікелей байланысты жұмыстарды жүргізуге рұқсат етілмеуі		
97.	Вакуум астындағы аппаратурамен жұмыс істеуді бастаудың алдында оны саңылаусыздыққа тексеруі		
98.	Ыдысты жуу үшін құмды, зімпара қағазын пайдалануға рұқсат етілмеуі		
99.	I және II қауіптілік сыныптарының улы және зиянды заттарын ұсақтау сору шкафындағы жабық түйгіштерде жүргізілуі. Бұл операцияны жүргізетін қызметкер қорғаныш		

	көзілдіріктерімен және резеңке қолғаптармен қамтамасыз етілуі		
100.	Селективті еріткіштер және олар құрамында бар мұнай өнімдері осы мақсат үшін арнайы бөлінген орында жақсы жабылған ыдыста сақталуы. Селективті еріткіштердің қорларын зертхананың арнайы жабық бөлмесінде ұстау керек. Ауысым ішінде жұмыс үшін қажетті селективті еріткіштердің көлемі еріткіштердің шығын журналында тіркелуі. Селективті еріткіштердің тізімін ұйымның техникалық директоры (бас инженер) бекітуі		
101.	Барлық өңделген химиялық реактивтерді және зиянды заттарды осы үшін арналған таңбаланған ыдыстарға құюы. Көрсетілген өнімдерді бақалшаққа құюға рұқсат етілмеуі. Жұмыс күнінің немесе ауысымның соңында барлық қалдықтар зертханалардың үй-жайларынан алыстатылуы		
102.	Баллондардан шығатын газ зертхана бөлмесіне жұмыс орнында тиек құрылғысы бар газ құбыры арқылы берілуі. Баллондар оларды атмосфералық жауын-шашынна және инсоляциядан қорғайтын аспа астындағы зертхана ғимаратының сыртқы қабырғасында орналастырылады және торлы қоршау орнатылуы		
6-тарау. Технологиялық жабдықтар және құбырларды пайдалану және жөндеу кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету			

103.	Барлық техникалық құрылғылар олардың техникалық сипаттамаларына және паспорттық деректеріне және пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарға сәйкес пайдаланылуы		
104.	Барлық технологиялық аппараттарға технологиялық схема бойынша айқын білінетін позиция жазылуы. Әртүрлі белгілерде (қабаттарда) бөлмедегі бағана түріндегі аппараттардың әрбір белгіде (қабатта) таңбасының болуы		
105.	Тез жанатын және газ тәрізді өнімдердің, селективті еріткіштердің және реагенттердің сынамаларын іріктеу сынама іріктеу келте құбырларын бөлмеден сыртқа шығару үшін үй-жайлардан тыс жүргізілуі		
106.	Бөлмеде сынамаларды іріктеу қажеттілігіне қарай сынама іріктегіш сору желдетпесімен жабдықталған арнайы шкафа орнатылуға тиіс, бұл ретте желдетпе шкафтың есігін ашу кезінде автоматты түрде қосылуы		
107.	Жабдықты құрамдастыру жабдыққа қызмет көрсету және жөндеу ерекшелігін ескеруге, сондай-ақ тұрақты жұмыс орындарындағы кемінде 2 метр негізгі өтпе жолдарды; машиналарға қызмет көрсету шебі бойынша кемінде 1,5 метр өтпе жолдарды; сондай-ақ аппараттар мен құрылыс		

	конструкциялары арасындағы шеңберлік қызмет көрсету қажеттілігіне қарай кемінде 1 метр арақашықтықты қамтамасыз етуі		
108.	Сыртқы қондырғыларға қызмет көрсетуші персонал үшін қыздыруға арналған бөлмелер көзделуі		
109.	Қолданыстағы жабдықта және құбырларда жөндеу жұмыстарын жүргізуге рұқсат етілмеуі		
110.	Жарылыс қауіпті аймақтары бар қондырғыларда жұмыстарды жүргізу кезінде ұшқын қаупі жоқ құралды пайдалануы		
111.	Жұмысшылар үшін қауіптілік көзі болуы мүмкін жабдықтың тораптары, бөлшектері, құрылғылары және бөлшектері, сондай-ақ қоршау және қорғау құрылғыларының үстіңгі беттері сигналдың түстерге боялуы		
112.	Ауыр бөлшектерді және жеке жабдықты көтеру және тасу үшін стационарлық немесе жылжымалы жүк көтеру тетіктері көзделуі		
1-Параграф. Құбырлы пештер			
113.	Пештер тұтандыру құрылғыларымен, жеке жылумен жабдықтау жүйесімен жарактандырылған кезекші (пилоттық) оттықтармен жабдықталуы		
114.	Жұмыс және кезекші оттықтарды құрылғы отының болуын сенімді		

	тіркейтін жалынды басу дабыл қаққыштарымен жабдықтаулуы		
115.	Газ тәрізді отын құбырларында негізгі оттықтарға газ қысымы рұқсат етілетіннен төмен азайған кезде іске қосылатын пештегі жалпы қырқу құрылғысына қосымша сақтандыру-тиек клапандарыдың (СТК) орнатылуы		
116.	Пештерді ғимараттардан тыс орналастыру кезінде сұйық және газ тәрізді отын жалпы құбырларында тиек органдары пештен 10 метрден жақын емес қауіпсіз арақашықтықта орналасуы		
117.	Пешті жағу кезінде технологиялық регламентте көзделген бардық бақылау аспаптары және барлық дабылдың қосылуы		
118.	Отынның барлық жұмыс істемейтін (оның ішінде уақытша жұмыс істемейтін) оттықтарға беріліс құбырлары өшірілуі		
119.	Пештер су буының оттық кеңістігіне және құбырлардың қызуы кезінде ирек құбырларға автоматтық беріліс құралдарымен, сондай-ақ ирек құбырлар жүйелеріндегі апаттар кезінде шикізат және отынның беріліс автоматтық ажырату құралдарымен жабдықталуы		
120.	Пештің жұмысын бақылайтын тіркелетін аспаптардың бар болуы		

121.	Апатқа қарсы автоматтық қорғау жүйесі апатқа қарсы параметр дабылымен және атқару органдарының іске қосылу дабылымен жабдықталуы		
122.	Құбырлы қыздыру пешін пайдалану кезінде бақылау-өлшеу аспаптарының көрсеткіштерін қадағалау, ирек құбыр түтіктерінің, құбырлы аспалардың және пеш қаламасының жай-күйін шолып бақылауды жүргізу қажет. Құбырдарда шамадан тыс үрлеу, олардың күйі, қаламаның немесе аспалардың деформациясы, ретурбенттерді өткізу кезінде оттықты сөндіру, пешке өнімнің берілісін тоқтату, оттықа буды беру және құбырларға өнім жүрісі бойынша бумен немесе инертті газбен үрлеуі		
123.	Пеш жұмыс істеп тұрған кезде камералардың есіктері жабық болуы		
124.	Пештегі жөндеуге дайындау және жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде газ қауіпті жұмыстарды қауіпсіз жүргізуді ұйымдастыру бойынша құжаттың болуы		
125.	Өндірістік объектілер найзағай әсерінен қорғалуға тиіс. Барлық жарылыс-өрт қауіпті объектілер жоғары әлеуеттер тоздыруынан қорғалуға және статтық электр тогы зарядтарының жиналуын болдырмайтын құрылғылармен жабдықталуы		

126.	Пешті және оған орнатылған жабдықты жөндеуге дайындау бойынша технологиялық регламентте мәліметтер болуы және осы ережелердің орындалуы		
2-Параграф. Сорғылар			
127.	I және II қауіптілік сыныбы сұйықтықтарын ауыстыру үшін қосарлық ұштық тығыздамасы бар саңылаусыз, мембраналы немесе ортадан тепкіш сорғылар қолданылуы		
128.	Құбырлардан, сорғылардан және сорғы бөлмесінде орналасқан басқа да жабдықтан қалдықтарды шығару сорғы бөлмесінен тыс жабық коммуникациялар арқылы; сұйықтық – арнайы арналған ыдысқа, ал булар және газдар шыраққа жүргізілуі		
129.	Ашық сорғы бөлмелерінде еденді жылыту көзделуге тиіс.		
130.	Тұтқырлығы жоғары, суланған немесе суыған айдау сорғыларын өнімнің сыртқы ауасының температурасында, ашық алаңдарда орнату жұмыстың үздіксіздігін, жылу оқшаулауды немесе сорғыларды және құбырларды қыздыруды, сорғыларды және құбырларды үрлеу немесе шаю жүйелерінің болуын қамтамасыз ететін шарттарды негіздеуді және сақтауды талап етуі		
131.	Тез жанатын және жанғыш сұйықтықтарды айдайтын сорғылардың шанақтары сорғылармен бір рамадағы		

	электрқозғалтқыштардың жерге тұйықталуына қарамастан жерге тұйықталуы		
132.	Олардың қозғалтқышпен тіркелу муфтасында қоршау болмаған кезде ортадан тепкіш сорғылардың жұмыс істеуіне және пайдалануға рұқсат етілмеуі		
133.	Сорғы бөлмелеріндегі құбырларда ағын қозғалысының бағытын, жабдықта технологиялық схема бойынша позициялардың нөмірін, ал қозғалтқыштарда ротордың айналу бағытын көрсету		
134.	Сорғы бөлмелеріндегі сорғы жабдығы, едендер және науалар таза ұсталуы қажет. Ағын сулар құрамында қышқылдар, сілтілер, селективтік еріткіштер, этил сұйықтығы және басқа да улы және зиянды заттары бар еденді және науаларды жуғаннан кейін арнайы ыдыстарға жиналуға және кәрізге түсіру алдында технологиялық регламентке қатаң сәйкестікте залалсыздандыру		
3-Параграф. Компрессорлар			
135.	Компрессор бөлмесі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін жүк көтеру құрылғыларымен және механизация құралдарымен жабдықталуы		
136.	Негізделген жағдайларда компрессор бөлмесі машинистің тұрақты		

	болуы үшін дыбыс окшаулағыш кабинамен жабдықталуы		
137.	Компрессорды майлауға арналған майдың сертификаты болуға және компрессорға арналған зауыттық паспортта көрсетілген маркаға (тұтқырлығы, жарқыл, өздігінен тұтану температуралары, термиялық беріктігі бойынша) және нақты шарттарда осы түрдегі компрессордың жұмыс істеуі үшін тән айырықша ерекшеліктерге сәйкес келуі		
138.	Ауа компрессорларының цилиндрлері үшін өздігінен тұтану температурасы 400 градус Цельсийден төмен емес және булар жаркылының температурасы сығылған ауа температурасынан 50 градус Цельсийше жоғары жағар май қолданылу		
139.	Компрессорды салқындату жүйесінің салқындатқыш суының температурасына шекті рұқсат етілетін мәнге қол жеткізген кезде температураның қауіпті мәндер дабылымен және ПАЗ жүйесіне бұғаттай отырып, тұрақты бақылауды жүзеге асыру		
140.	Газды компрессордың қабылдауына беру жарық және дыбыс дабылымен, сондай-ақ сұйықтықтың шекті рұқсат етілетін деңгейіне қол жеткізген кезде компрессордың тоқтауын қамтамасыз ететін бұғаттауы бар сұйықтық бөлгіштер (

	сепараторлар) арқылы жүзеге асырылуы		
141.	Компрессор бөлмелеріндегі құбырларда ағын қозғалысының бағытын, жабдықта технологиялық схема бойынша позициялардың нөмірін, ал қозғалтқыштарда ротордың айналу бағытын көрсету		
142.	Ажыратылған немесе ақаулы дабыл және бұғаттау құралдары бар компрессорларды пайдалануға рұқсат етілмеуі		
143.	Майды, суды және ластануларды май-ылғал бөлгіштерден, ауа жинағыштардан жою		
144.	Компрессорды жөндеу жұмыстарын орындау кезінде барлық технологиялық құбырлардан, стандартты бітемелердің көмегімен шырақ жүйесіне үрлеу желісін өшіру		
145.	Атмосфералыққа жақын сору қысымы бар компрессорларда қабылдаудағы қысымның рұқсат етілетіннен төмен түсуі кезінде агрегатты ажырату бойынша бұғаттаудың көзделуі		
146.	Компрессорлардың айдау желілерінде буферлік ыдыстар – пульсация басқыштардың орнатылуы		
7-тарау. Қосалқы жүйелер мен объектілерге өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету			
147.	Барлық желдету қондырғыларының оларды жөндеу және пайдалану бойынша паспорттары және журналдарың болуы		

148.	Өндірістік қажеттіліктерге сумен жабдықтау тұйық жүйе бойынша жүзеге асырылуы		
149.	Өнеркәсіптік кәріз желісінде жарылыс қауіпті булар мен газдардың таралуын болдырмау үшін оған гидравликалық қақпақтар орнатылуға тиіс. Мұндай қақпақтарды технологиялық жабдығы бар үй-жайлардан, технологиялық қондырғылар алаңдарынан, резервуарлар опырылмдарынан, ысырмалар тораптарынан, аппараттар топтарынан, сорғы бөлмелерінен, қазандықтардан, ағыз у - құю эстакадаларынан барлық шығуларда орнату		
150.	Өнеркәсіптік кәріздің жабық желісінің құдықтары әрдайым жабық ұтсалуға, ал қақпақтар болдат, темірбетон немесе кірпіш шығыршықта кемінде 10 сантиметр құм қабатымен жабылуы		
151.	Кәріз және сумен жабдықтау желілері мерзімді тексеруге және тазалауға жатады. Су құбырларын және кәріз құбырларын, құдықтарды, науаларды, гидрқақпақтарды тексеру және тазалау кесте бойынша жүргізілуі		
152.	Араласуы жылудың бөлінуімен, жанғыш және зиянды газдардың, сондай-ақ қатты шөгінділердің түзілуімен бірге жүретін реакцияларға әкеп соғуы		

	мүмкін ағын сулардың әртүрлі ағындарын өнеркәсіптік кәрізге шығаруға рұқсат етілмеуі		
153.	Терендетілген сорғы станциялары сигналды басқару пультіне (оператор бөлмесі) шығара отырып, жарылыс концентрацияларына дейін автоматтық газ талдағышпен жарактандырылуы		
154.	Химиялық ластанған ағын сулардың сорғы станцияларын жеке тұрған ғимараттарда, ал қабылдау резервуарын сорғы станциясы ғимаратынан тыс орналастыру керек; сорғы станцияларының электрожабдығы жарылыстан қорғалған орындауда болуға тиіс. Сорғы станциясының ғимаратына тұрмыстық және қосалқы бөлмелерді қосып салуға рұқсат етілмеуі		
155.	Мұнай сүзгілегіштерді тазалау мерзімділігі және тәртібі бойынша технологиялық регламентте мәліметтер болуы және осы ережелердің орындалуы		
156.	Сумен жабдықтау және кәріз желілерінде құдықтардағы тиек арматурасын орнатуға рұқсат етілмеуі		
157.	Мұнай сүзгілегіштер және градирен тостағандары биіктігі кемінде 1 метр жанбайтын материалдардан жасалған периметр бойымен қоршауларға ие болуы		
8-тарау. Өндірістерге қызмет көрсету кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету			

158.	Ұйым қызметкерлері жеке сақтандыру құралдарымен, арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен, арнайы тамақпен және басқа да құралдармен қамтамасыз етіледі. Өндірістік персоналдың (негізгі және қосалқы) арнайы киімі қажеттілігіне қарай тозаңсыздандыруға және/немесе химиялық тазалауға және газсыздандыруға жатуы		
159.	Жарылыс қауіпті аймақтары бар үй-жайларда пайдаланылған сұрту материалына арналған жәшіктерді орнатуға рұқсат етілмеуі		
160.	Жарылыс қауіпті аймақтары бар объектілерге темір бедерлері немесе шегелері бар аяқ киіммен, сондай-ақ статтық электр тогы зарядын тарту қабілеті бар киіммен кіруге рұқсат етілмеуі		

Лауазымды адам (-дар) _____

лауазымы

ҚОЛЫ

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бақылау және қадағалау субъектісінің басшысы _____

лауазымы

ҚОЛЫ

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы
 Ұлттық экономика министрінің м.а.
 2022 жылғы 30 қарашадағы № 102 мен
 Қазақстан Республикасы
 Төтенше жағдайлар министрі

2022 жылғы 30 қарашадағы
№ 260 бірлескен бұйрығына
22-қосымша

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің

2015 жылғы 15 желтоқсандағы
№ 1206

және Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 814 бірлескен бұйрығына
22-қосымша

Мұнай базалары және жанармай құю станцияларының қауіпті өндірістік объектілеріне қатысты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау аясындағы тексеру парағы

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган _____

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт _____

№, күні

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі), бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді

1.	Қауіп-қатері жоғары жұмыстар жұмысқа рұқсат беру қағаздарының болуы		
2.	Қауіп-қатері жоғары жұмыстар технологиялық операциялардың дәйектілігін және олардың қауіпсіз жүргізілуін белгілейтін технологиялық регламенттің болуы		
3.	Жарылыс қауіпті бөлмелерде сыртқы қондырғыларда электр бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматика құралдардың орнатылуы		
4.	Әрбір мұнай базасында және автожанармай құю стансасында мұнай базасының, автожанармай құю стансасының жобасы; техникалық құрылғылардың паспорттары; техникалық құрылғыларды пайдалануға, жөндеуге қатысты технологиялық регламент, техникалық құжаттамалардың бар болуы		
5.	Мұнай базасы, автожанармай құю стансасы телефон және дауыс зорайтқыш байланыспен жабдықталуы		
6.	Мұнай базалары мен автожанармай құю стансаларының аумағындағы жолдар асфальттан, бетоннан немесе қиыршықтастан төселуі		
	Қауіпсіз өтуді қамтамасыз ету үшін аумақтағы жолдар мен өткелдер жақсы күйде		

7.	ұсталуы, қыстыгүні қардан тазартылуы, түнгі у а қ ы т т а жарықтандырылуы		
8.	Жаяу жүргіншілер үшін ені кемінде 0,75 метр тротуарлардың болуы		
9.	Теміржолдардың өткелдерінде, олардың жолдармен қиылысатын орындарында рельстердің бүркеншіктерімен бір деңгейде тұтас төсемдер, қорғау тосқауылдары, қауіп туралы ескертетін дабылдаманың орнатылуы		
10.	Мұнай базасының, АЖҚС аумағы таза ұсталуы. Аумақты ластауға және онда төгілген мұнай өнімдерінің, судың жиналуына жол берілмеуі		
11.	Мұнай базасының, АЖҚС аумағында ашық от көзін қолдануға жол берілмеуі		
12.	Жобалау ұйымы технологиялық процесте қолданылатын техникалық құрылғылар үшін оларды пайдалануға болатын мерзімнің белгіленуі, бұл жобалық құжаттама мен техникалық паспортта көрсетілуі		
13.	Жабдықтарды, механизмдерді, құралдарды ақаулы күйде немесе ақаулы қауіпсіздік құрылғыларымен (бұғаттайтын, тіркейтін және белгі беретін құрылғылар мен аспаптар), паспорттық өлшемдерден жоғары жүктемелермен және		

	қысымдармен пайдалануға жол берілмеуі		
14.	Пайдаланудан шығарылған жабдықтардың, құралдардың өлшем шарттарын анықтау жөніндегі өндірушінің құжаттамасы немесе жобалау- конструкторлы құжаттамасының болуы.		
15.	Іске қосу құрылғысында: "Қосуға болмайды! Адамдар жұмыс істеуде!" деген жазуы бар плакат ілініп қойылуы		
16.	Жобаға сәйкес жаңадан орнатылған немесе жаңартылған жабдықтардың тексеру актісінің болуы		
17.	Жабдықты техникалық куәландыру, орнату немесе пайдалану барысында оның технологиялық регламент талаптарына сәйкессіздігі анықталған жағдайда оны пайдалануға жол берілмеуі		
18.	Жабдықтың құрылымына өзгеріс жобалық-құрылымдық құжаттаманы әзірлеуші ұйыммен немесе жабдықты жасаушымен келісудің болуы		
19.	Жабдықты (аппараттарды, құбыр желілерінің учаскелерін) іске қосу немесе тоқтату кезінде технологиялық жүйеде жарылыс қаупі бар қоспалардың түзілуінің алдын алу шаралары (инертті газбен үрлеу, үрлеудің тиімділігінің бақылау) көзделуі		
20.	Жабдықтардың металл бөліктері жерге қосылуы		

21.	Қызмет көрсететін персоналдың жарақат алуына немесе оған зиянды әсер тигізуге себеп болатын техникалық құрылғылардың қоршалуы немесе қалқалануы		
22.	Машиналар мен жабдықтардың бекіткіш бөліктерінде және біріктіргіш элементтерінде жұмыс кезінде өздігінен босауға және ажырауға жол бермейтін құрылғылардың (қарсы сомындар, шплинттер, сыналар және басқалар) қарастырылуы		
23.	Жабдық оның қалыпты жұмысын қамтамасыз ететін мықты іргетаста (негізде) орнатылуы		
24.	Биіктіктегі жұмыс алаңдарының беті тайып кетуге жол бермейтін металл табақтармен жабдықталуы		
25.	Жарылыс-өрт қаупі бар, улы және күйдіргіш заттарды тасымалдайтын құбырларды тұрмыстық, қосалқы және әкімшілік-шаруашылық жайлар, электр қондырғыларының жайлары, желдеткіш камералар арқылы тартуға жол берілмеуі		
26.	Қызмет көрсетуші персоналдың тұрақты орны мұнай базаларының диспетчерлік бекетімен телефон (радиотелефон) байланысымен жарақтандырылуы		
	Өндірістік және басқа да жайлардың барлығы тазалықта ұсталуы. Өндірістік жайлар мен		

27.	жабдықтар белгіленген кесте бойынша мезгіл-мезгіл шаңнан және жанғыш қалдықтардан тазартылып тұруы. Өндірістік жайлар дәрі-дәрмек қобдишаларымен жарактандырылуы		
28.	Газ бөлінуі мүмкін жайларда техникалық басшы бекіткен кесте бойынша жұмыс аймағының ауасында зиянды газдың шоғырлануының тексерілуі. Ондай жайларда тиісті ескерту жазбалары бар тақтайшалардың ілінуі		
29.	Қызметкерлер тамақтану үшін арнайы жабдықталған жайлардың болуы		
30.	Мұнай базалары, автожанармай құю стансалары ішкі, сыртқы, соның ішінде күзеттік жарықтандырумен қамтамасыз етілуі		
31.	Мұнай базаларын және АЖҚС сыртқы жарықтандыру жүйесінің бөлек басқарылуы		
32.	Құю эстакадалары прожекторлармен жарықтандырылуы		
33.	Эстакадаларда тексеріп қарау, жөндеу және төгу-құю операцияларын жүргізу кезінде жергілікті жарықтандыру үшін жарылыс қаупі бар аймақтардан тыс қосылатын және ажыратылатын, жарылыс қаупі жоқ аккумуляторлы шамдардың қолданылуы		
	Ауданы 250 шаршы метрден асатын өнім жайларында, сорғы		

34.	жайларында, операторлардың бөлмесінде және диспетчерлік бекетте апаттық жарықтандырудың көзделуі		
35.	Өндірістік жайларда және ашық алаңдардағы жұмыс аймақтарында апаттық және эвакуациялық жарықтандырудың көзделуі		
36.	Мұнай базасының және АЖҚС өндірістік және жарылыс қауіпті жайларында ауа ортасын қалыптастыру үшін желдету жүйесімен жарықтандырылуы		
37.	Желдеткіш камераларда қандай да бір материалдар мен жабдықтарды сақтауға жол берілмеуі		
38.	Желдету жүйесі қашықтан (автоматты) немесе жайдан тыс жерде жергілікті әдіспен іске қосылуы		
39.	Жылыту-желдету жүйелерінің металдан жасалған ауа құбырлары мен құбыр желілері, жабдықтары жерге қосылуы		
40.	Желдету жүйесінде немесе қызмет көрсетілетін жайда өрт шыққан жағдайда желдеткіштер ажыратылуын, ал желдеткіштердің алдындағы және қалқандар жабылуын тексеру		
41.	Мәжбүрлеп қолданылатын желдеткіш қондырғылардың жұмыс істеу тиімділігі жыл сайын тексерілуі, тексеру		

	нәтижелері төлқұжатта белгіленуі		
42.	Тұрмыстық кәріз жүйесін өндірістік кәріз жүйесіне қосуға жол берілмеуі		
43.	Мұнай базаларын және АЖҚС-ны сарқынды су жинау және тазарту жүйесінсіз пайдалануға жол берілмеуі		
44.	Кәріз жүйесін пайдаланғанда тазарту құрылғыларының ақаусыз болуы		
45.	Пайдалану процесінде дірілге ұшырайтын жарылыс қаупі бар технологиялық жүйелер, жабдықтар, құбыр желілері үшін жабдықтардың апаттық қозғалу, ығысу мүмкіндігіне және жүйелердің саңылаусыздығының бұзылуына жол бермеу шараларының көзделуі		
46.	Сорғы стансаларының жайларында құбырлар кедір-бұдырланған металл қалқандармен жабылған арналарға төселуі		
47.	Сорғы стансаларының ішкі қабырғалары арқылы құбырлар өтетін орындарда тығыздауыш құрылғылардың болуы		
48.	Сорғының немесе компрессордың айдау және сору құбырларында орнатылатын жапқыш, айырғыш және сақтандырғыш құрылғылар сорғыға (компрессорға) барынша жақындатылған және қызмет көрсетуге ыңғайлы әрі қауіпсіз аймақта орналасуы		
	Сорғы жабдықтарының барлық қозғалатын		

49.	бөліктері металдан жасалған қорғаныстық қоршауларымен жабдықталуы		
50.	Жабдықтардың жылжымалы бөліктерінен орнатылатын қоршау тұтас немесе торлы, металл қаптамада болуы		
51.	Биіктігі 1250 миллиметрден кем болмайтын жабдық сүйеніштер түрінде қоршаудың болуы		
52.	Жиі тексерілуі тиіс жабдықтардың қоршаулары тез алынып-салынатын немесе қайырылатын болуы		
53.	Цельсий бойынша 45 градустан жоғары температура кезінде жабдықтар мен құбырлардың беттері қызметкерлер жанасуы мүмкін учаскелерде қоршалған немесе жанбайтын жылуоқшаулағыш материалмен қапталуы қамтамасыз етілуі		
54.	Сорғы стансасында орнатылған негізгі және қосалқы жабдықтардың технологиялық схемаға сәйкес реттік нөмірлерінің болуы		
55.	Сорғы стансасының, сумен жабдықтау, желдету, ауамен жабдықтау, отынмен жабдықтау және өрт сөндіру жүйелерінің негізгі және қосалқы жабдықтарының түсі басқалардан ерекше болуы. Құбыр желілерінде олардың		

	мақсаты және айдалатын ортаның қозғалу бағытының көрсетілуі		
56.	Қозғалтқышта, сорғыда айналу бағытын көрсететін нұсқар салынуы, ал іске қосу құрылғысында – "Қосу" және "Тоқтату" деген жазбалардың жазылуы		
57.	Сорғы стансасындағы сору және айдау құбырларында, әрбір сорғы агрегатында манометрлердің орнатылуы		
58.	Сорғы агрегатында жерге қосатын құрылғының көзделуі, ол жерге қосу белгісімен таңбалануы		
59.	Сорғы стансалары мәжбүрлеп ауа беру-тарту және апаттық желдету жүйесімен (ашық және жартылай ашық сорғы стансаларынан басқалары), өрт сөндірудің тұрақты құралдарымен, тұрақты немесе тасымалды жүк көтергіш құрылғылармен жарактандырылуы		
60.	Сорғы стансаларының жайлары жарылыс қаупі бар концентрацияларды анықтайтын газ талдағыштармен жарактандырылуы		
61.	Сорғы стансаларында тез тұтанатын сұйықтықтарды сақтауға жол берілмеуі		
62.	Сорғы стансасының сыртында қосылатын жарылыстан қорғалған тасымалданатын жарықтандыру құралының болуы		
	Әрбір сорғы стансасында апаттық құрал-сайман жинағының, аккумуляторлы шамдар		

63.	қорының қамтамасыз етілуі, олардың оператор бөлмесіндегі арнайы шкафтарда сақталуы		
64.	Технологиялық құбыр желілерінің, жабдықтардың, жапқыш арматураның құрылысы және орналастырылуы жобалау талаптарына сәйкес келуі, сондай-ақ технологиялық құбыр желілерінің (бөлшектері мен арматураның) саңылаусыздығы мен беріктігінің тексерілуі		
65.	Қотару және құю стансаларының құбырларына жерасты және жерүсті құбырларын және оларға орнатылған жапқыш құрылғыларды орнатудың технологиялық схемасының жасалуы, сондай-ақ сорғылар қауіпсіздікке әсер ететін жұмыс өлшемдерінің бұзылуы туралы ескертетін дабылдама құралдарымен жаратандырылуы		
66.	Арматура орнатылған немесе аппараттар жалғанған орындарынан басқа орындарда ернемектік немесе басқа да ажыратқыш қосылыстардың болуы		
67.	Жер үстімен тартылған құбыр желілерінің аспалары мен тіректерінің күйіне бақылау жүргізілуі		
68.	Қызметкерлердің құбыр желілері арқылы өтетін орындарында өту алаңдары немесе қанатты көпіршелердің салынуы		
	Науалар мен орлар жанбайтын материалдан		

69.	жасалатын тақталардың болуы		
70.	Құбыр желілеріндегі науалар, орлар және құдықтар таза ұсталынуы , сондай-ақ құдықтарда, камераларда немесе орларда (науаларда) орнатылған жапқыш арматурада қызметкер құдыққа немесе орға (науаға) түспей ашуға (жабуға) мүмкіндік беретін жетектердің бар болуы		
71.	Құбыр мен арматураны жылыту үшін ашық от көзін пайдалануға жол берілмеуі		
72.	Құбыр желілерін әдеттен тыс жалғаушы бөлшектер мен арматураны қолданып пайдалануға жол берілмеуі		
73.	Жарылыс қаупі бар технологиялық жүйелерде иілгіш шлангілерді қолдануға жол берілмеуі		
74.	Мұнай өнімдерін қотару кезінде құбырлар мен олардың арматураларын жөндеуге қатысты қандай да бір жұмыстарды жүргізуге тыйым салынуы		
75.	Мұнай өнімдеріне арналған құбыр желілері жерге қосылуы		
76.	Құю операцияларында өлшеу және сынамаларды алу актісінің болуы және профилактикалық іс-шаралардың жүргізілуі		
77.	Құбырлар мен жабдықтардың барлық ернемектік қосылыстары парониттен, бензин мен майға төзімді резеңкеден жасалған төсемдермен немесе мұнай өнімдеріне		

	арналған төсемдердің болуы		
78.	Ысырмалар, шүмектер, шұралар және басқа да жапқыш құрылғылар ақаусыз күйде ұсталуы және құбыр желілерінің тез арада жабылуын қамтамасыз етілуі		
79.	Тоттануға қарсы оқшаулау материалдармен жабылудың болуы, коммуникациялар мен құрылыстардың жерасты учаскелері және жерүсті учаскелері сырланады		
80.	Төгу - құю құрылғыларының немесе темір жолдарда жеке тұрған тағандардың екі жағынан "Локомотивті тоқтату" деген сигналдық белгілердің орнатылуы		
81.	Төгу - құю эстакадаларында төсемі қатты жаяу жүргіншілер жолының қарастырылуы		
82.	Төгу-құю эстакадасы немесе жеке төгу-құю құрылғылары тұрған (ашық немесе қалқа астындағы) алаңға қойылатын талаптардың сақталуы		
83.	Төгу - құю эстакадаларында баспалдақтар мен сүйеніштің болуы		
84.	Темір жол вагон-цистерналарын тежеуіш қосылғанда ағаш төсеніштер немесе ұшқын қаупі жоқ тежеуіш табандықтардың (башмақтар) болуы		
85.	Эстакадаларда жарықтандырылудың болуы		
	Құбыр желісінің тағандары, шлангілері,		

86.	тығыздамалары, ернемектік қосылыстарының саңылаусыздығы, тағандардың нөмірленген болуы		
87.	Құю шлангілері цистернаның мойнына соғылуы кезінде ұшқын шығармайтын материалдардан жасалатын ұштықтармен жабдықталуы		
20.	Бұрандалы құрамаларда тесіктердің алдын алу үшін пакер орнатылған, ұңғыманың құбырдан тыс кеңістігінде жасанды қысымды ұстауды бақылау нәтижелерінің болуы		
21.	Атқымалы ұңғымаларға жөндеу жүргізу алдында жөнделетін ұңғыманың белгіленген көрсеткіштерден екі еселік шекті көлемінен кем емес мөлшерде бұрғылау ерітіндісінің қорының болуы		
22.	Құрамында күкіртсутегі бар ұңғымаларды сынау кезінде жұмысты ұйымдастыру жоспарының болуы		
23.	Әрбір нақты ұңғыма үшін әзірленген, теңіз мұнай-газ құрылыстарында ұңғымаларды игеру және жөндеу жүргізу кезінде жұмысы ұйымдастыру жоспарының болуы. Жұмысты ұйымдастыру жоспарында жұмыстардың кезеңділігі, қауіпсіздік бойынша шаралар, жұмыстардың		

	қауіпсіздігін қамтамасыз ететін тұлғалар көрсетіледі		
24.	Вахталық журналда жабылуда тұрған ұңғымалар туралы жазбалардың болуы, оларда айына бір реттен сирек емес су астындағы жабдықтың жағдайына және сағада артық қысымның бар-жоғына тексеру жүргізіледі		
25.	Бұрғылау қондырғысының порталындағы айналым жүйесі бұрғылаушының көру алаңында орнатылатын, құралды көрсететін, қабылдау ыдыстарындағы бұрғылау ерітіндісінің деңгейін бақылау жүйесімен жабдықталуы		
26.	Бұрғылау қондырғысының порталындағы айналым жүйесі ұңғымадан шығатын бұрғылау ерітіндісінде газдың болуы туралы тұрақты бақылау жүйесімен; газдың пайда болуы туралы дабыл бұрғылаушы орнында және орталық басқару орнында орнатылуы		
27.	Бұрғылау қондырғысының порталындағы айналым жүйесі бұрғылау ерітіндісінде газдың пайда болуының алғашқы белгілерінде қосылатын, бұрғылау ерітіндісін газсыздандыру жүйесімен жабдықталуы		
28.	Қауіпті шоғырлануда газдардың жиналу мүмкіндігі бар айналма жүйесінің учаскелері желдеткішпен жабдықталады және		

	газталдағыштармен жабдықталуы.		
29.	Теңіз мұнай-газ құрылыстары дабылдың дыбыстық және көзбен шолу белгісін бере отырып, күкіртсутегін анықтау және мониторинг жүйесінің болуы		
30.	Шегендеу құбырларын және ұңғыма оқпанын бағандарды түсіруге дайындау, түсіру және ұңғыманы цементтеу жұмыстарды ұйымдастыру жоспарының болуы		
31.	Шеген бағаналарды түсіру және цементтеуге, шеген бағаналардың, шығарындыға қарсы жабдықтың және оқшаулау көпірлерінің қымталуын сынау, ұңғымада объектілері сынауға - тиісті актілерінің болуы		
32.	Тұрғын үй-жайлар және уақытша паналар мұнай мен газды дайындау және тасымалдау қондырғысынан, қысымен жұмыс істейтін мұнай кәсіпшілік жабдығынан (сепараторлар, жылу алмастырғыштар, компрессорлар, өнім жолдарынан) шекті мүмкін болатын қауіпсіз қашықтықта орнатылады. Тұрғын үй-жайлардан негізгі авариялық шығу қондырғыдан қарама-қарсы жақта орналасады		
33.	Плашканы преветорларды қолмен белгілейтін штурвалдардың қол жетімді жерде және ұңғыма сағасынан 10		

	метрден кем емес қашықтықта жабдықталуы.		
34.	Теңіз стационарлы құрылыстарында тікұшақ алаңдарының болуы		
35.	Бұрғылау ұйымымен бекітілген лақтырмаға қарсы жабдықтың және жабдық сағасын байлау сұлбасының болуы		
36.	Жұмыс істейтін персонал күкіртсутегінің ШРК асқан кезде газдалу жағдайларында ауаны мәжбүрлеп берумен шлангалы газқағарда немесе демалу аппараттарымен қамтамасыз болуы. (9)		
37.	Жұмыс істейтін персонал газдану жағдайында баллондағы ауа қысымы бар персоналдың газдалған аймақтан кетуіне жеткілікті өзін өзі құтқаратын демалу аппаратурасының жиынымен болуы.(10)		
38.	Күкіртсутекті газдалу жағдайында ауаны беруді қамтамасыз ету үшін ауа коллекторларының, шлангілердің және маскалардың жүйесінің болуы. (11)		
39.	Теңіз мұнай-газ құрылыстарында жұмыс алаңдары және үй-жайларда кемінде екі эвакуациялау шығатын жер (негізгі және авариялық) қамтамасыз ету. (28)		
40.	Ұңғымаға ШҚЖ-ментығыздау нәтижелері ұйым басшысының бұйрығымен құрылған комиссияның рәсімделген актісінің болуы.		

41.	Бүркегіш арматурасының айқастырмасымен және бітеу плашкалармен превенторлы қондырғысының болуы.		
-----	---	--	--

Лауазымды адам (-дар) _____

лауазымы

ҚОЛЫ

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бақылау және қадағалау субъектісінің басшысы _____

лауазымы

ҚОЛЫ

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің м.а.
2022 жылғы 30 қарашадағы № 102 мен

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрі
2022 жылғы 30 қарашадағы
№ 260 бірлескен бұйрығына
27-қосымша

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2015 жылғы 15 желтоқсандағы
№ 1206

және Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 814 бірлескен бұйрығына
27-қосымша

Мұнай және мұнай өнімдеріне арналған резервуарларды пайдалану және жөндеу кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау аясындағы тексеру парағы

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган _____

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды

тағайындау туралы акт _____

№, күні

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі),
бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1.	Жобада көзделген резервуарлар жабдықтарының жарамды жұмыс жағдайында болу		
2.	Пайдалану барысында резервуарды бөлшектеуге жол бермеу		
3.	Резервуардың негізін атмосфералық сулардың ағызып әкетуінен қорғау		
4.	Резервуардың төменгі бөлігінің топыраққа кіріп кетуіне және резервуардың контуры бойында жаңбыр суының жиналуына жол бермеу		
5.	Резервуардың металл конструкцияларын коррозиядан қорғаудың болуы		
6.	Резервуар түбінің электрохимиялық қорғауының болуы		

7.	Құрылысқа дайындалған жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес резервуарлардың жылу оқшаулағышының болуы		
8.	Резервуарлардың барлық түрлері деңгейді колмен өлшеп, сынама алуға болатындай өлшеу люктерімен жабдықталу		
9.	Тауар суын ағызу үшін резервуарларды сифонды крандармен жабдықтау		
10.	Булану салдарынан болатын шығынды азайтуға арналған қондырғылармен жабдықталмаған мұнай және бензин сақтайтын резервуарларда тыныс алу клапандарының астына тойтарғыш орнату		
11.	Тұтқыр мұнай мен мұнай өнімдеріне арналған резервуарларда жылу оқшаулағыш жабынның және жылыту құрылғысының болуы		
12.	Резервуардың қабырғасы мен қалқымалы шатырдың арасында тығыздағыштың болуы		
13.	Қалқымалы шатыры бар резервуарларда оның деформациялануын болдырмау мақсатында резервуарды толтыру басында және босату соңында ауаның түсуі кезінде қалқымалы шатырдың астынан ауаны отауға арналған құрылғының болуы		
14.	Резервуардың газ теңестіретін жүйесінің қажетті құрылғыларының болуы		
15.	Мұнай және мұнай өнімдеріне арналған резервуарлардың бақылау-өлшеу аспаптары және		

	автоматика (бұдан әрі - БӨАЖА) құралдарымен жабдықталуы		
16.	<p>Функцияларды орындау үшін технологиялық процесті автоматты басқару жүйесінің (бұдан әрі - ТП АБЖ) болуы:</p> <p>1) резервуар паркінің жабдықтарын авариялардан автоматты түрде қорғау және бұғаттау;</p> <p>2) Резервуар паркінің жабдықтары мен өлшеуші параметрлері (сырғытпалардың орналасуы, температура, деңгей және қысымның мәні, резервуарларды толтыру және босату жылдамдықтары) жағдайының негізгі параметрлерін диспетчерлік бақылау және басқару жүйесіне (бұдан әрі - ДББЖ) қосылған автоматтандырылған жұмыс орындары арқылы орталықтан бақылау;</p> <p>3) сырғытпаларды және резервуар паркінің жабдықтарын орталықтан басқару;</p> <p>4) мұнай мөлшерін өлшеу ;</p> <p>5) ДББЖ жүйелерімен (ішкі жүйелерімен) ақпараттық деректермен алмасу</p> <p>б) автоматты түрде өртті анықтап, оны автоматты түрде сөндіру.</p>		
17.	Техникалық жарамды күйдегі резервуарлық парктің ТП АБЖ аварияға қарсы қорғанысының және бұғаттауының (бұдан әрі – АҚҚ) болуы		
	Технологиялық схемаға сәйкес резервуарлардағы		

18.	бекіту-реттеу және тыныс алу арматурасының, БӨАЖА аспаптарының нөмірлеуінің болуы		
19.	Понтоны (жылжымалы қақпағы) бар резервуарлар үшін понтонның тығыздаушы сырғытпасын конструкциялауға арналған техникалық құжаттамасының және монтаждаудан кейін понтонның (жылжымалы қақпағы) герметикалығын сынау актілерінің болуы		
20.	Резервуарлардың ағымдағы және күрделі жөндеу кестесінің болуы		
21.	Топырақ үйіп бекітілген жерлердің, топырақ үйіп бекітілген жер арқылы өтетін баспалдақ-өткелдердің және құбырлардың, жаяу жүргіншілер жолдарының (тротуарлардың) болуы		
22.	Қызметкерлерді 0,75 м биіктікке көтеруі қажет объектілер баспалдақтармен, ал 0,75 м-ден жоғары биікке шығу қажет болғанда, таяныштары бар баспалдақтармен қамтамасыз ету		
23.	Құдықтар мен сырғытпаларды басқару камералары үйіндінің сыртында орналасуы		
24.	Резервуар түбінің шөгугін өлшеу үшін топырақтың кату тереңдігінен төмен тереңдік реперінің орнатылуы		
25.	Көлденең жерасты резервуарлардың		

	көлбеуін жыл сайын анықтауға арналған реперлік нүктелер болуы		
26.	Резервуар парктерін жарықтандыру үшін резервуар паркінің сыртқы қоршауынан (үйіндіден) тыс орналасқан және қызмет көрсетуге арналған платформалармен және баспалдақтармен жабдықталған мачталарға орнатылған прожекторлардың болуы		
27.	Құю және мұнай айдау станцияларының құбырлары үшін қауіпті өндірістік объектінің басшысымен бекітілген әр құбырдың белгілі бір белгісі бар, ілмекті арматурасы нөмірленген технологиялық схемалардың болуы		
28.	Понтоны бар резервуарда понтонның жоғарғы орналасуының рұқсат етілген биіктігінің белгісі көрсетілуі		
29.	Резервуардың базалық биіктігі (биіктік трафареті) жыл сайын және жөндеуден кейін өлшеу нәтижесінің техникалық жетекшісі бекіткен хаттамасының болуы		
30.	Пайдаланушы ұйымның басшысы бекіткен резервуардың технологиялық картасының болуы		
31.	Деңгей өлшегіштің жанындағы резервуардың қабырғасына және өлшеу люгінің жанындағы қақпағына өшірілмейтін бояумен базалық биіктік пен максималды толтыру деңгейі, ал понтоны бар резервуар қабырғасына "		

	понтон бар" деген жазу, ал деңгей өлшегіштің тұсына базалық биіктіктің мәнінің көрсетілуі		
32.	Қауіпті өндірістік объектінің басшысы бекіткен резервуарларды техникалық бақылау жөніндегі нұсқаулықтың болуы		
33.	Резервуарлардың негізгі жабдықтары мен арматураларын қарап-тексеру журналының болуы		
34.	Кәсіпорын басшысы бекіткен резервуарларды профилактикалық қарап-тексеруден өткізу кестесінің болуы		
35.	Ашық бөлімшелері бар болат понтондарға және синтетикалық понтондарға техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге техникалық және пайдалану құжаттамаларының болуы		
36.	Резервуарды мерзімді және қажетті тазалауды жүргізгеннен кейінгі тазалау актісінің болуы		
37.	Бригаданың құрамы резервуар тазалау жұмыстарын жүргізу инструктажынан өткендігі туралы жазбасы бар рұқсат нарядының болуы		
38.	Ауа сынамаларын алу күні мен уақыты, нализі нәтижелері, аспаптардың көрсеткіштерінің жазбалары бар "Ауа ортасын бақылау журналының" болуы		
39.	Резервуарды газсыздандыру		

	жұмыстарын ұйымдастыру жобасының болуы		
40.	Резервуарларды қысқы және жазғы кезеңдерде жұмысқа дайындау бойынша кәсіпорын басшысы бекіткен іс-шаралардың болуы		
41.	Берік және жұмысқа жарамды баспалдақтардың, тұтқалардың, резервуар қақпағындағы алаңдардың қоршауының болуы		
42.	Монтаждалған болат резервуарларды қабылдау кезінде ұсынылатын қажетті құжаттаманың болуы		
	<p>Пайдаланудағы резервуарға арналған төмендегі пайдалану құжаттамасының болуы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) резервуардың белгіленген (есептік) пайдалану мерзімі көрсетілетін техникалық паспорт; 2) понтонға арналған техникалық паспорт; 3) резервуардың сатыланған кестесі; 4) резервуардың технологиялық картасы; 5) ағымдағы қызмет көрсету журналы; 6) найзағайдан қорғау, статикалық электр энергиясының пайда болуынан қорғау құрылғысын пайдалану журналы (әрі қарай - Найзағайдан қорғау құрылғыларын тексеру нәтижелерінің, жерге тұйықтау құрылғыларын тексеру сынақтарының журналы); 		

43.	<p>7) резервуардың негізін және геометриясын нивелирлеу схемасы;</p> <p>8) резервуарды найзағайдан қорғайтын, статикалық электрдің пайда болуынан қорғайтын құрылғының схемасы;</p> <p>9) резервуарлар жабдықтарын ауыстыруға қатысты өкімдер мен актілер;</p> <p>10) резервуарлар жабдықтарын ауыстыруға арналған технологиялық карталар;</p> <p>11) резервуар табанының, жаппасының, қабырғасының дәнекерленген қосылыстарының герметикалығын сынау актілерінің нысанына сәйкес; резервуарды жобада көзделген биіктікке дейін су құйып, оның беріктігін сынау, резервуарды, орнатылған жабдықты жерге тұйықтау нәтижелері;</p> <p>12) коррозиядан қорғау схемасы;</p> <p>13) өрттен қорғау схемасы;</p> <p>14) ілмекті арматураға, тыныс алу және сақтандыру клапандарына арналған (сертификаттары бар) паспорттар;</p> <p>15) технологиялық регламент.</p>		
44.	Резервуарлық парктердің топырақ үйіп бекітілген жерінде ауа ортасының жарылыс қауіптілігіне мерзімді талдау жүргізу кестесінің болуы		
45.	Резервуардың төбесінде белдеулі баспалдақтың жоғарғы алаңына жалғанған жабдыққа		

	қызмет көрсетуге арналған алаңның болуы		
46.	Дәнекерленген тігістер мен резервуар корпусында зақымдану мен деформациялар, ағу және булану анықталған кезде, БӨА және А жұмысында, ілмекті арматура мен сақтандыру құрылғыларында, сигнал беру құрылғылары, авариялық және өрттен қорғау жүйелерінде, қоршаулардың, баспалдақтар мен платформалардың газ теңестіру жүйесінде ақау анықталған кезде резервуарларды пайдалануға жол бермеу		
47.	Мұнай және мұнай өнімінің газдары мен буларының жиналу мүмкіндігі бар резервуар паркінің учаскелерінде автомобильдің, тракторлардың, мотоциклдердің және өзге де көліктің өтуіне тыйым салатын белгілер орнату		
48.	Резервуарлардың найзағайдың тікелей түсуінен қорғауы болу		
49.	Резервуарларды бірінші кезекті, ішінара, толық зерттеп-қарау нәтижелері бойынша техникалық қорытындылар болу		
50.	Резервуарларды жөндеу кезінде от жұмыстары болатын жағдайда кәсіпорын басшылығының жазбаша рұқсатының болуы		
	Негізді, түбін, жиегін, қабырғасын, жабынын және анкерлік құрылғыларды орташа немесе күрделі жөндеу жағдайларында		

51.	резервуарды беріктікке, орнықтылыққа және герметикалыққа түпкілікті сынау актісінің болуы (жабынның жекелеген жерлерін, қабырғаның түбі мен жоғарғы белдіктерінің ұсақ ақауларын герметизациялау және жою жөніндегі жұмыстарды қоспағанда)		
52.	Резервуарды қабылдау үшін, жөндеу кезінде орындалған жұмыстарға актілер мен ақаулық ведомосының және жобалау-сметалық құжаттаманың болуы		
53.	Резервуарды жөндеу жұмыстарының типіне байланысты қажетті құжаттаманың болуы		
54.	Соңғы сынақтар кешенін орындағаннан кейін жыланкөздер, жарықтар, майысулар немесе елеулі деформациялар түрінде ақаулар болмаған кезде резервуарды пайдалануға тапсыру туралы актінің болуы		
55.	От жұмыстарын жүргізуге жауапты дәнекерлеушілер және осы жұмыстарға қатысатын өзге де жұмысшылар тиісті нұсқаманы алғандығы туралы қол қойылған есеп журналының болуы		
56.	Кальций карбидін сақтауға арналған қоймаларды резервуарлық парк аумағында орналастыруға жол бермеу		

Лауазымды адам (-дар) _____

лауазымы

ҚОЛЫ

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бақылау және қадағалау субъектісінің басшысы _____

лауазымы

қолы

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің м.а.
2022 жылғы 30 қарашадағы № 102 мен

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрі
2022 жылғы 30 қарашадағы
№ 260 бірлескен бұйрығына
28-қосымша

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2015 жылғы 15 желтоқсандағы
№ 1206

және Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 814 бірлескен бұйрығына
28-қосымша

Технологиялық құбыржолдарды пайдалану кезінде қауіпті өндірістік объектілерге қатысты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау аясындағы тексеру парағы

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган _____

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт _____

№, күні

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі),
бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1.	Штуцерлерді дәнекерлеу жіктеріне, құбырлардың майысқан элементтеріне (ию орындарында) дәнекерлеуге жол берілмеуі		
2.	Неғұрлым кернеулі дәнекерлеу жалғастырғыштар мен металдың жылжуынан жинақталған қалдық ақауларды өлшеу нүктелері орналасқан орындарда оқшаулауды түсіру учаскелері болуы		
3.	Арматура пайдалану құжаттамасымен, сонымен қатар төлқұжатпен, техникалық тізбемен және пайдалану бойынша нұсқаулықтың болуы		
4.	Арматурада шартты қысым, шартты диаметр, материал маркасы мен зауыттық және инвентарлық нөмірі көрсетілуі		
5.	Құбырлар арқылы өту үшін жаяу жүргіншілер көпірлері жабдықталуы.		
6.	Қабырға немесе ғимараттың жабындары арқылы өтетін технологиялық		

	кұбырларға арналған гильза мен қаптаманың болуы		
7.	Технологиялық аппараттан ауаға жарылыс және өрт қауіпті заттарды шығаратын құбыр жолдарында отқа тосқауыл құрылғысының болуы		
8.	Тасымалданатын өнімге қарамастан технологиялық құбыр жолдарда гидравликалық сынаудан кейін су төгуге арналған сорғытқылары мен құбыр жолдардың жоғарғы нүктелерінде газды шығаруға арналған ауа шығарғыштары болуы		
9.	Стационарлы жабдықтан сұйылтылған газдарды тазалу үшін иілгіш құбыршектерді пайдалануға жол берілмеуі		
10.	Құбыр желісін үрлеу схемасы және үрлеу шырақтарының орналасуы		
11.	Үрлемелі білтелерде арматурамен сынама алуға іріктеуге арналған құрылғының болуы		
12.	Жанатын және жарылыс қауіпті өнімдер үшін үрлемелі білтелер-от тоқтатқыштардың болуы		
13.	Төменгі нүктелердегі сақтандырғыш клапандардың үрлемелі білтелері және шығарындылардың құбыр жолдарының дренажды саңылаулар және арматуралы штуцер немесе конденсация нәтижесінде сұйықтың		

	жиналу мүмкіндігін болдырмайтын құрылғылары болуы		
14.	Жанғыш, соның ішінде сұйылтылған газдарға арналған құбыр жолдардың кірмелерінде, жылдам тұтанатын және жанатын сұйықтыққа арналған диаметрі 400 миллиметр және одан артық құбыр жолдар үшін қашықтан басқарылатын және қолмен қайталанатын бекіту арматурасының болуы		
15.	Газды авариялық шығаруға арналған бекіту арматурасын операторлық қашықтықтан басқару үй-жайында болуы		
16.	Үздіксіз технологиялық процестің параметрлерін қамтамасыз ететін реттеуші клапандар тиісті тиек құрылғылары бар айналма (байпасты) желінің болуы		
17.	Компрессорлар мен орталықтан тебуші сорғылардың айдайтын желілерінде кері клапандардың болуы		
18.	Қысым жоғарылаған кезде, оның ішінде сұйық ортаның есептіден жоғары көлемді кеңеюі есебінен құбырларда сақтандыру құрылғыларының болуы		
19.	Арматураны 1,8 метрден артық биіктікте орнатқан жағдайда қызмет көрсету үшін стационарлы немесе көшірілмелі алаңдар, баспалдақ және қоршау қарастырылуы		
	Құбыр жолдың өндірістік цехқа, технологиялық желі мен қондырғыларға		

20.	кірме жолында технологиялық ортаның барынша көп қолжетімді жұмыс қысымы ол бағытталаатын технологиялық жабдықтың есепті қысымынан артатын болса, манометрмен төменгі қысым жағында сақтандырғыш клапаны бар, қысқартатын құрылғы (үзіліссіз процестер үшін автоматты немесе кезеңді үшін қолмен істейтін) қарастырылуы		
21.	Тірек пен ілмек тасымалданатын ортамен (немесе гидро сынау кезінде сумен) құбыр жолдардың салмағынан тік жүктемеге оқшаулаумен, қаптамамен, мұзбен (мұздану мүмкін болса) құбыр жолды термикалық кеңейту кезінде туындайтын жүктемеге есептеледі		
22.	10 Мегапаскальдан (бір шаршы сантиметрге 100 килограмм күш) артық қысымды шартты қысым болғанда құбыр жолдарында линзалы, тығыздама және ирек компенсаторлар орнатуға рұқсат берілмеуі		
23.	А және Б тобындағы органы тасымалдайтын технологиялық құбыр жолдарда тығыздама компенсаторлар пайдалануға рұқсат берілмеуі		
24.	Компенсацияланатын құрылғының алдын ала (керу) көлемі жобалық құжаттамада және құбыр жолдың төлқұжатының болуы		

25.	Технологиялық құбыр жолда орнатылуға жататын компенсаторлардың сапасы төлқұжатпен расталуы		
26.	Пайдалану процесінде дірілге ұшырайтын жабдықтар мен құбыржолдар үшін дірілді төмендету және жүйенің авариялық бұзылуы мен герметизациясының мүмкіндігін болдырмау жөніндегі шаралар мен құралдар көзделетіні жобада болуы		
27.	Құбырлардың жылу окшаулағышы жобалау құжаттамасына сәйкес келуі		
28.	Жобада технологиялық құбыржолдарды тоттануға қарсы қорғау жөніндегі іс-шаралар, тоттануға қарсы жабындарды қарау мен қалпына келтірудің қол жетімділігін қамтамасыз ететін конструктивтік шешімдердің болуы		
29.	Қайта жөнделген технологиялық құбыржолдарды қабылдау және сынау қабылдау сынақтарының актісінің болуы		
30.	Технологиялық құбыржолдарды герметикалығы мен беріктігіне гидравликалық сынау жүргізіледі, технологиялық құбыржолдардың беріктігіне сынау қысымы болуы		
	Инженерлік-техникалық қызметкерлер қатарынан құбырлардың жарамды жай-күйін және қауіпсіз		

31.	пайдаланылуын қамтамасыз ететін адамды тағайындайтын бұйрықтың (тапысырыс) болуы		
32.	Әрбір орнату бойынша (цехтағы, өндірістегі) құбыр жолдар тізімінің болуы		
33.	Құбыр жолдың төлқұжаты бекітілген тәртіппен болуы		
34.	Жоғары қысымды құбыр жолдарға сынаулар және қуәландыру есебін жүргізу журналының болуы		
35.	Құбыр жолдарды пайдалану кезеңінде құбыр жолдар мен олардың элементтерінің (дәнекерлеу тігістерін, ерне мекті қосындыларының, арматураларының) ахуалына, тотыққа қарсы қорғанысына және окшалануына, дренаждық құрылғыларына, компенсаторларына, тіреу құрылымдарына ауысым сайынғы қорытындыларын пайдалану журналына жазылатын тұрақты бақылау жүзеге асырылады		
36.	Ревизия жүргізілген соң, барлық хаттамалар мен жүргізілген тексеру туралы қорытындылар тіркелетін акт жасалынады және ревизия қорытындылары құбыр жолдың төлқұжатына енгізіледі. Актілер және басқа да құжаттар төлқұжатқа осы Нұсқаулыққа қосымшаға сәйкес тіркеледі.		
	Ревизия қорытындылары құбыр жолдың		

37.	төлқұжатына енгізілуі туралы болуы		
38.	<p>Арматураны жөндеу және ревизия мерзімін жоспарлаған кезде, бірінші кезекте аса қиын жағдайда жұмыс істейтін арматураға жөндеу және тексеріс жүргізіледі. Арматураны сынау және жөндеу қорытындыларына акт рәсімделеді және пайдалану құжаттарына жазылады.</p>		
	<p>Технологиялық құбыр жолдар техникалық құжаттамамен жинақталады. Технологиялық құжаттама өнеркәсіптік қауіпсіздік нұсқаулықтарына сәйкес жүргізіледі. Техникалық құжаттама құрамына:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жобалық құжаттама; 2) құбыржол төлқұжаты және пайдалану құжаттары; 3) меншік иесі-ұйымның атауы және мекенжайы; 4) мақсаты; 5) дайындалған (өндірілген) күні); 6) жұмыс ортасы; 7) жұмыс ортасының жұмыс параметрлері: қысым, Мегапаскаль (шаршы сантиметрге килограмм күш), температура, Цельсий градусы; 8) есептік қызмет мерзімі ; 9) есептік ресурс; 10) іске қосудың есептік саны; 11) құбыржолдарды дайындауға (өндіруге) және монтаждауға арналған схемалар, сызбалар, куәліктер және басқа да құжаттар; 		

39.

12) ұйымның техникалық басшысы бекіткен шартты өту жолдары, құбыр жолдар элементтерінің негізгі және ақаулыққа шығару жуандығы, арматураның, ернемектердің, бұқтырмалардың және тағы басқа бөлшектердің қондырған орны, түсіру орны, үрлеу және дренажды құрылғылар, дәнекерлеу тоғыспалар, бақылау бұрғылау (олар бар болса) және олардың нөмірленуі көрсетілген құбыр жолдар схемалары ;

13) құбыр жолдар элементтерінің тексерісі және ақаулыққа шығару актілері;

14) құбыр жолдар жөндеулерінің сапасы туралы куәлік, соның ішінде жөндеуде қолданылған материалдардың сапасын және дәнекерлеу тоғыспаларының сапасын растайтын, құбыржолды жөндеуде қолданылатын дәнекерлеу жұмыстарының журналы;

15) сутегі құрамдас ортада жұмыс істейтін құбыржолдың металын бақылау бойынша құжаттама;

16) құбыр жолды жүйелі көзбен шолып тексеру актісі;

17) құбыр жолды беріктік пен герметикалыққа сынау актісі;

18) арматураны тексеру, жөндеу және сынау актісі ;

19) құбыр жолды пайдалану журналы;

20) ақаулыққа шығару актісі;

21) бұқтырмаларды қондыру-алу журналы; 22) арматура паспорты		
---	--	--

Лауазымды адам (-дар) _____

лауазымы

қолы

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бақылау және қадағалау субъектісінің басшысы _____

лауазымы

қолы

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің м.а.
2022 жылғы 30 қарашадағы № 102 мен

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрі
2022 жылғы 30 қарашадағы
№ 260 бірлескен бұйрығына
29-қосымша

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2015 жылғы 15 желтоқсандағы
№ 1206

және Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 814 бірлескен бұйрығына
29-қосымша

Қара металлургия кәсіпорындарының газ шаруашылығындағы қауіпті өндірістік объектілеріне қатысты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау аясындағы тексеру парағы

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган _____

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды

тағайындау туралы акт _____

№, күні

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі),
бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1.	Газ шаруашылығының газ өндіретін және тұтынатын барлық цехтармен телефон байланысымен байланысты диспетчер диспетчерлік пунктіннің болуы		
2.	Ірі кәсіпорындардың газ шаруашылығының диспетчерлік пункттерінде жедел радиобайланыс және жедел автомашинаның, сондай-ақ жөндеу тобы мен қараушылардың болуы		
3.	Газ шаруашылығының объектілерінде газ шаруашылығының диспетчерлік пунктіне шығарумен (тұрақты қызмет көрсететін персоналсыз жұмыс істейтін) күзет дабылының болуы		
	Газ шаруашылығының диспетчерлік пунктінде		

4.	газ құбырларының неғұрлым тән нүктелеріндегі газдың қысымы мен температурасын; кәсіпорынның газ құбырларына түсетін газдың қысымы, температурасы мен шығынын; барлық ірі және неғұрлым алыс тұтынушылардағы, автоматты режимде жұмыс істейтін объектілердегі, сондай-ақ бөгде кәсіпорындарға газ құбырларындағы газдың қысымы мен шығынын бақылайтын сигналдық шамдар мен аспаптардың болуы		
5.	Газ шаруашылығының диспетчерлік пунктiнiң қысымды реттегiш тетiктердi басқару құралдарымен, дроссельдiк клапандармен және газ құбырларындағы ысырмалармен, атап айтқанда домна, кокс және табиғи газдар газ құбырлары арасындағы жалғастырғыштардағы ысырмалармен жабдықталуы		
6.	Диспетчердiң жедел қарамағында авариялық-жөндеу бригадасының және жабдықталған автомашинаның болуы		
7.	Жедел машиналарға арналған гараж және газ шаруашылығының диспетчерлік пунктiмен тiкелей байланыспен және сигнализациямен жаратандырылған авариялық-жөндеу бригадасына арналған үй-жайдың болуы		
	Газ цехы немесе газ қызметi мен қарамағында		

8.	<p>цехтық газ құбырлары мен қондырғылары бар цехтар арасында, жалпы газ құбыры бар цехтар арасында нақты көрсетілген шекара учаскелерінің схемалары қоса беріле отырып, кәсіпорын бойынша бұйрықпен (өкіммен) ресімделетін қызмет көрсету және бақылау учаскелерінің аражігін ажырату шекараларының болуы</p>		
9.	<p>Газ шаруашылығының әрбір объектісіне пайдалану кезеңінде паспортта сызбалар немесе өзгерістер схемалары қоса берілген объектіге енгізілген барлық өзгерістер, жүргізілген күрделі жөндеулер туралы деректердің көрсетілуімен техникалық паспорттың болуы</p>		
10.	<p>Түрлі мақсаттағы реттеуіштердің, автоматты сигнализаторлардың, газдану индикаторларының дайындаушы зауыттардың паспорттарының болуы</p>		
11.	<p>Газ цехының жекелеген объектілерінде, құрамында газ шаруашылығы объектілері бар цехтарда орындалған жөндеу, агрегат аспаптарын тексеру және баптау көрсетілген агрегаттық журналдың, әрбір ауысым ішінде анықталған ақаулар жазылатын пайдалану журналының болуы</p>		

12.	Тікелей агрегатта немесе қызмет көрсетуші персоналдың тұрған жерінде осы құрылғыларға берілген нөмірлер мен шифрларды көрсете отырып, газ құрылғыларының схемаларының болуы		
13.	Автобұғаттау мен сигнализацияның дұрыс жұмыс істеуін аспаптарды пайдалану жөніндегі техникалық құжаттамаға сәйкес айына кемінде бір рет тексеру		
14.	Газ құбырларын, газ құрылғыларын мен газ қондырғыларын қарау нәтижелері бойынша (жылына кем дегенде екі рет жүргізілетін) цехтық комиссияның актісінің болуы		
15.	Цехаралық және цехтық газ құбырларының, газ аппараттарының сыртқы беттерін бояу бойынша, сондай-ақ коррозиялық белсенді газдармен немесе булармен ластанған жерлерде орналасқан тірек конструкцияларды, алаңдар мен баспалдақтарды қоса алғанда, газ құбырлары мен қондырғыларға тоттануға қарсы жабынды жағу бойынша мерзімдерді сақтау		
16.	Газ шаруашылығының жарылыс-өрт қауіпті объектілерінде отпен жүргізілетін жұмыстарға наряд-рұқсаттың болуы		
17.	Тұрақты қызмет көрсетуді талап ететін арматура мен аспаптардың орналасуы		

	орындарында жарықтандырудың болуы		
18.	Электр берудің әуе желілерімен қиылысу орындарында газ құбырының үстінен оған электр сымдарының құлауынан қорғау үшін тұтас немесе торлы қоршаудың болуы		
19.	Газ құбырының эстакада астынан өтуі кезінде жүктердің эстакададан газ құбырына құлау мүмкіндігін болдырмайтын құрылғылардың болуы.		
20.	Тікелей жылу әсері аймағында газ құбырларының қауіпті қызып кетуін болдырмайтын жылу қорғанысының болуы		
21.	Цехтың барлық газ тұтынатын агрегаттарында жоба бойынша дайындалған газ жанарғыларының болуы		
22.	Газ жану өнімдерін агрегаттардан шығаратын бүкіл жүйеде ауа сорылатын және жүйеде тартылыс бұзылатын тесіктерсіз, жарықтарсыз және ақауларсыз пайдаланылуы		
23.	Оттықтар мен түтін құбырларының жоғарғы бөліктерінде және газ жиналуы мүмкін жерлерде жарылыс клапандарының болуы		
24.	Газарттырғыш станциясында, газ компрессорлық станциясында және газ турбиналық кеңейту станциясында авариялық сору желдеткішінің болуы		

25.	Кәсіпорын цехтарының газды тұтыну режимі кәсіпорынның техникалық басшысы бекіткен диспетчерінің өкімінің болуы		
26.	Газ шаруашылық объектілері бар цехтарда аварияларды жою жоспарының болуы		
27.	Ақаулықтарды жою бойынша қабылданған шараларды көрсете отырып, пайдалану журналында газ құбырларындағы құрылғылардың жарамдылығын тексеру және тексеру нәтижелерінің болуы		
28.	Жұмыс істеп тұрған газ құбырларын жүргізілген нивелирлеу (5 жылда бір рет, ал жаңадан салынатындарды (құрылыс аяқталғаннан кейін екі жыл бойы жыл сайын) нәтижелерінің болуы		
29.	Агрегат ішінде жөндеу жүргізу үшін тоқтағаннан кейін немесе ұзақ тоқтағаннан агрегатты іске қосу кезінде газ құбырларын, түтін құбырларын және бақылау-өлшеу аспаптарын тексеру туралы актінің болуы		
30.	Газ тұтыну агрегаттары бұзылмаған немесе реттелетін параметрлерді бақылауға арналған аспаптар бұзылмаған жағдайда және тартым болған кезде олардың пайдаланылуы		
31.	Барлық газ бөлгіш бекеттерге кіру жолының еркін болуы		
	"А" санатындағы үй-жайларда көрінетін		

32.	жерлерде эвакуациялау жоспарлары, аварияларды жою жоспарлары, аварияларды жою жоспарлары, аварияларды жою жоспарының болуы		
33.	С ы р т қ ы қондырғылардың жанында, өрт-жарылыс және өрт қауіптілігі бойынша "А" санатына жақын жерде және үй-жайдың ішінде темекі шегуге және ашық отты пайдалануға жол берілмейтіндігі туралы көрінетін жерлерде қауіпсіздік белгілерінің болуы		
34.	Ұйымның техникалық басшысы немесе бас энергетигі бекіткен газ құбырларын, газ қондырғыларын және газ жабдығын қарау, тексеру және жөндеу кестелерінің болуы		
35.	Ж а б д ы қ т ы , сақтандырғыш клапандар мен сүзгілерді осы жабдыққа дайындаушы зауыттың паспортында белгіленген мерзімдерге сәйкес, бірақ жылына кемінде бір рет, ағымдағы жөндеулерді жүргізу		
36.	Газ тарату пункттері мен газ тарату қондырғыларында жөндеу кезінде орнатылатын резервтік сақтандырғыш түсіру клапандары мен манометрлердің болуы		
37.	Газ реттеу пункттері мен газ реттеу қондырғыларының жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және оларды қалыпты пайдаланудан бар ауытқуларды жою		

	жөніндегі жұмыстар туралы деректердің пайдалану журналында болуы		
38.	Бөлшектер мен тораптарды ауыстырумен байланысты газ реттеу пункттері мен газ реттеу қондырғыларының жабдықтарын жөндеу (тексеру) нәтижелерінің болуы		
39.	Т о л ы қ автоматтандырылмаған газарттырғыш станцияларды, газ-компрессорлық станцияларды және газ-турбиналық кеңейту станцияларын пайдалану ауысымда кемінде екі жұмысшымен жүзеге асырылуы		
40.	Ұйымның техникалық басшысы бекіткен домна пештерінің жоспарлы тоқтауын (іске қосылуын) және оларды газдан тазартуды орындау үшін жұмыстарды ұйымдастыру жоспарының болуы (құрылыстардың барлық кешенінің қағидаттық схемасын, ондағы барлық кесу құрылғыларының жағдайын, сондай-ақ барлық операцияларды орындау кезектілігін көрсете отырып)		
41.	Газ жіберу құрылғыларына қызмет көрсету бойынша барлық жұмыстарға наряд-рұқсат рәсімдеу		
42.	Тексеру жүргізу туралы пломбасы немесе таңбасы, сондай-ақ тексерудің қолданыстағы мерзімі бар бақылау-өлшеу		

	аспаптарын (манометрлерді) жарамды күйде пайдалану		
43.	Газ цехында және жанғыш улы газдарды өндіретін және тұтынатын цехтарда ұйымның техникалық басшысы бекіткен газға қауіпті орындар мен газға қауіпті жұмыстар тізбесінің болуы		
44.	Газ құбырларының фланецті қосылыстарын орнату орындарында тұрақты ток өткізетін бөгеттердің болуы		
45.	Цехтың барлық газ тұтынатын агрегаттарында жоба бойынша дайындалған газ жанарғыларының болуы		
46.	Үрлеу жанарғылары бар әрбір агрегатқа газ жеткізуде жанарғыларға жақын, ал көп зоналық агрегаттарда, әрбір аймақта газ немесе ауа қысымы белгіленген шектерден төмен түскен кезде іске қосылатын Автоматты тез әрекет ететін кесу клапандарының болуы		
47.	Газ тұтынатын агрегаттың ауа коллекторын қамтамасыз ету: ауа қысымының түсу сигнализаторымен; қысымды өлшеуге арналған аспаппен; әрбір жанарғының немесе жанарғылар тобының алдында орнатылатын ажыратқыш құрылғылармен жабдықталуы		
48.	Агрегаттарды газ отынымен жұмыс істеу		

	үшін қайта жабдықтауға жобаның болуы		
49.	С ы р т қ ы г а з құбырларының әрбір дәнекерленген қосылысында осы қосылысты орындаған дәнекерлеушінің белгісінің (нөмірі, таңбасы) болуы		
50.	Кәсіпорын өкілдерінің жаңадан салынатын және күрделі жөнделген газ құбырларын сыртқы тексеру актісінің болуы (салынған объектінің жобаға сәйкестігі, барлық ойықтардың болуы, ажыратқыш ысырмалардың жұмыс қабілеттілігі және объектінің сынауға дайындығы)		
51.	Жаңадан салынатын және күрделі жөнделген газ құбырлары мен газ қондырғыларының беріктігі мен герметикалығын сынау актілерінің болуы		
52.	Жаңадан салынатын және күрделі жөнделген газ құбырлары мен газ қондырғыларының беріктігі мен герметикалығына сынақ жүргізуге кәсіпорын басшысы (немесе оның орнындағы адам) әзірлеген және бекіткен бағдарламаның болуы		

Лауазымды адам (-дар) _____

лауазымы

ҚОЛЫ

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бақылау және қадағалау субъектісінің басшысы _____

лауазымы

қолы

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрінің м.а.
2022 жылғы 30 қарашадағы
№ 102 мен
Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрі
2022 жылғы 30 қарашадағы
№ 260 бірлескен бұйрығына
30-қосымша

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби (объектілік) авариялық-құтқару қызметтеріне қатысты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау аясындағы тексеру парағы

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеруді тағайындау туралы акт _____

№, күні

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі),
бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
---	------------------	--------------------------	----------------------------

1-бөлім. Көмір саласында тау-кен құтқару жұмыстарын жүргізу құқығына (ашық және жер асты өндіру).

1-кіші бөлім. Көмір саласында тау-кен құтқару жұмыстарын жүргізу құқығына (ашық және жер асты өндіру) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби (объектілік) авариялық-құтқару қызметтеріне қойылатын талаптар

1.	Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби (объектілік) авариялық-құтқару қызметтері жеке құрамының штат саны есебінің нормативтерін негізге ала отырып, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы штаттық құтқарушылардың болуы		
2.	Тәулік бойы кезекшілік өткеруді, бос ауысымның демалысын, байланыс (телефон, факсимильдік, радиобайланыс), жеке құрамды құлақтандыру жүйесін қамтамасыз ететін үй-жайлар мен жабдықтардың, сондай-ақ авариялық-құтқару қызметінің орналасу схемасына сәйкес мүлікке және материалдық құралдардың белгіленген қорларына арналған үй-жайлардың (авариялық-құтқару құралдары, жабдықтар мен керек-жарақтар, тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету құралдары, нысанды киім-кешек) болуы		
Арнайы және құтқару техникасымен, авариялық-құтқару және өрт сөндіру жабдықтарымен және құралдармен, құрал-жабдығымен, киім жабдығымен және материалдармен жасақталуы			
3.	40 л/мин сорғы өнімділігі бар, дыбыс және жарық сигналдарының арнайы аспаптарымен, сондай-ақ жарық графикалық бояумен жабдықталған кемінде екі бірлік өрт сөндіру автомобильдерінің болуы		

Дыбыс және жарық сигналдарының арнайы аспаптарымен, сондай-ақ жарық графикалық бояумен жабдықталған және мынадай авариялық-құтқару жабдықтарымен жабдықталған автокөліктің болуы (шарт талабы, бірақ 1-ден кем емес):

- 1) $L = 20$ метр, $\varnothing = 66$ миллиметр, өрт қуыс жеңдері – 15 бірлік;
- 2) ұнтақты өрт сөндіргіш, көлемі 8-10 литр – 10 бірлік;
- 3) ВВР-1 сушашқышы – 10 жинақ;
- 4) ВВР үшін кергіш тіреуіш ($1,9 \div 2,7$ метр); ($2,8 \div 4,2$ метр) – 2 жинақ;
- 5) су пердесін топыраққа орнату – 3 бірлік (жерасты өндіру кезінде);
- 6) РТ-70 үш жақты тармақталу – 5 бірлік;
- 7) әмбебап өрт оқпаны (құрама, су) – 5 жинақ;
- 8) су магистральдарына аралық жалғауға арналған гидрант-тапанша немесе бұрғы – 2 жинақ;
- 9) өрт сөндіру шыңы (құбырлардан $\varnothing = 40-50$ миллиметр) – 3 жинақ;
- 10) судың қысымы мен шығынын өлшеуге арналған өлшеуіш оқпан – 1 жинақ;
- 11) өрт жеңдерін арқанға бекітуге арналған құрал – 20 бірлік;
- 12) парашюттік, желдету бөгеті (№ 4 "9 м²"; № 5 "15 м²"; № 6 "20 м²") – 2 жинақ;
- 13) 3,0×4,0 метр Полиэтилен қабықшасы бар брезент бөгеті – 4 жинақ;

4.

14) ауа сынама­ларын қашықтықтан іріктеуге арналған жабдық – 1 жабдық (жерасты өндіру кезінде), атап айтқанда: қашықтықтан ауа сына­масын алуға арналған қондырғы – 1 бірлік;
жалғағыш элементтері бар сынама іріктегіш құбыр (ішкі диаметрі 6,0 – 12,0 миллиметр) – 1000 метр;
тесілген ұштығы және сүзгісі бар сынама іріктейтін металл құбыр – 1 метр;
камераларға ауа сына­маларын алуға арналған құрал – 1 бірлік;
ауа сына­маларын алуға арналған созылмалы ыдыстар – 30 бірлік;
сығылған ауасы бар 10-12 литр баллон – 2 бірлік;
ауа редукторы – 1 бірлік;
газдалған ауаны шығаруға арналған шланг, Ø = 8,0 миллиметр; L = 10 метр – 1 бірлік.
15) қашықтықтан су ағысты сынама іріктегіш – 1 жинтық, атап айтқанда:
өлшеу құрылғысы – 1 бірлік;
эжектор – 1 бірлік;
шүмекті су сүзгіш – 1 бірлік;
өлшеу құрылғысын эжекторға қосуға арналған шланг – 1 бірлік.
16) су магистральдарына аралық жалғау (бұрғы) – 1 жинақ;
17) ауа магистральдарына аралық жалғау (бұрғы) – 1 жинақ;

- 18) өрт жеңдерін шахталық құбырларға тығындары бар жалғауға арналған шеткі тетік $\varnothing = 100, 125, 150, 200$ миллиметр – 2 жинақ;
- 19) жерасты сымды байланыс аппаратурасы – 2 жинақ (жерасты өндіру кезінде);
- 20) К С Г катушкаларындағы ГСП-2×0,5 сымы – 5000 метр (жерасты өндіру кезінде);
- 21) диэлектрлік қолғаптар – 2 жұп;
- 22) оқпаншы костюмі – 8 жинақ (жерасты өндіру кезінде);
- 23) 3 секциялы баспалдақ – 2 бірлік;
- 24) патологиялық-анатомиялық қап – 7 бірлік;
- 25) шаңға қарсы респиратор – 10 бірлік (жерасты өндіру кезінде);
- 26) үйінді астынан зардап шеккендерді іздеуге арналған сүңгі – 2 бірлік;
- 27) көбік бойынша өнімділігі 120 л/с – 1 бірлік, 350 л/с – 1 бірлік, 490 л/с – 1 бірлік көбік генераторлары – 1 жинақ;
- 28) КП өрт бағанасы – 1 бірлік;
- 29) көбіктендіргіш ерітіндісінің шығыны 5-6 және 10-12 л/с КС көбіктендіргіші – 1 жинақ;
- 30) канистрдегі көбіктендіргіш (20-40 литр) – 0,5 тонна;
- 31) құтқару зембілдері – 1 бірлік;
- 32) жүк көтергіштігі 250 килограмм кем емес штатив-тренога – 1 жинақ;
- 33) жарықтандыру кондырғысы – 1 жинақ;

	34) автомобиль радиостанциясы – 1 жинақ.		
5.	<p>Дыбыс және жарық сигналдарының арнайы аспаптарымен, сондай-ақ жарық графикалық бояумен жабдықталған және жарақтандырумен жабдықталған авариялық-құтқару автокөлігінің болуы (шарт талабы, бірақ 1-ден кем емес):</p> <p>1) гидравликалық авариялық-құтқару құралы – 1 жинақ;</p> <p>2) пневматикалық авариялық-құтқару құралы – 1 жинақ;</p> <p>3) дәнекерленген бензинді генератор – 1 жинақ;</p> <p>4) көтергіш пневматикалық жастықтар – 1 бірлік;</p> <p>5) электр ара (шынжыр) – 2 бірлік;</p> <p>6) алмазды кесу дискісі бар моторез – 1 жинақ;</p> <p>7) авариялық-құтқару қол аспабы – 1 бірлік;</p> <p>8) тау аспабы - 1 жиынтық, атап айтқанда: жынысты күрек – 1 бірлік ; жалпақ күрек – 1 бірлік; сүймен – 1 бірлік; үш тісті уатқыш (кайло) – 1 бірлік; балта – 1 бірлік.</p> <p>9) кәбілі бар катушка, кемінде 25 метр (қуат ұзартқышы) – 1 бірлік;</p> <p>10) зардап шеккендерді эвакуациялауға арналған жабдық – 1 жиынтық, атап айтқанда: құтқару зембілдері – 1 бірлік; ауа өткізгіш – 1 бірлік; құтқару жапқышы – 1 бірлік;</p>		

крамер шинасы – 3 бірлік;
;
қан тоқтатқыш жгут – 1 бірлік;
стерильді таңғыштар 7×14 – 2 бірлік;
стерильді таңғыштар 5×10 – 2 бірлік;
гигроскопиялық мақта – 50 грамм;
минералды су (пластикалық ыдыста, 0,5 литр) – 1 бірлік;
шыны – 1 бірлік.
11) құтқару зембілдері – 1 бірлік;
12) автомобиль радиостанциясы – 1 жинақ;
13) газдалған ортада құтқару жұмыстарын жүргізуге арналған өкпені жасанды желдету аппараты – 1 жинақ;
14) отқа төзімді Кевлар қорғаныш қолғаптары – 5 жұп;
15) жарықтандыру қондырғысы – 1 жинақ.

Дыбыс және жарық сигналдарының арнайы аспаптарымен, сондай-ақ жарық-графикалық бояумен жабдықталған ең аз жарақталған жедел автокөліктің (автобус немесе жүріп өту мүмкіндігі жоғары автокөлік) болуы (бөлімшеге 1):
1) қосалқы патроны және оттегі баллоны бар 4 сағаттық қорғаныс әсері бар сығылған оттегіде қосылған сыммен, түтінге қарсы көзілдірік немесе панорамалық маскамен регенеративті жеке респиратор - бөлімшенің респираторлық құрамының саны бойынша; бөлімшеге

қосымша бір резервтік респиратор;

2) 2 сағаттық қорғаныш әсері бар Сығылған оттегідегі регенеративті респиратор – 2 жинақ;

3) респираторларды тексеру индикаторы – 1 бірлік;

4) резервтік 2 литр баллоны бар газдалған ортада құтқару жұмыстарын жүргізуге арналған өкпені жасанды желдету аппараты – 1 жинақ;

5) зардап шеккендерді эвакуациялауға арналған жабдық – 1 жиынтық, атап айтқанда:
құтқару зембілдері – 1 бірлік;
ауа өткізгіш – 1 бірлік;
құтқару жапқышы – 1 бірлік;
крамер шинасы – 3 бірлік;
қан тоқтатқыш жгут – 1 бірлік;
стерильді таңғыштар 7×14 – 2 бірлік;
стерильді таңғыштар 5×10 – 2 бірлік;
гигроскопиялық мақта – 50 грамм;
минералды су (пластикалық ыдыста, 0,5 литр) – 1 бірлік;
шыны – 1 бірлік.

6) құтқару зембілдері -1 бірлік (жерасты өндіру кезінде);

7) құтқару өрт арқаны (капронды жіңішке жіп), 2 болат карабині бар, l = 25-30 метр, Ø = 11-14 миллиметр – 1 жинақ;

8) бөлімше командирінің сөмкесінің болуы:
жарық шағылыстырғыш жетон – 1 бірлік;

кеніш атмосферасын бақылау құралы – 1 бірлік;
тері аспираторы – 1 бірлік;
СО-0,25%-ға индикаторлық түтіктер – 1 қаптама;
О₂ индикаторлық түтіктер – 1 қаптама;
калыпты термометр 1000С дейін – 1 бірлік;
ауа сынамасын алуға арналған ыдыстар – 5 бірлік;
үрімшесімен сынама алуға арналған үшайырық – 1 бірлік;
ауа сынамаларын іріктеуге арналған адаптер (интерферометр үрімшесінне сынамаларды іріктеуге арналған ыдысқа) – 1 бірлік;
бланкілер ауа сынамаларын алуға арналған наряд актісі – 10 бірлік;
тану жетоны – 5 жұп;
мұрын қысқышы – 1 бірлік;
өлшеуіш, L = 10 метрден кем емес – 1 бірлік;
бәкі – 1 бірлік;
сымды байланыс желісіне аралық жалғау – 1 бірлік;
шарикті қалам (қарындаш) – 1 бірлік;
дәптер – 1 бірлік;
бор – 1 бірлік;
әйнекті терлеуден қорғайтын құрал, сыйымдылығы 100 миллилитр – 1 бірлік;
жоғары температура аймағында болу уақытын есептеу кестесі – 1 бірлік;
оқшаулағыш таспа -2 метр;
зардап шегушіні қарауды жүргізген взвод (бөлімше) командирінің

баянаттарының
бланкілері – 5 бірлік;
авариялық учаскені
қарауды жүргізген взвод
(бөлімше) командирінің
баянатының бланкісі – 1
бірлік;
жеке пакет, таңу (5×10
стерильді таңғыштар) – 3
бірлік;
жабысқақ пластырь – 1
қаптама;
созылмалы резеңке
таңғыш – 1қаптама;
гигроскопиялық мақта –
50 грамм;
мүсәтір спирті 20
миллилитр – 1 құты;
йод тұнбасы 5 % - 20
миллилитр;
"Пантенол" аэрозолі – 1
құты;
құтқару жапқышы – 1
бірлік;
қан тоқтатқыш жгут – 1
бірлік.
9) CO, O2, CH4
тасымалданатын
газталдағыш – 1 бірлік;
10) іздеу зонды – 1 бірлік
;
11) жерасты сымды
байланыс аппаратурасы –
1 жинақ (жерасты өндіру
кезінде);
12) катушкадағы
байланыс сымы – 800-100
метр (жерасты өндіру
кезінде);
13) жоғары жиілікті
байланыс – 1 жинақ (
жерасты өндіру кезінде);
14) жерасты өндіру
кезінде – 2 бірлік;
15) су магистральдарына
аралық жалғауға
арналған
гидрант-тапанша немесе
бұрғы – 1 жинақ;
16) өрт оқпаны – 1 бірлік;
17) өрт сөндіру жеңі, Ø =
66 миллиметр (20 м-ден 3
бірлік) – 60 метр;

6.

18) бөлімшенің өрт құралдары бар сөмке – 1 жиынтық, атап айтқанда: монтер қысқышы – 1 бірлік; аралық қосатын бүршік, $\emptyset = 50 \times 70$ және 70×80 миллиметр – 1 жинақ; қосатын бүршікке арналған резеңке тығыздағыш сақина, $\emptyset = 50, 70, 80$ миллиметр – 2 жинақ; балға – 1 бірлік; металл тоқыма сым – 3 метр; реттелетін кілт (0-30) – 1 бірлік; жеңдік қысқыштар (корсет) – 2 бірлік; ұста кескіші – 1 бірлік; жеңдік кілттер – 1 жинақ.

19) аспап байламы – 1 жиынтық, атап айтқанда: балта – 1 бірлік; ағаш арасы – 1 бірлік; үш тісті уатқыш – 1 бірлік.

20) тау аспабы – 1 жиынтық, атап айтқанда: жынысты күрек – 1 бірлік; жалпақ күрек – 1 бірлік; сүймен – 1 бірлік; үш тісті уатқыш (кайло) – 1 бірлік; балта – 1 бірлік.

21) тас қалаушы құралы – 1 жиынтық, атап айтқанда: тас қалаушының балғасы – 1 бірлік; қалақ – 2 бірлік; металл шелек (10 литр) – 1 бірлік.

22) респираторларға салқындатқыш элементтері бар термос – 1 жинақ;

23) арнайы киімі бар сөмке - бөлімшенің

респираторлық саны бойынша (жинақ);

24) жеке қорғаныш дулыға, шахтер каскасы - бөлімшенің респираторлық саны бойынша (жинақ);

25) суы бар жеке құты (0,7-0,8 литр) – бөлімшенің респираторлық саны бойынша (бірлік);

26) жеке таңу пакеті бөлімшенің респираторлық саны бойынша (бірлік);

27) жеке бас шырағы - бөлімшенің респираторлық саны бойынша (бірлік);

28) портативті радиостанция -1 (бір жедел кезекші автокөлікте);

29) автомобиль радиостанциясы – 1 жинақ;

30) GPS навигаторы - 1 (бір жедел кезекші автокөлікте);

31) мыналармен жинақталған медициналық сөмкенің болуы (1 жиынтық):

медициналық сөмке – 1 бірлік;

артериялық қысымды өлшеуге арналған аппарат және фонендоскоп – 1 жинақ;

ауа өткізгіш (әр түрлі мөлшерде) – 1 жинақ;

ротор кеңейткіш – 1 бірлік;

қан тоқтататын қысқыш – 1 бірлік;

үшкір скальпель, бір рет қолданылатын – 1 бірлік;

анатомиялық, хирургиялық пинцет – 1 жинақ;

бір рет қолданылатын медициналық қалақша – 1 бірлік;
қайшы – 1 бірлік;
бір рет қолданылатын инфузиялық ерітінділерді құюға арналған жүйе – 5 бірлік;
бір рет қолданылатын 2-20 миллилитр шприц – 10 бірлік;
стерильді емес бинттер 5 сантиметр x 5 метр, 14 сантиметр x 7 метр – 5 жинақ;
- гигроскопиялық мақта 50 грамм – 1 бірлік;
- пластырь 3 см x 5 метр – 1 бірлік;
- қан тоқтататын жгут (серпімді резеңке бинт) – 2 бірлік;
- негізінен орталық жүйке жүйесіне әсер ететін дәрілік заттар – 5 ампула;
